

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ

ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА МЕМЛЕКЕТТІК  
УНИВЕРСИТЕТІ

«МҰСТАФА ШОҚАЙТАНУ» ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ



**РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: МҰСТАФА ШОҚАЙ МҰРАЛАРЫН  
ЗЕРТТЕУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**  
республикалық ғылыми-тәжірибелік  
конференцияның ғылыми еңбектер жинағы  
26 қазан 2018 ж., Қызылорда

**МОДЕРНИЗАЦИЯ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ:  
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИССЛЕДОВАНИЯ  
НАСЛЕДИЯ МУСТАФЫ ШОКАЯ**  
Сборник научных трудов республиканской  
научно-практической конференции  
26 октября 2018 г., Кызылорда

Қызылорда, 2018

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің  
Ғылыми Кеңесі баспаға ұсынған**

**Редакция алқасы:**

Бисенов Қ.А. (бас редактор), Бәкір Ә.Қ., Омаров Қ.Ә. (жауапты редактор),  
Тайман С.Т., Оразбақов А.Ж., Қараманова М.С., Тұяқбаев Ғ.Ә.

«Рухани жаңғыру: Мұстафа Шоқай мұраларын зерттеудің өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның ғылыми еңбектер жинағы. 26 қазан 2018 ж., Қызылорда: «Ұшқын» ЖШС, 2018.- 502 б.

Жинаққа Мұстафа Шоқай мұраларын зерттеудің нәтижелері бойынша және тың материалдар негізінде дайындалған отандық жетекші ғалымдардың, жоғары оқу орындарының профессор-оқытушыларының, жас ізденушілердің мақалалары топтастырылған.

Мақалаларда Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұлттық интеллигенцияның азаттық жолындағы күресін және алаш қайраткері Мұстафа Шоқайдың рухани мұрасын зерттеудің өзекті мәселелері мен жаңа бағыттары туралы ой-тұжырымдар ортаға салынған.

Жинақ саясаттанушылар, тарихшылар, жас ғалымдар мен білім алушыларға және көпшілік оқырман қауымға арналған.

**«Ұшқын» ЖШС , 2018**

## МҰСТАФА ШОҚАЙТАНУ: ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ

Әр заманның ұрпаққа қояр өз талабы, өз міндеті бар. Қай уақытта да өткеннен сабақ алып, оның сындарлы тұстарын үнемі ел жадында ұстау қажеттігі, ұлтымыздың біртуар тарихи тұлғаларын тану және олардың рухани мұраларын қастерлеу ісі тәуелсіз мемлекетіміз үшін өзінің маңызын жоғалтпайды.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев ұлтымыздың тарихи тұлғаларын ұлықтауға байланысты: «Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес... Біздің ұлы қандастарымыз халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай қиын-қыстау жағдайда да оны адал орындаудан жалтармаған, қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім өз жұртының нағыз азаматы болып қала берген. Тарихтың қай кезінде болсын, олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген», - деп ұлағатты ойын білдірген болатын. Сан тараулы ұлттық тарихымызда өзінің саналы ғұмырын туған халқының азаттығы мен тәуелсіздігі жолына арнап, оның бақытты өмір сүруін аңсап өткен, сол жолда күрескерлік танытқан тарихи тұлғаларымыз аз емес. Осындай ұлт перзенттерінің бірі – Мұстафа Шоқай.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды. Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы» - деп бекер айтқан жоқ. Ұлттық сана - ұлт руханиятының негізі. Ұрпақтан ұрпаққа тарихтың білімі, тұлғалар тағылымы, ұлттық тәрбие арқылы беріліп отырады. М. Шоқай өз заманында халқымыздың сан ғасырлық даму тәжірибесін, салт-дәстүрін революциялық әдіспен күрт өзгертуді емес, қайта оларды эволюциялық жолмен, өркениетті елдердің өмір тәжірибесін ескере отырып, одан әрі жетілдіре түсуді көздеді. Осылайша халқымыздың ұлттық санасын қалыптастыруға, өзін-өзі билеуге, сөйтіп өзінің ішкі қоғамдық мәселелерін өзі шешуге, өз атамекеніне өзі ие болуға мүмкіндіктер қарастырды. Ол ХХ ғасыр басындағы ұлт зиялыларымен бірлесе отырып, қазақ елінің жарқын болашағы үшін күресті. Сол кездердегі саяси жүйенің қыспағынан шетелдерге амалсыз кетсе де, туған топырағынан тыс жерде жүріп, өзінің күрескерлік жолын жалғастырды.

Кезінде кеңестік идеологияның қасаң саясатынан М. Шоқайдың ұлт қамы үшін жасаған игі қадамдарын, саяси ұстанымдарын толыққанды сезіне алмағанымыз, оның терең ойларын түйсіне қоймағанымыз белгілі. Еліміз тәуелсіздік алып, төл тарихымыздың ақтандақ беттері ашылған соң ғана М. Шоқай жайында ақиқат айтылып, шындық жазыла бастады. Нәтижесінде,

оның ел игілігіне сіңірген еңбектерін ұлт құндылықтарына айналдыру барығытында қыруар жұмыстар жасалды. 1990 жылдың 2 қарашасында «Қазақ әдебиеті» газетінде Б. Қойшыбаевтың «Мұстафа Шоқай» атты мақаласы - кеңес заманындағы жабық тақырыптың пердесін ашқан алғашқылардың бірі болды. Ал белгілі қоғам қайраткері, атақты жазушы Ә. Әлімжановтың «Қазақ әдебиеті» газетінің 1991 жылдың 24 және 31-мамырдағы сандарында «Мұстафа Шоқай... Ол кім?» деген тақырыппен жарық көрген мақаласы оның тұлғасына деген халық қызығушылығына ерекше екпін берді. 90-жылдардың екінші жартысы мен 2000 жылдардың басында түрлі тақырыптарда ғылыми-тәжірибелік конференциялар өтіп, көркем шығармалар, кинофильмдер дүниеге келді. Қайсар күрескер тұлғаның бейнесін ашуға белгілі қаламгерлер, тарихшылар, саясаттанушы ғалымдар Б.Садықова, М.Қойгелдиев, Қ.Найманбаев, М.Жолдасбеков, О.Сәрсенбаев, Т.Омарбеков, Б.Аяған, Б.Қойшыбаев, Ә.Тәкенов, Х.Абдуллин және т.б. зиялылар үлкен үлес қосты.

1998-1999 жылдары алғаш екі томдық шығармалар жинағы шығып, 2007 жылы осы басылым толықтырылып үш томдық болып қайта басылды. М. Шоқайдың өмірі, саяси қызметі мен шығармашылық мұрасына қатысты арнайы зерттеу еңбектер де жарық көрді. 2002 жылы аса бір мәнді тақырыпты қозғаған Б.Садықованың «История Туркестанского легиона в документах» және 2009 жылы «Мұстафа Шоқай в эмиграции», 2004 жылы белгілі шетелдік мұстафатанушы Абдуқап Қараның «Мұстафа Шоқай: өмірі, қызметі, шығармашылығы», 2007 жылы Д.Қыдырәлінің «Мұстафа Шоқай» монографиясы, т.б. кітаптар қалың оқырман қолына тиді. Бұлар Алаштың алып тұлғасының сан қырлы қызметін ашуға ұмтылған іргелі еңбектер еді. Елімізде Мұстафа Шоқайтану ғылымы осылайша қалыптаса бастады.

М. Шоқайды жан-жақты зерттеудің келесі бір айрықша бетбұрыс кезеңі белгілі ғалым Көшім Есмағамбетовтің есімімен тікелей байланысты. Ол шетелдік мұрағаттар мен кітапханаларда сақталған М.Шоқайдың шығармаларын, оның өмірі мен қызметі туралы деректерді зерттеді. Нәтижесінде Көшім Лекерұлының 2006 жылы «Мұстафа Шоқайдың эпистолярлық мұрасы» атты екі томдық жинағы, 2008 жылы «Әлем таныған тұлға» атты монографиясы жарық көрсе, 2012-2014 жылдар аралығында оның жетекшілігімен Мұстафа Шоқай мұрасының 12 томдық толық жинағы шықты. Бұл еңбектердің оқырманға жетуі – Ел Тәуелсіздігінің арқасы.

Мұстафа Шоқайдың 125 жылдығы қарсаңында 2015 жылы Алматы қаласында Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының ұйымдастыруымен «Мұстафа Шоқай: саясаткер және ғалым» атты халықаралық ғылыми конференция, Қызылорда қаласында «Мұстафа Шоқай – Алаштың алып тұлғасы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияда қабылданған ұсынымдар негізінде Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде М. Шоқайдың рухани және

ғылыми мұраларын зерттеп-зерделеу, кешенді насихаттау және тың деректерді ғылыми айналымға ендіру мақсатында «Мұстафа Шоқайтану» ғылыми-зерттеу орталығы ашылды. Орталық ұлтымыздың қайраткер перзентінің шығармашылық мұрасын зерттеп, іргелі және қолданбалы ғылыми-зерттеулер жүргізуде. 2016-2017 оқу жылынан бастап университеттегі бакалавриаттың гуманитарлық педагогикалық мамандықтары студенттерінің оқу үдерісіне «Шоқайтану» атты арнайы курсы енгізіліп, оқытылуда. Бүгінде университет ғалымдарының қатысуымен «Мұстафа Шоқай» энциклопедиясы жобасы да дайындалуда. 2018 жылғы 26 қазанда университетте өткізілгелі отырған «Рухани жаңғыру: Мұстафа Шоқай мұраларын зерттеудің өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияда күрескер тұлға мұраларын зерттеудің нәтижелері ортаға салынып, тың материалдар ғылыми айналымға ендірілетін болады. Сонымен қатар, Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұлттық интеллигенцияның азаттық жолындағы күресін және алаш қайраткері М. Шоқайдың рухани мұрасын зерттеудің өзекті мәселелері мен жаңа бағыттары талқыланады. Ұсынылып отырған ғылыми еңбектер жинағы да Мұстафа Шоқайтану ісіне қосылған елеулі үлес ретінде еліміздің рухани игілігіне айналатыны сөзсіз.

**Қылышбай БИСЕНОВ,**  
Қорқыт Ата атындағы ҚМУ ректоры,  
техника ғылымдарының докторы, профессор,  
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі

## М.ШОҚАЙ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ҰЛТ ЗИЯЛЫСЫН ЗЕРТТЕУ МЕТОДОЛОГИЯСЫ

**Әбжанов Х.М.**

Қазақ Ұлттық аграрлық университеті жанындағы «Рухани жаңғыру» гуманитарлық зерттеулер орталығының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі

М.Шоқайдың өмірі мен мұрасы туған халқына, түрік әлеміне қызмет етудің үздік үлгісі әрі айғақ-дәлелі болып табылады. Гимназияда оқып жүргенде-ақ байқалған бұл қасиеттері Еуропаның қақ төріндегі Берлинде көз жұмғанша бір мысқал бәсең тартпастан шыңдала берді, бүгінде мәңгілік құндылыққа айналды. Тарих қойнауынан жеткен өміршең мәңгілік құндылықтарға сүйенгенде ғана «Мәңгілік Ел» ұлттық идеямызды жүзеге асыра аламыз.

Адамның нағыз болмыс-бітімі сын сағатында көрінетіні рас болса, М.Шоқайдың барша тағдыры сынақ пен қауіп-қатерге толы ортада өтті. Тозақ алдында тұрғанда датуған халқының игілігі үшін өзі ұлықтаған үміт, сенім, иманға ешбір ақау түсірместен дүниеден озды. Әріге бармастан 1941 жылдың күзіндегі тағдыранықтағыш оқиғаларды еске алсақ та жетіп жатыр. Соғыс басталған жылдың қыркүйегінде Сувалки лагеріндегі түркістандық әскери тұтқындар алдында сөйлеген сөзінде отандастарына: «Сендерге қарап жүрегім қан жылауда. Тікенек сымның арғы жағында ұстайтындай не жазып едіңдер? Жоқ. Аллах көріп тұр, Түркістанның бостандық сүйген ұлдарының орны Отанымыздың ұшы-қиыры жоқ даласында», деп, неміс тұтқынынан босануларына және өз үйлерінде бейбіт те адал еңбекпен өмір сүрулеріне тілек білдіреді. Оларға жұмыс тауып беруге, болашақ отанымыз Түркістанға қажетті мамандық алып шығуға септесуін өзінің басты мақсаты санайтынын айтады.

Ал қайтыс боларынан бір ай бұрын 1941 жылғы қарашада әйелі Мария Шоқайға Берлиннен жазған хатында: «Ондаған шақырымдарды артта қалдырып, лагерлерді аралаймын. Күшім бітуге таяу. Жанымның қаншалықты шаршағаны онсыз да саған түсінікті ғой. Өлгім келеді» депті.

Мұндай сөздерді халқын шексіз сүйген перзенті ғана айта алады. Жеті жұрттың тілін білетін қайраткерге түркістандық бауырларының, елінің ертеңіне алаңдауы жанын жегідей жеді. Санасы мен жүрегінде сатқындықтың, қорқақтықтың, үрейдің нышаны, қарақан бастың қамы жоқ екенін көреміз. Осы екі деректен-ақ ұлт мақтанышы М.Шоқайдың ұлт зиялысынақатысты дүниетанымы, ұстанымы, өлшемі, талабы айдан анық көрініп тұр.

Ол түркі зиялысының тарихы мен тағдырына саясаткер, ғалым, заңгер, күрескер, тіпті әлем азаматы көзімен қарады. Дүниенің төрт

бұрышында – Еуропа мен Америкада, Азия мен Африкада жүріп жатқан үдерістердің бастау- бұлағын, өз заманындағы жай-күйін, болжамды нәтижелерін, шарапаты мен кесапатын жан-жақты дәйектеу барысында жүздеген халықтар мен мемлекеттердің танымал тұлғаларын, зиялыларын, мамандарын әлеуметтік-кәсіби, қоғамдық-саяси, мәдени-имандық, ұлттық, т.б. тұрғыдан зерделеді. Әсіресе «Туркестан под властью Советов» кітабының, халықаралық жағдай, Кеңестер Одағы, Қазақстан, Түркия, Германия, большевизм, оның аграрлық, ұлттық, кадрлық саясаты, айтулы оқиғалар жайлы мақалаларының, жазысқан хаттарының теориялық-методологиялық, деректік маңызы аса жоғары. Қай тақырыпқа қалам тартса да, оны халқының азаттығымен байланыстырмай тұрмады. Мәселен, бұрынғы Ресей Уақытша өкіметінің төрағасы Керенскийдің көзқарас эволюциясын: «Ақпан революциясынан бұрын Түркістандағы патшалық Ресейге қарсы ой-пікірлер мен қозғалыстарды қолдап, насихаттап жүрген Керенский бүгін (1930 жылы – А.Х.) сол патшалық Ресейді мінсіз мемлекет етіп көрсетеді» деуімен сыни тұрғыдан ашса, поляк халқының жолбастаушысы Пильсудскийдің қалдырған ізін «өз халқын азат ету жолында қажымай-талмай күрескен аса көрнекті қайраткер болуымен бірге, ол орыс империализмі тепкісінде жатқан барлық халықтардың бостандық алу жолындағы күресіне оң көзқарасын ашық білдіріп келген бірегей мемлекет адамы еді» деп дәйектеген. Зиялылардың бүгіні мен ертеңін тұтас, азат Түркістан идеясымен ажырығысыз бірлікте зерделеген ол Ә.Бөкейхан, М.Жұмабаев, В.В.Радлов, М.Ауезов. С.Асфендияров, Ю.Ақшора, С.Сәдуақасов сынды ой иелерінің тарихтағы орнын сипаттады. Мағжанның «Алыстағы бауырыма» өлеңін түрікшілдік идеясы үшін ең құнды және ең пайдалы өлең ретінде бағалады. 1932 жылы М.Ауезов пен Ә.Ермеков бұрынғы «қателіктерін» мойындап хат жазғаны белгілі. Осыған орай «Тәубеге келген «алашордашылар» мақаласын жариялап, М.Ауезовті «бейшара», Ә.Ермековті «бақытсыз» атауымен айдарлайды. Шындығына келгенде, тоталитарлық және отарлық өктемдік салтанат құрған елдегі әрбір зиялының басындағы жай басқаша болуы мүмкін емес еді. Демек, қанша жерден құлағымызға түрпідей тигенімен бұл анықтауыштар ірі тұлғаның жеке басына қарата айтылмаған, барша зиялының шығармашылық еркіндігі мен құқықтары шектеулі екенін дөп басып тануға шылбыр ұстататын методологиялық пайымның ұлттық ерекшелікпен сыртқа шыққан түрі.

Әркім өз заманының перзенті. Саналы ғұмыры ХХ ғасырдың алғашқы 41 жылына дөп келген Шоқай алысты болжай алса да, М.Ауезовтың, Қ.Сәтбаевтың, С.Асфендияровтың жойқын интеллектуалды талантын егжей-тегжейлі талдамағаны рас. Бұл үшін оны айыптауға негізде жоқ. Мүмкін олардың тағдырын оққа байлап бермеудің амалы шығар бұл.

М.Шоқай ұлт зиялыларын әлеуметтік-кәсіби белгілеріне қарай топтастыруға, айталық, инженер, агроном, дәрігер, мұғалім, ғалым т.б. қауымдарына жіктеп, әрқайсын бөле-жара қарауға аса үлкен мән бермейді.

Әрине, әр топтың өзіндік орны мен салмағы бар екеніне күмән келтірген жоқ. Ұлт зиялысының қайнар көзі – студент жастардың Түркістан мен Қазақстандағы, шет елдердегі санына, оқуына, тағдырына үлкен қызығушылық танытуы әсте кездейсоқтық емес. «Туркестан под властью Советов» кітабында мынадай ақпараттар келтіреді: 30-шы жылдар ортасында Қырғызстандағы үш педагогикалық техникумда 227 студент оқып жатса, оның 59 ғана қырғыз ұл-қыздары екен. Оқу 1 және 2 курстарда қазақша, орысша,<sup>3</sup> курста тек орыс тілінде жүргізілгендіктен қырғыз балалары техникумдардан шығып қала беріпті. 1935 жылы Қаракөл педтехникумын бітіргені жөнінде диплом алған 11 маманның бәрі орыс ұлтының өкілі екен. «Общее положение, -дейді Шоқай, - во всех советских «национальных» техникумах, «вузах» и «втузах» отличается от каракольского весьма мало».

Айтылған ақиқат КСРО ыдырағанша сақталып келді. Егер 1946 жылы қазақ ауыл шаруашылығы институты студенттерінің 26 пайызы қазақ болса, арада он жыл өткенде ол 38,6 пайызға ғана көтерілді. Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтында 9 пайыздан 48,4 пайызға жеті. 1956 жылы Семей зоотехникалық-малдәрігерлік институтында оқитындардың 40,7 пайызы қазақ еді. 1965-66 оқу жылында Қазақстан жоғары оқу орындары студенттерінің 22 пайызы, арнайы орта оқу орындары студенттерінің 38 пайызы қазақ жастары болатын.

Қазақ студенттерінің үлесі, әсіресе техникалық оқу орындары мен қазақ тұрғындары аз облыстарда мардымсыз деңгейде қала берді. Айталық, Шымкент құрылыс материалдарының технологиясы институтында 50-ші жылдардың аяғына дейін қазақ жастарының үлесі 30 пайыздан асқан емес. Бұл аздайын республикадағы барлық техникалық жоғары оқу орындары кеңес өкіметінің алғашқы 40 жылында небәрі 929 инженер-қазақ даярлап шыққан екен. 1947 жылы қазақтар Петропавл ауыл шаруашылық техникумында студенттердің 48 пайызын, Қазалы зоотехникалық-малдәрігерлік техникумында 55 пайызын құрапты. 50-жылдардың аяғында да осы ахуал сақталып қала берді. 1957 жылы, мәселен, Қазақстан ауыл шаруашылығы министрлігіне қарайтын арнайы орта оқу орындарында 18,2 мың адам оқыса, олардың 6431-і ғана қазақтар еді (35 пайыз), ал орыс студенттерінің саны 8,9 мың, яғни 49 пайыз болатын.

1986 жылғы әйгілі желтоқсан көтерілісінен кейін Мәскеу билігінің қазақ ректорлары мен студенттеріне қырғидай тигені белгілі. 271 студент оқу орнынан қуылды. Жүздеген адам жұмысынан кетуге мәжбүр болды. Жоғары оқу орнының 12 ректоры қызметінен, 18 профессор мен ғылым докторы ұстаздық қызметтен шеттетілді. Ендеше тоталитарлық елдегі ұлт зиялысының болашағы бұлыңғырлықтан ажырамайтынын М.Шоқай дәл болжай алды.

Зиялыға қатысты өзекті мәселелерде – мәнін, миссиясын, өркениеттік әлеуетін дәйектегенде үш методологиялық қағидатқа сүйенді. Олардың



біреуі кеңестер билеген заман үшін тағдыранықтағыш маңызға ие болса, екеуі ешқашан танымдық, прагматикалық құндылығын жоймайтын мәңгілік өлшем мен көрсеткішке жатады.

Әуелгі, яғни уақытқа байлаулы методологиялық қағидатқа келсек, ол – ұлт зиялысының лениндік-сталиндік большевизм колшоқпарына айналғанын-айналмағанын ажырата білу мәселесі. Шоқай социалистік қоғам орнату жайлы лениндік ілімді Түркістан тәрізді ұлт республикасында жүзеге асыру мүмкін еместігін сан мәрте айтқан. «... Не имевший понятия о Туркестане и туркестанском крестьянстве Ленин проводил свою марксистскую теорию в жизнь», деп жазды 1935 жылы. Лениннің іліміне арбалғандарды, тіпті Т.Рысқұловты да сын садағымен түйреп өтеді, жалған теорияның зардабын да әшкерелейді. «Этот союз, - дейді ол, - одержимого «революционными предрассудками» Ленина с живущим «революционными сказками и слухами» Рыскуловым стоил нашей стране миллионы жизни его беднейшего населения!».

Мәскеулік билік пен большевизмнің Қазақстандағы болсын, Түркістандағы болсын саяси басшыларын, құқық қорғау және күштік саладағы мақұлбайларын, құдайсыздары мен қолжаулықтарын М.Шоқай ешқашан зиялы санаған емес. Тіпті туған еліндегі коммунистік партия мен кеңес өкіметін заңсыз деп таныды.

Дегенмен, мына мәселені де ескеруіміз керек. Заңсыз билік пен партия орғандағылардың бәрін Шоқай зиялылар қатарынан жаппай шығарып тастаған жоқ. Сол жүйенің ішінде жүріп халқына қызмет істеген Смағұл Сәдуақасовтай, Сұлтанбек Қожанұлындай, Сейтқали Меңдешұлындай бірегей жандарды құрметпен ауызға алады. Яғни, алға қойған мақсаты қара бастың ғана қамы емес, «халқы үшін қам жеп, ел үшін еңіреп туған» азаматтар бар екенін айта алды. Қалай десек те, біріншіден, бұлар азшылық еді, екіншіден, тоталитарлық теория мен практиканың жолын кесуге қауқарсыз еді, үшіншіден, ұлтжанды қасиеті барлар түптің түбінде қуғын-сүргіннен аман қалуы мүмкін емес еді. Бұған сталиндік жылдарды айтпай-ақ, одан берідегі Ж.Тәшенев тағдырын куәға тартсақ болады. Жүмекең «қызыл патша» Хрущевпен арыстандай айқасқанда мыңдаған қазақ партия қызметінде бар болатын. Біреуінің «қыңқ» деуге шамасы жетпеді. Ұстанымдарында елге, жерге, халыққа қызмет еткізетін үміт, сенім, иман қалмаған еді.

Большевизмнің ұстаханасы партиялық аппарат пен тоталитаризмнің жазалаушы қылышы құқық қорғау және күштік салада шоғырланғандар - мемлекетті, халықты апатқа ұшыратқандар. Осының құқықтық бағасы берілмегендіктен шаруалар көтерілістері, үздіксіз қуғын-сүргін, 1931-33 жылғы ашаршылық өзінің объективті бағасын ала алмай келеді. НКВД архиві толық ашылған жоқ. «Өкінішке қарай, - делінген Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында, - тарихта тұтас ұлттардың ешқашан орындалмайтын елес идеологияларға

шырмалып, ақыры су түбіне кеткені туралы мысалдар аз емес». Күйреген идеологиялардың бірі - большевизм.

Енді танымдық, прагматикалық құндылығын жоймайтын екі методологиялық қағидатқа келейік. Олардың біреуі – зиялы қауымның азаттық мүддесіне интеллектуалды еңбегі мен әлеуетін жегуі, екіншісі – интеллектуалды әлеуетпен және кәсіппен халыққа қызмет етуі. Отар халық үшін азаттыққа, мемлекеттік тәуелсіздікке жету қанша қиын болса, оны сақтай алу, нығайту, ұрпақтан ұрпаққа аманаттау оданда қиын. Міне, тап осы мәселеде кеңестік Қазақстанда аты бар да заты жоқ саяси-басқарушы интеллигенцияның ауыз толтырып айтарлықтай тындырған ісі жоқ, сірә. Ұлы дала елінің жат қолына қарағанда да, өсіп-өнуі, бәсекелік қабілеті, елішілік тұрақтылықты, бірлік пен бірегейлікті сақтай алуы мың өліп, мың тірілген қазақ халқының жанкештілігі арқасында мүмкін болды.

Жинақтай айтсақ, кімнің зиялы екенін анықтайтын методологиялық өлшем мен көрсеткіш медальдың екі жағындай ажырағысыз тұтастықтағы құбылыс. Ол – отар ел перзенттерінің төл мемлекеті мен азаттығы үшін күресуі, ол мемлекеттік тәуелсіздікке қол жеткен сәттен отаны мен азаматтарының баянды егемендігін үздік интеллектуалды ықпалымен, жаңашылдығымен қамтамасыз етуі. Ұлттық зиялы деп кімдерді айтамыз деген сұраққа М.Шоқай былайша жауап береді: «Біздіңше, белгілі бір мұрат-мақсаттардың соңында жүрген және сол белгілі мұрат-мақсат төңірегіне жиналған оқымыстыларды ғана зиялы деп айтуға болады. Ұлттық зиялылар қатарына тек өз халқының саяси, экономикалық және әлуметтік дамуына қалтқысыз қызмет ете алатын адамдар ғана кіре алады». Зиялысы әлсіз халық есеймейді, адал қызметімен халық қолдауына ие болмаған зиялы қауым пұшайман күйде қалады. М.Шоқайдың пікірінше, осынау екі қауымның бірлігін нығайтуда зиялылар белсенді позиция ұстауы керек: «Зиялылар өз халқына қызмет етудің, халықпен ортақ тіл табыса білудің неғұрлым тиімді жолдарын таба білулері тиіс».

Патшалық тұсындағы Қазақстанда байырғы халық өкілдері мемлекеттік биліке шектеулі мөлшерде ғана тартылса да, орыс әкімшілігіне жағымпаздықпен, кейде сатқындықпен қызмет еткен болыстар, тілмаштар, ұсақ чиновниктер көзге түскенін бекерлеу мүмкін емес. Дегенмен, бұлар Кеңестік Қазақстандағы партиялық, құқық қорғау, күштік номенклатураның қасында періште дерсіз. Елімізде күні бүгінге дейін жемқорлықтың, парақорлықтың, көзбояушылықтың ініне су құйылмай отырғаны да осынау қауымнан қалған мұраның зардабы. Ал интеллигенцияның басқа топтары қай ғасырда болмасын өзіне тиесілі міндеттерін атқарып жатты. Мұғалімдер бала оқытты, дәрігерлер ауруды емдеді, агрономдар жерді баптады, инженерлер үй тұрғызды, жол салды, ғалымдар жаңалық ашты. Қазір де солай.

М.Шоқай ұлт зиялысының асыл қасиеттерін санасы мен жүрегіне дарытқан, оны әлемдік өркениет табыстарымен байыта алған Тұлға. Оның

шығармаларында Қазақстанның ғана емес, мұхиттан мұхитқа дейінгі елдердің саясаткерлері, әскери мамандары, ғалымдары мен жазушылары, дін иелері, ұлт-азаттық қозғалыс басшылары, тіпті студент жастары талдау мен таным объектісіне айналған. Шынтуайтына келгенде, XX ғасырда тәуелсіздікке дейінгі Қазақстаннан шыққан бірде-бір қандасымыз интеллектуалды ізденісі және саяси қайраткерлігі арқасында Еуропаның төрінде отырып, жаһандық «толық адамға» айналған емес.

## **ТҮРКІСТАН ЛЕГИОНЕРІ Ғ.БЕЙІСОВ МҰСТАФА ШОҚАЙ ХАҚЫНДА**

**Ахмет А.Қ.**

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті  
«Мәңгілік Ел» ғылыми зерттеу орталығының директоры, тарих  
ғылымдарының докторы, профессор

Түркістан легионері Ғайпен Бейісовтың «Тамұқтан өткен тағдыр» [1] атты деректі әңгіме кітабындағы басты тұлғалар екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі тарихтың «ақтандақтар» беттерінен ойып, өз орындарын алатын қайраткерлер екендігін кәрі тарихтың өзі дәлелдеп берді. Естеліктерін 1955 жылы Қоянды басқармасы лагерінің 3-бөлімінде жүріп жаза бастаған [2]. Көп күрсінткен күрең жылдар Ғайпекеннің жадынан қалай өшсін.

Кітаптың алғы сөзінде автор: «Мені Кеңес үкіметі соттады екен деп табалап, жоқты бар, болмағанды болды қылып жазу ойымда болған да, келген де емес. Тарих бетіне батпақ жағып, тас лақтыру не өзгертуге тырысу, өңін айналдыру. Ол тарихқа қастандық жасаумен тең деп түсінемін. Мақсатым – жеке басымнан өткен, нақты естіген-білгендерімді қағаз бетіне түсіріп, келешек ұрпаққа қалдырып кету. Осынау белгісіз, еңбектері еш кеткен жазықсыз жандардың осы уақытқа дейін опасыздар деп аталуына қосылмайтындығымды білдіремін. Егер мен осы естелікті жазбай дүниеден өтсем, барлық күнәні арқалап кеткен болар едім. Бұдан 50 жыл бұрын жазыла бастаған естелік осы жайлы есеп береді», - деп жазды.

Деректі әңгіме кітапта Мұстафа Шоқай, Вели Каюмхан, Хамза Абдуллин (әдеби бүркеншек есімі Сайран), Мәулікеш Қайболдин (Асан Қайғы), Мәжит Аяпбеков (М.Дара), Баймұрза Хайт, Қарес Қанатбаев, Қазі Қазыбеков (Қазі), Мәжит Айтбаев (Қобызшы Қорқыт) т.б. сияқты соғыс кезіндегі Берлиндегі Түркістан Комитетінің көрнекті өкілдерінің қилы тағдырлары жан-жақты әңгімеленеді [3].

Ғ.Бейісов М.Шоқай туралы 1970 жылдары жаза бастаған. Түркістан легионының сарбазы былай деп жазды: «Түркістан легионы, оның көсемі Шоқай туралы жазылмай, ақтай қалып келді. Күні келгенде түркістандықтар

ұлы адамын өздері тауып алады, қадірлейді. Оның сүйегін Берлиннен туған жеріне алып келетініне сенімім мол. Мен өзімді Шоқайдың сарбазымен деп есептеймін. Сол үшін Кеңес өкіметіне он жыл лагерьде отырып ақысын төлеп шыққанмын. Жазбауға қақым жоқ деп түсінемін. Ғасыр өтеді, Мұстафа бек армандап кеткен ұлы Түркістанды ерте ме, кеш пе, орнайтынына сеніп, сеніммен дүниеден өтемін» [1, 119 б.].

Аталған еңбегінде автор көрнекті мемлекет, қоғам қайраткері М.Шоқайға ерекше тоқталады. Ол туралы кітапта «Мұстафа бек Шоқай», «Мұстафа бек Шоқай жасаған жоба», «Мұстафа бек Шоқай туралы әңгіменің жалғасы» және Елі ерін ұмытпайды «Мұстафа бек Шоқайдың туғанына 110 жыл» атты тараулары бар.

Ғ.Бейісов алғаш рет және соңғы рет М.Шоқаймен кездескені туралы: «Желтоқсанның бас жағы, 1941 жылы жерге қар түсе қойған жоқ. Сүзек обасы әбден жайлап алды. Тұтқын полицай бастығы – қалмақ полицай хабарлама жасады. «Қазір жертөлеге бір қазақ генералы келіп қарайды. Сол жақтан жерлерінде жатып, тындандар. Есік алдына жақындамандар. Жағындандағандарыңа 25 қамшы дүре соғылады» деп ескерту жасалды. Жертөленің қақпасының алдында тұрып басындағы қоңыр фетр қалпағын қолына алып, басын иіп амандасты. Ұмытпасам, аласа бойлы, сопақ бет, шекесі жалтыраған, шашы жоқ кісі. Бірін естіп, бірін естімейміз. Түркістан деген бір үкіметі айтады. Ол бізге неге керек екенін біліп жатқан біздер жоқ. Ол асықпай, саспай сөйлейтін адам болса керек.

– Амандық болса, мен келіп жағдайларыңды біліп кетіп тұрамын. Жағдайларың жақсарды дегеннен басқа ешнәрсе айтпай кетті. Ол кісі сол кеткеннен мол кетті. Қайта оралмады. Кейін ақыл есіміз кіргенде біліп естісек ол кісінің Мұстафа бек Шоқай екенін аңғардық, - деп еске алады. Оған тұтқындар тарпынан бірнеше сұрақтар қойылған. Бұдан соң Гродно тұтқын лагеріне ауыстырылған тұтқындардың жағдай жақсара бастайды, оған таң қалған тұтқындарға немістердің берген жауабы: «Мұстафа бек Шоқай дегенге рахмет айтындар. Сол кісінің сарбазы боласындар», - жауап берген. Ал адамгершілікті де, аяушылықты да білмеген Кеңес өкіметі «Бізде әскери тұтқындар жоқ, сатқындар бар» - деді де миллиондаған тұтқындардың тағдырын тозаққа салды [4].

Потсдамдағы Вермахтының Жоғарғы Бас командованияесі үгіт-насихат департаментінің алты айлық курсынан өткен соң Ғ.Бейісов Мұстафа Шоқайдың түркістандық тұтқындарды қалай пайдалану жөнінде жазған рефератын полковник фон Мронговиюстен алып танысқандығы туралы айтады. М.Шоқай жасаған жоба жазылған кітапша форматы оқушы дәптерінен сәл кішілеу, түсі ақ сұр. Шамасы 70-80 парақтай. Жоба немісше, қазақша, орысша жазылған. Қазақшасы латын әріпімен жазылған. М.Шоқай неміс жерінде уақытша болса да Түркістан үкіметін құру керектігін басты мәселе етіп қойған деген пікірін білдіреді. Рефератта:

- 1.Түркістан комитетін құру.
- 2.Түркістан қарулы күшін құру.
- 3.Сарбаздарын тұтқынға түскен еріктілерден топтастыру.
- 4.Тұтқындар ішінен әскерге жарамайтындарын Алмания зауыт, фабрикаларына жұмысқа ерікті азамат ретінде пайдалану. Мүгедектерін үкімет тарапына заңды зейнеткерлікке шығару.
- 5.Олардың үй болып кетуіне тиым салмау. Үкімет тарапынан қарыз беру. Бірнеше жылға кесіп.
- 6.Түркістан командирлер курсы ашу.
- 7.Түркістан еріктілерін солдат деп атау. Оның киімінің сыртында бөлек «эмблема» болуы.
- 8.Түркістан солдаттарының правосы Алман солдаттарымен бірдей болуы.
- 9.Түркістан солдаттарының ішінен Алман нұсқаушыларын қою.
- 10.Қала транспортына тегін жүру.
11. Түркістан ұлттық баспасөзін ұйымдастыру.
- 12.Радио хабарлар ұйымдастыру.
- 13.Түркістан ұлттық ансамблін ұйымдастыру.
- 14.Тұтқынға түскен түркістандықтарды тұтқын деп санмай, оларды еріктілердің «резерві» деп санау.
15. Мұсылман діні жолымен тәрбиелеу: Солдаттарға бес уақыт намаз оқуға мүмкіншілік туғызып, уақыт белгілеу.
16. Молдалар курсы ашу. Әрбір бөлімшелерде молда болуына рұқсат ету.
17. Келешек Түркістанның дипломаттық кадрлерін осы бастан Алман жоғары оқу орнында оқытып, үйрете беру.
18. Түркістан солдаттарын шығыс майданға жібермеу. Орыс жері Түркістан жері емес екенін ескеру. Түркістандықтарды өз Отанының шекарасына барғанда майданға кіруге рұқсат беру.
19. Түркістандықтар үшін олардың батыр ерлігін көрсететін медаль, Түркістан ордендерін шығару.
- 20.Түркістан пропаганда мектебін ашу. Оларды Түркістан тылына түсіру [1, 113-114 бб].

Бұл жоба туралы Ғ.Бейісов түркістандықтардың ішінде білетін кім бар екен деп жүрген кезінде Берлинде Түркістан комитетінде татар эмигранты Ғалымжан Идрисимен танысып, жақсы қарым-қатынаста болады. Олардың жиірек кездесуінің себебі Түркістан мен Еділ-Орал комитеті бір үйдің ішінде орналасқан еді. Ғ.Идриси Ғайпекен «Түркістанда ұлы адам біреу ғана, ол Мұстафа бек. Түркістан біреу ғана, ол бөлінбейтін Мұстафа бектің ұлы Түркістаны» деген болатын. Тағы бірде Ғайпекен реті келгенде Ғалымжан Идрисиден:

– Ұлы адам аламандарды ұната қоймаған сияқты болып көрінеді. Сіздің сөзіңізден де осы әңгіменің ызғары білінеді. Соншалықты идеялы адам неге Түркістан комитетінің жобасын жасаған, - деп ашық сұраған.

Сондағы Ғ.Идрисидің жауабы: « Ұлы адам сенімен мен емес. Ол «стратег», «теоретик» адам болатын-ды. Оның өз тактикасы болды. Соның арқасында Вели Каюмхан аты аталмай қаңғып келген, қаңғып қалды. Байқайсың ба, қазір бүтін Еуропада ұлы адамның атағы аталады. Мен саған бір құпия айтайын. Қазіргі Мұстафа бек жазып кеткен жоба деп жүрген жоба, оның жазған жобасы емес. Оның жазып кеткен жобасы немістерге пайдалы емес, зиянды жоба болатын-ды. Немістерге Мұстафанының халықаралық жауға, қызыл большевиктермен өмір бойы күресіп келеді деген атағы керек болды. Атағының өзі жетіп жатты. Ұлы адамды Кіші Азия – Түркиядан бастап Иран, Ауғанстан, Пәкістан, мұсылман шығысы қолдайтындарын білді», - дейді.

Одан әрі М.Шоқайдың жобасы жөнінде: «– Түркістан сіздермен қарулас болмайды. Тең праволы одақтастарың болады. Түркістан солдаттары мен неміс солдаттары тең правода болса ғана қолына қару алады дегенін өзім есіткенмін. Ұлы адамның данышпандық сөзі әлі есімнен кетпейді. Егер қызылдарды жеңіп, немістер Түркістанды өзіне қаратып ала қалса, бәрібір басқа ұлтқа билетпейді өздері билейді. Оны мен мына шашы жоқ басымдай білемін. Олай болса Түркістанға бір құлдықтан шығып, екінші құлдыққа мойын ұсынудың қандай қажеті бар. Әуелі түркістандықтар алдын болжап алулары керек дегенін мына құлағым еді есіткен. Мен айтсам ол сөздің ешбір әсері болмас еді. Ал ұлы адам айтты, оныкі көрегендік болып есептеледі. Көрінгенге бүгінгі бір күн үшін қол жаулық болғысы келмеді. Немістерге апса – алақанында, жұмса – жұдырығында, бір жағынан ұрса – екінші жағын тосатын кісі керек. Мен оған жарай алмаспын деген еді. Ал немістер болса ұлы адам айтқандай президентті тауып алып қойды. Оны көзіміз көріп отыр, - деп Вели Каюханның атын атамай-ақ түсіндірді», - дейді. Одан әрі ол немістер ұлы адамның ақылдылығынан бұрын, өлімнен қорықпайтын бірбеткей адам екендігінен қауіптенді. Ол кісіні ешнәрсеге қызықтыра алмайтындығын білді. Сатып тағы ала-алмайтын болғасын, кім білген, «сүзек жұқты» етті ме деген қорқынышы туады. Бірақ дәлелдеуге дәлелем жоқ. Дәлелім болғанда мен не істей аламын, қолдан не келеді?», - өкінішін білдірген. Біріншіден, өзі күндікке тірі қалғысы келді. Екіншіден, мындаған түркістандықтарды, сендерді ажалдан аман алып қалуды ойлады», - деді.

Сол үшін түркістандықтарды шығыс майданға салуға болмайды, орыс жері түркістандықтардың отаны емес, өз шекарасына барғанша күту керек деп уақыт өткізуді ойлады. Ол өз жанын ойламай, түркістандықтардың өмірін ойлады.

1943 жылдың шілде айында Потсдам қаласында Үшінші рейхтың Шығыс министрлігінің арнайы курсына оқып жүрген кезінде Шығыс министрі Розенбергтің кеңесшісі, Түркістан туралы бас маман, профессор фон Менде тыңдаушылардың берген: «Мұстафа бек Шоқай деп жазылғанда бек деген сөз қандай мағына береді?» сұрағына берген жауабы: «Бек деген

алмандардың (немістердің – А.А.) фон деген сөзіне пара-пар, фон аты-жөнінің алдына жазылса, түркістандықтарда есімінің соңынан бөлек жазылады. Фон – сері деген сөздің мағынасын береді. Түркістандықтар да одан гөрі жоғары сатыда тұрады. Ханзадан кейінгі орында бек тұрады. Мүмкін ұлы адам дегенге де түсінбейтін боларсыздар. Ола туралы да айта кетейін. Бұл адамзат тарихында Түркістан туралы ой қозғап, ұлы да Үлкен Түркістан идеясын ұйымдастырып, теорияны практикаға ұластырып жүрген тарихтағы ең бірінші көсем – Түркістан фюрері. Өзі жоқ, өліп кетсе де, атағы қалды. Осы атақтың шығып жүргені оның ұлы адам екенін дәлелдейді».

Түркістан Ұлттық Комитетінің әскери фотокорреспонденті Ғ.Бейісовке М.Шоқайдың «ұлы тұлға екендігі» туралы әңгіме айтқандардың бірі неміс зиялысы Аннемари фон Габен еді [1, 122-123 бб.]. Аннемари фон Габенге (1901-1993) тоқталсақ көрнекті неміс түріктанушысы. Көне түрік жазбалары, қазақ этнографиясы мен лингвистикасы бойынша бірнеше зертеулердің авторы. 1944 жылы қыркүйек айының аяғында «Милли Түркістан» газетінің редакторы Хамза Абдуллин (Сайран) Ғ.Бейісовті аталмыш түркітанушы ғалыммен таныстырған болатын. Сол кездесу барысында А. фон Габен «Мен түркістандықтарды ұнатам, оның ішінде ұлы адам Мұстафа сөйлеген тілді бөлек санаймын. Ұлы адамның несін айтасың, ол туып кеткен бір тұлға еді ғой», -деп өзінің пікірін білдірді деп жазады [1, 123 б.]. Осы әңгіменің үстіне Берлин университетінде профессор болып қызмет атқаратын Иоханнес Бенцинг телефон соғып, хабарласады. Оған фон Габен «түркістандық достарымыз келіп отыр. Сайран келді, қасында өзі сияқты, егіз дерсің, біз таныс емес ұлан келіп отыр. Қазақша сөйлесем десең, келуіңе жол ашық» деп шақырады. Ал Иоханнес Бенцинг (1913-1981) Берлин университетінің түркітану факультетін бітірген. 1939 жылы докторлық диссертация қорғаған. Қазақ тілін жетік меңгерген. Соғыстан кейінгі жылдары университетте сабақ берген, дипломатиялық жұмыста болған. Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерін алғаш неміс тілінде сөйлеткен ғалым. 1929 жылы бір томдық шығармаларын аударған аудармашы.

Өз кезегінде фон Габен И.Бенцигті «ұлы адам Мұстафа бектің досы болған кісі. Мен қазақшаны сол кісіден үйренгенмін. Ол да ұлы адамнан үйренгенін жасырмайды» деп сырттай таныстырып өтеді.

Таныстықтан кейін Иоханнес Бенцинг қазақ тілінде Шоқай туралы тебіріне: «Ұлы адамның ұлылығын мойындамаған адам, ол арсыздардың қатарына кіреді. Сөйтіп жүріп өзін зиялымен деп есептеп, өзі зиялы адам болғысы келетіні күлкілі, өзі сыйлап мойындауды білмесе, оны кім ұлықтайды. Ұлы адам елудің айналасында дүние салды. Бұл жас қарапайым адамға аздау көрінгенімен, ұлы адамға аз жас болмаса керек. Шоқан Уәлиханов, Лермонтов тіпті шикі жас кеткен жоқ па? Сонда да артында қыруар еңбектер қалдыруы осының айғағы емес пе. Ұлы адам барлық ұлтқа ортақ, ал қанға бөлу ерсі. жалпы бірін-саран болмаса, ұлы адамдар көп

жасамайды. Соның бірі Мұстафа бек еді-ау. «Ұлы адам» деп өзі өлсе де, артында жалғастырарлықтай идеясы қалған адамдарды айтамыз. Қалай болған да қара жер бәрібір уақыты келгенде жас деп, кәрі деп талғамай, бірдей қабылдайды», - деп сөйлейді [1, 124 б.]. Бұл туралы т.ғ.д., профессор, шоқайтанушы К.Л.Есмағамбетов: «Бұлай деп М.Шоқайдың жақын серіктері де айта алмаған шығар» деген пікір білдірген болатын.

Өмірі азапты күндер мен қайғылы түндерді бастан кешіріп, болаттай берік, қорғасындай мықтылықта, таусылмас төзімділікте өткен Түркістан легионерлерінің соңғы тұяқтарының бірі Ғайпен Бейісовтың туған халқының дербес өмір сүруі үшін күреске бүкіл ғұмырын сарп еткен Мұстафа Шоқай туралы естеліктері, міне, осындай еді.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Бейісов Ғ. Тамұқтан өткен тағдыр Деректі әңгіме – Алматы: «Өлке», 2002, - 400 б.

2. Ахмет А. «Бұлбұлдың үні» немесе Түркістан легионерінің кітапшасы // Мұнайлы астана, 3, 7, 10, 17 қараша 2006 жыл.; «Бұлбұлдың үні» немесе Түркістан легионерінің кітапшасы // Каспий өңірі тарихи мәселелері (ғылыми мақалалар жинағы) -Атырау, 2007 ж. - 8-26 бб.

3. Ахмет А. Түркістан легионерінің тағдыры бүгінгі ұрпақты өткеннен сабақ алуға үндейді // Алтын Орда, 12 сәуір 2012 ж.; А.Ахмет Сен оны ұмытпауға тиістісің! // Егемен Қазақстан, 23 наурыз 2013 ж.

4. Есмағамбетов К., Ахмет А. Соғыс тұтқындары мәселесі әлі де қоғам назарында // Егемен Қазақстан, 9 мамыр 2012 ж.

## **КӨШІМ ЕСМАҒАМБЕТОВ – МҰСТАФАТАНУ ҒЫЛЫМИ МЕКТЕБІН НЕГІЗДЕУШІ**

### **Түрсүн Х.М.**

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры,  
тарих ғылымдарының докторы

Биыл 80 жылдық мерейтойы өзінсіз атқарылған Көшім Есмағамбетов – отандық тарих ғылымының алыптарының бірі деп бағалаймыз. Әрбір ғылыми тұжырымның өз қисыны мен дәлелі болады десек, ғалымға берілген бұндай бағаның дабыра мен дақпырт емес, шынайы ақиқат екендігіне көз жеткіземіз.

Көшім Лекерұлы тарих ғылымына үлкен дайындықпен келді. Мәскеудегі Патрис Лумумба атындағы Халықтар достығы университетіндегі алған білімі оны әлемдік тарих ғылымының жетістіктерімен кеңінен



танысуына мүмкіндік берді. Оның үстіне ағылшын тілін еркін меңгеруі де танымдық мүмкіндіктердің жаңа көкжиектерін игеруіне оң әсер етті.

Дипломатия саласындағы биік мансап баспалдақтарын ғылымға алмастырған Көшім аға 1990 жылы Мәскеуде «XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстан тарихының Батыс Еуропа мен Америка Құрама Штаттарында зерттелуі» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Еліміздің тәуелсіздігі жағдайында тақырыпты ұлттық мүддеге жақындатып, 1999 жылы Алматыда «Қазақстан тарихының шетелдік тарихнамасы» тақырыбында докторлық диссертация қорғап шықты. Осы еңбегі арқылы-ақ қазақ тарихы әлемдік тарихтың құрамдас бөлігі ретінде өмір сүруге хақылы екендігін айдай әлемге паш етті.

К.Есмағамбетов әлем таныған тұлғаға «Мұстафа Шоқай батыс советологиясының негізін қалаушылардың бірі» деген баға береді. Батыс советологиясының негізін қалағандардың көпшілігі «ақ эмиграцияның» өкілдері болатын. Салыстыру үшін өзінің сүйікті «кейіпкеріне» айналған Мұстафа Шоқайға қатысты ғалымның осы бағасын өзіне қаратып та айта аламыз. Көшім Есмағамбетов – Қазақ тарихының шетелдік тарихнамасының негізін қалаушыға айналды. Ал К.Есмағамбетовке дейін бұл тақырып жабық болды, болған күннің өзінде қазаққа жат мүддемен жазылатын. Оның кандидаттық, докторлық диссертациялары, монографиялары осы бағыттың теориялық негізін қалады. Ұстаздары академиктер А.Нүсіпбеков, К.Нұрпейіс, Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Г.Дахшлейгер, тарих ғылымдарының докторы П.Галузолардың қолдауымен тың тақырыпты қопара зерттеген ғалым, өз соңынан шәкірт ерткен ұстазға айналды. Р.Таштемханова, З.Шаймерденова, Р.Абдуллин, Вежихи Сефа Фуат Кекимоғлы сияқты шәкірттері Көшім аға қалыптастырған ғылыми мектептің көкжиегін кеңейтті. Ғалымның қалыптастырған ғылыми мектебінің болашағы ғұмырлы. Олай дейтініміз, ұлттық тарихи таным үшін қай заманда да сырт көздің пікірін біліп отыру аса маңызды.

Осылайша Қазақстан тарих ғылымының шетелдік тарихнамасы деп аталатын бағыттың ғылыми мектебінің негізі қаланды. Көшім Есмағамбетовтың осы бағыттағы атқарған ғылыми зерттеулерінің өзі бір адамның ғұмырына жүк боларлықтай еді. Әйтсе де қажырлы да бейнеткеш ғалым жеткен биігіне масаттанып, тоқырап қалмады.

Көрнекті қоғам қайраткері, күрескер Мұстафа Шоқайдың 12 томдық шығармаларының толық жинағы оның өмірі мен қызметінің тарихын ғылыми тұрғыда қалпына келтірген іргелі еңбек болды. Ғылыми қалпына келтіру деген ұғымның мәні – ғылыми дәлелденген деректер негізінде өткен тарихтың барынша шынайы бейнесін жасау дегенге саяды. Шоқайдың өз шығармалары оның өмірі мен қызметінің дәйегі һәм дерегі болғандықтан да бұл жинақтың маңызы зор.

Көшім Есмағамбетовтің жинақтың алғашқы томына енген «Жинаққа кіріспе. Күреспен өткен ғұмыр» монографиясы бұрынғы зерттеулерді

қайталамайтын тың еңбек. Осы монографиялық еңбегінде Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қызметіне құжаттық негізде тарихи талдау жасап, ғылыми баға берген. Бұл еңбекті осы кезге дейін мұстафатану бойынша жарық көрген ғылыми еңбектердің ең объективтісі әрі толымдысы деп бағалаймыз. Өйткені, қолында Шоқайдың барлық шығармаларының болуы авторға қайраткердің қызметіне барынша дәлелді және шынайы ғылыми талдаулар жасауға мүмкіндік берген. Деректанудың қағидаларына сай ғылыми этика нормаларын сақтай отырып, шым-шытырық саяси күрес барысында жолдары тоғысқан қайраткерлердің өзара қарым-қатынасы, олардың ұлт-азаттық қозғалысының стратегиясы мен тактикасына қатысты пікір алшақтығынан, көзқарас айырмашылығынан туындаған саяси пікірталастарды шынайылықпен қарастыра алған. Бұл да тарихилық қағидасынан ауытқымаған ғалымның үлкен жетістіктерінің бірі.

Шетелдік тарихнамаға айрықша назар аударған Көшім Лекерұлы әлемдік деңгейдегі қазақтар тарихын, олардың қалдырған мұрасын туған халқына жеткізуге ұмтылды. Ғалымның ғылыми мұралары арасынан қазақ атын әлемге танытқан Мұстафа Шоқайдың орыны ерекше. «Мұстафа Шоқайдың әлемнің түкпір-түкпірінде шашырап жатқан қолжазбаларын, жариялаған еңбектерін, түрлі ой-пікірлерін жинақтап созбай аяқтау қажет» дейді ғалым. «Қазақ халқының аса күрделі «соқтықпалы да соқпақты» тарихының басты мазмұнын азаттық үшін, өзін этнос ретінде және өмір сүру кеңістігін сақтап қалу үшін күрессе, осы күрестің алдыңғы сапында тұрған да – М.Шоқай. Сол себепті, оның өмірі мен жанқиярлық қызметін, шығармашылық мұрасын зерттеп, зерделеу – біздің парызымыз. Сонда ғана «бүгінгі бостандықтың, бүгінгі тәуелсіздіктің өзінен-өзі келіп, басымызға қона қалмағанын, азаттық үшін миллиондаған адамдардың қаны төгіліп, жаны қиналғанын, жазықсыз зардап шеккенін ұғынамыз» деп тұжырымдайтын.

Қазақ тарихында өмірі мен шығармашылығы ғылыми тұрғыда қалпына келтіру кезегін күтіп жатқан қайраткерлеріміз аз емес. Көшім аға дайындаған М.Шоқайдың 12 томдық жинағының деректанулық қағидаларға сай жоғары деңгейде жарық көруі тәуелсіздік жолында жанпида қызмет жасаған ұлттық саяси элита өкілдерін деректік негізде ғылыми тұлғаландыруға үлгі, өнеге болады деп білеміз. Әрине, бұл мәселеде профессор К.Есмағамбетовтың мұстафатану бағытын негіздеген ғылыми шеберханасының өзі арнайы зерттеуді қажет етеді.

Қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығының басты өзегіне айналған тәуелсіздікке қол жеткізуді М.Шоқай кейінгі ұрпаққа аманатап кеткен еді. Ол аманат орындалды. Бүгінгі ұрпақ егемен елде өмір сүріп келеді. Тәуелсіздік мұраттары Мұстафа Шоқайды ұлықтай бастады. Ал ендігі жерде қайраткерді ғылыми тұлғалаған ғалымның өнегесі де ұлықталуы керек.

К.Есмағамбетовтың М.Шоқай шығармаларының толық жинағын жарыққа шығаруының ғылыми маңызы ерекше болды. Біріншіден, осы еңбегі арқылы оның тұлғасына қатысты кеңестік тоталитарлық жүйе қалыптастырған стереотип түсінікті түпкілікті өзгерте алды. Ендігі жерде жас ұрпақтың тарихи танымында Шоқайдың ұлтжанды бейнесі орнықты. Екіншіден, жинақтың еліміздің рухани-мәдени өміріндегі маңыздылығы сол - бүгінгі күні болашаққа бағдарланған рухани жаңғыру мұраттарының ғылыми дәлелденген алтын арқауын қолға ұстатуында. Еліміздің тәуелсіздігі жолына бүкіл өмірі мен шығармашылығын арнаған қайраткердің саяси және мәдени-рухани өнегесі бүгінгі күні ұлттық рухани жаңғыруды тұғырлаудың маңызды мәйегінің біріне айналып отыр.

Осы кезге дейін қоғамдық ғылымдарда қазақ саяси элитасы өкілдері Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Т.Рысқұлов және т.б. шығармалары мен құжаттарының толық жинақтары жарық көргені белгілі. Осы еңбектерден М.Шоқай шығармаларының толық жинағының ерекшелігі қандай? деген сауалға жауап беріп көрейік.

Біріншіден, жинақтың М.Шоқай шығармашылығын барынша толық қамтығандығы. Жинақта ағылшын, француз, неміс, поляк тілдерінде және шағатайша жазылған 586, орыс тілінде 488 материал енгізілген, жалпы көлемі 430 баспа табақты құрайды. Мәселе жинақтың көлемінде ғана емес, ондағы мақалалардың басым бөлігінің түпнұсқа мәтінімен және түсіндірмесімен алғаш рет ғылыми айналымға ұсынылғандығында. Осыншама мол деректердің осы кезге дейін ғылыми қауымға қолжетімсіз болып келгендігі олардың жақын және алыс шетелдік архив қорлары мен кітапханаларында жинақталуында еді. Жинаққа енген материалдар отандық архивтер мен кітапханалардан өзге Ресей, Германия, Франция, Польша, Түркия, Өзбекстаннан алынған. Бас аяғы жиырмадан астам архивтер мен кітапханаларды сүзіп шығудың өзі аз шаруа емес. Сонымен бірге алдағы уақытта АҚШ, Ұлыбритания, Швейцария, Румыния мемлекеттеріндегі архивтер мен кітапханалардан да қолға түспеген туындылары мен құжаттары табылуы мүмкін.

Екінші ерекшелігі осы толықтығынан туындайды. Мұстафа Шоқай көп тіл білген, полиглот қайраткер. Ол қазақ тілімен қатар өзбек, түрік, көне шағатай және орыс, француз, ағылшын тілдерінде мақалалар жазған. Содан да араб, килиллица және латын әліпбилерін қатар қолданған. Оның мақалалары хинд, урду, араб, грузин және т.б. тілдерде жарияланған. Әртүрлі тілдерде жазылған, жарияланған еңбектердің түпнұсқасын, кейбірінің факсимилиесін енгізу де жинақтың деректік құндылығын арттыра түскен. М.Шоқай 1919 жылдан бастап Грузияға қоныс аударып, ондағы «Борьба», «На рубеже», «Шефак», «Вольный горец» - «Независимый горец», «Янги Дунья» газеттерінде халыққа Қазан төңкерісі әкелген қасірет жөніндегі мақалаларын жариялаған [1, б б.]. Өз басымыз Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихына қатысты ізденістерімізде Ресей мемлекеттік

кітапханасының әлемнің көптеген елдерінен жинақталған баспасөз коллекциясымен аты шыққанымен орасан мол дүниенің арасында М.Шоқай редакторы болған «Бірлік туы» және жоғарыда аталған «На рубеже» газеттерін кездестіре алғанымыз жоқ. «Бірлік туының» алғашқы санынан өзгесі табылды. Ал «На рубеже» газетінен әзірге дерек жоқ. Мұстафаның бұл газетте бірнеше мақаласы жарияланған болатын. Осы екі деректің өзі М.Шоқай мұрасын іздестіруді алдағы уақытта одан әрі жалғастыру қажеттігіне көз жеткізеді.

Үшінші ерекшелік, жинақтың тарихилығында. Кеңестік кезеңде қазақ тарихының мұғажырлық тарихнамасына назар аударылмады. Партиялық-мемлекеттік билік мұндай әдебиеттердің таралуына қатаң тиым салды. Дегенмен, отандық тарих ғылымының ХХ ғасыр басындағы кезеңі тың теориялық және методологиялық ойларға толы. Ол ойлар мен көзқарастар бүгінгі тарихнамалық зерттеулерге кеңестік кезең тарихи ойының мәні мен мазмұны қандай болғандығын аңғартады. Мәселен, М.Шоқайдың «Большевиктер жалпы ғылымда бейтараптықты мойындамайды. Ғылым олар үшін таптық күрестің баламасы. Сондықтан олар тарихты өздерінің болашақ таптық мақсаттары үшін пайдалануға тырысады. Өйткені, олар тарих еткен өмірден мағлұмат беретін ғылым ғана емес, келешекке сабақ беруге қызмет ететін ғылым екенін де жақсы біледі» [2, б. 202-203] деген әдіснамалық ойын бүгінгі күні басшылыққа алатын тұжырымдардың бірі деп есептеуге болады.

Шоқайдың қайсы шығармасын алып қарасаңыз да оның тарихқа тікелей қатыстылығы аңғарылады. Ал, тарихи шығарма қашанда субъективтілігімен ерекшеленеді. Мұстафа Шоқай шығармашылығының субъективизмі – оның ұлтжандылық дүниетанымы мен саяси көзқарасынан туған. Ол Орта Азия мен Қазақстанда орын алған кез келген тарихи оқиға мен құбылысты түркілік бірлік және азаттық жолындағы күреспен өлшейді. Саяси элита өкілдерінің қызметіне де олардың ұлттық мүддеге қаншалықты қызмет жасай алуына қарай баға береді.

Төртіншіден, Шоқай кабинеттік ғалым, редакция тапсырмасын ғана орындайтын қатардағы журналист емес, саяси күреске белсене араласқан қайраткер, жалынды публицист. Сондықтан қай тақырыпта қалам тартса да біліп жазады, білікті жазады, өз көзқарасына сендіріп жазады. Жинаққа енген Шоқайдың еңбектері осы тұжырымды тағы да айғақтай түседі.

Мұстафа Шоқай ең алдымен күрескер, сосын барып шығармашыл тұлға болып қалыптасқандығын атап айтуға болады. Күрескерлігі шығармашылыққа ұласқан, ал шығармашылығы саяси күреспен астасқан бұндай тұлға ұлттық саяси элита арасында санаулы ғана. Ал әлемдік деңгейде танылғаны Мұстафа Шоқайдың жалғыз өзі. Демек, Шоқай шығармаларының толық жинағы ең алдымен оның түркілік бірлік пен тәуелсіздік идеясын бағдарға алған саясаткер ретіндегі күрескерлігін танытады, сонымен бірге күрес формасы ретінде өмірлік кредосына

айналған саяси көсемсөзінің мәні мен мазмұнын толық паш етеді. Жинаққа енген шығармалары мен құжаттары оның шетелдегі тәуелсіз баспасөздің үлкен ұйымдастырушысы екендігін айғақтайды. Оның энциклопедиялық білімі мен сұңғыла саясаткерлігі түркі халықтарының тәуелсіздігіне қызмет жасауға үлкен мүмкіндік бергендігі жинаққа енген мақалаларымен бірге «Бірлік туы», «Яш Түркістан», «Йени Түркістан», «Түркістан» газет-журналдарын ұйымдастыруы, қаншама газет, журналдарға редколлегия мүшесі, автор болып қатысуынан анық көрінеді.

Еңбекті қазақ тарихында осы кезге дейін жарық көрген жеке тұлғалардың шығармалар жинағының алды деп бағалауға болады. Академиялық талаптарға сай орындалуы, көлемі, қамтыған деректерінің ауқымы бойынша әзірге теңдесі жоқ еңбек болып шыққан.

Осы кезге дейін М.Шоқайдың М.Қойгелдиев басшылығымен 2 томдығы, Ә.Бәкірдің басшылығымен 3 томдығы, жекелеген еңбектері кітап болып жарық көрген болатын. Аталған жинақтарда М.Шоқайдың «Яш Түркістан» журналында жарияланған 224 мақаласы, басқа да шығармалары араб графикасынан кириллицаға транскрипцияланып берілген. Ал К.Есмағамбетов жинақта транскрипцияланған мақалаларды қайталамай олардың мәтінін түпнұсқа графикамен беруінің деректік маңыз зор. Бұл жағдай М.Шоқай мұраларына салыстырмалы, мәтіндік талдаулар жасауға мүмкіндік береді.

Шоқайдың эмиграциядағы кеңеске қарсы жүргізген күресінен үлкен идеологиялық қауіп ойлаған И.Сталин Қырғыз Өлкелік партия Комитетінің бюро мүшелеріне 1925 жылдың 29 мамырында «Ақ жол» газеті туралы жазған хатында былай деп мәлімдеген болатын: «Мен осыған байланысты белгісіз емес Шоқаевтың ақгвардияшыл баспасөздегі кейбір мақалаларын еске түсірдім және өзімді шошытқан осы мақалалар мен «Ақ жол» журналының рухани «бірлігі» деуге болатын кейбір жаңалықты аштым. Ақылға сыймаса да бұл факт. «Ақ жол» әрине, өзі де аңғармастан Шоқаевқа көлемді материал берді» [3, Л.1-2.] Бұл әңгіме «Дни» газетіндегі М.Шоқайдың мақалалары жөнінде болып отыр. Осы жерде Сталиннің өз қарсыласына әділ баға бере алған саяси көрегендігіне тәнті болмасқа әлдіміз жоқ.

Жинақта осындай аңыздар бірінен соң бірі әшкереленеді. Мысалы ретінде айтар болсақ, 1948 жылы КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігі өзінің Берлиндегі 4-оперативтік секторының 2-бөліміне «М.Шоқайды әшкерелеуші материалдар» табу жөнінде құпия түрде сұрау салады. Осы тапсырма бойынша жаңағы құрылым «Берлиннің СВ оперативтік-анықтамалық картотекасында ондай мағлұмат жоқ» деп жауап береді [4, 484 б]. К.Есмағамбетовтың өзі Ресей Мемлекеттік әскери мұрағатында кездейсоқ қалып қойған осы құжатты кеңес өкіметі ұзақ уақыт бойы жасырып келгендігін айтады.

Көшім аға арманына қол жеткізген, пәни жалғаннан бақи дүниеге армансыз өткен сияқты көрінеді. Ал пенденің арманы түгесілген бе?! Ағаның орындай алмай кеткен армандары да көп еді. Солардың бірі – Мұстафа Шоқай энциклопедиясын дайындау болатын. Аға өмірінің соңында бұл іске білек сыбана кіріскеніне куәміз. Қаншама жыл «Қазақ энциклопедиясында» қызмет істеген кәсіпқой маманның бұл істі тез арада бітіре алатындығына күмәніміз болмады. Жайбарақаттыққа салынбады. Энциклопедияның сөзтізбесін дайындап, жер-жердегі мұстафатанушылармен хабарласып, тапсырмалар берді, аманат арқалатты. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде Мұстафатану ғылыми-зерттеу орталығының ашылуына бастамашыл болып, оның қызметін жоспарластырды.

Мұстафатану білімдерін көпшілікке барынша қолжетімді ететін, оның тәуелсіздік идеясымен өрілген ұлы өнегесін мәңгілікке тұғырлайтын энциклопедия ұлтымыздың болашаққа бағдар алған рухани жаңғыруына ғылыми өзек болатындай дүние Көшім ағаның кенеттен өмірден озуымен іркіліп қалды. Бұндай құнды ғылыми, рухани дүниені жасауды өзі бастап, кейінгі буынға аманаттап кетті.

Қорытынды ретінде, Көшім Есмағамбетовты қазақ тарих ғылымының алыптарының бірі деп тани отырып, ол отандық тарих ғылымының мұстафатану деп аталатын ғылыми бағытының негізін қалаушы деп нық сеніммен айта аламыз. Ғалымның Мұстафа Шоқайға арналған зерттеулерінде мұстафатанудың теориялық-әдіснамалық негіздері қалыптасты, оның қажырлы еңбегінің нәтижесінде шығармаларының толық академиялық жинағы ғылыми айналымға ұсынылды. Ұлт барда ұлттық мүдде бар. Ұлттық мүдде ұлықталған жерде ұлт тәуелсіздігі үшін жанпида еңбек еткен Мұстафа Шоқайдың де тұлғасы да бірге жасайтын болады. Демек, К.Есмағамбетовтың негізін қалаған мұстафатану ғылыми бағыты да осындай өміршең мәнге ие.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. 12 том. 2 том. – Алматы: Дайк-Прес, 2012. 640 б.
2. Шоқай М. Бір ғылыми өтірікке қарсы (Қоқан автономиясына 14 жыл толуына орай). Таңдамалы шығармалар: 3 томдық. 1 т. – Алматы: «Қайнар» баспасы. 2007. – 352 б.
3. АПРК. Ф.141. Оп.1 Д.479а.
4. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. 12 том. 1 том. – Алматы: Дайк-Прес, 2012. -544 б.

## ОТАНДЫҚ МҰСТАФАТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ БҮГІНІ ЖАЙЛЫ БІРЕР СӨЗ

**Бәкір Ә.Қ.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Мұстафа Шоқайтану ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми жетекшісі, саяси ғылымдарының докторы, профессор

Құрметті конференцияға қатысушылар! Кешегі Кеңес өкіметі кезінде «сатқын», «опасыз», «контрреволюционер», «нағыз пантюрист» және «панисламист» деп толып жатқан аттарға ие болған, көзі тірісінде өзі дүниеге келген Сыр бойындағы Наршоқы құмына бір рет те аунай алмаған, сағыныштан сарғайтқан Отан есігін Мұстафа Шоқай сонау егемендіктің елең-алаңында ғана қаққан болатын. Бұл үшін біздер, ұлы күрескер жерлестері, ең бірінші көгіміздегі Тәуелсіздік туына қарыздармыз.

1990 жылдың 2 қарашасында «Қазақ әдебиеті» газетінде басылған Бейбіт Қойшыбаевтың «Мұстафа Шоқаев» атты мақаласы кеңес заманындағы жабық тақырыптың пердесін алғаш ашты. Ал белгілі қоғам қайраткері, атақты жазушы Әнуар Әлімжановтың «Қазақ әдебиеті» газетінің 1991 жылдың 24-ші және 31-ші мамырдағы сандарында «Мұстафа Шоқай... Ол кім?» деген тақырыппен жарық көрген терең толғаныс пен ерекше қуаныштарға, келелі пікірлер мен оралымды ойларға толы мақаласы Мұстафа Шоқай атына деген қызығушылыққа ерекше екпін берді. Содан 1998-1999 жылдары Мұстафа Шоқай мұраларының алғашқы екі томдық шығармалар жинағы жарық көрді. 2007 жылы осы басылым толықтырылып үш томдық болып қайта шықты. Бұл басылымдарды шығаруға белгілі жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, сол кездегі «Қайнар» баспасының директоры Оразбек Сәрсенбаев ерекше еңбек сіңірді.

Көп ұзамай Мұстафа Шоқайдың өмірі, саяси қызметі мен шығармашылық мұрасына қатысты арнайы зерттеу еңбектер де жарық көре бастады. 2015 жылы Мұстафа Шоқайдың туғанына 125 жылдығы қарсаңында Алматыдағы Ұлттық кітапхана шығарған «Библиографиялық көрсеткіште» ол туралы 8 тілде жазылған 1405 еңбек орын алған екен. Бұл әуелі қарқындағы жиырма шақты жылға аз емес.

Мұстафа Шоқайдың тұтас болмысына қатысты арнайы зерттеу еңбектер 2000 жылдардан бастап жарық көре бастады. Мен бүгін мыңдаған ғылыми мақалалар мен арнайы қорғалған диссертацияларға тоқтамай, іргелі еңбектер мен қолда бар монографияларды ғана назарға алып отырмын.

Ұлы күрескердің саяси қызметіндегі аса елеулі кезең эмиграциядағы жылдары екені белгілі. Міне, осы тақырыптарға арналған Бақыт Садықованың 2002 жылы «История Түркестанского легиона в документах»

және 2009 жылы жарық көрген «Мұстафа Шоқай в эмиграции» деген еңбектері оқырмандар қолына тиді.

Өздеріңізге белгілі, осы кезге дейін Мұстафа Шоқайдың Түркістан легионын құруға қатысы туралы ойдан шығарылған бір жала сонау кеңестік кезеңнен қол үзбей келеді. Тіпті осыдан үш-төрт жыл бұрын Астана қалалық мәслихатында Мұстафа Шоқайдың атын қаладағы №51 орта мектепке беру туралы ұсыныс қаралғанда, біреуі ғылым докторы, профессор, екіншісі кейін Парламент Сенатына депутат болып сайланған мәслихат депутаттары осы мәселені көтеріп, ұсынысты өткізбей қойған болатын. Ең өкініштісі - қалған депутаттың бірде-біреуі тәуелсіздігімізге жиырма жылдан асса да, Алаш алыптарының бірі ғана емес, бірегейі, аты әлемге танылған Мұстафа Шоқайды қорғай алмады.

Ал шындық былай болатын. Түркістан легионын құру туралы Германия қарулы күші Бас басқармасының жарлығы 1941 жылғы желтоқсанның 22 күні шыққан еді. Ал бұл кезде Мұстафа Шоқай Виктория ауруханасында жатты да, 27 желтоқсанда соңғы сапарға аттанды. Түркістан легионы Польшаның территориясында 1942 жылдың жазы мен күзінде жасақталды.

Отандық мұстафатану ғылымына қосылған Бақыт Садықованың бұл екі еңбегі (өзімнің қолымдағы) соны зерттеулері және тарихи деректерімен құнды. Әттегені-айы - кейбір материалдың шет тілдерінде болып, оларды кез келген оқырман, зерттеушінің пайдалана алмайтындығы.

Реті келіп тұрғанда айта кету керек, мұндай мазмұнды еңбектер жазуға Бақыт Садықованың француз тілінің маманы екендігі, 1993 жылдан 2000 жылға дейін ҚР Сыртқы істер министрлігінде дипломатиялық жұмыста және Франциядағы Қазақстан елшілігіндегі қызметте болғаны игі ықпал еткен.

Мұстафатану ғылымы ұлы күрескердің өз отанынан бұрын шет елде, өзі арнайы он шақты мақала жазып, тәуелсіздік алғанына ерекше қуанған, кейін оны қызғыштай қорғаған, шіркін Түркістан осындай азат болар ма екен деп армандаған Түркия елінде алғаш әрі ертерек қалыптасқанын айта отырып, 2004 жылы белгілі шетелдік мұстафатанушы Абдуқап Қараның түрік тілінен қазақшаға аударылған «Мұстафа Шоқай: өмірі, қызметі, шығармашылығы» атты еңбегі осы кезге дейін ғылыми, тарихи айналымда бола бермеген тың деректер мен мол мәліметтермен сипатталатынын айтқым келеді. Сондай-ақ 2007 жылы шыққан Дархан Қыдыралиевтің «Мұстафа Шоқай» деген кітабы да өзіне артқан жүкті лайықты көтеріп тұр.

Мұстафа Шоқайды жан-жақты зерттеудің келесі бір айрықша бетбұрыс кезеңі Көшім Лекерұлының есімімен тікелей байланысты. Көшекең берісі Түркістан аймағының, арысы бүкіл түркі жұртының тәуелсіздігін ту еткен, өмірінің соңғы күреске толы жиырма шақты жылын сонау Еуропаның төрінде өткізген қайсар тұлғаның шетелдік мұрағаттар мен кітапханаларда сақталған өмірі мен қызметі туралы мәліметтер мен шығармаларын зерттеп,



соның нәтижесінде 30-ға тарта ғылыми мақалалар жазды. 2006 жылы екі томдық «Мұстафа Шоқайдың эпистолярлық мұрасы» атты жинақты шығаруға ғылыми жетекшілік жасады. Ал 2008 жылы көлемі 30 баспа табақтан астам «Әлем таныған тұлға» атты монографиясымен Көшекең Мұстафа атын азын-аулақ білетінді де, атақты саясаткерді зерттеу объектісі етіп жүргендерді де елең еткізді. Ал 2012-2014 жылдар аралығында ерекше шығармашылық қайраттың иесінің жетекшілігімен Мұстафа Шоқай мұрасының жалпы көлемі 400 б.т. 12 томдық толық жинағы жарық көрді.

Отандық мұстафатану ғылымына қосылған теңдесі жоқ бұл толымды жинақтың басты ерекшеліктері мен жоғары деңгейлігін бірнеше факторлармен анықтауға болады. Біріншіден, Мұстафа Шоқайдың Франциядағы жеке мұрағаттық қорынан, Өзбекстан, Қазақстан, Германия, Түркия және т.б. елдердің мұрағатынан алынып, жан-жақты сараланып және талданған қазақ, орыс, шағатай, ағылшын, француз, түрік, поляк тілдеріндегі шығармалардың түпнұсқа күйінде тұңғыш жарық көріп отырғандығында. Жеке мұрағаттық қордан алынған материалдар да бай әрі қызғылықты. Бұл шығармашылық мұра өз оқырманына түп нұсқа күйінде жеткізіліп отыр. Енді кез келген зерттеуші әртүрлі ауытқулар болмас үшін осы басылыммын жұмыс істей алады. Екіншіден, көптомдық өзінің құрылымымен, дайындалумен ерекшеленеді. Мұны басқа Алаш жетекшілерінің мұраларымен салыстырғанда байқау қиын емес. Бірінші том М. Шоқайдың өмірі мен қызметіне арналған да, қалған томдарында шығармашылық және эпистолярлық мұралар берілген. Үшіншіден, зерттеушінің терең білімді, ғылымға адал, өзіндік әдіс-тәсілі қалыптасқан зерделі тарихшы екендігі. Өзін тамаша тарихшы, әлеуметтанушы, саясаттанушы, халықаралық деңгейдегі саяси сарапшы ретінде көрсете білгендігі. Төртінші, бірнеше жыл тынымсыз және жүйелі жұмыс негізінде дайындаған бұл еңбек бұрын әр қырынан зерттеліп жүрген М.Шоқайдың шынайы да күрделі тұлғасын аша түсіп, өз тұғырына қондырғандай әсер етеді. Бұл бағыттағы Көшім Есмағамбетовтың еңбегі атақты ақын Әбілда Тәжібаевтың әдебиет зерттеушісі Мардан Байділдаев жөнінде «бір өзі бір институттың жұмысын атқарды» дегенін еріксіз еске түсіреді.

Реті келгенде айта кету керек, көрнекті қайраткерлер туралы жазылған кейбір іргелі әдебиеттерде болашақ тұлғаның ата тегіне, отбасылық өміріне, жас шағындағы әлеуметтік және саяси болмысына жеткілікті көңіл бөліне бермейді. Қандай тұлға болмасын ол дүниеге келген әлеуметтік орта, отбасындағы көрген тәрбиесі мен өнегесі оның болашағының негізін қалайтынын ұмытпаған абзал. Бұл жағынан зерттеуші Көшекең еңбегіне өкпе жоқ. Мұстафа Шоқайдың ең алғашқы тәрбиені өз кезіндегі тұрмыс мәдениеті жеткілікті, билік лауазымдары елге танымал әулеттің отбасында алғанына, өскен ортасына, оқу-білім жайларына, алғашқы алған әлеуметтік-саяси сабақтарына ерекше көңіл бөлінген. Бұл бала Мұстафаның келешек шығар биігін, алар асуының негізі болатын.

Мұстафа Шоқайдың дүниетанымы аса күрделі жағдайларда қалыптасқаны белгілі. XX ғасыр басы Ресейді сан салалы саяси өзгерістерге толы етті. Оны тарихтан жақсы білеміз. Бұл кезде империялық өктемдік пен отарлық саясаттың зардаптары әрбір қазақ ауылдарына да жеткен еді. Орыс қоныс аударушылары мен патшаның жергілікті шенеуніктері тіпті Сыр бойына аты мәлім Шоқай әулетінің екі рет кірпіштен салынған үйін ақысыз-пұлсыз, ал егістігін тіпті тартып алғаны, Ташкенттегі гимназияны үздік бітірген өзіне тиесілі алтын медальді қимай, аймақ билеушісінің орыстың өз ұлтының өкіліне бергізуге ұсыныс жасау да бала сезімде өшпестей із қалдырған болатын.

Мұстафа Шоқайдың күреске толы ғұмырының алғашқы қадамдары сол кездегі Ресейдің бас қаласынан бастау алды. Арасында үзілістері бар бас-аяғы 6-7 жылға созылған Петербургтегі кезең әлеуметтік те, саяси да тағылым берген керемет жылдар болғанына сөз жоқ. Ол ең алдымен университетте терең білім алды, сонан соң сол кездегі орыс қоғамындағы демократиялық үрдістерді бойына сіңірді. Оған Ресейдің орталық аудандарында бірінші орыс революциясынан кейін пайда болған саяси партиялар мен қозғалыстардың бағдарламаларымен жете танысуы да елеулі ықпал еткеніне дау жоқ. Бұл туралы Мұстафа өзі 1933 жылы жазылған “Есімдегілерден... (Ресейдегі түрік студенттер өмірінен) атты мақаласында былай деп жазған еді: “Мен Ресейді реакция жайлаған, жоғары оқу орындары, әсіресе университеттер тікелей полицияның бақылауына алынған 1910-1914 жылдары Петербургте оқып жүрген болатынмын. Жағдайдың сондайлығына қарамастан, біз, студенттер, саяси бой көрсетулерге шығатынбыз. Үкіметке қарсы шешімдер қабылдап, көшелерде демонстрациялар жасайтынбыз” [1, 336 б.].

Көшім Есмағамбетов болашақ заңгердің саяси көзқарастары оның Санкт-Петербургте өткен түркі-мұсылман халықтары жиындарының барлығына дерлік қатысу барысында шындалып, нақтылана түскенін де атап көрсетеді. Мысалы, студент Мұстафа 1914 жылдың маусымында болған Бірінші Бүкілресейлік мұсылман съезін ұйымдастыруда ерекше белсенділік танытады. Ал осы жылдың желтоқсан айында өткен Ресей мұсылман қоғамдық ұйымдары өкілдерінің съезінде Орталық комитетінің мүшесі болып сайланады [2 62 б.]. Бұл, біріншіден, Мұстафаның Ресейдегі түркі халықтарының қайраткерлерімен жиі араласуына әкелсе, екіншіден, кейін оның Мемлекеттік думаның Мұсылман фракциясының Бюросында жұмыс істеуіне игі ықпал еткен болатын.

Бүкіл Ресейдегі түркі халықтарының наразылық жүгін арқалаған Мемлекеттік думаның Мұсылман фракциясын тиісті мәліметтермен камтамасыз етуде М. Шоқай аса іскерлік көрсетеді. «1917 жыл естеліктерінен үзінділер» атты еңбегінде ол былай жазған еді: «Түркістан туралы материалдар жинайтынмын әрі Мемлекеттік Думадағы мұсылман өкілдеріне Түркістанға қатысы бар, қажетті материалдарды дайындап

беретінмін. Революция қарсаңында бітірген соңғы ісім – депутаттардың дума мінбесінен сөйлеуге қажетті 1916 жылғы бүкіл Түркістан көтерілісі туралы материал әзірледім әрі мұсылман тобы атынан сөйлейтін депутат Мұхаммад Юсуф Жағыфардың сөзін жазып бердім» [1, 15 б.]. Көшім Есмағамбетовтың «Бюро ол (Мұстафа –Ә.Б.) үшін шын мәнісіндегі саяси мектеп болды, онда дүниетанымы, парасат-пайымы кең, алдыңғы қатарлы қоғам қайраткерлерінің бірі ретінде қалыптасады» деуі төркінді сөз [2, 69 б.].

Мұстафа Шоқайдың қажырлы еңбегін, терең білімін, саяси сауаттылығы мен ерекше іскерлігін байқаған мұсылман депутаттар оған өздеріне әріптес ретінде де қараған. Мария Шоқай өз естелігінде Мұстафа Шоқайдың түрік халықтарының саяси өміріне араласқанын айта келіп, оған Еділ-Қырым татарлары, Кавказ халықтары, Орал башқұрттары түрлі саяси міндеттер жүктегенін, оның бұл міндеттерді ылғи өте жақсы орындап отырғанын жазған болатын. Егер 1917 жылғы Ақпан төңкерісі болмағанда Мұстафа Шоқай Мемлекеттік Думаға мүшелікке сайлануы да мүмкін тұғын. Патша жарлығына сәйкес Түркістанның Думаға өкіл жіберуге рұқсаты жоқтығынан Мұстафаны Уфа уәлаятынан сайлау ойластырылған еді. Уфа уәлаятының помещигі, қазақ сұлтандарының бірі С. Жантөрин (Мемлекеттік Думаның мүшесі болған, белгілі саяси қайраткер – Ә.Б.) оған өз иелігіндегі жерін сыйлап, Дума мүшелігіне кандидатурасын осы өлкеден ұсынуға келісім де берген болатын [3, 218 б.].

Көшім Лекерұлы Мұстафа Шоқайдың алғашқы бостандық үшін күрес жолындағы Түркістан Мұқтариятына ерекше көңіл бөлген. Өйткені Түркістан өлкесіндегі ең алғаш азаттықты ту еткен мемлекеттік құрылым ретінде «Түркістан Мұқтарияты» ауызға түссе, Мұстафа Шоқай атының алғаш аталуы заңды еді.

1917 жылдың сәуір айының басында Ташкентке келген кезден бастап Мұстафа Шоқай аймақ тұрғындарын басқа халықтармен тең құқылы екенін кеңінен насихаттап қана қоймай, оны теориялық тұрғыдан негіздеп, барлық күшті автономия жолындағы күреске жұмылдыру бағытында сан салалы жұмыс атқарды. Алайда жергілікті тұрғындарды ұлттық идеялар төңірегіне топтастыру оңай бола қоймады. Сол кезде бір Ташкенттің өзінде жұмыс істеген не жарғысы, не бағдарламасы жоқ екі жүзге тарта түрлі ұйымдар бар болатын. Солармен қарым-қатынас орната біліп, өлкедегі автономия мәселесіне аса сақтықпен қарап, оған қол жеткізудің объективтік және субъективтік факторларды мұқият зерттеп, жергілікті халықты ұлттық идеялар маңына аса қиын болса да ұйыстыра алған Мұстафа Шоқайдың саяси қызметі аса қаурыт та мазмұнды болған еді. Бұл туралы Украина халық республикасының бұрынғы сыртқы істер министрі Александр Яковлевич Щульгин сол кездегі Мұстафа Шоқайдың «белсенділігі мен ел арасындағы беделі аса зор еді. Жастығына қарамастан (ол кезде отызға да толмаған еді) ол қайта өрлеген Түркістанның нағыз көсемі бола білді» деді

[3, 104 б.]. Осылай маңайына жергілікті халық пен оның қамын ойлаған әлеуметтік һәм саяси күшті ұйыстыра алған Мұстафа Шоқай Түркістандағы алғашқы ұлттық мемлекеттік құрылымның басшысы әрі басты идеологы болды.

Мұстафа Шоқайдың саяси қызметінде оның эмиграциядағы өмірі ерекше маңызды. Жат жерде Батыс елдерінің Түркістан мәселесіне көзқарасын, олардың большевиктер тепкісіндегі түркі халықтары туралы түсінік-пайымдарын айқындады. Еуропаның нақ төрінде эмиграцияда тұрып ол әлемге танылды. Бір өзінің Англияға бес рет барып, жоғары деңгейдегі тыңдармандар алдында баяндамалар жасап, арнаулы қабылдауларда болуы біздің бұрынғы да, кейінгі де тарихымызда бола қоймаған шығар. Көшім Лекерұлының ұлы күрескердің ұлттық қозғалыстың ұйымдық негіздерін қалау, оның стратегиясы мен тактикасын айқындау, азаттық пен тәуелсіздікке бастайтын ең төте һәм қысқа жол ең алдымен жалпы бірлік атаулының ұясы Түркістанның ішкі тұтастығын нығайту, бұл бірлікті бүкіл түркі бірлігіне ұластыру, одан езілген халықтардың бір тұтас майданына шығу турасындағы Мұстафа Шоқайдың қажырлы еңбегін терең зерттеп, ғылыми мәні зор тұжырымдар мен қағидатты қорытындылар жасағанын атап өткен жөн.

Өзімді энциклопедист білімдар Мұстафа Шоқайдың өз кезіндегі ғаламдық болмысты жан-жақты терең зерттеуі ерекше қызықтырғанын жасыра алмаймын. Баламалап айтқанда, халықаралық саясаттың майталман білгірі, алдына Жер глобусын алып, әлемдегі мемлекетаралық қарым-қатынастарды талдап, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының мақсат-міндеттерін жүзеге асыру үшін оған ниеттес күштерді анықтап, сонымен бірге тәуелсіздік үшін күресте қолайлы жағдайдың қалыптасуын сергек бақылап отырған сияқты.

Абзал азамат, қағидатты ғалым Көшім Есмағамбетов бірнеше жыл тынымсыз және жүйелі талдау негізінде қайсар саясаткердің шынайы адами, күрескерлік һәм шығармашылық болмысын аша отырып, ұлттық тәуелсіздіктің бірден-бір жалынды жаршысы және тамаша ұлттық идеялардың иесі, туған еліне деген сарғайған шексіз сағынышын бір сәт баса алмай, жат жерді мәңгілік мекен еткен, бұрын әр қырынан зерттеліп жүрген әлем таныған қайсар саясаткердің шынайы болмысын барынша аша түсіп, отандық мұстафатану ғылымын жаңа деңгейге көтерді. Сонда да қазағым айтатындай, сегіз қырлы, бір сырлы Мұстафа Шоқайдың қайраткерлік болмысын әлі де аша түсу - алдағы күрделі де қасиетті міндет екеніне дау жоқ. Біз таудай шындықтың әлі етегінде жүрміз. Бүгінгі күнге дейінгі әдебиеттерде көбіне қайсар тұлғаның саяси қызметіне, қажымас күрескерлігін зерттеуге көңіл бөлініп, жазылып келді. Бұл бағытта да аша түсер мәселелер әлі аз емес. Ал отандық мұстафатану ғылымының келер белесі оның шығармашылық мұрасындағы идеялар мен ойларды жүйелі зерттеуді талап етеді деп ойлаймыз. Көшекең сөзімен айтқанда,

«қайраткерлігі мен ғұламалығына, мәмлегерлігі мен шешендігіне, дүниетанымы мен идеялық мақсат-мұраттарына, адамгершілік биік қасиеттеріне тірі куә іспеттес аса құнды шығармашылық мұрасы» әлі талай зерттеушілерге тақырып боларына күмән жоқ [4, 7 б.]. Әсіресе, елі тәуелсіздікке жетсе тек саяси үгіт ісімен айналысуды ойлаған, елінің «тарихы және басқа өлке халықтары туралы кітаптар жазумен шұғылдануды» армандаған энциклопедиялық білімдар, терең ойшылдың мол идеялар мен тұрлаулы тұжырымдарын жүйелі түрде зерттеуге басты көңіл бөлінуі қажет.

Бұл турасында 2016 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде ашылған Мұстафа Шоқай атындағы ғылыми-зерттеу орталығының алдында да тиісті міндеттер тұр. Бүгінгі күні университеттің қоғамдық ғылымдар оқытушылары Мұстафа Шоқай энциклопедиясын шығару бағытында бірсыпыра жұмыстар атқаруда. Әрине, оңай болып жатқан жоқ. Бәлкім, ол бүкіл республика элиталары жабылып шығарып жатқан академиялық энциклопедиялар деңгейіне жете қоймас. Алайда, осы бағыттағы жұмысымызда бірнеше мәселені шешуге талпынып отырмыз. Біріншіден, қоғамдық, гуманитарлық ғылымдар өкілдері өздері Мұстафа Шоқай еңбегімен етене танысады. Оның азаттық, бостандық, тәуелсіздік идеяларын бойына сіңіруге ұмтылады. Екіншіден, оқытушы қауымы өздері ұлы күрескерден жинаған рухани азықтарымен шәкірттерімен бөліседі. Үшінші, бұл негізгі мәтінге өте жақын дайындалған материалдар тақырып жағынан топтастырылып, арнайы зерттеу жұмыстар мен мақалалар дайындауға қолайлы-ақ. Осы бағытпен белгілі дәрежеде отандық мұстафатану ғылымына жаңа есімдер қосылады. Төртіншіден, біздер Алаш алыптарының мәңгі өшпес өміршең идея-тұжырымдарын қазіргі тәуелсіз еліміздің шындығынан туған Елбасымыздың ой-пікірлерімен астастыра отырып қана рухани жаңғырып, ғасырлар күресіп, қол жеткізген тәуелсіздігімізді тұғырлы ете алатынымызды қатаң ескеруіміз қажет.

#### ***Пайдаланған әдебиеттер:***

1. Шоқай М. Таңдамалы шығармалары: Үш томдық. 1-т. – Алматы: «Қайнар» баспасы. – 2007. – 352 бет.
2. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. 12том. 1-том. – Алматы: Дайк-Пресс, 2012. -544 бет.
3. Шоқай М. Таңдамалы шығармалары: Үш томдық. 3-т. – Алматы: «Қайнар» баспасы. – Т.2. – 2007. – 384 бет.
4. Шоқай М. Эпистолярлық мұрасы. Томдық / Құраст. Ғ. Исахан. – Алматы: «СаҒа» баспасы, 2006. 1-том. – 424 бет.

## МҰСТАФА ШОҚАЙ – ҚАЗАҚ ЭМИГРАНТТЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫСЫ

**Тұяқбаев Ғ.Ә.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты

**Түйіндеме:** Мақалада қазақ эмигранттық журналистикасының қалыптасуы мен тарихы туралы сөз болады. Автор саяси ғылымдардағы зерттеулерді негізге ала отырып диаспора, эмигрант, ирридент ұғымдары аясында қазақ эмигранттық журналистикасының қалыптасуы мен даму тарихын зерттеудің өзектілігіне тоқталады. Шетелдерде жарық көрген және шығатын қазақ тілді басылымдарды шығу тарихын, ұстанған бағыт-бағдарын саралай отырып, эмигранттық басылымдар және шетелдердегі қазақ тілді басылымдар деген мәртебе тұрғысынан қарауды ұсынады.

Ұлттық тарихымызда ерекше орны бар қоғам және саяси қайраткер Мұстафа Шоқайдың редакторлық, публицистік еңбектеріне талдау жасай келе, М.Шоқайды қазақ эмигранттық журналистикасының негізін қалаушы ретінде көрсетеді. Оның түркі халықтарының бірлігі мен азаттығы үшін күрес жолында ақпарат құралдарын басты саяси құрал ретінде пайдаланғандығы, өзі де бірнеше эмигранттық басылымдардың өмірге келуіне бастамашы болғандығы дерек көздерін негізге ала отырып ашылған.

**Түйін сөздер:** журналистика, радио, мерзімді басылымдар, эмигрант, диаспора, ирридент, тәуелсіздік, тіл, мәдениет, дәстүр, азаттық, күрескерлік.

Зерттеушілердің пікірінше қазіргі кезде әлемнің 40-тан астам мемлекетінде үш жарым миллиондай қазақ өмір сүруде. Олардың тарихи Отанынан қоныс аударуының әр түрлі жолы, себептері бар. Саяси ғылым шетелдердегі қазақтарды қоныстану, тарихи отанынан көшу себептеріне байланысты диаспора, ирридент және эмигрант деп қарастырады. Диаспора – белгілі бір халық бөлігінің экономикалық, географиялық және саяси факторларға байланысты басқа елге күшпен көшірілуі [1.239]. Ал эмигрант – өз Отанынан саяси, экономикалық, діни т.б. мәселелерге байланысты еріксіз қоныс аударушы болса [2.162], ирридент – өзінің тарихи Отанында, яғни атамекенінде өмір сүріп жатқан, бірақ белгілі бір саяси жағдайларға байланысты өзге мемлекет құрамында қалып қойған халық бөлшегі. Осы анықтамаларды қазақ халқына байланысты айтар болсақ, Ресейдің Астрахань, Орынбор, Қорған, Омбы, Таулы Алтай автономиялық облысы, Қытайдың Алтай, Тарбағатай, Іле, Құлжа, Монғолияның Баян Өлгий аймағындағы, Өзбекстанның Сырдария, Шыршық, Қызылқұм, Мырзашөл аудандарында өмір сүріп жатқан қазақтарды ирриденттер деуімізге болады. Ал басқа шетелдердегі қазақтарды, сонымен бірге Қытайдан, Монғолиядан,

Орта Азия мемлекеттерінен Еуропа елдеріне саяси, тарихи немесе басқа да жағдайларға байланысты қоныс аударуға мәжбүр болған қазақтарды эмигранттар деп атағанымыз дұрыс болар еді.

Ресей ғалымдары диаспора мен миграция мәртебесін де бөле қарастырып жүр. Тишков: «Диаспора – саяси ықпалдың әсерінен қоныс аударушылар болса, миграцияда – әлеуметтік жағдай басым», - дейді [3.42-63]. Ал А.Зеленин: «Ресейден 1917 жылға дейінгі қоныс аударғандар мигранттар болса, 1917 жылдан кейін қоныс аударғандар эмигранттар. Бұлар XX ғасыр басындағы орыс диаспорасын қалыптастырды», - деген пікір білдіреді [4.30].

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі 20 жылдам астам уақытта тарих, мәдениеттану, этнография, философия, әдебиеттану, лингвистика ғылымдарында шетелдердегі отандастарымыздың өмір сүру салты, этнографиясы, тілі, әдебиеті т.б. зерттеле бастады. Ұлттық ғылымдағы мұндай өзекті мәселеден журналистика тарихын зерттеушілер де шет қалған жоқ. Р.Ш.Нуриденнің (Халықаралық радиожурналистика. Алматы. 2012.), Р.Шәріпқызының (Қазақша хабар тарататын шетел радиолары. Алматы. 1997.), Д.Баймолданың («Азаттық» радиосы. Тарихы мен тәжірибелері. Алматы. 2009.), Н.Омашев пен Ш.Бегімтаеваның (Қазіргі шетел журналистикасы. Алматы. 2000.) еңбектерінде шетелдерде шығатын және жарық көрген қазақ басылымдары туралы еңбектерін жаңалығы мол зерттеулер деп атар едік. Сондай-ақ, бірнеше кандидаттық диссертациялар да қорғалды. Дей тұрғанмен, бұл шетелдерде жарық көретін қазақ басылымдары толыққанды зерттеліп болды дегенді білдірмесе керек. Журналистика тарихында әлі де жете зерттеу мен зерделеуді қажет ететін мәселелер жоқ емес. Соның бірі - қазақ эмигранттық журналистикасы. Бұл бағыттағы алғашқы және тұшымды іргелі зерттеу тарих ғылымдарының докторы, профессор К.Есмағамбетовтің «Әлем таныған тұлға» атты монографиясы (Алматы, 2008).

Саяси ғылымдар шетелдерде өмір сүріп жатқан отандастарымызды диаспора, эмигрант, ирригент мәртебесі тұрғысынан қарастырып отырған кезде, шетелдерде шыққан, шығатын қазақ тілді басылымдардың шығу тарихын, ұстаным-бағыттарын зерделей отырып, эмигранттық басылымдар және шетелдердегі қазақ тілді басылымдар тұрғысынан қарастырып, мәртебелерін анықтау бүгінгі ғылым, соның ішінде журналистика тарихы үшін қажеттіліктің бірі. Өйткені шетелдерде шығатын, бұрын жарық көрген барлық басылымдарды бірдей эмигранттық басылымдарға жатқыза алмаймыз.

Қазақ эмигранттық баспасөзінің тарихы Мұстафа Шоқайдың есімімен тікелей байланысты. Ол эмиграцияға дейін-ақ саяси-күрескерлік жолда газет-журналдардың маңызын түсінді. Сондықтан ол «Бірлік туы» газетін шығаруға және оның бағытын айқындауға ат салысты. Өкінішке орай, 1917 жылы Ташкентте шыққан газет бір жылдан соң 1918 жылдың сәуір айының

ортасында жабылып қалады [5.75]. Сонымен бірге М.Шоқай Түркістан өлкесі мұсылмандары Ұлттық орталығының бастамасымен 1917 жылдың сәуір айынан бастап шыққан «Улуғ Түркістан» газетінің редакция алқасында болып, газеттің жұмысына белсене араласады. Газет бетінде түркі халықтарының бірлігі, жаңадан орнаған Кеңес үкіметінің отаршылдық саясаты, жер, ұлттың азаттығы мен бостандығы мәселелеріне байланысты бірнеше мақалалары жарық көреді. Газеттің редакторы - Қазан татары Фатих Керими болғанмен, басылымның негізгі ұстанымын айқындауда М.Шоқай пікірінің басым болғанына көз жеткіземіз. Осы екі басылымның өзінен-ақ М.Шоқайдың журналистік, публицистік шеберлігін, редакторлық-ұйымдастырушылық қабілетін танимыз.

Алғаш орнаған күннен бастап Кеңес өкіметінің ешқандай демократиялық қозғалыстарға жол бермейтіндігін, жаңа мемлекеттің патшалық Ресейдің заңды жалғасы екендігін түсінген Мұстафа Шоқай амалсыз елден кетуге мәжбүр болады. Ол шетте эмиграцияда жүріп саяси күрес жолы мен публицистік-редакторлық қызметті қатар алып жүреді. Ұлт азаттығы жолындағы күресте ақпарат құралын ең басты қару ретінде пайдаланады.

1919 жылдың сәуір айында Тбилисиге келген М.Шоқай, орыс тіліндегі «На рубеже», түрік тіліндегі «Шафак» атты газеттердің шығуына ат салысады. Бірақ бұл екі басылым да кавказда Кеңес үкіметі орнағаннан кейін жабылып қалады. Бұдан әрі кавказда қалудың қауіпті екендігін сезгендіктен М.Шоқай 1921 жылдың мамыр айында Парижге қоныс аударады. Бірақ Батыс Еуропаның қай елінде тұрақтауы не болмаса Америка Құрама штаттарына қоныс аударуы жөнінде екіойлы болып жүрген тәрізді. 1922 жылы ол Италияға да барып қайтады. 1923 жылдың алты айын Германияда өткізеді. Ақырында Мұстафа саяси эмиграцияның астанасы саналатын Парижде қалуға шешім қабылдайды [6.225].

Ол кезде Түркия мен Париж эмигранттар көп шоғырланған мемлекеттер болатын. Және Орта Азиядан келген эмигранттар мен татар, башқұрт эмигранттарының Түркиямен байланысы жақсы жолға қойылған еді. «XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында, 1917 жылғы қазан төңкерісінен кейін мыңдаған татарлар Түркияға қоныстанған болатын. Татар зиялылары – Ю.Ақчуры, Г.Исхаки, С.Максуди, Г.Баттала, А.-З.Валиди, Р.Рахмати, Х.Зубайра т.б амалсыздан өзге елдерге қоныс аударды. Түркия олардың екінші отанына айналды», - дейді татар эмигранттық журналистикасын зерттеушілердің бірі А.И.Галямутдинов [7.]. Шоқайдың Парижді таңдаудағы басты мақсаты өзімен ниеттес, бағыттас саяси эмигранттармен тізе қосып күрес жолын жалғастыру және Түркиямен тығыз байланыс жасау болғаны анық.

М. Шоқай Парижге келген өзінің осы саяси мақсатына қол жеткізді деуімізге болады. Жоғарыда айтқан татар зиялыларымен, басқа да түркі халықтары эмигранттарымен байланыс орнатты. «1923 жылдың күзінде



Г.Исхакидың бастамасымен С.Максуди, Г.Баттала, Г.Терегулов, Ф.Тоқтаров, И.Акчурин, А.Шафеев, З.Валиди, М.Бөкейханов тағы да басқа татар, башқұрт және қазақ эмигранттары Берлинде жиын өткізіп, жиында татар тілінде «Милли юл» журналын шығаруға шешім қабылдануы», -осы сөзімізді дәлелдей түседі [8]. Бір айта кетерлік мәселе, мақала авторының «М. Бөкейханов» деп отырғаны М.Шоқай болуы керек. Өйткені татар, башқұрт, қазақ зиялыларының арасында М.Бөкейханов есімді саяси қайраткердің болмағаны тарихтан белгілі. Ал оның айтып отырғаны Әлихан Бөкейханов болса, оның эмиграцияда Түркияда, Берлинде, Парижде болғандығы туралы деректер жоқ. Керісінше М.Шоқайдың татар, башқұрт эмигранттарымен, оның ішінде Г.Исхаки, С.Максуди, И.Акчуриндермен пікірлес болғанына мұрағат құжаттары мен тарихи естеліктер арқылы көз жеткіземіз.

Париждегі орыс эмигранттары да Мұстафаның жан-жақты білімдарлығын, қаламгерлігі мен саяси көрегендігін мойындайды. Сондықтан да газет редакциялары оған есіктерін ашық ұстайды. 1922 жылы Мұстафа Шоқайды Берлиндегі 2-3 баспа жұмысқа шақырады. Оған М.Шоқайдың 1922 жылдың 12 мамырында Н.П.Архангельскийге жолдаған хатындағы: «орыс тілінде өзім редакциялап, өзім журнал шығарумен айналыстым, түрік тілінде екі газет шығардым, орыс тілінде шығатын тағы бір газетте редакция меңгерушісі қызметін атқардым», - деген сөздері дәлел [б. 281].

Шоқай қай жерде жүрмесін, баспасөзден қол үзген жоқ. Өзінің ұлтшылдық, түркішілдік идеяларын мерзімді басылымдар арқылы жүзеге асыруға күш салды. Француз тіліндегі мақалаларын «Прометей», «Ориен е Оксидан» журналында жарияласа, ағылшын тіліндегі мақалалары «Азиятик Ревью» журналында жарыққа шығып жатты. Ал орыс тіліндегі мақалаларын, орыс эмигранты, өзімен бірге оқыған Керенскийдің «Дни», Милуковтың «Последние новости» газеттерінде жариялады. Алайда аз уақыттан соң-ақ М.Шоқай орыс демократиясының да Түркістан ұлттық қозғалысына сенімді одақтас бола алмайтынына көзі жетеді [б.229]. сондықтан түркі халықтарының мұңын мұндап, жоғын жоқтайтын, тұтас Түркістан идеясының шын жанашыры бола алатын дербес басылымның қажеттілігін айқын сезген Мұстафа татар зиялысы, өзінің идеялас серігі А.-З.Валидимен бірге Түркістан Ұлттық Одағы ұйымының басылымын ашу мәселесін көтереді. 1925 жылғы 12 мамырда Түркістан Ұлттық Бірлігі ұйымының жиналысында газет шығару, оның тілі, бағдарламасы туралы шешім қабылданады [б.281]. Ал сол жылдың қазанында бұл мәселе түпкілікті талқыланып, басылымды ұйымдастыру, оған қаржы табу мәселесін Түркістан Ұлттық Бірлігі ұйымы А.З.Валидиге тапсырады [9]. Осы шешімге сәйкес 1927 жылдың маусым айында Стамбулда «Йени Түркістан» журналының алғашқы саны жарыққа шығады. Журналды шығарудағы М.Шоқайдың еңбегі туралы А.-З. Валиди: «Йени Түркістан» журналын ұйымдастырудағы М. Шоқайдың рөлі ерекше болғандығын мойындап,

Шоқаев бірінші болып қаржы тапты, журнал шығару жөніндегі пікір де бәрімізден бұрын Шоқаевтың басына келді» – дейді [10].

Журнал Түркістан халықтары мен Түркия халқы арасында тіл және діл бірлігін нығайтуды көздеді. Ең бастысы шетте жүрген түркістандықтардың өмірімен, олардың алға қойған арман-мүддесімен, эмигранттардың өздерін Түркістан ұлт-азаттық қозғалысымен, әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайымен, түрік мәдениетімен таныстыруды мақсат тұтты [6.282].

«Иени Түркістан» ұлт азаттық идеясы мен түрікшілдік ой-пікірлерді таратуда, түркі халықтарының рухани бірлігін насихаттауда маңызды рөл атқарады. М.Шоқай журналға «Большевиктердің Түркістандағы ұлттық саясатының идеялық және практикалық қырлары», «Кеңестердің Түркістандағы аштық саясаты», «Түркістанға аштық төніп келеді», «Ұлттық мәселе жөнінде», «Тұран мемлекеті жайында» және басқа да тақырыптарға арналған мақалалар жариялады. Бұл мақалалар сол кезде кеңестік идеологияның шынайы келбетін ашуымен құнды болды.

Түркістандықтардың саяси белсенділігінің артуы, ұлттық басылымдарға сұраныстың күшеюі Түркістан Ұлттық Бірлігі ұйымына «Иени Түркістан» журналымен бірге, қатарлас қызмет ететін жаңа басылымды қажет етеді. Оны ұйымдастыруға М.Шоқай үлкен дайындық жүргізеді, өз қаражатына Түркістанға бір өкілін жіберіп, Ауғанстан мен Ирандағы адамдармен байланыс орнатады. Қаражат жинау үшін өзі екі жұмадан астам Франциядан тыс жерлерде болып қайтады [11]. 1926 жылы 2 желтоқсанда М.Шоқай Варшавадағы пікірлестеріне жаңа басылым ашу туралы жазған хатында: «Жүзеге асырыла қалған жағдайда журналдың жарық көруі менің қолымның бос болуын талап етеді. Бұл іске мен үлкен мән беремін... Біз енді ғана ұлттық күрестің практикалық жолын іздеуге шықтық. Біз бірден нәтиже күтпейміз және ондай уәде бермейміз де... Бірақ ұзақ мерзімге арналған мемлекеттік мүдде тұрғысынан алғанда, біздің бұл жұмысымыз қазірдің өзінде пайдалы» [12] дейді. Осындай қажырлы еңбектің нәтижесінде 1929 жылдың желтоқсан айында Берлинде «Яш Түркістан» («Уас Түркистан») журналының алғашқы саны жарық көреді. Түрік-шағатай тілінде араб қарпімен шыққан журналды «Прометей» қоры қаржыландырады.

Көлемі 40 бет шамасында шыққан журналдың алғашқыда екі-үш айдары ғана болды. Бірақ әр айдар басылымның мазмұнының ашып, мәнін арттыруға қызмет еткендігі байқалады. Мысалы журналдың алғашқы санындағы «Саясат» айдарында «Біздің жол», «Яш Түркістанның» редакциялық алқасынан» тақырыбындағы редактор М. Шоқайдың бас мақалалары, «Әдебиет» айдарында Мағжан Жұмабаевтың өлеңдері, «Жаналықтар» айдарында Түркістаннан алынған хабарлар жарияланады. М. Шоқай «Біздің жол» атты бас мақалада журналдың басты ұстанымы туралы айта келіп, большевиктердің Орта Азия мен Қазақстанда «түрі – ұлттық, мазмұны – социалистік» республикалар құруды мақсат ететіндігін, ал оның

түрлі ұрандармен бүркемеленіп отырғанымен, бұрынғы патшалық отарлық жүйенің, орыстық шовинизмнің жалғасы екендігін ашық айтады. Бұл шын мәніндегі М.Шоқайдың саяси көрегендігі болатын.

«Яш Түркістанның» бес жылдығына (1934 ж.) орай жазған мақаласында М. Шоқай: «Қазір «Яш Түркістанды» оқымайтын Түркістан эмиграциясының бірде-бір ошағы жоқ. Араб елдерінен, Түркиядан, Персиядан, Үндістаннан, Ауғанстаннан, Қытайдан, Қиыр Шығыстан және басқа да елдерден түсіп жатқан хаттар «Яш Түркістанның» таралым ауқымына, оған үлкен құрметпен қарайтынына толық дәлел бола алады», - дейді [13]. Ал мұрағат деректері Франциядағы Түркия елшісінің М. Шоқайға «Яш Түркістан» журналының Түркия астанасында зор қызығушылық туғызып отырғаны туралы пікірін, журналды елшілікке үнемі жіберіп тұруын сұрағандығын көрсетеді [14]. Біз келтіріп отырған осы екі мұрағат деректерінің өзі-ақ журналдың бірнеше мемлекеттерге тарағандығын, сан мыңдаған оқырманы болғандығын дәлелдейді.

Жалпы «Яш Түркістан» журналы М. Шоқайдың публицистік-редакторлық, ұйымдастырушылық қабілетін танытқан ең көрнекті туындысы болды.

Шоқайтанушы-ғалым К.Есмағамбетов М.Шоқайдың жоғарыда аталған журналдардан басқа «Түркістан» журналын шығарғандығын мұрағат деректерімен негіздейді. Журналистика тарихында бұрын белгілі бола қоймаған журнал Германияда жарық көрген. Журналда шетелдерде жүрген түркі халықтары эмигранттарының өмірі, Орта Азия республикаларының әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайы, түркі халықтарының бірлігі, Кеңес билігінің отар ұлттарға деген көзқарасы мен ұстанымы туралы мақалалар жарияланды. Журналдың басты жаңалықтарының бірі Түркістан тарихы мен мәдениетінің француз, неміс әдебиетіндегі көрінісі туралы тың материалдарды жариялауы еді. «Кеңес отарлары», «Берлинде өткен Түркістан хақындағы бір конференция» сынды саяси шолулар да өзінің мән-мазмұнымен ерекшеленді.

Өкінішке орай, бұл журналдың да ғұмыры ұзаққа созылмады. 1934 жылдың қазан айынан 1935 жылдың ақпан айына дейін небары 5 нөмірін жарыққа шығарған журнал жабылып қалады. Біздің қолымызда деректер болмағандықтан аталған басылымның қандай жағдайларға байланысты жабылғандығы туралы айта алмаймыз. Бір белгілісі, Түркия мемлекеті бұл басылымды өз территориясында таратуға құлықты болмаған. Оған: «Түркістан» журналын еліміз туралы зиянды жазбаларға орын беруіне байланысты «Баспахана туралы» Заңның 51 бабына сәйкес Түркияға кіргізуге тыйым салу жөніндегі Сыртқы істер өкілдігінің 11.12.1934 ж. № 805 хатындағы ұсынысы Атқарушы өкілдер делегациясы тарапынан 20/12/1934 ж. бекітілді», - деп Президент қол қойған құжат куә болады [15]. Бұл Түркияның КСРО-мен арадағы байланысын жолға қойып, байланысты нығайтқан кезі болатын. Сондықтан да Түркия мемлекеті эмигранттық

баспасөздегі Кеңес үкіметіне қарсы айтылған пікірлерді таратудан қаймыққаны белгілі.

Өзінің журналистік-публицистік жолын «Бірлік туы», «Улуғ Түркістан» басылымдарынан бастаған М.Шоқай «Иени Түркістан», «Яш Түркістан», «Түркістан» журналдарының негізін қалап, олардың қалыптасып, дамуына барынша еңбек сіңірді. Журнал бірнеше түркі тілдес және мұсылман мемлекеттеріне тарады. Бір көңіл аударарлық мәселе, М.Шоқай негізін қалаған журналдардың барлығы Түркістан атауымен байланысып жатқандығы. Бұл шын мәнінде, оның түркішілдік арман-мұратының публицистік-редакторлық қызметіндегі көрінісі деуімізге болады. Ең бастысы Шоқай түркі халықтарына ортақ мемлекет құру, түркі халықтарының бірлігі мен одақтастығы, ұлттық, күрескерлік сананы ояту туралы мақалалары арқылы саяси публицистиканың, мұғажырлық өмірді бастан кеше жүріп қазақ эмигранттық журналистикасының негізін қалады.

М.Шоқай шығарған басылымдардың шығу тарихы мен ұстанған бағыт-бағдарлары зерделей отырып, эмигранттық журналистикаға тән төмендегідей қасиет-ерекшеліктерге көз жеткізуімізге болады: біріншіден, жоғарыда атап көрсетілген ақпарат құралдарының (М.Шоқай ашқан журналдардан бастап бюллетендерге дейін) барлығы эмигранттардың бастамасымен, тіптен олардың өздерінің қаржыландыруымен жарыққа шықты; екіншіден, эмигранттық басылымдар қай мемлекетте шықса да ол сол мемлекеттің идеологиясын насихаттаған емес, керісінше тек қазақ ұлттық идеологиясын немесе түркішілдік идеологияны насихаттауды басты бағыт етті; үшіншіден, эмигранттық басылымдар тек қазақ тілінде шыққан жоқ, қай тілде шыққанына қарамастан ақпарат құралдарында негізінен ұлттық мәселелер: тіл, дін, әдет-ғұрып, салт-дәстүр басқа да ұлттық құндылықтар дәріптелді, ең бастысы Кеңес үкіметінің орыстан басқа ұлттарға жасап отырған отаршылдық, шовинистік ұстанымы ашық көрсетілді; төртіншіден, мұндай басылымдар ұлттық сананы оятуды, отар ұлттарды азаттық жолындағы күрескерлікке үндеуді басты мақсат тұтты.

Ендеше, шетелдерде қазақ тілінде шыққан ақпарат құралдарының барлығы бірдей кеңестік билікке, ұлттық саяси мәселелерге араласа қойған жоқ. Сондықтан эмигранттық журналистика тәуелсіз, азат мемлекет құруға, ұлттық сананы рухтандыруға қызмет етті деп бағалауымызға болады.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Советская энциклопедия. 8-том. Москва. Издательство. БСЭ. 1972.
2. Советская энциклопедия. 30-том. Москва. Издательство. БСЭ. 1972.
3. В.А.Тишков. Исторический феномен диаспоры//ЭО. №2.С42-63. 2000.
4. А.Зеленин. Язык Русской эмигрантской прессы. (1919-1939). 2007.
5. Қ.Алдабергенұлы. Ж.Нұсқабай. Ф.Оразай. Қазақ журналистикасының тарихы. Алматы. Рауан. 1996.

6. Мұстафа Шоқай шығармаларының толық жинағы. 12 томдық. 1 том. «Дайк-Пресс» ЖШС. Алматы-2012.
7. Журнал «Милли Юл» (1928-1939гг.) в системе татарской эмигрантской прессы». Автореферат диссертаций на соискание степени кандидата филологияческих наук. Казань, 2012 г.
8. Т.Насыров. Татарская эмигрантская пресса.
9. ЦГА Республики Башкортстан. Ф.4917. Опись 1-А.44.Л.8.
10. БРОММ 4917- қор. 1- тізбе. 44- іс. 8-парақ
11. РГВА. ф. 1358 к. оп.3.д,45 б. л.44
12. РГВА. ф. 1358 к. оп.3.д,45 б. л. 45
13. РГВА.ф.461к.оп.1.д.431.л.174
14. М. Шоқайдың Франциядағы жеке мұрағаттық қоры. Carton 5. Dossier 2. P. 36
15. Turkiye Cumhuriyet Basbakanlik Gumhuriyet Arsivi. Arsiv 080. Dolap 18. Goz 01. Klasor 1197. Dosya 50. Fihrist 57. S.6.

## **МУСТАФА ШОҚАЙ ЖӘНЕ БҮГІНГІ ТҮРКІ ЕЛДЕРІНІҢ БІРЛІГІ**

**Сәтбай Т.Я.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-саяси ғылымдар» кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының докторы

Американың көрнекті заманауи философ, әлеуметтанушысы Дейл Карнеги «логиканың күшіне қарағанда, дүниетаным тереңдігі неғұрлым маңызды, ал рухтанушылық білімнен де қымбат» деген екен.[1] Біз бұл тезистің ұңғыл-шұңғылына көп тоқтағымыз жоқ. Алайда, бұл ұстанымның М.Шоқайдың өмірі мен қызметін бағымдауға өте сәйкес келетіндігіне назар аудағымыз келеді. М.Шоқай саяси және тұрмыстық жағынан алғанда, тығырыққа тірелген, үмітсіз, эмиграциялық жағдайда өмір сүрді. Шетелде - күнделікті тіршілік тауқыметіне қарамастан, Кеңес билігіне қарсы күресін бір сәт болса да тоқтатқан емес. Елі мен халқы ғана емес, басқа да түркі халықтары жаппай отарлық жағдайда болып, тек Түркия мемлекеті өлместің күнін кешіп отырған жағдайда ол түркі халықтарының түптің түбінде тәуелсіздік алатындығына құдайдай сенді. Оған рух берген осы наным еді. Өзі қазақ бола тұра ұлттық идея мен жалпытүріктік идеяны ажыраусыз алып қарайды, Қазақстаннан бөлек, өткен ғасырдың 20-30 жылдарындағы Өзбекстан, Түркменстан, Қырғызстан, Тәжікстан, татар-башқұрт т.б. түркі халықтарының өмірінде болып жатқан қасіретті оқиғаларды жан-тәнімен қабылдайды, жаны ашиды. Кеңестік түркі республикаларындағы саяси озбырлықтарды өткір сынға алады, әшкерелейді. М. Шоқай мұнымен

шектелмей, осы республикалардың сол жылдардағы элиталарының арасында да түркілік бірліктің жоқтығына өкініш білдіреді, бірақ олардың пұшайман халін де түсінеді. Сондықтан Кеңестік Орта Азиядан шыққан түркі халықтарының кеңестік билікке араласып жүрген өкілдері – Нәби Қадыров, Камал Акрамов, Файзолла Ходжаев, Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Қожанов және т.б. өткір сынға алынады.

М.Шоқай – жалпытүркілік бірлік идеясын эмиграцияда жүрген түркі халықтарының шыққан зиялылар арасында да табандылықпен уағыздады. Пендешіліктерін немесе бөлініп қызмет ету ұмтылыстарына тойтарыс беріп отырды. Ол 1930 жылы Еуропада оқып жүрген Түркістан жастарына арнап сөйлеген сөзінде «Түркістан жастары! Ата мекеніміздің ұлттық мүдделері – мемлекеттегі тұрғындар саны мен мемлекет аппаратын реттейтін билік біздің өз қолымызға өтуін талап ететіні естеріңізде болсын!

Ата мекендегі және шеттегі Түркістан жастары! Сіздің шетте жүрген туыстарыңыз қаражат жетіспеуінен басқалардың есігін қағып жүрген кезде, Кеңес үкіметінің талабы бойынша халқымыздың қаржысы орыс студенттерін оқытуға судай ағып кетіп жатқаны туралы ойланыңыздар және осыны ұмытпаңыздар!» [2.43]-дейді. М. Шоқай үшін ұлттық идея – халқының жаны мен жүрегі. « Біз, Түркістан жастары сол үшін де , оптимистбіз және бостандық күніміздің жақындап келе жатқанына шын жүректен сенеміз» [3.49]. Осы идеяны дамыта отырып, М.Шоқай – Түркістандағы Кеңестік мәдени саясаттың басты қағидасы «түрі ұлттық мазмұнын пролетарлық болсын» дейтін талаптың мазмұнын ашады. 1931 жылы кеңестік мәдени мұраға қарсы ол «Түрістанда» түрік қалады. Оны жоғалту ешкімнің қолынан келмек емес. Біз бұған кәміл сенеміз. [4/134] деп мәлімдеді.

«Батыс-Шығыс» өркениеттік текетірес тұрғысынан алғанда да М.Шоқай өз дүниетанымының дұрыстығына кәміл сенеді. Мұстафаның бір ғажабы кеңестік ұлтсыздық саясатының ешқандай нәтижеге жетпей қирайтынына деген сенімділігі. Ұлттық рухты сақтап қалудың маңызды аспектісі - этностардың заманауи талаптардан кенже қалмауы деп біледі. Сондықтан Туркияда жүргізіліп жатқан реформалардың жалпы түркілік маңызы бар деп біледі. «Батыс білімін» «шығыс рухымен» ұштастыру үстіндегі Түркия тәжірбиесі біз үшін аса құнды. Біздіңше, дүние тарихында бұрын сонды көтерілмеген жетістіктердің түпкі себептері - Түркия ұлттық күштерінің Еуропа тәрбиесін алған түрік зиялыларымен шығыс зерделі зиялылары түркі менталитетін (Mentolitet) сәнімен үйлестіре алуында жатыр - дейді Мұстафа Шоқай. - Біз Түркияда дайындалып жатқан зиялыларымыздан көп нәрсе күтуге хақылымыз. Және бұл үмітіміздің біздің күткеніміздегіден де артық орындалатынына сенеміз. [4/157]

Түркүстандықтардың отарлық жағдайын М.Шоқай түркі халықтарының арасындағы ұйымшылдықтың жетіспей отырғандығынан көреді. «Бізді 1918-1919 жылдарда жеңіліске душар еткен нәрсе орыс большевиктерінің

қарулы күштері ғана емес еді,- дейді ол. - Сонымен қатар өзіміздің ұйымшыл және басшы бола алмағандығымыз және ұлттық күресімізді ұйымшылдықпен батыл жүргізе алмауымыздан да еді.» [4/262]

Жалпытүркілік идея Орта Азиядағы түркі халықтарының ішінде, әсіресе, қазақтарда танымал болды. «Түркістандағы қазақ түріктері 1918 жылы Түркістан қаласындағы шақырылған құрылтай атынан Арқа қазақтарына үндеу жолдап, Ұлы Түркістан- ұраны астына жиналуға шақырғаны осы тұтастықтың мән-маңызын әйгілей түскен еді.» [4.254] Бұдан іле-шала түрікмендер де 1919 жылы түрікмен хандығын құрудан бас тартып, Түркістан тұтастығын қолдағанды. «1919 жылы Ташкентте шақырылған мұсылман коммунистері ұйымдарының құрылтайында Т.Рұсқұлов бастаған Түркістан коммунистері де Өзбек, Қазақ, Қырғыз,Түрікмен, Татар, Башқұрт деп бөлінуді доғарып олардың бәрін бір ғана кеңестік республика етіп құру жөнінде қаулы қабылдағаны да осы бірліктің қадір-қасиетін терең сезінудің нақты көрінісі еді» [4/254]- дейді М.Шоқай. Оның ойынша, Ресей билігі оның қайда бастайтының біліп, дербес Республикаларға бөліп тастады.Өз тарапымыздан айта кетейік. Кеңес үкіметі Моңғолдың Бурят тайпасынан автономиялы Бурят республикасын құрып, оларды моңғолдардан ажыратты. Тегі таза румын молдавандардан Молдова республикасы құрылды. Тілі батыс қазақстандағы адай тайпасы негізінде Қазақ ССР-нен бөлек, адай автономиялы республикасын құру ниеті болды. Башқұрттар мен татарларды қазақтардан ажырату үшін Қазақстан астанасы Орынбордан Қызылордаға көшірілді. Сондықтан М.Шоқай Мәскеудің Түркістандағы саясатына барынша қарсы. «Түркістанның болашағы «Тәуелсіз Түркістан» ұраны астында Ресейден бөлініп шығып, Түркістан мемлекетін құратын халық бұқарасының қолында. Татарлар мен Башқұрт бауырларымыз түркістан түрік мемлекетімен қойындасып, қолтықтасып кете алса, түрікшілік пен түрік рухы үшін ұлы табыс болар еді. - дейді Ол. Қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен бәрі бір кісідей жұмылып Түркістанның ұлттық ұраны астына топтаспайынша, Түркістанның болашағын қамтамасыз ету мүмкін емес. Олай болса халқымыз мемлекетімен қоғамдық өмірін өз қалауынша құру құқығына ие бола алмай отырған кезде сыртқы ортақ жауға қарсы бірлікте күрес жүргізіп жатқан шақта, Түркістанның болашағы анадай немесе мынандай тайпаның қолында деп пайымдауға салынып жүрсек, мұның өзін ұлттық жауымыздың диірменіне су құйып, нанына май жағып беруден басқа ештеңе де болмас еді» [4.256]. М.Шоқай үшін түркі халықтарын бірлестіру - саяси мәселе. Оған саяси кедергілер мен қатар географиялық кедергілердің болып отырғаның М.Шоқай Әзірбайжан мысалынан алып қарастырады. Барлық түрік елдері Әзірбайжанға одақтас, тілектес болуы шарт. «Біздің түрік дүниесі «Геополитика» жағынан қарағанда біртұтас бірлік түзуге қолайсыз екені белгілі. Ресейге қараған түрік дүниесінде тек түркістанның геополитикалық жағдайы ғана оның түрікшілік талаптарына сәйкес келеді. Онда кең байтақ географиялық және экономикалық тұтастықта жатқан

қалың түрік бұқарасы бар. Ал басқа бөліктерімізге әйтеуір бірдеңе жетіспейді. Мәселен Әзірбайжанды алайық» [5.358] - деп оның бұл тұрғыдан қолайсыз географиялық орналасуына тоқталады.

М.Шоқайдың түрік бірлігі идеясы бүгінде қаншалықты өзекті? Өміршендік дәрежесі қандай? деген сауалдар қылаң береді. Әсіресе, 1991 жылы КСРО-ның тарауымен мәселенің көкейтестілігі арта түскендей. Мұстафа Шоқайдың арманы орындалғандай еді. Шынында да солай. Осы тұрғыдан алғанда 70 жыл бойы бөлек өмір сүрген түркі халықтарының қазіргі интеграциялық деңгейі, араласу сапасы өзін-өзі қанағаттандыра ма? деген заңды сұрақтар туындайды.

«Түркістан Республикаларының» Тәуелсіздік алуымен жаңа тарихи жағдай қалыптасты. Бұрынғы кеңес республикалары – Қазақстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Қырғыстан елдерінің өзара қатынасы соңғы тәуелсіздіктің 25-27 жылдығында сырттай қарағанда жаман көрінбейді. Олардың арасында ешқандай территориялық, саяси, мәдени шешімін таппай ортырған мәселелер жоқ. Алайда, аталған елдер өзара жақындасу тұрғысынан алғанда барлық мүмкіндіктерін пайдалануда ма? деген заңды сұрақ туады. Біз оған жоқ, - мүмкіндіктерін толық пайдаланып отырған жоқ деп жауап берер едік. Әрине, түркітестес республикалардың халықаралық ұйымы тұрақты жұмыс істейді. Ширек ғасырдың ішінде Әзірбайжан, Түркіменстан, Өзбекстан латын алфавитіне көшіп үлгерді. Қазақстан бұл үдеріске 10-15 жыл көлемінде толықтай қосылмақшы. Түркітестес республикалар арасында экономикалық байланыстар жойға қойылған. Дегенмен олардың барлығы жеткіліксіз. Ішкі интеграция тұрғысынан алып қарағанда шешімін таппай отырған мәселелер өте көп. Оған ең бірінші кезекте лингвистикалық мәселеледі жатқызар едік. Аталған халықтардың тілдері кеңес тұсында жасанды түрде бір-бірімен алшақтатылған болатын. Енді кері үдеріс жүруі қажет. Сонда ғана М.Шоқай идеялары жанды жүзеге асырылмақ.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Дейл Карнеги «Как завоевать друзей и оказывать влияние на людей» Любое здание
2. М.Шоқай. Түркістандағы жергілікшілендіру қандай мазмұндарды қамтиды? М.Шоқай. Таңдамалы шығармалар: үш томдық 1-т.-Алматы, «Қайнар».- 2007-3526
3. Орыс тепкісіндегі Түркістанның ұлттық қозғалыстарынан.М.Шоқай Таңдамалы шығармалар: үш томдық 1-т.-Алматы, «Қайнар».- 2007-3526
4. Сонда «Ақ-қызыл» М.Шоқай. Таңдамалы шығармалар: үш томдық 1-т.-Алматы, «Қайнар».- 2007-3526
5. М.Шоқай. Таңдамалы шығармалар: үш томдық 2-т.-Алматы, «Қайнар».- 2007-3526



## СКРИПКАШЫ ӘЛІМ АЛМАТ ЖӘНЕ ТҰТҚЫНДАР ТАҒДЫРЫ

**Ильясова К.М.**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
қауымдастырылған профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты

Алдымен скрипкашы, Түркия қазағы Әлім Алмат туралы қысқаша мәлімет, бір ғасырды бағындырған қазақтың тұңғыш скрипкашысы, Түркияны «екінші отаны» санаған Әлім Алмат (шын есімі Ғалымжан Әбсәламов) екінші дүние жүзілік соғыс басталған жылы әскер қатарына алынады. Алайда, оның екі жылдық әскери борышын аяқтау мерзімі жақындағанда соғыс басталып кетеді. Сол жылы Ғалымжан небәрі 22 жастағы бозбала екен. Сөйтіп, соғыс өнерін жеткілікті игере қоймаған бір топ жас жауынгерлер 1941 жылдың 22-28 маусым аралығында кеңес-герман соғысының алғашқы майдан шебіне жіберіледі. Алайда ешқандай дайындықсыз соғысқа кірген кеңестік әскер құрамасы, көп ұзамай Польшаның территориясында тұтқынға түседі. Үнемі скрипкасын құшақтап жүретін Әлім Алмат бір жарым жылын соғыс лагеріндегі тұтқында өткізген. Алайда ерекше өнерімен көзге түскен ол, 1943 жылы Түркістан легионы арқылы Берлин консерваториясына оқуға жіберіледі. Берлин қаласы бомбаланған кезде бір жылдай Австрияға (Вена қаласы) ауыстырылады, соғыс қимылдары саябырлаған уақытта Германияға (Берлин қаласы) қайта оралады.

1946 жылы, эмиграциядағы Оралдың қазағы Қарыс Қанатбай арқылы Мария Шоқайға шығып, шамамен 1947 жылдың аяғы мен 1948 жылдың бас жағында Париж консерваториясына ауысады. 1948-1950 жылдары Мұстафа мен Мария Шоқайдың үйінде тұрып, 1950 жылдың күзінде Стамбулға қоныс аударады. 1961-1969 жылдары Мария Шоқаймен үздіксіз хат алысып, Берлиндегі Мұстафа Шоқайдың ескерткішін орнату жұмыстарына қатысқан, «Түркелі» комитетімен байланыста болған.

Әлім Алмат туралы алғашқы мәліметтер Мария Шоқайдың 1958 жылы жазылған «Менің Мұстафам» атты естелігінде беріледі [1]. Осы естеліктің «Екінші рет тұтқындалуым» деп аталатын бөлімінде жазылғандай, «бір жылдан кейін Германияға скрипкашы Әлім келді. Ол өте жақсы скрипкашы болатын. Оған консерватория бітіргені туралы диплом керек болатын. Өзі Мәскеу филормониясының студенті еді. Соғыстың кесірінен оқуын аяқтай алмаған. Мен оны Париждегі Рахманинов атындағы орыс консерваториясына жаздырдым. Бірақ ол профессор Андреевті педагог ретінде ұнатпады, мәшһүр бір француз профессорынан жеке сабақ ала бастады, экстерн ретінде емтиханға кірді. Емтиханды жақсы тапсырып дипломын алған соң Түркияға кетті. Түркияда үйленіп, ресми қызметке тұрды. Қазір жеке дәрістер беріп, музыкант педагог ретінде үлкен табыстарға жетіп жүрген көрінеді [1, 509-510 бб.].

Франциядағы өміріне қатысты Әлім Алмат: «1947 жылы Париждегі Мария Яковлевна Шоқайға хат жаздым. Ол кісі мені Мұстафа Шоқайдың жиені деп Франция консулдығына хат жазып, Париж консерваториясына ауыстыруға өтініш жасады, виза сұрады. 1948 жылы Францияға виза алып, 2 жыл Париж консерваториясының скрипка бөлімінде оқып, 1950 жылы бітіріп шықтым» - дейді. Мария Яковлевна оны жылы жүзбен қарсы алып, жас жігіттің музыкаға деген бейімін байқап, оның скрипкада ойнайтындығын ерекше бағалайды: себебі Мария ханымның өзі де сирек кездесетін қабілеті бар әнші еді (сопрано). Күйеуі Мұстафа дүние салған соң сахнаға шығып, концерт беріп және де орыс эмигранттарының балаларына орыс тілінен сабақ беріп, күн көріп жүрген. Мария Шоқай алмандарға: «Бұл Мұстафа Шоқайдың жиені екен, Әлімді маған қиындар, менің қолымда тұрып маған тірек болсын»,— деп олардың бақылауынан шығарып алады. Сонымен Әлім түрік консулдығынан азаматтығы жөнінде қағазын алғанша, шамасы, екі жылдай Ножан-сюр-Марн қаласында Мария Яковлевнаның қолында тұрады. Мария ханым оған Мұстафа Шоқай жөнінде көп нәрсені әңгімелеп береді. Кейін Әлім Стамбулға орналасқан соң, Мұстафа Шоқайдың бейнесі жас жігіттің ойында Мария апайдың жазғандарының арқасында айқын қалыптасады [2].

Мария Шоқайдың күнделікті өміріне келсек, отбасындағы азаматы Мұстафа Шоқайдың өлімінен кейін, түркістандықтардың басым бөлігі Мария Шоқаймен байланыс орнатып, оның жәрдеміне жүгінген. Жазбаша деректерге қарағанда түркістандықтар Мария Шоқайды анасындай жақсы көрген, оған мысалдар да жеткілікті.

Әлім Алмат өткен ғасырдың 20-40 жылдары эмиграциядағы түркістандықтардың рухани жетекшісіне айналған Мұстафа Шоқайдың әйелі Мариямен бірге Францияның Ножан-сюр-Марн қаласындағы үйінде шамамен 1948-1950 жылдары тұрғаны белгілі. Осындағы Фонтен көшесі 7-үйдің сыртқы көрінісін мұстафатанушы ғалым Бахыт Садықованың «Мұстафа Шоқай» атты кітабынан қарап [3,113-115 бб.], көз қырын бір салсаңыз, құптарлық әрекет болар еді.

Мұстафа Шоқай туралы Әлім Алмат алғаш рет Алматыдағы музыка училищесінде оқып жүргенде Әміре Қашаубаевтан естіген. Бірақ, ол кісіні көрудің сәті түспейді. Ол Мұстафаны Мария Шоқайдың айтуы бойынша ғана білген.

Соғыс және тұтқындар тағдыры. Кеңес-герман соғысындағы әскери қимылдардың басталуы кеңестік және германдық әскери тұтқындардың құқықтық мәртебесін анықтауды талап етті. 1934 жылы Германия 1929 жылғы «Әскери тұтқындарды ұстау туралы» Женева конвенциясына қол қойды, алайда Кеңес Одағының бұл конвенцияға қатыспағаны тарихтан белгілі [4, 143 б.].

Айта кету керек, Кеңес Одағы заманындағы Гаага және Женева «Соғыс тұтқындарын ұстау туралы» (1929 жылғы 27 шілде)

Конвенцияларына қол қоймауы, тұтқынға түскен миллиондаған отандастарымыздың қайғы мен қорлыққа душар болуына жол ашты. Көптеген тұтқындар қорлықтан, аштықтан, түрлі зардаптардан өлімге ұшырады. КСРО тарапынан түскен соғыс тұтқындары дәрігерлік көмек, халықаралық «Қызыл крест» қорғауы, туған-туыстарымен хат алмасу және басқа да құқығынан мүлдем айрылды [5].

Соғыс тарихында «алғашқы үш айда жау 3 млн.-нан астам кеңес жауынгерлері мен офицерлерін тұтқындады. Бүкіл соғыс барысында тұтқынға түскендердің саны 5 млн.-нан асты, олардың 57 % қаза тапты. Соғыс тұтқындарының Отанына қайтып келгеннен кейінгі тағдыры да ауыр болды. 1943-1947 жж. 5,5 млн.-ға жуық соғыс тұтқындары мен Германияға жұмысқа айдалған азаматтар елге оралды. Олардың 20% ату жазасына немесе 25 жыл лагерде жазасын өтеуге кесілді, 15-20% 5-10 жылға лагерлерге жіберілді, 10% Сібірдің алыс аудандарына жер аударылды, 15% соғыста қирап қалған аудандарда ауыр жұмысқа салынды, 15-20% туған жерлеріне оралды, ал қалғандарының тағдыры белгісіз. Бұл қайғылы статистиканың түпкі себебі Кеңес өкіметінің тұтқынға түскен өз азаматтарының барлығын «сатқындар» деп санауы еді [6]. Осылардың қатарында түркістандық соғыс тұтқындары, соның ішінде Әлім Алмат та болды.

Ол «1939 жылы әскер қатарына Алматы әскери комиссариатынан шақырылып, музыкалық взводтың скрипкашысы болған және 84-ші атқыштар полкінің 6-шы атқыштар дивизиясына түсіп, Брест-Литовскиде тұтқындалған. Соңғы зерттеулерге сүйенсек, Қазақстан бойынша Брест қамалын қорғаушылардың жалпы саны - 556 адам. Солардың бірі көкшетаулық Сыздықов Қажымұраттың (Хаджимурат) айтуынша, Ғалымжанның музыкалық взводы «аралдағы 333 полктың 6 дивизиясында» болған, сондықтан олар жауға қарсыласа алмаған, ақыры барлығы бірден тұтқынға түскен» [7, 429, 437 бб].

Екі жылдан кейін тұтқындағы түркістандықтарды «сен түрікменсің, сен қазақсың деп, екіге айырды» [7, 16 б.], сосын өзбек, тәжік, түрікмендерді бір жерге жинап, бізді қайтадан әскерге, яғни Түркістан легионына алды. Оны «ерікті әскер» деп атады. Түркістандықтардың ішінен 75 кісіні бөліп алып, әуе әскеріне жіберді де, жансыз болуға дайындады. Біздің командиріміз неміс полковнигі музыканы жақсы көретін. Мен скрипкашымын. Ол рояльда ойнайтын. Екеуміз жақсы болып алдық. Бір күні: «Мен музыкантпын, сіз де музыкантсыз. Менің жанымды түсініп, өтінішімді орындаңыз. Мені Берлинге оқуға жіберіңіз. Білім алайын. Өмір бойы сіздің қызметіңізді ұмытпаймын» - дейді. Офицер Әлімнің бұл тілегін орындайды. Сөйтіп, елден арқалап келген скрипкашының арқасында көзге түсіп, Германияға оқуға жіберіледі.

Түркістан легионында Мағжанның шәкірті Хамза Абдуллиннің де болғанын еске алған Әлім Алмат, Түркістан комитетінде жұмыс істеген

онымен Берлинде 1943-1944 жылдары бірге болғанын да тілге тиек етеді [7, 29 б.].

Айта кетейік, «Сайран» деген бүркеншік есімді ақын Х.Абдуллин 1942 жылы «Тұтқын жырын» жазған. Сондай-ақ, түркістандықтарға Хакім Тыныбеков («Ғали Алтай»), Мәжит Айтбаев («Қобызшы Қорқыт»), Мәулікеш Қайболдин («Асан Қайғы») сияқты ақын-жазушылар, өнер адамдары да таныс болды[10, 77 б.].

Бүгінге дейін Түркістан легионының құрылу тарихы туралы көп айтылды, көп жазылды. Бұл ретте Бақыт Садықова, Гүлнар Мендікүлова, Гүлжауһар Көкебаева, Амантай Кәкен және т.б. отандық зерттеушілердің еңбектерін ерекше атауға тұрарлық. Солардың ішінде мұстафатанушы Бақыт Садықованың «әр алуан деректері бойынша, 1942 жылдың көктемінде құрылған Түркістан легионы құрамында болғандардың саны 180 мыңнан 250 мыңға жетіп, бұл әскери құрылым шығыс легиондары арасында ең үлкені болған[10, 38б.].

Шығыс легиондары туралы Ереженің толық қабылдануына орай Польша территориясында 1942 жылдың жазы мен күзінде олардың құрылуы негізінен аяқталған. Алман жазбалары бойынша 6 легион құрылған. Олар: Түркістан легионы (өзбек, қазақ, түрікмен, тәжік, қырғыз, белуж, дүнген, ирандық, қашқарлық, шұнған, тараншы, құрамалар және шығыс татарлары), Кавказ-мұсылман, кейіннен әзербайжан (әзербайжандар), Солтүстік кавказдық легион (абхаз, адыгей, черкес, кабардин, балқар, қарашай, чешен, инғұш, құмық, ноғай, авар, ахвахи, андий, багулалы, ботлих, хваршин, дидой, годобери, каратин, тиндалы, чамалин, даргин, кайтаги, кубачин, лактар, лезгин, агул, цахур, рутул, табасаран, удин, курд, талыш, татылар, солтүстік осетиндер), Грузин легионы (грузин, аджар, гурий, имерин, кахетин, лазы, мингрель, свандар, оңтүстік осетиндер), Армян легионы (қарабахтық армяндар), Еділ-татар легионы (уфалық және қазандық татарлар, башқұрттар, татарша сөйлейтін чуваштар, марийлер, удмурттар, мордвалар) құрылған[10, 39-40 бб.].

Ал, «Түркістан легионының» жауынгерлері 1942 жылдың аяғы мен 1943 жылдың басында Кеңес әскерінің жағына өз еріктерімен өткен [5].

90-жылдардың екінші жартысында жариялаған Бақыт Садықованың материалдарында Әлім Алматтың 1942 жылы Түркістан легионына жіберіліп, «бір австралиялық музыкант офицер басқарған әскери бөлімшеге тап болғаны, сол офицер кейіннен Әлімнің тағдырына себеп болғаны, скрипкашы Әлімнің қолы мылтық емес, музыкалық аспапқа жаралғанына көзі жетіп, сол офицер бір қазақ жігіттің өтінуі бойынша Берлинге рапорт жазып, сондағы консерваторияға оқуға түсуіне көмектескені» жазылған еді [2]. Өкініштісі, осы уақытқа дейін Әлім Алматқа қол ұшын созған сол офицерлердің есімдері нақты аталмайды.

Соғыс жылдарында кеңестік тұтқындарға адам ретінде қарап, жанашырлық танытқан алмандық офицерлер аз болмаған. Мысалы, Мұстафа

Шоқай 1941 жылдың қазан айында Уәли Каюмға жазған 11 беттік хатында Шрадер есімді офицердің атын ерекше атайды. Ол жөнінде: «...екеуміз бірге болған Сувалкадағы жағдай есіңізде болар. Онда түркістандық топтың (олар 2000-нан асатын) бастығы соғыс тұтқыны кеңестік генерал Богданов тағайындаған орыс офицері болатын. Бұл Богданов «сол күнге» 5 белсенді түркістандық коммунисті табуды талап етті, әрине ондайлар «табылатын». Біз сол кезде кеңестік генералдың бұл әрекетіне кедергі жасап бақтық. Сіздің есіңізде ме, лагердің күзет қызметін басқаратын, біздің уәжімізді ескеріп, өмірлеріне қатерлі қауіп төніп тұрған екі адамды босатып жібергені. Соның арқасында жас түркістандықтар біздің қолымызға өтті. Сол офицерлердің бірінің аты Шрадер, бұл жас офицерлердің мәрттігін ешқашан ұмытуға болмайды, менде олар туралы өте жақсы естеліктер сақталады» - делінген [11, 34-35 бб.].

Соғыс жылдарында азиаттарды Польшаға, Варшавадан 20 шақырым қашықтықтағы Легионова станциясына қарай жөнелте бастайды, олар сол жерде ғана Түркістан легионына түскендерін біледі. Алғашқы күндері тұтқындардың арасынан музыканттар іздестіріледі, сөйтіп скрипкашы, гитарашы, аккордеоншы, баяншы, кернейші, кларнетші, мандолинші, сырнайшылардан жасақталған музыкалық взвод құрылады. Оның құрамында скрипкашылардан қазақ Айткеш Толғанбаев болған, мандолинде Досой Қадыров және қобызда менің әкем ойнаған» - деп жазады соғыс тұтқыны Шадыбек Тоқмамбетовтің қызы Ирина [12, 11-13 бб.].

Мұстафаны Мария Шоқайдың айтуымен ғана білетін Әлім Алмат, сұхбаттарында оның өмір бойы баспасөз саласында жұмыс істеуді армандағанын тілге тиек етеді. Бұл мәселе профессор Александр Яковлевич Шульгиннің 1942 жылдың 8 ақпанында Парижде өткен Мұстафаны еске алуға арналған салтанатты жиындағы оның: «Егер маған тағы да Түркістанды көру бақыты бұйырса, мен алдын-ала басқару ісінің бәрінен бас тартар едім, мұнымен жастар айналыссын, маған үгіт-насихат жұмыстарын басқаруды берсе болды. Сонда мен баспа арқылы кеңінен таралатын тамаша дүниелерді шығаратын баспахана құрушы едім, оған өзіміздің үздік қызметкерлерімізді және шетелдік әріптестерімізді шақырар едім. Біздің адамдардың көзін ашу керек. Оларға ағарту жұмыстары керек, өйткені олардың көзі әлі де нашар көреді» - деген сөздерімен үндеседі [13, 111 б.].

Әлім Алмат та Мұстафа Шоқайға мансапқорлық тән еместігін, оның ойы — өзімнің идеяларымды жазсам, дамытсам, саяси теория мәселелеріне өз өмірін арнап, елге газет-журнал арқылы ақыл-ойларын жеткізу болғанын, Парижде орыстың «Новое слово» газетінде алдымен корректорлық, кейіннен редакторлық қызмет істегенін «Яш Туркестан» журналын ашып, бірнеше жылдар бойы оның ондаған сандарын шығарғанын, оның қолына мылтық алып шығатын күрескер еместігін, жалғыз ғана қаруы — Сөз болғанын жаңғыртып отырады [2].

Польша территориясындағы легиондарды жасақтау, 1942 жылдың жаз - күз айларында аяқталғаны белгілі. 1942 жылдың қаңтарында өзбек эмигранты Уәли Каюм Түркістан Ұлттық Комитетінің Шығыс министрлігінің президенті болып тағайындалады және оны қалыптастыруға кіріседі. Герман зерттеушісі Патрик Фон цур Мюленнің мәліметтері бойынша, Түркістан легионы қатарындағы түркістандықтардың саны 110 мыңнан 180 мыңға дейін жеткен. Бұл сандар Түркістан Ұлттық Комитетінің құрамындағы әскери министр қызметін атқарған Баймырза Хайттың 181 402 түркістандықты көрсеткен сандарына жақындайды [14, 87 б].

КСРО - ның 1945 жылдың мамырындағы жеңісі кеңес халқының төгілген қанымен келді. 7 млн. (Сталин жариялағандай) емес, 20 млн. (Хрущев бекіткендей) емес, Горбачев мойындауға мәжбүр болған 27 млн. кеңес халқы өлілер әлеміне өтті... Тұтқынға түскен қызыл әскерлердің жалпы саны - 5 миллион 734 мың. Бұл Қазақ КСР МҚК - нің мәліметтері. Француздық деректер 5,7 млн. адамды көрсетеді, оның 3,3 млн.-ы аштық пен қатыгездіктің құрбаны болған. Қазақ КСР МҚК статистикасы бойынша тұтқындарды ауыстырған лагерлерде 280 000 адам, 1 млн. 30 мың 157 адам тұтқыннан қашу кезінде немесе Германияның шахталары мен заводтарында мерт болған. Тек 500 адам концлагерлерден қашқан. Тұтқынға түскен түркістан-дықтардың саны 1 млн. 700 мың. Бұл тұтқындардың жалпы 5,7 млн. санының бір бөлігін құрайды [14. 104 б.].

Соғыс тұтқындарының Отанына қайтып келгеннен кейінгі тағдыры да өте ауыр болды. Оған кезінде Әлім Алматтың шәкірті болған скрипкашы Әйткеш Толғанбаевтың талайлы тағдыры айғақ. Ол кеңестік биліктің қысымына, әділетсіздікке қарсы табаны күректей 40 жыл бойы күрескен. Стамбулдағы Әлім Алмат та ұзақ жылдар бойы тілін тартып жүруге мәжбүр болған. Оған ағайын-туысқандарымен қайта қауышу мүмкіндігі «қонаевтық кезеңде» туды, ал елмен қауышу, туған жерге тағзым ету тек еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін ғана мүмкін болды.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тікелей бастамасымен шақырылған Дүниежүзі қазақтарының Бірінші Құрылтайына Түркия, Германия, Франция, Швеция, Норвегия, Монғолия, Ресей, Қырғызстан, Түркіменстан, Өзбекстан және басқа елдерден, барлығы – 33 елден қандастарымыз келді. 1992 жылғы осы дүбірлі жиынға Стамбулдағы Әлім Алмат та отбасымен бірге қатысып, туған жеріне – Ырғыз өңіріне барып қайтқан. Көптен күткен әділеттілік, осылайша тәуелсіздік таңымен бірге жеңіске жеткені, қуантарлық жәйт, әрине. Дегенмен, екінші дүние жүзілік соғыс кезіндегі Әлім Алмат, Әйткеш Толғанбаев сияқты құрамында қазақ музыканттары болған музыкалық взводтар туралы тұщымды мәліметтер жоқтың қасы, болашақта бұл тақырып арнайы зерттеуді қажет етеді.

***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Мария Шоқай. Менің Мұстафам (1958 жыл). Қараңыз.: /Шоқай М. Таңдамалы. – Алматы: Қайнар.- Т.2.- 1999. – 520 б.
2. Садықова Б. «Әлім Алмат: Табыс етем өлгендер аманатын...» /Қазақ елі. Еларалық апталық. № 48(72).-29 қараша, 1996 жыл.
3. Садықова Б. Мустафа Чокай. – Алматы: Алаш, 2004. -240 с. – 112-113 беттер.
4. Кокебаева Г.К. Германия-Россия-СССР: политика, война и плен.-Алматы: «Қазақ университеті»,2009.-345 с.- 143 бет.
5. Аяған Б.Ғ. Тәлкекке түскен тағдырлар /Егемен Қазақстан. – 26 маусым, 2014 жыл.
6. Көкебаева Г. Сұрапыл соғыстағы тұтқындар қасіреті /Алаш айнасы.№ 52 (278).- 2 сәуір, 2010 жыл.
7. Ахметова Лайла. 1941. Брестская крепость. Казахстан. Книга 1. – Астана, 623 с. – 429 с.
8. Tarik Minkari. Yoldas Alim`in defteri. Baski:Cem Ofset A.S.Istanbul.- Subat,1999.- 16 бет.
9. Әлім Алмат. Жерлестерін текке арандатқысы келмеген //Аңыз адам.- №77.- 2011.
10. Кәкен А. Түркістан легионы.-Астана:Республикалық баспа полиграфия орталығы, 2000.- 140 б.
11. Мендикулова Г.Мустафа Чокай и списки туркестанских военнопленных. Қараңыз.: /Участие казахов во Второй мировой войне в странах Западной Европы: Сборник материалов круглого стола /отв.ред. Г.М. Мендикулова.- Алматы: Қазақ университеті, 2014. - 165 с.
- 12.Ирина Токмамбетова. Извлечения из Дневников Шадыбека Токмамбетова... Қараңыз.: Сборник круглого стола /отв.ред. Г.М. Мендикулова.-Алматы: Қазақ университеті, 2014. - 165 с.
- 13.Шульгин А.Я. Памяти Мустафы-Бей Чокай Оғлы /Қараңыз.: Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. Алматы: Дайк-Пресс, 2014.-XI том – 544 бет = 4 бет жапсырма
14. Садықова Б. Создание Туркестанского легиона как часть восточной политики Третьего рейха. Қараңыз.:/Участие казахов во Второй мировой войне в странах Западной Европы: Сборник материалов круглого стола /отв.ред. Г.М. Мендикулова.-Алматы: Қазақ университеті, 2014. - 165 с.

## МУСТАФА ЧОКАЕВ И БОЛЬШЕВИЗМ (На основе Парижского архива М. Чокаева)

Сапанов С. Ж.

Х. Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті «Атырау - өлкесінің тарихы, археологиясы және этнографиясы» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор

Геополитическое положение Туркестана всегда было благоприятной базой для экономического и политического влияния России по отношению стран Центральной Азии, Ирана и Афганистана. Эту политику царской России продолжала Советская Россия.

Для этой цели большевикам необходимо было «политическое оружие», каковым являлись в руках Москвы «мусульмане-коммунисты». Надо отметить, что колониальная политика царизма, русификация Туркестана и русский революционный шовинизм большевиков, оказывали сильное влияние на политические взгляды национальной интеллигенции Туркестана.

Большевикам удалось расколоть единое национально-освободительное движение Туркестана. Одни оставались приверженцами идей Автономии и полной Национальной Независимости Туркестана (во главе с М. Чокаевым), другая часть видела Независимость Туркестана в создании «Независимой Советской Республики» тюркских наций («беков, казахов, киргиз, татар, башкир и т.д.) и приняли идеологию большевизма. Но программа «мусульман-коммунистов» - объединение тюркских народов, по мнению московских большевиков, противоречила идеям международного революционного движения.

«Для большевиков революция национальной почитается только тогда, когда она становится на путь совершенного уничтожения самой идеи наций» [1].

По моему мнению, Сталин, как человек мстительный, коварный и страдавший манией величия (впрочем, как все другие диктаторы 20 века: Гитлер, Мао, рожденные при «обстоятельствах», как утверждают их библиографы), не мог простить туркестанским «мусульманам-коммунистам» (Турару Рыскулову, Султанбеку Ходжанову, Акмалу Икрамову и другим) их дерзкой критики колониальной политики Советского правительства в Туркестане. Напомним, что в 1923 году 9-12.06. на IV совещании ЦК компартии с ответственными работниками национальных республик и областей, где речь шла о практических мероприятиях по проведению в жизнь резолюций XII съезда партий по национальному вопросу и, в частности, о деле Султан-Галиева, обвинявшегося в пантюркизме и в идеологической поддержке басмачества, обсуждался доклад Сталина. Среди выступавших были Турар Рыскулов, Султанбек Ходжанов и Акмал



Икрамов. О Тураре Рыскулове Сталин говорит как об идейно связанном с Султаном - Галиевым, и что речь Турара на этом совещании произвела на Сталина «тяжелое впечатление». Выступления Акмала Икрамова и Султанбека Ходжанова также были резкими, в частности они говорили, что между Туркестаном царским и Туркестаном нынешним нет никакой разницы, что только вывеска изменилась, а Туркестан остался прежним, таким же, как при царе. Тогда ни Сталин, ни ЦК для ответственных партийных деятелей не являлись еще неприкосновенными и священными, их можно было критиковать. Большевики в Москве и в особенности Сталин никогда не верили «мусульманам-коммунистам», прекрасно зная степень их большевизма, и как только укрепилась политическая власть в лице Сталина, и была запущена «регрессионная машина», были ликвидированы политические деятели и руководители Советского Туркестана. В 1937- 38 годах были обезглавлены и «вычищены» Советы Народных комиссаров Туркестана:

#### **По Казахстану:**

- 1.Кулумбетов Узакбай - пред. ЦИК.
2. Каспакбаев - секр. ЦИК.
3. Нурпейсов - 2-ой секр. ЦК. Компартии.
- 4.Жургенов Темирбек - нар. ком. проев.
- 5.Ескараев - зам. Пред. Совнаркома и член бюро ЦК.
- 6.Жандосов - пред. Алма-Атинского обл. исп. ком.
- 7.Топканов А. - б. н. комиссар, б. редактор центральной партийной газеты, научный работник.
- 8.Асылбеков.
- 9.Кошамбаев.
10. Босканов.
11. Есенгельдин.
12. Султанбеков.

#### **По Киргизии:**

- 1.Исакеев - пред. Совнаркома.
2. Есенаманов - нарком. зем.
- 3.Джиенбаев - после удаления Есенаманова занял его пост.
- 4.Темирбеков - нарком коммун-го хоз- ва.
- 5.Шаруков - нарком здравоохранения.
- 6.Айльчинов - секр. ЦИК.

#### **По Узбекистану:**

- 1.Файзулла Ходжа - пред. Совнаркома.
- 2.Икрамов Акмал - пред. секр. ЦК Узб. Компартии.
- 3.Каримов Абдулла - зам. ред. Совнаркома.
- 4.Исламов Р. - нарком, зем.
5. Таушиев - пред. Ташгорсовета.
- 6.Балтабаев - б. пред. Ташгорсовета.

7. Хасанов - гл. ред. «Правда Востока».
8. Артыков - секр. ЦИК Узб. компартии.
9. Рахимов - рук. Ташгоркома.
10. Ибрагимов - чл. Бюро Ташком. Комсомола.
11. Мухамедов ~ чл. Бюро Ташком. Комсомола.
12. Юсупов - рук. Кокандского комитета комсомола.
13. Авезов - рук. Кокандского комитета комсомола.
14. Ширмухамедов - чл. ЦК компартии Узбекистана.
15. Усманов - чл. ЦК компартии Узбекистана.

#### **По Таджикистану:**

1. Шотимор Ш ираншах - пред. ЦК.
2. Бабакалямов - зам. Пред. Совнаркома.
3. Рахимбаев Абдулла - пред. Совнаркома.
4. Абдуллаев - б. секр. ЦК компартии Таджикистана и нарком.
5. Азимжанов - нарком пищпрод.
6. Хасанов - нарком просвещения.
7. Масаидов - нарком мукольного хоз- ва.
8. Фатамбеков - управ, делами СНК.
9. Ихсанов - б. управ, делами СНК.
10. Мурзиев - б. управ, делами СНК.
11. Рызыков - пред. горсовета [2].

Эта «чистка», по отношению к Туркестану, приняла размеры настоящего «политического погрома».

Политическую ситуацию в СССР в эти годы и причины политических репрессий Мустафа Чокаев анализирует через призму трех видных политических деятелей Советского Туркестана, «мусульман-коммунистов»: Файзуллы Ходжи, Акмала Икрамова и Санджара Асфендиярова.

#### **Конец Файзуллы Ходжи**

Файзулла Ходжа был председателем Узбекского Советского правительства и председателем ЦИК Советского Союза в течение 16 лет.

Мустафа Чокаев характеризует личность Ф. Ходжи крайне ничтожной и абсолютно невежественной во всех вопросах, кроме как вопроса «мировой социалистической революции». «И только благодаря мрачному режиму б. эмира Бухары, он смог оказаться в «революционерах», и только сила русских штыков поставила его во главу правительства - сперва Бухарской Народной республики и затем Узбекского» [3].

Удаление Файзуллы Ходжи в 1937 году не означала, конечно, какой-то новой политики Советов в Туркестане. У.Ф. Ходжи была большая заслуга перед Советской властью. «Именно он, с несколькими своими товарищами из «младо - бухарцев», привел и прикрыл своим присутствием приход русской Красной Армии в Бухару. И только это обстоятельство давало большевикам внешнее основание выдавать оккупацию и советизацию Бухары за национально-освободительную революцию [4] -

отмечает М. Чокаев. По его мнению Ф. Ходжа был почти единственным из старых «младо-бухарцев» и «национал- революционеров» оставшихся в рядах большевиков, и своим присутствием в Советском правительстве придавал, правда весьма бледную, но все же «национальную окраску» и самому русскому большевизму и его колониально-империалистической политике Туркестане.

На VII съезде Узбекистана 10-17.06.37 г., на выборах, при тайном голосовании, не внесли Ф. Ходжу в состав нового ЦИК, а на последовавшей затем сессии было постановлено (26.06) снять его с поста председателя Совнаркома Узбекистана.

В чем обвиняли большевики Ф. Ходжу?

На этом съезде обвинения Ходжи были собраны в доклад Икрамова. Ф. Ходжу обвиняли «в том, что он принадлежал к «14», что он тихо сопротивлялся проведению земельной реформы, что он был против коллективизации и, наконец не «отличался» резко от пока самоубийством в 1936 году брата Ибада Ходжи, якобы на своей квартире собиравшего совещания национал- контрреволюционеров.

Но ведь все это говорилось и ставилось в вину Ф. Ходже еще и в прежние годы. «Не было ни одного съезда, - пишет М. Чокаев, чтобы Файзулла не тыкали в глаза его ошибками, уклонами, неискренностью. Он клялся в верности советскому режиму, в преданности Сталину и партии, признавал свои «слабости». Его оставляли, и он продолжал считаться одним из образчиков «вождей» «национально- освободительной революции на Востоке».

Истинную причину конца Файзуллы М. Чокаев видит в другом. Вот что он пишет по этому поводу: «На личности Файзуллы сошлись, с одной стороны, безразличное отношение к нему, из-за его ничтожности, московских правителей, и с другой - презрение и ненависть туркестанцев, не могущих простить ему его участие в большевистском походе на Бухару. Нам могут задать вопрос: почему же при наличии этих обстоятельств - безразличия Москвы и ненависти туркестанцев, Файзулла продолжал «единогласно» выбираться на самые высокие посты. Ответ на этот вопрос довольно сложен: если Москва, с одной стороны, должна была «воздать» Файзулле за его заслуги перед нею, по оккупации Советами Бухары и, с другой стороны, не имела еще достаточного количества новых кадров - людей революционного «воспитания», и была тем самым вынуждена до некоторой степени считаться с необходимостью иметь связь со старыми кадрами национал- революционеров, хотя бы марки Файзуллы.

Туркестанцы не имели еще случая высказать свое мнение тайным голосованием о вождах, поставленных над ними Москвой. Москва считает, по-видимому, себя достаточно обеспеченной преданными ей национальными кадрами в Узбекистане и дала знать, что Файзулла ей больше не нужен, а туркестанцы воспользовались первым случаем тайного

голосования, чтобы отомстить ему за его наступления в начале сентября 1919 года. И Ф. Ходжи - политического, больше не стало» [5], заключает М. Чокаев.

К падению одного из председателей ЦИК Советского Союза Москва отнеслась с безразличием. Не было даже агентской телеграммы.

«Так при гробовом молчании своих «друзей-покровителей», и презрении своих соотечественников, уходит в небытие человек, который, не будь мрачного режима бухарского Эмира, продолжал бы оставаться мирным торговцем, каких в нашем обширном Туркестане сотни тысяч, без всяких претензий на роль «вождя национально-революционного течения», и не будь штыков русской Красной Армии, никогда бы не попал в ряды правителей нашей страны» [6], отмечает М. Чокаев.

Конечно, будучи крупным торговцем, одним из создателей национальной программы «младо-бухарского» движения, Файзулла Ходжа не мог быть ни на сто, ни даже на 50 % коммунистом. Но, попав, как многие другие «мусульмане- коммунисты», под колесо Советской диктатуры, Ф. Ходжа выйти из-под него уже не мог...

### **Акмал Икрамов против Советской власти**

Акмал Икрамов, как и Файзулла Ходжа, был осужден в 1938 году. Процесс «21» и участие в нем двух крупнейших туркестанских советских деятелей особенно занимали Европейское общественное мнение в 20-30-е года. Их показания на суде выдвинули на первый план процесса вопрос о национально-освободительной борьбе в СССР и тайной антисоветской деятельности.

«Акмал Икрамов не принадлежал к числу деятелей дореволюционной национальной интеллигенции, но врос в ее атмосферу и ею дышал» [7]. Свое положение он укрепляет многочисленными выступлениями на съездах партии против «национал-уклонизма» Файзуллы Ходжи и этим утверждает за собой общее мнение преданного борца за идеалы диктатуры пролетариата Туркестана. М. Чокаев отмечает: «...не без удивления читали мы его показания о своей тайной антисоветской деятельности. Мы задавали себе вопрос: возможно ли? И только основываясь на том, что настоящий туркестанец, чувствующий свою кровную связь с народом, туркестанец, хоть отчасти знакомый с национальным идеалом и умеющий разбираться в советской действительности, не может в глубине души примириться с диктатурой русского пролетариата.

Акмал оставаясь в душе антисоветом, внешне проявлял покорность и верность Москве» [8].

Как мы уже отмечали, Сталин не прощал политической критики «мусульман-коммунистов» Советского правительства в Туркестане, одним из которых был Акмал Икрамов, который выступал против политики Советской власти в Туркестане в 1923 году и имел полемику со Сталиным, о которой мы говорили выше. Повторяем, тогда еще ни Сталин, ни ЦК

компартии для ответственных партийных деятелей не являлись неприкосновенными.

И сами они не отказывались признаваться в своих ошибках и просчетах. Сталин так и поступил. « Но он оправдывался тем, что, во-первых, ЦК перегружена и не в состоянии везде поспевать, и, во-вторых, «культура русского народа низка. Об этом все время Ильич кричит, - продолжает оправдываться Сталин, - что культурности у нас нет, что нет возможности в два-три, даже 10 лет переменить существенно русскую культуру» [9].

Мог ли изменить Акмал Икрамов высказанную им в 1923 году точку зрения на советскую политику в Туркестане?

Отвечая на этот вопрос, М. Чокаев пишет следующее: «Конечно нет, ибо он видел (вольно или невольно сам был участником перерождения в нечто еще худшее) колониальную политику Советов в Туркестане. Но высказаться открыто так, как это было в 1923 году, критиковать эту колониальную политику, теперь было совершенно невозможно. «Самокритика» из критики политики и деятельности партий была сведена к критике публичной ругани самого себя. И для людей, недовольных политикой правительства и партий, оставался единственный путь - конспирация. Для Акмала, как и для Ф. Ходжи и многих-многих других туркестанцев, помнящие свое туркестанство, близко или отдельно, хотя бы национальными идеалами страны, путь конспирации приводил непременно и неизбежно к антисоветизму национальному, к «национал-контрреволюции». Вот где объяснение «дела» Акмала и Файзуллы» [10].

### **Санджар Асфендияров - жертва русско-большевистского шовинизма в Туркестане**

Среди жертв русско-большевистского шовинизма в Туркестане наиболее трагична судьба Санджара Асфендиярова. Сын Сейджагфара Асфендиярова, переводчика при туркестанском генерал - губернаторстве в течение продолжительного времени, Санджар - единственный оставшийся в живых из четырех сыновей Сейджагфара. Один из сыновей - ученик Парижской художественной академии, погиб в 1916 году во время восстания. Повстанцы приняли его за правительственного чиновника и убили.

М. Чокаев лично знал и был другом Санджара. Они познакомились в С.- Петербурге, куда Санджар приехал учиться, закончив Ташкентское реальное училище, поступив в Петербургскую военно-медицинскую академию.

«Русское воспитание в семье не убило, в Санджаре чувство туркестанца, и он стремился стать настоящим туркестанцем. Если память мне не изменяет, в 1912 году Санджар уехал в Туркестан, военным врачом. Оттуда его забрали на войну.

Контуженный в голову, во время одного сражения, он попадает в плен к немцам. Его заключают в лагерь для военнопленных в Торне (ныне польский город у германской границы). Однако, узнав, что он туркестанец, немцы его отпустили. Санджар вновь в Туркестане и до самой революции служил военным врачом в Термезе» [11], - пишет в своих воспоминаниях М. Чокаев.

Говоря о политических взглядах Санджара Асфендиярова, М. Чокаев характеризует его как «левого революционера». «В революцию 1917 года Санджар вложился с искренней верой. Он в нее вошел не так как мы, с национальной стороны и с чисто национальной программой, а с левореволюционной стороны, вместе с советами рабочих и солдатских депутатов, в которых он видел настоящих проводников освободительных лозунгов революции. Ни на одном из наших национальных съездов Санджар не участвовал»[12].

Последний раз они встречаются как старые друзья в Коканде, в первых числах января 1918 года, где проходил съезд туркестанских дехкан и рабочих. Съезд признал, как известно, Правительство Автономного Туркестана единственной законной властью в Туркестане и обратился к Центральному Советскому Правительству с телеграфной просьбой «распустить, опирающегося на посторонние Туркестану военные силы, Советское правительство в Ташкенте». М. Чокаев приезжает туда из Оренбурга.

Причины гибели С. Асфендиярова, его трагедию, М. Чокаев объясняет следующим образом. Приведем его оценку полностью.

«...В 1919 году Санджар вступил в большевистскую партию. И надо полагать вошел он туда без всякой задней мысли. Ведь Санджар не состоял ни в «джадихах», ни в «алашордынцах», и, все время революции, варился в «советском соку». Участие на Кокандском съезде было для него лишь случайным эпизодом, оправдывавшимся, к тому же, слишком очевидным безобразиям русских солдат и русских рабочих. Имя Санджар ни разу не было упомянуто среди имен «уклонистов» разных толков. Ни в «иногамовцах», ни в «ходжановцах», ни в «садвакасовцах» его не было. Он принял большевистскую революцию так, как она есть: без критики, как те «национал демократы», без требований.

Оно и понятно, ибо Санджар вышел и пришел к революции не из народа. Те знали народ, его жизнь, его чаяния. Поэтому-то они, придя к революции из народа, предъявляли к ней требования, подчас казавшиеся «контрреволюционными» и вынуждавшие большевиков идти на уступки, иногда оказывавшиеся в резком противоречии с их планами и программой.

Санджар народ не знал, с жизнью его знаком не был. Он знал революцию. Он шел с требованиями от революции к народу. Ему могло казаться и, несомненно, казалось что жизнь и требования народа можно

«вогнать в революцию». И если при этом замечались «неувязки», то тем хуже для народа самого.

Вот почему ни султанское происхождение и ни служба переводчика при генерал-губернаторстве его отца - генерала, не помешали Санджару оставаться все время на самом видном месте Советской иерархии в Туркестане... Последние годы он отдался научной деятельности. К его несчастью он занимался не по своей специальности (медициной) - историей. Он много писал о мусульманстве, и всегда в полном соответствии с требованиями «безбожничества».

Повторяя за русскими миссионерами, Санджар договаривался до чуши, вроде того, что Великий Пророк был лишь агентом зарождавшегося арабского торгового капитала. Писал Санджар по истории развития национально-революционного движения в Туркестане. Нещадно громя старых туркестанских национальных деятелей, обвиняя их во всех смертных грехах, он не мог, однако, отрицать за ними определенной положительной революционной роли. Ведь и до революции 1917 года велась же в Туркестане какая-то противоправительственная работа, была же какая-то национально-революционная акция. И эта работа, и эта акция несколько не была меньше той, за которую русские большевики тысячами убивают туркестанцев.

Но, в «книгу судьбы» Санджара большевиками это было записано, как первое его падение. Санджар вовремя спохватился. Казалось, он сумел исправить допущенные им ошибки. Он бросил заниматься вопросами «актуальной политики» и взялся за писание (2-х томной)

«Истории Казахстана с древнейших времен». Одновременно он редактировал 2-х томный труд «Прошлое Казахстана в источниках и материалах». Редактировал он и «Труды Казахского Научно-исследовательского Института Национальной Культуры» [13]. Но главной ошибкой Санджара, которую не могли простить сталинисты, было, по мнению Мустафы Чокаева, то, что он доказывал: процесс образования казахской нации начинается, примерно, с XVI века. Но по проводимой им схеме не видно, чтобы национальная консолидация, т.е. окончательное оформление в самостоятельную нацию казахов достигло еще своего завершения даже теперь, при диктатуре русского пролетариата... По Сталину требуется ведь, чтобы казахи окончательно сложились в самостоятельную нацию при Советской власти и под руководством русского пролетариата. Иначе ведь пропадает вся «квинтэссенция» межнационального размежевания и большевистской национальной по форме и пролетарской по содержанию антитурецкой политики Туркестане.

Если, как выходит по Санджару, оформления казахов в самостоятельную нацию началось в XVI веке и еще не достиг полноты своего завершения, то в чем же выразится роль большевиков... Что еще надо

для этого «завершения». Очевидно, турецкого объединения внутри Туркестана...

Санджар не усмотрел, не предвидел подобного коварного вопроса и попался.

«Велика трагедия этого человека. Он шел от революции к народу. До народа не дошел и революции, оказывается, не понял. Не усвоил. Он не понял русско- большевистского шовинизма русского Октября. Он пал жертвой этого шовинизма русского большевизма», - отмечает М. Чокаев [14].

В чем вина этих людей? Действительно ли люди типа Ф. Ходжи, А. Икрамова, С. Асфендиярова и многих других, на кого опиралась Советская власть в Туркестане, оказались врагами народа, японо-германскими шпионами и национал сепаратистами? Ведь они все открыли глаза на внешний мир только при Советской власти и благодаря только ей заняли привилегированное положение и стали правителями страны. И чем объяснить, что люди «сталинского воспитания» московской революционной школы частности казахстанские партийцы оказывается действуют по указания М. Чокаева и заграничного центра?

Объяснение этому мы находим в анализе самого Мустафы Чокаева политической ситуации в СССР и причин политических репрессий в 1937-38 годах, где он пишет: «... если допустить хоть небольшую долю соответствия с действительностью в этих обвинениях (а советские газеты ведь хотят, чтобы верили в правдивость и обоснованность этих обвинений), то придется признать провал московской «национальной политики» в Туркестане [15].

Таким образом, Парижские архивы М.Чокаева дают возможность по новому рассматривать исторические и политические процессы советского периода новейшей истории Казахстана. Дают оценку роли, которую сыграл М. Чокаев в национально-освободительном движении Казахстана (1917-1940 гг.) и его деятельности в эмиграции.

И, наконец, важное значение имеют его характеристики политических деятелей Советского Туркестана «мусульман- коммунистов», ставшими, как известно, жертвами и «русского революционного шовинизма».

#### ***Список использованных источников:***

1. Чокаев М. Русско-китайский конфликт. / Мустафа Чокай и большевизм. Сборник статей. / Сост. С.Ж. Сапанов - Алматы, Казак университеті, 2000, стр. 98.
2. М. Чокай и большевизм. Сборник статей / Сост. С.Ж. Сапанов - А., Казак университеті, 2000, стр. 82.
3. Личный архив М. Чокаева. Париж. Папка VI.
4. Там же.
5. Личный архив М. Чокаева. Париж. Папка VII.



6. Там же.
7. Там же.
8. Там же.
9. Там же.
10. Там же.
11. Там же.
12. Там же.
13. Там же.
14. Там же.
15. Личный архив М. Чокаева. Париж. Папка VI.

## **МҰСТАФА ШОҚАЙ - ҰЛТ ТӘУЕЛСІЗДІГІ ҮШІН КҮРЕСКЕН ТҰЛҒА**

**Жусупбекова Б.А.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Мұстафа Шоқайтану» ғылыми-зерттеу орталығының маманы, тарих ғылымдарының магистрі

Алаш Ордадан Тәуелсіз Қазақстанға дейін идеялар бірізділігі Бүгінде елде қоғамның тарихи санасын жандыру бойынша мақсатты жұмыстар жүргізіліп жатыр. Тек өз халқының және еліңнің тарихын білсең ғана, тәуелсіздіктің өткен ғасырында ие болған ерекше құндылықтарды түсіне бастайсың. Елдің бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күресі ешқашан аяқталмағанын қазақ халқының тарихы көрсетеді. XIX және XX ғасырлардың ұлттық зиялылардың өкілдері осы көп ғасырлық күресте маңызды рөлді ойнады.

XX ғасыр басында қазақ халқының өміріне етене араласып, өзінің идеясымен, қайраткерлігімен көзге түсіп, патша саясатына қарсы күрескен, азаматтарымыздың бірі – Мұстафа Шоқай. Оның қайраткерлігі Мемлекеттік думаның Мұсылман фракциясына қатысуы барысында, 1916 жылы ұлт-азаттық көтеріліс, 1917 жылғы Ақпан төңкерісі тұсында танылды. Мұстафа Шоқай Түркістан автономиясын құруда елдің саяси экономикалық жағдайын жақсартып, бүтін және азат Түркістан платформасын құруды қолдаған. Міне, сондықтан Мұстафа Шоқайұлы XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық және әлеуметтік қайта жаңғыру үшін басталған қозғалыстың көш бастаушыларының бірі ретінде қарастырылып келеді. Мұстафа Шоқайдың да саяси қызметінің басты нысаны тәуелсіздік идеясы болатын. Сондықтан ұлы тұлғаның саяси болмысын «Тәуелсіздік» ұғымынсыз түсіну мүмкін емес. Мұстафа Шоқайдың тәуелсіздік санасының қалыптасуы өз заманымен, патшалық Ресейдің отарлық саясатымен тікелей байланысты. Туабітті

әділетті жанның сезімінде ең алғаш өзі өсіп өнген саяси-әлеуметтік орта, елдегі орыс қоныс аударушыларының халықты басынған озбырлық әрекеттері терең із қалдырады. Алаштың басқа жетекшілері сияқты Мұстафа Шоқай да тәуелсіздік идеясына Ресейсіз тікелей жолмен келген жоқ. Мысалы, 1917 жылғы ақпан буржуазиялық-демократиялық революцияның нәтижесінде патшалық монархия тақтан түсуін қызу қолдаған Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлы, және М.Шоқайлардың «Алаш ұланы» атты сүйінші хатта: «Азаттық таңы атты. Тілекке құдай жеткізді. Күні кеше құл едік, енді бұл күн теңелдік. Қам көңілде қаяу арман қалған жоқ. Россия қол астындағы халықтардың бәріне: дін, ұлт, тіл айырмасына қарамай, азаттық әперді» деп жазған болатын [1,297]. Алайда көп ұзамай-ақ Уақытша үкіметтің саяси әрекетін Алаш көсемдері түсініп сонымен қатар Мұстафа Шоқай да өзінің «1917 естеліктерінен үзінділер» деген еңбегінде: «Біз бұл тұста 1917 жылғы революция ұлттық мемлекет құруымызға мүмкіндік береді деп үміттеніп, сеніп едік. Бұл үмітіміз бен сеніміміз ақталмай, алданып қалдық» деп жазады.[2,14]. Шынындан да, большевиктер билік қолға тигеннен кейін «ұлттардың өзін-өзі билеуі туралы» ұрандарынан тез айынып, өз табиғатын шынайы танытқан болатын. Мұстафа Шоқай сөзімен айтқанда, «қызыл сөздерге боялған» мұндай үгіт насихаттың нәтижесі іс жүзінде «орыстың ұлттық рухына негізделген пролетариат диктатурасынан басқа ештеңе де болмай шықты...» [3,51]. 1930 жылы жазылған «Автономиядан-тәуелсіздікке» атты мақаласында Мұстафа Шоқай Түркістан (Қоқан) автономиясы туралы өзінің ойларын былай деп қорытындылаған еді: «Өздерінің балалық дәуірін еске алатын ересек адамдар, бірақ сол дәуірге қайта ораламын деп ойламайтын сияқты біз де саяси өміріміздің балалық дәуірі- Түркістан автономиясын еске аламыз» [3,24]. Осыдан бес жыл кейін жазылған «Он жеті қабат жер астында қалғыр бір жарымсыз қылық жайында» деген мақаласында Мұстафа Шоқай 1917 жылғы төңкерістің бас кезінде Алаш жетекшілерінің барлығы федералист, унитарист тәрізді ағымдардың ықпалында болғандарын, оның орыс демократиясына шамадан тыс сенуден туғандығын ашық айтқан болатын [4,442]. Мұстафаның тәуелсіздік үшін күрес идеясы, халқының азаттық алуы туралы ой-тұжырымдары 20-сыншы жылдардың аяғына қарай айқындалды. 1929 жылы жазылған «Біздің жол» атты мақаласында «Біз Түркістан тәуелсіздігін жақтаушылар, еліміздің еркі үшін және жұртымыз Түркістанның бодандықтан құтылуы үшін күресеміз. Түркістандықтарға бұдан басқа жол жоқ қазір де және бұдан соң да болмайды» деп жазады [6,32]. 1930 жылы жазған «Көтерілістен-ұйымшылдыққа» деген мақаласында өзара байланысы жоқ жергілікті сипаттағы бой көтерулермен большевиктер тепкісінде жатқан атамекенді азат етуге болмайтынын түсініп, күшті бір саяси ұйымға бірігуді алға тартып. Ол ұйым «Түркістан ұлттық бірлігі» болды. Бұл ұйымның мақсаты ұлттық, тәуелсіз Түркістан мемлекетін құру болып табылады. Тәуелсіздік жылдары халқымыздың қолы неге жетті дегенде ең бірінші

еліміздегі әлеуметтік тұтастық пен ұлтаралық түсіністік оралды. Ел ішіндегі бірлігіміз бен ынтымақтығымызды арттыра түсу бүгінгі Қазақстан жағдайында айрықша мәнді болып отыр. «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияда» Республикада тұратын халықтарды топтастыру мен олардың достығын нығайтуды бірінші дәрежелі міндет деп көрсетілгендей, халқымыздың бірлігі, көп этносты Қазақстанның ынтымағы бүгін күнделікті мемлекетіміздің және де Елбасымыздың сара саясаты болып отыр.

Ұлттық тәуелсіздіктің бірден-бір жалынды жаршысы және тамаша ұлттық идеялардың иесі, сол идея үшін бас тіккен тұлға Мұстафа Шоқай еліне деген шексіз сағынышын баса алмай жат жерді мәңгілік мекен етті. Алайда ұлы тұлғаның асқақ арманы орындалды. Тәуелсіздікке жетіп жаңа ұрпақ тәрбиелеп жатқан халқы бар.

Кезінде ел ішіндегі бірлік пен ынтымақты нағыз тәуелсіздік пен азаттыққа апаратын деп білген Мұстафа Шоқайдың асыл арманы орындалып қазіргі таңда еліміз Қазақстанымыз даму үстінде. «Тәуелсіздік идеясы» бұл ұлттың мүддесіне тікелей қатысты ұғым. Мінекей армандап қиыншылықтармен қол жеткізген Тәуелсіздігіміздің бүгінде 27 жылдығы тойлануда қазіргі ұрпақтар бейбітшілік ұрпақтары десекте болады.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. М.Шоқай. Таңдамалы.Том-1,2,3., Алматы, «Қайнар», 1998ж.
2. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: он екі томдық, 4 том.- Алматы: Дайк-Пресс, 2013.-572 бет.
3. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: он екі томдық, 2 том.- Алматы: Дайк-Пресс, 2013.-640 бет.
4. Қара Ә. Мұстафа Шоқай Өмірі Күресі шығармашылығы. Алматы, 2004ж, 263-273бб.
5. К.Л. Есмағамбетов, “Әлем таныған тұлға” «Дайк-Пресс» 2009 ж.
6. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: он екі томдық, 5 том.- Алматы: Дайк-Пресс, 2013.-540 бет.

## **М.ШОҚАЙ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ: КЕШЕ ЖӘНЕ БҮГІН**

**Баймаханова Ш.Ү.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Шетел тілдері және аударма» кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі

Саналы ғұмырының соңғы сәтіне дейін Түркі бірлігі, Түркістан халықтарының тәуелсіздігі үшін күрескен ұлы тұлға Мұстафа Шоқай идеялары күні бүгінге дейін маңызын жоймаған мәселе екендігі айқын. Алаш жетекшілері мен Шоқай арасында елеулі көзқарас айырмашылықтары болған автономия және тәуелсіздік мәселесіне көңіл аударсақ, Алаш жетекшілері автономияны, Шоқайдың тәуелсіздікті жақтағаны рас болатын. Бірақ Шоқайдың да бастапқыда автономияшыл болғанын ескерген ләзім. Ол Еуропада алғашқы жылдары орыс демократтарымен тізе қоса отырып, Ресей Федерациясы құрамында автономиялық ұлттық саяси құқықтар үшін күрес жүргізді. Тіпті бұл үшін сан рет жолдасы Зәки Уәлидидің ащы сынына душар болды. Кейінгі тәжірибелер автономиялық құқықтармен ел мүддесінің көсегесінің көгермейтінін байқатты да, Шоқай 1927 жылдан бастап тәуелсіздік идеясын ту етіп көтере бастады. Демек Шоқайдың тәуелсіздік идеясы, Алаш Орда жетекшілерінің автономия пікірінен алшақ емес, қайта оны өз басынан өткен тәжірибелер негізінде дамытты деуге лайық. Осындай жағдайды ескере отырып, Мұстафа Шоқайды Алаш қозғалысының соңғы жетекшісі деп айтуға болады. Ол өзінің саяси ұстаздары, Алаш қозғалысының құрылтайшы жетекшілері большевиктердің қысымына тап болып түрмелерге қамалып, кейін атылып кеткеннен соң, Алаш туын шетелдерде көтерді. Сонымен қатар Түркістан автономиясына да Алаш қозғалысының бір тармағы деп қарау керек. Өйткені Ташкент және Қоқандағы саяси іс-қимылдарға Шоқай өзінің жеке инициативасымен емес, қайта Бөкейхановтардың нұсқауы бойынша араласып атсалысты. Өйткені ол кезде қазақтар Түркістан деп атаған әкімшілік аймақтағы облыстарда қазақтардың жартысынан астамы өмір сүретін. Демек бұл қазақтардың құқығын қорғау да – Алаш мұраты. Сонымен қатар Алаш қозғалысы мүшелерінің бұл саяси құрылымда басты рөл атқарғандығын да ескергеніміз жөн. Оның бірінші президенті Мұхаметжан Тынышбаев - белгілі Алаш қайраткері. Ал кейін оның орнына сайланған екінші және соңғы президенті - Алаш қайраткері Мұстафа Шоқай. Міне осындай жағдайда Түркістан автономиясын қалайша Алаш қозғалысынан тәуелсіз, бөлек әрекет деп айта аламыз? Бәлкім, оны Алаш Орда үкіметінен тәуелсіз саяси құрылым деп бағалауымыз мүмкін. Олай болса, Алаш қозғалысының ауқымы Алаш Орда үкіметінен әлдеқайда кең және ауқымды. Сонымен оның екі саяси құрылымы бар деп айта аламыз. Атап айтқанда біреуі Алаш Орда үкіметі болса, екіншісі Түркістан үкіметі. Мәселеге осылайша қараудан ұтылатын

жеріміз жоқ, қайта ұтарымыз көп. Бұл жағдай қазақ саяси ой және философия тарихының ауқымын кеңейтіп, тереңдете түседі. Мұстафа Шоқайсыз, Түркістан Автономиясынсыз Алаш қозғалысының тарихы толық болмай қалады. Оның мәні толық ашылмайды. Сондықтан Мұстафа Шоқайдың іс-қимылдарына Алаш қозғалысының заңды жалғасы деп қараған жөн.

Ол 1915 жылы түркі-мұсылман халықтарының азаттық қозғалысына іріткі салу мақсатында орталық билік орындары құрған «Сират-ул-мустақим» («Тура жол») партиясына алғаш қарсылық танытқандар қатарында болып, студент жастар тобымен бірлесе отырып, зиялы қауым өкілдеріне «Сират-ул-мустақим» партиясын қолдамау жөнінде үндеу тастады. Бұл үндеу сол кезде татар тілінде жарық көріп тұрған «Сөз» газетінде жарияланды. 1916 жылы Ә.Бөкейхановтың ұсынысымен Мемлекеттік Думадағы Мұсылман фракциясы жанындағы бюроға мүше болып, онда хатшылық қызмет атқарды. Түркістандағы көтерілістің себеп-салдарын тексеруге Мемлекеттік Дума Ташкентке арнайы комиссия аттандырғанда, оның құрамында депутаттар А.Керенский, Тевкелевтермен бірге Мұсылман фракциясы жанындағы бюро мүшелері Ш.Мұхамедияров пен Мұстафа Шоқай болды.

Жергілікті халықтың жағдайымен терең танысу мақсатында Мұстафа Шоқай Ташкентпен ғана шектелмей, Самарқанд пен Әндіжанда болып, жергілікті жағдаймен танысты. Петроградқа оралғаннан кейін өзі жинаған материалдар негізінде 1916 жылғы көтеріліс кезінде билік орындарының Түркістан халқын аяусыз қуғын-сүргінге ұшыратқаны туралы Мемлекеттік Думада Мұсылман фракциясы атынан жасалатын мәлімдеме мәтінін әзірледі. 1917 жылы Ақпан революциясы нәтижесінде патша өкіметінің құлауын зор қуанышпен қарсы алып, қалыптасқан саяси ахуал Ресей империясында ұлттық езгінің тауқыметін тартқан түркі-мұсылман халықтарының бостандыққа жетуіне мүмкіндіктер туғызады деп үміттенді.

1917 жылы сәуірдің 16-21-і аралығында Ташкентте өткен Түркістан өлкесі мұсылмандарының 1-ші съезіне қатысып, оның төралқасына мүше болып сайланды. «Бірлік туы» газетінің негізін қалап, оның алғашқы редакторы болды. Түркістан өлкесі жергілікті халқының мүддесін қорғауды мақсат еткен қоғамдық-саяси ұйымдардың қызметін үйлестіру үшін құрылған «Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесіне» төрағалық етті. Бірінші жалпықазақ съезіне қатысып, Бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды.

1917 жылы Қазан төңкерісінен кейін Ташкенттегі жұмысшы-солдат депутаттар кеңесі жергілікті халықтың өзін-өзі басқару құқығын мойындаудан бас тартып, қарашаның 15-22-інде өткен кеңестердің 3-ші съезі қабылдаған «өлкедегі барлық билік еуропалық нәсіл өкілдерінен құралған Түркістан Халық комиссарлар кеңесіне көшеді» деген қаулысын Мұстафа Шоқай нағыз әділетсіздік деп бағалады. Ұлттық қоғамдық-саяси

ұйымдарды кеңестердің қырына алуына байланысты Мұстафа Шоқай жетекшілік еткен «Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесі» Ташкенттен Қоқанға көшіп, онда өлке мұсылмандарының төтенше съезін тез арада өткізу ісін қолға алды.

1917 жылы қарашаның 28-інде өткен Түркістан өлкесі мұсылмандарының төтенше 4-ші съезінің төралқасына басшылық етті. Осы съезд шешімімен құрылған Түркістан (Қоқан) автономиясының 54 адамнан тұратын Уақытша Халық Кеңесі құрамына сайланды және жаңа Уақытша үкіметтің Сыртқы істер министрі болды. Уақытша үкіметінің төрағасы М.Тынышбаев қызметінен кеткеннен кейін оның орнына Мұстафа Шоқай сайланды.

Ол сондай-ақ 1917 жылы желтоқсанда Екінші жалпықазақ съезіне қатысып, Алашорда құрамына сайланды. Съезд аяқталғаннан кейін Мұстафа Шоқай біртұтас автономия құру мәселесін қарау үшін Сырдария қазақтарының құрылтайын шақыру туралы тиісті қайраткерлерге жеделхат жолдады. Онда: «Сырдария халқына өз тарапымнан айтарым, тегінде Алаш баласының басы қосылатын кезі осы бүгін. Айрылсақ, мұнан соң жұрттың басын қосуымыз қиын. Алаш ұранына шаппайтын қазақ баласы болмас. Сырдария қазағы кешікпей Алаш туының астына жиналар деген үміттеміз» - делінген еді.

Мұстафа Шоқайдың Сырдария өңірі қазақтарын Алаш автономиясына қосу жолындағы әрекеті нәтижесіз болған жоқ. 1918 жылдың бас кезінде өткен Сырдария облысы қазақтарының съезі «Алашорда өз алдына автономия жариялап, Түркістан (Қоқан) автономиясымен одақ болса, Сырдария қазақтары Түркістан автономиясынан шығып, Алаш автономиясына кіреді» деген қаулы қабылдады.

Ал Бөкейханов Түркістан мен Алашорда өкіметтері бірлесе қалған жағдайда, биліктің ескішіл күштердің қолына өтуінен сескенетін. Өйткені, Ташкентке барып, жұмыстарына қатыса алмаса да, Түркістан Комитетінің бір мүшесі ретінде Ташкенттегі ескішілдердің Шоқай жетекшілігінде саяси ұйым, Ұлттық Орталықтың саяси іс-қимылдарына кедергі келтіруге дейін барған, әсіре діни фанатизмдері туралы құлағдар еді. Қазан айында Семейде сөйлеген сөзінде Бөкейханов ескішілдердің діни фанатизмдерін тілге тиек етіп, олардың Ташкент қалалық басқарма мәжілісінде оба ауруының Алланың ісі екендігін айтып, оған қарсы шаралар қолдануды күнә санап, қарсы шыққандықтарын айтты [1]. Сондықтан Бөкейханов, Дулатовтың Кеңес дәуірінде ОГПУ-ге берген жауабында да айтқанындай, Түркістанда ескішілдердің діни фанатизмі саяси жұмыстарды ойдағыдай жүргізуге кедергі болады деген пікірде еді [2].

Қоқан қаласын большевиктер жаулап алып, Түркістан (Қоқан) автономиясын құлатуына байланысты Мұстафа Шоқай шетелге эмиграцияға кетуге мәжбүр болды. 1918 жылы мамырда зайыбы Мария Горина Шоқаймен бірге Ақтөбеге, одан Екатеринбургке жетті. Онда кеңестік

билікке қарсы оппозиция күштермен байланыс орнатып, большевиктер үстемдігіне қарсы күрес жүргізудің жолдарын қарастырды. Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының Самарадағы комитеті мәжілістеріне қатысты. Осы комитеттің ұйымдастыруымен 1918 жылы қыркүйекте Челябинскіде шақырылған съезге қатыспақ болып барғанында өзге делегаттармен бірге Колчак әскерлері тарапынан тұтқынға алынды. Сәті түсіп, тұтқыннан босап шыққан соң 1919 жылы көктемде Маңғыстау арқылы Бакуге, одан Тбилисиге келді. Мұстафа Шоқай онда 1921 жылғы ақпанның 25-іне дейін болып, осетиндік белгілі қайраткер А.Цалыковтың редакторлығымен шығатын «Вольный горец» және Грузия меньшевиктерінің «Борьба» газеттерінде істеді. 1920 жылы Тбилисиде украиндықтармен бірлесе отырып «На рубеже» журналын шығаруды жолға қойып, оның редакторы қызметін атқарды. Сонымен бірге ол «Шафақ» («Таңсәрі») газетіне бас редактор болды.

Тбилиси қаласы Кеңес өкіметінің қолына өткен соң Мұстафа Шоқай зайыбымен бірге Түркияда біраз аялдап, соңынан Францияға ауысты. Шетелдік эмиграция жылдарында көптеген қиыншылықтарды жеңе отырып, ол кең ауқымды, терең мазмұнды саяси күрес жүргізді. А.Керенскийдің «Дни» және П.Миллюковтың «Последние новости» газеттерінде қызмет етті. 1927 жылдан Зәки Уәлиди Тоғанның редакторлығымен Парижде шығып тұрған «Иени Түркістан» журналына атсалысып, «Туркестан милли бирлиги» («Түркістан ұлттық бірлігі») ұйымына жетекшілік етті.

Эмиграцияда жүрген түркі-мұсылман халықтарының Ә.Топчибашев және Г.Исхаки секілді өкілдерімен жиі араласып, пікірлес болды. Оларды Ресейдегі түркі-мұсылман халықтарын азаттыққа жеткізуде күш біріктіре әрекет етуге үндеді. 1929 жылдан «Яш Туркестан» («Жас Түркістан») журналын шығаруды қолға алды. Бұл журналдың алдына қойған міндетін Мұстафа Шоқай: «Егер біз халқымыздың ұлттық тәуелсіздік жолындағы талаптарының мән-мағынасын сол күйінде әлсіретпей «Яш Туркестан» беттерінде бере алсақ, онда бәріміз үшін қасиетті және аса ауыр жауапкершілік артқан міндеттердің бір бөлігін өтеген болар едік», - деп сипаттады.

Ол «Яш Туркестанда» Түркістан халқының мәдениеті, кеңестік биліктің бұл өлкедегі саясаты және 2-ші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы халықаралық қатынастар, т.б. тақырыптағы қоғамдық-саяси мәні өткір зерттеу мақалаларын жариялады. Оның атсалысуымен жарық көрген басылымдарда тек Түркістан өлкесі ғана емес, Әзірбайжан, Солтүстік Кавказ, Еділ-Жайық бойы, Қырым халықтары жөнінде қоғамдық-саяси мәні бар материалдар басылып тұрды.

Мұстафа Шоқай Орталық Азия кеңістігінде ұлттық-аумақтық межелеу негізінде бірнеше кеңестік республикалардың өмірге келуін құптаған жоқ. Ол большевиктер бұл өлкеде бөле отырып билеу саясатын ұстанып отыр деп түсінді. Ал республикаларды «ұлттық» емес, «ұлыстық» республикалар

ретінде қабылдады. Түркістанда кеңестік биліктің орнауы және оның қызметі, іске асырылған жер-су реформасы, мемлекеттік мекемелерді жергіліктендіру, байлар меншігін тәркілеу, көшпелілерді отырықшы тұрмысқа көшіру, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру мәселелерін талдауда нақтылы мәліметтерге жүгіне отырып, тоталитарлық жүйені сынға алды және оның солақай саясатын әлем жұртшылығына паш етті.

Кеңес өкіметі басшылығына Мұстафа Шоқай сыны өте жайсыз тиді. Сондықтан да кеңес өкіметінің үгіт-насихаты Мұстафа Шоқай сынына қарсы мақсатты түрде жұмыс істей бастады, ал бұл істің басында И.Сталиннің өзі тұрды. Мұстафа Шоқайдың еңбектерінде фактілік материал ретінде пайдаланылған түркістандық қазақ және орыс тіліндегі басылымдарды кеңестік билік орындары қатаң бақылауға алды. 1925 жылы мамырдың 29-ында И.Сталин РК(б)П Қазақ өлкелік комитетіне жолдаған хатында «Ақ жол» мен ақ гвардияшыл эмигрант Мұстафа Шоқай арасында идеялық бірліктің байқалатындығын жазды. Мұстафа Шоқай қайда және қандай ауыр жағдайда жүрсе де бүкіл түркі-мұсылман халықтарының қамқоршысы болуға тырысты.

Түркі халықтарының бірігуін, тек түркістанның ғана емес, түбі тір түркі жұртының азаттығын аңсап-армандаған міллетшіл тұлғаның көкsegені оның публицистикалық мақалаларында, түрлі жиындар мен басқосуларда сөйлеген сөздерінде айқын аңғарылатын. «Біздің мақсатымыз – жалғыз Түркістанның ғана емес, -деп жазды М.Шоқай, - бүтін түркі халқының дос болып, өзара бірлік, пірадарлықпен жасап, сыртқы дұшпандарға қарсы өзінің толықтығын білдіріп қою»[3, 64б.].

Ұлт мұратын маңызды да басты мәселе етіп ұстаған ұлы тұлға Тұтас Түркістан идеясын мәңгілік мақсат етіп, түркі халықтарының басын біріктіруді ұрпағына аманат етті. Қазіргі таңдағы ТҮРІКСОЙ, Халықаралық Түркі Академиясы сияқты ұйымдарда М.Шоқайдың асқақ армандары орындалып жатыр.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

- 1.Нүрпейісов К. «Алаш һәм Алашорда». Алматы, «Ататек», 1995, 9-14- бет.
- 2.Қойгелдиев М. «Алаш қозғалысы. Алматы: Санат, 1995, 339-340 бет.
- 3.Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры. – Алматы: «Жалын»,1992



## **ТҮРКІ БІРЛІГІН ТУ ЕТКЕН ТҮЛҒА**

**Баймаханова Ш.Ү.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Шетел тілдері және аударма» кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі

**Аубакирова Қ.Қ.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Шетел тілдері және аударма» кафедрасының аға оқытушысы, PhD

Түрік әлемін зерттеуші ғалымдардың ізденіс іздеріне үңілгенде жалпы Түркі елі өмір сүрген жылдар ішінде төрт кезеңді бастан кешіргенін көруге болады. Бірінші кезең - Түркі қағандығы мезгілі (551-630 жылдар). Бұл кезде ол аса үлкен империяға айналған. 630 - 679 жылдар аралығы бұл кезеңнің құлдырауы болып, Шығыс түріктері қытайлардан жеңіліп 50 жыл бостандығынан айрылған.

Екінші кезең - 679-744 жылдар аралығындағы Құтлықтың (Елтеріс) бастауымен қайта бас көтеру мезгілі. Бұл кезеңнің желісі 679 -683 жылдары Шығыс түркі қағандығының жерін қытайлардан азат ету болды.

Үшінші кезең - экономикалық-саяси, мәдени өрлеуі X-VII ғасырлардағы қарахандықтар кезінде болды. Қарахан мемлекеті түркі тайпаларының мемлекеттік бірлігін барынша нығайта түсті.

Төртінші кезең - Моңғол империясының құрылу кезеңінен басталады. Шыңғысхан және оның мұрагерлері Орталық Азияда түркілер мекендеген аймақтарды жаулап алғанымен, оларды құртудың орнына, өздері «жергілікті халықтың телегейіне шөгіп, сіңісіп кетті». Орыстардың Ақ орда ханы Тоқтамыспен одақтасып, 1380 жылы Алтын Орда ханы Мамайды жеңіп, 1389 жылы Темірдің Алтын орда ханы Тоқтамысты талқандаумен бұл кезеңнің де баяны ұзақ болмады.

Тарих бір мезет Түркі елінің байтақ даласын орыс және қытай елдерінің отарына айналдырып тынды. Кеңес одағы сынды алып держава құлағаннан кейін ғана түркі дүниесіндегі көптеген елдер өз алдына шаңырақ көтеріп дербес ел болды.

Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Қарақалпақстан, Өзбекстан, Түркіменстан түркілері Батыс Түркістан аталса, Шынжаң жері - Шығыс Түркістан аталды.

Ал, Түркістан атауының ресми қалыптасуына келсек, «Жұңго Шынжаңның тарихы және қазіргі жағдайы» деген кітапта былайша түсіндіріледі: «Түркістан деген сөз жағрапиялық атау, ол «Түркілер мекені» деген ұғымды білдіреді. Бұл Түрік қағаны жойылғаннан кейін ішінара жағрапиялық шығармаларда қолданылған ұғым. Жаңа эраның IX ғасырының XI ғасырына дейінгі аралықта, арабтардың жағрапиялық шығармаларында

орта Азиядағы Сырдарияның солтүстігіндегі Бенгалдың шығысындағы өңірлер Түркістан деп аталды[1, 244б.].

«Түркістан» деген жағрапиялық атаудың қайтадан аталуы ІХ ғасырдың бас шенінде капиталистік белді елдердің, Орта Азия өңіріндегі отар жерлерінің іргесін кеңейтуінің туындысы еді. 1805 жылы ресейлік Жимоковский елшілер үйірмесінің елшілігіне аттану баяндамасында Орта Азиядағы аудандарды және Қытайдағы Шыңжаңның оңтүстігіндегі Тарым ойпатын «Түркістан» деп атады. Осы жердегі тарих, тіл, әдет- ғұрып жағынан айырмашылықтарды және саяси жағынан ұқсастығын ескеріліп, Тарым ойпатын «Шығыс Түркістан» немесе «Қытай Түркістаны» деп атады. ІХ ғасырдың орта шенінде Ресей Орта Азиядағы Шиова, Бұқара, Хаухан хандықтарын қосып алып, Орта Азиядағы өзен районында «Түркістан бес әміршілігі районын» құрды. Сонымен батыс елдегі кейбір тарих, жағрапия мамандары Орта Азиядағы Өзен районын «Ресей Түркістаны» немесе «Батыс Түркістан» деп, Қытайдағы Шыңжаңның Оңтүстігіндегі Тарым ойпатын «Қытай Түркістаны» немесе «Шығыс Түркістан» - деп атады»[2].

Түркі халықтарын зерттеу империялық идеялардың шектеуіне ұшырап келсе де, көптеген ғалымдардың бұл тақырыпты арнайы соғып өткені белгілі.

Кеңес өкіметі жылдарындағы түркілердің тарихы туралы жазылған құнды еңбектер: Толстовтың «Древний Хорезм» (1948) атты зерттеуі, Л.Гумилевтің «Древние Тюрки» (1967), «Поиски вымышленного царства» (1970) және «Хунны в Китае» (1974) деген күрделі зерттеулері түркі тайпаларының ғасырлар бойғы даму ерекшеліктері, этнос ретінде қалыптасу кезеңдері мен мемлекеті туралы сыр шертеді. Л.Гумилев «Хунны в Китае» деген еңбегінде ерте замандарда Қазақстан, Алтай және Орта Азия жерлерін мекендеген басты тайпа - хундардың түркі қағанатына қатысы туралы жазды.

Академик В.В.Бартольдтың Орта Азия өлкесін мекендеген тайпалардың тарихы жөніндегі еңбектерінің ғылыми маңызы зор. Ол бұл еңбектерінде араб, парсы және жергілікті тарихшылардың аса құнды еңбектерін пайдаланған. Бартольдтың «Моңғол кезеңіне дейінгі Түркістандағы христиандық туралы», «Жетісу тарихының очерктері», «Моңғол шапқыншылығы кезеңіндегі Түркістан» т.б. еңбектері күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ.

Десе де, орыс және қытай империялары ежелден-ақ түркі дүниесіне жаугершілік санамен үрке қарап келді. Саясатқа бағынышты болған ғалымдардың да көп жағдайда сыңар жақтылы ізденіс жасауына тура келді.

Отаршыл Ресей үкіметінің ең қауіпті, ең қасіретті қылмысының бірі - Орта Азия мен Қазақстан, жалпы түркі халықтарының ұлттық санасын құлдануға күш салу еді. 1881 жылы Түркістан әскери округінің комендантының көмекшісі, патша генералы Мациевский Ташкентте жұмысқа кірісе бастаған Шығыстану қоғамының мүшелеріне былай деп хат

жолдайды: «Шығыстану қоғамының міндеті Шығысты зерттеу емес, Шығыс халқын орыстандыру». Патшаның саясаткер ғалымдары орыстандыруды тоқтаусыз жүргізу үшін саяси-ғылыми айналымға «панисламизм», «пантүркизм» деген терминдерді енгізсе, Кеңес үкіметі жылдарында жергілікті халықты ата тарихынан, ата дәстүрінен, ана тілінен, ұстанған дінінен безіндіру үшін неше түрлі құйтырқы теорияны жан-жақты жетілдірді.

Көрнекті түрік ойшылы, философ және ақын Зия Көкалып (1876-1924) бүкіл Түрік дүниесі мәдениеті тарихындағы ең көрнекті ойшылдардың бірі, Түркиядағы нөмірі бірінші түрікшіл тұлға болған. Ол - түрікшілдік философиясын арнайы бағдарлама аясында айқындап берген, ұлттық әдебиет ағымының дамуына үлкен еңбек сіңірген ірі қайраткер.

Түрікшілдік туралы сөз болғанда ол: «Түрікшілдіктің біздің елімізде пайда болуынан бұрын Еуропада түріктерге байланысты екі қозғалыс бой көтерді. Бұлардың біріншісі - француз тілінде «Turquere» деп аталған «Түрікті жақсы көрушілік», яғни түрікке деген тамсанушылық... Еуропада пайда болған екінші ағым «Түркология» деп аталады. Ресейде, Алманияда, Мажарстанда, Данияда, Францияда, Англияда көптеген ғалымдар көне түріктер, ғұндар, монғолдар туралы тарихи және археологиялық зерттеулер жүргізе бастады. Түріктердің өте көне ұлт екендігін, кең аймаққа тарайтынын және түрлі кезеңдерде бүкіл әлемге үстемдік еткен жиһангер мемлекеттер мен биік өркениеттер құрғанын алға тартады - дей келіп, сол кездегі түрікшілдерден Мырза Фатали Ахунзаде және Исмайыл Ғаспыралылардың атын атайды. Әрі Грек соғысы (1897 ж.) басталған кезде түрік ақыны Мехмет Емин бейдің (Юрдақұл): «Мен Түрікпін, дінім, тегім - ұлы-дүр» - деген өлеңін тілге тиек етеді. «Түрікшілдік түрік ұлтын биіктету деген сөз...» деп түсіндіреді [3,10].

Кеңес Үкіметі кезінде түрікшілдік идеясын ту етіп көтергені үшін халық жауы атанып, қуғынға ұшырап, XX ғасыр аяғында есімі ақталып, халқына оралған Алаш қайраткерлерінің бірі - Мұстафа Шоқай. Қазақ тарихында Мұстафа Шоқайдың аты саяси қайраткер, түркі халықтарының біртұтас идеясының авторы және сол үшін күресуші ретінде қалды.

Мұстафа студенттік жылдарында да, саяси қызметке араласқан жылдарында да ешбір партияға мүше емес еді. Социализмнің титтей қоспасы жоқ демократ болатын. Өз Отаны мен халқын жанындай жақсы көретін және халқының келешегі мен тыныштығы үшін еш аянбайтын. Саясатшылардың арасында соғысты жақтайтындар да, бейбітшілікті жақтайтындар да бар. Мұстафа Шоқай бейбітшілікті жақтаушы ұлтжанды саясаткер еді. Оның мінезі өте жұмсақ және нәзік болатын. Ол көпшілікті басқару үшін саясат адамының тез шешімге келе алатын, қатал мінезді болуы керектігін білетін. Ешқашан өз мінезін түзеуден және оқудан жалыққан емес. Ол Мұстафа Кемалға таңғалатын, биік санайтын. Түркістан үшін осындай реформашы болса деп тілейтін. Оның шовинистерге немесе

басқа ұлт өкіліне титтей дұшпандық ойы болмаушы еді. Түрлі саяси көзқарастағы адамдарды және олармен пікір таластырғанды ұнататын. Өте сабырлы болып, қарсыласының пікіріне құрмет көрсететін. Ең үлкен кемшілігі - оның сенгіштігі еді, осы тез иланғыштығының кесірінен үлкен қиындықтарға да ұшыраған. Мұстафа тар ауқымды ұлтшылдықтың дұшпаны еді. Ол бүкіл Түркістан ұлттарының бірігуі жолындағы күрескер еді. Орыстар да оны осылай танитын. Орыс ұлтшылдары орыс империясының ішінде Түркістан мен өзге орыс емес халықтарды мойындағысы келмейтін. Орыс демократиясының бұл принципі Мұстафаның намысына тиетін еді. Осы себепті ол 1923 жылы орыс демократиясынан мүлдем теріс айналып, орыс баспасөзінен де қол үзді [4].

Көпшілікке белгілі жәйт, Шоқай Петербург университетінде студент кезінен бастап Алаш Орда жетекшісі Бөкейхановпен тығыз байланыста болды. Тіпті Шоқайды саясатқа баулыған Бөкейхановтың өзі десек қателеспеспіз. Демек Шоқай Алаш қозғалысының рухы болып есептелетін Бөкейхановтың саяси шәкірті. Оған қоса Ташкенде, Қоқанда Түркістан автономиясының ішінде жүргеннің өзінде Бөкейхановпен байланыста болып жүрді. Олай болса, Шоқай шетелдерге шыққаннан кейін Алаш идеяларын ұстанбай жүре ала ма? Ол заңды түрде Алаш мақсаттарын орындап жүрді. Тіпті оның мақсат-мүдделерін одан әрі дамытты десек артық айтқандық бола қоймас. Бұл тұрғыда Шоқай, Алаш қозғалысының жалғасы деген пікірге қосылмайтындардың мынадай пікірлерді алға тартуы мүмкін. «Шоқайдың Еуропа елдерінде ұстанған басты екі мақсаты бар еді. Біріншісі - тәуелсіздік, екіншісі - бір тұтас Түркістан идеясы, яғни Түркістан одағы.

Ол «Яш Түркістанда» Түркістан халқының мәдениеті, кеңестік биліктің бұл өлкедегі саясаты және 2-ші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы халықаралық қатынастар, т.б. тақырыптағы қоғамдық-саяси мәні өткір зерттеу мақалаларын жариялады. Оның атсалысуымен жарық көрген басылымдарда тек Түркістан өлкесі ғана емес, Әзірбайжан, Солтүстік Кавказ, Еділ-Жайық бойы, Қырым халықтары жөнінде қоғамдық-саяси мәні бар материалдар басылып тұрды.

Мұстафа Шоқай Орталық Азия кеңістігінде ұлттық-аумақтық межелеу негізінде бірнеше кеңестік республикалардың өмірге келуін құптаған жоқ. Ол большевиктер бұл өлкеде бөле отырып билеу саясатын ұстанып отыр деп түсінді. Ал республикаларды «ұлттық» емес, «ұлыстық» республикалар ретінде қабылдады. Түркістанда кеңестік биліктің орнауы және оның қызметі, іске асырылған жер-су реформасы, мемлекеттік мекемелерді жергіліктендіру, байлар меншігін тәркілеу, көшпелілерді отырықшы тұрмысқа көшіру, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру мәселелерін талдауда нақтылы мәліметтерге жүгіне отырып, тоталитарлық жүйені сынға алды және оның солақай саясатын әлем жұртшылығына паш етті.

Кеңес өкіметі басшылығына Мұстафа Шоқай сыны өте жайсыз тиді. Сондықтан да кеңес өкіметінің үгіт-насихаты Мұстафа Шоқай сынына

қарсы мақсатты түрде жұмыс істей бастады, ал бұл істің басында И.Сталиннің өзі тұрды. Мұстафа Шоқайдың еңбектерінде фактілік материал ретінде пайдаланылған түркістандық қазақ және орыс тіліндегі басылымдарды кеңестік билік орындары қатаң бақылауға алды. 1925 жылы мамырдың 29-ында И.Сталин РК(б)П Қазақ өлкелік комитетіне жолдаған хатында «Ақ жол» мен ақ гвардияшыл эмигрант Мұстафа Шоқай арасында идеялық бірліктің байқалатындығын жазды. Мұстафа Шоқай қайда және қандай ауыр жағдайда жүрсе де бүкіл түркі-мұсылман халықтарының қамқоршысы болуға тырысты.

М.Шоқай түркі-мұсылман халықтарын «Батыс Түркістан», «Шығыс Түркістан» немесе «Орыс Түркістаны», «Қытай Түркістаны» деп бөле қарауға қарсылық танытты. «Тұтас Түркістан» идеясын, түркі халықтарының бірлікте болуын насихаттады. Ұлттық езгідегі түркі-мұсылман халықтарының азаттыққа қол жеткізуі мен өзіндік құндылықтарын сақтап қалуы олардың өзара ынтымақтастығы мен бірлігіне байланысты екендігін дәріптеді. Эмиграциядағы түркі-мұсылман қайраткерлері арасындағы ұлттық мүддені жалпы түркілік мүддеден жоғары қоюшылармен қызу пікірталасқа түсті.

Мұстафа Шоқай Түркістандағы кеңестік биліктің отаршылдық сипатын алғаш таныған және онымен күресуге бүкіл ғұмырын арнаған, түркі халықтары тарихында жаңа интеллектуалды көкжиекке көтерілген қайраткер болды.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Жұңго Шынжаңның тарихы және қазіргі жағдайы. Үрімжі, «Шынжаң халық баспасы», 2006 ж.

2. Аманжолов К.Р. «Түркі халықтарының тарихы», Алматы, «Білім» 2005 1- том.

3. Көкалып З., Түрікшілдіктің негіздері Алматы, «Мерей» 2006 130 бет.

4. Қойгелдиев М. «Алаш қозғалысы. Алматы: Санат, 1995

## **МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ҮШІН КҮРЕСІ**

**Тайман С.Т.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Мұстафа Шоқайтану» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

**Шарапова Қ.Ә.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің магистранты

Тарихтан белгілі XIX ғасырдың аяғына қарай Ресей Қазақстанды толығымен билеп, өз отарына айналдыру процесі аяқталған болатын. Өз елінде, өз жерінде қазақ халқы өз билігінен айырылып Ресей патшалығының

боданына айналған еді. Мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан өмір салтына, тілі мен дініне айтарлықтай нұқсан келіп, орыс миссионерлерінің ішінара терең де жан-жақты ойластырылған орыстандыру саясатына төтеп берер мүмкіндігі қалмағандай жағдайға жеткен болатын. Отаршылдық саясатқа қарсы дүмпүлер Қазақстанның әр жерінде орын алып, көтерілістер қ басталғанымен қатаң әскери күшпен басылып жатты [1].

Қазақ зиялылары ақын-жыраулары, ойы озық, ақылы кең даналары осы саяси қиын-қыстау жағдайынан шығу жолын іздестіріп бірі оны таппай қиналса, енді бірі күреске, бостандыққа шақырды. Сол күрескерлердің ішінен ерекше атын атап өтуге болатын тұлға Мұстафа Шоқай.

Мұстафа Шоқайды зерттеу бағытында жүргізілген ғылыми жұмыстар көп болса да, тұлға туралы екі жақты пікір көп. Бірі еліне қиянат жасаған сатқын десе, бірі елі үшін, өз туған елі ғана, күллі түркі халқының тәуелсіздігі үшін күрескен тұлға ретінде таниды. М.Шоқайды зерттеу жолында көп еңбегі сіңген ғалымдар ішінде марқұм Көшім Есмағамбетовты ерекше атап кетуге болады. Ғалым М.Шоқайға байланысты барлық дерлік деректерді жинап, 12 томдық ғылыми еңбекті жарыққа шығарды. Қазіргі таңда М.Шоқайдың философиялық ойларын, құқық саласындағы еңбектері туралы зерттеп жүрген ғалымдар бар.

Енді аты аталып отырған тұлғаның еліміздің тәуелсіздігі үшін жалғыз қазақ халқы емес, күллі түркі әлемінің бостандығы үшін күрес жолында жасаған еңбектеріне тоқтала кетейік.

XX ғасырдың басында әлем таныған қазақ қайраткері Мұстафа Шоқай қазақ тарихына ғана емес, бүкіл әлем тарихына үлкен із қалдырған тұлға. М Шоқай Қазақстанның және Орта Азияның тәуелсіздігі үшін күрескен ірі қайраткер. Әлемге аты мәлім саясаткер, ақиқат жолына бас тіккен, азаттық үшін тағдырдың азабы мен мазағын көтерген, әділеттен басқа досы жоқ, адалдықтан басқа жолы жоқ М. Шоқайдың біртұтас Түркістан мемлекетін құрудағы қызметі, қайғысы, қасіреті, мақсат – мүддесі кешегі кеңес үкіметі кезінде құлып астындағы құпия болды. Күллі түрік жұртының туыстық бірлігін сақтап, Түркістан автономиясын құру тұрғысындағы М.Шоқайдың жанкешті қызметін кеңес идеологтары жаулық әрекет сипатында көрсетті.

Осы себепті ол шетелге кетуге мәжбүр болды. М. Шоқай Отанынан безген емес және отанын сатқан жоқ, алыста жүрсе де түрік ұлтының тәуелсіздігі үшін аянбай еңбек етіп жүрген даңқты тұлға.

М. Шоқай өмірінің соңғы күніне дейін кеңестік идеологияға қоғамдық-саяси күрес жүргізумен болды. М.Шоқай атымен тығыз байланысты тұтас Түркістан идеясы 1917 жылғы төңкерістер тұсында жүзеге аса бастады. Ол Ташкентте «Бірлік туы» газетін ашады.

1918 жылы қаңтарда Түркістан автономиясының алғашқы үкімет басшысы М.Тынышбаев өз еркімен жұмыстан босағанда, М.Шоқай осы қызметке сайланады. Большевиктер бұл автономияны ақпанда қанды

қырғынмен таратты. Туған жері үшін қойған мақсаттарына жету үшін М. Шоқай бүкіл әлемді айналып өтеді. 1918 жылы қыркүйекте қайраткер Самарада бас қосқан Ресейдің азаттық жолындағы күрескерлерінің Құрушы мәжілісіне (Комуч) қатысады [2,10-20 бб.].

1919 жылы ақпанда Түркістан мемлекеті бағдарын одан әрі қозғау үшін Бұхар әмірлігі мен Закаспийдегі ағылшын корпусы басшылығымен келіссөзге Ашхабадқа келеді. Сол жылы Баку мен Тбилисиде сәл аялдап, Ыстамбұлға аттанады. Кеңестік Ресей үкіметі М. Шоқайдың бар еңбегін жоққа шығаруға тырысты, оны сырттай халық жауы деп айыптап туған жерінен, халқынан бездірді. М.Шоқайдың тәуелсіздік идеясы отандастарына, ісіне, кіндік қаны тамған жеріне деген сүйіспеншілігін еш өзгерте алған жоқ. М.Шоқай Түркия арқылы алғаш Германияға, сонан соң Францияға барып орнығады. Басқа елде эмиграцияда жүрсе де «Жаңа Түркістан», «Жас Түркістан» журналдарын шығарып, Кеңестік Ресейдің озбыр саясаты туралы зерттеулер, мақалалар жазып, сынап отырды.

М. Шоқай өз мақалаларында Патшалық отарлау саясаты дәл Түркістандағыдай басқа еш жерде қатыгез болмағандығын жазған. Сол себепті шетелде жүрген М. Шоқай газет-журналдар шығарып, мақала жазу арқылы қазақ жеріндегі өзекті мәселелерді әлем қауымдастығына мойындатуды қалады, көрші мемлекеттерден қолдау іздеді [3, 35 б.].

Қорыта айтар болсақ Мұстафа Шоқай - өз халқына деген шексіз сүйіспеншілігі мен айрықша адалдығын өз өмірінде, күрес үстінде сан рет дәлелдеген аяулы тұлға. Ол тар шеңбердегі ұлтжандылыққа еш уақытта бой алдырмаған, «руға, ұлыстарға, бөліп», халықтың ішіне іріткі салатын психологиядан өзін әркез алшақ ұстаған [4]. Ел ішіндегі бірлігіміз бен ынтымағымызды арттыра түсу бүгінгі Қазақстан жағдайында да айрықша мәнді болып отыр. М. Шоқайдың мол мұрасын әлі де жинақтап, жүйелі зерттей отырып, оны ұлт игілігіне айналдыру, жаңа қоғам құрып жатқан белсенді іс-әрекетімізде ұтымды пайдалану білу – біздің парызымыз әрі қарызымыз. Өйткені Мұстафа Шоқайдың есімі қоғамымыз демократиялық ұстанымда ілгері жылжыған сайын шамшырақтай жарқырап, халқына қызмет етіп, оның жер бетінде қазақ барда мәңгі өлмейтін саяси идеялары мен ой-пікірлері бүгінімізді байытып, келешегімізді кемелдендіре түсері сөзсіз.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Қасымбаев Ж.Қ. Қазақстан тарихы. (XVIII ғ. - 1914 ж.). Алматы., 1993. (46 б.)
2. Шоқай М. Таңдамалы шығармалар: Үш томдық. 1- т. – Алматы: Қайнар баспасы, 2007. – 352 б.
3. Тұрсынов Е. Мұстафа Шоқай. Кинороман. — Алматы, 2008.
4. Қойгелдиев М. Түркістанның ұлы перзенті // Қазақ тарихы. – 1997. — № 2. – 39-45 б.

## МҰСТАФА ШОҚАЙ ЖӘНЕ ҚОҢЫРҚОЖА ҚОЖЫҚОВ

Хакан Ас

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің докторанты.  
Түркістан қаласы

Тарихи оқиғалар мен үдерістердің қалай қалыптасып, қалай өрбігендігін ғылыми қалпына келтіруде тұлғааралық байланыстардың да деректік маңызы үлкен. Кез-келген тарихи оқиға жеке тұлғалардың бірлескен немесе қарама-қарсы әрекеттері арқылы өрбитіндігі белгілі. Осы тұрғыдан алып қарастырғанда ХХ ғасыр басындағы қазақ халқының ұлттық өрлеуіне өзек болған ұлт-азаттық қозғалысының тарихын да жеке тұлғалардың қарым-қатынасы арқылы терең тануға болады.

Осы ұлт-азаттық қозғалыста әлем таныған тұлғаға айналған Мұстафа Шоқайдың алатын орны мен атқарған рөлі аса зор. Әрине, Мұстафа бұл тарихи үдерісте жалғыз емес еді. Оның идеялас, пікірлес жолдастары көп болды, оның тәуелсіздік жолындағы саяси күресіне қарсы болып, тіпті ашық жаулыққа дейін барған замандастары да аз емес еді. Мұстафаның саяси өмірбаянында жолдары тоғысып, бір-біріне көмек-қолдауы болған тарихи тұлғалардың бірі – Қоңырқожа Қожықов еді.

Қожықов Қоңырқожа - Түркістан өлкесіндегі ұлт-азаттық қозғалысқа белсене араласқан тұлға. Түркістан мұғалімдер семинариясын бітіріп, өлкеде ағартушылық жұмыстармен айналысқан оның 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысты атқарған жұмыстары барысында Мұстафа Шоқаймен бірге атқарған қызметі арнайы қарастыруды қажет етеді.

Осы ұлт-азаттық көтеріліске дейін Түркістан өлкесінде ұлт қайраткерлері отаршылдыққа қарсы саяси күрестің дәлелдерін айқындап, билік институттарын конституциялық жолмен реформалау идеясы қалыптастыра бастаған еді. ХХ ғасырдың бас кезі Ресей отарындағы түркі халықтарына саяси-әлеуметтік сілкіністер алып келген сындарлы кезең болғаны белгілі. Орта Азия мен Қазақстан жеріне капталистік қатынастардың дендеп енуі отарлық және ұлттық езгіні барынша күшейте түскен еді. Ұлттық тәуелсіздік жолында стихиялық баскөтерулердің күні өткені, әсіресе 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің аяусыз басып-жаншылуынан айқын көрінген болатын [1, б.100]. Осы көтерілістің алдында түркістандық ұлт зиялылары саяси күрес тәсілдеріне басымдық бере бастады. Ол істі жәдитшілер қолға алды. Осы саяси қызметтің басында түркістандық жәдитшілер Бахмутқожа Бехбуди, Мұнауар Қары Абдрашитханов, Фитрат, Убайдулла Қожаев, Абдулла Аблони сияқты танымал тұлғалар тұрды. Олар ағартушылық саласында жаңа тәсілді мектептер ашып, ұлттық басылымдар шығару сияқты орасан зор мәдени ұйымдастырушылық жұмыстар жүргізумен бірге жергілікті тұрғындардың саяси санасын көтеруге қатысты



да жұмыстарды қолға алған болатын. Қоңырқожа Қожықов та қазақтар арасынан шыққан санаулы жәдитшілердің бірі ретінде осы саяси үдеріске белсене араласты. Ол 1912 жылы Қарнақ орыс-бұратана мектебінің меңгерушісі бола жүріп, Орынбор қаласында жәдиттік үлгідегі «Әліппе» кітабын жазып, бастырды. Сонымен бірге 1912 ж. осы баспадан А. Қасымов, С. Жәңгіровпен бірге «Русие патшалығында Романов нәсілінен хукірманлық қылған патшалардың тарихлары» атты еңбегі жарық көрді. Сырт көзге билеуші әулетке жағымпаздық сипатта көрінгенімен бұл еңбек отарлық кезеңдегі қазақ тарихын жырға қосқан алғашқы еңбек болуымен ерекшеленеді.

Ол 1916 жылы Мұстафа Шоқайдың басшылығымен Ташкентте қызмет жасаған қазақ зиялыларының астыртын «Кеңес» үйірмесінің бюро мүшесі ретінде өлкедегі ұлт-азаттық қозғалысқа белсене араласады. Бұл Қоңырқожаның Мұстафамен саяси күрес жолында алғаш қызметтес болуы еді.

Түркістандағы ұлт зиялылары Ресей императоры II Николайдың 1916 жылғы 25 маусымдағы бұратана халықтарды майданның қара жұмысына алу жөніндегі жарлығын үлкен наразылықпен қарсы алды. Бірінші дүниежүзілік соғыста материалдық, қаржылық және адам ресурстарын сарқып алған Ресей билігі амалсыздан барған бұл қадам Түркістан өлкесі халықтарының ашу-ызасын тудырып, отарлық биліктің озбырлық саясатын деген қарсылығының ұлт-азаттық көтеріліс түрінде бұрқ ете қалуына негіз болды.

Бұл ұлт-азаттық көтерілістің тарихи алғышарты Түркістан өлкесінде отарлық биліктің жүргізген озбырлық саясатынан туындайтын еді. Осы көтеріліс жөнінде Ә.Бөкейхан «Патша әскері немістен гөрі қарусыз қазақ-қырғызбен соғысқанды сүйеді. Жызақ деген өзбек қаласын жермен-жексен қылады» [2, б.14] дей келіп «Қазақ-қырғыз, өзбек, тәжік, өзге елдің патша үкіметіне қарсы тұрып соғыс ашқаны тарихтан орын алады» [2, б.17] деп баға береді 1926 жылы.

Өлкедегі көтеріліс алғаш 4 шілдеде Ходжентте басталып, одан Ташкентте, Марғұлан, Наманган, Әндижанда, 11 шілдеде Жизақта лаулаған. Жазалаушы әскери экспедиция 21 шілдеде көтерілісшілердің барлық ошақтарын тас-талқан етіп, көтерілісшілерді қырғынға ұшыратқан еді. Көтерілістерді басуға аттанған жазалаушы жасақтардың қанды қырғындары жайындағы хабарлар ел астанасына да жеткен. Сондай ақпараттарға сүйеніп Мемдума Түркістан мен Дала өлкелеріндегі көтеріліс жайын және оны басу барысында орын алған келеңсіздіктерді тікелей тексеру үшін арнайы делегация жасақтайды. Дума делегациясының басшылығына думалық оппозиция лидерлерінің бірі, «еңбекшілдер» («трудовиктер») тобының серкесі Александр Федорович Керенский мен Думаның төрт шақырылымында да депутат болып сайланған мұсылмандар фракциясының төрағасы Құтлы-Мұхаммед Батыргерейұлы Тевкелев енді. Осы делегацияға мұсылмандар фракциясы бюросындағы жас қайраткерлер Шәкір

Мұхамедияров пен Мұстафа Шоқаев енген. Делегация өлкені тамыздың ортасынан қыркүйектің басына дейін аралап, Жизак, Әндижан, Самарқан, Қоқанда болды.

Делегация мүшелері тексеру жұмыстары барысында өлкеде көптеген адамдармен кездеседі. Солардың бірі әндижандық мұғалім Қоңырқожа Қожықов әскери экспедицияның халықты қалай қырғынға ұшыратқанын дәйектейтін көптеген дерек жинаған. Сол материалдарды байырғы партияласы Вадим Чайкинге Мұстафамен бірге қонаққа келген Керенскийге өз қолымен тапсырды. Бұл кездесуге, әрине, Шоқайдың ықпалы болғандығы айқын. Өлкені аралаған жарты ай ішінде делегация халық толқуының себептерін анықтайтын және жазалаушылардың қатыгездіктерін дәлелдейтін көптеген куәліктерге қанығады.

Осы оқиға жөнінде Қ.Қожықовтың ОГПУ тергеуінде өз қолымен жазған өмірбаянынан оның 1916 жылғы отаршылыққа қарсы күреске араласқандығы туралы мәліметтерді кездестіреміз. Ресей Министрлер кабинетінің төрағасы С.Виттенің атына бірнеше петиция жазып, Түркістан өлкесіне ішкі басқару істерін өзі шешу құқын беруді өтінуі Қ. Қожықовтың өз заманындағы күрес тәсілін меңгерген саяси кемелдігін танытады. Ол осындай тәсілін көтерілісшілерді жазалау шараларына араша түсуде де қолданған. Мысалы, «генерал Куропаткинге жазалау отряды мен орыс мұжықтарының мейрімсіз және аюандық іс-әрекеттерін баяндап жазып жібердім. Сонымен бірге редакцияның ұсынысына (*Ташкентте эсер В.Чайкиннің редакторлығымен шығып тұрған «Голос Туркестана» газеті – Х.А.*) қосылып, Түркістанға Мемлекет Думасының мұсылмандар фракциясының уәкілдерін шақырып, көтерілістен кейінгі репрессия нәтижесімен танысуды талап етім. Осыған байланысты күз айларының бірінде (*1916 ж. тамыз-қыркүйек айлары – Х.А.*) Тевкелеев, Керенский және Шоқаев келді. Соңғы екеуіміз Чайкиннің үйінде кездестік, сөйтіп оларға қолымдағы бар құжаттарымды тапсырдым» [3, Б.336-375] деп жазады.

Мемдума делегациясы дайындаған материалдар бойынша күн тәртібіне қойылған мәселе 13-ші және 15-ші желтоқсанда Думаның жабық өткізілген отырыстарында қаралған екен. Алғашқы баяндаманы А.Ф.Керенский жасады. Сөзін: «Біз бүгін талқылауға тиіс оқиғалар бұдан едәуір көп уақыт бұрын өтті, бірақ олардың салдарлары әлі сезіліп тұр, олардың салдарлары тек Түркістан мен Дала облыстарының ғана емес, бүкіл Россияның өмірінде әлі көп уақытқа дейін сезіліп тұратын болады», – деп бастап, делегацияның көтеріліс орындарында тікелей жүргізген зерттеулерінің нәтижесін баяндаған. Ол халықты қырғынға ұшыратқан қанды тәртіпсіздіктер үшін басты айыпкер патша үкіметі боп табылатынын дәлелдеді [4].

Мемлекеттік думада қаралған осы мәселенің өте маңызды екендігіне дау жоқ. Тұтастай аймақтар мемлекеттік думаның шешімдерін тағатсыздана күтті. Ол талқылаудың нәтижесі 1916 жылғы орыс отаршылары тарапынан

орын алған өз құқын қорғап, қолына қару алған жергілікті халыққа жасаған қанды қырғынға саяси және құқықтық баға беру болуы керек еді. Әйтсе де Ресейде жақындап қалған саяси сілкіністерден туындаған аласапыранға байланысты Дума деңгейінде көтерілген мәселе соңына дейін жеткізілмей орта жолда үзіліп қалды.

Қоңырқожаның өмір жолы Шоқаймен 1917 ж. 2-5 тамызда Ташкент қаласында өткен Түркістан қазақ-қырғыздарының съезінде тағы да тоғысады. Ол съезд төралқасына сайланып, Құрылтай жиналысына Сырдария облысынан Шоқаймен бірге депутаттыққа кандидат болып ұсынылады. Ал 1917 ж. 26 қарашада Қоқан қаласында жарияланған Түркістан мұхтарияты Уақытша үкіметі Халық Кеңесінің құрамына сайланады. Осы өкілетті органның атынан 1918 жылдың 6 қаңтарында Түркістан қаласында өткен Сырдария облысы қазақтарының съезін ұйымдастырады. М. Шоқай Қоқан автономиясындағы үкіметтік дағдарысқа байланысты съезге қатыса алмады. Түркістан өлкесі қазақтарының Алаш автономиясына қосылу мәселесін күн тәртібіне қойған бұл съезге Сырдария облысының делегаттары құраған 82 өкіл қатысты. Алашорда үкіметі атынан Б. Құлманов, М. Дулатов, Т. Құнанбаевтар қатысқан съездің қабылдаған шешімдері біртұтас қазақ мемлекеттілігін қалыптастырудағы ұлттық элита қызметін айшықтай түсті.

Қазақ хандығының астанасы болған Түркістан қаласы жаңа жағдайда ұлттың рухани орталығы болып танылған тарихи миссиясын осы жолы да атқарды. Алаш зиялылары съезде ұлттық мемлекеттіліктің аса маңызды белгісі – территориялық тұтастыққа қол жеткізу идеясын алғаш рет көтерді. Съездің ұйымдастыру жұмысында Түркістан қаласының азаматтары С. Өтегенов, С. Қожанов, Қ. Қожықов, С. Алдабергеновтер белсене қызмет жасаған.

1918 жылдың ақпанында Түркістан мұхтариятының большевиктер тарапынан қуып таратылуынан кейін Мұстафаның эмиграцияға кетуіне, өзінің де қуғынға түсуіне байланысты оларды қарым-қатынас үзіліп қалды. Олардың жолы қайтадан тоғыспады.

Қорыта айтқанда, Түркістан өлкесіндегі ұлт-азаттық қозғалыспен қатар Алаш қозғалысының қызметіне белсене араласқан Қоңырқожа Қожықов мен ұлт-азаттық қозғалыстың басты идеологына айналған Мұстафа Шоқайдың саяси қарым-қатынастары терең зерттеліп, ғылыми жұртшылықтың қызығушылығын оятуға лайық тақырып деп білеміз.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер***

1. Тұрсын Х.М. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Түркістан мұхтарияты. – Алматы: «Нұрлы Әлем» баспасы. 2006. 128 б.
2. Қаһарлы 1916 жыл: Құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы: Қазақстан, 1997. 2 Т. – 1998. -247 б.

3. Бәкірұлы Ә. Мұстафа Шоқай әулетінің қуғынға ұшырауы //М. Шоқай. Таңдамалы шығармалар. Үш томдық. Т.3.- Алматы: «Қайнар».- 2007.-384 б.

4. Қойшыбаев Б. 1916 жылғы көтерілістің мемлекеттік думада қаралуы [abai.kz](http://abai.kz) > [Мұрағат](http://abai.kz) > [view?id=8683](http://abai.kz)

## **МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІМЕН БАЙЛАНЫСЫ**

**Насух Гумуш**

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің докторанты.  
Түркістан қаласы

Мұстафа Шоқай – қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығы тұрғысында өте күрделі тұлға. Ол саяси күреске араласуы, ұлт-азаттық қозғалысының идеялық тұғырнамасын қалыптастыруы және осы бағытта атқарған қайраткерлік қызметі барысында үлкен өмір мектебінен өтті. Жүздеген саяси қайраткерлермен араласып, олармен қоян-қолтық жұмыс жасады. Тіпті кейбірімен саяси баррикаданың қарсы жағында тұрып, идеялық күрес жүргізді. Көптеген саяси қозғалыстармен байланыста болып, Түркістан халықтарының бірлігі мен тәуелсіздігі жолындағы күресте жанпида еңбек етті. Соның ішінде оның саяси тұлға болып қалыптасуына ықпал жасаған жіне өмірлік ұстанымдарын шыңдаған Алаш қозғалысымен үнемі байланыста болып, мұғажырлық жағдайда жүрсе де осы қозғалыс көтерген идеяны өмірінің соңына дейін жалғастырып өтті. Біздің мақаламыз Шоқайдың Алаш қозғалысымен байланысын жеке тұлғалармен қарым-қатынасы арқылы талдауға арналады.

Қазақ жерінде ұлттың саяси, мәдени өрлеуіне орасан зор ықпал жасаған Алаш қозғалысы бір күнде қалыптаса қойған жоқ және Алаш қайраткерлері де бір сәтте тәуелсіздік идеясын тұжырымдай қоймаған. Олардың барлығы да біртұтас алаштық идеяға дейін түрлі саяси ағымдардың қатарында болып, отарлық езгіге қарсы күрестің тәжірибесінен өткен болатын Оған Алаш көшбасшысы Әлихан Бөкейханның ресейлік кадеттер партиясының қатарында саяси күрес тәжірибесін жинақтағандығын айтсақ та болады. Дегенмен, саяси даму эволюциясы Әлиханның кадеттер партиясынан қол үзіп, бірыңғай ұлттық саяси қозғалысқа бет бұруына алып келді [1]. Қазақ жерінде отарлық езгіге қарсы күрес идеясы шеңберінде стихиялы түрде қалыптаса бастаған саяси күрес ХХ ғасырдың алғашқы онжылдығынан кейін ұйымдық сипат ала бастады. Бұл жұмыстың ең алғашқы бастамасы Троицк қаласында «Қазақстан» атты газеттің, Орынборда «Айқап» журналы

мен «Қазақ» газеттерінің шығарылуымен басталғандығы белгілі. Осы баспасөз органдары отарлық билікке қарсы саяси күрестің дәлелдерін негіздеу бағытында жұмыс жасады. Қазақ оқығандары өз ойлары мен идеяларын осы басылымдарда насихаттауға мүмкіндік алды. Соған байланысты Алаш қозғалысының ұйымдық нығаюына қызмет жасаған қайраткерлердің көпшілігі журналист, көсемсөзші, ақын, жазушы болып келетін еді. Мұстафа Шоқай да осы жолмен келді.

Оның Түркістан өлкесіндегі саяси күресте жинаған алғашқы тәжірибелері Санкт-Петербургтегі студенттік қозғалыстарға қатысуы арқылы шындала түсті және Ә.Бөкейханның ұсынуы және қолдауымен Ресей мемлекеттік Думасы Мұсылмандар фракциясына хатшы болып қызмет атқаруы арқылы жаңа деңгейге көтерілді. Демек, Шоқайдың саяси күрес жолындағы алғашқы тәлімгері Ә.Бөкейхан болғандығында дау жоқ. Кейін олардың жолы саяси күрес барысында талай рет тоғысты. Олар бірін-бірі қолдап, қуаттаған идеялас серіктерге айналды.

Шоқай Әлихан сияқты көреген саяси қайраткердің тәлім-тәрбиесін көріп, оның мектебінен өтті десек, өзі де 1916-1918 жылдары Түркістан өлкесінде саяси қызметке араласқанда төңірегіне идеяластар жинап, оларды саяси күрестің қыры мен сырына баулыған саяси ұстазға айналды. Осы жерде айта кететін ақиқат – Шоқайдың өз ұстазы Әлиханның өнегесін ғана емес, оның идеяларын да одан әрі дамытқын саясаткерге айналғандығы. Бұл жерде біз Шоқай мен Әлиханды жарыстырып отырғанымыз жоқ. Керісінше, бірінің идеясын екіншісі жаңа деңгейге шығара алғандығын айтып отырмыз.

Шоқай 1916 жылы Ташкентте қазақ зиялыларының «Кеңес» атты астыртын саяси үйірмесін құруға қол жеткізеді. Үйірменің төрағасы генерал Сейітжапар Асфендияров болғанымен, оның қызметінде Әлиханның идеяларымен қанаттанған Шоқайдың ықпалы анық сезіледі. Шоқай осы үйірменің идеялық бағытын айқындап берген. Осы үйірме кейін «Бірлік туы» атты ұйымға айналады. Ұйым осы аттас газет шығарады да оның алғашқы редакторы М.Шоқайдың өзі болады. Түркістан өлкесінде «Қазақ» газеті сияқты саяси ағартушылық идеяларын насихаттайтын газеттің кейінгі редакторлары Сұлтанбек Қожанов пен Хайретдин Болғанбаевтар болды. 1917 жылдың 16 қарашасында Шоқайдың қайраткерлігімен құрылған Түркістан мұхтарияты (автономиясы) үкіметінің баспасөз органына орыс тіліндегі «Туркестанские ведомости», өзбек тіліндегі «Улуғ Туркистон», қазақ тіліндегі «Бостандық туы» да газеттері белгіленгені де көп жайды аңғартса керек [2].

Шоқай 1917 жылдың сәуірінде Орынборда өткен I Жалпықазақ съезіне қатысып, съезд аяқталмастан асығыс түрде Әлиханның тапсырмасымен Түркістан мұсылмандарының съезіне қатысу үшін Ташкентке кетеді. Ташкенттегі съезде ұлттық ұйым – Түркістан мұсылмандар кеңесі – Шураи Ислам саяси ұйымының төрағалығына сайланады. Ол осы ұйымның төрағасы ретінде Түркістан өлкесіндегі саяси

қозғалысты үйлестіріп отырған Шоқайдың қайраткерлігімен Уақытша Үкіметтің Түркістан Комитеті де, өлкедегі орыс саяси ұйымдары да санасытын дәрежеге жеткен. Нәтижесінде Шоқай Түркістан Комитетінің мүшелігіне сайланып, ресми билік тұтқасына ие болады.

1917 жылдың шілдесінде Орынборда өткен Алаш съезі көптеген өткір мәселелерді талқылап, шешімдер қабылдаған болса, солардың арасында саяси қозғалысқа ұйымдық сипат беру үшін Алаш партиясын құру туралы шешімнің маңызы үлкен болды. Осы съезден қайтқан М.Шоқай бастаған түркістандық делегация тамыздың 5-7 арасында өткен Өлке қазақтары съезінің күн тәртібіне түзетулер жасайды. Съезде барлығы 19 мәселе қарастыру белгіленген болса, бір мәселе «Бірлік туы» ұйымын құру туралы еді [3]. Қазақ жерінде Алаш партиясы құрылып отырған жағдайда Түркістанда оған қосалқы саяси ұйым құрудың қажеттілігі жоқ еді. Осылайша Түркістандағы қазақ зиялылары алаштық саяси тұғырнаманы қолдап, өздерін де осы саяси ұйымның құрамындамыз деп есептеді. Бұл Шоқай тарапынан жасалған ұлттық саяси күштерді бір арнаға тоғыстыруды көздеген көрегендік шешім болды.

Шоқайдың Алаш қозғалысы қайраткерлерімен байланысы деректік тұрғыда тиянақты зерттеуді қажет етеді. Ол Түркістан өлкесінде өз төңірегіне алаштық қайраткерлерді топтастыра отырып, оларды саяси күреске баулыды. Атап айтқанда, Түркістан мұхтарияты үкіметі мен парламентінің құрамына алаштық қайраткерлер Сералы Лапин, Қоңырқожа Қожықов, Садық Өтегенов, Серікбай Ақаев, Әбдірахман Оразаевтарды тартып, олармен тығыз бірлікте жұмыс жасады. Бұл істе Мұхаметжан Тынышпаевпен қатар қызмет жасады. Сол сияқты жастар арасынан Нәзір Төрекұлов, Сұлтанбек Қожанов, Хайретдин Болғанбаев, Иса Токтыбаевтарды саяси қызметке баулыды. Серікұл Алдабергеновпен сыйлас, дос болды. Ал Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Бахтияр Құлманов, Жанша, Халел Досмұхамедовтермен де етене араласты.

Дегенмен, 1918 жылдың ақпанында Түркістан мұхтариятының қуып, таратылуынан соң Мұстафаның қуғын-сүргін жағдайында астыртын жұмысқа көшуі, Грузия арқылы Түркияға өтуімен оның қызметінің мұғажырлық кезеңі басталды. Ендігі жерде елдегі алаштық қайраткерлермен байланысу мүмкін болмай қалды. Ондай байланыстың үзілуінің бірінші себебі Шоқайдың кеңестік билікке қарсы күресуші деп танылуы еді. Соған байланысты елдегі қалған жолдастарымен хат-хабар алысып тұрудың аса қауіпті екендігін сезген Шоқай олардың қуғындалуына себепкер болғысы келмегендігі еді.

Шоқаймен байланысы үшін саяси қуғынға түскен ұлт зиялыларының бірі – Әміре Қашаубаев еді. Оның Париж сапарында Мұстафамен кездесуі оған үлкен саяси айып болып тағылғандығы белгілі. Осы жайдан хабардар Мұстафа елге айтар сөзі мен сәлемін тікелей байланыс арқылы емес,

баспасөз беттері арқылы жолдап отырды. Шоқай өз мақалаларында Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Қожагов, С.Сәдуақасов сияқты алаштық қайраткерлердің еңбектеріне сілтеме жасап, «қожаншылық», «сәдуақасшылық» деген саяси айдарлардың шовинистік мақсаттарын әшкерелеп, әжуа етеді. Досы Садық Өтегенов пен М.Дулатовтардың «Қазақ» газетін ашуға қатысты әрекеттері мен Садықтың госпиталдағы түрік жауынгерлері үшін Түркістан қаласынан қаржы жинап, Санкт-Петербургке алып барғандығын ерекше құрметпен жазады [4].

Орта Азия мен Қазақстандағы ұлт саясатын әшкерелеген өткір мақалаларымен И.Сталиннің түн ұйқысын төрт бөлгендігін Сталиннің Қазақ Өлкелік Комитетіне жазған хатынан аңғаруға болады. Ол хатта «Мен осыған байланысты белгісіз емес Шоқаевтың ақгвардияшыл баспасөздегі кейбір мақалаларын еске түсірдім және өзімді шошытқан осы мақалалар мен «Ақ жол» журналының рухани «бірлігі» деуге болатын кейбір жаңалықты аштым. Ақылға сыймаса да бұл факт. «Ақ жол» әрине, өзі де аңғармастан Шоқаевқа көлемді материал берді» [5] деп жазады.

Мұстафа Шоқай партия қатарына енгенімен өздерінің азаматтық, отаншылдық биігінен төмендемеген қандастары «Смағұл Сәдуақас, Қожанұлы Сұлтанбек және Меңдешұлы Кеңес дәуірі орнаған кезде кеңес үкіметін бірден жақтап шыққан адамдар болатын. Бірақ олар, өткен тәжірбиелері көрсетіп отырғандай, Кеңес үкіметіне тек қара басының қамы үшін қызмет етпегенін біз жақсы білетінбіз. Сұлтанбек Қожанұлы қара басының қамын ойламайтын, халқы үшін қам жеп, еңіреп туған азамат еді. Ол бұдан былай да осы қасиеттерінен айрылмайды деп сенеміз» [6] деп ризашылық сезімін білдіреді.

Шоқайдың мұғажырлық жағдайда жарыққа шығарған «Йени Түркістан», «Яш Түркістан» журналдарында, француз, ағылшын, поляк, түрік және т.б. тілді басылымдардағы мақалаларында Түркістан өлкесі мен қазақ облыстарындағы ұлт-азаттық қозғалыстың тарихы туралы нақты деректерге сүйеніп, ғылыми тұжырымдар, байыпты сараптамалар жасалды. Осылайша, М.Шоқай Алаш қозғалысының шетелдік тарихнамасын қалыптастырушылардың біріне айналды. Оның ізімен Еуропа ғалымдарды Орта Азия мен Қазақстандағы XX ғасырдың бас кезіндегі ұлт-азаттық қозғалыстың тарихына назар аудара бастады.

Түркияда алаштану ғылыми бағытының тарихнамасына Шоқайдың замандасы әрі идеяласы ретінде А.З.Тоғанның елеулі үлес қосқандығын айтуға болады. Мұстафа Шоқай мен Зәки Уәлиди Тоғанның қарым-қатынасы өте күрделі сипат алғандығын ескерсек, Шоқай Тоғанның тарихи тұжырымдамаларын өткір сынға алған. Ол Тоғанның «Бүгінгі Түркістан» атты кітабын сынан «Қазақ рулары хақында» атты мақаласында Зәки Уәлиди Тоғанның Қоқан автономиясының тарихына қатысты өзіндік рөлін тым әсіре бағалауын сынайды. «Расында да Зәки Валиди шығармасында көбінесе басынан кешкендері мен өз қызметі көбірек айтылатыны қызық.

Мұстафа Шоқай осыдан кейін ұлттық қозғалыстағы Ә.Бөкейхановтың орнын дұрыс бағаламағаны үшін Зәки Валидиге ренішін жасырмайды.

Шоқайдың өнегесімен саяси күреске араласқан Абдулуахаб Оқтай (Исханұлы), Тахир Шағатай, Баймырза Хаит, Хасен Оралтайлар Түркиядағы алаштану тарихнамасын одан әрі жалғастырды. Олардың еңбектері шетелдерде Алаш қозғалысының шынайы тарихының қалыптасуына ықпал жасай алды. Кеңестік билік Алаш қозғалысы және оның қайраткерлері жайлы субъективті тұжырымдарға негізделген бірыңғай қаралау сипатында насихат жүргізген уақытта Түркияда бұл мәселе ғылыми сипатта кең өріс алған еді. Әсіресе, түрік ғалымдары Мұстафа Шоқай мен Мағжан Жұмабаевтардың шығармашылығы жайлы көп жазды. Шоқай Мағжанның шығармашылығын Түркияда алғашқы болып насихаттады. Оның «Түркістан» өлеңін өз басылымдарында алғаш жариялаған соң түркиялық өзге басылымдар аса қызығушылық танытып, Мағжанды түркішіл ақын ретінде бүкіл түркі әлеміне насихаттай бастаған болатын.

Қорыта айтқанда, Мұстафа Шоқай Алаш қозғалысы қайраткерлерінің бірі ретінде тәуелсіздік идеясын мұғажырлық жағдайдағы саяси қызметі мен шығармашылығында өмірінің соңына жейін жалғастырды. Орта Азия мен Қазақстанда кеңестік билік тәуелсіздікке деген ұмтылыстың кез-келген түрін басып-жаншып жатқан жағдайда шетелде жүріп тәуелсіздік идеясын ту етіп көтеруі қайраткердің ең басты ерлігі деп білеміз.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Мен кадет партиясынан неге шықтым? //Ә.Бөкейхан. Таңдамалы (избранное). Гл.ред Р.Нургалиев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1995. Б.414
2. Агзамходжаев С.С. История Туркестанской автономии: (Туркистон мухорияти). –Тошкент, 2006. -268 с
3. Сборник важнейших декретов, постановлений и распоряжений правительства ТССР за 1917–1922 гг. -Ташкент, Издания Комиссии СНК, 1923, 213 с. (С.1-5)
4. Шоқай М. Таңдамалы. –Т. 1, –Алматы: Қайнар. 1998., 370-б.
5. АПРК. Ф.141, д.479
6. Шоқай М. Таңдамалы. 2 томдық. -Алматы: Қайнар, Т-2.-1999. -520 б., Б.60



## **БАСМАШЫЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ТҮРКІСТАН ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ**

**Базарбаев Қ.Қ.**

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті,  
PhD доктор

Түркістан қозғалысы өкілдерінің ұлт-азаттық күреске сырттан көмек тартуға деген ниеті кеңестік биліктің өлкедегі қызыл әскердің күшіне сүйенген өктемдігіне қарсы жергілікті тұрғындарының күші жетпейтіндігіне көзі жеткендіктен нақты әрекетке ұласқан еді. Осы идеяны алғаш рет халықаралық аренаға шығарғандарының бірі С.Лапин болатын. «1918 ж. қазанында Түркістан автономиясы парламентінің бұрынғы төрағасы С.Лапин Неміс шығыстану институтының қызметкерлерімен кездесіп, Германияның Мемлекеттік хатшысына Түркістанға көмек көрсету туралы өтініш жасау ниетін білдіреді. Олар С. Лапиннің хатын мемлекеттік хатшыға тапсыруға жағдай жасайды. С.Лапин хатында большевиктердің Түркістандағы саясатына жан-жақты сипаттама бере отырып, Түркістан үшін ең маңызды мәселе мемлекеттік егемендік алу мақсаты іске аспай отырғанын атап көрсетеді. «Айрықша маңызды мәселе - Түркістанның өзін-өзі билеу мәселесі шешілген жоқ, - деп жазады С.Лапин. - Егер Түркістанды большевизмнен чехословак корпусы немесе ағылшындар азат етсе, ол Англияның протекторатына айналады. Германия – Түркияның одақтасы, ал Түркістан үнемі Түркияға бағдар ұстайды» [1, б.205].

Осы идеяны басқа да түркістандық күрескерлер басшылыққа алды. Мұнауар Қарының естеліктері де осы бұлыңғыр мәселеге сәуле түсіреді. Ол естеліктерінде былай дейді: «Юсуф Зиябектің түсіндіруінше, егер Түркістан Англия қолына өтіп кетсе, онда азаттық үшін еш бір үміт қалмайды. Сол үшін ол руханилар делегаттарына қарсы шұғыл «Тараққишілер» атынан Түркияға өз делегаттарымызды жіберуді ұсынды. Ол бұл істі тез арада жүзеге асырмасақ, уақыттан ұтылатынымызды қайталады.

Садрихан мен Саиднасыр (Миржалилов) өкіл етіп таңдалды. Төраға ақылдасып алғаннан кейін руханилар делегатына қарсы жоспарын жария етуге уәде етті. Сонымен қатар төрағаға Түркістан мұхтариятына жәрдем беру, Түркістанға оқытушылар жіберу туралы Түркиядан қалай сұрауға болатынын да ойластыру тапсырылды.

Содан соң, көп өтпей, рухани делегаты артынан «тараққишілер» делегаты да жолға шықты. Сонда, шынымен де, Түркістанда Англия әсерінің қаупі күшті еді. Делегаттар Стамбулға «тараққишілер» өкіметі құлаған және Стамбулда еуропалық империалистер дүрбелең салып жатқан тұста барады. «Иттихад-и тараққи» басшылары болса қашып кеткен еді. Сол себепті біздің делегаттар Юсуф Зиябек айтқан адамдарды таба алмай, ешбір

нәтижесіз қайтып келді [1,б.206] - деп жазады Мұнауар Қары Абдрашитханов өз естеліктерінде.

«Садырхан ешқандай нәтижесіз қайтып келгеннен кейін Зиябек сол баяғы мақсатпен Стамбулға мықты өкілдерден тұратын арнайы өкілдер тобын жіберу мәселесін алға тартты. Оған ташкенттіктерден Убайдулла Хожа (Ассадулла Хожаев), Сайднасыр (Миржалилов), самарқандықтардан Бехбуди, Марданқұл және бірнеше кісі кірді. Соңғы үшеуі Самарқандық жолда Бұхара әмірі адамдарының қолынан шәйіт болды. Убайдулла Мәскеуде, Саиднасыр болса Тифлисте жасырынып қалды. Кейін олардың екеуі де қайтып келді. Айтылғандардың бірі де Түркияға бара алмады» [1,б.207] деп жазған Мұнауар Қары Абдрашитхановтың деректері басқа да түркістандық күрескерлердің жазбаларындағы мәліметтермен расталады.

Өлкедегі «Түркістан ұлттық одағының» негізгі стратегиялық мақсаты; «Қауымды басты негізге ала отырып, экономикалық негізге сүйеніп, географиялық жағынан облыстарға бөліп бір федерация» түрінде саяси одақ құру болды. Бұл жоба Зәки Уәлидидің айтуынша «Ұлы Түркістан Федерациясы», ол – «Батыс Түркістан, Орта Түркістан, Шығыс Түркістан, Солтүстік Түркістанның» бірігуінен тұратын еді. Тоғанның Түркістандағы жүргендегі Энвер Пашамен байланысы, Кеңес жүйесіндегі сол күнге дейінгі оның әрекеттері және істері бір шешімге келу керек екендігін көрсетеді. Энвер Паша да Түркістанда саяси күреске көп еңбек сіңірді. Зәки Уәлиди басмашылық күресін Ресейдің ішкі мәселесі ретінде ғана қарамады, Содан да оны халықаралық деңгейге көтеру үшін Энвер Пашаға да Ауғанстанға өтуді ұсынған. З.У.Тоған басмашылық қозғалысты жалғастыра берсек, ол Ресейдің «ішкі мәселесі» ретінде қалып қояды деп ескертеді. Бірақ, бұл мәселеде олардың арасында өзара келіспеушілік туындайды. Энвер «Түркістанға өтуіме қарсы болдың» – деп З.У.Тоғанға реніш білдіреді [2, б.14]. Бұл пікірді қате деп есептеуге болады. Өйткені, Зәки Уәлиди, «Энвер Паша егер Ауғанстанда жатып қозғалысты бастамаса, Ресейдің қарамағында деп есептелінетін, Орта Азияда басқарса, Ресейдің ішкі саясатына араласу болып» есептелінетінін, сол себепті халықаралық деңгейге шығаруын өтінген [3, б.230-238, 272-278]. Большевиктердің үлкен әскери күштерінің Орта Азияға бағыт алуы және Энвер Пашаның қайтыс болуынан кейін, 1922 ж. 18 қыркүйекте өткен VII Түркістан ұлттық конгресі Түркістан мәселесін Ресейдің ішкі жағдайынан шығарып, халықаралық деңгейдегі саяси мәселеге айналдыруды көздеді.

Жастүріктер қозғалысы мен Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының байланыстары олардың жекелеген өкілдерінің нақты іс-әрекеттерінде көрініс тапты. Оған мысал: Түркістандық Мұнауар Қары, М. Шоқай, С. Лапин, Убайдулла Хожаев З.У. Тоған және түркиялық Энвер паша, Субхи бастаған қайраткерлердің әрекеттері куә бола алады. Осындай жеке тұлғалық байланыстар екі қозғалыстың саяси байланыстары мен ықпалдастығының сабақтастығын орнықтырды.

Хиуа, Бұхара және Ферғанада жалпы алғанда, Түркістан аймағының көптеген жерлерінде халық толқулары басмашылық қозғалыс ретінде кеңінен өріс алды. Бұл қозғалысты большевиктер халық арасындағы санаулы бай-шонжарлар кеңес үкіметіне бағынбау үшін басмашылық қозғалысын ұйымдастырды деп, бағалады. 1920 ж. қыркүйек айында Бакудағы Шығыс ұлттары конгресінде айтылған Түркістан ұлттық күресінің Бұхараға жеткенін көрген Энвер Паша уақытты оздырмастан басмашылар жағына шығып, күреске кірісті. Әскери іс-қимылға Кіші Азияда кеңінен танылған тәжірбиелі әскер басының қабілеті жететіндігін А.З.Уәлиди біліп, оның басшылық етуіне көмек көрсеткен [4, s.47]. Бұхара әмірі мен уәзірлерін және кейбір ұлтжанды қайраткерлердің басын құраған. З.Уәлидидің большевиктер Түркістан Кеңес Республикасының құрылуына қарсы шықпаса, олармен бірігуге болады деуі барлық ауыр сынақтарға қарамастан оның кеңес өкіметінің ішкі жоспарына көз жеткізе алмағандығын көрсетеді. Түркішілдік мәселесімен тер төге айналысқан З.У.Тоған өзі құрған ұлттық армиясын кейін саяси өзгерістерге байланысты кеңес өкіметіне беруге мәжбүр болды. Энвер Паша екеуі арасында кеңес өкіметіне байланысты пікір қайшылығы осыдан пайда болады. Энвер Пашаның күткен үміті ақталмаса да, “Орта Азия ислам мемлекетін” құру үшін кеңес өкіметіне қарсы күрес жүргізді. Ол 1922 ж. 19 мамырда кеңес өкіметіне шарт қойып, Қызыл Армияның Түркістанды босатуын талап етті. Кеңес өкіметінің Түркістанды босатпайтындығын білген соң, күресуге бел шешті [5, s.421].

Тарихта басмашылық қозғалысы деген атпен қалған ұлт-азаттық күрестің Түркістан халқының кеңестік билікке қарсы ашқан тәуелсіздік жолындағы соғысы болды [6, б.5]. Соған сай басмашылық қозғалысын екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Түркістан ұлттық-мемлекеттік құрылымы Түркістан мұхтариятының құлауымен басталған бұл қозғалыс, бастапқы кезде стихиялық сипат алды. Тәуелсіздіктің орталығы болып саналған Қоқан қаласында бүлікшілік әрекеттері жалғасып жатқанда мұхтарият милициясының бастығы Эргеш Құрбашы [7, s.51] өзін «хан» деп жариялайды. Ол, өзіне бағынбағандарды атып өлтіреді. Эргештің билігі бірте-бірте хандар тарапынан бекітілген тәртіп-ережелер бойынша жүзеге асырылды. Ол, бұл әрекетімен о бастан өзіне жау болып жүрген өзге құрбашылардың дұшпандығын одан сайын арттыра түседі. Басмашылар жетекшілерінің ішінен Эргеш және өзге құрбашылар белгілі бір ортақ саяси бағдарлама дайындайтындай және оны іске асыратындай жағдайда емес еді. Олар тек қана сол күнгі соғыста қол жеткізген жеңістерімен көзге түскен батыл да ержүрек жауынгерлер еді. Большевиктермен ашық түрде саудаласқан қолбасшылар да көп еді. Қозғалысты басқаратын күшті саяси орталық болмады. Түркістандықтардың ең әлсіз жері, ұлттық күштерін біріктіре алмауында еді. Бұқара халық большевиктерге тәуелді болып өмір сүруге шыдамағандықтан, жан-жағына қарамай әрекет етуге мәжбүр болды [8, s.4]. Бәрінен бұрын, дінбасылардың көпшілігі жәдидшілерге қарсы

дұшпандық әрекет жасауға тырысты. Басмашылық қозғалысы жетекшілері мен жәдидшіл зиялылар арасында тығыз байланыстың болмауынан қозғалыс өзінің саяси сипатын жоғалта бастады. Әмірдің айналасындағы жағымпаз шабармандары мүфти Махмудқожа Бехбудиді соншалықты айуандықпен өлтіретіндей жауыз әрі опасыз еді. Сонымен бірге Бұхара Әмірінің қарамағындағы кейбір басмашылар, өздеріне Башқұртстаннан көмекке келген офицерлерге жәдитші деген айып тағып, оларды зұлымдықпен өлтіреді [9, s.84]. Бұхарадағы басмашылық қозғалысы жетекшілерінің бірі Ибрахим Бек Лакайлы үшін большевиктермен күресуден гөрі жәдидшілермен күресу аса маңызды болатын [10, s.25].

Басмашылық қозғалысы 1920 ж. кейін басқаша сипат ала бастады. Осы жылдан бастап Түркістанда жәдидші зиялылар тарапынан құрылған құпия қоғам (ұйым) Самарқан, Ферғана және Хиуадағы басмашылармен өзара байланыс орнатуға тырысты. Бұл құпия ұйымның мақсаты басмашылық қозғалысына заманауи, ұлттық және саяси күш-жігер беру үшін солардың арасына кіріп жұмыс істеу болды. Бұл үшін алдымен Әмір жақтастарын қозғалыстан алыстатып, олардың орнына Ұлттық Бірлік Қоғамында жұмыс істейтін пайдасы тиетін азаматтарды тағайындап, басмашылық қозғалысын жастардың әскери қанатына айналдыру керек болды.

Түркістан мұхтариатының талқандалған соң, қарулы қарсылық кезеңіне жол ашылуына ықпал еткен келесі фактор Түркістан Кеңестерінің төтенше VI съезі (1918 ж. қазан) қабылдаған ТАКСР алғашқы Конституциясы өлкедегі ұлттық саяси күштер ұсынған егемендік мұраттарын қабылдауы болды. Осындай саяси дәлелдермен тәуелсіздік идеялары Ферғана, Самарқанд, Сырдария және басқа да аймақтардағы қарсыласу қозғалыстарында басшылыққа алынып, «Түркістан – түркістандықтар үшін» деген ұран жергілікті халықтан қолдау тапты. Қарсыласу қозғалысы Мадаминбек басқарған «Фарғона моваққи мухторият хукумати» және Шермухамед басқарған «Туркистон – турк мустақил ислом жумхурияти» түріндегі мемлекеттік құрылымдарды дүниеге әкеліп, олардың тәжірибесі бүкілхалықтық ұлт-азаттық қозғалыстың шынайы мақсаттары мен міндеттерін айқындады.

Ташкентте Нәзір Төрәқұловтың ұйымдастыруымен кеңестік бағыттағы «Инқилоб» журналы жарық көре бастаған. Бұл журналдың жарық көруіне түрік комиссиясының мүшесі Г.Сафаров бастамашы болған еді. Бұл журналды жарыққа шығару арқылы большевиктік билік Кеңес саясатына қарсы Түркістандық интеллигенцияны өз төңірегіне топтастыру болатын. Осы журналда Түркістанның зиялылары Хаджи Муни, Абдулхамит Шапан, Садрини Айни, Болат Салиев және басқалар автор ретінде қатысты. Н.Төрәқұлов кеңестердің көмегімен Түркістан түріктерінің жалпы мәдениетін жаңғырту туралы мақалалар жазды. Ол Дервиш деген бүркеншік атпен жариялаған мақалаларында «басмашыларға қосылған Ибрагим

Жанұзақов, Санжар Асфендияров, алашордашылар және Валидовтың» саясаты мен әрекетін әшкереледі [11, с.337]. Уалиди Тоғанның көрсетуі бойынша, Дінше Әділов Балқаш көлі төңірегіндегі қазақ тайпаларынан жылқы сатушылар кейпіне енген 40 жігітті Энвер пашаға қосу үшін Ташкентке алып келген. Діншенің өзі Уалиди Тоғанмен тікелей байланыста болған [11, с.351].

Түркістанда кеңестік биліктің жергілікті халықтардың азаттыққа деген ұмтылысымен санаспауы, соның мысалы Түркістан мұхтариятының қуып таратылуы кеңестік биліктің озбырлығына қарсылық ретінде басмашылық қозғалысты тудырды. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының қарулы күрес кезеңі деп айқандалғанымен басмашылық қозғалысқа деген алуан түрлі пікірлер орын алды. Солай дегенмен, Түркістандағы басмашылық ұлт-азаттық қозғалыстардың маңызды бөлігін құрады.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

- 1.Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. Көп томдық т.ғ.д., профессор М.Қ.Қойгелдиевтің жетекшілігімен. 10-том. Тұтас Түркістан идеясы. «Астана полиграфия» АҚ Астана 2008.-130.б.
- 2.Nadir Devlet. 1917 Ekim İhtilali ve Türk-tatar Millet Meclisi. İstanbul. Ötüken. 1998.
- 3.Шоқай М. «Бір ғылыми өтірікке қарсы». //Ұағ Түркiстан, 1931. N25. // 1932 N26 -230-238, 272-278, -286 ББ. ), N27 242-246, «Жалғаншының айғайы жанында», 1932 N31.
- 4.Ali Bademci, Türkistan Milli İstiklal Hareketi ve Enver Paşa, Cilt:I. İstanbul: Kutlug Yayınları.1975. - S.566.
- 5.İslam Ansiklopedisi. -Eskişehir: 12/2kilt, M. E. B, 1997. - s.502.
- 6.Алимова Д.А. Читая джаидов.// Правда Востока. 1996, 22 февраль.
- 7.Nayit, Basmacılar: Türkistan Milli Mücadele Tarihi, 1917-1934", İstanbul.1997.
- 8.Mustafa Chokaev, "Türkistan'da 'Basmacı' Hareketi", (çev: E.B.Özbilen), Türkistan, 1988, s. 16.
- 9.Z.V.Toğan, Hatıralar, Ankara 1999. -s.346.
- 10.Canay, "İbrahim Bek Lakaylı Qalay Tutulğan İdi?", Ұағ Түркiстан, 1936.- s.74.
- 11.Заки Валиди Тоған. Воспоминания: Борьба народов Туркестана и других восточных мусульман-тюрок за национальное бытие и сохранения культуры. Книга I. -Уфа: Китап, 1994. —400 с.

## ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ИДЕОЛОГЫ МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

**Кенжебекова Р.**

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің ғылыми қызметкері  
Астана қаласы

This article is devoted to public activity and creativity of Mustafa Shokai, who devoted his life to the independence and freedom of the Kazakh and all Turkic peoples.

Данная статья посвящена общественной деятельности и творчеству Мустафы Шокай, который посвятил свою жизнь независимости и свободе казахского и всех тюркских народов.

**Кілт сөздер:** Мұстафа Шоқай. Өскен ортасы. Кемелденуі Қоғамдық және саяси жұмыстары. Тәуелсіздік жолындағы көзқарастары.

XX ғасырдың басында қазақ және барлық түрік халқының азаттығы мен тәуелсіздігі үшін күрескен тұлғалардың бірі - Мұстафа Шоқай. Көрнекті ойшыл, ұлт-азаттық қозғалысының көрнекті қайраткерінің бар ғұмыры тек белсенді қоғамдық іс-әрекетпен, шығармашылық қызметпен өтті. Мұстафа Шоқай Кеңес кезеңінде ашық айтылмады. Сондықтан оның азаттық жолындағы еңбектері толық жинақталмады. Өмірінің жартысын шетелде эмиграцияда өткізген оның есімі тәуелсіздік алғаннан кейін елге оралды, шығармалары жинақталды. 2015 жылы Мұстафа Шоқайдың 125 жыл толу қарсаңында оның еңбектері Франция, Туркия, Ресей, Өзбекстан, Польша, Америка Құрама Штаты, Ұлыбритания мен Грузия мұрағаттарынан жинақталып шығармаларының толық жинағы шығарылды.

Мұстафа Шоқай 1890 жылы Сырдария губерниясы Ақмешіт уезіне қарасты (қазіргі Шиелі ауданы) Наршоқы ауылында әулетті би шаңырағында дүниеге келді. Өз әкесінен екі жыл ел билеген би болса, үлкен атасы Торғай отыз жылдай билік басында болғандатқа. Атасы Торғайдың патша үкіметінің арнайы дайындаған фотоальбомына кіруі бұл әулеттің Сыр өңіріндегі беделін көрсетеді. Мұстафа алғашқы сауатын бес жасында араб тілін білетін анасы Бақтыдан алды. Ата тегімен, ана сүтімен дарыған қабілетті бала Мұстафа ауыл арасында бала кезінен белгілі болды. «Көп баланың ішінде Мұстафа зеректігімен ерекшелінген. Құранды да жақсы оқитын сол еді. Ата-анасы, өзі бұны мақтаныш санайтын. Үйіне келген кісілерге бала Мұстафа білгендерін айтып, сұрамаса да оқып беретін. Бес жасында домбыра тартуды үйренген» - деп жазған еді Мария Шоқай «Менің Мұстафам» атты естелігінде [1, 203 б.].

Мұстафа алғашында ауыл мектебінен білім алып, кейін Ақмешіттегі екі жылдық орыс мектебін бітірді. 1902 жылы Мұстафаны әкесі

Ташкенттегі ерлер гимназиясына оқуға берді. Ол кезде Петербург өкіметінің Түркістанда орыс тілін білетін жергілікті кадрларға сұранысы күннен-күнге күшейіп келе жатты. Сондықтан Шоқай би баласының білімін орыс тілінде жалғастыруын қалады. Ташкентте жас Мұстафа орыс халқының белгілі ғалымдары В.Бартольт, В.Вяткин, И.Гейер, Ф.Керенский, Н.Авигов, Ә.Диваев және тағы басқа тұлғаларымен танысты. Гимназияда оқып жүріп В.Бартольттың басшылығымен ашылған «Түркістан археология әуесқойлары» үйірмесіне, ориенталист ғалым Н.Остроумов ашқан «Шығыстану» қоғамына тыңдарман ретінде қатысып жүрді.

Мұстафаның рухани өсіп-кемелденуіне башқұрт халқынан шыққан этнограф, фольклорист Әубәкір Диваев көп әсер етті. Мұстафа мен ғылымға ынтық жастар Ә.Диваев арқылы түрік тарихы мен әдебиетімен, мәдениетімен, қазақтардың фольклорымен, Абай Құнанбаевтың өлеңдерімен танысып, білімдерін ұштайды. Ташкент қаласында ашылған «усул-и жәдит» мектебімен танысады. Мектепте ол сол мектепті құрған Мүнәууар кари Абдурашидхановтың ағартушылық туралы, мүфти Махмұт хожа Бехбудидің азаттық жолындағы саяси күрестер туралы ой толғамдарын естіді. Ташкенттен, Қырымнан шығатын жәдитшіл басылымдарды да көзінен қалт жібермейтін. Осы басылымдар арқылы отаршылық қамытын киген түркі халықтарының ұлт-азаттық жолындағы күресі туралы мәліметтерге қаныға түсті. Мұстафа бірге оқитын татар досының әкесі Қазан татары генерал Сақыпкерей Яныкеевпен танысып, онымен саяси тақырыптар туралы әңгімелесетін.

Бұл кезеңде Түркістандағы саяси жағдай қатты шиеленісіп жатқанды. Орыстар басып алған жерлерде жергілікті халықты кемсіту, нәсілдік шектеу саясатын жүргізгендіктен, тұрғындар мен зиялылар арасында жаппай өшпенділік өрши түсті. Ташкентте шығатын «Тараққи» газеті 1906 жылғы 19 тамыздағы санында «Біз Түркістан мұсылмандары, өзімізді осынша қасіретке, кедейлік пен мешеулікке душар еткен орыс бюрократиясынан мейрім күтпейміз», - деп жазған еді. Тек қалада емес, қырдағы халықтың да жағдайлары мүшкіл болатын. Елден келген ағайындар мәселелерін шешу үшін Мұстафаны іздейтін. Орыс тілін жетік білетін, заңды да жақсы меңгерген ол жерлестерінің істеріне көмектесетін.

Мұстафа Шоқай 1910-1914 жылдары Императорлық Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне оқиды. Оқу орнында қоғамдық жұмыстарын ара қарай жалғастырды. Ресейдегі орыс демократтарымен, Дума депутаттарымен үзеңгілес болуы, саяси көзқарастарының бекем қалыптасуына елеулі әсер етті. Онда Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, С.Жантөрин, С.Лапин секілді қазақ зиялылары болатын. Ол саяси күресте әсіресе Әлихан Бөкейханмен тығыз байланыста болды. Оқу оқып жүріп IV Мемлекеттік Думаның мұсылман фракциясының Түркістан істері бойынша хатшы қызметін атқарады. 1916 жылғы дүрбелең кезінде Түркістан мен жалпы қазақ жеріндегі бассыздықтарды әшкерелеп, Мемлекеттік Думаға

арнайы құжатты мәліметтер ұсынды. Сөйтіп, осыған байланысты комиссия құруға себепші болды.

Ақпан төңкерісін қазақ зиялылары қолдады. Зиялылар Дала мен Түркістандағы 25 орталыққа жеделхат жолдап, халықты төңкеріс пен жаңа өкіметті қолдауға шақырды. Жеделхатта жаңа жағдайдың ресей халықтарына бауырластық, теңдік және бостандық әкелетінін баса көрсетіліп, қазақ халқының Құрушы мәжіліс жұмыстарына дайындалу керектігі аталып өтілді. Ақпан төңкерісі Шоқай және «Қазақ» газеті төңіріндегі зиялылардың ұлттық мемлекет құру мүмкіндігін туғызды [3,45 б.].

Мұстафа Шоқай Ақпан төңкерісінен кейін Түркістан өлкесін автономиялық өмірге дайындауға атсалысу мақсатымен Ташкентке аттанды. 1917 жылы сәуірдегі мұсылмандар съезі Түркістан Өлкелік Мұсылман Кеңесін құрады, оның төрағасы етіп Мұстафа Шоқайды сайлайды. Бұл оқиға жөнінде өзінің естеліктерінде Шоқай былай деп жазды: «Аса маңызды Ұлттық Кеңестің төрағасы болу қуанышты жайт болғанымен, кеңес мүшелері арасында жас жағынан ең кіші болып саналатын менің бұл лауазымды иеленуім маған ауыр әсер етті. Себебі, бұл жағдай менің жеке қадір-беделімнің нәтижесі емес, біздегі зиялы қауымның аздығы және оған деген зәруліктің аздығы тұғын. Мен Түркістан ұлттық қозғалыс ұйымына ең соңғы әскер, қара жұмысшы ретінде қатыссамда өзімді ең бақытты жандардың санатына жатқызар едім». М.Шоқай мұсылман қауымының саяси санатын оятуда басты рөл атқарды. Оның басты мақсаты- бүкіл Түркістанның басын қосу еді.

1917 жылы маусымда Мұстафа Шоқай Алашорда партиясының бір топ мүшелері және түркістандықтармен бірлесіп Ташкентте «Бірлік туы» газетін шығарды. Оның бас редакторы Мұстафа Шоқай еді. Газет ақпан төңкерісінен кейін қалыптасқан қоғамдық-саяси жағдай, сондай ақ ел ішіндегі әлеуметтік-экономикалық ахуал туралы хабарларды жариялап, елді бірлікке шақырып, азаттық жолындағы күрестің жаршысы болды [1. 8 б.].

Түркістан жұмысшы және солдат депутаттары кеңестерінің 1917 жылы қарашада өткен III съезі өлкелік революциялық үкіметтің жоғарғы органына жергілікті мұсылман елдерінен бірде-бір өкілін енгізбеді. Бұл жағдай Шоқай төрағалық еткен «Түркістан өлкесі мұсылмандар Кеңесіне» нақты жауап әрекеттерге көшуге итермелейді. 1917 жылы 26 қарашада мұсылмандар Қоқан қаласында төтенше өлкелік IV съезін өткізеді. Бұған Сырдария, Закаспий, Самарқан, Ферғана, Жетісу облыстарынан 200-дей делегат қатысады. Олардың ұлттық құрамы да айрықша еді: қазақ, өзбек, түркімен, қырғыз, әзірбайжан, тәжік, орыс, украин, поляк, еврей т.б. Осы жиын делегаттары 27 қараша күні «Түркістан (Қоқан) территориялық автономиясын» жақтап дауыс берді. Түркістан автономиясының «Халық Кеңесін» құрды. Оған 36 түркістандық және 18 өзге ұлт өкілдері енді. Халық Кеңесінің төралығына С.Лапин, кеңес басшылығы құрамына-М.Шоқай,



Ұ.Ходжаев, М.Бехбуди сайланды. Түркістан автономиясы Халық Кеңесі«уақытша үкіметті» жасақтады.Мұстафа Шоқай үкімет құрамына Сыртқы істер министрі болып сайланды[4,188-189 бб.].

Түркістан автономиясын жариялай отырып Шоқай мен оның серіктестері бұл мақсатты іске асыруды қаншалықты қиын, күрделі екенін түсінді. Ол съезде сөйлеген сөзінде: «Сіздер толыққанды мемлекет құрғыларыңыз келеді. Ал ол үшін бізде адам жоқ, мүмкіндік жетімсіз, әскер құрылмаған. Россия қаншалықты құлдырау кезеңінде десек те, бізден әлдеқайда қуатты... Жариялай салу оңай, алайда біздің жағдайымызда оны сақтап қалу өте қиын» деген ойды айтады.Тура осындай пікірді Алашорда автономиясын құруға байланысты Ә.Бөкейхановта білдірген болатын.

1917 жылы 5 желтоқсанда Орынборда екінші жалпықазақ съезі ашылды. Ол съезге Мұстафа да шақырылды. Съезде Түркістан автономиясының құрылғанын айтып сөз сөйледі. Бірақ алашордалықтар қазақ өз алдына дербес болғанын жөн санады. Өйткені қазақ зиялыларының арасында қазақ мемлекеттілігінің тұтастығы жөнінде ортақ пікір болған жоқ. М.Дулатұлы бұл мәселеге байланысты мынадай түсінік берді: «Ол кезде Түркістан мен қазақ бірігуі керек деушілердің дәлелі» орыстың отаршылдығынан құтылу үшін, күшті болып ұлт тілегімізді жүзеге асыру үшін Орта Азия елдері бірігуіміз керек дейтін. Ә.Бөкейханов: Орта Азия болып (өзбек және басқалармен) бірігуге болмайды, оларда ескішілік (консерватизм) діншілдік, дін жолында ұстанғынынан айырмаушылық (религиозный фанатизм) күшті, оларды ишан, қожа-молда билеп жатқан халық, шариғат жолынан тез арада арылмайтын халық, шару түрі бізден басқа, мәдениет жолында бізден де төмен деген пікірде еді. Мұстафа Шоқай Қазақ автономиясының өз алдына жеке құрылуына қарсы болып, Түркістанмен қосылуды жақтады. Саяси оқиғалар ағымы екі автономияның да ғұмырын ұзақ еткен жоқ[5, 38-39 бб.].

Жалпы дүниетанымдық, түпкі саяси мұраттары жағынан М.Шоқай Алаш қозғалысы көсемдеріне жақын болды. Әсіресе Ә.Бөкейхановтың әлеуметтік-саяси тұрғысымен үйлеседі. Сонда да болса бір үлкен мәселеде олардың көзқарастары алшақ болды. Ең алдымен М.Шоқай Орталық Азиянымекендейтін түрік халықтарын, тіпті одан да тыс жайлаған түрік халықтарын шын мәнінде бір халықтың, әр түрлі бөліктері, яғни жеке-жеке халықтар емес, бір халыққа кіретін ұлыстар деп есептеді. Ұлыстар бірге болғанда ғана қуатты мемлекет құра алды. Олардың мәдени, рухани тамырлары бір. Түркістан ұлттық қозғалысының тарихында Мұстафа Шоқай мен оның алашордалық достары арасында бірінші рет қозғалыстың екіге бөлінуіне жол берілді деп жазды Б.Садыкова [6,248 стр.].

12 желтоқсанда Алаш (Қазақ) автономиясы құрылды. «Алашорда» Халық Кеңесі автономияның үкіметін сайлады. Оның құрамына Мұстафа да кіреді. Бірақ Ташкентте Қоқан автономиясына болшевиктердің қарсы әрекеттерін естіп, тез Түркістанға қайтады. Онда отставкаға кеткен

М.Тынышбаевтың орнына үкімен төрағасы тізгінін қолына алды. Бірақ, Ташкенттегі Жұмысшы және солдат депутаттарының кеңесі құрған кеңестік үкімет, Түркістан автономиясын құлатып, жұртты қанды қырғынға ұшыратты. Большевиктердің Қоқандағы ойранынан қашып астыртын Ташкентке келді. 1918 жылы мамырда Ташкентте Кеңестік Түркістан автономиясы жарияланған күні Мұстафа жараланған солдат бейнесінде пойызбен Батыс Алаш Орда арқылы Самараға келіп, онда Ресей Құрылтайшы мүшелерінің 1918 жылғы маусымда құрған Комитет құрамына енді. Қыркүйектегі Уфа мәжілісінде Мемлекеттік Кеңес мүшесі болды. Қараша айында колчакшылар Екатеринбургте төңкеріс жасап, тұтқында болған делегаттар тобында болған. Одан, әрі оларды Уфаға апара жатқан пойыз Челябинск қаласында жеткенде, серіктерімен бірге қашып шыға алды. Сосын Маңғыстауға келіп, кемемен Каспийден өтіп Грузияға келіп Кавказ мұсылмандары қоғамында саяси қызметтерге белсене қатысты. Орыс тілінде басылатын. «Волный горец», «На рубеже», түрікше басылатын «Йени дүния» газеттеріне Солтүстік Кавказ тау халықтарының саяси мұраттарын бейнелейтін мақалалар жазды. Оны кеңес әскері алғаннан кейін Туркияға кетіп, ұзамай Ресейлік эмиграцияның астанасы Парижге қоныс аударды. Шетелде 1922 жылдан 1941 жылға дейін тұрған М.Шоқай мұсылман эмигрантарының ең беделді басшысы ретінде танылды. «Түркістан ұлттық бірлігі» ұйымының басшысы, әрі саяси көсемі болды. Ол орыс, түрік, француз, ағылшын және поляк тілдерін жетік білді.

Шетелдік және эмиграциялық баспасөздерде кеңес үкіметін сынаған, түркі халықтарының мұң-мұқтажын көтерген мақалалары шығып тұрды. М.Шоқай Туркияда «Жаңа Түркістан» (1927-1931), Берлинде «Жас Түркістан» (1929-1939) журналдарын шығарды. Ол редактор, жетекшісі болды.

Германия армиясы 1940 жылы маусымда Парижді басып алғанда Мұстафа Шоқайды үйінде тұтқындап, Франциядағы орыс тұтқындарымен бірге Компьен лагеріне қамады, одан Берлинге әкетті. 1941 жылғы тамыздың басынан қарашаның соңына дейін неміс концлагерьлерді аралап, тұтқындағы түркістандық және басқа мұсылман жауынгерлердің ауыр жағдайын жеңілдетуге, өлім қаупінен мүмкіндігінше құтқаруға тырысты. 1941 жылы 27 желтоқсанда жұмбақ жағдайда Берлин ауруханасында дүние салды [7, 120-190 бб.].

Мұстафа Шоқай - өз халқына деген шексіз сүйіспеншілігі мен айрықша адалдығын өз өмірінде, күрес үстінде сан рет дәлелдеген аяулы тұлға. Ол тар шеңбердегі ұлтжандылыққа ешқашаан бой алдырмаған, «ру, ұлыстарға бөліп», халықтың ішіне іріткі салатын психологиядан өзін әркез алшақ ұстаған. Мария Шоқай «Менің Мұстафам» атты естелігінде: Мұстафа Шоқайдың бойында саяси менмендік атымен жоқ-тын. Саяси интригандарды жаны сүймейтін, ал жағымпаздық ол үшін өзін-өзі қорлаумен бірдей еді. Оның ниеті - баспасөз арқылы өз елінің бірлігіне

қызметету болатын. «Алла еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізгенін нәсіп етсе, мен тек саяси үгіт ісімен айналысар едім. Жастар Үкімет құрса, мен елімнің тарихы және басқа өлке халықтары туралы кітаптар жазумен шұғылданар едім. Адамдар бірі-бірімен аралауы керек. Халықтар өзара білім алмасып, бірін-бірі терең танып және түсініп, жарасымды қатынас дәрежесіне көтерілсе, сонда ғана халықтар федерациясын құруға жол ашылмақ.» - деп қиялдайтын [3,221б ].

Мұстафа-бей үлкен мемлекет қайраткері, аса көрнекті жазушы және журналист, әрі ең алдымен, өзіндік ерекше сипатқа ие тұлға, тамаша адам болған еді. Әр сөзі мен іс –қимылынан түркістандық екені соншалықты күшті сезілетіндіктен де Мұстафа-бейді Түркістаннан тысқары елестетіп ойлау мүмкін емес...Оның бойында алуан түрлі, тіпті бірі-бірімен түсінісуі екіталай көрінерліктей халықтардың адамдарын біріктере алатын және бірігуі тиіс жалпыадамзаттық құнды мұраттардың бәрі жинақталған болатын. (А.Шулгин. «Мұстафа бей Шоқай оғлы, адам ретінде») [7,118].

М.Шоқай өмірінің соңына дейін Түркістан халықтарының тәуелсіздігі олардың мемлекеттік тұтастығына байланысты деген ойда болды. Бірігіп, бір үлкен ту астына жиналатынына сеніп өтті. Бұл турасында Шоқайдың Еуропа елдерінде ұстанған басты екі мақсаты бар еді. Біріншісі - тәуелсіздік, екіншісі - бір тұтас Түркістан идеясы, яғни Түркістан одағы деп атап көрсетті Мұстафаны зерттеген Әбдіуақап Қара [8,56 б.].

Мұстафа Шоқай барлық түрік халқының азаттығы мен тәуелсіздігі күресініңидеологыболды. Оның түркі халықтарының бірлігі туралы идеясы қазіргі уақытта да өзекті болып табылады.

#### ***Пайдаланған әдебиеттер:***

1. Мұстафа Шоқай шығармалары. «Қайнар» Алматы 2007. 203 б.; 7-8 бб.
2. Дархан Қыдырәлі. Мұстафа. «Деловой Мир»Астана 2012. 17-21 бб.
3. Абдуақап Қар. Шоқай. Арыс баспасы. Алматы 2004.45 б.; 221 б.
4. «Алаш» қозғалысы. Дархан Қамзабекұлы. Шоқай Мұстафа. Руханият орталығы Алматы 2008.188-189 бб.
5. Қойгелдиев М.Қ. Мұстафа Шоқайдың әлеуметтік философиясы. РҚ БҒМ ҒК Философия және саясаттану институты 2011. 38-39 бб.
6. Садыкова Б.И. Мустафа Чокай в эмиграций.Издательство «Мектеп» Алматы 2009. 248 стр.
7. Бейбіт Қойшыбаев. Түнектен оралған есімдер. Тұлға және тарих.«Рух БГ» Алматы 2016. 120-190 бб.
8. Әлем қазақстарының рухани сұхбаты: тіл, мәдениет, Алаш мұраты. «Сардар», Алматы, 2008. 56 б.

## ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ ТҮЛҒАСЫ

**Ысымұлы А.**

Журналист-заңгер, Қазақстанның мәдениет қайраткері

Өтіп бара жатқан 2017 жыл күллі әлемдік құрылысты қақ жарып, дүниені түбегейлі өзгертіп жіберген әйгілі оқиға – тарихқа Ұлы қазан социалистік революциясы деген атпен енген төңкеріске 100 жыл толған жыл болды. Ресей бұқаралық ақпарат құралдарында бұл оқиғаның жай-жапсарын, салдарын жан-жақты терең талдаған жарияланымдар, көрсетілімдер берілді. Бірақ қазақ баспасөзі бұл тақырыпты қозғай қойған жоқ. Ал бұл оқиғаның қазақ қоғамына әкелген пайдасы мен зиянын тағы бір сараптан өткізудің, тарихи сананы жаңғыртудың артықшылығы жоқ еді. Осы төңкеріспен сабақтас Алаш қозғалысына, Алаш өкіметіне, Қоқан өкіметіне де 100 жыл толуы айтар әңгіменің аз еместігін көрсетеді.

Еуропада кеңес өкіметмен саяси күресін жалғастырған көрнекті қайраткер Мұстафа Шоқай 1930 жылы елдегі революциядан кейінгі кезеңнің сабақтарын тұжырымдай отырып, «Автономиядан» азаттыққа!» деген шағын мақаласында бас тақырыпта «автономия» сөзін кекесінмен тырнақшаға ала отырып, өкінішпен былай деп жазады: «Біздің буыны қатпаған жас ұлт-азаттық қозғалысымыз тарихында уақыты келген сайын еске алатын қаншама тарихи күндері баршылық. Міне, сондай тарихи күндердің бірі 1917 жылдың 10 желтоқсаны болып табылады. Бұл күні Қоқан қаласында жиналған Түркістанның 4-ші жалпы өлкелік құрылтайы Түркістан автономиясын жариялады. Біз бұған Түркістанның бүгінгі ұлт-азаттық қозғалысы жолында салынған алғашқы негіз, бірақ бұл жолда өжет атталмаған қадам ретінде қараймыз...

Он үш жыл бұрын біз ұлт-азаттық қозғалысымыздың бағдарламасын жасағанда автономиямен ғана шектелуді дұрыс санадық. Сонда, орыс отаршылдығында болған Польша, Финляндиядан басқа ұлыстар, орыс төңкерісі және орыс демократиясына сенген-ді. Польшалықтар мен финдерден басқа ешбір халық ұлт-азаттығын тез жүзеге асыруды ойлай алмаған еді...

Орыс төңкерісі және орыс демократиясына сенушілік түркістандықтар арасында да бар еді. Бұл ықпал астында біз ұлттық мақсат-мүддемізді іске асыру үшін автономиямен шектелген едік... Біздің орыс төңкерісіне деген сеніміміз және үмітіміз дұрыс шықпады. Орыс төңкерісінің демократиясы жалғыз бұл төңкерісті жоғалтумен қалған жоқ. Ол бізге өз ұлттық мәселемізді онымен достық және ынсап қағидаттары төңірегінде жұмыс-талас арқылы жолға салу жөніндегі қанағатшылдығымыздың қателік екенін ашық көрсетіп берді...

Заман басқа. Уақыт та өзгерді. Біздің халықтың саяси санасы өсті. Халқымыз балиғатқа жеткен жерде. Халқымыз енді ұлттық мақсат-

мұратымызға тек өз тағдырымызды өз қолымызға алғанда ғана шешілетінін түсінді. Ұлттық азаттық бізді бүкіл әлемнен айырып, опырып тастаудың бір Қытай дуалы болмайды. Ұлт азаттығы – халқымыздың ең заңды мәселесі. Ұлт азаттығы залымдардың зұлымдығынан, өз мүддесін ойлайтындардың таласынан жұртты және халықты сақтайтын қорған.». Мүсекең Қоқан автономиясын құрудың сабақтарын өкінішпен осылай саралап, келелі ой қорытады.

Революцияның алғашқы жылдары Қазақ даласы, Түркістан ғана емес, Ресей шет аймақтарының барлығы большевиктердің өкімет билігін өз қолдарына алғанға дейін мәлімдеген: «Ресейдің құрамына кірген барлық ұлттың емін-еркін бөлінуге және дербес мемлекет құруға деген құқы танылуға тиіс. Мұндай құқты жоққа шығару және оны іс жүзінде жүзеге асыруға кепілдік беретін шаралар қолданбау – басып алу немесе жаулап алу саясатына барабар» деген ұстанымына сеніп, дербес ұлттық мемлекеттер немесе Ресей құрамында автономия құруға ұмтылды. Большевиктер Ресей мен Шығыстың мұсылман еңбекшілеріне Үндеу жолдап, уәделерін еселей түсті: «Уақытты өткізіп алмаңыздар, ғасырлар бойы жерлеріңізді жаулап алып келгендерді серпіп тастаңыздар! Ендігі жерде күлге айналған жерлеріңізді олардың тонауына жол бермеңіздер! Өз елдеріңіздің қожайыны өздеріңіз болуға тиіссіздер! Тұрмыс-тіршіліктеріңізді Сіздер өздеріңіздің салт-дәстүрлеріңізге сай, өз қалау-ықтиярларыңызға орай құруға тиіссіздер!». Бостандық арманына қол созым қалды деген осы емес пе.

Большевиктердің осынау уәдесін пайдаланып, Ресейдегі қазан төңкерісінен кейін бір ай шамасында 10 желтоқсанда іле-шала құрылған Қоқан автономиясы Қазақ мемлекеттілігіне тікелей қатысы бар үлкен тарихи оқиға еді. Бұл мемлекет кеңестік тарихта мәні кемітіліп, бір қаланың аясындағы ғана құрылым сияқты көрсетіліп, «Қоқан автономиясы» деп аталды. Ол кезде Түркістан өлкесінің орталығы Ташкент большевиктер қолында еді. Олардың қолында күш, әскер болды. Сөйтіп, Түркістанда қос өкімет – Ташкентте кеңестік, Қоқанда ұлттық автономия (мұхтарият) жарияланды. Қоқан автономиясының алғашқы Премьер-Министрі Мұхамеджан Тынышбаев, көп ұзамай Мұстафа Шоқай болды. Білікті адамдар аз, әскер жоқ, қаржылық мүмкіндік шектеулі, айнала анталаған дұшпандық жағдайында мемлекет құру, көрші елдермен келіссөздер жүргізе отырып, ынтымақтаса өмір сүру қарекетіне М. Шоқай беріле кіріседі.

Бұл мемлекетті Қазақстанға қатысы жоқ сияқты етіп көрсетіп тұрған «Қоқан автономиясы» деген атауы ғана. Сол кезде бүкіл Жетісу, Оңтүстік, Сыр бойы әкімшілік-аумақтық тұрғыдан Түркістан өлкесіне қарайтын, сондықтан Түркістан республикасы дегеніміз (ұлттық болсын, кеңестік болсын) кезінде патша өкімет бөліп тастаған жарты Қазақстан. Талай зиялымыздың өмір тарихы, қызметі Ташкентпен байланысты болатыны содан.

1924 жылы қыркүйекте Ресей Федерациясы құрамындағы Түркістан автономиялық кеңестік республикасында жергілікті қазақ, қарақалпақ, өзбек, қырғыз, тәжік және түркімен халықтары тұратын аумақтарды ұлттық межелеу нәтижесінде Түркістанға қарап келген байырғы қазақ жерлері Жетісу, Оңтүстік және Сыр бойы Қазақстанға қайта қосылды. Патша өкіметі біртұтас қазақ елін өзіне қаратып болған соң 1867 жылы әкімшілік тұрғыдан үш аймаққа бөліп тастаудың салдарынан үшке бөлініп қалған халқымыз, жеріміз қайтадан біртұтас болып бірікті.

Қоқан автономиясы екі жарым айдай ғана уақыт өмір сүрді. Түркістан кеңестік үкіметі оған тұтқиылдан шабуыл жасап, озбырлықпен құлатты. Қоқан қаласының 200 мың тұрғынының төрттен бірі ғана аман қалды. Ресейдің келісімінсіз ендігі жерде Түркістанда ешкім де, ешқашан да автономия құруды ойламауы үшін осындай қорқыту шарасы қолданылғанды, – деп атап көрсетті жазушы Ә. Әлімжанов. Адал тілекшілерінің арқасында сытылып кеткен М. Шоқайды ұстау үшін большевиктер оның басына 1 мың рубль тікті. Елім деген Ерді ешкім ұстап бермеді. Ал Ферғана тауына тығылғандар 1928 жылға дейін он жыл қарсылық қозғалыс жүргізіп бақты, кеңестік тарихта олар бүлдіргі «басмашылар» деп аталды.

Большевиктердің ұлттардың өзін-өзі билеу құқығына кепілдік беру уәдесі бос сөз болып шықты. Қоқан автономиясын құлатып қана қойған жоқ, өздері 1917 жылғы 16 қарашада құрған Түркістан кеңестік үкіметінің құрамына бірде-бір жергілікті халықтар өкілі түркістандықты тартпаған еді. Қазіргі кезде мұсылмандарды жоғары өлкелік, төңкерісшіл өкімет органдарына енгізуге мүлде болмайды деп, жергілікті халықтар өкілдерін билік маңына жуытпай қойған-ды. Шет аймақтардың Ресейден бөлінуін талап ету социалистік төңкеріске қарсылық деп бағаланды. Көп ұзамай қызылдар қазақ даласында Алашорда өкіметін де құлатты.

Елін азаттыққа жеткізу, іргелі мемлекет құруға ұмтылыс күллі қазақ зиялыларының ортақ мақсаты еді. М. Шоқай күллі түркі халықтарының басын біріктірген тұтас Түркістан автономиясын құруды ұсынды, орыстың отаршылдығынан құтылу үшін Орта Азия елдері бірігуіміз керек деп түсінді. «М. Шоқай өзінің туған елі қазақ халқының тәуелсіздігін Түркістанда көне замандардан бері тұрып келе жатқан туыстас өзбек, қырғыз, түркімен және басқа халықтардың тәуелсіздігінен бөліп алып қараған емес. М. Шоқай үшін Түркістан халықтарының тұтастығы мен Түркістан халықтарының еркіндігі – бірінсіз бірі жоқ егіз ұғымдар» дейді тарихшы ғалым М. Қойгелді. Ол Түркістандағы бауырлас халықтар бір болғанда ғана ірі боларын, ірі болғанда ғана тірі қаларын ойлаған еді.

Мүсекең Түркістан деп шырылдағанда қандай халықтарды, қандай өлкелерді айтқан дейтін болсақ, ол кісі жалпы Түркістанды Батыс Түркістан, Шығыс Түркістан және Оңтүстік Түркістан деп үшке бөлген. Шығыс Түркістан – қазір Қытайға қарайтын Шыңжан, Оңтүстік Түркістан – қазір Ауғанстанға қарасты аумақ, Батыс Түркістан немесе Ұлы Түркістан – Орта

Азия мен Қазақстан. М. Шоқайдың арпалысып жүргені осы – Ұлы Түркістанды құру. 1936 жылы Берлин қаласында Еуропада оқуда жүрген Түркістан жастарының алдында сөйлеген сөзінде былай дейді:

«Бүгін Қазақстан, Қырғызстан, Қарақалпақстан, Түркіменстан һәм Тәжікстан деп, жат үкімет күшін алты жұмхұриетке бөліп тұрған Түркістан – бөлінбес, айнымас бір өлке. Халқының қаны бір, тілі бір, діні бір... Бәріміздің құбыламыз – өзіміздің ата жұртымыз, өлкеміз Түркістан болмақ! Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан беру – бәрімізге бір мақсат... Түрік халқы – батыр халық. Түрік халқы – арыстан ер халық. «Кімнен таяқ жегендей біздің түріктің баласы, алдырып жүрген дұшпанға ауызының аласы». Бұл нақыл сөзді ұмытпауымыз кере.». Мүсекеңнің түркі халықтары ауызбірлікті болыңдар деген бұл жалынды ұраны әлі де өміршең екенін тарих көрсетіп отыр.

Алаш алыптары шоғырына жататын арыстарымыздың әрқайсысының орны айрықша. Оларды бірінен бірін ажыратып қарау да, еңбектерін таразылау да жөн болмайды. Солардың ішінде Мұстафа Шоқай – сан қырлы ерекше тұлға, мемлекет басқарған қабырғалы қайраткер. Ол Түркістанның тұтастығына толық сенген, сол жолда басын бәйгеге байлаған Ер. Саяси көзқарас кеңістігі тұрғыластарынан әлдеқайда кең болмаса кем болмаған М. Шоқай қазақтың тәуелсіздігін Түркістанның тәуелсіздігінен бөліп қарамаған.

Шоқайдың тағы бір қыры, ол – қазақтың, тіпті, Түркістанның тарихында алғаш саяси эмиграцияға кеткен және басшылық еткен ірі тұлға. Оған дейін біздің тарихымызда шет елдерге шыққан адамдар болғанымен, саналы түрде, күрес жүргізу үшін эмиграцияға кеткен тұлғалар болған емес.

Сонымен қатар, шет елдерде большевизмге қарсы блоктың белсенді басшыларының біріне айналған Шоқай қазақ тарихында Батысқа танымал алғашқы саясаткер. Ол Грузия, Түркия, Германия, Франция, Британия, Италия, Польша, Чехия сияқты елдерді аралап жүріп, түрлі халықаралық беделді ұйымдармен байланыса отырып, Кеңес Одағындағы қанды қырғын мен солақай саясат туралы мақалалар жазып, Батыс әлеміне таратты. Сол тұста алашордашылар тұтқында отырғандықтан немесе атылып кеткендіктен, біз анық ақиқатты Шоқайдың шет елдерде жүріп жазған еңбектерінен табамыз. Кеңес өкіметі өз билігінің бас кезінде-ақ отызыншы жылдары қазақтың ұлттық мүддедегі қайраткерлерін түгелдей дерлік жойып, халықты басегесіз қалдырған жағдайда, М. Шоқай шетелге сытылып шығып кетуінің арқасында кеңестерге қарсы саяси күресін өршелене тоқтатпаған, большевизмнің бітіспес жауына айналған бірден бір аса ірі қайраткер еді.

Мұстафа Шоқай 1890 жылы 25 желтоқсанда (қазіргі күнтізбемен 1891 жылы 7 қаңтарда) қазіргі Қызылорда облысының Шиелі ауданы Сұлутөбе ауылында Наршоқы деген жердегі қыстауда дүниеге келген. Шын туған жылы – 1886 жыл. 1890 жылы Нұртаза деген інісі туылған. Құжаттарында

туылған жылы 1890 жыл болып жазылып кетуінің себебі – Ташкентке гимназияға кеш барғандықтан, жасын кішірейтіп жазуға тура келген сияқты. Мұстафаның туған жылын анықтайтын дерек – ОГПУ органдарының 1926 жылы М. Шоқайға толтырған деректеме қағазы. Мұнда «ұлтшылдық ұйымның мүшесі» М. Шоқайдың туған жылы 1886 деп көрсетілген.

Қоқан өкіметін құлатты екен деп мұқалған Мүсекең болмайды. 1918 жылы тамыздың аяғы және қыркүйектің басында әуелі Орынборда, одан кейін Самарада Түркістаннан М. Шоқай мен Ұбайдолла Қожа, Алаш көсемдерінен Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Тынышпаев және Башқұрт үкіметінің басшысы З. Уәлиди, басқа да қайраткерлер қатысқан бірқатар маңызды саяси жиналыс өтеді. Міне, осы жиналыстарда олар Алаш, Башқұрт және Түркістан үш өкіметінің «Оңтүстік-Шығыс автономиялық мұсылман өлкелері одағы» федерациясын құру, қазақ және башқұрт әскерлерін бір армияға топтастыру туралы саяси шешім қабылдайды. Мұстафа Шоқайдың біртұтас Түркістан идеясы осылай күні кеше әртүрлі пікірде болған ұлт қайраткерлерінің басын түйістіреді. Қазақ зиялыларының көсемі Әлихан Бөкейханов бастан өткен Алаш және Түркістан мемлекеттерін құру тәжірибелерін сабақтай келе, бұған дейін ұстанып келген «Автономия құру – өз алды мемлекет болу. Мемлекет болып іс атқару оңай емес. Біздің қазақ іс атқаратын азаматқа жұтаң отырған болса, біздің жалпы қазақ қараңғы болса, Түркістан халықтарының қараңғылығы һәм шебер адамның жоқтығы бізден он есе артық» деп, бірігуді қажет таппаған қағидатты ойынан айныған.

Олар осы шешіммен тоқтап қалмайды, большевиктерге қарсы Ресейдің саяси қозғалыстары Уфада жиналған мемлекеттік кеңес конгресіне қатысады. Конгрестің мақсаты демократиялық жалпы Ресей өкіметін құру еді. Жиналыс Екатеринбургте жалғасады. Конгресс өзінің атқарушы Комитетін құрады. М. Шоқай осы Комитет төрағасының орынбасарлығына сайланады. Осы жиналыста қабылданған тағы бір шешім бойынша М. Шоқай, тағы үш адам АҚШ-қа барып, президент Вильсоннан қолдау көмек сұрауға тиіс болады. Бұл күллі Ресей саяси қозғалыстары серкелерінің арасында Мүсекенің аса танымал, беделді қайраткер болғандығын көрсетеді.

Сапарға дайындалып жатқан кезде өзін Ресейдің жоғарғы билеушісімін деп жариялаған адмирал Колчак өзіне бәсеке орган мүшелерін қамауға алады. Көзден тасалау жерге алып барып бәрін атып тастау үшін поезға мінгізіп әкетіп бара жатқанда тұтқындар Челябині вокзалында көтеріліс ұйымдастырып, қашып кетудің сәті түседі. Алла сәтін салып, қайран ер осылай Қоқаннан кейін екінші рет төніп тұрған өлімнен аман қалады. Осылайша бір жағы орыс демократиясын пайдаланып, екінші жағы күллі мұсылман зиялылары тізе қосып, Швейцария үлгісіндегі «Оңтүстік-Шығыс автономиялық мұсылман өлкелері одағы» федерациясын – Ұлы Түркістанды құру мүмкіндігі тағы да уыстан шығып кеткен еді. Тарих басқаша қалыптасты.



1919 жылғы ақпанда Мұстафа Шоқай Маңғыстауда Форт-Шевченко қаласында кемеге отырып Әзірбайжанға өтті. Бұл оның туған жерден біржолата кетуі екен. Еуропа халықтарының да тілін білген Мұстафаны шетелге кетіп, күресті идеологиялық тұрғыдан жүргізуіне кеңес берген ұстазы Әлихан Бөкейханов. Азаттық қозғалысының бұрын жабық болған құжаттарымен танысқан тарихшылар қазір осылай дейді. Әлекеңнің көрегендігі де сонда, елде қалғандар кеңес өкіметін мойындағандарымен, бұрынғы қарсыластарын кеңес өкіметі тірі қойған жоқ, тірі қалғандарының күресерге дәрмені қалған жоқ. Күресті жалғастырған қазақтан жалғыз саяси елауған Мұстафа Шоқай еді.

Аласапыран заман оны барған сайын елінен алыстата берді. 1919 жылы Грузияға өтіп, Тбилисиде екі жыл тұрды. Жары Мария артынан жетіп, екеуі қайта табысады. Бұл да Марияның ерлігіне балар іс еді. Шет елдерде қаржы тапшылығынан көрген тұрмыс қиыншылығы көп болыпты, бірақ барлық уақытта мойымай амалын тауып отырған. Мұстафаның ұлтшылдық ұстанымына ешуақытта қарсы келмей, қолдап отырған. Мұстафа да мәселе бұқара орыс халқында емес, мәселе Түркістанды отарлау саясатын жүргізіп жатқан басшылықта деп, күрес мәнісінің ара жігін ашып көрсеткен.

1921 жылы ақпанда қызылдар Грузияны басып алып, жағдай өзгерген соң олар Батумиде кемеге мініп, Түркияға кетеді. Туыс ел болғанымен, онда да көп тұрақтай алмай 1921 жылы көктемде Парижге келеді. Париж түбіндегі шағын Ножан-Сюр-Марн қаласында тұрақтайды. Мүсекең қай елге барғанда да бас сауғалап, тек жан бағып жүрмеді, саяси күрестің мүмкін жолдарын іздестіреді, мақалалар жазып баспасөзге белсене араласады, газет, журналдар шығарады. Еуропадағы 20 жылда түрік-мұсылман халықтарының ұлт азаттығы жолындағы қозғалыстар оның төңірегіне топтасты.

1924 жылы Түркістан ұлттық бірлігі ұйымы құрылып, оған мүше болады, кейін оны өзі басқарады. Ұйымның «Йени Түркістан» («Жаңа Түркістан»), «Яш Түркістан» («Жас Түркістан») журналдарын ұйымдастырды. Орыс елауғандарының «Дни», «Последние новости» газеттеріне, француз, ағылшын, поляк басылымдарына жүздеген мақала жазады, үш кітап шығарады. «Яш Түркістан» журналының 1931 – 1936 жылдарғы барлық нөмірінің түпнұсқасын Қазақстан сатып алды, ал «Йени Түркістан» журналының 1927 – 1931 жылдарғы сандарының көшірмелерін Түркияда тұратын тарихшы ғалым Әбдіуақап Қара бауырымыз Отанына сыйға тартты.

М. Шоқайдың халықаралық байланыстары тек түркі халықтарының өкілдерімен шектеліп қалған жоқ. Ол Украина мен Кавказ халықтарының Еуропадағы өкілдері құраған Прометей одағына кірді. Бұдан басқа, Парижде Кавказ, Түркістан және Украина халықтары достық комитетін құрып, оның басшысының орынбасары болып сайланды. Ағылшын парламенті, жапон үкіметі мүшелерімен байланыс орнатты. Елдегі ахуалға құлақ түріп, кеңестік баспасөзді, кітаптарды талдап отырды, соларда айтылған фактілер негізінде

кеңес өкіметі халық басына түсірген нәубетті, ашаршылық, қуғын-сүргін қырғын туралы Еуропа елдеріне жария етті, большевиктердің қылмысын әшкереледі.

«Кеңестер билеген Түркістан» және «Қазақ жеріндегі ашаршылық» және басқа да көптеген мақаласында ел жағдайын ашына баяндайды. «Мен большевик Сафаровтың айғақтарына сүйенемін. Ол – ВЦИК-тің Түркістан істері жөніндегі арнаулы комиссиясының мүшесі. Сафаров былай деп жазады («Правда», №133, 20 маусым 1920 жыл): «Перовскіде (Сырдария облысы) патша жендеті Гержот деген билік етуде. Ол тұтас бір халықты – қазақтарды қырғынға ұшыратты. Соның кесірінен бір миллиондай қазақ аштан өлді». Қолында қайрат қылар дәрмен жоқ қайран ер Мұстафа Шоқай кеңес саясатын осылай өз ауздарымен әшкереледі.

Оның сындары құр байбалам емес, өткір де өзекті шығып отырды. Тек Түркістан халықтары туралы ғана емес, Кавказ, Шығыс Түркістан, Түркия мәселелеріне де қалам тартты. Бұрынғы тәуелсіз Украина халық республикасының сыртқы істер министрі, профессор А. Шульгин: «Егер Түркістан тәуелсіздік алып, М. Шоқай тірі болса, ол Джавахарлал Неру, Ататүрік сияқты қайраткер болар еді» деп бағалаған екен.

М. Шоқайдың осындай белсенді қызметі елдегі қарсыластарының бәрінің көзін құртып үлгерген кеңес басшылығын, Сталинді қаты алаңдатты. Сондықтан оның туған-туыстары есепке алынып, қуғынға түсті, атылды. Оның өзін өлтірудің де амалдары ойластырылды.

М. Шоқайдың шетелдегі саяси қызметінің ең таласты кезеңі гитлерлік Германиямен байланысы. Немістер оны 1941 жылдың жазында Франциядан Берлинге алып келіп, өз мақсаттарына пайдалануды ұйғарған. Мұстафаны тұтқын түркістандықтардың тізімін жасауға, білімін, мамандығын анықтауға жұмсаған. Осы орайда айта кететін мәселе – орыс емес тұтқындардың санын анықтау, олардың көңіл ауанын барлау мақсатында немістер тек М. Шоқайды тартпаған, кеңестік шығыс халықтарының 600-ге жуық адамы – саяси мұғажырды тартып, 25 комиссия құрған екен. Тұтқын кеңес жауынгерлерінен құрылған жасақ жалғыз Түркістан легионы болмаған және ол легион М. Шоқай қайтыс болған соң, 1942 жылы жазда құрылған.

Ал М. Шоқай алғашқы екі-үш айдың ішінде кеңестік тұтқындарды аралап, жүздеген түркістандық тұтқынның ауыр өлімші жағдайын жақсартуға көмектеседі, сол үшін эпербақан менмен неміс офицерінен шапалақ та жейді. Мысалы, 1941 жылдың 9 қарашасында 80 түркістандық тұтқынның тізімін жасайды, олар мамандық алу үшін Люкенвальд қаласына жіберіледі деген мәлімет келтіреді тарихшы ғалым К. Есмағамбетов М. Шоқайға арналған «Әлем таныған тұлға» зерттеу еңбегінде. М. Шоқайдың «Түркістан легионын» құруға немесе Кеңес Одағына қарсы бағытталған қандай да болсын барлаушылық-диверсиялық әрекеттерге қатысы жоқтығы

соғыстан кейінгі жылдары оған жүргізілген тексеру-тергеу барыстарында толық анықталды.

Тұтқындар лагерьлерін аралап, ондағы адам төзгісіз ауыр жағдайды көргеннен кейін Мүсекең өзін пайдаланғысы келіп отырған неміс басшылығына мынадай хат жазады: «Гете, Фейербах, Бах, Бетховен, Шопенгауэр сияқты ұлыларды тәрбиелеген ұлттың тұтқындарға жасап отырған зұлымдығын көре отырып, мен Түркістан легионын басқару туралы ұсыныстан және сіздермен әрі қарай жұмыс істеуден бас тартамын». Бұл өзіне үкім шығарумен барабар еді. Көп ұзамай 1941 жылғы 27 желтоқсанда Берлиндегі Виктория ауруханасында жұмбақ жағдайда көз жұмады. «Сүзектен қайтыс болды» деген анықтама толтырылады. Қазір зерттеушілер ол кімнің тарапынан болса қастандықтан өлген деген болжамға келіп отыр.

Баспасөзде М. Шоқай қызметі туралы мақалалар жариялануда. Республика жұртшылығына Мұстафа Шоқай қызметі туралы кеңінен насихаттау қажет, өйткені оның саяси қызметі туралы кеңес заманында сіңірілген жаптым жала, жақтым күйе теріс ұғым талайдың санасынан әлі де өше қоймаған. 2014 жылы Астанада бір орта мектепке Мұстафа Шоқай есімін беру туралы ұсыныс қалалық мәслихат қарауына шығарылғанда қала депутаттарының біразының Мүсекең туралы жаңсақ пікірде болуы, ұсынысты өткізбеуі осының дәлелі.

Мұстафа Шоқай кеңестік биліктің отаршылдық сипатын дөп тани алған және оған қарсы бітіспес күреспен өмірі өткен, бұл күреске Түркістан халықтары тарихында жаңа мазмұн беріп, тың деңгейге көтерген ұлы қайраткер. Ол кеңестік басқару жасаған пайдалы істерді де көре алды, бірақ ол игіліктердің бәрі жергілікті халықтың жағдайын жақсартуға соншалықты ұмтылыстан емес, отарлық саясаттың астары деп түсінді. Барлық басқару мекемелерін, жоғарғы және төменгі буындарда орталық Ресейден келген орыстардың отыруы, тәуелсіз республика дегеннің тек қағаз жүзінде екендігінің дәлелі деп бағалады. «Патшалық дәуірдегі империализм коммунистердікінің қасында баланың ойыншығы сияқты» деп жиі айтатын деп жазды естелігінде жары Мария анамыз. Мұстафа Шоқай біржақты кетті деп ешкім де айта алмас. Иә, кеңес өкіметінің жетпіс жылдық тарихында Қазақстанның бірінші басшысы болып үш рет қана қазақ сайланғандығы, қай деңгейдегі қызметті алсаңыз да, егер бірінші басшы қазақ болса, орынбасарлығына желкеден қарап тұратын орыс отырғызылғаны немесе орыс бірінші басшылыққа сайланса, орынбасар қазақ оның ығында жүргені әлі көз алдымызда. Әбден тықсырылған халқымыз ақырында 1986 жылы ұлт-азаттық Желтоқсан көтерілісіне шықты емес пе.

Мүсекеңнің қалдырған рухани мұрасының ішінде ұлттық зиялыларға арналған мақаласына да тоқтала кетейік. «Ұлттық зиялы деп кімдерді айтамыз. Бір қарағанда жеңіл көрінгенімен, шын мәнінде бұл сұрауға дұрыс жауап қайыру оңай емес. Оқыған, тәрбие көрген адамның бәрін зиялы деп атап, оны сол адам өзі тән болған ұлттың «ұлттық зиялысы» қатарына қоса

беруге болады деп ойласақ, сөзсіз, қателесміз. Біздіңше, белгілі бір мұрат-мақсаттардың соңында жүрген және сол белгілі мұрат-мақсаттары төңірегіне жиналған оқымыстыларды ғана зиялы деп айтуға болады. Ұлттық зиялылар қатарына тек өз халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтқысыз қызмет ете алатын адамдар ғана кіре алады...

Халықты ұлт деңгейіне көтеру, яғни жері, суы, қазынасы, тілі мен діні бір болған халық бұқарасын бірлестіріп, олардың санасын біртұтас саяси, әлеуметтік, ұлттық санаға жеткізуде ұлы тарихи міндеттің маңызды бір бөлігі зиялылардың үстіне жүктеледі» дейді Мұсекең. Осылай дей келе жастарға ұлттық рухта тәлім-тәрбие беруге, ұлттық рухтан айырылып қалмауына аса мән береді. «Батыс тәрбиесін алған зиялыларымыздың аянышты жері – рухани жақтан өз халқына өгей болып қалуы еді. Батыс тәрбиесі көптеген туысымызды халқымыздың жан-дүниесіне сіңген, ұлттық тарихымыздың өн бойында жатқан «Шығыс зердесінен» айырды. Олар, яғни Батыс тәрбиесін алған туыстарымыз басқа жақтан жинаған білімдерін өз халқының өмірімен (Шығыс зердесімен) бірлестіре алмады» деп сақтандырады. Ал Мұсекеңнің бұл пікірінің мысалы қазіргі қазақ қоғамыда, өкінішке қарай, аз емес. Өткен ғасырдың басында қазақ зиялылары армандаған Тәуелсіз жас мемлекетімізді нығайтуда, бүгінгі қазақ қоғамындағы зиялы қауымды «зиянды қауым» дейтін де ащы сөздің кейде айтылып қалуы кейбір зиялы дейтін адамдардың іс-іәрекеті халық оймен қабыспай жатуынан туындаса керек. Осы ретте Мұстафа Шоқай пікірі Елбасының «Рухани жаңғыру» мақаласында ел азаматтарынан алдына қойып отырған іргелі міндеттермен дәп түсуі Мұсекең мұрасының өміршеңдігін көрсетеді.

Бүгінде Түркістан халықтары тәуелсіз мемлекеттер құрып отыр. Қазақстан тәуелсіздігін жарияласымен іле-шала бірнеше сағат ішінде ең алдымен таныған Түркия болды. Қазір Түркі мемлекеттері басшыларының, парламенттерінің ынтымақтастығы, мәдени байланыстар сияқты жоғары деңгейдегі қарым-қатынастар Мұстафа Шоқай арманының орындалғандығы.

Еуропада мұғажырлықта жүріп, сол бір болашақ бұлыңғыр жылдарда халықтарының келешегі үшін бастарын қатерге тіккен, саяси күресте иықтас болып, бір-бірінің қадірін білген замандасы Украина халық республикасының сыртқы істер министрі, профессор А. Шульгин былай деп жазған екен: «Түркістан бір күндері жаңарып, өз батырларын еске алатынын, Мұстафаға Перовскіде, не Ташкентте ескерткіш қоятынын білмеймін. Бірақ халық оған өз жүрегінен ескерткіш орнататынына кәміл сенемін».

Иә, қайран Ер Мұсекең халқының жүрегінде. Оның ерлік істеріне разы тәуелсіз Отаны, күллі Түркістан жұрты Астана, Ташкент, Бішкек, Ашғабад, Анкара, Уфа, Қазан төрінде үлкен ескерткіштер қоятын болар әлі. Әзірге Мұстафа ескерткіші туған елінде Қызылорда қаласында, Шиелі ауданының орталығында және туған ауылы Сұлутөбеде ғана. Францияның

Ножан-Сюр-Марн қаласында Мүсекеңдер тұрған үйдің жанына оның ескерткіші орнатылды.

## **РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ-МҰСТАФА ШОҚАЙ ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯСЫ**

**Мұсабаева А.Н.**

М.Шоқай атындағы №187 орта мектебі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент,  
Қызылорда қаласы

Әлемге аты мәлім қоғам қайраткері, саясаткер, ақиқат жолында бас тіккен, азаттық үшін тағдырдың азабы жоқ, адалдықтан басқа жолы жоқ Мұстафа Шоқайдың біртұтас Түркістан мемлекетін құрудағы қызметі, қайғысы, қасіреті, мақсат мүддесі кешегі кеңес өкіметі кезінде құлып астындағы құпия болды. Күллі түрік миллеттінің туыстық бірлігін сақтап, Түркістан автономиясын құру тұрғысындағы Мұстафа Шоқайдың жан кешті қызметін Кеңес идеологтары жаулық әрекет сипатында көрсетті. Ал Мұстафаның басты кінәсі-өз ұлтына деген шексіз сүйіспеншілігі еді. Айыбы –Ата мекенге, ана сүтіне адалдығы.М.Шоқай өле-өлгенше осы бағытынан айныған жоқ.

Уақыттан асқан кемеңгер барма,қазақ зиялылары жан алып, жан беріскен ел егемендігі тарихи мерзімі жеткен күні өз аяғымен келді. М.Шоқайдың бүкіл өмірінің мәні мен мағынасы, арманы осы егемендік. Өлмес рух елімен қайта табысты.Заман озды,өмірде тозбайтын ештеңе жоқ. Затта ,жермен көкте, адамның атыда ескіреді. Бірақ қараңғылық қойнауында жанған шамшырықтай Мұстафа есімі жыл өткен сайын жарқырай түсуде.

М.Шоқайдың көшпелі қазақ халқы мен түрік туыстас ұлттарға деген сүйіспеншілік іргетасы бала кезде қаланған.

1902 жылы әкесіне еріп Ақмешітке келген бала Мұстафаның далалық тәрбиенің көрігінен өткен, ой санасы ақ қағаздай кіршіксіз кезі еді.Ақыры орысша білім алудың әліппесін Сұлутөбеде бастаған Мұстафа 12 жасында бастауыштан соң, 1902 жылы Ташкент гимназиясына оқуға түседі.

Гимназияда өткен 8 жыл ішінде Мұстафа көзқарасында жаңа бетбұрыс пайда болды.Ташкент орыс, қазақ, өзбек, түрлі ұлт өкілдері бас қосқан патшалық Ресейдің әкімгершілік орталығы іспетті еді.

Ташкенттегі орыс ұлты мен жергілікті халық арасындағы теңсіздікті, келіспеушілікті көзімен көрді. Мұстафа бойынан ұлтжандылық сезімінің оянуына алдымен орыс шовинизмі ықпал етті. Алғашында орыс

алпауыттары мен патшалық Ресейдің отарлаушылық саясатына саналы түрде қарсы шығып, инстинкт түрінде қорғанды.

Ресей патшалығының көзге көрініп тұрған бір зорлығы қоныс аударған орыстарға көшпелі қазақтың жайылымы мен қысталарын күшпен тартып алып бергені. Мұстафа мәселені Сенатқа дейін апаратын «бастықтың пиғылы түзу болмаса, заңнан қайран жоқ» деп Бисмарк айтқандай, орыс мемлекетінің отарлау саясатына қарсы тұратын күш жоқ еді.

1917 жылы университет бітіргеннен кейін: кейбір тарихшылар «ақпан төңкерісін қуаттап, ол еліне бостандық алып келеді» деп түсінсе, «Эсерлер партиясына мүше болды» деп жазғандай, М.Шоқай ұлттық саяси өмірдің тоқсан тарау айырығында тұр еді.

Орта Азия өз тағдырын өзі шешетін Түркістан автономиясына Сырдария, Ферғана, Самарқанд. Уәлайаты толығымен қатысса да, орыс большевиктері кемітіп «Қоқан автономиясы» деп атаған аз күндік жаңа құрылым Мұстафа Шоқай идеясының түпкі мақсаты болатын. Мұстафа Шоқай Түркістан жамиятының келешек өз тағдырын өзі анықтайтын және мемлекет болуын мақсат етіп қойды. Осы мақсатта ептеп уақытша өкіметтің өзі билеу мүмкіндігін береміз деген бірде-бір орыс демократтарына сенген жоқ. Олар үкімет басына келгесін сөзсіз айнып кетеді деген, пікірін өз арасында түсіндірумен болды. Сондықтан, Ресейден енші алуда қызбалыққа, асығыстыққа ұрынбай жан-жақты ойластырған саясат жүргізу керек еді. Ресейдің демократ билейшілері іш тартып қалмас үшін Мұстафа Шоқай «ұлттардың өз өзін билеуін», Ресеймен шекаралық, қаржылық және сыртқы саясатта бірлігін жоққа шығармайтынын дәлелдеп берді.

Автономиялық мемлекет құру Түркістан зиялыларының өз мүддесі ғана еді. Оны орыстың большевигі, меньшевигі де қолдамас еді. 1917 жылы 8 желтоқсанда «Қоқан автономиясы» уақытша үкметі құрылды. Оның басшысы болып алғашында Мұхамеджан Тынышбаев, екі аптадан соң Мұстафа Шоқай сайланды.

Мұстафа Шоқай Түркістан халқы арасындағы қоғамдық белсенділіктің, сауаттың ұйымшылдықтың, рулық жетістіктің қандай деңгейде екенін жақсы біледі.

Жаңа автономияда сот жүйесін қазылар алқасы немесе шарифат жолымен жүзеге асыруды ұсынған кезде «фуластық тамыр белең алып кетеді» деп бірден қарсы болған. Мұстафа түрік тектес халықтың психологиялық дәстүрлі ерекшелігін жақсы білетін. Сондықтан жалпы мемлекеттік сот құруды ұсынды.

Қоқан автономиясының құлауына себеп көп. Жергілікті халықтан кең көлемде қолдау таппады, уақытша үкіметпен сенімді байланыс жоқ, ел ішінен іріткі салатын алуан түрлі қоғамдық қозғалыс өріс алды. Ең бастысы, Петербургтен бастау алып Ташкенде өрістеген жұмысшы-солдат депутаттарының үкіметі Қоқан автономиясының Түркістан өңірінде қауіпті аймақтың бірі деп санап, көзін жоймаққа жанталаса кірісті. Ақыры, Қоқан

автономиясы қанды қырғынға ұшырады. Соның салдарынан елде басмашылық қозғалыс өріс алды.

Мақала көлемінде М.Шоқай тарих бетінде таңбалы із болып қалған барлық қызметін түгелдеп беру мүмкін емес. 1918 жылы одан Түркия кейін Париж бен Берлинге ұласқан қоғам қайраткерінің өмір жолы бүгінгі ұрпақ үшін өнегелі жол. М.Шоқайға коммунистік қоғам идеологтарының күллі Түркістанға жасап отырған зорлық зомбылығы, қарапайым халыққа берген ақыреті, оның өмірінің қайғысы мұң болды.

Орыс демократтарына үміт артуды үзілді-кесілді тоқтатты. Тіпті, сенімді деген Сұлтанбек Қожановтың «Қоқан автономиясының» мүшелеріне Кеңес үкімет кешірім берді деген хабар тигенде де компартия басшыларының екіжүзділік саясатын күнілгері біліп елге оралмады. «Волный горец», «Борьба», «На рубеже», Стамбулда «Жаңа Түркістан», кейіннен «Жас Түркістан» газет журналдары арқылы күллі өмірін азаттық үшін күреске жұмсады.

Варшавада Шығыстану институты 1929 жылы Кеңес одағының ішкі және сыртқы саясаты туралы ғылыми-теориялық конференция ұйымдастырды.

«Сталин социализмді-тонаушылықты қамтамасыз ететін саяси жүйе» деген 1937 жылы жазған мақаласында Кеңес үкіметінің өз халқына жасаған тонаушылық саясатына экономиялық тұрғыдан талдау жасайды. Осылайша, Мұстафа Шоқай Кеңес үкіметінің басты дұшпанына айналды. Білімі-терең, ақылы асқан қазақ перзенті түрік бірлігі мен коммунистік қоғамның тұтастығына тигізер ықпалы жөнінде ондаған мақала жазды. Мақалалар дерегі талдау мен таразылаудан тұрды.

Бүкіл түркі әлемінің тарих тұлғасына айналған. М.Шоқай ХХ ғасыр кезеңінде адамзат баласының айтулы бір перзенті болды. Оның бойында біз біліп үлгермеген, тарихымен таныспаған талай рухани қазыналар жатыр.

М.Шоқай осынау табиғи таза қалпымен, көптің көзі жеткенмен қолы жетпейтін шың басындағы шынар секілді. М.Шоқай ХХ ғасырдан өтіп, асыл ой, азаматтық қалпымен ХХІ ғасырға келді.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Сүлейменов П. Мұстафа Шоқай: көзқарас эволюциясы. - Ақиқат №1997. - №11.
2. Оқтай А. Мұстафа Шоқай және түрікшілдік. // Түркістан. - 1997. - 26 наурыз.
3. Садыкова Б. Түркістан легионы мен Мұстафа Шоқай феномені. // Дипломатия жаршысы. - 1998. №4.
4. Нүсіпхан А. Мұстафа Шоқай. - А., 1998. - 57-67 бб.
5. Мұстафа Ш. Отаршылардың мәдени қаруы. // Жас Түркістан. - 2001. - №1.
6. Серғозинов Б. М. Шоқай еңбектерінде кеңес өкіметі саясатының бағалануы. // Абай. - 2001. - №2.

7.Арғынбаев Ә.М. Шоқай ұлының Түркістанның біртұтастығы идеясы.//Қазақ тарихы.-1997.-№2.

8.Шамшатұлы И. Отаршылдық озбырлығы.// Парасат.-1995.-№4.

9.Әзіртбергенова Ә. Алаш партиясы және Мұстафа Шоқай.// Яссауи университетінің хабаршысы.-1999.-№3.

## **МҰСТАФА ШОҚАЙ - ТӘУЕЛСІЗДІК КҮРЕСКЕРІ**

**Егізбаева С. Ә.**

М.Шоқай атындағы №187 орта мектеп директорының оқу әдістемелік жұмыстар ісі жөніндегі орынбасары, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі.

Қызылорда қаласы

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Ұлттың ұлы тұлғаларын білмейінше,бір де бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес.Халқы мен елінің алдындағы перзенттік парызын анық түсінген қиын-қыстау жағдайда да оны адал орындаудан жалтармаған адамдар дәйім өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып қала бермек», -деп атап көрсеткендей, жас ұрпақты жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат, патриот, саяси тұлға ретінде қалыптасуында,әлеуметтік құндылықтарға құрметпен қарап, әрқайсысының бойында Отанға деген мақтаныш пен жауапкершілігін танытуда Алаш арыстары туралы танымдық шараларды жүйелі ұйымдастырудың маңызы зор. Қазақ халқында өз елінің тәуелсіздігін бейбіт, демократиялық жолмен алуды көздеген зиялы саясаткерлер мен асқақ мұратты азаматтар көптеп саналады. Қай дәуірде, қай елде жүрсе де ұлтын жаны сүйген,азаттық жолындағы күрес тарихында аса көрнекті тұлға-Мұстафа Шоқайұлы. Түркістан халықтарының тәуелсіздігі үшін күресті соңғы демі біткенше өзінің негізгі туы, ұраны, егемендіктің кілті, өмірінің мәні етіп ұстанып,сол саяси күрестен бір де бір рет пікірін өзгертпей, алған бетінен қайтпай өткен Алаштың алып тұлғаларының бірі. Қазақстан мемлекеті 1991 жылдан бастап егемендікке қол жеткізіп, демократиялық ел қатарына қосылып, халқымыз сан мыңдаған жылдар аңсаған бостандығына қол жеткізді. Тәуелсіздік әр адамның бойына ерекше күш,қайрат бітіретін ұғым,себебі өзін еркін сезініп,ойын ашық айта алатын,мақсаттары айқын тұлға өзін басқаға таныта алады. Алайда,тәуелсіздікке қол жеткізу оңай болған жоқ.Тәуелсіздік үшін күрес жолы өте ұзақ,ауыр жол болды,себебі оған қарсы империялық күштер де басымдылықпен тәуелсіздік үшін күресті бас көтертпей аяусыз жаншумен болды.Теңдікке жетуді көздеген халқымыз патшалық Ресейдің империясын құлатуда қызыл армияның тепкісіне түсті.Халқымыздың ұлттық намысын қорғап,жоғын жоқтаған бір топ зиялы



қауым, саяси күрескерлер мен ұлт көсемдері қанды қырғынға, ел ашаршылық пен саяси қуғынға ұшырады. Дініміз, тіліміз, мәдениетіміз өшуге айналды.

Бүгінде жас ұрпақтың санасына «Мәңгілік ел» ұғымын сіңірудеміз, тіліміздің, дініміздің, тарихымыз бен мәдениетіміздің ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, қайта жаңғыруына үлес қосқан «Алаш» зиялыларының бірі Мұстафа Шоқай.

Міне, бүгінгі қол жеткізген тәуелсіздігіміздің арқасында өткен ғасыр басындағы зиялыларымен қатар Мұстафа Шоқайдың да арман мақсаттары орындалды. Әлемге аты мәлім қоғам қайраткері, саясаткер, азаттық үшін талай азапты жылдарды басынан өткізген Мұстафа Шоқайдың біртұтас Түркістан мемлекетін құрудағы қызметі, қайғысы, қасіреті, мақсат-мүддесі кешегі кеңес үкіметі кезінде құлып астындағы құпия болды. Күллі түркі жұртының туыстық бірлігін сақтап, Түркістан автономиясын құру тұрғысындағы Мұстафа Шоқайдың жанкешті қызметін кеңес идеологтары жаулық әрекетсіпатында көрсетті. Қоғам қайраткері өз ұлтына деген шексіз сүйіспеншілік танытып, ата-мекен мен ана сүтіне адалдығын көрсетуге тырысты. Большевиктік Қызыл империяның шовинистік бодандық саясаты мен жалған жалаға ұшырап, елінен ылажсыздан шет елдерге кетіп, сол жақта бой тасалап қана қоймай, өмірінің соңына дейін Кеңес үкіметінің тоталитарлық саясатына қарсы күресте, елдің тәуелсіздігі үшін жаңа жол іздеген бағытынан қайтпаған күрескер, тарихшы, журналист, публицист Мұстафа Шоқай болды. Қазақтың ұлт болып қалыптасу кезеңіндегі ата-бабамыз жүріп өткен жолдың әрбір қадамы-өшпес тарих, тұнған шежіре. Ел басына күн туған кезде батырлық пен батылдықты, ерлік пен өрлікті, қайсарлық пен адалдықты қатар ұстап, азаттықты аңсаған «Бірлік туы» сынды газеттер аз болмады. Мұстафа Шоқайдың осындай ұлттық, түркілік ой-көзқарастар мен азатшылдық идеялары оның публицистикалық мақалалары мен түрлі жиындарда сөйлеген сөздерінде анық көрінеді. Мәселен, 1936 жылы Берлин қаласында Түркістан жастарының алдында сөйлеген сөзінде «Бүгін Қазақстан, Қырғызстан, Қарақалпақстан, Түркістан һәм Тәжікстан деп, жат үкімет қаны бір, тілі бір, діні бір Түркістанның мақсаты-өзінің құтылысы-міллет үкіметін құрып, өз алдына бір үкімет болып тұрды. Халқы көптеп бұл жұмысқа алысып, шалысып, қан төгіп, соғысып келеді. Үмітіміз зор, мемлекетіміздің келешегіне иланамыз. Түркістан жастары айрықша бұл мақсатымызға – жалғыз Түркістан ғана емес, бүтін түркі халқының дос болып, өзара бірлік пірадарлықпен жасап, сыртқы дұшпандарға қарсы өзінің толықтығын көрсетіп қойды. Түркістан жастарын ауыз біршілікке, бірлескен күрес жолына үндейді.»

Мұстафа Шоқай өзінің алдына қойған мақсатына қол жеткізу жолында абырой-беделіне нұқсан келмейтін кез келген қолайлы мүмкіндіктерді пайдалануға ұмтылды. Мысалы, 1936 жылы Берлин қаласында Түркістан жастары алдында сөйлеген сөзінде: «...Алыста жүріп ел қайғысын ойлап, алыста жүріп ел қамын ойлап, Еуропаның әр тарапында

жүрген, бүгінгі Түркияда тұрған Түркістан жастары, бірлесіңдер! Сендердің бірліктерің, сендердің бір-біріңе күш қосуларың — еліміздің бақытына қызмет етпек. Мұны ұмытпаңдар! Бәріміздің құбыламыз — өзіміздің ата жұртымыз, өлкеміз Түркістан болмақ! Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан беру — бәрімізге бір мақсат, бір мұхаббат уәзифа болмақ. Мұны ұмытпау керек...!

...Түрік халқы — батыр халық. Түрік халқы — арыстан ер халық. Кімнен таяқ жегендей біздің түріктің баласы, алдырып жүрген дұшманға ауызының аласы. Бұл нақыл сөзді ұмытпауымыз керек. Бәріміз бір болсақ, біздің жеңбейтұғын жауымыз болмайды, мақсатымызға жетеміз! Онсыз біздің күніміз жоқ, құрып кетеміз. Құрымасымыз үшін, боспасымыз үшін — күшімізді біріктіріп, иін тірестіріп, бір-бірімізге жәрдем беріп жүруіміз керек. Онсыз біздің күніміз қараң. Мұны ұмытпау керек! Түрік баласы, ұмытпаңдар, бастарыңдағы бөтен елдің өкіметін шығарып тастауға, аударып тастауға тырысыңдар [16], — деп жар салды. Мұстафа Шоқай өмірінің соңғы сәтіне дейін Түркістан халықтарының тәуелсіздік жолында күресіп, патша үкіметінің солақай саясатын өз мақалаларында бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жеткізіп отырды. Мұстафа Шоқай — өз халқына деген шексіз сүйіспеншілігі мен айрықша адалдығын өз өмірінде, күрес үстінде сан рет дәлелдеген аяулы тұлға. Ол тар шеңбердегі ұлтжандылыққа еш уақытта бой алдырмаған, «Ру, ұлыстарға бөліп», халықтың ішіне ірткі салатын психологиядан өзін әркез алшақ ұстаған. Бүгінде тәуелсіздіктің қадіріне жетіп, оны көздің қарашығындай сақтау бүгінгі біздің болашағымыздың биік міндеті, қасиетті борышымыз. Өйткені, Тәуелсіздік-ұлттық санамыздың шарықтау биігінде тұрған, қасиетті қара бесікке бөленген азаматтық келбетінің, мәнінің алтын бастауы деп Мұстафа Шоқайдың бұл бағыттағы ой-тұжырымдары тәуелсіз еліміздің шынайы табиғатын тануда таптырмас рухани қазына болып табылады. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақалалық бағдарламасында: «Еліміздің Тәуелсіздік жылнамасы жазыла бастағанына небәрі 25 жыл болды. Бұл-тарих тұрғысынан қас қағым сәт десек те, еліміз үшін ғасырға бергісіз кезең. Әрине, жасалған жұмыстардың маңызы мен ауқымына ешбір күмән жоқ. Дегенмен, қыруар істі атқарған, ел дамуына зор үлес қосқан азаматтардың өздері мен олардың табысқа жету тарихы әдетте құрғақ фактілер мен цифрлардың тасасында қалып қояды. Шын мәнінде, Қазақстанның әрбір жетістігінің артында алуан түрлі тағдырлар тұр» деп атап көрсеткендей, өз ұлтының ғана емес, Бүкіл Түркістан әлемі халықтарының тәуелсіздігі үшін басын бәйгеге тігіп, қайсарлықпен бірбеткей күресіп өткен тәуелсіздік көсеміне лайықты құрмет көрсету болашақ ұрпақтың парызы деп білемін.

#### ***Пайдалынған әдебиеттер:***

1. Шоқай М. Шығармалары толық жинағы: 12 томдық, II том. - Алматы: Дайк-Пресс, 2012ж

2. Шоқай М.Таңдамалы.-Алматы: «Қайнар», 1998
3. Есмағанбетов К. Әлем таныған тұлға.-Алматы, 2008
4. Қара А.Мұстафа Шоқай,2004

## **МҰСТАФА ШОҚАЙ-ҰЛТ ЖАНАШЫРЫ**

### **Қайықбаева Ж.Ж.**

Мұстафа Шоқай атындағы №187 қазақ орта мектебі. Қызылорда қаласы

XX ғасырдың басында мемлекеттің саяси тарихында айқын із қалдырған, өз ұлтының мүддесін жан аямай қорғап, адал қызмет еткен нар тұлғалар қазақ халқының жадында жатталып қалды.

Ұлы қайраткерлер біздің тарихымызда өте көп болды, солардың арасында Мұстафа Шоқайдың тұлғасы ерекше көзге түседі. Неге десеңіз? Кез-келген халық үшін ең қымбатты нәрсе-ел тәуелсіздігі, мемлекеттің тәуелсіздігі. Халық үшін тәуелсіздіктен үлкен бақыт жоқ.

М.Шоқай осы мұрат-мақсат жолына өз өмірін, бар қарым-қабілетін арнаған ірі тұлға болып табылады. Бүкіл жарқын ғұмырын қазақ елі мен түркі тектес қандастарымыздың тәуелсіздігі мен теңдігі жолындағы ұлы күреске бағыштаған. Ол –отаршылдықтың ойраны мен қайғы-қасіретін бастарынан өткерген қазақ,өзбек,қырғыз т.б. халықтардың тағдыры өз тағдырымен біте қайнасқан, ұлт мүддесі өз өмірі мен күресінің мақсат-мұратына айналған, жиырма жыл бойы Еуропа төрінде Алаш идеяларын жалғастырып, тәуелсіздік туын көтерген сондай тұлғалардың бірі де, бірегейі. Мұстафа Шоқай өзінің туған елі қазақ халқының тәуелсіздігін Түркістанда көне замандардан бергі тұрып келе жатқан туысқан халықтардың тәуелсіздігінен бөліп алып қараған емес.

М.Шоқай отаршылдықтың өктемдігін, әділетсіздігін жас шағынан бастап-ақ сезіп өсті. Ұлтжанды қайраткер ретінде қалыптасуында патша өкіметінің орыстан өзге халықтар жөнінде жүргізіп отырған отарлық саясаты үлкен рөл атқарады. Мұстафаның терең білім алып, саяси көзқарасының қалыптасуы қоғамдық қозғалысқа қатысып шыңдалуы оның Петерборда өткізген жылдарына тұспа-тұс келді. Ақпан төңкерісі берген басты жетістік-патша үкіметінің құлауы. Патша үкіметінің құлауы – түркістандықтар үшін бостандыққа жол ашқан жарық сәуледей болды. Соны пайдаланып жарық күнге жету мақсатында М.Шоқай өз елінің бостандығы жолында аянбай еңбек етіп, саяси қозғалысқа белсене араласып, іс жүзінде ұлттық қозғалыстың басты көсемдерінің біріне айналды.Осындай қиын жағдайда М.Шоқай өз халқына мардымды қызмет жасау жолын іздейді.Ол Ә.Бөкейханов сияқты отандастарымен бірігіп , Керенский басқарған уақытша үкіметтің Түркістанды басқаратын арнайы комитет құруына қол

жеткізді. Мақсаты-зор Мұстафаны қатарға тартып, ұлт-азаттық қозғалысына, үлкен саясатқа баулыған Әлихан Бөкейханов еді. Қазақ еліне, Түркістанға, қатысты түрлі жиындарға, құрылтайларға қатысып, оларға жетекшілік жасайды. Автономия құру жоспарын ойластыра бастайды. Елін азаттыққа жеткізу, іргелі мемлекет құруға ұмтылыс күллі қазақ зиялыларының ортақ мақсаты еді. Тек оны жүзеге асыру мәселесіне келгенде олар екі жарылды. М.Шоқай күллі түрік халықтарының басын біріктерген тұтас Түркістан автономиясын құруды ұсынды, оны жақтаушылар орыстың отаршылдығынан құтылу үшін Орта Азия елдері бірыңғай бірігуіміз керек деп түсінді. «Кеңестік Қазақстанның он жылдығына орай» деген мақаласында жалпы алғанда Кеңес өкіметінің «Жеке өлкелер мен халықтар мүдделерінің» Одақ мүддесіне бағындырылуына негізделген саясатының қазақ, өзбек, қырғыз, басқа да халықтарды есепсіз құрбандықтарға әкелетінін, ақыр аяғында олар ұлттық болмысын жоғалтып, тілінен де, дінінен де айырылатындығын болжап көре білген. Мұстафа Шоқай XX ғасырдың бас кезінен-ақ білгір халықаралық сарапшы ретінде көрінеді. Ол, әсіресе, Түркістан мен шекаралас аудандарға, тіпті араб елдеріндегі жағдайларға да назар аударады. Мұның өзі Түркістан ұлттық қозғалысына, оның жетекшілеріне үлкен қолдау болады.

1917 жылы сәуірдің 16-21 аралығында Ташкентте өткен Түркістан өлкесі мұсылмандарының I съезіне қатысып, оның төралқасына мүше болып сайланады. «Бірлік туы» газетінің негізін қалап, оның алғашқы редакторы болады. Түркістан өлкесі жергілікті халқының мүддесін қорғауды мақсат еткен қоғамдық-саяси ұйымдардың қызметін үлестіру үшін құрылған «Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесіне» төрағалық етті.

1917 жылы қарашада Түркістан автономиясының Уақытша үкіметін бекітеді. Бас министр болып М.Тынышбаев сайланды. Бірақ, екі аптадан кейін М.Тынышбаев отставкаға кетіп, оның орнына М.Шоқай бекітіледі. Украина халық республикасының бұрынғы сыртқы істер министрі А.Я.Шульгин осы кезеңді еске алып, Мұстафа Шоқайдың «белсенділігі мен ел арасындағы беделі аса зор еді. Жастығына қарамастан ол қайта өрлеген Түркістанның нағыз көсемі бола білді» деп жазды.

Дегенмен, кеңестік тарихнамада М.Шоқай басқарған Түркістан автономиясының мән-мағынасы төмендетіліп, қала деңгейіне түсіріліп, «Қоқан автономиясы» аталып келді. Кеңес үкіметі тұсында Мұстафа Шоқай есімін атау қылмыспен пара пар болды. М.Шоқай бейнесі ұзақ жылдар бойы тарих күлінің астында көміліп келді. Қазір жаһандану дәуірі. Бірақ М.Шоқай сол өткен ғасырдың 17-18 жылдары ақ жаһанданудың келе жатқанын біліп, жасыл тудың астына бүкіл түркі тектес халықтарды жинағысы келген. М.Шоқай Түркістан жамиятының келешек өз тағдырын өзі анықтайтын жеке мемлекет болуын мақсат етіп қойды. Осы мақсатта ештеп уақытша үкіметтің аз айлық билігін пайдаланып қалғысы келді. Өкінішке орай, Уақытша үкімет қауқарсыз орган болғандықтан, М.Шоқай

халық мүддесіне орай жоспарланған жұмыстарын жасай алмады. Ақыры, Қоқан автономиясы қанды қырғынға ұшырады. М.Шоқай сол күндер жайлы тарығып жазған бір мақаласында : «Қоқан ұлттық үкіметінің большевиктерге қарсы күресі кезінде , яғни 1918 жылы ақпанда, осыдан бір жыл бұрын Ақмешітте 1917 жылдағы мамыр айында орыс жұмысшы солдаттары қолынан өліп кетсемші деп өкінгенім бар»,-деп жазды. Ал 1932 жылы 26 наурызда «Прометей» ұйымының жиналысында оқыған «Түркістандағы революция» атты баяндамасында «Түркістанның ең осал жері бізде келісілген іс-қимылдың жоқтығы болды. Әркім өз алдына, өз аумағы шеңберінде әрекет етті. Егер бұхаралықтар, хиуалықтар, түрікмендер, қазақтар т.б. «облыстық патриотизмнен» арылып, «түркістандық патриотизм» негізінде біріккен кезде біздер өз тәуелсіздігімізді сақтап қалар едік, тағдыр Түркістанды ұлттық қорлау мен қанаушылықтан құтқарар еді» деп жазды.

Мұстафаның ұлы арманы іске аспай шетелге эмиграцияға кетуге мәжбүр болды. Ақтау-Грузия-Түркия арқылы Еуропаға ұласқан сапарында М.Шоқайдың көрген қиыншылығы өте көп болды. Мұстафа Шоқай қай елге барғанда да бас сауғалап, жан бағып жүрмеді, саяси күрестің мүмкін жолдарын іздестірді. Еуропадағы 20 жылда түрік –мұсылман халықтарының ұлт-азаттығы жолындағы қозғалыстары оның төңірегіне топтасты. М.Шоқай ел ауғанда жүргенде ұлт-азаттық жолындағы күресте ақпарат құралын ең басты қару ретінде пайдаланды. Ол қай жерде жүрмесін, баспасөзден қол үзген жоқ. Өзінің ұлтшылдық , түркішілдік идеяларын мерзімді баспалар арқылы жүзеге асыруға күш салды. 1918 жылы Грузияда «Волный Горец», «Барьба», «На рубеже», Стамбұлда «Жаңа түркістан» кейіннен Германияда «Жас Түркістан» баспалары арқылы күллі өмірін азаттық үшін күреске жұмсады. «Жас Түркістан» журналы М.Шоқайдың публицистік – редакторлық, ұйымдастырушылық қабілетін танытқан ең көрнекті туындысы болды. Бұл журнал 1929-1939 жылдары Германияда үздіксіз шығып тұрды. М.Шоқай « Біздің жол» атты бас мақалада журналдың басты ұстанымы туралы айта келіп, большевиктердің Орта Азия мен Қазақстанда « түрі – ұлттық , мазмұны – социалистік» республикалар құруды мақсат ететіндігін, ал оның түрлі ұрандармен бүркемеленіп отырғанымен, бұрынғы патшалық отарлық жүйенің, орыстық шовинизмнің жалғасы екендігін ашық айтады. Шоқайдың ұлтжандылық сезімінің оянуына ,алдымен, осы орыс шовинизмі ықпал еткен болатын. М.Шоқай көзқарасына орыс эмигранттарының басылымдарында Германияға оқуға келген түркістандық жастарды «Түркістан түйелері мен Бұхара есектері» деп әжуалауы да үлкен әсер етеді. 1931 жылы 13 қаңтарда жарияланған «Жәдидшілдер» атты еңбегінде :«Мемлекеттің ұлттық мүддесі мен болашағы тұрғысынан алғанда, отаршылдықтың ең қорқынышты түрі жергілікті халықтың жерін тартып алу болып табылады. Түркістанның «жанашыр орыстары» дәл осындай тартып алу саясатын жүргізіп отыр.

Осы озбырлықтың салдарынан қазақтардың өз жерінде азшылықта қалу мүмкіндігін болжаған да – М.Шоқай болатын. 1930 жылы «Яш Түркістан» журналында «Керенский және Түркістандағы ұлттық қозғалыс» деген мақала жариялап, А.Ф. Керенскийдің түріктердің ұлттық ар – намысына тиіскен шовинистік көзқарасына ашық қарсы шығады. Мақала орыс тіліне аударылып, Керенскийге жіберіледі. М.Шоқай Керенский секілді орыс «демократиясы» өкілдерінің ұлттық өпіремдікке толы басылымдарын үнемі сынға алып отырды. Кеңес өкіметінің ешқандай демократиялық қозғалыстарға жол бермейтіндігін түсінген М. Шоқай «ұлттың өзін-өзі билеу мүмкіндігін береміз» деген бірде-бір орыс демократына сенген жоқ. Орыс демократтарына үміт артуды үзілді – кесілді тоқтатты. Тіпті, сенімді деген Сұлтанбек Қожановтың «Қоқан автономиясының мүшелеріне Кеңес үкіметі кешірім береді» деген хабары жеткенде де, компартия басшыларының екіжүзділік саясатын күнілгері біліп елге оралмады. Бұл шын мәнінде М.Шоқайдың көрегендігі болатын. М.Шоқайдың күдігі расталды. Кеңес Одағында қалған Алаш арыстарының барлығы 1937-1938жж қуғын -сүргіннің құрбаны болды.

Немістер М. Шоқай 1941 жылы Франциядан Берлинге Гитлердің бұйрығымен алып кетіп, өз мақсаттарына пайдалануды ұйғарған. Мұстафаны тұтқын түркістандықтардың тізімін жасауға,білімін, мамандығын анықтауға жұмсаған. М.Шоқай алғашқы 2-3 айдың ішінде қыруар жұмыс атқарды, жүздеген түркістандық тұтқынның жағдайын жақсартуға көмектеседі. Лагерьлерден тұтқындарды босатып, шаруашылық жұмыстарға пайдаланады, мамандықтарға үйретеді. Ақыр аяғында олардан құрған жасақтардан болашақта тәуелсіз Түркістанның қарулы күштерінің негізін құруды ұсынады. Шоқайдың бұл ойы немістерге ұнай қоймады. Себебі немістердің бұл жасақты қызыл армияға қарсы қолданбақ ойлары болған. Шоқайдың жұмбақ өліміне осы жағдайдың әсері болуы мүмкін деген болжам да жоқ емес. Демек, Мұстафа Гитлерге ұнамай, керек болмай қалып, оның көзін жойған шығар. Шындығында, «Түркістан легионына» Мұстафаның қатысы жоқ және легион Мұстафа Шоқай өлгеннен кейін 1942 жылы жазда құрылған.

Мұстафа өз елін қорғады, оны Кеңес отарынан босатпақ болды. Сол үшін өмірін сарп етті. Сондықтан, М.Шоқайдың тұлғасы осы Түркі елі тұтастығы идеясымен шын қымбат. Мәселен, 1932 жылы «Жас Түркістан» журналының 32-санындағы «Түркістан тіршілігі» деген мақаласында ұлы тұлға былай деген: «Біз Түркістанды бөлшектеуді қабылдамайтын, Түркістан және түркістандық сезімін жоғалтпаған жерлестерімізбен бір пікірдеміз. Түркістан біртұтас ұлттық бірлікте және сол көріністе отыр. Түркістанның рухани саяси болашағы-Түркістан түріктерінің бірлігінде жатыр» .Ұлт мүддесімен , халық арманымен біртұтас саясат-Мұстафа жолы, Мұстафа таңдауы. Сол себепті ол «Большевизм-түрікшілдіктің қас жауы» атты еңбегінде былай дейді: «Большевиктер атамекеніміз Түркістанда

ұлтымыздың өзіне тән рухани әлемін суалтып, оның орнына орыс пролетариатының рухын орнатпақ болды. Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкін бе?. Тарих ондайды көрген жоқ та, білмейді де»

Қорыта айтқанда, Мұстафа Шоқай Отанын сүйген, оның тұтас мүддесіне қызмет етіп, сол жолда жанпида болған қайраткер. Бүгінгі таңда ол ғаламдық көлемдегі қайраткер болып табылады. Түркістанның бірлігі мен тәуелсіздігін ту етіп, оны өмірлік мұратына айналдырған, сол жолда құрбан болған М.Шоқайдың тұлғасы күн өткен сайын биіктей бермек. Саналы ғұмырын ұлт мүддесі мен ел мұраты жолына арнаған қайраткер тұлғаның тағылымын арқау еткен еңбектер жаңа, тың деректерге жетелемек.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

- 1.Ибрашұлы С. «Мұстафа Шоқай». Тасбөгет, 1993
- 2.Абдуллин Х. «Мұстафа мен Мағжан-Тұран елінің даналары». Алматы, 1993
- 3.Шоқай М. «Түркістанның қилы тағдыры». Алматы, 1992
- 4.Есмағамбетов К. «Әлем таныған тұлға». Алматы: Дайн-Тресс, 2008
- 5.Атабаев Б. «Халық жадында қайта жаңғырған ұлы есім». Қызылорда, 2015ж

## **МУСТАФА ШОКАЙ - БОРЕЦ ЗА СОЗДАНИЕ ЕДИНОГО ТУРКЕСТАНА**

### **Ибраев Г. М.**

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата ,  
старший преподаватель кафедры «Философии и культурологии»,  
магистр педагогических наук

"Самое большое несчастье для политика - это неспособность предвидеть возможные объективные сложности и не понимать недостатки своей работы либо сознательно их не замечать. Политический деятель должен быть также хорошим оратором. Если в своей работе он, не сумев предотвратить трудности, допускает ошибки, то смелость политического деятеля превращается в простое злоупотребление, а красноречие - в пустую болтовню. Вот чего должны избегать мы, туркестанцы", - напишет он позже, анализируя события 1917 года в Петербурге и Туркестане . [1, 3-8]

По рекомендации Алихана Букейхана он был введен в состав Государственной Думы России в качестве секретаря мусульманской фракции, где работал бок о бок с такими национальными деятелями как Заки Валиди Тоган из Башкирии, Алимардан Топчибаши и Халил Хасмамедов из Азербайджана, Ахмед Цаликов из Северного Кавказа, Исмаил Леманов из

Крыма. Предполагалось, что в дальнейшем Мустафа Чокай станет членом Думы: помещик уфимского округа Салимгерей Жантурин сделал ему дарственную в виде земель и дал согласие на выдвижение его кандидатуры.

Работая в секретариате мусульманской фракции Государственной Думы, Мустафа Чокай готовил для членов фракции необходимые материалы, имеющие отношение к Туркестану. Не раз выезжал в Туркестан и на фронт в составе различных комиссий, занимавшихся решением проблем местных жителей. Последнее, что он успел сделать перед февральскими событиями 1917 года, - это подготовить материалы о восстании 1916 года в Туркестане для доклада в Государственной Думе, а также текст выступления депутата Мухаммад Юсуф Жагыфара. [2,4-8] Мустафа Чокай был единственным представителем народов Туркестана в Политическом бюро Мусульманской фракции Государственной Думы. Он сыграл решающую роль в том, что Дума приняла решение о создании комиссии для расследования зверств казачества и карателей по отношению к участникам восстания 1916 г. Мустафа Чокай возглавлял комиссию представителей по защите прав народов Туркестана в Учредительном собрании. После того, как к власти пришло Временное правительство, его глава, А.Ф.Керенский, предложил Мустафе Чокаю портфель министра, но тот не принял предложение. Годы, проведённые в Петербурге, способствовали формированию его политической мысли, его характера.

После февральской революции проводит встречи с членами Временного правительства, которые занимались подготовкой документов, касающихся Туркестана. Председателя Петербургского Совета рабочих и солдатских депутатов Николая Семёновича Чхеидзе Мустафа Чокай знал по работе в IV Государственной Думе, где Николай Семёнович возглавлял группу социал-демократов, а в дни революции он был в первых рядах "российской революционной демократии". Разговор зашёл сразу же о положении в Туркестане.- Каковы ваши планы относительно будущего Туркестана? - спросил Чхеидзе.- Конечно же, мы за автономию. Как раз собираюсь ехать в Туркестан.- Боже упаси, товарищ Чокаев, заводить речь об автономии в Туркестане! Во-первых, об этом рано еще говорить. Во-вторых, когда речь идёт о таких регионах как Туркестан, слово "автономия" наводит сразу же на мысль об отделении.

- Речь не идёт о немедленном объявлении автономии. Мы собираемся, прежде всего, созвать всетуркестанский съезд, на котором хотим выслушать разные мнения о том, каким видится будущее Туркестана. Пока идёт большая подготовительная работа. А если русская революционная демократия останется верной своему лозунгу о свободе наций, то у ней нет оснований бояться автономии. Мустафа Чокай отметил про себя, что Чхеидзе был неудовлетворён его ответом.

- И всё же я бы советовал не поднимать пока вопрос об автономии, товарищ Чокаев, - предупредил Николай Семёнович. Революционная



демократия даст всем народам России широкие свободы при обязательном сохранении ими своей национальной самобытности. Если такие окраины как Туркестан, где проживают народы другой крови, других традиций, обычаев, иной религии, оторвутся от демократической России, то они окажутся в очень сложном положении. Такого же мнения придерживались многие члены Временного правительства. [3, 5-10]

"Но дальнейшие события оказались самыми неожиданными. Просуществовав лишь восемь месяцев, Февральская революция оказалась под кнутом большевиков, а российская революционная демократия рассеялась как дым. Боявшийся автономии Чхеидзе перебрался на родину, где возглавил правительство независимой Грузии, грузинский съезд и общество "Грузия - Европа", - отметит Мустафа Чокай в 1936 году в своих публикациях о Февральской революции 1917 года.

В первые дни революции в Петербург стали прибывать представители из Казани, Крыма, Кавказа, Центральной Азии с требованиями созыва общего съезда российских мусульман. Шли горячие споры о будущем мусульманских народов России. Ахмед Цаликов, Исмаил Леманов, Мустафа Чокай видели свои народы в составе будущей демократической России, тогда как Заки-Валиди Тоган, Салимгерей Жантурин считали, что Россия должна стать федерацией республик. Этот жизненно важный вопрос должен был стать центральным на Первом Всероссийском мусульманском съезде, который решено было созвать в начале мая 1917 года в Москве. В конце марта Мустафу Чокая вызвали в Туркестан, а по пути он планировал заехать в Оренбург для участия в работе Первого всеказахского съезда (курултая) и выступить с речью. В начале апреля 1917 года он был на пути в Оренбург. "Уезжал я из Петербурга с большим волнением, - вспоминает он. В студенческие годы, когда я вращался в кругах русской интеллигенции, среди революционных демократов, я был влюблён в этот город. Русские студенты и революционные демократы отличались широтой души, охотно дружили с представителями других наций России, а также чехами и финнами. Нас объединяла общая позиция по многим вопросам. В то время даже не возникала мысль об отделении Туркестана. Все мы полагали, что с падением русского самодержавия всё изменится к лучшему. Верили, что с приходом к власти русских демократов в национальных окраинах России появится самоуправление, что с позорной переселенческой политикой будет покончено. Только этого желали мы все. Петербург дал нам не только политическое воспитание, но с ним мы связывали наши надежды на лучшее будущее своего народа. Однако революционные события вскоре полностью развеяли наши иллюзии. Русские революционные демократы, оказавшись у власти, в корне изменились, резко отдалившись от вчерашних единомышленников нерусского происхождения.

Февральская революция 1917 г. стала толчком для подготовки группой М.Чокая создания в Туркестане национальных автономий в составе единой

Туркестанской федерации. Но Временное правительство выступило против самоопределения народов Туркестана.

В марте 1917-го М.Чокай возглавил Мусульманский центр, созданный на Конгрессе мусульман Туркестана в Ташкенте. Мусульманский центр, опираясь на "Воззвание к трудящимся мусульманам России и Востока", начал подготовку к созданию автономии.

Октябрь 1917 г. был встречен туркестанцами с ликованием. Но вскоре эта радость была омрачена известием о том, что Советская власть также выступает против Туркестанской автономии.

22 ноября 1917 г. в Коканде состоялся Всетуркестанский конгресс всех политических партий и движений, на котором было объявлено о создании Кокандской автономии. Ее президентом был избран Мустафа Чокай. В декабре 1917 г. Чокай вошел в состав правительства "Алаш-Орды".

После того, как в январе 1918г. Коканд был взят штурмом отрядами вооруженных рабочих и частями красногвардейцев, М.Чокай бежал в Грузию. Там он активно включился в демократическое движение кавказских народов.

В 1920 г., когда Красная армия вошла в Грузию, М.Чокай перешел границу Турции, оттуда переехал в Берлин, затем во Францию, где и обосновался.

Находясь в эмиграции, М.Чокай организует и участвует в издании журналов и газет, освещающих жизнь народов Туркестана. В Стамбуле и Париже, Берлине и Лондоне, в Варшаве он печатает свои статьи, теоретические исследования, исторические и политические обзоры Центральной Азии. Его журналы "Жана Туркестан" и "Жас Туркестан" издавались соответственно в Стамбуле и Берлине.

Как мы видим из приведенной кратко части биографии мы видим, Мустафа Чокай являлся гуманистом, демократом, человеком энциклопедических знаний, выступавшим как просветителем, как пропагандистом древней и богатейшей культуры и истории народов Средней Азии и Казахстана. Он был знатоком русской литературы, блестяще владел английским, французским, немецким, турецким и арабским языками. Всю свою жизнь он посвятил борьбе за правду, за достоинство и честь народов Средней Азии и Казахстана, его сердце и душа всегда были с родным народом. Благодаря обретению государственной независимости в 1991 году позволило узнать какую важную неопределимую роль сыграл в Туркестанском национально-освободительном движении. Отсюда и его идеи о том, что необходимо проводить интеграционные процессы в Туркестане на основе воссоздания объединяющей родственные народы единой цивилизационной платформе, учитывая общность культурно-исторических судеб [4,7-18]

Данный тезис в будущем пытался реализовать на практике наш выдающийся земляк Мустафа Шокай, известный как я ранее указывал, глава Туркестанской автономии (1917-1918), ликвидированного большевиками в начале 1918 года. Будучи эмигрантом во Франции, издавая журналы, публикуя книги, он раскрывал коварную политику большевизма используя материалы и документы изданные в СССР.

Изучая его идеи, взгляды не перестаешь удивляться заразительной силе его патриотизма, верности своим идеалам и принципам. Сторонник общетурестанского будущего, он не проводил этнических, религиозных и других граней между казахами, узбеками, киргизами или туркменами. Общность исторических судеб братских народов Центрально-Азиатского региона предопределяло его видение общей будущности. Выступая против административно-территориального размежевания среднеазиатских республик (1924-1925), он полагал, что это противоречит коренным, стратегическим интересам народов региона, аргументировано обосновывая преимущества пребывания центрально-азиатских народов в составе единого федеративного государства [3,8-15]

Выражая идею единства народов Туркестана М.Шокай не был одинок. Такой же позиции придерживались известные в истории его соратники, такие как Бехбуди и Чолпон, Арабаев и Валиди Тоган и другие. Преданность общим идеалам, чувство высокой ответственности перед будущими поколениями объединяло этих замечательных людей и определяло их жизненные порывы. Так, например, узбекский поэт Чолпон написал гимн Туркестанской автономии. Интересно отметить, что отец поэта, известный купец, хотел видеть своего сына в роли преуспевающего торговца, владельца сети магазинов между Оренбургом и Ташкентом. Но сына притягивали к себе общественные заботы бурной эпохи. И вошел он в историю как выдающийся поэт, сумевший так точно и глубоко запечатлеть дух исторических перемен. Актуально еще звучат слова президента РК Н.А.Назарбаева, что только от объединенных усилий наших государств зависит: будет ли предстоящая история региона состоять сплошь из противоречий, обусловленных различными подходами к решению задач национально-государственного строительства, подвергнется ли он разломам и трещинам по линиям соприкосновения различных национальных культур или же мы сможем выйти на новый уровень осознания необходимости укрепления тюркского единства с тем, чтобы будучи совместным, единым культурно-цивилизационным комплексом, не затеряться в бурных волнах современной истории. Ведь только тогда, под защитой им сенью нашей общей культурной идентичности, мы сможем выполнить свой нравственный долг перед нашими общими предками, а также потомками [4,12-18].

На фоне исторических событий последнего десятилетия наглядно прослеживается процесс разложения, складывавшегося не одно столетие, традиционного характера взаимоотношений между различными народами региона. Ранее именовавшиеся туркестанскими, народы находятся на пути становления собственной государственности. Им выпала историческая возможность самостоятельного разрешения разносторонних государственных вопросов: формирования концепций внешней и внутренней политики, определение приоритетов экономического развития. В новых исторических условиях возрождаются национальные традиции,

культура народов региона. Болезненный для наций период возрождения правомерно рассматривать как неизбежный этап при становлении государственности. В определенных исторических условиях это становится необходимостью для дальнейшего развития нации, когда исторические катаклизмы переходного периода выступают одним из императивов, заставляющих срабатывать скрытые механизмы самосохранения нации. Пример этому – история туркестанских народов, когда первоначально в условиях колониального засилья со стороны Российской империи, затем в оковы советского федерализма – способствовали определению «потерянного» и «найденного» для нации в результате такого поворота событий.

Другими словами, осознание общности народов этого региона формирование как социально-политического и культурного фактора в жизни тюркских этносов тесно связано с тысячелетней историей тюркских народов, когда многочисленные катаклизмы и войны способствовали кристаллизации идеи консолидации народов Центрально-Азиатского региона. Более того, эту идею следует рассматривать как один из мощных факторов, способствовавших выработке иммунной системы тюркского этноса, и прежде всего выполнявшей функции самозащиты. Из всех идеологических концепций – религиозных, классовых, этнических, культурных и других, стремившихся занять место доминирующей в сознании тюркского этноса, лишь идея консолидации показала свою стойкость на протяжении всей истории народов Центральной Азии[5,4-12,]

Безусловно, что особо отчетливо потребность в самосохранении и этнической консолидации тюркский социум ощутил в результате колониальной политики Российской империи. Именно в этот период истории составляющие компоненты идеи этнополитического объединения тюрков: общетюркская идея, ощутившая влияние арабской культуры в средневековье и дополненная компонентом общности мусульман – мусульманской идеей, и сравнительно молодая национальная идея – проявили себя наиболее выпукло в сознании тюркских народов России. Идеологическую основу последней некоторые исследователи выводят из синтеза трех составных: 1. ощущения принадлежности к исламскому миру, 2. развитого чувства причастности к тюркской суперэтнической общности, 3. ощущения собственной индигенности, аборигенности. Это, в принципе, отражает суть мировоззренческой позиции тюркского этноса.

Иначе говоря, состояние общественного сознания народов Центральной Азии и определило в потоке тысячелетней истории идею консолидации народов региона. Известный крымский просветитель, мыслитель, журналист и педагог И.Гаспринский (1851-1914) понимал согласие и сближение тюркских народов как культурную общность, как формирование единого полиэтнического блока [5,16-26].

Поэтому для историка, формулирующего проблему исследования, взгляд на Центральную Азию должен быть шире текущих политических, идеологических или узко этнических интересов. Нужно исходить из объективных требований исторической науки, в противном случае может произойти серьезнейшее искажение традиций исторической науки и в конечном итоге это негативно окажет влияние на логику ее развития.

Не следует забывать к тому же, что феномен исключительности и специфики национального наследия порождает изоляционизм, который прежде всего пагубно воздействует на науку, исключая возможности творческого диалога, процесс которого и нацелен на разрешение с объяснением и обоснованием смысла научных высказываний, формулировки идей, их кристаллизации в ходе конструктивных научных диспутов. Иначе мы окажемся в плену суждений американских историков-презентистов, которые на рубеже 20-30-х годов утверждали: "всяк сам себе историк."

#### ***Список литературы:***

1. <http://www.unesco.kz>
2. Мустафа Чокай-оглы. «Туркестан под властью Советов (к характеристике диктатуры пролетариата)», Алматы, «Айкап», 1993.
3. М. Шокай. «Избранное» (в 2-х томах), Алматы, Кайнар, 1998.
4. Мустафа Чокаев. «Революция в Туркестане. Февральская эпоха». — «Вопросы истории», 2001, № 2.
5. Чокаев М. «Национальное движение в Средней Азии». В кн.: «Гражданская война в России: события, мнения, оценки». М. 2002.

#### **Түйіндеме**

Мақалада ХХ ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген көрнекті қазақ зиялысы М. Шокайдың Түркістан халықтарының бірлігі жолындағы күресі қарастырылады.

#### **Резюме**

Данная статья посвящена М. Шокаю как выдающемуся казахскому политическому деятелю, который боролся за создание единства народов Туркестана.

## ИСТОКИ И СУЩНОСТЬ СОВЕТСКОГО И ЕВРОПЕЙСКОГО ТОТАЛИТАРИЗМА

**Ибраев Г. М.**

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата ,  
старший преподаватель кафедры «Философии и культурологии»,  
магистр педагогических наук

Тоталитаризм как общественное явление имеет свои истоки, корни, а они уходят в далекое историческое прошлое. Еще в 5 веке до н.э. древнегреческий мыслитель высказал мысль о том, что обладая мудростью и совершенным знанием, «можно управлять решительно всеми вещами». Детальное обоснование модель «социального государства получает у Платона, Т.Мора, Т. Кампанеллы, в более позднее время эти идеи развиваются в трудах Гегеля, К.Маркса, В.Ленина. Суть этих обоснований, несмотря на глубокие, содержательные различия концепции, выдвигаемых авторами, заключается в убеждении возможности радикального переустройства общества на общезначимых началах и в создании справедливого общества. Ключевым элементом всех концепций является идея всеохватывающей этатизации (огосударствления) общества, с одной стороны, и наделение государства элементами общности с другой. Великая идея «справедливость для всех» по логике вещей предполагает разделение общества на мудрых и всемогущих субъектов этой справедливости, которым дано ее осуществлять, «защищая» своих подданных от несправедливости, которым остается вера, идеи трудовой энтузиазм. Так справедливость оборачивается несправедливостью для большинства. Именно это означает, в обществе формируется авангардная группа, которая осуществляет эти идеи впоследствии рано или поздно «коллективное руководство» сводится к доминированию одного человека - вождя, отношения с которым могут строиться по принципу личной преданности и умения занять позу «преданности». Тот от кто не готов к этому подлежит изоляции или ликвидации. Тому примеров в истории тоталитаризма великое множество [1, 4-9].

Весьма важное, если не сказать главное, определяющее место в тоталитаризме как системы общественного устройства занимает власть и идеология, которые полностью заняли место в общественном сознании, но и превратилась в один из главных инструментов осуществления политической власти, в его *atter ego*. И таким закономерным механизмом прекрасно выполнившим задачу формирования тоталитарной системы власти становится партия как главного института Власти. Как известно тоталитаризм как система власти во многом возникает из политических партий. Внутренний механизм любой политической партий построен на

выдвижении авторитета какого-либо лидера и стоящей за ним группировки, которая стремится, захватить власть сначала внутри своей партии, а затем в масштабах всего общества на что их толкает сама логика власти, в сущности, является естественным закономерным процессом тоталитарного общества. Впоследствии механизм борьбы за власть группировки внутри партии, ее лидеров как правило, приводят к тому, что систему образующим элементом всех сложных связей становится принцип ее можно условно назвать как бандократий. Рвущая к власти партия начинает строится по принципу уголовной банды во главе с авторитетом, стремящейся заполучить государственные и общественные институты и конечно же право полного контроля над экономическими ресурсами. Об этом наглядно и ярко свидетельствует история двух наиболее известных в мире тоталитарных режимов - фашистской Германии, а также фашистской Италии и Сталинский режим в СССР. Кстати следует заметить, что они определили во многом политические и геополитические процессы XX века. Гитлеровский тоталитарный режим мог возникнуть только в условиях чрезвычайной политической и экономической нестабильности, в которых жила веймаровская Германия. Политическим ответом на эту нестабильность и стала печально знаменитая диктатура власти НСДАП, впоследствии ставшей прямой угрозой существованию немецкого общества. Диктатура власти ВКП б) во главе с И.Сталиным решала и решила две основные задачи провести ускоренную модернизацию общества и создать мощное государство на просторах Евразии [2-15].

Следует обратить внимание, что обе формы широко использовали идеологию как инструмент власти и ее механизма легитимизаций. Однако все же главной особенностью тоталитаризма является привлечение насилия в повседневную жизнь, как системы самосохранения, позволяющей существовать и даже процветать Власти партии и ее лидеров. Я имею виду существовавшие в то время тоталитарных системах таких как нацистская Германия, фашистская Италия и советский Сталинский режим. В условиях постоянного насилия перестает действовать идеология, а сама Система власти превращалась в свою полную противоположность, казалось должна стать цементирующим гарантом стабильности общества, на то, что она должна естественно претендовать, впоследствии становится главным источником угрозы существованию основ всего общества. Как известно из истории все существовавшие тоталитарные системы Власть как правило в своей практике полностью отвергает традиционные системы власти (предшествующего периода) и закономерно уничтожается также ее легитимность, эти формы власти могут существовать только в соответствующих присущих ей системам политических связей, функционирующей только при наличии существующих общих узко групповых и классовых интересов и взглядов, при полном доминировании Лидера партии в политической жизни страны. Все эти вышеприведенные

анализы сути и сущности тоталитарных режимов существовавших в Германии, в Италии

В октябре 1922 года в пограничной с Францией Италии к власти пришёл Бенито Муссолини. Первым его заявлением было: "Мы создали миф. Наш миф - это нация, наш миф - это величие нации! И этому мифу, этому величию мы подчиним всё!" Избрав символом своего режима фасцию ликторов, он дал жизнь термину "фашизм", а его идеи о принципах построения государства ("Сильная нация - сильное государство") находят своих сторонников в лице будущих диктаторов: Гитлера, Салазара, Франко [3, 10-18].

Итальянский дуче считал главным условием построения сильного государства полное подчинение интересов индивида интересам государства, для чего каждый итальянец должен был вытравить из себя эгоизм и эгоцентризм. "Для фашизма, - писал Муссолини, - всё сконцентрировано в государстве, нет иной ценности, чем государство, и в этом смысле фашизм тоталитарен!" Тезис о сильном государстве был развит Салазаром, который при этом особо выделил роль сильного вождя в оправдание собственного культа: "Поскольку разум человеческий страдает неуравновешенностью, порядок не может быть установлен самопроизвольно. Для этого необходим тот, кто умеет властвовать, причем властвовать лучше всех." [3,7-12].

Посол Франции в СССР писал 10 января 1928 года министру иностранных дел Аристиду Бриану: "Насколько я могу судить, ситуация в Европе поставлена в зависимость от политического курса двух стран - Советского Союза и Италии. Обе, каждая по отдельности, проводят политику, ведущую к войне... В СССР идут усиленные приготовления. Политика, проводимая советским правительством, является следствием социального кризиса внутри страны и тяги к соперничеству на международном уровне. Ни в той, ни в другой области, похоже, люди не в состоянии изменить ход событий..." [4].

Посол Франции был недалёк от истины: ситуацию в дальнейшем в Европе стали определять большевизм и фашизм, но только не в лице Сталина и Муссолини, а Сталина и Гитлера. Гитлер, развив расистские идеи француза Гобино, оставил далеко позади Бенито Муссолини. Чтобы "властвовать лучше всех", необходимо было заручиться поддержкой масс, а для этого, в свою очередь, нужна была теория, не только консолидирующая, но в то же время возвышающая массы над себе подобными. Такой консолидирующей и возвышающей немцев идеей Гитлер избрал фашизм, красиво и ёмко вписав свой лозунг в короткое Deutschland uber alles. Он сумел вбить в головы своих подданных, что они сверхчеловеки и предложил им соучастие в совместной эксплуатации всей остальной части человечества [4,6-16].

Большевистская идеология к этому времени уже набрала силу. Претворяемая в жизнь под идейным руководством Сталина, она также



строилась на принципе возвеличивания одной нации (русской) и делала ставку на самую многочисленную и малограмотную ее часть - пролетариат и крестьянство. Со временем манипулирование Сталина русским народом дойдёт до той критической точки, когда один народ будет превращён им в орудие подавления других народов СССР. Активным критиком советского тоталитаризма вскрывавшим все его преступления явился видный казахский общественный и политический деятель, публицист, идеолог борьбы за свободу и независимость Единого Туркестана. В регионе Центральной Азии националистические настроения, то есть естественное желание сохранить сложившиеся вековые связи, сформировавшиеся на основе нациообразующих признаков, оставались главным препятствием для полного утверждения власти коммунистов.

Сознательное разрушение социальных связей, существовавших в Туркестанском обществе, желание с кавалерийского наскока провести классовое расслоение не только населения, но и понятий привело большевиков к внедрению алогичных словосочетаний "буржуазный национализм" и "пролетарский интернационализм". Тактическая уловка Ленина представить национально-освободительное движение как движение, направленное против иностранного господства, оказалась безуспешной. В этой обстановке Сталин переориентирует национальную политику. С учетом социально-политических особенностей Центральной Азии он приступает к укреплению личной власти всеми доступными средствами - дипломатическими, военными, репрессивными - и выдвигает лозунг о советском патриотизме.

Газета "Правда" 1 февраля 1936 года заявила: "Все народы - участники Великой социалистической стройки - от самых маленьких до самых больших - полноправные советские патриоты... И первым среди равных является русский народ, русские рабочие, русские трудящиеся, роль которых во всей Великой пролетарской революции, от первых дней до нынешнего блистательного периода её развития, исключительно велика..." [5,4-6,10-17].

В заключение хотелось бы высказать мысль о том, что логика исторического развития тоталитарные режимы установленные в СССР и в Европе, не сумевшие в силу различных причин, решить проблемы общественного развития. И только с их ликвидацией, новые государства, если можно так выразиться пошли по закономерному пути создания и развития – демократического государства.

### ***Список литературы:***

1. Шоқай. М. Тандамалары. 2 том, Алматы, Қайнар баспасы, 1999
2. Сб. Героическая Испания. М.,: Партиздат,1936
3. Испания В борьбе против фашизма М.,: Партиздат,1936

4. Чокай М. Как это было. В кн, М. Чокай и большевизм. А. Қазақ университеті.2000.

5. Садыкова Б. М. Чокай в эмиграции. А. Мектеп.2009.

### **Түйіндеме**

Мақалада кеңестік және европалық тоталитаризмнің қайнарлары мен мазмұны қарыстырылады. Кеңестік және итальян, герман тоталитаризмдерінің ұқсастары мен ерекшеліктері аталып көрсетіледі.

### **Резюме**

Данная статья раскрывает истоки и сущность тоталитаризма как системы власти, а также общее и различие советского и итальянского германского режимов.

## **«ҰЛТ ЖАНАШЫРЫ-МҰСТАФА ШОҚАЙ»**

**Ідірісова Ә.М.**

М.Шоқай атындағы № 187 орта мектебінің мұғалімі

*Ұлт дегенде көпіріп,  
Жарайсың, қаным, қайнадың!  
Ұлтымнан мен садаға,  
Бекіндім, басты байладым!*

*М.Шоқай*

Мұстафа Шоқай ХХ ғасырдың басындағы аса көрнекті саяси қайраткер, публицист, аудармашы, жазушы, қазақ интелгенциясының ең жарқын өкілдерінің бірі, ұлт жанашыры. Мұстафаның кеменгерлігі – ол тек қазақ халқының ғана жанашыры болып қоймай күллі Түркі халықтарының бірлігін ойлап, Түркістан мемлекетін құрғысы келді.

Мұстафа бұрынғы күнтізбе бойынша 1890ж. 25 желтоқсанда ал жаңаша есеппен 1891 жылдың 7 қаңтарында қазіргі Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Сұлутөбе маңындағы Наршоқы қыстауында дүниеге келген. Қыпшақ руынан.

1902ж. Ташкенттегі ерлер гимназиясына қабылданады.

1910ж. гимназияны үздік бітіріп, Петербор университетінің заң факультетіне түседі.

1914ж. Ә.Бөкейханов ұсынысымен IV Мемлекеттік думаның Мұсылман фракциясы хатшысы қызметіне тағайындалды. 1916ж Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалысты патша үкіметінің аяусыз басып-жаншуына байланысты құрылған комиссия құрамына тілмаш болып кіреді.

1917ж. Түркістан автономиясы құрылып, сыртқы істер министрі болып тағайындалады. Шілде айында бірінші жалпы қазақ құрылтайына қатысып, «Алаш» партиясын құру туралы шешімге дауыс береді.

1917ж. маусым айында Ташкент қаласында «Бірлік туы» газетін шығарады. Саяси қызметі осы 1917ж. басталды. Ол Мәскеуге құрылтай мәжілісіне Түркістаннан жіберілген болатын.

Мұстафа Шоқай Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің мүшесі еді.

1917ж. көктемінде Түркістан мұсылмандары Орталық кеңесіне (Turkistan Musilmsndari Merkezi Surasi) төраға болып сайлануымен ұласып, бұл кеңеске башқұрт Ахмет Заки Уәлиди Тоған хатшы, өзбек Мүнеуер Қари, Махмут Қожа Бекбұды, Ұбайдұллах Қожа сияқты кісілер мүше болған.

1918ж. 2 қаңтарда М.Тынышпаев қызметінен кетіп, бас министр болып Мұстафа Шоқай тағайындалады. Ақпан айының басында большевиктер қару күшімен Түркістан автономиясын құлатады. Осы жылы 18 сәуірде Мария Гориномен некелеседі. 1919ж. Кавказға барады. Кейін Грузия астанасы Тбилиси қаласында тұрып, «Біртұтас Түркістан республикасы» атты мақаласы «Вольные горцы» апталығында «На рубежке» атты обшша журналда басылады. өз мақалаларын тікелей өз атымен және «М-Жанай», «Желил» деген бүркеншек аттарымен жариялайды.

1921ж. ақпанда Тбилисиге большевиктердің кіруіне байланысты қаланы тастап, Стамбулға келеді.

Осы жылдың орта шенінде Францияға Париж қаласына қоныс аударады. 1927ж. Стамбулда Зәки Валидидің бас редакторлық етуімен «Жаңа Түркістан» журналын ұйымдастырады. 1929ж. түркістандықтар тілінде «Яш Түркістан» журналы шығара бастады, өзі редакторлық етті. Бұл журнал 1939ж. дейін II дүние жүзілік соғыс басталғанша шығып тұрды. Кейбір шетелдіктердің Түркістан жөнінде жазған кітаптарына да Мұстафа Шоқай көмектескен. Мәселен «Түркістан» деген атпен шыққан R.Olzscha мен C.Cleinow бірігіп жазған 434 беттік кітаптың 363 беттен 409 бетке дейінгі бөлігін М.Шоқай жазған.

Ол жеке еңбектер де жазып 1928ж. Парижде француз тілінде “Chez Les Soviets en Asie Centale” 1935ж «Түркістан советтік әкімшілік астында» 1937ж. «1917ж естеліктерінен үзінділер» деген кітаптары жарық көрді.

М.Шоқай Париж, Лондон, Берлин, Варшава қалаларында түрлі жиналыстарды, орыс пен қытай қоластындағы Батыс пен Шығыс Түркістан жөнінде лекциялар оқыды.

1924ж. Түркістан Ұлттық одағы ұйымына мүше болады. 1927ж. Украина мен Кавказ халықтарының Европадағы өкілдері құрған Прометей одағына кіреді. 1934ж. шілдеде Парижде Кавказ, Түркістан және Украина халықтары достық комитеті деген атпен ұйым құрылып, ұйым басшысының орынбасары болып М.Шоқай сайланды.

Батыс елдерінде М.Шоқай, А.З.Валиди, Ә.Топчибашы, М.Расулзаде, Г.Исхаки, С.Максуди түрік халықтарының тарихы мен мәдениетінің білгірлері ретінде қабылданады. Олар әйгілі француз ғалымы П.Пеллио, Э.Блоше, Г.Ферранд ағылшын профессорлары Э.Браунд, Д.Росстармен тығыз достық қатынаста болды.

М.Шоқайдың 30-40 бүркеншек аттары болған. Аз, Акбер, Али, А.Юсупов, Дау, Даут, Жанай, Жанаев, Кара Мурза, Кипчак оглы, Омар оглы, Мусулманин, Садык Нури, Хакимжан, Мен, Бакинский корреспондент, фон Тәңірберді т.б.

М.Шоқай қазақ, орыс, француз, түрік тілдерін білген. Мақалаларын түрік шағатай тілінде де жазған. Стамбулдағы Кочин университетінің профессоры Тимур Қожа оғланда М.Шоқайдың қолы қойылған ағылшын-түрік сөздігі болған.

Мұстафа Шоқай –тайпалық танымның, тіпті ұлттық пайымның шеңберінен шығып кеткен, кең ауқымды ойлайтын ірі тұлға. М.Шоқай өзі армандаған тұтас Түркістан аймағын Батыс Түркістан, Шығыс Түркістан және Оңтүстік Түркістан- деп, үшке бөлді. Мұндағы Шығыс Түркістан қазіргі Қытай аумағындағы Шыңжаң өлкесі. Оңтүстік Түркістан қазіргі Ауғанстан территориясы, ал Батыс Түркістан немесе Ұлы Түркістан бүгінгі Орта Азия және Қазақстан аумағын қамтып жатқан ұлы дала. Шоқай түрікшіл болғанымен саяси тұрғыда Тұран идеясына күмәнмен қараған. Мәселен, әйгілі түрікшіл Нихал Атсызбен айтысында Шоқай Тұран идеясын «Саяси және жағрафиялық тұрғыдан жүзеге асуы мүмкін емес құр қиял» деп бағалаған. М.Шоқай Түркістанды тұтас мемлекет емес, федерация түрінде құру қажет деп білген.

1934 жылы Лондонға барған сапарында ағылшын парламентінің депутаты У.Д.Алленмен жүздеседі, халықаралық қатынастар жөніндегі король Институтында, Азия қоғамында француз тілінде баяндама жасайды.

1935 жылы Парижде кеңес үкіметінің қылмысын әшкерелеген «кеңестер билігіндегі Түркістан» еңбегі жарық көрді.

М.Шоқайдың шет елдердегі ізбасарлары туралы әңгіме қозғағанда алдымен профессор, доктор Таһир Шағатай мен доктор Абдулуахаб Октайдың атын атамау мүмкін емес.

Бұлар 1922 жылы Бұқара халық республикасынан Германияға оқуға жіберген студенттер. Бұл кісілер Парижде тұратын М.Шоқай нұсқауымен Берлинде «Жас Түркістан» журналын шығарған. Бұлар М.Шоқай қайтыс болған соң «Жас Түркістан басылымдары тізбегі» атымен Түркияда 22 кітап шығарды. М./Шоқайдың қайтыс болғанына бір жыл толуына орай «М.Шоқай альбомын» шығарды. М.Шоқайды көрген ізбасарларының бірі – қазақ Қарес Қанатбай.

Екінші дүие жүзілік соғыс кезінде Берлиндегі «Милли Түркістан» комитетінің хатшысы, соғыстан кейін Мюнхенде құрылған «Түрік елі

Түркістан ұлт-азаттық комитетінің» төрағасы болған Қарес Қанатбай соғыс кезінде дәлірек айтқанда бір ай бұрын М.Шоқайды көріп сөйлескен.

1917ж. желтоқсанда М.Шоқай Орынборда өткен ІІ-ші жалпы қазақ съезіне қатысып, съезд сайлаған Алашорда өкіметінің құрамына енеді. Сөйтіп ол жаңа құрылған мемлекеттің мүшесі болады. Оның себептері туралы не айтуға болады? Біріншіден Қоқанда Түркістан автономиясы жарияланып, үкіметі құрылғанда М.Шоқайұлы айға жетер-жетпес мезгілде Алашорда үкіметінің өмірге келерін білген жоқ еді және оны ойлауға уақыт ағымы мұрсат берген жоқ еді.

Екіншіден Алашорда үкіметінің құрамына еруге келісім беруі орынсыз деп айту қиын. Өйткені Алашорда үкіметін сайлаған желтоқсан съезі.

«Бір айдың ішінде Алашорда Түркістан қазағын бүкіл Алашқа қосып алады, қосып ала алмаса да бір айдан кейін халыққа білдіреді» деген шешім қабылдады. 1917жылғы дүрбелең тұсында қазақ зиялылары арасында қазақ елінің мемлекеттік тұтастығы жөнінде ортақ пікір болған жоқ.

М.Шоқайдың Түркістанның біртұтас идеясын жүзеге асыру жолында Түркістан автономиясын құру және автономия арқылы азаттыққа жету мәселелерін белгілі грузин қайраткері Чхеидземен сұхбаттасқан (1917ж. июнь) кезінде айтады. Ал 1917ж. 10 желтоқсанда оны құрып үлгереді. Уақытша үкіметтің қасынан Түркістан істері жөніндегі Комиссариат құру ұсынысын Керенский толық қолдайды. Түркістандағы орыс әскерлерін татар-башқұрт әскерлерімен алмастырып, түркістандық жастарды әскер қатарына шақырып, өз армиясын құруды ойластырады.

1941ж. тамызда мұсылман және түркі тектес тұтқындармен айналысатын комиссия төрағасы болып тағайындалды. Екінші дүние жүзілік соғыс кезінде фашистік тұтқынға түскен әр түрлі елдер өкілдері ішінде сан жағынан тұтқынға түскен әр түрлі елдер өкілдері ішіндегі сан жағынан ең көбі кеңестік тұтқындар жалпы саны 5,7 миллион болған. (« Наука и жизнь » журналы №12 1987ж)

Кеңестік тұтқындардың жағдайының ауырлығын, тірі қалу мүмкіндіктерінің жоқтығын пайдаланып, немістер өздері құрған ұлттық құрамаларға кіруге итермеледі. Осы құрамаға кіруге 968 000 тұтқын ниет еткен. Оның ішінде 180 000 –ы түркістандық болған.

1941ж. күзде кеңестік тұтқындардың жағдайын байқау үшін құрылған комиссияға Гайбель басқарған комиссияға М.Шоқаймен бірге татар, өзбек, т.б.халық эмигранттары кіргізілді.

И.А. Дугастың айтуынша, ұлттық легиондар құру туралы алғашқы құпия бұйрық 1941 жылы 30 желтоқсанда берілген (бұл кезде Шоқай қайтыс болған). Бұл бұйрық берілуіне себеп болған 1941жылдың күзінде түрік генералы Эрклиттің Гитлермен кездесуі болған.

1941жылғы 27 желтоқсан күні Берлинде «Виктория» ауруханасында жұмбақ жағдайда қайтыс болды.

М.Шоқай денесі Берлиндегі мұсылман бейітінен мәңгілік орын тапты. Ал Түркістан көсемінің 20 жылға жуық өмірі өткен Франциядағы Ножан-Сюр-Марн қаласында тұрған үйі жанында мемориалдық тақта орнатылды.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

- 1.Туркестан под властью Советов (к характеристике диктатуры пролетариата) П., 1928; Таңд., 1,2т. А.,1998; 1999;
- 2.Октай А.,Түркістан: ұлттық қозғалыстар және Мұстафа Шоқай, Ст., 1955 (түрік тілінде);
- 3.Шоқай Мария, Естеліктер, Ст., 1997;
- 4.Қойгелдиев М., «Тұтас Түркістанның» идеясы және Мұстафа Шоқайұлы, А., 1997;
- 5.Из истории Российской эмиграции письма А.-З.Валидова и М.Чокаева (1924-1932гг.) сост.С.М.Исхаков,М.,1999;
- 6.Садыкова Б., Мұстафа Шоқай, А., 2004;
- 7.Абдухаб Қ.,Мұстафа Шоқай: өмірі, күресі,шығармашылығы А.,2004;
- 8.Ахмет Заки Уәлиди Тоған Natıralar естеліктер Ыстамбул 1969, 144б;
- 9.Хасан, Оралтай Алаш-Түркістан түріктерінің ұлт-азаттық ұланы Стагбул 1973ж 79-80 беттер
- 10.И.А.Дугас Санадан сызылғандар кеңестік соғыс тұтқындары Гитлер мен Сталин

## **МҰСТАФА ШОҚАЙ - ӘЛЕМГЕ ТАНЫЛҒАН ТҰЛҒА**

### **Бакирова С.З.**

М.Шоқай атындағы №187 қазақ орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құралған манызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту ұлттық болмыстан ұлттық кодтан айырылып қалмай оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр.

Егер жаңғыру елдің ұлттық рухани тамырынан нәр ала алмаса ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып жарастыра алатын құдіретімен маңызды.

Ол адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр. Бұл дегеніміз- ұлттымыздың барлық ұлттық салт дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді,

мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш.

Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады...

1941 жылы эмиграцияда жұмбақ жағдайда қайтыс болған Алаш қайраткері Мұстафа Шоқайдың туғанына биыл 128 жыл толды. Ұлт мұраты үшін күрескен, қазақ халқы ғана емес, түркі халықтарының бірлігі мен ынтымағын аңсаған, Түркістан идеясының авторы Мұстафа Шоқайды толық тани алдық па?

Халқының азаттығы үшін қанды қақпанға ілігіп, опат болған, қуғын-сүргіннің азап тозағын бастан кешірген, шетелге келіп, шерменде ғұмыр кешіп жүріп, күрескерлігін тоқтатпаған Мұстафа Шоқайдың өмірін, қызметін халыққа таныту. Ата-бабамыздың ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздігін алуға өз септігін тигізген, халықтың сана-сезімін оятқан Сыр елінің азаматы жайлы сыр шерту.

Мұстафа Шоқай 1890 жылы 25 желтоқсанда (7 қаңтар) Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, «Бірінші мамыр» (қазіргі М.Шоқай атындағы кеңшарының әулие тораңғыл) Наршоқы деп те аталады, деген жерде дүниеге келген. Мұстафаның тегі орта жүздегі қыпшақ оның ішіндегі Торайғырдың Шаштысы, Батый ұрпағының Жанай тармағынан тараған. Әкесі Шоқай дала қазақтарының арасында ерекше мәдениетті, елге беделді кісі болыпты. Мұстафаның нағашы жұрты да текті болғанға ұқсайды. Анасы Бакты-әйгілі әскербасылардың бірінің ұрпағы. Мұстафаның терең білім алып, саяси көзқарасының қалыптасуы және қоғамдық қозғалысқа, халқының азаттығы үшін күреске алғаш қатысып шындалу кезеңі оның Петерборда өткізілген жылдарына сай келеді. Мұстафа Петербор университетінің заң факультетін бітіреді. Оның достары-қандас бауырлары қазақ ұлттық интеллигенциясының көрнекті көшбасшылары: Думаның мүшесі болған Әлихан Бөкейханов және Ахмет Байтұрсынов шоқ жұлдыздай шағын ғана осы шоғыр күш біріктіріп, патшалықтық шығыстағы жазалаушы саясатына қарсы шайқасты. Думаның зорлық-зомбылықпен жүгенсіздікті тоқтату шарала-рын белгіленуі де, қазақ-орыстар мен жазалаушылардың 1916 жылы көтеріліске қатысушыларға көрсеткен айуандығын тексеру үшін тергеу комиссиясын құруға да шешуші ықпал жасаған – Мұстафа Шоқай.

Мұстафа Шоқай Түркі халқының тіршілігін әмбеге әйгілейтін журнал-газеттер ұйымдастырып, шығуға қатысады. Мұстафа Шоқайдың сан салалы қайраткерлік, ғылыми-зерттеушілік қызметінің бір қыры-саясаттанушылығы. Ол шетелге саяси эмиграцияға кеткен күндерінен бастап өмірінің соңғы сәттеріне дейін Қазақстан мен Түркістанның қоғамдық-саяси өмірін саясаттанушы ретінде жан-жақты әрі терең зерттеп, осы мәселелер жөнінде ғылыми танымдық және саяси қолданбалы еңбектер қалдырды

Бұл есімді ауызға алғанда отандастарымыздың ойына «Мұстафа Шоқай кім? Өз басының мүддесін қуып, жыраққа кетіп саяқ жүріп бақыт іздеген бейбақ па, әлде фашистер тұтқындаған шерменде отандастарымды біріктіріп еліне жеңіс тұғырына қайта оралуды арман еткен сатқын ба?» деген сияқты негізінен кеңестік идеологиялық жүйе жасап кеткен түрлі сауалдар оралады.

XX ғасыр қазақ тарихындағы терең із қалдырған бұл қайраткердің өмірі мен қызметіне байланысты қойылған осы сияқты сауалдарға соңғы жылдарға дейінгі ғылыми дәлелденген жауап іздеу мүмкін болмай келді. Тек енді ғана Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік комитеті архиві құжаттары мен Мұстафа Шоқайдың шетелдердегі мұрасы зерттеушілердің қолына түсе бастауына байланысты бұл тақырыпқа арналған түрлі мақалалар жарық көрді.

Жинақтап айтқанда, ол еңбектердің өзі де бұл үлкен мәселені игерудегі алғашқы жасалған әрекет есебінде ғана өйткені Мұстафа Шоқай қызметіне байланысты отандық және шетелдік құжаттардың басым бөлігі әлі де ашылмаған күйінде қалып отыр. Мұстафа Шоқайұлы XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық және әлеуметтік қайта жаңғыру үшін басталған қозғалыстың көшбасшыларының бірі еді. Сондықтан да ол соңынан империялық зорлыққа қарсы көтерілгендігі үшін қуғын-сүргінге ұшыраған қайраткерлердің үлесіне тиген тағдыр қасіретін бөліседі. Сонымен бірге, кез келген ірі қоғамдық-саяси қозғалыс басшыларының әрқайсысының мүмкіншіліктеріне сай атқарған міндетіне байланысты қозғалыс тарихында алатын орны болмақ. Мәселен, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы және Міржақып Дулатұлының XX ғасырдың бас кезіндегі ұлт-азаттық қозғалысты, оның жиынтық көрінісі болған Алаш қозғалысын теориялық және ұйымдық тұрғыдағы даярлаудағы рөлі ерекше және оны бұл қозғалысқа атсалысқан басқа қайраткерлердің орнымен шатастыру қиын. Сол сияқты Түркістан халықтарының, қазақ жұртының XX ғасырдағы ұлт-азаттық қозғалысы тарихында Мұстафа Шоқайұлының да тек өзіне тиесілі орны бар. Мұстафа Шоқай басқа қазақ зиялылары сияқты Ақпан төңкерісі нәтижелерін үлкен ынтымақпен қолдап, уақытша үкімет орындарының шараларына, қазақ даласына құрылып жатқан Қазақ Комитеттерінің жұмысына қызу араласады. 1917 жылдың жазында уақытша үкіметтің Түркістанды басқару үшін құрылған тоғыз адамнан тұратын. Мұстафа Шоқай да Түркістан Комитетінің құрамына енгізіледі. Дегенмен, Уақытша Үкімет, әсіресе, оның орнына келген Кеңестік билік Түркістан халқының өздерін-өзі билеу құқын мойындамады. 1917 жылы 22 қарашада өз жұмысын аяқтаған Түркістан өлкелік Кеңестер съезі Түркістан халық комиссарлары Кеңесі деп аталатын үкіметтің құрылғанын жариялап бірақ оның құрамына жергілікті мұсылман елдерінен бірде-бір өкіл енгізбейді. Бұл жағдай Мұстафа Шоқай төрағалық еткен «Түркістан өлкесі мұсылмандары Кеңесін» нақты әрекеттерге көшуге итермелейді. Осы жылдың 26 қарашасында Қоқан



қаласында өз жұмысын бастаған төтенше өлкелік мұсылмандар съезі Түркістан халықтарының өзін-өзі билеуіне ықылас білдіре отырып, Түркістан-ды «Ресей Федеративтік Республикасымен ынтымағы бір территориялық автономия» деп жариялап, Түркістан Уақытша Кеңесі үкіметін құрады. Мұстафа Шоқай әуелде бұл үкімет құрамына сыртқы істер министрі есебінде еніп, екі апта өткен соң оның төрағасы болып сайланады.

Өмірдің өзі көрсетіп бергендей ешқандай да эмиграциялық жолға бармай, отанында қалған Алаш зиялыларының тағдырына мынадай екі бағыт байқалды. Бірі Кеңестік билікті ішкі дүниесімен қабылдамай, бірақ мойындауға мәжбүр болды. Ал екіншілері Алаштың идеологиядан бас тартатындықтарын ресми түрде ашық мойындап, Кеңестік тәртіппен ымыраға келу жолына түсті. Өз отанында қалған Алаш зиялыларына тиесілі басқа үлес жоқтың. Мұны Мұстафа Шоқайұлы жақсы түсінді. Түсінгендікпен де саналы түрде эмигрант тағдырын таңдап алды. Күрескердің Парижге келудегі түпкі мақсаты, әрине Отаны Түркістанның азаттығы үшін атсалысу еді. Мұстафа Шоқайдың еңбектерінде Түркістан автономиясының құрылуы мен күйреу тарихына тікелей қатынасы бар деректемелік байланысты Мұстафа Шоқай былай жазды: «Түркістанда Ресейден біржола бөлініп кету жөніндегі пікірді мақұлдай қоятын психология рухани әзірлік болмағандықтан біз автономияны былай түсінгенбіз: Түркістанның дербес ел басқаратын мәселелері мен атқару органдары, яғни заң шығаратын парламенті мен іс жүргізетін үкіме-ті болуға тиіс. Сыртқы саясат, қаражат, жол, әскери істер бүкіл Ресей Федерациясы үкіметтің ісі деп есептейтінбіз. Оқу-ағарту ісі, жергі-лікті мекемелер, заң және жер мәселесінің бәрі автономиялы үкіметтің ісі деп қарайтынбыз». Мұстафа Шоқай екі ай ғана өмір сүрген соң Кеңестер талқандаған Түркістан автономиясын «Түркістан – ұлт-азаттық қозғалысының бастау көзі» деп бағалады. Мұстафа Шоқай бай мұраның айтарлықтай бөлігіәлі де болса көпшілігімізге белгісіз. Азаттық алу үшін езілген халықтардың тізе қосуы қажет екендігін Мұстафа сол кезде анық түсініп, өмірінің соңына дейін бұл пікірден айныған жоқ.

1917 жылы окоп қазуға бірінші дүниежүзілік соғыс майдандарына жіберілген қазақ жігіттерін аман - есен елге қайтуы үлкен қиыншылықтарға кездесті. Осы кезде Петербордан елге оралған Мұстафа Пенза, Сызань, Самара қалаларында қазақ жігіттерін алып келе жатқан составтардың өз уақытында елге жетуіне ат салысады. 1917 жылғы Ақпан революциясын М. Шоқай өзінің пікірлес досы, башқұрт қайраткері Зәки Валидимен бірге Петерборда зор қуанышпен үлкен үмітпен қарсы алады. Олар бұдан кейін өз халық-тарының бостандыққа қолын жеткізу жолында жанқиярлық әрекеттер жасады. Бірақ олар сол кездегі Ресей топырағында өздеріне қолұшын береді депсенген демократиялық бағыттағы орыс саяси партияларынан үмітін үзуге мәжбүр болады. Өзінің ескі танысы Петроград жұмысшы және солдат депутаттары советін басқарып, саяси билікте

отырған Н.Чхеидзе Мұстафа Шоқайдың Түркістанда (Ресей құрамынан шықпай) автономия идеясын «сепаратистік» пиғыл ретінде бағалайды. Дегенмен, Ақпан революциясы берген батысты жетістік патша үкіметінің құлауы-түркістандықтар үшін бостандыққа жол ашқандай сәуле болды.

1917 жылы наурызда Ташкент қаласында Түркістан мұсылмандарының құрылтайы шақырылды. Онда сайланған «Ұлттық орталыққа» төрағасы болып Мұстафа Шоқай сайланды. 1917 жылы ол «Ұлы Түркістан» (өзбек тілінде) газетінің редакциясына кіріп, қазақ тілінде шығатын «Бірлік туы» газетінің редакторы болды. Түркістан автономиясының Уақытша Үкіметінің Бас Министрі етіп Өлкелік Қазақ Кеңесінің төрағасы болған Мұстафа Шоқайды бекітеді. Оған қоса 1917 жылдың шілде айында Орынборда өткен I Бүкілқазақтық Құрылтайдан соң құрылған «Алаш» партиясына да мүше еді. 1917 жылғы дүрбелең тұсында қазақ зиялылар арасында қазақ елінің мемлекеттік тұтастығы жөнінде ортақ пікір болған жоқ. М.Дулатұлы бұл мәселеге байланысты мынадай түсінік берген-ді: Ол кезде Түркістан мен қазақ бірігуі керек деушілердің дәлелі орыстың отаршылдығынан құтылу үшін күшті болып ұлт тілегімізді жүзеге асыру үшін Орта Азия елдері бірігуіміз керек дейтін. Ә.Бөкейханұлы пікірі Орта Азия болып (өзбек және басқалармен) бірігуге болмайды, оларда ескішілдік (консерватизм) діншілдік, дін жолында ұстағанынан айырылмаушылық (религиозный фанатизм) күшті, оларды ишан, қожа-молда билеп келе жатқан халық, шарифат жолынан тез арада арылмайтын халық шаруа түрі бізден басқа мәдениет жолында бізден де төмен, сондықтан екі соқыр қол ұстасып жүріп күн көре алмаймыз дейтін пікірде болды.

***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Қазақ тарихы журналы, 1997 жыл
2. Байбота Серікбайұлы Мұстафа Шоқай Түркістанның қилы тағдыры, Алматы, Жалын, 1992ж 184 бет
3. Ақмешіт апталығы №36, 8 қыркүйек, 2000 жыл
4. Таңдамалы шығармалар Үш томдық, Алматы Қайнар баспасы 2007 жыл

## МУСТАФА ШОҚАЙ – ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ ҚАЙРАТКЕР

Калмуратова Ж. А.

М.Шоқай атындағы №187 орта мектебінің мұғалімі. Қызылорда қаласы

Алаш алыптары шоғырына жататын арыстарымыздың әрқайсысының тарихтағы орны айрықша. Әйтсе де, Мұстафа Шоқайдың өзге қайраткерлерден, замандастарынан ерекшелігі неде дейтін болсақ, ең әуелі, Мұстафа Шоқай – Түркістанның тұтастығына толық сенген, сол жолда басын бәйгеге байлаған қабырғалы да сан қырлы қайраткер. Саяси көзқарас кеңістігі тұрғыластарынан әлдеқайда кең болған ол қазақтың тәуелсіздігін күллі Түркістанның тәуелсіздігінен бөліп қарамаған.

М.Шоқай қызметін жөнімен әділ бағалау тұрғысында, бұл тақырыпқа сонау кеңес заманының өзінде-ақ алғаш түрен салған жазушы Әнуар Әлімжанов еді. Ең күрделі мәселе – «Мұстафа Шоқай гитлершілермен ауыз жаласқан, азиялық тұтқындарды кеңес өкіметіне қарсы соғысуға үгіттеп, олардан «Түркістан легионы» деген жасақ құруға қатысқан, Отанын сатқан опасыз, дұшпан» деп кеңес өкіметі таққан айып. Бұл айып шындықты бұрмалау екендігі қазір дәлелденіп отыр. Жазушы, қоғам қайраткері Ә. Әлімжанов «Мұстафа Шоқай. Ол кім?!» деген мақаласында «Мұстафа Шоқайұлы ешкімнің ақтауына мұқтаж емес. Ол өзін-өзі шығармаларымен, ерлігімен ақтап отыр. Оны тарих пен уақыт ақтады. Түркі тілінде сөйлейтін халықтар оның өзіне лайық бағасын беруде» деп жазған екен. Әнуардай көрнекті қайраткердің бұл тұжырымының дұрыстығын өмірдің өзі көрсетті.

Мұстафа Шоқай 1890 жылы 25 желтоқсанда Сырдария губерниясы, Ақмешіт уезі, Наршоқы деген жерде дүниеге келген. Көрнекті қоғам қайраткері, Түркістан Автономиясының жетекшісі. Қазақ ойшылы, оқымысты, мемлекет және қоғам қайраткері. Ақмешіт (қазіргі Қызылорда) қаласында дүниеге келді. Ол — белгілі Торғай датқаның немересі, Ер Шоқай — бектің ұлы. Нағашылары Хиуадағы қазақ хандары тұқымынан.

Мұстафа бастауыш білімді ауылда ата-анасынан алады. Осыдан соң Ташкенттегі орыс гимназиясын және Петербург университетінің заң факультетін үздік бітіріп шығады.

1912 жылы түрік-балқан соғысы бұрқ ете қалғанда, ол Түркияны қолдау қоғамына белсене араласты. Мұстафа Шоқай Мемлекеттік Думаның Мұсылман фракциясы Саяси бюросында Түркістан халықтарының бірден-бір өкілі болды. Думаның 1916 жылғы көтеріліске қатысушыларды жазалаушы казактардың айуандық әрекеттерін тексеру үшін комиссия құру туралы шешім қабылдауы барысында М. Шоқай шешуші рөл атқарды. Мұстафа, сондай-ақ, Құрылтай жиналысындағы «Түркістан халықтарының құқығын қорғау» жөніндегі өкілдер комиссиясын басқарды.

Өкімет басына Уақытша үкімет келген соң, оның басшысы А.Ф.Керенский М.Шоқайға министрдің портфелін ұсынады, бірақ Мұстафа бұл ұсыныстан бас тартады.

1917 жылғы Ақпан төңкерісі М.Шоқай тобының Түркістанда біртұтас Түркістан федерациясы құрамындағы ұлттық автономиялар құруға дайындалуына ықпал етті. Бірақ Уақытша үкімет Түркістан халықтарының өзін-өзі билеуіне қарсы шықты.

1917 жылдың наурызында М.Шоқай Ташкенттегі Мұсылмандар конгресінде құрылған Мұсылман орталығын басқарды. Мұсылман орталығы да автономия құруға әзірлене бастады.

1917 жылдың Қазан төңкерісін түркістандықтар қуана қарсы алды. Бірақ бұл қуаныш ұзаққа созылған жоқ, Кеңес өкіметі де Түркістан автономиясына үзілді-кесілді қарсы болатын.

1917 жылдың 22 қарашасында Қоқанда барлық саяси партиялар мен қозғалыстардың Бүкілтүркістандық конгресі өтіп, онда Қоқан автономиясының құрылғандығы жария етілді. Оның президенті болып Мұстафа Шоқай сайланды. Осы жылдың желтоқсанында М.Шоқай «Алашорда» үкіметінің құрамына кіреді.

1918 жылдың қаңтарында қарулы жұмысшы отрядтары мен қызылгвардияшылар Қоқанды шабуылмен басып алған соң, М.Шоқай Грузияға кетті. Онда ол Кавказ халықтарының демократиялық қозғалысына белсене ат салысады.

1920 жылы қызыл әскер Грузияға кіргенде, М. Шоқай Түркияға қоныс аударды, одан әрі Берлин асып, кейін Францияда тұрақтады. Эмиграцияда жүріп М. Шоқай кеңестік езгідегі Түркістан халықтарының өмірін көрсетуге арналған журналдар мен газеттер шығаруды ұйымдастырып, олардың жұмысына белсене араласады. Стамбұл мен Парижде, Берлин мен Лондонда, Варшавада ол Орта Азия туралы мақалаларын, теориялық зерттеулерін, тарихи және саяси шолуларын жариялады. Ол ұйымдастырған «Жаңа Түркістан» және «Жас Түркістан» журналдары тиісінше Стамбұл мен Берлинде басылып тұрды. Ұлы Отан соғысы басталысымен М.Шоқай тұтқындалып, Париж түбіндегі Компьен концлагеріне жіберіледі. Осында екі апта ұсталған ол кейіннен босатылады. М. Шоқай үйінде ұзақ бола алмайды. Оны әуелі Германияға, кейіннен Польшаға және Украинаға әкеліп, тұтқынға түскен түркістандықтармен жүздестіріледі. Лагерьлердің бірінде қазақтың ардагер ұлы 1941 жылдың 27 желтоқсанында дүниеден өтті.

«Мұстафа Шоқай қоры» Наршоқыға бүкіл Түркістан тәуелсіздігі жолындағы күрескер көсемінің туған жері екендігін білдіретін белгі орнатты. Үйден алғаш алысқа ұзап шығып Перовскідегі орыс-қырғыз (қазақ) мектебіне оқуға түскенде Мұстафа жеті жаста болыпты. Наршоқидан Перовскіге оқуға аттану бала Мұстафаның дана Мұстафаға айналар қадамының бастамасы еді. Мұстафа Петербургте оқыған 1910 – 1917 жылдар Ресейде революциялық ахуал ширығып, түрлі саяси ағымдар гулеп тұрған

кезең еді. Алғыр жас осындай өзгерістердің қайнаған ортасында жүріп, пісіп жетілді.

Саяси жұмыстарға белсене араласудың арқасында 1917 жылға қарай М. Шоқай танымал саясаткерге айналып үлгереді. Қазақ еліне, Түркістанға қатысты түрлі жиындарға, құрылтайларға қатысып, оларға басшылық жасайды. Уақытша үкіметтің басшысы А.Керенский министр қызметін ұсынғанда, одан бас тартады. Түркістан жөніндегі ұлттық комитеттің төрағасы болып сайланады. Автономия құру жоспарын ойластыра бастайды. М. Шоқай күллі түркі халықтарының басын біріктірген тұтас Түркістан автономиясын құруды ұсынды.

Түркістанның бірлігі мен тәуелсіздігін ту етіп, оны өмірлік мұратына айналдырған, сол жолда құрбан болған Мұстафа Шоқайдың тұлғасы күн өткен сайын биіктей бермек. Түбі бір түрік жұртының тағдыры талқыға түскен шақта басын бәйгеге тіккен, саналы ғұмырын ұлт мүддесі мен ел мұраты жолына арнаған сан қырлы қайраткер тұлғаның тағылымын арқау еткен еңбектер жаңа, тың деректерге жетелемек.

Көрнекті публицист, қоғам қайраткері жөніндегі деректер, оның артында қалған рухани бай мұрасы Қазақстанда ғана емес, Өзбекстан, Түрікменстан, Ресей, Грузия секілді көршілес елдермен қатар Франция, Германия, Түркияда шашылап жатыр. Оларды жүйелеу мен жинау көп уақыт пен қаржыны талап ететіні белгілі. Сонымен қатар осынау мол рухани дүниені игеру үшін сол елдердің тілін білу қажет-ақ. Міне, осы тұрғыдан келгенде Астанадағы “Фолиант» баспасынан шыққан Дархан Қыдырәлінің “Мұстафа Шоқай ” деген кітабының маңызы ерекше.

Мұстафа Шоқайдың саясаткерлігі, шығармашылығы, түрікшілдігі, «Прометей» қозғалысына, «Түркістан легионына» қатысы, оның жұмбақ өлімі және тағы басқа проблемалар жеке-жеке кешенді зерттеуді талап ететіндігі сөзсіз. Оның Еуропадағы іс-әрекеті жөнінде сөз қозғағанда оған қамқорлық жасап, қол ұшын созған поляктардың көмегіне тоқтала кету парыз. Мәселен, Ресейден талай қорлық көрген поляктар большевиктер табанына жаншылған орыс емес ұлттарға, оның ішінде қазақ халқына, Мұстафа Шоқайға деген ерекше ынта-ықыласы туралы мәселенің өзі арнайы тақырып.

Мұстафаның досы, Украинаның бұрынғы сыртқы істер министрі, профессор А. Шульгиннің: «Мұстафа – Бей мемлекеттік ірі қайраткер, аса көрнекті жазушы әрі журналист болды, бірақ, ол бәрінен бұрын өте тартымды адам еді, өзіндігі мол тұлға еді. Мұстафа – Бейді Түркістансыз көз алдыңа елестету мүмкін емес. Иә, ол өзінің жүрегімен де, өз Отанын, оның өткендегісі мен қазіргі сүрең келбетін бір минут та ұмыта алмайтын. Әйтсе де өзінің дәстүрлеріне адал күйінде қала отырып, ол өз бойына мейлінше әртүрлі адамдарды және бір-бірлеріне түсініксіз дерлік халықтарды өзара байланыстыра алатын әрі байланыстыруға тиісті аса бағалы, адамдық қасиеттердің бәрін дарыта білген еді», — деген сөзі толық дәлел.

Шоқайұлының тағы бір досы, бұрынғы Мемлекеттік Думаның мүшесі және Грузия Сыртқы Істер министрі А. Чхенкели былай дейді: «Біз құрған «Кавказ, Түркістан және Украина халықтарының достығы» қоғамында ол, әрине, елінің кеңдігіне қарай тиісті орын алды. Мұстафаның Париждегі, Лондондағы, Женевадағы және Батыстың басқа да орталықтарындағы қайраткерлік қызметі сан түрлі әрі жемісті болғандығы соншалық, олардың бәрін санап шығу мүлде мүмкін емес. Ол менің күткенімнің бәрінен асып түсті, далалық азиатты нағыз халықтың көсеміне айналды. Ол өте сабырлы әрі бірқалыпты еді, бірақ жүрегі ыстығырақ болатын, қашан да өзінің жеке басының қауіпсіздігін ойламай жақындарына жәрдемдесуге құлшынып тұратын. Совет-Герман соғысы кезінде ол соғыс тұтқындарының бір лагерьде өзінің батылдығымен, немістер еврей деп есептеп, атуға кескен бірнеше ондаған грузин жастарын арудан аман алып қалған. Ол өз өмірін қауіпке тіге отырып, кешірілмес қателікті түсіндіру арқылы үкімнің орындалуын тоқтата алды. Міне, біздің Мұстафа осындай тағылық уақытта өмір сүріп, күресе білді. Енді сен, жоқсың, қымбатты досым, бірақ біз де одан жақсы дәуірде өмір сүріп жатырмыз дей алмаймын. Ал сенің есімің мен идеяң қашан да біздің арамызда халықтарымыздың достығының символы болып қала береді»... Міне, Мұстафа – Бей Шоқайұлының иман, парасат ұялаған көлдария жүрегін, ұлы тұлғасын осы жолдардан-ақ терең сезінуге болады.

Бүгін бізге Мұстафа – Бей Шоқайұлының және онымен пікірлес, халықтың бағына туған көксерек топтың тағдырларын ойлап опынғаннан пайда жоқ. Алтын құрсақты айналайын халқымыз ара-кідік болса да алыптарды тумай тұра алмайды. Ендігі үміт соларда... Олар ат жалын тартып мініп, билік тегершігін қолына алып, бізді қыранға шығарып самалдатқанша, бәрібір Мұстафа Шоқайұлын егіле еске алуды қоя алмайтынымыз және ақиқат.

Ақиқат жаршысы, ұлт жанашыры бола білген ерекше тұлға Мұстафа Шоқай туралы зерттеу жұмыстары алдағы уақытта да жалғаса береді, сөйтіп тың туындылар шоқайтану ілімін толықтыра түседі, оқушыларын қуанта береді деп сенеміз.

***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. М.Шоқай Таңдамалы 1 том. Алматы Қайнар, 1998ж
2. М.Шоқай Таңдамалы 11 том Алматы Қайнар, 1999ж
3. М.Шоқай «Түркістанның қилы тағдыры» Алматы Жалын, 1992ж
4. Әлихан Бөкейханов «Шығармалар» Алматы «Қазақстан », 1994ж

## М.ШОҚАЙ - ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІ ЖОЛЫНДА КҮРЕСКЕР

Пришова Л.С.

М.Шоқай атындағы №187 орта мектебінің мұғалімі. Қызылорда қаласы

*“...Тәуелсіздік - киелі ұғым. Оны қорғау - бүкіл қазақтың парызы. Сондықтан қазақ халқының санасына осы киелі ұғым мен міндетті сіңіру үшін тәуелсіздікке еңбек еткен арыстарымызды бағалай білуіміз керек”.*

Н.Ә.Назарбаев

Мұстафа Шоқайдың төл тарихнамадан өзіндік орнын ала алмай, көп қағажу көруінің басты себебі ол Кеңес Өкіметі орнағаннан кейін басқа «Алаш Орда» қайраткерлеріндей Қазақстанда қалып қоймай, шет елге кетіп қалды. «Өзінің мұғажарлық кезеңіндегі бүкіл соқпалы ғұмырын Мұстафа Шоқайұлы кеңестік сұрқия саясатқа қарсы күресіне арнады. Мұстафа Шоқайұлының архиві Парижде сақталғандықтан оның еңбектерін тек тәуелсіздік алғаннан кейін ғана М.Шоқайдың шетелдегі мұраларын өзінің туған еліне жеткізуге мүмкіндік туды. Ғұлама ғалым, зерек білгер, басынан сөз асырмайтын шешен, дуалы сөзді танымал публицист Мұстафа мәмлегерлер мен саясаткерлердің де, ғалымдар мен білімдарлардың да ортасында сағына күтетін мейманы болған...Мұстафа Шоқай Түркістан халықтарының тіршілігін әмбеге әйгілейтін журнал-газеттер ұйымдастырып, шығаруға қатысады. Ол Мәскеу, Ташкент, Алматы, Орынборда басылатын большевиктік газет-журналдардан алынған нақтылы мысалдар мен деректерге негізделген Кеңестік Ресей мен Орталық Азия жайлы сұңғыла мақалаларын, теориялық зерттеулерін, тарихи һәм саяси шолуларын Стамбул мен Парижде, Берлин мен Лондонда, Варшавада жариялап жатты. Әйткенмен, оның жаны өзінің төл перзенттері Стамбулда шығатын «Жаңа Түркістан», Берлинде шығатын «Жас Түркістан» журналдарыныңүстінде, сөйте тұра Лондонда-ағылшын, Парижде-француз, Варшавада-поляк тілінде шығуын тоқтатпаған. Орыс императорлыққоғамының «Азиатское ревью» хабаршыларының жарияланымдарына белсене жәрдем жасайды. Сөйтіп, ол Батыс елдерінде ғана емес, сонымен қатар Түркия, Қытай, Америкада жүрген мұсылман мұғажырларына (эмигранттар) айтулы көсеміне айналды. Ой мен ісіндегі, табан тірер тұғырының беріктігі ұлттардың тендігі мен автономиясы жолындағы айрықша белсенді күрескерлері Мұстафа Шоқайдың өресінің жоғары екенін дәлелдеді. Мұстафа Шоқай туралы естелік деректер де оның шетелге кетуінің қыр – сырын ашуға мүмкіндік берді. Бұл естелік-дерек қайраткердіңқазақ жеріндегі тарихи іздерінің бізге белгісіз тұсын айтарлықтай толықтырады. Осы кезге дейін тарихи әдебиетте Мұстафаның шет елге эмиграцияға кетуі Грузия-Түркия-Франция арқылы жүзеге асқаны айтылып жүр. Алайда Мұстафа әуелі Маңғыстауға өзі

басқарған Түркістан (Қоқан) автономиясы талқандалғаннан кейін келген. Бұл туралы 1918 жылы 7 наурызда "Бірлік туы" газетінде басылған ең соңғы хатында<sup>2</sup> Мұстафаныңөзі былай дейді: «Болшевиктердің оғынан қашып, Қоқанд қаласындағы қышлақтарда сарт ағайындардың ішінде 5-10 күн жүрдім... Екі күн жаяу жүріп, осындай бейнеттер шегіп, Дағыстан деген қышлаққа келдім. Сонда тоғыз жүз сомға ат алып, екі жүз тоқсан сомға жолдас жалдап, «қазақ-қырғыз қайдасың?» деп қарлы таулар асып жөнеліп кеттім... «Бірлік туы» арқылы алаш азаматтарына сәлем. Құдай тірлікте күліп-ойнап жолықтырсын. Жатқан жерім белгісіз, жария қылып болмайды» - деп жазған.Бұдан ары қарай, Мұстафа Кавказға өзіміздің Маңғыстау жері арқылы, дәлірек айтсақ Форт Шевченко (Бұрынғы Форт Александровск) су жолы арқылы аттанғаны дәлелдене түседі.Бұл деректердің тағы бір құндылығы сол - онда Мұстафаның Кавказ жеріне келгені жөнінде осы өңірдің азаматы сенімді Тобанияз Әлниязұлының және оның сенімді жігіттері-Отарбай Иманғазиев пен Шағыр Бекназаровтың тікелей көмек көрсеткендері айтылған.Осы дерекке сүйенсек, адай жерінің азаматтары өздерінің кемелерімен Красновдск-Баку су жолымен жүретін паронға Мұстафаны теңіз арқылы жеткізіп, мінгізіп жіберген деуге негіз бар.1919 жылдың басында ол Кавказға барды. Сол кездегі Тәуелсіз Грузияның астанасы Тифлис қаласында тұрып, туған елініңұлттық тәуелсіздігі үшін күресін жалғастырады. Өзі атап көрсеткеніндей, баспасөзге "Біртұтас Түркістан республикалары" туралы көптеген мақалалар жазады. Осы мақалалары "Вольные горцы" («Еркін таулықтар») апталығында және осында түркістандықтар мен украиндықтар бірлесіп шығарған «На рубеже-тарихи кезеңде» атты орысша журналда басылады. Ол мақалаларын тікелей өз атымен және «М.Жанай», «Желия» деген бүркеніш аттармен жариялайды. Ал 1920 жылы Солтүстік Кавказдыңұйымы мен Түркістанның ұлттық орталығы бірлесе отырып Тифлис қаласында «Жаңа дүние» деген газет шығарады. Онда да Мұстафа Шоқайдың құнды мақалалары басылды. Кеңестік басқыншы қызыл қосындардың Тифлис қаласына кіруіне байланысты 1921 жылдың ақпан айында М.Шоқайұлы кемемен Түркияға барады. Осы арада мынандай бір детальды айта кетейін.

Ол Грузияда журнал шығарып тұрған шағында Ташкенттегі Сұлтанбек Қожанұлынан телефонограмма алады. Онда алдымен істеп алып, артынан кешірім сұрайтын Кеңес үкіметінің Қоқан автономистеріне амнистия жарияланғандығы, соған байланысты Мұстафа кейін, Ташкентке қайта орала беруіне болатындығы жөнінде айтылған еді. Бір ғажабы Мұстафа бұл арада да өте тиімді шешімге келе білді. Ол кейін оралған жоқ. Сөйтіп оның ғұмырының соңына шейін ұласқан эмиграциялық қызметі басталды. Өмірдің өзі көрсетіп бергендей ешқандай да эмиграциялық жолға бармай, Отанында қалған Алаш зиялыларының тағдырында мынандай екі бағыт байқалады. Бірі кеңестік билікті ішкі дүниесімен қабылдамады, бірақ мойындауға мәжбүр болды. Ә.Бөкейхан



тергеушілеріне берген жауабында: «Мен Кеңес үкіметін сүйемін, бірақ мойындамаймын», - деп көрсетсе, А.Байтұрсынұлы: "Мен елімнің мәдени өркендеуін қамтамасыз ете алатын билікті ғана қолдаймын», - деп кеңестердің бұл міндетін толық атқара алмайтындығына күмән келтіреді. Бұл бағыттағылар алдымен қуғын-сүргінге түсіп, алдын ала түгелдей дерлік атылды. Екіншілері Алаштық идеологиядан (яғни ұлт-азаттық) бас тартатындықтарын ресми түрде ашық мойындап, (М.Әуезов, Ә.Ермеков, т.б.) кеңестік тәртіппен ымыраға келу жолына түсті. Бұл бағыттағылардың бәрі бірдей атылған жоқ. Бірақ олар кеңестік билікпен іштей толық жарасымдылықта өмір сүрді деп айту да тым үстірт болар еді. Өз Отанында қалған алаш зиялылары өздеріне тиесілі басқа үлес қосқан жоқтың. Мұны М.Шоқайұлы жақсы түсінді. Түсінгендіктен де саналы түрде эмигрант тағдырын таңдап алды. Оның мұндай қадамға баруы, белгілі дәрежеде азаматтық ерлікпен бірдей болатын. Өйткені, қазақ баласының өз елінен жырақта жүріп саяси күресті кәсіпке айналдыруы қалыптаспаған құбылыс еді. Осы күрес түркиялық халықтың да аса бір ауыр жағдайдағы кезеңі еді. Өйткені, Түркияның Егей теңізі жағалауындағы Измер қаласынан бастап елдің қазіргі астанасы Анкарадан 60 километр қашықтықтағы Полатли қалашығына дейінгі Түркияның барлық жерін Греция басып алған-ды. Сол үшін де М.Шоқай көп аялдамай Францияға өтеді. Франция астанасы Парижден ол 1931 жылдың маусым айынан осы жылдың қыркүйек айына дейін Ахмет Зәки Уәлиди Тоғанның редакторлығымен Стамбулда шығып тұрған «Жаңа Түркістан» журналына атсалысып, аса құнды мақалалар жазады. М.Шоқай 1929 жылдың желтоқсан айында өзі Францияның астанасы Парижде тұрғанымен, Германия астанасы Берлинде әйгілі "Жас Түркістан" журналын шығара бастады. Журнал Шағатай тілінде басылды. 1939 жылдың тамыз айына дейін журналдың 117 саны жарық көрді. Ондағы жарияланған Мұстафа Шоқай мақалаларының тақырыптары сан алуан. Барлығы сайып келгенде, ұлттық тәуелсіздік пен түрік халықтарының бірлігі мәселелерін қозғайды.

Оларда түрікшілдік идеялап уағыздамады. Мұстафа Шоқай бір мақаласында былай деп жазған: «Халықты ұят деңгейіне көтеру, яғни жері, суы, қазынасы, тіл мен діні бір болған халық бұқарасын бірлестіріп, олардың санасын санаға жеткізу – ұлы тарихи міндеттің маңызды бір бөлігі». Ол «Жас Түркістан» журналының 1933 жылғы қазан айындағы 47-санының 20-24 беттерінде өзінің студенттік кезіне Петербургтегі түрік тектес студенттердің Түркияға көмектесу үшін құпия даярлық істегендері туралы жазады. Ал оның 1936 жылғы «Түркістан жастарына» деген үндеуі де осындай идеяларға толы: «Бүгін Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Қарақалпақстан, Түркменстан һәм, Тәжікстан деп хат үкімет күшін алты???? Бөліп тұрған Түркістан – бөлінбес, айрылмас бір өлке халқының қаны бір, діні бір, мақсаты бір. Түркістанның мақсаты - өзінің миллет үкіметін құрып, дербес боп, өз алдында бір үкімет болып тұру. Халқы

көптен бұл жұмысқа алысып, шалысып, қан төгіп, соғысып келеді. Үмітіміз зор, мемлекетіміздің болашағына иланамыз. Түркістан жастары айрықша бұл мақсатымызға жеткізуге таланып, тырбанып жатыр. Біздің мақсатымыз жалғыз Түркістанның ғана емес, бүтін түрік өлкелерінің бүтін түрік халқының дос болып, өзара бірлігін нығайту. Түркістанды формасы жағынан да, мазмұны жағынан да ұлттық мемлекет құру, өйткені тек осылайша ғана халқымыз өз Отанында өз тағдырының толық құқықты иесі бола алады дейді» өз мақаласында. Мұстафа Шоқай саяси теоретик ретінде Кеңес Үкіметі билеген Түркістанның тағдырына бейтарап қарамай, Отанында болып жатқан әр оқиғаны талдап отырады. Осы кезде оның «Кеңестер билеген Түркістан» және «Кіндік Азиядағы Кеңестерде» еңбектері жарық көрді. Ол тіпті кейін өз естеліктерінде де тек автономия жағында болмағанын айтады. Түркістанның азаттығы туралы идеяларын шет елдерге түсіндіріп, бәлкім көмек сұрауға болар ма еді? Шетелдіктермен азды-көпті жұмыс істеліп жүрді. Дегенмен, жағдай бірте-бірте түгелдей Кеңестердің пайдасына қарай өзгере бастады. сондықтан ендігі жерде Түркістан проблемасын Еуропаға, әлемге түсіндіру үшін Мұстафа Шоқайды шет елге жіберу ұйғарылды. Сол бір тұста Ресейдің мүшелерінен құрылған бір делегация Еуропаға бара жатты. Сол делегацияның құрамында Түркістан, Қазақстан және, Башқұртстан атынан Баку жолы арқылы біз де Мұстафа Шоқайды «Еуропаға жібердік», - деп жазады. (Ахмет Зәки Уәлиди кітабының 376-бетінде). Демек, бүгінде кейбіреулер ойлап жүргендей Мұстафа Шоқай шет елге (Еуропаға) бас сауғалап қашқан жоқ, арнайы тапсырмамен Түркістан үшін күресті жалғастыруға кеткен. «Түркістан атына сыртта жүргізілген жұмыстар» деген кітаптың IV бөліміне енгізілген. 6-тарауда автор Мұстафа Шоқайдың Еуропада жүріп, Түркістанды, Түркістан мәселесін таныту жолындағы еңбегіне тоқталады. Парижде бірнеше жыл бойына орыстың эмиграциялық баспасөзіне (Мысалы, Меликов пен Керинскийдің газеттеріне) кейбір француз, поляк газеттеріне Түркістандағы большевиктердің саясаты туралы мақалалар жазады. Мұстафа Шоқай үлкен ағартушы, Орта Азия мен Қазақстан халықтарының байырғы да бай мәдениеті мен тарихының баяншысы Орталық Азияның ғұлама ғалым - кеменгерлерінің еңбектерін уағыздаушы болды. Ол тыным таппай Батыс әлемін Түркістанмен таныстырып, табыстырумен болды. «Мұстафаның Париждегі, Лондондағы, Женевадағы және басқа Батыс орталықтарындағы қызметінің сан қырлы да сапалы болғаны соншалық, оны есептеп жату мүмкін емес», - деп жазады Мемлекеттік Думаның бұрынғы мүшесі, Грузияның сыртқы істер министрі А.Шенгелия. Ол әрбір мүмкіндікті және өзінің "Әлемнің аса көрнекті сарабдал саясатшыларымен болатын барлық ресми және биресми пікірлесуге қатысу хақын құр жібермеуге тырысатын», -деп көрсете келіп, А.Шенгелия былай деп хабарлайды: «Біздің өзіміз құрған «Кавказ, Түркістан және Украина халықтарының достастығы» қоғамында оныңөзінің орасан зор елінің

салмағына лайықты орын алуы әбден табиғи нәрсе еді... Мұстафа есімі Түркістанда ғана емес, сонымен бүкіл Кеңес Одағында қалыңқауымға танымал болды, бұған өзіміз, әйтеуір, амалын тауып, сол жақтан алдырып тұрған газеттер мен кітапшалар дәлел. Айында-жылында бір осында жолы түсе қалған түркістандықтардың Түркістан төңірегіндегі барлық айтыстартың бір адамнан ғана таралып жатқанын біліп, қатты таңырқағандарын талай көргенім бар... Мағлұматтар бергенде Мұстафа әрдайым аса ыждаһатты болатын, ешнәрсені де дабырайтып көрсетпейді, қайта өзінің зор жауапкершілігін сезініп, кішірейтуге бейіл тұтатын". Өткен ғасырдың сексенінші жылдарынан бастап, жиырмасыншы ғасырдың қыркыншы жылдарына дейінгі өз халқының көзі ашылмай, көрген қасіреті туралы Ақиқатты айдай әлемге паш ету жолында жанын да, тәнін де тігіп адал еңбек ету -Мұстафа Шоқайдыңөмір мұраты, бойына қуат құйған нәрселер. Ол ақтық демі біткенше бойында ұлы мұрат пен бәтуәлі іс-әрекет біте қайнасқан жан болып дүние кешті. Түркістан жанашыры болған бір еуропалық азаматтан оның неге Мұстафаны жанындай жақсы көретін себебін сұрағанда, ол: "Өйткені, Мұстафа Шоқай жеке өзініңқара басымен ғана осы орасан зор елді білдіре алатын тұлға. Түркістанның ой-арманы мен мүдде-мұраты осы сөздің дәл мағынасында оның бойынан тұтас көрініс тауып тұр деген екен",- деп Тахир Шағатай доктор еске алады.Баспасөз бетінде жарық көрген бір мақалада: «Петербург пен Мәскеу, бірнеше рет Лениннің өзі бастап, Сталин қостап, Мұстафаға ұсыныс жасады. «Түркістан республикасын құрғаныңа қарсы емеспіз, қолдаймыз. Бірақ сен бізді мойында, Кеңес өкіметін мойында», дейді. Бұған Мұстафа көнбейді», деп жазылыпты.

2008 жылы «Мұстафа Шоқай» фильмінің премьерасы өтті. Режиссер Сатыбалды Нарымбетовтың айтуынша, фильмнің басты мақсаты - М.Шоқайды қоғамда қалыптасып қалған, жаттанды образынан аршып, ұлт мұратын көксеуші қайраткер ретінде таныту болыпты. Қағазға жазып елестету бір бар да, өндіріске әкеліп, соны түсіру процесі бір басқа. Мұстафа Шоқайдың бейнесі көптеген ғалым, мамандардың айтуынша, ол туралы түсірілген фильмдерде анық ашылмаған. Ал Болат Мүрсәлімнің ойынша мұндай кемшілік тіпті тарихи зерттеулерде де кездеседі.

Фильмдердегі басты кемшілік, сондай ақ, тарихшылардың еңбектеріндегі басты кемшілік – М.Шоқайдың 17-ші жылғы Қоқан автономиясын құру кезіндегі күресі мен кейінгі Еуропадағы эмиграциядағы күресі екеуінің айырмашылығын ашып бере алмайды. Мұны тек қана Мәмбет Қойгелдиевтың еңбектерінен ғана оқуға болады. Шоқай 17-ші жылғы құрғысы келген автономия ол Ресейдің құрамындағы автономия еді. Кейінгі тұтас Түркістан идеясы - Кеңес Үкіметі Түркістан халықтарына бостандық әпермейтініне көзі жеткеннен кейінгі тәуелсіздік жолындағы күрес еді. Бірінші күресте автономия деңгейіндегі бірлікті айтса, екінші жолғы күресте мүлде тәуелсіздік жолындағы күрес болды. Мұстафа Шоқай

1941 жылы желтоқсан айында Берлиндегі бір ауруханада 51 жасында, жұмбақ жағдайда қайтыс болған. Оғанбіреу у беріп, улапөлтірді деген де болжам бар. Кейбір тарихшылардың айтуынша, Мұстафа Шоқай сүзек дертінен көз жұмған.

Рас, Мұстафаны біз енді танып жатырмыз. «М.Шоқай кім?» деген сұраққа ойланбай жауап беруге болмайды. Біле - білсек, бұл қайраткердің тағдыры – белгілі дәрежеде қайталанып отыратын тағдыр. Жүсіпбек Аймауытұлының Джек Лондоннан тәржімелеген бір аудармасында мынандай тағылымды жолдар бар: «Ғажап іс: һәр кез бір адам оянып, ілгері қарай қадам басайын десе, өңкей жалқау ондай адамды «кері кетіргелі жүр, өлтіру керек» деп, ду ете түседі. ... Ондай адамды тасатып өлтіріп, ақырында өздері ақымақ болып қалады».

Осыны ескеріп, Мұстафаның өзі айтқандай, адам тағдырын һәм ұлт тағдырын энтомологиялық коллекцияға (мысалы, көбелек коллекциясы) айналдыруға болмайды. Бізге қайраткер тағдырының жасанды немесе «түк айтпайтын» бейнесі емес, жанды және мұң мен шер, сенім мен үміт арқалаған сабағы қажет. Конъюнктураның жетегінде кетіп, өтірік-шын «Кешегі Мұстафа!» деп елжірегеннен гөрі асыл азамат ісінің жалғасуын ойлап «Бүгінгі Мұстафа!» деген - анағұрлым иманды, анағұрлым кісілікті ниет болмақ. Ал Мұстафа Шоқайларды тарих еншісіне қалдырып, ұлт тағдырын ойлаған қазіргі қайраткерлерге күдікпен қарасақ - қатқан көбелек былай тұрсын, отқа түскен көбелектің (пәруана) кебін құшармыз...

Марқұм Айтан Нүсіпханның маңдай терімен бүгінгі оқырманға жеткен қайраткер мұрасын бажайлай отырып, мынандай ойға келдік: Мұстафа - иман мен ардың, тазалық пен намыстың қазақ һәм бүтін түрік тәжірибесіндегі айрықша құбылысы. Мұны қарапайым тілмен түсіндіріп көрелік. Мысалы, адам - әуелі пенде десек те, жүрегінде имандылықтың ұшқыны бар жан арға жүгінбей тұрмайды. Бірақ ит-тірлік оны әркез арға жүгіндірмейді. Данышпан Абайдың «.. Ең болмаса айында бір, өзіңнен өзін есеп ал» деген сөзінің астарында осы иман мен ар қажеттігі айтылады. Ал, енді Мұстафаның жазғанына және принципті ісіне қарап, оны - ар-намыстың рәмізі дер едік. Тіпті М.Шоқай және Алаш зиялылары - қазақ үшін тазалық пен ұлтқа қызмет етудің жиынтық аты болып қалды десек қателеспеспіз. Енді байыптап көріңіз: сіз пендешілікпен кетіп, ар-намысты не күніне, не аптасына, не айына бір-ақ рет ойлайсыз, ал бір қандасыңыз оны өмір салтына айналдырған. Мәселен, бүгінгі ақсақал жасындағы оқығандарды алыңызшы. Біреуіміз білмесек екіншіміз білеміз, осылардың нешеуі елдік принципімен өмір сүреді?.. Өзіне не баласына қызмет, атақ, ақша, үй-мүлік беріп, кез-келген мазмұндағы хатты алдына тосыңыз, қол қояр ма екен?.. Немесе жастарды-ақ алайық. Қалыптасып жатыр деп, кешіріммен-ақ қарайық. Елдік туралы ойлау былай тұрсын, арам ақша ұстаған «спонсордың» құлы, дастарқан жайып алдаусыратқан «батагөйдің» баласы болып жүргендер қаншама? Мысалы, мәдениет саласында жілікті ұстап

дүркіреп, қорбаңдап біреу жүр. Өзі мемлекеттік қызметте, бірақ ақшашыл, сауықшыл - саунашыл. Дүдәмал ақша кемерінен асса керек, қазір «маған кім диссертация жазып береді?» деп, қалтасы тесік ғалым іздеп отырған көрінеді...

Сонымен қорыта айтар болсақ, Кеңестік идеологияның қазақтың ұлы мемлекет қайраткері Мұстафа Шоқайды туған халқына құбыжық етіп көрсету барысында оған таңған “халық жауы, қарсы төңкерісшіл элемент, буржуазияшыл ұлтшыл, кертартпа-төңкерісшіл, шетелдердің тыңшысы, ағылшын тыңшысы, әлем буржуазиясының тыңшысы, түрікшіл, исламшыл, ұлтшыл, шен-шекпен үшін елін нацистерге сатқан опасыз, фашисттермен ауыз жаласқан, фашисттердің қолжаулығы болған сатқын, Түркістан легионын құру туралы пікірді беруші, фашистік билік астындағы Түркістанға басшы болуды көксеуші, Қазақстанды Германияның отарына айналдыруды көздеуші, Түркістан легионының құрушысы” секілді бүкіл қылмыстық атаулар мен айыптаулардың толығымен негізсіз екенін нақты айта аламыз.

Бірақ, елестің аты елес. Ақиқат, Қазақстанның тәуелсіздік тарихының көрнекті тұлғасы М.Шоқайдың есімі күн өткен сайын асқақтай беретіндігі. Бірақ кезде Шоқай тәуелсіз Қазақстан Республикасының халық қаһарманы еді. Ол бұған іс-қимылдары және идеяларына байланысты лайықты көрілді. Осы атақ-бедел Шоқайға қатысты шындықтардың беті ашылған сайын нығая түсуде. Осыған орай, Шоқайдың мұрасы мен қызметтерін жандандыру жолындағы іс-шаралар күн өткен сайын қарқынды түрде жалғасуда. Шоқай туралы айтулы жұмыстардың бірі 1994 жылы туған қаласы Қызылорда да жүзеге асырылды. Сол жылы кешігіпте болса, Шоқайдың жүз жылдық мерейтойы атап өтілді. Аталмыш қалада сонымен қатар, 1996 жылы Мұстафа Шоқай ескерткіші салтанатпен ашылды. Қазақстанның бірқатар қалаларында көшелер мен даңғылдарға және мектептерге аты берілді.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

- 1.«Қазақ тарихы» журналы, 1997 жыл. (№2) , 6-9, 33-беттер
- 2.Байбота Серікбайұлы «Мұстафа Шоқай – Түркістанның қилы тағдыры», Алматы, Жалын, 1992 ж. 184-бет
- 3.«Ақмешіт апталығы», №36, 8 қыркүйек, 2000жыл. «1917-жыл естеліктерінен үзінділер».
- 4.Әмірхан Бәкіров, «Вали Каюм немесе Мұстафаның жұмбақ өлімі», «Сыр бойы» 21ақпан, 1998 жыл
- 5.«Таңдамалы шығармалар», Үш томдық, Алматы «Қайнар» баспасы 2007 жыл.
- 6.«Қазақстан әйелдері», «Мария Шоқай: Мұстафа Шоқай туралы естеліктер».
- 7.С. Ибрашұлы «Мұстафа Шоқайұлы» Тасбөгет, 1993 жыл.

- 8.К. Нұрпейіс «Тарихи тұлғалар: Мұстафа Шоқай және Қазақстан мен Түркістанның 1917-1927 жылдардағы қоғамдық-саяси өмірі туралы». Қазақ энциклопедиясы, Алматы.
- 9.«Атан түйе тарта алмас алып жүрек», «Сыр бойы», 2009 жыл 7 қаңтар
- 10.Көшім Есмағамбетов, «Мұстафа Шоқайдың эпистолярлық мұрасы». «Қазақ тарихы» журналы. 2007 жыл. 17-бет.
- 11.Көшім Есмағамбетов, «Мұстафа Шоқайдың Кавказға сапары». «Қазақ тарихы» журналы. 2008 жыл. 36-бет.
- 12."Ақиқат" журналы. 1997 жыл, №2, 76-бет.
- 13.«Мұстафа Шоқай» I том, Алматы, «Қайнар», 1998 жыл.
- 14.Егемен Қазақстан 2004 жыл. 25 тамыз. 8-бет
- 15.«Әлем таныған тұлға» Көшім Есмағамбетов

## **МҰСТАФА ШОҚАЙ ҰЛТТЫҚ САНА ЖӘНЕ ҰЛТ ТАРИХЫ ЖАЙЫНДА**

**Әзімов Н.Б.**

«USTUDY» білім беру орталығының оқытушысы, педагогика  
ғылымдарының магистрі

Алаш зиялыларының Қазақ даласында ұлттық идеяны негіздегені жөнінде Елбасы Н.Назарбаев өз сөзінде: «Алаштың басты мақсаты қазақ қоғамын бірте-бірте өзгертіп, заманға бейімдеу еді. Бұл біздің қазіргі жедел жаңғыру, яғни, модернизация бағытымызға да сай келеді... Алаштың асыл аманаты бізге тарихи-мәдени бірегейлігімізді, қарапайым тілмен айтсақ, қазақы қалпымызды қасиеттеп сақтауға міндеттейді, – дей келе олардың алдына қойған мақсат-мүдделері арқылы өткенімізді саралап, болашағымызға назар аударды. Замана қай уақытта да жүріп өткен жолынан сабақ алып, оның маңызды тұстарын үнемі ел жадында ұстау қажеттігін, ұлтымыздың біртуар тарихи тұлғаларын танудың маңыздылығын, оларды қастерлеуді айқындап келеді [1, 4 б]. Сондай тұлғалардың бірі – Мұстафа Шоқай. Ол – Алаш қозғалысының төл перзенті, Алаш идеялары мен мұраттары аясында қанаттанған, қазақ, өзбек және басқа да түркі халықтарының ұлттық бостандығы үшін күресінің стратегиясы мен тактикасын айқындаған қайраткер.

Бүгінде іске асып жатқан рухани жаңғырудың да басты мақсаты – ұлттың ұлы мұраты. Ол – Ұлы Дала елінің бойында белгілі тарихи себептермен қалғып кеткен прагматизмді ояту арқылы ұлттық, қоғамдық ойға, іске сілкініс әкелу, тәуелсіз елдің санасы мен ағзасын отаршылдық, кембағалдық, бойкүйездік комплекстерінен тұтастай арылту. Бұл жайында Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы орамды

ойлар, салмақты ұсыныстар осыдан 100 жыл бұрынғы Әлиханның, Мұстафаның ой-толғамдарымен үндесіп жатқанын байқаймыз.

Тарих дегеніміз – ол азаттық, бостандық, тәуелсіздік үшін күрестің тарихы. Ұлттық сана – ұлт руханиятының негізі. Ұлттық сана тарихи түсініктен шығады. Мұстафа Шоқайдың «ұлттық рухсыз, ұлттық намыссыз ұлт тәуелсіздігі болмайды» деген өсиетін еске алсақ ұлттық рух – халықтың өзін-өзі тануымен айқындалатын, өскелең арман-мұраттарымен сипаттала-тын, елдік тұтастық идеясымен негізделетін өміршеңдік күш-қуаты деп тануымыз. Ал ұлттық намыс – ар-ожданнан бастау алатын, отансүйгіштікпен ұштасып жатқан рухани-құндылық сезім. Ұлттық намыстың негізгі көрінісі адамның туған еліне сүйіспеншілігінен, төл мәдениетіне деген құрметінен байқалады. Ұлттық намыс ұлттың өзіндік мәнін, өткен тарих тағылымын ұмытпай, ар-ожданын тапталпауы үшін керек.

Өткен тарихқа шынайы көзбен қарап, деректерге жүгінсек үш ғасырдан астам уақытқа созылған Ресей империясының, кейінгі Кеңестер Одағы жүргізген саясаттың үстемдігі Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін жариялағанынан кейін де бірден жойыла қоймады. Өйткені, ол отарланған халықтың рухани өміріне тереңірек тамыр жіберді.

Мұстафа Шоқай студент кезінде-ақ Ресей империясының заңдарын тыңғылықты үйренумен қатар, түркі-мұсылман халықтарының дәстүрлі сот ісін, тарихы мен мәдениетін зерттеді. «1917 жыл туралы естеліктерден үзінділер» деген кітабында Мұстафа: «Студенттік жылдары мен біздерде билер мен қазылар соты жөнінде көп шұғылдандым. Сырдария облыстық басқармасы мен уезд әкімшілігінің мұрағаттарында ұзақ отырдым» деп жазады[2, 38 б].

Қандай қиындықтарға қарамастан өз еліне қалтқысыз қызмет ету туған халқына деген шексіз сүйіспеншіліктен туындайды. Мұстафа Шоқайдың пікірінше, берік ұлттық санасыз тәуелсіздікке жету мүмкін емес. Мұстафа «атамекенді сүю – оның тұтас мүддесіне қызмет ету, осы жолда керек болса жан пида қылуға дайын тұру болып табылады» десе, Ә.Бөкейханов: «Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынан өзі де жоғалуға бейім тұрады... Дүниеде өңге жұрттар қатарында қор болмайын, «тұқымым құрып қалмасын» деген халық өзінің шежіресін имани дәрежесінде ұғып білуге тиіс болады», - деп айтқан болатын. Шежіре – біздің ұлттық тарихтануымыздың, көшпенділердің тарихи танымының төлтума ерекшеліктерінің бірі.

Бұл жайында Мұстафа Шоқай: «Біз, Түркістанның түпкілікті тұрғындары: қазақ, қырғыз, өзбек, тәжік түрікмен, ұйғыр және қарақалпақтар, басқа халықтар сияқты, өзіміздің көне әрі бай тарихымызды боямасыз, бұлталақсыз шынайы шындығын үйрену ниетіндеміз. Тек осы ниетіміз әзірше орындалмай отырғаны өкінішті. Қазіргі қаламгерлердің бірінің сөзімен айтқанда, «Тарихымыз теріс айналдырылып жазылған». Совет өкіметі ата-бабаларымыз он төрт ғасыр бойы қолданған әліпбиді

зорлықпен өзгертіп, үлкен мәдени мұрамыздан айырды, әрі туыстарымыздың тіліне мүлде жат емле қағидаларын енгізіп, түркістандықтардың тұтастығына зор зиян келтірді... Орыстар Түркістанды Мәскеуге тек экономикалық жағынан ғана байлап-матаумен шектеліп қана қоймай, мәдени, рухани өмірінің көрінісі болған бүкіл тарихи шығармаларын да өз қалауынша бұрмалап, Мәскеудің еркіне тәуелді етуде», Түркістанды отарлау үшін «адамгершілік өлшемдерге сыймайтын ең бір шектен шыққан шараларға» жүгініп отыр деп жазды [3, 89 б].

Өз кезегінде алаш азаматтары рухани құндылықтарға көңіл бөліп, ұлт тарихын, ұлттық сананы қалыптастыратын, бір ізге түсіретін істерге ерекше назар аударды. Мұстафа Шоқай қазақ, өзбек, түрікмен, қырғыз, татар, башқұрт, қарақалпақ, ұйғырларды «түркістандық ұлт» ретінде танып, олардың әр қайсысын жеке халық ретінде санады. М. Шоқай өз шығармаларында өзбек, қазақ, қырғыз, түрікмен, тәжік әдебиетіне көңіл бөліп, олардың рухани жетістіктерін қарастыруға ұмтылды. Түркістан тұрғындарының ауыз әдебиеті Мұстафа дүниетанымының бір бұлағы болғандықтан, оның өзбек, қазақ, қырғыз халықтарының өнері мен мәдениеті мәселелері шет жерде жүргенде де назарынан тыс қалдырмаған. М. Шоқайдың 1931 жылы «Остойропа» журналында жарияланған «Түркістан ақындары мен олардың өлеңдері» және «Муа» журналындағы «Түркістан әдебиетіндегі өлеңдер» атты мақалалар туралы пікірлері оның бір ғана дәлелі деп қарастырған жөн. Онда Мұстафа: «Түркістан поэзиясының гүлденуі ұлттық сана-сезімнің оянуына тікелей байланысты. Большевиктер мұндай процесті болдырмауға тырысады. Алайда халықтың өмір сүру қабілеті барған сайын күшейе түсуде. Түркістан тек ұлт тәуелсіздігі үшін ғана емес, өзінің рухын өшіріп алмау үшін де күресуде» - деп жазады [2, 438 б]. 1930 жылы 8 қаңтарда М. Шоқай Париждегі «Франс-Ориан» комитетінің жиналысында «Түркістандағы қазіргі жағдай» деген тақырыпта жасаған баяндамасында Түркістанда Кеңес өкіметінің күшпен орнатылғаны және оның жергілікті халыққа «аса қымбатқа» түскені, өлкедегі ашаршылықтың «этностық сипат» алғандығы туралы баяндап, Түркістанды бес республикаға бөліп, ұлттық-аумақтық межелеу шараларын жүргізген большевиктер саясатының өзегі бұл өңірдегі халықтың этностық бірегейлігін, біртұтастығын жою деп бағалайды. «Өзбекстан, Түрікменстан, Қазақстан, Қырғызстан және Қарақалпақ автономиялық облысын нәсілі, тілі, діні бір түркі тектес халық мекендейді, бірақ, өкінішке қарай, олар бірегей мемлекеттік ұлт ретінде қалыптасып үлгермеген» деп жазды [2, 330 б].

Сонымен қатар, Мұстафа Шоқай олар дербес, бір мемлекет құрамында даму барысында «мемлекеттік ұлтқа» ұласатынына ешбір күмән келтірмейді. «К.Маркс үшін неміс тайпалары мен итальяндықтардың бірыңғай мемлекеттік ұлтқа бірігуі ХІХ ғасыр тарихындағы ең озық құбылыстардың бірі саналса, Маркстің іліміне шын берілген оқушысы В. Ленин үшін түркістандықтардың, тіпті қызыл кеңес туы мен Мәскеудің



«революциялық қанатының астында» бірыңғай мемлекетке бірігуі аса қауіпті, кертартпа болып шығады. БК(б)П Х съезінде Сталиннің атап көрсеткеніндей, қазақ, өзбек және басқа да халықтардың өзара бірігуі «революциялық Ресей орталығының мүдделеріне» қауіпті деп танылғанын ашып жазды [2, 331 б].

М. Шоқай ұлттық тәуелсіздік пен ұлттық рухты жеке-жеке емес, бір-бірінен ажырамас ұғымдар ретінде түсіндіреді. «Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал, ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп дамиды, жеміс береді» [4, 85 б]. Мұнан М. Шоқайдың тарихтың, әдебиет пен өнердің қоғам өмірінде қаншалықты орын алатындығын өте жоғары бағалағандығының куәсі боламыз.

Мұстафа Шоқайдың жастарда ұлттық сананы қалыптастыру тактикасы Түркістан жастарының алдында сөйлеген сөзінде анық байқалады: «Түркістан жастары, бірлесіңдер! Сендердің бірліктерің, сендердің бір-біріңе күш қосуларың еліміздің бақытына қызмет етпек... Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан беру – бәрімізге бір мақсат» дейді [2, 364 б].

Тәуелсіздігімізді алғаннан бастап ұлттық тарихи сананы, ұлттық рухты қалыптастыру біздің мемлекеттік саясатымыздың басым бағыты болды.

Мемлекет басшысы Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында қазақтың ежелгі «дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» қағидасын мықтап ұстануға шақырады: «Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек». Мемлекет басшысы нұсқап отырған ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, заман ағымына қарай оның сипаттарын өзгерту, мемлекет пен қоғамды революциялық емес, эволюциялық жолмен дамыту, ең бастысы, сананың ашықтығын, яғни әлемдік озық жаңалықтарға, ғылым-білімге құшақты айқара ашу идеялары ұлттың рухани-мәдени қалыбы болмақ. Әрі жаңа дәуір сынақтарын бәсекелік қабілеті ерекше ел ғана еңсере алатына күмән жоқ. Ендеше еліміздің мықты, әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас ұлт болуы тек еліміздің әрбір рухы жоғары, ұлтжанды азаматына тікелей байланысты.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

- 1.Әбілсейіт М. Рухани жаңғыру және Алаш зиялылары // Айқын. 2017 ж. 22 шілде.
- 2.Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. 12 том, 1-том. – Алматы: Дайк-Пресс, 2012.
- 3.Бегманов Қ. Мұстафа Шоқай жолымен. Алматы: Сораба, 2013. – 496 бет.
- 4.Шоқай М. Таңдамалы. 1-том. Алматы. – 194 бет

## МҰСТАФА ШОҚАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӘСКЕРИ ТҰТҚЫНДАРДЫҢ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

**Бектұрғанов Қ.Б.**

«Өркениет» медицина колледжінің оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі

Түркістан автономиясын Кеңес өкіметі аяушылықсыз құлатылғаннан кейін, Мұстафа Шоқай өз күресін тоқтатпай, Европа елдерінде жалғастырады. Ол кеңес өкіметінің, большевиктердің елге жақсылықтан гөрі қайғы-қасіретті көп әкелетінін ашып айтты. Сондықтан да кеңестермен қас болды, ол туралы ащы шындықты дүние жүзіне паш етті. Мұстафа Шоқай мен «Түркістан легионы» деген сөздер бір-бірінің синонимі, бір-бірінен ажырамас тіркес есебінде қабылданды.

Түркістан халықтары ұлттық тәуелсіздігінің ұлы күрескері және идеологы Мұстафа Шоқайдың ісі мен болмысынан қандай бір мін табуға тырысушылық көбіне кеңес тұтқындарына сатқындар ретінде қараушылыққа байланысты. Мұндай пікірлердің авторлары соғыстың бастапқы кезінде қалыптасқан күрделі жағдайды және тұтқындар құбылысын тудырған басқа да факторларды еске алумен басын қатырмайды. 1941 жылдың жазы мен күз айларында кеңес әскерлерінің барлық майданда бірдей аса ауыр жеңілістерге ұшырауы кеңес солдаттарының неміс тұтқынына қалай түскенін, әсіресе, мұнда адами фактордың маңызды рөл атқарғанын анықтайды.

Соғыс басталғанда Мұстафа Шоқай зайыбы Мария Шоқаймен бірге Парижде жақын жердегі Ногенетте қаласында тұрып жатқан еді. Бірнеше күн өткеннен кейін неміс жауынгерлері келіп, М.Шоқайды өздерімен бірге алып кетті. Соғыс басталардан бір жыл бұрын Уали Каюм-хан М.Шоқайға профессор фон Менденің сәлемдемесін алып келген болатын. Фон Менде Түркістан халықтары тархымен айналысып жүрген зерттеуші болғандықтан М.Шоқайдан құнды мәліметтер алуды мақсат етті. Сол себепті Берлинге шақырған болатын. Кеңес Одағына қарсы соғыс жариялаған күні-ақ немістер Парижде тұрып жатқан 300-ге жуық Ресейден келген эмигранттарды Компьен қорғанына орналастырды [1, 198 б.]. Солардың ішінде М.Шоқай да бар болатын. Мария Шоқайдың естеліктері арқылы біз Мұстафа Шоқайды әскери адамдардың 1941 жылы тамыз айының басында Берлинге алып кеткенін білсек, осы ретте тарих ғылымдарының докторы Г.Көкебаева өз зерттеулерінде М.Шоқайды Парижден тұрандық тұтқындар мәселесін талқылау үшін Шығыс министрлігі алдырғанын жазады. Мұстафа Шоқай аралаған Сувалки, Деба, Дебица, Ярослав, Пагеген, Лемберг, Эбенрод тұтқындар лагерьлеріндегі қазақ, қырғыз, өзбек аарсында татар, башқұрт, тәжік, орыс, т.б. ұлт өкілдерінен тұратын тұтқындардың көпшілігінің 1939-1940 жылдардан бері әскерде екендігі көрсетілген.

1941 жылдың маусым айынан бастап кеңестік әскери тұтқындар орналасқан неміс лагерьлерін аралауға арнайы комиссия құрылады [2, 145 б.]. Бұл комиссияның құрамында М.Шоқай да бар. Комиссияның мақсаты – лагерьлерді аралау арқылы тұтқындардың соғысқа қажеттілігін анықтау. Бұл дегеніміз – тұтқындардың тізімін жасау, олардың тұтқынға түскенге дейінгі қызметін анықтау, жұмысқа қабілетті жастарды дайындау, ең бастысы, тұтқындарды Кеңес Одағына қарсы соғысқа пайдалану болатын. М. Шоқай өз кезегінде әскери тұтқындарды Кеңес Одағына, яғни, өз Отанына қарсы соғысқа аттандыруға мүлдем қарсы болды.

М.Шоқай қазақстандық соғыс тұтқындары орналасқан неміс лагерьлерін аралағаннан кейін біршама өзгерістер орын алады. Бұл туралы М.Шоқай 1941 жылы қараша айында зайыбы Мария Шоқайға жолдаған хатында «Түркістандық тұтқындармен кездесуім көп нәрсені өзгертті. Жазғандарымда жаңылмаппын. Тұтқындар арасынан туысқанымды да тауып алдым. Үйге келген соң оны қасыма алуға тырысамын. Жұмыс көп, жалғыз өзім бәріне үлгере алмаймын, көмекші керек» [3, 120 б.], - деп жазады. Алайда М.Шоқайдың зайыбына жолдаған кейінгі хаттарының мазмұны да, сөз сарыны да өзгере бастайды. Соғыс тұтқындарының шегіп жатқан азабы мен жанаярлық халдерін баяндап: «Бұл бейшара, жазықсыз жандар қорлық кешуде. Сәл нәрсеге жазықты болып, ату жазасына кесіліп жатыр. Сақырлаған аязда тұтқындар жаңбыр мен қардан қорғану үшін қолдарымен шұңқыр қазып жатыр» [3, 124 б.], - деп жазады. Оларға көмектесе алмай, әбден қиналып, қатты қайғырғаны байқалады.

М.Шоқай қазақстандық әскери тұтқындар орналасқан лагерьлерді аралау барасында жазылған өзінің жазбасында: «Әскери тұтқындардың өздерін адам ғұрлы көрмей, сұраусыз атып тастай беретіндігі туралы шағымдарын естіп, мынадай мағынадағы сөздермен жұбатқан болдым», - деп келесі мәтінді жазады: «...Совет үкіметі әскери тұтқындар туралы халықаралық келісімге кезінде қол қоюдан бас тартқан болатын. Сол арқылы тұтқын деген ұғымның өзін заңнан тыс қалдырды. Советтік Ресейден жеткен мәліметтерге қарағанда, большевиктер тұтқын немістерді айуандықпен зәбірлеп, қол терілерінен қолғап алып жатқан көрінеді. Германия болса, мұндай көлемде тұтқын болатынын ойламаған, оларға алдын ала тым болмаса барақтар да дайындамаған» [4, 87 б.], - деп жазады. Бірақ әскери тұтқындар бұл сөздерді дипломатия сипатында ғана қабылдаған сияқты. Тіпті кейбіреулері М.Шоқайға деген өз реніштерін білдірген болатын.

«Сувалкидегі жағдай есіңізде ме, бірге болып едік қой», - М.Шоқай 1941 жылдың қазанында В.Каюмға жазған хатында Сувалки лагеріндегі тұтқындардың жағдайын баяндайды. Ондағы тұтқындар тобының (олардың қатары 2000 адамнан асатын) бастығы орыс офицері болған. Оны советтік тұтқын генерал Богданов тағайындаған. Сол Богданов «тап бүгін

қазақстандық 5 белсенді коммунист табуға тапсырма берген», - деп жазады М.Шоқай. әрине, ондайлар табылатын.

Мұстафа Шоқай Эбенродта әскери тұтқындардың арасынан бөліп алып, дербес тұтқындалған 40 қазақстандықты көрген. Тұтқындар қолына түскен жануардың ажал алдындағы міскін халын елестеткендей болады. М.Шоқай олардан «Сіздерді не үшін мұнда бөлек орналастырған», - деп сұрағанда олардың бәрі бір ауыздан «білмейміз» деп жауап берген. Біразының үні көз жастарына тұншыққандай, дауыстары құмығып шығады. Оларды мұнда не үшін отырғызғандарын өзгелер де білмейді. Лагерь әкімшілігі бұл жөнінде ешқандай түсінік бермеген. Егер олар коммунист белсенділіктері үшін отырған болса, лагерь әкімшілігі оны жасырмас еді, бірден-ақ айтар еді. Басқа тұтқындар оларды еврейлер ме екен деп отырғызған болуы мүмкін деп есептейді. Бірақ олар тым айқын, тіпті біршама түрі өзгерген азиаттық тип.. Мұстафа Шоқай оларды немістер «большевиктік жұқпалы дертті тасымалдаушылар – осылар» деп көрсету үшін бөлектеді деп ойлаған. Германияда әр кеш сайын кино басталар алдында экраннан осындай нәрселер көрсетілетін. Оны күн сайын миллиондаған адам көріп жатты. Бірақ М.Шоқай осы жайттың мәнісін не екенін біле алмаған.

Мұстафа Шоқай 1941 жылдың 26 тамызынан 9 желтоқсанына дейін Дебица, Сувалки, Лемберг, Ярослав, Деба, Просток, Эбенрод, Погеген, Ченстохов және басқа да неміс лагерлерін аралайды [5, 98 б.]. Олардағы жалпы мобилизация бойынша майданға алынған қазақстандық тұтқындардың онынан тоғызы винтовканы қалай ұстап, қолдануын білмейтін болп шығады. «Тіпті кәсіби қызыл әскерлердің біраз пайызы винтовканы білмейді. Өте көп қазақстандық тұтқындар әскери қызметті әскери саптан тыс ретте: арбалы керуенде, ат бағушы, аспазшы ретінде, коймада, интендеттық жұмыста өткізеді», - деп жазады Мұстафа Шоқай.

М.Шоқайдың қазақстандық әскери тұтқындармен бетпе-бет кездесуі, тікелей әңгімелесуі – лагерь өмірінің нағыз шындығын, сұмдық көрінісін ашып берді. Әскери тұтқындар өздерінің хал-ахуалы жайлы жасырмай ашық айтып, бұл жердегі жағдайлары тіршіліктен күдер үздіріп отырғандықтарын білдірді. Бұл жердегі тұтқындар Мұстафа Шоқайға «Бізді қайтадан Ярославға жіберуін сұрасаңыз екен, ол жақтан алып келгеніне үш-төрт апта болып еді» [6, 123 б.], - деп жалына өтініштерін білдірді. Қазақстандық әскери тұтқындардың әңгімелеріне қарағанда, мұнда келген 40 мың адамның 25 мыңы ғана қалған. Басқасы түгел өлген.

Түркістандық әскери тұтқындар М.Шоқайдың ойынша, Германия қолындағы аса маңызды капитал болып табылады. Мыңдаған түркістандықтарды оларға тағдырдың өзі жеткізіп отыр. Бұл әскери тұтқындар арасында большевизмнің бітіспес қарсыластары жеткілікті. Олардан жаңа демократиялық әлемдік тәртіп жолындағы тамаша күрескер-насиахатшы мамандарды даярлауға болатын. Алайда жағдай өзгермесе, кино

экрандарынан ортаазиялық жабайыларға қарсы үгіт жалғаса берсе, оның нәтижелері Дебица лагеріндегі оқиғаларға әкеліп соқтырып отырса, «мұның салдары біз үшін ғана емес, біздің халқымыз – біздің еліміз үшін де қатерлі ме деп қорқамын» [6, 130 б.], - деп жазады М.Шоқай.

Қазақстандық әскери тұтқындар – әскер қатарына кеңес-герман соғысы басталмай тұрып, бірнеше аптадан екі жылға дейінгі мерзім арасында бұрын алынғандар мен майданға соғыс жарияланған соң жаппай жұмылдыру бойынша келгендер. Соңғы келгендердің кем дегенде оннан тоғызы виновка ұстауды да білмейді. Түркістандық қызыл әскер мамандарының да басым көпшілігі – соғыс қаруын ұстап көрмегендер. Олар көбіне көбіне-көп әскери қызметін қатардан тыс өтейді: арба айдайды, ат бағады, асханада жүреді, қоймаларда жүк тасиды.

Түркістан легионы тұтқынға түскен кеңестік Орталық Азия өкілдерінен құралғаны белгілі. Неміс тұтқынына түскен 5,7 млн солдат пен офицерлердің үштен бірі түркістандықтар еді. Қарапайым солдаттардың КСРО қарулы күштеріне қарсы күрескен Түркістан легионына кіруі олардың лагерь азабынан құтылу үшін мәжбүр болған амалы. Түркістандық әскери тұтқындарды майдан ошағына емес, шаруашылық саласына пайдалану туралы Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының көшбасшысы Мұстафа Шоқайдың герман билігіне қойған шарты орындалған жоқ. Азиаттық батальон қанды майданға салынды, онда мыңдаған жауынгерлер окқа ұшты. М. Шоқай 1941 жылы желтоқсан айында кенеттен қаза болғаннан кейін Түркістан легионшылары бір жағынан неміс фашизмінің, екінші жағынан кеңестік большевизмнің тепкісінде қалды. Олардың болмашы қарсылық үн қатуы еш байыбына бармастан аяусыз жазаланды. Сондықтан легионерлер реті келген жағдайларда партизан жағына шығып кетіп отырды.

Қорыта айтқанда, М.Шоқай тұтқындарды бейбіт мамандықтарға ғана ұсынады, ол бірде-бір адамды әскерге ұсынған жоқ. Түркістан легионына тұтқындарды іріктеу 1942 жылы басталады, ол кезде Мұстафа Шоқай тірілер қатарында болмайтын. Қазақстандық тұтқындар жөніндегі біздің есебіміз толық емес, себебі М.Шоқайдың жеке мұрағаттық қорында, Просткен, Едлин, Эбенрод және басқа да лагерьлеріндегі тұтқындар тізімі жоқ болып шықты. Сонымен қазақстандық тұтқындарға көмек қолын созып, олардың тірі қалуы үшін Мұстафа Шоқайдың терең гуманистік қадамын әр саққа жүгіртуге ешбір негіз жоқ. Мұстафа Шоқай есімі азақ халқымен мәңгі бірге өмір сүреді.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Есмағамбетов К. Л. Әлем таныған тұлға. – Алматы: «Дайк-Пресс» баспасы, 2008. – 504 б.
2. Садыкова Б. И. Мустафа Чокай в эмиграции. Алматы: «Мектеп», 2011. – 248 с.

3. Садыкова Б. История Туркестанкой легиона в документах. – Алматы: Қайнар, - 2002. – 204 с.
4. Көкебаева Г.К. Германия – Россия – ССРР: политика, война и плен. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 345 с.
5. Б.Садықова. Мария Чокай. Я пишу вам из Ножана. – Алматы: «Санат» 2002, 140 б.
6. Шоқай М. Эпистолярлық мұрасы. 2 томдық / Құраст. Ғ. Исахан. – Алматы: «СаҒа» баспасы, 2006. 1-том. – 424 б.

## **XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ ЖӘНЕ РУХАНИ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Омаров Д.К.**

Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-нің Қазақстан тарихы және саяси-әлеуметтік ғылымдар кафедрасының аға оқытушысы, PhD

XX ғасырдың – қазақ ұлтының қазақ қоғамының, қоғамдық ой-сананың жаңғыру, жанару өзгеру кезеңі болды. Ғасырдың бас кезінде қазақ қоғамында мүлдем жаңа жағдай қалыптасты. Ресейлік патшалық жүйе, қазақ жерінің орыс мемлекетінің меншігі етіп жариялануы, Ресейден қоныс аударушылар легінің күрт өсуі, қазақ бұқарасының зорлықпен егіншілікке жарамды жерлерден ығыстырылуы, дәстүрлі қазақ шаруашылығы терең дағдарысқа ұшырауы сол қалыптасқан жағдайдың нақты көріністері еді. Сол кездегі қазақ қоғамы дамуының күн тәртібінде қазақ халқының ұлт ретінде жоғалуы, не өзін-өзі сақтауы үшін икүреске шығу мәселесі тұрды. Қалыптасқан жаңа саяси ахуалға лайық жаңа күрес тәсілдері, әдіс-айла қажет болды, ең негізгісі халыққа оның алдында тұрған мақсат-мүдделерін түсіндіріп жеткізетін, сөйтіп оны заман талабына сай күрес құралдарымен қаруландырып, азаттық үшін қоғамдық қозғалысты бастап кете алатын мүлдем жаңа саяси- әлеуметтік күш қажет еді. Саяси күштің қалыптасып келе жатқанын 1905-1907 жылдардағы оқиғалар көрсетіп берді. Ол күш саяси жағынан аз болғанымен, бірақ саяси күреске шығып тез ысыла бастаған ұлттық зиялылар болатын. Отарлықтың қыл бұрауынан қасірет жайлаған қазақ халқының өміріндегі қиыншылықтарға XX ғасырдың басында кесе-көлденең шыққан ел азаматтарын, халқының қамын жеген ардақты ұлдарын қатты ойландырған үш мәселе еді. Бұл үш мәселе түпкілікті шешілмей, қазақ халқының қараңғылық пен надандық уысынан құтылмасы айқын-ды. Бұның алғашқысы және Қазақстанда ең бір қиыны жер мәселесі болатын-ды. Өйткені жаңа ғасыр басында Ресейден қазақ жеріне орыс шаруаларын қоныстандыру саясаты үдей түскен кез еді. Патша

үкіметінің саясаты екі нәрсені көздеген болатын. Біріншіден, Орталық Ресейдегі ауыл шаруашылығындағы қиыншылықтан шығуға жол табу, екіншіден қазақ жеріндегі үстемдік саясатын жүргізуде сенімді күшке ие болу. Бұл саясат патша үкіметінің үмітін ақтады да. Бұған аталмыш кезеңде европалық Россиядан 4-4,5 млн крестьяндардың өз қоныстарын тастап кетуі және олардың Сібір, Орта Азия жерлеріне қоныс аударуы дәлел. Мәселен 1896-1905 жылдары Ақмола, Торғай, Орал, Семей облыстарына 294 296 жан қоныс аударса, 1906-1910 жылдары 700 мыңнан астам жан қоныс аударған. Қоныс аударушылар қорына бөлінген жерлер неғұрлым шұрайлы егістікке ыңғайлы болып келсе, жергілікті халық керісінше қуаң далаға, сортаңды жерге таулы аймақтарға ығыстырылды. Мұның өзі мал бағумен айналысқан халықтың жағдайының күрт құлдырауына әкеліп соғып түгелдей бір ұлттың жойылып кету қаупін туғызды.

XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ өміріндегі екінші бір күрделі мәселе оқу-ағарту ісі болды. Қазақ даласында заман талабына сай жалпы білім беретін негізінен орыс-қазақ мектептері болды. Мұндай алғашқы бастауыш орыс-қазақ мектебі 1841 жылы Жәңгірхан ордасында ашылды. Екінші мектеп Орынбор шекаралық комиссиясының жанынан 1850 жылы ашылды. Ол негізінен орталық аппараттың төменгі орындарына писарлар мен тілмаштар даярлау мақсатын ұстанды. Алғашқы 30 баланың бірі ретінде онда қазақтың тұңғыш ағартушысы Ыбырай Алтынсарин оқыды. Ал үшінші осындай мектеп Омбы қаласында Сібір қазақтары облыстық басқармасының жанынан 1865 жылы ашылды. Осылайша бірте-бірте мектеп ашу ісі белең ала бастады. Бірақ бұл негізінен орыстық ықпалды күшейте түсуге бағытталған оқу жүйесі болатын. Орыс-қазақ мектептерінің көздеген мақсаты жалпы қазақ балаларының ой-санасын, таным-түйсігін жетілдіруге емес, өз кеңселеріне қажетті төменгі дәрежелі қызметкерлер даярлау және ел арасында солардың тәлім-тәртібі арқылы орыстандыру саясатының нарқын арттыру еді. Бұқара халықтың тіл білмеуі, орыс чиновниктерінің түсіне алмауы тілмаштардың қолына үлкен ерік берді. Сондықтан орысша оқу білім алудың емес «төре» атанудың, мал табудың таусылмас кеніне айналды. Бұл туралы тарихшы С. Асфендияров «Знание русского языка становится средством эксплуатации... Начиная с канцелярии генерал-губернатора и кончая писарем у волостного управителя, эти группы посредников-переводчиков укреплялись и возрастали по мере дальнейшего проникновения царизма в степь» – деп тап басып айтты. Қажетті қызметкерлер мөлшері түгенделе бастаған соң, патшалық үкімет бірте-бірте орыс-қазақ мектептеріндегі жергілікті халық балаларының санын кеміте бастағанын байқаймыз. Басты себебі қазақ балаларының мектеп көргендерінің біразы орыстандыру саясатының құрығына ілінбей, білімін ары қарай жалғастырып жоғары мектептерді бітіре бастауы. Мысық тілеулі миссионерлер қалағандай іс жүргізуші, тілмаш, орыс оқуын дәріптеуші ғана болып қоймай, заңгер, экономист, дәрігер, инженер сияқты мамандықтарды

игеріп, халқының керегіне жарар ғылым жолына түсе бастауы шошындырмай тұра алмаса керек.

Аталмыш кезеңдегі ой толғантқан үшінші мәселе, қазақ еліндегі адамдық құқық, ұлттық мүддені табанға таптаған патшалық өкімет отаршылдығының шынжыр бұғауы – басқару жүйесі еді. ХХ ғасырдың бас кезінде Ресей патшалығының ішкі отары ретіндегі Қазақстан самодержавиелік империяның билеп-төстеуі нақты күшіне ене бастады. Халықтың басын біріктірмеу саясатын берік ұстанған патша үкіметі «бөліп ал да билей бер» тәсілін қолданып, қашан да уыстан шығармау жағын мықтап ойластырды.

ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамындағы өткенді аңдып, алдын болжаған озық ойлы азаматтарды жалпы «халқым», «ұлтым» деген адамды ойландырған ой арнасы осы жоғарыдағы үш мәселеден бастау алды. Міне осы мәселелер қазақ азаматтарын бірігуге, күш біріктіруге, сөйтіп саяси күрес жолына шығуға ұмтылдырды. Қазақ зиялыларының алғашқы топтасуы жалпы Россияда қалыптаса бастаған әртүрлі саяси партиялардың самодержавиеге қарсы күрес жолындағы бағдарламалармен танысу әсерінен және өз халқын отарлық бұғауынан құтқарудың жолы тек саяси күресте жатыр деп тануынан еді. Қазақ зиялыларының алғашқы баспа жүзін көрген программалы ой-пікірлер жиынтығы – Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, оған 14 500 адамның қолы қойылып Петербургке жіберілген Қарқаралы петициясы. Жалпы петиция 11 тармақтан тұрса, онда қамтылған талап-тілектерді үлкен үш топқа бөлуге болады. 1) Оқу-ағартудың жолға қойылуы, ұлттық мектептер ашу мәселесі, 2) қазақтың өз жеріне өзінің меншігі деп табылуын талап етуі, 3) қазақ елін басқару жөніндегі «Далалық ереженің» бүгінгі қазақ өміріне сай қайта өзгеруін талап етуі. Саяси сауаттылықпен жазылған бұл петиция патшалық Россияның отаршылдық саясатының бар болмысын, әдіс-айласын, қат-қабат қырларын мейлінше терең ашуға ұмтылған, алғашқы үн еді.

Бұл істің басы-қасында болған жаңадан қалыптаса бастаған қазақтың ат төбеліндей аз ғана тұңғыш интеллигенттері жалпы ұлттық сұраныстарға жауап беруге және шешуге тырысты. Қазақ интеллигенциясы өзінің шыққан ортасы тұрғысынан алғанда әр текті болды: олардың қатарында ақсүйек, бай-шонжар әулеттерінен шыққандарда, орта дәулетті отбасы өкілдері де, қарапайым еңбекші шаруалардың балдары да болды. Олардың жоғарғы және арнаулы орта оқу орындарынан алып шыққан мамандықтары да әртүрлі болды. Қазақ интеллигенциясын қалыптастыруда Петербург, Москва, Варшава, Қазан университеттері мен басқада жоғары оқу орындары, сондай-ақ Сібірдің жоғарғы және арнаулы орта білім беретін оқу орындары да айтарлықтай роль атқарды. Тарихшылар М.Қойгелдиев, К.Нұрпейісов, Ғ.Ахмедов, В.Григорьевтердің көрсетуінше 1917 жылға дейінгі уақытта 120-ға жуық қазақ жастары әртүрлі жоғарғы оқу орындарын аяқтағаны туралы диплом иеленсе, 700-ден астам қазақ жастары арнайы орта білім беретін оқу



орындарын бітірген. Қазақ интеллигенттерінің тобының басым көпшілігі тек қана бір кәсіби мамандықтың тізгінін ұстаумен шектелмей әмбебап мамандар ретінде қызмет етті: олар оқу-ағарту ісімен де, алғашқы қазақ тілінде басылымдар шығару қам-қарекетімен де, жан-жақты шығармашылық шығармашылық жұмыспен де қатар айналысты. Осылардың барлығына ортақ қасиет, ортақ ерекшелік, олардың қазақ қауымының қоғамдық-саяси өміріне белсене араласуы болып табылады. Басқа сөзбен айтқанда олар ХХ ғасыр басындағы қазақ қауымының рухани және саяси сұраныстарына мүмкіндігінше толық жауап беруге тырысты. Мысалы Орынборда 1913-1918 жылдары А. Байтұрсыновтың ұйымдастыруымен шыққан «Қазақ» газетінің ұстап тұру үшін «Азамат» серіктестігі құрылды. Оны құрған қалыптастырған ұлт зиялылары еді. Серіктестік жарнасы 100 сом болып бекітілген. 1917 жылы оның 106 мүшесі болған. Өзінің өмір сүрген уақытында «Қазақ» газеті патшалық саясатқа қарсы мақалалары үшін төрт-бес мәрте үлкен айыппен жабылған. Сонда оның қайта ашылуы үшін төленетін қаржыны ұлт ауқаттылары берген. Сол сияқты М. Сералин редакторы болған алғашқы қазақ журналы «Айқап» журналында шығаруға ұлт зиялылары қаржылай-рухани көмек көрсеткен. Қазақтың тұңғыш қоғамдық-саяси және әдеби журналы ұлтымыздың ұлы ойшылдары Шоқан Уәлихановтың, Ыбырай Алтынсариннің, Абай Құнанбаевтың ағартушылық идеяларын ілгері дамытумен бағалы.

Зұлмат заманның тар шеңберінде, күнделікті аңду мен мен қуғын астында халқымыздың ардақтылары қазақтың рухани-мәдени құрылысының дамуына айтарлықтай үлес қосып үлгерді. Олар жұртының шын мәніндегі жанашыр арашашысы екендерін көрсетті. Ешқандай саясат пен ұлтшылдық идеяны көксемей-ақ, халқының қажетіне жарауға тырысты. Сондықтанда Ресейдің іргелі оқу орындарында білім алған, еуропалық тәрбие көрген Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мұхаметжан Тынышбайұлы, Айдархан Тұрлыбайұлы, Жақып Ақпайұлы, Отыншы Әлжанұлы, Халел Досмұхамедұлы бастаған қазақ зиялылары құрған Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің жарғысында оқу-ағарту саласы ең бірінші кезекте қолға алған шаруасы болды. Әлихан Нұрмұхамедұлы 1918 жылғы жазған бір мақаласында келешек жас мемлекетіміздің алдында тұрған өрелі мақсаттары туралы: «Үстіміздегі ХХ ғасыр – өркениет бәсекелестігінің заманы. Бұл уақытта күн астындағы орын үшін күреспейтін һәм мәдениетке талпынбайтын ұлттың табылуы кәдік... Қазіргі әлемдік соғыста ғылым ғылым үстемдік алды. Күнделікті өмірде ... ғылым айқындаушы күшке айналды. Білімсіз халық өркениет қалтарыстарында қалып қоятынын айтып жату артық. Өз мәдениетін сақтау, барлық жақсы жақтарды игеру жолындағы күреске қазақтарда қосылды... Бізге білімді, тәжірибелі саясатшылар, жоғары білікті мамандар қажет. Бізге фабрикалар, зауыттар, шаруашылық ұйымдары, кооперативтер, және басқа да көп

нәрселер керек. Мұның бәрі білімді қазақтарды қажетсінеді. Мұның бәрі бір күнде немесе бір жылда пайда болмайды. Осының бәрін өмірде жедел іске асыру үшін жіті жоспарлау, мамандардың бейнетті еңбегі, ауқатты азаматтардың қаржысы керек және істі дереу қолға алу керек» деп жазған еді. Шын мәнінде, 20-30 жылдарда ұлттық мәдениеттің барлық салаларында өз негіздерінен, тамырларынан ажырап қалмай, ұлттық болмысын сақтап қалу жолында жандарын пайда қылған да осы ұлт зиялылары еді. Міне осы «зиялы» сөзіне өзі эмиграцияда жат елде жүрседе, елінің бостандығы жолында бүкіл саналы өмірін сарп еткен ұлт қайраткері Мұстафа Шоқай былайша анықтама берген екен. «Оқыған, тәрбие көрген адамның бәрін зиялы деп атап, оны ұлттық зиялы қатарына қоса беруге болады деп ойласақ, сөзсіз қателесеміз. Біздіңше, белгілі бір мұрат-мақсаттардың соңында жүрген және сол белгілі мұрат-мақсаттар төңірегіне жиналған оқымыстыларды ғана зиялы деп атауға болады. Ұлттық зиялылар қатарына тек өз халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтқысыз қызмет ете алатын адамдар ғана кіреді » Қазақ зиялылары жаңа қоғамның, оның таптық идеологиясының, цензурасының қыспағында жүріп-ақ олар әдебиет, ғылым, білім, өнер салалары бойынша өшпес мұра қалдырып және оларды ұлттық негізде дамытуға үлес қосты. Зиялы қауым өкілдері қазақ елін отарлық езгіден құтқаруда, ұлт-азаттық пен тәуелсіздік жолындағы күресте әрдайым көш бастаушысы болды. Мемлекеттілік мәселесі – қазақ зиялыларының алға қойған басты мақсаттарының бірі еді. Бұл мәселені шешуде қазақ зиялылары Ресей Думасын, патша әкімшілік органдарын пайдаланды. Сондай-ақ олар халыққа елдің тәуелсіздігі мен дербестігі туралы өз ой-пікірлерін жеткізуге күш салып, бұл үшін «Айқап» журналына «Қазақ», «Дала уалаяты», «Алаш», «Сарыарқа», «Қазақстан», «Бірлік туы» газеттеріне мақалаларын жариялып отырды. Олардың бұл идеялары із-түссіз кетпеді, оны қазіргі уақыттың өзі көрсетіп отыр. Халқының еңселі ел болуын көздеген ұлт зиялылары ел арасындағы оқу-ағарту саласын көтеруді, сөйтіп жұрт санасын сауықтыра отырып, ұлттық болмысты сақтауды мақсат тұтты. Олар билікке келген Кеңестер үкіметінің алысты көздеген зымиян саясатының негізгі түп-төркінін де білді. Осы саясатпен іштей, астыртын, өздерінің білім-қабілеттері мен іс-әрекеттерін жұмсай отырып қазақ ұлтының этнос ретінде жойылып кетпеуі үшін оның тілін, әдет-ғұрпын, әдебиетін, мәдениетін, тарихын жинақтап, зерттеп-зерделеп, ұлттың рухани байлығына айналдыруға тырысты. Осы салада олардың, атап айтқанда М. Тынышбаев, Х. Досмұхамедов пен С. Асфендияровтың тарихтан, Ж. Аймауытовтың психологиядан, А. Байтұрсыновтың тіл білімі бойынша, М. Жұмабаевтың педагогикадан іргелі еңбектері туындады. Бұлардың бәрі де еліміздің рухани тәуелсіздігі үшін ұлт зиялыларының қаламы мен білімінен туған ересен күрестер көрінісі болды.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Мұсағалиева А.С. Әлихан Бөкейхановтың халық ағарту мәселесін кеңестік мерзімді басылымда көтеруі. Әл-фараби атындағы nsiaҚазақ ұлттық университеті хабаршысы. Тарих сериясы. Алматы. -№11ег4(35) -2004 ж. -25-31 бб.
2. Сақ Қ. /Алаш мұрасы– Алматы: Қазығұрт баспасы, 2014ж. -210-225 бб.
3. Азатова Ә. Алаш зиялылары және ағарту мәселелері. Қазақ тарихы №7(138), қазан-қараша, 2015. -33-34 бб.
4. Сағымбай. Ж. «... Қайда жүрсем де бар күшімді Отанның бағы һәм еркі жолында сарп етпекпін» Егемен Қазақстан. 10 қараша 2016 ж.
5. Қошанов. А. Әлихан Бөкейханов: Қазақ жері – мал кіндігі, ұлт меншігі. Егемен Қазақстан. 29 маусым. 2016 ж.
6. Ө. Әбдіманов «Қазақ газеті» – Алматы 1993 ж
7. Ө. Озғанбай Жарығы өшпейтін жұлдыз. – Алматы. 2008 ж
8. К. Нұрпейсов Алаш һәм Алашорда – Алматы . 1995 ж.
9. «Алаш мұрасы және тәуелсіз Қазақстан атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары» Қызылорда. 2017 ж
10. М. Жетпісбаева «Мұстафа Шоқай және ұлттық тәуелсіздік мәселесі » Алматы . 2013 ж.

## **МҰСТАФАТАНУШЫ К.Л.ЕСМАҒАМБЕТОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІСТЕРІНДЕГІ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР**

### **Байгунаков Д.С.**

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы

Мұстафатанушы, қазақ тарихын зерттеуге мол үлесін қосқан Көшім Лекерұлы Есмағамбетовтің (1938-2016) де ғылыми мұрасын қарастырудың маңызы зор. Өйткені Мұстафа Шоқай туралы сөз қозғаған кезде оның еңбектерін айналып өту мүмкін емес. Тіпті қазіргі таңда отандық тарихнамадағы Мұстафа Шоқай мен К.Л.Есмағамбетов тарих ғылымының көкжиегіндегі егіз ұғымдар іспеттес. Себебі, ғалымның мұстафатануға сіңірген орасан зор еңбегін ғылыми орта жақсы біледі және жоғары бағалайды.

Айта кету керек, Көшім Лекерұлы Есмағамбетов артында қомақты ғылыми мұра қалдырған кәсіби тарихшылардың бірі. Оның өмірі мен қызметі жөнінде бұқаралық ақпараттар құралдарында бұрынырақта азды-кемді айтылды. Әсіресе ғалымның мерейтойлары кезінде, оның іргелі еңбектері жарияланған кездері мерзімді басылымдарда бірқатар шолу мақалалар жарық көрген болатын. Олардың арасында К.Нұрпейісов [1],

Әбдіраштың Жарасқаны [2], Ә.Мұқтар [3], т.б. еңбектері бар. Аты аталған авторлар Көшім Лекерұлының азаматтық тұлғасын, оның ғылымға қосқан үлесін, тарих ғылымындағы орнын айқындап берді. Жарияланған мақалалар арасынан академик Б.Е.Көмековтің «Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты Көшім Лекерұлы Есмағамбетовтің өмірі мен қызметі туралы» деген еңбегін ерекше атап кеткен ләзім [4]. Онда автор Көшім Лекерұлының туылған күнінен бастап ғұмырнамасына тоқталады да, оның өмір белестерін бір ізге түсіреді, маңызды-маңызды ғылыми-зерттеу бағыттарына шолу жасап, оның ғылыми жетістіктерін, қол жеткізген табыстарын саралап өтеді. Биобиблиографиялық мақсатта түзілген бұл мақалада Көшім Лекерұлы еңбектерінің ғылыми ортада, әріптестері тарапынан жоғары бағаланғандығы да айтылады, сондай-ақ әрбір ізденісінің ғылыми орны аталып кетеді. Дегенмен осы жоғарыда келтірілген қысқаша шолудың өзі К.Л.Есмағамбетовтің ғылыми еңбектері мен ізденістері жеткілікті дәрежеде зерттелмегендігін және бұл бағытта зерттеулердің қажет екендігін көрсетеді. Сол себепті де тарихтың ішіндегі тарихқа үңіліп, көмескі немесе елеусіз жатқан жалқы беттерді түгендеуге ат салысқан Көшім Лекерұлы сынды ғалымның ғылыми мұрасын толыққанды қарастыру күн тәртібінде тұр.

Ғылыми жұмыстарды редакторлық қызметпен бірге алып жүрген Көшім Лекерұлы ұзақ жылдар бойы энциклопедиялық басылымдарды шығаруға ат салысты. Ол 12 томнан және қосымша 1 томнан тұратын (13 томдық) «Қазақ ССР энциклопедиясы», 4 томдық «Қысқаша Қазақ ССР энциклопедиясы», 10 томдық «Қазақстан. Ұлттық энциклопедия» (алғашқы томдарына) сынды іргелі басылымдарға редакторлық еңбегін сіңірді, көптеген тарихи құбылыстар, оқиғалар мен шетелдік және отандық тарихи тұлғалардың ғұмырнамасын суреттеп жазды. Соңғы басылымның кейбір томдарына кейіннен өз пікірін айтып, онда жіберілген қателіктер мен олқылықтарды көрсетіп те берді [5]. Ағалық ақыл айтып, басылымдағы кемшін тұстарды айғақтап көрсетті. Оның айтқан сын-пікіріне наразылық танытқан әріптестеріне «Сынды дұрыс қабылдаған жөн» деп басу да айтты [6]. Сайып келгенде ол ұлт мақтанышы, әрі ұлттық бас кітаптардың бірі саналатын мұндай энциклопедиялық басылымның ала-құла болып түзілгенін қаламаған еді.

Энциклопедия жазу кім көрінгеннің ермегі болып бара жатқанын, онымен кәсіби мамандар, арнайы баспа өкілдері шұғылдануы тиіс екендігін ол үнемі шегелеумен болды. Осы тұрғыдан келгенде К.Л.Есмағамбетов энциклопедия шығаруды табыс көзіне айналдыруға көшкен кейбір баспа қызметтерін аямай сынады. Мысалы, «Қазанғап неге қапалы? (немесе бір энциклопедиялық басылым жайлы)» деген мақаласында (Қазақ әдебиеті, 2004. 8-14 қазан) тағы бір энциклопедиялық басылымның қателіктерін тізіп шығады да, олқы тұстарын атап өтеді.

Сонымен қатар кезінде Көшім Лекерұлы «Қазақ энциклопедиясы» сынды баспада жүріп «Философиялық сөздік», «Чудеса», «Ақмола», «Северо-Казахстанская область», «Кто есть кто в казахстанской науке», т.б. кітаптар мәтінін редакциялауға қатысты, «Қорқыт Ата» энциклопедиялық жинағын (1999) құрастырды, «Свод памятников истории и культуры. Чимкентская область» сияқты жинақтың ғылыми-әдіснамалық жетекшісі болды. Энциклопедиялық басылымдарды ол жаңа есімдермен үнемі толықтырумен болды. Мәселен, «Қазақстан. Ұлттық энциклопедия» басылымының 1-3 томдарына бірқатар мақалалар беріп, жаңа ақпараттар енгізуге ұмтылды. Ғалымның ғылыми айналымға қосқан материалдары, тың мәліметтермен толықтырылған оқиғалар мен құбылыстар тарихы, шетелдік зерттеушілер ғұмырнамалары барлық кітаптарға әр беріп тұрды. Бұл жерде энциклопедияшы-тарихшы Аббот Джеймс, Абдулкадыр Инан, Әлікен, Бенцинг Йоханнес, Бейли миссиясы, Бжезинский Збигнев, Бопай ханым, Герберштейн Зигмунд, т.б. тарихи тұлғалар мен қайраткерлер, ғалымдар туралы толымды ақпараттық мақалалар жариялады. Ол ақыл сұрап, кеңесін тыңдаған басқа баспа ұжымдары шығарған энциклопедиялық басылымдарға күш-көмегін аяған жоқ. Мысалы, «Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия» сынды көрнекті кітапқа (2002) Скайлер Юджин, т.б., «Северо-Казахстанская область. Энциклопедия» кітапқа (2004) «Абылая белый дом» секілді бірқатар мақалаларын жарыққа шығарды да, көптеген мәселелердің тарихи мәнін ашты. Әрбір тұлға жөнінде мақала жазған кезде, тың мәліметтерге иек артты. Оған мәліметтерді алғашқы түпнұсқа деректен алу тән еді. Ғалымның энциклопедиялық басылымдардағы мақалалары сонысымен де құнды болып табылады.

Ұзақ жылдар бойы шетелдік тарихнамадағы Қазақстан, одан қалса Орталық Азия туралы ғылыми ақпараттарды К.Л.Есмағамбетовтің зерттеумен шұғылдандығын білеміз. Оны ғылыми орта бірінші кезекте осы бағыттың кәсіби әрі білгір маманы ретінде таниды. Зерттеушінің әріптестері тарапынан мұндай баға алуына оның ең алдымен бірнеше ғылыми ізденістерінің жарыққа шығуы себепкер болды деп айта аламыз. Ғалым шетелдік советологтардың ізденістерін бірнеше еңбектерінде қамтыды. Ғылыми мақалаларын, конференциялардағы баяндамаларын айтпағанда оның шетелдік тарихнамадағы қазақ елі туралы бірнеше іргелі еңбектері бар. Олардың арасынан «Действительность и фальсификация» [7], «Көне Қазақстанды көргендер (көне дәуірден XVIII ғ. орта кезіне дейін)» [8], «Что писали о нас на Западе» [9], «Қазақтар шетел әдебиетінде» [10] сынды іргелі еңбектерді атауға болады. Бұлардан басқа ғылыми форумдарда осы тақырып бойынша салиқалы баяндамаларды өмірінің соңына дейін жариялап отырды. Зерттеуші осы бағыттағы ізденістерді әрдайым қаперінде ұстап, оларға үнемі тың серпін беруге тырысты. Мәселен, шетелдік басылымдардағы 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына қатысты ғылыми және ғылыми-көпшілік ақпараттарды «Желтоқсан жаңғырығы» атты қызықты мақаласында жүйелеп

шықты [11]. Бұл мақалада кеңес заманындағы шетелдік советологтардың желтоқсан оқиғасы жайлы жазған еңбектерін таразылады да, бірқатар авторлардың негізгі пайымдауларын бір ізге түсірді. Сондай-ақ шетелдік ғалымдардың ислам туралы тұжырымдарын, тіл саясаты туралы ойларын, қазақ ағартушылары жайлы шетелдік мамандардың пайымдауларын, диаспорология жөніндегі пікірлерін, шет елдермен байланыстар (Қазақстан-АҚШ, т.б.) тарихи бастауларын, шетелдік интервенция, Қазақстанның Ресейге қосылуы, тың және тыңайған жерлерді игеру тарихын өзінің кесек-кесек мақалаларында сөз етті. Джон Кэстль секілді зерттеушілер еңбектері негізінде қазақ хандары (Әбілқайыр хан, т.б.) мен сұлтандарының тарихи портреттерін жаңғыртты. Батыс деректері мен әдебиеттері негізінде Қазақстанның ежелгі, орта ғасырлар мен жаңа және қазіргі замандағы тарихына сараптама жасады. Қазақ тәлімі жөніндегі шетел ғалымдарының ойларын 10 томдық «Қазақстан тәлімдік ойлар антологиясының» 8-томында (2008) жарыққа шығарып, қалың бұқара көпшілікпен таныстырды.

Соңғы жылдары ғылым айналымға енген бірқатар ғылым ақпараттарды да Көшім Лекерұлы көпшілікке жеткізуде мол еңбек сіңірді. Ол құрастырған және редакциялаған еңбектердің бірі де бірегейі «Жарияланбаған құжаттар» деп аталынады [12]. Бұл кітапта Ватикан мұрағаттарынан, Франция Сыртқы істер министрлігі Елшілігі мұрағатынан алынған құжаттар түзілген еді. Кітапқа қазақ еліне қатысты сүбелі мәліметтер енген болатын. Қазіргі таңда бұл мәліметтердің ғылыми құндылығы зор екендігі көпшілікке кеңінен мәлім болып отыр.

К.Л.Есмағамбетов көптеген тұлғалардың өмірбаянын, атқарған қызметін, қоғам мен мемлекеттің дамуына, не болмаса ғылымға қосқан үлесіне толымды баға берген тұлғатанушы ғалым болып саналады. Мұны оның жекелеген тұлғаларға қатысты жүздеген еңбектері айқын дәлелдейді. Оған үнемі әрбір тұлғаның ғұмырнамасын толықтырып, жан-жақты мәліметтермен айшықтап отыру тән болғандығы анық.

Ғалым ғылыми әдебиеттерде Мұстафа Шоқай әлемін зерттеу саласына қатысты біршама қалыптасқан «шоқайтану» деген сөзді құп көрмеді. «Абайтану» секілді (Құнанбаевтану емес – *авт.*) «мұстафатану» терминін енгізу қажеттілігін үнемі айтып жүрді. Сондықтан да біз оны өз өсиеті бойынша «мұстафатанушы» деп атауды жөн көрдік.

Жалпы алғанда, өткен ғасырларда қазақ халқының келешегі үшін көптеген қандастарымыз орасан зор еңбек сіңірді, ұлттың болашағы үшін өмірін сарп еткен олардың әрбірін қазіргі таңда «ұлы тұлға» деп атауға толық болады. Солардың арасынан Мұстафа Шоқай (1890-1941) да өз орнын алатындығы тарихи шындық. Себебі ұлт азаттығы үшін күрескен, сол жолда жанын қиған қоғам қайраткері, танымал тұлға Мұстафа Шоқайдың еңбегі бүгінгі таңда ғасырға жуық уақыт өтсе де, тарихи құнын жоғалтқан жоқ. Біздің парыз – оның артында қалған мұрасын зерделеу, тұжырымдарын зерттеу, өміршең қағидаларымен жас ұрпақты тәрбиелеу.

Сондықтан да «Дайк-Пресс» баспасынан шығып отырған Мұстафа Шоқайдың 12 томдық еңбектерінің қазақ қоғамы үшін маңызы өте зор деп айта аламыз. Себебі тәуелсіздікті аңсаған есіл ердің айтқан саралы ой орамдары, жүрек түбінен шыққан қанатты сөздері әрбір қазақтың көкірегінде сайрап жататын, тіпті қатаң қағидаға айналатын кезі келді. Аталған 12 томдық шығармалар жинағының бірінші томының авторы тарих ғылымдарының докторы, профессор К.Л.Есмағамбетов болып табылады. Ол бірнеше жылдарын осы тұлғаның ғұмырнамасы мен өнегелі өмірін, пайымдамаларын зерделеген кәсіби тарихшы ретінде үлкен еңбек атқара білді. Мұстафатанудағы іргелі еңбектерінің бірі «Әлем таныған тұлға» атты монографиясы болған еді [13]. Аталған монографияда Мұстафа Шоқайдың өткен ғасырдың 20-30 жылдардағы саяси қызметімен бірге күнделікті іс-әрекеттері мен қоғамдық және жаһандық тыныс-тіршілігі сараланып, бұрын мамандар тарапынан қарастырыла қоймаған бірқатар жайттар қаузалған болатын. Кітапты ғылыми көпшілік жылы қабылдады. Мұны кітапқа ғалымдар тарапынан жазылған сын-пікірлер де айғақтай түседі. Мәселен, зерттеуші С.Ө.Смағұлованың айтуынша: «Кітаптың басты ерекшелігі М. Шоқайды ХХ ғасыр басында қазақ зиялыларының идеясын шет мемлекетте жалғастырған, оның тек қазақ халқы ғана емес, түркі тілдес Ресей үкіметіне бодан халықтардың бостандығы жолында күрескен, біртұтас түркі халықтарының мемлекетін құруға бастамашы болған күрескер тұлға және әмбебап публицист, тарихшы екендігін жан-жақты дәйекті түрде таныта білуінде. Нақтылай айтсақ, біріншіден, Мұстафа Шоқай ұлт мүддесі жолында патша саясатына қарсы шығып, Мемлекеттік думаларға қатысып, мерзімді басылымдар арқылы жер, тіл, дін мәселесін көтерген, патша өкіметі құлағаннан кейін Алаш партиясы мен Алашорда үкіметін құрып, оның алға қойған міндеттерін жүзеге асырудағы іс-әрекеттері, кеңес өкіметімен арада туындаған түсініспеушілік пен қарама-қайшылықтан азамат соғысы жылдарында жау күштермен одақтас болып, үкімет билігіне қарсы шыққан, 30-шы жылдары қуғын-сүргінге ұшыраған Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М. Дулатов, Р. Мәрсеков, Х. Ғаббасов, И. Әлімбаев және т.б. қазақ зиялыларының ой-пікірлерін жиырма жылдай насихаттауын дәлелді түрде айқындап береді» [14].

Мұстафа Шоқай қазақ халқы ғана емес, сонымен қатар Орталық Азия мен Кавказ халықтарының мүддесін кеңестік озбырлықтан, мансұқтаудан қорғау үшін күрескен тұлға болып табылатындығын осы аталып отырған оның 12-томдық шығармалар жинағы нақты айғақтайды. Өйткені шығармалар жинағының томдарынан осы тарихи-географиялық аймақтарда мекендеген халықтардың мұң-мұқтажы баяндалынады. Олардың тыныс-тіршілігі, көріп отырған зорлық-зомбылықтары оның жекелеген мақалалары мен кітаптарында көрініс тапты. Сонымен қатар олардың мұң-мұқтажына әлем халқының назарын аударуды тырысып бақты. Мұны М.Шоқайдың қазақ, өзбек, татар, башқұрт, неміс, орыс, француз, ағылшын, поляк, т.б.

ұлттардың тілдерінде жарияланған еңбектері айқын көрсетеді. Және де аталған тілдерде жарияланған еңбектері осы шығармалар жинағында толыққанды көрініс тапқан. Көзі қарақты оқырман оның еңбектерін аталған шығармалар жинағынан тауып ала алады. Сол себепті де шығармалар жинағын құрастырушылар зор еңбек атқарған деуге болады.

Сонымен қатар, Мұстафа Шоқай мұрасын зерттеу алғашқыда Түркияда басталғандығы белгілі жайт. Мұның өзі оның әлем таныған тұлға екендігін, оның өнегелі өмірі түркі тектес халықтардың тарихымен байланысып жатқандығын және де оның еңбектерінің әлемдік маңызы бар екендігін көрсетсе керек.

Өз кезегінде мұстафатанудың қажымас зерттеушісі Көшім Лекерұлы Есмағамбетов былай дейді: «Мұстафаның қайраткерлік болмысын, бүгінгі күнмен өзектесіп жатқан ой-тұжырымдарын зерттеу, насихаттау, ұлықтау еліміздің егемендігін баянды етуге, жас ұрпақты отансүйгіштік рухта тәрбиелеуге қызмет етеді. Сол себепті М.Шоқайдың ұлан-ғайыр шығармашылық мұрасы уақыт көшінен қалмай, халқымыздың баға жетпес рухани қазынасы ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жетері хақ» [15]. Әрине, бұл айтылып отырған сөзде тарихи шындық бар. Ал оған қол жеткізу үшін басты деректік рөлді қайраткердің шығармалар жинағы атқарары анық.

Иә, расында да Мұстафа Шоқайдың сүбелі мұрасына тарихшылар ғана емес әлі талай мамандар (саясаттанушы, заңгер, т.б.) жүгінері анық. Олар мұрағат материалдарын ақтарып отырмай-ақ қайраткердің еңбектерін шығармалар жинағынан ала алады. Осыған байланысты айтарымыз, аталған шығармалар жинағы ХХ ғасырдағы қазақ қоғамын зерделеу үшін өте маңызды дереккөзі болып табылады және оның ғылыми құндылығы, тарихи маңызы өте жоғары.

Қорыта айтқанда, Көшім Лекерұлы Есмағамбетовтің Мұстафа Шоқай мұрасына қызығушылығы ертеден-ақ, яғни кеңестік дәуірде басталған деуге болады. Бәлкім, мұстафатануға деген риясыз көңілі шетелдік ғалымдардың еңбектерін зерделеп жүрген кезде-ақ оянған шығар. Зерттеушінің Мұстафа Шоқайды шетелдік мамандардың еңбектері арқылы танығаны анық. Сондықтан да бізге беймәлім жатқан дүниелерді жеткізуге тырысып, ұзақ жылдар бойы осы тұлғаға қатысты материалдар жинастырды. Ол Мұстафа Шоқайдың кемел тұлғасына байыппен қарау керек екендігін ұғынды. Бәз біреулер сынды асығыс-үсігіс пайымдаулар жасап, жеделдетіп еңбектер шығара қойған жоқ. Мәселені тереңінен талдап, қордаланған мәселелерді ой елегінен, ақыл таразысынан өткізіп барып қана татымды пікірлерін айтты. Ал мұны зерделу болашақтың еншісінде жатыр.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі***

1. Нұрпейісов К. Он предпочел науку // Казахстанская правда. -1998. -19 ноября.



2. Әбдіраштың Жарасқаны. Көшелі аға (Көшім аға Есмағамбетұлына) // Есмағамбетов Көшім. Тарих таңдақтары. Екінші кітап. –Алматы: Арыс, 2008. -421 б.
3. Мұқтар Ә. Қазақстанның бас энциклопедияшы-тарихшысы // Атырау. - 2008. -11 қазан.
4. Көмеков Б.Е. Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты Көшім Лекерұлы Есмағамбетовтің өмірі мен қызметі туралы // Көшім Лекерұлы Есмағамбетов. Биобиблиография / Құраст.: Л.Әбенова, Д.Медерова. –Алматы, 2014. -144 б., сур. [«Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясы»]. –Б.16-28
5. Есмағамбетов К. Салиқалы басылымдағы салғырттықтар // Азат. -2005. - 23 наурыз. -4-5 бб.
6. Есмағамбетов К. Сынды дұрыс қабылдай білген жөн // Азат. -2005. -25 мамыр. -5 б.
7. Есмағамбетов К.Л. Действительность и фальсификация: [англо-американская историография о Казахстане]. – Алма-Ата: Казахстан, 1976. - 200 с.
8. Есмағамбетов К.Л. Көне Қазақстанды көргендер (көне дәуірден ХҮІІІ ғ. орта кезіне дейін). – Алматы: Мектеп, 1979. -136 б.
9. Есмағамбетов К.Л. Что писали о нас на Западе. –Алма-Ата: Санат, 1992. - 152 с.
10. Есмағамбетов К.Л. Қазақтар шетел әдебиетінде. –Алматы: Атамұра, Қазақстан, 1994. -240 б.
11. Есмағамбетов К. Желтоқсан жаңғырығы // Қазақ әдебиеті. – 2006. -1 желтоқсан. -12 б.; жалғасы 15 желтоқсан. -12-13 бб.
12. Жарияланбаған құжаттар / Құраст.: К.Есмағамбетов, З.Шаймерденова. Жауапты ред. К.Есмағамбетов. – Алматы: Өнер, 2011. -480 б.
13. Есмағамбетов К. Әлем таныған тұлға. –Алматы: «Дайк-Пресс», 2008.
14. Смағұлова С. Мұстафа Шоқай тағылымы (К.Л. Есмағамбетовтың «Әлем таныған тұлға» атты кітабына пікір). Дереккөзі: <http://e-history.kz/kz/books/library/view/126> (қаралған уақыты: 8.8.2016)
15. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. 12 том, 1-том. –Алматы: «Дайк-Пресс, 2012. -544 б.

## МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ТОЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ ТУРАЛЫ

**Түрсүн Х.М.**

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік-университетінің  
профессоры, тарих ғылымдарының докторы

**Вахдет Т.**

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік-университетінің докторанты.  
Түркістан қаласы. [vahdettarakci@hotmail.com](mailto:vahdettarakci@hotmail.com)

**Тегтер:** Мұстафа Шоқай, Көшім Есмағамбетов, деректану, ұлттық саяси элита, субъективизм

**Аңдатпа:** Көрнекті қоғам қайраткері, Түркістан ұлт-азаттық қозғалыс көшбасшыларының бір Мұстафа Шоқайдың соңына қалдырған саяси, әдеби және тарихи шығармалары өте қомақты. Осы мұра К.Есмағамбетовтың іздеп, тауып жинақтауы және ғылыми талдауы арқылы көптомдық болып жарық көрді. Бұл шығармалар жинағының отандық деректанудағы маңызы үлкен. Сонымен бірге жинақтың қолданбалық маңызы да жоғары. Мақалада жинақтың ерекшеліктері айқындалады.

**Мазмұны:**

Көрнекті қоғам қайраткері, күрескер Мұстафа Шоқайдың 12 томдық шығармаларының толық жинағы оның өмірі мен қызметінің тарихын ғылыми тұрғыда қалпына келтірген іргелі еңбек болды. Ғылыми қалпына келтіру деген ұғымның мәні – ғылыми дәлелденген деректер негізінде өткен тарихтың барынша шынайы бейнесін жасау дегенге саяды. Шоқайдың өз шығармалары оның өмірі мен қызметінің дәйегі һәм дерегі болғандықтан да бұл жинақтың маңызы зор.

Көшім Есмағамбетов жинақтың алғашқы томына енген монографиялық еңбегінде Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қызметіне құжаттық негізде тарихи талдау жасап, ғылыми баға берген. Бұл еңбекті осы кезге дейін шоқайтану бойынша жарық көрген ғылыми еңбектердің ең объективтісі әрі толымдысы деп бағалаймыз. Өйткені, қолында Шоқайдың барлық шығармаларының болуы авторға қайраткердің қызметіне барынша дәлелді және шынайы ғылыми талдаулар жасауға мүмкіндік берген. Деректанудың қағидаларына сай ғылыми этика нормаларын сақтай отырып, шым-шытырық саяси күрес барысында жолдары тоғысқан қайраткерлердің өзара қарым-қатынасы, олардың ұлт-азаттық қозғалысының стратегиясы мен тактикасына қатысты пікір алшақтығынан, көзқарас айырмашылығынан туындаған саяси пікірталастарды шынайылықпен қарастыра алған. Бұл да тарихилық қағидасынан ауытқымаған ғалымның үлкен жетістіктерінің бірі деп бағалаймыз.

Осы кезге дейін қоғамдық ғылымдарда қазақ саяси элитасы өкілдері Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Т.Рысқұлов және т.б. шығармалары мен құжаттарының толық жинақтары жарық көргені белгілі. Осы еңбектерден М.Шоқай шығармаларының толық жинағының ерекшелігі қандай? деген сауалға жауап беріп көрейік.

Біріншіден, жинақтың М.Шоқай шығармашылығын барынша толық қамтығандығы. Жинақта ағылшын, француз, неміс, поляк тілдерінде және шағатайша жазылған 586, орыс тілінде 488 материал енгізілген, жалпы көлемі 430 баспа табақты құрайды. Мәселе жинақтың көлемінде ғана емес, ондағы мақалалардың басым бөлігінің түпнұсқа мәтінімен және түсіндірмесімен алғаш рет ғылыми айналымға ұсынылғандығында. Осыншама мол деректердің осы кезге дейін ғылыми қауымға қолжетімсіз болып келгендігі олардың жақын және алыс шетелдік архив қорлары мен кітапханаларында жинақталуында еді. Жинаққа енген материалдар отандық архивтер мен кітапханалардан өзге Ресей, Германия, Франция, Польша, Түркия, Өзбекстаннан алынған. Бас аяғы жиырмадан астам архивтер мен кітапханаларды сүзіп шығудың өзі аз шаруа емес. Сонымен бірге алдағы уақытта АҚШ, Ұлыбритания, Швейцария, Румыния мемлекеттеріндегі архивтер мен кітапханалардан да қолға түспеген туындылары мен құжаттары табылуы мүмкін.

Екінші ерекшелігі осы толықтығынан туындайды. Мұстафа Шоқай көп тіл білген, полиглот қайраткер. Ол қазақ тілімен қатар өзбек, түрік, көне шағатай және орыс, француз, ағылшын тілдерінде мақалалар жазған. Содан да араб, килиллица және латын әліпбилерін қолданған. Оның мақалалары хинд, урду, араб, грузин және т.б. тілдерде жарияланған. Әртүрлі тілдерде жазылған, жарияланған еңбектердің түпнұсқасын, кейбірінің факсимилиясын енгізу де жинақтың деректік құндылығын арттыра түскен. М.Шоқай 1919 жылдан бастап Грузияға қоныс аударып, ондағы «Борьба», «На рубеже», «Шефак», «Вольный горец» - «Независимый горец», «Янги Дунья» газеттерінде халыққа Қазан төңкерісі әкелген қасірет жөніндегі мақалаларын жариялаған [1, 6 б.]. Өз басымыз Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы тарихына қатысты ізденістерімізде Ресей мемлекеттік кітапханасының әлемнің көптеген елдерінен жинақталған баспасөз коллекциясымен аты шыққанымен орасан мол дүниенің арасында М.Шоқай редакторы болған «Бірлік туы» және жоғарыда аталған «На рубеже» газеттерін кездестіре алғанымыз жоқ. «Бірлік туының» алғашқы санынан өзгесі табылды. Ал «На рубеже» газетінен әзірге дерек жоқ. Мұстафаның бұл газетте бірнеше мақаласы жарияланған болатын. Осы екі деректің өзі М.Шоқай мұрасын іздестіруді алдағы уақытта одан әрі жалғастыру қажеттігіне көз жеткізеді.

Үшінші ерекшелік, жинақтың тарихылығында. Кеңестік кезеңде қазақ тарихының мұғажырлық тарихнамасына назар аударылмады. Партиялық-мемлекеттік билік мұндай әдебиеттердің таралуына қатаң тиым салды. Дегенмен, отандық тарих ғылымының ХХ ғасыр басындағы кезеңі тың

теориялық және методологиялық ойларға толы. Ол ойлар мен көзқарастар бүгінгі тарихнамалық зерттеулерге кеңестік кезең тарихи ойының мәні мен мазмұны қандай болғандығын аңғартады. Мәселен, М.Шоқайдың «Тарих жазудың екі жолы бар. Бірінші жолы: зерттеуші өмірде болып өткен оқиғаларды көңіл қойып жинастырады. Оларды хронологиялық тәртібі бойынша заманның жағдайына, ақуалына қарай зерттейді. Мәліметтер мен ақпараттардың бұлақтарын іздейді. Жиналған мәліметтерді өзінің ғылыми зердесінен өткізеді, орнына салады және ол мәліметтерден өзін бейтарап ұстай отырып талдау жүргізеді. Шын мәніндегі ғылыми тарих, міне, осындай тәсілмен жазылады.

Екінші жол: зерттеуші көздеген мақсаттарын күні бұрын белгілеп алады да, соған жету үшін оқиғалар құрастырады. Тіпті мақсаты қажет етіп жатса, оқиғаларды ойдан шығарады. Мақсатқа қайшы келетін бұлақ көздеріне жуымайды. Мұндай тарихшылар өзін бейтарап ұстаудың орнына оқиғаларға партиялық тұрғыдан талдау жасайды. Кеңес тепкісіндегі халықтардың ұлттық қозғалыстары туралы жазып жүрген большевик тарихшылар осы екінші түрге жатады.

Большевиктер жалпы ғылымда бейтараптықты мойындамайды. Ғылым олар үшін таптық күрестің баламасы. Сондықтан олар тарихты өздерінің болашақ таптық мақсаттары үшін пайдалануға тырысады. Өйткені, олар тарих еткен өмірден мағлұмат беретін ғылым ғана емес, келешекке сабақ беруге қызмет ететін ғылым екенін де жақсы біледі [2, б. 202-203] деген әдіснамалық ойын бүгінгі күні басшылыққа алатын тұжырымдардың бірі деп есептеуге болады.

Шоқайдың қайсы шығармасын алып қарасаңыз да оның тарихқа тікелей қатыстылығы аңғарылады. Ал, тарихи шығарма қашанда субъективтілігімен ерекшеленеді. Мұстафа Шоқай шығармашылығының субъективизмі – оның ұлтжандылық дүниетанымы мен саяси көзқарасынан туған. Ол Орта Азия мен Қазақстанда орын алған кез келген тарихи оқиға мен құбылысты түркілік бірлік және азаттық жолындағы күреспен өлшейді. Саяси элита өкілдерінің қызметіне де олардың ұлттық мүддеге қаншалықты қызмет жасай алуына қарай баға береді.

Төртіншіден, Шоқай кабинеттік ғалым, редакция тапсырмасын ғана орындайтын қатардағы журналист емес, саяси күреске белсене араласқан қайраткер, жалынды публицист. Сондықтан қай тақырыпта қалам тартса да біліп жазады, білікті жазады, өз көзқарасына сендіріп жазады. Жинаққа енген Шоқайдың еңбектері осы тұжырымды тағы да айғақтай түседі.

Мұстафа Шоқай ең алдымен күрескер, сосын барып шығармашыл тұлға болып қалыптасқандығын атап айтуға болады. Күрескерлігі шығармашылыққа ұласқан, ал шығармашылығы саяси күреспен астасқан бұндай тұлға ұлттық саяси элита арасында санаулы ғана. Ал әлемдік деңгейде танылғаны Мұстафа Шоқайдың жалғыз өзі. Демек, Шоқай шығармаларының толық жинағы ең алдымен оның түркілік бірлік пен

тәуелсіздік идеясын бағдарға алған саясаткер ретіндегі күрескерлігін танытады, сонымен бірге күрес формасы ретінде өмірлік кредосына айналған саяси көсемсөзінің мәні мен мазмұнын толық паш етеді. Жинаққа енген шығармалары мен құжаттары оның шетелдегі тәуелсіз баспасөздің үлкен ұйымдастырушысы екендігін айғақтайды. Оның энциклопедиялық білімі мен сұңғыла саясаткерлігі түркі халықтарының тәуелсіздігіне қызмет жасауға үлкен мүмкіндік бергендігі жинаққа енген мақалаларымен бірге «Бірлік туы», «Яш Түркістан», «Йени Түркістан», «Түркістан» газет-журналдарын ұйымдастыруы, қаншама газет, журналдарға редколлегия мүшесі, автор болып қатысуынан анық көрінеді.

Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қызметі туралы деректер мен шығармашылық мұрасын шетелдік архивтер мен кітапханалардан іздеп табу, оларды түсініп-оқып, аудару ғалымнан археографтың, деректанушы мен мәтінтанушының біліктілігін талап етері сөзсіз. Қанша уақыт пен ерік-жігерді қажет ететін бұндай ерлік екінің бірінің оңтайына келе бермейтін шаруа. Осындай ғылыми ерліктің үлгісіндей болып жарыққа шыққан жинақтың еліміздің мәдени өміріндегі маңызын да жіктеп айтқанымыз дұрыс сияқты.

Еңбекті қазақ тарихында осы кезге дейін жарық көрген жеке тұлғалардың шығармалар жинағының алды деп бағалауға болады. Академиялық талаптарға сай орындалуы, көлемі, қамтыған деректерінің ауқымы бойынша әзірге теңдесі жоқ еңбек болып шыққан.

Осы кезге дейін М.Қойгелдиевтің басшылығымен 2 томдығы, Ә.Бәкірдің басшылығымен 3 томдығы, жекелеген еңбектері кітап болып жарық көрген болатын. Аталған жинақтарда М.Шоқайдың «Яш Түркістан» журналында жарияланған 224 мақаласы, басқа да шығармалары араб графикасынан кириллицаға транскрипцияланып берілген. Жинақтың транскрипцияланған мақалаларды қайталамай олардың мәтінін түпнұсқа графикамен беруінің деректік маңыз зор. Бұл жағдай М.Шоқай мұраларына салыстырмалы мәтіндік талдаулар жасауға мүмкіндік береді.

Жинақтың жарыққа шығуы арқылы қазақтың эмиграциялық көсемсөзі жоғары деңгейде танылуға мүмкіндік алды. К.Есмағамбетов «Мұстафа Шоқай батыс советологиясының негізін қалаушылардың бірі» деген баға береді. Батыс советологиясының негізін қалағандардың көпшілігі «ақ эмиграцияның» өкілдері болатын. Солардың бірі философ Н.Бердяев шетелде жүріп панславизмді насихаттады, ал екіншісі А.Ф.Керенский уысынан шығып кеткен Ресейдегі билігін қайтаруды көкsep, ұлыорыс шовинизмінің отын маздатты. Ал М.Шоқай советологиясының мәні кеңестік биліктің Орта Азиядағы «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» ұлт саясатының көзбояушылығын әшкерелеуге негізделді. Осы тұрғыдан алып қарағанда батыстық советологияда Шоқайдың алар орны мен атқарған қызметі ерекше. Шоқайдың кеңестік билікті әшкерелеген әрекеттері ізсіз кеткен жоқ, жазған материалдары стол тартпасында жатып қалмады.

Бірнеше европалық тілдердегі газет, журналдарда жарияланған өткір мақалаларында көтерілген мәселелер Батыс елдері мемлекет басшылары мен саясаткерлерінің назарын аударды және Кеңес Одағының жүргізіп отырған озбырлық саясатына қарсы ақпараттық күрес науқанына жол салып берді. Солардың бірі жинаққа енген Қазақстандағы 1932-1933 жж ашаршылыққа байланысты Европа жұртшылығының назарын аудартқан Мұстафаның түрлі жиындарда оқыған лекциялары, жасаған баяндамалары мен мақалалары еді.

Жинақ М.Шоқайдың атына кеңестік тоталитарлық жүйе таңған айыптаулардың негізсіздігіне айғақ болды. Әнуар Әлімжановтың өткен ғасырдың 80-жылдарының соңында «Мұстафа Шоқайұлы ешкімнің ақтауына мұқтаж емес. Ол өзін-өзі шығармаларымен, ерлігімен ақтап отыр. Оны тарих пен уақыт ақтады» деген тұжырымы интуициямен жасалған десек, К.Есмағамбетовтың құрастырған 12 томдық жинағы М.Шоқайдың ақталуының ғылыми айғағы болды.

Шоқайдың эмиграциядағы кеңеске қарсы жүргізген күресінен үлкен идеологиялық қауіп ойлаған И.Сталин Қырғыз Өлкелік партия Комитетінің бюро мүшелеріне 1925 жылдың 29 мамырында «Ақ жол» газеті туралы жазған хатында былай деп мәлімдеген болатын: «Мен осыған байланысты белгісіз емес Шоқаевтың ақгвардияшыл баспасөздегі кейбір мақалаларын еске түсірдім және өзімді шошытқан осы мақалалар мен «Ақ жол» журналының рухани «бірлігі» деуге болатын кейбір жаңалықты аштым. Ақылға сыймаса да бұл факт. «Ақ жол» әрине, өзі де аңғармастан Шоқаевқа көлемді материал берді» [3, Л.1-2.] Бұл жерде әңгіме «Дни» газетіндегі М.Шоқайдың мақалалары жөнінде болып отыр. Осы жерде Сталиннің өз қарсыласына әділ баға бере алған саяси көрегендігіне тәнті болмасқа әлдіміз жоқ.

Большевиктер көсемінің осы хатын партиялық-мемлекеттік номенклатура Шоқайды қаралау науқанына жол ашқан нұсқау ретінде қабылдады. Әрі қарай саясат пен биліктің шотын шапқан саясаткерлер, ғалымдар мен әдебиетшілер кешегі күні әлем таныған, бүгінгі күні әлем мойындаған Мұстафа Шоқайды «пантүркист», «ұлтшыл-фашист», «алашордашыл», «ұлтшыл», «отанын сатқан», «фашистермен ауыз жаласқан», «Түркістан легионын» құруға қатысқан» және т.б. деген саяси айдарлармен туған халқына құқай етіп көрсету науқаны басталып жүре берді және еліміз тәуелсіздік алғанға дейін жалғасып келді. Үлкен террор кезінде кеңестік құқық құрылымдары танымал саяси қайраткерлермен бірге қатардағы шаруаға дейін Мұстафа Шоқаймен байланысы бар деген айыптар тақты. Ол айыптаулар қаншама жазықсыз жандардың ату жазасына кесіліп, бас бостандығынан айырып, жер аударылуына ұласты.

Жинақта осындай аңыздар бірінен соң бірі әшкереленеді. Мысалы ретінде айтар болсақ, 1948 жылы КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігі өзінің Берлиндегі 4-оперативтік секторының 2-бөліміне «М.Шоқайды әшкерелеуші материалдар» табу жөнінде құпия түрде сұрау салады. Осы

тапсырма бойынша жаңағы құрылым «Берлиннің СВ оперативтік-анықтамалық картотекасында ондай мағлұмат жоқ» деп жауап береді [4, 484 б]. К.Есмағамбетовтың өзі Ресей Мемлекеттік әскери мұрағатында кездейсоқ қалып қойған осы құжатты кеңес өкіметі ұзақ уақыт бойы жасырып келгендігін айтады.

Осындай айыптаулардың бірі М.Шоқайдың Жапон өкіметінің өкілдерімен келіссөздер жүргізуіне байланысты тағылады. 12-томға енген хаттар арасында Шоқайдың осындай әрекеттерге барғандығын айғақтайтын құжаттардың мазмұнына қарап, шын мәнінде С.Сейфулин, Т.Рысқұлов сияқты т.б. қайраткерлерге тағылған «жапон тыңшысы» деген айыптаулардың қаншалықты негізділігі жайлы арнайы зерттеулер жүргізу қажеттілігі туралы ой туындайды.

Осы жинақ арқылы оның тұлғасына қатысты кеңестік тоталитарлық жүйе қалыптастырған стереотип түсінік түпкілікті бұзылды. Ендігі жерде Серік Шәкібаевтар сияқты кеңестік идеологияның ықпалында Шоқайды қаралайтын көркем туындылар жазылмайды. Жинақ бүгінгі күні кешегі империялық билікті аңсайтын Сергей Михеев пен Денис Данилевский сияқты тарихшылардың бұра тартуына қарсы ғылыми дәлелді қолға ұстатты. Әрине, ендігі жерде осындай байыпты ғылыми бағаның соңы Мұстафа Шоқайға қатысты өкімет тарапынан берілер саяси бағамен, құқықтық құжаттармен бекемделсе құба-құп болар еді. Тәуелсіздік жолына өмірі мен шығармашылығын арнаған қайраткерді ұлықтау «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын тұғырлаудың маңызды дәлелдерінің бірі болып отыр.

Жинақтың тағы бір маңызы оның қолданбалық сипатынан туындайды. Жинақ шоқайтану ғылыми бағытының дамуына жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Ғылыми зерттеулермен айналысатын докторанттар мен магистранттар тарих, халықаралық қатынастар, әлеуметтану, деректану, мәтінтану, тұлғатану, саяси ғылымдар бойынша жекелеген тақырыптарды тереңдей зерттеулерінде аса құнды дереккөз ретінде пайдалана алады. Бұндай қолданбалық сипатының Мұстафа Шоқайды әдеби, көркемдік тұрғыда тұлғаландыруға да қатысы бар. Ол зерттеулер болжам мен топшылауларға емес, нақты ғылыми деректерге негізделетін болады ендігі жерде.

Қазақ тарихында өмірі мен шығармашылығы ғылыми тұрғыда қалпына келтіру кезегін күтіп жатқан қайраткерлеріміз аз емес. Осы 12 томдық жинақтың деректанулық қағидаларға сай жоғары деңгейде жарық көруі тәуелсіздік жолында жанпида қызмет жасаған ұлттық саяси элита өкілдерін деректік негізде ғылыми тұлғаландыруға үлгі, өнеге болады деп білеміз. Әрине, бұл мәселеде профессор К.Есмағамбетовтың шоқайтану бағытын негіздеген ғылыми шеберханасының өзі арнайы зерттеуді қажет етеді.

Қорыта айтқанда, Мұстафа Шоқайдың 12 томдық толық шығармалар жинағының жарық көруі еліміздің ғылыми, мәдени өмірінде үлкен жаңалық

болды. Осы еңбек арқылы еліміздің бүгінгі тәуелсіздікке қол жеткізген күресі тарихының жаңа желісі - халықаралық деңгейде жүргізілген күресінің мазмұнды да өнегелі тарихы ғылыми негізде қалпына келтірілді. Қоғамдық ғылымдарда осындай іргелі мәнге ие болған жинақты дайындап, жарыққа шығару арқылы отандық тарих ғылымының дамуына қызмет жасаған профессор Көшім Есмағамбетовтың еңбегі елеулі.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер***

1. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. 12 том. 2 том. – Алматы: Дайк-Прес, 2012. 640 б.
2. Шоқай М. Бір ғылыми өтірікке қарсы (Қоқан автономиясына 14 жыл толуына орай). Таңдамалы шығармалар: 3 томдық. 1 т. – Алматы: «Қайнар» баспасы. 2007. – 352 б.
3. АПРК. Ф.141. Оп.1 Д.479а.
4. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. 12 том. 1 том. – Алматы: Дайк-Прес, 2012. -544 б.

## **МҰСТАФА ШОҚАЙ ЖӘНЕ ПЕТЕРБУРГТЕГІ КЕЗЕҢ**

### **Бәкір Ә.Қ.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Мұстафа Шоқайтану ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми жетекшісі, саяси ғылымдарының докторы, профессор. Астана E-mail: [abdizhalel\\_bakir@mail.ru](mailto:abdizhalel_bakir@mail.ru)

Ежелден көршілес болып келе жатқан Ресей мен Қазақстан қарым-қатынастары туралы сөз еткенде көбіне кешегі патша өкіметінің отаршыл саясатын алдыңғы шепке шығып жатады. Сонымен бірге тегі, тілі, діні және ділі бөлектіктен те кейде қайшылықты, кейде қарсы тұрған жағдайлардың да болғаны рас. Мұның басым жайы билік жүйесінің саясатынан туындайтыны белгілі. Алайда арысы Батыстың, берісі Ресейдің озық мәдениеті мен ғылымының қазақ қоғамына игі ықпалы да аз болмағанына көз жұмуға әсте болмас. Өткен тарихымызға ой жіберсек, Ресейде оқып, қызмет еткен қазақтың талай ардақтылары еліміздің ілгері жылжып, жаңаруына өлшеусіз үлес қосты, үлес қосып та келеді. Бұған тарих та, бүгінгі күніміз де куә. Алғашқы ағартушыларымыздың, ұлы ғалым Шоқан Уәлиханов, тұңғыш кәсіби педагог Ыбырай Алтынсарин және ұлы Абайлардың ұлттық рухани әлемімізге жарық жұлдыз болып шығуы солтүстік көршіміз орыс халқының, сол арқылы Батыстың өркениетінің игі ықпалы екеніне ешкім дау айта алмас. Мұндай игі ықпалды кейінгі



толқын Алаш ұлт азаттық қозғалысының көсемдері Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, т. б. кем көрген жоқ. Міне, соңғы Алаш алыптарының ішінде Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының жетекшісі Мұстафа Шоқайдың өзіндік өмір жолы, өзіндік күрес тарихы болды. Жапон ғалымы Уяма Тимохико кешегі ғасыр басындағы мұсылман түрік халықтарының атақты қайраткерлерін, оның ішінде Әлихан Бөкейханды қоса айта отырып, осы жылдыздар ішінде Мұстафа Шоқай бірегей орын алады деген болатын [1, 30].

Халқының еркіндігін өзінің азаттығы деп ұғынған, өз бақытын ұлтының бақытынан іздеген, сол бір тарихи кезеңдегі әлеуметтік-саяси көрікте шыңдалып, теориялық білімі мен өмірлік кемелділігі шираған, аса білімпаз, көреген саясаткер Мұстафа Шоқайдың азаттық пен тәуелсіздік үшін күреске толы ғұмырының алғашқы қадамдары сол кездегі Ресейдің бас қаласынан басталған болатын.

Мұстафа Шоқай 1910 жылы гимназияны ойдағыдай аяқтады да Петербург университетінің заң факультетіне түскісі келді, бірақ оның атаулы стипендиясы тек орыс баласына беріледі екен. Сондықтан ол Қазан татарларына бөлінген стипендияны пайдаланған көрінеді. 1912 жылғы «Айқап» журналының 13-санында екі жылдан бері Петербург университетінде Сырдария облысының Перовский уезінен Мұстафа Шоқайдың оқып жатқандығы жайында ақпарат берілген болатын. Бұл мақтаншпен жазылған ақпараттың артында студенттің жерлестерінің арыз-шағымдарына қатысты көп іс тындырғаны айтпай байқалатын.

Арасында үзілістері бар бас-аяғы 6-7 жылға созылған Ресей орталығындағы кезең әлеуметтік те, саяси да тағылым алған керемет жылдар болғанына дау жоқ. Ол ең алдымен Еуропаның білімі мен ғылымының тәтті дәмін татты, ерекше алғырлық қабілеттен терең білім алды, сонан соң сол кездегі орыс қауымындағы демократиялық үрдістерді бойына сіңірді. Оның қоғамдық күрес сахнасына шығуына Ресейдің орталық аудандарында бірінші орыс революциясынан кейін құрылған саяси партиялар мен қозғалыстардың бағдарламаларымен жете танысуының әсері мол болды. Егер ерте кездері ол мұсылмандардың мәдени реформаторлық қозғалысы — жадитизмнің ықпалында болса, мұнда орыс зиялы қауымының революциялық-демократиялық және либералистік топтарының ықпалымен саяси еркіндік пен әлеуметтік әділдікті жақтады, соны өмірлік мұрат етті.

Сол кездегі өзінің дүниеге көзқарасы мен танымын жетілдіре түскен Ресей орталығында орын алған саяси оқиғалар туралы Мұстафа 1933 жылы жазылған “Есімдегілерден... (Ресейдегі түрік студенттер өмірінен) атты мақаласында былай деп жазған еді: “Мен Ресейді реакция жайлаған, жоғары оқу орындары, әсіресе университеттер тікелей полицияның бақылауына алынған 1910-1914 жылдары Петербургте оқып жүрген болатынмын. Жағдайдың сондайлығына қарамастан, біз, студенттер, саяси бой көрсетулерге шығатынбыз. Үкіметке қарсы шешімдер қабылдап, көшелерде

демонстрациялар жасайтынбыз” [2, 336].1912 –1913 жылдардағы Түрік-Балқан соғысы кезінде патша үкіметінің славяншылдық саясатына наразылық білдірген шерулерге қатысып, Түркияны қолдап, көмек көрсету үшін қаржы жинауға белсенді атсалысады. Өзінің түркістандық досы Садық Өтегеновпен бірге Түркия елшілігіне қаржылай көмек те көрсетеді.

Мұстафа Шоқайдыңбет алысын, алар асуын Санкт-Петербуркте оқып жүрген бір топ студенттермен жазған хат мен үндеуі айқын байқатқан болатын. Бірі -1913 жылдың ақпанынан Орынборда шыға бастаған «Қазақ» газетіне жолдалған құттықтау хат. Мұнда студенттер қуаныштары қойындарына сыймай, басылымның «қадамы қайырлы, бауы берік, өмір жасы ұзақ болып, мақсұтқа жетпегіне тілектестіктерін» білдірген еді. Сонымен қатар хат иелері маңызды екі мәселені көтерді. Оның бірі – "Қазақ"газетін «бір жағадан бас шығарып, бір ауыздан сөз шығарып, жас та болса бастай көріп, халық ортасына "қарақшы" қылып, әркім шын көңілімен батасын беріп; халінше не көмегі болса тигізіп тұрса - біздің мұңды жұртымызбен мұңдасып, бірінің хал-жайын бірі біліп тұруына да жәрдемі аз тимес еді деген ой. Екіншісі, өз сөздерімен айтқанда, қолқалары мынау: "Қазақ"газетіне «қаламменен жәрдем беретін мұсылманша оқыған құрбыларымыз бір нәрсе жазғанда басқа әріп, фарсы, ноғай қарындастарымыздың (қандастарымыздың деген мағынада – Ә.Б.) сөздерін; орысша оқығандарымыз орыс, яки басқа Еуропа жұртының тілдерін орынсыз көп кірістірмей, өзіміздің қазақтың нағыз қара тілімен жазып тұрса "Қазақ" қалың жұртымыздың оқып тұруына оңды, түсінімді болар деген пікір» білдіріп, осыларды бас редактордың әр қашан назарында алып жүруіне тілек айтқан еді [3, 15-16].

Осыдан кейінгі Петербургтегі түркі жастарының, ішінде Мұстафа да бар, «Сиратель-Мустахим» (Тура жол) жақтаушыларының жаңа әрекеттері туралы» үндеуінің де мәні зор. Бұл, бір жағынан, болашық қайсар күрескердің жасынан түркітілдес жастармен жиі араласқанын, пікірлес болғанын көрсетсе, екінші жағынан, осындай тағы бір топтың патшаға жағымпаз діни ұйымға қарсылығын білдіреді. Мұнда да діннің тазалығы әңгіме болады. Осы тіл мен діннің тазалығын сөз еткен екі материал түркі халқының ұлы перзентінің болашағын айқындаған алғашқы нышандар десек артық болмас еді. Ал сонау ХХ ғасырдың басында көтерілген бұл екі к8рдел3 мәселе әлі қазақтың күн тәртібінен түскен жоқ, түсетін емес.

Міне сонау Ташкенттегі гимназияда оқып жүргенде-ақ халықтың жағдайына жіті қараған Мұстафа Шоқай студенттік кезде ол өз халқының басынан кешіріп отырған жағдайды тереңірек ұғынды, одан шығар жол үшін бүкіл ғұмырын сарп етті.

Мұстафа Шоқайдың саяси-әлеуметтік көзқарастарының қалыптасуында Ресей империясының отаршылдық саясатының зорлық-зомбылықтарын бастан кешіріп отырған түркі тектес мұсылман қозғалысы серкелерінің, оның ішінде татар халқының азаттығы үшін

күреске бүкіл саналы өмірін арнаған Сұлтан Мирсаидұлы Ғалиевтің де ықпалы кем болмаған. Оның Кеңес Одағы Рим империясы, Араб халифаты, Шыңғыс хан, Темір мен Осман империялары сияқты ыдырап, тарих сахнасынан кетеді, оның орнына ұлттық мемлекеттер бой көтеруі табиғи нәрсе, әлемде бұл үдерістердің одан әрі тереңдей түсуін тоқтата алатын күш жоқ, өйткені өзінің ішкі мазмұны жағынан бұл үдеріс өте прогрессивті және революцияшыл қозғалыс болып табылады деген ойлары да тағылымды еді.

Осы кездері пайда болып, қанатын кең жая бастаған Алаш қозғалысының алдыңғы қатарлы өкілдерімен қарым-қатынастар, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Түркістан түркілерінің ең көрнекті, ең сыйлы өкілдерінің бірі санаған Міржақып Дулатұлы секілді Алаштың тұлғаларының ақыл-кеңестері ерекше болды. Өзімен тұстас ұлт азаттығы шебінде бірге болған, өзі, «қара басының қамын ойламайтын, халқы үшін қам жеп, ел үшін еңіреп туған азамат» Сұлтанбек Қожанұлы тәрізді Алаш ардақтыларының әсері кем болған жоқ. Осы жұлдыздар шоғырында 1905 жылдардан Алаш қозғалысының басты теоретигі, негізгі идеологы және шебер ұйымдастырушысы, 1-ші Мемлекеттік Думаның мүшесі, қазақтың ұлттық «Алаш» партиясының негізін қалаған, оның бағдарламасының авторларының бірі, Алашорда үкіметін басқарған Әлихан Бөкейханның рөлі айрықша мәнді, ерекше маңызды болды. Ол Ресейдің күллі мұсылман зиялыларының арасында ерекше беделге ие болса, өзімен үзегілес болған қазақ зиялы қауымының өріс бағытынайқындап, тұстасына да, өзінен кейінгілерге де ұстаздық ете білген еді. Бұл туралы басылымдарда аз жазылып жүрген жоқ.

Әлихан Бөкейханның игі ықпалын Мұстафа Шоқай сонау Ташкенттегі ерлер гимназиясында оқып жүргенде-ақ байқаған болатын. Сол кездегі орыс мен жадит мектептерінің оқушыларына: «Әлихан бізге ылғи да: «Ұлтқа пайдалы адам болғыңыз келсе, бәрінен бұрын орыс өкіметінің атамекеніміздегі жер саясатын мұқият зерттеп үйренуге тырысыңыз. Сізге не істеу керектігін осы саясаттың өзі-ақ көрсетіп береді» - деген ұстаз сөзін Мұстафа Шоқайдың 1939 жылы Францияда еске алуы жайдан-жай емес еді [4,369-370]. Осы кеңестен кейін болашақ саяси қайраткерлер өздерінің бар ынта-ықыластарымен «мұғажыр мәселесін» үйренуге кірісіп, мұның түпкі мақсаты қазақ жерін этностық отарлау деген тұжырымға келуге мәжбүр болып, қазақ мемлекеті үшін ең үрейлі қатердің қайдан келе жатқанын түсінген көрінеді. Олар, шынында да, қателескен жоқ болатын. Бұған патшалық Ресейдің отарлық саясатының, соның саяси жалғасындай болған кеңестік жүйенің зардаптарын ғасырлар тартқанымыздан тәуелсіз ел болғанымызға ширек ғасырдан асса да, мемлекеттік мәртебеге ие болғанымызға отыз жылдай уақыт болса да, ұлттығымыздың ең басты көрсеткіші, тәуелсіздігіміздің ұлттық коды - қазақ тілі жағдайының әлі күнге елеулі оңала алмай келе жатқанын айтсақ та жетіп жатыр.

Мұстафа Шоқайдың студент кезінде Петербургте тұрып жатқан түркістандық адвокат Серәлі Лапиннің үйінде бас қосқан жиындарда болған түрік мұсылмандарының өкілдерінің ішінде Әлихан Бөкейханның да аты аталады. Осы кезде М.Шоқай т.б. жастардың түрікшілдік бағытты ұстауын байқаған Әлихан Бөкейхан бұлардың «өздерін ешқандай сағыммен алдамауларын» ескертіп, ұлттық қозғалыс алдында саяси бостандықтан гөрі діни және жер мәселесі тұрғандына көңіл аударуды ұсыныпты [1,51].

Мұстафа Шоқайдың саяси көзқарасының шындала түсуінде оның сол кездегі Петербургте өтіп жатқан түркі-мұсылман халықтары жиындарына қатысып отыруы, 1912 жылдан Мемлекеттік Думаның Мұсылман фракциясы мүшелерімен жиі араласуы, олардың ақыл-кеңестерін тындап отыруы ерекше маңызды болды. Бұл оның кейін осы фракцияда жұмыс істеуіне ықпал етті. Әрине, мұсылман фракциясының мәселені тікелей шешуге өкілеттігі болмаса да, халықтың арыз-шағымдарын, өтініш хаттарын фракцияға, сол арқылы депутаттарға жеткізуде, оларды қажетті ақпараттармен қамтамасыз етіп отыруда үлкен рөл атқарған.

Ресей патшаның 1907 жылдың 3 маусым күнгі жарлығымен қазақ сияқты «бұратана» халықтың Мемлекеттік Думаға сайлану құғынан айрылғандығы, сол себепті онда қазақ мәселесі көтеріле бермейтіні ұлтымыздың зиялы қауымын ойландырмай қоймады. Осындай себеппен 1916 жылы ақпан айында Мемлекеттік Думаның Мұсылман фракциясының төрағасы Қ.-М. Тевкелев мұсылман халықтарының көрнекті қоғам қайраткерлерін шақырған мәжілісте фракцияның саяси платформасы, тактикасы және оның жанында кеңесші бюросын құру туралы мәселе қаралады. Бұған арнайы шақыруымен Ә. Бөкейханов, С. Жантөрин, А. Байтұрсынов қатысады. Олар қазақтарға жеке мүфтилік ашу, қазақтарды әскер қатарына жазу, қоныс аударушылар толқынына тоқтау салу мәселелерін көтереді. Арнайы комиссияның баяндамасы тыңдалған соң фракцияның жанынан депутаттармен тең құқылы төрт адамнан тұратын бюро құру туралы шешім қабылданады. Бюродан тыс бір хатшы, үш көшіріп жазушы және тағы бір қызметкер алу ұйғарылады. Бюро құрамына қазақ уәлаятынан Әлихан Бөкейханов енеді. Ол Бюрода Түркістаннан бір өкілдің болуы керектігін және оған М. Шоқайдың лайық екендігі туралы мәселе көтереді [1, 61].

Түркістан аймағынан 1916 жылғы сәуірдің басында Қожахмет Оразаев, Мұстафа Оразаев және Жүнісбек Байменовтер «Қазақ» газетіне «Жұрт жақсыларына ашық хат» жазып, онда Мемлекеттік Думаның Мұсылман фракциясына жәрдем һәм жәрдемші мәселесін алғаш көтерген болатын. Олар Мемлекеттік Думада қазақтан депутаттың жоқтығын, өзге депутаттардың қазақ жайын жете білмейтіндігін, саны өте аз мұсылман депутаттарының жұмыстарының аса көптігін айта отырып, құралақан біз түгіл депутаты бар ноғай туғандарымызда депутаттарының қасына жәрдемшіге кісі қосып жатыр. Түрлі мәселелер туып, басы-қасында кісіміз

жоқ болып тұрған кезде, мұсылман фракциясына көмектесетін, қазақ жұмыстарын бірге кеңесетін ақылшы адам керектігін, ол үшін екі мың сом шығаруға уағда қылатынын, оны «Қазақ» басқармасына жіберетінін айтты және қазақ атынан фракцияда қызмет қылуға Әлихан Бөкейхановты қалаймыз әрі бұл істі оның атқаруын өтінеміз деп жазған болатын [5,274]. Бұдан кейін Орал, Торғай облыстарының бірсыпыра зиялылары да бас қосып, бюроға Әлихан Бөкейханды жіберуге келіседі. Бұлардан басқа да бюроға келген хаттарда Әлихан барса жарайды деген тілектер айтылғаннан кейін ол ризашылығын білдірілген еді.

Университет қабырғасында жүріп-ақ қатарластарынан бөлек сергек сезімді, еңбекқор және парасат пайым иесі студент Ресей мұсылмандары қоғамдық ұйымдарының Орталық комитетінің жұмысына тартылады. Осы жұмыста жүргенде Мұстафа 1916 жылғы тамызда Мемлекеттік Думаның жанындағы Мұсылман фракциясының төрағасы Қ.-М. Тевкелев жетекшілік еткен құрамында фракция мүшесі Шәкір Мұхамедияров және кейін қосылған депутат Александр Керенскийлер бар делегацияның аудармашысы, хатшы және маман-зерттеуші ретінде Түркістан өлкесіне келіп, Самарқанд, Өндіжан, Қоқан, Ташкент уездерін және кейбір ауылдық жерлерді аралап, жергілікті жағдаймен жақсы танысады. Бұл Мұстафа Шоқайдың Мемлекеттік Дума жұмысына алғашқы қатысымы болатын.

1917 жылғы «Қазақ» газетінде басылған «Бюроға екінші кісі қою туралы» деген Түркістан өңірінен жазылған бір топ кісілердің хатында былтыр бюроға Әлиханды жұрт қалағанда, ол “Түркістан жағының жай-күйіне аса жетік емеспін, сондықтан да Түркістан өлкесінің өзінен бір адам бюрода болуы жөн” деген екен. Осыдан кейін біз Мұстафаға хабарласып едік, ол уақытының жоқтығын, қолының тимейтінін айтқан еді. Биыл Қ. М.Тевкелевпен келгенінде тағы осы мәселе әңгіме болғанда, қолдан келген қызметтен тартынбаспын депті [5,353]. Әңгіме 1916 жылғы 10 тамызда Әлихан Бөкейханның ұсынысымен Түркістан өлкесіне келген Мемлекеттік Думаның жанындағы фракциясының Құтлық Мұхаммет Тевкелев жетекшілік еткен құрамында фракция мүшесі Шәкір Мұхамедияров және депутат Александр Керенскийлер бар делегацияның келгені туралы болып отыр. Сонда Мұстафа Шоқай аудармашы, хатшы және маман-зерттеуші ретінде шақырылып, Самарқан, Ферғана және Сырдария облыстарында болған [1, 64-65].

Мемлекеттік Думаның Мұсылман фракциясының бюросына Әлихан Бөкейханды жіберу мәселесі шешіліп, жұрт қаулы қылғанда екінші адамның баруын қаржы табылуына қаратқан еді. Бірақ та көп ұзамай қаржы табылғанымен жергілікті жұртшылық оған кандидатураны атай алмай тұрғанда бюродан хабар келеді. Онда екінші кісіге бюро адамдары студент-юрист әрі мұсылман комитеті ашылғаннан бері сонда қызмет етуші Мұстафа Шоқайды лайықтап, оның бұл қызметке кәміл жарайтынын және Думаның қарашада ашылғалы тұрғанынан Мұстафа Шоқайдың 1 қарашадан

жұмысқа кірісетіне өтініш жасалғаны айтылған еді [5,341]. Бұл арада газетте көрсетілген «Мұсылман комитеті» деген 1914 жылдың желтоқсан айында өткен Ресей мұсылмандары қоғамдық ұйымдарының съезінде сайланған Орталық комитет туралы болып отыр [1, 62]. Осында жұмыс істей жүріп Мұстафа Шоқайдың Ресейдегі түркі халықтарының қайраткерлерімен қоян-қолтық араласады, бұл кейін олардың көпшілігінің қолдауына әкеледі.

Мемлекеттік Думадағы Мұсылмандар фракциясы бюросындағы қызметінде Мұстафа Шоқай депутат-мұсылмандар мен фракциясы мүшелеріне Түркістан туралы және өлкеге қатысты басқа да қажетті түрлі материалдар, баяндама мәтіндерін даярлапты.

Сондай-ақ Әлихан Бөкейханның 1916 жылғы 31 қазанда «Қазақ» газетінің № 203 санында жарияланған «Бюроға екінші адам қою» (IV-інші Думаның мұсылман фракциясындағы қазақ өкілеттігі турасында) атты қысқа хабары да бұл кандидатураға автордың бей-жай еместігін білдіреді. Бұдан бұрынтүркістандықтар Әлихан Бөкейханды бюроға қалағанда, ол өзінің Түркістан жағының жай-күйіне аса жетік еместігін, сондықтан да осы өлкенің өзінен бір адамның болғаны жөн деген болатын. Әсілі, бюродағылар бұл сөзді де ескерген болуы керек.

Осы кезде бір топ Петроградтағы қазақтар қол қойған «Бюроға екінші адам қою туралы» атты материалда «Қазақ» газетінің № 203 санында жарияланған хатта бюроға екінші адам керек болды деп, бюро адамдарының шақыруымен және «Қазақ» басқармасының ұнатуымен оған студент Мұстафа Шоқайдың кіріп отырғанын білгендерін, мұны жергілікті халықпен ақылдаспағандарына және күні бұрын газет арқылы жария етпегеніне наразылық білдіріп, оның орнына кіргізуге болар еді деп бірнеше сол кездегі қазақ қауымына белгілі кісілердің аттарын атайды. Осылардың ішінде екінші Мемлекеттік Думаның депутаты болған инженер Мұхаметжан Тынышбаев та аталады, алайда ол бірде мұндай ұсынысқа Мұстафа Шоқайдың лайықты екен айтқан болатын. Алхат соңында берілген редакциялық түсініктемеде Мемлекеттік Думаның ашылуы жақындап қалуына байланысты мұсылман фракциясы және оның бюросы қазақ облыстары мен Түркістан уалаятында болған уақиғалар жайынан көп материал жинақталып, мұны реттеу, басқару үшін қазақтан тағы да өкіл керектігін және оған Петроградта тұрған Мұстафаның жарайтындығын білдіріп, соны лайық көргенін жазған еді. Оның үстіне едәуір сома тапсырған түркістандықтар да Мұстафа Шоқайдың кандидатурасын қолдағанын болатын [5,346-347].

Осыдан кейін бір топ сырбойылықтар құрамында Әмір Көтібарұлы, Қожақмет Оразаев, Әуез Досболов т.б. бар Қалжан Қоңыратбаев (белгілі әдебиетші Әуелбек Қоңыратбаевтың ағасы – Ә.Б.) «Бюроға екінші кісі қою туралы» хат жазып, онда 1916 жылы жұрт Әлиханды қалағанда ол бұл жұмысқа Түркістанды білетін кісінің болғаны жөн дегеннен кейін өздерінің Мұстафамен хабарласып, бюрода қызмет етуін сұрағандарын, бірақ оның

уақытының жоқтығын айтып, оқуына байланысты ұсынысты қабылдай алмағанын, алайда биыл (1916 жылдың тамызы – Ә.Б.) депутат Мұсылмандар фракциясының басшысы Қ.-М.Тевкелевпен бірге келгенде тағы жұрт болып, бюрода қызмет етуді сұрағанда ол қолдан келсе тартынбасын дегенін жазады. Одан ары өздерінің Мұстафаның Түркістан өлкесінің жергілікті жай-жапсарын жақсы білетініне көздері жететінін, қажет болса қаражат тауып та беретіндіктерін мойындарына алады [5,353]. Кейінгі ұсыныс оқудың соңғы кездерінде әкесі Шоқай қайтыс болып, уақытша ауылға қайтуына байланысты университетті мерзімінен кештеу болса да бітірген кезінде болған еді.

Мұстафаның бұл жұмысқа ұсынылуы жайдан-жай еместі. Кандидатура талқыланғанда оның Петербургта тұратындығы, бұл жұмысқа оның жан-жақты дайындығының барлығы, Түркістандағы жағдайды жақсы білетіндігі, Мұсылман комитетінде жұмыс істеп Бюроның келешек мүшелерінің бірсыпыраларымен танысып, тапсырмаларын орындап жүргендігі ескерілгенді.

Мемлекеттік Думадағы Мұсылмандар фракциясы бюросында қызмет істей жүріп, Мұстафа Шоқай депутат-мұсылмандар мен фракциясы мүшелеріне түрлі Түркістан туралы және өлкеге қатысты басқа да қажетті материалдар, баяндама мәтіндерін даярлап береді. «1917 жыл естеліктерінен үзінділер» атты еңбегінде Мұстафа Шоқай былай жазған еді: «Түркістан туралы материалдар жинайтынмын әрі Мемлекеттік Думадағы мұсылман өкілдеріне Түркістанға қатысыбар, қажетті материалдарды дайындап беретінмін. Революция қарсаңында бітірген соңғы ісім – депутаттардың дума мінбесінен сөйлеуге қажетті 1916 жылғы бүкіл Түркістан көтерілісі туралы материал әзірледім әрі мұсылман тобы атынан сөйлейтін депутат Мұхаммад Юсуф Жағыфардың сөзін жазып бердім» [6 ,15].

Бұл өкілдік Түркістандағы отаршылдықтың озбырлығын баян ету үшін қажет болды. Сонымен Мемлекеттік Думаның Мұсылман фракцияда Орта Азия халықтарының мүдделерін алғаш білдірген миссия Мұстафаға жүктелген болатын. Қазақтың атақты жазушысы Әнуар Әлімжанов өзінің 1991 жылы 24 және 31 мамыр күндері «Қазақ әдебиеті» газетінде басылған «Мұстафа Шоқай... Ол кім?» деген мақаласында осы өкілдік туралы айта келе: «Түркістан халықтарының теңдігі мен тәуелсіздігі үшін, оларды қорлық-зорлық пен рухани құлдықтан құтқару үшін аса зор жауапкершілікті арқалауға бар, болып көрмеген қан шеңгел құрылысқа қарсы ауыр да айрықша күрделі идеологиялық һәм саяси күресте басын тігуге әзір тұғыры заңғар тұлғаның алдағы тағдырына арна тартқан»еді деп жазды [7]. Шынында да, Мұстафа фракция мүшелерімен күнделікті араласып, олардың ой жиектерін байқап, өрістерін таниды, тиімді ақыл-кеңестерін естіп, соған сәйкес әрекет етуге тырысады. Депутат-мұсылмандарға Түркістан туралы және өлкеге қатысты басқа да қажетті материалдар дайындайды. Бұл жағдай оны сол кездегі Ресей орталығындағы барлық дерлік елеулі саяси

оқиғалардан хабардар етті. Мұның тағы бір тағылымды жағы өз халқын азат ету басқа да түркі тектес езілген халықтарды патша өкіметінің отаршылық саясатына қарсы ұйыстырудың нәтижесінде ғана мүмкін екендігін түсінуі болды. Бұл болашақ ұлтшыл саясаткер үшін ерекше маңызды, айрықша мәнді жайлар болатын. Сондықтан да ол Ресейдің езгісіндегі Түркістан өңірінен тыс түркі халықтарын – Еділ, Қырым татарларын, Кавказ халықтарын, Орал башқұрттарын біріктіру қажет деп есептеді. Кейін шетелде жүрген кезінде де оның өз халқымен бірге өзге аймақтардағы халықтардың отарлық езгіден құтылуын армандауы жайдан-жай емес еді.

Мемлекеттік Думадағы Мұсылмандар фракциясы бюросында қызмет істей жүріп, Мұстафа Шоқай депутат-мұсылмандар мен фракциясы мүшелеріне түрлі Түркістан туралы және өлкеге қатысты басқа да қажетті материалдар, баяндама мәтіндерін даярлап береді. Қазақтың атақты жазушысы Әнуар Әлімжанов өзінің 1991 жылы 24 және 31 мамыр күндері «Қазақ әдебиеті» газетінде басылған «Мұстафа Шоқай... Ол кім?» деген мақаласында осы өкілдік туралы айта келе: «Түркістан халықтарының теңдігі мен тәуелсіздігі үшін, оларды қорлық-зорлық пен рухани құлдықтан құтқару үшін аса зор жауапкершілікті арқалауға бар, болып көрмеген қан шеңгел құрылысқа қарсы ауыр да айрықша күрделі идеологиялық һім саяси күресте басын тігуге әзір тұғыры заңғар тұлғаның алдағы тағдырына арна тартқан» еді деп жазды. Шынында да, Мұстафа фракция мүшелерімен күнделікті араласып, олардың ой жиектерін байқап, өрістерін таниды, тиімді ақыл-кеңестерін естіп, соған сәйкес әрекет етуге тырысады.. Бұл жағдай оны сол кездегі Ресей орталығындағы барлық дерлік елеулі саяси оқиғалардан хабардар етті. Мұның тағы бір тағылымды жағы өз халқын азат ету басқа да түркі тектес езілген халықтарды патша өкіметінің отаршылық саясатына қарсы ұйыстырудың нәтижесінде ғана мүмкін екендігін түсінуі болды. Бұл болашақ ұлтшыл саясаткер үшін ерекше маңызды, айрықша мәнді жайлар болатын.

Қазақстан тарихында орны бөлек. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің шығу себебі әлеуметтік-экономикалық және саяси сипаттағы факторлар, отарлық езгінің соғыс кезінде барынша күшеюі, орыстандыру саясаты және т.б. болғаны белгілі. Жерінен ғана айрылып қоймай, ар-ожданы тапталған, тұрмыс күйі бұрынғыдан да жаман күйзеле түскен қазақ даласының ашу-ызасын кемерінен тасытқан үстіне орыс патшасы II Николай 1916 жылғы 25 маусым күні Далалық және Түркістан өлкесі мен басқа да отар аймақтардағы «бұратаналарды» «әскер ұрысының аудандарында қорғаныс қондырғыларын салу және әскери қатынас» мақсатында реквизициялау туралы жарлығы жарық көрді. Онда 19 бен 43 жас аралығындағы ер-азаматтардың қару ұстауына сенбей, соғыстың қара жұмыстарына тарту үшін Түркістан және Далалық өлкеден 500 мың адамды шақырылды. Бұл қазақ елінің әлеуметтік жағдайын нашарлатып,



кедейшілікті күшейе түсті, жұртшылықтың наразылығын асқындырып, шыдамын тауысып, атқа отырғызады.

Әлихан Бөкейханның бұл жарлықтың шығуынан Батыс майданы шебінде болып, жергілікті жерде көптеген шаралардың иесі болды. «Қазақ» газетіне бұл туралы тұрақты жазып та тұрды. Мысалы «Жұмысшылар жайынан» атты Петроградтан 29 қазанда жазылған мақалаға Әлихан Бөкейхан мен Мұстафа Шоқай қол қойған. Онда Павлодардан 685 және Семейден 463 жұмысшылардың Петроградта күтіп алынғандығы, содан олардың Псков пен Гатчинаға кеткендігі туралы, ел ішіндегі бұларды жіберудегі әділетсіздіктерді, «елдегі байлар, мүше тістеп жүрген мырзалар туралықтан тайып, малының арқасымен от басында қалса керек» деп жазылған [3,344]. Мұндай іске кейде Мұстафа Шоқай да тартылған. Осындай тақырыппен 15 қарашада жарық көрген, Мұстафа Шоқай қол қойған мақалада Павлодар мен Семейден қара жұмысқа тартылған жұмысшылардың жағдайлары баяндалады.

Қазақтарды майдан маңындағы жұмыстарға жұмылдыру, өзіне тиесілі жұмыстың бастан асып жатуына байланысты 1917 жылдың 2 наурызында Минскіде жұмысшы-әскерлерге көмек беру жұмыстарын басқарып түрген Әлихан Бөкейхан Уақытша үкімет арқылы және Ресей мұсылмандары қоғамдық ұйымдарының Орталық комитетінде қызмет істеп жүрген Мұстафа Шоқайды Минскідегі өзінің орнын ауыстыру үшін шақыруы өзінен мүшел жастан астам кіші 26 жасар шәкіртіне көрсеткен үлкені сенімі де болатын. Алайда екі қала арасындағы жол жабық болғаннан кейін Мұстафа Минскіге бара алмады. Оның үстіне елге қайтуға тура келді.

Мұстафа Шоқайдың қажырлы еңбегін, терең білімін, саяси сауаттылығы мен ерекше іскерлігін байқаған мұсылман депутаттар оған өздеріне әріптес ретінде де қараған еді. Мария Шоқай өз естелігінде Мұстафа Шоқайдың түрік халықтарының саяси өміріне араласқанын айта келіп, оған Еділ татарлары, Қырым татарлары, Кавказ халықтар, Орал башқұрттары оған түрлі саяси міндеттер жүктейтінін, оның бұл міндеттерді ылғи өте жақсы орындап отырағанын жазған болатын. Егер 1917 жылғы Ақпантөңкерісі болмағанда Мұстафа Шоқай Мемлекеттік Думаға мүшелікке сайлануы да мүмкін тұғын. Патша жарлығына сәйкес Түркістанның Думаға өкіл жіберуге рұқсаты жоқтығынан Мұстафаны Уфа уәлаятынан сайлау ойластырылған еді. Уфа уәлаятының помещигі, қазақ сұлтандарының бірі С. Жантөрин (Мемлекеттік Думаның мүшесі болған, белгілі саяси қайраткер – Ә.Б.) оған өз иелігіндегі жерін сыйлап, Дума мүшелігіне кандидатурасын осы өлкеден ұсынуға келісім берген болатын [6, 403]. Алайда жол басқа арнамен тартты. Тағдыр деген керемет қой.

1917 жылғы наурыздың соңғы күндерінде Мемлекеттік Думаның мұсылмандар бюросындағы қызметіне, оқудың соңғы кездерінде әкесі Шоқай қайтыс болып, уақытша ауылға қайтуына байланысты университетті мерзімінен кештеу, бірақ ойдағыдай аяқтаған Мұстафа

Шоқай Ташкенттен жеделхат алады. Онда өзінің Ташкентке шақырылғаны және жолда Орынборға өтетін Торғай облысы қазақтарының құрылтайына қатысуы керектігі туралы жазылды. Содан Мұстафа Шоқай Петербургтен Орынборға қарай жол тартты. Оны басқа тағдыр, әлдеқайда күрделі Түркістан Мұқтариятын құру тағдыры күтіп тұрған болатын.

Әлихан Бөкейхан мектебі және Мұстафа Шоқай.

XX ғасырдың басын қазақ тарихындағы қоғамымыздың ілгері дамуына өлшеусіз үлес қосқан ұлт зиялыларының алтын кезеңі деуге болды. Осы ардақтылар тобының арасында ұлтымыз үшін бірден-бір дұрыс жолды таңдаған Алаш ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің орны ерекше. Тәуелсіздікпен бірге туған халқына оралған олардың асыл мұраларын оқып, үйренумен бірге олардың арасындағы терең мазмұнды, биік азаматтық һәм қайраткерлік қарым-қатынастарды терең танып, үлгі ете түссек, қоғамдық және адами санамыз аса қажетті құндылықтармен байып, ұлттық келбетіміз кемелдене түсері еді. Шынында да, бүгінгі ұрпақ өнеге аларлық ұстанымдар жеткілікті.

Орыс патшасы II Николайдың 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлықтың шығуынан бастап Әлихан Бөкейханов бастаған қазақ зиялылары Батыс майданы шебінде болып, жергілікті жерде көптеген шаралардың иесі болған еді. Олар майданның қара жұмысына алынған қазақ азаматтарының жол бойында және барған жерлерінде тиісті медициналық көмек алуы, жалпы жағдайы туралы «Қазақ» газетіне тұрақты жазып та тұрды. Бұл бағыттағы жұмысқа М. Шоқай да тартылған болатын. Мысалы «Жұмысшылар жайынан» атты Петроградтан 29 қазанда жазылған мақалаға Әлихан Бөкейхан мен Мұстафа Шоқай қол қойып, онда Павлодардан 685 және Семейден 463 жұмысшылардың Петроградта күтіп алынғандығы, содан олардың Псков пен Гатчинаға кеткендігі туралы, ел ішіндегі бұларды жіберудегі әділетсіздіктерді, «елдегі байлар, мүше тістеп жүрген мырзалар туралықтан тайып, малының арқасымен от басында қалса керек» деп жазған еді [5,344]. Мұндай ақпарат дайындауға кейде Мұстафа Шоқай да жеке қатысып отырған. Осындай тақырыппен 15 қарашада жарық көрген оның мақаласында Павлодар мен Семейден қара жұмысқа тартылған жұмысшылардың жағдайлары баяндалады.

1917 жылдың 2 наурызында Минскіде жұмысшы-әскерлерге көмек беру жұмыстарын басқарып жүрген Әлихан Бөкейханның қазақтарды майдан маңындағы жұмыстарға жұмылдыру, өзіне тиесілі жұмыстың бастан асып жатуына байланысты Мұстафа Шоқайды Минскідегі өзінің орның ауыстыру үшін шақыруы өзінен мүшел жастан астам кіші 26 жасар шәкіртіне көрсеткен үлкені сенімі де болатын. Алайда екі қала арасындағы жол жабық болғаннан кейін Мұстафа Минскіге бара алмады.

Міне, Петербургтегі студенттік кездер, содан кейінгі саяси қызметтер Мұстафа Шоқайдың жаңа саяси университеті болса, оның тәлім алар басты ұстазы Әлихан Бөкейхан болған еді.

1917 жылғы наурыздың соңғы күндерінде Мұстафа Шоқай Ташкенттен жеделхат алады. Онда өзінің Ташкентке шақырылғаны және жолда Орынборға өтетін Торғай облысы қазақтарының құрылтайына қатысуы, онда Түркістан туралы сөз сөйлеуі керектігі туралы жазылған болатын. Бұл Әлихан Бөкейханның ұсынысы еді. Содан Мұстафа Шоқай Петербургтен 1-14 сәуір аралығында Орынборға қарай жол тартты. Оны басқа тағдыр, Қоқан автономиясының тағдыры күтіп тұрған болатын.

Мұстафа Шоқай Түркістанға барар жолда Орынборда өткен Торғай қазақтарының құрылтайына қатысады. Бұл алдағы жалпы қазақ құрылтайын өткізуге дайындық мәселелерін қараған, көрші облыстардың қазақтары қатысқанан алғашқы өткен құрылтай болатын, сондықтан оны кейін «Қазақ халқының тұңғыш съезі» деп атап кеткенеді. Мұстафа Шоқайдың мұнда сөз сөйлегені туралы қолымызда ақпарат жоқ. Дегенмен бұл кезде Түркістан аймағы жайын ешкімнен кем білмейтін оның сөйлеуі де мүмкін болатын.

Түркістанға барар жолда Мұстафа Шоқай екі күн өзін Түркістан өлкелік атқару комитетінің бірінші құрылтайына делегат етіп сайлаған Ақмешітте аялдап, ал Ташкентке келгенде саяси қозғалыстың қайнаған қазанына түсіп, мұндағы Уақытша үкіметтің және жұмысшы-солдат депутаттарының т.б. әртүрлі құрылымдар арасындағы талас-тартыстың бел ортасына болады. Сол бір еліміздің аса бір аласапыран кезеңдерінде Түркістандағы ұлттық қозғалыстың бірден-бір дем берушісі әрі Қоқан автономиясының басты ұйымдастырушысы болған Мұстафа Шоқайдың ел арасындағы белсенділігімен беделі туралы Украина халық республикасының бұрынғы сыртқы істер министрі А.Я.Шульгиннің: «Жастығына қарамастан (ол кезде отызға да толмаған еді) ол қайта өрлеген Түркістанның нағыз көсемі бола білді» деген сөзі айта кетсек артық болмас [1, 104].

Алаш ұлт-азаттық қозғалысы мен оның оңтүстік қанатының сан салалы саяси-ұйымдастырушылық жұмыстарының нақты нәтижелері болған Алашорда мен Түркістан автономияларының жеке-жеке шаңырақ көтерулері талай ой-пікірлерінің талқысында болмады емес, болды, болып келеді. Мұны тереңірек түсіну үшін ұлтымыздың азаттық қозғалысының «Алаш» атауына тоқтап, Ресейдің отарлық озбырлығын көрген бүкіл түркі тектес халықтардың мақсат-мүддесі мен азаттығына жетуді алдына тікелей қойған Алаш қозғалысы мен оның оңтүстік қанаты болған Түркістан ұлт-азаттық қозғалысымен тұтастығын, олардың стратегиялық мақсатының бірлігін, күрес барысындағы тактикалық ерекшеліктерін ескеру қажет.

Өзінің бастауында Алаш атауы еуроазиялық кеңістікте орасан зор аймақты қамтыған. Өз ұлтының азаттық күресін тиімді басқару үшін оның тарихына ерекше көңіл бөлген Әлихан Бөкейхан «Қазақ тарихы» атты еңбегінде «Алаш» сөзінің шығу төркінін сонау Шыңғысхан дәуіріне апарып, Сібірдің күн батыс жағын, осы күнгі Сарыарқаны, Еділ-Жайық өлкесін басқарған бүкіл Жошы ұлысының ұраны «Алаш» болғанын айтады [8, 69]. Сондай-ақ «Алаш партиясы» атты мақаласында ол: «Партия ұраны

десек, бабамыздың «Алаш» ұранынан артық ұранды іздесек те таба алмаймыз. Сөйтіп қазақ саяси партиясының атын «Алаш» қою ойлап әуре болмастан ауызға түсіп тұр» деп жазуы да төркінді болатын [9, 234]. Ал 1937 жылдың 6 тамызында Мәскеудің Бутырка түрмесінде ОГПУ тергеушісіне берген жауабында Әлихан Бөкейханның: «Біздің «Алаш» партиямыз басқа саяси партиялармен саяси блок құрды (Татарстан, Башқұртстан және т.б.). Құрылтай жиналысынан орыстың буржуазиялық партияларымен уәжге келе отырып, Ресей буржуазиялық-демократиялық мемлекетінің құрамында ұлттық облыстардың автономиясын бірігіп талап ету – осы бірігудің басты мақсаты болды» деп жауап беруі де жайдан-жай емес еді [10, ]. Бұдан отаршыл Ресейдің империясы құрамындағы түркі мұсылман халықтарына азаттық идеясының ортақ болғанын түсіну қиын емес. Ал Алаш атауын Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры, түркітанушы Қаржаубай Сартқожаұлы өзінің «Алаш» атауы қақында» атты мақаласының қорытындысында сонау б.ж.с. III-XII ғ.ғ. аралығына апарды [11,58]. Міне, көріп отырғанымыздай, «Алаш» атауы бастауында орасан кең мағынаға ие болғанын, осы атқа ие болған қозғалыстың ауқымы әлдеқайда кең екенін, ол түбі бір, мақсаты ортақ солтүстікте башқұрт, татар халықтарын қосса, оңтүстікте өзбек, қырғыз, түркмендерді қамтитындығын көрсетеді. Алайда Алаш атауы уақыт өте келе көбіне қазақ деген ұғыммен синоним типтес болып кетті.

Мұстафа Шоқай Орынбордағы Екінші бүкілқазақ құрылтайында Алашорда Ұлт Кеңесінің және үкіметінің құрамына кіріп, Сыртқы Істер министрі етіп сайлануы, бір жағынан, Алашорда мен Түркістан Үкіметінің тұтастығын көрсетсе, екінші жағынан отызға да тола қоймаған Мұстафаға көрсеткен үлкен құрметі де болатын.

Мұстафа Шоқайдың Екінші жалпықазақ құрылтайы делегаттарын Түркістанмен бірге болуды алға тартқаны белгілі. Бұл мәселе Құрылтайдан кейін өткен алғашқы жиналыста арнайы қаралады. Жиналыс қайсы автономияға қосылуы туралы мәселені Сырдария қазақтарының өздері шешкенді мақұл көрді. Өзі барынша сыйлайтын Әлихан Бөкейханның жан-жақты түсіндіріп, мәселені асықпай бірте-бірте шешудің қажеттігін байыптап айтқаннан соң Мұстафа Шоқай ұстазының аталы сөзіне тоқтады. Содан Әлихан Бөкейхан мен Мұстафа Шоқай Сырдария облысы қазақтарының құрылтайын шақыру туралы жеделхатқа бірге қол қойып, әзірше қазақтың тұтастығын сақтауды ойлағандары белгілі.

Мұстафа Шоқай «Бірлік туы», «Қазақ» газеттерінде Сырдария қазақтарына үндеу жариялап, онда «Сырдария халқына өз тарапымнан айтарым, тегінде Алаш баласының басы қосылатын кезі осы бүгін. Айырылсақ мұнан соң жұрттың басын қосуымыз қиын. Алаш ұранына шаппайтын қазақ баласы болмас. Сырдария қазағы кешіктірмей Алаш туының астында жиналар деген үміттеміз» деп жазған еді [10, 69]. Сырдария қазақтарының съезі 6-9 қаңтарда Түркістан шаһарында өтеді. Оған Түркістан

уезінен 20 өкіл, Ақмешіт уезінен – 5, Шымкент уезінен – 10, Әулиеата уезінен – 3, Ташкент уезінен – 9, Алашордадан – 3 өкіл, арнайы шақырылғандардан 14 адам келеді. «Егер біз алты миллион Алаш баласы айырылмай бас қоссақ, іргелі ел болғанымыз, бас қоса алмай бытырап бет-бетімізге кетсек өмірге іргелі ел болмай, кім көрінгеннің қолында кетуіміз ықтимал. Атамыздың мақалы бар: «Пайданы басқа, бастан соң досқа» деген. Әуелі өзіміз бас қосайық, мұнан соң басқа бауырлармен бірігу жағын қарайық» деп Мұстафа Шоқай Сырдария қазақтарының бірден Алаш автономиясына қосылуын қуаттайды. Алайда Сырдария құрылтайы сол кезде қалыптасқан әртүрлі саяси жағдайды ескеріп, әзірше Сырдария облысы сол кезде Түркістан автономиясында болуы себепті әзірше осы құрамында қалсын деген шешім қабылданған болатын [11, 347].

Әлихан Бөкейхан мен Мұстафа Шоқайды әңгіме өзегі ете отырып, олардың өздері басшылық жасаған, ерен ұйымдастырушылық қабілеттерін танытқан, Алаш ұлт-азаттық қозғалысының тікелей туындысы Алашорда және бұл қозғалыстың оңтүстік қанатының нәтижесі Қоқан автономиялары жалпы Алаш қозғалысының нәтижесінің сол кездегі шынайы болмысы, шыққан биігі, алған асуы десек қателесе қоймаспыз.

Дегенмен «қайта өрлеген Түркістанның нағыз көсемі бола білді» деген бағаны Мұстафа Шоқайға қиғысы келмей, «Қоқан автономиясын немесе Түркістан мұқтариятын құру туралы бастама да, түпкілікті шешім де Қоқан қаласындағы Мұсылмандардың IV Жалпытүркістан құрылтайында емес, Бүкілресейлік Уақытша үкіметінің Торғай облысы бойынша комиссары Әлихан Бөкейханның орынбордағы кеңсесі- резиденциясында қабылданған» деп жазылғанға түсінбегенімізді жасыра алмаймыз [11, 7]. Біріншіден, кейін жат жерде жүрсе десонау гимназист кезінен ерекше ықпалын ұмытпаған, кейін де қағидатты мәселелерде ылғи ұстазы санаған, Түркістан өлкесіндегі саяси жағдайды бір адамдай білген Әлихан Бөкейхан мұндай нақты тапсырма бермейді. Екіншіден, Мұстафа Шоқай Екінші жалпықазақ съезінде өзі мәлім еткенге шейін делегаттар Қоқан автономиясының жарияланғаны, оның үкіметінің де сайланғанын туралы хабарсыз болатын. Бұл туралы М.Дулатұлы ОГПУ тергеушілеріне берген жауабында: «Қоқанда Түркістан елінің де съезі болып, Түркістан ұлт автономиясы үкіметін құрған екен. Ол жөнінде біз съезде білдік» [10, 345]. Сонан соң 1917 жылғы сәуірдің басында Түркістанға кетер алдында революциядан бұрын танысқан, сол кезде Петербург жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінің төрағасы Николай Семенович Чхеидзе Мұстафа Шоқаймен сұхбат барысында оның немен айналысып жүргенін сұрағанда Мұстафа Шоқай: «Біз Түркістанның автономия алғанын қалаймыз. Сондықтан автономияға әзірлік жасап жатырмыз» деп жауап қатқан болатын [6, 47].

Рахатынан азабы, қуанышынан қайғысы мол сонау шетелде болса да Мұстафа Шоқай өзіне ылғи қамқорлық жасаған елдегі Алаш ұлт-азаттық

қозғалысының басшылары алдында қарыз болып қалмаған. Оларды ұлт зиялыларының көшбасшылары, ұлы тұлғалар деп сан рет еске алып, аға тұтып ардақтап, құрмет көрсетіп, олардың беделдеріне көлеңке түсіруге тырысқандармен күреске бар күш-жігерін салғанына мысалдар жетерлік.

1931 жылы жазылған «Ұлттық зиялы жөнінде» деген мақаласында Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынұлын – «атамекенімізді қара түнектен жарық дүниеге алып шығу жолында ұмытылмас қызметтер көрсеткен ...қоғам қайраткерлері» деп жазды [2,180]. Ал «Орыс миссионері» атты еңбегінде: «1919 жылы Әлихан Сталиннің қасына келіп: «Қазақ халқы жойылып кетуге тиіс халық», - депті-міс. Сталиннің: «Сіз неге олай деп ойлайсыз?» - деген сұрағына Әлихан Бөкейхан: «Өйткені бұл халықтың сөздік қорында орыстардың «движение» деген ұғымын жеткізіп бере алатын сөз де жоқ», - депті мыс» дегендей жала жабылғанда Мұстафа Шоқай Әлихан Бөкейханды аз да болса білетін кез келген адамға мұндай сөздердің қып-қызыл өтірік екендігін түсіну қиынға түспейді деген болатын. Осындай пікірде болса Әлихан «1905 жылдан бастап бұл (қазақты айтып отыр – Ә.Б.) халықтың ұлттық төңкерісінің басында тұрмаған болар еді» деді. «Қазақ ұлттық партиясы «Алаштың» негізін қалап, Алаш бағдарламасының авторы, Алашорда үкіметін басқарған «саналы адамның» аузынан мұндай сөздің шығуы тіпті қалай десе де ақылға симайды деп қорғады. Сталинге орыспролетариат диктатурасының орнауы қазақ халқын апатқа душар етеді деген Әлихан Бөкейхан «өз халқына жат пролетариат қозғалысы мен пролетариат диктатурасының кесір-кесепатын жұрттың бәрінен бұрын сезініп, түсінді, Сталинге өзінің осы көрген-білгендерін батыл да ашық айта алды деп жазулары Мұстафа Шоқайдың ұстаз атын ылғи да ұлықтағанын танытатын сөздер еді [4,108].

Мұстафа Шоқай 1926 жылы 19 қаңтарда Париждегі «Дни» газетінде басылған «Қырғыздардың аштығы»(Голод у Киргиз) атты мақаласында Ахмет Байтұрсынов туралы: «Бұл қырғыз (қазақ) қайраткерлерінің ең танымалдарының бірі, ол қандай лагерде болса да, біздер, қырғыз (қазақ- Ә.Б.) қызметкерлері, оның таза ниетіне күмәндана алмаймыз» дейді және осы мақалада аталған Ленинге жазылған хатқа А.Байтұрсыновтың қатысы бар сияқты дейді [2, 285-286]. Шынында да, Қазақстанның ащы шындығы айтылған бұл хатты 1920 жылы А. Байтұрсынұлы жазған болатын.

Мұстафа Шоқай сағыныштан сарғайтқан туған еліндегі Алаш жетекшілері құрған «Алаш» партиясын да шырылдап қорғағанын айтпай кетуге болмайды. 1935 жылы Алматыда шыққан «Алашорда тарихы төңірегінде» атты кітаптың авторлары С.Брайнин мен Ш. Шафиро Алаш қозғалысын шама шарықтарына большевиктік тәсілмен талдап, бағасын бергенен соң, оқырмандарды осы қозғалыстың кейбір құжаттарымен, соның ішінде пайдасыз болмас деп «Алаш» партиясының бағдарламасын түгелдей кітапқа кіргізіп, таныстыруды мақсат еткен еді. Бұл қадамдары өздеріне бәле болып жабысты. Өйткені бұл бағдарламаның коммунистік партияның

бағдарламасымен үш қайнаса, сорпасы қосылмайтын. Мұны білген «Правда» газетінің «көзіқарақтылары» ашу-ыза шақырып, кітапты түгелдей «Алашорда ақтаушысы» деген атады. Осы мәселені Мұстафа Шоқай «Жалалар мен жалғандарға тойтарыс» деген мақаласында саяси сынның басты нысанасына алған еді. «Алаш партиясы – Ресей қол астындағы түріктер ішінен шыққан саяси партиялардың ең радикалы еді. Алаш бағдарламасының кейбір баптары (мәселен, жұмысшы заңдары хақындағы бап) социал-демократтардың бағдарламасымен ұп-ұқсас. Ал бағдарламаның халық ағарту және жер мәселесіне қатысты баптары большевик үкіметінің түп негіздеріне турадан-тура қарсы бағытталған еді» деп өзі де мүшесі болған қазақтың алғашқы шын мәнісіндегі демократиялық саяси партиясына жоғары баға берген болатын [4, 90]. Сонан соң кітаптағы «Алаш» партиясының Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатұлы сияқты басшылары 1916 жылғы көтеріліс кезінде «қазақтардан жұмысшы алынған кезде байлардың балаларын құтқарып, олардың орындарына кедейлерді жіберді» деген сөздерде «шындықтың жұрнағы да жоқ» деп жазды [4, 92]. Тағы да басқа мәселелер төңірегінде Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы тәрізді «Алаш» партиясы лидерлеріне арсыздықпен жала жапқандарданнақты мысалдар келтіре батыл қорғаған болатын.

Ыбырай Алтынсарин заманында халқымыз орыс оқу орындарына түсіп оқыған жастарымыздың орыстанып кетуінен қауіптенгені төркінді мәселе болатын. Мәскеу мен Петербургта оқыған кейбір жастарымыз солай болып көрінгені де рас. Кезінде Мұстафа Шоқай: «Біз, түркістандықтар, орыстану дәуірін артқа тастап, ұлтты құтқару күресін жүргізіп жатқанымызды естен шығармайық» деген болатын. Бұған қайраткер қалыптасуының аса үздік білгірінің «Батысша тәрбиелеген зиялы қауымның ұлтына пайдасы жоқ, оны ұлты пайдаланбайды» деген ойын қоса кетейік. Сондай-ақ Әлихан Бөкейханның: «Батыстық буржуазиялық жолды таңдаймыз, бірақ өзіміздің тарихи, ұлттық ерекшеліктерімізді ескере отырып қабылдаймыз деген сөзін де еске түсіре кетсек артық болмас.

Мұны жайдан-жай айтып отырғанымыз жоқ. Бүгін ағылшынша білуге ұмтылып, ретсіз Батысқа бой ұруымыз мүмкін. Өзге тілді өркениетке, білім-ғылымға жетудің құралы деп түсініп, алған білімізді өз тұрмысымызға, арман-мүддемізге бейімдей пайдалана алсақ әсте ұтылмаймыз, тек ұтамыз.

Сөз соңында энциклопедиялық білімдар жандар, берісі қазақ ұлтының, арысы Ресейдің отарлығының азабын шегіп отырған түркі тектес халықтардың азаттығы мен тәуелсіздігі үшін күрескен, осы жолда бар ақыл-парасатын, қажыр-қайратын еш аямаған, ғұмырларын да құрбан еткен бірі Алаш ұлт-азаттық қозғалысының басты жетекшісі Әлихан Бөкейхан мен екінші осы қозғалыстың оңтүстік қанатының басшысы Мұстафа Шоқай әрқайсысы тиісінше он бес және он екі томдық бай мұралар мен асқақ идеялар ғана қалдырған жоқ, сонымен қатар саяси күрес кеңістігінде

бір-бірлерін қастерлеп, кеменгерлік қарым-қатынастың өшпес өнегесін де көрсеткен болатын.

Сөз соңында Петербургтегі оқу, саяси оқиғаларға қатысу, орталықта тұратын, болған мұсылман халықтарының өкілдерімен кездесулер, оның ішінде Әлихан Бөкейханмен жиі араласуы, Ресей мұсылмандары Орталық комитетінде, сонан соң Мемлекеттік Думаның Мұсылмандар фракциясында жұмыс істеуі болашақ әлемге әйгілі болған қайсар қайраткердің саяси университеті болғанына дау жоқ дегіміз келеді.

### ***Пайдаланған әдебиеттер:***

1. ОбщественнаямысльРусскогозарубежья: Энциклопедия / Отв.ред. В.В.Журавлев; отв. Секр. А.В.Репников. – М: Российскаяполитическая энциклопедия (РОССПЭН), 2009. – 7-4 с.
2. Шоқай М. Таңдамалы шығармалары: Үш томдық. 3-т. – Алматы: «Қайнар» баспасы. – Т.2. – 2007. – 384 бет.
3. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық.1-т. – Алматы: Дайк –Пресс, 2012. – 644 б.
4. Шоқай М. Таңдамалы шығармалары: Үш томдық. 1-т. – Алматы: «Қайнар» баспасы. – 2007. – 352 бет.
5. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. 11 том. – Алматы: Дайк –Пресс, 2012.– 640 б.
6. Шоқай М. Таңдамалы шығармалары: Үш томдық. 2-т. – Алматы: «Қайнар» баспасы. – 2007. – 392 бет.
7. «Қазақ» газеті /Бас редактор Ә Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 бет.
6. Шоқай М. Таңдамалы шығармалары: Үш томдық. 3-т. – Алматы: «Қайнар» баспасы. – Т.2. – 2007. – 384 бет.
8. «Қазақ әдебиеті» газеті, 24 және 31 мамыр 1991 жыл.
9. Бәкір Ә Қ. ХХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басындағы Қазақстандағы саяси-әлеуметтік ойлар. Монография. - Астана. 2018. -458 бет.
10. Бөкейхан Әлихан. Шығармалары-Сочинения./Әлихан Бөкейхан. – Толықт. екінші бас. –Астана: «Сарыарқа», 2016. Т. 14. – 500 бет.
- 11.Бөкейхан Әлихан. Шығармалары-Сочинения/ Әлихан Бөкейхан. – Толықт. екінші бас.Т.9. – Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2016. – 576 бет.
- 12.Бөкейхан Әлихан. Шығармалары-Сочинения/ Әлихан Бөкейхан. – Толықт. екінші бас.Т.9. – Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2016. – 576 бет.
13. “Алаш – қазақтың ұлттық тұтастық идеясы» атты Алаш қозғалысы және Алаш Орда үкіметінің 100-жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 24 қараша, 2017 ж. – Астана, 2017. -559 б.
14. Қыдыралиев Дархан. Мұстафа Шоқай. – Астана: Фолиант. 2007. – 320 бет.



15. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы, «Санат», 1995, - бет.

16. Бөкейхан Әлихан. Шығармалары-Сочинения/ Әлихан Бөкейхан. – Толықт. екінші бас. Т.10. – Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2016. – 576 бет.

## **ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ДА ҰСТАЗЫ БОЛҒАН**

**Бәкір Ә.Қ.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Мұстафа Шоқайтану ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми жетекшісі, саяси ғылымдарының докторы, профессор. Астана E-mail: abdizhalel\_bakir@mail.ru

XX ғасырдың басын қазақ тарихындағы қоғамымыздың ілгері дамуына өлшеусіз үлес қосқан ұлт зиялыларының алтын кезеңідеуге болды. Осы ардақтылар тобының арасында ұлтымыз үшін бірден-бір дұрыс жолды таңдаған Алаш ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің орны ерекше. Тәуелсіздікпен бірге туған халқына оралған олардың асыл мұраларыноқып, үйренумен бірге олардың арасындағы терең мазмұнды, биік азаматтық һәм қайраткерлік қарым-қатынастарды терең танып, үлгі ете түссек, қоғамдық және адами санамыз аса қажетті құндылықтармен байып, ұлттық келбетіміз кемелдене түсері еді. Шынында да, бүгінгі ұрпақ өнеге аларлық ұстанымдар жеткілікті.

Осы жұлдыздар шоғырында 1905 жылдардан Алаш қозғалысының басты теоретигі, негізгі идеологы және шебер ұйымдастырушысы, 1-ші Мемлекеттік Думаның мүшесі, қазақтың ұлттық «Алаш» партиясының негізін қалаған, оның бағдарламасының авторларының бірі, Алашорда үкіметін басқарған Әлихан Бөкейханның рөлі айрықша мәнді, ерекше маңызды. Ол Ресейдің күллі мұсылман зиялыларының арасында ерекше беделге ие болса, өзімен үзеңгілес болған қазақ зиялы қауымының өріс бағытынайқындап, тұстасына да, өзінен кейінгілерге де ұстаздық ете білген еді. Бұл туралы басылымдарда аз жазылып жүрген жоқ.

Әлихан Бөкейханның игі ықпалын Мұстафа Шоқай сонау Ташкенттегі ерлер гимназиясында оқып жүргенде-ақ байқаған болатын. Сол кездегі орыс мен жадит мектептерінде оқып жүргенде: «Әлихан бізге ылғи да: «Ұлтқа пайдалы адам болғыңыз келсе, бәрінен бұрын орыс өкіметінің атамекеніміздегі жер саясатын мұқият зерттеп үйренуге тырысыңыз. Сізге не істеу керектігін осы саясаттың өзі-ақ көрсетіп береді» - деген ұстазсөзін Мұстафа Шоқайдың 1939 жылы Францияда еске алуы жайдан-жай емес еді [1,369-370]. Және осы кеңестен кейін болашақ саяси қайраткерлер өздерінің

бар ынта-ықыластарымен «мұғажыр мәселесін» үйренуге кірісіп, мұның түпкі мақсаты қазақ жерін этостық отарлау деген тұжырымға келуге мәжбүр болып, қазақ мемлекеті үшін ең үрейлі қатердің қайдан келе жатқанын түсінген көрінеді. Олар, шынында да, қателескен жоқ болатын. Бұған патшалық Ресейдің отарлық саясатының, соның саяси жалғасындай болған кеңестік жүйенің зардаптарын ғасырлар тартқанымыздан тәуелсіз ел болғанымызға ширек ғасырдан асса да, мемлекеттік мәртебеге ие болғанымызға отыз жылдай уақыт болса да, ұлттығымыздың ең басты көрсеткіші, тәуелсіздігіміздің ұлттық коды - қазақ тілі жағдайының әлі күнге елеулі оңала алмай келе жатқанын айтсақ та жетіп жатыр.

Мұстафа Шоқайдыңөз сөзіне қарағанда, ол Әлихан Бөкейханмен Ташкент гимназиясында оқып жүргенде кездескен. Ал студент кезінде Петербургте тұрып жатқан түркістандық адвокат Серәлі Лапиннің үйінде бас қосқан жиындарда болған түрік мұсылмандарының өкілдерінің ішінде Әлихан Бөкейханның да аты аталады. Осы кезде М.Шоқай т.б. жастардың түрікшілдік бағытты ұстауын байқаған Әлихан Бөкейхан бұлардың «өздерін ешқандай сағыммен алдамауларын» ескертіп, ұлттық қозғалыста саяси бостандықтан гөрі діни және жер мәселесіне көңіл аударуды ұсыныпты[2,51].

Сонау Ташкенттен таныған Мұстафаның 1905 жылдан Ұлы даланың саяси сахнасында мәлім бола бастаған Әлихан Бөкейханның «Иртишъ», «Омичъ» және «Голосъстепи» газеттеріндегі редакторлық қызметінен хабардар болуы ғажап емес. Ал Санкт-Петербургте оқып жүрген бір топ студенттердің арасында Мұстафа да бар 1913 жылдан Орынборда шықпақшы болып жатқан тұңғыш жалпыұлттық "Қазақ" газетіне жолдаған құттықтау хат жолдаған болатын. Онда жастар Орынборда шықпақшы болып жатқан "Қазақ" газетіне қуаныштары қойындарына сыймай, басылымның «қадамы қайырлы, бауы берік, өмір жасы ұзақ болып, мақсұтқа жетпегіне тілектестіктерін» білдірген болатын. Сонымен қатар хат иелері маңызды екі мәселені көтереді. Оның бірі – "Қазақ"газетінің «...біздің мұңды жұртымыздың мұңдасып, бірінің хал-жайын бірі біліп тұруына да жәрдемі аз тимес еді деген ой. Екіншісі, «қаламменен жәрдем беретұғын мұсылманша оқыған құрбыларымыз бір нәрсе жазғанда басқа әріп, фарсы, ноғай қарындастарымыздың (қандастарымыздың деген мағынада – Ә.Б.) сөздерін; орысша оқығандарымыз орыс, яки басқа Еуропа жұртының тілдерін орынсыз көп кірістірмей, өзіміздің қазақтың нағыз қара тілімен жазуды» бас редактордың әр қашан назарында алып жүруіне тілек білдіреді [3, 15-16]. Бұл материалды түркі тектес халықтың ой-пікір алаңын жіті бақылап жүрген «Қазақ» газетінің басты ұйымдастырушысы Әлихан Бөкейханның білуі заңды. Осыдан кейінгіПетербордағы түркі жастарының «Сиратель-Мустахим» (Тура жол)жақтаушыларының жаңа әрекеттері туралы» үндеуінің де мәні зор. Бұл, бір жағынан, Мұстафа Шоқайдың жасынан түркітілдес жастармен жиі араласқанын, пікірлес болғанын

көрсетсе, екінші жағынан, осындай тағы бір топтың патшаға жағымпаз діни ұйымға қарсылығын білдіреді. Мұнда да діннің тазалығы әңгіме болады. Бұл екі материал болашақ түркі халқының ұлы перзентінің де болашағын айқындаған алғашқы нышандар деуге болатын еді.

Мұстафа Шоқайдың саяси көзқарасының шыңдала түсуінде оның сол кездегі Петербургте өтіп жатқан түркі-мұсылман халықтары жиындарына қатысып отыруы маңызды болғанына дау жоқ, алайда 1912 жылдан Мемлекеттік Думаның Мұсылман фракциясы мүшелерімен жиі араласуы, олардың ақыл-кеңестерін тыңдап отыруы ерекше маңызды болды. Бұл оның кейін осы фракцияда жұмыс істеуіне ықпал етті. 1916 жылы ақпан айында Мемлекеттік Думаның Мұсылман фракциясының төрағасы Қ.-М. Тевкелев мұсылман халықтарының көрнекті қоғам қайраткерлерін шақырған мәжілісте фракцияның саяси платформасы, тактикасы және оның жанында кеңесші бюросын құру туралы мәселе қаралады. Бұған арнайы шақыруымен Ә. Бөкейханов, С. Жантөрин, А. Байтұрсынов қатысады. Олар қазақтарға жеке мүфтилік ашу, қазақтарды әскер қатарына жазу, қоныс аударушылар толқынына тоқтау салу мәселелерін көтереді. Арнайы комиссияның баяндамасы тыңдалған соң фракцияның жанынан депутаттармен тең құқылы төрт адамнан тұратын бюро құру туралы шешім қабылданады. Бюродан тыс бір хатшы, үш көшіріп жазушы және тағы бір қызметкер алу ұйғарылады. Бюро құрамына қазақ уәлаятынан Әлихан Бөкейханов енеді. Ол Бюрода Түркістаннан бір өкілдің болуы керектігін және оған М. Шоқайдың лайық екендігі туралы мәселе көтеріледі[2,61].

Ресей патшаның 1907 жылдың 3 маусым күнгі жарлығымен қазақ сияқты «бұратана» халықтың Мемлекеттік Думаға сайлану құғынан айрылғандығы, сол себепті онда қазақ мәселесі көтеріле бермейтіні ұлтымыздың зиялы қауымын да ойландырмай қоймаған болатын. 1916 жылғы сәуірдің басында Түркістан аймағынан Қожахмет Оразаев, Мұстафа Оразаев және Жүнісбек Байменовтер «Қазақ» газетіне «Жұрт жақсыларына ашық хат» жолдап, онда Мемлекеттік Думаның Мұсылман фракциясына жәрдем һәм жәрдемші мәселесін алғаш көтерген болатын. Олар Мемлекеттік Думада қазақтан депутаттың жоқтығын, өзге депутаттардың қазақ жайын жете білмейтіндігін, саны өте аз мұсылман депутаттарының жұмыстарының аса көптігін айта отырып, құралақан біз түгіл ноғай туғандарымызда депутаттарының қасына жәрдемшіге кісі қосып жатыр. Түрлі мәселелер туып, басы-қасында кісіміз жоқ болып тұрған кезде, мұсылман фракциясына көмектесетін, қазақ жұмыстарын бірге кеңесетін ақылшы адам керектігін, ол үшін екі мың сом шығаруға уағда қылатынын, оны «Қазақ» басқармасына жіберетінін айтып және қазақ атынан фракцияда қызмет қылуға Әлихан Бөкейхановты қалаймыз әрі бұл істі оның атқаруын өтінеміз деп жазған болатын [4,273-274]. Бұдан кейін Орал, Торғай облыстарының бірсыпыра зиялылары да бас қосып, бюроға Әлихан Бөкейханды жіберуге келіседі.

Бұлардан басқа да бюроға келген хаттарда Әлихан барса жарайды деген тілектер айтылғаннан кейін ол ризашылығын білдірілген еді.

1917 жылғы «Қазақ» газетінде басылған «Бюроға екінші кісі қою туралы» деген Түркістан өңірінен жазылған бір топ кісілердің хатында былтыр бюроға Әлиханды жұрт қалағанда, ол «Түркістан жағының жай-күйіне аса жетік емеспін, сондықтан да Түркістан өлкесінің өзінен бір адам бюрода болуы жөн» деген екен. Осыдан кейін біз Мұстафаға хабарласып едік, ол уақытының жоқтығын, қолының тимейтінін айтқан еді. Биыл Қ.М.Тевкелевпен келгенінде тағы осы мәселе әңгіме болғанда, қолдан келген қызметтен тартынбаспын депті [4,353]. Әңгіме 1916 жылғы 10 тамызда Әлихан Бөкейханның ұсынысымен Түркістан өлкесіне келген Мемлекеттік Думаның жанындағы фракциясының Құтлық Мұхаммет Тевкелев жетекшілік еткен құрамында фракция мүшесі Шәкір Мұхамедияров және депутат Александр Керенскийлер бар делегацияның келгені туралы болып отыр. Сонда Мұстафа Шоқай аудармашы, хатшы және маман-зерттеуші ретінде шақырылып, Самарқан, Ферғана және Сырдария облыстарында болған [2, 64-65].

1916 жылы 31 қазанда «Қазақ» газетінде жарық көрген «Бюроға екінші адам қою» атты хабарда Мұсылман фракциясы қасындағы бюроға қазақтан кісі қоюға жұрт қаулы қылғанда Бөкейхановтың баруын ұнаттып, екінші адамның баруын қаржы қанша табылуына қаратқаны, енді қаражат табылса да, екінші кісі аталмай тұрғандығы, бірақ бюродан екінші адамның өте қажеттігі, оған патшаның 1916 жылғы 25 маусым жарлығымен қазақ ісінің көбеюі және тез арада Мемлекеттік Думаның ашылуы себепті бюро адамдары студент-юрист Мұстафа Шоқайдың осы қызметке кәміл жарайтынын біліп лайықтап отырғандығы айтылған. Мұсылман комитеті ашылғалы бері сонда қызмет істейтінінің 1 қарашадан жұмысқа кірісетіндігі жазылған [4,341]. Бұл арада газетте көрсетілген «Мұсылман комитеті» деген 1914 жылдың желтоқсан айында өткен Ресей мұсылмандары қоғамдық ұйымдарының съезінде сайланған Орталық комитет туралы болып отыр [2, 62]. Осында жұмыс істей жүріп Мұстафа Шоқайдың Ресейдегі түркі халықтарының қайраткерлерімен қоян-қолтық араласады, бұл кейін олардың көпшілігінің қолдауына әкеледі.

Мұсылман фракциясы мәселені тікелей шешуге өкілеттігі болмаса да, халықтың арыз-шағымдарын, өтініш хаттарын фракцияға, сол арқылы депутаттарға жеткізуде, оларды қажетті ақпараттармен қамтамасыз етіп отыруда үлкен рөл атқарған. Мемлекеттік Думадағы Мұсылмандар фракциясы бюросындағы қызметінде Мұстафа Шоқай депутат-мұсылмандар мен фракциясы мүшелеріне Түркістан туралы және өлкеге қатысты басқа да қажетті түрлі материалдар, баяндама мәтіндерін даярлапты. «1917 жыл естеліктерінен үзінділер» атты осы туралы былайша жазылған: «Түркістан туралы материалдар жинайтынмын әрі Мемлекеттік Думадағы мұсылман өкілдеріне Түркістанға қатысы бар, қажетті материалдарды

дайындап беретінмін. Революция қарсаңында бітірген соңғы ісім – депутаттардың Дума мінбесінен сөйлеуге қажетті 1916 жылғы бүкіл Түркістан көтерілісі туралы материал әзірледім әрі мұсылман тобы атынан сөйлейтін депутат Мұхаммад Юсуф Жағыфардың сөзін жазып бердім» [5,15].

Орыс патшасы II Николайдың 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлықтың шығуынан бастап Әлихан Бөкейханов бастаған қазақ зиялылары Батыс майданы шебінде болып, жергілікті жерде көптеген шаралардың иесі болған еді. Олар майданның қара жұмысына алынған қазақ азаматтарының жол бойында және барған жерлерінде тиісті медициналық көмек алуы, жалпы жағдайы туралы «Қазақ» газетіне тұрақты жазып та тұрды. Бұл бағыттағы жұмысқа М. Шоқай да тартылған болатын. Мысалы «Жұмысшылар жайынан» атты Петроградтан 29 қазанда жазылған мақалаға Әлихан Бөкейхан мен Мұстафа Шоқай қол қойып, онда Павлодардан 685 және Семейден 463 жұмысшылардың Петроградта күтіп алынғандығы, содан олардың Псков пен Гатчинаға кеткендігі туралы, ел ішіндегі бұларды жіберудегі әділетсіздіктерді, «елдегі байлар, мүше тістеп жүрген мырзалар туралықтан тайып, малының арқасымен от басында қалса керек» деп жазғанеді[4,344]. Мұндай ақпарат дайындауға кейде Мұстафа Шоқай да жеке қатысып отырған. Осындай тақырыппен 15 қарашада жарық көрген оның мақаласында Павлодар мен Семейден қара жұмысқа тартылған жұмысшылардың жағдайлары баяндалады.

1917 жылдың 2 наурызында Минскіде жұмысшы-әскерлерге көмек беру жұмыстарын басқарып жүрген Әлихан Бөкейханның қазақтарды майдан маңындағы жұмыстарға жұмылдыру, өзіне тиесілі жұмыстың бастан асып жатуына байланысты Мұстафа Шоқайды Минскідегі өзінің орнын ауыстыру үшін шақыруы өзінен мүшел жастан астам кіші 26 жасар шәкіртіне көрсеткен үлкені сенімі де болатын. Алайда екі қала арасындағы жол жабық болғаннан кейін Мұстафа Минскіге бара алмады.

Мария Шоқай «Менің Мұстафам» атты естелігінде Мұстафаның Петербургтегі кезінде түрік халықтарының саяси өміріне араласқанын айта келіп, оған Еділ татарлары, Қырым татарлары, Кавказ халықтар, Орал башқұрттары оған түрлі саяси міндеттер жүктейтінін, оның бұл міндеттерді ылғи өте жақсы орындап отырғанын жазған болатын. Мұстафа Шоқайдың қажырлы еңбегін, терең білімін, саяси сауаттылығы мен ерекше іскерлігін байқаған мұсылман депутаттар оған өздеріне әріптес ретінде де қараған көрінеді. Егер 1917 жылғы Ақпантөңкерісі болмағанда Мұстафа Шоқай Мемлекеттік Думаға мүшелікке сайлануы да мүмкін тұғын. Патша жарлығына сәйкес Түркістанның Думаға өкіл жіберуге рұқсаты жоқтығынан Мұстафаны Уфа уәлаятынан сайлау ойластырылған еді. Уфа уәлаятының помещигі, қазақ сұлтандарының бірі С. Жантөрин (Мемлекеттік Думаның мүшесі болған, белгілі саяси қайраткер – Ә.Б.) оған өз иелігіндегі жерін

сыйлап, Дума мүшелігіне кандидатурасын осы өлкеден ұсынуға келісім берген екен [5, 218].

Міне, Петербургтегі студенттік кездер, содан кейінгі саяси қызметтер Мұстафа Шоқайдың жаңа саяси университеті болса, оның тәлім алар басты ұстазы Әлихан Бөкейхан болған еді.

1917 жылғы наурыздың соңғы күндерінде Мұстафа Шоқай Ташкенттен жеделхат алады. Онда өзінің Ташкентке шақырылғаны және жолда Орынборға өтетін Торғай облысы қазақтарының құрылтайына қатысуы, онда Түркістан туралы сөз сөйлеуі керектігі туралы жазылған болатын. Бұл Әлихан Бөкейханның ұсынысы еді. Содан Мұстафа Шоқай Петербургтен 1-14 сәуір аралығында Орынборға қарай жол тартты. Оны басқа тағдыр, Қоқан автономиясының тағдыры күтіп тұрған болатын.

Мұстафа Шоқай Түркістанға барар жолда Орынборда өткен Торғай қазақтарының құрылтайына қатысады. Бұл алдағы жалпы қазақ құрылтайын өткізуге дайындық мәселелерін қараған, көрші облыстардың қазақтары қатысқанан алғашқы өткен құрылтай болатын, сондықтан оны кейін «Қазақ халқының тұңғыш съезі» деп атап кеткенеді. Мұстафа Шоқайдың мұнда сөз сөйлегені туралы қолымызда ақпарат жоқ. Дегенмен бұл кезде Түркістан аймағы жайын ешкімнен кем білмейтін оның сөйлеуі де мүмкін болатын.

Түркістанға барар жолда Мұстафа Шоқай екі күн өзін Түркістан өлкелік атқару комитетінің бірінші құрылтайына делегат етіп сайлаған Ақмешітте аялдап, ал Ташкентке келгенде саяси қозғалыстың қайнаған қазанына түсіп, мұндағы Уақытша үкіметтің және жұмысшы-солдат депутаттарының т.б. әртүрлі құрылымдар арасындағы талас-тартыстың бел ортасына болады. Сол бір еліміздің аса бір аласапыран кезеңдерінде Түркістандағы ұлттық қозғалыстың бірден-бір дем берушісі әрі Қоқан автономиясының басты ұйымдастырушысы болған Мұстафа Шоқайдың ел арасындағы белсенділігімен беделі туралы Украина халық республикасының бұрынғы сыртқы істер министрі А.Я.Шульгиннің: «Жастығына қарамастан (ол кезде отызға да толмаған еді) ол қайта өрлеген Түркістанның нағыз көсемі бола білді» деген сөзі айта кетсек артық болмас [2, 104].

Алаш ұлт-азаттық қозғалысы мен оның оңтүстік қанатының сан салалы саяси-ұйымдастырушылық жұмыстарының нақты нәтижелері болған Алашорда мен Түркістан автономияларының жеке-жеке шаңырақ көтерулері талай ой-пікірлерінің талқысында болмады емес, болды, болып келеді. Мұны тереңірек түсіну үшін ұлтымыздың азаттық қозғалысының «Алаш» атауына тоқтап, Ресейдің отарлық озбырлығын көрген бүкіл түркі тектес халықтардың мақсат-мүддесі мен азаттығына жетуді алдына тікелей қойған Алаш қозғалысы мен оның оңтүстік қанаты болған Түркістан ұлт-азаттық қозғалысымен тұтастығын, олардың стратегиялық мақсатының бірлігін, күрес барысындағы тактикалық ерекшеліктерінескеру қажет.

Өзінің бастауында Алаш атауы еуроазиялық кеңістікте орасан зор аймақты қамтыған. Өз ұлтының азаттық күресін тиімді басқару үшін оның

тарихына ерекше көңіл бөлген Әлихан Бөкейхан «Қазақ тарихы» атты еңбегінде «Алаш» сөзінің шығу төркінін сонау Шыңғысхан дәуіріне апарып, Сібірдің күн батыс жағын, осы күнгі Сарыарқаны, Еділ-Жайық өлкесін басқарған бүкіл Жошы ұлысының ұраны «Алаш» болғанын айтады [6,69]. Сондай-ақ «Алаш партиясы» атты мақаласында ол: «Партия ұраны десек, бабамыздың «Алаш» ұранынан артық ұранды іздесек те таба алмаймыз. Сөйтіп қазақ саяси партиясының атын «Алаш» қою ойлап әуре болмастан ауызға түсіп тұр» деп жазуы да төркінді болатын [7, 234]. Ал 1937 жылдың 6 тамызында Мәскеудің Бутырка түрмесінде ОГПУ тергеушісіне берген жауабында Әлихан Бөкейханның: «Біздің «Алаш» партиямыз басқа саяси партиялармен саяси блок құрды (Татарстан, Башқұртстан және т.б.). Құрылтай жиналысынан орыстың буржуазиялық партияларымен уәжге келе отырып, Ресей буржуазиялық-демократиялық мемлекетінің құрамында ұлттық облыстардың автономиясын бірігіп талап ету – осы бірігудің басты мақсаты болды» деп жауап беруі де жайдан-жай емес еді. Бұдан отаршыл Ресейдің империясы құрамындағы түркі мұсылман халықтарына азаттық идеясының ортақ болғанын түсіну қиын емес. Ал Алаш атауын Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры, түркітанушы Қаржаубай Сартқожаұлы өзінің «Алаш» атауы қақында» атты мақаласының қорытындысында сонау б.ж.с. III-XII ғ.ғ. аралығына апарды [8,58]. Міне, көріп отырғанымыздай, «Алаш» атауы бастауында орасан кең мағынаға ие болғанын, осы атқа ие болған қозғалыстың ауқымы әлдеқайда кең екенін, ол түбі бір, мақсаты ортақ солтүстікте башқұрт, татар халықтарын қосса, оңтүстікте өзбек, қырғыз, түркмендерді қамтитындығын көрсетеді. Алайда Алаш атауы уақыт өте келе көбіне қазақ деген ұғыммен синоним типтес болып кетті.

Мұстафа Шоқай Орынбордағы Екінші бүкілқазақ құрылтайында Алашорда Ұлт Кеңесінің және үкіметінің құрамына кіріп, Сыртқы Істер министрі етіп сайлануы, бір жағынан, Алашорда мен Түркістан Үкіметінің тұтастығын көрсетсе, екінші жағынан отызға да тола қоймаған Мұстафаға көрсеткен үлкен құрметі де болатын.

Мұстафа Шоқайдың Екінші жалпықазаққұрылтайы делегаттарын Түркістанмен бірге болуды алға тартқаны белгілі. Бұл мәселе Құрылтайдан кейін өткен алғашқы жиналыста арнайы қаралады. Жиналыс қайсы автономияға қосылуы туралы мәселені Сырдария қазақтарының өздері шешкенді мақұл көрді. Өзі барынша сыйлайтын Әлихан Бөкейханның жан-жақты түсіндіріп, мәселені асықпай бірте-бірте шешудің қажеттігін байыптап айтқаннан соң Мұстафа Шоқай ұстазының аталы сөзіне тоқтады. Содан Әлихан Бөкейхан мен Мұстафа Шоқай Сырдария облысы қазақтарының құрылтайын шақыру туралы жеделхатқа бірге қол қойып, әзірше қазақтың тұтастығын сақтауды ойлағандары белгілі.

Мұстафа Шоқай «Бірлік туы», «Қазақ» газеттерінде Сырдария қазақтарына үндеу жариялап, онда «Сырдария халқына өз тарапымнан

айтарым, тегінде Алаш баласының басы қосылатын кезі осы бүгін. Айырылсақ мұнан соң жұрттың басын қосуымыз қиын. Алаш ұранына шаппайтын қазақ баласы болмас. Сырдария қазағы кешіктірмей Алаш туының астында жиналар деген үміттеміз» деп жазған еді [9, 69]. Сырдария қазақтарының съезі 6-9 қаңтарда Түркістан шаһарында өтеді. Оған Түркістан уезінен 20 өкіл, Ақмешіт уезінен – 5, Шымкент уезінен – 10, Әулиеата уезінен – 3, Ташкент уезінен – 9, Алашордадан – 3 өкіл, арнайы шақырылғандардан 14 адам келеді. «Егер біз алты миллион Алаш баласы айырылмай бас қоссақ, іргелі ел болғанымыз, бас қоса алмай бытырап бет-бетімізге кетсек өмірге іргелі ел болмай, кім көрінгеннің қолында кетуіміз ықтимал. Атамыздың мақалы бар: «Пайданы басқа, бастан соң досқа» деген. Әуелі өзіміз бас қосайық, мұнан соң басқа бауырлармен бірігу жағын қарайық» деп Мұстафа Шоқай Сырдария қазақтарының бірден Алаш автономиясына қосылуын қуаттайды. Алайда Сырдария құрылтайы сол кезде қалыптасқан әртүрлі саяси жағдайды ескеріп, әзірше Сырдария облысы сол кезде Түркістан автономиясында болуы себепті әзірше осы құрамында қалсын деген шешім қабылданған болатын [10, 347].

Әлихан Бөкейхан мен Мұстафа Шоқайды әңгіме өзегі ете отырып, олардың өздері басшылық жасаған, ерен ұйымдастырушылық қабілеттерін танытқан, Алаш ұлт-азаттық қозғалысының тікелей туындысы Алашорда және бұл қозғалыстың оңтүстік қанатының нәтижесі Қоқан автономиялары жалпы Алаш қозғалысының нәтижесінің сол кездегі шынайы болмысы, шыққан биігі, алған асуы десек қателесе қоймаспыз.

Дегенмен «қайта өрлеген Түркістанның нағыз көсемі бола білді» деген бағаны Мұстафа Шоқайға қиғысы келмей, «Қоқан автономиясын немесе Түркістан мұқтарыятын құру туралы бастама да, түпкілікті шешім де Қоқан қаласындағы Мұсылмандардың IV Жалпытүркістан құрылтайында емес, Бүкіл ресейлік Уақытша үкіметінің Торғай облысы бойынша комиссары Әлихан Бөкейханның орынбордағы кеңсесі- резиденциясында қабылданған» деп жазылғанға түсінбегенімізді жасыра алмаймыз [11, 7]. Біріншіден, кейін жат жерде жүрсе десонау гимназист кезінен ерекше ықпалын ұмытпаған, кейін де қағидатты мәселелерде ылғи ұстазы санаған, Түркістан өлкесіндегі саяси жағдайды бір адамдай білген Әлихан Бөкейхан мұндай нақты тапсырма бермейді. Екіншіден, Мұстафа Шоқай Екінші жалпықазақ съезінде өзі мәлім еткенге шейін делегаттар Қоқан автономиясының жарияланғаны, оның үкіметінің де сайланғанын туралы хабарсыз болатын. Бұл туралы М.Дулатұлы ОГПУ тергеушілеріне берген жауабында: «Қоқанда Түркістан елінің де съезі болып, Түркістан ұлт автономиясы үкіметін құрған екен. Ол жөнінде біз съезде білдік» [10, 345]. Сонан соң 1917 жылғы сәуірдің басында Түркістанға кетер алдында революциядан бұрын танысқан, сол кезде Петербург жұмысшы және солдат депутаттары кеңесінің төрағасы Николай Семенович Чхеидзе Мұстафа Шоқаймен сұхбат барысында оның немен айналысып жүргенін сұрағанда



Мұстафа Шоқай: «Біз Түркістанның автономия алғанын қалаймыз. Сондықтан автономияға әзірлік жасап жатырмыз» деп жауап қатқан болатын [5, 47].

Рахатынан азабы, қуанышынан қайғысы мол сонау шетелде болса да Мұстафа Шоқай өзіне ылғи қамқорлық жасаған елдегі Алаш ұлт-азаттық қозғалысының басшылары алдында қарыз болып қалмаған. Оларды ұлт зиялыларының көшбасшылары, ұлы тұлғалар деп сан рет еске алып, аға тұтып ардақтап, құрмет көрсетіп, олардың беделдеріне көлеңке түсіруге тырысқандармен күреске бар күш-жігерін салғаны аян. 1931 жылы жазылған «Ұлттық зиялы жөнінде» деген мақаласында Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынұлын – «атамекенімізді қара түнектен жарық дүниеге алып шығу жолында ұмытылмас қызметтер көрсеткен ...қоғам қайраткерлері» деп жазды [12, 180]. Ал «Орыс миссионері» атты еңбегінде: «1919 жылы Әлихан Сталиннің қасына келіп: «Қазақ халқы жойылып кетуге тиіс халық», - депті-міс. Сталиннің: «Сіз неге олай деп ойлайсыз?» - деген сұрағына Әлихан Бөкейхан: «Өйткені бұл халықтың сөздік қорында орыстардың «движение» деген ұғымын жеткізіп бере алатын сөз де жоқ», - депті мыс» дегендей жала жабылғанда Мұстафа Шоқай Әлихан Бөкейханды аз да болса білетін кез келген адамға мұндай сөздердің қып-қызыл өтірік екендігін түсіну қиынға түспейді деген болатын. Осындай пікірде болса Әлихан «1905 жылдан бастап бұл (қазақты айтып отыр – Ә.Б.) халықтың ұлттық төңкерісінің басында тұрмаған болар еді» деді. «Қазақ ұлттық партиясы «Алаштың» негізін қалап, Алаш бағдарламасының авторы, Алашорда үкіметін басқарған «саналы адамның» аузынан мұндай сөздің шығуы тіпті қалай десе де ақылға симайды деп қорғады. Сталинге орыспролетариат диктатурасының орнауы қазақ халқын апатқа душар етеді деген Әлихан Бөкейхан «өз халқына жат пролетариат қозғалысы мен пролетариат диктатурасының кесір-кесепатын жұрттың бәрінен бұрын сезініп, түсінді, Сталинге өзінің осы көрген-білгендерін батыл да ашық айта алды деп жазулары Мұстафа Шоқайдың ұстаз атын ылғи да ұлықтағанын танытатын сөздер еді [1, 108].

Мұстафа Шоқай «Қырғыздардың аштығы» (Голод у Киргиз) атты 1926 жылы 19 қаңтарда Париждегі «Дни» газетінде басылған мақалада Ахмет Байтұрсынов туралы: «Бұл қырғыз (қазақ) қайраткерлерінің ең танымалдарының бірі, ол қандай лагерде болса да, біздер, қырғыз қызметкерлері, оның таза ниетіне күмәндана алмаймыз» дей отырып, осы мақалада аталған Ленинге жазылған хатқа А.Байтұрсыновтың қатысы бар сияқты дейді [13, 285-286]. Шынында да, Қазақстанның ащы шындығы айтылған бұл хатты 1920 жылы А. Байтұрсынов жазған болатын.

Мұстафа Шоқай сағыныштан сарғайтқан туған еліндегі Алаш жетекшілері құрған «Алаш» партиясын да шырылдап қорғағанын айтпай кетуге болмайды. 1935 жылы Алматыда шыққан «Алашорда тарихы төңірегінде» атты кітаптың авторлары С.Брайнин мен Ш. Шафиро Алаш

қозғалысын шама шарықтарынша большевиктк тәсілмен талдап, бағасын бергенен соң, оқырмандарды осы қозғалыстың кейбір құжаттарымен, соның ішінде пайдасыз болмас деп «Алаш» партиясының бағдарламасын түгелдей кітапқа кіргізіп, таныстыруды мақсат еткен еді. Бұл қадамдары өздеріне бәле болып жабысты. Өйткені бұл бағдарламаның коммунистік партияның бағдарламасымен үш қайнаса, сорпасы қосылмайтын. Мұны білген «Правда» газетінің «көзіқарақтылары» ашу-ыза шақырып, кітапты түгелдей «Алашорда ақтаушысы» деген атады. Осы мәселені Мұстафа Шоқай «Жалалар мен жалғандарға тойтарыс» деген мақаласында саяси сынның басты нысанасына алған еді. «Алаш партиясы – Ресей қол астындағы түріктер ішінен шыққан саяси партиялардың ең радикалы еді. Алаш бағдарламасының кейбір баптары (мәселен, жұмысшы заңдары хақындағы бап) социал-демократтардың бағдарламасымен үп-ұқсас. Ал бағдарламаның халық ағарту және жер мәселесіне қатысты баптары большевик үкіметінің түпнегіздеріне турадан-тура қарсы бағытталған еді» деп өзі де мүшесі болған қазақтың алғашқы шын мәнісіндегі демократиялық саяси партиясына жоғары баға берген болатын [1, 90]. Сонан соң кітаптағы «Алаш» партиясының Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатұлы сияқты басшылары 1916 жылғы көтеріліс кезінде «қазақтардан жұмысшы алынған кезде байлардың балаларын құтқарып, олардың орындарына кедейлерді жіберді» деген сөздерде «шындықтың жұрнағы да жоқ» деп жазды [1, 92]. Тағы да басқа мәселелер төңірегінде Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы тәрізді «Алаш» партиясы лидерлеріне арсыздықпен жала жапқандардан нақты мысалдар келтіре батыл қорғаған болатын.

Сөз соңында энциклопедиялық білімдар жандар, берісі қазақ ұлтының, арысы Ресейдің отарлығының азабын шегіп отырған түркі тектес халықтардың азаттығы мен тәуелсіздігі үшін күрескен, осы жолда бар ақыл-парасатын, қажыр-қайратын еш аямаған, ғұмырларын да құрбан еткен бірі Алаш ұлт-азаттық қозғалысының басты жетекшісі Әлихан Бөкейхан мен екінші осы қозғалыстың оңтүстік қанатының басшысы Мұстафа Шоқай әрқайсысы тиісінше онбес және он екі томдық бай мұралар мен асқақ идеялар ғана қалдырған жоқ, сонымен қатар саяси күрес кеңістігінде бір-бірлерін қастерлеп, кеменгерлік қарым-қатынастың өшпес өнегесін де көрсеткен болатын.

***Пайдаланған әдебиеттер:***

1. Шоқай М. Таңдамалы шығармалар: Үш томдық. 2-т. – Алматы: «Қайнар» баспасы. – 2007. – 392бет.
2. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. 12 том, 1-том. – Алматы: Дайк–Пресс, 2012. – 544б.

3. Бәкір Ә Қ. ХХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басындағы Қазақстандағы саяси-әлеуметтік ойлар. Монография. - Астана.2018. -458 бет.

4. «Қазақ» газеті /Бас редактор Ә Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 бет.

5. Шоқай М. Таңдамалы шығармалары: Үш томдық. 3-т. – Алматы: Қайнар. – 2007. – 384 бет.

6. Бөкейхан Әлихан. Шығармалары-Сочинения./Әлихан Бөкейхан. – Толықт. екінші бас. –Астана: «Сарыарқа», 2016. Т. 14. – 500 бет.

7. Бөкейхан Әлихан. Шығармалары-Сочинения/ Әлихан Бөкейхан. – Толықт. екінші бас.Т.9. – Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2016. – 576 бет.

8. “Алаш – қазақтың ұлттық тұтастық идеясы» атты Алаш қозғалысы және Алаш Орда үкіметінің 100-жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 24 қараша, 2017 ж. – Астана, 2017. -559 б.

9. Қыдыралиев Дархан. Мұстафа Шоқай. – Астана: Фолиант. 2007. – 320 бет.

10. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы, «Санат», 1995, - бет.

11.Бөкейхан Әлихан. Шығармалары-Сочинения/ Әлихан Бөкейхан. – Толықт. екінші бас.Т.10. – Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2016. – 576 бет.

12. Шоқай М. Таңдамалы шығармалары: Үш томдық. I-т. – Алматы: Қайнар. – 2007. – 352 бет.

13. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. II-том. – Алматы: Дайк –Пресс, 2012. – 640бет.

## **МЕМЛЕКЕТТІК ДУМА ЖӘНЕ МҰСТАФА ШОҚАЙ**

### **Бәкір Ә.Қ.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Мұстафа Шоқайтану ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми жетекшісі, саяси ғылымдарының докторы, профессор. Астана E-mail: [abdizhalel\\_bakir@mail.ru](mailto:abdizhalel_bakir@mail.ru)

Ежелден көрші болып келе жатқан Ресей мен Қазақстан қарым-қатынастары туралы сөз еткенде кешегі патша өкіметінің отаршыл саясатымен бірге тегі, тілі, діні және ділі бөлектіктен қайшылықты, кейде қарсы тұрған жағдайлардыңболғаны тарихтан белгілі. Бұл көбіне билік жүйесінің саясатынан туып жатты. Дегенмен екі халықтың арасында жаңаша байланыстың, арысы Батыстың, берісі Ресейдің озық мәдениеті мен ғылымының қазақ қоғамына игі ықпалының да болғанына көз жұмуға болмайды. Өткенге ой жібергенде Ресейде оқып, қызмет еткен қазақтың

талай ардақтыларыелінің ілгері жылжып, жаңаруына өлшеусіз үлес қосты, үлес қосып келеді. Бұған тарих та, бүгінгі күніміз де куә. Міне, осындай тұлғалардың бірі, Алаш қозғалысының оңтүстік қанаты -Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының жетекшісі Мұстафа Шоқай болатын.

Шынында да, Мұстафа Шоқайдың күреске толы ғұмырының алғашқы қадамдары сол кездегі Ресейдің бас қаласынан бастау алды. Арасында үзілістері бар бас-аяғы 6-7 жылға созылған Ресей орталығындағы кезең тәлім алатын, кейін әлемге танылған тұлғаның өмірінде ерекше із қалдырған өткен жолы еді.

Мұстафа Шоқай ең алдымен терең білімге ие болды, сонан соң сол кездегі орыс қоғамындағы демократиялық үрдістерді бойына сіңірді. Оның әлеуметтік-саяси санасының өсе түсуіне және қоғамдық күрес сахнасына шығуына Ресейдің орталық аудандарында бірінші орыс революциясынан кейін құрылған саяси партиялар мен қозғалыстардың бағдарламаларымен жете танысуының, сол кездегі империя орталығында орын алған күрделі саяси оқиғалардың әсері мол болды. 1933 жылғы“Есімдегілерден... (Ресейдегі түрік студенттер өмірінен) атты мақаласында Мұстафа Шоқай Ресейді реакция жайлаған, өзі Петербург университетінде оқып жүрген 1910-1914 жылдары саяси бой көрсетулерге шыққанын, үкіметке қарсы шешімдер қабылдап, көшелерде демонстрациялар жасап, студенттер арасындағы саяси қозғалыстар ортасында болғанын жазған еді. 1912 –1913 жылдардағы Түрік-Балқан соғысы кезінде патша үкіметінің славяншылдық саясатына наразылық білдірген шерулерге қатысып, Түркияны қолдауға белсенді атсалысады. Өзінің түркістандық досы Садық Өтегеновпен бірге Түркия елшілігіне қаржылай көмек те көрсетеді.

Мұстафа Шоқай студент кезінде-ақ өз халқының басынан кешіріп отырған жағдайды жақсы білді, сонысымен қазақ зиялы қауымына таныс болды. Ол бір топ студентермен бірге 1913 жылғы ақпанда Орынборда шықпақшы болып жатқан "Қазақ" газетіне қуаныштары қойындарына сыймай, басылымның «қадамы қайырлы, бауы берік, өмір жасы ұзақ болып, мақсұтқа жетпегіне тілектестіктерін» білдірген болатын. Сонымен қатар хат иелері қазақ жұрты үшін аса маңызды екі мәселені көтерді. Оның бірі – "Қазақ"газетін «бір жағадан бас шығарып, бір ауыздан сөз шығарып, жас та болса бастай көріп, халық ортасына "қарақшы" қылып, әркім шын көңілімен батасын беріп; халінше не көмегі болса тигізіп тұрса - біздің мұңды жұртымызбен мұңдасып, бірінің хал-жайын бірі біліп тұруына да жәрдемі аз тимес еді деген ой. Екіншісі, өз сөздерімен айтқанда, қолқалары мынау: "Қазақ"газетіне «қаламменен жәрдем беретұғын мұсылманша оқыған құрбыларымыз бір нәрсе жазғанда басқа әріп, фарсы, ноғай қарындастарымыздың (қандастарымыздың деген мағынада – Ә.Б.) сөздерін; орысша оқығандарымыз орыс, яки басқа Еуропа жұртының тілдерін орынсыз көп кірістірмей, өзіміздің қазақтың нағыз қара тілімен жазып тұрса "Қазақ" қалың жұртымыздың оқып тұруына оңды, түсінімді болар деген

пікір» білдіріп, осыларды бас редактордың әр қашан назарында алып жүруіне тілек айтқан еді[1, 15].Осыдан кейінгі Петербургтегі түркі жастарының «Сиратель-Мустахим» (Тура жол)жақтаушыларының жаңа әрекеттері туралы» үндеуінің де мәні зор. Бұл, бір жағынан, Мұстафа Шоқайдың жасынан түркітілдес жастармен жиі араласқанын, пікірлес болғанын көрсетсе, екінші жағынан, патшаға жағымпаз осындай бір топтың діни ұйымына қарсылығын білдіреді. Мұнда да діннің тазалығы әңгіме болады. Осы екі материалдың өзі түркі халқының ұлы перзентінің болашағын айқындаған алғашқы нышандар деуге болатын.

Мұстафа Шоқайдың саяси-әлеуметтік көзқарастарының қалыптасуында Ресей империясының отаршылдық саясатының зорлық-зомбылықтарын бастан кешіріп отырған түркі тектес халықтардың, оның ішінде Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы секілді Алаштың тұлғаларымен қарым-қатынастар, олардың ақыл-кеңестері ерекше болды.Әсіресе, 1905 жылдан бастап қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысын басқарған, Мемлекеттік Думаның мүшесі болған, қазақ ұлттық «Алаш» партиясының негізін қалаған, оның бағдарламасының авторларының бірі, кейін Алашорда үкіметінің басшысы болған Әлихан Бөкейханның айрықша орын алады. Бұған ұстазының «Ұлтқа пайдалы адам болғыңыз келсе, бәрінен бұрын орыс өкіметінің атамекеніміздегі жер саясатын мұқият зерттеп үйренуге тырысыңыз. Сізге не істеу керектігін осы саясаттың өзі-ақ көрсетіп береді» - деген сөзіннің өзі жетіп жатыр еді [2,231].

Университет қабырғасында жүріп-ақ қатарластарынан бөлек сергек сезімді, еңбекқор және парасат пайым иесі студент Ресей мұсылмандары қоғамдық ұйымдарының Орталық комитетінің жұмысына тартылады. Осы жұмыста жүргенде Мұстафа 1916 жылғы тамызда Мемлекеттік Думаның жанындағы Мұсылман фракциясының төрағасы Қ.-М. Тевкелев жетекшілік еткен құрамында фракция мүшесі Шәкір Мұхамедияров және кейін қосылған депутат Александр Керенскийлер бар делегацияның аудармашысы, хатшы және маман-зерттеуші ретінде Түркістан өлкесіне келіп, Самарқанд, Әндіжан, Қоқан, Ташкент уездерін және кейбір ауылдық жерлерді аралап, жергілікті жағдаймен жақсы танысады. Бұл Мұстафа Шоқайдың Мемлекеттік Дума жұмысына алғашқы қатысымы болатын.

Ресей патшаның 1907 жылдың 3 маусым күнгі жарлығымен қазақ сияқты «бұратана» халықтың Мемлекеттік Думаға сайлану құғынан айрылғандығы, сол себепті онда қазақ мәселесі көтеріле бермейтіні ұлтымыздың зиялы қауымын ойландырмай қоймады. Түркістан аймағынан 1916 жылғы сәуірдің басындаҚожахмет Оразаев, Мұстафа Оразаев және Жүнісбек Байменовтер «Қазақ» газетіне «Жұрт жақсыларына ашық хат» жазып, онда Мемлекеттік Думаның Мұсылман франкциясына жәрдем һәм жәрдемші мәселесін алғаш көтерген болатын. Олар Мемлекеттік Думада қазақтан депутаттың жоқтығын, өзге депутаттардың қазақ жайын жете білмейтіндігін, саны өте аз мұсылман депутаттарыныңжұмыстарының аса

көптігін айта отырып, құралақан біз түгіл депутаты бар ноғай туғандарымызда депутаттарының қасына жәрдемшіге кісі қосып жатыр. Түрлі мәселелер туып, басы-қасында кісіміз жоқ болып тұрған кезде, мұсылман фракциясына көмектесетін, қазақ жұмыстарын бірге кеңесетін ақылшы адам керектігін, ол үшін екі мың сом шығаруға уағда қылатынын, оны «Қазақ» басқармасына жіберетінін айтты және қазақ атынан фракцияда қызмет қылуға Әлихан Бөкейхановты қалаймыз әрі бұл істі оның атқаруын өтінеміз деп жазған болатын [3,274].

Мемлекеттік Думаның Мұсылман фракциясының бюросына Әлихан Бөкейханды жіберу мәселесі шешіліп, жұрт қаулы қылғанда екінші адамның баруын қаржы табылуына қаратқан еді. Бірақ та көп ұзамай қаржы табылғанымен жергілікті жұртшылық оған кандидатураны атай алмай тұрғанда бюродан хабар келеді. Онда екінші кісіге бюро адамдары студент-юрист әрі мұсылман комитеті ашылғаннан бері сонда қызмет етуші Мұстафа Шоқайды лайықтап, оның бұл қызметке кәміл жарайтынын және Думаның қарашада ашылғалы тұрғанынан Мұстафа Шоқайдың 1 қарашадан жұмысқа кірісетіне өтініш жасалғаны айтылған еді [2,341]. Сондай-ақ Әлихан Бөкейханның 1916 жылғы 31 қазанда «Қазақ» газетінің № 203 санында жарияланған «Бюроға екінші адам қою» (IV-інші Думаның мұсылман фракциясындағы қазақ өкілеттігі турасында) атты қысқа хабары да бұл кандидатураға автордың бей-жай еместігін білдіреді. Бұдан бұрынтүркістандықтар Әлихан Бөкейханды бюроға қалағанда, ол өзінің Түркістан жағының жай-күйіне аса жетік еместігін, сондықтан да осы өлкенің өзінен бір адамның болғаны жөн деген болатын. Әсілі, бюродағылар бұл сөздіде ескерген болуы керек.

Мұстафаның бұл жұмысқа ұсынылуы жайдан-жай еместі. Кандидатура талқыланғанда оның Петербургта тұратындығы, бұл жұмысқа оның жан-жақты дайындығының барлығы, Түркістандағы жағдайды жақсы білетіндігі, Мұсылман комитетінде жұмыс істеп Бюроның келешек мүшелерінің бірсыпыраларымен танысып, тапсырмаларын орындап жүргендігі ескерілгенді. Осы кезде бір топ Петроградтағы қазақтар қол қойған «Бюроға екінші адам қою туралы» атты материалда «Қазақ» газетінің № 203 санында жарияланған хатта бюроға екінші адам керек болды деп, бюро адамдарының шақыруымен және «Қазақ» басқармасының ұнатуымен оған студент Мұстафа Шоқайдың кіріп отырғанын білгендерін, мұны жергілікті халықпен ақылдаспағандарына және күні бұрын газет арқылы жария етпегеніне наразылық білдіріп, оның орнына кіргізуге болар еді деп бірнеше сол кездегі қазақ қауымына белгілі кісілердің аттарын атайды. Осылардың ішінде екінші Мемлекеттік Думаның депутаты болған инженер Мұхаметжан Тынышбаев та аталады, алайда ол бірде мұндай ұсынысқа Мұстафа Шоқайдың лайықты екен айтқан болатын. Ал хат соңында берілген редакциялық түсініктемеде Мемлекеттік Думаның ашылуы жақындап қалуына байланысты мұсылман фракциясы және оның бюросы қазақ

облыстары мен Түркістан уалаятында болған уақиғалар жайынан көп материал жинақталып, мұны реттеу, басқару үшін қазақтан тағы да өкіл керектігін және оған Петроградта тұрған Мұстафаның жарайтындығын білдіріп, соны лайық көргенін жазған еді. Оның үстіне едәуір сома тапсырған түркістандықтар да Мұстафа Шоқайдың кандидатурасын қолдағанын болатын [3,346-347].

Осыдан кейін бір топ сырбойылықтар құрамында Әмір Көтібарұлы, Қожақмет Оразаев, Әуез Досболов т.б. бар Қалжан Қоңыратбаев (белгілі әдебиетші Әуелбек Қоңыратбаевтың ағасы – Ә.Б.) «Бюроға екінші кісі қою туралы» хат жазып, онда 1916 жылы жұрт Әлиханды қалағанда ол бұл жұмысқа Түркістанды білетін кісінің болғаны жөн дегеннен кейін өздерінің Мұстафамен хабарласып, бюрода қызмет етуін сұрағандарын, бірақ оның уақытының жоқтығын айтып, оқуына байланысты ұсынысты қабылдай алмағанын, алайда биыл (1916 жылдың тамызы – Ә.Б.) депутат Мұсылмандар фракциясының басшысы Қ.-М.Тевкелевпен бірге келгенде тағы жұрт болып, бюрода қызмет етуді сұрағанда ол қолдан келсе тартынбасын дегенін жазады. Одан ары өздерінің Мұстафаның Түркістан өлкесінің жергілікті жай-жапсарын жақсы білетініне көздері жететінін, қажет болса қаражат тауып та беретіндіктерін мойындарына алады [2,353]. Кейінгі ұсыныс оқудың соңғы кездерінде әкесі Шоқай қайтыс болып, уақытша ауылға қайтуына байланысты университетті мерзімінен кештеу болса да бітірген кезінде болған еді.

Мемлекеттік Думадағы Мұсылмандар фракциясы бюросында қызмет істей жүріп, Мұстафа Шоқай депутат-мұсылмандар мен фракциясы мүшелеріне түрлі Түркістан туралы және өлкеге қатысты басқа да қажетті материалдар, баяндама мәтіндерін даярлап береді. «Түркістан туралы материалдар жинайтынмын әрі Мемлекеттік Думадағы мұсылман өкілдеріне Түркістанға қатысы бар, қажетті материалдарды дайындап беретінмін. Революция қарсаңында бітірген соңғы ісім – депутаттардың дума мінбесінен сөйлеуге қажетті 1916 жылғы бүкіл Түркістан көтерілісі туралы материал әзірледім әрі мұсылман тобы атынан сөйлейтін депутат Мұхаммад Юсуф Жағыфардың сөзін жазып бердім» [4,15].

Қазақтың атақты жазушысы Әнуар Әлімжанов өзінің 1991 жылы 24 және 31 мамыр күндері «Қазақ әдебиеті» газетінде басылған «Мұстафа Шоқай... Ол кім?» деген мақаласында осы өкілдік туралы айта келе: «Түркістан халықтарының теңдігі мен тәуелсіздігі үшін, оларды қорлық-зорлық пен рухани құлдықтан құтқару үшін аса зор жауапкершілікті арқалауға бар, болып көрмеген қан шеңгел құрылысқа қарсы ауыр да айрықша күрделі идеологиялық һәм саяси күресте басын тігуге әзір тұғыры заңғар тұлғаның алдағы тағдырына арна тартқан» еді деп жазды. Шынында да, Мұстафа фракция мүшелерімен күнделікті араласып, олардың ой жиектерін байқап, өрістерін таниды, тиімді ақыл-кеңестерін естіп, соған сәйкес әрекет етуге тырысады. Бұл жағдай оны сол кездегі Ресей

орталығындағы барлық дерлік елеулі саяси оқиғалардан хабардар етті. Мұның тағы бір тағылымды жағы өз халқын азат ету басқа да түркі тектес езілген халықтарды патша өкіметінің отаршылық саясатына қарсы ұйыстырудың нәтижесінде ғана мүмкін екендігін түсінуі болды. Бұл болашақ ұлтшыл саясаткер үшін ерекше маңызды, айрықша мәнді жайлар болатын.

Мұстафа Шоқайдың қажырлы еңбегін, терең білімін, саяси сауаттылығы мен ерекше іскерлігін байқаған мұсылман депутаттар оған өздеріне әріптес ретінде де қараған еді. Мария Шоқай өз естелігінде Мұстафа Шоқайдың түрік халықтарының саяси өміріне араласқанын айта келіп, оған Еділ татарлары, Қырым татарлары, Кавказ халықтар, Орал башқұрттары оған түрлі саяси міндеттер жүктейтінін, оның бұл міндеттерді ылғи өте жақсы орындап отырағанын жазған болатын. Егер 1917 жылғы Ақпантөңкерісі болмағанда Мұстафа Шоқай Мемлекеттік Думаға мүшелікке сайлануы да мүмкін тұғын. Патша жарлығына сәйкес Түркістанның Думаға өкіл жіберуге рұқсаты жоқтығынан Мұстафаны Уфа уәлаятынан сайлау ойластырылған еді. Уфа уәлаятының помещигі, қазақ сұлтандарының бірі С. Жантөрин (Мемлекеттік Думаның мүшесі болған, белгілі саяси қайраткер – Ә.Б.) оған өз иелігіндегі жерін сыйлап, Дума мүшелігіне кандидатурасын осы өлкеден ұсынуға келісім берген болатын [3, 403]. Алайда жол басқа арнамен тартты. Тағдыр деген керемет қой. 1917 жылғы наурыздың соңғы күндерінде Мұстафа Шоқай Ташкенттен жеделхат алады. Онда өзінің Ташкентке шақырылғаны және жолда Орынборға өтетін Торғай облысы қазақтарының құрылтайына қатысуы керектігі туралы жазылды. Содан Мұстафа Шоқай Петербургтен Орынборға қарай жол тартты. Оны басқа тағдыр, әлдеқайда күрделі Түркістан Мұқтариятын құру тағдыры күтіп тұрған болатын.

#### ***Пайдаланған әдебиеттер:***

1. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. – Алматы: Дайк –Пресс, 2012. 11 том. – 640 б.
2. Шоқай М. Таңдамалы. – Алматы: Қайнар. – Т.2. – 1999. – 520 бет.
3. «Қазақ» газеті /Бас редактор Ә Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 бет.
4. Шоқай М. Таңдамалы шығармалары: Үш томдық. 3-т. – Алматы: «Қайнар» баспасы. – Т.2. – 2007. – 384 бет.



## МУСТАФА ШОКАЙ И ГРУЗИНСКАЯ ПОЛИТИЧЕСКАЯ ЭМИГРАЦИЯ

**Саралидзе Л.**

Тбилисский государственный университет, старший научный сотрудник  
новой и новейшей истории Института истории и этнологии, доктор  
исторических наук.

Казахский общественный и политический деятель, публицист, идеолог борьбы за свободу и независимость Единого Туркестана Мустафа Шокай (1890-1941) находился в вынужденной эмиграции во Франции. У него были активные политические отношения с членами правительства Демократической Республики Грузии, также эмигрировавшими за границу. После оккупации Грузии Российской Красной Армией в Грузии была установлена Советская система правления. Правительство Демократической Республики Грузии было вынуждено уехать за границу и оттуда активно бороться против большевистского правительства.

В свою очередь, Мустафа Шокай рассматривал Советскую власть как врага казахского народа. Свергнув Временное правительство в Петрограде в результате вооружённого восстания 25 октября 1917 года, большевики вынуждены были пойти на проведение чрезвычайно популярных в народе выборов в Всероссийское учредительное собрание России. В январе 1918 года в ответ на предъявленный ультиматум М. Шокай отказался признать власть Советов. По приказу большевистской власти для уничтожения Туркестанской автономии из Москвы в Ташкент прибыли 11 эшелонов с войсками и артиллерией. В состав отряда вошли красноармейцы Ташкентского гарнизона и армянские дашнаки. 6 февраля 1918 года, большевики начали штурм Коканда и за три дня полностью разрушили и разграбили древний город. Ответом на разгром и массовый грабеж населения Туркестанской автономии стало мощное национально-освободительное партизанское движение, названное большевиками басмачеством и ликвидированное Советской властью лишь в 30-е годы. Мустафа Шокай чудом спасся во время разгрома и тайно бежал в Ташкент. Проживая здесь нелегально, он сошёлся со старой знакомой актрисой Марией Гориной, на которой женился в апреле 1918 г. Через казахские степи и Каспийское море Мустафе удалось благополучно прибыть в Баку, а затем в Тифлис, где он прожил с женой два года с весны 1919 года по февраль 1921 года. Таким образом, Мустафа Шокай хорошо был знаком с правительством Демократической Республики Грузии.

После вторжения в Грузию Российской Красной Армии Мустафа Шокай первоначально отправился в Османскую империю, как и члены правительства Грузии. В Константинополе он писал статьи для английской

«Таймс» и газет «YeniDünya» («Новый мир») и «Шафак» («Şafak»). Он узнал, что его старый знакомый - Александр Фёдорович Керенский (российский политический и государственный деятель, министр-председатель Временного правительства России), тоже бежавший из России, находится в Париже. Он активно переписывался с ним и другими знакомыми эмигрантами и сумел получить французскую визу. Летом 1921 года М. Шокай прибыл с женой в Париж, ставший центром белой эмиграции. Он активно работал в газетах «Дни» Керенского и «Последние новости» Милюкова. Жизнь в Париже была трудной, средств к существованию не хватало и в 1923 году М. Шокай с женой переехали жить в Ножан-Сюр-Марн (южный пригород Парижа). В том же году М. Шокай выступил перед европейской общественностью с лекцией «Политика России и Туркестанское национальное движение».

М. Шокай делал отчеты на разных языках по вопросу освобождения Туркестана от большевиков. Он хорошо знал английский, французский, русский, немецкий, турецкий и арабский языки. В своих публичных выступлениях в Константинополе (город был официально переименован в Стамбул 28 марта 1930 года в ходе реформ Ататюрка), Берлине, Лондоне, Варшаве он касался, главным образом, проблем Туркестана и Центральной Азии. Он также публиковал книги по исследованиям Центральной Азии, печатал исторические и политические обзоры. Мустафа Шокай в 1927 году, в Константинополе основал газету «Новый Туркестан», которая выходила до 1931 года.

Во время пребывания в Европе Шокай продолжал активные действия против большевиков. В 1926-1939 годах он стал одним из активных членов антибольшевистского движения. За рубежом антибольшевистскую борьбу активно вели грузинский национал-демократ Георги Гвазава и украинский профессор Смол-Стоцкий. В 1925 году они основали клуб «Прометей» в Варшаве. В 1926 году в Париже был напечатан первый номер журнала «Прометей», редактором которого стал Гвазава. Первоначально журнал выпускался от имени украинских и кавказских эмигрантов. Начиная с 1927 года, по просьбе азербайджанцев состав редакции журнала был расширен и в нее вошли представители Центральной Азии. Журнал стал национальным органом кавказских, украинских и туркестанских эмигрантов, в качестве представителя которых к редакции присоединился Шокай. С 1929 года он стал главой «Национального союза Туркестана», основанного в Париже. О политике большевиков в Туркестане М. Шокай публиковал материалы на английском, французском, турецком и польском языках в известных журналах «TheJournalofRoyalCentralAsianSociety», «TheAsiaticReview» (Лондон), «OrientetOccident», «ReveduPromethée» (Париж), «Wschod» (Варшава) и других.

Материалы, хранящиеся в Центральном историческом архиве Грузии, содержат интересную информацию о сотрудничестве Мустафа Шокая с

политической эмиграцией Грузии. Эмиграция Туркестана была очень слабой и достаточно малой, чтобы иметь заметное влияние на эмигрантов из других стран, которые находились в Европе. У него не было представительства за границей, не говоря уже о том, что на эмигрантов часто влияло советское правительство. Однако Мустафа Шокай считал, что в будущем эмигранты могут сыграть важную роль в жизни Туркестана.

Посол Демократической Республики Грузии в европейских странах А. Чхенкели призвал кавказских эмигрантов сотрудничать с другими эмигрантами Советского Союза и особенно активно с эмигрантами Украины и Туркестана. М. Шокай активно сотрудничал с грузинскими политиками в эмиграции, включая главу правительства Демократической Республики Грузии Ное Жордания. Он часто публиковал статьи в грузинской газете «Независимая Грузия», которая издавалась в Париже. В 1929 году М. Шокай в Берлине начал издание журнала «Юный Туркестан», редактором которого был он сам. Журнал выходил до начала второй мировой войны - до 1939 года и было выпущено 117 номеров.

Представитель Демократической Республики Грузии в Турции Симон Мдивани 19 февраля 1928 года обратился с официальным призывом к Исмету Паше – главе Турецкого правительства и попросил его поддержать идею консолидации Закавказских республик, народов Украины и Туркестана. С. Мдивани сожалел, что из-за давления со стороны властей СССР турецкое правительство было вынуждено в 1931 году закрыть эмигрантские газеты Азербайджана и Туркестана в Стамбуле. Грузинские эмигранты считали, что освобождение угнетенных народов зависит от внутренней и внешней ситуации России и Европы.

Несмотря на преследование со стороны большевистского правительства, политики из разных стран, эмигрировавшие в Европу, активно продолжали свою борьбу. В Швейцарии существовал французский раздел «Французско-Восточного комитета», который официально назывался «Комитет дружбы эмигрантов Кавказа, Туркестана и Украины». В Комитете от Грузии работал А. Чхенкели, руководителем был Шульгин, а секретарем - М. Шокай.

В то время, когда эмигрировавшие политики активно сражались с большевиками из-за границы, советские агенты делали все, чтобы вернуть их в свои страны, а те, кто сопротивлялся – приговаривались к смертной казни. Советское правительство пыталось сломать доброе имя эмигрантов, заставляя друзей и знакомых обвинять их в сотрудничестве с советской властью. В сотрудничестве с советским правительством обвинили и М. Шокая.

2 июня 1928 года М. Шокай отправил письмо представителю Демократической Республики Грузии в Турции С. Мдивани и попросил ему помочь найти человека, который распространил слух и обвинил его в сотрудничестве с русской эмиграционной прессой. М. Шокай писал:

«Многоуважаемый господин Мдивани! К вам у меня большая просьба. Вы, конечно, не знаете, что одним изближайших поводов, вынудивших меня подать заявление о своем выходе из Стамбульской Туркестанской организации, является совершенно ничем не обоснованное обвинение меня нашими товарищами по организации в моем будто бы сотрудничестве, вопреки постановлению организации, с русской эмигрантской прессой. На мой прямой вопрос указать номер газеты с моей статьей господин Ахмет-Закки Валиди (Ахмет-Закки Валиди Тоган -политический деятель, лидер башкирского национально-освободительного движения в 1917-1920 гг..) ответил: „Об этом нам передавал господин Мдивани, которому, по-видимому, писали из Парижа свои грузини». Вы, господин Мдивани, легко поймете, что подобный ответ удовлетворить меня не мог. Как видите, господин Закки Валиди верит больше словам, чем собственным своим глазам. Здесь, в Париже, я обращался к ряду грузинских деятелей с просьбой выяснить кто бы мог написать подобную небывлицу...».

Ранее, 27 апреля 1928 года, М. Шокай также связался с Ноя Рамишвили - бывшим министром внутренних дел Демократической Республики Грузии. Грузинский политик успокоил его и сказал, что ни один грузин не мог написать такую ложь. В своем письме Шокай пытается пролить свет и доказать свою правоту, потому как считал, что работа в одной организации не имела бы никакого смысла без доверия друзей. Особенно он беспокоился своим другом - Ахмет-Закки Валиди. М. Шокай убедил С. Мдивани, что он никак не нарушал устав организации. Кроме того, он напомнил ему о своей старой статье, напечатанной в марте 1921 года, в которой четко проявилось его личное отношение к вопросу о независимости Грузии. Он был готов напечатать ту же статью в журнале «Прометей» или в любой грузинской иммигрантской газете. Надо подчеркнуть, что Ахмет-Закки Валиди был старым другом Мустафы Шокая. Они вместе принимали участие в первом съезде народов Востока в Баку в сентябре 1920 года, где было принято заявление о чрезвычайной и срочной реализации пролетарской революции в Азиатских странах. Этот факт ясно подтверждает, что Российское Большевитское Правительство делало все для внесения раскола в ряды эмигрантов и натравливания их друг против друга, что частенько и получалось у него.

В сентябре 1934 года, после принятия СССР в Лигу Наций, Председателю XV Ассамблеи Лиги Наций Рикарду Сандерсу была отправлена совместная апелляция протеста. Ее подписали: А. Чхенкели – Грузия, М. Шокай – Туркестан, Мир Якуб - Азербайджан, И. Чулик - Северный Кавказ, А. Шульгин - Украина. Следует отметить, что во время принятия в Лиге Наций Советского Союза представители Чехословакии, Португалии, Швейцарии и других стран протестовали против этого, громко заявляя, что принятие СССР противоречит основным принципам Лиги Наций.

Активная антисоветская деятельность Мустафа Шокая в Турции и Западной Европе не могла не привлечь внимания Иосифа Сталина. В 1926 годусоветские дипломаты пригласили его в Москву. Однако он благоразумно отказался, понимая, что это означает. Но за ним следили. В том же 1926 году ОГПУ завело агентурное дело № 145 «Казахский националист-контрреволюционер Шокай Мустафа». На его основе заместитель начальника управления КГБ Казахской ССР по Кустанайской области СерикШакибаев в 1972 году опубликовал книгу «Падение Большого Туркестана», где Шокай представлен как предатель своего народа. Через четверть века другой бывший офицер КГБ СССР Амирхан Бакиров после многократных попыток смог опубликовать, основанную на тех же архивных документах, книгу о Мустафе Шокае «Операция «Франц», в которой опроверг принятую точку зрения. Книга сначала была издана в Турции, где Шокай необычайно популярен. В год развала Советского Союза вышла в свет книга С. Белана: «Правда о «Гостуркестане и Туркестанском легионе: История Казахстана: белые пятна», где вновь повторяется «советская легенда». Шокай также был упомянут в книге С. Чуева «Проклятые солдаты. Предатели на стороне III рейха», вышедшей в Москве в 2004 году.

...Мустафа Шокай отреагировал на убийство в Париже Нод Рамишвили (1930 г.). Его специальное письмо «Похороны Рамишвили» было опубликовано в журнале «Прометей». Он писал: «У меня есть мучительная обязанность от имени Туркестанского национального союза произнести здесь несколько посмертных слов сочувствия и скорби в связи с убийством Ной Рамишвили. Мы, туркестанцы, особенно ценим его заслуги. Он пришел к нам не только как представитель Грузии, но и как представитель Кавказа в целом. Будь то в Париже или Константинополе, наши встречи носили искренне дружеский характер. Наши разговоры всегда были о проблемах нашей борьбы за независимость, и эти встречи оставляли в нас неизгладимые следы уверенности и искренности.... Рамишвили всегда напоминал нам о необходимости систематической, организационной работы, давал практические советы и особенно предупреждал о безвременности любого проявления «национал-фобизма». Борьба за национальную самобытность, повторял он, не может дать никакого результата, если она основано только на понимании нашего национального «Я» и национальных прав... Он был для нас примером человека, который борется против права силы для торжества прав и свобод народов. Пусть его память будет жить вечно среди нас!».

Нацистское германское правительство также интересовалось личностью Мустафы Шокая. В июне 1941 года, после того как немецкая армия напала на Советский Союз, М. Шокай стал официальным сотрудником восточного департамента III Рейха.

М. Шокай считал, что фашизм, как и большевизм, в равной степени был опасен и неприемлем для всего мира. В день нападения на Советский

Союз, 22 июня 1941 года, нацисты в Париже арестовали всех заметных русских эмигрантов и заключили в замок Компьен. Среди них оказался и Шокай. Через три недели его вывезли в Берлин и полтора месяца вели обработку, предлагая возглавить Туркестанский легион, который планировалось набрать из пленных советских тюрок, заключенных в концлагеря. Немцы рассчитывали на авторитет Шокая. Легион должен был частично заменить немецкие части в боях на Восточном фронте против советских войск. Шокай потребовал ознакомить его с условиями содержания земляков в этих лагерях и был глубоко потрясен нечеловеческими условиями жизни азиатов за колючей проволокой. После посещения концлагерей Сувалки, Вустрау и Ченстохова осенью 1941 года, Мустафа писал: «Сталин и Гитлер - оба злодеи». Чтобы как-то облегчить участь земляков и спасти их жизни, Шокай предложил немецким властям компромисс. Он поставил свои условия: 1. Подготовить кадры для будущего Туркестанского государства в учебных заведениях Германии; 2. Создать из числа пленных соотечественников военные формирования, которые должны быть использованы только при подходе к границам Туркестана.

Таким образом, он пытался извлечь из возможного сотрудничества с нацизмом хоть какую-то пользу для Туркестана, но получил отказ, так как Туркестанский легион интересовал Гитлера лишь как «пушечное мясо». Тогда он написал письмо главе иностранного ведомства III рейха, фон Риббентропу, где были такие строки: «...видя, как представители нации, воспитавшей таких гениев, как Гёте, Фейербах, Бах, Бетховен, Шопенгауэр, обращаются с военнопленными, ... я не могу принять предложение ... возглавить Туркестанский легион и отказываюсь от дальнейшего сотрудничества. Все последствия моего решения я осознаю».

27 декабря 1941 года М. Шокай умер. В официальном заключении указывается, что причиной смерти была тифическая болезнь, которая еще более осложнялась заражением крови. Но с официальной версией смерти М. Шокая была не согласна его жена Мария Горина, о чем она позже писала и в своих мемуарах. Мустафа Шокай был похоронен на турецком кладбище в Берлине.

Посол Грузинской Демократической Республики в Европе Акакий Чхенкели после его смерти так оценил работу Мустафы Шокая: «Мустафа очутился в Тбилиси, но мы там почти не встречались, ибо я был занят конференциями, то в Трапезунде, то в Батуме, во главе делегации сначала Закавказской, потом Кавказской федерации. Мустафа же был занят прессой и отмечал в своей газете, между прочим, как наши республики, одна за другой, садились на мель. В Париже начинается мое сближение со «степным азнаури», как я его иногда называл в шутку. Деятельность Мустафы в Париже, Лондоне, Женеве и других центрах Запада была настолько разнообразна и плодотворна, что не поддается учету. В основанном нами обществе «Дружбы народов Кавказа, Туркестана и Украины» он естественно

занимал подобающее его обширной стране место. В этот период имя Мустафы стало известно широкой публике не только в Туркестане, но во всем Советском Союзе, о чем свидетельствовали получаемые оттуда разными способами газеты и брошюры. Не раз приходилось слышать от изредка попадавших сюда туркестанцев изумление, что поднятый вокруг Туркестана шум исходил почти от одного только человека... Во время Советско-Германской войны в одном из лагерей военнопленных он своей храбростью спас от расстрела несколько десятков молодых грузин, принятых немцами за евреев и осужденных на расстрел. Он, рискуя своей жизнью, задержал исполнение приговора, объяснив ужасную ошибку. Вот в какое варварское время жил и боролся наш Мустафа. Тебя нет, дорогой друг, но и мы живем не в лучшей эпохе, а имя и идея твоя всегда останутся среди нас символом дружбы наших народов».

## **МУСТАФА ШОҚАЙ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ 20-30 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МӘДЕНИ ҚҰРЫЛЫС МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Аңсатова М.Н.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-саяси ғылымдар» кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты

Еліміздің тәуелсіздік алып, дербес даму жолына түсуіне байланысты түрлі саяси күштер мен ағымдардың, оның жетекшілері мен идеологтарының халық санасын оятып, адамзаттың ұлы көшінен қалмай алға жылжуына сіңірген еңбегін ғылыми тұрғыдан сараптап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің маңызы арта түсуде. [1,56]

Өткен ғасырдың 20-30 жылдарында қазақ мемлекеттілігінің даму мақсатын тұжырымдап берген, халыққа қызмет етудің жарқын үлгісін көрсеткен тұлғалардың бірі - Мұстафа Шоқай болатын. Қазақ халқының аса күрделі «соқтықпалы да соқпақты» тарихының басты мазмұнын азаттық үшін, өзін этнос ретінде және өмір сүру кеңістігін сақтап қалу үшін күрес құраса, осы күрестің алдыңғы сапында тұрған да- Мұстафа Шоқай. Сол себепті оның өмірі мен жанқиярлық қызметін, шығармашылық мұрасын зерттеп, зерделеу – біздің парызымыз. Сонда ғана бүгінгі бостандықтың, бүгінгі тәуелсіздіктің өзінен-өзі келіп, басымызға қона қоймағанын, азаттық үшін миллиондаған адамдардың қаны шашылып, жаны қиналғанын, жазықсыз жапа шеккенін ұғынамыз.

Алты алашқа есімі Мәшһүр болған ұлы саясаткер Мұстафа Шоқай есімі халқына аяулы да қастерлі. Ол кеңес өкіметінің зорлықшыл сипатын ерте танып, онымен ымырасыз күреске бел байлаған шет елдерде мұғыжыр болып жүріп, большевизмнің халыққа жасаған қиянатын дәйекті түрде әшкерелеген бірден-бір саяси қайраткер болды. Ол артына мол ғылыми мұра қалдырып кетті. Оның баға жетпес рухани мұраларының өткенімізді саралауға, өзіміздің кім екенімізді тануға, дүние танымымызды байытуға тигізер пайдасы өте мол. Біздің мақсатымыз М. Шоқайдың жазып кеткен мұраларын кейінгі ұрпаққа жеткізіп, шындықты орнына қоя білу.

М. Шоқайдың еңбектері Голощекиннің геноцидіне, Қазақстандағы ашаршылыққа, Сталиндік репрессияға, тоталитаризмге, шовинистік басқыншылыққа қарсы жазылды. М. Шоқай еңбектерінің дерек ретінде құндығы сол, тарихымыздың социалистік идеология үстемдік еткен кезеңдерде айтылуға, жазылуға тиым салынып келген “ақтаңдақтар” төңірегінде мол мағлұмат береді.

М. Шоқай еңбектерінен 20-30 жылдардағы Қазақстан мен Түркістанның мәдени өмірі туралы шындыққа толы дәйекті деректерді таба аламыз.

20-30 жылдары Қазақстанда экономика, мемлекеттік құрылыс саласындағы сияқты, мәдени саласында да күрделі, қайшылыққа толы құбылыстар орын алды. Бір жағынан сауатсыздықты жою жоғары қарқынмен жүргізіліп, жалпыға бірдей бастауыш білім беру жүзеге асырылды, жоғары оқу орындары мен техникумдар құрылып, зиялылардың барған сайын жаңа топтары қалыптастырыла берді. Екінші жағынан, қызыл идеологияның қысымымен қазақ ұлтының бет-бейнесі, жан-дүниесі, ұлттық тілі, ұлттық психологиясы «интернационалист ұлт» деген ұғыммен астастырылды. Халықты айтқанына көндіру үшін алдымен ұлт қамын көксеген, ертеңін ойлаған зиялыларды жою күн тәртібіне қойылды. 20-30 жылдарда қазақ интеллигенциясы Кеңестер өкіметі тарапынан бұрын-соңды болып көрмеген жалақорлыққа, жауыздыққа тап болды. Жаппай идеологияландыру қазақ халқының ұлттық мәдениетінің дамуына зор нұқсан келтірді.

Шындықты қаймықпай айта білген Мұстафа Шоқай дәйекті деректерге негізделген терең де, мазмұнды еңбектерінде Кеңес өкіметінің мәдени салада жүргізіп отырған отаршылдық саясатын батыл түрде сынға алды. «Кеңестер билеген Түркістан» деп аталатын еңбегінде Кеңес өкіметінің 20-жылдардың аяғында Қазақстанда жүргізген рухани өмірдегі саясатына талдау жасап, бұл жөнінде өз ойын айқын баяндайды. «Қазақстанда бұл салада 20-жылдардың аяғына дейін өнімді ешнәрсе істелмеген. 1911 жылы орыс-қазақ мектептерінде бір оқушыға 17 сом жұмсалса, 1927-1928 жылдары 7 сом 70 тиын, яғни екі есе аз жұмсалған. Оның үстіне «қазақ» ауылдарындағы мектептердің тек қана бір жарым процентінің баспанасы болса, ал орыс мектептерінің 28 проценті үймен қамтамасыз етілген дейді. [2, 1376]



Қазақ мектептерінің мүшкіл халімен қатар М.Шоқай оқыту ісіндегі теңсіздікті де көре білген. Мәселен, Сырдария губерниясында қазақтар халқының 79 процентін құраса да ондағы мектептерде оқитын қазақ баласының үлесі 6-ақ процент болған. Ал орыстар, т.б. еуразиялық ұлттардың үлесі 9,5 процент бола тұрып, мектептерде оқитын балалардың үлесі 53,2 процентке жеткен. [2,138б] Сонымен қатар мектептердің оқулықтар мен оқу жабдықтарынан жұрдай екендігін дәйекті деректермен талдап көрсетеді.

Мұстафа Шоқайдың пікірінше, ұлттық рухтың көтерілуінің негізі-ұлттық тіл болып табылады. Өзінің «Ақ –Қызыл» деген мақаласында: «Көне Ресей тіліміздің дамуына жол бермеді. Бұл кезде ұлттық басылымдар шығару құқығымыз жоқ болатын. Мектептерде біздің тіліміз оқытылмайтын» деп көрсетті.

М.Шоқай патша өкіметі кезінде: «бұратана» (орыс емес) халықтардың тілінің дамуына кісен салынғанын, мұның олардың ұлттық сана-сезімнің дамып, қалыптасуына үлкен зиян келтіргенін айта келіп тағы былай дейді: «Ресейдің оқу орындарында, әсіресе техникалық оқу орындарында амалын тауып оқып жатқан Түркістан жастары өз тілінен шала сауатты, тіпте мүлде мақұрым қалды. Сол себепті мұндай оқымысты түркістандықтар халқымыздың қажеттері мен талаптары тұрғысында пайдалы қызмет атқара алмайды». [3,133б]

М.Шоқай осы еңбегінде, рухани өмірде орныға бастаған, түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеттің шынайы мәнін былайша түсіндіреді: «Көне Ресейдің орыстандыру саясатынан іс жүзінде ешқандай ерекшелігі жоқ қулық-сұмдықтарын Лениннің «социализм», «интернационализм» негіздерінде сәйкестендіру үшін большевиктер бір жаңа формула ойлап шығарды. Олар енді «түрі-ұлттық, мазмұны-пролетарлық болсын» деді. Асылында халықтың рухани дүниесі біртұтас нәрсе. Оны «мазмұнға» және «формаға» бөлуге болмайды. Кез келген рухани мәдениет өзінің мазмұнымен айқындалады деп Кеңес үкіметінің мәдени саладағы отаршылдық саясатын сынға алды. [4,134б]

Кеңес үкіметінің жергілікті халықты орыстандыруға бағытталған тіл саясаты М.Шоқайдың «Интернационалдық кеңес галстугі...» атты мақаласында өткір айтылады. Автор мақаланың басында "галстук" деген сөздің мағынасын түсіндіре келіп, "саяси галстуктің" мәніне тоқталады. Көне Ресейде "Столыпинский галстук" деген бейнелі сөз патшалық Ресейдің ең беделді министрінің бірі Столыпиннің көптеген адамдары дарға асып өлтірілуіне байланысты шыққан. Ол кезде "Столыпин галстугін киді" деген сөз, ол адамның дарға асылып өлтірілгенін білдіретін. М.Шоқай, заман талабына сай және пролетариат диктатурасы тудырған жағдайларға сәйкес әлгі "Столыпин галстугі" енді бүгін түсін өзерттіп, "Интернационалдық кеңес галстугі" болып шыға келді. Оның мәні-Кеңес галстугі қазір түрікшілдікке, Түркістандағы түрік тілінің мойнына байланатын болды деп

жазады. Бұл сөзінің дәлелдемесі ретінде Түркістаннан Соловкаға жер аударылған Бөріұлы Күмішәлі " түркімен тіліне орнығап, қалыптасып қалған "пальто"., "галстук" тәрізді интернационал сөздерді қолданудан бас тартып, олардың орнына "сырт киім", "мойын бау" тәрізді түрікмендерде қолданылмаған, түрік құлағына жат сөздерді тілдік айналымға салған көрінеді" деп жазылғандығын айтады. Шындағын айтсақ, Анадолы түріктері "мойын бау" тәрізді сөзді ежелден қолданып келген" ал "галстук" деген Столыпіннің қара "мойын бауы" бұл кезде қызыл түске боялып "түркіліктің және түрік тілінің мойнына байланады" деген қорытынды шығарамыз деп М.Шоқай тұжырым жасайды. [5,12-14бб.]

Келесі бір «Түркістан әдебиеті хақында француздар не айтады» деген мақаласында М.Шоқай «Рухани мәдениет халықты есейтетін және жетілдіретін нәрсе. Рухани мәдениет үстем жауын табанда жұмсатып тастамағанымен, дұшпандарын мысымен басып, өзге халықтардың құрметіне ие бола алады. Халқымыз жәй әншейін адамдардың жиынтығы емес, өзіне тән мәдениеті бар қауым... өз мәдениетін күллі әлемге ,соның ішінде Еуропаға таныстыру қажет» деп ойын түйіндейді. Осы тұрғыдан келгенде «Түркістан әдебиетіндегі өлеңдер» мақаласының Париждегі ең беделді журналдардың біріне жариялануы біз үшін сөзсіз қуанарлық жайт екендігін айтады. Француз авторы, мақалада Ғабдолов Фархат, Бату, Елбиік және Шолпандардың айрықша дарынды, талантты екендігін атап көрсеткен. Мәселен, Шолпан туралы былай дейді: «...Шолпан-тек түрік елінде ғана емес, Еуропада да танымал ақын. Оның өлеңдері мен тілі Түркістан түріктерінің классик әдебиетін еске түсіреді. Шолпанның барлық шығармалары өзі өмір сүрген өлкедегі халық атынан сөйлеп тұрғандай. Ол жазған пьесалар (театрлық көріністер) түрік театр өнеріне жаңа кеңістік ашты. Мақаланы мына бір жолдар онан сайын байыта түскен: «...Түркістан поэзиясының гүлденуі ұлттық сана-сезімнің оянуына тікелей байланысты болған. Большевиктер мұндай процесті болдырмауға тырысуда. Алайда халықтың өмір сүру қабілеті барған сайын күшейе түсуде. Түркістан тек ұлт тәуелсіздігі үшін ғана емес, өзінің рухын өшіріп алмау үшін де күресуде». М.Шоқай мақаланы қорытындылай келе: «Түркістан тек өзінің саяси тәуелсіздігі үшін ғана емес, сонымен қатар түріктің ұлттық рухани мәдениеті үшін де күресуде» деп түйін жасайды. [6,172б]

М.Шоқай өз еңбектерінде орыс тепкісінде қысым көрген тіліміз бен мәдениетіміздің аянышты халін, зиялыларымыздың қасіретті тағдырын әңгіме етеді. Халқының тәуелсіздігін, ұлттық мәдениетін, тілін, дінін, салт-дәстүрін жырлаған Ш.Құдайбердиев, Ә.Бөкейханов, М.Жұмабаев сынды қоғам қайраткерлерінің, таңдаулы ақын жазушыларының қуғындалып, «халық жауы», «ұлтшыл» атанып жатқанда, орыстың ұлттық әдебиетінің өкілдері Тургенев, Толстой, Пушкиндер рухани өмірімізге күштеп енгізіле

бастағанын өткір тілмен жазылған, отты мақалаларында әшкерелеген де М.Шоқай болатын. Өзінің «Отаршылардың мәдени қаруы» деген мақаласында партияның әдебиет саласындағы саясатын сынай келіп: «Пушкин мұралары біздің халқымыздың таным-түсінігіне, рухани болмысына ешбір жанаспайды. Сол себепті оның шығармаларын күштеп аударып, есімін жас ұрпақтардың санасына зорлап сіңіруге бағытталған большевиктік іс-әрекеттер біздің халқымыздың басына орнаған мәдени және ұлттық бодандықтың ең жарқын белгілерінен басқа ештеңе де емес. Орыстың ұлы ақыны Пушкиннің тамаша поэмасы орыс пролетариаты диктатурасының біздің халыққа жұмсайтын мәдени қаруына айналып отыр - дейді [7.2296]

Өкінішке орай, М.Шоқайдың шындыққа толы сөздері туған халқына жетпеді, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана оның мұраларымен танысуға мүмкіндік алып отырмыз. Қорыта айтқанда, 20-30 жылдардағы Қазақстандағы мәдени құрылыстағы «ақтандақтарды» жаңаша зерделуде М.Шоқай мұраларының маңызы зор. Ұлт қайраткерінің болмысын, ұланғайыр мұрасын, бүгінгі күнмен өзектесіп жатқан мұраларын ойтұжырымдарын насихаттау, ұлықтау еліміздің егемендігін баянды етуге жас ұрпақты Отансүйгіштік рухта тәрбиелеуге қызмет етеді.

#### ***Әдебиеттер***

1. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. 12 том, 1Т. Алматы: Дайк-Пресс, 2014, 544 бет

2. Шоқай М. Таңдамалы шығармалары үш томдық. 3Т. Алматы: «Қайнар» баспасы. 2007, 382 бет

3. Шоқай М. Таңдамалы шығармалары. үш томдық. 1Т. Алматы: «Қайнар» баспасы. 2007, 352 бет

4. Шоқай М. Таңдамалы шығармалары. үш томдық. 2Т. Алматы: «Қайнар» баспасы. 2007 .384 бет.

5 М.Шоқай. Таңдамалы шығармалар үш томдық. 2Т. «Интернационалдық кеңес галстугі...». Алматы: «Қайнар» баспасы. 2007, 352 бет.

6. М.Шоқай. Таңдамалы шығармалар үш томдық. 2Т. Алматы: «Қайнар» 2007.392 бет

7. М.Шоқай. Таңдамалы шығармалар үш томдық. 2Т. Алматы: «Қайнар» баспасы.392 бет

## МҰСТАФА ШОҚАЙ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ КЕҢЕСТІК ҚУҒЫН-СҮРГІН МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Тайман С.Т.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Мұстафа Шоқайтану» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

XX ғасырдың I-жартысындағы қазақ халқының басынан өткерген аса қасіретті жылдар – 1917-1940 жылдар болып есептеледі. Бірнеше ғасырдан бері отар елдің тепкісін, теперішін көрген халықтың ұлттық санасы аз ғана уақыт ішінде жаңғырып кете алмайды. Бұл жөнінде Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында былай деді: «XX ғасыр халқымыз үшін қасіретке толы, зобалаң да зұлмат ғасыр болды. Біріншіден, ұлттық дамудың ықпалы заманнан жалғасып келе жатқан өзімізге ғана тән жолы біржола күйретіліп, қоғамдық құрылымның бізге жат үлгісі еріксіз таңылды. Екіншіден, ұлтымызға адам айтқысыз демографиялық соққы жасалды. Оның жарасы бір ғасырдан бері әлі жазылмай келеді. Үшіншіден, қазақтың тілі мен мәдениеті құрдымға кете жаздады. Төртіншіден, еліміздің көптеген өңірлері экологиялық апат аймақтарына айналды». XX ғасырдағы 1916 жылы басталған ұлт-азаттық көтерілісі қырғынмен басталып, одан кейін азамат соғысы, 1921-1922 жылдардағы ашаршылық, алаш қайраткерлерін қуғындау, соттау, 1931-1933 жылдардағы қазақ халқының тең жартысын қырғынға ұшыратқан, яғни қолдан жасалған аштықпен, «халық жауларын» әшкерелеу, ату, айдаумен жалғасты. Қазақтарды құлдық және мәңгүрттік жағдайға түсіру мақсатында оларды жерінен, тілі мен дінінен айыру саясаты аса құйтырқылық әдістермен жүйелі түрде жүргізілді. 1917 жылдан басталған ашаршылық, рухани және мәдени өмірдегі халықты орыстандыруға бағытталған айла-шарғылар, саяси қуғын-сүргін салдарынан қазақ халқы өзінің ұлттық бірегейлігінен айырылады, миллиондаған қазақ шетелдерге қоныс аударып бас сауғалайды. 1917 жылға дейінгі 6 млн қазақтан 1939 жылы екі миллионға жетер-жетпесі қалады.

Осы кезеңде шетелде алғаш рет большевиктердің ұлттық аймақтарда жүргізіп отырған саясатын ашық айыптап, оның бет пердесін айқындаған XX ғасырдағы қазақ саяси эмиграциясының тарихын бастаушысы, алаштың көрнекті тұлғасы М. Шоқай болды. Мұстафа Шоқай шетелде жүріп Қазақстандағы кеңестік ұлт саясатының қалай жүріп жатқанын әр уақытта назарында ұстады. М.Шоқай шет елде жүрсе де елдегі ахуалдарға да құлақ түріп, кеңес өкіметі халық басына түсірген нәубетті, ашаршылық, қуғын-сүргін қырғыны туралы да Еуропа елдеріне жария етіп, қылмысын әшкерелеп отырды. 1923 жылдың көктемінде Парижде М. Шоқай Еуропа

елдерінің мемлекет, қоғам қайраткерлері мен журналистері қатысқан конференцияда баяндама жасайды. Кейін ол «Orient et Occident» журналында жарияланып, көпшілік назарына ұсынылады. Баяндамада Түркістанның басқа мұсылман елдері қауымдастығындағы орны, отарлануы, большевиктер үстемдігінің орнауы, ашаршылық, орыс саясатының салдары т.б. мәселелер төңірегінде нақтылы мағлұматтар беріліп, ұлт-азаттық қозғалысының алдында тұрған бірден-бір мақсат ретінде Түркістанның толық тәуелсіздікке жетуі туралы мәселе тұңғыш қойылады [1]. Шетел басылымдарында және «Яш Түркістан» журналының беттерінде жарық көрген М. Шоқайдың еңбектері Кеңес Одағы құрамындағы мұсылман халықтарының тәуелсіздік үшін күресінің әділеттілігіне әлем жұртшылығының көзін жеткізеді. Оған ағылшын, француз, американдық, итальяндық, скандинавиялық басылымдардағы қазақтарды қолдан қырғынға ұшырату жөніндегі кеңес саясатына қарсы пікірлер дәлел бола алады. Француз Социалистік партиясы басшыларының бірі Пьер Ренодель Кеңес одағындағы мұсылман халықтарын жүйелі түрде қуғындау, жергілікті халықты ашаршылыққа ұшыратқан жалған реформа бүкіл өркениетті халықтар тарапынан айыпталуы тиіс деп үн көтереді [2].

Қазақтар мен Орта Азия халықтарының арасында Қазан революциясынан кейін орын алып отырған ашаршылық туралы А. Байтұрсыновтың В. Ленинге хаты туралы, «Кеңес қоластындағы қазақтар» (1921), «Ашаршылық және большевиктердің Түркістандағы ашаршылық саясаты» (1923), «Түркістандағы ашаршылық» (1923), «Ферғанадағы ашаршылық және оны ұйымдастыруға Кеңес өкіметінің қатысы» (1923), «Ашаршылық» (1924), «Қазақтар арасындағы ашаршылық» (1926), «Большевиктердің Түркістандағы ашаршылық саясаты» (1927) және тағы басқа мақалалары «Дни», «Последние новости», «Yeni Türkistan» секілді басылымдарда жарық көрді.

«Идеология майданындағы күрес» атты еңбекте Мұстафа Шоқай Түркістандағы мерзімді басылымдар материалдарына сүйене отырып, өлкеде күн санап өсіп келе жатқан ұлттық идеологиядан большевиктердің қатты үрейлі екенін, оған қарсы бейбіт күреспен ештеңе шығара алмағаннан кейін оны жоюдың барлық террорлық тәсілдерін - қорқыту, қамауға алу, қуғын-сүргінге салу, атып-асу сияқты түрлерін пайдаланып жатқандарын атап көрсетеді. Сонымен қатар Түркістандағы кеңес аппаратының барлық тармақтарында ұлыдержавалық шовинизм өмір сүріп отырғанына нақты мысалдар келтіреді [1].

1935 жылы жазылған «Атамекен жағдайы» атты мақалада Түркістанда жүргізіліп жатқан ашық террор, Кеңес өкіметінің халықты жаппай қуғын-сүргінге ұшыратуы, азапқа салуы, аштыққа душар етуі мен жүздеген мыңдаған жазықсыз жандардың атып өлтірілуі туралы айтылады. Ең сорақысы - партиядан шығарылғандардың, қамауға алынғандардың, жер аударылғандар және өлім жазасына кесілгендердің бар кінәсі олардың

баяғыда өліп қалған атасының бай, саудагер, ғұлама, яғни кезінде іс басында болғандары немесе айыпталушының көне медреселерде оқығандығы болған.

«Түркістандағы саяси қырғын», «Саяси қырғынның құрбандары» деген мақалаларда Түркістан газеттерінде 1937 жылғы қыркүйек айында жарияланған «халық жауларының» тізімін береді. Бұлардың қатарында ОК төрағасы Ұзақбай Құлымбетов, халық ағарту министрі Темірбек Жүргенов, Алматы облыстық атқару комитетінің төрағасы Ораз Жаносов, ақын-жазушылар Мұхтар Әуезов, Льяс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин т.б. бар. Бұлар ұлттық буржуазияның агенттері, жапон-герман фашизмінің шпиондары қатарына жатқызылды[1].

1935 жылы жазылған «Советтер қол астындағы Түркістан» (Пролетариат диктатурасына мінездеме) деген еңбектің «Автордан» деген бөлігінде Мұстафа Шоқай негізгі бағдар ұлт мәселесіндегі кеңестік саясатты ашу деп санады. Бұған еңбектің «Пролетариат диктатурасына мінездеме» деген қосымша аты да қызмет етіп отыр. Мұстафа Шоқай ойынша, большевиктер өзінің «лениндік ұлттық саясат» жүйесінде Түркістанның екіжақты рөлін ерекше атауды және оны айтуды жақсы көрген. Біріншіден, Түркістан совет өкіметінің саясатында ұлттық мәселе турасындағы «тәжірибе алаңы» қызметін атқарса, екіншіден, Түркістан пролетариат диктатурасы үшін маңыздырақ мәселені – «отарлаушы-азаттық революцияны» жүзеге асырудың нақты үлгісі болып танылуы керек. 1933 – 1934 жылдары Қазақстандағы ашаршылық зұлматы жөнінде «Нью-Йорк Геральд Трибюн», «Нью-Йорк Таймс», «Манчестер Гардиан», «Дейли Телеграф», «Матэн», «Фигаро», «Нойе Цюрихер Цайтунг», «Газетте Лозанн», «Стампо» және басқа да басылымдарда жазылады. Сонымен бірге М.Шоқай Англия герцогинясы Атольскаямен кездескенде оған Кеңес одағындағы ашаршылық туралы кеңінен айтып береді. Ағылшын герцогинясының түркі-мұсылман халықтарының жеріне ашаршылық Қазан революциясы мен азамат соғысына іле-шала келгендігі, оның көп жағдайда Кеңес өкіметі тарапынан арнайы ұйымдастырылғаны, көшпелі және жартылай көшпелі аудандардағы халықтың жағдайы, ашаршылықтың Кеңес өкіметінің оларды отырықшыландыру және ұжымдастыру секілді солақай саясатының салдарынан орын алғандығы, 20–30 жылдардағы нәубеттен қазақ халқының жартысынан астамының құрбан болғандығы, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов секілді алаш қайраткерлері туралы әңгімеден үлкен әсер алады. Мұстафа Шоқай мұрасын зерттеуші, тарих ғылымдарының докторы, профессор К.Л.Есмағанбетовтың пікірінше «Бұл жағдайлар М. Шоқайдың қазақтардың жартысынан астамын қырғынға ұшыратқан 30-жылдардағы ашаршылықты құпия ұстауға тырысқан Кеңес өкіметінің зұлымдықтарын әлем жұртшылығы алдында алғаш әшкере еткендігін көрсетеді. 1933–1934 жылдары «Обсервер», «Таймс», «Геральд Трибюн», «Морнинг пост» т.б. басылымдарда «қазақтардың қасіреті» атанған алапат ашаршылық туралы мақалалардың жарық көруі М.

Шоқайдың Англияға сапарлары барысындағы сұхбаттарынан, герцогиня Атольскаяның салонындағы әңгімеден бастау алды деуге толық негіз бар» деп топшылайды[3]. Ғалым осыдан кейін ғана әлем жұртшылығының пікірінен мазасызданған Кремль 1933 жылдан бастап қазақтарға жеңіл-желпі көмек көрсетуге шырай танытқанын дәлелдейді.

Шетелге эмиграцияға кеткен М.Шоқайға қолы жетпеген чекистер Кеңес баспасөзінде М. Шоқайды «ағылшындарға қызмет етеді», «дүниежүзілік империализмнің агенті», ал қуғын-сүргінге ұшыраған ұлт зиялыларын «М. Шоқайдың агенті» деп айыптады. Бір ерекшелігі, өзінің барлық еңбектерінде Мұстафа Шоқай өзімен байланыста болған адамдардың қуғын-сүргінге ұшырауына түрткі болмауы үшін олардың есімдерін ауызға алмайды.

Деректерге сүйенсек, 1937-38 жылдары кеңестік тоталитарлық жүйе жүргізген солақай саясаттың ауыр зардаптарын арқалаған азаматтар мен сол жылда құрбан болған ұлт зиялыларымен қатар, бір ғана репрессия салдарынан қазаға ұшыраған қазақстандықтардың жалпы саны 25 мың адамнан асып жығылды. Сонымен қатар, сталиндік қылмысты ұжымдастыру салдарынан 1,5 миллионға жуық қазақ көз жұмды. 1930-1932 жылдары 1,5 миллион қазақ туған жерден шетелдерге бір жола көшіп кетті. 1933 жылға қарай халықтың саны 2 миллион 493 мың адам ғана болды. Ал 1937-38 жылдардағы қуғын-сүргіннен бастап Сталин дүниеден өткенге дейінгі аралықта Қазақстанда 103 мың адам, оның төртен бір бөлігі «ОГПУ - НКВД үштіктері» үкімімен, сот үкімімен атылды. Алайда, тарих ғылымында бұл кезеңнің ақтандақтары әлі де болса толық ашыла қойған жоқ. Бүгінгі зерттеулер нәтижесінде бұл сандар бірнешеге артып жатса таңқалуға болмайды.

Бүгінде құлдықтың, қасіреттің, аштықтың, бодандықтың не екенін білмейтін жас ұрпақ өсіп келеді. Сондықтан бұл ұрпақ өткен тарих тағылымынан ғибрат алып, ғасырлар бойы күрестің жемісімен келген жеңісті баянды ету үшін үнемі тарихи жадымызды жаңғыртуды әрбір отбасында дәстүрге айналдыру керек. Сонда ғана мәңгілік ел болуды мақсат етіп отырған халқымыздың арманы шын мәнінде жүзеге асады деген сенім мол.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Шоқай М. Таңдамалы. Бірінші том. 153-б
2. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. 12-томдық. 1-том. – Алматы: Дайк-Пресс, 2012.

## **ЛИЧНОСТЬ М.ШОКАЯ КАК ИДЕОЛОГА НЕЗАВИСИМОСТИ ТЮРКСКИХ НАРОДОВ**

**Караманова М.С.**  
КГУ имени Коркыт Ата

В своей программной статье “Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания” Президент Республики Казахстан Н.А.Назарбаев особое внимание обратил на важнейшую миссию духовной модернизации национального сознания. Формирование национального сознания происходит в течении всего времени существования нации с учетом влияния развития всего человечества. Человечество переживает новые времена в условиях развития искусственного интеллекта, что создает определенные риски стирания национальной идентичности народов мира.

Программа “Рухани жанғыру” озвученная Президентом страны, направлена на сохранение национальной идентичности в стремительно изменяющемся мире, где усиливается натиск искусственного интеллекта во всех сферах человеческой жизни. Жизнь ставит новые задачи как дальше двигаться в потоке новейшей истории человечества. Лидер нации своевременно выдвигает новые пути развития в этом непростом мире и правильно отмечает, что наши национальные традиции и обычаи, язык и музыка, литература и искусство, одним словом, национальный дух должны вечно оставаться с нами. Естественно, все эти ценности определяющие национальный дух, формировались веками и продолжают получать развитие в контексте новых условий развития мира.

Выдающиеся личности мира внесли большую лепту в развитие человечества во всей продолжительности истории, что имело место и в казахском обществе, одним из которых являлся выдающийся сын казахского народа М.Шокай, посвятивший всю свою жизнь служению своему народу, при этом активно продвигавшего идею создания “Большого Туркестана”, объединяющий в своем составе народы Центральной Азии (казахи, узбеки, уйгуры, таджики и т.д.), что показывает его как человека, поддержавшего демократию, интернационализм и теоретика, владеющего знаниями в области теории и истории государства с сохранением национальной идентичности и национального самоопределения каждого народа.

Президент страны Н.А.Назарбаев в программе “Рухани жанғыру” большое значение придает культу знаний и жизнь Мустафы Шокая еще раз доказывает правильность этого постулата.

Его блестящее образование, усиленное генетическим потенциалом и приобретенный жизненный опыт, безграничная преданность своему народу, сделало его конкурентноспособным в то очень сложное время и является примером для молодежи независимого Казахстана, о котором он мечтал и



внес огромный вклад своим неустанным трудом и жизнью, лишенного всякого комфорта и заполненного постоянной опасностью. Независимость Туркестана в нынешнем понятии, которой является наша родина-Казахстан, являлась смыслом его жизни.

Да, необходимо отметить, что личность Мустафы Шокая вызывает споры до сих пор, поэтому и рассматривается неоднозначно. Для познания, понимания его роли в современном потоке истории независимого Казахстана необходимо скрупулезное изучение каждого периода его жизни через призму объективности и сложившихся ситуаций в то время, изучение архивных материалов всех стран, в которых он жил, работал, творил.

Анализ существующих опубликованных материалов показывает, что его выводы об античеловечности лозунгов коммунистов или большевиков о создании государства с обезличенной национальной идентичностью оказались пророческими.

В то же время его идея о создании независимого Туркестана на основе автономности каждой пяти республик, исключив нахождение под началом кого-то из них, при этом трезво оценивая тогдашнюю ситуацию и положение, видел существование Туркестана в составе России в добрососедстве и в экономической интеграции.

М.Шокай всей своей сущностью не принял диктатуру Советов, потому что он видел особенно на начальном этапе становления государственности советов из-за объективных, субъективных причин (неграмотности основного контингента правящей элиты, великодержавного шовинизма представителей титульной нации, озлобленности массы, отставании в техническом развитии и т.д.) отношении колонизаторской власти советов к населению Туркестана и в своих докладах, статьях, выступлениях приводил конкретные примеры. Например, в своем докладе сделанном на собрании Комитета FPANCE-ORIENT (8 января 1930 г.) на тему “О современном положении Туркестана” приводит высказывания партийного деятеля И. Толобина: “Казахи, киргизы, как экономические слабые с точки зрения марксистов, все равно должны будут вымереть. Поэтому для революции важнее средства тратить не на борьбу с голодом (что все равно не достигает цели) а тратить на поддержку лучше фронтов.”

Вот такие разоблачительные статьи, доклады Мустафа Шокая основанные на реальных фактах регулярно публиковались в разных изданиях того времени, что способствовало формированию в мировом сообществе понимания истинного положения дел в стране Советов. Вся его политическая и публицистическая деятельность свидетельствует о том, что он всю свою жизнь посвятил служению своему народу, показывая высокую образованность, дипломатичность, уникальную работоспособность в непростых условиях жизни.

Некоторые источники высказывают неоднозначные выводы о периоде жизни Мустафа Шокая накануне и начала Второй мировой войны.

Однако, внимательное и непредвзятое отношение к исследованию этого периода его жизни свидетельствует о том, что он не останавливал ни на одну доли секунды своей деятельности вплоть до дня смерти борьбы за национальную независимость Казахстана. Те люди, которые говорят или пишут даже сегодня о сотрудничестве Мустафы Шокая с фашистской Германией глубоко ошибаются. Прежде чем делать такие выводы, я думаю необходимо обратить внимание на следующие моменты: активность эмигранта с антисоветским мышлением не могло не привлекать внимание нацистов. После прихода к власти Гитлера Германия начала реализацию своих глобальных планов по захвату российских территорий. Использование или попытки вербовки известных личностей как Мустафа Шокай закономерный процесс и установление с ним контактов . В 1941 году в день вторжения в СССР интервенты провели спецоперацию в Париже и арестовали эмигрантов, в том числе и М.Шокая, его сначала продержали две недели, затем вывезли в Берлин. Там его уговаривали, заставляя принять участие в организации туркестанского легиона. Новую армию планировали формировать из пленных советских тюрок. Захватчики считали, что его авторитет заставит пленных безоговорочно выполнять любые приказы. В такой неоднозначной ситуации М.Шокай, желая вызволить своих соотечественников из плена, поднять их дух и сохранить их жизнь, поставил немцам два условия: обучить будущих управленцев Туркестанского государства в немецких вузах; использовать военные формирования, составленные из его соотечественников лишь на подходе к границе Туркестана, которые не были приняты нацистами. Им только двигало желание, забота о своих соплеменниках, сохранение их жизни и достижения любой ценой независимости своей родины.

Только неиссякаемая любовь к своей родине, боль за ее страдания, желание донести миру о бесконечной трагедии, лишениях, бедствии своего народа и всех тюркских народов были для М.Шокая жизненным стимулом к борьбе за достижение подлинной независимости своей отчизны. Сегодня в XXI столетии мы можем констатировать, что мечты и цели М.Шокая стали реальностью, тюркские народы обрели долгожданную независимость, свободу и право на самостоятельное развитие. Каждая страна идет своим избранным путем.

Но как отметил Лидер нации Н.А.Назарбаев в своем выступлении на праздновании 550-летия Казахского ханства “Великий Тюркский Эль – это наша общая прародина, с общими предками и героями, общими духовными богатствами .Это наше совместное великое наследие”.

В целом, необходимо подчеркнуть, что привитие ценностей, формирующие национальную идентичность, патриотизм, межнациональное согласие в сознание подрастающего поколения в глобальном мире, через изучение истории, культуры и идейного, научного наследия таких ярких

личностей каковым был Мустафа Шокай, является актуальным в новейшей истории Казахстана.

### **Список литературы:**

1. Н.А.Назарбаев Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания. Астана, 2017
2. М.Шокай О современном положении Туркестана. т3, с.180-189, Алматы, 2012
3. Н.А.Назарбаев Выступление на праздновании 550-летия Казахского ханства. Астана, 2015

## **ШОҚАЙТАНУҒА ҚОСЫЛҒАН СҮБЕЛІ ЕҢБЕК**

### **Әбілсейіт М.**

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы

Қазақ халқының алып тұлғалы, терең ойлы азаматы Мұстафа Шоқайдың бүкіл мұрасын жинақтап, елімізге әкелуге тәуелсіздігіміздің арқасында ғана қол жетті. Оның басы-қасында тікелей Елбасымыздың тапсырмасымен И.Н. Тасмағамбетовтың жүргендігі көпшілікке аян. Ал осы саладағы мұраның жан-жақты зерде сүзгісінен өткізе саралағанына, М.Шокай еңбектерінің жинақталуына, қанша тер төгілгеніне, бұрын ғылыми айналысқа түспеген мұрағат деректері мен жарияланған еңбектерге соншама терең деректанулық талдау жасағандығына белгілі ғалым Көшім Есмағамбетовтің «Әлем таныған тұлға» атты зерттеуі арқылы көз жеткіземіз. Еңбек қолдан-қолға тарап, оқырмандардың заңды қызығушылығын туғызды. Сонымен ғалым Мұстафатануға не қосты, жұрт елдер қандай жаналықтары бар?

Алдымен М.Шокай өмірі оның туған жері Наршоқыдан басталып, Берлинге жерленгенге дейінгі кезеңі тұтастай алғаш рет кешенді түрде зерттелген. Соның ішінде тұлғаның Кеңестік биліктің орнығуынан бастап, шетелге кетуі, Түркия, Германия, Франция, Польша, Англия, т.б. елдердегі қызметі хронологиялық жағынан нақты көрініс тапқан. Әсіресе оның әйелі Мариямен бірге Гурьев арқылы Кетікке, одан Бакуге аттануы, Бакуден 1919 жылдың наурыз айы басында Красноводск және Ашхабадқа оралып, «түркімендер жерін большевиктерге қарсы күрес орталығына айналдыруды» көздегені, бірақ оның мүмкін еместігіне көзі жеткеннен кейін, Бакуге қайтып оралып, осы жерде Тбилисиге де жиі барып, соңында 1921 жылы ақпанда Батумиде Италияның кемесіне отырып, Түркияға кеткендігі жан-жақты ашылған. Автор М.Шокайдың елден кетуінің басты себебі Кеңес өкіметінің

«ешқандай демократиялық қозғалысқа жол бермейтінін көре білуінде» деп түйіндейді.

Зерттеуші ғалым К.Лекерұлы М.Шоқайды «барар жері, басар тауы» қалмаған соң Түркияға кетті деушілерге, Мұстафаның қолында сол уақытта АҚШ-қа да баруға визасының болғандығын алға тартуы, ондай визаны пайдаланған В.М.Лебедевтің АҚШ-қа, Францияға жетуін деректермен айғақтауы өте сенімді. 1921 жылы наурызда Мұстафаның Парижге келіп, Италияға, Германияға барып Түркістанның тәуелсіздігі үшін батыс елдердің моральдық және материалдық көмегіне сүйенуді көздегені, кейін түпкілікті «саяси эмиграция астанасы» саналатын Парижге тұрақтануы тұлға өмірінің күрделі кезеңдерінен сыр шертеді. Оқырмандар үшін М.Шоқайдың Лондонға бірнеше рет барып, Король институтында Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалыстар туралы баяндамалар оқуы ерекше қызықты. Өйткені сол кезеңге дейін бірде-бір қазақ баласы жоғары мінбеден ұлт үшін жар салып, әлемнің назарын аудармаған-ды. Зерттеуші М.Шоқайдың 1941 жылы желтоқсан айында қайтыс болғанға дейінгі оқиғалардың ізімен жүріп, оны өзара байланыстыра білуі, тарихи деректерді терең талдауы, әлемнің түкпір-түкпіріндегі бірнеше пікірлерді салыстыра алуы ғалымның тақырыпқа терең бойлағандығын айғақтайды.

Екіншіден, автор М. Шоқайдың Алаш қайраткерлеріне деген айырықша құрметін, олармен рухани үндестігін, небір қыспаққа қарамастан өзара сенімде болғандығын дәлелдей білді. Қазақ жоқшысы М.Жұмабаевтың

Қырағы Тянь-Шань менен Памир, Алтай,

Күтеді көптен сені қарай-қарай.

Кене мен Абылайдың жолын қумай,

Жапанда жабығудың мәні қалай – деген өлең жолдары (272 б.) немесе 1927 жылы күз айларында М.Дулатов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ә.Бөкейхановтардың Мұстафа туыстарын іздеп Наршоқыға баруы тұлғалар арасындағы ішкі бірлікті, нағыз қазақылықты дәлелдейді.

Ал кітаптың орталық кейіпкері ше? Оның Х.Досмұхамедовпен 1920 жылдардағы құпия байланыстары, Ғ.Бірімжанов Германияға барған кезеңдегі Мұстафамен кездесуі, оны С.Қожановқа хабарлауы, Ә.Қашаубаевтың 1925 жылы Парижде М.Шоқаймен жүздесуі, т.т. біраз мәселенің бетін ашады.

М.Шоқай кеңестік биліктегі С.Сәдуақасқа, С.Қожанұлына, С.Меңдешұлына, Т.Рысқұловқа, С.Асфендияровқа ерекше ілтипатпен қараған. Оның Тұрардың «Түркістан Кеңес Республикасын» құру ұсынысын Түркістанды құру жолында жасалған әрекеті, Санжардың қасіреті «халықтан революцияға» баратындығында емес, керісінше революциядан халыққа баруға тырысуында деген бағалаулары – қазіргі кезеңде көпке түсінікті. Ал С.Қожанұлы «халқы үшін қам жеп, еңіреп туған азамат», С.Сәдуақас та сондай тұлға, С.Меңдешұлы да «Сұлтанбек пен Смағұл тәрізді, қайраткер» деп қорытуы артында қалған азаматтарға жасалған үлкен сенім дегеніміз

жөн.

М.Шоқай Алаш қайраткерлері үлгісінде ұлт зиялысын қалыптастыру мен тәрбиелеуді елдің болашағы ретінде көре білді. Ол таза «Батыс тәрбиесін алғандар рухани жағынан өз халқына өгей болып қалады» сондықтан «батыс білімін» «шығыс рухымен ұштастыру» қажеттігін дер кезінде ашық айтты. Бұл мәселе бүгінгі жағдайда да өз маңыздылығын жойған жоқ.

Үшіншіден, зерттеу еңбегінде автор Мұстафаның біртұтас Түркістан, барлық түрік халықтарының бірлігі идеясына назар аударады. Сөз жоқ, ғалымның «М.Шоқай өз тарапынан Анадолыдан Алтайға дейінгі аумақты қамтитын алып империя құру идеясын ешқашан ұсынған емес» деген қорытынды пікірі бүгінге дейін Мұстафаның ішкі сырын түсінбеушілерге жауап деуімізге әбден болады. М.Шоқай түрік халықтарының өз ерекшеліктерін ешқашан жоғалтпауын армандады. Соның жолында 1936 жылы Берлин қаласында Түркістан жастары алдында сөйлеген сөзінде «Сендердің бірліктерің, сендердің бір-біріне күш қосуларың еліміздің бақытына қызмет етпек... Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан беру - бәрімізге бір мақсат» деп жар салады. М.Шоқайдың алдына қойған түпкі мақсаттарының бірі де Кеңес Одағындағы түрік халықтарының ұлт-азаттық қозғалысының заңдылығын батыс елдердің тануы, оған моральдық қолдау көрсетуі болатын.

М.Шоқайдың тар жол, тайғақ кешу жылдарында көтерген мәселелері, ұлы армандары, қазіргі таңда толық жүзеге асып жатыр. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың әлем елдерімен тығыз қарым-қатынасты дамытуда көп векторлы саясатты ұстануы өзара бірімен-бірі үндесіп жатыр. Бір кезеңдегі Украина Халық Республикасының Сыртқы істер министрі А.Я.Шульгиннің «азат Түркістанға басшылық ету жазғанда М.Шоқай Ататүрік ізімен жүретін еді, бірақ оған түгелдей еліктемес те еді. Ол азат Түркістан өзінің ұлттық кескін-келбетін сақтай отырып, басқа мемлекеттермен бәсекелестікке қабілетті болу үшін батыс елдерінен көп нәрселерді үйренуі тиіс» дегені бүгінгі күн шындығына айналды.

Төртіншіден, алғаш рет Мұстафа Шоқайға қатысты деректер мен барлық тілдегі зерттеулер, оның мақалалары тұңғыш рет бір орталыққа жинақталып, сыни тұрғыдан ой елегінен өткізілді. Бұл арада К.Есмағамбетовтің бірнеше шет тілдерін білетіндігі жұмыстың сапалы орындалуына оң ықпалын тигізді. Соның нәтижесінде М.Шоқайдың Кеңес өкіметі орнауы кезіндегі қоғамдық саяси қызметі, шетелдік кезеңнің толық көрініс таппаған тұстары, фашистік Германияның оны өзіне тарту әрекеттері, тұлғаның фашизмге көзқарасы, өлімі мәселелері жан-жақты ашыла түсті. Соның ішінде 1940 жылға дейін жұмыс жасаған Түркістан Ұлттық Бірлігінің, оның орталықтарының қызметтері нақты деректер негізінде оқырманға жетті. Әсіресе ТҰБ-ң баспасөз органдары – «Нени Түркістан», «Яш Түркістан» журналдары, оның әрбір беті жаңаша талдауға

ие болды. Журналдар Үндістан, Ауғанстан, Сирия, Финляндия, Франция, Италия, АҚШ т.б. көптеген елдерде қолдан-қолға таралып, оқылған. Жаңа мұрағаттық деректер Мұстафа фашистік Германияға қызмет етті дегенді толық жоққа шығарды. Автордың «оның Түркістан легионына» қатысының жоқтығы айдан анық деуінің жөні бар. Өйткені Германияның «саяси мұрағатындағы» Түркістан легионының құрылуына қатысты 1941-1942 ж.ж. бұйрықтарда, есепті баяндамаларда, анықтамаларда т.б. құжаттарда М.Шоқай аты мүлде аталмайды. Мұндай мәліметті КСРО мемлекеттік Қауіпсіздік министрлігі өзінің Берлиндегі 4 оперативтік секторының 2 бөліміне М.Шоқайға байланысты жинақталған «Наличие компрометирующих материалов» деген құпия сұрауына да алады. Олай болса, автордың М.Шоқай немістермен қарым-қатынаста тұтқындағы Түркістан азаматтарын (1941 жылы 13 желтоқсанда бір ғана Польшаның Ченстахов лагерінде ашыққан, ауруға шалдыққан 32 мыңнан астам түркістандықтар болған ) аман сақтауды және өз арманы Түркістан тәуелсіздігі идеясы үшін пайдалануды көздеді деген қорытынды пікірі толық қолдауға тұрарлық. Еңбекте Түркістандықтарды ашық майданға шығарып, қырғынға айдауды үгіттеуге көнбеген М.Шоқайды Шығыс министрі Розенбергтің тапсырмасы бойынша у беріп өлтіргені анықтала түседі.

Бесіншіден, ғалым бүкіл Түркістан жұрты қамын жеген М.Шоқайдың азаматтық, қайраткерлік, кісілік келбетін сомдай білді. Оның мінез көрсету, астамшылық, билікқұмарлық, сияқты қасиеттерден биік болғандығы, сын пікірді қабылдай біліп, «өзін кінәсізін деп санау жақсылықтың белгісі емес» деген принципті ұстануы, «Алла елімнің тәуелсіздігіне қол жеткізгенін көруді нәсіп етсе, мен тек үгіт-насихат ісімен ғана айналысар едім» деген арманының өзі ұлттық идеологияны зерттеушілерге қазіргі таңда аса маңызды.

Қорыта келгенде, ғылыми зерттеу тарих ғылыми-ойының әлемдік деңгейдегі талабына сай ұлт тарихын жазар ғалымдар үшін үлгі аларлық сүбелі еңбек. Қыр баласы Мұстафаның әлемдік биіктегі тұлғалар қатарынан көрініп, алған асулары мен халқы үшін жасаған жанқиярлық еңбектері ұлтын сүйер бүгінгі азат ұрпақ үшін ауадай қажет. Халқын сүйіп, болашағын күйтесе көзі ашық оқырман Мұстафадан үлгі алсын, Мұстафадан ел сүю дәстүрін үйренсін. Ғалым К.Есмағамбетов ізденісі, сөз жоқ, жоғары бағаға лайықты.

## АТЫРАУ ҒАЛЫМДАРЫ МҰСТАФА ШОҚАЙҒА ТАҒЫМ ЕТТІ

### Әбілсейіт М.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің  
профессоры, тарих ғылымдарының докторы

Ел тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында Атырау мұнай және газ университетінің профессор-оқытушылары еліміздің индустриалды-инновациялық дамуы бағдарламасына сәйкес Франция Республикасында болып, Франция мұнай және жаңа энергия көздері институты мен IFP Training орталығы ұйымдастырған «Мұнай өнімдері және оны өңдеу әдістері» тақырыбында біліктіліктілігін арттырып қайтты. Иссапар барысында Мұнай және жаңа энергия көздері институты директорының халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары Юланда Рондот атыраулықтарды арнайы қабылдады. Кездесуде Француз институты мен Атырау мұнай және газ университетінде жүргізіліп жатқан ғылыми-зерттеу жұмыстары талқыланып, профессор Е.Ғ. Ғилажевтың жанар-жағар май сапасы, профессор А.К. Ақжігітовтің мұнайдан сапалы май алу мәселелері бойынша зерттеу нәтижелері талқыға салынды. Қорытындысында өзара бірлескен зерттеулердің маңыздылығына назар аударылды. Кездесу барысында 1923-1941 жылдар аралығында Францияның Ножан-Сюр-Марн қаласында тұрған әлем таныған қазақтың біртуар қайраткері Мұстафа Шоқай туралы ақпарат беріліп, оған барып тағзым ету әр қазақтың парызы екеніне назар аударылды. Содан француздардың қолдауымен атыраулық ғалымдар Ножан-Сюр-Марн қаласына аттанды. Қала Париж қаласының шығысында Марна өзені жағалауында орналасқан, орталықтан не-бәрі 10 шақырым, біз дәріс алған Рюэль-Мальмезон қаласынан 30 шақырым қашықтықта екен. Мұның өзі Мұстафа Шоқайдың сол кезеңде саяси эмигранттардың орталығы саналған Парижге таяу, жұмыс жасауға қолайлы шағын қаланы таңдағанын айғақтайды. Қаланы біраз аралап, Мұстафа Шоқайдың тұрған үйі орналасқан Скуар до ла Фонтен көшесіне де жеттік. Үлкен көшенің екіге бөлініп, оның мектеп және полиция бөлімшесі орналасқан жағындағы Мұстафа үйінің жанындағы биіктеу төбешік арнайы атамызға сақталған секілді. Міне, осы жерде Қазақстанның Премьер-министрі Иманғали Тасмағамбетов, Қазақстанның Франциядағы төтенше және өкілетті елшісі Ақмарал Арыстанбекова және Ножан әкімі Жак Мартан 2001 жылы 18 қазанда Шоқайға арнап белгі тас орнатса, кейін Қазақстан Мәдениет министрі Мұхтар Құл-Мұхамед келіп, Шоқай мүсіні тұрған саябақты ашқан. Саябақ қазір Францияның картасына енгізілген. Бұл белгі Шоқайды еске алатын Берлин қаласындағы бейіт басына орнатылған белгіден кейінгі Еуропадағы екінші орын болды. 2015 жылы Францияға келген ҚР Мемлекеттік хатшысы Гүлшара Әбдіхалықова Мұстафа Шоқай

саябағына арнайы келіп, Франциядағы қандастарымызбен кездесіп, ел атынан алғысын білдірген. Міне, ендігі кезек атыраулық ғалымдарға бұйырды. Біз де сонау қазақ даласынан келіп, Қазақ тәуелсіздігіне бар өмірін арнаған атамыздың қадір – қасиетін сезіндік, ата дәстүріміз бойынша құран бағыштап, тағзым жасадық. Сол сәтте жанымыздан өтіп бара жатқан мектеп оқушылары «Мұстафа Шоқай» деп әңгімелегенін, ал жол жанында тұрған көлік иелерінің бізге жақындап Қазақстаннан келдіңіздер ме дегенін естігенімізде төбеміз көкке жеткендей болды, француздардың қазақ қайраткерін ерекше ілтипатпен құрметтейтінін сезіндік. II дүниежүзілік соғыс басталған кезеңде Франциядан өзге елдерге қоныс аударған эмигранттарды қолдамаған М.Шоқайға француздардың «Сен неге кетпей қалып қойдың?» дегеніне: «Мен үшін қымбат әрі қасиетті ең бірінші - туған жерім. Екінші - тұрған жерім. Мен осында келгенде жақсы қабылдадыңдар. Қазір сіздермен бір қатардамын. Жауға бірге баруға даярмын. Франция - менің екінші Отаным!» деген жауабын бүгінгі Франция тұрғындары ұмытпаған екен деген қорытындыға келдік. Оған тәуба дедік.

Мұстафа атамыз эмиграцияға кеткен кезеңінде Францияны бекерден-бекер таңдамаған. Белгілі тарихшы, «Әлем таныған тұлға» атты іргелі зерттеудің авторы К. Есмағамбетов жазғандай: «Париж М.Шоқайға саяси қызметін жалғастыруға барлық жағынан ыңғайлы көрінген». Өйткені, аталған қалаға большевизм идеологиясын қабылдамаған, соның ішінде бүкіл Түркістан азаттығы үшін күрескен эмигранттар жиналған-ды. Ножандағы үйінде Шоқай түркі тілдес халықтардың белді өкілдері А.З. Валиди, Абдулкадыр Инан, Садри Мақсуди, Элимардан-бей Топчибашы және өзге де түрік халықтарының тарихы мен мәдениетінің білгірлерімен талай рет кездескен. Осында М. Шоқай Францияның Парламентімен байланыс орнатып, Ресейдің саясаты мен Түркістандағы саяси ахуал туралы материалдар дайындап, Кеңес өкіметінің саясатының ертең өзге де Шығыс елдеріне төнетіндігін ашық жазады. Қайраткер ойының дұрыстығын тарих дәлелдеді де. М.Шоқай Францияда «орыс демократиясының» Түркістан азаттығына кереғар пікірлерін анықтап, олардың бет-пернесін әйгілеп жаза бастайды. К.Есмағамбетов пікірінше, нақ осы кезеңде қайраткерге "неміс агенті», «ағылшын агенті» деген жала жабушылар пайда болған. Соған қарамастан ол Берлинге, Лондонға, Истанбулға, Прагаға, Варшаваға, Бухарестке, Женеваға, Гаагаға, Стокгольмге еркін шығып, ірі-ірі кездесулерге қатысады. М.Шоқай Францияда жүріп барша түрік халықтарының азаттығына күресетін «Түркістан Ұлттық Бірлігі» ұйымының жұмысына белсене араласып, оның Конгрестерін ұйымдастырады. 1939 жылы 24 наурыз-2 сәуір аралығында Берлинде өткізілген Конгресте М.Шоқай төраға болып сайланады. Жиында Түркістанды орыс үстемдігінен құтқару, Тәуелсіз, ұлттық Түркістан мемлекетін құру тәрізді маңызды міндеттер алға қойылады. Парижде тұрып-ақ М.Шоқай осындай бағдарламаларын еш жасырмай Берлинде шыққан «Йени Түркістан», «Яш



Түркістан» журналдарында жариялайды. Ол турасында қайраткер «Мен бұл істі өзімнің тұрақты мекеніме қарай ауыстырғым келіп еді, бірақ ол өте қымбатқа түсетін болды» деп мойындаған болатын. Журналдар Үндістан, Ауғанстан, Сирия, Финляндия, Франция, Италия, АҚШ т.б. көптеген елдерде қолдан-қолға таралып, оқылған. Бір сөзбен айтқанда, Францияда М.Шоқай барша түрік әлемінің қамқоры ретінде әлемге танылды. М.Шоқайдың Лондонға бірнеше рет барып, Король институтында Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалыстар туралы баяндамалар жасауының өзі әлем таныған қайраткерге айналғанын дәлелдейді. М.Шоқайға Францияда жасалған құрмет соны айғақтайды. Қайраткерге бас иген атыраулықтар атамызға көрсетілген құрметті барша қазаққа жасалған құрмет ретінде ұқты. Мұның барлығы ел Тәуелсіздігінің арқасы! Олай болса «Алла елімнің тәуелсіздігіне қол жеткізгенін көруді нәсіп етсе, мен тек үгіт-насихат ісімен ғана айналысар едім» деп армандаған М.Шоқай халқымызбен бірге мәңгі жасайды.

## **М.ШОҚАЙ МҰРАЛАРЫ - ОТАНДЫҚ ТАРИХТЫҢ МАҢЫЗДЫ ДЕРЕККӨЗІ**

### **Жүсіпов С.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Қазақстан тарихы және әлеуметтік - саяси ғылымдар» кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

Мұстафа Шоқай еңбектері отандық тарихтың аса маңызды дереккөздері бола алады. ХХ ғасырдың I жартысындағы Қазақстан мен Орталық Азия елдері мен халықтарының тарихын, интеллектуалдық өмірін көрнекті жерлесіміздің еңбектерінсіз елестету мүмкін емес. Әсіресе 30 жылдардағы Қазақстан мен Орталық Азияға қатысты Кеңестік Ресейдің жүргізген саясатының түпнегіздерін аңдауда М.Шоқай еңбектерінің маңызы зор. Айталық «Яш Түркістан» журналының 1936 жылы №79 санында жарық көрген «Ресейдегі жағдай және біздің міндеттеріміз» атты мақаласында Кеңес елінің ішкі-сыртқы саясатын әшкерелейді. Мақала саяси сипаттағы Кеңес Одағының Ұлттар Лигасына мүше болуына байланысты жазылған. Бұған дейін Кеңес Одағы Ұлттар Лигасын «Зинақорлар ұйымы» деп атаған еді. Мұстафа Шоқай Кеңес Одағының дүниежүзілік төңкеріс саясатын да, сондай-ақ, ішкі саясаттағы жаппай күштеу, мәжбүрлеу арқылы ұжымдастыру саясатын да әшкерелейді. Кеңестік саясат жеке мүлік атаулыны жойып, мемлекет байлығын талан-таражға түсіріп, ашаршылыққа алып келді. Ауыл тұрғындары бұрын-соңды болып көрмеген күйзеліске ұшырады. Мұның ақыры мемлекет шаруалардың үй маңындағы шағын

учаске мен азын-аулақ мал-мүлікке иелік ету құқығын қайтарып берумен аяқталды.

Мұстафа Шоқай Кеңес Одағындағы 30-жылдары басталған саяси қуғын-сүргіннің барысына талдау жасайды. Оның себебін ең бірінші кезекте Сталиннің жеке басының қатыгездіктерінен көреді. Диктатор бұл жылдары билігін сақтап қалу жолында ешнәрседен тайынбады. Әуелі партия қатарын тазалай бастады, комсомолдан да қауіптенуді шығарды. Мақалада «Сталинизм мұнымен де тоқтамады. Ол бүгінге дейін отбасы өміріне араласып, әрбір отбасын үрей құрсауында ұстап келген. Большевик партиясы мен Кеңес үкіметіне өздерінің адалдықтарын көрсету үшін балалар ата-аналарының үстінен шағым айтуы міндеттелген және осылайша тәрбиеленген» [1] деп жазылды. Сталиндік идеология, атеистік саясат сынға алынады. Мұстафа Шоқайдың ойынша, Кеңестік атеистік саясат толығымен сәтсіздікке ұшырап, алғашында дінге және дін иелеріне қарсы жаппай қуғын-сүргінді бастаған большевиктер енді ондай саясаттан шегіне бастады. Мұнымен қатар Сталиндік ұлт саясаты да әшкереленеді. Ресейдегі қалыптасқан жағдайды талқылай келе, автор: «Біздің міндетіміз: уақыты келгенде түркістандықтар ұлттық ту астына жиналып, ұлттық құқықтарын қорғай алатынына біз кәміл сенеміз» [1] – дейді. Мақаланың деректік маңызы кеңес шындығын ашуымен құнды.

Әдетте Кеңестік тарихнамада көрнекті шығыстанушы Радлов туралы айрықша жағымды жазылады. Ал М.Шоқай еңбектерінде Радлов туралы жаңа деректерге тап боламыз. «Яш Түркістан» журналының 1937 жылы №94 санында жарық көрген «Радлов хақында» атты мақаласында осы жылы Кеңес Одағының басылымдарында белгілі түркітанушы ғалым Радловтың туылғанына 100 жыл толуына байланысты жазылған қошеметті мақалалар жарияланғаны туралы айтылады. Мұстафа Шоқай Радловтың белгілі тарихшы екеніне күмән келтірмейді. Алайда оның ойынша, Радловтың орысқа сүйіспеншілігі мен түріктік махаббатын асыра дәріптеу қисынға келмейді. Ол – бар болғаны орыстанып кеткен неміс ұлтының өкілі. Тіпті орыс халқына жоғарыдан менсінбеушілікпен қараған адам және негізгі еңбектерінде неміс тілінде жазған. Автор өзінің 1910 жылдан бастап Радловпен жақсы таныс екенін алға тартады. Радлов оған құқық факультетін тастап, Шығыс тіліне бар деп ұсыныс та жасаған адам. Бірақ ол оның ұсынысынан бас тартады. Мұстафа Шоқай былай деп жазады: «Радлов орыстарды жақсы көрген емес, ол орыстарға жоғарыдан қарап, бойына тоғытпайтын. Оның орыстарды жек көретіні, әсіресе, Дүниежүзілік соғыс кезінде анық көрінді. Ол Ресейдің Германиямен соғысқанына қатты наразы болатын. Мемлекетін құрып берген немістерге қарсы соғыс ашқан доңыздар», – деп, ешбір екіленбестен қатты жазғыратын. Ол ылғи да: «Орыстардың еңсесін көтерген біз – немістерміз. Оларға ғылым жолын ашып берген де біз едік. Ресейде түркітанудың негізін қалаған жалғыз менмін. Ресейде Ислам тарихын үйретуді жолға қойып, қазіргі деңгейге

көтерген де менмін. Енді міне, орыстар менің Германияма қарсы соғыс ашып отыр» деген сөздерді ашына айтатын. Варшаваны Германия әскерлері басып алғаны туралы хабарды Ғылым академиясының кітапханасында естіген Радлов Германияның мемлекеттік гимнінен «Германия бар жағынан басым» [2] деген жолдарды аса бір зор қуанышпен оқығаны бар. Мұстафа Шоқайдың ойынша, Радловты түріктердің де кереметтей жанашыры етіп көрсету артық. Радлов халықтарды күшті және әлсіз деп екі топқа бөлетін. Осы арқылы ол орыстардың бізді билеп-төстеуін заңды құбылыс деп көретін. Әлихан Бөкейхан да Радловты ұнатпаған. Радлов ұлттық мәселелерге келгенде шовинистік позицияда болған.

М.Шоқайдың «Яш Түркістан» журналының 1934жылы №53 санында жарияланған «Мәскеу және Түрік коммунистік партиясы» атты мақаласынан жаңа деректерге қанығамыз.[3] Мақала шағын саяси тұрғыда жазылған. Кеңес Одағындағы Маркс, Энгельс, Ленин институты жанындағы баспадан жарық көрген «Програмные документы Коммунистической партии Востока» атты кітапта Қытай, Жапония, Үндістан, Үндіқытай елдері, Филиппин, Араб елдері, Мысыр, Сирия, Палестина және Түркия коммунистік партияларының бағдарламалары жинақталған.

Мұстафа Шоқайды Кеңес Одағының Түркияға қатысты саясаты қызықтырады. Ресми Мәскеумен Анкара арасындағы қарым-қатынас өзара мүдделі қалыптасқан. 1933 жылы Түркияда түрік республикасының 10 жылдығы бұрын-соңды болмаған салтанатпен тойланды. Кеңес үкіметінің делегациясын бастап барған К.Ворошиловқа Измир қаласының құрметті азаматы атағы берілді. Түрік газеттері түрік-кеңес достығы жайлы жарыса жазды. Кеңес делегациясының басшысы К.Ататүріктің және түрік парламентінің құрметіне тост көтеріп, әскери парадты қабылдады. Алайда дәл осы уақытта Кеңес Одағының басылымдарында антитүріктік «Түркия жұмысшылар табының болашақ диктатурасы», «Ақ террордың түрік коммунистеріне сұрапыл соққысы», «Түрік жастары, оқытушылары және армиясы арасындағы коммунистер әрекеті», «Төңкерісшілдердің түбіне жетіп жатқан кемалшылар зындандары» және т.б баспаға әзірленіп жатқан мақалалар Түркияға қатысты Кеңес Одағының саясатын көрсетеді. Жинаққа қатысты пікірін білдіре отырып, Мұстафа Шоқай «Түркия Коммунистік партиясына мүше болғандардың 90 проценті түрік бұқарасы екенін айта келіп, кітап авторлары түрік компартиясы күллі түрік халқына, түріктің төңкерісшіл демократтарына, жұмысшы, шаруа диктатурасы мен социализм құру жолындағы күресіне басшылық ете алатын деңгейге көтерілді деп пайымдайды. Осы кітапта тағы Түркия коммунистік партиясы кеңестік тәсілмен жұмысшы және шаруалар диктатурасын орнату үшін шарт-жағдай әзірлеуде деп ашықтан-ашық жазылған. Мұстафа Шоқай ойынша, Мәскеу Түрік коммунистік партиясы үшін қамқоршы жәй әншейінгі бір нәрсе емес. Ол ең алдымен Кеңестік Ресейдің Түрік ұлттық төңкерісіне деген

көзқарасын білдіреді. Мақала кеңестік саясаттың екіжүзділігін әшкерелеумен құнды.

Мұстафа Шоқай Шығыс Түркістандағы кеңестік саясаттың шын ниетін көрсетіп, большевиктердің өтірігін әшкерелейді. 27-і қаңтар күні Европа газеттерінде жарияланған Шанхай, Телеграф агенттігінің хабарына қарағанда, Қытай орталық үкіметінің сұрағына жауап ретінде Үрімші губернаторы Шың Шұрын Кеңес үкіметімен тығыз достық қарым-қатынас орнатып, большевиктерден түрлі кәсіптегі мамандар мен қызметкерлер шақырып, «Шығыс Түркістанның экономикалық дамуы» үшін олардан несие ала бастағанын мойындаған [4]. Бұл Шың Шұрын тәрізді бүгінгі Үрімші үкіметі де Мәскеудің уысына түскенін көрсетеді. Мұстафа Шоқайдың ойынша, Шығыс Түркістандағы Қытай үкіметі кеңес одағына ешқандай шарт қоя алмайды, оған шамасы да жетпейді. Автор бұдан әрі қарай өз көзқарасының дұрыстығын халықаралық басылымдарда жариялаған мақалалармен дәлелдейді.

Кезекті жарияланған «Түркістан, Кавказия және Украинаның наразылық хаты» атты мақаласында 1934 жылдың 18 қыркүйегінде Кеңес Одағы Ұлттар Лигасына қабылданғанына қарсылық білдірген Европадағы эмиграциялық Түркістан, Кавказ және Украина ұлттық орталықтары наразылық хаты туралы жазылған. Мұстафа Шоқай бұл наразылықтардың себептерін таразылайды және мәселенің болашағына болжамын білдіреді. Еуропаның және одан басқа дүниенің де қам-қайғысы бастан асқан жағдайда олардың біздің мәселемізбен шұғылдануға уақыты да жоқ. Бірақ қалай дегенмен де Еуропа Ресей тепкісіндегі Украина, Түркістан, Кавказия және басқа да орыс емес өлкелер мәселесімен ерте ме, кеш пе, әйтеуір бір бетпелетін болады. Біз сол күннің тезірек келуінен үміт етеміз. Біздің осы наразылығымыз-да сол күнді жақындата түсудің қамындағы кезекті бір шара. Мұстафа Шоқайдың ойынша, Кеңес үкіметі Ұлттар Лигасына Англия, Франция сияқты беделді рөл атқара алмайды[5]. Оның дәлелі ретінде ҰЛ-н тұрақты мүшелерін сайлау барысында Кеңес Үкіметінің өкілі Литвиновтың ұйым төрағасының орынбасары қызметіне сайланбай қалғанын айтып, Мұстафа Шоқай Кеңес Одағының Ұлттар Лигасындағы рөлінің төмендігін нақты фактілермен дәлелдейді. Мақала «Біздің міндетіміз-бұл жәйттерді атамекенімізде Кеңес диктатурасына қарсы жүріп жатқан ұлттық күресіміздің мүдделеріне пайдалану» деген сөздермен тұжырымдалады.

«Ресейдегі ұлттық мемлекет мәселесіне орай» деген тақырыппен шыққан жарияланғанымы ұлттық саяси мәнді мақала. Славинскийдің жасаған баяндамасына орай Ресей Уақытша үкіметінің бұрынғы төрағасы Керенскийдің жауап ретіндегі мақаласына сәйкес жазылған. Ол Кеңестер Одағы аумағында өмір сүріп жатқан ұлттарды тең құқықты ету үшін жасалатын келіссөздердің негізгі шарттары деп екі мәселені атайды. Біріншіден, келісімге қатысушы тараптар өздерінің көзқарастарына негізделген дәлелдер мен дәйектер арасынан қару қолдануды шығарып

тастауға тиіс. Екіншіден, келісімге қатысушылардың бәрі де ұлттық мемлекеттің саяси тәуелсіздігін қорғауда тең жағдайда болуы шарт. Мұстафа Шоқай Керенскийдің екі қағидасына қарсы шығады, оның себебін де түсіндіреді. Біріншіден, "Керенский мен біз бір-біріне қарама-қарсы екі майданда тұрмыз. Біздің атамекеніміз Керенскийдің ұлты тарапынан бодандыққа түсіріліп, қазір соның тепкісінде жатыр. Егер бүгін Ресей атымен аталмай, Кеңестер Одағы деп аталып отырған болса, бұл істің мәнін өзгерте алмайды. Біздің еліміз қазір де бұрынғы патшалық Ресей шекарасының ішіне алынғаны сияқты, сол Ресей патшасы құрған мемлекеттің езгісінде қалып отыр. Басқаның желкесінде отырған адам астындағы адамның азабын түсіне бермейді. Сол тәрізді халықтарымыз бастан кешіріп жатқан қасіреттерді Керенский де жете сезінбеуі әбден табиғи. Тарихи дамуымыздың қазіргі кезеңінде орыс емес халықтардың мемлекеттігімен тәуелсіздігіне жау жалғыз ғана ел – Кеңестер Одағы. Ендеше біз онымен ешқандай келісімге келе алмайтынымыз өз-өзінен түсінікті дей отырып, Мұстафа Шоқай мақаласында не себептен ұлт мәселесіне қатысты «Британия халықтар одағы» тәжірибесінің Кеңестік Ресейде не себептен жүзеге аспайтындығын дәлелдейді[6]. Британия халықтар одағы құрамындағы басты факторлардың бірі – еркін сауда байланысы болса, орыс халқының әдеті – басқалардың жерін басып алумен қоймай, оны орыс жеріне айналдырып жіберуді көздейді. Сол себепті осындай жолмен біріктірілген мемлекет ішінде ұлттардың ерікті түрдегі тең құқықты одағын құруға ешқандай орын қалмайды деп автор ойын түйіндейді.

«Түркістандағы соңғы террордың жауапкершілігі» деген мақалада Кеңестік Өзбекстандағы мақта шаруашылығының кеңестік тәжірибелеріне орай, осы жылы Өзбекстанда мақта тапсыру жоспарының орындалмай қалуына байланысты басталған қуғын-сүргін науқанына қатысты жазылған. Мемлекеттік жоспардың орындалмауы кеңестік тәжірибеге қатысты болғанымен Өзбекстан басшылары Файзолла қожа мен Камал Акрам оны «Ұлтшыл дұшпан элементтерден», «Жаңбырлы көктем мен ерте келген күзден көрді». Ташкенттен шығатын «Қызыл Өзбекстан», «Правда востока» газеттері осыған байланысты «Қылмысты істерді» жариялайды. М. Шоқай осыған байланысты басталған террорға жауаптылар ретінде Мәскеу алдында дәрменсіз Өзбекстан басшыларын атайды. Алайда автор «Кінәсіз түркістандықтардың атылуына Мәскеудің қызыл диктатурасы тікелей жауапты. Ал Файзолла қожа мен Камал Акрамдар сол диктатураның сойыл соғырлары ретінде көрініп жүрген бейшара жандар»[7] дейді. Мақалада М. Шоқай Түркістанның құрамдасы Өзбекстан материалдары негізінде 30-жылдардағы кеңестік шаруашылықтың кеселді тәжірибелерін өткір сынға алынып, Орталықтың алдындағы кеңестік республикалардың дәрменсіздігі дәлелдейді. Сондай-ақ Кеңестік Өзбекстан басшыларының өз халқын қорғай алмаған шарасыздығы атап көрсетіледі.

«Қоқан автономиясы (1917-1937)» атты публицистикалық мақаласы

Қоқан автономиясы үкіметінің 20-жылдығына арналып жазылған. М. Шоқай Қоқан автономиясына қатысты өзінің естеліктерімен бөліседі. Қоқан автономиясы өте күрделі саяси-әлеуметтік жағдайда пайда болды. Үкімет 1917-жылдың 10-желтоқсанында құрылып, 1918 жылдың 13-ақпанында таратылды. Қоқан үкіметінің не офицері, не ақшасы, не әскері болған жоқ. Почта, телеграф, темір жолдардың бәрі де жау қолында болатын. Осындай жағдайда дүниеге келіп, осындай қысқа ғана ғұмыр кешкен Қоқан үкіметі Түркістан халқының ұлттық талаптарын қанағаттандыру жолында көзге көрінерлік ешқандай бір жұмыс тындыра алмағаныны табиғи еді. Тіпті, бұл үкіметтің осындай жағдайда құралып, 64 күн өмір сүре алуының өзі таңқаларлық құбылыс деуге болады. Осыған қарамастан ол Орта Азия халықтарының тарихында өшпес із қалдырды. М. Шоқай ойынша, Қоқан автономиясы Түркістан мәселесін түпкілікті шеше алмайтын еді, ол тек Түркістан азаттық қозғалысының алғашқы қадамдарының бірі ғана болды. Қоқан автономиясының ерекшелігі сол уақыттағы Орта Азиялық түркі халықтарының бірлігінің көрінісі болды. М. Шоқай мақаласында Кеңес өкіметінің арада 20 жыл өтсе де автономия туралы айыптауларын тегін емес деп атап көрсетеді [8].

Мақалада 1937 жылғы бүкіл Кеңес Одағы сияқты Қазақстанда басталған кеңестік қуғын-сүргіннің саяси мазмұнына талдау жасалған. М.Шоқай пікірінше, Мәскеу үкіметі әлі күнге дейін Қоқан автономиясы көтерген идеялардан қауіптенеді. Сондықтан мақалада «Егер Мәскеу мұндай қауіпті көрмегенде, сезбегенде, Түркістанда тәуелсіздіктің қадір-қасиетін енді-енді түсіне бастаған, тіпті түсінуі мүмкін деген сөз адамдарының бәрін аяусыз тазаламас еді. Мәскеу осы адамдардың бәрін дерлік біздің ата-мекеніміз сыртындағы ұлттық-ұйымымыз «Яш Түркістан» мен Қоқан үкіметінің бұрынғы басшысымен байланыстырып, солардан нұсқау алып отырды деп айыптады. Мұның өзі біз жүргізіп келе жатқан қызметтердің қаншама ықпалды екенін тағы бір дәлелдеп отырған тәрізді» деп жазылған.

Түйіндей келгенде Мұстафа Шоқай ғылыми еңбектерінің ХХ ғасырдағы отандық тарих үшін деректік маңызын шағын мақала көлемінде түгелдей қамту мүмкін емес. Болашақ зерттеушілер тарапынын бұл мәселе кәсіби түрде кешенді қолға алынуы қажет.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. М. Шоқай Таңдамалы шығармалар: Үш томдық. 2-т. – Алматы: «Қайнар» баспасы. – 2007ж. – 157 бет.
2. М.Шоқай Таңдамалы шығармалар: Үш томдық. 2-т. – Алматы: «Қайнар» баспасы. – 2007ж. – 262 бет.
3. М.Шоқай Таңдамалы шығармалар: Үш томдық. 2-т. – Алматы: «Қайнар» баспасы. – 2007ж. – 14 бет.
4. М.Шоқай Таңдамалы шығармалар: Үш томдық. 2-т. – Алматы: «Қайнар» баспасы. – 2007ж. – 68 бет.

5. М.Шоқай Таңдамалы шығармалар: Үш томдық. 2-т. – Алматы: «Қайнар» баспасы. – 2007ж. – 111 бет.

6. М.Шоқай Таңдамалы шығармалар: Үш томдық. 2-т. – Алматы: «Қайнар» баспасы. – 2007ж. – 250 бет.

7. М.Шоқай Таңдамалы шығармалар: Үш томдық. 2-т. – Алматы: «Қайнар» баспасы. – 2007ж. – 70 бет.

8. М.Шоқай Таңдамалы шығармалар үш томдық. 2том, Алматы «Қайнар» 2007ж.274 бет.

## **МҰСТАФА ШОҚАЙ ЕҢБЕКТЕРІ ЗАМАНАУИ МӘНМӘТІНІНДЕ (КОНТЕКСТІНДЕ)**

**Жусупбекова Б.А.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Мұстафа Шоқайтану» ғылыми-зерттеу орталығының маманы, тарих ғылымдарының магистрі

*Атамекенді сүю-оның тұтас мүддесіне қызмет ету,  
осы жолда әрқашан қызмет етуге, керек болса жанпанда  
қылуға даиын тұру болып табылады.*

**М. Шоқай**

«Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тарихының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоямыз, оның рухын, тынысын сезінеміз» [1]. Түркілік тарихымыздағы аса көрнекті тұлға Мұстафа Шоқайұлының рухани мұрасы мен ой пікірлері, күрескерлік көзқарасы оның қайраткерлік бар күш-жігері Түркі халықтарының азаттығы мен тәуелсіздігі үшін күреске жұмсалды. 1936 жылы Берлин қаласында Түркістан жастарының алдында сөйлеген сөзі Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан беру - бәрімізге бір мақсат... деп шегелейді. Сонымен қатар, еуропа және шығыс тілдерінде - орыс, ағылшын, француз, поляк, шағатай тілдеріндегі мақалалары халықаралық саясат пен ішкі жағдайдың өзекті мәселелері жөнінде мақалалары, көптеген еңбектері эмиграциялық басылымдарда жарық көрді және әр түрлі газет журналдарында жарияланып тұрды [2]. Мұстафа Шоқайдың еңбектерінде қазақ тілінде 86 мақаласы, орыс тілінде 500-ден астам, ал ағылшын тілінде жарық көрген мақала саны 7 және өзге (грузин, неміс, өзбек, поляк, түрік-шағатай, француз) тілдердерінде жарық көрген мақалалары жинақталған. Мұстафа Шоқайдың еңбектері бірнеше елдердің мұрағат қорларында сақтаулы. Түркия, Польша, Германия, Ресейде сақталған мұрағат

материалдарымен бірге Сорбоннадағы мұрағаттық қор мұстафатану ғылыми бағытының деректемелік негізін құрайды [3].

1917 жылы маусым айынан бастап Ташкентте М.Шоқайдың «Бірлік туы» газеті шығып тұрған. 1918 жылы Ташкентте орыс тілінде шығарылған «Свободный Туркестан» («Азат Түркістан») үнқағаздың барлық шығынын М.Шоқайұлы өз мойына алды және оның беттерінде өзі де түрлі бүркеншік есімдермен мақалалар жариялап тұрды. Сондай-ақ 1919 жылы солтүстік кавказдықтар Тблсиде орыс тілінде Түркістан мен Украина ұлттық орталықтарының материалдық жәрдемімен шығып тұрған «Вольные горцы» - («Еркін таулықтар»), «На рубеже» - («Шепте»), журналдарында М.Шоқайдың «М.Жанай» және «Жәлил» деген жасырын есімдермен мақалалары жарық көріп отырды.

Орыс тіліндегі шығармалары негізінде Керенскийдің «Дни», Милуковтың «Последние новости» газеттерінде жарияланған. Француз тіліндегі мақалаларының басым көпшілігі «Прометей», «Ориен е Оксидан» журналдарында жарық көрген. Ағылшын тіліндегі мақалалары «Азиаттық Ревью» («Эйшатик Ревью») секілді журналдарында жарыққа шығарылған.

Қазіргі таңда Мұстафа Шоқайдың Таңдамалы шығармаларына Үш томдығы /Шағатай тіл жазуынан қазіргі қазақ тіліне аударған Айтан Нүсіпхан.-Алматы:Қайнар, 2007жыл. Бұл туындысы үш томнан құралған:

1 том: М.Шоқайдың мақалалары;

2 том: Түркістан ұлт-азаттық қазғалысының тарихы және саяси ахуалдар;

3 том: 1917 жылғы естеліктер; «Советтер қол астындағы Түркістан», Хаттары; жарық көрген [4].

Мұстафа мұраларын жариялаудағы үлкен серпін Мұстафа Шоқай шығармаларының толық жинағы он екі том: Алматы: Дайк-Пресс, 2012. Халқымыздың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері тарих ғылымдарының докторы, профессор Көшім Есмағамбетовтың құрастыруымен, жинақтауымен жарық көруі болды. Көшім Есмағамбетов 1960 жылы Мәскеу қаласындағы П.Лумумба атындағы Халықтар достығы университетінде оқып жүрген кезінде Мұстафа Шоқайдың есімін алғаш рет естіп, университет кітапханасында Францияның археологы, белгілі дипломаты Жозеф Кастаньенің «Қазақ-қырғыз таңбалары» деген мақаласынан Мұстафа Шоқайдың өмірбаянын оқып, танысқандығы жөнінде ол уақыттарда Мұстафаның есімін атауға болмайтын заман болса да соған қарамастан ұлы тұлғаның өмірі мен шығармашылығы туралы тарихи деректерді жинақтауды және зерттеу жұмыстарымен шұғылдандуды сол мезеттен бастаған. [5].

Елімізге белгілі қоғам қайраткері, ғалым Мұстафа Шоқай мұраларын кеңінен зерттеуші, тарих ғылымдарының докторы, профессор Көшім Лекерұлы Есмағамбетов ағамыздың тікелей мұрындық болуымен қатар және өзі ғылыми жетекшілік жасаған 2016 жылы 22 қыркүйекте Қызылорда қаласы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде



«Мұстафа Шоқайтану» ғылыми-зерттеу орталығы ашылды. Орталықтың негізгі мақсаты: Мұстафа Шоқайдың мұраларын зерттеу, іргелі және қолданбалы ғылыми-зерттеулер жүргізу. Сонымен қатар білім алушы студенттерге, магистранттарға, доктаранттарға және барлық зерттеушілерге Мұстафа Шоқайдың рухани және ғылыми мұраларын зерделеп, оның қайраткерлік тұлғасы мен шығармашылығын тың деректер арқылы ғылыми тұрғыда толыққанды жеткізу. Орталықта 8 планшет орнатылған Онда Мұстафа Шоқайдың ғылыми мұраларын насихаттауға арналған құнды фото және мұрағат материалдары, сонымен қатар Мұстафа Шоқай мұрасын зерттеушілер: тарих ғылымдарының докторы, профессор К.Л.Есмағамбетовтың, саяси ғылымдарының докторы, профессор Ә.Қ.Бәкір және Мұстафа Шоқай атындағы қоғамдық қор төрағасы Б.А.Атабаевтың сонымен қатар отандық және шет елдік авторлардың қаламдарынан шыққан еңбектерімен топтастырылған. Орталықтың қазіргі таңда жүргізіп жатқан жұмыстарына қысқаша тоқталсақ:

- Мұстафа Шоқай және қазақ зиялыларының мұралары бойынша іргелі зерттеулерді ұйымдастыру және іске асыру.

- Жас ұрпаққа түркі халықтарының көсемі Мұстафа Шоқайдың мол мұраларын таныстыру, насихаттау үшін университеттегі бакалавриаттың гуманитарлық-педагогикалық мамандықтары студенттерінің оқу үдерісіне “Шоқайтану” арнаулы курсы енгізіліп, оқытылуда.

- «Мұстафа Шоқайтану» ғылыми- зерттеу орталығы жоғары оқу орындары мен облыстық арнаулы және орта оқу орындарымен шығармашылық байланыс жасауда.

- 2017 жылдың 14 желтоқсан күні «Мұстафа Шоқайтану» ғылыми-зерттеу орталығы Жас ұрпаққа өнеге Алаш ардақтысы, саналы өмірін қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркі тектес халықтарының азаттығы жолында арпалыс күреспен өткізген, Алаш қайраткері М.Шоқайдың 1899-1902 жылдары оқыған бұрынғы Перовск училищесі,(Қызылорда қаласы) қазіргі күні «Аль-Асад» сауда үйі орналасқан ғимараттың қабырғасына мемориалдық тақта орнатылды.

- Бүгінде орталық қызметкерлері мен ғылыми кеңес мүшелері әріптік реттілік бойынша «Мұстафа Шоқай (1890-1941 ж.). Энциклопедиясын дайындау мақсатында жұмыстар жасауда.

- Қазақстан-Қызылорда телеарнасы және орталық ғалымдарының ұйымдастыруымен «МҰСТАФА ШОҚАЙ» айдарымен арнайы телехабар бағдарламасы ашылды. Университет ғалымдарының қатысуымен «Мұстафа Шоқай: отбасы және балалық шағы», «Мұстафа Шоқай және Петербургтегі кезең», «Қазақтың ұлттық интеллигенциясы. Мемлекеттік Дума және Мұстафа Шоқай» тақырыптарымен сұхбат берілуде.

- Орталық қызметкерлері білім алушылардың зерттеу жұмыстарына жетекшілік жасап және М.Шоқай мұраларын зерттеу бағытында магистрлік жұмыс дайындалуда.

Қорыта айтқанда Мұстафа Шоқайдың еңбектері халқымыздың өткен жолын тарихи шындық тұрғысынан қарастыруға және жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу үшін аса құнды қазына болып табылады. М.Шоқайдың ғылыми мұраларын жарыққа шығарып оны халық арасында насихаттау мен іргелі зерттеулер жүргізуге «Мұстафа Шоқайтану» ғылыми-зерттеу орталығының көп үлес қосары сөзсіз.

***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Назарбаев Н.Ә. Жасай бер, тәуелсіз Қазақстан! Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты мәжілісте сөйлеген сөз // Егемен Қазақстан. – 1998.16 желтоқсан.

2. С. Ибрашұлы. Мұстафа Шоқайұлы «Сыр дария» газеті баспа кәсіп орны, 1993, 43б.

3. Мұстафа Шоқай: библиографиялық көрсеткіш. Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы, 2015.- 414б.

4. Мұстафа Шоқай таңдамалы шығармалар Үш томдық. Алматы «Қайнар» 2007ж.

5. К.Есмағамбетов. М. Шоқай Шығармаларының толық жинағы: 12 томдық . Алматы, 2012ж.

## **МҰСТАФА ШОҚАЙ ҚЫЗЫЛ ИМПЕРИЯНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖҮРГІЗГЕН САЯСАТЫ ТУРАЛЫ**

**Еркебаева К.М.**

М.Шоқай атындағы №187 орта мектебінің тарих пәні мұғалімі

Тәуелсіздік мерекесі – бүкіл қазақ халқы үшін, барша қазақстандықтар үшін ерекше мереке. Өйткені, ол мемлекетіміздің өз саясатын дербес, өз еркімен жүргізуге қабілеттілігінің мерекесі. Әңгіме біз солай ете алдық па, әлемдік қоғамдастықтан өз орнымызды ала алдық па, олар бізді егемен ел ретінде таныды ма, сонан өрбуі керек. Мәселені осылай қойсақ, оған «иә» деп айтуға толық құқығымыз бар. Еліміздің тарихын зерттеушілердің айтуынша, тарихымыздың көптеген ақтаңдақ беттері әлі ашылмаған, олардың бәрін халық біле бермейді, себебі, өз тарихымызды біз әлі жүйелі көрсетіп жатқан жоқпыз. Ол туралы кешенді көзқарас қалыптаспаған, мамандардың ортақ ұстанымдары да жоқ. Шын мәнінде ұлт тарихының ақтаңдақ тұстары алдыменен анықталуы, оқылуы керек. Өйткені, жастардың ұлттық тарихи санасы білім беру жүйесінде қалыптасады. Ендеше, тарихи таным мен сана қалыптастыратын тарих, басқа да гуманитарлық ғылымдарға деген көзқарасты өзгерту – бүгінгі қажеттіліктердің бірі. Осы методология тұрғысынан келер болсақ, бізге тәуелсіздікке дейінгі тарихымыздың жарқын беттерін де, жанға батар жағымсыз тұстарын да ашық жазуымыз керек.

Кезінде одақтық деңгейде ұстанған саясатымыз бізге Алаш қозғалысын, ашаршылық жылдарын, өткен ғасырдың 30-шы, 50-ші жылдарындағы нәубетті жан-жақты жазуымызға мүмкіндік бермеді. Ұлттың ұлттық санасының қалыптасуына ерекше мән берілуі керек. Ұлттық сананың негізі – тарихи таным, тарихи сана-сезім. Сен өзіңнің қайдан шығып, қалай жаратылғаныңды білмей, бұл өмірге келуіңнің мақсатын да түсінбейсің. Сондықтан түбінді білуің керек. Ұлттық тарихи сана-сезім қалыптасуы үшін мұның бәрі алдымен оқулықтарда қамтылуы, іздемей-ақ табатын жерлерде болуы тиіс, ал біз мұның бәрін іздеп жүріп табуға мәжбүрміз, кейде таба да алмай жатамыз. Жаңарған қоғамның жастары жаңа ұлттық саясатты түсінуі және білуі – уақыт талабы. Ұлттық саясат – бір мемлекетте тұратын әртүрлі этностардың, этностық топтар мен диаспоралардың арасындағы қарым-қатынастарды реттеу. Өркениетті мемлекеттерде ұлттық саясат этносаралық татулық пен қоғамдық келісімді сақтауды және нығайтуды мақсат етеді. Сондықтан ұлтаралық қатынастарды, ұлт мәселесін және ұлттардың өзін-өзі билеуі мәселесін шешуге, реттеуге бағытталған ұлттық саясатқа деген зәрулік әлем мемлекеттерінің басым көпшілігіне тән құбылыс. Ендеше, оны біздің Қазақстан да айналып өтпейді. Осы тұрғыдан алғанда жастар арасында қазіргі ұлттық саясат жүргізудің бір әдісі – оларға басқалардың құндылықтарына еліктеп кетпейтіндей деңгейде ұлттық болмысымызды насихаттай білу. Әрине, бұл – олар басқа ұлт пен ұлыстардың озық үлгілерін үйренбесін, олардан тыс қалсын деген сөз емес. Бұл жердегі басты мақсат – тұтастық, бірлік, елдік мәселесі. Елімізде тарихи сананы қалыптастыру – ел бірлігінің кепілі, ол тұтас руханиятқа жеткізеді. Елдегі қазақтар әртүрлі тілде сөйлеп отырса, дүние жүзіндегі қазақ үш әліпбиді пайдаланып отырса, дініміз де бөлініп, жіктеліп, әртүрлі пиғылдағылар әсіреңкі істерімен тыныштығымызға іріткі салса, тұтастық қайдан болады, тұтас руханият қалай қалыптасады. Ол үшін бүгінгі заман, бүгінгі қоғам, бүгінгі ұлттық сана қандай, соларға көңіл аударғанымыз жөн. Себебі, тарихи санамыздың қалыптасуына біздің қандай заманда өмір сүргеніміз әсер етпей қоймайды. Ал ұлттың санасы өзінің тарихын түсініп, ұғынып және ұғындырып жүре алатындай деңгейде болуы керек. Ұлттық сананың жетілуінің бір белгісі ұлттың өзін-өзі анықтауы. Көне қазақ танымында бұл мәселе «жеті атасын білмеген – жетесіз» делініп, арғы тарихпен ұштасқан. Ендеше, арғы тарихымыз қандай; қандай елде тұрып жатырмыз; дәстүрлі және заңды ұстанымдарымыз, мемлекеттік нышандарымыз қандай? – деген сұрақтарға жауап іздеуіміз, анықтылығымыздың басы болса керек. Біз де осы қисынды басшылыққа алып, жауап іздеп көрелік. Тарихтың ар жағында тек өткен жылдар мен көнерген ғасырлар тұрған жоқ. Ұлттың болмысы, санасы, дәстүрі мен салты, кәсібі, ұстанымы, т.б. да бірде кетіліп, бірде жетіліп осы ғасырлармен бірге жасасып келеді. Бәрінен де бұрын тарих – тәрбиеші, ұлттың бағдаршамы, жол сілтеушісі. Бағдары жоқ ел де, оның азаматтары да тарих айдынында компассыз жүргендермен тең. Олай болса біздің жас ұрпақ

тарихтың бетін қалқымай, оған тереңірек үңіліп, тарихтың талай асауларға бас үйреткенін, тәубесіне түсіргенін, жуасытқанын білулері керек

“Орда босап орнынан,  
Болмай қалды сапамыз.  
Тау ұшқандай орнынан,  
Босап қалды ортамыз...”  
(Халық жоқтауынан)

Қазақтың аяусыз қырғынға ұшыраған аса қасіретті, тарихи қаралы кезеңі, ұлт ретінде тұтастай жойылып кету қауіпі төнген ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы қызыл империя ұйымдастырған “аштық саясат” (Мұстафа Шоқайұлы) – нәсілшілдік геноцид. Мұстафа Шоқайұлы айтқандай, қазақ ұлтын “коммунистің “балғасымен” жаншып, “орағымен” орып тастау” көзделді.

Қазақ жері сияқты географиялық ұлан-байтақ кеңістікті мыңдаған жылдар бойы игерген, климатына, ауа райына сәйкес шаруашылығы мен тұрмыс-салт дәстүрі қалыптасқан көшпелі елдің мәдени дүниетанымы мен кәсіби күн көріс жүйесін эволюциялық жолмен емес, революциялық жолмен бірден өзгеріске түсіру – ұлтты саналы түрде орны толмайтын шығынға душар етті. Ресей империясы өз мүддесі тұрғысынан ХІХ ғасырда Қазақ Даласын ғылыми зерттеген Щербина, Л.К.Чермак, А.В.Переплетчиков, Кузнецов, т.т. “есебіне” сүйеніп, қазақтың санын кемітіп жазуға, “артық жер” үлесін көбірек алуға жан таласа кірісті. 1896-1903 жылдардың аралығында Щербинаның экспедициясы құрамында болған Әлихан Бөкейхан егін салуға қолайлы құнарлы жерлердің топырағын аударып жыртудың ауа-райының жағдайына байланысты табиғатқа зияндылығын дәлелдеді. Өйткені Сарыарқаның соққан жел екпінің күштілігі сондай – аударып жырту әдісін қолданған жағдайда тың жердің жоғарғы қабатындағы 15 сантиметр қара топырақты ұшырып әкету қауіпі барын, егер бұл шарт орындалмаса, таяу жылда Дала табиғаты құлазып, жердің құнарлы бетін ұстап тұрған өсімдік әлемінен ажырап, эрозияға ұшырауы әбден мүмкін екендігін Әлекең ғылыми уәжбен тұжырымдаған еді. Қазақ Даласының соқа тимеген тың өлкелеріне патша үкіметі ішкі Ресейден келімсектерді шегірткедей қаптатып, қоныстанушылар арқылы отарлау саясатын тереңдете түсуді қарқынды жүргізді. Қоныс аударушылар үлесіне тиген аудандардың егіске жарамды-жарамсыздығына қарамай жырттып, қысқа ғана мерзім аралығында жердің түгін кетіріп, ақ топыраққа айналдырып сақараның сәнін қашырды. Көздің жауын алатын құба жон, жапан түздің табиғи көрік келбеті мен өсімдіктер әлемінің танауды қытықтап, ерекше сезімге бөлейтін жұпар иісі, аққу қонып, қаз ұшқан мөп-мөлдір көлдері, жырттылып-айырылған аң-құстары қандай ғажайып сурет еді! Даланың ажарын кетіріп, сүреңін қашырған жаттың пейілі мен ниеті, сұғанақ көзі мен қиянат қолы тигеннен киесі мен берекесін қашырды. Жайылым тарылып, төрт түлік мал азайды, қазақтың күннен күнге күйі тайды.

Қызыл империя Орта Азияда ең әуелі көшпелі қазақтарды, ішінара қырғыздарды аштан қатыруды мұрат тұтты. Көшпелі елді отырықшыландыру барысында коммунистер “қазақ пен қырғыз тосын жағдайға бейімделе алмай, ұжымдасып өмір сүруге көндікпей қырғынға ұшырады” деген қауесет таратып, билік өзін жауапкершіліктен ақтап алудың амалын алдын ала ойластырып қойды. Оған салыстырмалы мысал арқылы өз топшылауын дәйектеуді де көшпелілердің ауыздарына салды. “Орта Азиядағы өзбек, тәжік ағайындар аштан неге өлмеді?” деген сауал тастап, оған берер жауабы да дайын еді. Өйткені ол халықтар ежелден жерді емген диқаншы, еңбекпен жанын бағатын жасампаз, ал қазақ пен қырғыз малдың соңында жүрген “дайын асқа тік қасық” масыл дегенге сайды. Сондықтан бұл ұлысты мәдениетке тартып, отырықшыландыруға мәжбүрлеп едік, тағылыққа үйренген жабайы жұрт еңбек еткеннен аштан қатқанын тәуір көрді. Қазақ, қырғызға көрші отырған төрүк тектес ұлт пен ұлыстар да аштық деген болған жоқ, – деп қызыл саясат бар пәлені қазақ, қырғыздың өзіне аударып салды.

Империя орыстың түбі бір туысы славяндар ішіндегі өзінен кейінгі сан жағынан басым ұлт украиндарды да аяған жоқ. Украиндардың саясаттағы белсенділігі мен азаттық аңсаған ұстанымы өзін гегемон санаған революциялық қозғалыстың ұйытқысы орыс шовенистеріне ұнаған жоқ. Сондықтан туыстық жақын, тарихи тағдыры бір, тілдік ара жігі шамалы ұлтты әкімшілік-билік ресурсын пайдаланып ассимиляцияға түсіріп, орыстандырып жіберуді көксегендер оп-оңай деп жорыды.

Қазақтың ұлт ретінде тірі сақталуы – алаш арыстарының төккен қасиетті қаны мен терінің қайтарымы. Оны бүгінгі ұрпақ ешқашан естен шығаруына болмайды. Өйткені Алаш ұранын көтерген көсем тұлғалар тарих құрсағы мың жылда бір толғататын ұлтын өрге сүйреген ақыл-ой қазынасы еді. Бұл білімпаз жандар ат үстіндегі көшпелі елді бас-аяғы оншақты жыл ішінде ұлттық құндылықтары таласқа түскендей дүрмекте ешкімге дес бермейтін саясат сахнасында белсенді, рухы өжет азаматтарды тәрбиелеп өсірді. Қызыл империяның этникалық-рухани отарлауды мақсатты жүзеге асыруға кешенді қауырт кіріскен өткен ғасырдың 20-30-жылдары алаш арыстарының тәлім-тәрбиесін бойына сіңірген шәкірт буын оқығандар ұлт мүддесіне лайықты қорғаныш бола білді. Кеңестік идеология бұрынғы Алашорда өкіметіне мүше болғандар мен әйтеуір оған қатысы барлардың азаматтық көзқарасына саяси сенімсіздікпен күдіктене қарады. Әкімшілік-билік мүмкіндіктерін асыра қолданған кеңестік идеологтар қазақ қоғамын, жергілікті коммунистерді “ескішіл көзқарастағы, түп төркіні, тегі бай-манаптан тарайтын зиянды элементтерден, алашордашыл, ұлтшылдардан” тазарту деген большевиктердің нұсқауын сылтау ғып, ел-жұртына шын жаны ашитын отаншыл азаматтардың арасына от жағу, арына тию, “әшкерелейтін қарсы деректер” жинау, жалған айып тағу, алдап-арбау, өсек тарату, басқан ізін аңду, қудалау, нақақ жазалау, арандату, т.т. адам құқын

аяққа таптаған заңсыздықтар арқылы қырғидай тиіп, сағын сындырды. Кеңестік саясат қалыптастырған қоғамдық ахуал ұлттық мүддемен тіпті де санасқысы келмей ашық жаншып тастауды көздеді. Мемлекет жазалаудың адам төзгісіз жабайы, тағы әдіс-тәсілдерін қолданса да алаштың ардақтылары идеялық ашық айқаста қарсыластарына мойынсұнбай ұлы мақсат жолында адалдығын танытты. Алаш оқығандары кеңестік идеология саласындағы қызметтің барлық түрлерінен шеттетіліп, абақтыдан абақты, жер аударылу, концлагерьлердегі азаптаулар, атылу жазасына кесілген ақырғы сәтінде де дұшпанына басын иемей, еңсесін тік ұстап, қасқайып қарсы тұрды. Қоғам өмірінде үстемдік еткен төтенше жазалау жүйесінің қалыптасқан бақылауына қарамай алаштың арыстары жергілікті билік орындарындағы сенімді серіктері арқылы астыртын идеялық ақыл-кеңес беруді тоқтатқан жоқ. Әлбетте, 20-жылдардағы қазақ даласындағы кеңестік “аштық саясатының” зардаптарын жою мен елді аман сақтап қалуға алаш арыстары тікелей атсалысты.

Бұл ретте қызыл коммунистердің орталықтан жүргізген билігінің ықпалымен 1918 жылдан бастап қазақтың Сырдария облысы (оның құрамына кәзіргі Қызылорда, Шымкент, Жамбыл, Ташкент облыстары енетін) мен Жетісу облысы (кәзіргі Алматы, Шығыс Қазақстан облысының бірсыпыра жерлері және Қырғызстан толық енетін) Қазақ автономиясынан бөлініп, Түркістан автономиясының құрамына енді. Бұл біріншіден, Кремль басшыларының өте белсенді қазақтың жақсысы мен жайсаңдарының негізін құрайтын бұрынғы алашордашыларды бөліп тастауды көздесе, екіншіден, қазақ жерінің аумақтық меншігін саяси кесіп-пішу мүддесі алдағы күн тәртібіндегі жоспары еді. 1924 жылы Түркістан автономиясын таратып, жаңадан межелеуге байланысты бес ғасыр бойы қазақтың бас қаласы атанған Ташкентті Мәскеу саясаткерлерінің ұйымдастыруымен өзбектің иелігіне бергізді. Қазақ автономиясы басшыларының бірі, коммунист Сейітқали Меңдешұлы бұған ішкі наразылығын ашық білдіріп: “Ташкенттен айырылу – қазақтың басынан айырылғанмен пара-пар”, – деуі соның нақты айғағы. Мұны айтып отырғанымыз кеңестік “бөлшекте де билей бер” саясаты – ұлт мүддесінің органикалық бірлігін бұзумен қатар қоғам өмірінің әлеуметтік-шаруашылық, мәдени-рухани саласының барлық буынында авантюралық іріткі салып, адастырумен болды.

Алайда қайда жүрсе де алаш азаматтарының жүрек түкпіріндегі алаңдатқан маңызды мәселе – ұлт тұтастығы, ұлт мүддесі болды. Сондықтан қазақ жеріндегі “қолдан жасалған аштықты” олар ұлттық апат деп түсінді. Ажал құрсауындағы ел-жұртын құтқаруды перзенттік парызы санаған Ташкенттегі Халел Досмұхамедұлы бастаған алаштың айтулы тұлғалары “Ақ жол” газетінде үндеу жариялап, көмек қолын созып, атқа қонды [1].

Қазақтың досы – қазақ, қазаққа – қазақтың ғана жаны ашитындығын қиын-қыстау шақта алаштың оқығандары ісімен дәлелдеп, қыр өлкесіндегі ауыл-ауылдың тұрғындарын ажал ауызынан құтқарып, елге ес болды. Олар

Түркістан азық-түлік комитетін құрып, автономияға қараған ауқатты қазақтың сезіміне тиіп, аштық жайлаған аудандардағы хал үстінде жатқан бауырларына қайырымдылық көмек беруін жария етуі мұң екен, аянып қалған ешкім болмады. Түркістан азық-түлік комитетінің ұйымдастыруымен жауапты азаматтарды ел ішіне арнайы жіберіп, жиналған астық пен аяқты малды аштық жайлаған аудандарға дереу жеткізу жолдарын қарастыруды қатал қадағалау тапсырылды. 1921-1922 жылдары Жаһаншаһ Досмұхамедұлы Түркістан азық-түлік комитетінің тапсырмасы бойынша Қаракол (Пржевальск) қаласында болып, Қазақстанның ашаршылыққа ұшыраған солтүстігі мен батыс облыстарына жиналған ішім-жем, ас-ауқат жіберумен айналысты. Ашаршылық дерті кең өрістеген әрбір өлкеге ас-су, талғажау етер тамақ жеткізетін жауапты азаматтар бөлініп, қандастарының шығынын азайтуға, шыбын жанына араша түсуге орасан зор септігі тиді. Алаш арыстары ашыққан қырғыз бен башқұртты алаламай, бірдей көмек беруді туысқандық парызы санады.

Аштық тұтқынындағы қазақтың мейілінше титықтаған, арыған, аянышты халі, ақыл-есінен айырылған құбыжық кейіпі – кеңестік қызыл империя саясатының шектен шыққан “зұлымдығы” екінші дүниежүзілік соғыстағы фашистік концлагерь азабынан асып түскендігіне дәлел. 1921 жылғы қазақ еліндегі аштықты көзі көрген Ахмет Байтұрсынұлы сұм дүлейден соры қайнаған жұртының тартқан азабын бірге шеккендей күй кешіп, жан дүниесі аласұрды. Ел басына төнген қайғы-қасірет ұлттың ары Аханды өңінде де, түсінде де еш маза бермеді[2].

Қайран елін қынадай қырған коммунистік зорлық-зомбылықтың күйігі қысқан Аханның сүйектен өтетін ащы сауалынан В.И. Ленин жауап қатуға дәті жетпей, тайғанақтап, сырғанақтай берді. “1921 жылғы қарашаның 16-сында Берлинде шығатын “Новый мир” журналының 244-нөмірінде А. Байтұрсынұлының шағын мақаласы (сірә, көшіріп басқан) жарық көрді, – деп жазады шет елде эмиграцияда жүрген Мұстафа Шоқайұлы. – Соған қарағанда, қазақ жеріндегі қазіргі ашаршылықтың себептері мынада: 1) жұт, малдың көктайғақтан қырылуы; 2) 1920 жылы қатал қыстың ерте түсуі; 3) пішеннің жетіспеуі, жайылымның тақырлығы, өйткені мұның алдында бірнеше жыл қатарынан шөп шықпаған болатын. Басқаша айтқанда, қазақ халқының бұл қырылуы табиғаттың қолайсыз құбылыстарының кесепаты деп көрсетілді”.

Мұстафа Шоқайұлы бұл жазылған жайға сын көзімен қарап, ондағы деректерге бірсыпыра толықтырулар жасайды. Онан әрі ол: “1918 жылы бүкіл жаз бойы және 1918-1919 жылғы қыста мен Торғай, Орал және Закаспий облыстарындағы қазақтардың ортасында болдым. Бұлар (Торғай және Орал облыстары) кеңес газеттерінің мәліметтеріне қарағанда, және өз көзіммен көргенімді айтсам (мен қазақтардың ең шалғай қоныстарына дейін бардым), сол жылғы жазда шөп бітік шыққан еді. Пішен молынан дайындалды.

Қазақтар бір ғана нәрседен қорықты: 1917-1918 жылдардың қысында “тәжірибе” бойынша жергілікті большевиктердің малды Қызыл армияның пайдасына алу пиғылы және актөбелік Скулкин дейтін уездік халық комиссары сияқты заңсыз тартып алу ниеті елді қатты алаңдатуда...”. Демек, әлгі “Новый мир” журналындағы келтірілген дәйектің шындыққа мүлдем жанаспайтын қисынсыздығы аңғарылады. Саяси күрестің қазанында қайнаған Мұстафа Шоқайұлы дос пен дұшпанын сөз ләмінен ажырататын сұңғылалығы тәнті етеді.

“Мен большевик Сафаровтың айғақтарына сүйенемін, – дейді Мұстафа Шоқайұлы. – Ол – ВЦИК-тің Түркістан істері жөніндегі арнаулы комиссиясының мүшесі. Сафаров былай деп жазады (“Правда”, №133, 20-маусым, 1920 жыл): “Бұл жерде социалистік декреттер” қабылданғанымен (бұл хұқ барлық атқару комитеттеріне берілгенді) олар сөз жүзінде қалған, ал іс жүзінде “национализациялау”, “конфискелеу” деген сылтаумен жер-жерде малды халықтан зорлықпен тартып алу орын алған. “Перовскіде (Сырдария облысы) патша жендеті Гержот деген билік етуде. Ол тұтас бір халықты – қазақтарды қырғынға ұшыратты. Соның кесірінен бір миллиондай қазақ аштан өлді”, – дейді одан әрі Сафаров...”. Большевик Сафаровтың жазғанына қарағанда, бір ғана Сырдария облысында 1920 жылы миллион қазақ аштан өлді. Бұл дегеніңіз бес жылға созылған екінші дүниежүзілік соғыста опат болған қазақтардан екі есе көп. Демек, тек қана Сырдариядағы ашаршылықтан бір-ақ жылда қаза тапқандар саны осындай болса, сол тұстағы қалған жеті губерния бір уездегі қазақтың шығынын көзге елестетудің өзі жантүршігерлік оқиға. Сонда екінші дүниежүзілік соғыстағы мерт болғандардан кеңестік аштықтың бізге тигізген зауалы жүздеген есе зор екен. Осы миллиондаған қазақтың көз жасын бір жерге жинаса кәдімгідей ащы көл пайда болар еді. Қазақты миллиондап жалмаған саяси тапсырыс Құдайдан да қорықпады. Малы жоғалса іздеу салатын қазақтың қисапсыз шашылған мәйіті көмусіз, сұрауы жоқ, жабулы қазан жабулы күйінде ұзақ уақыт қала берді[3].

Мұстафаның Ахмет туралы пікірінің кіршіксіз тазалығы, қоспасыз мөлдірлігі сондай – елден жырақта, жат жерде жүрсе де, алдағы тағдыры не боларын сезсе де, адамгершілік ар-ұжданына қылау түспейтін ақ-адал екендіктеріне мәңгі сенген, осы кісілік қасиеті – олардың биік парасатының, даналық жаратылысының, көреген көсемдігінің айғағы. Оған Мұстафаның “Ол [А. Байтұрсынұлы – А.Мек.] қандай лагерьді жақтаса да, біздер қазақ зиялылары, оның көзқарастарының мөлдір екеніне күмән келтірмейміз”, – деп алыстағы Еуропада жүріп шын жүректен ақ жарма сырын ақтарып салуы куә. Кеңестік идеологияның ақиқатты бұрмалауға шебер, дағдылы машығына бұрыннан қанық Мұстафа қорыта келе: “Ал қазір “Новый мир” журналында жарияланып отырған “Қазақ жеріндегі ашаршылық” деген мақаланың авторы – шынайы Ахмет Байтұрсынұлы емес. Оның мақаласын кеңестік цензураның 99 процентке өзгертіп жібергені аңғарылып тұр,



өйткені Ахмет Байтұрсынұлы ешқашан айтқан фактілерге қарама-қайшы келмейді”, – деп түйіндейді. Аңызға айналған Мұстафаның ішкі интуициясы, терең білімпаздығы, көкірек көзі – Ахаңның шығармашылық қолтаңбасын жаулары теріс айналдырып басқанмен оның айнытпай танитындығын және тіл ұшына оралған пікірін сабақтап қағазға түсіруі қандай ғанибет. Күллі төрүк жұртын құшағына сыйғызған дархан, нағыз отаншыл, ержүрек кемеңгердің осы пайымдауларынан сол сәттегі ішкі жан дүниесіндегі сапырылысқан сезім ағымдары мен қиялындағы қым-қуыт ой-армандарын аңғартатын ірі тұлғасы, күрескерлік кесек бітім-болмысын кескіндейтін бейнесі сомдалып тұр.

Сонымен, Мұстафа Шоқай еңбектерінен біз жастар, оқушылар Кеңес үкіметі құрылғаннан бастап қазақ халқына зорлық-зомбылық, аштық нәубетін әкелгенін 1920-1921 жылдардағы ашаршылық 1930-1931 жж. қолдан жасалған ашаршылық, Ф.И. Голощекиннің «Кіші қазан саясатының» қазақ халқына тигізген әсерін, 1937-1938 жылдардағы Алаш азаматтарын, көзі ашық қазақтың зиялыларын қырып жою туралы алыс елде жүрсе де, өз халқының қамын ойлап, мұңын жақтаған аяулы азаматымыз осы кезде Қазақ елінде болып жатқан оқиғаларды «Жас Түркістан» журналында өзінің ойларын жариялап отырды. Бұдан біз Мұстафа Шоқай атамиздың өз елінің қамын жеген біртуар азамат екендігін байқаймыз. Мұстафа Шоқай атамиз тек қазақ халқының ғана емес бүкіл дүние жүзіне белгілі патриот, ұлтжанды азамат.

***Пайдаланған әдебиеттер:***

1. Байбот Кошым-Ноғай Серікбай-ұлы. "Мұстафа Шоқай. Түркістанның қилы тағдыры". Алматы, "Жалын", 1992.
2. Әбдіуақап Қара. "Мұстафа Шоқай", Алматы, "Арыс", 2004.
3. "Мұстафа Шоқай. Тандамалы" (аударып құрастырған Айтан Нүсіпхан), 1-2 том, Алматы, "Кайнар", 1998-1999.

**МҰСТАФА ШОҚАЙ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ЖАСТАР ТӘРБИЕСІНДЕ  
АЛАТЫН ОРНЫ**

**Ержанова А.А.**

М.Шоқай атындағы №187 орта мектебінің мұғалімі

Алаш алыптарының ақтангері, қоғам қайраткері, ұлт мақтанышы - Мұстафа Шоқай. Қазақ халқының тәуелсіздік идеясын көтерген, бүкіл саналы өмірін осы ұлы мұратқа арнаған күрескерлердің қатарында Мұстафа Шоқайдың еңбегі ерекше бағалы. Бұлай деуіміздің бірнеше себебі бар.

Біріншіден, ол 1921 жылдан 1941 жылға дейін өз елінен жырақта, Батыс Еуропада өмір кешті; саяси ақуал қыспағы зардабынан шет мемлекетте қоныс тепкен алғашқы қазақ мұғажыры болды. Тіпті біздің тілдік қорымызға мұғажыр (ел ауып кеткен) деген сөздің өзі осы отаншыл азамат өмірі мен қызметіне байланысты еніп отыр деуге де болады.

Екіншіден, Мұстафа Шоқай – түрік халықтарының мүддесі үшін күреске ақыл – ой, күш – қайратын қалтқысыз жұмсаған қайраткер.

Үшіншіден, ол – осы жолда қанша қиыншылық, таршылық көрсе де, алған бетінен қайтпаған, атақ, маңсап, жайлы мекен, жақсы тұрмыс үшін ар – ожданнның, сенімін саудаға салмаған кесек тұлға.

Төртіншіден, Орта Азиядағы жеке ұлт, ұлыс болып саналатын қазақ, өзбек, қырғыз, түркмен, қарақалпақтарды «түркістандықтар» деп атап, осы ұғымды дәйекті түрде қалыптастырған да, ең алдымен, Мұстафа Шоқай болатын. Оның бұл терминді қолдануы Ресей империясының отары болып, бас еркінен айрылған халықтардың ежелгі тегі мен түбірін жаңғыртып, олардың тарихы да, тілі де, діні де тығыз байланысты екенін әйгілеген, талай жандардың санасын түрікшілдік мұратымен нұрландырған елеулі оқиға... Мұстафа өзіне қаншама қуғынмен жаза төніп тұрған кезде де түркістаншылдық бағытынан зәредей де шегінбей, ерліктің, намысшылдықтың, өрліктің теңдесі жоқ үлгісін көрсетті. Ол Махамбет ақынның « қабырғасын бір – біртіндеп сөксе де, қабағын шытпас ер керек, біздің бүйткен бұл іске» деп айтқанындай, хас қаһарманның мінезін танытты. Мұстафа Шоқайдың шет елдерде жүріп, большевиктердің кесапатын әшкерелеген, түркістандықтар намысын жыртып, отандастарын азаттық кемелдікке, күреске шақырған мақалалар мен зертеулерді мыңмен жалғыз алысқан эпос пен ертегі ерлерінің әрекетін еске салады.

Мұстафа Шоқайдың «Жас Түркістан» журналының беттерінде, «1917 жыл естеліктерінен үзінділер» және «Советтер қол астындағы Түркістан» деген еңбектерінде жүйелі, дәйекті көтерілген тақырыптың бірі – большевизмнің Түркістанға салған сойқаны мен зорлығының зардаын сынау. «Түркістанда мақта төңірегіндегі күрес» (1929) деген мақаласында ол Кеңес үкіметінің Орта Азияны мақта өсіретін аймаққа айналдыру саясатының себебі мен жергілікті халыққа бұдан келетін қиындықтың түрлерін баяндайды. Автордың түпкілікті ойы Түркістанда бірыңғай мақта егу дәстүрлі диқаншылық жүйесін бұзатынын, астық өнімі күрт азайып кететінін дәлелдеуге саяды... «Астық тапшылығы салдарынан Түркістан 1918 – 1919 жылдар аралығында 2 миллионнан аса адамның айрылды», - деп жазады ол. Бұл жағдай Кеңес дәуірінде жарық көрген кітаптардың ешқайсысында айтылмаған «құпия» еді. Кеңес үкіметін басқарушылардың Орта Азия республикаларын мақта өндіру орталығы етеміз деуінің ақыры кейіннен Сырдария мен Әмудария өзендерінің суын жоғарыдан байлап, ысырып етіп, ғасырар бойында толқыны тулап жатқан Арал теңізінің құрып

кетуіне тікелей себепкер болғанын бүгін әлем жұртшылығы біледі. Ал кезінде мұндай қауіп боларын еске салғанда ауыр жазаланған еді [1,4 б].

Мұстафа Шоқай шығармаларын оқи отырып, біз кешегі Кеңестік дәуірде Түркістан халықтарының басына түскен озбырлықтарын оннан бірінде білмей келгенімізге көзіміз жетеді. Кеңестік насихат ұзақ жылдар бойында жақсыны жаман, жаманды жақсы деп ой санамызды әбден шатастырып үлгергенін сезгендей боламыз. Халқының шын перзенті, асыл азаматтың нақтылы құжаттарға сүйеніп, жүрек қанымен жазғандай еңбектері кеңестік жүйенің кеселдерін танып, түсінуге көмектеседі; келешек буындардың да ұлттық санасын оятуға қызмет етеді. Бұл туындылардың азатшыл ойдың энциклопедиясы деп қарасақ та артық емес. Солардың ішінен, бүгінгі жамағатшылық, алдағы уақыт үшін мәні ескірмейтін кейбір тұжырымдардан үзінді келтірсек дейміз.

«Кеңес үкіметінің ұлттық саясаты – басынан аяғына дейін ұлттық езу, қанау саясаты. Түркістандағы «ұлттық республикалар» дегеніміз сырты жылтырап, іші қалтырап тұрған мәнсіз, мағынасыз бірдеңелер екенін кеңес баспасөзінің өзі де теріске шығаруға дәрменсіз.»;

«1917 жылғы қарашада өткен Кеңестер конференциясын да түркістандықтарды басқару ісіне жолатпау туралы қаулы шығарылды.»;

«Түркістанның қазақ бөлігіне орыс мұжығы селдей қаптауда. Орыс мұжығына көбірек жер алып беру, сонымен бірге орыс мұжығын Түркістанға көбірек орналастыру үшін Кеңес үкіметі өзінің «көшпенді және жартылай көшпенді тұрғындарды алдымен орналастыру» туралы шығарған қаулысынан бас тартты.»;

«Қазір большевиктер айтып жүрген уағыздар жаңалық емес.

Ол – Столипиннің: «қазақтарды емес, қазақтардың тың жатқан жерлерін ойлау керек. Қазақстан жерлерін тек қазақтардың өздеріне қалдыру Ресей үшін кешірілмес күнә болар еді», - деген сөзінің екінші нұсқасы.»;

«Ұранымыз Түркістан – түркістандықтардікі» болуы тиіс. Халқымыздың бақыты иен гүлденуі сонда ғана қамтамасыз етіледі. Қасқырға қой баққызатын аңқау заман өткен;

«Мәскеу большевиктері біздің ұлттық рухымызды өшірумен ғана шектелмейді. Олар, бәрінен бұрын біздің өзімізге түрікшілдікті және кемалшылдықты ең жексұрын, ең залалды нәрсе деп көрсетуге тырысады.»;

«Түркістандықтардың өз ішінде Түркістанмен шекаралас Ауғанстан, Иран және Шығыс Түркістанда Америка мектептерін ашуға ұрынып жүргендер бар. Біздің мұндай пікірді шығарушылар арандату мақсатын көздеп отыр. Өйткені Иран, Ауғанстан және Шығыс Түркістанда Америка миссионер (Америкалықтар Азияда басқаша түрдегі мектеп ашпайды) мектептерінің ашылуы көрші отырған мұсылман елдерімен арақастынасты бұзуға апармай қоймайды.»;

«Большевиктер «отарлық құлдықта»деп есептейтін үнділер Үндістанның тәуелсіздігі хақына шет елдітермен ашық сөйлесе алады. Кеңс ұлттық республикасындағы халықтар тәуелсіздік туралы жұмған аузын аша алмайды. Олар тек Мәскеуде бекітіліп, рұқсат етілген «рухпен» ғана сөйлесуге мәжбүр.»;

«Түркістандықтардың көбісі 1917 жылғы революцияны Ресей мен түркістанның ара жібін айрыған 1916 жылғы көтерілістің заңды жалғасы деп қабылдаған еді. Әттең, бұл қуанышымыз ұзаққа созылмайды. Революция үмітімізді ақтамады, сенімінен айырды, алданып қалғанымызды айқын көрсетті.»[2,16 б].

2015 жылы Мұстафа Шоқайдың туғанына 125 жыл толды. Тәуелсіздік жылдары есімі елге оралған Мұстафа Шоқайдың аты қазір жиі аталып, мұрасы бірте - бірте туған халқының игілігіне айнала бастады. Біз Мұстафаны әлі де тани қойғанымыз жоқ. Әрине ,ол туралы кинода түсірілді,роман да жазылды.Оның өмірі мен қайраткерлік қырын зерттеген еңбектер де жарық көрді. Алайда,асыл азаматқа деген кеңестік қоғамда қалыптасып қалған түсініктің әлі де болса көбесі сөгіле қоймағандығын байқаймыз.

Мұстафа Шоқайдың шығармаларын жинаудың өзі де ерекше қажыр – қайратты қажет еткенін айтпай кетуге болмайды. Оның біразды Париждегі Шығыс тілдері мен өркениеттері институтының кітапханасында сақталған. Қалған еңбектері Түркияның, Ресейдің, Өзбекстанның, Қазақстанның, Польшаның, Америка құрама штаттарының Ұлыбритания мен Грузияның мұрағаттары мен кітапханаларын, сирек қорларынан табылған. Олар қазақ, орыс, шағатай, түрік, француз, ағылшын, неміс, поляк, грузин тілдерінде жарық көрген түпнұсқа еңбектерін құрайды. [3, 8 б]

Жақында Мұстафа Шоқайдың 12 томдық кітабы тұңғыш рет жарық көрді. Бұл – әлемнің бірден – бір елінде көп томдық. Ал 2-11 – томдарын Мұстафа Шоқайдың еңбектері құрайды. Шоқай студент кезінен – ақ баспасөздің қоғамның саяси және мәдени өміріне тигізер ықпалы мол, дәрмені күшті екені байқаған еді. Сол себепті ол кей кезеңдерде баспасөз тірлігінен қол үзбеген. 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін Түркістанда атқарған қауырт жұмыстары кезінде де мақала жазуға уақыт бөлді. Ол Ташкентте ұлттық орталықтың төреғалығымен қатар «Бірлік туы» газетін басқарып жүрді. Большевиктер Түркістанға өз билігін орнатқаннан кейін Тбилесей мен Бакуге барып уақытша тұрақтағанда баспасөзге мақала жазу мен қатар журналдар да шығарды. Тбилесейде біреуі түрік тілінде екіншісі орыс тілінді шығуына мұрындық болды. Тбилесей большевиктердің қолына өткеннен соң, Стамбулға кетіп бара жатып жолшыбай біраз күн Батумиге аялдады. Бір жергілікті газетке Тбилесейдегі саяси жағдайға бірнеше мақал жазып үлгерді. Содан ағылшындардың қол астындағы Стамбулға өтіп бірнеше апта «Таймс» газетіне мақалалар беріп тұрды. Шет елдегі өмірінің соңғы аялдамасы – Париж қаласында Шоқайдың саяси шығармашылық

тәжірибесінің шырқау шегіне жеткені байқалады. Шоқай өз өмірінің ең қасіретті ауыр күндерін бастан өткерген тұтқын лагерінде өткен жұмыстары кезінде де естеліктермен алған әсерлерін қағазға түсіре білді. Міне, тап осы кезеңде, немістерге Түркістанның мәдени және философиялық қырын таныстыру үшін «Түркістан» атты мақала жазды. Мария әрі Шоқайдың мұрасына құрметпен қарап, оның қиын қыстау кезеңдердегі ой сезімдерінің іс түссіз жоғалып кетуіне жол бермеді. Мұстафа Шоқай: «жаман ұлттар жоқ, жаман адамдар жоқ, мейірімді мемлекеттер жоқ, мейірімді адамдар бар», - деп тегін жазған жоқ. Ғұламаның ғазалға бергісіз ғазиз ойларының кейбірі ғана бізге аман жетті. Жетпегені өртеліп желге ұшып кетті. [4, 12 б]

Шоқайдың тағы бір қыры ол – қазақтың тіпті Алаштың тарихында саяси эмиграцияны алғаш бастаған тұлға. Оған дейін біздің тарихымызда шет елдерден шыққан адамдар болғанымен, саналы түрде күрес жүргізу үшін эмиграцияға кеткен тұлғалар болған емес.

Ақиқат жаршысы, ұлт жанашыры бола білген ерекше тұлға. М. Шоқай туралы зерттеу. Сөйтіп тің туындылар Мұстафатану ілімін толықтыра түсетіне сенімдіміз.

Қорыта айтқанда, бүкір түркі халқының азаттығы жіне бостандығы мен қатар, олардың мәңгі бірлігі үшін күрескен, сол үшін бүкіл ғұмырында құрбан еткен тарихшы, саясаттанушы, публицист, тұңғыш халықаралық деңгейдегі саяси сарапшы, патриоттық рухта тәрбиелеуге үлесі қомақты екендігіне күмән жоқ.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Рахманұлы Б. Мұстафа Шоқайдың асыл арманы. Қазақ газеті, 2008. 21-28 қараша. [1, 46]
2. Шоқай М. Түркістан үшін. Таңдамалы мақалалар жинағы. Астана, 2015. [2, 16 б]
3. Ысымұлы А. Мұстафа жолы. Зерттеулер мен арнаулар жинағы. Астана, 2015. [3, 8 б]
4. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. - Алматы, 2013. [4, 12 б]
5. Есмағанбетов К.Л. Әлем таныған тұлға. Алматы: Дйк-Пресс, 2008.
6. Бәкір Ә. Қазына // Өске өңір. - 2015. №19.
7. Бәкірұлы Ә. «Франц» операциясы. Қызылорда: Тұмар, 2010.

## МАРИЯ (ЖАҚЫПҚЫЗЫ) ШОҚАЙ

Қалдыбек А.

Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, Айдарлы ауылы

Мария Яковлевна Горина дүниеге келген ХІХ ғасырдың 1888 жылы, ғасырлар тоғысы қарсаңында патшалық Ресейдегі буржуазиялық жүйенің тозығы жетіп, қоғамда әртүрлі көзқарастардың белең алған кезеңі болатын. Бұл Ресей халықтары және онымен көршілес жатқан елдер үшін, патша үкіметі отарлау саясатын үдете түскен қасіретті жылдар еді. Соның салдарынан әртүрлі қоғамдық саяси қозғалыстар пайда болды. Олардың басында большевиктер, меншеравиктер, эсерлер т.с. ірілі-ұсақты партиялардың белсенділері мен жетекші көсемдері өз идеяларын жүзеге асыру үшін жанын жалдап, тақсыретін бейбіт халықтардың мойнына салды, аяушылық дегенді білмеді. Зұлымдық пен қаскөйліктің, қантөгістің шегі болмады. Мемлекеттік жүйенің бүлінгені сонша 1911- жылы 1-қыркүйекте (Киевте) эсер Д. Г. Богров Ресей министрлер Советінің председателі әрі ішкі істер министрі Петр Алексеевич Столыпинді атып өлтіреді. (ксэ 10т 423 б)

Мария Яковлеваның жастық шағы осындай ертеңгі күнге үміт арта алмайтын аласапыран заманға тура келді. Өмірдің ащы-тұщысының қазанында қайнап өсті. Москваның өнер институтынан дәріс алды. Тағдыр айдап Ташкентке келген кезінде Мұстафамен танысады.

-Мен Мұстафа Шоқайды генерал Сақыпкерей Еникеевтің (қазан татары) қасында таныстым. 1916 жылы мобилизацияланған жұмысшылардың бас көтеруі болды. Көтеріліс басылғаннан кейін Түркістанға Петербургтен Мемлекеттік Думаның мүшесі А. Ф. Керенский мен сенатор Тевкелев бастаған тексеру комиссиясы келді. Мұстафа осы комиссияның құрамында тілмаш болатын. Осы комиссияның Түркістандағы тексеру жұмыстары кезінде ол біздің үйге бірнеше рет келген еді, біз оның Ташкент гимназиясында оқыған кездегі достарымен бірге қызықты күндер өткізгенбіз. Еникеевтің балалары онымен жолдас еді. Мұстафа ол кезде Петербургте оқитын. Ол Астаналық модамен өте әдемі киінген, тәрбиелі екендігі көрініп тұратын. Өте ұқыпты болатын. Оның қасында жүру өте қызықты көрінетін, - деп жазады Мария Шоқай өзінің Менің Мұстафам атты естелік кітабында.

Содан Мұстафа Петербург университетін бітіріп келгеннен кейін 1919 ж. 18 сәуірде үйленеді. Марияның христиан дінінде болғанын Мұстафа қаламайды. Мұстафаның талап етуімен Мария мұсылмандықты қабылдап, сол күні екі өзбек жігітінің куәлік етуімен ескі Ташкент қаласының имамы некесін қиады. Сол күннен бастап Мария Шоқай атанды.

Бұл күндері тарихшылардың жазып-та, айтып та тауыса алмай жүрген, жеткізе алмай жүрген Мұстафа Шоқай құндылықтарын ерте танып

мойындаған, сол үшін өз өмірін арнаған Мария Яковлевна үлкен жүректі адал жар болды. Мұстафананың қарым- қабілеті тасыған, халықшыл қайсар ерекшелігі мен төңірегіндегілерге жел болып тимейтін жібектей мінезінен қуат алды. Күйеуінің қас- қабағынан оның ішкі жан дүниесін тани білді, сергек-те сезімтал болды.

Марияның осыған дейінгі өмірден көргендері “ О” дүниедегі тозақ отының азаптарын елестетер еді. Ташкент көшелеріндегі аштан қырылып жатқан адамдар, 1914 ж. 2 Николай патшаның отбасымен түгелдей адамдар қолынан ажал құшуда. 1918 ж.18-23 қаңтарда өткен Түркістан кеңесінің 4- съезі Қоқан автономиясы үкіметін заңсыз деп жариялап, аяғын қанды қырғынға ұшыратуы жас адамның бойындағы қайыспас қайсар сезімдермен қатар, қоғамда болып жатқан әділетсіздікке қарсы қажымас қуаттарды оятқан еді.

Алайда, Мұстафамен тұрмыс құрып өмірден іздегенін тапқанымен, бұл күндер Мария үшін ауыр болды. Алдымен Мұстафаның өмірін сақтап қалу үшін Ташкентке кету керек. Қаладан тысқары жерге аттап басуға рұқсат жоқ. Мұстафаның басына 1000 рубль бәйге жарияланған. Іздестіру шаралары өте жіті жүріп жатқан кез.

Ол өзінің естеліктерінде: “ Мұстафаны қаладан алып шығу туралы ойларымды ешкімге айтқан жоқпын. Оны ауыр жаралы етін көрсетіп, Мәскеуге алып кетуді ойладым. Өйткені ішкі соғыс кезінде Ташкентте мейірбике болғанмын. Бұл туралы көп адам білетін, әсіресе соғысқа қатысқандар мені жақсы білетін. Олардың көбісі жоғарғы қызметтегілер. Теміржол басқармасында істейтін ескі таныстарымның біреуінен рұқсат қағазын алып беруі үшін айттым. Сол адамның көмегімен билетті де, рұқсатты да алдым. Ол кезде дакументтерге сурет жапсырылмайтын. Мен рұқсат қағазды өліп қалған адамның атына жаздырып алғанмын. Науқасына байланысты операция жасауға бара жатқанын айттым. Мұстафаның аузы мен мұрнын ауа жұту үшін ашық қалдырып, басын жақсылап таңып тастағанбыз. Бұл мамырдың бірі болатын. Күн ыстық әрі Мұстафа қорқыныштан зорға шыдап жатыр. Бізге Алла жәрдемдесті. Тексеруші дәл бізге келгенде артына бұрылып біреумен сөйлесіп тұрды да, қайтадан тексермек болғанда жаңылысып біздің купеден өтіп кетті. Осылайша біз тексеруден құтылды, поезда қозғалды. Кейбіреулер ғажайыпқа сенбейді, егер ғажайып жоқ болса, осы оқиға Алланың әмірінен басқа не болуы мүмкін!” -деп жазады (М жолы 402 б).

Өмірдің ащы дәмін татпаған адамға ертегі сияқты. Мария бұл жолдар арқылы өзінің шықпаған жанын бір Алланың құдіретін мойындау арқылы сездіреді. Мария Яковлеваның М. Шоқайға деген махаббатының құдіретіде осы бір ауыз сөздің төркінін де жатқан тәрізді.

Әрине, өмір болған соң әр адамның жүрген ортасына сай, маңдайына жазылған тағдыры болатыны заңдылық. Одан, әсіресе қоғамдық саяси өмірдің жетекші тұтқасын ұстаған, тұтас бір халықтың тағдыры үшін

жанын жалдаған ұлтжанды көшбасылардың жырақ қалуын ойлаудың өзі ұшқарылық болар еді. Олай болса, Мария Шоқайдың да өмір жолдарын Мұстафа Шоқай тарихынан бөліп қарай алмайтынымыз хақ. Мария саясатпен тікелей айналыспаса да күйеуін түсінетін, оның барлық іс-әрекетін қолдағанды сүйе “Мен ешқашан саясатпен айналысқан адам емеспін, білмеймін де. Төңкерістің де не үшін не болғанын түсінген емеспін» дейді бір сөзінде (бұл да сонда 422 б). Осы орайда ол өзінің шығармаларында елдегі болып жатқан саяси -әлеуметтік оқиғалардың жалпы сыртқы сипатынан көрініс бере отырып, өзінің отбасылық жағдайын ашық айтады.

Бұл ірі саясаткер Мұстафа Шоқайдың жары ретіндегі Марияның өмірлік ұстанымы болса керек. Мария Шоқайдың шығармаларын оқи отырып өзіңе белгісіз өмірдің қыр –сырына қаныққандай әсер аласың. Мына тылсым өмірдің тылсым тіршілігі сені де терең ойдың тұңғығына жетелей түседі.

1923 жылдағы Ресейдегі жағдай : билік басына пролетариат диктатурасының келуі, адам санасында қалыптаса қоймаған советтік социалистік жүйенің мемлекеттік мәнге ие болуы, ондағы өмір сүріп жатқан халықтардың мақсат -мүдделерін жаншып – таптағаны, адамзат тарихындағы сұрапыл кезеңге айналды. Олар; « ешбір халықтың жергілікті және ұлттық мүдделері төңкеріс орталығының, яғни Ресейдің мүддесімен бір қатарда тұра алмайды, Орыс төңкерісшіл пролетариатының мүддесі бәрінен де жоғары» деп мәлімдеді. Осылайша социализмді құру идеясы қарсы тұрғандарға деген аяушылық сезімнен ада еді. Ұлттық рухы биік адамдар қуғын – сүргінге ұшырады. Қарсы келгендері өмірімен қоштасты.

Бұл кезде Мұстафа Шоқайда өзінің Мариясымен басына бәйге тігіліп, қуғынға ұшырағандардың алдыңғы сапында тұрғандықтан отбасымен алдымен, Грузия, Түркия елдерінде болып, содан соң Францияның Париж қаласына келіп тұрақтаған еді. Сол кездегі Франция үкіметінің заңдары шетелдік пана іздеушілер (эмигранттар) үшін демократиялық тұрғыдан алып қарағанда қолайлы болды. Америкаға кетуге де мүмкіндіктері бар болатын, визасы да бар еді, алайда мұндағы идеялас жолдастарын тастап, мұхит асып, елден тым жырақ кетуді қаламайды. Мария бұл жөнінде ойлағанымен сыңай танытпағандықтан жабық күйінде қалады.

Мұстафа Шоқай тануілімінде Мария Шоқай еңбектерін мұқият зерделеу; саясатты немесе әлеуметтік мәселелерде болмасын жеке ірі тұлғалардың өмір сүру отбасылық жағдайында болмасын бүгінгі ұрпаққа беймәлім бірсыпыра оқиғалардың шынайы бейнесін айқындай түсетін тың деректерге қанығасың.

Мария шығармаларын Мұстафа Шоқайдың Еуразия мемлекеттеріндегі жүздеген ірі саяси тұлғалармен тығыз байланыста, пікірлес болғанын көреміз. Олардың аты-жөні, білімі мен біліктілігі, ұлты, әлеуметтік көзқарасы, кейбіреулерінің және өзінің отбасылық жағдайы туралы да жазылған нақты деректер сенің дүние танымыңды кеңейте түсері анық



Әсіресе, Башқұрт халқының ұлы перзенті Заки Уалиди Тоған, өнер қайраткері Сергей Ровинский, Қазандық Ильяс Алкин, Украиндық Вадим Чайкин, В. Чернов, Грузия сыртқы істер министрі А. Шенгелия, Француз жазушысы Пьер Рендель, кәсіпкер досы Сейт Насырдың т.б. Мұстафаға жақын адамдардың іс-әрекетінен сол кездегі саяси өмірдің қыр сырына қаныққандай боласың.

Шет елдерде жүргенімен Мария Шоқай өзінің кәсіби мамандығы бойынша өнер саласымен де айналысады. Ол өз естеліктерінде; Мальчевскийдің орыс хорына қатысқанын, Эльхамра Олимпиа және Доминов театрларының құрамында ән шырқап Италия, Англия елдерінде өнер көрсеткенін еске алады. Алайда, Мұстафамен екеуінің табысы күнкөрістеріне жетпейді.

Ол кез Еуропа халықтары үшін де күрделі кезең болатын. Еуропалықтар санасында дүние жүзілік соғыстың бүршік атқан дәуірі еді. Қаржы тапшылығы, қол да бар қаражаттың мезгіл сайын инфляцияға ұшырауы Мұстафа отбасына да әсерін тигізбей қалған жоқ. Бұл жағдайды Мария Шоқай өзінің “ Менің Мұстафам” атты кітабында біздің ақшамыз таусылып күнкөріс қиындап кетті. Қалтамызда бір тиын ақшамыз қалмаған еді. Мен мынадай хабарландыру даярладым; “ Мадам Шоқай үш тағамнан тұратын түскі тағам береді. Бағасы 5-франк. Тамақ беретін уақыт 12 -ден 3-ке дейін. Тамаққа келгісі келген адамдардың жазылып қоюын өтінемін”. Сағат 3-терде тамақ жеуге алғашқы тұтынушы келді. Мен оған бүгін тамақтың таусылғанын айтып, ертеңге алдын ала ақшасын төлеп жазылуын өтіндім. Тұтынушым таң қалды. Осы кезде Мұстафа келіп қалып онымен түрікше сөйлесе бастады. Сөйтсем ол адам бұрын Ресейде Иранның елшісі болған екен, ол маған 10-франк берді деп басынан өткен қиындықтарды баяндайды.

Мария күйеуінің өміріндегі әртүрлі, қилы -қилы кезеңдер мен жағдайларға байланысты мінез құлқынан да бүкпесіз, шынайы сыр шертеді. -1939 жылдың 1-мамыр күні Муссолини Францияға соғыс жариялайды. Бұл кез соңғы жылдары Еуропа жұртшылығының үрей мен күткен шындық күшке тәуелді кезең болатын. Италияның әскери ұшақтары Париж аспанын торлап алған. Көше де жүру қауіпті. Мұстафа үйде отырып жазумен айналысады. Үйде 5- лампалы радио қабылдағыш болатын, содан үзбей соңғы жаңалық тыңдайды. Радио ескі болғандықтан хабарлар дұрыс естілмей қалатын. Ондай жағдайларда каналдарды Ағылшын, Түрік, Поляк, Италиян неміс тілдеріндегі толқындарға ауыстырып әбігерге түсетін. Еуропа елдеріндегі халықтардың тілдеріне жетік еді. Мұндай кездер де қатты ашуланатын. Кейбір кездері өзімен-өзі болғанды қалап тұйықталып қалатын. Әсіресе, соғыс басталғалы жүйкесі сыр бере бастады. Ақылдасу керек дегенді жиі айта бастады. Ондай кездер де мен себебін сұрап мазаламаймын, кейін өзі айтып беретін. Ұзақ кек сақтамайтын.

Көп ұзамай 13-ші мамыр күні немістер Парижге келді. Мұстафаны Бейлинге алып кетті. Ол кетерінде хабарласып тұруым үшін Уәкіл Кайум сарайының адресін беріп, ашық хаттар жазуымды өтінді. Мен де саған хаттар салып тұрамын, соғыс кезінде осылай еткен дұрыс деді. Оның кетіп бара жатқан сәтін көру үшін мен терезеге жақын келдім. Алаңның бұрышында тұрған ол соңғы рет ишарат етіп “сүйдім дегенді білдірдіріп” қолын бұлғады. Ия мен содан кейін мен көре алмадым- деп қамығады. Мария Шоқайдың Мұстафамен отасқан 23-жылының Парижде тұрған 18-жылы осылай өткен еді. Өмірдің сол дәуірдегі ауыр кезеңдері жасынан жалындап жалқы өскен қайсар Марияның сағын сындыра алмайды. Күйеуі өлгеннен кейін де озбыр саясаттың әртүрлі шырмауына ұшырап одан аман қалады. Екі рет түрме есігінің алдынан қайтады . Есті жан есін тез жинайды. Құдай қосқан Мұстафа үшін әлі де атқарылуға тиісті жұмыстардың ауқымын топшылайды. Ендігі қалған өмірінің барлығын Мұстафадан қалған мол тарихи мұраларды келесі ұрпаққа жеткізудің амалын қолға алады. Сұрыптап , түптеп арнайы қораптарға салып мұрағатқа өткізеді. 1941-1963 жылдар аралығында Менің Мұстафам атты естелік кітаптар жазады. Орыс тіліндегі қолжазбаны сол кездегі М. Шоқайдың әріптесі профессор Әбдуақап Оқтайға, ол дүниеден өткен соң доктор Саида Оқтайға жібереді. Түркістандық Сабыр аударып (мұғалім) 1972-жылы Шоқайдың дүниеден өткеніне 30 жыл толуы қарсаңында кітап етіп шығарады.

Бүгінгі ұрпақ Мария Шоқайдың мұраларын зерттей отырып Мұстафа Шоқай өмірі мен оның творчестволық қызметіне байланысты мәлім де беймәлім тарихи деректерді айқындап, толықтыра түсері сөзсіз.

## **МҰСТАФА ШОҚАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТУҒАН ЖЕРГЕ СҮЙІСПЕНШІЛІК**

**Нұрманова А.Ұ.**

№187 Мұстафа Шоқай атындағы мектептің жоғары категориялы мұғалімі

Өзінің туған жерінсіз, туған елінсіз адам баласы өмір сүре алмайды. Жер жаннатында жүрсе де өз туған мекенін іздейді, сағынады. Бұл заңдылық деп білеміз.

Елге, туған жерге деген сүйіспеншілік, оны құрметтеу, мақтан тұту, жазу, айта жүру әрбір азаматтың борышы. Отанына, туған еліне деген сыйластықты көрсете алу, ол – адамның рухани деңгейінің биіктігі.

Еліміз егемендік алып, дербес, тәуелсіз мемлекет атанғалы бері өткен-кеткенімізді түгендеп, тарих, ел мен жер, аға ұрпақ алдындағы парызымыз

бен қарызымызды өтеуге зор мән беріп келеміз. Бұл біздің өзге ұлтқа қарағанда ерекшелігіміз болса керек! Еңсе көтердік, бар-жоғымызды түгендедік, бұл-бұрыннан жалғасып келе жатқан ізгілікті із, ұлағатты салт-дәстүр, ғибратты ата жолы.

Қазақтың ұлт болып қалыптасу кезеңіндегі ата-бабамыз жүріп өткен жолдың әрбір қадамы біз үшін – өлмейтін, өшпейтін тарих, тұнған шежіре. Ал, осы шежірені жас ұрпаққа жеткізу, түсіндіру, насихаттау кезек күттірмейтін жұмыс. Себебі, қоғам мүшелерінің бойында отанға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастырмайынша дамыған елдер қатарына қосылудың мүмкін еместігіне көзіміз жетіп отыр. Отаншылдық патриотизм – бұл елдікті, мемлекеттілікті саналы түрде сезіну. Адамның өзі туып-өскен жеріне бауыр басуы, ана тілін толық меңгеріп, оған құрметпен қарауы, өз Отанының мүддесін ойлауы, өз елінің саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени саладағы жетістіктерін мақтан етуі, өз Отанының бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауы, ата-бабалардың салған тарихына құрметпен қарауы, өз өмірін туған елінің дамуына арнауы – міне, бүгінгі біз айтып жүрген патриотизм деген ұғымның ішіне осылардың барлығы кіреді.

«Мәңгілік Ел» – жалпы ұлттық патриоттық идеясы құндылықтарын қоғамдық санада, білім беруде және тәрбие жүйесінде қамти отырып, оқушыларды ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу қажет. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласындағы «Біртұтас ұлт болу үшін жаңғырудың ең басты шарты – тамыры тереңнен бастау алатын ұлттық кодынды сақтай білу» дегеніндей, жас ұрпақты туған жер, оның мәдениеті, тарихи тұлғаларының ерлігін танып, қорғауға және құрметтеуге үйретуге міндеттіміз деп білеміз.

Сол себепті де отаншылдық патриотизм үлгісін көрсеткен Мұстафа Шоқай сынды ұлттық тұлғамызды дәріптеу, еңбегіне баға беру аса маңызды. Алаш арысы, қазақтың зиялысы, қоғам қайраткері, заңгер, публицист Мұстафа Шоқай мақалаларындағы туған елге деген жанашырлық, сағыныш, сүйіспеншілік арқылы жас буынды тәрбиелеудің нәтижесі оң болары сөзсіз.

Тарихи тұрғыдан қарастырғанда ұлт үшін, халық үшін орасан маңызы зор, тарихи мәні терең іс-әрекетке барған, немесе аса жауапты тарихи сәттерде халық тағдырында айрықша орны болған адамға халықтың өзі осындай ұлттық, тұлғалық деңгейге көтеретін бағаны беріп отырған. Міне, қазақ тарихының әрбір белесінде осындай орасан зор халықтық мәні бар тарихи оқиғаларға араласқан немесе басқарған, ұйымдастырушы болған, ерлік көрсеткен азаматтар – халықтың сүйіспеншілігіне бөленген. Осындай тұлғаның бірі Алаш қозғалысының белсендісі – Мұстафа Шоқай.

Жалпы Мұстафа Шоқай туралы зерттеу еңбектердің басым бөлігі оның өмірі мен қайраткерлігіне, Ресей билігіне деген көзқарасына бағытталған. Тарих, әдебиеттану салалары бойынша М.Шоқайдың өмірі мен саяси

қызметі туралы К.Нұрпейісов, М.Қойгелді, К.Есмағамбетов, Ә.Қара, Ә.Бәкір, Д.Қыдырәлі т.б. зерттеу еңбектерін жазды. Аталған еңбектерде М.Шоқайдың саяси көзқарастары көбіне оның атқарған қызметтерімен байланыс-бірлікте айтылды. Сондықтан М.Шоқайдың күрескерлік жолы көбіне оның саяси көзқарасы тұрғысынан ашылды. Ал оның жарық көрген мақалаларындағы туған жерге деген сүйіспеншілік, патриотизм тақырыбын арнайы қарастыру арқылы тәуелсіздік үшін жүргізген қиын күресін де баға беруімізге болады.

«М.Шоқайдың өмірі мен шығармашылығын, күрескерлік жолын зерттеу ісі өткен ғасырдың 50-жылдарынан бастау алады. Мұстафа Шоқаймен «Йени Түркістан», «Яш Түркістан» журналдарында бірге қызмет атқарған Междеддин Дерил 1942 жылы «Мұстафа Шоқай» альбомын дайындап, баспадан шығарды. Ал 1950 жылы Мұстафаның тағы бір әріптесі Абдулақап Оқтай «Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Мұстафа Шоқай» атты зерттеу еңбегін жазды. Бұл екеуі де М.Шоқайдың өмірі мен қайраткерлік қызметіне арналған алғашқы зерттеу еңбектері болды. Сондықтан да Шоқайтанудың негізі Түркияда қаланды» [1], - деген К.Есмағамбетовтің пікірі орынды деп есептейміз.

Өзі шығарған «Яш Түркістан» журналының мақсаты туралы айтқысы келген М.Шоқай: «...егер біз халқымыздың ұлттық тәуелсіздік жолындағы талаптарының мән-мағынасын сол күйінде күшін әлсіретпей «Яш Түркістан» беттерінде бере алсақ, онда бәріміз үшін қасиетті және аса ауыр жауапкершілік артқан міндеттердің бір бөлігін өтеген болар едік. ...біз Отанымыздың ұлттық теңдікке ұмтылған жігерінен, жерлестеріміздің рухани тілектестігінен нәр аламыз...», -деуінің өзі алдына қойған мақсатының айқындылығын көрсетсе керек. Мұндай жігерлі сөздер ұлтын ерекше ұлықтаған, халқын жан-тәнімен сүйіп өткен абзал азаматтың ғана жүрек түкпірінен шығатынын мойындауымыз керек.

Кезінде Украина Халық Республикасының бұрынғы сыртқы істер министрі қызметін атқарған А.Шульгиннің «Егер Түркістан тәуелсіздік алып, Мұстафа Шоқай тірі болса, ол Ататүрік сияқты қайраткер болар еді» деп пікір білдірген. Бұл дегеніміз өзінің елін, жұртын шексіз сүйген, халықтың жақсы өмір сүруін армандаған М.Шоқайға берілген шынайы баға.

Мұстафа Шоқай – көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, Түркістан автономиясын құрушы. Өмір бойы қазақ ұлтының тәуелсіздігін бейбіт жолмен алуды мақсат тұтып өткен азамат.

М.Шоқайдың өмірі мен саяси қызметі, публицистикалық еңбектері, ол қызмет атқарған басылымдар, редакторлық еткен газет-журналдар туралы зерттеулер ел тәуелсіздігінен кейін ғана жүргізіле бастады. Осы ретте кеңестік кезеңде жарық көрген «Үлкен Түркістанның күйреуі» атты С.Шәкібаевтың көркем шығармасы кеңестік идеология ықпалымен жазылып, М.Шоқай туралы оқырмандар арасында теріс пікір тудырғандығын да айта кетуіміз керек. Ал тәуелсіздіктің алғашқы

жылдарында М.Шоқайға байланысты арнайы зерттеу еңбектері болмағанымен К.Нұрпейісовтің, М.Қойгелдінің, М.Кұл-Мұхаммедтің, Д.Қамзабекұлының, Т.Жұртбайдың «Алаш» қозғалысы, «Алаш» партиясы туралы зерттеу еңбектерінде М.Шоқайдың өмірі мен қызметіне және ұлт-азаттығы жолындағы күрескерлігіне байланысты тарихи дерек көздеріне негізделген тың пікірлер жарияланды. Бұл ел тәуелсіздігімен бірге ұлттық тарихқа деген жаңаша көзқарастың нәтижелері болды.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы азатшыл идеяның көшбасшылары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Шоқай, М.Дулатов, М.Сералин т.б. өздерінің басты мақсаттарын жүзеге асыру жолында мерзімді баспасөзді пайдаланды. Олар қазақ басылымдарының өмірге келуі мен қоғамдық өмірге араласуына тікелей басшылық жасады. Қалың бұқараға айтар ойларын, ел азаттығы жолындағы күрескерлік идеяларын мақалалары арқылы жеткізіп отырды. Осындай ұлттық элитаның арасында Мұстафа Шоқайдың алар орны ерекше.

1928 жылы 19 қарашада жазылған «Бүлікшілер халықтың қандай топтарына арқа сүйеді?» деген мақаласында Түркістандағы антимұсылмандық сипат алған советтік саясаттың оспадарсыздығы тұрғылықты барлық халықтардың ашу-ызасын туғызып қана қоймай, бір-біріне ашық қолдау көрсетіп, бірігуге итермелегендігі жан-жақты талдаған. Мақала «Роль Энвер-паши и Джемал-паши», «Повстанчество в Хиве» сияқты тақырыпшалар арқылы жалпы көтеріліс себептері мен көтерісшілердің ұстанған ұстанымдары, саяси оқиғалар әсері, көсемдерінің кемшіліктері мен артықшылықтары, қазақ, қырғыз, түрікмен ұлттарының бірігіп бірыңғай Түркі мемлекетін немесе Түркістандық түркі советтік республикасын құруға деген талпыныстарын, сәтсіздіктерінің себептерін талдап жазады.

Мақала батыстық оқырмандарға Кеңес еліндегі саяси жағдайлардан хабардар ету үшін жазылған. Барлық ұлттар: қазақ, қырғыз, түрікмен т.б. орыс патшасының, өз елдерінің билеуші бай-шонжарларының езгісінен құтқарған төңкерісті шынымен қуана қарсы алғанын, еркіндік, тәуелсіздікке қол жеткіземіз деген асқақ армандарының болғандығын жасырмайды. Бірақ Кеңес үкіметінің де орыс патшалығынан айырмашылығы шамалы екендігін түсінгендіктен барлық халық көтерілісшілерге қосылуға ниет етеді. Оның себептерін М.Шоқай мақалада былай сипаттайды: орта сауда саттықпен айналысатындар – еркін сауда жасау құқығынан айырылғандықтан, жер меншік иелері – егін егетін тұқымнан айырылып, құнарлы жерлерін келімсектердің заңсыз пайдаланып жатқандығына наразылықтан, интеллигенттер адам құқығы мен елдің тәуелсіздігі үшін күрескілері келгендіктен, діндарлар – орыстардың мұсылман дініне деген құрметсіздіктерін, өшпенділіктерін байқағандықтан көтерілісшілерге қосылуға мәжбүр болды. «Олай болса, барлық кәсіп иелері мен халықтың

басым көпшілігі қолдаған көтерілісшілер неге сәтсіздікке ұшырады, неге жеңіске жете алмады?» [2] деген сұрақ қояды М.Шоқай мақаласында.

Бір кездердегі азаматтардың басына түскен зобалаң ұлт зиялыларының бір бөлігін жандарын аман сақтап қалу үшін шетелге кетуге мәжбүр етті. Тарихтан есімдері елге белгілі Бұқара Халық Кеңес Республикасының төрағасы Осман Қожа (Османқожа Пулатқожаев 1887-1968), 1917-1919 жылдардағы Башқұрт автономиясының басшысы А.З.Валиди (1890-1970), башқұрт жазушысы Абдулкадыр Инан (1889-1976), татар жазушысы, қайраткері Гаяз Исхаки (1878-1954), Түркістан Мұхтариятының басшысы Мұстафа Шоқай және т.б. туған жерін тастап Түркия мен Батыс Еуропа елдеріне кетті. Олар тек жан амандығын ғана ойлап кеткен жоқ, өздерінің бастаған идеяларын жүзеге асыру үшін, нәтижеге қолжеткізу үшін, өздерінің бастаған күрестерін жалғастыру үшін де осындай іс-әрекетке бару керек болды. Сол себепті де, олар елі үшін қызмет етуді бір сәтте естен шығарған жоқ. Түркістан, башқұрт, татар ұлттық ұйымдарының өкілдері бір саяси ұйымға – «Түркістан Ұлттық Бірлігіне» (ТҰБ) бірігіп, олар ұлттық күрестің жаңа кезеңдегі міндеттерін өз халықтарына жеткізу, онымен әлем жұртшылығын таныстыру мақсатында мұсылман елдеріндегі советтік биліктен хабардар ету жұмыстарымен айналысты. Әсіресе, шетелдік басылымдарда үздіксіз жарияланып тұрған Мұстафа Шоқай мақалалары соның куәсі болса керек.

Бүкіл ғұмырын халқының бостандығына арнаған Мұстафа Шоқайға тағдыр талқысымен туған елінен кету оңайға соқпағанын, жанының соншалықты күйзелгендігін кейінгі кездері жарық көрген естеліктерден көруге болады. Оның 1922 жылы Берлиндегі Трокадеро этнографиялық мұражайына барғанда көзіне жас алғандығын, еліне деген сағыныш қара домбыраны көргенде еріксіз көзден жас болып аққандығын білеміз. Осы сәтті өмірлік серігі Мария Шоқай былай деп суреттейді: «Мұражайда тұрған тамаша домбыраны көріп, ол өзін-өзі ұстай алмай, қызметкерден инструментті қолға алуға рұқсат сұрады. Сол бойда оны бабына келтіріп, ғажап қырғыз (қазақ. – К.Е.) сазын ойнап берді. Ол домбырамен өте қамығып қоштасты, көзі жасқа толып кеткен екен»[3]. Сонымен бірге ол үнемі Қазақстанда жарық көрген туындыларды алдырып, танысып отырған. 1927 жылдың 5-шілдесінде Ташкентте оқып жатқан туыс інісі Байдәулет Дабыловқа жазған хатында Бейімбет Майлиннің өлендері мен «Ер Сайын» атты кітапты алдыртқанын білеміз. Сондай-ақ «Тар жол, тайғақ кешу» атты кітаптың жарық көретінін айтып, егер мүмкіндігің болса, осы кітапты салып жіберші деп өтініш білдіреді. Сәкен Сейфуллиннің бұл кітабы сол жылы араб графикасымен басылып шыққан болатын.

Өз елінің шынайы патриоты М.Шоқайдың шет елде жүрсе де туған жердегі, елдегі оқиғалардан хабардар болып, ол туралы өзгелерге шынайы ақпарат берген ерен еңбегін ерекше атауымыз керек. Мерзімді басылым беттеріндегі жарық көрген оның мақалаларынан тарихи оқиғалардың

деректік негізін қалыптастыруға болатындығы туралы да көз жеткізуімізге болады.

Оның өзбек тілінде жазылған «Кеңестік Түркістанда» атты мақаласында «түркістандық шындық» дегеніміз не деген сауалға нақты оқиғаларды сипаттау арқылы жауап береді. Мақала 1920 жылы 19 шілде мен 2 тамыз аралығында жергілікті газетте (19 шілде, 26 шілде, 2 тамыз №45-47. Вольный горец. Тифлис) жарық көрген. Мақалада тек қазақтардың жағдайы ғана емес, өзбек, қырғыз ұлттарының ашаршылық кезіндегі ахуалы баяндалады. «Түркістандық большевиктер мұсылман халықтарына нан алудың құжатын да ендірді, құжаты болмаса аштан өле беруге болады. 1918 жылы Ташкентке келген қызғыздар елдің шеткі қиырынан алдын ала белгіленген жерден ғана тамақ, нан алуға рұқсаты болды, ал бір қаладан екінші қалаға қоныс аударып жүргендер бұл мүмкіншіліктен мүлдем айырылған. Бұл жағдайлар түркістандық большевиктердің Түркістан Кеңес республикасының негізін қалау сәтінде орын алып отырғаны тіпті, күлкілі еді...»[4],- дейді өзбек, қырғыз халқын аштан қатыруға бағытталған саяси ұстанымдарын кешіруге мүлдем болмайтындығын, әрі бұл ешқандай да адамгершілік қағидаларына жатпайтындығын сипаттайды.

Мұстафа Шоқайдың: «Қазақтың деп мақтануды ар көретін, қазақтың тілінде сөйлеуді масқаралық көретін салт қайдан шығып отыр? Балалардың көбі не қазақ, не орыс болып тәрбиеленбей, шөре-шөре бірдеме болып өсіп жатқанын неге көрмейсіңдер?», «Атамекенді сүю – оның тұтас мүддесіне қызмет ету, осы жолда әрқашан қызмет етуге, керек болса жанпида қылуға дайын тұру болып табылады», «Ей, менің елімнің, Түркістанымның сүйікті ұландары! Мұны бір сәт те естен шығармаңыздар. Әрбір қадамдарыңызды ойланып басыңыздар!» деген сөздері қазірдің өзінде мағынасын жойған жоқ.

Жас ұрпақтың бойына ұлттық рух пен патриоттық жалынның үшқынын дарыту үшін Мұстафа Шоқайдың осындай өсиетті сөздері ауадай қажет. Ол, әсіресе, ұлттық мүддеге ерекше көңіл бөлген. Оның «Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігінің болуы мүмкін емес» деген қағидасы бүгінгі біздің ел ұстанып отырған бағыт екендігін де ерекше айтуымыз керек. Отан алдындағы борыш, азаматтық парызды орындау үшін алаш арысының шығармаларындағы түйінді сөздер мен идеяларды насихаттаудың тәрбиелік мәні зор екенін айтқымыз келеді.

Саясаттану ғылымдарының докторы Әбдіжәлел Бәкірдің «Бүкіл түркі әлемінің ұлы перзенті Мұстафа Шоқайдың еліміздің бүгінгі болашағына сіңірген теңдессіз жанқиярлық еңбегі, жалынды публицист, тамаша тарихшы, заңгер-ғалым, халықаралық саяси күрескер ретіндегі қаламынан туған асыл мұралары әлі де арнайы зерттеле түсетініне, олар жөнінде әлі талай еңбектер жазылатынына сенім мол» [5] деген пікірімен біз де келісеміз. Әсіресе, бүгінгі рухани жаңғыру жолына түскен біздің еліміз үшін

алдымызға қойған мақсатымызды айқындай түсуге мұрындық болатын мұралары, мақалалары жұртшылық жадында сақталуы тиіс.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Советская энциклопедия. 8-том. Москва. Издательство. БСЭ. 1972.
2. Шоқай М. Бүлікшілер халықтың қандай топтарына арқа сүйеді? // 1928 жылы 19 қарашада
3. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. – А., «Дайк-Пресс» ЖШС, 2012. - 12 томдық. 1 том.
4. Шоқай М. Кеңестік Түркістанда.// 1920 ж, 19 шілде мен 2 тамыз аралығында жергілікті газетте (19 шілде, 26 шілде, 2 тамыз №45-47. Вольный горец. Тифлис
5. <https://aikyn.kz/2017/10/20/30916.html>. Бәкір Ә. Алаш мұрасы және мемлекеттілік идеясы

## **АЛАШҚА АЙБАР БОЛҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА**

**Рыстығұлова А.Қ.**

М.Шоқай атындағы №187 орта мектебінің мұғалімі

Тұлғалар. Алаш арыстары. Мұндайжандар туралы Елбасы Н.Назарбаев: “Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тарихының айнасынан біз тарих көшінің жүрісінғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Сондықтан халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай да қиын-қыстау жағдайда оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім жұртының азаматы болып қала бермек. Тарихтың қай кезеңінде болсын, олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген”, дейді. Сондай тұлғалардың бірі – Мұстафа Шоқай. Ол – Алаш қозғалысының төл перзенті, Алаш идеялары мен мұраттары аясында қанаттанған, қазақ, өзбек және басқа да түркі халықтарының ұлттық бостандығы үшін күресінің стратегиясы мен тактикасын айқындаған қайраткер. 1910 жылы Санкт-Петербург университетіне оқуға түскен күнінен бастап М.Шоқай дүниетанымының қалыптасуы, бір жағынан, түркішілдік-мұсылмандық қозғалыстың (С.Жантөрин), екінші жағынан “батысшылар” демократиялық-либералдық қозғалысының, Ә.Бөкейханов ықпалы мен өтеді.

1914 жылдың көктемінде Мұстафа Петербургте оқып жүрген түркі жастарының патша өкіметінің ислам діні жөніндегі саясатына байланысты баспасөз бетінде жарияланған үндеуіне қатысады. Оған сол кезде империя астанасындағы 31 өзбек, татар, башқұрт, қазақ студенттері қол қояды.



Мұның өзі Мұстафаның саяси қозғалысқа біржолата тартылуының, ұлттық мүдде жолындағы күрескерлер қатарынан берік орын алғандығын көрсетеді. Түркі халықтары тарапынан сөйлейтін бүркеншік діни құрылымдар мен басылымдарды ұйымдастыру арқылы патша өкіметінің ұлт-азаттық қозғалысын іштен бүлдіруге бағытталған арандатушылық саясатының қауіптілігін жете түсінуі, ол жөнінде өз пікірін ашық білдіруі, М.Шоқайдың саяси ұйымының қалыптасып, шыңдала түскендігінің куәсіеді.

Әлемге аты мәлім қоғам қайраткері, саясаткер, ақиқат жолына бас тіккен, азаттық үшін тағдырдың азабы мен мазағын қатыспай көтерген, әділеттен басқа досы жоқ, адалдықтан басқа жолы жоқ Мұстафа Шоқайдың біртұтас Түркістан мемлекетін құрудағы қызметі, қайғысы, қасіреті, мақсат – мүддесі кешегі кеңес үкіметі кезінде құлып астындағы құпия болды. Күллі түрік миллетінің туыстық бірлігін сақтап, Түркістан автономиясын құру тұрғысындағы М.Шоқайдың жанкешті қызметін кеңес идеологтары жаулық әрекет сипатында көрсетті. Мұстафаның інісі Нұртаза мен туысы Мырзеке Қалымбетұлы «халық жауымен» хандық қатысы болғаны үшін атылды. Қалғандары қуғын-сүргінге түсті. Ал мемлекеттік тапсырыс бойынша отставкаға ҰҚК қызметкері Ж.Шәкібаев «Үлкен Түркістанның күйреуі» атты кітап жазып, М.Шоқайдың қоғам алдындағы жұмысын жоққа шығаруға тырысты. Ал Мұстафаның кінәсы - өз ұлтына деген шексіз сүйіспеншілігі еді. Айыбы – атамекенге, ана сүгіне адалдығы. М.Шоқай өле-өлгенше осы бағытынан айныған жоқ. Уақыттан асқан кемеңгер бар ма, қазақ зиялылары жан алып, жан беріскен ел егемендігі тарихи мерзімі жеткен күні өз аяғымен келді. М. Шоқайдың бүкіл өмірінің мәні мен мағынасы, арманы осы егемендік, өлмес рух елімен қайта табысты. Заман озады, өмірден тозбайтын ештеңе жоқ. Зат та, жер мен көк те, адамның аты да ескіреді. Бірақ, қараңғылық қойнауында жанған шамшырақтай Мұстафа есімі жыл өткен сайын жарқырай түсуде.

Мұстафаның 1886 жылы 7 қаңтарда Сыр бойында Сұлутөбе секілді ауылда, кірпіштен салған қазақы үйде дүниеге келіп, саясаттың биік тұғырына көтерілуі көбіміз үшін таңғаларлық жағдай. Бала күнінен киіз қазақтың тәрбиесін алады. Осылайша он төртке толар-толмас жасөспірім бейшараның көзіндегі жасты сүртіп, әділеттің ауылын нұсқауға жарап қалады. Ел ішіндегі әлеуметтік теңсіздіктерді танып біле бастайды. Түркістан халқының қамында бір қасиет пен кесепатты өмірге тоқиды. Өмірден осы кезде алған екінші сабағы – орыс өктемдігі.

Ташкенттегі орыс ұлты мен жергілікті халық арасындағы әлеуметтік теңсіздікті, келіспеушілікті көзімен көрді. Ұлтжандылық сезімін оянуына алдымен орыс шовинизмі ықпал етті. Алғашында орыс алпауыттары мен патшаның Ресейдің отаршылық саясатына саналы түрде қарсы шыққан, интеллект түрінде қорғанды. Ауыл қазағының арыз-шағымын жазып, дауына араласу гимназиядағы сабағына көп кедергісін келтірді. Ауыл баласы әлеуметтік мәселемен генерал Самсонов алдына бір неше мәрте

барды. Ол барған сайын орыс озбырлығын Самсоновтың көзіне шығып көрсеткісі келеді. Ал айда Самсоновтың жан дүниесі адалдық ауылынан алыс жатыр еді.

Ғалым Ә.Тәкенов пен М.Қойгелдиев жазғандай «Генерал іске тыңғылықты, орысша сауатты қазақ жігітін өз кеңесіне тілмаш етіп алмақшы болады». Бұл мәселенің бір қыры. Екіншісі – тіпті тереңде. Орыс өкілдері отарлау мен саясат ісінде өте тәжірибелі, жергілікті халық өкілдерінен шыққан талантты нөқталаудың сырт көз аңдамайтын нәзік жолдарын біледі. Тілмаштық Мұстафаға қимастық берген қызмет емес, дарынды жастың келешегін кесу еді. Себебі, ел арасындағы тілмаштар қоғамдық теңсіздікке араша түспей, ақша-пара жолымен азғындап, адамдық қасиеттерінен айырылып жатқанын сол кезде өмірдің өзі көрсетті. Сондықтан, Самсонов бұрқылдып шыққан қайнардың көзін көміп тастағысы келді. Өзара қырқысып жатқан орыс чиновниктері осы мәселеде бірауызды болатын. Генерал Самсонов сезімтал кісі екен, ол Мұстафаның келешегінен орыс отаршылдарына келер бір залалдысезді. Мұстафа Шоқайұлы Петербургкебарып, оқуын жалғастырғысы келетінін айтып, - Заң факультетін қалаймын, - дегенде ішінтартып қалды. Петербургтегі заң университеті қазақтың баласы түгілі, орыстың қолына түспейтін оқу. Орыс отаршылары сауатысыз халыққа әділетті көрінуге ынталы, саналы, талантты қазақтың адамына ашатаяқ қояды. «Тілмаш боласың ба?» - деп қамқорсыған Самсонов ақыры айтқаны болмағасын М.Шоқайға гимназиядан тиесілі алтын медалды, Зопрометовесімді орыс балағабергізіп, бұғанкүміс медаль бермекші болады. Әділетженеді, адал азаматтар қолдауымен алтын медалын алған М.Шоқай орыс генералы қойған тосқауылмен өзі бетпе-бет кездеседі. Демек, Ташкенттің тұтқасын ұстап отырған генерал Самсоновтың Түркістан халықтарына деген пиғылы таза емес. Ал генерал орыс патшалығыныңөкілі. Бұдан Түркістанға Ресей жүргізіп отырған саясаттыңкүнгейі мен көлеңкесін бірдей аңғаруға болатын еді

М.Шоқайдың Петербург университетінің заң факультетіне түсуі сол кез үшін үлкен дәреже. Бұған Орынбор генералы – губернаторы Перовскийдің ұсыныс хаты көмек болады. Бәрі бір реакцияшыл көзқарастағы губернатор ішікі саясаттағы ерекшеліктерді есепке алды. Әділет үшін айту керек орыс мемлекетінің билеуші топтары Түркістан тұрғысындағы отарлық саясат жүргізсе де, Петербургтың ғылым төңірегіндегі зиялы қауымы таланттарды бағалай білді.

М.Шоқай университетті 1917 жылы ақпан төңкерісіне бұрын бітірді. Зеректілігі арқылы универсиет қабырғасынан 7 тілді меңгеріп шықты. Оның ішінде қазақ, орыс, түрік, ағылшын, француз, неміс және поляк тілдері бар еді. Мұндай жетістік М.Шоқайдың мәдени көкжиегін кеңейте түскені мәлім. Ал, өмір тәжірибесінен, ұлтаралық саясаттың аса салмағын 1914 жылы думада Мұсылман фракциясына хатшы бола жүріп үйренді. Фракция Дума депутаты Әлихан Бөкейханның ұсынысымен келіп, А.Байтұрсынұлы,

Ш.Кәрі секілді қазақ зиялыларымен жақын танысады. Мұндағы қызметі де өз жерлестерін отаршылардың зорлық-зомбылығынан қорғау болады. Жазықсызды жаладан сақтау, әлсізді қорғау Мұстафаның мақсатына айналады.

Ресей патшалығының көзге көрініп тұрған бір зорлығы – қоныс аударған орыстарға көшпелі қазақтың жайылымы мен қыстауларын күшпен тартып алып бергені. Мұстафа мәселені сенатқа дейін апаратын. «Бастықтың пиғылы түзу болмаса, заңнан қайран жоқ» деп Бисмарк айтқандай, орыс мемлекетінің отарлау саясатына қарсы тұратын күш жоқ еді. Халық орыс патшасынан осы кезде күдер үзеді. кейін Марияға жазған хатында бала кезін еске алып: «Теміржол біздің ауылдан біраз қашық болатын. Жол басы телеграф бағаналары мен жарысатынбыз. Үлкендер бізге осы сымдар арқылы орыс патшасы Николай тұратын қаламен сөйлесуге болатынын әңгіме қылып айтатын. Бар қолымыздан келетіні – бағаналарды қамшыларымызбен осып-осып жіберіп, патшаны сөгу ғана еді», - деп бала кездегі түйсігінің кейіннен расқа шыққанына таңданады. 1917 жылы университет бітіріп, кейбір тарихшылар «Ақпан төңкерісін қуаттап, ол еліне бостандық алып келеді деп түсінді. Эсерлер партиясына мүше болды» - деп жазғандай, Мұстафа Шоқай ұлттық саяси өмірдің тоқсан тарау айрығында тұр еді. Эсерлер партиясына мүше болғаны, болмағаны мұрағаттық деректер арқылы әлі ашылады. Бірақ патшалық Ресейдің аз санды ұлттарға қатысты саясатына М.Шоқай үзілді кесілді қарсы болды.

Тарихшы-ғалымдар М. Қойгелдиев пен А. Нүсіпханның «М.Шоқай және Түркістан» мақаласында: «1916 жылы Түркістандағы ұлт азаттық қозғалысты аяусыз басып жаншыған кезде демократиялық топтар үкіметке қарсы оппозиция құрып талқылады. Осы мәселе бойынша ресми баяндама дайындау үшін Түркістанға арнайы сапармен келген депутат эсер А.Ф. Керенский және фракция жетекшісі К.М.Тевкеловпен бірге мұсылман фракциясының хатшысы М.Шоқай да болады» - деп жазады.

Бұл М.Шоқайдың өз ұлтына араша түсудің бірден-бір жолы – түрлі партия, уақытша үкімет және эсер жұмысшы солдат кеңесімен түсінісу керек болады. Осының бәрі Орта Азияда өз тағдырын өзі шешетін Түркістан автономиясын құру мақсатында жасалған еді.

Құрылтайшылары Түркістан автономиясы деп, оған Сырдария, Ферғана, Самарқан уәлиаты толығымен қатысса да, орыс большевиктер кемсітіп, «Қоқан автономиясы» деп атаған аз күндік жаңа құрылым М. Шоқай идеясының түпкі мақсаты болатын.

М.Шоқай Түркістан жамиятының келешек өз тағдырын өзі анықтайтын жеке мемлекет болуын мақсат етіп қойды. Осы мақсатта ештеп уақытша үкіметтің аз айлық билігін пайдаланып қалғысы келді. Бірақ «ұлттың өзін-өзі билеу мүмкіндігін береміз» деген бірде бір орыс демократтарына сенген жоқ. «Олар үкімет басына келген соң сөзсіз айнып» кетеді деген пікірін сөз арасында түсіндірумен болды. Сондықтан Ресейден

енші алуды қызбалыққа, үстірттікке, асығыстыққа ұрынбай жан жақты ойластырылған саясат жүргізу керек еді. Ресейдің «демократ» билеушілері іш тартып алмас үшін М. Шоқай «ұлттардың өз өзін билеуін», Ресеймен шекаралық, қаржылық және сыртқы саясатта бірлігін жоққа шығармайтынын дәлелдеп береді

М. Шоқайға коммунистік қоғам идеологтарының күллі Түркістанға жасап отырған зорлық-зомбылығы, қарапайым алаңда берген ақыреті оның өмірінің қайғысы, мұңы болды. Орыс демократтарына үміт артуы да үзілді кесілді тоқтады. Тіпті, сенімді деген Сұлтанбек Қожановтан «Қоқан автономиясының» мүшелеріне Кеңес үкіметі кешірім береді деген хабар тигенде де компартия басшыларына екіжүзділік саясатын күні ілгері біліп, елге оралмады. Грузияда «Вольный Горец», «Борьба», «На рубеже», Стамбулда «Жаңа Түркістан» кейіннен «Жас Түркістан» газет-журналдары арқылы күллі өмірін азаттық үшін күреске жұмсады. Ал, 1920 жылы Варшавада Сталиндік режимге қарсы Кеңес одағының қудалауына түскен ұлт зиялылары «Прометей» ұйымын құрған болатын. Ал, Варшавадағы шығыстану институты 1929 жылы «Кеңес одағының ішкі және сыртқы саясаты туралы» ғылыми теориялық конференция ұйымдастырды. «Сталин социализмі – тонаушылықты қамтамасыз ететін саяси жүйе» деген 1937 жылы жазған мақаласында Кеңес үкіметінің өз халқына жасаған тонаушылық саясатына экономикалық тұрғыдан талдау жасайды. Осылайша М. Шоқай Кеңес үкіметінің шетелдегі басты дұшпанына айналады. Білімі – терең, ақылы асқан қазақ перзенті түрік жамиятының бірлігі мен коммунистік қоғамның халыққа тигізер ықпалы жөнінде ондаған мақала жазды. Мақала дерегі талдау мен таразылаудан тұрды. 1936 жылы КСРО конституциясындағы логикалық қайшылықтарды дәлме-дәл түсіндірді. Белсенді, саналы, ынталы азаматары ғана коммунистік ұйымдарға біріге алады» деген конституция бабын сөзбе-сөз жүйелей келе, «Компартияға кірмеген адамдар белсенді, ынталы және саналы болып саналмайды деген сөз. Ал КСРО-да коммунист емес адамдар халықтың 98 %» деп жазады. Сондай-ақ жеке адамның тарихтағы рөлін жоққа шығаратын марксизм идеяларын, Сталиннің жеке басқа табынушылығын атап көрсетіп береді.

М. Шоқайдың өмір жолы өнегеге толы болды. Бүкіл түркі әлемінің тарихи тұлғасына айналған М. Шоқай 20 ғасыр кезеңінде адамзат баласының айтулы перзенті болды. Оның бойында біз біліп үлгірмеген, тарихымен таныспаған талай рухани қазыналар жатыр. Ол Түркістан халқын орыс диктатурасынан қорғауға күш салды, бірақ озық және адал ойлы славян халқының өкілдері Я. Газовский, И. Пильсудский, В. Чайкин, В. Наливкингеге деген құрметі ерекше еді. Өмірлік досы Мария Яковқызы да орыс ұлтынан болатын.

М. Шоқай осынау таза табиғи қалпымен, көптің көзі жетпейтін шың басындағы шынар секілді еді. Тамырын тасқа жайған шынар жалғыз өседі, жүзін күн сүйіп, жапырағын жел тарайды. Діні қатты болады. Шындағы

шынар секілді М.Шоқай да жиырмасыншы ғасырдан өтіп, асыл ой, азаматтық қалпымен жиырма бірінші ғасырға келді.

### **Мұстафа Шоқайдың афоризмдері:**

- Ұлтқа пайдалы адам келсе, бәрінен бұрын орыс өкіметінің атамекеніміздегі жер саясатын мұқият зерттеп үйренуге тырысыңыз. Сізге не істеу керектігін осы саясаттың өзі-ақ көрсетіп береді.

- Біз, әрине, өзіміздің атамекеніміз Түркістанды кеңестік Ресейден де, басқа Ресейден де біржола бөліп алуды мақсат етеміз. Бұл – біздің ұлттық мұратымыз, ұлттық арман-мүддеміз. Біз тек осы идея үшін қызмет етеміз. Атамекеніміздің ішіндегі және сыртындағы барлық ұлттық күштерімізді осы идея төңірегінде топтастыруға барынша тырысамыз.

- Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкін бе? Тарих ондайды көрген жоқ та, білмейді де. Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп-дамиды, жеміс береді.

- Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тіл.

- Біз құл болып тұра алмаймыз. Біз ұлт азаттығымызды аламыз.

- Әрбір өсетін адамбасынан өткенін балалық шағын еске алса да, сол балалыққа қайтқысы келмейді.

- Бәрінен бұрын өз қатарымызды, түркістандық бірлігімізді күшейтейік. Түркістанның жұдырықтай жұмылған ұлттық бірлігін Ресейден айрылу үшін күресіп жатқан басқа халықтардың ұлттық майдандармен тығыз үйлестіре отырып, орыс империализміне қарсы қуатты күш ұйымдастырып, бірге қимылдайық. Орыс империализміне қарсы күрес майдандағылардың ұлтын, дінін, нәсілін, партиясын тергеп-тектемейік, алаламайық. Тек осындай жол ғана бізді ұлттық азаттыққа жеткізе алады... Бұдан басқа жолдардың барлығы алдамшы, тұйық... Өзінің ішкі бірлігін нығайта алған халықтар ғана тәуелсіздігіне қолжеткізе алады. Және оны қорғап қалаалады.

- Ағалар, қыпшақ деген ұлт болмайды, қазақ деген ұлт бар. Егер әрқайсымыз бөлініп, қыпшақтың көсемі, арғынның көсемі, үйсіннің көсемі болып жатсақ, біздің халыққазады.

- Төлқұжат деген нәрсе «ұлт» бермейді, оның «ұлтын» өзгерте алмайды. Төлқұжат деген нәрсе сол төлқұжат иесінің оны беруші үкіметке тәуелді екенін ғана куәландырады.

- Ылғи да Отаныма қайту ойында жүремін және соған жету үшін тырысамын. Демек, атамекенімді құтқару үшін күресемін.

- Кеңестік ұлтсаясаты бізді «балғасымен» жаншып, «орағымен» орыптастады.

- Сіздер, немістер өздеріңізді «Еуропадағы ең мәдениетті халықпыз» деп санайсыздар. Егер сіздердің мәдениеттеріңіз менің көріп жүргендерім болса, онда мен сіздерге тұтқындардың шеккен азабын көрулеріңізді тілеймін. Сіздер XX ғасырда өмір сүре отырып, XIII ғасырда

Шыңғысханның жасаған зұлымдығынан асып түстіңіздер. Мәдениетті халық екендіктеріңізді айтуға хақыларыңыз жоқ. Егер, сіздер, осыған байланысты маған «ату» не «асу» жазасын берсеңіздер, қарсылығым жоқ. Мұндай мәдени қоғамда өмірсүргеннен гөрі өлгенім артық.

- Біз, Түркістан тәуелсіздігін жақтаушылар, еліміздің еркі үшін және жұртымыз Түркістанның бодандықтан құтылуы үшін күресеміз. Түркістандықтарда бұдан басқа жол болмаған. Қазір де жоқ және бұдансоң да болмайды... Біздің мұратымыз Түркістанда түрі жағынан да, мазмұны жағынан да ұлттық болатын мемлекеттік құрылымға қолжеткізу болмақ. Сонда ғана халқымыз өз жерінің нағыз қожасы бола алады.

- Қазақпын деп мақтануды ар көретін, қазақтың тілінде сөйлеуді масқаралық көретін салт қайдан шығып отыр? Балалардың көбі не қазақ, не орыс болып тәрбиеленбей, шөре-шөре бір деме болып өсіп жатқанын неге көрмейсіңдер?

- Өзінің ішкі бірлігін нығайта алған халықтар ғана тәуелсіздігіне қол жеткізе алады және оны қорғап қала алады.

- ... ұлттық еркіндік пен азаттыққа талпыну табиғаттың болмай қоймайтын заңы тәрізді нәрсе.

- Біз жеке тұлғалардан жоғары тұрған ұлттық мұраттарға сүйенеміз.

- Жалпы адамгершілік және философиялық тұрғыдан алғанда жақсы халық, жаман халық деген ұғым жоқ, болмайды да.

- Тарих рақымсыз. Ол – ғұламаны да, білгірді де, өнериесін де, хандар мен патшаларды да аямайды. Ол өз заңына қарсы келгендердің бәрін езіп-жаншып жүре береді. Тарих заңдары кері қайтуды білмейді және оны жаратпайды.

- Атамекендісүю – оның тұтас мүддесіне қызмет ету, осы жолда әрқашан қызмететуге, керек болса жанпида қылуғадайын тұру болып табылады.

- ... ұлттық мүдде жеке топтар мүддесінің жиынтығынан тұрмайды.

- Біздің шын жүректен және асыға күтеріміз бір ғана нәрсе, ол атамекеніміздің орыс пролетариаты диктатурасынан құтылуы. Біз барлық жерлестерімізді осы ұлттық мұратымыз жолында бір жан, бір тән болып жұмылуға шақырамыз.

- Тәуелділігін жалпы ұлт мүддесі тұрғысына сәйкес, ұлттың жалпы жағдайына үйлесетін түзім жолында құрбан ете білген адамдарғана нағыз ұлттық патриот және ұлтқа пайдалы қызметші бола алады.

- Мақтаға қарсы күресте бидай мен қаруланыңыз. Шет ел үстемдігінен құтылудың алғашқы қадамы шетелге астық тәуелділігінен құтылуды болмақ.

- Атамекеніміздің ұлттық құқығы жолында жүргізіп жатқан күресіміз, тіпті, кейде «демократияның шекарасын» аттап кеткен күннің өзінде ешкім бізді шовинизм мен айыптауға қақысы жоқ

Алаш ардақтысы Мұстафа Шоқай мұралары жас ұрпаққа жол көрсетуде, болашаққа бағдар жасауда, «Мәңгілік ел» идеясының құндылықтарын бағалауда маңыздылығын ешқашан жоймайды.

***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Шоқай М. Таңдамалы. I-II том. Алматы 1998ж
2. Есмағанбетов. К.Л. Әлем таныған тұлға. Алматы 2009ж
3. Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры. Алматы 1992ж
4. Шоқай М. Естеліктер. Стамбул 1997ж
5. Қара Ә. Мұстафа Шоқай Алматы 2004ж

## **АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫ КӨСЕМІ – МҰСТАФА ШОҚАЙ**

**Жамиева А.Қ.**

М.Шоқай атындағы №187 орта мектебінің мұғалімі

Ұлт мұраты үшін күрескен, қазақ халқы ғана емес, түркі халықтарының бірлігі мен ынтымағын аңсаған, Түркістан идеясының авторы Мұстафа Шоқайды толығымен тани алдық па?

Мұстафа Шоқай 1890 жылы қаңтардың 7-сі күні Түркістан өлкесіне қарасты Сырдария округіндегі Наршоқы ауылында дүниеге келген. Тарихшылар Мұстафа Шоқайдың атасы Торғай Датқа Қуатбайұлы ел арасында атақты би болған деседі. Мұстафа Шоқай қазақ тарихында саяси қайраткер, түркі халықтарының біртұтас идеясының авторы және сол үшін күресуші ретінде аты қалды. Ол Кеңес Үкіметі кезінде халық жауы атанып, қуғынға ұшыраған, күні кеше ғана есімдері ақталып, халқына оралған Алаш қайраткерлерінің бірі.

Мұстафа Шоқай бейнесі ұзақ жылдар бойы тарих күлінің астынды көміліп келді. Қазақ интеллигенциясын, қазақтың атпал азаматтарын Голошекин бір қырса, оның алдындағы жүйе бір қырды. Қазір жаһандану деген шықты. Мен зерттеу барысында байқағаным, М.Шоқай сол өткен ғасырдың 17-18-ші жылдары-ақ жаһанданудың келе жатқанын біліп, жасыл тудың астына бүткіл түркі тектес халықтарды жинағысы келген. Өкінішке қарай, ол Түркістан мемлекеті 62-ақ күн өмір сүрді де, ұлы арман іске аспай қалды. Шетелге эмиграцияға кетуге мәжбүр болды. Әйтсе де, ол күресті шетелде жүргенде де тоқтатқан жоқ. Парижде жүрген кезде ол «Яш Түркістан» журналын шығарды.

Біз қазір М.Шоқайдың бейнесін ашып қана отырмыз. Өйткені, бұл туралы зерттеулер әлі толығымен зерттелген жоқ. Және де бұнымен аздаған

адам айналысып келеді. Бұл кісі басқа Алаш қайраткерлеріне қарағанда көп жұмысты қажет етеді. Себебі, бұл кісі шетелге кеткен. Францияда болған. Деректер жан-жақта шашылып жатыр. Сонан кейін олардың көбісі әр тілде. Атап айтсақ, француз, ағылшын, неміс. Онан кейін «Яш Түркістанның» өзі бір бөлек. Оны өздері шағатай тілі дейді. Сондықтан бұларды зерттеу үшін аз емес, көп адам керек. Әсіресе, менің айтарым, «Яш Түркістанды» жақсы зерттеуіміз керек. «Яш Түркістанда» М.Шоқайдың тек таңдамалы мақалалары ғана аударылған.

Туған халқының, қазақ елінің ғана емес, исі түркі жұртының азаттығы үшін арпалысқан, тоталитарлық жүйенің қысымына шыдамай, эмиграцияға кетуге мәжбүр болған Алаш арысы Мұстафа Шоқай сыртта жүріп те елінің тәуелсіздігі үшін күресін жалғастыра берді.

Алаш — ұлттың аспан асты, жер үстінде өз орны бар ел ретінде өз еншісі мен үлесін анықтау харакеті. Зиялылардың Алаш атауын таңдауы да жайдан-жай емес еді. Алаш жаңа елдігіміздің, байырғы аймағымыздың рәмізі еді.

XX ғасырда қазақтың азаматтық тарихында ең ұлы идея қайсы десек, ол – Алаш идеясы деп жауап беруге болады. Бүгінгі тәуелсіздігіміздің негізі де осы идеяда жатыр. Алаш идеясы үшін күрескен кезең – 1907 жылдан 1930 жылға дейінгі 30 жылдай уақытты ғана қамтыған. Аз болса да ғасырға тең уақыт. Алаштың серкелері – Әлихан Бөкейханов, Мұстафа Шоқай, Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Ғаббасұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы. Алаш зиялыларының алдыңғы толқыны болып есептелетін осынау тұлғалардың әрбірі мемлекет басқаруға қабілетті еді.

Қазақ тарихында Алаш арыстарының орны ерекше. Олар Қазақ елінің сан ғасырлық даму тәжірибесін, салт-дәстүрін төңкерістік әдіспен күрт өзгертуді емес, қайта оларды өркениетті елдердің өмір тәжірибесін ескере отырып, одан әрі дамытуды, білім алып, көппен терезе теңестіруін көздеді. Ең алдымен, қазақтың өз атамекеніне ие болуын мақсат етті. Сол жолда күресті. Сонымен қатар елге демократия, білім-білік алып келу үдерісінің бастауында тұрғандар да – солар болды. Алаш зиялылары – елшілдік пен Отанға адал қызмет етудің рәмізі. Олар – барды көбейтуші, үзілгенді жалғастырушы, жоқты жасаушы.

Алаш қозғалысының тарихи негізі Ресей отаршылдығының қазақ жеріндегі аса асқынған кезеңінен басталды десек те, Алаш идеясы одан әлдеқайда бұрын өмірге келіп, күні бүгінге дейін еліміз, жеріміз деп ұлт болашағын ойлаған әрбір қазақ жүрегінің терең түкпірінен орын тепкен. Өйткені Алаш қозғалысы қазақ қауымындағы отаршылдыққа қарсы бағытталған, прогреске ұмтылған жалпыхалықтық демократиялық қозғалыс еді.

Алаштың аруақты тұлғаларының бірі - Мұстафа Шоқайдың Еуропада жерленген сүйегін елге әкелу туралы пікірлер айтылып жүр. Бүкіл саналы



ғұмырын халқының бостандығына арнаған арысымыздың арттағы ұрпаққа сүйегін емес, сөзі мен ісін аманат етіп кеткенін ұмтпауымыз керек.

Бізде аруақты тұлғаның бірі – Мұстафа Шоқай. Ол – тұтастай Түркістан, исі Алаш қайраткері. Қазір тарихи танымның әлсіздігінен «бұрқ-бұрқ етіп шығып жатқан батырлар мен қайраткерлер» көп-ақ. Бірақ Мұстафа көптің сойынан емес, жалғыздың жалғызы. Өз соқпағында Шоқандай, Абайдай, Әлихандай жалғыздың жалғызы. Мұстафа Шоқай күшпен жойылған Түркістан мемлекетінің басшысы болған. Жиырма жылдан астам шетелде қуғындағы үкіметті басқарып, Түркістан атынан түркі халықтарының тәуелсіздігі мен демократиялық бостандықтары үшін аянбай күресті. Сондықтан да Мұстафа Шоқай жалғыз қазақ халқының ғана емес, әлем тарихында «Мұстафа Шоқай - Түркістан мемлекетінің басшысы» деген атпен қалуы керек.

Шығыс Түркістан халқының ұлт-азаттық күресіне Мұстафа Шоқай барлық түркі тектес халықтар мен әлемнің кез-келген халықтарының да қолдауын қалайды. Мұстафа Шоқай сол заманның қитұрқы саясатына сәйкес, ұлттық тәуелсіздік жолындағы күрестерге, оған жетекшілік еткен қайраткерлерге отаршыл мемлекеттердің қолданатын сан қилы арандатушылық әрекеттерін, ұлттық қозғалыс күштерінің арасына іріткі салу, ұлт көсемдері туралы түрлі жалалы қауесет тарату сияқты әрекеттердің болып тұратындығын ескерте келе былай дейді: «Ұлттық күрестің мүддесі осы күреске белсене қатысқан әрбір адамының мүддесіне немқұрайды қаралмауын талап етеді... Ұлттық қозғалыстың жаулары оның басшылары мен қосшылары хақында алуан түрлі өсек-аяң таратады. Қазіргі жағдайда ұлттық қозғалыстарды басқарып, жетекшілік ететін жеке тұлғаларды қорғап қана қоймай, олардың беделін арттыруға да күш салуымыз керек. Жауларымыздың оларға қастандық жасауына жол бермеуіміз тиіс. Шығыс Түркістан ұлт-азаттық қозғалыстың басшылары мен өкілдеріне сыртқы әлемнің назарын аудару, оларға халықаралық жұртшылықтың симпатиясын тудыру қазіргі кездегі біздің ең маңызды міндетіміз болып табылады. Ұлттық мүдделеріміз осы міндеттің толық орындалуын талап етеді» [1, 278-279 б.]. Ол Шығыс Түркістанға қатысты оқиғаларға сараптама жасап, өз саяси көзқарасын білдіріп қана қойған жоқ, Қиыр Шығыстағы сол кезде болып жатқан барлық саяси оқиғаларды жіті бақылап, оған талдау жасап отырды. Мысалы, 1938-1945 жылдары Қытай мен Жапония арасындағы болған сегіз жылдық соғыс туралы журнал беттерінде үнемі хабарлар беріп, оған саяси талдауларын жариялап отырған [5, 40 б.].

Мұстафаның қайраткерлік болмысын, ұланғайыр мұрасын, бүгінгі күнмен өзектесіп жатқан ой-тұжырымдарын зерттеу, насихаттау, ұлықтау еліміздің егемендігін баянды етуге, жас ұрпақты отансүйгіштік рухта тәрбиелеуге қызмет етеді.

М. Шоқайдың артында бай мұра қалды. Атап айтсақ, олар 1917 жылы Ташкентте «Ұлығ Түркістан», Қоқанда «Жаңа Түркістан», 1919 жылы

Тбилисиде «Вольные Горцы», «На рубеже», 1921 жылды Ыстамбұлда, «Шөбнәме газетасы» газеттерін, сондай-ақ, «Жаңа дүние» (1920), «Жаңа Түркістан» (1927-1937), «Түркістан» (1935), «Орта Азия» (1928) секілді француз, түрік, орыс тілдерінде кітаптар, «Жас Түркістан» журналын, т.б. көптеген еңбектерін бастырып шығарды. М.Шоқай 1922-1941 жылдары аралығында жинақтаған жазбалар мен кітаптарын жұбайы Мария Яковлевна 1953 жылы қазіргі «Жаңа Сорбонна - Париж III» университетінің Шығыс тілдері мен өркениеттері институтының университетаралық кітапханасына тапсырды. Мұрағат қоры жөнінде алғашқы мағлұмат кезінде «Яш Түркістан» журналының жауапты хатшысы қызметін атқарған, М.Шоқайдың ең жақын серіктерінің бірі Әбдуқап Оқтайдың «Милли Түркістан» деген эмигранттық журналда жарық көрген «Мұстафа Шоқайдың мұрағаты мен кітаптары» деген мақаласында берілген [8].

Түркістан халықтарының тарихы мен мәдениеті жөніндегі басылымдарды жинастыруды М. Шоқай өте ұнатқан. Кейбір деректерге қарағанда оның үй кітапханасында сирек кездесетін бағалы кітаптар болғанға да ұқсайды. Оған Ұлыбританиядан, Италиядан, АҚШ, т.б елдерден түрлі ғалымдар мен Шығыс институтынан келген хаттар куә.

Мұстафа Шоқайдың елінің бостандығы үшін күрескенін, Кеңес үкіметінің екі жүзді саясатын әшкерелегенін дүние жүзі білгенімен, өз Отандастары білмеді. Оның еңбектеріне қатаң тиым салғанын былай қойғанда, туысқандары, бауырлары ОГПУ, НКВД үкімімен аяусыз жазаланды.

XX ғасырдың басында күрделі тарихи оқиғаларға белсене қатысқан Мұстафа Шоқай сияқты тұлғаның қайраткерлігіне және еңбегіне әділетті баға беру ұлттық тарихымыз үшін ғана емес, бүкіл түркі халықтарының тарихы үшін қажет. Сондықтан, Мұстафа Шоқайдың қасіретті де, қасиетті де қиын тағдыры әділ баға беруді талап етеді [9, 119 б.].

Мұстафа Шоқай жас кезінде таңдап алған туған халқының тәуелсіздігі үшін күресі бір сәт толастамады. Өйткені оның бүкіл ұстанымының мәні мен мағынасы, арманы мен мұраты өз ұлтының, саяси егемендігі, рухани бостандығы болды.

Мұстафа Шоқай - өз халқына деген шексіз сүйіспеншілігі мен айрықша адалдығын өз өмірінде, күрес үстінде сан рет дәлелдеген аяулы тұлға. Ол тар шеңбердегі ұлтжандылыққа еш уақытта бой алдырмаған, «ру, ұластарға бөліп», халықтың ішіне іріткі салатын психологиядан өзін әркез алшақ ұстаған. Ел ішіндегі бірлігіміз бен ынтымағымызды арттыра түсу бүгінгі Қазақстан жағдайында да айрықша мәнді болып отыр. Алда Мұстафа Шоқайдың мол мұрасын әлі де жинақтап, жүйелі зерттей отырып, оны ұлт игілігіне айналдыру, жаңа қоғам құрып жатқан белсенді іс-әрекетімізде ұтымды пайдалану білу – біздің парызымыз әрі қарызымыз. Өйткені Мұстафа Шоқайдың есімі қоғамымыз демократиялық ұстанымда ілгері жылжыған сайын шамшырақтай жарқырап, халқына қызмет етіп, оның жер

бетінде қазақ барда мәңгі өлмейтін саяси идеялары мен ой-пікірлері бүгінгімізді байытып, келешегімізді кемелдендіре түсері сөзсіз.

Бүкіл түркі әлемінің ұлы перзенті М.Шоқайдың еліміздің бүгінгі болашағына сіңірген теңдессіз жан қиярлық еңбегі, жалынды публицист, дарынды тарихшы, заңгер-ғалым, халықаралық саяси күрескер ретінде қаламынан туған асыл мұралары әлі де арнайы зерттеле түсетініне, олар жөнінде әлі талай еңбектер жазылатынына сенім мол. Тарих қойнауына кеткен әлі талай сырлар ашылар.

***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Әкім Тарази «Мұстафа Шоқай» «Жазушы 2008»
2. Қошым Есмағанбетов «Әлем таныған тұлға» «Алматы дайк-пресс» 2008 жыл
3. «Алаш» журналы

**МҰСТАФА - РУХЫ БИІК ТҰЛҒА**

**Көшерова Г. Н.**

М.Шоқай атындағы №187 орта мектебінің мұғалім

Мұстафа Шоқай (25 желтоқсан, 1890 жыл, Сырдария губерниясы, Ақмешіт уезі, Наршоқы — 27 желтоқсан, 1941 жыл, Берлин) - көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, Түркістан автономиясының жетекшісі. Тұлғалар. Алаш арыстары. Мұндай жандар туралы Елбасы Н.Назарбаев: “Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тарихының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Сондықтан халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай да қиын-қыстау жағдайда оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім жұртының азаматы болып қала бермек. Тарихтың қай кезеңінде болсын, олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген”, дейді. Сондай тұлғалардың бірі – Мұстафа Шоқай. Ол – Алаш қозғалысының төл перзенті, Алаш идеялары мен мұраттары аясында қанаттанған, қазақ, өзбек және басқа да түркі халықтарының ұлттық бостандығы үшін күресінің стратегиясы мен тактикасын айқындаған қайраткер. 1910 жылы Санкт-Петербург университетіне оқуға түскен күнінен бастап М.Шоқай дүниетанымының қалыптасуы, бір жағынан, түркішілдік-мұсылмандық қозғалыстың (С.Жантөрин), екінші жағынан “батысшылар” демократиялық-либералдық қозғалысының, Ә.Бөкейханов ықпалымен өтеді.

1914 жылдың көктемінде Мұстафа Петербургте оқып жүрген түркі жастарының патша өкіметінің ислам діні жөніндегі саясатына байланысты баспасөз бетінде жарияланған үндеуіне қатысады. Оған сол кезде империя астанасындағы 31 өзбек, татар, башқұрт, қазақ студенттері қол қояды. Мұның өзі Мұстафаның саяси қозғалысқа біржолата тартылуының, ұлттық мүдде жолындағы күрескерлер қатарынан берік орын алғандығын көрсетеді. Түркі халықтары тарапынан сөйлейтін бүркеншік діни құрылымдар мен басылымдарды ұйымдастыру арқылы патша өкіметінің ұлт-азаттық қозғалысын іштен бүлдіруге бағытталған арандатушылық саясатының қауіптілігін жете түсінуі, ол жөнінде өз пікірін ашық білдіруі, М.Шоқайдың саяси ұйымының қалыптасып, шындала түскендігінің куәсі еді.

Ақпан төңкерісіне дейін Алаш көшбасшысы Ә.Бөкейханмен бірге Ресей Мемлекеттік Думасының мұсылман фракциясында хатшы қызметін атқарады. 1916 жылғы дүрбелең кезінде Түркістан және жалпы қазақ жеріндегі бассыздықтарды әшкерелеп, Мемлекеттік Думаға арнайы құжатты мәліметтер ұсынады. Сөйтіп, осыған байланысты комиссия құруға себепші болады. 1917 жылы төңкерістер тұсында мықты Түркістан мемлекетін құру идеясын ұстанады. Ташкентте «Бірлік туы» газетін ашады.

Орынбордағы Алаш қайраткерлерімен тығыз байланыс ұстайды. Алаш партиясы құрылатын бірінші жалпы қазақ сиезінің де, Алаш автономиясы жарияланатын екінші жалпы қазақ сиезінің де ұйымдастыру және өткізу жұмысына белсене қатысады. Алғашқы сиезде «Шора-и-ислам» жұмысына қатысатын 8 қазақ өкілінің бірі болып сайланады. Екінші съезде Алашорда үкіметі–Ұлт кеңесіне Сырдария атынан кіреді. 1917 жылы Жаңа Марғұланды өткен өлкелік мұсылмандар кеңесінде қайраткер Бүкіл түркістандық мұсылмандардың құрылтайын Қоқан қаласына шақыру туралы бастама көтереді. Қарашада Қоқанда Түркістан автономиясын жариялау шарасына бастан-аяқ қатысады.

Түркістан аймағы үшін осы ерекше жиын - 1917 жылы 26 қараша күні Қоқанға шақырылған өлке мұсылмандарының IV төтенше құрылтайы еді. Аталған құрылтай 26-27 қараша аралығында өтті (жаңаша ресейлік жыл санау бойынша 9-10 желтоқсан). Бұған Сырдария, Закаспий, Самарқан, Ферғана, Жетісу облыстарынан 200-ден аса делегат қатысты. Олардың ұлттық құрамы да айрықша: қазақ, өзбек, түркімен, қырғыз, эзирбайжан, тәжік, орыс, украин, поляк, еврей т.б. Бұл оның халық деген ұғымды Түркістанның тарихи тағдырымен байланыста қарағанын көрсетеді. Осы жиын делегаттары 27 қараша күні «Түркістан территориялық автономиясын» жақтап, дауысберді. Өз атымен айтсақ - Түркістан мұхтарияты. Аталған IV құрылтай Түркістан автономиясының немесе Түркістан мұхтариятының «Халық кеңесін» (мұны бүгінгі парламент пен салыстыруға болады) сайлады. Оған 36 түркістандық

(Түркістанның жергілікті халқынан шыққандар) және 18 өзге ұлт өкілдері енді. Халық кеңесінің төрағалығына - Серәлі Лапин, кеңес басшылығы құрамына – Мұстафа Шоқай, Убайдулла Хожаев, Махмұт қожа Бехбуди сайланады.

1918 жылы қаңтарда Түркістан автономиясының алғашқы үкімет басшысы М.Тынышбаев өз еркімен жұмыстан босағанда, М.Шоқай осы қызметке сайланады. Большевиктер бұл автономияны ақпанда қанды қырғынмен таратты. 1918 жылы қыркүйекте қайраткер Самарада бас қосқан Ресейдің азаттық жолындағы күрескерлерінің Құрушы мәжілісіне (Комуч) қатысады. 1919 жылы ақпанда Түркістан мемлекеті бағдарын одан әрі қозғау үшін Бұхар әмірлігі мен Закаспийдегі ағылшын корпусы басшылығымен келіссөзге Ашхабатқа келеді. Сол жылы Баку мен Тифлисте сәл аялдап, (гүржі жерінде «Яни дүния», «Шафак» атты газеттер шығарысып, «Вольный горец» басылымына атсалысады) Ыстамбұлға аттанады.

Әлемге аты мәлім қоғам қайраткері, саясаткер, ақиқат жолына бас тіккен, азаттық үшін тағдырдың азабы мен мазағын қатыспай көтерген, әділеттен басқа досы жоқ, адалдықтан басқа жолы жоқ Мұстафа Шоқайдың біртұтас Түркістан мемлекетін құрудағы қызметі, қайғысы, қасіреті, мақсат – мүддесі кешегі кеңес үкіметі кезінде құлып астындағы құпия болды. Күллі түрік миллетінің туыстық бірлігін сақтап, Түркістан автономиясын құру тұрғысындағы М.Шоқайдың жанкешті қызметін кеңес идеологтары жаулық әрекет сипатында көрсетті [1]. Мұстафаның інісі Нұртаза мен туысы Мырзеке Қалымбетұлы «халық жауымен» хандық қатысы болғаны үшін атылды [2]. Қалғандары куғын-сүргінге түсті. Ал мемлекеттік тапсырыс бойынша отставкаға ҰҚК қызметкері Ж.Шәкібаев «Үлкен Түркістанның күйреуі» атты кітап жазып, М.Шоқайдың қоғам алдындағы жұмысын жоққа шығаруға тырысты. Ал Мұстафаның кінәсы - өз ұлтына деген шексіз сүйіспеншілігі еді. Айыбы – атамекенге, ана сүтіне адалдығы. М.Шоқай өле-өлгенше осы бағытынан айныған жоқ. Уақыттан асқан кемеңгер бар ма, қазақ зиялылары жан алып, жан беріскен ел егемендігі тарихи мерзімі жеткен күні өз аяғымен келді. М. Шоқайдың бүкіл өмірінің мәні мен мағынасы, арманы осы егемендік, өлмес рух елімен қайта табысты. Заман озады, өмірден тозбайтын ештеңе жоқ. Зат та, жер мен көк те, адамның аты да ескіреді. Бірақ, қараңғылық қойнауында жанған шамшырақтай Мұстафа есімі жыл өткен сайын жарқырай түсуде.

Мұстафаның 1886 жылы 7 қаңтарда Сыр бойында Сұлутөбе секілді ауылда, кірпіштен салған қазақы үйде дүниеге келіп, саясаттың биік тұғырына көтерілуі көбіміз үшін таңғаларлық жағдай. Бала күнінен киіз қазақтың тәрбиесін алады [2]. Осылайша он төртке толар-толмас жасөспірім бейшараның көзіндегі жасты сүртіп, әділеттің ауылын нұсқауға жарап қалады. Ел ішіндегі әлеуметтік теңсіздіктерді танып біле бастайды. Түркістан халқының қамында бір қасиет пен кесапатты өмірге тоқиды. Өмірден осы кезде алған екінші сабағы – орыс өктемдігі.

М.Шоқай университетті 1917 жылы ақпан төңкерісіне бұрын бітірді. Зеректілігі арқылы университет қабырғасынан 7 тілді меңгеріп шықты. Оның ішінде қазақ, орыс, түрік, ағылшын, француз, неміс және поляк тілдері бар еді. Мұндай жетістік М.Шоқайдың мәдени көкжиегін кеңейте түскені мәлім. Ал, өмір тәжірибесінен, ұлтаралық саясаттың аса салмағын 1914 жылы думада Мұсылман фракциясына хатшы бола жүріп үйренді. Фракция Дума депутаты Әлихан Бөкейханның ұсынысымен келіп, А.Байтұрсынұлы, Ш.Кәрі секілді қазақ зиялыларымен жақын танысады. Мұндағы қызметі де өз жерлестерін отаршылардың зорлық-зомбылығынан қорғау болады. Жазықсызды жаладан сақтау, әлсізді қорғау Мұстафаның мақсатына айналады.

Ресей патшалығының көзге көрініп тұрған бір зорлығы – қоныс аударған орыстарға көшпелі қазақтың жайылымы мен қыстауларын күшпен тартып алып бергені. Мұстафа мәселені сенатқа дейін апаратын. «Бастықтың пиғылы түзу болмаса, заңнан қайран жоқ» деп Бисмарк айтқандай, орыс мемлекетінің отарлау саясатына қарсы тұратын күш жоқ еді. Халық орыс патшасынан осы кезде күдер үзеді. кейін Марияға жазған хатында бала кезін еске алып: «Теміржол біздің ауылдан біраз қашық болатын. Жол басы телеграф бағаналары мен жарысатынбыз. Үлкендер бізге осы сымдар арқылы орыс патшасы Николай тұратын қаламен сөйлесуге болатынын әңгіме қылып айтатын. Бар қолымыздан келетіні – бағаналарды қамшыларымызбен осып-осып жіберіп, патшаны сөгу ғана еді», - деп бала кездегі түйсігінің кейіннен расқа шыққанына таңданады. 1917 жылы университет бітіріп, кейбір тарихшылар «Ақпан төңкерісін қуаттап, ол еліне бостандық алып келеді деп түсінді. Эсерлер партиясына мүше болды» - деп жазғандай, Мұстафа Шоқай ұлттық саяси өмірдің тоқсан тарау айрығында тұр еді. Эсерлер партиясына мүше болғаны, болмағаны мұрағаттық деректер арқылы әлі ашылады. Бірақ патшалық Ресейдің аз санды ұлттарға қатысты саясатына М.Шоқай үзілді кесілді қарсы болды.

М. Шоқайға коммунистік қоғам идеологтарының күллі Түркістанға жасап отырған зорлық-зомбылығы, қарапайым алаңда берген ақыреті оның өмірінің қайғысы, мұңы болды. Орыс демократтарына үміт артуы да үзілді кесілді тоқтады. Тіпті, сенімді деген Сұлтанбек Қожановтан «Қоқан автономиясының» мүшелеріне Кеңес үкіметі кешірім береді деген хабар тигенде де компартия басшыларына екіжүзділік саясатын күні ілгері біліп, елге оралмады. Грузияда «Вольный Горец», «Борьба», «На рубеже», Стамбулда «Жаңа Түркістан» кейіннен «Жас Түркістан» газет-журналдары арқылы күллі өмірін азаттық үшін күреске жұмсады. Ал, 1920 жылы Варшавада Сталиндік режимге қарсы Кеңес одағының қудалауына түскен ұлт зиялылары «Прометей» ұйымын құрған болатын. Ал, Варшавадағы шығыстану институты 1929 жылы «Кеңес одағының ішкі және сыртқы саясаты туралы» ғылыми теориялық конференция ұйымдастырды. «Сталин социализмі – тонаушылықты қамтамасыз ететін саяси жүйе» деген 1937

жылы жазған мақаласында Кеңес үкіметінің өз халқына жасаған тонаушылық саясатына экономикалық тұрғыдан талдау жасайды. Осылайша М. Шоқай Кеңес үкіметінің шетелдегі басты дұшпанына айналады. Білімі – терең, ақылы асқан қазақ перзенті түрік жамиғатының бірлігі мен коммунистік қоғамның халыққа тигізер ықпалы жөнінде ондаған мақала жазды. Мақала дерегі талдау мен таразылаудан тұрды. 1936 жылы КСРО конституциясындағы логикалық қайшылықтарды дәлме-дәл түсіндірді. Белсенді, саналы, ынталы азаматары ғана коммунистік ұйымдарға біріге алады» деген конституция бабын сөзбе-сөз жүйелей келе, «Компартияға кірмеген адамдар белсенді, ынталы және саналы болып саналмайды деген сөз. Ал КСРО-да коммунист емес адамдар халықтың 98 %» деп жазады. Сондай-ақ жеке адамның тарихтағы рөлін жоққа шығаратын марксизм идеяларын, Сталиннің жеке басқа табынушылығын атап көрсетіп береді.

М.Шоқайдың өмір жолы өнегеге толы болды. Бүкіл түркі әлемінің тарихи тұлғасына айналған М.Шоқай 20 ғасыр кезеңінде адамзат баласының айтулы перзенті болды. Оның бойында біз біліп үлгірмеген, тарихымен таныспаған талай рухани қазыналар жатыр. Ол Түркістан халқын орыс диктатурасынан қорғауға күш салды, бірақ озық және адал ойлы славян халқының өкілдері Я.Газовский, И.Пильсудский, В.Чайкин, В.Наливкинге деген құрметі ерекше еді. Өмірлік досы Мария Яковқызы да орыс ұлтынан болатын.

М.Шоқай осынау таза табиғи қалпымен, көптің көзі жетпейтін шың басындағы шынар секілді еді. Тамырын тасқа жайған шынар жалғыз өседі, жүзін күн сүйіп, жапырағын жел тарайды. Діні қатты болады. Шындағы шынар секілді М.Шоқай да жиырмасыншы ғасырдан өтіп, асыл ой, азаматтық қалпымен жиырма бірінші ғасырға келді.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Байбот Кошым-Ноғай Серікбай-ұлы. "Мұстафа Шоқай. Түркістанның қилы тағдыры". Алматы, "Жалын", 1992.
2. "Мұстафа Шоқай. Мария Шоқай. Естеліктер" (құрастырған Ә.Такенов, М.Койгельдиев), Ыстамбұл, 1997.
3. "Мұстафа Шоқай. Тандамалы" (аударып құрастырған Айтан Нүсіпхан), 1-2 том, Алматы, "Кайнар", 1998-1999.
4. "Мұстафа Шоқай: өмірі, танымы, күресі", Анкара, 2001 (түріктілінде).
5. Әбдіуақап Қара. "Мұстафа Шоқай", Алматы, "Арыс", 2004.
6. Әкім Тарази. "Мұстафа Шоқай". Алматы, "Жазушы", 2008.
7. Кошым Есмағамбетов. "Әлем таныған тұлға". Алматы, "Дайк-пресс", 2008.
8. «Алаш» қозғалысы. Алматы, 2008.

## МҰСТАФА ШОҚАЙ: АҢЫЗ ЖӘНЕ АҚИҚАТ

Жарболова А.С.

М.Шоқай атындағы №187 орта мектебінің мұғалімі

Бүгінгі таңда өткен қилы күндерді бүгінгі ұрпақ білуі тиіс. Бұл бейбіт өмір үшін күрескен алаш азаматтары аз емес. Еліміз үшін зор тұлға, еңбегі ұшан теңіз атамыз – Мұстафа Шоқай. Оны мақтаудан бұрын даттаушылар қатары көп еді, Ресей большевиктері оның білімдар болуына көп кедергі келтіруге тырысты. Яғни, қараңғылықта қалып, айтқандарынан шықпайтын, қанап-жаншудан бас көтертпей басып ұстау еді. Бұл күнге дейін сол басқыншылықта қалар ма едік, егер де қазақтың қамын ойлаушы, жан-жүрегі әділдік пен тәуелсіздікті көксеген аға-әпкелеріміз болмағанда...

Мұстафаның 1886 жылы 7 қаңтарда Сыр бойында Сұлутөбе секілді ауылда, кірпіштен салған қазақы үйде дүниеге келіп, саясаттың биік тұғырына көтерілуі көбіміз үшін таңғаларлық жағдай. Бала күнінен киіз қазақтың тәрбиесін алады. Осылайша он төртке толар-толмас жасөспірім көзіндегі жасты сүртіп, әділеттің ауылын нұсқауға жарап қалады. Ел ішіндегі әлеуметтік теңсіздіктерді танып біле бастайды. Түркістан халқының қамында бір қасиет пен кесапатты өмірге тоқиды. Өмірден осы кезде алған екінші сабағы – орыс өктемдігі. Тілмаштық Мұстафаға қимастық берген қызмет емес, дарынды жастың келешегін кесу еді. Себебі, ел арасындағы тілмаштар қоғамдық теңсіздікке араша түспей, ақша-пара жолымен азғындап, адамдық қасиеттерінен айырылып жатқанын сол кезде өмірдің өзі көрсетті. Сондықтан, Самсонов бұрқылдып шыққан қайнардың көзін көміп тастағысы келді. Өзара қырқысып жатқан орыс чиновниктері осы мәселеде бірауызды болатын. Генерал Самсонов сезімтал кісі екен, ол Мұстафаның келешегінен орыс отаршылдарына келер бір залалды сезді. Мұстафа Шоқайұлы Петербургке барып, оқуын жалғастырғысы келетінін айтып, — Заң факультетін қалаймын, — дегенде ішін тартып қалды. Петербургтегі заң университеті қазақтың баласы түгілі, орыстың қолына түспейтін оқу. Орыс отаршылары сауатсыз халыққа әділетті көрінуге ынталы, саналы, таланты қазақтың адамына аша таяқ қояды. «Тілмаш боласың ба?» — деп қамқорсыған Самсонов ақыры айтқаны болмағасын М.Шоқайға гимназиядан тиесілі алтын медалды, Зопрометов есімді орыс балаға бергізіп, бұған күміс медаль бермекші болады. Әділет жеңеді, адал азаматтар қолдауымен алтын медалін алған М.Шоқай орыс генералы қойған тосқауылмен өзі бетпе-бет кездеседі. Демек, Ташкенттің тұтқасын ұстап отырған генерал Самсоновтың Түркістан халықтарына деген пиғылы таза емес. Ал генерал орыс патшалығының өкілі. Бұдан Түркістанға Ресей жүргізіп отырған саясаттың күнгеі мен көлеңкесін бірдей аңғаруға болатын еді.

М.Шоқайдың Петербург университетінің заң факультетіне түсуі сол кез үшін үлкен дәреже. Бұған Орынбор генералы – губернаторы



Перовскийдің ұсыныс хаты көмек болады. Бәрі бір реакцияшыл көзқарастағы губернатор ішкі саясаттағы ерекшеліктерді есепке алды. Әділет үшін айту керек орыс мемлекетінің билеушілер топтары Түркістан тұрғысындағы отарлық саясат жүргізсе де, Петербургтың ғылым төңірегіндегі зиялы қауымы таланттарды бағалай білді.

М.Шоқай университетті 1917 жылы ақпан төңкерісіне бұрын бітірді. Зеректілігі арқылы университет қабырғасынан 7 тілді меңгеріп шықты. Оның ішінде қазақ, орыс, түрік, ағылшын, француз, неміс және поляк тілдері бар еді. Мұндай жетістік М.Шоқайдың мәдени көкжиегін кеңейте түскені мәлім. Ал, өмір тәжірибесінен, ұлтаралық саясаттың аса салмағын 1914 жылы думада Мұсылман фракциясына хатшы бола жүріп үйренді. Фракция Дума депутаты Әлихан Бөкейханның ұсынысымен келіп, А.Байтұрсынұлы, Ш.Кәрі секілді қазақ зиялыларымен жақын танысады. Мұндағы қызметі де өз жерлестерін отаршылардың зорлық-зомбылығынан қорғау болады. Жазықсызды жаладан сақтау, әлсізді қорғау Мұстафаның мақсатына айналады.

### **Отбасы**

Кей зерттеушілердің пікірінше, оның ата-бабасы қыпшақ руының белді әулетінің адамдары болған деседі. Атасы Торғай датқа Сырдария облысындағы бірнеше ауылды басқарған, ал әкесі ауыл-аймаққа белгілі әділ би болған.

### **Білімі**

Мұстафа Ташкенттегі ерлер гимназиясы мен Санкт-Петербург университетінің заң факультетін аяқтаған. Осы кезде ол өзіндік дүниетанымы мен саяси көзқарасын қалыптастырып, ағылшын, француз, түрік, өзбек, орыс тілдерінде еркін сөйлеген.

### **1917 жылғы оқиғалар**

1917 жылдың көктемінде Мұстафа Ташкенттегі мұсылмандар конгресі кезінде құрылған Мұсылмандар орталығының басшысы болып тағайындалады. Осы жылдан бастап «Бірлік туы» және «Еркін Түркістан» басылымдарын шығара бастаған. Ал тамыз айында ол Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің мүшесі атанды.

1917 жылғы қазан төңкерісінен кейін комитет мүшелері қуғынға ұшырап, жасырынуға мәжбүр болды. Мұстафаның басы үшін арнайы сыйлық та тағайындалды.

### **Түркістан автономиясы**

1917 жылдың 27 қарашасында Қоқанда өткен Бүкіл мұсылмандардың IV съезінде Түркістан автономиясын құру туралы ұсыныс айтылды. Оны алдымен Мұхамеджан Тынышпаев басқарады да, артынан оның тізгіні Мұстафа Шоқайға тиді. Автономия 1918 жылдың ақпанында құлады. Шоқай Ташкентке, одан әрі Ақтөбеге қашуға мәжбүр болды.

### **Уақытша үкімет**

1918 жылы Шоқай Бүкілресейлік уақытша үкіметтің (Уфа директориясы) мүшесі болды.

### **Шоқай мен Колчак**

1918 жылдың қыркүйегінде Уақытша үкіметтің басшылығына адмирал Александр Колчак келді. Оның бұйрығымен директорияның барлық мүшесі тұтқынға алынды. Шоқайды Челябинге жіберді, дегенмен ол ретін тауып қашып шықты. «Қазақстанда антисоветтік жүйені әм фашизмді қолдаған тұлғаға ұлықтап жатыр.

Қызылордада Мұстафа Шоқайға ескерткіш ашылуы мифке негізделген псевдотарихқа жасаған кезекті қадам болды» (В Казахстане увековечивают память главарей антисоветского движения и приспешников фашизма. Открытый в Кызыл-Орде памятник Мустафе Шокаю стал очередным шагом на пути создания псевдоисторических мифов, на которые опирается официальная идеология страны), - деп жазады автор аталған мақаласының кіріспе сөзінде. Алаш арысы Мұстафа Шоқайдың кеңестік кер қоғамның езгісіне ынта-шынтасымен қарсы күрескені тарихтан белгілі. Ал Сергей Кожемякин өз контекстінде Мұстафа Шоқайды «фашист» деп қаралайды. Тарихи деректерді ашықтан-ашық бұрмалап, Мұстафа Шоқайға көпе-көрнеу жала жапқан орыс журналисті Сергей Кожемякин өз мақаласында Орталық Азия елдерінің КСРО идеологиясының қалдықтарын күресінге ысырып, ұлттық, тарихи, мәдени әм рухани құндылықтарын жаңғыртв бастағанына ашынады. Қазақстанды «социалистік жолдан айныған әм советтік құндылықтарды жоққа шығарушы» деп айыптай келіп, Қазақстанның Мемлекеттік құрылымындағы «Алтын дәуір» ретінде Қазақ хандығы құрылған кезең мен Алаш партиясының құрылған кезеңін айтады (Эта тенденция затронула и Казахстан. Здесь для конструирования идеологической мифологии используются две эпохи. Первая — Казахское ханство (XV—XIX века), а вторая — период с 1917 по 1920 год, когда в Центральной Азии предпринимались попытки создать собственные, враждебные Советской власти государственные образования. Речь идёт об Алашской и Кокандской (или Туркестанской) автономиях). Биыл жүз жылдығы тойланатын Алаш арыстарының аруағын қозғап, оларды фашистік жүйенің жандайшаптарына теліген Кожемякин мен оның мақаласын жария еткен орыстың «Правда» гәзеті мемлекетаралық қарым-қатынасқа қырсығын тигізіп, бүтін бір елдің тарихы мен тарихи тұлғасын қаралап отырғанын түсінбейді емес, түсінеді. Сөйте тұра, «Биыл 100 жылдығы тойланғалы отырған Алашорда жоқтаушылары ұлтшыл-буржуаздар қозғалысын насихаттатуда. Алайда атисәбеттік активистерді ұлықтаудың соңы — фашизмді қолдаушыларды насихаттауға ұласып кетті», - деп жазады. (Их столетие, отмечаемое в этом году, вызвало всплеск пропагандистской активности, направленной, в том числе на прославление лидеров буржуазно-националистического движения начала XX века. Но, как нередко бывает,

начав с восхваления активистов антисоветского движения, современные идеологи постепенно скатываются к прославлению пособников фашизма...). «ОДНИМ из таких событий стало открытие 28 марта в Кызыл-Орде 12-метрового памятника политическому деятелю Мұстафе Шоқаю. В тот же день в местном университете прошла международная научно-теоретическая конференция «Наследие Алаша и независимый Казахстан», посвящённая 100-летию образования партии «Алаш», - деп жазған автор Мұстафа Шоқай туралы бірді-екілі деректерді мысалға келтіреді. Алаш қайраткері Мұстафа Шоқайды – фашист, неміс бандеррасымен байланысқа түскен сәбеттік сатқын әрі болшевиктерге қарсы күрескен эмигрант деп сипаттайды (бұл туралы мына сілтемеден оқып танысуға әбден болады). Ең бастысы – өз мақаласын түйіндей келе Сергей Кожемякин «Мұстафа Шоқай сынды азаматтарды ұлықтау – антисәбеттік қозғалысты насихаттау және КСРО-ны күйелеу» деп жазады. Алашорда Сәбет Өкіметін жеңген. Тіпті Парламенттегі «Ақжол» партиясын да тілге тиек етіп, Перуашевтің «Қазақстанның бүгінгі Тәуелсіздігі – кешегі Алаш қайраткерлерінің арман мақсаты. Тарихи тұрғыдан алғанда – Сәбет Өкіметі жеңілді. Алаш жеңді» деген сөзіне де шүйлігеді. Шүйлігеді де ашық қоқан-лоққы жасайды. Тәуелсіз Қазақстан Республикасының территориялық тыныштығын бұзуға, қос бірдей одақта ортақ қазаннан ас ішіп отырған Қазақстан мен Ресей қарым-қатынасына сызат түсіруді көздейді. «Қазақстан Украинаның кебін киеді» «Бұл тенденция бізді уайымдатпай қоймайды. Мысалы, Украинада да дәл осылай басталған. Бандерраны ұлықтауан басталған қадам қанды-қырғынға ұласты. Арты азаматтық соғысқа ұласты. Қазақстанды дәл осы жолға итермелеп отырған кім?» деп түйіндейді ол өз мақаласын (Эта тенденция не может не пугать. На Украине тоже всё начиналось с восхваления Петлюры, Бандеры и прочих одиозных фигур прошлого. Закончилось же кровавым переворотом, бесчеловечным режимом и гражданской войной. Неужели кто-то заинтересован в том, чтобы и Казахстан пошёл по тому же пути?). Түйін. Біз жар астынан жау іздеп отырған жоқпыз. Айтқымыз келгені - қос бірдей одақтың аясында (Кедендік одақ пен Еуразиялық экономикалық одақ) ортақ экономикалық саясат жүргізіп отырған көрші Ресейдің псевдодемократтық сайттары мен журналистері Тәуелсіз Қазақстанның Мемлекеттік қауіпсіздігіне нұқсан келтіріп, екі елді жауластыруды көздеп отырса керек. Бүгінгідей бейбіт күнде Тәуелсіз еліміздің тыныштығын бұзуды көздеген, Мемлекеттер арасына от салып, бүлік шақырған ресейлік басылымның арандатушы әрекетіне Ресейдің Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшісі жауап беруі тиіс! Бүгінде ел ішіне іріткі салып, түрлі идеологияны насихаттап жүрген шетелдік (оның ішінде дезинформаторлық саясатты нық ұстанатын ресейлік БАҚ) басылымдар, телеарналар мен ақпараттық сайттарға тосқауыл қойылуы тиіс! Айтпақшы, 2010 жылы Париж қаласында Алаш қайраткері Мұстафа Шоқайға ескерткіш ашылған

болатын. Мұны Еуразиятанушы Сергей біле ме екен?... (Еуразиятанушы Сергей Кожемякин) (М.Шоқайдың Париж қаласындағы ескерткіш-бюсті)

Елбасы Н.Назарбаев: «Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес.

Адам тарихының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Сондықтан халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай да қиын-қыстау жағдайда оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім жұртының азаматы болып қала бермек. Тарихтың қай кезеңінде болсын, олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген», — дейді. Осындай тұлғалардың бірі – Мұстафа Шоқай. Ол – Алаш қозғалысының төл перзенті, Алаш идеялары мен мұраттары аясында қанаттанған, қазақ, өзбек және басқа да түркі халықтарының ұлттық бостандығы үшін күресінің стратегиясы мен тактикасын айқындаған қайраткер.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер:*

1. Байбот Кошым-Ноғай Серікбай-ұлы. "Мұстафа Шоқай. Түркістанның қилы тағдыры". Алматы, "Жалын", 1992.
2. "Мұстафа Шоқай. Мария Шоқай. Естеліктер" (құрастырған Ә. Такенов, М. Койгельдиев), Ыстамбұл, 1997.
3. "Мұстафа Шоқай. Тандамалы" (аударып құрастырған Айтан Нүсіпхан), 1-2 том, Алматы, "Қайнар", 1998-1999.
4. «Алаш» қозғалысы. Алматы, 2008. [ISBN 9965-32-715-7](https://doi.org/10.1007/978-1-4020-9965-7)
5. <https://abai.kz/post/51200>

## **МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ТҰЛҒАСЫ МЕН ТАҒДЫРЫ**

### **Мурынбаева Б.Т.**

М.Шоқай атындағы №187 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Не көрсем де Алаш үшін көргенім,  
Маған атақ – ұлтым үшін өлгенім.  
Мен өлсем де, Алаш өлмес көркейер,  
Істей берсін қолдарынан келгенін,-

деп Мағжан Жұмабаев жырлаған Алаш арыстары тәуелсіздікті аңсағанымен, тәуелсіздіктің таңы кешікпей жететініне сенді. Тәуелсіздікке қол созуда ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялыларының өз халқының болашағы үшін жасаған еңбектері орасан зор болды. Қазақ тарихында өз халқына адал қызмет жасау жолында басын бәйгеге тіккен Алаш ардақтылары көп болған. Алаш алыптары шоғырына жататын арыстарымыздың әрқайсысының тарихтағы орны айрықша. ХХ ғасыр басында

қазақ халқының өміріне етене араласып, өзінің идеясымен, қайраткерлігімен көзге түсіп, патша саясатына қарсы күрескен, азаматтарымыздың бірі – Мұстафа Шоқай.

Мұстафа Шоқайдың қайраткерлігі Мемлекеттік думаның Мұсылман фракциясына қатысуы барысында, 1916 жылы ұлт-азаттық көтеріліс, 1917 жылғы Ақпан төңкерісі тұсында танылды. Мұстафа Шоқайдың өзге қайраткерлерден, замандастарынан ерекшелігі неде дейтін болсақ, ең әуелі, Мұстафа Шоқай – Түркістанның тұтастығына толық сенген, сол жолда басын бәйгеге байлаған сан қырлы қайраткер. Екіншіден, Алаш арысы - көреген көсем. Көптеген қайраткерлер большевиктермен ымыраға келуге болады деп шешкенде, Шоқай жаңа биліктің алдамшы уәделеріне сенбеген. Тіпті Ташкентте билікті қолға алған большевиктер Шоқайдың Түркістан Халық комиссарлары кеңесінің (Үкімет) төрағасы болуын сұраған. Алайда, олардың түпкі ниетін ерте аңғарған Шоқай бұл ұсыныстан бас тартқан. Кейінірек Тбилисиде, Ыстамбұл мен Еуропада жүргенде де большевиктерден арнайы шақырту алғанына қарамастан, олармен ымыраға келмеген.

Шоқайдың тағы бір қыры, ол – қазақтың, тіпті Түркістанның тарихында саяси эмиграцияны алғаш бастаған тұлға. Оған дейін біздің тарихымызда шет елдерге шыққан адамдар болғанымен, саналы түрде, күрес жүргізу үшін эмиграцияға кеткен.

Сонымен қатар «Мұстафа Шоқай гитлершілермен ауыз жаласқан, азиялық тұтқындарды кеңес өкіметіне қарсы соғысуға үгіттеп, олардан «Түркістан легионы» деген жасақ құруға қатысқан, Отанын сатқан опасыз, дұшпан» деп кеңес өкіметі таққан айып шындықты бұрмалау екендігін ,жазушы, қоғам қайраткері Ә.Әлімжановтың «Мұстафа Шоқай. Ол кім?!» деген мақаласы дәлелдеген болатын. Мақалада жазушы : «Мұстафа Шоқайұлы ешкімнің ақтауына мұқтаж емес. Ол өзін-өзі шығармаларымен, ерлігімен ақтап отыр. Оны тарих пен уақыт ақтады. Түркі тілінде сөйлейтін халықтар оның өзіне лайық бағасын беруде», -деп жазған екен.

Мұстафа Шоқай Қызылорда облысының Шиелі ауданы Сұлутөбе ауылында Сыр өңірі қазақтары арасындағы беделді кісі Шоқайдың отбасында дүниеге келген. Бұл туралы да екі түрлі пікір бар. Кейбіреулер Сұлутөбенің атын басқаша айтады. Бірақ негізі туған жері осы Сұлутөбе, қазір шағын станса. Сол кезеңдегі қазақ балаларының тағдыры қандай болса, Мұстафаның да тағдыры сондай. Бірақ оның екі ерекшелігі болды. Бірінші, Мұстафа қазақ даласына белгілі үлкен шонжар, Хиуа ханының үлкен датқасы болған Торғай бидің немересі. Екінші, бала күнінде естігені — Хиуа хандығына бағынбау үшін қазақтардың қаншама соғысқаны, қай жерде қандай шайқастар болғаны, қазақ жігіттерінің ерлігі туралы әңгімелер. Өзінің туған анасы сондай соғыстарда қолына ту ұстап, топтың басында жүреді екен. Анасы ертегі-жырға өте құмар болған және баласына соның

бәрін айтып беріп отырған көрінеді. Осы екі жағдай Мұстафа Шоқайды сол кездегі басқа балалардан бөлек, үлкен болашаққа бастаған болу керек.

Мұстафа өз кітабында Торғай датқаның бір ерлігін келтіреді. Хиуаның ханы Торғайдың сүмбіле сұлу, жүйрік атына қызығып, тартып әкетеді. Батыр Хиуа ханына жалғыз өзі барып, бүкіл жұрттың көзінше хан сарайынан атты мініп алып кеткен екен. Сонда хан қарап тұрып: "Тимендер оған, тиюге болмайды", — деп батпаған дейді. Осы ерлігі ел арасында аңыз болып кеткен. Торғайдың ержүрек, ештеңеден қайтпайтын мәрт мінезі Шоқайда да болған, Шоқайдан Мұстафаға сіңген екен.

Мұстафа Шоқай жазу-сызуды өз анасынан жасы беске толмай жатып үйренген. Сұлутөбе станциясындағы орыс мектебінде бастауыш білім алған ол 1902 жылы Ташкенттегі гимназияға түсіп, 1910 жылы үздік бітіріп шығады. Болашақ қайраткер 1910 жылы Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне оқуға түсіп, оны 1917 жылы бітіреді. Студент шағынан қоғамдық-саяси өмірге белсене араласып, түркі-мұсылман студент жастарының қозғалысына қатысады. Балқан соғысына байланысты 1912 жылы Санкт-Петербурдағы қазақ, татар, өзбек, башқұрт және әзірбайжан студент-жастары арасында Түркияны қолдау қозғалысы өріс алған кезде оның арасында Мұстафа Шоқай да болады.

М.Шоқайдың өмір жолы өнегеге толы болды. Бүкіл түркі әлемінің тарихи тұлғасына айналған М.Шоқай XX ғасыр кезеңінде адамзат баласының айтулы перзенті болды. Оның бойында біз біліп үлгірмеген, тарихымен таныспаған талай рухани қазыналар жатыр. Ол Түркістан халқын орыс диктатурасынан қорғауға күш салды. Мұстафа Шоқай осынау таза табиғи қалпымен, көптің көзі жетпейтін шың басындағы шынар секілді еді. Тамырын тасқа жайған шынар жалғыз өседі, жүзін күн сүйіп, жапырағын жел тарайды. Діні қатты болады. Шындағы шынар секілді М.Шоқай да жиырмасыншы ғасырдан өтіп, асыл ой, азаматтық қалпымен жиырма бірінші ғасырға келді.

М.Шоқайдың тарих бетіне таңбалы із болып қалған барлық қызметін түгелдеп беру мүмкін емес. 1918 жылы Грузияда одан Түркияда кейін Париж бен Берлинге ұласқан қоғам қайраткерінің өмір жолы бүгінгі ұрпақ үшін өнегелі жол. Шоқайдың саяси күресінің ең маңызды құралдарының бірі — баспасөз. Ол саяси идеяларын тарату құралы ретінде газет-журналдарға әр дайым үлкен мән беріп, күрес жылдарының кезеңінде мақала жазып отырған. Шоқай мақала жазумен ғана шектелмей, Түркістанға қатысты жеке газет немесе журнал шығаруға да күш жұмсайды. Әйтеуір, Шоқайдың баспасөз саласынан сырт қалған кезеңі жоқ десе де болғандай.

Мұстафа Шоқай мақалаларының тақырыбы ұлт мұратымен үндеседі, күн тәртібіндегі мәселелерге аса назар аударуымен ерекшеленеді. Оның еңбектері қазақ халқының азаттыққа қол жеткізіп, еркіндікте өмір сүру идеясын санаға сіңіруге негізделген. Ол бұл мақсат жолында күресе білу жолдарын көрсетеді, жауынгерлік бағытты ұстанады.

Мұстафа Шоқай — бір ғана қазақ ұлтының ардақты перзенті емес, ол — сонымен қатар, иісі түркі жұртына түгел ортақ тарихи тұлға. Мұстафаның Түркістан халқын, оның біртұтас жерін бөліп-жармай, қиын-қыстау кезеңде автономия құру арқылы аман сақтап қалу үшін күрескен ерен еңбегін жалғыз қазақ емес, түркі тектес қалың қауым ұмытпайды.

Мұстафа Шоқай – көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, Түркістан автономиясын құрушы. Өмір бойы қазақ ұлтының тәуелсіздігін бейбіт жолмен алуды мақсат тұтып өткен азамат.

Қорыта айтқанда, "Көрнекті адамдар өз елінің не бағына, не сорына туады" деген мақал бар. Дегенмен М.Шоқай туған елінің бағына туған адам және біздің әрқайсымыз үшін айрықша ыстық. Оның басты қасиеттері адамсүйгіштігінде, әділеттілігінде, биік адамгершілігінде, нақтылығында, істі терең білуінде. Оны өзгелерден ерекшелендіріп тұратын қасиет ғажайып даналығы болса керек. Ол өз ісі арқылы халқының шынайы сүйіспеншілігіне ие болды, оның аты өзін шексіз құрметтейтін ұрпақтарының жадында мәңгі қалды" – деп жазған жазушы Ілияс Есенберлин. Жазушының осы сөздерінен біз Мұстафа Шоқайұлы ұлтжанды, дана, елінің қамын жейтін адам болғанын білеміз.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі***

- 1.Әлімжанов Ә. Мұстафа Шоқай!... Ол кім?! // Саясат — Политика. — 1996.
- 2.Сарбұлақ Ибрашұлы Мұстафа Шоқай, Тасбөгет,1993
- 3.Қыдырәлі Д.Қ. «Мұстафа» Деловой Мир Астана, 2012
- 4.Есмағамбетов К.Л. Әлем таныған қайраткер // Алаш. — 2010. — № 6(33)

## **МУСТАФА ШОҚАЙ - АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ТӨЛ ПЕРЗЕНТІ**

**Ибраева А.С.**

М.Шоқай атындағы №187 орта мектебінің мұғалімі

*«Түркістан бір күндері жаңарып, өз батырын еске алатын, Мұстафаға Перовскіде, не Ташкентте ескерткіш қоятыны білмейтін. Бірақ халық оған өз жүрегінен ескерткіш орнататынына кәміл сенемін»*

А.Я. Шульгин,

Украина Халық Республикасының

Сыртқы істер министрі

Тарихты жасайтын халық. Өзі өмір сүрген қоғамда дер кезінде баға беріп, сол заманға байланысты жаңаша ойлар тудыратын – тарихи тұлғалар.

Әр дәуірдің тарихи тұлғаларының тууына себеп сол дәуірдің қоғамдық қажеттіліктері, осы қажеттіліктен кемел тарихи құбылыс туындайды. Өмір өзі көрсетіп отыр, тарих алдауға көнбейді. Бірі ерте, бірі кеш, қазақтың ұлт - азаттық қозғалысының қайраткерлері түгелдей өздеріне тиесілі орнын тарихтан алатыны сөзсіз.

Мұстафа Шоқай – бүкіл саналы ғұмырын қазақ халқының, жалпы түркі халықтарының бостандығы мен тәуелсіздігіне арнаған тұңғыш эмигрант күрескер, саяси қайраткер.

Тағдыр сыйлаған тәуелсіздікке де қол жеткіздік. Өшкенімізді жағып, жоғалтқанымызды тауып, ұмытқанымызды жаңғыртып, тарихымызды түгендеп жатқан осы бір жаңару кезеңдерімізге кешегі күні тіпті аттарын атауға болмайтын, бүгін ортамызға оралған Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсын, Міржақып Дулат, Мұстафа Шоқай сынды арыстарымыздың асыл мұралары мәдени өміріміздің жарқын беттеріне айналды. ХХ ғасырдың басындағы төл тарихымызға есімдері алтын әріппен мәңгілік жазылған ұлтымыздың осы алыптарының қазақ әлеміне шоқ жұлдыздай жарқырай шығуы – елдегі саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен тығыз байланысты болатын. Алаш алыптарының тобында Мұстафа Шоқай орны бөлек.

Бір қоғамда туғанымен, тұлғалардың тарихи қалыптасуы жолдарының әр түрлі және әр деңгейде болатыны белгілі. Әркімнің өз тағдыры, басқаға ұқсай бермейтін өзіндік сүрлеуі бар. Мұстафа Шоқай өмірінің соңғы 20 жылдан астамын жат жерде өткізді. Бірақ 1941 жылдың аяғында көз жұмғанша жас кезінде таңдап алған туған халқының тәуелсіздігі үшін күресі бір сәт толастамады. Өйткені оның бүкіл ұстанымының мәні мен мағынасы, арманы мен мұраты өз ұлтының, Түркістан аймағының саяси егемендігі, рухани бостандығы болды. Халқының еркіндігін өзінің азаттығы деп білген, өз тағдырын ұлтының бақытынан іздеген, тарихи кезеңдегі көрікте шындалып, теориялық білімі мен кемелділігі жеткілікті сегіз қырлы саясаткер Мұстафа Шоқайдың саяси ой-пікірлерінің ұштала түсуіне 1905 жылдан бастап қазақ халқының ұлттық төңкерісінің басында болған, қазақ ұлттық партиясы «Алаштың» негізін қалаған, оның бағдарламасының авторы, Алашорда үкіметін басқарған Әлихан Бөкейханның әсерінің ерекше болғанын айта кету керек.

Мұстафа Шоқайға өзімен қатар ұлт азаттығы шебінде болған, өзі Түркістан түріктерінің ең көрнекті, ең сыйлы өкілдерінің бірі санаған Міржақып Дулаттың, «қара басының қамын ойламайтын, халқы үшін қам жеп, ел үшін еңіреп туған азамат» Сұлтанбек Қожанұлының және т.б. Алаш ардақтыларының да әсерлері аз болмаған. Міне, мұның барлығы Мұстафа Шоқайдың саяси қайраткер ретінде қалыптасуындағы ерекше маңызды факторлар еді [1, 120 б.].

Мұстафа Ақмешіт (Перовск) қазіргі Қызылорда облысының Тартоғай елді мекенінде күнтізбе бойынша 1889 жылы желтоқсанның 25-інде



туылған. Жаңа күнтізбе бойынша Мұстафа 1890 жылы 7- қаңтарда дүниеге келген. Ол отарлық езгіні, әділетсіз саясатты бала кезінен бастап өз ауылында, одан кейін Ташкентте гимназияда оқып жүрген кезінде көзбен көрді. Петербор университетінің заң факультетінде оқып жүргенде оның саяси көзқарасы қалыптасады, өз халқының азаттығы үшін күреске түсіп, Түркістаннан әділеттілік іздеп келген жерлестерінің сұраныстарын Сенат алдына қою арқылы саясатқа араласа бастады.

Мұстафа қоғамдық – саяси қайраткер ретінде 1-ші және 2-ші Ресейлік Думаның Мұсылмандар фракциясының хатшысы болып, олардың саяси қызмет атқаруына көмектесті.

Мұстафа Шоқайдың Ресейдегі қайраткерлермен, Дума депутаттарымен араласуы, іс жүзінде жалпы тәуелсіздік, жалпы мемлекеттік идеяларды қолдануына алып келді. Азаттық алу үшін езілген халықтардың тізе қосуы қажет екендігін Мұстафа сол кезде анық түсініп, өмірінің соңына дейін бұл пікірден айныған жоқ.

Аса көрнекті саясаткер Мұстафаның ұстанған жолы – халыққа тәуелсіздікті қантөгіс арқылы емес, керісінше, дүние жүзіндегі демократиялық күштерді араластыру арқылы бейбіт жолмен алу болды. Ол үшін халықтың ұлттық сана – сезімін ояту қажет еді. Жаяудың шаңы, жалғыздың үні шықпайтынын жете түсінген Мұстафа Кеңес үкіметінің қол астындағы мұсылмандар қауымының да жеке-дара күресі арқылы тәуелсіздік алмайтынын анық болжай білді. Ұлы күрескер бүкіл түркі тектес иесі мұсылман қауымын түгел көтеруді мұрат тұтты.

Мұстафаның негізгі мақсаты Ресей топырағында тұратын күллі түркі ұрпақтарын біріктіріп, «Үлкен Түркістан» одағын құру болды. Сондықтан да Мұстафа Петербор университетін бітіре сала 1916 жылы «Түркістан бірлестігі» деп аталатын құпия ұйым ашты. Орыстардың жойқын қысымының күшіне қарсы тұру қамымен мұсылман саяси ұйымдары ассоциациясы (үлкен жамғаты) мен мұсылмандар кеңесі (Шурай-Ислами), сондай-ақ, қазақ ұлттық «Алаш» партиясы бәрі күш біріктіре келе 1917 жылы наурызда Ташкентте Түркістан мұсылмандарының конгресін шақырып, онда орталық комитет сайлап, мұсылман орталығын құрды. Орталыққа Мұстафа Шоқай басшылық жасады. Мұстафа кеңестік Ресейдің түркі халықтарының одан әрі орыстандыру саясатына үзілді-кесілді қарсы шықты.

XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларын ойландырған мәселелер, елдің елдігін, ұлттың бірлігін, жердің тұтастығын сақтау, қазақ халқын өркениетті елдердің қатарына қосу, ол үшін қазақ елін оқу, өнер — білім, іскерлік жолына салу, ең бастысы, дербес мемлекет құру еді. Бұл тіпті бүгінде, яғни ғасыр басында, күн тәртібінен түсе қойған жоқ, тіптен ең зәру мәселеге айналып отыр. Осы орайда кезінде тәуелсіздігіміз үшін күрескен, сондықтан да кеңестік тоталитарлық жүйенің құрбаны болып, қуғынына ұшыраған,

саяси жүйе есімдерін кейінгі ұрпақ санасынан біржола ығыстыруға күш салған тұлғалардың тарихымызға қайта оралуы қажет.

Қоқан автономиясы құлатылғаннан кейін Мұстафа Шоқай өмірінің жаңа кезеңі оның шетелдік эмиграцияға ұшырауымен басталады. Азамат соғысы жылдары Мұстафа Шоқай алдымен 1919 ж. Маңғыстау арқылы Грузия асып, соңынан 1921 ж. Стамбулға аттанады. Онда ұзақ кідірместен Парижге аттанады. Ал өмірінің соңғы кезеңін Германияда өткізеді. Мұстафа Шоқайдың шетелдегі эмиграциялық қызметі туралы түрлі пікірлер кеңестік дәуірде қалыптасқан. Оны қашқын ретінде бағалаған. Бірақ елде қалған Алаш зиялыларының тағдырына көз жүгіртейікші. Кеңес үкіметін мойындауға мәжбүр болған Ә. Бөкейхан ОГПУ тергеушілеріне берген жауабында: «Мен кеңес үкіметін сүймеймін, бірақ мойындаймын» деп көрсеткен, ал А. Байтұрсынов кеңес үкіметін мойындаса да, сенімсіздік көрсеткен [9]. Бірақ бұл бағыттағы қазақ зиялыларының көбісі 1937–38 жж. қуғын-сүргінге ұшыраған. Ал С. Сейфуллин, Т. Рысқұловтардың да тағдыры осылай аяқталды ғой. Бұл жерде М. Шоқайдың елден кетіп күресін шетелде жалғастыруға өлкедегі ауыр жағдай итермелегенін мойындау керек. Елде қалса, ол осы зиялылардың тағдырының кебін киетінін түсінді. Оның өз елінен жырақта ауыр қиындықтармен саяси күреспен айналысуын көзсіз ерлік деп бағалауға болады.

М. Шоқайдың соңында бай мұра қалды. Атап айтсақ, олар 1917 ж. Ташкентте «Ұлуғ Түркістан», Қоқанда «Жаңа Түркістан», 1919 ж. Тбилисиде «Вольные горцы», «На рубеже», 1921 ж. Стамбулда «Шөбнәме газетасы» газеттерін, сондай-ақ «Жаңа дүние» (1920), «Жаңа Түркістан» (1927–1937), «Түркістан» (1935), «Орта Азия» (1928) секілді француз, түрік, орыс тілдерінде кітаптар, «Жас Түркістан» журналын, т.б. көптеген еңбектерін бастырып шығарды [10].

Мұстафа Шоқайдың жары Мария Шоқай «Менің Мұстафам» деген естелігінде мынадай ой айтады: «Өмірінің соңғы сәттерінде, 1940 жылы соғыс тұсында, ол үнемі Түркістанның большевиктерден құтылуын армандайтын. «Алып елімнің тәуелсіздікке қол жеткізгенін көруді нәсіп етсе, мен тек үгіт-насихат ісімен ғана айналысар едім. Жастар үкімет құрса, мен елімнің тарихы және басқа өлке халықтары туралы тамаша кітаптар жазумен айналысар едім», — дейтін Мұстафа Шоқай [11; 340]. Қайраткердің соңғы демі біткенше жалғыз арманы ол — өз елінің тәуелсіздік алып, егеменді ел болғаны екен. Бүгінгі таңда Мұстафа Шоқайдай, Әлихан Бөкейхандай қазақтың басқа да ұлт қамын ойлаған зиялылары армандаған тәуелсіздікке біз бейбіт жолмен қол жеткізіп отырмыз. Олай болса, ғұмыр бойы кеңес үкіметінің отаршыл саясатымен күресіп, сол үшін отанын тастап, шетелге эмиграцияға кетуге мәжбүр болған Мұстафа Шоқайдың өмір жолы әркімге де ой салып, өшпес өнеге болары хақ.

Мұстафа Шоқайұлының біртұтас Түркістан идеясының генезисін қарастырғанда бұл мәселеге ықпал етті деген бірнеше факторларды атап

өткеніміз дұрыс болар. Бұл жерде, ең алдымен, ойға келетіні оның туып өскен ортасы, тектілігі болады. М. Шоқайдың анасы да, әкесі де текті жерден болғандығы белгілі.

Екіншіден, ол М. Шоқайдың туған өлкесі Түркістан өңірінің сан ғасырлық тарихы, оның ішінде Ташкент пен Ақмешіт қалалары Түркістан идеясының қалыптасуына әсер еткен. Себебі, 1837–1847 жж. К. Қасымұлының көтерілісі, 1856ж. Сыр бойындағы Ж. Нұрмұхамедұлының көтерілісі, 1870 ж. Маңғыстаудағы қазақтардың көтерілістерінің ұшқыны М. Шоқайдың еліне деген сүйіспеншілігіне, оның тарихына деген қызығушылығына әсер етпеуі мүмкін емес. Жоғарыда қарастырғанымыздай, М. Шоқайдың орыс отаршылдығын жастайынан сезінуі, өлкедегі саяси оқиғаларға ертеректеу араласа бастауы оның түрікшілдігінің бастамасы болды деуге болады. Үшіншіден, Мұстафа Шоқайдың түрікшілдігі, «тұтас Түркістан» идеясының қалыптасуы мен бастау көздерін алып қарастырғанда жәдидшілдік қозғалыс туралы айтпай өту мүмкін емес. Жәдидшілдік қозғалысының пайда болып, Түркістан өңіріне таралуы туралы түркітанушы-ғалым Сәбит Шілдебайдың еңбектерінен кең мағлұмат алуға болады. Ресей жәдидтерінің атасы Ш. Маржанидің жолын ұстанған баспагер Каюм Насыри мен Исмағұл Гаспралы орыс езгісінен құтылу жолында бүкіл ислам әлеміндегі рухани тұтастықты пайдалана отырып, тарихи тұтастыққа қол жеткізу үшін күрес жүргізді. Яғни түрік халықтарын оятуға, өткен тарихы арқылы өзін танытуға, ортақ мүдде жолында тұтас түрік қозғалысын ұйымдастыру жолында тер төкті. Осылайша, түрік қағанаты дәуірінде Қытайға қарсы қорғаныстық сипатта пайда болған «тұтас түрік елі» идеясы XIX ғасырдың аяғында түрікшілдікті туғызды. XIX ғасырдың 90-жж. жәдидтік мектептер мен медреселер Қырым, Еділ және Орал татарлары, башқұрттар мен ноғайлар арасында мойындалып, қазақ даласына бұндай мектептер туралы хабарлар екі бағыт арқылы — Орынбор және Түркістан өлкесі молдаларының (жәдидшіл мұғалімдердің) мәдени-ағартушылық қызметі арқылы тарала бастады. Әсіресе қазақ даласына жәдидшілдік идеяларын таратуда Түркістан өлкесінің түрікшіл жәдидтері үлкен қызмет атқарды. Түркістан өлкесіндегі жәдидтік мектептердің бірін 1893 ж. қыркүйек айында көпес Хұсайыновтың қаржысына И. Гаспралы Самарқанд қаласында ашады. Жәдидтер дегеніміз — мәдениет түрікшілдері болды [11; 342]. Бір сөзбен айтқанда, XX ғ. басындағы жәдидшілдік патша үкіметін қатты үрейлендірген философиялық идеологиялық, рухани-мәдени һәм тарихи біртұтастықты көтерген, қазақ қоғамына ерекше ықпал еткен әрі тарихында терең із қалдырған мәдени түрікшілдік болатын.

М.Шоқай осынау таза табиғи қалпымен, көптің көзі жетпейтін шын басындағы шынар секілді еді. Тамырын тасқа жайған шынар жалғыз өседі, жүзін күн сүйіп, жапырағын жел тарайды. Діні қатты болады. Шындағы шынар секілді М.Шоқай да жиырмасыншы ғасырдан өтіп, асыл ой, азаматтық қалпымен жиырма бірінші ғасырға келді.

Шүкір дейміз осындай азаматтың елін тас бұғаудан азат ету жолында аянбай үздіксіз жасаған еңбегі бағаланып, Шоқай атына қаламызда арнайы көше, өзім ұстаздық етіп жүрген №187 мектепке Мұстафа Шоқай атының берілгеніне шексіз қуанамын. Туған жері Сұлутөбе аулында ескерткіш те қойылды. Бұл осындай шындық үшін шырылдап қазақтың ұлтының азаттығы үшін күрескен асыл ерге, жерлесімізге деген құрмет деп білеміз.

***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. «Әлімсақ» журналы 2012 жыл
2. «Мұстафа Шоқай» Әбуақап Қара Алматы «Арыс»2004жыл
3. Қошым Есмағанбетов «Әлем таныған тұлға» Алматы «Дайк-пресс»2008ж

**МҰСТАФА ШОҚАЙ – ШОҚТЫҒЫ БИІК ТҰЛҒА**

**Нұрманова Г. С.**

М.Шоқай атындағы №187 орта мектебінің мұғалімі

Тұлғалар. Алаш арыстары. Мұндай жандар туралы Елбасы Н.Назарбаев: «Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тарихының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Сондықтан халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай да қиын-қыстау жағдайда оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім жұртының азаматы болып қала бермек. Тарихтың қай кезеңінде болсын, олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген», — дейді.

Алаш алыптары шоғырына жататын арыстарымыздың әрқайсысының тарихтағы орны айрықша. Әйтсе де, Мұстафа Шоқайдың өзге қайраткерлерден, замандастарынан ерекшелігі неде дейтін болсақ, ең әуелі, Мұстафа Шоқай – Түркістанның тұтастығына толық сенген, сол жолда басын бәйгеге байлаған қабырғалы да сан қырлы қайраткер. Саяси көзқарас кеңістігі тұрғыластарынан әлде қайда кең болған ол қазақтың тәуелсіздігін күллі Түркістанның тәуелсіздігінен бөліп қарамаған.

Екіншіден, Алашарысы — көреген көсем. Көптеген қайраткерлер большевиктермен ымыраға келуге болады деп шешкенде, Шоқай жаңа биліктің алдамшы уәделеріне сенбеген. Тіпті Ташкентте билікті қолға алған большевиктер Шоқайдың Түркістан Халық комиссарлары кеңесінің (Үкімет) төрағасы болуын сұраған. Алайда, олардың түпкі ниғылын ерте аңғарған Шоқай бұл ұсыныстан бас тартқан. Кейінірек Тбилисиде, Ыстамбұл мен Еуропада жүргенде де большевиктерден арнайы шақырту алғанына қарамастан, олармен ымыраға келмеген. Шоқайдың тағы бір қыры, ол – қазақтың, тіпті Түркістанның тарихында саяси эмиграцияны алғаш бастаған

тұлға. Оған дейін біздің тарихымызда шетелдерге шыққан адамдар болғанымен, саналы түрде, күрес жүргізу үшін эмиграцияға кеткен тұлғалар болған емес.

М.Шоқай қызметін әділ бағалау тұрғысында, бұл тақырыпқа сонау кеңес заманының өзінде-ақ алғаш түрен салған жазушы Әнуар Әлімжанов еді. Тәуелсіз заманда тарих ғылымдарының докторлары Мәмбет Қойгелді, Көшім Есмағамбетов, Дархан Қыдырәлі, Гүлжауһар Көкебаева, академик Досмұхамед және Тимур Кішібековтер, жазушы-тарихшы Бейбіт Қойшыбаев, зерттеуші мұрағатшы Ғазиза Исахан, жазушылар Әкім Тарази, Оразбек Сәрсенбай, ақын Қасымхан Бегманов, Байбота Серікбайұлы Қошым-Ноғай, журналистер Жарылқап Қалыбай, Әбдімүтәл Әлібеков және басқалары Мұстафа Шоқай қызметінің әр қырынан келіп қалам тартты. Бұл орайдағы жұмыстарды тұжырымдай келе тарихшы Талас Омарбеков: ғылыми жұмыстар өзімізде де, шетелде де қорғалды. Бір адамның өмірін зерттеуге қатысты біраз жұмыс жасалды. Яғни, мұстафатану саласы ғылыми тұрғыдан алғанда бір жүйеге түсті, деп бағалайды.

Саяси қайраткер А.Я.Шульгиннің: “Түркістан бір күндері жаңарып, өз батырларын еске алатынын, Мұстафаға Перовскіде, не Ташкентте ескерткіш қоятынын білмеймін. Бірақ халық оған өз жүрегінен ескерткіш орнататынына кәміл сенемін”, - деген сөзі бар екен. Айтса айтқандай, бар ықылас-пейілімен елдің бірлігіне қызмет еткен, “Біздің Түркістан үшін ең қорқыныштысы – халықтың бірлігінің болмауы. Өзіміздің әлсіз екенімізді білемін. Мен халқымның тыныштығын және бірлігін қалаймын. Сондықтан да Швейцария мемлекетінің үлгісімен федерация құрғым келеді. Біздің өз арамыздағы жасырын алауыздық күндердің күнінде тұтанып кетуі мүмкін. Әрине, бұл жағдайды күшті көршілеріміз пайдаланбай қалмайды. Орыстардың саясаты: “Бөлшекте де, билей бер!” Империяның ертеңін ойлайтындар да алақайлап қуанады. Түркістанда бес республиканың болуы тіпті де дұрыс емес. Біз бәріміз бір ұлтпыз, дініміз де бір, тіліміз де бір, тек тілімізде айырмашылықтар бар. Біз барлық халықты құрметтеуге тиіспіз”, - деп, Кеңестік басқаруға үзілді-кесілді қарсы болған Мұстафаға ескерткіш қазағының жүрегіне қойылды.

“Алла елімнің тәуелсіздікке қол жеткізгенін көруді нәсіп етсе, мен тек саяси үгіт ісімен айналысар едім. Жастар үкімет құрса, мен елімнің тарихы және басқа өлке халықтары туралы кітаптар жазумен шұғылданар едім”, - деп армандаған Мұстафаның тілегі орындалмады. Жиырма жыл өмірі шетте туған өлкені аңсаумен өтті. Әйеліне: “Мен үшін ең қымбатты, ең жақын адамдардың көбі бұл күнде арамызда жоқ. Мен олардың ешбірімен ең соңғы рет арыздасып, қоштаса да алмадым. Егер сен біздің туыстар арасындағы қатынастарды білген болсаң, менің қайғымның қаншалықты орынды екенін, шын мәнінде орны толмас өкініш екенін түсінер едің”, - деп көкірегі қарса айырылды. Анасына да топырақ сала алмады. Марияға 1923 жылы Парижден Берлинге жазған хатында анасы туралы: “Ол менің әр жетістігіме

қуанатын. Оның жалғыз тілегін де орындай алмадым. Оның бар арманы – менің қолымда тұру болатын. 1917 жылы августте үйден кетіп бара жатып бір қалтаға біраз топырақ толтырдым да, егер анам мен жоқта көз жұматын болса, қабірге алдымен осы топырақты салыңдар дедім, бізде осындай әдет бар. Мен оған иіссу мен Құран апарып бергенмін. Ол 75 жасында қайтыс болды. Әлі күнге дейін көз алдымда жанды бейнесі елестейді де тұрады”, - деп жазды. Ол эмиграцияға кеткен соң артында қалған бүкіл туған-туысын Сталин қудалауға ұшыратты. Осының бәрін білмеді емес, білді. Бірақ ол өзінің жан тыныштығынан ұлттық мүддені жоғары қойды. Еліне, жеріне деген сағынышты келер күнге деген үмітпен тұншықтырды. Мына бір мысалды қарайықшы, Мария: “1922 жылы онымен бірге Трокадеродағы этнография музейін аралағанмыз әлі есімде. Мұстафа сол жерде бір домбыра көріп қалды да, тағатынан айрылды. Ол жердегі қызметкерден рұқсат сұрап, аспапты қолына алып, құлақ күйін келтірді де, әсем қазақ әуенін орындап шықты. Сөйтті де, аспапты орнына қойды. Жабырқау болатын, жанары жасқа толы еді. Мен алғашқы және соңғы рет Мұстафаның көз жасын сол кезде көріп едім”, - дейді. Бұл 1922 жылы болған оқиға. Ал одан кейін өмірден өткенше 20 жыл бойы Отанына деген сағынышты арқалап қалай тірі жүрді екен десейші! Бейбарыс сұлтанды жусан иісі қалай аңсатса, Мұстафаны да домбыра үні солай сағындырған екен ғой... Түркістан үшін от кешкен ұлы азаматтың күреске толы өмір жолы осылай еді...

Түркістанның бірлігі мен тәуелсіздігін ту етіп, оны өмірлік мұратына айналдырған, сол жолда құрбан болған Мұстафа Шоқайдың тұлғасы күн өткен сайын биіктей бермек. Түбі бір түрік жұртының тағдыры талқыға түскен шақта басын бәйгеге тіккен, саналы ғұмырын ұлт мүддесі мен ел мұраты жолына арнаған сан қырлы қайраткер тұлғаның тағылымын арқау еткен еңбектер жаңа,тың деректерге жетелемек. Көрнекті публицист, қоғам қайраткері жөніндегі деректер, оның артында қалған рухани бай мұрасы Қазақстанда ғана емес, Өзбекстан, Түрікменстан, Ресей, Грузия секілді көршілес елдермен қатар Франция, Германия, Түркияда шашылап жатыр. Оларды жүйелеу мен жинау көп уақыт пен қаржыны талап ететіні белгілі. Сонымен қатар осынау мол рухани дүниені игеру үшін сол елдердің тілін білу қажет-ақ. Міне, осы тұрғыдан келгенде Астанадағы “Фолиант» баспасынан шыққан Дархан Қыдырәлінің “Мұстафа Шоқай” деген кітабының маңызы ерекше.

Мұстафа Шоқайдың саясаткерлігі, шығармашылығы, түрікшілдігі, «Прометей» қозғалысына, «Түркістан легионына» қатысы, оның жұмбақ өлімі және тағы басқа проблемалар жеке-жеке кешенді зерттеуді талап ететіндігі сөзсіз. Оның Еуропадағы іс-әрекеті жөнінде сөз қозғағанда оған қамқорлық жасап, қол ұшын созған поляктардың көмегіне тоқтала кету парыз. Мәселен, Ресейден талай қорлық көрген поляктар большевиктер табанына жаншылған орыс емес ұлттарға, оның ішінде қазақ халқына, Мұстафа Шоқайға деген ерекше ынта-ықыласы туралы мәселенің өзі арнайы

тақырып. Мұстафаның досы, Украинаның бұрынғы сыртқы істер министрі, профессор А. Шульгиннің: «Мұстафа – Бей мемлекеттік ірі қайраткер, аса көрнекті жазушы әрі журналист болды, бірақ, ол бәрінен бұрын өте тартымды адам еді, өзіндігі мол тұлға еді. Мұстафа-Бейді Түркістансыз көз алдына елестету мүмкін емес. Иә, ол өзінің жүрегімен де, өз Отанын, оның өткендегісі мен қазіргі сүрең келбетін бір минут та ұмыта алмайтын. Әйтсе де өзінің дәстүрлеріне адал күйінде қала отырып, ол өз бойына мейлінше әртүрлі адамдарды және бір-бірлеріне түсініксіз дерлік халықтарды өзара байланыстыра алатын әрі байланыстыруға тиісті аса бағалы, адамдық қасиеттердің бәрін дарыта білген еді», — деген сөзі толық дәлел. Шоқайұлының тағы бір досы, бұрынғы Мемлекеттік Думаның мүшесі және Грузия Сыртқы Істер министрі А. Чхенкели былай дейді: «Біз құрған «Кавказ, Түркістан және Украина халықтарының достығы» қоғамында ол, әрине, елінің кендігіне қарай тиісті орын алды. Мұстафаның Париждегі, Лондондағы, Женевадағы және Батыстың басқа да орталықтарындағы қайраткерлік қызметі сан түрлі әрі жемісті болғандығы соншалық, олардың бәрін санап шығу мүлде мүмкін емес. Ол менің күткенімнің бәрінен асып түсті, далалық азиатты нағыз халықтың көсеміне айналды. Ол өте сабырлы әрі бірқалыпты еді, бірақ жүрегі ыстығырақ болатын, қашан да өзінің жеке басының қауіпсіздігін ойламай жақындарына жәрдемдесуге құлшынып тұратын. Совет-Герман соғысы кезінде ол соғыс тұтқындарының бір лагерьде өзінің батылдығымен, немістер еврей деп есептеп, атуға кескен бірнеше ондаған грузин жастарын атудан аман алып қалған. Ол өз өмірін қауіпке тіге отырып, кешірілмес қателікті түсіндіру арқылы үкімнің орындалуын тоқтата алды. Міне, біздің Мұстафа осындай тағылық уақытта өмір сүріп, күресе білді. Енді сен, жоқсың, қымбатты досым, бірақ біз де одан жақсы дәуірде өмір сүріп жатырмыз дей алмаймын. Ал сенің есімің мен идеяң қашан да біздің арамызда халықтарымыздың достығының символы болып қала береді... Міне, Мұстафа Шоқайұлының иман, парасат ұялаған көлдария жүрегін, ұлы тұлғасын осы жолдардан-ақ терең сезінуге болады.

Ақиқат жаршысы, ұлт жанашыры бола білген ерекше тұлға Мұстафа Шоқай туралы зерттеу жұмыстары алдағы уақытта да жалғаса береді, сөйтіп тың туындылар шоқайтану ілімін толықтыра түседі, оқырмандарын қуанта береді деп сенеміз.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Академик Досмұхамед Кішібеков, доцент Тимур Кішібеков «Қазақ тарихындағы ұлы тұлғалар, қазақ тарихының ақтандақ беттері» <http://www.alash.kz>
2. Амантай Кәкен «Түркістан» газеті», №16 (978), 25 сәуір, 2013 жыл, «Ақиқат жаршысы», <http://www.turkystan.kz>

3. «Жас Алаш» газеті, 20 қыркүйек, 2000 жыл, «Мұстафа – Бей Шоқайұлы кеш бізді»

4. Тарихи тұлғалар. Танымдық көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Алматы. «Алматыкітап» ЖШС, 2006. – Мұстафа Шоқай- 68-69-бет

## **АЛАШ АРЫСЫ - МҰСТАФА ШОҚАЙ**

**Сыздықова Ұ.С.**

М.Шоқай атындағы №187 орта мектебінің мұғалімі Қызылорда қаласы

Алаш алыптары шоғырына жататын арыстарымыздың әрқайсысының тарихтағы орны айрықша. Әйтсе де, Мұстафа Шоқайдың өзге қайраткерлерден, замандастарынан ерекшелігі неде дейтін болсақ, ең әуелі, Мұстафа Шоқай – Түркістанның тұтастығына толық сенген, сол жолда басын бәйгеге байлаған қабырғалы да сан қырлы қайраткер. Саяси көзқарас кеңістігі тұрғыластарынан әлдеқайда кең болған ол қазақтың тәуелсіздігін күллі Түркістанның тәуелсіздігінен бөліп қарамаған. Екіншіден, Алаш арысы — көреген көсем. Көптеген қайраткерлер большевиктермен ымыраға келуге болады деп шешкенде, Шоқай жаңа биліктің алдамшы уәделеріне сенбеген. Тіпті Ташкентте билікті қолға алған большевиктер Шоқайдың Түркістан Халық комиссарлары кеңесінің (Үкімет) төрағасы болуын сұраған. Алайда, олардың түпкі пиғылын ерте аңғарған Шоқай бұл ұсыныстан бас тартқан. Кейінірек Тбилисиде, Ыстамбұл мен Еуропада жүргенде де большевиктерден арнайы шақырту алғанына қарамастан, олармен ымыраға келмеген. Шоқайдың тағы бір қыры, ол – қазақтың, тіпті Түркістанның тарихында саяси эмиграцияны алғаш бастаған тұлға. Оған дейін біздің тарихымызда шет елдерге шыққан адамдар болғанымен, саналы түрде, күрес жүргізу үшін эмиграцияға кеткен тұлғалар болған емес.

Ең күрделі мәселе – «Мұстафа Шоқай гитлершілермен ауыз жаласқан, азиялық тұтқындарды кеңес өкіметіне қарсы соғысуға үгіттеп, олардан «Түркістан легионы» деген жасақ құруға қатысқан, Отанын сатқан опасыз, дұшпан» деп кеңес өкіметі таққан айып. Бұл айып шындықты бұрмалау екендігі қазір дәлелденіп отыр. Жазушы, қоғам қайраткері Ә. Әлімжанов «Мұстафа Шоқай. Ол кім?!» деген мақаласында «Мұстафа Шоқайұлы ешкімнің ақтауына мұқтаж емес. Ол өзін-өзі шығармаларымен, ерлігімен ақтап отыр. Оны тарих пен уақыт ақтады. Түркі тілінде сөйлейтін халықтар оның өзіне лайық бағасын беруде» деп жазған екен. Әнуардай көрнекті қайраткердің бұл тұжырымының дұрыстығын өмірдің өзі көрсетті.

Гуманист-ойшыл, демократ, энциклопедиялық білім иесі Мұстафа Шоқай ағартушы, Орта Азия мен Қазақстан халықтары тарихы мен



мәдениетінің жоқтаушысы болды, ағылшын, француз, неміс, түрік және араб тілдерін өте жетік меңгерді. Бүкіл ғұмырын ол Орта Азия мен Қазақстан халықтарының ар-абыройын қорғауға, шындық үшін күреске арнады. Оның жан-жүрегі өле-өлгенше туған халқымен бірге болды.

Ауыл молдасынан хат танығаннан кейін 1902 жылы Ташкенттегі ерлер гимназиясына оқуға қабылданады. 1912 жылы Санкт-Петербург Императорлық университетінің заң факультетін бітірген. Ағылшын, француз, түрік, өзбек, орыс тілдерін білген. Студенттік жылдары империя астанасындағы демократиялық қозғалыстарға қатысады.

Мұстафа алғаш сауатын ашқан Әліш медресесі Шиеліде Сұлутөбенің Наршоқы құмында Шоқай қыстауында болған. Қазір құлаған, орны жатыр, кірпіштері әлі табылады. Екі бөлмелі медресенің бір бөлмесінде балалар оқыған, екінші бөлме мешіт болыпты. Әліш – Шоқайдың ортаншы інісі, яғни Мұстафаның ағасы. Әліш Ташкенттен алдырған Ерім төре деген мұғалімнің мұсылманшылық та, орысша да сауаты болған.

«Мұстафа Шоқай қоры» Наршоқыға бүкіл Түркістан тәуелсіздігі жолындағы күрескер көсемінің туған жері екендігін білдіретін белгі орнатты. Үкімет тарапынан Абайдың Жидебайдағы, Шоқанның Сырымбеттегі үйлері қалпына келтірілгені сияқты, «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Наршоқыдағы қыстау мен медресе қалпына келтіріліп, тарих ескерткіші ретінде сақталса, мектеп оқушыларын, студент жастарды, облыс орталығына, ауданға келген қонақтарды таныстыруға алып баратын тарихи орынға айналдырса жөн болмас па?!

Берлин қаласында Еуропада жүрген Түркістан жастарының алдында сөйлеген сөзінде ол былай дейді: «Бүгін Қазақстан, Қырғызстан, Қарақалпақстан, Түркіменстан һәм Тәжікстан деп, жат үкімет күшін алты жұмхұриетке бөліп тұрған Түркістан – бөлінбес, айнымас бір өлке. Халқының қаны бір, тілі бір, діні бір. ... Бәріміздің құбыламыз – өзіміздің ата жұртымыз, өлкеміз Түркістан болмақ! Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан беру – бәрімізге бір мақсат... Түрік халқы – батыр халық. Түрік халқы – арыстан ер халық. «Кімнен таяқ жегендей біздің түріктің баласы, алдырып жүрген дұшпанға ауызының аласы». Бұл нақыл сөзді ұмытпауымыз керек.

...Ұлт азаттығы – халқымыздың ең заңды мәселесі. Ұлт азаттығы залымдардың зұлымдығынан, өз мүддесін ойлайтындардың таласынан жұртты және халықты сақтайтын қорған...».

Бүгінде Түркістан халықтары тәуелсіз мемлекеттер. Қазір түркі мемлекеттері басшыларының, парламенттерінің ынтымақтастығы, мәдени байланыстар сияқты жоғары деңгейдегі қарым-қатынастар Мұстафа Шоқай арманының орындалғандығы.

Саяси күресте иықтас болып, бір-бірінің қадірін білген замандасы Украина республикасының сыртқы істер министрі, профессор А.Шульгин былай деп жазған екен: «Түркістан бір күндері жаңарып, өз батырларын еске

алатынын, Мұстафаға Перовскіде, не Ташкентте ескерткіш қоятынын білмеймін. Бірақ халық оған өз жүрегінен ескерткіш орнататынына кәміл сенемін».

Иә, солай болды. Мұстафа аңсаған, сол үшін күрескен тәуелсіз заман келді. Қазір еліміздегі және шет елдердегі бұрын қол жетпеген құжаттарды саралау, мәселенің ақ-қарасын ашу мүмкіндігі туды.

2010 жылы 28 қазанда еліміздегі «Мұстафа Шоқай қорының» қаражатына Францияның Ножан-Сюр-Марн қаласында Мұстафа Шоқай тұрған үйдің жанына оның ескерткіші орнатылды. Ескерткіштің авторы мүсінші Амангелді Кененбаев, Қор жетекшісі Базарбай Атабаев – Мұстафамен ауылдас. Б.Атабаев туған жері Сұлутөбеден бір уыс топырақ ала барып, ескерткіш түбіне қояды және елден апарған үш түп ағаш егіпті. Мария Шоқайдың да бейіті қамқорлыққа алынды. Елінің тәуелсіздігі үшін арпалысқан арысқа туған жер топырағы осылай бұйырды. Оның ерлік істеріне халқы риза. Мұстафа ескерткіші туған жері Шиелі ауданының, Қызылорда қаласында және М.Шоқай атындағы орта мектеп алдына, қойылып, саяси қайраткердің аты көшеге беріліп отыр.

Мұстафа – өз халқын бодандықтан босатып, теңдікке, егемендікке жеткізу үшін басын өлімге тіккен есіл ер, батыр. Шоқай жөніндегі әңгіме әлі де толық, терең зерттеуді қажет етеді. Ол шындық үшін, тарих үшін, әділеттік үшін керек.

Түркістанның бірлігі мен тәуелсіздігін ту етіп, оны өмірлік мұратына айналдырған, сол жолда құрбан болған Мұстафа Шоқайдың тұлғасы күн өткен сайын биіктей бермек. Түбі бір түрік жұртының тағдыры талқыға түскен шақта басын бәйгеге тіккен, саналы ғұмырын ұлт мүддесі мен ел мұраты жолына арнаған сан қырлы қайраткер тұлғаның тағылымын арқау еткен еңбектер жаңа,тың деректерге жетелемек.

Көрнекті публицист, қоғам қайраткері жөніндегі деректер, оның артында қалған рухани бай мұрасы Қазақстанда ғана емес, Өзбекстан, Түрікменстан, Ресей, Грузия секілді көршілес елдермен қатар Франция, Германия, Түркияда шашылап жатыр. Оларды жүйелеу мен жинау көп уақытты талап ететіні белгілі.

Мұстафа Шоқайдың саясаткерлігі, шығармашылығы, түрікшілдігі, «Прометей» қозғалысына, «Түркістан легионына» қатысы, оның жұмбақ өлімі және тағы басқа проблемалар жеке-жеке кешенді зерттеуді талап ететіндігі сөзсіз. Мұстафаның досы, Украинаның профессор А. Шульгиннің: «Мұстафа – Бей мемлекеттік ірі қайраткер, аса көрнекті жазушы әрі журналист болды, бірақ, ол бәрінен бұрын өте тартымды адам еді, өзіндігі мол тұлға еді. Мұстафа – Бейді Түркістансыз көз алдына елестету мүмкін емес. Иә, ол өзінің жүрегімен де, өз Отанын, оның өткендегісі мен қазіргі сүрең келбетін бір минут та ұмыта алмайтын. Әйтсе де өзінің дәстүрлеріне адал күйінде қала отырып, ол өз бойына мейлінше әртүрлі адамдарды және бір-бірлеріне түсініксіз дерлік халықтарды өзара байланыстыра алатын әрі

байланыстыруға тиісті аса бағалы, адамдық қасиеттердің бәрін дарыта білген еді», — деген сөзі толық дәлел. Шоқайұлының тағы бір досы, бұрынғы Мемлекеттік Думаның мүшесі және Грузия Сыртқы Істер министрі А. Чхенкели былай дейді: «Біз құрған «Кавказ, Түркістан және Украина халықтарының достығы» қоғамында ол, әрине, елінің кеңдігіне қарай тиісті орын алды. Мұстафаның Париждегі, Лондондағы, Женевадағы және Батыстың басқа да орталықтарындағы қайраткерлік қызметі сан түрлі әрі жемісті болғандығы соншалық, олардың бәрін санап шығу мүлде мүмкін емес. Ол менің күткенімнің бәрінен асып түсті, далалық азиатты нағыз халықтың көсеміне айналды. Ол өте сабырлы әрі бірқалыпты еді, бірақ жүрегі ыстығырақ болатын, қашан да өзінің жеке басының қауіпсіздігін ойламай жақындарына жәрдемдесуге құлшынып тұратын. Совет-Герман соғысы кезінде ол соғыс тұтқындарының бір лагерьде өзінің батылдығымен, немістер еврей деп есептеп, атуға кескен бірнеше ондаған грузин жастарын атудан аман алып қалған. Ол өз өмірін қауіпке тіге отырып, кешірілмес қателікті түсіндіру арқылы үкімнің орындалуын тоқтата алды. Міне, біздің Мұстафа осындай тағылық уақытта өмір сүріп, күресе білді. Енді сен, жоқсың, қымбатты досым, бірақ біз де одан жақсы дәуірде өмір сүріп жатырмыз дей алмаймын. Ал сенің есімің мен идеяң қашан да біздің арамызда халықтарымыздың достығының символы болып қала береді»...

Міне, Мұстафа Шоқайұлының иман, парасат ұялаған көлдария жүрегін, ұлы тұлғасын осы жолдардан-ақ терең сезінуге болады.

Ақиқат жаршысы, ұлт жанашыры бола білген ерекше тұлға Мұстафа Шоқай туралы зерттеу жұмыстары алдағы уақытта да жалғаса береді, сөйтіп тың туындылар шоқайтану ілімін толықтыра түседі, оқушыларын қуанта береді деп сенеміз.

### ***Пайданылған әдебиеттер :***

1. Қара.А.Мұстафа Шоқай өмірі, күресі, шығармашылығы Алматы Арыс, 2004ж
- 2.Қыдыралиев.Д.Мұстафа Шоқай .-Алматы:Фолиант,2007ж
- 3.М.Шоқай – Алаштың зиялысы

## МҰСТАФА ШОҚАЙ ЖӘНЕ 1916 ЖЫЛҒЫ АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС

Асуатов А.

Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің қор сақтаушысы

**Аннотация:** мақалада, автор алаш қайраткері Мұстафа Шоқайдың 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезіндегі қызметін талдауға алады. Әсіресе, патша үкіметінің Түркістан өлкесіндегі көтерілісшілерді басып жаншудағы өрескел қателіктерін тергеу ісінде М.Шоқайдың рөлін ашып көрсетеді.

**Түйін сөздер:** Ресей Мемлекеттік Думасы, Мұсылмандар фракциясы, «Голос Туркестана» Тевкелев, Керенский, Шоқай және т.б.

Белгілі жадитшіл ағартушы Қоңырқожа Қожықов Қазақстан мен Түркістан аймағындағы болған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті басып-жаншу үшін жіберілген жазалау отряды мен орыс мұжықтарының мейрімсіз және аюандық іс-әрекеттерін Түркістан генерал-губернаторы Куропаткинге баяндап жазады. Сонымен бірге Ташкентте эсер В. Чайкиннің редакторлығымен шығып тұрған «Голос Туркестана» газеті редакцияның ұсынысына қосылып, Түркістанға Ресей Мемлекеттік Думасы мұсылмандар фракциясының уәкілдерін шақырып, көтерілістен кейінгі репрессия нәтижесімен танысуды талап етеді. Осыған байланысты 1916 жылы Түркістанға келген Тевкелев, Керенский, Шоқаевтарға Қ. Қожықов жазалау отрядының мейрімсіз және аюандық іс-әрекеттері туралы бар құжаттарын тапсырады[1, 336-375 бб.].

Патшаның 1916 жылғы 25 маусымдағы әділетсіз жарлығының қасіретті зардаптары осындай болды. Ресей либерал-демократиялық қозғалысының өкілдері 1916 жылғы 25 маусымдағы патша жарлығы шығуының ең басынан-ақ оның заңсыз екенін көрсетіп, егер бұл әділетсіз жарлық жүзеге асырыла бастаса, халық толқуларының пайда болуы анық екенін ескерткен еді. 1916 жылы шілде айында-ақ мұсылмандар, кадеттер мен трудовиктер фракциясының өкілдері болып табылатын Мемлекеттік Дума мүшелері Ішкі істер министрлігі мен Әскери министрлікке жарлықты жүзеге асыру шарттарын дереу анықтауды талап еткен болатын. Бірқатар депутаттардың сауалдарын талқыға салған Мемлекеттік Думаның мүшелері патша жарлығын жүзеге асырудың заңдылығы мен мүмкіндіктері және зардаптарын мәселе ретінде қарастырады.

1916 жылы тамыз айында Мемлекеттік Думаның депутаттары А.Ф.Керенский мен К.Б.Тевкелев өз фракцияларының тапсыруымен Түркістанға барады. Комиссияның құрамында мұсылман фракциясының бюро мүшелері М.Шоқай мен Ш.Мұқаммедияров та бар еді.

Бұл туралы М.Шоқайдың зайыбы Мария Яковлевна өз естеліктерінде былай дейді: «М.Шоқайды мен 1916 жылдан бері танитынмын. Сол жылы тыл жұмысына қарсы қазақтардың көтерілісі болды. Көтеріліс басылғаннан

кейін Түркістанға Петербургтен Мемлекеттік Думаның мүшесі А.Ф.Керенский мен сенатор Тевкелев бастаған тексеру комиссиясы келді. Мұстафа Шоқай да осы комиссияның құрамында тілмаш болатын. Осы комиссияның Түркістандағы тексеру жұмыстары кезінде Мұстафа Шоқай бірнеше рет біздің үйге келген еді» [2, 37 б]. Мемлекеттік Думадағы трудовиктер фракцияның жетекшісі А.Ф.Керенский қазақ даласында болып жатқан оқиғаларды орыс тарихының масқара беттері деп сипаттама береді. Ол бұл оқиғалар туралы былай деп мәлімдеме жасайды: «...25 маусымдағы жоғары патша жарлығын ...жариялау және жүзеге асыру кезінде Ресей империясының негізгі және негізгі емес заңдарының бәрі қаншалықты мүмкін болса соншалықты бұзылған» [3, с.117].

Осылайша Керенский Түркістаннан Петербургке келгеннен кейін Мемлекеттік Думада түрік мұсылмандардың мүддесін қорғап сөз сөйлеп, онда бұратана халықтардың еңбекке жарамды жастарын майданның қара жұмысына жаппай алу дұрыс емес, оларды өз жерінде пайдаланған дұрыс деген. Деректер бойынша Мемлекеттік Думада бұл мәселе қайта қаралып, бұратана халықтардың әскерге шақыру жасына іліккендерге көптеген жеңілдіктер жасалынған [4, 3 б].

Яғни, Мемлекеттік Думаның 1916 жылы 13 желтоқсандағы жабық мәжілісінде Түркістан өлкесінде болған оқиғалар талқыға түсіп, мәжілісте баяндама жасаған А.Ф.Керенский Түркістан өлкесінде 1916 жыл ойранын ұйымдастырған және бастан аяқ «бұл іске жауапкер тек патша өкіметі» деген тұжырым жасап, «кінәсіз ондаған мың адамды өлімге душар еткен» отарлық жүйені өзгертуді, Түркістанды басқаруда жергілікті халықпен санасатын жаңа тәртіп енгізуді күн тәртібіне қою керектігін ұсынған болатын [5, 189 б]. Белгілі қайраткердің бұл мәлімдемесі Түркістан өлкесіндегі отаршыл билік жүйесінің терең дағдарысқа ұшырағандығын Мемлекеттік Дума мінбесінен ашық мойындаудың өзі болатын.

Керенскийдің түркістандықтарды Мемлекеттік Думада қорғап сөйлеуінде М.Шоқайдың ықпал етуі мүмкін еді. А.Ф.Керенскийдің қазақ даласына жасаған сапарына кезінде М.Шоқай былай деп анықтама берген болатын. Ол Керенскийдің Ресей империясының билігіндегі орыс емес ұлттар арасында өзіндік орны бар адам дей отырып, былай дейді: «Кезінде ол біздің ата мекеніміз Түркістанда едәуір беделге ие еді. Оның 1916 жылы Ресей Мемлекеттік Думасы Мұсылман фракциясының басшысы марқұм Құтлұғ Мухамед мырза төкілмен бірге Түркістанға жасаған сапары, Ташкент, Әндижан және Ниһайаттардағы, мемлекеттік Дума мінбелерінен патша өкіметі саясаты туралы Түркістанда дүрбелең тудырған себептерді айтқан сөздері Керенскийдің атын тек Түркістанда ғана емес, Ресейдің күллі түріктер қоныстанған аймақтарына белгілі етті. Ол кезде патшалық Ресейдің астында езіліп жатқан біздерге Керенскийдің революциялық тұлғасы үміт жұлдызындай көрінген еді. Мен Керенскийдің Түркістан сапарына марқұм Құтлұғ Мәмет мырзамен бірге болдым. Сол кездегі Керенский сөздерінің

жалпы мазмұны ғана емес, тіпті кейбір тұстарының нақтылы мәтіндері де әліге дейін менің есімде. Егер жаңылмасам 1916 жылы 22 тамыз күні Керенский Әндижандағы Жәмиғат мешітінің ауласында түркістандықтар мен орыстардың достық, адамгершілік қатынастарына арнап дұға бағыштатқан болатын» [6, 104-105 бб].

М.Шоқайдың Керенскиймен бірге қызмет істеуі оның іс жүзінде мұсылмандық және түрікшілдік идеяларды қолдауына алып келді және отарға түскен түрік тілдес халықтардың азаттық күрес бірігуі қажет екенін түсінді. Жалпы М.Шоқай Керенскиймен тығыз байланыста болған. Оны Қазақстанның Саяси Бас Басқармасынан табылған құжаттан көре аламыз. Онда былай делінген еді: «Мұстафа Шоқай ...кейін Уақытша Үкіметті басқарған Александр Федорович Керенскиймен бірге оқыған. Гимназияны бітіргеннен кейін екеуі де Петербургтегі университеттің заң факультетінде оқиды. Сол кездері Шоқай мен Керенский тұңғыш рет революциялық ортамен жүздесіп, социалист-революционерлердің бағдарламасын қолдаған. Империалистік соғыстың бас кезінде Керенский Ресейде қалса, Шоқай Ташкентке келіп қазақ зиялы қауым өкілдерін біріктіруге күш салады [7, 98 б]. Мұстафа Шоқайдың саяси көзқарастарының өткірлігі сонда, Керенскийдің өзі Мұстафа Шоқаймен саяси тақырыптарға ашық сөйлесетін. Ол туралы Мұстафа: «...мен және Керенский 1916 жылғы қарашада өз үйінде біздің дала қазақтары мен өткізген бір сұқбатын есіме алып отырмын. Торғай уалаятынан келген өкілдер түркістандықтардан алынатын жұмысшылардың орнына он мың ат бергісі келетіндіктерін, осыған өкіметті көндіру үшін Керенский екі арада жүруін өтінген еді. Сонда Керенский оларға: Мен сіздерге мынадай кеңес бергім келеді. Орыс үкіметіне сенуге болмайды ол сіздің жылқыларыңызды алады да, одан соң жігіттеріңізді жұмысқа жегеді-деген болатын [6, 105 б]. Міне Керенскийдің патша үкіметінің отаршылдық саясатын бүркімелей ашық айтуының өзі Мұстафаны қадір тұтатынын көрсетеді. Мұстафаның Керенскиймен арадағы байланыстары, оның саяси көзқарастары мен ұлттық тәуелсіздік туралы идеялары кеңейе түседі.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Бәкірұлы Ә. Мұстафа Шоқай әулетінің қуғынға ұшырауы //М. Шоқай. Таңдамалы шығармалар. Үш томдық 3-т.- Алматы: «Қайнар».-2007.- 384 б.
2. Ахметова Ж.Қ. Мұстафа Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметінің Түркістандық кезеңі (1917-1919 жж). Тарих. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2006. – 147 б.
3. Гейнс А.К. Собрание литературных трудов. – СПб.: Тип. М.М. Стасюлевича, 1897. - Т.1. - 589 с.
4. ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 188-іс.

5. Бартольд В.В. Туземцы и русская власть. Сочинение. – Москва: Наука, Т.2. 1963. - 358 с.
6. Шоқай М. Таңдамалы. Алматы: Қайнар, 1998. 511 б.
7. Бәкірұлы Ә. Мұстафа Шоқай. – Алматы: Бастау, 1997. – 165 б.

## **МУЗЕЙ ЭКСПОЗИЦИЯСЫНДАҒЫ МҰСТАФА ШОҚАЙҒА ҚАТЫСТЫ ЖӘДІГЕРЛЕР**

**Оразалиева Г.И., Асылбекова Н.О.**

Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкерлері

Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің «Өлкеде Кеңес өкіметінің орнауы» атты залында өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген тұлғалардың бірі – Мұстафа Шоқайға арналған экспозиция бар. Экспозицияда М.Шоқайдың Ташкент қаласында оқыған гимназияны бітіргендігі жөнінде берілген аттестатының, Петербург университетінде оқыған кезіндегі студенттік билетінің көшірмелері және «Мұстафа Шоқай» 1,2 том, «М.Шоқай Француз қазақ достық қоғамы», Ә.Бәкірұлының «Мұстафа Шоқай» атты кітаптарымен қатар М.Шоқайұлына қатысты газет беттеріне жарық көрген құнды материалдар, суреттер, М.Шоқай туралы түсірілген дерекеті фильмнің видеотаспасымен Берлин қаласындағы Мұстафа Шоқай жерленген зияратының бір уыс топырағы қойылған.

Н.Назарбаев: “Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тарихының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Сондықтан халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай да қиын-қыстау жағдайда оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім жұртының азаматы болып қала бермек. Тарихтың қай кезеңінде болсын, олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген”, дейді. Осы тұста бір шама материалдардан үзінділер бере отырып, музей экспозициясынан шолу жасап өтсем.

Ата тегі орта жүздегі қыпшақ руының ақсүйектерінен шыққан Мұстафа Шоқай әкесі Торғайұлы Шоқайдың үйінде Ақмешіт үйезінде дүниеге келген. Ақмешіт-Қызылорда қаласының ескі аты, оны орыстар кезінде Перовск атаған. Мұстафаның анасы Хиуа хандары әулетінен. Шоқайұлы бастауыш білімді ауыл мектебінде, орта білімді Ташкенттегі орыс гимназиясында алды да, кейін Петербург университетінің құқықтану факультетінде оқып, оны үздік бітірді. Сөйтіп, Еуропа мен шығыс дәстүрінде тағылым алды. Шоқайұлы орыс, түрік, француз, ағылшын және поляк тілдерін жетік білетін[1,248б].

Петербургта Шоқайұлы қазақ және Түркістан басшыларынан Мемлекеттік дума мүшесі Әлихан Бөкейхан және Махмуд Қожа Бейбуди, Мұнуар Қари, Серәлі Лапин, Ахмет Байтұрсыновпен танысып, жақын дос болды. Әлихан Бөкейханұлының ұсынысымен Мұстафа Шоқай думадағы мұсылман тобының (фракциясының) мұсылман мәселелері жөніндегі хатшысы қызметіне тағайындалды және бұл қызметін 1917 жылға ақпанға дейін, яғни Петербургтан Түркістанға қайтқанша атқарады.

Ақпан революциясы басталғанда Түркістандағы саяси жағдай қатты шиеленісіп жатқан-ды. Орыстар басып отарларда орыс әкімдері нәсілдік шектеу, нәсілдік кемсіту саясатын жүргізгендіктен, жергілікті зиялылар арасында орыстарға жаппай өшпенділік өрши түсті [1,249б].

Біріккен Саяси Бас Басқармасының өтініші бойынша Мұстафа Шоқай туралы жазған естелігінде Новицкий былай деді «Қоқанд автономиясын» жариялаудан 2-3 күн бұрын «Регина» қонақ үйінің коридорында Мұстафа Шоқайды кездестірдім. Ол мені «Айтатын бір әңгіме бар» деп, өз бөлмесіне шақырды. Ұмытпасам екеуміздің арамызда мынандай әңгіме болды.

-Юлька, сені шақырған себебім, жуырда жоспарланып отырған Түркістан өлкесінің Ресейден бөлінуіне байланысты салтанатты жиналысы болып өтпек, соның жұмысына қатыссаң,- деді Шоқай.

- Мен мұны қуаттаймын, бірақ бұл қалай болады?- деп одан сұрадым.

-Коммунистік партияның программасы бойынша әрбір ұлт еркіндік алуға құқысы бар, біз сол еркіндікті білдіреміз.

- Мен мұндай пікір айтайын. Бұл салыстырмалы айтылған сөз . Мәселен, Москва (немесе ол кезде Петроград) мұны халықтың жетілуіне лайықты айтқан. Менің жеке пікірімше Үкімет бұған қарсы болады. Себебі, Түркістан өлкесі- ұшы-қиырсыз ел, - деп оған түсіндірген болдым.

-Неге?- деп сұрады Шоқай.

-Үкімет болған соң оның сыртынан әрекет жасау артық. Мұндай мәселені Бүкілресейлік билікте шешу керек, - деп едім, Мұстафа Шоқай:

-Онда біз екеуміздің жолымыз қақ айырылады, - деді.

Осымен әңгімеміз аяқталды.

Келесі күні қонақ үйінің вестиблюінде М.Шоқай қайта кездестім. Ол «автономистер» сені күтуде. «бізге қазір қосылмасаң кеш қаласың» деді. Мен «сендермен бірге жұмыс істеуге ешқандай қарсылығым жоқ, юбірақ сендердің пікірлеріңіздің құлы бола алмаймын. Егер сендерге автономия қажет болса, оны ескі Ташкент қаласында жүзеге асырындар, ал орыс қаласында ұйымдастыратын болсаңыздар, жазықсыз құрбандар болуы мүмкін» деп жауап бердім. Сөйтіп, екеуміз қоштастық. Содан бері онымен кездескенім жоқ. Автономия жариялаған күні, қол қойылмаған қысқа хат алдым. Онда мені белгісіз біреу Шейх-аль Тауыр мешітіне шақырыпты. Соған байланысты мен жеңіл автомашинамен Ташкент қаласына жүріп кеттім, бірақ жолай орыс қаласына бара жатқан бір топ адамдарды кездестірдім. Олардың көбісі молдалар және тағы басқа осындай діндар



адамдар екен. Көздерін жұмып алып: «Алла акбар. Алла акбар» деп дауыстап келе жатты. Осыны көріп мен айдаушыма автокөлікті кейін бұрып, «Регина» қонақ үйіне жүруді өтіндім.

Мұстафа Шоқай туралы менің білетінім осы – деп аяқтайды жазбасын Новицкий [2,166].

Әмірхан Бәкірұлының кітабынан «31 январь күні күндізгі сағат 2-де Қоқанд большевиктерінің бізге тапсырған ультиматумын сөз қылып отырғанымызда тасыр-тұсыр атылған мылтықтың дауысы шықты. Бақсақ, мылтық атысып, соғыс бастаған большевиктердің солдаттары екен. Большевиктердің бұл ісі өздерінің ультиматумында қойған шарттамасына қарсы келді. Олар ультиматумда мәмле шарттарын кеңесуге 3 сағат қойған еді. Шоқай мұсылман үйінде жиналып отырған үкімет адамдары бар және басқалар бар, большевик солдаттары жақындап келе жатыр деген хабарды естіп, жан-жаққа тарсып кетті. Сонан соң үкімет адамдарына енді қайтып, екінші рет бас қосуға ешбір түрлі жол қалмады. Себебі: большевиктердің мылтық атқан дауысын естіген соң мұсылмандар қолдарында бар қару-жарақтарды алып, көшеге шығып кетті. Алдында үкіметтің большевиктерге қарсы қару-жарақ алып шықпаңдар, әлі де болса мәмлеге келерміз деген сөзіне олар құлақ аспады. Өз беттерімен қимыл жасай бастады. Сонан соң-ақ үкіметтің істейтін ол аррада қызметі қалмады... »

Осы жағдайдан кейін Мұстафа Шоқай шет елге кетуге мәжбүр болған. Шамалы уақыт Түркияда тұрған, сосын Берлинге қоныс аударып, кейіннен Париж маңындағы Ногентсюр-Марне қаласында тұрған. [2,156]

Мұстафа Шоқай – отаршылдықтың ойраны мен қайғы-қасіретін бастарынан өткерген қазақ, өзбек, қырғыз, т.б, халықтардың азаттығын мақсат-мұратына айналдырған, жиырма жыл бойы Еуропа төрінде Алаш идеяларын жалғастырып, тәуелсіздік туын көтерген тұлғаның бірі де, бірегейі. Кеңес заманында оның есімін атауға тыйым салынып ұрпақтар жадынан мәңгі өшуге тиіс болды.

Тәуелсіздік алғаннан кейін туған халқының ғана азаттығы емес, ісі түрік баласының қамын жеген Мұстафа Шоқай қазақ халықтарының ортақ рухани қазынасына айналды

***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Әл-Фараби атындағы ҚМҰУ Тарихи-зерттеу орталығы «Мұстафа Шоқай 2» Қайнар 1999жыл

2. Ә.Бәкірұлы «Мұстафа Шоқай» Алматы «Бастау» 1997

## МҰСТАФА ШОҚАЙ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯЛАР

**Баймурзаева Е.Ә.**

Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің бөлім меңгерушісі

Тек қазақ халқының ғана емес, исі түркі жұртының тәуелсіздігін аңсаған сол тәуелсіздіктің көшбасшысы, көсемінің бірі болған, алты алаштың ардағы, Сыр өңірінің біртуар перзенті Мұстафа Шоқай 1890 жылы 7 қаңтарда қазіргі Қызылорда облысы Шиелі ауданында Шоқай бидің отбасында дүниеге келіп, Ташкент қаласындағы гимназияны үздік бітіріп, Санкт-Петербург университетінің заңгерлік факультетінің бітіріп шыққан.

Жастайынан саяси қозғалыстарға араласып, Мемлекеттік Думадағы Мұсылмандар Франциясының хатшысы қызметін, "Уақытша Үкіметтің" (А.Ф.Керенскийдің) Ташкенттегі өкілі, кейіннен Түркістан халықтарының тәуелсіздігі үшін күресіп Алаш өкіметі басшыларының бірі болған [1.986]. Алайда, тәуелсіздік үшін болған күрес жолы өте ұзақ, өте ауыр жол болды, өйткені оған қарсы империялық күштер де басымдылықпен тәуелсіздік үшін болған күресті бас көтертпей аяусыз жаншумен болды.

Патшалық Ресейдің империясын құлатсақ, теңдікке жетеміз деген халық, қызыл империяның тепкісіне түсті. Қазақ халқының ұлттық намысын қорғап, жоғын жоқтаған бір топ зиялы саяси күрескерлері мен көсемдері де қанды қырғынға, ел ашаршылық пен саяси қырғынға ұшырады. Дініміз тіліміз мәдениетіміз өшуге айналды.

Бүгінгі күні қол жеткізген тәуелсіздігіміздің арқасында өткен ғасыр басындағы "Алаш" зиялыларымен қатар мұстафа Шоқайдың да өмір бақи күресіп өткен арман-мақсаттары орындалып отыр.

Большевиктік Қызыл империяның шовинистік бодандық саясаты мен жалған жалаға ұшырап, елінен ылажсыздан шет елдерге кетіп, олжақта бой тасалап қана қоймай, өмірінің ақырына дейін Кеңес үкіметінің тоталитарлық саясатына қарсы күресте, елінің тәуелсіздігі үшін жаңадан жол іздеген бағытынан қайтпаған қайсар күрескер, ғұлама-тарихшы, журналист, публицист дүниежүзілік деңгейдегі саясаткер Мұстафа Шоқай ғана бола алады. "Алаштың" басқа кейбір басшылары (А.Байтұрсынов, С.Торайғыров, М.Жұмабаев, М.Әуезов, Т.Тынышбаев т.б) Кеңес үкіметінің жалған саясатына иланып, солардың жағына шығып жатқанда Мұстафа алған бетінен қайтпай, шет елдерде тәуелсіз Түркістан елі үшін күресін көзін жұмғанға дейін ешқашанда тоқтатқан емес [1. 956].

Кеңес үкіметінің баспаларынан шыққан газет-журнал ақпараттарын пайдаланып, Сталиндік тоталитарлық саясаттың елімізге жасап отырған құлшылық, отаршылдық жүйесінің бет-пердесін ашып, оны дүние жүзіне жария етіп отырды. Ол большевиктердің тоталитарлық саясатының бет-пердесін ашып қана қоймай, тіуелсіз Түркістан елі үшін күреске шақырып отырды. Оның осы идеяға толы дауысы мен мақалалары дүние жүзінің

түкпір-түкпірінен шығып жатты; бірде Берлин мен Парижден шығып жаста, келесі де Лондонның Лордтар палатасынан, тағы бірде Вена қаласынан шығып жатса, тағы келесіде Женевадан, Варшавадан, Түркиядан, Нью-Йорктен т.б. Еуропаның өркениетті орталықтарынан үздіксіз жарияланды.

Мұстафа Кеңес үкіметінің саясаты кейіннен патшалық Ресейдің мұрагері ретінде қаліптесіп халық қанын судай ағызғанын көріп, оның түбінде құлайтынын, Түркістан елдерінің тәуелсіздік алатынына көріпкелдікпен кәміл сенген адам.

Мұстафа Шоқайдың сан салалы қайраткерлік, ғылыми-зеріттеушілік қызметінің бір қыры – саясаттанушы – политологтығы. Ол шетелге саяси эмиграцияға кеткен күндерінен бастап өмірінің соңғы сәттеріне дейін Қазақстан мен Түркістанның қоғамдық – саяси өмірін саясаттанушы ретінде жан-жақты әрі терең зерттеп, осы мәселелер жөнінде ғылыми – танымдық және саяси-қолданбалы еңбектер қалдырады. «1917 жыл туралы естелік», «Кеңестер қоластындағы Түркістан» кітаптары, басқа да ғылыми-зерттеу және көсемсөздік шығармалары күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ.

«1917 жыл туралы естеліктерінде» М.Шоқай 1917 жылғы қос революция тарихына, олардың Қазақстан мен Түркістанға тигізген ықпалы жөнінде салиқалы талдаулар жасаған. Атап айтқанда, осы екі революция аралығындағы өлкенің қоғамдық – саяси өмірінің ерекшеліктері, ұлттық-тәуелсіздік идеясының пайда болуы және оны жүзеге асырудағы қиыншылықтар, Түркістан (Қоқан) автономиясының құрылуы мен күйреуінің тарихы, ұлт-азаттық қозғалысқа тән әр түрлі ағымдар, уақытша үкімет пен жергілікті ұлттық-демократиялық интеллигенцияның арақатынастары, буржуазияшыл демократия мен пролетариат диктатурасының саяси формасы болған кеңестердің текетіресі мен қарулы қақтығыстары сияқты мәселелер саясаттанушы Мұстафа Шоқайдың назарынан тыс қалмаған [5.6 б].

Сонымен бірге М.Шоқай сол кездегі Түркістан мен Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінің белгілі қайраткерлері – Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мұхаметжан Тынышбаев, Серәлі Лапин, Садри Мақсұти, Ералы Қасымұлы тағы басқаларға баға берген. Мұстафа Шоқайдың пайымдауынша, Қазақстан мен Түркістанның демократияшыл интеллигенциясы 1917 жылға дейін «ұлттық тағдырдың мәселелерін тәуелсіздік тұрғысынан көтере қойған жоқ». Өйткені, дейді ол, «патшалық құлап, орыс революцияшыл демократтары (ең алдымен кадеттер) билік басына келсе, орыс мемлекетінің бізге жасаған қиянаты жабылатынына сенетінбіз».

Сондықтан да М.Шоқай және басқа да ұлттық-демократиялық бағыттағы зиялылар қауымы 1917 жылғы Ақпан революциясын қуана қарсы алып, оның жеңісінен кейінгі қоғамның саяси өміріне белсене араласады. Бұл жағдайды М.Шоқай Түркістан мен Қазақстанның оңтүстік өңірінде құрылып, саяси күрес аренасына шыққан «Шоро-и-исламия», «Ғұлама

қоғамы» және оның өзі басқарған «Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесі» сияқты ұйымдардың іс-әрекеті арқылы көрсетеді. Кеңестік тарихнамада көптеген уақыт бойы 1917 жылғы қос революция арасындағы саяси күрес бір жағынан уақытша үкіметтің жергілікті органдарының, екінші жағынан, жұмысшы-солдат депутаттары кеңестерінің мысалында зерттеліп келсе, Шоқай еңбектері осы күреске қатынасушы ұйымдардың әлдеқайда көп болғандығын және оның шеңбері тек қосөкіметтілікпен шектелмегендігін айқындайды [4.70 б].

Егер кеңестік билік үстем болып тұрған кезде біздер «Шоро-и-исламия» мен «Ғұлама қоғамын» Кеңеске қарсы тұрған ортақ жау деп қана ұғып, олардың саяси бағдармаларындағы қайшылықтарды көрмей, сонымен қатар М.Шоқай жетекшілік еткен «Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесі» туралы жұмған аузымызды ашпай келсек, енді Мұстафа Шоқай шығармалары арқылы осы ұйымдар жөнінде шындыққа сай тұжырымдар жасауға мүмкіндіктер тууда.

«Бүкіл Түркістан тұрғындарының көңіл-күйіне ықпал жасамақ болған осы екі ұйым – «Шоро-и-исламия» мен «Ғұлама қоғамы», – дейді М.Шоқай бір-бірімен қырқысып жатты, ал «Түркістан өлкесі мұсылмандарының кеңесі» осы екеуін жақындастыра алмай әуреге түсті. Осы екі ұйым арасындағы алауыздық біздің ұлттық тәуелсіздік жолындағы күресімізді бәсеңдетіп, жұмысымызды былықтырды». Екіншіден, дейді одан әрі Мұстафа Шоқай, «Ғұлама қоғамның» негізінен мұсылмандық мемлекет құруға бағытталған бағдарламасы (немесе «дұғамен саяси табысқа жетуге» тырысушылық) ұлттық қозғалысымыздың ашық дұшпандарының қолына бізге қарсы жұмсайтын қару берді.

Ал Ақпан революциясы ұлттық мәселені азаттық тұрғысынан күн тәртібіне қоюға мүмкіндік бергенімен, деп көрсетті М.Шоқай, бізде білікті саяси қайраткерлер, қалың бұқараны топтастыратын саяси ұйым (партия) жоқ еді. «Шоро-и-исламия» мен «Ғұлама қоғамы» ондай ролді атқаруға дәрменсіз болды, ал «Алаш» партиясы 1917 жылғы шілдеде ғана өзінің құрылғандығын жариялады [2.9 б].

1917 жылдың бірінші жартысындағы жағдайға баға бере келіп, Мұстафа Шоқай «тәуелсіздікке деген ұлттық ынта мен талпыныстың олардың әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси негізі болмаса, шын мәніндегі азаттыққа қол жеткізу мүмкін емес» деген ой түйеді. Меніңше, Мұстафа Шоқайдың осы тұжырымы бүгінгі Қазақстан бастан кешіріп отырған жағдайы дұрыс түсінуге септігін тигізер даусыз.

1917 жылы Қазақстан мен Түркістанның Ресей құрамынан шығып, жеке мемлекеттік құра алмауының тағы бір себебін М.Шоқай өз талдауларында айқындап береді. Осыған орай ол былай деп баса көрсетті: «біз сол кезде саяси құрлысы өзімізден әлде қайда озық, үлкен халықтың (яғни орыстың) шеңгеліне түсіп қалдық. Бұл халықтың шеңгелінен шығу үшін, ұлт-азаттығы жолында жүргізген күресіміздің жемісті болуы үшін

саяси дайындығымыздың деңгейі едәуір биік болуы керек еді». Ал осындай дайындығы бар екі халық (Польша мен Фин халықтары) Ресей шеңгелінен сол жылдары шығып кеткені белгілі. Революция берген мүмкіндіктерді Қазақстан мен Түркістан халықтарының ұлттық азаттығы үшін пайдалана алмауы, Мұстафа Шоқайдың пікірінші, екі тосқауылдың болуынан еді: біріншісі – шын мәніндегі тәуелсіздікті танығысы келмеген уақытша үкіметтің, ал содан кейін оны алмастырған Кеңес үкіметінің қарсылығы болса, екіншісі – ұлттық күштердің алауыздығы және олардың саяси тұрғыдан нашар ұйымдасуы мен саяси күрес тәжірибесінің жетімсіздігі еді. (Сөз ретіне орай бүгінгі күнгі Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болып нығайуы кезінде Шоқай атап өткен осы екінші тосқауылдың белгілі дәрежеде орын алып отырғандығын ашы болса да айтуымыз қажет.)

Қазақстан мен Түркістанның 1917 жылғы қазан революциясы қарсаңындағы қоғамдық-саяси өміріне талдау жасай келіп, М.Шоқай бұл кезеңде саяси күштердің ара салмағы Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті мен күннен-күнге күш алып келе жатқан жұмысшы-солдат кеңестерінің іс-әрекеттеріне байланысты болғандығын баса көрсетеді. Енді ұлт-азаттық қозғалыстың тағдыры осылардың өз ара күресіне тәуелді болғандығын айтады. Жергілікті ұлт-азаттық күштер жарасыз жағдайға тап болды, дейді М.Шоқай, өйткені олар өздеріне жау екі саяси күштің қыспағында қалды: «Уақытша үкіметке (оның жергілікті комитетіне) біз наразы болдық, - солай бола тұрса да онымен күрескіміз келмеді. Өйткені бізге одан да қауіпті күш – жұмысшы, солдат депутаттарының кеңесі – осы үкімет комитетінің орнына қозғалып тұрған еді», - деп түйіндейді.

Осындай шарасыздықтан дәрменсіздік туындайтыны әлімсақтан белгілі. 1917 жылғы Қазан төңкерісі соның тағы бір дәлелі болды. «Біздің бұл дәрменсіздігімізді – дейді М. Шоқай,- халық та сезген... Жұмысшы – солдат депутаттары кеңестері де түсінген болатын. Сондықтан олар бізді көзге ілмейді. Көпшіліктің 96-98 пайызы болғанымызбен біз кеңестерге қарсы тұра алмадық...» [3.2 б].

Мұстафа Шоқайдың еңбектерінде Түркістан (Қоқан) автономиясының құрылуы мен күйреу тарихына тікелей қатынасы бар деректемелік мәліметтер мен теориялық тұжырымдар көптеп кездеседі. Олар оқырманды М.Шоқай мен оның серіктерінің 1917-1918 жылдардың жағдайында ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселесін Федерациялық Ресей мемлекетінің құрамындағы автономия ретінде қалай түсінгендіктері жөнінде хабардар етеді.

Осыған орай, М.Шоқай былай деп жазады: «Түркістанда Ресейден біржола бөлініп кету жөніндегі пікірді мақұлдай қоятын психология, рухани эзірлік болмағандықтан біз автономияны былай түсінгенбіз: Түркістанның дербес ел басқаратын мекемелері мен атқару органдары, яғни заң шығаратын парламенті мен іс жүргізетін үкіметі болуға тиіс... Сыртқы саясат, қаражат, жол, әскери істер Бүкілресей Федерациясы үкіметінің ісі

деп есептейтінбіз. Оқу-ағарту ісі, жергілікті мекемелер, заң ағарту ісі, заң және жер мәселесінің бәрі автономиялы үкіметтің ісі деп қарайтынбыз».

М.Шоқайдың осы пікірлерін Алаш партиясының мемлекеттік құрылыс жөніндегі бағдарламалық тұжырымдарымен салыстырсақ және оларға байыппен баға берсек, Шоқай бастаған Түркістандық және Бөкейхан бастаған Қазақстандық ұлттық-демократиялық интеллигенция өкілдері Түркістан (Қоқан) автономиясын да, Алаш автономиясын да Ресеймен іс жүзінде конфедерациялық қарым-қатынаста болуға тиісті мемлекеттер ретінде көргісі келгендеріне көз жеткіземіз, олардың түптеп келгенде егеменді елдер болатындығына сенімді болғандықтарын ұғамыз.

Сондықтан да Мұстафа Шоқай екі ай ғана өмір сүргеннен соң кеңестер талқандаған Түркістан автономиясын «Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының бастау көзі» деп бағалады. Сондықтан да Сұлтанмахмұт Торайғыров:

«Алаш туы астында

Күн сөнгенше сөнбейміз,

Енді Алашты ешкімнің

Қорлығына бермейміз!» – деп жар салды.

Жоғарыда айтылғандай, Мұстафа Шоқайдың бізге жеткен еңбектерінің қатарында оның «Кеңестер қоластындағы Түркістан» шығармасының орны ерекше. Мұстафа Шоқай осы шығармасы арқылы өзін саяси көсемсөздің (публистиканың) асқан шебері, саяси айтыстың асқан майталманы екендігін паш етті. Сонымен қатар ол Кеңес Одағында, оның құрамдас бөлігі Қазақстан мен Түркістанда, әкімшіл-әміршіл тоталитарлық жүйенің қалыптасып, бел алған кезеңін таңба басқандай айқындап берді [4.526].

Мұстафа Шоқай еңбектерінде оның өзі жақсы білген, достық немесе қызмет бабында тығыз қарым-қатынаста болған, сол сияқты күресте одақтас немесе қарсылас болған көптеген қайраткерлердің саяси портретін, кісілік-адами бейнесін жасауға арналған сәтті талпыныстар молынан кездеседі. Ол әсіресе Ахмет Байтұрсынов жөнінде тебірене, ыстық ықыласпен жазса, Әлихан Бөкейханов пен Мұхаметжан Тынышбаев туралы жазғанда салқынқандылық көрсетіп, аса елжірей қоймайды. Ал большевиктер партиясы мен Кеңес өкіметінің одақтық, Қазақстандық және түркістандық деңгейіндегі басшы қызметкерлері жөнінде жазғанда ащы мысқыл, өткір сарказмге барады. Мұндай жәйттерді «Кеңестер қоластындағы Түркістан» кітабынан көптеп кездестіреміз. М.Шоқайдың осы саладағы қалдырған мұрасы да біздің рухани өмірімізде қалған саяси портрет жанрын дамытуға оңды әсерін тигізетіні хақ.

Әрбір түркі тектес азамат өз халқының шеңберінде қалып қоймай, бүкіл түркілердің тағдырына ой жүгіртіп, бірлігін нығайтса, Түркістан тәуелсіздігін алса деген идея Мұстафа Шоқай өмірінің мақсатына айналады.

Бүгінде түрік республикалары бірнеше мемлекетке бөлініп, дербес, тәуелсіз, егеменді республикалар құрып отыр. Түркі халықтарының мемлекеттерін бір тудың астына жинау идеясы бүгінгі қалыптасқан саяси-

әлеуметтік жағдайға келе қоймайды. Бірақ түркі халықтарының рухани бірлігі, ортақ тарихы, тілі, діні күрделі ғылыми зерттеулердің тақырыбы болып қала береді.

М. Шоқай қалдырған бай мұраның айтарлықтай бөлігі әлі де болса көпшілігімізге белгісіз. Оны іздестіріп, елге жеткізіп, жан-жақты әрі терең зерттеу, оларды том-том етіп бастырып шығару қажет. Сондықтан да оны көлденең көк аттыға жем қылмай, астанамызда Шоқайтану ғылыми-зерттеу орталығын құруды көпшілік болып ойластыруымыз қажет.

### *Пайдаланылған әдебиеттер:*

1. Атабаев. Б. "Халық жадында қайта жаңғырған ұлы есім". "Полиграфия Баспа үйі" 2015
2. Мұстафа Шоқай, Мария Шоқай: Естеліктер. (Қолжазба)
3. «Жас алаш» газеті 1996 жыл, 19 желтоқсан
4. Мұстафа Шоқай Түркістанның қилы тағдыры. Алматы 1992 жыл
5. Қазақ тарихы журнал 1997 жыл N2

## **МҰСТАФА ШОҚАЙ ЖӘНЕ АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ**

### **Ибрагимова К.И.**

Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкерлері

Алаш қозғалысы тарихи саяси айрықша құбылыс ретінде халқымыздың мәдени-рухани даму жолын жаңа арнаға бұрды. Ұлт тарихындағы тұңғыш саяси ұйым-Алаш партиясы өмірге келді. Жалпы, "Алаш" деген ұғым түркі халықтары бөліне қоймаған қауым кезінде дүниеге келген. ( ежелгі түрік сөзі - бауырластар, қандастар, туыстар деген мағынаны білдіреді) Алаш партиясының өмірге келуі, біріншіден, қазақ елінің қоғамдық дамуының жаңа экономикалық, саяси және рухани негізде қайта құру қажеттілігінің пісіп жетілгендігін, екіншіден, Ресей империясының Қазақстанда орнатқан отарлық басқару жүйесінің терең дағдарысқа ұшырағандығын көрсетті. Ресей империясы құрамында Алаш автономиясын құру туралы ұсыныс жария етіліп, ұлт зиялылары басшылық еткен Алашорда үкіметі құрылды.

Алаш қозғалысы жетекшілерінің сол кездегі адамзат баласының қолы жеткен тарихи және әлемдік әлеуметтік-саяси мұраларынан толық хабардар болуы олардың рухани қуат-қарымы мен өресінің биіктігін аңғартады. Олар қазақ еліне тәуелсіздік жолды таңдайтындықтарын жасырмады, демократиялық дамуды жақтады. Осыны көздеген "Алаш" партиясының бағдарламасында мемлекеттік-құқықтық идеяларды ұсынды. Бұл мәселелердің бәрін ұлттық бірлік негізінде, күрделі реформа арқылы жүзеге

асырмақ болды. Алаш көсемдерінің негізгі идеясы қазақтың егеменді, тәуелсіз, "іргесі бөлек" ұлттық мемлекетін құру болатын[1,107 б]

1917 жылғы 12-26 шілде аралығында Орынбор қаласында өткен бірінші бүкілқазақтық съезінде қазақ интеллигенциясы үшін аса маңызды ұлттық мәселелер талқыланып, көпшіліктің қолдауымен «Алаш» саяси партиясы құрылды. Бұл партияның негізін қалаушылар, қазақ халқының санасын жоғары көтеру арқылы бостандық идеясын ұсынып, ұлт мүддесін қорғауда бір ізгі бағыт ұстанған - Әлихан Бөкейхан, Мұстафа Шоқай, Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Ғаббасұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы, т.б. Осы жылы Қазақ баспасөзінің қалыптасуы жалпы азаттық қосғалыспен тығыз байланысты болғандығы байқалады. Өткен ғасыр басындағы басылымдар – "Қазақ", "Алаш", "Сарыарқа", "Жас азамат", "Бірлік туы", "Үш жүз", "Ақ жол" және "Айқап" ұлттық журналы ұлт мүддесіне қатысты мәселелерді қозғап құнды мақалалар жариялап отырған. [2, 10 б].

"Бірлік туы" газеті алғаш рет Ташкент қаласында басылып шықты. Оның бас редакторы Мұстафа Шоқай болды. Ол жұмысын Алашорда партия мүшелері және түркістандықтармен (Міржақып Дулат, Сұлтанбек Қожан, Әлібек Күміс) бірлесіп жұмыс жасады [5, 8 б].

Ә.Бөкейханов негізін қалаған 1913-1918 жылдар аралығында жарық көрген "Қазақ" газеті ұлт-азаттық қозғалыстың үніне айналды.

Газет-журнал оқысаң,

Көзінді қазақ ашасың.

Дүние халің білмесең,

Ілгері қалай басасың? -деп ұрандаған "Қазақ" газеті ұлттық мемлекет құруда халықтың санасын ояту, сауаттандыру жұмыстарында, отарлық езгіге қарсы күрес идеологиясын қалыптастыру бағытында үлкен рөл атқарды. Осы арқылы жалпыұлттық басылым деңгейіне көтерілді. [2, 24 б]

Съездің шешімі бойынша "Қазақ" газетінің 1917 жылғы 21 қарашадағы санында "Алаш" партиясы бағдарламасының жобасы жарияланды. Бағдарлама сол жылғы желтоқсанда өткен Бүкілқазақтық екінші съезде қабылданып, кейін Алашорда үкіметінің негізгі заңына айналды.

Қазақ елінің өзін-өзі басқаратын мемлекеттік жүйесін құру, ішкі Ресейден қоныс аударушыларды тоқтату, әлемдік озық тәжірибеге сүйене отырып, жаңа өмір сұранысына жауап беретіндей қазақ қоғамын демократиялық мұраттар бағытында өзгерту, білім және ұлттық мәдениеттің дамуына кең жол ашу Алаш қозғалысының басты мақсаты болса, "Алаш" партиясының бағдарламасының мазмұны да осыған саятын еді.

"Алаш" партиясының бағдарламасы сол кездегі қазақ қоғамындағы әлеуметтік-саяси ойдың деңгейін танытатын бірден-бір аса маңызды құжат болды. Оның авторлары дүние жүзінің алдыңғы қатарлы елдерінің тәжірибиелерін пайдалана отырып, қазақ халқын дербес даму мен прогресс жолына бастайтын мемлекеттік-құқықтық идеяларды ұсына білді. Ал



әлеуметтік қатынастар саласында бұл жоба қазақ қоғамының таптық тұрғыдан жіктелуден гөрі, жалпыұлттық тұтастықта болуын, қазақ елінің сан ғасырлық өркендеу тәжірибесін, салт-дәстүрін қоғам дамуының сұранысына бейімдеуді жақтады. Басты мәселе – қазақ елінің өзін-өзі билеуіне, соның негізінде қоғамның ішкі мәселелерінің өзі шешуге қол жеткізу еді.

Қазақ халқының тағдырына байланысты мұндай өзекті мәселелердің кейбірінің мәні, арада ғасырға жақын уақыт өтсе де, жойыла қойған жоқ. Партия бағдарламасы "Мемлекет қалпы", "Жергілікті бостандық", "Негізгі құқық", "Дін ісі", "Билік һәм сот", "Ел қорғау", "Салық", "Жұмысшылар", "Ғылым-білім үйрету", "Жер мәселесі" деп аталатын сөз, баспасөз және жиналыс бостандығы, тең құқықтық негіздегі білім беру, мектепте, оқу орындарында ана тілінде оқыту, дін ісі, билік пен сот, ел қорғау, салық, жерді сатпау мәселелерін қамтитын 10 баптан тұрады. [1, 16-17 б]

Алаш идеясы - қазақтың мемлекеттік, елдің ұлттық идеясы. Өйткені Алаш - халқымызды бесігінде тербетіп, есейіп ат жалын тартып мінгенде бойына күш-қуат және сенім берген ұлттық идея. Алаш атауын таңдауы да жайдан-жай емес еді. Алаш жаңа елдігіміздің, байырғы аймағымыздың рәмізі еді.

Қазақ тарихында Алаш арыстарының орны ерекше. Олар Қазақ елінің сан ғасырлық даму тәжірибесін, салт-дәстүрін төңкерістік әдіспен күрт өзгертуді емес, қайта оларды өркениетті елдердің өмір тәжірибесін ескере отырып, одан әрі дамытуды, білім алып, көппен терезе теңестіруін көздеді. Алаш зиялылары-елшілдік пен Отанға адал қызмет етудің рәмізі. Олар-барды көбейтуші, үзілгенді жалғастырушы, жоқты жасаушы. Қазақстан тарихының өркениетті көзқарас шеңберімен зерделейтін өзекті мәселелері жеткілікті. Кеңес өкіметінің саяси ұстанымы өз ұлтының мүддесін ойлағандарды "ұлтшыл", "сатқын" деп бөлшектегені тарихтан бәрімізге мәлім. Кеңестік тоталитарлық тәртіп ұлттық құндылықтарды жою саясатымен қаруланғандықтан, өзіне қарсы келгендерді саяси қуғын-сүргінге ұшыратты. Алайда осындай тәртіпке мойынсұнбағандардың бірі Мұстафа Шоқай. Кеңес өкіметі тұсында М.Шоқайдың қызметі мен тарихи-публицистикалық жұмыстары саяси және идеологиялық тұрғыдан сынға алынып, негізсіз бұрмалаушылыққа ұшырады [2, 28 б].

Қазақтың аяулы азаматы Мұстафа Шоқай – ұлт-азаттық көтеріліс көсемдерінің бірі, Түркістан автономиясының төрағасы, Алаш қайраткері. Ол 1917 жылы уақытша өкімет құлап, барлық билік большевиктердің қолына өткенінен кейін коммунистік жүйеге қарсы топтар жағына шығып, ақыры шетел асып барып, өмірінің соңына дейін түрік әлемінің бірлігі, "Тұтас Түркістан" идеясын жүзеге асыру үшін күресті.

Ол Сыр алқабы қазақтарының арасында зор беделі бар Шоқайдың отбасында 1890 жылдың 25 желтоқсан күні сол кездегі Сырдария губерниясы, Ақмешіт уезі, Наршоқы ауылында дүниеге келген. Ол әуелі

ауылдағы мектепте оқып, кейін Ташкенттегі гимназияны, Петербордағы университеттің заң факультетін бітірген. Орыс, ағылшын, француз, поляк және бірқатар түркі тілдерін емін-еркін білген. Мұстафа жас кезінен-ақ отаршылдықтың өктемдік пиғылын жақсы сезініп өседі. Атасы Торғай датқа – Қоқан хандығында жоғары әскери шенге ие би болған адам. Торғай датқа екі рет қажылыққа барған. Торғай датқа 1872 жылы 80 жасында қайтыс болған. Оның сүйегі Шиелі маңындағы Оқшы Ата зиратына жерленген. Осы Торғай датқа - кемеңгер Мұстафаның атасы еді. Мұстафаның нағашылары да орыстардан Хиуа хандығын қорғауда ерекше көзге түскен атақты әскербасылар болған. Анасы Бақтының оқытуымен бес жасқа толмай-ақ жазу-сызуды үйренген. Бастауыш білімді Сұлутөбедегі орыс мектебінде алады да 1902 жылы Ташкенттегі гимназияға түсіп, оны 1910 жылы үздік бітіріп шығады. Ә.Бөкейханның ұсынысымен 1916 жылы Мұстафа Шоқай Мемлекеттік Думадағы мұсылман фракциясы жанындағы бюроға мүше болады. 1917 жылы Түркістан өлкесіне оралып, 16-21 сәуірде Ташкентте өткен Түркістан өлкесі мұсылмандарының I съезіне қатысады. "Бірліктің туы" газетінің негізін қалайды. "Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесі" ұйымына төрағалық етеді. 1917 жылғы желтоқсанда Екінші жалпықазақ съезіне қатысып, Алашорда құрамына сайланды. Бұдан кейін де осындай ұлт мүддесін қорғап, тәуелсіз ел болуға қатысты ірі-ірі шараларға басшы, мемлекеттік деңгейдегі лауазым иесі болуына қарамастан тоталитарлық жүйенің түптілікті жеңуіне орай өз бағытынан қайтпаған, ұлтжанды тұлға – Мұстафа Шоқай туған жер, атамекенді қаншалықты қимағанмен, өз мақсат, идеясын жалғастыру үшін 1921 жылы шетелге кетеді. 1927 жылдан Парижде "Иени Түркістан" журналында белсенді қызмет атқарды. "Түркістан ұлттық бірлігі" ұйымына жетекшілік етті. 1929 жылдан "Жас Түркістан" журналын шығаруды қолға алады. Мұстафа шетелде жүріп қазақ елінің тәуелсіздігі үшін күрескен және соған сенген ең ұлы тұлға[4,124 б].

Мұстафа Шоқай еңбектерінде Түркістан халқының бірлігін аңсайтын, бұл мақсатқа жетудің өте қиын екенін де білетін. Әсіресе, Советтік саясаттың кең құлаш жайып, оны қолданушылар көбейіп, "бөлшекте де, билей бер" принципіне сүйенген дәуірде қиындаған үстіне қиындай түсетіні де мәлім еді. "Мемлекетте жаман халық жоқ, жаман адамдар бар" бұл сөздерді жиі-жиі қайталаудан Мұстафа жалықпайтын. Совет үстемдігіне қарсы көзқарасын ол ашықтан-ашық білдіретін. Әсіресе Түркістан саясатына қарсы болатын [3,108 б].

Ендігі жерде Түркістан автономиясы большевиктерге қарсы күресу мақсатында одақтас іздей бастады. Осы негізде Мұстафа Шоқай Орынборға аттанып кетті. Орынборға баруының басты себебі-желтоқсан айының ортасына қарай бұл қалада кезекті Бүкілқазақтық құрылтай өтетін еді. Құрылтайдың басты мақсаты қазақтың өзін-өзі билеу құқығына құқық беретін автономия құру болатын. М.Шоқай құрылтай делегаттарына

Қоқанда Түркістан автономиясы жарияланғанын және оның үкіметі жасақталғанын жеткізді. Ол құрылтайға жиналған делегаттарға Түркістан автономиясымен бір шаңырақта болуын үгіттеп, қазақ автономиясының құрылуына өз қарсылығын білдірді.

Алайда, азаттықты аңсаған Алаш арыстарының бір автономия болып шаңырақ көтеруінде көзқарастары сәйкес келмегенімен, мақсат-мүдделері бір арнада толысқан [2, 28 б].

Мұстафа Шоқай тек қазақ халқының азаттығы жолында ғана емес, күллі түркі жұртының бірлігі, тәуелсіздігі мақсатында күрес жүргізген жандардың бірі. Өмірі Түркістан халықтарының кеңес билігіне қарсы жүргізген демократиялық күрес тарихының маңызды бір бөлігі болып табылады. Оның жан дүниесі, дүниетанымдық көзқарасы, ақыл-парасаты дәстүрлі дала мәдениеті мен батыс мәдениетінің өзара тоғысында, ұлт-азаттық қозғалысының өрлеуі жағдайында қалыптасады. М.Шоқай үшін студенттік шағынан неміс ауруханасында көз жұмғанына дейін тәуелсіздік идеясы - басты мәселе, ұлттық бостандық - ең жоғары құндылық, өмірінің мән-мағынасы, халыққа қызмет ету жолындағы шығар биігі болып қалады.

М.Шоқай 1941 жылдың 19 желтоқсан айында қайтыс болған. Оның қайтыс болуы туралы әртүрлі деректер айтылады. Мұстафа Шоқайдың әйелі Мария Яковлеваның естеліктерінде былай деп жазылған: Мария Яковлева күйеуінің қайтыс болған күні тез арада Берлинге жетіп, естіп білгенін былай баяндайды. Мұстафа Шоқай неміс концлагеріндегі советтік әскери тұтқындардың хал-жағдайымен таныса жүріп, қатты ауырғанын сезеді. Қызуы көтеріледі. Берлинде оны профессор Руднев қарап, қандай ауру екенін анықтай алмайды. Жобасы сүзек болар деген оймен дәрігер оны ауруханаға жібереді. Алайда Мұстафа Шоқай бұған сенбейді, үйіне - Ногентке (Франциядағы мекен-жайы) - жіберулерін өтініп қанша жалынса да, оны тыңдаған ешкім болмайды.

Сөйтіп, еріксіз емделуге түскен Мұстафаның дене қызуы одан сайын көтеріліп, ауруханада жеті күндей естүссіз жатады. Есін бір жиып, аздап басын сәл көтеріп, қайта талықсып кетеді, содан оянбайды. Міне, қазақтың Алашы - Мұстафа Шоқайдың өмірі осылайқысқа болған [6, 126].

Қазақ халқы М.Шоқайды мақтан тұтады, оның сіңірген еңбегін жоғары бағаламау мүмкін емес. Дегенмен де, Мұстафа Шоқай тек қазақ халқының ғана емес, барлық түркі халықтарының жүректерінен орын алған оның идеялары мен күресі қазіргі заманғы барлық түркі әлемі қайраткерлері үшін үлгі болып, оны өз өмірін қазақ халқы мен басқа да түркі халықтарының бостандығына арнаған нағыз көрнекті тұлғаға айналдырады. Тәуелсіз мемлекетіміздің көк байрағы төбемізде нұрын желбіреп шашып тұрғанда, тәуелсіздіктің қайтпас күрескері Мұстафа Шоқайдың уақыт өткен сайын рухы ашыла түсіп, жоғарылай беретіні анық [2, 29 б].

Ел тағдырының мәні азаттыққа қол жеткізіп, тәуелсіздігімізді сақтау жолында қаншама алаш зиялылары тәуелсіздік үшін күрес жолын

жалғастырды. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев "Тарих толқынында" атты кітабында "XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды...", - деп жазады.

Алаш қозғалысының ғибраты, қайраткерлеріміз жүріп өткен жол, олардың күресі, қаламгерлеріміздің жүрегі мен ақылынан туған көркем ой-тәуелсіз мемлекет құрған, егемен ел болған қазақ баласының үлкеніне де, кішісіне де үлгі болмақ. Өздерінің алдына қойған елдің болашағына байланысты қойған мақсаттарына жете алмай, алаш зиялылары мен интеллигенциялары сол жолда құрбан болды. Дегенмен де, "Алаш" партиясы және оның зиялылары жасаған еңбектері төл тарихымызда мәңгі есте қалды. Бостандық жолында құрбан болған Алаш арыстарының еңбегі мен ерлігі зая кеткен жоқ. Олардың арман-мақсаттары бүгінгі күні орындалды. Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан соның дәлелі іспеттес.

XX ғасырдың басында саяси сахнаға шыққан Қазақстандағы Алаш қозғалысы алдына қойған мақсаты және қамтыған аумағы жағынан қазақ тарихындағы қозғалыстардың ең маңыздысы әрі жоғары деңгейде ұйымдасқаны еді. Бұл қозғалыстың басқа ұлт-азаттық қозғалыстардан басты артықшылығы ұлттық болмыс пен құндылықтарды сақтау және оларды заман талабына сәйкес етіп бейімдеу мәселесін көздеуден саяси демократиялық партия мен ұлттық дербес мемлекет құру деңгейіне шейін көтерілді.

Алаш қозғалысы жетекшілерінің сол кездегі адамзат баласының қолы жеткен тарихи және әлемдік, әлеуметтік-саяси мұраларынан толық хабардар болуы олардың рухани қуат-қарымы мен өресінің биіктігін аңғартады. Олар қазақ еліне тәуелсіздік жолды таңдайтындықтарын жасырмады, демократиялық дамуды жақтады [1, 107 б].

Бірақ, бұл мақсаттарына жете алмай, алаш зиялылары, интеллигенциялары сол жолда құрбан болды. Әйтсе де, "Алаш" партиясы және оның қайраткерлері төл тарихымыздан үлкен орын алып, халықтың жүрегіне елдікке деген сенім мен үміт ұялатты.

Бүгінгі таңда ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізген қазақ халқы үлкен тарихи сынның алдында тұр. Ол – ата-бабаларымыз аңсаған тәуелсіздігімізді баянды ету, мемлекеттігімізді әлемнің дамыған елдерімен теңестіру [2,13 б].

М.Шоқайдың негізгі аңсаған арманына қол жеткіздік десек болады. Тәуелсіз елдігіміздің 28 жылдығы қарсаңында еліміз демократиялы, бейбітшілікте шет мемлекеттермен тереземізді теңестіріп өмір сүруіміздің айғағы.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Ә.Қ.Бәкір, "Алаш қозғалысы саяси топ басшыларының әлеуметтік көзқарастары"-Астана, "Сарыарқа"- 2008 жыл

2. "Әлімсақ" журналы, Қызылорда-2017 жыл, № 3(96)
3. "Мұстафа Шоқай Мария Шоқай естеліктер"- Стамбул-1997 жыл
4. Е.Е.Тілешов, Г.П.Әріпбек "Алаштың ардағы"- Астана, "Руханият"- 2012
5. М.Шоқай таңдамалы шығармалар, 3 томдық, Алматы "Қайнар" баспасы-2007 жыл, 3 том
6. "Жас Түркістан" журналы №2/2002 жыл, 12 бет

## **МУСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ОРТА АЗИЯДАҒЫ БАСМАШЫЛАР ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ**

**Жұмағұлова М. Ш.  
Әбенова Р. Ы.**

Қорқыт Ата атындағы ҚМУ

Бұрынғы Кеңес Одағы идеологтарының басмашылық қозғалыс жөнінде жалған ақпарат таратып, оған қатысушыларды ұры-қары, бандылар ретінде суреттеуіне байланысты, батыс жұртшылығына осы қозғалыс жөнінде шынайы мәлімет беру аса маңызды мәселе еді.

Осыған байланысты Алаш қозғалысының төл перзенті, көрнекті саяси қайраткер Мұстафа Шоқай «Түркістандағы басмашылық қозғалысы» атты көлемді еңбегінде басмашылық қозғалыстың Орта Азияда пайда болу себептері, қозғалыстың негізгі шоғырланған орындары, басшылары, олардың Кеңес Одағымен қарым –қатынасы туралы деректер берген. Бұл еңбек бірнеше бөліктерден құралған, атап айтқанда, басмашылық қозғалыстың пайда болу себептері, Қоқанд автономиялық үкіметінің құлауы, Фергана және Бұқарадағы басмашылық қозғалыстар, Қозғалыс басшылары және басмашылардың жаңа рухы [1].

«Басмашы» сөзінің этимологиясы түрік тіліндегі «басмак» етістігінен пайда болып, оның «басу», «езу, қанау», «бұзу» деген мағыналары бар. Ал, өзбек тіліндегі «басмашы» сөзі «банды», «ұры-қары», «бұзық», «бүлікші», «қарақшы» деген ұғымдарды білдірген. Кеңестік идея мағынасына сәйкес келмейтін сөз, сол кезеңде Түркістандағы антисоветтік қозғалысты білдірген. «Басмашы» сөзі тіпті Түркістанда, советтік емес лагерьде, өзінің алғашқы мағынасын жоғалтып, антисоветтік қарулы күрестің белсенді мүшесі сөзінің синонимы болды. Қазан революциясы мағынасы өте төмен «басмашы» сөзін мұсылман әлемінде кең қолданылатын, араб тіліндегі «мужахид», яғни «қасиетті жауынгер» сөзінің мағынасымен теңестірді.

Кейінірек, «Басмашы» сөзі түпкі тура мағынасын жоғалтып, Түркістандағы кеңінен тараған антисоветтік қозғалысты білдірді. Түркістандағы «Басмашы» қозғалысы Кеңес Одағы аумағындағы барлық

түрлі антисоветтік көтерілістердің ішінде ең танымалы, күштісі және ұзақ мерзімдісі болды.

Басмашы қозғалысы ұзақ жылдар бойы антисоветтік қозғалыс ретінде танылып, Қоқандағы Түркістан уақытша автономдық үкіметін совет әскерлері 1918 жылы ақпан айында құлатқанда, қанды күндерде пайда болды. Уақыт өте келе, Орта Азияның түрлі жерлерінде кішігірім ұлтшыл жеке топтар пайда бола бастаған.

Қазан революциясының он жылдығы қарсаңында Орталық Азиядағы кеңес билігі ескі Хиуаның Түрікмен басшысы, Сайд - Асфендиярды тақтан түсірген соңғы Хиуа ханы Жунайдханның пайда болуымен, өзін өте қауіпті жағдайда сезінген болатын. Кеңес Үкіметі көп жылдар бойы Жунайдханмен келіспеушілік қатынаста болып, онымен келісім –шарт жасасқанымен, оның бұрынғы ізбасарларын қудалау, тіпті кейбіреулерін өлтіру, Жунайдханды Кеңес Үкіметіне қарсы қайтадан күреске шығуға мәжбүрледі.

Кеңестік Түркістан түгелдей әскери қозғалысқа жұмылдырылды: темір жол өте қауіпті жағдайда деп хабарландырылды; алдыңғы жылдардағыдай антибольшевик күресін жою үшін әскери – революциялық комитет шақырылып, антибасмашылық насихат жұмыстары жүргізілді.

Кеңестік ақпарат құралдарында Жунайдханмен күрес нәтижесі туралы ешнәрсе айтылмады, бірақ оның қозғалысын жоюдың сәтсіздікке ұшырағанына күмән болған жоқ [2].

Ұлт-азаттық көтерілістері большевиктер билікке келместен бұрын басталған болатын. Түркістандықтардың өтінішіне орай, большевиктер патша режимінің әділетсіздігін жедел түрде жойып, оларға «өздерінің жеке моделі, өз қалаулары бойынша өмір сүруге» толық еркіндік беретініне салтанатты түрде уәде берген болатын.

Алайда, көтеріліс кеңестік режимге де қарсы басталып кетті. Кенеттен пайда болған мұсылман қауымының амфорлық массасының қарсыласу күшін екі себеппен түсіндіруге болады: біріншіден, тәуелсіз ханат кезінен бастап ұлттық сананың өсуі; екіншіден, өзін - өзі қорғау күшінің шартты белгісі.

Кеңес әдебиеті Басмашы қозғалысы туралы зерттеулерге бай емес. Бар болғаны бірнеше памфлеттер мен үнқағаз мақалалары болатын. Түркістанда Басмашы қозғалысының мәселесі жөнінде ешқандай жазба да жоқ. Барлық жазбалардағы кемшілік- большевиктер Түркістандағы Басмашы қозғалысының пайда болу себебін іздеп, оны советтік «ұлттық» саясаттан тыс деп тапты. Түркістан Автономдық уақытша үкіметінің басшысы М.Шоқай «Барлық кеңестік ақпарат көздері Басмашылық қозғалыстың басталуын «Қоқанд автономиясының» күйреуімен байланысты екенін айтады, бірақ автономияның құлатылуының (Қоқанд үкіметі) Басмашылық қозғалысқа еш қатысы жоқ, оның пайда болуы табиғи құбылыс», –деп көрсеткен [1].

Қоқанд үкіметі 1917 жылы қараша айының соңында Түркістан мұсылмандарының Төтенше конгресінде орыс халқының қатысуымен сайланды. Ташкентте Түркістан Кеңесінің Үшінші съезінен кейін, Үкіметті Ұлттық орталық ретінде қалыптастыру міндетті болды, бірақ мұсылмандарды елдің үкіметін ұйымдастыруға қатысу құқығынан айырды. Үкіметте ақша да, қару да болған жоқ. Осындай келеңсіз жағдайлар халық арасында қанағаттанбаушылық тудырып, көтеріліс Түркістан мұсылмандары арасында кең тарады.

Империялық үкімет өзінің мәртебесін, абыройын сақтап қалу үшін, танымал көтерілістің шығу себебін түрік агенттеріне, яғни тыңшыларына беруге тырысты. Басмашы көтерілісінің басталуына келесі себептер негіз болды деп ойлаймыз: Қоқанд автономиясы, яғни Түркістан мұсылмандарының ұлттық орталығының құлатылуы; тұрғындарды жер меншігінен айыру; Түркістан мұсылмандарын егіс кезінде олардың нақты жасын көрсететін ешқандай құжатсыз 19- 43 жас арасындағы ер-азаматтарды 25 маусым 1916 жылғы «Жарлық» бойынша әскери қызметке алу; әскери қызметке тек мұсылмандарды шақыру; темір жол, қалалар, жұмысшылар және Армияны қамтамасыз ету үшін диқандардың соңғы нанын тартып алу; мұсылмандарды шарифаттық сот және еркін сауда жасау құқығынан айыру; большевиктердің жергілікті халықты төменгі тап есебінде қарауы. Кеңес билігінің өрескел іс-әрекеттері халықтың ашу-ызасын тудырды. Басмашылық қозғалыстың пайда болу себептері туралы кеңес жазушылары түрліше талқылап, әртүрлі пікірлер айтқан. Сол кезеңдегі кеңестік ақпарат көздері Түркістан оқиғасын түрліше көзқараста зерттегенмен, барлығы бірауыздан антимұсылман саясатына қарсылық білдіріп, күрес жүргізудің дұрыстығын мақұлдады. Басмашы қозғалысы жаңа кеңес билігінің саясатына қарсылығы болатын, тіпті кейбір кеңестік ақпарат мәліметтері осы қозғалыс – көтерілістің дұрыстығын жөн санап, мойындаған. Басмашылық қозғалыстың пайда болуының тағы бір себебін кейбір кеңес жазушылары Орталық Азияда аграрлық реформаның кешігуі нәтижесінде болды деп түсіндірді.

Басмашылар қозғалысының құрамында барлық тап өкілдері болды. Түркістандықтардың 1917 жылы қол жеткізген табысы – өте жоғары саяси саммит—автономия болатын, бірақ оның екі ай өмір сүруіне де мүмкіншілік болмады. Автономдық қозғалысқа тек қана Қоқанд және Наманган, Марғұлан, Скобелев, қазіргі Ферғана сияқты қалалар қамтылды. Елдің қалған бөлігі байланыста болған жоқ. Барлық байланыс желілері, темір жол, телеграф, пошта, телефон кеңес одағының қолында болды.

Қоқанд үкіметінің құлдырауы күрестің негізгі мақсатын жоғалтуға себеп болып, Қоқанд қорғаушыларынан саяси түрде безіп, билік пен қару-жарақ дөрекі арандатушылар Эргаш және Мад -Эмин сияқты Құрбашылар егелігінде болды. Олар жалпы күрестің мақсатына қол жеткізуді кейінге қалдырып, майдан бірлігін де құра алмады, бірақ елдің құлдырауында

маңызды роль атқарды. Ферғана облысы бірнеше бөліктерге бөлініп, әрбір құрбашы өз бетінше әрекет етіп, билік жүргізді. 1918 және 1919 жылдары «басмашы» қозғалысы көшбасшыларының құбылмалы әрекеттеріне қарамастан, кеңес билігіне қарсы күрестерін жалғастырды [3].

Ферғанадағы Басмашылық қозғалысы 1915- 1919 жылдар арасында болды. 1920 жыл Түркістандағы Басмашылық қозғалыстың ең маңызды ерекше жылы болды. Сол жылы 5 қыркүйекте Бұқара кеңестендіріліп, Халықтық Республика ретінде танылды, Кеңес билігі Орталық Азияны түгелдей шарпыды.

Орталық Азиядағы басқа елдер сияқты, большевизм Бұқарада да Басмашылық қозғалысты өршітті. 1920 жыл Бұқарадағы Басмашылық қозғалыстың ерекше жылы болды, себебі Ташкент, Самарқанд, Бұқарада құпия конференциялар ұйымдастырылды. Басмашылар қозғалысы аясында саяси митингтер өткізілді, оның мақсаты - саяси бағыт –бағдар беріп, басшылық жасау және қозғалысқа нақты саяси форма беру болды.

«Қоқанд автономиясы» деген ұранмен басталған басмашылар қозғалысы, үкімет құлағаннан соң, бүкіл елде халық көтерілісінің хаосы басталды. Орта Азияда бір мезгілде қозғалысты ұйымдастыратын және оны саяси идеологиямен қамтамасыз ететін саяси орталық болған жоқ. Автономияны жақтаушылар автономдық үкімет құлады, себебі қолға бірден қару алынған жоқ, оның орнына келіссөз жүргізіліп, мақсатсыз жоспар жасалынды деп ойлады. Тек қана бірнеше жылғы қатаң тәжірибеден соң, Басмашылар саяси ұйымның кейбір аспектілерін қабылдады.

Біріншіден, басмашылар басшылары елді Кеңес одағынан өз күшімен азат ете алмайтынын түсінді. Орталық Азияның Біріккен ұлттық азат ету комитетінің өкілдері Садриддин –Кина, Керимов және басқалары 1921 жылы Кулджедегі Британ консулынан Британ үкіметінің қолдауын сұрап өтініш жасады. Бұл- Түркістанның кеңес одағына қарсы күресінің эпизодтық көрінісі болатын. Апелляция тиісті жерге жеткен жоқ, себебі арнайы жіберілген елшіні большевиктер Әулие –Ата қаласында тұтқындаған, нәтижесінде «Азат ету» комитетінің мүшелері түрмеге қамалып, оларға ұзақ мерзім берілгенмен, олар түрмеден қашып шықты.

Осы кезеңге дейін Басмашылар қозғалысы белгілі бір мақсатқа қол жеткізген болатын. 1921 жылы Ферғана, Самарқанд және Бұқара облыстарында конгресс шақырылып, оған қорғаушылар өкілдерімен қатар, Орта Азияны Азат ету Біріккен комитетінің де мүшелері қатысты. Осы Конгрессте Түркістанды (Орта Азия) тәуелсіз демократиялық Республика деп жариялау шешімі қабылданды.

Бұл кезең, өкінішке орай, кеңес үкіметінің майдандағы «ақ» таңлақтарды жойып, ашық күресте түрлі әскери сәтсіздіктерге ұшырап, халықтың көңіл-күйінің құлазыған кезімен тұспа-тұс келді. Хандық кезеңмен салыстырғанда, ұлттық сананың өсуі айтарлықтай жоғары болғанымен, терең, күшті энтузиазм болмады. Тіпті кейбір басмашылар



көшбасшыларының өздері «қызметтері мен ықпалдарынан» бас тартып, араларындағы қабілетті көшбасшыны мойындауға дайын тұрды. Сондайлардың бірі- Шир –Мухамед болатын, ол сол кезде Кабулда тұрған.

1921жылы ортазиялық басмашылар қозғалысының өте маңызды сәттерінің бірі – Энвер-пашаның ашық майданға шығуы болды. Энвердің Орта Азияда басшылықтың нақты келісімінсіз келуіне Кеңестік үкімет қарсы болды. 1920 жылы қыркүйекте Шығыс халықтарының әйгілі Баку конференциясынан кейін, большевиктер Энверге күмәнданып, оны «қауіпті» деп санады. Энвердің Бакуға келуі азербайжандықтардың көптеген ереуілге шығуын, өздерінің наразылығын білдіруге себеп болды. Энвердің Конгрес залына енгенде, мұсылмандар делегациясы оны жастүркілердің басшысы, президенттің тәртіпке шақыратын қоңырауы ретінде тұрып қарсы алды. Энвер өзін большевиктер арасында жайсыз сезініп, қажет емес жерде екенін түсінді. Осы жерде «Марокко, Алжир, Тунис, Триполи, Египет, Аравия және Үндістан революциялық ұйымдарының одағы» үшін Конференциясына келген Энвердің көзқарасы өзгерген. Конференцияда Түркістан делегаттарынан большевиктердің үш жыл бойы жасаған зорлық – зомбылығын естиді. Ол Зиновьевтің өз аузынан, Түркістандағы тыңшылардың жергілікті халықтарды, яғни шаруаларды бір – біріне қарсы қойып, олардың жерлерін алып қойып, оларды төмендетіп, ашу –ызасына тигенін түсінді. Энвер өзінің Мәскеу большевиктерімен байланысқанына және Орта Азияға келгеніне өкінді.

Бұқарада революциялық үкіметтің Мәскеуге қатысты саяси қарым – қатынасының бірқалыпты еместігін байқады. Бұқараны кеңес әскері жаулап алған соң, оның барлық байлық қазынасы «Бұқара халқының ризашылығы» ретінде Мәскеуге жіберілді. Мұндай әрекеттердің барлығы большевиктер билігіне келген жас бұқаралықтардың көңілін суытқан болатын. Энвер кенеттен пайда болғанда, олар тағдырлары соның қолында деп санаған. Мұнан соң Энвер Бұқарадан кетіп, кейіннен Орталық Азиядағы партиясын тастап кеткен. Энверден кейін Бұқара көшбасшылары Осман –Ходжа басшылыққа келіп, осындай оқиғалардан кейін Англиядан көмек сұрауға мәжбүр болған [1].

Түркістандағы Басмашылық қозғалыс – біздің саяси әлсіздігімізді дәлелдеді. Халықта бір мезетте большевизм мен большевиктерге өшпенділік пайда болғаныман, ұлттық рух болмады. Қорғаушылар өз күштерімен сотты шарифатқа сәйкестендірмеді, сауда еркіндігін алуға, жабық мешіттер мен медреселерді ашуға тырыспады; олардың ісі- барлығын тек кеңес билігінен сұрау және талап ету болды. Басқаша айтқанда, өздерінің «ұлттық институттарын» кеңес органдарына қарсы бағыттай алмады, бірақ билік сұрады. Басмашылық қозғалыстың ұзақ болу себебі, Кеңес билігінің Орталық Азияда жүргізген сансыз қылмыстары және сәтсіздіктерімен түсіндіріледі.

Түркістанда түркі халықтарының ұлттық мемлекеттік орталығын құру алғашқы рет Түркістан мұсылман – коммунистерінің Үшінші съезінде, 1919 ж. ұсынылғанын ұмытпау керек. Конференция мүшелерінің арасында Басмашылық қозғалысқа азды –көпті қатысы барлар да болды. Мұсылман – коммунистерінің бұл сұранысына жауап ретінде Кеңес үкіметі барлық Орталық Азияны жеке республикаларға бөліп, олардың арасында жасанды «ұлттық » кабырғалар орнатылды. Бұл шара сырттай табысқа жеткенімен, барлық Түркістанның ұлттық саяси ұмтылыстарына айтарлықтай ықпал еткен жоқ. Орталық Азияның әрбір республикасында Мәскеуге қарсы ұлттық коммунистік оппозиция болды. Өзбекстан, сол сияқты Түркістан мен Қазақстан Кеңестік Мәскеудің Колониясы болғысы келмейтінін айтады.

Авантюралық элементтерден құтылған Басмашылар қозғалысы тіпті коммунистік Түркістанның көз алдында, Мәскеу орталығы және кеңестік централизммен күресте халық батырлығы болып саналады.

### ***Пайдананылған әдебиеттер:***

- 1.М.Шоқай Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. III том. - Алматы: Дайк-Пресс, 2012. [1, 418 б.]
2. М.Шоқай Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. X том. - Алматы: Дайк-Пресс, 2012. [2, 153 б.]
3. М.Шоқай Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. III том. - Алматы: Дайк-Пресс, 2012. [1, 421 б.]
4. М.Шоқай Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. IX том. - Алматы: Дайк-Пресс, 2012. [3, 433 б.]
5. М.Шоқай Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық. III том. - Алматы: Дайк-Пресс, 2012. [1, 427 б.]

## **МҰСТАФА ШОҚАЙ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯСЫ**

### **Абдразакова А.У.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-саяси ғылымдар» кафедрасының аға оқытушысы,  
тарих ғылымдарының магистрі

Қазіргі уақытта қазақ халқы рухани жаңғыруға бағыт ұстап және Қазақстан республикасының жаһандық әлемдегі орны айқындалып жатқан кезде, оның тарихын жан-жақты зерттеудің қажеттілігі артып, оған үлкен мән берілуде. Әсіресе, мұндай қажеттілік Қазақстан тарихының кейбір күрделі кезеңдерін мұқият зерттеп, қайта қарау заңды құбылысқа айналуға. Тарихтың әр кезеңінде, әсіресе, үлкен сілкіністер дәуірінде халықтың көшбасшысы болып, ұлттық мүддені өз мүдделерінен жоғары қоя білген тарихи тұлғалар тағдыры бүгінгі күні жас ұрпаққа бой түзейтін бағдар десек

те болады. Ең басты мәселе жастарды патриоттық тұрғыдан тәрбиелеп, олардың ұлттық сана-сезімін шындау керек. Ежелгі атамекенінде отырған бүгінгі ұрпақтарымыз өз тарихын біліп қана қоймай, оны құрметтеп, мақтан ету керек. Адамды адам қылудың да, ұлтты ұлт қылудың да негізгі фундаменті тарих. Өткенді саралап, алдағы уақытқа саяси бағдар алатын тарих ғылымы адамды, тіпті жалпы адамзатты біраз нәрсеге үйретеді. Патриоттық, отаншылық сана әрбір тұлғаның өз ауылын, елді мекенін, қоршаған ортасын танудан басталады ғой. Өткен ғасырдағы біздің қоғам жеке талантты тұлғаларға бай болған. Олардың өз ортасына ықпалы да зор еді. Және де бұндай тұлғалардың басты ерекшелігі – олар дүниеге ең керек деген сәтте келіп, Ұлы Абайдың сөзімен айтқанда: “Сен де бір кірпіш дүниеде, тетігін тап та бар қалан” демекші қаланды.

Өз елі өте ауыр жағдайда болған уақытта патриотизмі, жақынына көмектесуге құштарлығы зор, білімдігі, іскерлігі жағынан өз замандастарынан көп уақыт алға кеткен тұлғалар қатарында Мұстафа Шоқайды атасақ орынды.

Тарихтан белгілі 1917 жылғы ақпан төңкерісінен көп жағымды жаңалық күткен зиялыларымыздың үміті ақталмады. Революцияның жеңісті күндерінде Петербургте жүрген М.Шоқай үміт пен күдік аралас сезімде елге аттанғанын жазады: «Талаба (студент) кезімде (1910-1914), университет пен бүкіл орыс зиялыларының революцияшыл демократтары арасында жүргенімде, Петербургті ұнататынымын. Ол заманда орыс талабалары мен орыс революцияшыл демократтары қауымының бейілі кең еді... Бұл орыстан басқа халықтар өкілдерінің «өздерін ұмытқандығынан» немесе ортаға жақын болғысы келетіндігінен туған емес. Орыстың революцияшыл демократтарының саяси көзқарастары өзге халықтар өкілдерінің сол кездегі ой-пікіріне жақын еді. Біз әлі ұлттық тағдырымыздың мәселелерін ұлттық тәуелсіздік тұрғысынан көтере қоймағанбыз. Тек бәріміз орыс патшалығы жойылудан мемлекет құрылымы өзгереді деген пікірде едік», - дей келіп патша үкіметі биліктен тайдырылып, революцияшыл демократтар билік басына келісімен күллі қиянат атаулыдан құтылатынына және «ұлттық басқарма» құрылатынына сенгенін айтады. Сол жылдардағы саяси оқиғалардың өкінішті нәтижесін тарихтан білеміз. Бұл жөнінде М. Шоқай да былай дейді: Көп ұзамай орыс революциясының оқиғалары біздің тәтті үміттеріміздің тас-талқанын шығарды. Орыс революцияшыл демократтары билік басына келгенде сынақтан қатты сүрінді. Олар патшалық заманында орыстан өзге халықтардың өкілдерін жатырқамағанымен, қолдарына билік тиген кезде оларды шеттетіп, маңайына жолатпай қойды»[1,17]. Түркістан автономиясын құру тұрғысындағы М.Шоқайдың жанкешті қызметін кеңес идеологтары жаулық әрекет сипатында көрсетті. Большевиктер бұл автономияны ақпанда қанды қырғынмен таратты.

Елінің тәуелсіздігі жолында әділетсіздікке қарсы күрескен Мұстафа кеңестік билік орнағаннан кейін туған жерінен кетуге мәжбүр болды.

Түркістан автономиясы күшпен таратылған соң шетелге кетуге мәжбүр болған Шоқай мақалалары арқылы Кеңес үкіметінің жүргізген саясатының Түркістан халқының мүддесіне мүлдем қайшы екенін көрсетуге бағыттады. 1917-1941 жылдар аралығында Стамбул және Берлинде «Жаңа Түркістан» мен «Жас Түркістан» деген журналдар басып шығарып, сонда Кеңес өкіметінің әділетсіз саясатын бүкіл батыс елдеріне жария еткен. 1928 жылы «Кеңестер билеген Түркістан» деген еңбегінде сталинизмнің, большевиктік отаршылдықтың бет пердесін ашып көрсетеді. Осылайша М. Шоқай кеңестік Орта Азияда болып жатқан әлеуметтік және саяси өзгерістерге ашық наразылық танытып, қарсылық көрсеткен қайраткер ретінде дараланады. Сол жылдары шет мемлекеттердің бұл өлкеде болып жатқан саяси - әлеуметтік өзгерістерді жіті қадағалап, сыни тұрғыда объективті бағалайтын, оларды жергілікті халықтың мүддесі тұрғысынан қорытындылай алатын мүмкіншіліктері жоқ еді. Сондықтан Шоқай кеңес үкіметінің Түркістандағы жүргізген саясатының Еуропадағы ғана емес, әлемдік деңгейдегі ең ықпалды қарсыластарының біріне айналды. Бұл тұрғыдан алғанда, Шоқай туған жеріндегі халық мүддесіне жат саясатқа қарсы шығармашылықпен саяси күрес жүргізген біртуар ұлттық тұлға болып табылады [2].

Сол заман тұрғысынан қарағанда да, бүгінгі күні де Мұстафа Шоқайдың көтерген мәселелері, пікірлері өте құнды. Шетелде жүріп ол өз мақалаларында Қазақстандағы кеңес өкіметінің мәдениет, әдебиет, халық ағарту саласындағы саясатын өткір сынайды. Ол үшін Мұстафа Шоқай большевиктердің ресми баспасөз деректерін пайдаланып, кеңес өкіметінің ұлттық аймақтардағы отарлық саясатының мәнін бүкіл әлемге танымал етеді. Бұл тұрғысында тарихшы М. Қойгелдиев: «Мұстафа Шоқай сынының ұтымдылығы оның аргументтігінде, пайдаланған фактілердің бұлтартпас дәлдігінде еді. Ал ол фактілерді Мұстафа Шоқай негізінен Түркістандық орыс және қазақ тіліндегі басылымдардан алып отырды», - дейді [3].

Патшалық Ресейде өзге ұлттарға қатысты жүргізілген әділетсіз ұлттық саясат Кеңестер Одағында ерекше қатыгездікпен жалғасын тапқан еді: депортация, репрессия, геноцид. Сонымен қатар айта кету керек орыстан басқа халықтардың этникалық ерекшеліктерін жойып, кеңестік халық деген бір қалыпқа салуды көздеген кеңестік билік тұсында КСРО территориясында бірқатар ұсақ халықтар өздерінің мәдениетін, тілін, ділін жоғалтып, бойына өзге ірі ұлттардың нышандарын сіңіре бастады [2]. Бұл ұлы державаның ұлттарға деген «қамқорлығының» нәтижесі деп айтуға келмес. Ал, ресейлік ғалымдардың пікірі осы мәселеге қатысты өзгеше болып тұр. Ресейлік этнолог, антрополог, тарихшы ғалым В.А. Тишковтың пікірі бойынша: Кеңес Одағы елдің көпұлтты құрамын сақтауға тырысты. XX ғасырда КСРО картасынан бірде бір этникалық топ жойылмапты [4]. Орыстан басқа халықтардың этникалық ерекшеліктерін жойып, кеңестік халық деген бір қалыпқа салуды көздеген кеңестік билік тұсында КСРО

территориясында бірқатар ұсақ халықтар өздерінің мәдениетін, тілін, ділін жоғалтып, бойына өзге ірі ұлттардың нышандарын сіңіре бастады. Осылайша, кеңестік шовинистік саясат бойынша қазақтар да өзінің ұлттық түп тамырынан бас тартып, жаңа қоғамды қалыптастырудың негізгі шарты бойынша ассимиляцияға түсуі керек еді.

Кеңес Одағында ұлт саясаты коммунистік идеологияның талаптарына сәйкес жүргізілгені мәлім. Оның негізгі принципі «ұлттардың гүлденуі және өзара жақындасуы» формуласына негізделді. Өткен ғасырдың 20-30 жылдары ұлттық республикаларда ана тілдерінде іс - қағаздарын жүргізіп, мектептерде ана тілінде оқыту мүмкіндігі туды. Жаппай сауатсыздық келмесе кетіп, жұмысшы факультеттері, институттар мен техникумдар, қысқа мерзімді курстар ашылды. Мыңдаған қазақ жастары зиялылар мен мамандар қатарын толықтырды, ұлттық мамандар даярланды, білім, ғылым дамыды. Мұның барлығын жоққа шығаруға болмайды. Сонымен қатар ұлттық саясаттағы шешуші бағыт - ұлттардың бірігу үрдісі де қатарласа жүрді. Келешекте кеңес халықтары бір тілді, бір мәдениетті болуы заңдылық және объективті шындық деп насихатталды. Ортақ бір тіл рөлін орыс тілі атқарды. Синтезделген жалпыкеңестік «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» мәдениет кеңес халқының ортақ игілігіне айналады деп уағыздалды. Осының нәтижесінде ондаған аз санды этникалық топтар тілдерінен де, мәдениеттерінен де айрылып, басқа ұлттарға сіңіп кетті. Ондай халықтар өз ұлттық белгілерінен айрылып, кеңес халқының ортақ формуласын қабылдауға мәжбүр болды. Сталиндік жүйе зиялы қауым қызметіне қатаң бақылау орнатып, үздіксіз қуғын-сүргін ұйыдастыруды дәстүрге айналдырды. Тұлғаның шығармашылық еркіндігін шектеу және мәдениеттегі жасампаздық әлеуетті кісендеу репрессиялық шаралармен жүзеге асқандықтан адамдар бойына үрей қоныстады, олардың өмір салтымен дүниетанымына бірізділік серік болды. Қазақстан бүкіл КСРО-дағы сияқты, әлемдік мәдени үрдістерден алшақтай берді.

Шоқайдың саяси күресінің басты мақсаты – тәуелсіздік идеясы болды. Түркістандағы кеңес билігінің орнына тәуелсіз ұлттық басқару жүйесін орнату еді. Ол бүкіл түркі халықтарын біріктіріп, Түркістан Республикасын құруды армандады. Сол себепті Шоқай кеңестер режиміне қарсы болды. Сондықтан да Мәскеу оның өмірі мен идеялары туралы мәлімет таратуға тыйым салды. Кеңес идеологиясы бойынша Мұстафа Шоқай «халық жауы» деп жарияланды. Алаш ардақтылары армандаған ұлттық мемлекетін құру сәтсіздікке ұшырағанымен, жалпы ұлттың бойындағы мемлекеттілікке деген құлшынысты жоя алмады. Ұлттың өзін тануы, өзіне сенуі – ерте ме, кеш пе оның тәуелсіздікке жетуінің кепілі болады. «Алаш идеясы» – қазақтың ұлттық идеясы. Қазақтың елдігі мен тұтастығын аңсаған Алаш қайраткерлерінің идеясы бүгінде шындыққа айналып, біз соның куәгері және замандасы болып отырмыз. 1991 жылы Тәуелсіздік жарияланған тарихи сәтті ешбір күрессіз, қарсылықсыз басымыздан өткердік.

Токетері, қазақ халқы қашанда тұлғаларға кенде болмаған. Бүгінгі біздің басты міндетіміз - соларды өз деңгейінде бағалай білу. Тарихи тұлғаларын дәріптеген халықтың алар асуы да асқақ, тәуелсіздігі де баянды болмақшы.

Мұстафа Шоқай Қазақстанның және Орта Азияның тәуелсіздігі үшін күрескен ірі қайраткер.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Шоқай М. Таңдамалы шығармалар: Үш томдық. 3-т.-Алматы: «Қайнар» баспасы.-2007.-384 бет.

2. Қара Ә. Мұстафа Шоқай. Өмірі. Күресі. Шығармашылығы / Түрік тілінен аударған. Г.Шадиева.-Алматы: «Арыс» баспасы, 2004.-320 бет

3. Қойгелдиев М. Тұтас Түркістан идеясы және Мұстафа Шоқайұлы. Алматы, 1997.41 б.

4. Тишков, В.А. Единство в многообразии: публикации из журнала «Этнопанорама» 1999-2008 гг. – Оренбург: Издательский центр ОГАУ, 2008.-156с.

## **ТҮБІРІ БІР ТҮРКІНІҢ ТҮТАСТЫҒЫН МАҚСАТ ЕТКЕН АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ**

### **Сахиев С.Е.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы, саяси ғылымдарының кандидаты

XX ғасырдың бас кезінен өрістей бастаған қазақ қауымына тән қоғамдық қозғалыс өз алдына буржуазиялық-демократиялық мәні бар жалпыұлттық мақсат-міндеттерді: ұлттық тең құқылық, халықтың мәдениетін көтеру, оқу-ағарту ісін жетілдіру, әйел теңдігін қамтамасыз ету, көшпелілерді отырықшыландыру сияқты міндеттерді қойды. Басқаша айтқанда бұл істің басы-қасында болған жаңадан қалыптаса бастаған қазақтың ат төбеліндей аз ғана тұңғыш интеллигенттері жалпы ұлттық сұраныстарға жауап беруге және оларды шешуге тырысты.

Бірінші орыс революциясы дүмпуі Ресей империясының шет аймақтарында да ұлт-азаттық қозғалыстың өрши түсуіне әсер етті. Осы жылдары қазақ зиялылары жалпы ұлттық мүдде арнасында іс-әрекеттерге көшіп, ұлттық бірлікті орнықтыруға, әрі тәуелсіздік жолында ұлттық, мұсылмандық, түркілік бірлік идеясы негізінде діндес, бауырлас, тағдырлас елдер өкілдерімен бірлесе кіріскенді.[1,46].

Торлаған тұманнан жол таппай тұрған халқын өрге сүйреген күш Алаш қозғалысы еді. Саяси мәдениеті әлемдік деңгейге көтерілген, кәсіби даярлығы заманының сұранысына сай, адамгершілік-имандық қасиеттері

ұлы даланың сан ғасырлық құндылықтарымен суғарылған Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Тынышбаев, Ж.Ақпаев М.Шоқай, Б.Қаратаев сынды дүлдүлдер бастапқыда осынау қозғалыстың тұлғалық-интеллектуалдық әлеуетін сомдаса, іле-шала Х.Досмұхамедов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, Т.Рысқұлов, С.Сәдуақасов, М.Әуезов, Ж.Аймауытов, С.Лапин, тағы басқалар әрлендірді. Қ.Кемеңгерұлының 20-шы жылдар басында Ә.Бөкейханды білімімен Еуропаның таңдамалы оқымыстыларына тең түсіп құрдас болған деуінде тарихи шындық бар. Әлекеңдер мен Ахандардың сарқытын ішкен М.Әуезов, көзін көрген С.Сейфуллин кейінде бірі әлем әдебиеті классиктері қатарынан орын алса, екіншісі қазақ әдебиетіндегі социалистік реализм тәсілінің негізін қалаушы ретінде тарихқа енді. Біз бұл жерде саяси және таптық ұстанымдары әр қилы азаматтарды бір қауымға бекер топтастырып отырған жоқпыз. Өңгіме олардың бәрі ұлтшыл, ұлтжанды, ұлты үшін білімі мен білігін, күш-қуатын жұмсағанында, тіпті құрбандыққа барғанында.

Мұстафа Шоқайұлы – ХХ ғасырдың ең аласапыран кезінде, қазақ халқының тағдыры тығырыққа тіреліп, болашаққа даңғыл жол таба алмай, күйзелген дәуірінде, қызыл тоталитаризмнің отына күйіп, халықтың жартысынан көбі қырылып, ұлттық рухы тапталып, зиялылары жойылып, кеңестік отаршылдықтың жан азабын тартқан кезде өмір сүріп, халқына азаттық жолын іздеген жан [4, 4-5].

Егер 1917 — 1920 жылдар аралығында Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұстафа Шоқай және олардың сенімді серіктері Кеңес өкіметіне сөзбен де, қараумен де қарсы шықса, 20-жылдары ұлттың демократиялық қазақ зиялыларының Ахмет Байтұрсынұлы бастаған серкелері тоталитарлық жүйеге қарсы рухани майданда бетпе-бет келді.

Мұстафа өзінің бүкіл ғұмырын туған халқының ғана емес, тұтас Түркістан аумағындағы түбі бір түркі жұртының бірлігі мен тәуелсіздігі, өз алдына дербес мемлекет болуы жолындағы күреске арнады, соңғы демі біткенше: «Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан беру бәрімізге бір мақсат, бір мухаббат уәзифа болмақ. Мұны ұмытпау керек!» – деп өтті. Мұстафа Шоқай көксеген Түркістан автономиясы, тарихшы ғалым Мәмбет Қойгелдінің пікірінше, «...жай бір қалалық, тұйық саяси құбылыс емес еді. Бірақ кеңестік тарихнамада оның тарихи маңызын төмендетіп көрсету үшін сондай мағына беруге тырысты».

Ұлттық тұтастыққа, қазақ елін тәуелсіз, іргелі ел етуге деген ұмтылыс өткен ғасырдың басындағы Алаш зиялыларына ортақ мақсат болды. Тек оны жүзеге асыру мәселесіне келгенде, әрқайсысы әртүрлі жолды таңдады. Мысалы, 1917 жылы қазақ қайраткерлері, интеллигенциясы арасында қазақ облыстарының Түркістанмен бірігу мүмкіндігіне байланысты қарама-қарсы екі пікір болды. М.Шоқай идеясын қолдаушылар «орыстың отаршылдығынан құтылу үшін Орта Азия елдері болып бірігуіміз керек» десе, «автономия құру – өз алдына мемлекет болу, мемлекет болып, іс атқару оңай

емес, біздің қазақ іс атқаратын азаматқа жұтап отырған болса, біздің жалпы қазақ қараңғы болса, Түркістан халықтарының қараңғылығы һәм шебер адамның жоқтығы бізден он есе артық» деп білген Әлихан Бөкейханов «Орта Азия болып бірігуге болмайды» деп есептеді. Алайда күллі қазақ мемлекетінің тағдыры барлық қазақ ұлтының қолдауына тәуелді екендігін Алашорда басшылары да, Мұстафа Шоқай да түсінді. Алашорда өкіметі құрылған бетте Түркістан өлкесі құрамындағы қазақ жұртымен бірігу жолдарын қарастыруға кірісті. Өкінішке қарай, түркі жұртының тұтастыққа, азаттыққа бағытталған талпынысы тұншықтырылып, Алашорда өкіметі де, Түркістан автономиясы да күшпен талқандалды. Сөйтіп, Мұстафаның өмірінің соңына дейін ұласқан эмиграциялық қызметі басталды.

Тарих ғылымының кандидаты Бейбіт Қойшыбай: «Мұстафа жалғыз қазақтың ғана емес, күллі түркі халқының бірлестігі үшін еңбек етті. Өзінің бір мақаласында: «Түркістанның ұлт-азаттық туын көтерген адам үшін арғын, қыпшақты былай қойып, тіпті өзбек, қазақ, түрікмен болып бөлінудің өзі Түркістан түріктерін бөлшектеп, өлімге бастайтын жол екенін жақсы білетін едім», – дейді. Расында, орыстарға бөліп тастап билеген оңай болатын. Большевиктер бүкіл түркі халықтарының бір болуын қаламады. Ал біз үшін әр тарапқа бөліну ол кезде оңтайлы болмады» деген өз пікірін білдірген.[5].

1991 жылы тәуелсіздігіміз жариялап, Алаш қайраткерлері туралы зерттеулерге жол ашылғаннан кейін ұлттық мүдде тұрғысынан олардың өмірі мен қоғамдық саяси істерін қарастыра бастады. Олардың қызметін жаңаша көзқарас тұрғысынан М.Қойгелдиевтің «Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры» еңбегінде Ә.Бөкейхановтың, М.Шоқайдың өмірі мен қызметі баяндалған.[2,110б.]

Н. Ашкееваның «XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстандағы саяси элеуметтік процес лидерлерінің көзқарастары» атты авторефераты XX ғасырдың басындағы саяси процестердің басында болған лидерлердің саяси қызметіне, шығармаларына талдау жасай келе ұлттық лидерлердің саяси-элеуметтік көз-қарасын көрсеткен.[30б].

Мұстафа Шоқай өз уақытының перзенті, ірі тұлғасы. Бүгінгі таңда оны ғаламдық көлемдегі қайраткер болып табылады. ҚР Президенті Н. Назарбаев қазақ тарихындағы ұлы тұлғалардың орнын атай келе: «Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тарихының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Сондықтан халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай да қиын-қыстау жағдайда оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім жұртының азаматы болып қала бермек. Тарихтың қай кезеңінде болсын, олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген», - деді.



### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры. Алматы: Жалын. 2004. 400б.
2. Бисенова Ғ. Бірінші орыс революциясы тұсындағы қазақ азаттық қозғалысы. Автореферат. Алматы: Ғылым. 2002. 32б.
3. Ашкеева Н. XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстандағы саяси әлеуметтік процес лидерлерінің көзқарастары. Автореферат. Алматы: 2004.30б.
4. Әбілғазиева К.Т. Мұстафа Шоқайұлының (1890-1941) қайраткерлік қызметі негізінде жастарға патриоттық тәрбие беру. диссертация, автореферат. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, 2002. 4-5 бб.
5. Түбі бір түркінің тұтастығын аңсаған Мұстафа мұраты не еді?  
<http://alashainasy.kz>

## **МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ҚЫЗМЕТІ**

### **Төлепберген Қ. Қ.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, «Қазақстан тарихы және саяси-әлеуметтік ғылымдар» кафедрасының оқытушысы, тарих магистрі

Тәуелсіздік жылдары отандық тарих ғылымының мазмұны тоталитарлық жүйенің идеологиялық ықпалынан арылуымен бірге тәуелсіздік идеологиясының әдістемелік негізінде тарихи дамудың ақиқат болмысын қалпына келтіру бағытында түрлі жұмыстар атқарылды. Дегенмен, мемлекеттік маңыз алған осы бағытта әлі де терең ғылыми талдау жасап, концептуалдық тұрғыда қайта қарауға тиісті мәселелер мен тақырыптар жеткілікті.

XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларын ойландырған мәселелер, елдің елдігін, ұлттың бірлігін, жердің тұтастығын сақтау, қазақ халқын өркениетті елдердің қатарына қосу, ол үшін қазақ елін оқу, өнер — білім, іскерлік жолына салу, ең бастысы, дербес мемлекет құру еді. Бұл тіпті бүгінде, яғни ғасыр басында, күн тәртібінен түсе қойған жоқ, тіптен ең зәру мәселеге айналып отыр. Осы орайда кезінде тәуелсіздігіміз үшін күрескен, сондықтан да кеңестік тоталитарлық жүйенің құрбаны болып, қуғынына ұшыраған, саяси жүйе есімдерін кейінгі ұрпақ санасынан біржола ығыстыруға күш салған тұлғалардың тарихымызға қайта оралуы қажет.

Сондай ірі саяси қайраткер, халқына қалтқысыз қызмет еткен «алыптар тобының» көрнекті өкілі, қазақ, тұтас түрік елінің тәуелсіздігі жолында күрес майданына шыққан Мұстафа Шоқайдың (1886–1941) алатын орны ерекше. Мұстафа Шоқай тәрізді тұлғаның атқарған қызметіне дұрыс баға беру, ұлттық тарихымыз үшін ғана емес, егемен Қазақстанның жас ұрпағының рухани және саяси тұрғыдан ұлттық рухта тәрбиелеуі үшін аса қажет.

Бұған қосымша осы уақытқа дейін жазылған отандық тарихнамада, жеке тұлғалардың, қоғам қайраткерлерінің қызметі өз дәрежесінде баяндалады деп айтуға әлі ерте. Ал ХХ ғ. 20–30 жж. күрделі тарихи оқиғаларға белсенді түрде тікелей араласып, терең із қалдырған Мұстафа Шоқай сияқты ірі саяси қайраткерлердің қызметі мен туған халқының тәуелсіздігі үшін күресін жан-жақты талдау арқылы отандық тарихымызға одан әрі түсінуге терең жол ашпақшы.

Мұстафа Шоқайдың өмір жолында маңызды кезең — балалық шағы мен Ташкент гимназиясы, Петербург қаласында оқыған жылдары екендігін атап көрсету қажет. Қайраткердің қоғамдық-саяси көзқарастарының қалыптасуына өскен ортасы үлкен әсер етті. Мұстафа Шоқай Ақмешіт (Перовск, қазіргі Қызылорда) уезінде дүниеге келді. Тегі — Орта жүздегі қыпшақ, әкесі Шоқай дәулетті, мәдениетті, білімді, елге танымал, беделді адам болған. Ол баласы Мұстафаны әуелі отбасында білімге өзі ұмтылдырған. Бала Мұстафа сауатын ауылда мұсылманша ашып, кейіннен орыс мектебіне барады. Онан кейін Ташкенттегі гимназияға түсіп, 1910 ж. өте үздік бағамен бітіреді және алтын медальға ұсынылады. Бірақ генерал Самсонов алтын медальды орыс баласы Зепреметовке жазады. Ал Зепреметев алтын медальды Мұстафаға берілуі тиіс деп, өзі күміс медальді алған [1]. Бұл оқиға Мұстафаның қоғамдық-саяси көзқарастарының қалыптасуына өзіндік ықпалын тигізді.

Мұстафа Шоқай дүниеге келген Түркістан өңірі ХХ ғ. басында орыс отаршылдығының барынша қыспағын көріп отырған еді. Бұл жергілікті халықтың шаруашылық, әлеуметтік, саяси жағдайынан көрінді. Бұндай әділетсіздікке халықтың қарсылық көрсететіндей күш-қауқары болмады. Осының бәрін жасынан көріп-сезінуі қайраткердің ұлтшылдық, түрікшілдік, азаттық идеяларының қалыптасуына негіз болды. Бұған дәлел 1929 ж. шыға бастаған «Жас Түркістанның» бірінші санында ол былай дейді: «Атамекеніміз отаршылардың тепкісінде жатқанда ішкі саясаттың мәселелері екінші планға ығысады. Атамекенді құтқару жолындағы күрес бірінші планға шығып, маңдай алды міндетімізге айналады. Біздің ұлтшылдығымыз Түркістанда ұлттық өкіметтің үстемдігінен басқа ешбір күшті мойындамау негізінде құрылған, бізге түрі де, мазмұны да ұлттық мемлекет қажет» [2; 14]. Қазақтың ғана емес, барша түркі халқының азаттығы оның өмірлік арман-мұраты болды.

Шоқайтанушы, тарих ғылымдарының докторы, Абдуқап Қараның көрсетуінше, Ташкентте лицейде оқып жүргенде Түркістанның түрлі аймақтарынан келген әділетсіздікке ұшырағандардың шағымын біліп, құқығын қорғау үшін Мұстафа Шоқай оларға аудармашы болып көмектескен. Осылайша ол Түркістан губерниясы әкімдері мен жергілікті халық арасындағы негізгі проблемалармен етене танысқан. Осыған байланысты Түркістан генерал-губернаторы Самсоновпен бірнеше мәрте кездескен. Демек, М. Шоқайдың саяси өмірге араласуы осы кезеңнен басталады деуге толық негіз бар.

Аталған кезеңде қайраткердің рухани салада өсіп кемелденуіне башқұрт ұлтының атақты ғалымы, фольклорист Әбубәкір Диваевты, немістекті атақты ғалым, шығыстанушы В. Радловтың ықпалы болғанын айту керек. Мәселен, 1937 ж. жазылған өзінің «Радлов хақында» деген мақаласында В.Радловпен 1910 жылдан таныстығын, оның орысшылдығын және сол орысты жеккөретіндігін, түріктанушы ретінде түрік халқына деген көзқарастары туралы өз пікірлерін білдірген [2; 15].

Генерал Самсонов бұратана халықтардың балалары лауазымды қызмет етуге білім алатын Ресейдегі жоғары оқу орындарына түсуіне қарсы болған. Соған қарамастан, Мұстафа Шоқай емтихан тапсырып, 1910 ж. Петербург университетінің заң факультетінің студенті болып қабылданады. Міне, осы кезден оның қоғамдық-саяси қызметінің жаңа бір белесі басталады деуге болады. Осы кезде ол елден келген жерлестерінің түрлі арыз-шағымдарын орыс тіліне аударып, түрлі сұрақтарын шешіп берген. Осылайша болашақ заңгер, саясаткер ретінде мол тәжірибе жинақтап, 1917 ж. Петербург университетін үздік бітіріп шығады. Жалпы, XIX–XX ғ. аяғы — XX ғ. басындағы қазақ қоғамында елеулі рөл атқарған қазақ зиялы қауымының қалыптасуы осы Ресейдің ірі білім орталықтары болған қалаларымен тығыз байланысты. Тарихшы Кеңес Нұрпейісовтың «Алаш Һәм Алашорда» атты еңбегінде XIX ғ. 20 жж. — 1917 ж. дейінгі уақытта Қазан университетінде 30-ға жуық қазақ жастары, ал XIX ғ. соңы — XX ғ. бас кезінде Петербург университетінде 20-ға жуық қазақ студенттері оқығандығын көрсетеді. Олардың қатарында Б. Қаратаев, Б. Құлманов, Б. Сырттанов, А. Тұрлыбаев, Ә. Бөкейхан, Ж. Досмұхамедов, М. Шоқай, Ж. Ақбаев т.б. бар [3].

Мұстафа Шоқайдың ұлт-азаттық қозғалыс басшысы, саясаткер ретінде қалыптасуына белгілі дәрежеде ықпал еткен тұлғаларға тоқтала кетсек, Алаш қозғалысының көсемі Әлихан Бөкейхан оған студент кезінен әсер еткен, оның ұсынысымен Ресей Мемлекеттік думасы Мұсылман фракциясы хатшылығы қызметін атқарған. Ол кейін өзінің «Жас Түркістан» журналында жариялаған бір мақаласында «Әлихан Бөкейхан бізге ұдайы Түркістан мәселесін жете түсіну үшін қазақтың жер-су мәселесін толық білу керек деп ескертетін-ді» деп жазған [4]. Бұдан кейін де олардың тағдырлары жиі тоғысып, М. Шоқай эмиграцияға кеткенге дейін саяси өмірде қатар

қызмет еткен. Біздіңше, оларды бір бастаудан аққан қос өзенге теңеуге болады, ал ол бастаудың басында азаттық идеясы тұрды. Сонымен қатар башқұрт халқының қайраткері, досы Зәки Уәлидиді де айту қажет.

М. Шоқайдың рухани кемелденуіне М. Сералин басқарған «Айқап» журналы, «Алаш» партиясының ресми баспасөз органы болған «Қазақ» газеті басқа да басылымдар да ықпал жасаған.

Мұстафа Шоқай қызметінің жаңа кезеңі оның Мемлекеттік думаның қызметіне араласып, саяси эмиграцияға ұшыраған кезеңге дейінгі аралықты қамтиды деген пікірдеміз. Бұл қазақ халқының азаттық күресінің басталуымен қатар келеді. ХІХ ғ. аяғы — ХХ ғ. басында саяси, әскери, экономикалық, мәдени отарлауды жан-жақты жүргізген патша үкіметі қазақ халқын мәнгүрттендірудің аз-ақ алдында тұр еді, бұл басқа да отарлық езгіде отырған түркі халықтарына қатысты. Осының бәрін көріп отырған Мұстафа Шоқай мұндай азуы кең алып күшке бүкіл түркі халқы бір азаттық туының астына бірігіп қана қарсылық көрсете алатындығын түсінді. Осыдан туындаған «Тұтас Түркістан» идеясы оның қоғамдық-саяси қызметінің арқауы болды. 1914 ж. Әлихан Бөкейханның ұсынысымен ІV Мемлекеттік думадағы Мұсылман фракциясының хатшысы қызметіне тағайындалады. Ол Мемлекеттік думаның мүшелері Сералы Лапин, Махмуд Ходжа Бахбуди, Минуар Қары т.б. байланыс жасап, Түркістанның болашағы жайлы талқылап жүрген.

1916 ж. Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалысты патша үкіметі қатігездікпен басқан кезде Дума және үкіметтің тыңдауына арнайы баяндама жасау үшін, әрі материалдар жинақтау үшін депутат, эсер А.Ф. Керенский 1916 ж. күзде Ташкентке келіп қайтады. Оның жанында фракция жетекшісі К.М. Тевкелевпен бірге Мұстафа Шоқай да болады. Ол бұл баяндаманы дайындауға белсенді түрде қатысады.

Мұстафа Шоқай, Әлихан Бөкейхан да 1916 ж. ұлт-азаттық қозғалыс кезінде көтерілісшілердің патша жарлығына қарсы шығуына қарсы болды. Олар патша үкіметі мен көтерілісшілердің арасындағы күштің тең еместігін, көтеріліс жеңілген жағдайда бейбіт халықтың есепсіз қырғынға ұшырайтындығынан қауіптенді. Басқаша айтсақ, олар үшін ұлттың амандығы бірінші орында тұрды. Орысша сауаты жоқ қазақ жастарына майданға жіберілген кезде оларды азық-түлік, киім-кешекпен қамтамасыз ету жағынан да, Ақпан төңкерісінен кейін тыл жұмысындағылар елге оралған кезде де көмектескен.

Ресейдегі 1917 ж. Ақпан революциясының нәтижесінде монархияның құлатылуы, Уақытша үкіметтің құрылуын Мұстафа Шоқай өзінің досы, башқұрт қайраткері Зәки Валидимен бірге үлкен үмітпен қарсы алады. Монархияның құлауы, билік басына төңкерісшіл демократтардың келуі қазақ зиялыларының саяси белсенділігін күшейтті. «Бостандықтың, азаттықтың күні туды» деп бағалаған Әлихан Бөкейхан, Мұстафа Шоқайлар Керенский басқарған Уақытша үкіметтің Түркістанды басқаратын Арнайы

комитетін құруына қол жеткізді. Жергілікті жерлердегі Уақытша үкіметтің комиссарлары ретінде қызмет етті. Бірақ бұл үкіметтің өмірі қысқа болды. Алайда оның Ресей құрамындағы Түркістан автономиясын құру идеясын Петроград жұмысшы және солдат депутаттарының Кеңесін басқарып отырған Н. Чхеидзе «сепаратистік» пиғыл ретінде бағалайды [5]. Мұстафаның негізгі мақсаты Ресей жерінде тұратын күллі түркі ұрпақтарын біріктіріп «Үлкен Түркістан» одағын құру болды, сондықтан да ол 1916 ж. «Түркістан бірлестігі» деп аталатын құпия ұйым ашты. Орыстардың жойқын қысымының күшіне қарсы тұру қамымен мұсылман саяси ұйымдар ассоциациясы (үлкен жамиғаты) мен Мұсылмандар кеңесі (Шурай Ислами), сондай-ақ қазақ ұлттық «Алаш» партиясы бәрі күш біріктіре келе, 1917 ж. наурызда Ташкентте Түркістан мұсылмандарының конгресін шақырып, онда орталық комитет сайлап, мұсылман орталығын құрды. Орталыққа Мұстафа Шоқай басшылық жасады. Ол кеңестік Ресейдің түркі халықтарын одан әрі орыстандыру саясатына үзілді-кесілді қарсы шықты.

Кеңес үкіметінің жариялаған ұлттардың өзін-өзі билеуі туралы декларациясына сүйенген Түркістанның жергілікті халықтарының өкілдері өзінің IV Құрылтайына жиналып қарашада Түркістан автономиясының 12 мүшеден тұратын Уақытша Үкіметін құрады. Бас министр болып М. Тынышбаев, ол отставкаға кеткеннен кейін (бұған дейін сыртқы істер министрі болған) М. Шоқай бекітілді. Съезде Уақытша Кеңестің бірінші кезектегі міндеттері белгіленеді. Олардың арасында «қысқы мерзім ішінде Түркістан Құрылтай жиналысын шақыру, тұрғындарды азық-түлікпен және ең қажетті заттармен қамтамасыз етудің шараларын қолға алу, Түркістан автономиясының қаржы қорын жасақтауға кірісу, халықтық милиция жасақтап, өлкені мекендеген ұлттардың құқықтарын қорғаудың барлық шараларын қолдану» қажеттілігі көрсетілген [6]. Мұстафа Шоқай сонымен бірге 1917 ж. шілдеде құрылған «Алаш» партиясына да мүше болды. 1917 ж. желтоқсан айында М. Шоқай Орынборда өткен екінші Жалпықазақ съезіне қатысып, съезде сайланған Алашорда үкіметінің құрамына енеді. Сөйтіп, ол жаңа құрылған екі үкіметтің де құрамына енеді. Алашорда үкіметін сайлаған желтоқсан съезі «Бір айдың ішінде Алашорда Түркістан қазағын бүкіл Алашқа қосып алады, қосып ала алмаса да, бір айдан кейін халыққа білдіреді» деген шешім қабылдайды. Алайда большевиктер ұлттық құрылымдардың бірінен кейін бірін талқандап, 1917 ж. қаңтарында Қоқандағы автономияны контрреволюция ошағы деп бағалап, қанды қырғынмен басып тастайды. Большевиктердің ұлт мәселесіне қатысты осынау екіжүзді саясаты туралы Мұстафа Шоқайдың 1920–1930 жж. үздіксіз жарық көрген «Яш Түркістан» журналында жазған «Орыс тепкісіндегі Түркістанның ұлттық қозғалыстарынан. Жеңілмес ұлтшылдық» деген мақаласында былайша бағалайды: «Шығыс халықтарының «азаттығы» үшін жаны ашығансып келген және қазір де жаны ашығансып отырған большевиктер біздің әлсіздігімізді пайдаланып, біраз істерді тындырды.

Патшалық Ресейден бөлініп өз алдымен тәуелсіз өмір сүрмек болған Түркістан сынды өлкелерді жылдар бойғы қанды соғыстар арқылы қайтадан Мәскеуге тәуелді етіп, ұлы орыс үстемдігін орнатты. Біздер үшін ең қайғылы осы оқиғаларды большевиктер «орыс емес халықтардың азаттығы», «шығыс қамқоры» — орыс ұлтының адамгершілік міндетін өтеуі», пайғамбар Лениннің бодан халықтарға істеген «шапағаты деп атайды.... Орыстар Түркістанды Мәскеуге тек экономикалық жағынан ғана байлауымен қоймай, мәдени рухани өмірінің көрінісі болған бүкіл тарихи шығармаларан да өз қалауынша бұрмалап, Мәскеудің еркіне тәуелді етуде» [7]. Бұл кезеңде қазақ зиялыларының Кеңес үкіметіне деген көзқарастары әр түрлі болды, олардың бір тобы оны қолдаса, екіншісі оған қарсы шықты.

Қоқан автономиясы құлатылғаннан кейін Мұстафа Шоқай өмірінің жаңа кезеңі оның шетелдік эмиграцияға ұшырауымен басталады. Азамат соғысы жылдары Мұстафа Шоқай алдымен 1919 ж. Маңғыстау арқылы Грузия асып, соңынан 1921 ж. Стамбулға аттанады. Онда ұзақ кідірместен Парижге аттанады. Ал өмірінің соңғы кезеңін Германияда өткізеді. Мұстафа Шоқайдың шетелдегі эмиграциялық қызметі туралы түрлі пікірлер кеңестік дәуірде қалыптасқан. Оны қашқын ретінде бағалаған. Бірақ елде қалған Алаш зиялыларының тағдырына көз жүгіртейікші. Кеңес үкіметін мойындауға мәжбүр болған Ә. Бөкейхан ОГПУ тергеушілеріне берген жауабында: «Мен кеңес үкіметін сүймеймін, бірақ мойындаймын» деп көрсеткен, ал А. Байтұрсынов кеңес үкіметін мойындаса да, сенімсіздік көрсеткен [8]. Бірақ бұл бағыттағы қазақ зиялыларының көбісі 1937–38 жж. қуғын-сүргінге ұшыраған. Ал С. Сейфуллин, Т. Рысқұловтардың да тағдыры осылай аяқталды ғой. Бұл жерде М. Шоқайдың елден кетіп күресін шетелде жалғастыруға өлкедегі ауыр жағдай итермелегенін мойындау керек. Елде қалса, ол осы зиялылардың тағдырының кебін киетінін түсінді. Оның өз елінен жырақта ауыр қиындықтармен саяси күреспен айналысуын көзсіз ерлік деп бағалауға болады.

М. Шоқайдың соңында бай мұра қалды. Атап айтсақ, олар 1917 ж. Ташкентте «Ұлуғ Түркістан», Қоқанда «Жаңа Түркістан», 1919 ж. Тбилисиде «Вольные горцы», «На рубеже», 1921 ж. Стамбулда «Шөбнәме газетасы» газеттерін, сондай-ақ «Жаңа дүние» (1920), «Жаңа Түркістан» (1927–1937), «Түркістан» (1935), «Орта Азия» (1928) секілді француз, түрік, орыс тілдерінде кітаптар, «Жас Түркістан» журналын, т.б. көптеген еңбектерін бастырып шығарды [9].

Мұстафа Шоқайдың жары Мария Шоқай «Менің Мұстафам» деген естелігінде мынадай ой айтады: «Өмірінің соңғы сәттерінде, 1940 жылы соғыс тұсында, ол үнемі Түркістанның большевиктерден құтылуын армандайтын. «Алып елімнің тәуелсіздікке қол жеткізгенін көруді нәсіп етсе, мен тек үгіт-насихат ісімен ғана айналысар едім. Жастар үкімет құрса, мен елімнің тарихы және басқа өлке халықтары туралы тамаша кітаптар жазумен айналысар едім», — дейтін Мұстафа Шоқай [10; 340]. Қайраткердің

соңғы демі біткенше жалғыз арманы ол — өз елінің тәуелсіздік алып, егеменді ел болғаны екен. Бүгінгі таңда Мұстафа Шоқайдай, Әлихан Бөкейхандай қазақтың басқа да ұлт қамын ойлаған зиялылары армандаған тәуелсіздікке біз бейбіт жолмен қол жеткізіп отырмыз. Олай болса, ғұмыр бойы кеңес үкіметінің отаршыл саясатымен күресіп, сол үшін отанын тастап, шетелге эмиграцияға кетуге мәжбүр болған Мұстафа Шоқайдың өмір жолы әркімге де ой салып, өшпес өнеге болары хақ.

Мұстафа Шоқайұлының біртұтас Түркістан идеясының генезисін қарастырғанда бұл мәселеге ықпал етті деген бірнеше факторларды атап өткеніміз дұрыс болар. Бұл жерде, ең алдымен, ойға келетіні оның туып өскен ортасы, тектілігі болады. М. Шоқайдың анасы да, әкесі де текті жерден болғандығы белгілі.

Екіншіден, ол М. Шоқайдың туған өлкесі Түркістан өңірінің сан ғасырлық тарихы, оның ішінде Ташкент пен Ақмешіт қалалары Түркістан идеясының қалыптасуына әсер еткен. Себебі, 1837–1847 жж. К. Қасымұлының көтерілісі, 1856 ж. Сыр бойындағы Ж. Нұрмұхамедұлының көтерілісі, 1870 ж. Маңғыстаудағы қазақтардың көтерілістерінің ұшқыны М. Шоқайдың еліне деген сүйіспеншілігіне, оның тарихына деген қызығушылығына әсер етпеуі мүмкін емес. Жоғарыда қарастырғанымыздай, М. Шоқайдың орыс отаршылдығын жастайынан сезінуі, өлкедегі саяси оқиғаларға ертеректеу араласа бастауы оның түрікшілдігінің бастамасы болды деуге болады. Үшіншіден, Мұстафа Шоқайдың түрікшілдігі, «тұтас Түркістан» идеясының қалыптасуы мен бастау көздерін алып қарастырғанда жәдидшілдік қозғалыс туралы айтпай өту мүмкін емес. Жәдидшілдік қозғалысының пайда болып, Түркістан өңіріне таралуы туралы түркітанушы-ғалым Сәбит Шілдебайдың еңбектерінен кең мағлұмат алуға болады. Ресей жәдидтерінің атасы Ш. Маржанидің жолын ұстанған баспагер Каюм Насыри мен Исмағұл Гаспралы орыс езгісінен құтылу жолында бүкіл ислам әлеміндегі рухани тұтастықты пайдалана отырып, тарихи тұтастыққа қол жеткізу үшін күрес жүргізді. Яғни түрік халықтарын оятуға, өткен тарихы арқылы өзін танытуға, ортақ мүдде жолында тұтас түрік қозғалысын ұйымдастыру жолында тер төкті. Осылайша, түрік қағанаты дәуірінде Қытайға қарсы қорғаныстық сипатта пайда болған «тұтас түрік елі» идеясы XIX ғасырдың аяғында түрікшілдікті туғызды. XIX ғасырдың 90-жж. жәдидтік мектептер мен медреселер Қырым, Еділ және Орал татарлары, башқұрттар мен ноғайлар арасында мойындалып, қазақ даласына бұндай мектептер туралы хабарлар екі бағыт арқылы — Орынбор және Түркістан өлкесі молдаларының (жәдидшіл мұғалімдердің) мәдени-ағартушылық қызметі арқылы тарала бастады. Әсіресе қазақ даласына жәдидшілдік идеяларын таратуда Түркістан өлкесінің түрікшіл жәдидтері үлкен қызмет атқарды. Түркістан өлкесіндегі жәдидтік мектептердің бірін 1893 ж. қыркүйек айында көпес Хұсайыновтың қаржысына И. Гаспралы Самарқанд қаласында ашады. Жәдидтер дегеніміз — мәдениет түрікшілдері болды [10;

342]. Бір сөзбен айтқанда, XX ғ. басындағы жәдидшілдік патша үкіметін қатты үрейлендірген философиялық идеологиялық, рухани-мәдени һәм тарихи біртұтастықты көтерген, қазақ қоғамына ерекше ықпал еткен әрі тарихында терең із қалдырған мәдени түрікшілдік болатын.

### *Пайдаланылған әдебиеттер:*

1. Қара А. Мұстафа Шоқай, өмірі, күресі, шығармашылығы. — Алматы: Арыс, 2004. — 317-б.
2. Шоқай М. Таңдамалы. — 1-т. — Алматы: Қайнар, 1998. — 384 б.
3. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. — Алматы: Ататек, 1995. — 32-б.
4. Оралтай Х. М. Шоқай және оның шет елдердегі ізбасарлары // Қазақ тарихы. — 1997. — № 2. — 6-б.
5. Шоқай М. Таңдамалы. — 2-т. — Алматы: Қайнар, 1999. — 60-б.
6. Қыдыралиев Д. Мұстафа Шоқай. — Алматы: Фолиант, 2007. — 24-б.
7. Тұрсын Х.М. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Түркістан мұхтарияты. — Алматы: Нұрлы Әлем, 2006. — 55-б.
8. Оралтай Х. Мұстафа мен Мағжан — Тұран елінің даналары. — Алматы, 1993. — 13-б.
9. Төлепберген Б. 1937–2007 жылдар — тауқымет пен тағзым. — Алматы: РИИЦ-Азия, 2007. — 156-б.
10. Шоқай М. Таңдамалы шығармалар. — 3-т. — Алматы: Қайнар, 2007. — 384 б.

## **МҰСТАФА ШОҚАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ТҮРКІЛІК БІРЛІК ИДЕЯСЫНЫҢ МӘНІ**

**Вахдет Т.**

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің  
докторанты

Мұстафа Шоқай әлем таныған тұлға деңгейіне көтерген оның Түркістан халықтарының тәуелсіздігі жолындағы қайраткерлік қызметі және осы күрестегі басты қаруы – шығармашылық еңбегі екендігі даусыз. Ол ең алдымен Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының қайраткері ретінде танылды. Осы тезиті біз екі бөлікке бөліп қарастырамыз. Біріншіден, Шоқайдың ұлт-азаттық күрестегі қайраткерлігі ең алдымен Түркістан өлкесінде қалыптасты, ол студент кезінен араласқан саяси күресте «Шура и Ислам» саяси қозғалысының басшысы, Түркістан Мұхтарияты ұлттық мемлекетінің басшысы деңгейіне көтерілді. Екіншіден, эмиграция жағдайында бірнеше



ұлттық басылымдар ұйымдастырып, редакторлық қызмет жасаудан шетелдегі кеңестік тоталитарлық билікке қарсы күрес жүргізген Түркістан ұлттық бірлігі ұйымының басшысы деңгейіне дейін көтерілді. Міне, осы екі бағыт бойынша қарастыру арқылы Шоқайдың Түркістан ұлт-азаттық қозғалысындағы көшбасшылық қызметін айқындалады.

Мұстафа Шоқай Түркістан халықтарының тәуелсіздігі жолындағы күресте журналистикадағы көсемсөздік жанрларды ғана емес, әдеби шығармаларды да шебер пайдаланылады. Осыған байланысты Шоқайдың басшылығымен жарық көрген журналдарда эмиграциялық Түркістан әдебиетін қалыптасқандығын атап айтуға болады. Саясат майданы идеологиялық күрестің құралы ретінде әдеби туындыларды дүниеге әкелді. Бұл салада түркі халықтары арасынан әзірбайжандармен татар эмигранттары оқ бойы озық тұрды. Олардың интеллектуалды ортасы эмиграциялық әдебиеттің қалыптасуы мен дамуына мүмкіндік берген болса, түркістандық қазақ, өзбек, түркімен эмигранттар қатарының аз болуы қолайлы жағдай туғыза алмағанымен түркістандықтардың эмиграциялық әдебиеті деп атауға болатындай дүниелер жарық көрді.

1927 жылы жарық көре бастаған «Иені Түркістан» журналында түркістандық әдебиет нұсқалары аздап болсада жарияланып тұрған еді. Ал 1929 жылдан жарық көре бастаған «Яш Түркістан» журналының алғашқы санынан бастап әдебиет айдары ашылып, оның беттерінде өлең-жырлар жариялана бастады. Осы журналының 3-4 сандарында М. Жұмабаевтың «Алыстағы бауырларыма» атты өлеңі жарияланды. 1920-1921 жж Анадолы түріктері мемлекетті өз ықпалында ұстап қалуға ұмтылған Антанта елдерінің отарлық басқыншылығына қарсы азамат соғысын жүргізген болатын. Екі ел арасында тұрақты түрдегі сыртқы ресми байланыс жоқ болғанымен, мәдени-әдеби байланыстар жалғасын тауып жатқан тұста қазақтың ұлы ақыны М. Жұмабаев осы өлеңді жазып, 1923 жылы Сұлтанбек Қожановтың алғысөзімен Ташкент қаласында кітап етіп бастырған еді. Осы өлеңдегі :

Алыста ауыр азап шеккен бауырым,  
Қуарған бәйшешектей кепкен бауырым.  
Қамаған қалың жаудың ортасында,

Көл қылып көздің жасын төккен бауырым - деген сөздер алыстағы қандас бауырлардың ауыр халін жете түсінген, қайғысына ортақтасып, қиналғанда қол ұшын созған шын жүректен айтқан сәлемдеме еді. Ата-жұртта –Түркістан өлкесі мен қазақ жерінде де осындай қиын халге тап болғандығын айта келіп:

Бауырым, сен ол жақта, мен бұ жақта,  
Қайғырып қан жұтамыз. Біздің атқа  
Лайықпа құл боп тұру. Кел кетелік,

Алтайға, ата-мирас алтын таққа - деп тығырықтан шығатын жолды меңзейді. Бұл жердегі ақынның «Алтайы», «Ата-мирас алтын тағы» - түбі бір түркінің тұтастығы, ауызбіршілігі деп түсінгеніміз дұрыс сияқты.

Мұстафа Шоқай «Түркістан шайырларынан» деген айдармен ақ жол тілеп, «Біз құл болып тұра алмаймыз, біз ұлт азаттығымызды аламыз» деп, «Мағжанның «Алыстағы бауырымының» Анадолы түркілері болғаны әркімге белгілі жайт» дей келіп, «Біздің Москва «азабынан» құтылып, ұлттық азаттығымызға тезірек жетуіміз үшін ең дұрыс және үмітті жол - түрікшілдік. Міне, Мағжанның «Алыстағы бауырға» деген өлеңі бұл түрікшілдік идеясы үшін ең қымбатты және пайдалы бір өлең» [1, Б.54] деп баға берген. Шоқайдың Мағжан поэзиясына берген бағасын ақынның шет елде үздік қазақ ақыны ретінде танылуының бастауы деп қабылдаймыз.

Журнал беттерінде тұтас Түркістан идеясын жырға қосқан өзбек ақындары Абдурауф Фитрат, Шолпан және Елбектердің өлеңдері де жарық көріп жатты. Тағы бір айта кетерлігі, Түркістанда басмашылық қозғалысқа дем берген Әнуар Пашаның қазасына арнап Мұстафа Шоқай бірнеше мақала жариялаған. Дегенмен, осындай мақаламен шектеліп қалмай Әнуар Пашаға деген халықтың көңіл-күйін таныту мақсатында «Әдеби көркемдігіне қарамастан», «Қырым шаһарында жазылған» «Азанама» деген өлеңді де осы Мағжан өлеңімен бірге жариялаған.

Түркістан қозғалысына азды-көпті үлес қоса алған түрік қайраткерлерінің тарихи еңбегіне баға беріп, олардың кеңестік билікпен байланысының баянсыздығына да тоқталады. Атап айтқанда «Әнуар да (*Энвер Паша – В.Т.*), Жамал да большевиктер үшін тек насихат құралдары ғана еді. Большевиктер оларға аз да болса сенім көрсете алмайтын еді. Ерте ме, кеш пе, екеуінің де Мәскеу большевиктері тарапынан әйтеуір бір өлтірілетіні сөзсіз болатын. Солай болды да.

Әнуар ата-бабасының бесігі, өзінің тарихи мекені Түркістанды қорғап жүріп, ерлікпен шейіт болды» [2, 150] деп ой қорытады. Кейін Энвер Пашаны еске алуға арнаған мақаласында оның Түркістан қозғалысындағы алатын орны мен атқарған рөліне барынша шынайы баға берген.

Шоқай журналдың әдебиет айдарын кеңестік Орта Азия мен Қазақстандағы әдеби үрдістерге талдау жасап, баға беруге де пайдаланады. Айталық, «Абай Құнанбаевты «Түркістанның ең ұлы ақыны» деп журнал айдай әлемге жар салып жатқанда Қазақстанда ол «байшыл, ескішіл ақын» деген таптық бұғаудың шырмауынан шыға алмай жатқан еді.

Тотаритарлық қоғамның ұлт әдебиеттеріне деген таптық-партиялық ұстанымын әшкерлеуде де М.Шоқай түркілік бірлік идеясын алдыңғы орынға қояды. Айталық ол 1931 ж жазған мақалалардың бірінде «А.Байтұрсынұлы мен Шолпан - ұлттық әдебиетіміздің ең үздік тұлғалары, олардың шығармаларынан біз орыс тепкісінде қысым көрген тіліміз бен мәдениетіміздің өлмес, өшпес өміршең қуатын көреміз. Қазір Ахмет пен Шолпандар қайда жүр? Олар неге қуғын-сүргінге ұшырайды? Орыс әдебиеті

мен рухани мәдениетіне қатысты дүниелердің бәрі Пушкин, Тургенов, Толстойсыз шығарылмайды. Ал біздің халқымыз өзінің Байтұрсыны мен Шолпанын неге оқи алмай отыр?» (*Мұстафа Шоқай. Ақ-қызыл //«Яш Түркістан» 1931 №15 3-8б*) деп сауал тастайды. Әрине, ол сауалдың жауабы да дайын. Шынайы ұлт әдебиетін оқытпаудың себебі – ұлттық тарихи танымнан айыру, сол арқылы отарлық билігін күшейту екендігі белгілі еді.

Әдебиет айдарында танымал ақындар мен қатар, елеусіз, жас талап ақындардың да жырларына орын берілген. 1932ж. «Яш Түркістан» журналында белгісіз автордың «Домбырама құлақ сал» өлеңі де назар аударуға тұрарлық. Ақын осы өлеңінде «Бай мен кедей тең» деген тентек орыс, Тең болғанды дүниеде көре алмаймын», «жұрттың биі өзінен болмақ керек, қызыл орыс қырғызға бас болмайды» деген сөздері арқылы елдегі ауыр ахуалдың барлық себептері – тәуелсіздіктен айырылып, өзге елдің боданында болуда дегенді білдіреді.

Осы «Ени Кавкасия» журналының үлгісімен түркістандық саяси эмиграция М.Шоқайдың басшылығымен 1927 ж. «Жаңа Түркістан» журналын жарыққа шығарды. Ол журнал Түркістан ұлттық комитетінің саяси органына айналды.

Өзге ұлттың эмиграция өкілдерімен бірге түркістандықтар да европалық мемлекеттер мен Түркияға КСРО-дағы түркі халықтарының азаттық алуына көмектеседі деген үмітте болды. Азербайжан делегациясының басшысы Алимардан Топчыбашев 1924 ж. дейін Азербайжанның тәуелсіздігін қалпына келтіру үшін 1922–1923 жж. Канн, Генуя, Лозанна қалаларында өткен халықаралық конференция мәжілістеріне қатысып, қызу күрес жүргізді. Дегенмен, 1924 ж. еуропалық мемлекеттердің КСРО-мен қатынас орнатып, большевиктік билікті тануына байланысты Батыс Европа елдері Түркістанмен қатар Кавказ эмиграциясына деген қызығушылығын жойды.

Міне, осы жағдайда Кавказ эмиграциясының тірегі Польша болып шықты. Осылайша, біртұтас тұғырнамадағы Кавказ Конфедерациясы құрылды, ол саяси ұйымға айналды. Оның үйлестірушісі Польшаның Сыртқы Істер министрлігі мен Бас Штабы еді.

1926 ж. ортасында билік басына маршал Ю.Пилсудскийдің келуіне байланысты ішкі саяси өзгерістерге сай поляк үкіметінің Кавказ конфедерациясымен байланысты негізгі ставка Расулзадеге және «Мусават» партиясына жасалды.

Көп ғасырлық тарихы бар Осман империясының ыдырап, жаңа Түркия Республикасының құрылуы, мемлекеттіліктің қалыптасуының алғашқы жылдарында Мұстафа Кемалдың «түріктің түріктен басқа досы жоқ» деген ұраны түркі халықтары арасындағы бірлікті күшейтті. Ал М.Шоқайдың осындай саяси бағдардағы Мұстафа Кемал Ататүрікті қолдауының басты себебі де осы. Осыған байланысты айта кетеріміз, Мұстафа Шоқай Түрік ұлт-азаттық қозғалысының басшыларын «Большевиктердің жақтастары» деп

айыптаған Кеңес Одағы одақтастарына тиісті жауап қайтару үшін ағылшын бас қолбасшылығымен арнайы кездеседі. Осы кездесуде М.Шоқай Мұстафа Кемал Пашаны кеңестік Ресейге жақындастырған себептерді түсіндіре келіп, құрылып жатқан жас Түркия Республикасын қолдайтығын білдіреді [3, с. 54]. Түркия Республикасы осыдан кейінгі жылдары түркі эмиграциясы орталықтарының біріне айналды [4, Б.112].

Бұл пікірді осындай көңіл-күйде болған Ю.Ақшораның «Түркістанның да, басқа түрік өлкелерінің де тәуелсіздігі Түркияның тәуелсіздігіне байланысты, егер Түркия мемлекет ретінде сақталып қалса, Мұстафа Кемал амалын тауып Түркияны, Анадоны құтқарып қалса, бұл біздің және сіздің Түркістанды құтқаруымыздың да басы болар еді» дегені сөзімізді дәлелдей түседі» [5, Б.127] деген сөзі де айғақтайлы.

Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметінің жаңа белеске көтерілуіне Мұстафа Кемал Ататүрік бастаған түркішіл қайраткерлермен өткізген кездесулері мен пікір алмасулары үлкен серпін берді. Осындай кездесулерде ол өзінің саяси көзқарастарын шындап, идеялас қайраткерлермен тығыз байланыстар орнатты.

Қазақстанда қалған алаштық зиялылар кеңестік билікті ішкі дүниесімен қабылдай алмағанымен, бірақ мойындауға мәжбүр болғандығын М.Қойгелдиев Ә.Бөкейханов ОГПУ тергеушілеріне берген мына жауабы арқылы көрсетеді: «Мен кеңес үкіметін сүймеймін, бірақ мойындаймын», - деп кеңестік биліктің бұл міндетті толық атқара алатынына күмән келтіреді. Бұл бағыттағылар алдымен қуғын-сүргінге түсіп, артынан түгел атылады [6, Б.224]. Ата жұртында қалған Алаш зиялыларының алайлы тағдырын жете түсінгендіктен де Мұстафа Шоқай саналы түрде эмигрант тағдырын тандап алған болатын.

Мұстафа Шоқайдың Стамбулдағы жақтастарымен бірге жарыққа шығарған «Иени Түркістан» журналы 1931 жылы қыркүйек айында түрік үкіметінің шешімі бойынша жабылып қалды. Ал «Яш Түркістан» журналы Түркістан Ұлттық Одағының баспасөз органы ретінде шығып тұрды. Мұстафа Шоқай бұл журналды тікелей басқаруғағанымен оған ықпалы болды. Тахир Шағатай «Иени Түркістан» журналының Түркістан мәселелерін жеткілікті дәрежеде қамти алмағаны үшін «Яш Түркістан» журналының шыға бастағанын айтады [6, Б.262]. «Иени Түркістан» жабылған соң «Яш Түркістан» журналы Түркістан қозғалысының іштегі және сырттағы жалғыз басылымы болып қалғандығы, кеңестік қысым күшейген бұл тұста жалғыз «Яш Түркістан» ғана Түркістанның тәуелсіздігі жайында жарияға жар сала алды.

М.Шоқайдың «Яш Түркістан» журналында жарияланған басты мақалалары негізінен тәуелсіздік идеяларын көздегендігін аңғарамыз. Осы журналдың 1929 ж. №1 санында «Біздің жол» атты басылымның саяси-идеологиялық бағыт-бағдарын айқындаған мақаласы жарық көрді.

М.Шоқай орыстың «ақ эмиграциясының» баспасөзімен тығыз байланыста болғанын 1923 жылдан кейін «Дни» немесе «Последние новости» басылымдарына мақала жазып тұрғандығынан білеміз. М.Шоқай А.Керенский сияқты өз оппоненттерімен араздасқаннан соң да бұл басылымдарда түркістандық мүддені көтерген және орыстың «көкезу», «мылжың», «демократтарына» қарсы полемикалық мақалалар жазып тұрды.

Эмиграцияда М.Шоқай тәуелсіздік туралы идеясы эволюциясының динамикасын оның мынадай еске алуынан аңғарамыз: «...біздің эмигранттық топтар Түркістаннан келген әрбір поштадан орыс халқы туралы, оның демократиялық және төңкерістік топтары туралы ескі таным-түсінігімізге өзгерістер енгізетін жаңалықтармен танысудамыз. Біздің бұрынғы жетекшілеріміз Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов және т.б. орыс халқына тән ерекшелік – ұлттық эгоизм мен ұлттық үстемдіктің жоқтығына қатты сенген болатын. Олар осы өз сенімдерімен басқаларды да сендірді және сондарынан көпшілікті ерте білді. Ақпан төңкерісі кезінде орыс демократиясына, әсіресе оның төңкерісшіл бөлігіне деген соқыр сенім жетегінде жүрдік. Украиндар бірінші болып ұлттық айқындалу бағдарламасымен шыққан кезде, бұл біздерге, түркістандықтарға жасалған бірінші сақтандыру және орыс халқына деген біздің сенімімізге қағылған бірінші сына болды» [7, Б.214]. Әрине, Шоқайдың нағыз түркішіл болып қалыптасуының сырын аңғару үшін оның қаншалықты осындай саяси сынақтардан өткенін көруге болады.

Мұстафа Шоқайдың эмиграцияда тығыз бірлікте жұмыс жасаған басылымы 1926 жылдың қарашасында мифтік титанның атымен жарыққа шыққан «Прометей» журналы. Журналдың 1926-1938 жж. Бас редакторы және басшысы Георгий Гвазаба болды.

«Прометей» журналына қатысты әңгіменің Мұстафа Шоқайға қаншалықты қатысты маңыздылығы - азербайжандық эмиграция өкілдері Х.Султанов, Мустафа Векилли және Джейхун Гаджибейли ұсынысымен редакцияға Түркістанның большевизмге қарсы ұйымның өкілдерінің енгізілуі болды. Осылайша 1927ж. бастап «Прометей» журналы «Кавказ, Украина және Түркістан халықтары ұлттық қорғау органы» деген атпен жарық көре бастады [8, Б.59]

«Прометей» журналының редакциялық алқасына Түркістандықтардан Мұстафа Шоқай енді. Журналдың жарық көруімен онымен аттас қозғалыс пайда болды. Прометей қозғалысының пайда болуы кезінде оның алдында мынадай қаралатын міндеттер жүктелді. Ол міндеттер: КСРО аймағынан тыс орыс емес эмигранттардың түрлі ұйымдарының басшылары арасында пікір алмасу мен олардың ықпалдастығын үйлестіру. Ал уақыт өте келе оның қызметі ауқымды идеялық-саяси кеңістікті қамтиды. Бұл қозғалыстың дамуында 1928 ж Варшавада М.Ә.Расулзадениң тікелей қатысуымен «Ресейдің Кавказдағы халықтарының Лигасы» («Прометей» қоғамы) журналы үлкен рөл атқарды. Оған басында организация құрамына

Азербайжаннан М.Э.Расулзаде, М.Мехтиев, ал Түркістаннан Мұстафа Шоқай енді [8, Б.60]. Бұл кезең М.Шоқайдың эмиграциядағы қызметінің барынша белсенді сипат алған уақыты болды. «Прометейші» қозғалыстың шеңберінде оны тек азербайжандардың эмигранттарымен ғана емес, олардан өзге эмигранттық топтардың ошақтарымен де тығыз араласа бастады.

Қорыта айтқанда, Мұстафа Шоқайдың сан-салалы шығармашылық мұрасында түркілік бірлік идеясын негіздеушілік бағытындағы теориялық ойлары мен түркістан ұлт-азаттық қозғалысының тәжірибесіне жасалған талдау пікірлерін көптеп кездестіреміз. Оларды жүйелеу және жіктеу – мұстафатану ғылыми бағытын байыта түседі.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Алаш көсем сөзі. 3-том. –Алматы, 2015
2. Шоқай М. Таңдамалы шығармалар: 3 томдық. 1 т. – Алматы: «Қайнар» баспасы. 2007. – 352 б.
3. Dogu Turkistan Gogmenleri, Turkistan sehitleri, Istanbul, 1969
4. Базарбаев Қ. К. Жастүріктер және Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы. Оқу құралы. -Түркістан, 2017. 138 б.
5. Қыдыралиев Д. Мұстафа Шоқай. Астана, 2007. 287 б.
6. Қойгелдиев М. Ұлттық элита. Қызметі мен тағдыры (ХҮІІІ-ХХ-ғғ.). Зерттеулер. –Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2004. – 400 б.
7. Шілдебай С.Қ. Түрікшілдік және Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс. -Алматы: Ғылым, 2002.-214 б.
8. Рустамова-Тогида С. Азербайджанская эмиграция и Мустафа Чокай. Истоки отношений и разногласий кавказская конфедерация или общность тюркских народов // «Мұстафа Шоқай: саясаткер және ғалым» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары. 15 қазан 2015 ж. – Алматы: «Арыс» баспасы. 2015. -288б.

## **МҰСТАФА ШОҚАЙ – АЛАШТЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАСЫ**

### **Асанбаева А.Ж.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-саяси ғылымдар» кафедрасының оқытушысы, тарих ғылымдарының магистрі

Алаш арыстары. Мұндай жандар туралы Елбасы Н.Назарбаев: “Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тарихының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Сондықтан халқы мен елінің алдындағы

өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай да қиын-қыстау жағдайда оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім жұртының азаматы болып қала бермек. Тарихтың қай кезеңінде болсын, олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген”, дейді. Сондай тұлғалардың бірі – Мұстафа Шоқай. Ол – Алаш қозғалысының төл перзенті, Алаш идеялары мен мұраттары аясында қанаттанған, қазақ, өзбек және басқа да түркі халықтарының ұлттық бостандығы үшін күресінің стратегиясы мен тактикасын айқындаған қайраткер. 1910 жылы Санкт-Петербург университетіне оқуға түскен күнінен бастап М.Шоқай дүниетанымының қалыптасуы, бір жағынан, түркішілдік-мұсылмандық қозғалыстың (С.Жантөрин), екінші жағынан “батысшылар” демократиялық-либералдық қозғалысының, Ә.Бөкейханов ықпалымен өтеді.

Біз, Қызылордалықтар Сырдариядай ұлы өзен бойын мекен еткен, бабаларымыздың тіршілігіне жан да, нәр де берген шапағатты сыр-ананың арда емген ұрпағымыз. Ұлт мұраты үшін күрескен қазақ халқы емес бүкіл түркі халықтарының бірлігі мен ынтымағын аңсаған Түркістан идеясының авторы - Мұстафа Шоқайдың бай мұрасын елге жеткізіп жан-жақты зерттеу, оларды тал-тал етіп басып шығару болашақ ұрпақтың еншісінде. Белгілі ғалым Көшім Есмағанбетовтің «Әлем таныған тұлға» атты зерттеуінде ең алдымен Мұстафа Шоқай өмірі, оның туған жері Наршоқыдан басталып, Берлинге жерленгенге дейінгі кезеңі тұтастай алғаш рет кешенді түрде зерттелген. Соның ішінде тұлғаның Кеңестік биліктің орнығуынан бастап, шетелге кетуі,Түркия, Германия, Франция, Польша, Ұлыбритания, т. б. елдердегі қызметі хронологиялық жағынан нақты көрініс тапқан. Әсіресе оның әйелі Мариямен бірге Гурьев арқылы Кетікке, одан Бакуге аттануы, Бакуден 1919 жылдың наурыз айының басында Красноводск және Ашхабадқа оралып, «түркмендер жерін большевиктерге қарсы күрес орталығына айналдыруды» көздегені, бірақ оның мүмкін еместігіне көзі жеткеннен кейін, Бакуге қайтып оралып осы жерде Тблсиге де жиі барып, соңында 1921 жылы ақпанда Батумиге Италияның кемесіне отырып, Түркияға кеткендігі жан-жақты ашылған. Автор Мұстафа Шоқайдың елден кетуінің себебі, Кеңес өкіметінің «ешқандай демократиялық қозғалысқа жол бермейтінін көре білуінде» деп түйіндейді. Зерттеуші ғалым К.Лекерұлы Мұстафа Шоқайды «барар жері, басар тауы» қалмаған соң Түркияға кетті деушілерге, Мұстафаның қолында сол уақытта АҚШ-қа баруға визасының болғандығын алға тартуы, ондай визаны пайдаланған В.М.Лебедевтің АҚШ-қа Францияға жетуін деректермен айғақтауы өте сенімді. Зерттеуші Мұстафа Шоқайдың 1941 жылы желтоқсан айында қайтыс болғанға дейінгі оқиғалардың ізімен жүріп, оны өзара байланыстыра білуі, тарихи деректерді терең талдауы, әлемнің түкпір—түкпіріндегі бірнеше пікірлерді салыстыра алуы ғалымның тақырыпқа терең бойлағандығын айғақтайды. Екіншіден,

автор Мұстафа Шоқайдың Алаш қайраткерлеріне деген айрықша құрметін, олармен рухани үндестігін, небір қыспаққа карамастан өзара сенімде болғандығын дәлелдей білді. Мұстафа Шоқай Алаш қайраткерлері үлгісінде ұлт зиялысын қалыптастыру мен тәрбиелеудегі елдің болашағы ретінде көре білді. Ол таза «Батыс тәрбиесін алғандар рухани жағынан өз халқына өгей болып қалады» сондықтан «батыс білімін» «шығыс рухымен ұштастыру» қажеттігін дер кезінде ашық айтты. Бұл мәселе бүгінгі жағдайда да өз маңыздылығын жойған жоқ. Үшіншіден зерттеу еңбегінде автор Мұстафаның біртұтас Түркістан, барлық түрік халықтарының бірлігі идеясына назар аударады. Сөз жоқ ғалымның «Мұстафа Шоқай өз тарапынан Анадолыдан Алтайға дейінгі аумақты қамтитын алып империя құру идеясын ешқашан ұсынған емес» деген қортынды пікірі бүгінге дейін Мұстафаның ішкі сырын түсінбеушілерге жауап деуімізге әбден болады. Мұстафа Шоқай түрік халықтарының өз ерекшеліктерін ешқашан жоғатпауын армандады.

Мұстафаның 1886 жылы 7 қаңтарда Сыр бойында Сұлутөбе секілді ауылда, кірпіштен салған қазақы үйде дүниеге келіп, саясаттың биік тұғырына көтерілуі көбіміз үшін таңғаларлық жағдай. Бала күнінен киіз қазақтың тәрбиесін алады. Осылайша он төртке толар-толмас жасөспірім бейшараның көзіндегі жасты сүртіп, әділеттің ауылын нұсқауға жарап қалады. Ел ішіндегі әлеуметтік теңсіздіктерді танып біле бастайды. Түркістан халқының қамында бір қасиет пен кесепатты өмірге тоқиды. Өмірден осы кезде алған екінші сабағы – орыс өктемдігі.

1914 жылдың көктемінде Мұстафа Петербургте оқып жүрген түркі жастарының патша өкіметінің ислам діні жөніндегі саясатына байланысты баспасөз бетінде жарияланған үндеуіне қатысады. Оған сол кезде империя астанасындағы 31 өзбек, татар, башқұрт, қазақ студенттері қол қояды. Мұның өзі Мұстафаның саяси қозғалысқа біржолата тартылуының, ұлттық мүдде жолындағы күрескерлер қатарынан берік орын алғандығын көрсетеді. Түркі халықтары тарапынан сөйлейтін бүркеншік діни құрылымдар мен басылымдарды ұйымдастыру арқылы патша өкіметінің ұлт-азаттық қозғалысын іштен бүлдіруге бағытталған арандатушылық саясатының қауіптілігін жете түсінуі, ол жөнінде өз пікірін ашық білдіруі, М.Шоқайдың саяси ұйымының қалыптасып, шыңдала түскендігінің куәсі еді.

Әлемге аты мәлім қоғам қайраткері, саясаткер, ақиқат жолына бас тіккен, азаттық үшін тағдырдың азабы мен мазағын қатыспай көтерген, әділеттен басқа досы жоқ, адалдықтан басқа жолы жоқ Мұстафа Шоқайдың біртұтас Түркістан мемлекетін құрудағы қызметі, қайғысы, қасіреті, мақсат – мүддесі кешегі кеңес үкіметі кезінде құлып астындағы құпия болды. Күллі түрік миллетінің туыстық бірлігін сақтап, Түркістан автономиясын құру тұрғысындағы М.Шоқайдың жанкешті қызметін кеңес идеологтары жаулық әрекет сипатында көрсетті. Мұстафаның інісі Нұртаза мен туысы Мырзеке



Қалымбетұлы «халық жауымен» хандық қатысы болғаны үшін атылды. Қалғандары қуғын-сүргінге түсті. Ал мемлекеттік тапсырыс бойынша отставкаға ҰҚК қызметкері Ж.Шәкібаев «Үлкен Түркістанның күйреуі» атты кітап жазып, М.Шоқайдың қоғам алдындағы жұмысын жоққа шығаруға тырысты. Ал Мұстафаның кінәсі - өз ұлтына деген шексіз сүйіспеншілігі еді. Айыбы – атамекенге, ана сүтіне адалдығы. М.Шоқай өле-өлгенше осы бағытынан айныған жоқ. Уақыттан асқан кемеңгер бар ма, қазақ зиялылары жан алып, жан беріскен ел егемендігі тарихи мерзімі жеткен күні өз аяғымен келді. М. Шоқайдың бүкіл өмірінің мәні мен мағынасы, арманы осы егемендік, өлмес рух елімен қайта табысты. Заман озады, өмірден тозбайтын ештеңе жоқ. Зат та, жер мен көк те, адамның аты да ескіреді. Бірақ, қараңғылық қойнауында жанған шамшырақтай Мұстафа есімі жыл өткен сайын жарқырай түсуде.

Ташкенттегі орыс ұлты мен жергілікті халық арасындағы әлеуметтік теңсіздікті, келіспеушілікті көзімен көрді. Ұлтжандылық сезімін оянуына алдымен орыс шовинизмі ықпал етті. Алғашында орыс алпауыттары мен патшаның Ресейдің отаршылық саясатына саналы түрде қарсы шыққан, интеллект түрінде қорғанды. Ауыл қазағының арыз-шағымын жазып, дауына араласу гимназиядағы сабағына көп кедергісін келтірді. Ауыл баласы әлеуметтік мәселемен генерал Самсонов алдына бірнеше мәрте барды. Ол барған сайын орыс озбырлығын Самсоновтың көзіне шығып көрсеткісі келеді. Алайда Самсоновтың жан дүниесі адалдық ауылынан алыс жатыр еді.

Ғалым Ә.Тәкенов пен М.Қойгелдиев жазғандай «Генерал іске тыңғылықты, орысша сауатты қазақ жігітін өз кеңесіне тілмаш етіп алмақшы болады». Бұл мәселенің бір қыры. Екіншісі – тіпті тереңде. Орыс өкілдері отарлау мен саясат ісінде өте тәжірибелі, жергілікті халық өкілдерінен шыққан талантты нокталаудың сырт көз андамайтын нәзік жолдарын біледі. Тілмаштық Мұстафаға қимастық берген қызмет емес, дарынды жастың келешегін кесу еді. Себебі, ел арасындағы тілмаштар қоғамдық теңсіздікке араша түспей, ақша-пара жолымен азғындап, адамдық қасиеттерінен айырылып жатқанын сол кезде өмірдің өзі көрсетті. Сондықтан, Самсонов бұрқылдып шыққан қайнардың көзін көміп тастағысы келді. Өзара қырқысып жатқан орыс чиновниктері осы мәселеде бірауызды болатын. Генерал Самсонов сезімтал кісі екен, ол Мұстафаның келешегінен орыс отаршылдарына келер бір залалды сезді. Мұстафа Шоқайұлы Петербургке барып, оқуын жалғастырғысы келетінін айтып, - Заң факультетін қалаймын, - дегенде ішін тартып қалды. Петербургтегі заң университеті қазақтың баласы түгілі, орыстың қолына түспейтін оқу. Орыс отаршылары сауатысыз халыққа әділетті көрінуге ынталы, саналы, талантты қазақтың адамына аша таяқ қояды. «Тілмаш боласың ба?» - деп қамқорсыған Самсонов ақыры айтқаны болмағасын М.Шоқайға гимназиядан тиесілі алтын медалды, Зопретов есімді орыс балаға бергізіп, бұған күміс медаль бермекші

болады. Әділет жеңеді, адал азаматтар қолдауымен алтын медальын алған М.Шоқай орыс генералы қойған тосқауылмен өзі бетпе-бет кездеседі. Демек, Ташкенттің тұтқасын ұстап отырған генерал Самсоновтың Түркістан халықтарына деген пиғылы таза емес. Ал генерал орыс патшалығының өкілі. Бұдан Түркістанға Ресей жүргізіп отырған саясаттың күнгейі мен көлеңкесін бірдей аңғаруға болатын еді.

М.Шоқайдың Петербург университетінің заң факультетіне түсуі сол кез үшін үлкен дәреже. Бұған Орынбор генералы – губернаторы Перовскийдің ұсыныс хаты көмек болады. Бәрі бір реакцияшыл көзқарастағы губернатор ішікі саясаттағы ерекшеліктерді есепке алды. Әділет үшін айту керек орыс мемлекетінің билеуші топтары Түркістан тұрғысындағы отарлық саясат жүргізсе де, Петербургтың ғылым төңірегіндегі зиялы қауымы таланттарды бағалай білді.

М.Шоқай университетті 1917 жылы ақпан төңкерісіне бұрын бітірді. Зеректілігі арқылы университет қабырғасынан 7 тілді меңгеріп шықты. Оның ішінде қазақ, орыс, түрік, ағылшын, француз, неміс және поляк тілдері бар еді. Мұндай жетістік М.Шоқайдың мәдени көкжиегін кеңейте түскені мәлім. Ал, өмір тәжірибесінен, ұлтаралық саясаттың аса салмағын 1914 жылы думада Мұсылман фракциясына хатшы бола жүріп үйренді. Фракция Дума депутаты Әлихан Бөкейханның ұсынысымен келіп, А.Байтұрсынұлы, Ш.Кәрі секілді қазақ зиялыларымен жақын танысады. Мұндағы қызметі де өз жерлестерін отаршылардың зорлық-зомбылығынан қорғау болады. Жазықсызды жаладан сақтау, әлсізді қорғау Мұстафаның мақсатына айналады.

Ресей патшалығының көзге көрініп тұрған бір зорлығы – қоныс аударған орыстарға көшпелі қазақтың жайылымы мен қыстауларын күшпен тартып алып бергені. Мұстафа мәселені сенатқа дейін апаратын. «Бастықтың пиғылы түзу болмаса, заңнан қайран жоқ» деп Бисмарк айтқандай, орыс мемлекетінің отарлау саясатына қарсы тұратын күш жоқ еді. Халық орыс патшасынан осы кезде күдер үзеді. кейін Марияға жазған хатында бала кезін еске алып: «Теміржол біздің ауылдан біраз қашық болатын. Жол басы телеграф бағаналары мен жарысатынбыз. Үлкендер бізге осы сымдар арқылы орыс патшасы Николай тұратын қаламен сөйлесуге болатынын әңгіме қылып айтатын. Бар қолымыздан келетіні – бағаналарды қамшыларымызбен осып-осып жіберіп, патшаны сөгу ғана еді», - деп бала кездегі түйсігінің кейіннен расқа шыққанына таңданады. 1917 жылы университет бітіріп, кейбір тарихшылар «Ақпан төңкерісін қуаттап, ол еліне бостандық алып келеді деп түсінді. Эсерлер партиясына мүше болды» - деп жазғандай, Мұстафа Шоқай ұлттық саяси өмірдің тоқсан тарау айрығында тұр еді. Эсерлер партиясына мүше болғаны, болмағаны мұрағаттық деректер арқылы әлі ашылады. Бірақ патшалық Ресейдің аз санды ұлттарға қатысты саясатына М.Шоқай үзілді кесілді қарсы болды.

Тарихшы-ғалымдар М. Қойгелдиев пен А. Нүсіпханның «М.Шоқай және Түркістан» мақаласында: «1916 жылы Түркістандағы ұлт азаттық қозғалысты аяусыз басып жаншыған кезде демократиялық топтар үкіметке қарсы оппозиция құрып талқылады. Осы мәселе бойынша ресми баяндама дайындау үшін Түркістанға арнайы сапармен келген депутат эсер А.Ф. Керенский және фракция жетекшісі К.М.Тевкеловпен бірге мұсылман фракциясының хатшысы М.Шоқай да болады» - деп жазады.

Бұл М.Шоқайдың өз ұлтына араша түсудің бірден-бір жолы – түрлі партия, уақытша үкімет және эсер жұмысшы солдат кеңесімен түсінісу керек болады. Осының бәрі Орта Азияда өз тағдырын өзі шешетін Түркістан автономиясын құру мақсатында жасалған еді.

Құрылтайшылары Түркістан автономиясы деп, оған Сырдария, Ферғана, Самарқан уәлиаты толығымен қатысса да, орыс большевиктер кемсітіп, «Қоқан автономиясы» деп атаған аз күндік жаңа құрылым М. Шоқай идеясының түпкі мақсаты болатын.

М.Шоқай Түркістан жамғатының келешек өз тағдырын өзі анықтайтын жеке мемлекет болуын мақсат етіп қойды. Осы мақсатта ептеп уақытша үкіметтің аз айлық билігін пайдаланып қалғысы келді. Бірақ «ұлттың өзін-өзі билеу мүмкіндігін береміз» деген бірде бір орыс демократтарына сенген жоқ. «Олар үкімет басына келген соң сөзсіз айнып» кетеді деген пікірін сөз арасында түсіндірумен болды. Сондықтан Ресейден енші алуды қызбалыққа, үстірттікке, асығыстыққа ұрынбай жан жақты ойластырылған саясат жүргізу керек еді. Ресейдің «демократ» билеушілері іш тартып алмас үшін М. Шоқай «ұлттардың өз өзін билеуін», Ресеймен шекаралық, қаржылық және сыртқы саясатта бірлігін жоққа шығармайтынын дәлелдеп береді.

«Қоқан автономиясының» келешегіне М.Шоқай күмәнсіз сенді ме, күмәні болды ма, бірақ ол адам қолынан жасау мүмкін емес тарихи төтенше оқиғалардан үміттенеді. Адамды үміт жетелейді, үміт апатқа да соқтырады. Соның бәріне Мұстафа бастаған ұлтжанды азаматар басы қиып еді.

М.Шоқай Түркістан халқы арасындағы қоғамдық белсенділіктің, сауатын, ұйымшылдықтың, рулық жіктелетін қандай деңгейде екенін жақсы білді. Жаңа автономияда сот жүйесін қазылар алқасы, немесе шарифат жолымен жүзеге асыруды ұсынған кезде «руластық тамыр белен алып кетеді» деп бірден қарсы болған.

Мұстафа түркі тектес халықтың психологиялық дәстүрлі ерекшелігін жақсы білетін. Сондықтан жалпы мемлекеттік сот құруын ұсынды.

Қоқан автономиясының 1918 жылдың қаңтарында құлауына себеп көп. Жергілікті халықтан кең көлемде қолдау таппады. Уақытша үкіметпен сенімді байланыс жоқ. Ел ішінен іріткі салатын алуан түрлі қоғамдық қозғалыс өріс алды. Ең бастысы Петербургтен бастау алып, Ташкенде өрістеген жұмысшы-солдат депутаттарының үкіметі, Қоқан автономиясын Түркістан өңірінде қауіпті аймақтың бірі деп санап, көзін жаймаққа

жанталаса кірісті. Ақыры, Қоқан автономиясы қанды қырғынға ұшырады. Соның салдарынан елде басшылық қозғалыс өріс алды. М. Шоқай сол күндер жайлы тарығып жазған бір мақаласында: «...Қоқан ұлттық үкіметінің большевиктерге қарсы күресі кезінде, яғни 1918 жылғы ақпанда, осыдан бір жыл бұрын Ақмешітте 1917 жылдағы мамыр айында орыс жұмысшы солдаттары қолына өліп кетсемші деп өкінгенім бар» деп жазады.

Мақала көлеміне М. Шоқайдың тарих бетіне таңбалы із болып қалған барлық қызметін түгелдеп беру мүмкін емес. 1918 жылы Грузияда одан Түркияда кейін Париж бен Берлинге ұласқан қоғам қайраткерінің өмір жолы бүгінгі ұрпақ үшін өнегелі жол.

М. Шоқайға коммунистік қоғам идеологтарының күллі Түркістанға жасап отырған зорлық-зомбылығы, қарапайым алаңда берген ақыреті оның өмірінің қайғысы, мұны болды. Орыс демократтарына үміт артуы да үзілді кесілді тоқтады. Тіпті, сенімді деген Сұлтанбек Қожановтан «Қоқан автономиясының» мүшелеріне Кеңес үкіметі кешірім береді деген хабар тигенде де компартия басшыларына екіжүзділік саясатын күні ілгері біліп, елге оралмады. Грузияда «Вольный Горец», «Борьба», «На рубеже», Стамбулда «Жаңа Түркістан» кейіннен «Жас Түркістан» газет-журналдары арқылы күллі өмірін азаттық үшін күреске жұмсады. Ал, 1920 жылы Варшавада Сталиндік режимге қарсы Кеңес одағының қудалауына түскен ұлт зиялылары «Прометей» ұйымын құрған болатын. Ал, Варшавадағы шығыстану институты 1929 жылы «Кеңес одағының ішкі және сыртқы саясаты туралы» ғылыми теориялық конференция ұйымдастырды. «Сталин социализмі – тонаушылықты қамтамасыз ететін саяси жүйе» деген 1937 жылы жазған мақаласында Кеңес үкіметінің өз халқына жасаған тонаушылық саясатына экономикалық тұрғыдан талдау жасайды. Осылайша М. Шоқай Кеңес үкіметінің шетелдегі басты дұшпанына айналады. Білімі – терең, ақылы асқан қазақ перзенті түрік жамиятының бірлігі мен коммунистік қоғамның халыққа тигізер ықпалы жөнінде ондаған мақала жазды. Мақала дерегі талдау мен таразылаудан тұрды. 1936 жылы КСРО конституциясындағы логикалық қайшылықтарды дәлме-дәл түсіндірді. Белсенді, саналы, ынталы азаматары ғана коммунистік ұйымдарға біріге алады» деген конституция бабын сөзбе-сөз жүйелей келе, «Компартияға кірмеген адамдар белсенді, ынталы және саналы болып саналмайды деген сөз. Ал КСРО-да коммунист емес адамдар халықтың 98 %» деп жазады. Сондай-ақ жеке адамның тарихтағы рөлін жоққа шығаратын марксизм идеяларын, Сталиннің жеке басқа табынушылығын атап көрсетіп береді.

М. Шоқайдың өмір жолы өнегеге толы болды. Бүкіл түркі әлемінің тарихи тұлғасына айналған М. Шоқай 20 ғасыр кезеңінде адамзат баласының айтулы перзенті болды. Оның бойында біз біліп үлгірмеген, тарихымен таныспаған талай рухани қазыналар жатыр. Ол Түркістан халқын орыс диктатурасынан қорғауға күш салды, бірақ озық және адал ойлы славян халқының өкілдері Я. Газовский, И. Пильсудский, В. Чайкин, В. Наливкинге

деген құрметі ерекше еді. Өмірлік досы Мария Яковқызы да орыс ұлтынан болатын.

М.Шоқай осынау таза табиғи қалпымен, көптің көзі жетпейтін шың басындағы шынар секілді еді. Тамырын тасқа жайған шынар жалғыз өседі, жүзін күн сүйіп, жапырағын жел тарайды. Діні қатты болады. Шындағы шынар секілді М.Шоқай да жиырмасыншы ғасырдан өтіп, асыл ой, азаматтық қалпымен жиырма бірінші ғасырға келді.

***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. «Қазақ тарихы» журналы, 1997 жыл. (№2), 6-9, 33-беттер.
2. Байбот Кошым-Ноғай Серікбай-ұлы. "Мұстафа Шоқай. Түркістанның қилы тағдыры". Алматы, "Жалын", 1992.
3. Мұстафа Шоқай. Мария Шоқай. Естеліктер" (құрастырған Ә. Такенов, М. Койгельдиев), Ыстамбұл, 1997.
4. "Мұстафа Шоқай. Тандамалы" (аударып құрастырған Айтан Нүсіпхан), 1-2 том, Алматы, "Кайнар", 1998-1999.

**ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ САБАҒЫНДА - МҰСТАФА ШОҚАЙ  
МҰРАЛАРЫН НАСИХАТТАУ**

**Рахметова Ж.С.**

М.Шоқай атындағы №187 орта мектебінің мұғалімі

Біз, Қызылордалықтар Сырдариядай ұлы өзен бойын мекен еткен, бабаларымыздың тіршілігіне жан да, нәр де берген шапағатты сыр-ананың арда емген ұрпағымыз. Қазақ елінің азаттығы үшін жырақта жүріп күрескен сыр елінің перзенті болған, Алаш қайраткері Мұстафа Шоқайдың мұраларын жас ұрпақ алдында насихаттау үлкен парыз. Ұлт мұраты үшін күрескен қазақ халқы емес бүкіл түркі халықтарының бірлігі мен ынтымағын аңсаған Түркістан идеясының авторы - Мұстафа Шоқайдың бай мұрасын елге жеткізіп жан-жақты зерттеу, оларды тал-тал етіп басып шығару болашақ ұрпақтың еншісінде. 1917 жылы окоп қазуға бірінші дүниежүзілік соғыс майдандарына жіберілген қазақ жігіттерінің аман-есен елге қайтуы үлкен қиыншылықтарға кездесті. Осы кезде Петербордан елге оралған Мұстафа Пенза, Сызрань, Самара қалаларында қазақ жігіттерін алып келе жатқан составтардың өз уақытында елге жетуіне ат салысады.

1917 жылғы Ақпан революциясын М.Шоқай өзінің пікірлес досы, башқұрт қайраткері Зәки Валидимен бірге Петерборда зор қуанышпен үлкен үмітпен қарсы алады. Олар бұдан кейін өз халықтарының бостандыққа қолын жеткізу жолында жанқиярлық әрекеттер жасады. Біз үшін тағдыры

тым шытырманды, өмір жолы жұмбаққа толы, бүгінгі ұрпақ біле бермейтін қалтарысы мен құпиясы көп, ұлт- азаттық күрес тарихындағы аса көрнекті тұлға. Оған көзі тірісінде «елін сатқан жау, сатқын» деген аса қатал үкім айтқан. Уақыт өте келе бұрынғы КСРО мемлекеті ыдырап, қазақ халқы тәуелсіздік алған соң әділ сөзін ақтады. Оның қазақ халқының, жалпы түркі тілдес мұсылмандар қауымының теңдігі мен тәуелсіздігі үшін күрескен асқақ азамат екенін айдай әлемге жария етт.

Белгілі ғалым Көшім Есмағанбетовтің «Әлем таныған тұлға» атты зерттеуінде ең алдымен Мұстафа Шоқай өмірі,оның туған жері Наршоқыдан басталып,Берлинге жерленгенге дейінгі кезеңі тұтастай алғаш рет кешенді түрде зерттелген.Соның ішінде тұлғаның Кеңестік биліктің орнығуынан бастап,шетелге кетуі,Түркия, Германия, Франция, Польша, Ұлыбритания, т. б. елдердегі қызметі хронологиялық жағынан нақты көрініс тапқан.Әсіресе оның әйелі Мариямен бірге Гурьев арқылы Кетікке, одан Бакуге аттануы, Бакуден 1919 жылдың наурыз айының басында Красноводск және Ашхабадқа оралып, «түркмендер жерін большевиктерге қарсы күрес орталығына айналдыруды» көздегені,бірақ оның мүмкін еместігіне көзі жеткеннен кейін, Бакуге қайтып оралып осы жерде Тблсиге де жиі барып,соңында 1921жылы ақпанда Батумиге Италияның кемесіне отырып, Түркияға кеткендігі жан-жақты ашылған. Автор Мұстафа Шоқайдың елден кетуінің себебі, Кеңес өкіметінің «ешқандай демократиялық қозғалысқа жол бермейтінін көре білуінде» деп түйіндейді. Зерттеуші ғалым К.Лекерұлы Мұстафа Шоқайды «барар жері, басар тауы» қалмаған соң Түркияға кетті деушілерге, Мұстафаның қолында сол уақытта АҚШ- қа баруға визасының болғандығын алға тартуы,ондай визаны пайдаланған В.М.Лебедевтің АҚШ-қа Францияға жетуін деректермен айғақтауы өте сенімді.Зерттеуші Мұстафа Шоқайдың 1941 жылы желтоқсан айында қайтыс болғанға дейінгі оқиғалардың ізімен жүріп, оны өзара байланыстыра білуі,тарихи деректерді терең талдауы, әлемнің түкпір-түкпіріндегі бірнеше пікірлерді салыстыра алуы ғалымның тақырыпқа терең бойлағандығын айғақтайды.Екіншіден, автор Мұстафа Шоқайдың Алаш қайраткерлеріне деген айрықша құрметін, олармен рухани үндестігін, небір қыспаққа қарамастан өзара сенімде болғандығын дәлелдей білді.

Мұстафа Шоқай Алаш қайраткерлері үлгісінде ұлт зиялысын қалыптастыру мен тәрбиелеудегі елдің болашағы ретінде көре білді. Ол таза «Батыс тәрбиесін алғандар рухани жағынан өз халқына өгей болып қалады» сондықтан «батыс білімін» «шығыс рухымен ұштастыру» қажеттігін дер кезінде ашық айтты. Бұл мәселе бүгінгі жағдайда да өз маңыздылығын жойған жоқ. Үшіншіден зерттеу еңбегінде автор Мұстафаның біртұтас Түркістан, барлық түрік халықтарының бірлігі идеясына назар аударады. Сөз жоқ ғалымның «Мұстафа Шоқай өз тарапынан Анадолыдан Алтайға дейінгі аумақты қамтитын алып

империя құру идеясын ешқашан ұсынған емес» деген қорытынды пікірі бүгінге дейін Мұстафаның ішкі сырын түсінбеушілерге жауап деуімізге әбден болады. Мұстафа Шоқай түрік халықтарының өз ерекшеліктерін ешқашан жоғатпауын армандады. Соның жолында 1936 жылы Берлин қаласында Түркістан жастары алдында сөйлеген сөзінде «Сендердің бірліктерің, сендердің бір-біріне күш қосуларың еліміздің бақытына қызмет етпек ... Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан беру - бәрімізге бір мақсат» деп жар салады.

Мұстафа Шоқайдың алдына қойған түпкі мақсаттарының бірі де Кеңес Одағындағы түрік халықтарының ұлт-азаттық қозғалысының заңдылығын батыс елдердің тануы, оған моральдық қолдау көрсетуі болатын. Төртіншіден алғаш рет Мұстафа Шоқайға қатысты деректер мен барлық тілдегі зерттеулер, оның мақалалары тұңғыш рет бір орталыққа жинақталып, сыни тұрғыдан ой елегінен өткізілді. Бұл арада К Есмағанбетовтің бірнеше шет тілдерін білгендігі жұмыстың сапалы орындалуына оң ықпалын тигізді. Соның нәтижесінде М.Шоқайдың Кеңес өкіметі орнауы кезіндегі қоғамдық саяси қызметі, шетелдік кезеңнің толық көрініс таппаған тұстары, Фашистік Германияның оны өзіне тарту әрекеттері, тұлғаның фашизмге көзқарасы, өлімі мәселелері жан-жақты ашыла түсті. Соның ішінде 1940 жылға дейін жұмыс жасаған Түркістан Ұлттық Бірлігінің, оның орталықтарының қызметтері нақты деректер негізінде оқырманға жетті. Әсіресе ТҰБ-нің баспасөз органдары «Нени Түркістан», «Яш Түркістан» журналдары, оның әрбір беті жаңаша талдауға ие болды. Журналдар Үндістан, Ауғанстан, Сирия, Финляндия, Франция, Италия, АҚШ т.б. көптеген елдерде қолдан-қолға таралып, оқылған. Жаңа мұрағаттық деректер Мұстафа Фашистік Германияға қызмет етті дегенді толық жоққа шығарды. Автордың «оның Түркістан легионына» қатысының жоқтығы айдан анық деуінің жөні бар. Өйткені Германияның «саяси мұрағатындағы» Түркістан легионының құрылуына қатысты 1941-1942 ж.ж. бұйрықтарда, есепті баяндамаларда, анықтамаларда т.б. құжаттарда М.Шоқай аты мүлде аталмайды. Еңбекте Түркістандықтарды ашық майданға шығарып, қырғынға айдауды үгіттеуге көнбеген М.Шоқайды Шығыс министрі Розенбергтің тапсырмасы бойынша у беріп өлтіргені анықтала түседі. Бесіншіден, ғалым бүкіл Түркістан жұрты қамын жеген М.Шоқайдың азаматтық, қайраткерлік, кісілік келбетін сомдай білді. Оның мінез көрсету, астамшылық, билікқұмарлық сияқты қасиеттерден биік болғандығы, сын пікірді қабылдай біліп, «өзін кінәсізбін деп санау жақсылықтың белгісі емес» деген принципті ұстануы, «Алла елімнің тәуелсіздігіне қол жеткізгенін көруді нәсіп етсе, мен тек үгіт-нәсихат ісімен ғана айналысар едім» деген арманының өзі ұлттық идеологияны зерттеушілерге қазіргі таңда аса маңызды.

Қорыта келгенде, бұл еңбек әлемдік деңгей талабына сай ұлт тарихын жазар ғалымдар үшін үлгі аларлық сүбелі шығарма. Қыр баласы

Мұстафаның әлемдік биіктегі тұлғалар қатарынан көрініп, алған асулары мен халқы үшін жасаған жанқиярлық еңбектері ұлтын сүйер бүгінгі азат ұрпақ үшін ауадай қажет.

Азаттық алу үшін езілген халықтардың тізе қосуы қажет екендігін Мұстафа сол кезде анық түсініп, өмірдің соңына дейін бұл пікірден айныған жоқ.

Мәңгілік ел болуды мұрат қылып отырған бүгінгі ұрпақ – біз, өзінің бар саналы ғұмырын, күші мен жігерін түркі халықтарының азаттығы мен тәуелсіздігіне арнап, сол жолда өз өмірін пида қылған Мұстафа Шоқай алдындағы өз парызымызды өтейтін кез де, кезең де келіп жеткенін ұғынсақ етті. Ұлт кемеңгерлері мен алаш арыстары жайында Елбасы Н. Назарбаев. «Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тарихының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана андап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Сондықтан да, халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай да қиын-қыстау жағдайда оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім жұртының азаматы болып қала бермек. Тарихтың қай кезеңінде болсын, олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген», дейді Мемлекет басшысы. Мұстафа Шоқай-дәл сондай тұлғалардың бірі.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Есмағамбетов К. Мұстафа Шоқайдың эпистолярлықмұрасы Қазақ тарихы журналы 2007 17 -бет
2. Есмағамбетов К, «Мұстафа Шоқайдың Кавказға сапары». Қазақ тарихы журналы. 2008.36-бет

## **МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАЛАРЫ**

### **Тайман С.Т.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Мұстафа Шоқайтану» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

### **Жанибай С.Б**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің магистранты

Алаш ұлттық қозғалысының көрнекті өкілі, Мұстафа Шоқай ХХ ғасыр басындағы ұлт-азаттық және әлеуметтік қайта жаңғыру үшін басталған қозғалыстың көш бастаушыларының бірі. Мұстафа Шоқайдың өзге қайраткерлерден, замандастарынан ерекшелігі Мұстафа Шоқай Түркістанның тұтастығына толық сенген, сол жолда басын бәйгеге байлаған қайраткер. Ол қазақтың тәуілсіздігін күллі Түркістанның тәуелсіздігінен



бөліп қарамаған. Шоқайдың тағы бір қыры, ол қазақтың, тіпті Түркістанның тарихында саяси эмиграцияны алғаш бастаған тұлға. Оған дейін біздің тарихымызда шет елдерге шыққан адамдар болғанымен, саналы түрде, күрес жүргізу үшін эмиграцияға кеткен тұлғалар болған емес. Мұстафа Шоқай шетелге саяси эмиграцияға кеткен күндерінен бастап өмірінің соңғы сәттеріне дейін Қазақстан мен Түркістанның қоғамдық-саяси өмірін терең зерттеп, осы мәселелер жөнінде мол ғылыми-саяси еңбектер қалдырды. «1917 жыл туралы естеліктер», «Кеңестер қоластындағы Түркістан» кітапшалары басқа да ғылыми зерттеу және көсемсөздік шығармалары күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ. Мұстафа Шоқай артында қалдырған бай мұрасының ішінде, оның «Яш Түркістан» журналында жарияланған еңбектерінің алатын орны ерекше. Журналда жариялаған еңбектерінде ол ең алдымен кеңестік Ресей, бұрынғы патшалық Ресейдің тікелей мұрагері екенін дәлелдеді. Оның отаршылдық, шовинистік, тоталитарлық сипатын әшкереледі. Өзінің «Шовинизм» атты мақаласында: «Патшалық Ресей бізді тұншықтырып, атамекенімізді қанға бояуда. Міне, сол үшін де біз орыс билігінің барлық түріне кектене қараймыз»[1,16], деп ашына жазды. Мұстафа Шоқай деректерге негізделген терең де, мазмұнды еңбектерінде Кеңес өкіметінің 20-30 жылдардағы білім беру саласында жүргізіп отырған отаршылдық саясатын әшкереледі. «Кеңестер билеген Түркістан» деп аталатын еңбегінде қазақ мектептерінің мүшкіл хәлімен қатар, білім беру ісіндегі теңсіздікті де көре білді. Оның пікірінше, ұлттық рух көтерілуінің негізі – ұлттық тіл болып табылады. Өзінің «Ақ-қызыл» деген мақаласында «Көне Ресей біліміздің дамуна жол бермеді. Бұл кезде біздің ұлттық басылымдар шығару құқығымыз жоқ болатын... мектептерде біздің тіліміз оқытылмайтын»[2,152] дей отырып, Түркістан жастарын ана тілінде оқытуға баса назар аудару қажеттігін алға қояды. Мұстафа Шоқайдың баға жетпес рухани мұраларының өткенімізді саралауға, өзіміздің кім екенімізді тануға, дуниетанымызды байытуға тигізер пайдасы өте мол.

Мұстафа Шоқайдың қайраткерлік, ұйымдастырушылық қызметі халықаралық сарапшы, көсемсөз майталманы, тарихшы-ғалым ретіндегі қырларымен астасып жатады.

Түркі әлеміне аты мәшһүр, аса көрнекті қоғам қайраткер артына мол мұра қалдырды. Тоғыз тілде жазылған 900-ден астам еңбегінің негізгі өзегі – сол кездегі Түркістан аймағын мекен еткен халықтардың мұң-мүддесі, асыл арманы, осыған қызмет ететін асыл идеялар болды. Мұстафа Шоқай артында қалдырған бай мұрасының ішінде, оның «Яш-Түркістан» журналында жарияланған еңбектерінің алар орны ерекше. Олай дейтініміз біз Қазақстан мен кеңестік Түркістан басқа да республикаларында өткен ғасырдың 20-30 жылдарда болып өткен қоғамдық өзгерістер жөнінде соңғы жылдарға дейін коммунистік идеология тұрғысынан жазылған еңбектерді біліп келдік. Осы процестер туралы оң пікірде болған отандастарымыздың жазған еңбектерімен танысу мүмкін болмады.

М.Шоқайдың ғылыми еңбектерін тұтастай алғанда екі топқа бөліп қарастыруға болады. Бірінші топқа өзге басылымдарда жарияланған мақалаларын, екінші топқа өзінің редакторлығымен шыққан газет-журналдарда жарық көрген мақалаларын жатқызамыз. Ал, тақырыптық бағыттарын - зерттеушілік, ағартушылық, тәуелсіздік, халықаралық деп бөлсек, еңбектерінің өзегінде еркіндікті аңсау, тәуелсіз ел болуға қол жеткізу, түркі халықтарының басын қосып, мемлекет құру идеясы жатыр. Мақалаларының деректілігі, тұжырымдылығы, батылдығы және шынайылығы мен сыни бағыттылығы М.Шоқай мұрасын өзге Алаш қайраткерлерінен ерекшелей түседі. Алаш қозғалысының алғашқы баспасөз органы «Қазақ» газеті болса, коммунистер оны жауып тастаған соң, екінші органы «Яш (Жас) Түркістан» болды. Бұл басылымның алдына қойған міндетін Мұстафа «Біздің жол» деген мақаласында былайша сипаттады: «Егер біз халқымыздың ұлттық тәуелсіздігі жолындағы талаптарының мән-мағынасын бұзбай, күшін әлсіретпей, «Жас Түркістан» беттерінде көтере алсақ, онда бәріміз үшін қасиетті және аса ауыр жауапкершілік артқан міндеттердің бір бөлігін өтеген болар едік. Бұл жаңа бастаған ісімізге тікелей көрсетілетін көмек жоқ дерлік. Алайда біз отанымыздың ұлттық теңдікке ұмтылысынан, жерлестеріміздің рухани көмектерінен нәр аламыз. Соңдықтан да біз барлық ауыртпалықтарға қарамастан, осы басылымды шығаруға бел байладық. Көлемі жағынан шағын болғанымен, «Жас Түркістан» өз мойнына азаттық пен тәуелсіздік туын көтерудегі аса зор міндеттерді алып отыр» [3,1726].

«Жас Түркістан» («Яш Түркістан») журналында М.Шоқай әр тарапты маңызды мәселелерді қозғайтын мақалаларды жариялап отырды. Қайраткердің мұрағаттағы мақалаларында Ресей үкіметінің отарлау саясаты, қоныстандыру барысы, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі, 1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерісі, Алаш қозғалысы, Түркістан мұхтарияты, басмашылар қозғалысы, Кеңес үкіметінің саясаты, ұлт мәселесі, ашаршылық және т.б. көкейкесті мәселелер қозғалды.

М.Шоқай мұрасының барлығы дерлік тақырыбы ұлт мұратымен үндеседі, күн тәртібіндегі мәселелерге аса назар аударуымен ерекшеленеді. Оның ғылыми мұралары қазақ халқының азаттыққа қол жеткізіп, еркіндікте өмір сүру идеясын санаға сіңіруге негізделген. Ол бұл мақсат жолында күресе білу жолдарын көрсетеді, жауынгерлік бағытты ұстанады.

М.Шоқай аталмыш мақаласында: "Біз, Түркістан тәуелсіздігін жақтаушылар, еліміздің еркі үшін және жұртымыз Түркістанның бодандықтан құтылуы үшін күресеміз... Егер біз халқымыздың ұлттық тәуелсіздігі жолындағы талаптарының мән-мағынасын бұзбай, күшін әлсіретпей, "Жас Түркістан" беттерінде көтере алсақ, онда бәріміз үшін қасиетті және аса ауыр жауапкершілік артқан міндеттердің бір бөлігін өтеген болар едік... Көлемі жағынан шағын болғанымен, "Жас Түркістан" өз мойнына азаттық пен тәуелсіздік туын көтерудегі аса зор міндеттерді алып

отыр",- деп, басылымның ұлт, ұрпақ алдындағы салмақты жүгін оқырмандарына ашып айта келе, "Ал, біздің мұратымыз - Түркістанда түрі жағынан да, мазмұны жағынан да ұлттық болатын мемлекеттік құрылым-ға қол жеткізу болмақ. Сонда ғана халқымыз өз жерінің нағыз қожасы бола алады"[4,72],- деп түйіндейді.

Мұстафа Шоқай кеңестік білім беру ісінің отаршылдық сипатына назар аударады. Қазақстанда 20-шы жылдары мектеп ісін көтеруде біраз шаралар жүзеге асқанымен, сан мыңдаған бала оқығысы келе тұра, мектеп есігін ашпаған күйде қала берді. Өйткені жергілікті тұрғындар тіліндегі кеңестік мектептердің дамуына оқытушылардың, оқулықтардың, оқу ғимараттарының жетіспеушілігі қол байлау болды. Мұстафа Шоқай - кеңес өкіметіндегі газет-журнал беттерінде жарық көрген мақалалардан үкіметтің қазақ мектептеріне қатысты ұстанған саясатын өткір сынға алып отырды. Мысалы: «За партию» журналында қазақ халқының мектеп ісіндегі жетістіктерін көрсеткісі келіп, қазақ мектептерінің саны революцияға дейінгі көрсеткіштерден 500-ге жоғарлап, 1600-ге жетті дейді. Бұған жауап ретінде Мұстафа Шоқай «Еңбекші қазақ» газетінің 1927 жылғы 14 маусымындағы санында жарияланған мақаладағы мәліметті келтіре отырып, түсініктеменің қажеті жоқ, қазақ мектептері тек қағаз жүзінде 1600, ал іс жүзінде баспанасы бары 40-қа да жетпейді»-дейді[5,1536]

«Түркістандағы жергіліктендіру қандай мазмұндарды қамтыды?» – деген мақаласында ол жергіліктендіру науқанының оқу-ағарту саласындағы көріністеріне арнайы тоқталып, оның отарлық үстемдікті бүркемелеудің бір амалы екендігін ашына жазады-. Оның дәлелі ретінде Қожановтың «Правда Востоканың» 27 желтоқсан 1929 жылғы санындағы жарияланған жоғарғы оқу орындарын жергіліктендіру туралы мақаласын талдап көрсетеді. Мақалада: «Бізде Орта Азия республикаларындағы жергілікті ұлттардың көпшілік бұқарасы үшін біртұтас Кеңес Халық ағарту жүйесін түзуге ерекше төңкерістік шаралар қолдану қажеттілігін мойындайтын адамдар аз... Қазірге дейін республикалардың бірде – біреуінде жергілікті халықтардың қажетін қанағаттандырырлықтай деңгейде екінші саты оқу орындары жоқ. Өйткені жоғары оқу білім ошақтары дайындалған оқытушылар бере алмайды. Жоғары оқу орындарының дайындалған оқытушылар бере алмауының себебі, оларға жергілікті халықтың сұранысы жоқ. Ал сұранысты болмауы екінші саты оқу орындары дайындығы бар жастарды әзірлей аламауынан болып отыр...[6,384]» - дейді.

«Ұлттық зиялы жөнінде» атты мақаласында Түркістан жастарының Еуропаға келіп оқуы ақ орыстарға да, қызыл орыстарға да ұнамай отырғандығын жазады. Еуропадағы мұғыжыр орыстар 1922 жылы Түркістан жастарыны Берлинге оқуға келгенін естігенде, ызаланғаны соншалық газеттеріне мақалалар жазып Түркістан жастарын келемеж етеміз деп өздерін өздері масқаралаған еді. Ал «Ұлттық зиялы» деп аталатын еңбегінде Мұстафа Шоқай ұлт зиялыларының қоғамдағы орнын және мақсат-

міндеттерін теориялық жағына айқындап көрсетеді. «Ұлттық зиялы» деп кімдерді айтамыз? Бір қарағанда жеңіл көрінгенімен, шын мәнінде бұл сұрауға жауап қайтару оңай емес. Оқыған, тәрбие көрген адамның бәрін зиялы деп атап, оны сол адам өзі тән болған ұлттың «ұлттық зиялысы» қатарына қоса беруге болады деп ойласақ, сөзсіз қателесеміз» [7,177]- дейді Мұстафа Шоқай. Біздіңше, белгілі мұрат-мақсаттардың соңында жүрген және сол белгілі мұрат-мақсаттары төңірегіне жиналған оқымыстыларды ғана зиялы деп атауға болады. Ұлттық зиялылар қатарына тек өз халқының саяси, оқу-ағарту ісі, экономикалық және әлеуметтік дамуында қалтқысыз қызмет ете алатын адамдар ғана кіре алады-деп есептейді.

Қорыта келгенде, Мұстафа Шоқай өзінің бар күш-жігерін, қабілет-қарымын ақтық демі шыққанша саяси жүйемен келісе алмаған және өзін шетелге кетуге мәжбүр еткен кеңес өкіметімен, оның халыққа жат саясаты туралы әділ, объективті көзқарас қалыптастыруға ұмтылды. Ол кеңестік тоталитаризмнің табиғатына ғылыми талдау жасай отырып, кеңестік білім берудің сипатын жан-жақты талдап көрсетті.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Шоқай М. Тандамалы. Алматы, 1998. I том, 166
2. Шоқай М. Тандамалы. Алматы, 1998. I том, 152б
3. М. Шоқай. Тандамалы шығармалар. III том. Алматы: «Қайнар»-2007. 172б
4. Мұстафа Шоқай: Ұлылық ұлағаты, 2015. I том, 72б
5. М. Шоқай. Кеңестер билігіндегі Қазақстан. Алматы, 1998. 153б
6. Тарази Ә. Мұстафа Шоқай: Алматы, «Жазушы». 2008. 384б
7. М. Шоқай. Тандамалы шығармалар. I том. Алматы: «Қайнар»-2007. 177

## **ШОҚАЙТАНУ ІЛІМІН ТОЛЫҚТЫРУ - ҰРПАҚҚА МІНДЕТ**

### **Алимбетова З. Б.**

М. Шоқай атындағы №187 орта мектебінің мұғалімі

Мұстафа Шоқайұлы ешкімнің ақтауына мұқтаж емес. Ол өзін-өзі шығармаларымен, ерлігімен ақтап отыр. Оны тарих пен уақыт ақтады. Түркі тілінде сөйлейтін халықтар оның өзіне лайық бағасын беруде.

Қоғам қайраткері Ә. Әлімжанов

Қазақ елінің тәуелсіздік жолында бастарын бәйгеге тігіп, Алаш үшін құрбан болған есіл ерлер қаншама десеңізші?! Алаш алыптары шоғырына жататын арыстарымыздың әрқайсысының тарихтағы орны айрықша.

Солардың бірі халқымыздың біртуар перзенті – Мұстафа Шоқай. Оның есімінің осы күнге дейін өзіне лайықты орын алмауына бірден-бір себеп,

шет елдерде жүріп, кеңестік саясатқа қарсы тынымсыз күрес жүргізуі деп санауға болады. Тек еліміз тәуелсіз мемлекет болғалы ғана Мұстафа Шоқайдың кім екенін, оның еліне деген адалдығын, дүниежүзілік деңгейдегі ірі қоғам қайраткері екенін біліп жатырмыз. Соңғы жылдары ол туралы жиі жазылып жүр. Жазушы Әнуар Әлімжанов «Мұстафа Шоқай кім?» деген мақаласында: «Ол сұңғыла бойлы ойшыл, сарапшыл, ғалым, қайыспас дара күрескер, дәулескер шешен еді. Ол «Ақиқаттан ардақты ештеңе жоқ» дейтін қарапайым дала заңының ұлы да ұлағатты Мизамынан қия баспаған, жаным-арымның садағасы дейтін азамат » –деп жазды. Ғұмыр бойы большевиктердің отаршыл саясатымен күресіп, сол үшін туған өңірден қыр асуға мәжбүр болған Мұстафа Шоқайдың өмір жолы кімді болса да бейжай қалдыра алмайды. Үлкен қайраткерлердің өмірбаяндарын қарап отырсаң, алғашқы ұстазының зиялы адам болғаны, соның арқасында қайраткерлік жолға түскенін байқаймыз. Мұстафаның Қызылордада жүрген кездегі ұстазы Иван Наливкин деген кісі еді. Ташкентке келген кездегі ұстазы Т. Доррер деген кісі болды. Ол арғы тегі неміс болғанымен орыстанып кеткен аса зиялы адам болған. Осы екі кісі Мұстафаға соншама жаны ашып, оның Санкт-Петербургтегі императорлық заң университетіне түсуіне әсер еткен. Санкт-Петербургтегі кезең Мұстафаның жай ғана бунтарь емес, саналы түрде революциялық жолға түсуіне жол ашты. Бірте-бірте Мұстафа империя дегеннің не екенін, бұратана ел дегеннің не екенін айыра бастады. Бостандық жолын студент кезінің өзінде іздестірген. Көптеген кітаптарды серік етіп, империялардың тарихын оқу, бостандық үшін күрескен халықтардың тарихын оқу арқылы көзі ашық күрескер болып шыққан. Ташкенттегі орыс ұлты мен жергілікті халық арасындағы теңсіздікті, келіспеушілікті көзімен көрді. Мұстафа бойынан ұлтжандылық сезімінің оянуына алдымен орыс шовинизмі ықпал етті. Ресей патшалығының көзге көрініп тұрған бір зорлығы қоныс аударған орыстарға көшпелі қазақтың жайылымы мен қыстауларын күшпен тартып алып бергені. Мұстафа мәселені Сенатқа дейін апаратын «бастықтың пиғылы дұрыс болмаса, заңнан қайран жоқ» деп Бисмарк айтқандай, орыс мемлекетінің отарлау саясатына қарсы тұратын күш жоқ еді [1]. Елдегі саяси қоғалысқа Мұстафа Шоқай белсене араласып іс жүзінде ұлттық қозғалыстың басты көсемдерінің біріне айналды.

Сонымен қатар, Түркістанның тұтастығына толық сенген, сол жолда басын бәйгеге байлаған сан қырлы қайраткер. Саяси көзқарас кеңістігі тұрғыластарынан әлдеқайда кең болған ол қазақтың тәуелсіздігін күллі Түркістанның тәуелсіздігінен бөліп қарамаған.

Екіншіден, Алаш арысы — көреген көсем. Көптеген қайраткерлер большевиктермен ымыраға келуге болады деп шешкенде, Шоқай жаңа биліктің алдамшы уәделеріне сенбеген. Тіпті Ташкентте билікті қолға алған большевиктер Шоқайдың Түркістан Халық комиссарлары кеңесінің (Үкімет) төрағасы болуын сұраған. Алайда, олардың түпкі пиғылын ерте аңғарған

Шоқай бұл ұсыныстан бас тартқан. Кейінірек Тбилисиде, Ыстамбұл мен Еуропада жүргенде де большевиктерден арнайы шақырту алғанына қарамастан, олармен ымыраға келмеген.

Шоқайдың тағы бір қыры, ол – қазақтың, тіпті Түркістанның тарихында саяси эмиграцияны алғаш бастаған тұлға. Оған дейін біздің тарихымызда шет елдерге шыққан адамдар болғанымен, саналы түрде, күрес жүргізу үшін эмиграцияға кеткен тұлғалар болған емес. Мұстафа Шоқай Түркістандағы кеңестік биліктің отаршылдық сипатын алғаш таныған және онымен күресуге бүкіл ғұмырын арнаған, түркі халықтары тарихында жаңа интеллектуалды көкжиекке көтерілген қайраткер болды.

Орта Азия тағдырын өзі шешетін Түркістан автономиясына Сырдария, Ферғана, Самарқанд толығымен қатысса да орыс большевиктері кемітіп, «Қоқан автономиясы» деп атаған аз күндік жаңа құрылым Мұстафа Шоқай идеясының түпкі мақсаты болатын. Ол Түркістан жамиятының келешек өз тағдырын өзі анықтайтын және мемлекет болуын мақсат етіп қойды. Осыған орай 1917 жылы 8 желтоқсанда «Қоқан автономиясы» уақытша үкіметі құрылды. Оның басшысы болып алғашында Мұхамеджан Тынышбаев, екі аптадан соң Мұстафа Шоқай сайланды[2].

Мұстафа Шоқай Түркістан халқы арасындағы қоғамдық белсенділіктің, сауаттылықтың, ұйымшылдықтың, рулық жетістіктің қандай деңгейде екенін, сонымен қатар түрік тектес халықтың психологиялық дәстүрлі ерекшелігін жақсы білді. Сондықтан жалпы мемлекеттік сот құруды ұсынды. Дегенмен, «Қоқан автономиясы» жұмыс көпке бармады. Оған себеп, жергілікті халықтың кең көлемде қолдау таппағаны, ел ішінде іріткі салатын алуан түрлі қоғамдық қозғалыс өріс алуында еді. Мұстафа Шоқай өзінің 1939 жылы жазған «Түрік бірлігі хақында» мақаласында «Түрік бірлігі – өз алдына жаңа мәселе болып тұр. Ол қазіргі кезге дейін ауызекі әңгімелеріміз бен жазған мақалаларымыздың бір басты тақырыбына айналды. Осындай бірлік жасау үшін ұмтылыс та болмай қалған жоқ. Өкінішке орай, мұндай ұмтылыстар ешбір күнге дейін нәтиже бермей келе жатқан болса, ол түрік топтарының осындай бірлікке ықыласы жоқтығынан емес, өмір сүріп отырған жағдайдағы соған барғызбай жатқан себептерінің үстем болуында еді»[3] деп жазды. Яғни, үстемдік құрып отырған Кеңес үкіметінің қитұрқы солақай саясатын Шоқай өз мақалаларында қайта-қайта айтып, әлем жұртшылығына паш етіп отырды. Бұл оның қоғамдық белсенділігі осы демократиялық қозғалысына басшылық жасағанымен шектелмейді. Әрине, оның басқа да атқарған істерін былай қойып, тек осы биік мақсат үшін айтулы күресін атаудың өзі ғана Шоқайдың есімін Түркі халықтары тарихындағы мәңгі есімдер қатарына жатқызуға жеткілікті негіз болар еді.

XX ғасырдың басында қазақ әлеміне шоқ жұлдыздай жарқырай шыққан, төл тарихымызға есімдері алтын әріппен мәңгілік жазылған ұлтымыздың аса көрнекті саяси тұлғаларының ішінде Мұстафа Шоқайдың

өзгелерге ұқсай бермейтін өзіндік тағдыры болды. Ол өмірінің соңғы 20 жылдан астамын жат жерде туған еліне деген ерекше ыстық ықыласты сағынышпен қатар өз ұлтының рухани бостандығын, Түркістан аймағының азаттығын аңсаумен өткізді. Оның ұлттық, түркілік ой-көзқарастары мен азатшылдық идеяларын 1936 жылы Берлин қаласында Түркістан жастарының алдында сөйлеген сөзінен анық көруімізге болады. «... Түрік халқы-батыр халық. Түрік халқы-арыстан ер халық. «Кімнен таяқ жегендей біздің түріктің баласы, алдырып жүрген дұшпанға аузының аласы» бұл нақыл сөзді ұмытпауымыз керек. Бәріміз бір болсақ, біздің жеңбейтұғын жауымыз болмайды, мақсатымызға жетемі! Онсыз біздің күніміз жоқ, құрып кетеміз. Құрымасымыз үшін, боспасымыз үшін күшімізді біріктіріп, бір-бірімізге жәрдем беріп жүруіміз керек. Онсыз біздің күніміз қараң. Мұны ұмытпау керек! Түрік баласы, ұмытпаңдар, бастарыңдағы бөтен елдің өкіметін шығарып тастауға тырысыңдар!»[4]. Міне, бұл Түркістан жастарының, түркішілдік қозғалыстың ұранына айналды. Себебі, Шоқай көтерген мәселе Түркістанның тұтастығы мен Түркістанның еркіндігі еді. Шоқай көтерген мәселелерден елдің еркіндігін, Түркістанда өмір сүрген басқа ұлттардың тәуелсіздігінен бөліп алып қарамағынын көруге болады. Бұл туралы шоқайтанушы ғалымдар К. Есмағамбетов: «Мұстафа Шоқай – туған халқының ғана емес, өзбек, қырғыз, тәжік, түрікмен, әзірбайжан, грузин, т.б. да бодан халықтардың бостандығы үшін күрескен тұлға» [5] десе, ал Ә. Бәкір:«Мұстафа Шоқай туған халқының, Түркістан аймағының саяси егемендігі, рухани бостандығы, бүкіл түркі тектес халықтардың азаттығы, еркіндігі мен тәуелсіздігі үшін күресі бір сәт толастамады. Бұл оның бүкіл ғұмырындағы берік ұстанымының мәні мен мағынасы, арманы мен мұратына айналды» [6],-деп жазды.Бұл-Мұстафа Шоқайдың қазақ ұлты мен бүкіл түрік халықтарының бірлігі үшін сіңірген еңбектері жайлы жазылған пікірлердің кейбіреуі ғана. Өйткені, оның осы бағытта жасаған іс-әрекетін бір мақалада баяндап шығу мүмкін емес.Ол Түркістандағы бауырлас халықтар бір болғанда ғана ірі боларын, ірі болғанда ғана тірі қаларын ойлаған еді. Түркістан – бөлінбес, айнымас бір өлке. Халқының қаны бір, тілі бір, діні бір. Бәріміздің құбыламыз – өзіміздің ата жұртымыз, өлкеміз Түркістан болмақ! Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан беру – бәрімізге бір мақсат... Түрік халқы – батыр халық. Түрік халқы – арыстан ер халық. «Кімнен таяқ жегендей біздің түріктің баласы, алдырып жүрген дұшпанға аузының аласы». Бұл нақыл сөзді ұмытпауымыз керек.

Шет елдерде жүріп-ақ елдегі болып жатқан теңсіздіктерді, әділетсіздіктерді ашып жазып, тәуелсіз ел болуға күреске шақырып отырды. Ол сол күресімен әлемдік деңгейге көтерілген және әлем таныған бірінші қазақ деп мақтана аламыз. Оның саяси күресінің арқасында Англия, Америка, Польша, Ресей, Жапония, Франция, т.б. толып жатқан ел басшылары Мұстафаны талантты саяси күрескер ретінде танып, мойындаған [7]. Бүкіл өмірін халқының бостандығына арнаған Мұстафаға елінен кету

қиынға соқты, жаны күйзелді. Әсіресе оның жан тебіренісі 1922 жылы Берлиндегі Трокадеро этнографиялық мұражайына барғанда көзіне жас алдырды. Осы сәтті зайыбы Мария Шоқай былай деп суреттейді: «Мұражайда тұрған тамаша домбыраны көріп, ол өзін-өзі ұстай алмай, қызметкерден инструментті қолға алуға рұқсат сұрады. Сол бойда оны бабына келтіріп, ғажап қырғыз сазын ойнап берді. Ол домбырамен өте қамығып қоштасып, көзі жасқа толып кеткен екен». Мұндайда Қадыр ақынның «Нағыз қазақ –қазақ емес, нағыз қазақ - домбыра» деген өлең жолдары ойға оралады. Міне, оның домбыраны қастерлеуінен өз халқына деген шексіз сүйіспеншілігі мен айрықша адалдығын байқауға болады. Әуелі Грузияда одан Түркияда кейін Париж бен Берлинге ұласқан қоғам қайраткерінің өмір жолы бүгінгі ұрпақ үшін өнегелі жол болмақ.

Ақиқатқа үнілген адам, Мұстафа Шоқайдың шет елдердегі өмірі мен қоғамдық қызметі және ғылыми ізденістерінен-ақ, оның туған елінің ұлы перзенті екендігін мойындауы хақ. Мұстафа – өз халқын бодандықтан босатып, теңдікке, егемендікке жеткізу үшін басын өлімге тіккен есіл ер, батыр.

Қорыта келгенде, Шоқай жөніндегі әңгіме әлі де толық, терең зерттеуді қажет етеді. Ол шындық үшін, тарих үшін, әділеттік үшін керек.

Түркістанның бірлігі мен тәуелсіздігін ту етіп, оны өмірлік мұратына айналдырған, сол жолда құрбан болған Мұстафа Шоқайдың тұлғасы күн өткен сайын биіктей бермек. Түбі бір түрік жұртының тағдыры талқыға түскен шақта басын бәйгеге тіккен, саналы ғұмырын ұлт мүддесі мен ел мұраты жолына арнаған сан қырлы қайраткер тұлғаның тағылымын арқау еткен еңбектер жаңа,тың деректерге жетелемек.

Көрнекті публицист, қоғам қайраткері жөніндегі деректер, оның артында қалған рухани бай мұрасы Қазақстанда ғана емес, Өзбекстан, Түрікменстан, Ресей, Грузия секілді көршілес елдермен қатар Франция, Германия, Түркияда шашылап жатыр. Оларды жүйелеу мен жинау көп уақыт пен қаржыны талап ететіні белгілі. Сонымен қатар осынау мол рухани дүниені игеру үшін сол елдердің тілін білу қажет-ақ. Міне, осы тұрғыдан келгенде Астанадағы “Фолиант» баспасынан шыққан Дархан Қыдырәлінің “Мұстафа Шоқай ” деген кітабының маңызы ерекше.

Мұстафаның досы, Украинаның бұрынғы сыртқы істер министрі, профессор А. Шульгиннің: «Мұстафа – Бей мемлекеттік ірі қайраткер, аса көрнекті жазушы әрі журналист болды, бірақ, ол бәрінен бұрын өте тартымды адам еді, өзіндігі мол тұлға еді. Мұстафа – Бейді Түркістансыз көз алдыңа елестету мүмкін емес. Иә, ол өзінің жүрегімен де, өз Отанын, оның өткендегісі мен қазіргі сүрең келбетін бір минут та ұмыта алмайтын. Әйтсе де өзінің дәстүрлеріне адал күйінде қала отырып, ол өз бойына мейлінше әртүрлі адамдарды және бір-бірлеріне түсініксіз дерлік халықтарды өзара байланыстыра алатын әрі байланыстыруға тиісті аса бағалы, адамдық қасиеттердің бәрін дарыта білген еді», — деген сөзі толық дәлел.



Шоқайұлының тағы бір досы, бұрынғы Мемлекеттік Думаның мүшесі және Грузия Сыртқы Істер министрі А. Чхенкели былай дейді: «Біз құрған «Кавказ, Түркістан және Украина халықтарының достығы» қоғамында ол, әрине, елінің кеңдігіне қарай тиісті орын алды. Мұстафаның Париждегі, Лондондағы, Женевадағы және Батыстың басқа да орталықтарындағы қайраткерлік қызметі сан түрлі әрі жемісті болғандығы соншалық, олардың бәрін санап шығу мүлде мүмкін емес. Ол менің күткенімнің бәрінен асып түсті, далалық азиатты нағыз халықтың көсеміне айналды. Ол өте сабырлы әрі бірқалыпты еді, бірақ жүрегі ыстығырақ болатын, қашан да өзінің жеке басының қауіпсіздігін ойламай жақындарына жәрдемдесуге құлшынып тұратын. Совет-Герман соғысы кезінде ол соғыс тұтқындарының бір лагерьде өзінің батылдығымен, немістер еврей деп есептеп, атуға кескен бірнеше ондаған грузин жастарын атудан аман алып қалған. Ол өз өмірін қауіпке тіге отырып, кешірілмес қателікті түсіндіру арқылы үкімнің орындалуын тоқтата алды. Міне, біздің Мұстафа осындай тағылық уақытта өмір сүріп, күресе білді. Енді сен, жоқсың, қымбатты досым, бірақ біз де одан жақсы дәуірде өмір сүріп жатырмыз дей алмаймын. Ал сенің есімің мен идеяң қашан да біздің арамызда халықтарымыздың достығының символы болып қала береді»... Міне, Мұстафа Шоқайұлының иман, парасат ұялаған көлдария жүрегін, ұлы тұлғасын осы жолдардан-ақ терең сезінуге болады.

Бүгін бізге Мұстафа Шоқайұлының және онымен пікірлес, халықтың бағына туған көксерек топтың тағдырларын ойлап опынғаннан пайда жоқ. Алтын құрсақты айналайын халқымыз ара-кідік болса да алыптарды тумай тұра алмайды. Ендігі үміт соларда... Олар ат жалын тартып мініп, билік тегершігін қолына алып, бізді қыранға шығарып самалдатқанша, бәрібір Мұстафа Шоқайұлын егіле еске алуды қоя алмайтынымыз және ақиқат.

Ақиқат жаршысы, ұлт жанашыры бола білген ерекше тұлға Мұстафа Шоқай туралы зерттеу жұмыстары алдағы уақытта да жалғаса береді, сөйтіп тың туындылар шоқайтану ілімін толықтыра түседі, оқушыларын қуанта береді деп сенемін.

***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1-2. Сүлейменов П. Мұстафа Шоқай: көзқарас эволюциясы.-Ақиқат, 1997.-№11

3. Шоқай М. Таңдамалы.-Алматы: Қайнар, 1999.-Т.2.-220 бет

4. Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры.-Алматы: Жалын, 1992.-64 бет

5. Мұстафа Шоқай шығармаларының толық жинағы. Он екі томдық.- Алматы: Дайк-Пресс ЖШС, 2012.-Т.1.-7 бет

6. Бәкір Ә.Алаш қозғалысы саяси топ басшыларының әлеуметтік көзқарастары. Оқу құралы. –Астана, 2008.

7. Атабаев Б. Халық жадында қайта жаңғырған ұлы есім.-Қызылорда. 2015, 258 бет

## **XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МҰСЫЛМАНДЫҚ ҚОЗҒАЛЫС ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІК МӘСЕЛЕСІ**

**Абенов Е.М.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-саяси ғылымдар» кафедрасының доценті,  
саясаттану ғылымдарының кандидаты

XX ғасырдың басында түркі және мұсылман халықтарының мұсылмандық қозғалысы патша өкіметінің отарлық езгісіне қарсы ұлттық, мәдени және саяси талаптарға негізделген демократиялық сипаттағы күрес болды. Мұсылмандық қозғалыстың пайда болуына Ресей империясының қол астында отаршылдардық тепкісін көріп, тауқыметін тартқан түркі тілдес және өзге де мұсылман халықтарының әлеуметтік-саяси жағдайының адам төзгісіз болуы ықпал етті. Мұның өзі Ресей мұсылмандарының наразылығын туғызып, азаттық жолындағы күреске жетеледі.

Ресей мұсылмандарының азаттық күресі Ақпан революциясынан кейінгі кезеңде мұсылмандық қозғалысқа ұласып ұлттық автономия құруды мақсат еткен "унитарлық" және "федеративтік" ағымдарды күшейте түсті.

Ұлттық автономияға қол жеткізуді мақсат еткен "унитарлық" және "федеративтік" ағымдардың пайда болуын, жалпы XX ғасырдың бас кезіндегі мұсылмандық қозғалыс тарихынан тыс қарастыру мүмкін емес. Себебі қарастырып отырған мәселенің түп-тамыры Ресей мұсылмандық қозғалысымен тығыз байланысты.

Жалпы отаршылдық тауқыметін, ұлттық езгіні бастан кешіріп жатқан мұсылман халықтары қозғалысының өрістеуіне 1905 жылы басталған орыс революциясы ықпал етті. Осы кезеңде Ресей мұсылман халықтарының талап-тілектерін тұжырымдап, олардың саяси әрекеттерін бір ортаға бағыттау үшін жалпыресейлік мұсылман съезін өткізу мәселесі көтеріле бастады. Сөйтіп бірінші орыс революциясы тұсында үш мәрте жалпыресейлік деңгейдегі мұсылман съезі өткізілді .

1905 жылдың соңына қарай мұсылман халықтарының саяси белсенділігін арттыру мақсатында Орынборда, Семейде, Петропавлда, Қызылжарда, Астраханьде мұсылмандық қоғамдар құрылды.

1905 жылғы 17 қазандағы патша өкіметінің манифесінен кейінгі ірі оқиғалардың бірі түз халықтарын азаттық күреске "Автономистер одағының" құрылуы құлшындыра түсті. Автономистер съезі "Бостандық манифесін" жариялады. Осы съезде М.Тынышпаев қазақ халқының атынан сөз сөйлеп отаршыл үкметтің "біріншіден, қазақтардың тілін, салт-дәстүрін, діни сенімін, жалпы ереже болмысын тағылық және айуандықпен жазалау және қуғындау арқылы оны тәуелсіз ұлт ретінде жойып, бүтін өлкені орыстандырып жіберуді; екіншіден, түрлі шаралар, нұсқаулар және

ережелер арқылы қырғыздарды (қазақтарды) құқықсыз, заңнан тыс тобырға айналдыруды, үшіншіден, оларды ата-мекен жерінен айырып, нәрсіз шөлге ығыстырып, өлім халіне жеткізуді көздейтінін"-дәлелдеп айта отырып, алдағы уақытта халыққа автономиялық дәрежеде болса да еркіндік беруін талап еткен еді.

Осы кездегі Мемлекеттік Думаға сайлау науқаны жақын қалуына байланысты жалпыресейлік мұсылмандық қозғалысында мұсылман халықтарының сайлау кезіндегі тактикасын, олардың сол кездегі саяси партияларға көзқарасын айқындау, жеке мұсылман партиясын құру үшін дайындық мәселелері өзекті мәселеге айналды. Осы мақсатқа жету үшін кезекті жалпыресейлік мұсылман съезін шақыру міндеті қойылып, "Улфат" газеті дайындық шараларын жүргізді.

Съезд 1906 жылы қаңтардың 15-23 аралығында Петербургте өтті. Съезде қаралған басты мәселенің бірі мұсылман партиясын құру болды. Делегаттар А.Ибрагимов пен А.Топчибаев әзірлеген партия бағдарламасы мен жарғысын талқылауға көп уақыт бөлді. Олар мұсылман партиясының қалай аталу қажетігіне де ерекше мән берді. Көпшіліктің ұсынысымен мұсылман партиясы "Ресей мұсылмандарының одағы" деп аталатын болды.

Мұсылмандық қозғалыс өз қызметін бұдан кейінгі кезеңдерде де жалғастырды.

Дегенмен, оның қоғамдық-саяси әрекеті Ақпан революциясынан кейін айтарлықтай мәнді де қарқынды бола түсті. Күшейе түскен ұлттық езгімен қатар бірініші дүниежүзілік соғыс ауыртпалықтары, сондай-ақ 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс зардаптарын бастан кешіріп жатқан Ресей мұсылмандары Ақпан революциясы жеңісі үмітпен қарап, қуана қарсы алды.

Ақпан революциясының жеңісі ұлттық езгінің күш-қуатын әлсіретуге және халықтық демократияның қалыптасуына мүмкіндік берді. Халықтың өзін-өзі басқаруына алғышарттар жасады. Алайда Ақпан революциясының жеңісі қоғамдық өмірдің барлық мәселелерін шешіп бере алмады.

Уақытша үкіметтің Қазақстандағы ұлттық тірегі 1917 жылғы наурыз айынан құрыла бастаған қазақ және мұсылман комитеттері болды. Қазақ комитеттерін құруға қазақ зиялылары белсенді әрекет етті. Облыстық және уездік қазақ комитеттері Уақытша үкіметтің саяси жүйесінде қазақ елінің ұлттық мүддесін көздеу мақсатында құрылды. Ақпан революциясынан кейін 1917 жылы сәуір айында Түркістан өлкесінде ірі қоғамдық-саяси ұйым "Шуро-и-ислам" құрылды. Ұйымға өзбек халқының көрнекті қайраткері М.К. Абдурашидханов жетекшілік етті.

Қазақ зиялылары бүкілресейлік Құрылтай жиналысына әзірлік жүргізу, шешімін күткен бірқатар мәселелерді жалпыұлттық деңгейге көтеріп, саяси сипат беру міндетін қойды. Осындай міндеттердің бірі, түрлі деңгейде жиналыстар, съездер өткізу болды. Осы мақсатта облыстық деңгейдегі съездер 1917 жылдың сәуір-мамыр айларында Орынборда, Оралда, Семейде, Жетісуда, Омбыда өткізілді. Облыстық қазақ съездері күн тәртібіне жер, дін,

соғысқа көзқарас, бұрынғы чиновниктерді орнынан алу, Уақытша үкіметтің жергілікті билік органдарын құру, Ресейдің болашақ мемлекеттік құрылысы және т.б мәселелер қойылып, бұлар жөнінде қарарлар қабылданды. Мемлекеттік құрылыс мәселесінде қазақ съездері Ресейдің демократиялық федеративтік республика болуын жақтады.

Облыстық қазақ съездері 1917 жылы мамырда өткізілуге тиіс жалпыресейлік мұсылман съезіне де назар аударды. Торғай, Орал, Ақмола облыстық съездерінің күн тәртібінде жалпыресейлік мұсылман съезі арнайы мәселе ретінде қаралып, оған делегаттар сайланды.

1917 жылы 7-10 сәуір аралығында Орынбор қаласында өткен мұсылмандар мәжілісінде де жалпыресейлік мұсылман съезі қаралған еді. Осы мұсылман мәжілісіне қатысқан қазақ өкілдері де Торғай облыстық қазақ съезінің делегаттары болатын. Мәжіліске қатысқан қазақ өкілдерінің ішінде Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, У.Таналиев, С.Қадырбаев және тағы басқалар болды. Мәжілісте басты мәселе ретінде мемлекеттік құрылыс мәселесі қаралды. Мәжіліс депутаттары бірауыздан Ресейдің федеративтік демократиялық республика болуын қалайтындықтарын білдірді.

1917 жылдың 16-22 сәуір аралығында Ташкентте Түркістан мұсылмандарының съезі болды. Мемлекеттік мәселе төңірегінде съез өкілдері Ресейдің федеративтік республика болғандығын қалайтын өлке халықтарының пікірін ерекше атап өтті. Әйтсе де мұсылмандық қозғалыста мемлекеттік құрылыс мәселесі жөнінде зиялылардың көзқарастары түрліше болды.

Мұсылман халықтарының ұлттық қозғалысында дербес саяси дамуда автономияға қол жеткізу мәселесі кең қанат жайды. Осы мәселе төңірегінде екі түрлі ағым бой көрсетті: оның бірі унитарлық, екіншісі федеративтік. Бірінші ағымды қолданушылар орталықтанған біртұтас үкімет билігі бар Ресей республикасының шеңберіндегі мәдени ұлттық автономия құру идеясын ұстанды. Екіншілері федеративтік негіздегі Ресей республикасының құрамындағы территориялық автономияны жақтады.

Уақытша орталық бюроның ұйымдастыруымен 1917 жылдың 1-11 мамыр аралығында жалпыресейлік мұсылман съезін өткізілді. Съезге 800-ден астам делегат қатысты. Олардың арасында Ж.Досмұхамедов, Х.Досмұхамедов, К.Тоғысов, А.Теміров, Р.Әлібеков, М.Жұмабаев, У.Танашев сияқты қазақ зиялылары болды.

Съезде жер, дін, әйел теңдігі, оқу-ағарту, жергілікті басқару мәселелерімен қатар Ресейдің мемлекеттік құрылымы туралы мәселе қызу талқыланды. Әсіресе, мемлекеттік түрі қандай болуы керек жайында үлкен талас-тартыс болып, уақыттың көбін алды. Ресей мұсылмандарының бюросының төрағасы Ахметбек Салиховтың және Кавказ-Әзербайжан өкілі Бек Расул Заданың баяндамалары талқыға түсті. А.Салихов ұсынған мемлекеттік түрі – демократиялық, парламенттік, унитарлық республика, яғни мемлекет билігі халықтың өз қолында болып, бүтін Ресейдегі жұрт

бөлінбей тұтас тұру. Бек Расул Зада ұсынған мемлекеттік түрі – демократиялық федеративтік республика, яғни әр жұрт өз тізгінін өзі алып, өз істерін өздері бітіріп, бөлектеніп, жалғыз-ақ мемлекетке ортақ іске қатынасып тұру болды. Баяндамашылардың ұсынған идеялары негізінде съездегі өкілдер екіге бөлініп, екі түрлі позиция қалыптасты. Бір жағы – унитаристер, екінші жағы – федералистер. Съезде делегаттар аталған мәселеге орай Ресейдің 30 млн. мұсылмандарының федеративтік негіздегі демократиялық республиканы жақтайтындықтарын білдірді. А.Салихов мұсылман съезіне дейінгі мемлекеттік құрылыс хақындағы көзқарасынан бұлтартпады. А.Салихов өз пікірін ортаға сала отырып, федералистер көзқарастарының бұрыстығына көз жеткізуге тырысты. Ол, осы тұрғыдағы пайымдауын былайша көрсетті: «Федерация аламыз деп тұрған халық – қазақ, сарт, Кавказ Һәм басқалар. Тіпті надан, оларда неше түрлі завод-фабрика жоқ. Оны шығарарлық оқымысты жұрт емес. Ғылым, білім, өнерден бос, құр алақан. Осындай қараңғы халыққа федерация берсек, байлар, хан тұқымы-ақсүйектер, бектер халық билігін қолына алып, баяғы Николайдың заманында істелген істерді өз тұқымына істейді». Мұның өзі унитарлық ағымды ұстанушылардың пікірінше, Ресей Федеративтік негіздегі мемлекеттік құрылым болса, онда жер мәселесі ұлттық мүдде тұрғысында шешілу мүмкіндігінен айырылады және территориялық федерализм мұсылмандардың бытырап кетуіне жағдай жасайды. Сонымен қатар саяси күштердің әлсіреуіне, әйелдер және ұлт мәселелерінің шешілуіне кері ықпалын тигізеді. Себебі федеративтік құрылым бір мемлекетте бірнеше автономияның пайда болуына негіз қалайды. Ал мұның өзі жүз мыңдаған мұсылмандардың орыс жерінде қалып, ақыры орыстанып кетуіне әкеліп соғады.

Съезде Ресейдің федеративтік негіздегі демократиялық республика болуын жақтап М.Расул-Заде, Ж.Досмұхамедов, Р.Ходжаев сөз алады. Ақыры, мемлекеттік құрылыс мәселесін дауысқа салғанда А.Салиховтың ұсынысы өтпей қалды. Оны 271 делегат қолдағанымен 490 дауыс қарсы берді. Сөйтіп, съезд тек белгілі территориясы жоқтарға ұлттық-мәдени автономия берілсін, ал негізінен барлық мұсылмандарда ұлттық-территориялық автономия болсын деген шешім қабылдады.

Мұсылмандық қозғалыста ұлттық автономияға байланысты унитарлық және федеративтік негіздегі мемлекеттік құрылымдарды құру мәселесімен қатар осы кезеңде қазақ автономиясын жариялау туралы мәселе өзекті болды. Қазақ автономиясы жайында мәселе 1917 жылдың 21-26 шілдесінде Орынборда өткен жалпықазақ съезінде арнайы қаралды. Бірінші жалпықазақ съезі «Ресей федеративтік республика болсын, қазақ облыстары қоныс-ұлт жігіне қарамай облостной автономия алуы тиіс» деген маңызды қаулы қабылдап, шешім шығарды. Сонымен бірге 1917 жылдың тамыз айында Киевте өтетін федералистер съезіне Ә.Бөкейханов, Ж.Досмұхамедов,

У.Танашев қазақ елі атынан өкіл болып баратын болғандықтан депутаттыққа сайланды.

Большевиктер өкімет басына келгеннен кейін ұлт аймақтарын өз қолтығына тарту үшін «Ресей халықтары праволарының декларациясы» және «Ресей мен Шығыстың бүкіл мұсылман еңбекшілеріне» деген үндеулерін жариялады. Аталған құжаттар негізінде кеңес өкіметі "бұдан былай сіздердің нанымдарыңыз бен әдет ғұрыптарыңыз, сіздердің ұлттық және мәдени мекемелеріңіз ерікті және қол сұғылмайтын болып жарияланады. Өздеріңіздің ұлттық, өмірлеріңізді еркін және бөгетсіз құра беріңіздер. Сіздердің бұған құқықтарыңыз бар", деп салтанатты түрде бүкіл әлемге паш етіп, уәде етті.

Дегенмен, уақыт өте келе мұндай уәделердің шеті көрініп, "бұлыңғыр сағымдай" алыстай берді. Шет аймақтар халықтары үшін бостандық, теңдік, әрбір халықтың өзін-өзі билеу құқығы кеңес өкіметі тарапынан берілген уәде түрінде қалды. Қағаз жүзінде жазылған үндеу-декларациялар іс-жүзінде асырылмай, сол күйінде қалды. Кеңес өкіметінің алғашқы айларынан-ақ Қазақстанда да, Түркістанда да билікті еуропалық нәсілден шыққандар өз қолдарына алды. Бұл жергілікті жерде ел басқаруға қабілетті азаматтар жоқтығынан емес, оларға сенімсіздік көрсетуінен орын алған еді. Осылайша ұлт саясатында таптық негізді басшылыққа алған кеңес өкіметі мен большевиктер партиясы мұсылман халықтарының қозғалысының ұйымдарының талап-тілектерін ескерусіз қалдырды. Бүкілресейлік мұсылмандар кеңесі көп ұзамай өз қызметін тоқтатты. Кеңестің атқару комитеті құрамында болған қазақ өкілі Ж.Досмұхамедов Алашорда үкіметінің құрамына алынды.

Кеңес өкіметі Ресейдегі барлық ұлттар мен халықтарды өзінің "басты бітімі" негізінде бір орталықтан ғана басқаратын мемлекет құрамына кіргізді. Әйтсе де ғасыр басындағы Ресейде орын алған мұсылмандық қозғалыс "бұратана" халықтардың қоғамдық-саяси өмірінде өзіндік із қалдырды.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Назарбаев Н. Қалың елім қазағым. Алматы: Өнер. 1998.
2. Герье В. Первая русская Государственная Дума. Политические воззрения и политка ее членов. Москва.,1906.
3. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. Алматы,Ататек,1995;
4. Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы. Алматы:Санат,1995;
5. Тынышпаев М. Қазақтар және азаттық қозғалыс. (Автономшылдар одағының І-ші съезінде 1905 жылф 19 қарашада оқылған баяндама) // Ақиқат,1992. №5.
6. Рүстемов С.К. XX ғасырдың басындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріндегі мұсылмандық қозғалыс. Т.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған дисс. қолжазбасы. – Алматы,1997.

## ЕЛ ЕРКІНДІГІН ІЗДЕГЕН ЕР: МҰСТАФА ШОҚАЙ

Өтешова А. Ө.

Мұстафа Шоқай атындағы №187 орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі

Алаш алыптары шоғырлана жататын арыстарымыздың әрқайсысының тарихтағы орны айрықша. Әйтсе де, Мұстафа Шоқайдың өзге қайраткерлерден, замандастарынан ерекшелігі неде дейтін болсақ, ең әуелі, Мұстафа Шоқай- Түркістанның тұтастығына толық сенген, сол жолда басын бәйгеге байлаған қабырғалы да сан қырлы қайраткер. Саяси көзқарас кеңістігі тұрғыластарынан әлдеқайда кең болған ол қазақтың тәуелсіздігін күллі Түркістанның тәуелсіздігінен бөліп қарамаған.

Екіншіден, Алаш арысы көреген көсем. Көптеген қайраткерлер большевиктермен ымыраға келуге болады деп шешкенде, Шоқай жаңа биліктің алдамшы уәделеріне сенбеген. Тіпті Ташкентте билікті қолға алған большевиктер Шоқайдың Түркістан Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы болуын сұраған. Алайда, олардың түкпі пиғылын ерте аңғарған Шоқай бұл ұсыныстан бас тартқан. Кейінірек Тбилисиде, Ыстамбұл мен Еуропада жүргенде де большевиктерден арнайы шақырту алғанына қарамастан, олармен ымыраға келмеген.

Шоқайдың тағы бір қыры, ол- қазақтың, тіпті Түркістанның тарихында саяси эмиграцияны алғаш бастаған тұлға. Оған дейін біздің тарихымызда шет елдерге шыққан адамдар болғанымен, саналы түрде, күрес жүргізу үшін эмиграцияға кеткен тұлғалар болған емес.

Ең күрделі мәселе - «Мұстафа Шоқай гитлершілермен ауыз жаласқан, азиялық тұтқындарды кеңес үкіметіне қарсы соғысуға үгіттеп, олардан «Түркістан легионы» деген жасақ құруға қатысқан, Отанын сатқан опасыз, дұшпан» деп кеңес үкіметі таққан айып. Бұл айып шындықты бұрмалау екендігі қазір дәлелденіп отыр. Жазушы қоғам қайраткері Ә. Әлімжанов «Мұстафа Шоқай. Ол кім?» деген мақаласында «Мұстафа Шоқайұлы ешкімнің ақтауына мұқтаж емес. Ол өзін- өзі шығармаларымен, ерлігімен ақтап отыр. Оны тарих пен уақыт ақтады. Түркі тілінде сөйлейтін халықтар оның өзіне лайық бағасын беруде» деп жазған екен. Иә, көрнекті қайраткердің бұл тұжырымының дұрыстығын өмірдің өзі де көрсетіп отыр.

Мұстафа алғаш сауатын ашқан Әліш медресесі Шиеліде Сұлутөбенің Наршоқы құмында Шоқай қыстауында болған. Қазір құлаған орны жатыр, кірпіштері әлі табылады. Екі бөлмелі медресенің бір бөлмесінде балалар оқыған, екінші бөлме мешіт болыпты. Әліш-Шоқайдың ортаншы інісі, яғни Мұстафаның ағасы. Әліш Ташкенттен алдырған Ерім төре деген мұғалімнің мұсылманшылық та, орысшада сауаты болған.

«Мұстафа Шоқай қоры» Наршоқыға бүкіл Түркістан Тәуелсіздігі жолындағы күрескер көсемінің туған жері екендігін білдіретін белгі

орнатты. Үкімет тарапынан Абайдың Жидебайдағы, Шоқанның Сырымбеттегі үйлері қалпына келтірілгені сияқты, «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Наршоқыдағы қыстау мен медресе қалпына келтіріліп, тарих ескерткіші ретінде сақталса, мектеп оқушыларын, студент жастарды, облыс орталығына, ауданға келген қонақтарды таныстыруға алып баратын тарихи орынға айналдырса жөн болмас па?!

Үйден алғаш алысқа ұзап шығып Перовскідегі орыс-қырғыз (қазақ) мектебіне оқуға түскенде Мұстафа жеті жаста болыпты. Наршоқидан Перовскіге оқуға аттану бала Мұстафаның дана Мұстафаға айналар қадамының бастамасы еді. 1910 жылы Ташкент ерлер гимназиясын, 1914 жылы Санкт-Петербург университетінің заң факультетін алтын медальмен бітіріп шығуы оның осы жастайынан мақсаткерлігінің дәлелі.

Мұстафа Петербургте оқыған 1910-1917 жылдар Ресейде революциялық ахуал ширығып, түрлі саяси ағымдар гулеп тұрған кезең еді. Алғыр жас осындай өзгерістердің қайнаған ортасында жүріп, пісіп жетілді. 1914жылдан бастап Мұсылман фракциясының қызметіне тартылып, 1916 жылдан оның хатшысы міндетін атқарды. Ресей мемлекеттік Думасында Мұсылман фракциясының қазанында қайнап шыңдалған Мұстафаның қайраткерлігін 1916 жылғы оқиға аша түсті. Патша өкіметінің азиялық бұратана халықтар ер азаматтарын әскерге алу туралы жарлық шығаруы қазақ даласымен қатар, Түркістан өлкесінде де наразылық толқун тудырған еді. Патша жөндеттері наразылық білдірген көтерілісті аяусыз жаншып басты. Мұсылман фракциясы Мемлекеттік Думада мәселе қойып, Түркістандағы жағдайды тексеру үшін комиссия құруға қол жеткізеді. 1916 жылы тамызда депутаттар А.Керенский мен К.Тевкелев бастаған комиссия Түркістанның Смарқан, Ферғана және Сырдария облыстарында болып, тексеру жүргізеді. Бұл жұмысқа Мұсылман фракциясының хатшысы М.Шоқай тілмаш ретінде қатысады. Комиссия мүшелері жермен жексен қиратылған ауылдарды, халыққа жасалған қырғанды көріп, тұла бойы түршігеді. 1914-1916 жылдары Түркістан аймағы халқының 17 пайызы қырылған екен, атап айтқанда 1млн.230мың адам өлген немесе жоғалған. Осы ретте айта кететін бір жәйт, Түркістан құрамындағы Жетісуда 1916 жылы көтерілген албандардың қырғынға ұшыраған қасіретін ашып жазған Мұхтар Әуезовтің «Қилы заман» романы еді. «Халықтар жандармы» деген айдар тағып, патша өкіметін құлатқанымен, ұлттар теңдігін дәріптегенімен, отаршылдық саясатты сұрқиялықпен жалғастырған кеңес өкіметі екіжүзділік көрсеткені белгілі.

Саяси жұмыстарға белсене араласудың арқасында 1917 жылға қарай М.Шоқай танымал саясаткерге айналып үлгереді. Қазақ еліне ,Түркістанға қатысты түрлі жиындарға, құрылтайларға қатысып, оларға басшылық жасайды. Уақытша үкіметтің басшысы А.Керенский министр қызметін ұсынғанда, одан бас тартады. Түркістан жөніндегі ұлттық комитетінің төрағасы болып сайланады. Автономия құру жоспарын ойластыра бастайды.



М.Шоқай күллі түркі халықтарының басын біріктірген, тұтас Түркістан автономиясын құруды ұсынды. Сол кезде өзбектің Махмуд Қожа Бехбуди деген ағартушы қайраткері «Ұлық Түркістан» газетінде қазақ қандастарға арнап: «Бауырларым, қандастарым, біздің тілімізде, дініміз де, тарихымызда бір. Қазір Тәңір жарылқап, бізге үлкен мүмкіншілік беріп отыр. Осы мүмкіншілікті пайдаланып, ел болуымыз керек. Бұдан кейін мұндай мүмкіндік бола ма, жоқ па? Бүгін кеш қалсақ, Түркістан да, Алаш та, өз тәуелсіздігінен айырылып қалуы мүмкін. Кейін өкінгенмен пайдасы жоқ, сондықтан қазір бірігейік» деген ашық хат жариялаған. «М. Шоқай өзінің туған елі қазақ халқының тәуелсіздігін Түркістанда көне замандардан бері қатар тұрып келе жатқан туыстас өзбек, қырғыз, түркімен және басқа халықтардың тәуелсіздігінен бөліп алып қараған емес. М. Шоқай үшін Түркістан халықтарының еркіндігі - бірінсіз бірі жоқ егіз ұғымдар болған», дейді тарихшы М. Қойкелді.

Ол Түркістандағы бауырлас халықтар бір болғанда ғана ірі боларын, ірі болғанда ғана тірі қаларын ойлаған еді. Мүсекең Түркістан деп шырылдағанда қандай халықтарды, қандай өлкелерді айтқан дейтін болсақ, ол кісі жалпы Түркістанды Батыс Түркістан, Шығыс Түркістан және Оңтүстік Түркістан деп үшке бөлген. Шығыс Түркістан- қазір Қытайға қарайтын Шыңжаң, Оңтүстік Түркістан - қазір Ауғанстанға қарасты аумақ, Батыс Түркістан немесе Ұлы Түркістан – Орта Азия мен Қазақстан. 1936жылы Берлин қаласында Еуропада жүрген Түркістан жастарының алдында сөйлеген сөзінде ол былай дейді: «Бүгін Қазақстан, Қырғызстан, Қарақалпақстан, Түркіменстан һәм Тәжікстан деп, жат үкімет күшін алты жұмхұриетке бөліп тұрған Түркістан – бөлінбес, айнымас бір өлке. Халқының қаны бір, тілі бір, діні бір. Бәріміздің құбыламыз – өзіміздің ата жұртымыз, өлкеміз Түркістан болмақ! Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан беру – бәрімізге бір мақсат... Түрік халқы – батыр халық. Түрік халқы – арыстан ер халық. «Кімнен таяқ жегендей біздің түріктің баласы, алдырып жүрген дұшпанға ауызының аласы». Бұл нақыл сөзді ұмытпауымыз керек.

Сол кезде тек қазақ даласы, Түркістан ғана емес, Ресей шет аймақтарының барлығы большевиктердің өкімет билігін өздеріне алғанға дейін мәлімдеген: «Ресейдің құрамына кірген барлық ұлттардың емін-еркін бөлінуге және дербес мемлекет құруға деген құқы танылуға тиіс. Мұндай құқты жоққа шығару және оны іс жүзінде жүзеге асыруға кепілдік беретін шаралар қолданбау – басып алу немесе жаулап алу саясатына барабар» деген ұстанымына сеніп, дербес ұлттық мемлекеттер болмаса, Ресей құрамында автономия құруға ұмтылды. Большевиктер Ресей мен Шығыстың мұсылман еңбекшілеріне үндеу жолдап, уәделерін еселей түсті: «Уақытты өткізіп алмаңыздар, ғасырлар бойы жерлеріңізді жаулап алып келгендерді серпіп тастаңыздар! Ендігі жерде күлге айналған жерлеріңізді олардың тонауына жол берменіздер! Өз елдеріңіздің қожайыны өздеріңіз болуға тиіссіздер! Тұрмыс-тіршіліктеріңізді сіздер өздеріңіздің салт-дәстүрлеріңізге

сай, өз қалау-ықтиярларыңызға орай құруға тиіссіздер!». Бостандық арманына қол созым қалды деген осы емес пе.

1919 жылғы ақпанда Мұстафа Шоқай Маңғыстауда Форт-шевченко қаласында кемеге отырып Әзербайжанға өтті. Бұл оның туған жерден біржола кетуі еді. Еуропа халықтарының да тілін білген Мұстафаны шетелге кетіп, күресті идеологиялық тұрғыдан жүргізуіне кеңес берген Әлихан Бөкейханов болыпты. Елде қалғандар кеңес өкіметін мойындағандарымен, оларды кеңес өкіметі тірі қойған жоқ, тірі қалғандарын дәрменсіз етті. Күресті жалғастырған қазақтан жалғыз Мұстафа Шоқай еді.

М. Шоқайдың шетелдегі саяси қызметінің ең таласты кезеңі гитлерлік Германиямен байланысты. Немістер оны 1941 жылдың жазында Франциядан Берлинге алып кетіп, өз мақсаттарына пайдалануды ұйғарған. Мұстафаны тұтқын түркістандықтардың тізімін жасауға, білімін, мамандығын анықтауға жұмсаған. Осы орайда айта кететін бір мәселе- орыс, славян емес тұтқындардың санын анықтау, олардың көңіл ауданын барлау мақсатында немістер 25 комиссия құрған екен, оларға кеңестік шығыс халықтарының 600-ге жуық адамы – саяси елауғандар тартылыпты.

Тұтқындар лагерьлерін аралап, ондағы адам төзгісіз ауыр жағдайды көргеннен кейін және оны титтей де болса жеңілдете алар амалы жоғына күйзелген Мүсекең өзін пайдаланғысы келіп отырған неміс генералы (группенфюрер) С.Иоахим дегенге шарасыздықтан мынадай хат жазады: (Гете, Фейербах, Бах, Бетховен, Шопенгауер сияқты ұлыларды тәрбиелеген ұлттың тұтқындарға жасап отырған зұлымдығын көре отырып, мен Түркістан легионың басқару туралы ұсыныстан және сіздермен әрі қарай жұмыс істеуден бас тартамын». Бұл өзіне үкім шығарумен барабар еді. Көп ұзамай ол 1941 жылғы 27 желтоқсанда Берлиндегі Виктория ауруханасында жұмбақ жағдайда көз жұмады. «Сүзектен қайтыс болды» деген анықтама толтырылады. Қазір зерттеушілер ол кімнің тарапынан болса да – немістердің, әлде серігі өзбек Вели Каюмнің (легион басшысы болғысы келгендіктен не немістердің жұмсауымен), не кеңес жансызының қолынан қастандықтан өлген деген болжамға келіп отыр.

Бүгінде Түркістан халықтары тәуелсіз мемлекеттер. Қазір түркі мемлекеттері басшыларының, парламенттерінің ынтымақтастығы, мәдени байланыстар сияқты жоғары деңгейдегі қарым-қатынастар Мұстафа Шоқай арманының орындалғандығы.

Саяси күресте иықтас болып, бір-бірінің қадірін білген замандасы Украина республикасының сыртқы істер министрі, профессор А.Шульгин былай деп жазған екен: «Түркістан бір күндері жаңарып, өз батырларын еске алатынын, Мұстафаға Перовскіде, Ташкентте ескерткіш қоятынын білмеймін. Бірақ халық оған өз жүрегінен ескерткіш орнататынына кәміл сенемін».

Иә, солай болды. Мұстафа аңсаған, сол үшін күрескен тәуелсіз заман келді. Қазір еліміздегі және шет елдердегі бұрын қол жетпеген құжаттарды саралау, мәселенің ақ-қарасын ашу мүмкіндігі туды.

***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Шоқай М. Таңдамалы. I-II том. Алматы 1998ж
2. Есмағанбетов. К.Л. Әлем таныған тұлға. Алматы 2009ж
3. Шоқай М. Түркістанның қилы тағдыры. Алматы 1992ж
4. Шоқай М. Естеліктер. Стамбул 1997ж
5. Қара Ә. Мұстафа Шоқай Алматы 2004ж

**М.ШОКАЙДЫҢ КЕЙБІР ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТӘУЕЛСІЗДІК  
ИДЕЯЛАРЫ**

**Жусупбекова М.Қ.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті  
«Құқықтану» кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты

Мемлекет тәуелсіздігі, құрметтейтін және өз тарихын, оған қалай қол жеткізгенімізді білуді талап ететін, ерекше құндылық болып септеледі. Адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары басты құндылықтар болып есептелетін, егеменді, тәуелсіз және құқықтық Қазақстан мемлекетінде еліміздің өткенінің сараптайтын мемлекеттік-саяси идеяларын зерттеуге баса назар аударылады. Қазіргі таңда ұлттық зиялылардың белгілі бір өкілдерінің мемлекеттік – құқықтық көзқарастарын зерттеуге үлкен назар аударылып отыр. Себебі, тәуелсіз елде өмір сүріп жатқан әр бір азамат өз тарихын, тәуелсіз мемлекет идеясы қай жерден бастау алатының және осы тәуелсіздікті орнату үшін үлес қосқан тұлғалардың қызметін білуге міндетті.

XX ғасырдың басындағы заң ойларының қалыптасуымен дамуында үлкен үлес қосқан және Түркістан автономиясының негізін қалаушыларының бірі болып табылатын қазақ зиялылардың ерекше өкілі ретінде Мұстафа Шоқайды тануға болады. Ғалымдардың зерттеулері бойынша Мұстафа Шоқайдың қызметі және оның мемлекеттік-құқықтық идеяларымен көзқарастарының қалыптасуын үш кезенге бөлуге болады. Бірінші кезен – М.Шоқайдың саяси-құқықтық ілімдерінің қалыптасу кезені, ол оның балалық шағынан басталып 1916 жылғы дейінгі мерзімді қамтиды. Екінші кезен - 1917 жылдан 1920 жылға дейінгі мерзім – М.Шоқайдың белсенді мемлекеттік – құқықтық қызметін қамтиды. Бұл кезенде М.Шоқай Түркістандағы Уақытша үкімет өкілі, Түркістан автономиясының премьер-министрі болады және түрік халықтарының бірінғай мемлекеттілігін құру

туралы пікірлер айтады. Үшінші кезен 1920 жылдан 1940 жылға дейінгі мерзімді қамтиды. Бұл кезенде ол тоталитаризм мен тоталитарлық режимдерді қатан сыншысы болады.

Осы үшінші кезендегі М.Шоқайдың кейбір еңбектеріне назар аударып көрсек.

Ең алдымен, «Түркістан Республикаларының Конституциясы (О конституциях Туркестанских республик)» атты мақалада 1937 жылдың ақпан айында Түркістан Республикаларының жаңа Конституцияларын талқылау және оларды қабылдау жөніндегі съездер өткен туралы пайымдалған. Бұл Конституциялардың бәрі Мәскеу Конституциясына сәйкес, тек бір-бірінен баптардың санымен, атауларымен ажыратылады деп белгіленге, бірақ осыған қарамастан Түркістандық Конституцияларда ұлттық дербестіктің жоғары қағидасы негізделген екінің тұжырымдайды.

Автор мақалада ерте ме, кеш пе ұлттық дербестік пен тәуелсіздік қағидасы белең алып, нағыз Түркістанның тәуелсіздігі орнайтынына сенім білдіреді. Сонымен қатар мақалада Түркістан Республикаларының басшылық органдарында, соның ішінде Өзбекстанда, билік басында орыс ұлтты адамдар басқарып отырғанын сөз етеді. Осыған байланысты автор Акмаль Икрамовтың съезде сөйлеген сөзін келтіріп, оған түсініктеме береді, яғни Акмаль сияқтылардың бәрі өз істерін басқарған емес, Мәскеуден келген бұйрықтарға бағынған, соны жүзеге асырған деп тұжырым жасаған [1, 382б.].

Мұстафа Шоқай мақалада елдің келешегі өсіп келе жатқан жас ұрпақтың қолында екені, олар Туркестан мен Ресей арасындағы айырмашылықты ажырата алатынына сенім білдіреді және Туркестан Республикаларының бәрінің Конституцияларының 15-ші бабы шын мәнінде КСРО құрамынан дербестік алып шығуына құқық беретініне тоқталады.

Мақаланың құндылығы қазіргі таңда жоғары, себебі, шығармадағы мәліметтерді мектептерде, орта және жоғарғы оқу орындарындағы «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Қазіргі заман тарихы» пәндерін оқытуда және тарихи зерттеулер жүргізген кезде пайдалануға болады.

Екінші мақаласы - «Кеңес Конституциясы төңірегінде» «Вокруг новой сов[етской] Конституции» атты мақала. Бұл мақалада жаңа Кеңестік Конституция қандай жағдайларда қабылданғаны және оны қабылдауына қандай себептер әсер еткені, бұл құжат кімдердің рухын көздейтінін, халыққа осы жаңа Конституция не беретіні туралы айтылған. Мұстафа Шоқай жаңа Конституцияның қабылдануы іштей «лениндік партияның» құлдырауымен және сырттан келетін соғыстармен байланыстылығына тоқталып, осыменен Сталин партиядағы марксистік идеологияға қарсы күрес жүргізіп, партия қатарын тазалай бастады, совет үкіметі буржуазиялық демократиясы бар елдермен жақындаса бастады деп көрсетеді.

Мақаланың негізгі идеясы жаңа кеңестік Конституция «Сталиннің хартиясы» болып табылатыны және орыс емес халықтарға дербестік беру мәселесінің бұрмаланғанында жатқанын белгілейді. Мұстафа Шоқай 1936 жылы 23 қарашасындағы «Известия» газетінде жарық көрген «Біз ұлттық мақтанышқа толымыз!» (Мы полны национальной гордости!) атты мақаласында келесі сілтемелерге назар аударады: «... қазір орыс мәдениеті кеңестік елде бүкілхалықтық байлыққа айналды және соның таусылмас қайнар бұлағынан кеңестік отанның сансыз халқы өздеріне күш алады. Орыс халқы Кеңестер халықтарының ортасында тұр. Ол барлығымен тең тұр, барлығынан ең күшті жұмыс істейді» «...ныне русская культура стала всенародным богатством в советской стране и из ее неиссякаемых источников черпают силу для своей культуры многочисленные народы советской семьи. Русский народ стоит в центре семьи народов страны Советов. Он стоит, как равный, работает, как самый сильный» [2, 325б.].

Автор осы ойлардың Сталин Конституциясының негізгі рухы екендігін, сондықтан мұндай рух Кеңес Одағы халықтарының алдында ештемені ашпайды, керісінше барлығын жауып тастайды дейді. Сонымен қатар, автор жаңа кеңестік Конституция қабылдануымен еліміздің түкпір-түкпірінде ұлтшылдардың контрреволюциялық қозғалыстардың күшейгені туралы түркістандық кеңестік газеттер, 1936 жылғы 30 желтоқсанындағы «Казахстанская правда» және 1937 жылғы 6 қаңтарындағы «Социалды Қазақстан» газеттерінде жаза бастағандығын пайымдайды.

Автор Конституцияның 17-інші бабына тоқтап, осы бапқа Сталиннің берген түсініктемесіне талдау жасаған. Бұл бапта әрбір одақтық республиканың КСРО құрамынан санына, мәдени дәрежесіне қарамастан дербес ұлттық мемлекет құруына құқығы бар делінген. Ал 1921 жылы Сталин бұл құқықты еуропалық және американдық отар елдерге тиесілі, ал Ресейдің жаулап алған республикаларының ішінен КСРО қатарынан шыққысы келмейді деп түсіндірді деп көрсетеді.

Мақала орыс-кеңес ұлы державалық үшін орыс емес халықтардың ұлттық құқығына қысым көрсетушілік барлығымыздың көздерімізді ашып, жалғыз мүмкін және қажетті жолды, күрес жолын таңдауды, барлық күштердің бірігуі және барлық күшпен қайта туған ұлы державалық империализміне қарсы күресудің қажет деп белгілейді. Мұндай жол жаңа конституция қабылданғаннан кейін айқындала түсті деумен мақала аяқталады.

Жалпы алғанда мақаланың үлкен тарихи мәні бар, ол кеңестік кездегі саясаттың, саяси құбылыстардың кейбір тұстарын, қоғамдық өмірдің барлық салаларында орыс ұлтшылдығының орнағанын, орыс емес халықтардың құқықтарына қысымшылық көрсетілгенін танытады.

М.Шоқай өмірінің жартысын эмиграцияда өткізді, бірақ сондада оның ойлары мен істері тәуелсіз және бірінғай Түркістанды құруды көздеген. Ол бір кездері дербес тәуелсіз туған еліне оралатына сенімді еді. М.Шоқайдың

түркі халықтарының совет империясына қарсы ұлттық азаттық күрестін идеялық негіздерін дайындауда еңбегі зор. Ол болып жатқан құбылыстар мен өзгерістерге жан жақты сараптама жасап, советтік биліктің ұлттық саясатын қатан сынайтын. М.Шоқайдың негізгі мақсаты – тәуелсіз мемлекет құру. Ол туралы оның еңбектері дәлел болып табылады, онда М.Шоқай Түркістанды бөлінбейтін, бірегей ұлттық мемлекет ретінде көрсететін.

Сонымен, М.Шоқайдың көз қарастарын зерттей келе, мемлекеттіліктің заманауи түсінігі мен белгілері сол кезде пайда болған деп тұжырымдауға болады. Тәуелсіздіктің заманауи түсінігі елдің ішіндегі тәуелсіздікті, сонымен бірге халықаралық қатынастардағы тәуелсіздікті қамтиды. Яғни, әр мемлекет өзінің ішкі мәселелерін өз шешеді және сырттан біреудің араласуына жол бермейді дегенді білдіреді. Мемлекеттің белгілері болып: аумақтық тұтастылық, барлық халықтың бірлігі, мемлекеттің тұтастығы болып белгіленді. Сол кездің өзінде М.Шоқай қазіргі таңда өзекті болып табылатын көптілдікті дамыту идеясын да насихаттаған. Сондықтан, мемлекет тәуелсіздігін құрметтеуді жастарға үйретудің мәні зор және олардың бойына қазақстандық патриотизмді сіндіру қажет деп білеміз.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. М.Шоқай. «Түркістан Республикаларының Конституциясы (О конституциях Туркестанских республик)». Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық – 9 т. – Алматы: «Дайк – Пресс» баспасы. - 2014. – 568 (382) бет.

2. М.Шоқай. «Кеңес Конституциясы төңірегінде» «Вокруг новой сов[етской] Конституции». Шығармаларының толық жинағы: Он екі томдық – 9 т. – Алматы: «Дайк – Пресс» баспасы. - 2014. – 325 бет.

## **МҰСТАФА ШОҚАЙ ЖӘНЕ 1916 ЖЫЛ ОҚИҒАСЫ**

### **Әбілов А.Ә.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты

Қазақ елі тарихындағы ерекше тұстың бірі – ХХ ғасырдың басы екені анық. Бұл тұстың қазақ мәдениеті, қазақ әдебиеті үшін бергені де аз емес. Бұл кезеңде алғашқы қазақ газеттері мен журналдары өмірге келді, олар халыққа ел жағдайын жеткізумен қатар, сол тұстағы әдеби дамуға да үлес қосты, қазақ қаламгерлерінің әңгіме, өлеңдері және т.с.с сол кезеңде алғаш осы газеттер мен журналдарда жариялана бастады, алғашқы қазақ романдары, альбомдық өлеңдер, көркем очерктер және т.с.с өмірге келді,

яғни, қазақ әдебиеті жанрлық жағынан өсті, байыды, көркем аударма өнері жаңа сапалық деңгейге көтерілді, баспалардан қазақ тіліндегі кітаптар көптеп шыға бастады. Сонымен қатар, бұл тұс қазақ даласы үшін сан түрлі саяси – әлеуметтік оқиғалараға толы болды. Осы кезең туралы К. Бисембиев: «XX ғасыр басында қазақ даласындағы қоғамдық санаға түрлі әлеуметтік – саяси, философиялық, қоғамдық тенденциялар мен құрылыстар әсер етті», – деп жазады [225-237.]. Бұл жағдай ғасыр басындағы және соның алдындағы қазақ даласында болған саяси – әлеуметтік және шаруашылық жағдайындағы өзгерістермен тікелей байланысты еді.

XX ғасырдың басы қазақ қоғамы үшін өте ауыр болды, орыс патшасының қазақ даласына қысымы күшейді, елде басқару тәртібі өзгерді, экономикалық жағдай өзгеріске түсті, теміржол мен өндіріс орындарында қазақ ұлтының жұмысшы табы қалыптасты. Патшалық Ресейде 1905 жылы болған буржуазиялық төңкеріс орыс империясын тәлтіректетіп кеткен еді. Жағдайды түзеу үшін патша үкіметі орыс шаруаларының Орта Азия мен Қазақстанға көптеп қоныс аудартты, солармен қатар қазақ даласына патша саясатына қарсы көзқарастағылар да көптеп келді. Деректерге қарап отырсақ, 1917 жылға дейін орыс қоныс аударушыларына қазақ даласының ең шұрайлы жерлерінен 45 миллион десятина жер бөлініп беріліпті, ал бүкіл Россияда сол кезде шаруалардың иелігінде 75 миллион десятина жер болған екен [2, 15. ]. Бұл факт орыс патшасы қиянатының анық көрінісі екені даусыз.

Ал, 1916 жылғы 25 маусымдағы патшаның майданның қара жұмысына қазақтан адам алуы туралы жарлығы осы асқынған ахуалды онан сайын ушықтырып жібергені хақ. Бұған дейін де қазақ даласында патша билігіне қарсы әр жерде толқулар, ереуілдер болып тұрды, мысалы, 1915 жылғы Екібастұз көміршілерінің, Орынбор-Ташкент теміржолшыларының, Спасск мыс зауыты жұмысшыларының ереуілдері, 1916 жылғы Қостанай, Семей және т.б. уездердегі толқулар, 1916 жылғы Сексеуіл депосы жұмысшыларының ереуіл және т.б., бірақ оларда дәл осы оқиғаға қатысты сияқты ел бүкіл халық болып атқа қонбаған болатын. Осы жағынан келгенде, бұл Кенесары көтерілісінен кейінгі аса үлкен көтеріліс болғаны хақ. Көтеріліс қазақ даласының әр тұсында болып жатты. Бұған халық ақындары жырлары да толық куәлік бере алады. Мысалы, Ж.Жабаев өлеңдерінде Ұзынағаш, Қордай маңындағы көтеріліс туралы айтылса, Иса Дәукебаевтың «Бекболатында» Алматы, Қаскелең маңы, Омар, Күдері, Сәт ақындарда Торғай аймағы, Алтай Сүйіншәлиевте Мерке, Луговой, Аспара, Шу (Ақкөз батыр) Кеген маңы, Біржан Берденовте Қызылжар маңы, Жүсіпбек Жиенбековте Қарқаралы төңірегі, Төлеу Көбдіковте Шығыс Қазақстан төңірегіндегі оқиға суреттеледі.

Бұл көтерілістің ішіндегі ең ірісі – Торғай даласында болған көтеріліс болса, ол кең қанат жая отырып, 1917 жылғы социалистік төңкеріске ұласқаны белгілі. Жоғарыда баяндалған патша жарлығы шыққан тұстағы

жағдайды қазақ зиялылары де, ел де түрліше қабылдады. Бірі, мәселен М.Дулатов, А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов және т.с.с. елдің патша өкіметінің қанауына қарсы болғанын құптағанмен, майдан қара жұмысына қазақ азаматтарының баруына қарсы болған жоқ. Олар қазақ жігіттерінің майдан жұмысына барғаны дұрыс деп білді. Өйткені олар: біріншіден, қазақ жігіттері майдан даласын көрсе – ширайды, әскери өмірден хабары болады, саяси көзқарасы қалыптасады, оянады деп ойласа, екіншіден, қолында шоқпардан басқа қаруы жоқ қазақ патшаның қарулы әскерінің қырғынына ұшырайды деп қорықты. Бұл шындығында да солай болды, қазақ даласы қанға бөкті. 1917 жылғы қазан төңкерісі болмағанда 1916 жылғы көтеріліске қатысушылар ғана жазаланып қоймас еді, патша билігі бүкіл қазаққа одан әрмен тізесін батырған болар еді, атылғандар мен асылғандар, итжеккенге айдалғандар саны тіпті көп болар еді. Екіншілері, С.Көбеев, С.Торайғыров, С.Дөнентаев және т.б. істің ақырын күтті. Мұны олардың шығармаларынан анық аңғаруға болады. Үшіншілері, патша жарлығына қарсылығын білдіріп, шығармаларында күреске үндеді, күрес туралы жырлады.

Деректерге сүйенсек, 1916 жылғы көтерілістің қазақ халқы үшін өте тиімсіз болғанын көреміз. Атылғандар, асылғандар мен итжеккенге айдалғандардың нақты саны әлі де анық емес. Батыс майданның өзінде қара жұмыста 13 жарым мың қазақ болған. Бұл деректер Ә.Бөкейхановтың өзі бастап барған тексеру комиссиясының есебінде бар. Қалғаны оңтүстік – батыс, Солтүстік майданына жіберілген. Алаш зиялылары жоғарыда айтып өткеніміздей, майданға баруды қолдап қана қойған жоқ, өздері де сол майдан даласына барып, комитеттер құрып, ондағы қазақтар жайын бақылап отырған. Берік Әбдіғалиұлы: «Орташа есеппен қара жұмысқа 100 мыңдай қазақ шақырылғын, 20-30 мың қазақ майданның қара жұмысына алынып, қалғандары зауыттарда жұмыс істеген, каналдар қазған» [3.], – деген дерек келтіреді. Бұдан көретініміз – 1916 жылдың қазақ халқына төтенше нәубет әкелгендігі.

1916 жылғы көтерілістің патша билігіне, жоғарыда аталатын жарлыққа қарсы шыққаны анық, бірақ ол өкіметке тәуелсіз ел болу, өз елін өзі басқару мәселелерін қоя алған жоқ және оған ел дайын да емес еді. Бұған қатысты жәйтті М.Шоқай мақалаларынан анық аңғаруға болады. Мұстафа Шоқай кейде ашық, кейде мәтін астарында осы оқиғаны «ұлт-азаттық көтерілісі» деп атау орыстар үшін өте пайдалы екенін жеткізеді. Мұндай жағдайда олар бар айыпты қазақтарға аударып салып, жазалау мақсатында атылған, асылған, көтеріліс кезінде өлген, опат болған, жараланған, майдан азабын тартқан, жат жерде өлген және т.с.с. төлем төлеуден құтылып кетеді. Патша үкіметі дәл осы қулыққа барды. Бұған қатысты М.Шоқай «Сағидолла Тұрсынқожаны «тазалауға» байланысты» деген мақаласында біраз дерек береді. Негізі Алаш қозғалысына қатысқан ірі қайраткер, Түркістан жеріндегі азаттық күресі топ бастаушыларының бірі, публицист ғалым



Мұстафа Шоқайдың бұл мақаласы кеңес билігінің 1930 жылдардағы қитұрқы саясатын әшкерелейтін еңбек болғанмен, біз айтып отырған мәселеге қатысты да құнды еңбек.

Мақала ізі сонау 1916 жылдар оқиғасына бастайды. XX ғасырдың алғашқы ширегі қазақ халқы үшін дүрбелеңді болғанын мақаладан анық байқауға болады. Кешеге дейін, тіпті осы күні де үлкен бір ерлікке толы күрес ретінде бағаланып, оқытылып келе жатқан 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің қазақ халқы үшін үлкен нәубет болғанына осы мақаладан да көз жеткізуге болады.

Мұстафа Шоқай болса сол кезгі оқиғаларды көзімен көрген, өзі соған араласқан және оған әділ баға берген адам. Тарихи деректерге жүгінсек ол 1916 жылы Ә.Бөкейхановтың ұсынысымен Мемлекеттік думадағы Мұсылман фракциясы жанындағы бюроға мүше болып, онда хатшылық қызмет атқарады. Түркістандағы көтерілістің себеп-салдарын тексеруге Мемлекеттік дума Ташкентке арнайы комиссия аттандырғанда, оның құрамында депутаттар А.Керенский, Тевкелевтермен бірге Мұсылман фракциясы жанындағы бюро мүшелері Ш.Мұхамедияров пен Мұстафа Шоқай да болды.

Жергілікті халықтың жағдайымен терең танысу мақсатында Мұстафа Шоқай Ташкентпен ғана шектелмей, Самарқанд пен Әндіжанда болып, жергілікті жағдаймен танысқан. Петроградқа оралғаннан кейін өзі жинаған материалдар негізінде 1916 жылғы көтеріліс кезінде билік орындарының Түркістан халқын аяусыз қуғын-сүргінге ұшыратқаны туралы Мемлекеттік думада Мұсылман фракциясы атынан жасалатын мәлімдеме мәтінін әзірлеген. Міне, ол өзі білетін осы жәйттің ақиқатын аталмыш мақалада ашық айтады.

Автор 1916 жылғы көтеріліске қатысты Мемлекеттік Думан комиссиясының Әндіжанға тамыздың 26-да келгенін, рұқсат берілмесе де Құтлық Махмуд мырза Төкіл (Тевкелев) пен Керенскийдің Әндіжан мешіті алаңынжа митинг өткізгені, оған 2-3 мыңдай адам жиналғаны, олардың барлығы да мұсылмандар екені, Сағидолла Тұрсынқожаның аудармашылық жасағаны, комиссия құрметіне берілген қонақасыда Сағидолланың төңкерісшіл бағытта сөйлегені, сонан соң Әндіжаннан қашып кеткені, Дума мен Үкіметке есебінде Тевкелевтің «Түркістан халқы патша жарлығына наразы», Керенскийдің «Түркістан халқы түгелімен патша үкіметіне дұшпан» деп көрсетуі жайлы баяндайды. Бұл деректер де саяси және тарихи мәнге ие.

Бұдан соң ол: «...Алайда Түркістандықтардың тілегені болмады. Патша үкіметі қарулы күшке сүйеніп бізді жеңді...Осы тұста тағы бір шындықтың беті ашылып қалды. Түркістандағы орыс жұмысшылары мен орыс мұжығының бәрі біздің халыққа дұшпан екенін көрсетіп алды. 1917 жылғы төңкерістен соң, біз дұшпандықты достыққа айналдыру үшін көп еңбек еттік. Бірақ жағдай бәрібір өзгермеген күйінде қалды...Орыстардың бізге

деген дұшпандығының нәтижесінде 1916 жылы халқымыздың басына түскен шексіз ауыртпалық пен жәбір-жапаны, енді, міне, 1934 жылға келгенде, орыс пролетариат диктатурасы Түркістандағы ұлтшыл бұқараның мойнына жүктеп қоюға әрекет жасап отыр» [4,63.] - деп көрсетеді. Бұдан біз орыс шовинизмінің кеңес билігіне дейін де болғанын, 1917 жылдан соң оның жалғасқанын, қазақ елінің достыққа ұмтылуын, кеңестік биліктің 1916 жылғы көтерілістер қасіретін Түркістан ұлтшыл бұқарасына аудармақ ниетін аңғарамыз.

Жоғарыда аталғандардың барлығы да жоғымызды іздеп, жоғалтқанымызды түгелдеп жатқан бүгінгі таңда ерекше маңызды деректер деп білеміз, бұл жәйт мақаланың аса құнды, қазақ қоғамының дамуында ерекше жүк көтерер еңбек екенін көрсетеді. Шындығында да М.Шоқайдың бұл пікірі 1916 жылғы оқиғаға берілген алғашқы нақты баға екені хақ. Бұл мәселе әлі де тереңірек зерттеуді қажет ететіні анық, яғни, келер күндер міндеті деп білеміз.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Бисембиев К Очерки истории общественно – политической мысли Казахстана Алма – Ата; Знания,1976.
2. Бисенғалиев З XX ғасыр басындағы қазақ прозасы А,2000.
3. Әбдіғалиұлы Б Қара жұмысқа барғандардың тағдыры әлі зерттелмеді / «Қазақ әдебиеті» газеті, 2016 жыл 5 тамыз, №29 (3507)
4. М. Шоқай Таңдамалы шығармалар. 3 томдық. 2том, Алматы «Қайнар» 2007.

## **ЕГЕМЕНДІГІМ ДЕГЕН ЕР ТҰЛҒА**

### **Тухмарова Ш.К.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті  
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-саяси ғылымдар» кафедрасының аға  
оқытушысы, саясаттану ғылымдарының кандидаты

**«Бұхара қозғалысы (Бухарское движение)»** атты талдамалы мақаласы (автордың айтуынша заметкасы) 1922 жылы 1-2 сәуір аралығында жазылған.

Қоғам қайраткері, тарихшы, журналист, публицист Мұстафа Шоқайбейдің бұл мақаласында Бұхара, Хорезм (бұрынғы Хиуа) және Түркістан сияқты мұсылмандар тұратын елді мекендерде советтік биліктің қалай келгендігі, ондағы халықтың жағдайы, ел басқарған азаматтардың іс-әрекеттері баяндалады. Батыс оқырмандарына орыстардың шынайы саяси ұстанымдарын танытуды, оқиғаның шын мәнінде қалай өрбіп жатқандығынан хабардар етуді мақсат еткен. Әсіресе, аталған елді-

мекендердегі халықтың еркіндігі мен тәуелсіздігі мүлдем жоқ екендігін, 1918 жылдың наурыз айынан бастап, большевиктердің ешқандай ескертусіз, себепсіз Бұхараға қарсы соғыс жариялағандығын айтады.

М.Шоқайдың жазбасында: «Эмир, вообще мало связанный с интересами своей страны, уклонился от вооруженной защиты ханства от вторгшихся в его пределы неприятельских войск...», - деп көрсетеді.

Ел тарихында Тәуелсіздікке дейінгі жүріп өткен жолымыздың, орын алған оқиғалардың мәліметі М.Шоқай шығармаларында сайрап жатыр. Кешегі тарихымыз: ақпан революциясы, советтік республиканың орнауы, орыс саясаты, елдегі көтерілістер мен саяси оқиғалар, ұлт азаттық көтерілістер шындығын білу, оны жас ұрпаққа таныту біздер үшін аса құнды.

Мақалада көрсетілгендей Бұхара жеріне орыстардың дендеп енуі 1918 жылы басталды. Ал, оған дейін 1917 жылы Орта Азияның басым бөлігінде большевиктер билік құрып, тіпті орнығып та үлгерген еді. Орыс әскері жағынан да, дайындығы мен қару-жарақтық жағынан да әлдеқайда басым екендіктерін алғашқы күннен-ақ көрсете алды. Бұған дейін де орыс патшалығының өкілдерімен бірге ел билеген Эмир әрекеттері де сипатталады. Оның үстіне жасбұқаралықтардың бас көтеруі де жиілеген кез. Ақыры түркістандық халық Кеңесі комиссарлары мен бұхаралық Эмир арасында бейбіт келісім орнайды. Бірақ жұмысшы халық бүкіл орыс халқына деген өшпенділікті қалыптастырып үлгергенін орыс пулеметтері мен пушкаларына қарсы дәрменсіз болса да теміржолдар мен телеграф линияларын істен шығарып, партизандық іс-әрекеттердің жиі көрініс ала бастағанын да нақты мысалдармен келтіреді. Орыстардың Бұхара, Зиадин елді мекендерін қиратқандықтарын да жасырмайды. Сонымен бірге жасбұхаралықтардың осы оқиға барысындағы өздері мен халқының тағдырына алаңдаушылық білдіргендігін де баяндайды. Әсіресе, советтік Россияның сол кездерде Түркия мен Ауғанстан мемлекеттерімен тығыз байланыс орнатып үлгерген Бұхараға берген яғни тәуелсіздігі мен еркіндігін сақтаймыз деген уәдесін орындайтындықтарына бастапқы кезде сенгендігін жасбұхаралықтардың бірінің басшысынан алған хатында жазғандығын да жасырмайды. Дегенмен, әрине жағдай олар күткендей болмайды, Мухиддин-мағзумның қарамағындағы 300 жігітімен көтерілісшілер жағына шығуы, сондай-ақ Энвер-пашаның, Осман-Қожаның, ішкі істер комиссары Әли-Риза-бектің, Термез бекінісінің коменданты Хасан-бектің, Хаджы-Сами-бектің де көтерілісшілер жағына шығуы мәселені біршама шиеленістірді. Нәтижесінде 1921 жылдың өзінде 50000 түрікмен Ауған шекарасынан өтіп, қорған сұрады. Осындай ақпаратты совет билеушілері шетелдік басылымдардан мейлінше жасыруға тырысты.

Яғни, автор болған оқиғаны сырттай хабарлап қана қоймайды, оны түсіндіруді мақсат етуімен де ерекшеленеді. М.Шоқайдың көзқарасы бүгінгі таңда маңызды мәнге ие.

Адам қоғамды жасаушы, оның белсенді мүшесі. Сондықтан оның өзі өмір сүрген қоғам туралы естелігі, ойы, пікірі қашанда құнды. Яғни, субъектінің тарихқа деген көзқарасы, оны танып-білуі ғылым үшін, әсіресе гуманитарлық ғылым үшін аса қажетті дерек көзі деп білеміз.

«**Бұхара тәжірибесі** (Бухарский опыт)» атты мақаласы 1923 жылы 29 шілдеде Париж қаласында жазылған.

Орыс тілінде (құраст.К.Есмағанбетовтің) жмнағында жарық көрген аталмыш тақырыптағы мақаласының соңына «*Дни.Париж.1923. 2 августа*» деп көрсетілген. Мақаланы жазу барысында М.Шоқай барлық келтірілген мәліметтер нақты құжаттар мен Бұхарадан жазылған хаттарды негізге алғандығын, және сол хаттардан үзінді келтіру арқылы ерекше атап көрсетеді.

Мақалада Бұхара қозғалысының Шығыс мұсылман елдерінде советтік биліктің ықпалының даму барысы, конфликтінің шығу төркіні мен көтерілісшілердің, оларды бастаушылардың көзқарастары, бұхар конституциясының негізі халықтың еркіндігі мен тәуелсіздігінің аяқасты болып отырғанын нақты құжаттарға сүйене отырып, түсіндіреді.

Бұқара сол кездегі КСРО құрамына енген республикалардың қатарында болған жоқ, тек орыстармен келісім арқылы қарым-қатынас орнатты. 1922 жылы 19 тамызда Бұқар съезінде қайта қаралып, қабылданған Бұқара Конституциясының 3 бабында: «Бухарская народная советская республика, в нынешних своих правах, объявляется единым, неразделным, свободным государством», -деп бекіткенін көрсете отырып, Бұқара азаматтары әлеуметтік жағдайына байланысты бөлінбейтінін де жазады. Сонымен бірге 25 жасқа толған барлық бұқаралықтар партияда болған болмағанына қарамай ел билігіне белсенді түрде араласып (57 бап), сайлауға қатыса алатындығын да көрсетеді. Сонымен бірге жеке мүліктік еркіндік, сөз бостандығы, бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндігі, барлық азаматтар үшін тең берілетін саяси еркіндік мәселесі де осы құжатта қабылданған.

Конституцияны білу, заңдылықты сақтау-құқықтық мемлекет құрудың бірінші шарты. Конституцияны қабылдаудың өзі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын кеңейту, нығайту және оларға кепілдік беру үшін де қажет екендігін, құжаттағы барлық баптардың сақталуының керектігіне де М.Шоқай назар аудартады.

Бұқар халқының суверенитеті КСРО мен БНСР арасында 1921 жылы 4 наурызда жасалған келісімде де, 1921 жылғы жасалған Орыс-ауған келісінде де (8 бап), осы жылы жасалған Түрік-ауған келісінде де (2 бап), Бұқараның жеке мемлекет ретіндегі тәуелсіздігі құжаттық тұрғыда мойындалған.

Бірақ советтік билік тек құжаттық тұрғыдан ғана еркіндігі бар халыққа конституциядағы белгіленген құқықтарын пайдалануына еш мүмкіндік бермей отырғанын тілге тиек ете отырып, елде осыған байланысты наразылықтың өршіп тұрғандығын және алдағы уақытта ол көтеріліске ұласатындығынан мәлімет

береді. «При братском содействии революционный России нам удастся создать в Бухаре очаг подлинной национальной свободы... на деле же мы лишены возможности устраивать внутри страны жизнь согласно нашей конституции... должны создавать коммунистическую партию и вместо народного суверенитета – по конституции стать под диктатуру этой партии...», - деген бұқаралық билік басындағы басшының жазған хатынан үзінді келтіреді. Сонымен бірге елде тек коммунистік мерзімді басылым ғана бар екендігін, ел суверенитеті дегеніміз жәй әншейін әңгіме деңгейінде ғана қалғандығын, орыстар осы кезде Бұқара халқымен өзбектерше айтса «сарай итінің күшікпен ойынын» көрсетіп отырғандығына нальйды.

Бұқара қозғалысының негізгі тамыры осы оқиғалар екендігін келісімнің әрбір бабын нақты келтіре отырып, бірақ олардың ешқайсысының орындалмай отырғандығын дәлелдейді. Советтік ұлттық теңдік әперу іс-әрекетінің Бұқара тәжірибесінде қалай жүргізілгендігін, қызыл армия атты диктаторлық басқаруға бағынбасқа амалдары қалмаған халықтың мүшкіл хәлін осылай баяндайды.

М.Шоқай мақаласынан сол кезеңдегі Бұқара тарихын аңғарамыз, елдің еркіндікке деген ұмтылысын байқаймыз. Халық ашуын туғызған қаншама оқиғалардың негізсіз емес екендігіне көз жеткіземіз. Осы себепті де «Тұтас Түркістан» идеясына бүкіл ғұмырын арнаған ұлы күрескер М.Шоқай мақаласының тарихи деректік маңызы зор деп білеміз.

«Бүлікшілер халықтың қандай топтарына арқа сүйеді? (На какие слои население опирались повстанцы?)» атты мақаласы 1928 жылы 19 қарашада жазылған.

Мақалада Түркістандағы антимусылмандық сипат алған советтік саясаттың оспадарсыздығы тұрғылықты барлық халықтардың ашу-ызасын туғызып қана қоймай, бір-біріне ашық қолдау көрсетіп, бірігуге итермелегендігі жан-жақты талданған. Мақала «Роль Энвер-паши и Джемал-паши», «Повстанчество в Хиве» сияқты тақырыпшалар арқылы жалпы көтеріліс себептері мен көтерісшілердің ұстанған ұстанымдары, саяси оқиғалар әсері, көсемдерінің кемшіліктері мен артықшылықтары, қазақ, қырғыз, түрікмен ұлттарының бірігіп бірыңғай Түркі мемлекетін немесе Түркістандық түркі советтік республикасын құруға деген талпыныстардың немен біткенін, сәтсіздіктерінің себептерін талдап жазады.

Мақала батыстық оқырмандарға Кеңес еліндегі саяси жағдайлардан хабардар ету үшін жазылған. Барлық ұлттар: қазақ, қырғыз, түрікмен т.б. орыс патшасының, өз елдерінің билеуші бай-шонжарларының езгісінен құтқарған төңкерісті шынымен қуана қарсы алғанын, еркіндік, тәуелсіздікке қол жеткіземіз деген асқақ армандарының болғандығын жасырмайды. Бірақ Кеңес үкіметінің де орыс патшалығынан айырмашылығы шамалы екендігін түсінгендіктен барлық халық көтерілісшілерге қосылуға ниет етеді. Оның себептерін М.Шоқай мақалада былай сипаттайды: орта сауда саттықпен айналысатындар – еркін сауда жасау құқығынан айырылғандықтан, жер меншік иелері – егін егетін тұқымнан айырылып, құнарлы жерлерін

келімсектердің заңсыз пайдаланып жатқандығына наразылықтан, интеллигенттер адам құқығы мен елдің тәуелсіздігі үшін күрескілері келгендіктен, діндарлар – орыстардың мұсылман дініне деген құрметсіздіктерін, өшпенділіктерін байқағандықтан көтерілісшілерге қосылуға мәжбүр болды. «Олай болса, барлық кәсіп иелері мен халықтың басым көпшілігі қолдаған көтерілісшілер неге сәтсіздікке ұшырады, неге жеңіске жете алмады?» деген сұрақ қояды М.Шоқай мақаласында. Бұл сұраққа себептер өте көп деп соның ең негізгілеріне тоқталады, талдайды. Өзінің көзқарасын түркістандық ұлттық қозғалыс лидерінің біразы (М.Шоқай, Ұбайдулла-Қожа және т.б.) көтерілісшілердің сәтсіздікке ұшырайтындығын басынан ақ білгендіктерін баяндайды. Мақалада ең негізгі деген себептерді былай көрсетеді:

1) Көтеріліске қатысқан халықтың қарусыздықтары, дайындықтарының болмауы; (1916 жылғы көтеріліс кезінде барлық мұсылмандардан аңшылық қарулары тәркіленген, тіпті оларға үлкен пышақ немесе қанжар ұстауға да тыйым салынды)

2) Көтерілісшілер арасында байланыс болмады, жүйелі басқару, бір адамға бағынудың болмауы; (әр атаман, әр курбашы, әр батыр өз қолдарын ғана бастады, бір-бірімен келісімге келе алмады, әрқайсысының өзіндік ұстанымы мен мақсаты болды, көбісінің мақсаты жеке бас пайдасы үшін ғана құрылды)

3) Түркістанның ең негізгі нысандарында теміржол, почта, телеграф советтіктердің қарамағында болды, көтерілісшілер бір-бірімен байланыса алмауынан;

4) Мұсылман халықтардың әр тобының өз қарақан бастарын ойлауынан (әр құрбашы, әр атаман Түркістандағы билік басына өзі отырғысы келді, өз отряды ұрыс жүргізген жерлерде атамандар өздерін билік басы ретінде жариялап жүрді, бір-бірін мойындап, бағынғысы келмеді)

Міне, осылай көтерілісшілер орталығы саналған Ферғана облысы бірнеше басмашылардың билік ету елді мекеніне айналды. Ел халқының барлығы қолдаған көтерілістің сәттілікке қол жеткізуінің мүмкін еместігін тағы бір себебі, советтік саясаттың қулығынан аса алмағандықтарынан. Персия, Ауғанстан, Түркия мемлекеттеріне мұсылман халықтарының арасында көтерілісшілер іс-әрекетін «басмашылар бұзықтығы, бассыздықтары» ретінде көрсетіп, ақпарат таратқандықтары да үлкен себеп болды. «Осы елдерден көмек болғанда мүмкін бұл қозғалыс нәтижелі болар ма еді!» деген түйінді ойын да жасырмайды.

Сонымен бірге Түркістандағы көтерілісшілердің сәтсіздіктеріне не біршама талдау жасап, түсіндіреді. Бұл ең алдымен Бұхара пашалары Энвер мен Жемалдардың қате ойлаулары мен Хиуадағы түрікмендер мен өзбектердің арасындағы қақтығыстардың барлығы көтерілістің сәтсіздікке ұшырауына тікелей ықпал етті.

Кеңес билігі «Түркістандық Түркілердің Советтік Республикасы» деген атауға бүкіл түркілердің бір мақсатқа жұмылғанынан қорқып, рұқсат бермейді де Түрікмен, Қазақ, Өзбек, Қырғыз республикалары өмірге келеді.

Сонымен бірге жалпы совет саясатын, тұрғылықты халыққа деген сенімсіздігін, орыс халқын жоғары қоятындықтарын нақты мәліметтер арқылы береді. 1907 жылы әскер дайындау мәселесі бойынша Ташкентте жарық көрген газеттегі заметканы мысалға келтіреді. Әскери дайындықтан барлығы 6000 адам өтсе, оның 2 мың ғана тұрғылықтар жастарға мүмкіндік беріліп, қалған 4000 орыс азаматтарына жағдай жасалған. Мақала авторы М.Шоқай қорытынды пікірінде Түркістандағы көтерілісшілер Түркістан армиясының құрамында қазақтардың саны басымдыққа жеткенде барып, он нәтижеге қол жеткізуі мүмкін екендігін айтады. Бұндай нәтижеге жетпейінші ешқандай да көтеріліс туралы ойлауға болмайтындығын, тек қазақтарды ұлт ретінде қырып алу қорқынышы бар екендігін де жасырмайды.

Жалпы мақалада көптеген тарихи мәліметтер баяндалған. Сол кезеңдегі әсіресе, түркі халықтарының көсбасшылары туралы шынайы ақпаратпен танысуға әбден болады. Түрікмен, өзбек халықтарының тарихында да осы оқиғалар баяндалған. Сондықтан да, М.Шоқай ақпараттарының шынайы екендігіне күмән келтіруге болмайды. Мақаланың негізгі идеясы - қазақ халқы байырғы заманнан бері бірлік пен татулық мәселесіне айрықша мән беріп, оны тірліктің тұтқасы, өмірдің өзегі ретінде бағалап келгендігі, халық бірлігі – егемендіктің, мемлекеттіліктің негізі екендігін түсіндіреді.

«Кеңестік Түркістанда (В советском Туркестане)» атты мақала 1920 жылы 19 шілде мен 2 тамыз аралығында жергілікті газетте (19 шілде, 26 шілде, 2 тамыз №45-47. Вольный горец. Тифлис) жарық көрген.

Өзбек тілінде жазылған «Кеңестік Түркістанда» атты мақалада «түркістандық шындық» дегеніміз не деген сауалға нақты оқиғаларды сипаттау арқылы жауап береді, «Трудно жить в «красном» Туркестане» деп бастап, өзгенің үстінен мәлімет беру, шпионаж дендеген елде өмір сүрудің қаншалықты қиын екендігін сипаттайды. Сонымен бірге партияға деген соқыр сенімнің соншалықты дамығанын, тіпті сол партия «Өгіз бұзаулады» десе сенуіңе тура келетіндігіне күйінеді автор. Партия құрамында жоқ адамға міндетті түрде буржуазиялық тап өкілі ретінде қарау көзқарасының қалыптастып қойғандығы мен жеке адам пікірі мен еркіндігіне деген құрмет атаулының мүлдем жоқтығына қынжылады. Діндар адамдарға бұл елде мүлдем орын жоқтығын да айтады.

Қызыл Түркістанда өмір сүру дегеніміз, - дейді автор, - шаштың бір талынан да жұқа аспан асты баспалдағымен күнделікті өту деген сөз. Егер сен большевик, не қызыл армия өкілі болсаң бұл жолдан қиналмай өтесің, ал егер жақсылығың мен жамандығың тең болса тайғанақтасаң да әйтеуір өтесің, құламайсың (советтік режимге қызмет етушілер туралы), ал

жамандығың жақсылығыңнан басым болса онда төменге қарай, тозақтың отына құлдиладым де (жоғарыда аталғандардан басқаралдың барлығы осы топқа енеді). Тіпті, қызыл Түркістанда өмір сүргеннен гөрі, тозақтың отына күйіп, ыстыққ алақанды қарпыса да сол қызыл шоқтармен атысып ойнаған жақсы. Бірақ адамдар өмір сүріп жатыр, олар тозаққа түскен күнәһарлар секілді барлық қинауларға дайын, еті үйреніп кеткендер... Не деген сарказым, не деген астарлы ой?!

Шынында да саяси ахуалдың дәл осылай болғандығынан басқа да тарихи шығармалар мен зерттеулерден таныспыз.

Сонымен бірге мақалада тек қазақтардың жағдайы ғана емес, өзбек, қырғыз ұлттарының ашаршылық кезіндегі ахуалы баяндалады. Түркістандық большевиктер мұсылман халықтарына нан алудың құжатын да ендірді, құжаты болмаса аштан өле беруге болады. 1918 жылы Ташкентке келген қызғыздар елдің шеткі қиырынан алдын ала белгіленген жерден ғана тамақ, нан алуға рұқсаты болды, ал бір қаладан екінші қалаға қоныс аударып жүргендер бұл мүмкіншіліктен мүлдем айырылған. Бұл жағдайлар түркістандық большевиктердің Түркістан Кеңес республикасының негізін қалау сәтінде орын алып отырғаны тіпті, күлкілі еді. Олардың өзбек, қырғыз халқын аштан қатыруға бағытталған саяси ұстанымдарын кешіруге мүлдем болмайтындығын, әрі бұл ешқандай да адамгершілік қағидаларына жатпайтындығын сипаттайды.

М.Шоқай москвалық «Правда» газетінде жарық көрген, жергілікті «Вольный горец» басылымында қайта басылған мақала туралы өз ойын ашық біледі және әрбір ақпаратына талдау жасайды. Қазіргі социалистік Түркістан құруға атсалысып жүрген большевиктер бейнесіне тоқталады. 1) Федор Колесов – Түркістан совнаркомның төрағасы, ешқандай революциялық тәжірибесі жоқ, Оралдағы Қызыл Крестте қызмет еткен, жарнапұл жинайтын кітапшаны ұрлап ұсталған азамат; 2) Успенский доктор – Колесовтың орынбасары, қызғыздар мен өзбектерге көшеде 2-Николай портретіне табынуға мәжбүрлеген, ал қазір коммунист; 3) Першин – жұмысшы, бұрын орынборлық күзетте жұмыс сітеген, «Майский» деген лақап аты бар... –деп, алты Түркістанда қызмет етіп жүрген большевиктердің бейнесіне талдау жасай отырып, олардың бассыздықтарын сынайды. Өзінің келтіріп отырған мәліметтерінің растығын мерзімді басылымдарда жарық көрген мақалаларға сілтеме жасай отырып, көрсетеді. Ел халқының дінге деген бостандығына шектеу қойып отырғандығын да, сыйыну орындарындағы елдің тілегін де жеткізеді. Жалпы халық революция мен большевиктерге сенімсіздікпен қарайтындықтарын және бұл қазіргі Түркістандағы ащы да болса шындық екендігін айтады.

А.Байтұрсынұлы айтқандай: «Тарихтың қызметі бүтін адам баласының, яки бүтін бір жұрттың, я бір топтың өткен өмірін болған күйінде айнытпай айту» - дегенін ескерсек, М.Шоқайдың осы мақаласындағы



мәліметтердің қаншалықты құнды екендігін, және тарихи жағдайларға баға беруде сілтеме жасауға әбден болатындығын да білуіміз қажет.

**«Кеңестік шығыстық саясаттың кезеңдері** (Этапы советской восточной политики Коканд и Гянджа)» атты мақаласы «Вольный горец» мерзімді басылымында 1920 жылы 14 маусымда жарық көрген.

«Этапы советской восточной политики Коканд и Гянджа» атты мақаласында шығыстық саясаттың тарихында екі қанды қырғын бар: Қоқан мен Ганжы екендігін және неге ондай ойға келгендігін талдайды. Орта Азия еліндегі ең бай мұсылмандар қаласы Қоқанды талқандады, ал бұл қалада Түркістан мемлекетінің ұлттық негізі қаланған еді. Осы қалада Халық Кеңесі және Түркістан Автономиясының уақытша өкіметі ұйымдастырылған, осы жерде Түркістан Құрылтайшылар жиналысының ұраны қабылданған еді деп көрсетеді автор.

Ал Гянджа қаласында Азербайжанның алғашқы Ұлттық Кеңесі құрылып, уақытша өкіметі дүниеге келген (1918 ж). Осы қала Кавказдағы түркі халқының басын қосып, Азербайжан мемлекетінің бесігіне айналған еді. Алғаш революциялық тудың астына жиналған мұсылман қауымына діни сенімдеріне кедергі келтірмейміз, ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрлерін дамытуға тіпті көмек береміз деген уәделерін жұтып, талқандады. Советтік саясаттың берген уәдесінде тұрмайтындығын әлем білуі керек және қарым-қатынаста ескеруі қажет екендігін баяндайды.

Екі қаланы да көтерілісшілерді басамыз деген желеумен тас-талқан еткендігін, мұсылмандар үшін қасиетті мекен саналатын мешіттерді қиратқандықтарын, жүзін тіпті өз еріне де көрсетпейтін мұсылман әйелдері мен қырмызы қыздарына зорлық көрсеткен орыс әскерлерінің әрекетіне ашынады. Әлемдегі бейбітшілік туралы декретке (1917 ж 26 қазан) сілтеме жасай отырып, бұл көтерілісшілерді басу әрекеті емес, зорлықпен өзге мемлекетті басып алу екендігін дәлелдейді. «Осы әрекеті үшін советтік билік жауап беруі тиіс, дегенмен бүгінгі таңда өзінің үстемдігін нығайта түскен орыс совети билігі Азербайжанды қырағы назарына алды, «Греция» атты әскери теңіз флоты «Нариман Нариманов» деген атауға ауыстырылды», - деп жазады.

Кез келген тарихи оқиғаны, не қоғамдық құбылысты ашып көрсету үшін алдымен сол оқиғаның немесе құбылыстың пайда болуының тарихи алғышарттарын, объективті себептерін және оқиғаның белгілі бір бағытта дамуына әсер еткен субъективті факторларын көрсету арқылы оның ішкі мәнісімен де таныстыру қажеттігін ескерсек, М.Шоқай мақалаларында осы талаптар толық орындалғандығының куәсі боламыз. Оның еңбектері осынысымен де құнды.

**«Қазіргі Түркістандық шындық** (Современная Туркестанская действительность. От нашего бакинского корр)» атты мақаласы «Независимый горец» басылымында 1921 жылы 14 ақпанда жарық көрген.

Мұнда Түркістандағы жергілікті мұсылман тұрғындар: қазақтар мен өзбектердің жұмыссыздығы, кедейшілігі, орыстармен салыстырғанда заңдық тұрғыдан кемсітушіліктің орын алып отырғандығы, саяси ұстанымның біржақтылығы сөз болады. Негізгі мақаладағы идеяның бірі – елді мекендегі 10 тұрғынның 9-ы қырғыз және өзбек тілінде сөйлегенмен негізгі басымдық орыс тіліне беріліп отырғандығы, жергілікті халық тілінде мерзімді басылымдардың жоқтығы да айтылады.

Орыс тіліне басымдық бергенмен де неміс және австриялық тілдің де беделінің жоғарылығы сипатталады да, ол тұтқынға түскен дердің білікті мамандар ретінде өндірісті жоғары лауазымдық қызмет атқаруымен түсіндіріледі. Дегенмен, бұл тұтқындар түбінде өз отандарына қайтып кеткендігіні, олар істеген өндірістер тоқтап қалғандығын да баяндайды.

М.Шоқай аталмыш мақалада «Сам Туркестан, как выходило, по словам большевиков, не в состоянии дать нужный кадр работников. Миллионы сартовской и киргизской бедноты находятся на положении статистов и на работы не принимают», - деп саяси ахуалдан хабардар етеді.

Түркістан жерінде мемлекет құрушы ұлттың тілі, діні, діл үстемдігі болуы керек екендігін айтады. М.Шоқай пайымдауындағы ұлттық мәдениеттің дамуына назар аударуымыз керек. Жаһандану дәуіріндегі Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы ұсыныстары осымен үндесіп жатқан жоқ па? Президент айтқан өзіміздің ұлттық құндылығымызды қадірлеу арқылы қазіргі кезеңде жаһандануға төтеп бере аламыз.

Ұлы Абай айтқандай «Өз еркіміз өз қолымыздан кетіп», жат жұрттың қабағына жалтақтаған үш ғасыр бойы өзгеге тәуелділік халқымыздың бірнеше буын ұрпағының бойындағы елдік, отаншылдық, ұлтжандылық рухын езіп-жаншып, дүниетанымымыз бен ділімізді әр түрлі қитұрқы идеологиялық қисындар қалыбына салуға тырысып баққаны рас. Жоғарыдағы мақала соның бір дәлелі іспетті. М.Шоқай мақалаларындағы саяси шындық тарихи ақиқатпен астасып жатыр. Оның мақаласындағы берілген ақпараттарды өзге замандастарының жазбаларынан да көруге болады. Яғни, замана шындығы публицист М.Шоқай шығармашылығынан айқын көрінеді.

М.Шоқай сияқты Алаш алыптары ұсынған ұлттық идеялар - тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы болып табылатыны да сөзсіз.

Бүкіл өмірін, қажыр-қайратын, қалам қарымын қазақ, өзбек, түрікмен, тәжік, қырғыз халықтарының азаттығы жолына сарп еткен ұлы қайраткеріміздің шығармашылық мұрасын сақтап қалып, ұрпақтар игілігіне айналдыру бүгінгі күннің кезек күттірмейтін мәселесі.

**«Қоқандағы IV жалпы мұсылман съезіндегі М.Шоқайдың сөзі (Речь М.Шокая на IV Общемусульманском съезде в Коканде)»** 1917 жылы

26 қарашада өткен Қоқандағы IV Жалпы Мұсылман съезіндегі сөйлеген сөзі осы жылы 10 желтоқсанда Ташкентте жарық көрген «Туркестанский вестник» басылымында жарияланған.

«Қазіргі орталықта орын алған оқиғаларға байланысты біздің Отанымыз бен өзімізге үлкен қауіп төніп тұр. Октябрь қантөгісін бастан өткерген Түркістан тағдырына да алаңдаушылық танытуымыз керек. Бұл кезек күттірмейтін мәселе! Ауыртпашылық елдің жейтін азық-түлігіне деген сұранысты қанағаттандыра алмай отырғанымен тереңдей түсуде. Алдағы уақытта Орынбордан нан әкелу тоқтатылуы да мүмкін. Нағыз аштық сонда орын алады. Осы жағдайдан қалай шығуға болады?», - деп, жиналған зиялы қауымды ойлануға, шешім қабылдауға шақырады.

Сөз уақытынын өтіп, белсене іске кірісетін кездің келгендігін, өзімізді өзіміз құтқаратын жағдайға жетіп тұрғандығымызды айтады. Советтік билік жолында жазықсыз халықтың қаны төгілгенін, Түркістанды билеушілер билік басына тағайындауда мұсылмандарды қатыстырмағандығынан да осындай оқиға орын алғандығын да тілге тиек етеді. Елде орын алған өзгерістерге орай өзін өзі басқару немесе уақытша өкіметті жасақтау үшін европалықтар мен мұсылмандардың теңдей қатыстырып, сайлау өткізу үшін съезд шақырайық деген ұсынысымыз қабылданбады. Енді Түркістан нағыз халықтық басқарусыз, нансыз қалды. Түркістан өлкесіндегі халықтық советтік комиссарлар құқығы мойындалмай отырғандығы жөнінде өз сөзінде мәлімдеген. Қысқа берілген мәтінде ең басты мәселе елдің аштықтан қырылып қалмауына деген алаңдаушылықтың басым екендігін байқауға болады. Бұл басылымда жарық көрген М.Шоқай сөзі газет корреспондентінің сипаттауымен жарық көріп отыр.

Бүгінде отарлық бұғаудан құтылып, тәуелсіз елдер қатарына қосылғандығымыз сан ұрпақтың құрбандықтарға толы күресінің жемісі екендігі аян. Осы жолда бүкіл өмірін сарп еткен қазақ жерінің ұлы перзенттері аз емес. Әсіресе, Кеңес одағындағы ұлттық проблеманы әлем сахнасына шығарып, оқырмандарын хабардар еткен, отарлық озбырлық пен өктемдікке, заңсыздыққа қарсы азаттық қозғалыстың идеологиясын қалыптастыруға, өлшеусіз үлес қосқан М. Шоқайдың есімі ерекше аталуы заңды.

**Қырғыздардың аштығы** (Голод у Киргиз) 1926 жылы 17 қаңтарда жазылған. Мақаланың соңында «*Дни.Париж.1926.19 января*» деп көрсетілген.

«Маған Ташкенттен келіп жеткен хабарға сенетін болсақ, Сырдария облысының барлық жерлерін аштық жайлап, азық-түлік тапшылығы сезілуде», - деген жолдармен басталады.

Мұстафа Шоқай қазіргі Қызылорда облысы Шиелі ауданына қарасты Сұлутөбе теміржол стансасынан он бес шақырымдай жердегі Наршоқы мекенінде 1890 жылдың 25 желтоқсанында (ескіше бойынша) дүниеге

келген. Сол себепті де өзінің туған жерінен келген суыт хабарға бей-жәй қарай алмаса керек-ті.

Сырдариядағы аштықтың орын алуына кімдер кінәлі деген сауал төңірегінде бірнеше мәліметтерді келтіреді. Сонымен бірге елді мекендегі «Еңбекші қазақ» газетінде жарық көрген материалдарға да сілтеме жасай отырып, өз ақпараттарының нақтылығын дәлелдей түседі.

Ашаршылықтың басты себебі голощекиндік реформаның сәтсіздігінен орын алғандығы мен статистикалық орталық басшысы Попов мырзаның өз ісіне салғырт қарап, өтірік ақпар бергенінің нәтижесінде елді мекен халқы ауыр жағдайға душар болған. М.Шоқайдың бұл мақаласынан ашаршылық жылдардың ақиқатына көзіміз жете түседі. «У нас бывают и ошибки в исчислении хлебопродуктов в некоторых губерниях. У нас значит у партии...», - деп Голощекин сөзін сөзбе сөз береді. Ал, осы жіберілген қателік ел халқына қаншалықты зардабын тигізгенін, оған жауап беретін адамдардың қандай жаза алу керектігі жөнінде де автор өз пікірін білдіреді. Мақаланың соңын «Скажите же, господа большевики, кто виновен в голоде киргиз Сыр-Дарьинской области? Почему ни одного раза виновники по организации голода в Туркестане не были посажены на скамью подсудимых? Почему?», - деп аяқтайды.

«Еңбекші қазақ» газетінде жарық көрген жарияланымды негізге ала отырып, облыс басшылығы 4-5 ай бұрын елдің жағдайынан хабардар етіп, көмек сұрағандығын, оған ешкімнің назар аудармағандығын, кемшіліктің орнын толтыруға деген талпыныстың болмағандығын сынайды. Соның салдарынан елде мал азығының бір пуды – 3-4 сом, ал ұн тіпті – 5 сомға дейін қымбаттағандығын, елдегі ағайын өте қатты қиналып жатқандығын баяндайды.

Кеңес үкіметі тұсында айтуға тыйым салынған, айта алмаған шындығымызбен танысып жатырмыз.

Ұлттың рухани қуатының деңгейі қай кезде, қай заманда болмасын, оның көркемдік дәстүрі, сондай-ақ, мирас болып келген рухани-эстетикалық, адамгершілік құндылықтары және сөз өнеріндегі жаңа жетістіктері арқылы өлшеніп отырады. М.Шоқай жарияланымдарының қанша заман ағылып өтсе де тақырып, мазмұн, идея сияқты автор даралығын айқын көрсетіп тұратын ерекшеліктерінің құндылығы жоғалмақ емес. Оның шығармалары қай кезеңде болса да, қоғамдық санаға, саяси ахуалға барынша ықпал ете отырып, адамзатты белгілі бір ортақ ұлттық мүдде жолында қызмет етуге үндейді. Өйткені, көтерген тақырыптарының маңызы мен қоғам дамуындағы атқаратын рөлі әлі сұранысқа ие.

Ұлттық мүддені негізге ала отырып, қазақ ұлтының қажеті мен советтік биліктің қатесін анық айтып, тарихи маңызды мәлімет бергендігімен де мақаланың құны жоғары деп ойлаймыз.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Мұстафа Шоқай Шығармаларының толық жинағы Он екі томдық. *Екінші том.* Алматы, Дайк-Пресс - 2014ж 286 бет
2. Мұстафа Шоқай Шығармаларының толық жинағы Он екі томдық. *3 том.* Алматы, Дайк-Пресс - 2014ж 286 бет
3. Қазақстан тарихы 5 томдық 5 том, Алматы 2000 ж
4. К.Есмағанбетов конференция материалдары 2016-2017 жж

## **МҰСТАФА ШОҚАЙ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ БІЛІМ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

### **Тайман С.Т.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Мұстафа Шоқайтану» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

### **Жанибай С.Б.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің магистранты

Білімді, білікті құрметтеу шығыс халықтарының ата заманнан келе жатқан құнды дәстүрі. Сонау X және XI ғасырда өмір сүрген кезінде екінші ұстаз атанған ұлы әл-Фарабиді алсақ, бақытқа тек қана білім, таным арқылы жетуге болады деп есептесе, Жүсіп Баласағұни тәрбие мен білім беру мәселелеріне ерекше көңіл бөле отырып, ал білім мен біліктілікті шыңға жетудің жолы деп санаған.

Мұстафа Шоқайдың артында қалдырған бай мұрасының ішінде, оның «Яш Түркістан» журналында жарияланған еңбектерінің алатын орны ерекше. Мұстафа Шоқай деректерге негізделген терең де, мазмұнды еңбектерінде Кеңес өкіметінің 20-30 жылдардағы білім беру саласында жүргізіп отырған отаршылдық саясатын батыл түрде сынға алады. «Кеңестер билеген Түркістан» деп аталатын еңбегінде қазақ мектептерінің мүшкіл хәлімен қатар, білім беру ісіндегі теңсіздікті де көре білген. Мұстафа Шоқайдың пікірінше, ұлттық рухтың көтерілуі, оның негізі – ұлттық тіл болып табылады. Өзінің «Ақ-қызыл» атты мақаласында «Көне Ресей біліміздің дамуына жол бермеді. Бұл кезде біздің ұлттық басылымдар шығару құқығымыз жоқ болатын ... мектептерде біздің тіліміз оқытылмайтын»- дей келе Түркістан жастарын ана тілінде оқытуға баса назар аудару қажеттігін алға қояды»[1,с.152].

Қазақстанда 20-шы жылдары мектеп ісін көтеруде біраз шаралар жүзеге асқанымен, сан мыңдаған бала оқығысы келе тұра, мектеп есігін ашпаған күйде қала берді. Сол кездің өзінде Қазақстанға еуропалықтарды үздіксіз қоныстандыру саясатының нәтижесі – қазақ жерін жаппай орыстандыруға апаратынын билік қасында жүрген зиялылар да білді. Бұны

«Қазақстанда қазақтандыруды жүргізу керек» деп жалған ұран көтерген Голощекин де жақсы түсініп, Қазақстанға келісімен сол кездегі билік басындағы ат төбеліндей қазақтар арасына жік салып та үлгерді. Ағарту саласында аз болса да жұмыс істеп жатқан алаш азаматтарын қудалап, олардың жаңа қоғамды құрудағы ұлттық және таптық мүдделердің ара жігін ажыратуға деген қадамдарын тас-талқанын шығарып, оларға қарсы билік басындағы жергілікті ұлт өкілдерін қарсы қоя білді. 1930-1933 жылдары ҚАКСР халық ағарту халкомы қызметін атқарған С.Меңдешов «Маман даярлаудың жайы және міндеттері» атты мақаласында алашордашыл азаматтардың (Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Тынышпаев т.б.) кезінде сауаттандыру, жергіліктендіру бағытында айтқан ой-пікірлерін яғни, «жаулық көзқарастарын» әшкерелей келе, 1925-1927 жылдары халық ағарту халкомы болып істеген С.Садуақасовтың «..оқыса қазақтың баласы оқысын» деген сөзіне таптық мән беріп талдап шықты. «...Мәселе қай қазақтың баласы оқығандығында, байдың баласының мектепке баруы кедейдің баласынан гөрі оңайырақ, ол (Садуақасов) жұмыс істеген тұста іс-сапарларға және жоғары оқу орындарына тек байдың балалары ғана жіберіліп, олардың көпшілігіне шәкіртақы мен әлеуметтік көмек алып тұруына жағдай жасады...» -деп айыптаған[2,с.152]

Мұстафа Шоқайдың «Кеңестер билігіндегі Түркістан» атты еңбегінде Кеңес өкіметіндегі газет-журнал беттерінде жарық көрген мақалалардан үкіметтің қазақ мектептеріне қатысты ұстанған саясатын өткір сыңға алып отырды. Сол кезде кеңестік «За партию» журналында қазақ халқының мектеп ісіндегі жетістіктерін көрсеткісі келіп, қазақ мектептерінің саны революцияға дейінгі көрсеткіштерден 500-ге жоғарлап, 1600-ге жетті деп жазылған ақпаратқа жауап ретінде Мұстафа Шоқай «Еңбекші қазақ» газетінің 1927 жылғы 14 маусымындағы санында жарияланған мақаладағы мәліметті келтіре отырып, «түсініктеменің қажеті жоқ, қазақ мектептері тек қағаз жүзінде 1600, ал іс жүзінде баспанасы бары 40-қа да жетпейді»-дейді[3,с.153]

М.Шоқай Кеңес өкіметінің 20-жылдардың аяғында Қазақстанда жүргізген рухани саладағы саясатына талдау жасап, бұл жөнінде өз ойын айқын баяндайды. «Қазақстанда бұл салада 20-жылдардың аяғына дейін өнімді ешнәрсе істелмеген. 1911 жылдары орыс-қазақ мектептерінің бір оқушыға 17 сом жұмсаса, 1926-27 жылдары 7 сом 70 тиын, яғни екі есе аз жұмсаған. Оның үстіне қазақ ауылдарындағы мектептердің тек қана бір жарым процентінің баспанасы болса, ал орыс мектептерінің 28 проценті үймен қамтамасыз етілген»[4,с.87]. Қазақ мектептерінің мүшкіл хәлімен қатар М.Шоқай оқыту ісіндегі теңсіздіктерді де көре білді. Мәселен, Сырдария губерниясында қазақтар халықтың 79 процентін құраса да ондағы мектептерде оқитын қазақ баласының үлесі 6-ақ пайыз бола тұрып, мектептерде оқитын орыс балалардың үлесі 52,2 процентке жеткен. Басқаша

айтқанда «Кеңес өкіметі қазақтардың қаржысынан орыс қоныс аударушыларының балаларын оқытып отыр» деген тұжырым жасайды.

Білім беруді кеңінен насихаттай отырып, Мұстафа Шоқай ана тіліміздің болашағына алаңдаушылық білдіреді. Сол кезде жариялаған мақалаларында Ресей отаршылдығының басты сипаттарының бірі жергілікті халықты орыстандыру екендігіне әрдайым тоқталып отырды. Оның басты құралы ең алдымен қазақтарды өз тілінен айырып, олардың орыс тілінде сөйлеуін қамтамасыз ету еді. «Түркістан мектептері» деген мақаласында Қазақстанда орыс тілінде сөйлемей мен оқытпаудың буржуазиялық ұлтшылдыққа бағаланып отырғаны, мұндай саясат жалғаса берсе, қазақтар өз тілінде сөйлеу құқығынан айырылады және қазақ тілі «ұлы орыстың рухани мәдениетін таратушы техникалық құралдың» рөлін ғана атқарады деп сақтандырады. [5,с.172 ].

М.Шоқай «Ұлттық зиялы жөнінде» атты мақаласында: «Адаспау үшін адаса қалғанда дұрыс жолды қайта табу үшін де білім керек» - дей келе европада білім алып жатқан жас түркістандықтар туралы «Батыста білім алған жастарымыз ұлттық рухпен сусындап қана қоймай, бұл рухты халқымыздың игілігіне жарату жолдарын да білген» [6,с.180]- деп баға береді.

М.Шоқай 1920-1930 жылдары кеңес мектептерінде «таптық тәрбиенің» басымдылықпен жүргізіліп отырғанын, осыған қарамастан Түркістан жастарының көпшілігі ұлттық рухта өсіп жатқанын қуана жазады. Ұрпақтарымыздың бойына ұлттық тәрбиені, қасиетті дарытып, жатқан «шығыс зерделі» зиялыларымыз екенін мақсат етіп: «Кез-келген чекист қаруларының қарсы алдында тұрсаныз да ұлттық рухты өшіріп алмай, жас ұрпақтарымызды сол рухта тәрбиелей білген, ей, менің қаһарман отандастарым! Сендерге мың да бір рахмет! Ей, менің намысты жерлестерім, сендерге өмір бойы қызмет етуден басқа ешқандай да бір ойымыз жоқ екенін білгейсіздер!» - деп тебірене жазады.

М.Шоқайдың «Түркістандағы жергіліктендіру қандай мазмұндарды қамтыды?» – деген мақаласында ол жергіліктендіру науқанының оқу – ағарту саласындағы көріністеріне арнайы тоқталып, оның отарлық үстемдікті бүркемелеудің бір амалы екендігін ашына жазады [7,с.39]. Оның дәлелі ретінде С.Қожановтың «Правда Востока» газетінің 27 желтоқсан 1929 жылғы санындағы жарияланған жоғарғы оқу орындарын жергіліктендіру туралы мақаласын талдап көрсетеді. Мақалада: «Бізде Орта Азия республикаларындағы жергілікті ұлттардың көпшілік бұқарасы үшін біртұтас Кеңес Халық ағарту жүйесін түзуге ерекше төңкерістік шаралар қолдану қажеттілігін мойындайтын адамдар аз... Қазірге дейін республикалардың бірде – біреуінде жергілікті халықтардың қажетін қанағаттандырарлықтай деңгейде екінші саты оқу орындары жоқ. Өйткені жоғары оқу білім ошақтары дайындалған оқытушылар бере алмайды. Жоғары оқу орындарының дайындалған оқытушылар бере алмауының

себебі, оларға жергілікті халықтың сұранысы жоқ. Ал сұранысты болмауы екінші саты оқу орындары дайындығы бар жастарды әзірлей аламауынан болып отыр...» - дейді.

КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі мен БКП (б) Орталық Комитетінің 1938 жылғы 13 наурызда қабылданған «Ұлттық республикалар мен облыстардың мектептерінде орыс тілін міндетті оқыту туралы» қаулысы өз елінде азшылық болып қалған біздің республика халқы үшін зор қиыншылықтарға жол ашты. Мәскеу кеше ғана шынайы зиялы қауымның алдыңғы өкілдері қырылып – жойылған қазақ халқының бұл саясаты жалаулатып алып кететініне сенді. Шынында да солай болып шықты. 1938 – 1939 оқу жылынан орыс тілі 2-3 сыныптан бастап оқытылды. Осыменен бастауыш сынып бес жылдық болып, оның алғашқы үш жылында ұл – қыздарымыз өз ана тілінде еркін оқып, жаза және сөйлей алсын, сонан соң төртінші сыныптан орыс тілін оқытайық деген баланың жас ерекшеліктерін жете білетін тамаша педагог Ахмет Байтұрсыновтың өсиеті келмеске кетті.

Мұстафа Шоқай «Көтерілістен ұйымшылдыққа» атты мақаласында[8,с.84-87] - «Біз тәуелсіз Түркістан үшін керекті барлық қасиетті жас ұрпақтан күтеміз. Жастарымыздың көпшілігі Европада, Түркияда білім алып жүр. Олардың бір бөлігі жоғары білім оқу орындарын бітіргендер. Міне, бұл жастарымыз өздерінің Түркістандық замандастарымен бірге атамекеніміздің тәуелсіздік жолындағы ұлт азаттық күресін ең соңына дейін жеткізетін болады. Түрістан ұлттық ұйымының ең маңызды және маңдай алды міндеті – әр тарапта бытырап жүрген жас Түркістандықтарды Түркістанның тәуелсіздік мұраттары жолындағы қасиетті күрес майданына топтастыру керектігін айтады. Біз мынаны ұққанымыз жөн. Жас ұрпақ шұғыл түрде ұйымдасып істі өз қолдарына алмайынша, Түркістанның ұлттық мәселесі – білім беру мәселесі шешімін таппайды. Ей, жас түркістандық! Сен өзіңе жүктелген қасиетті міндеттің ауырлығын және жауапкершіліктің үлкен екенін ешқашан есіңнен шығарма! Атамекеніңді орыс тепкісінен құтқарып, азат тәуелсіз Түркістан құру жолындағы күреске жатпай – тұрмай дайындал. Атамекенің мен халқыңның қажеті сенен бәрінен бұрын осыны талап етеді» - деп жас ұрпаққа мол үміт артады.

Мұстафа Шоқайдың баға жетпес рухани мұраларының өткенімізді саралауға, өзіміздің кім екенімізді тануға, дүниетанымызды байытуға тигізер пайдасы өте мол. Қайраткердің кеңес шындығына құралған еңбектерін оқи отырып, қорытар ой да, алар тағылым да зор.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер***

1. М.Шоқай. Тандамалы шығармалар. I том. Алматы: «Қайнар»-2007. 180б
2. // Народный хозяйства Казахстана .1933 № 36,- 41,42 с.
3. Шоқай М. Тандамалы. Алматы, 1998. I том, 152б
4. М.Шоқай. Кеңестер билігіндегі Қазақстан. Алматы, 1998. 87-153бб



5. М.Шоқай. Тандамалы шығармалар. III том. Алматы: «Қайнар»-2007. 172б
6. М.Шоқай. Тандамалы шығармалар. I том. Алматы: «Қайнар»-2007. 39б
7. «Правда Востока» газеті: 29.12.1929ж. 3 б
8. М.Шоқай: «Көтерілістен ұйымшылдыққа», 84-87б

## **ОТАН ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДЕ МҰСТАФА ШОҚАЙ МҰРАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ**

**Табынбаева Б. С.**

№264 мектеп-лицей мұғалімі Қызылорда қаласы

Түркістанның бірлігі мен тәуелсіздігін ту етіп, оны өмірлік мұратына айналдырған, сол жолда құрбан болған Мұстафа Шоқайдың тұлғасы күн өткен сайын биіктей бермек. Түбі бір түркі жұртының тағдыры талқыға түскен шақта басын бәйгеге тіккен, саналы ғұмырын ұлт мүддесі мен ел мұраты жолына арнаған сан қырлы қайраткер тұлғаның тағылымын арқау еткен еңбектер жаңа, тың деректерге жетелемек.

Мұстафа 1890 жылы 25 желтоқсан күні сол кездегі Сырдария губерниясы, Ақмешіт уезі, Наршоқы ауылында дүниеге келген. Кей зерттеушілердің пікірінше, оның ата-бабасы қыпшақ руының белді әулетінің адамдары болған. Атасы Торғай датқа Сырдария облысындағы бірнеше ауылды басқарған, ал әкесі ауыл-аймаққа белгілі әділ би болған.

«Кұндақтаулы нәрестені қолына алған имам, оның оң құлағына азан, сол құлағына қамат айтқаннан кейін иіле түсіп: «Сенің атың – Мұстафа» деп үш рет қайталады. Сол-ақ екен шілдеханаға жиналған қауым бір қауқылдасып қалды: «Мұстафа – өз пайғамбарымыздың аты ғой, шырағым атына заты сай болсын!», «Мұстафа – таңдаулы, қалаулы деген мағынаға келеді екен, ұлыңыз халқына қалаулы азамат болсын!», «Басынан жақсылық кетпесін!», «Әзіреті Мұхаммет – Мұстафа пайғамбарымыздың өзі қолдап, қорғап жүрсін!», «Күнді көрмейсің бе, жарықтық. Алланың рахмет-мейірімі де бүгін ерекше түсіп тұр ғой» деген сияқты тілек-дұғалар тұс-тұстан айтылып жатты. Көпшілік арасында Шоқай бидің әкесі Торғай датқаның атын ауызға алып, қажылыққа екі рет барған марқұмның жақсылығын айтып, артынан ілтипат білдіріп жатқандар да болды» [1, 5].

Мұстафа Ташкенттегі ерлер гимназиясы мен Санкт-Петербург университетінің заң факультетін аяқтаған. Осы кезде ол өзіндік дүниетанымы мен саяси көзқарасын қалыптастырып, ағылшын, француз, түрік, өзбек, орыс тілдерінде еркін сөйлеген.

1917 жылдың көктемінде Мұстафа Ташкенттегі мұсылмандар конгресі кезінде құрылған Мұсылмандар орталығының басшысы болып тағайындалады. Осы жылдан бастап «Бірлік туы» және «Еркін Түркістан» басылымдарын шығара бастаған. «Жас Түркістан» журналы Мұстафа

Шоқайдың бас редакторлығымен 1929-1939 жылдары Берлинде Түркістан халқына ортақ шағатай тілінде жарық көрді. Ол - біртұтас Түркістан тәуелсіздігі идеясын көтеріп, бүкіл түркі жұртының азаттығы үшін күрескен басылым Ал тамыз айында ол Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің мүшесі атанды.

1917 жылғы қазан төңкерісінен кейін комитет мүшелері қуғынға ұшырап, жасырынуға мәжбүр болды. Мұстафаның басы үшін арнайы сыйлық та тағайындалды.

1917 жылдың 27 қарашасында Қоқанда өткен Бүкіл мұсылмандардың IV съезінде Түркістан автономиясын құру туралы ұсыныс айтылды. Оны алдымен Мұхамеджан Тынышпаев басқарады да, артынан оның тізгіні Мұстафа Шоқайға тиді. Автономия 1918 жылдың ақпанында құлады. Шоқай Ташкентке, одан әрі Ақтөбеге қашуға мәжбүр болды.

1918 жылы Шоқай Бүкіл ресейлік уақытша үкіметтің (Уфа директориясы) мүшесі болды. 1918 жылдың қыркүйегінде Уақытша үкіметтің басшылығына адмирал Александр Колчак келді. Оның бұйрығымен директорияның барлық мүшесі тұтқынға алынды. Шоқайды Челябинге жіберді, дегенмен ол ретін тауып қашып шықты.

Мұстафа Шоқай өмірінің соңғы жылдарын шет мемлекеттерде өткізді. Түркия арқылы Германияға, сосын Францияға қоныс аударады.

Эмиграцияда жүріп «Таймс», «Шафак», Journal of Royal Central Asian Society сынды белді ақпарат құралдарымен тығыз қарым-қатынаста болды. «Жаңа Түркістан», «Жас Түркістан» атты басылымдарды шығарып тұрды. Большевиктердің жұмысы туралы түрік, ағылшын және француз тілдерінде лекциялар оқыды. Тарихшы Мәмбет Қойгелдиев сол тұстағы саяси ахуалды саралай келіп мынадай тоқтам жасайды. «Оқиғалар ағымы бұл екі автономияның да ғұмырын ұзақ еткен жоқ. Құрамындағы халықтардың өзін-өзі басқару құқығын мансұқ еткен түрлі саяси топтардың өзара арпалысты күресі жағдайында мәселенің басқаша шешілуін күту қисынсыз еді. Бірақ бізге мәлім басы ашық жағдай сол, М. Шоқайұлы өмірінің соңғы сәтіне шейін Түркістан халықтарының тәуелсіздігі олардың мемлекеттік тұтастығына байланысты деген ойда болды. Осы ойдың жалынды насихатшысы болып өмірден өтті. Өз уағында айтылған бұл пікірдің XX ғасырдың соңына қарай іске асу мүмкіндігінің қаншалықты қиын екендігін түсіне отырып, сонымен бірге оның стратегиялық тұрғыдан қаншалықты терең және дәл айтылғандығын уақыттың өзі әлі талай рет көрсетіп беретіндігіне біздің ешқандай да күмәніміз жоқ» [2, 223]. Дархан Қыдырәлиевтің Мұстафа Шоқайдың Тәуелсіздік күрес жолын тарихи хронологиялық негізде көркем тілмен баяндап шыққан еңбегінің шоқайтанудағы мәні даусыз.

1941 жылдың 22 маусымында Берлиндегі орыс эмигранттары жаппай тұтқындалды. Олардың арасында Шоқай да бар еді. Гитлер үкіметі оған Түркістан легионын басқару туралы ұсыныс жасады. Бұл легионның

мақсаты – Германия протектораты болып табылатын Үлкен Түркістан мемлекетін құру болатын. Мұстафа бұл ұсыныстан бас тартты. Ол 1941 жылы 27 желтоқсанда Берлин қаласында жұмбақ жағдайда қайтыс болды.

Мұстафа бәрінен бас тартып, бұл іске мүлде қатысы болмаса да, Сталин Түркістан легионын құрған Шоқай деген көзқараста болды.

«М.Шоқай өзінің туған елі қазақ халқының тәуелсіздігін Түркістанда көне замандардан бері қатар тұрып келе жатқан туыстас өзбек, қырғыз, түркімен және басқа халықтардың тәуелсіздігінен бөліп алып қараған емес.

М. Шоқай үшін Түркістан халықтарының тұтастығы мен Түркістан халықтарының еркіндігі – бірінсіз бірі жоқ егіз ұғымдар болған», - дейді тарихшы М. Қойгелді. Ол Түркістандағы бауырлас халықтар бір болғанда ғана ірі боларын, ірі болғанда ғана тірі қаларын ойлаған еді. Түркістан деп шырылдағанда қандай халықтарды, қандай өлкелерді айтқан дейтін болсақ, ол кісі жалпы Түркістанды Батыс Түркістан, Шығыс Түркістан және Оңтүстік Түркістан деп үшке бөлген. Шығыс Түркістан – қазір Қытайға қарайтын Шыңжаң, Оңтүстік Түркістан – қазір Ауғанстанға қарасты аумақ, Батыс Түркістан немесе Ұлы Түркістан – Орта Азия мен Қазақстан. М.Шоқайдың арпалысып жүргені осы – Ұлы Түркістанды құру.

1936 жылы Берлин қаласында Еуропада жүрген Түркістан жастарының алдында сөйлеген сөзінде ол былай дейді: «Бүгін Қазақстан, Қырғызстан, Қарақалпақстан, Түркіменстан һәм Тәжікстан деп, жат үкімет күшін алты жұмхұриетке бөліп тұрған Түркістан – бөлінбес, айнымас бір өлке. Халқының қаны бір, тілі бір, діні бір. ... Бәріміздің құбыламыз – өзіміздің ата жұртымыз, өлкеміз Түркістан болмақ! Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан беру – бәрімізге бір мақсат... Түрік халқы – батыр халық. Түрік халқы – арыстан ер халық. «Кімнен таяқ жегендей біздің түріктің баласы, алдырып жүрген дұшпанға ауызының аласы». Бұл нақыл сөзді ұмытпауымыз керек. Мұстафаның досы, Украинаның бұрынғы сыртқы істер министрі, профессор А. Шульгиннің: «Мұстафа – Бей мемлекеттік ірі қайраткер, аса көрнекті жазушы әрі журналист болды, бірақ, ол бәрінен бұрын өте тартымды адам еді, өзіндігі мол тұлға еді. Мұстафа – Бейді Түркістансыз көз алдыға елестету мүмкін емес. Иә, ол өзінің жүрегімен де, өз Отанын, оның өткендегісі мен қазіргі сүрең келбетін бір минут та ұмыта алмайтын. Әйтсе де өзінің дәстүрлеріне адал күйінде қала отырып, ол өз бойына мейлінше әртүрлі адамдарды және бір-бірлеріне түсініксіз дерлік халықтарды өзара байланыстыра алатын әрі байланыстыруға тиісті аса бағалы, адамдық қасиеттердің бәрін дарыта білген еді», — деген сөзі толық дәлел. Шоқайұлының тағы бір досы, бұрынғы Мемлекеттік Думаның мүшесі және Грузия Сыртқы Істер министрі А. Чхенкели былай дейді: «Біз құрған «Кавказ, Түркістан және Украина халықтарының достығы» қоғамында ол, әрине, елінің кендігіне қарай тиісті орын алды. Мұстафаның Париждегі, Лондондағы, Женевадағы және Батыстың басқа да орталықтарындағы қайраткерлік қызметі сан түрлі әрі жемісті болғандығы соншалық, олардың

бәрін санап шығу мүлде мүмкін емес. Ол менің күткенімнің бәрінен асып түсті, далалық азиатты нағыз халықтың көсеміне айналды. Ол өте сабырлы әрі бірқалыпты еді, бірақ жүрегі ыстығырақ болатын, қашан да өзінің жеке басының қауіпсіздігін ойламай жақындарына жәрдемдесуге құлшынып тұратын. Совет-Герман соғысы кезінде ол соғыс тұтқындарының бір лагерьде өзінің батылдығымен, немістер еврей деп есептеп, атуға кескен бірнеше ондаған грузин жастарын атудан аман алып қалған. Ол өз өмірін қауіпке тіге отырып, кешірілмес қателікті түсіндіру арқылы үкімнің орындалуын тоқтата алды. Міне, біздің Мұстафа осындай тағылық уақытта өмір сүріп, күресе білді. Енді сен, жоқсың, қымбатты досым, бірақ біз де одан жақсы дәуірде өмір сүріп жатырмыз дей алмаймын. Ал сенің есімің мен идеяң қашан да біздің арамызда халықтарымыздың достығының символы болып қала береді»... Міне, Мұстафа – Бей Шоқайұлының иман, парасат ұялаған көлдария жүрегін, ұлы тұлғасын осы жолдардан-ақ терең сезінуге болады.

Бүгін бізге Мұстафа – Бей Шоқайұлының және онымен пікірлес, халықтың бағына туған көксерек топтың тағдырларын ойлап опынғаннан пайда жоқ. Алтын құрсақты айналайын халқымыз ара-кідік болса да алыптарды тумай тұра алмайды. Ендігі үміт соларда... Олар ат жалын тартып мініп, билік тегершігін қолына алып, бізді қыранға шығарып самалдатқанша, бәрібір Мұстафа Шоқайұлын егіле еске алуды қоя алмайтынымыз және ақиқат.

Ақиқат жаршысы, ұлт жанашыры бола білген ерекше тұлға туралы зерттеу жұмыстары алдағы уақытта да жалғаса береді, сөйтіп тың туындылар шоқайтану ілімін толықтыра түседі, оқушыларын қуанта береді деп сенеміз.

### *Пайдаланылған әдебиеттер*

1. А.А.Оспанова. Мұстафа Шоқайдың қайраткерлік тұлғасы туралы зерттеу. УДК 82.0(091) [1, 5].
2. Қыдырәлиев Д. Мұстафа Шоқай. – Астана: Фолиант, 2007. – 320 бет.
3. Қойгелдиев М. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры. (XVIII-XX ғғ.). Зерттеулер. – Алматы: «Жалын» баспасы ЖШС, 2004. – 400бет

## ҚАЗІРГІ ӘДЕБИЕТТЕГІ МҰСТАФА ШОҚАЙ БЕЙНЕСІ

Орда Г.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, филол.ғ.д.

Тәуелсіздік тұсында жазылған қазақ тарихи романдарының ішінде азаттық, бостандық жолындағы күрескерлер мен ұлт тарихынан үлкен орын алған мемлекет және қоғам қайраткерлері туралы шығармалар жетерлік. Солардың бірі – Алаш қозғалысының белсенді мүшесі, Алаштың алдына қойған мақсат-міндеттерін жүзеге асырушылардың бірі ретінде тарих сахнасында қалған мемлекет және қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай. Тек қана қазақ емес, түбі бір түркі халықтарының азаттығы, бостандығы жолындағы күрескердің өмір жолын арқау еткен көркем туындылар соңғы ширек ғасырда жазыла бастады. Бұл қатарда Ә.Таризидың «Мұстафа Шоқай» романын, Р.Отарбаевтың «Мұстафа Шоқай» пьесасы мен Қ.Бекмахановтың «Шерлі Түркістан» поэмасы мен «Мұстафа Шоқай» көркем фильмін атауға болады. Қазақстанның облыстық театрларының репертуары тағы бір мемлекет, қоғам қайраткерінің өмір жолын сахналауда көрерменнің ыстық ықыласына бөленуде. Олардың арасында Атырау, Қызылорда облыстық драма театрлары да бар.

Жазушы Ә.Тарази бас кейіпкерінің балалық шағын романына негізгі арқау етіп алуды көздеген. Сондықтан онда Мұстафа Шоқайдың 1889 жылы Қызылорда облысы Шиелі ауданында дүниеге келгендігі, Сұлутөбе станциясындағы орыс мектебінде бастауыш білім алғандығы туралы айтылмайды. Романға Мұстафаның балалық шағы емес, оның саяси көзқарасының қалыптаса бастаған кезеңі негіз болған. Оның өмірбаянынан 1902-1910 жылдары Ташкенттегі ерлер гимназиясында оқығаны белгілі. Романға Мұстафаның Таскент (романда Таскент деп берілген) қаласындағы оқуын бітіріп жатқан кездегі оқиғалар топтастырылған. Роман оқиғасы ағасы Оспанның Санкт-Петербур қаласындағы Заң университетіне алып кетіп бара жатқанымен аяқталған.

Төрт тарауға негіз болған романның бірінші тарауы Александр Ивановичтің шым-шытырық түсінен басталады. Өң мен түстің арасында жанұшырып жүрген кейіпкердің түлкі тұмақ кигендерді көргендегі жан күйзелісі – оның қазақ халқына деген ниет-пиғылын ашуға қызмет етіп тұр. Ұйқылы-ою күйінде түлкі тұмақ киген кісіні атам деп, есіктің жақтауын мылтықпен атқылап жүрген кейіпкердің жанын жегідей жеген не зат екендігін келесі кейіпкерлердің сөзі толықтырады. Петля мен Колесоның:

«– Он в кризисе. – Бұл – Петляның даусы. – Глубокий кризис. Страх его обуял. Всегда боялся кочевников. Вот он называет «киргиз, киргиз». Значит, ему мерещится. Он подумал, что мы киргизы.

Александр Иванович, мы не киргизы. Александр Иванович, вот рядом стоит твой друг Колесо. Мы по заданию к тебе приехали. Нас прислал Сосо» [1, 10]» – деген диалогынан оның осындай пүшәймән күйге түсуінің сыры ашылады. Ақыл-есінен ауысып, қазақтарданжан-иманы қалмайқор қатын, ес-түссіз жатқан кейіпкердің Сосо деген есімді естүі сол екен, ол: «– Ах, Сосо? Я сейчас встану тогда. Я сейчас встану, я сейчас на ногу встану. Я час прямо встану. Я сейчас... я сейчас... перед вами поклянусь. Не к вам, а нашему общему другу Сосе. Сосо, я тебя уважаю. Я тебя верю, Сосо» [1, 10], – деп бәйек болады.

Осы оқиғадан кейін Шыршық өзенінің салқын суына аяғын малып, терең ойға шомып отырған Мұстафамен кездесеміз. Жазушы осылайша уақыт пен кеңістікті тез құбылтып, оқырманын басқа уақытқа, өзге кеңістікке ала жөнеледі. Мұстафамен алғаш кездескенде оның өмір туралы толғанысты монологына тап боламыз. Адам жанының екіге жарылу әдісін тиімді қолданған жазушы бірде Мұстафаны өз атынан сөйлетсе, енді бірде оған екінші Мұстафаның сын көзімен қарап, оған баға береді. Мұстафаның 1902-1910 жылдары Ташкенттегі гимназияда оқығандығы оның өмірбаянынан белгілі болса, бұл оқиға уақыт жағынан оның сол гимназияны бітіретін жылдарынан хабардар етіп, кеңістік жағынан Шыршық өзені қазіргі Өзбекстанның астанасы Ташкент қаласының іргесінен өтеді.

Су жағалай майысып өскен келіншектал мен су бетіндегі масалар, су астындағы балықтар жайында ойға батқан Мұстафа тіршілік жөнінде философиялық ойға шомады. Қоңыз, маса, балық тәрізді тіршілік иелерінің бәрі өмір үшін күресуде. Мен ше? Мен олардың қасында адаммын ғой. Сонда мен не істеуім керек деген терең ойдың жетегіндегі Мұстафаның еліме, халқыма адал қызмет етсем деп армандауы – оның өз жасынан ерте есейгенін, өз замандастарынан оқ бойы озық екенін аңғартатын штрих.

Еуропалықтардың Таскенттің бір шетінен жаңа қала салуы, театр салуы, оны опера деп атауы, түзу көшелер салып, оны таспен бекітуі, көп қабатты үйлердің сән түзеуі, онда тұрып жатқандардың тыныс-тіршілігінің түзелуі – ХХ ғасыр басындағы жаңа тұрмыстан хабар берсе, ежелгі қаланың ескі қала атануы, ондағы жұрттың жатаған балшық тамдарда тұруы, олардың өз руларымен ауыл-ауыл болып отыруы салыстыра білген адамға жер мен көктей айырмашылықтың көз алдымызда өтіп жатқанын байқатар еді. Ендеше гимназияны үздік бітіргелі жүрген Мұстафаны осындай қоғам, өмір жайындағы ойлар мазалауы шындыққа саяды. Жазушы осылайша бір-біріне кереғар ұғымдарды қатар суреттеу арқылы бас кейіпкердің бейнесін толықтыруды назарда ұстап отырған.

Жатақхананың бір бөлмесінде бірге тұратын Вадим Чайкин мен Мұстафаның бір-біріне бауыр басып, арасынан қыл өтпестей дос болып кетуі, бір-біріне деген адал та таза пейілдері олардың ортасында ортақ ұқсастықтың, сәйкестіктің бар екендігін көрсетуге қызмет етеді. Биыл Мұстафаның әкесінің жақсы танысы Абдолла деген өзбектің үйіне

көшкеніне қатты қиналғанның бірі – Вадим екені рас. Оның күнде таңертең келіп Мұстафаны ертіп кететіні сол қимас достықтың белгісі болса, аттестат алатын күні арнайы арба-тарантаспен алып кетуі досқа деген құрмет пен адал достықтың белгісі іспетті. Ал оның бойы жағынан өзінен қысқа Мұстафаны «Мен Мұстафадан кейін тұруым керек, мен Мұстафаның оң жағында тұруым керек!» деп үнемі өзінің алдына жіберуі Вадимнің бойға емес, ойға мән беретіндігін көрсетіп тұрғанға саяды. Осы кейіпкерге жазушы мынадай сипаттама береді: «Вадим Чайкин – ғажап адам, ғажап жігіт. Бір қарасаң түсініксіз, бір қарасаң ап-айқын. Тұрған бойы тазалық, тұрған бойы әділдік. Ол әлденеге килігіп кеткен кезде – шыдай алмаған, әділдік үшін көтеріліп кеткен кезі». Бір қарасаң момақан, бір қарасаң күйіп-пісіп жүретін Вадим әлде бір театр сахнасында ойнап жүрген актер секілді. Ол осындай жалықтырмайтын мінезімен де Мұстафаға ұнайды. Екеуінің арасындағы мызғымас достықтың кілті де Вадимнің сан қырлылығында екенін роман оқиғалары дәлелдей түседі.

Романда алғаш кездесетін кейіпкерлердің бірі – Абдолланың қызы Зухра болса, келесісі – Дорре мен Зеленский. Дорре – гимназияның бастығы, Зеленский – оқу ісі жөніндегі орынбасары. Бүгінгі салтанатты жиынға алтын мен күміс медальды бітірушілерге өзім тапсырамын деп келе жатқан Ұлы мәртебелі генерал губернатордың жиналған қала басшыларын, уезд бастықтарын, ата-аналар мен гимназия оқушыларын шыжыған ыстық күннің астында күттіріп қоюы, салтанатты жиынға Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы Самосов мырзаның ерекше көңіл бөлуі, алтын медаль аламын деп дандайсып жүрген Лешаның күміс медаль алатынын білген кездегі әкешесінің тас-талқан болып ашулануы, медаль тапсырылар сәттегі олардың тыжырынған келбеті, генерал мінген автомобильдің бір шақырымдай жерді жаяу кісінің аяғындай жылдамдықпен 15-20 минуттай жүруі, Таскент қаласында күннің арқан бойы көтерілмей жатып күйіп тұруы – бәрі де оқиға өтіп жатқан уақытпен үндесіп тұр.

Бар салтанатымен басталған жиынның негізгі оқиғасы генерал губернатордың шалыс басқанымен әшкере болады. Бір күн бұрын алтын медальді Мұстафаға береміз деп шешкен басшылардың қазақ баласына қимай отырғаны медаль емес, сол медаль арқылы берілетін құрмет пен қошемет еді. Өздері жаппай сауатсыз деп түсінген патшаның қол астындағы бұратана халық ішінен Мұстафа сында қара домалақ, дембелше келген баланың ақ нәсілділерді басып озуы – олар үшін Еуропаны азиялықтардың бағындыруы іспетті еді. Алайда, өзіне берілген алтын медальдан бас тартып: – Мен, Вадим Чайкин, мұндай шешіммен келіспеймін!, – деп дау шығарған қызуқанды жігіттің: – Алтын медаль – Мұстафаға! – деп айқай салуы басшылар күтпеген оқиға еді. Медальдың Мұстафаға тиесілі екенін жиналған көптің алдында Вадимның жайып салуы – көпке топырақ шашуға болмайтындығына мысал. Вадим – Мұстафаның досы ғана емес, ол – әділдікті, ақиқатты қолдаушы жан. Өзіне берілген алтын медальдан

Вадимнен кейін момын жігіт Алексей Беляевтің бас тартуы, күміс медальдан Мұстафаның бас тартуы – оқу-ісі төңірегінде болып жатқан былық пен шылықты жиналған халық алдында жайып салғаны рас. Мұның өзі гимназияны бітірушілердің бәрінің де өзіндік көзқарасы қалыптасып қалғанын танытса, бұл – болашақ өсіп келе жатқан жастардың өмір жайындағы ұстанымдарының көрсеткіші еді. Ұлы мәртебелі генерал-губернатордың әділ жасадым деп өзін сендірген шешіміне бітірушілердің жаппай қарсылық танытуы – әміршіл империяның жымсықы саясатын әшкере етеді. «Жеңілген күреске тоймайды» дегендей генерал-губернатор Самсовтың мұнымен де тынбай, Доррені орнынан алып тастап, орнына Зеленскийді директор етіп тағайындауы «таз ашуын тырналап аладының» кейпі болса, Мұстафа Шоқайдың саясатқа алғаш араласуы да осы оқиғаға байланысты өрбиді. Басшылыққа жаңа сайланған большевик Зеленскийге деген оқушылардың жаппай қарсылығы – 1905 жылы Санкт-Петербурдағы алғашқы орыс революциясының бес жылдан кейін Азия жеріндегі Түркістан өлкесінің астанасы Таскент қаласындағы жалғасы еді. Жоғары жақтағылардың шешіміне жаппай наразылық таныту – патша өкіметіне қарсылық екені рас. Олай болса, қол астындағы халықтың жаппай наразылығы төңкеріске алып баратындығынан отаршыл империя да хабардар. Соның алдын алу мақсатында олар қандай шешімге де әзір екендігін жазушы олардың өз істерімен шынайы бейнелеген.

Күтпеген тосын оқиғаға Мұстафа зәредей қиналған жоқ. Себебі ол Перовск қаласында бірінші сыныпты бітіріп келген кезде атасы Торғай датқадан естіген әңгімесін бойына тоқып өсіп еді. Жазушы елден ерек туған жігіттің бойындағы алғырлықтың оның бойына атасы Торғай датқадан келгенін, яғни тектіліктің қан қуалайтындығымен суреттеген. Кезінде Хиуа ханының қол астындағы Сырдария өлкесінің датқасы болған Торғай атасының ханның өзін қызметтен босатқанына шыдамай тапа-тал түсте Ақырлы деп аталатын мал қорасынан Құлақасқасын асықпай ертеп, мініп кете барғаны ел аузында аңыз болып кеткені арқылы оның арғы атасы ханға да бағынбаған өр тұлғалы жан екендігінен хабар береді. Торғай датқаның: «Орныма әлде бір сасық байды тағайындады. Төре де емес еді, қараның ішінде де жетісіп тұрғаны емес еді», – деген сөзінен қазақ халқының төре тұқымына ерекше ықылас танытатындығын байқасақ, оның ханға жасаған қыңырлығы өзін ешқашан, ешкімге басындырмайтындығының, қорлатпайтындығының мысалы.

Бірінші сыныпта жүргенде осындай оқиғадан үлкен ой түйген Мұстафаның әлдінің әлсізге тізе батыратыны, отаршылдардың қол астындағы халықты басынатындығы жөніндегі сауатын толықтыра, тиянақтай түскенге саяды. Жазушы осындай лирикалық шегіністер арқылы, дәлірек айтқанда уақыт пен кеңістікті ойнатудың нәтижесінде болашақ қайраткердің бейнесін көз алдымызда толықтырып, өсіріп отырады.



Мұстафаның әділетсіз шешіммен келісе алмағандығын өзіне берілген алтын медальды қолына ұстамағаны, ол медальды Санкт-Петербургта Вадимнің алып барғаны – оқуға түсерде құжаттарға қоса тапсырылған медальдың іздеушісі де, жоқшысы да Вадим болғанына мысал. Осы оқиғаның өзінен-ақ біз болашақ қайраткердің бойындағы қайтпас қайсарлықты аңғарамыз.

Жоғарыдағы оқиғадан кейін полковник Кобринмен қайта жолығамыз. Бұл кездесуге оңтайлы жер ретінде жазушы Самосовтың кабинетін алған. Шәкірттерден оңбай жеңіліс тапқан ұлы мәртебелі мырзаның енді олардан өш алуға бар ынта-шынтасымен кірісуі айтпаса да түсінікті. Жедел іске кіріскен Кобриннің Шоқаевтың ата-бабасын зерттеп, оның өткенінен ілік іздеуі–аққа қара жағудың алғашқы қарамдары. Осы сәтті жазушы былай сипаттайды: «Оның алдында ол Перовск қаласында оқыған. Орыс тіліне өте жетік, математикаға жүйрік. Барлық пәндерден беске оқып келе жатқан бала. Анасы қайын атасымен бірге, күйеуімен бірге Хиуа хандығына талай-талай шабуыл жасап, талай-талай соққы берген. Анасы – зиялы адам. Шоқай да ен далаға белгілі кісі. Руы – қыпшақ. Біздің Ферғанада негізінен қыпшақтар ғой. Ташкент маңайында үйсіндер мен қоңыраттар аралас отырады, мырза. Бұл мәселені мен анықтап, зерттегенмін» [1, 82]. Бұл үзіндіден байқағанымыз, жазушы кейіпкер сөзі арқылы бас кейіпкердің бейнесін толықтыруға тырысқан. Екінші мәселе – осындай нақты мәліметтер арқылы болашақ қайраткердің өскен ортасы туралы толыққанды хабар беру. Кобриннің жинаған құжаттары тек Мұстафаның әулетіне ғана қатысты емес, сол өлкенің тарихынан да сыр суыртпақтайды. Қоңырат, үйсін руларының тарихы, Қаратауға қатысты деректер, тіпті Майлықожа туралы пікірлер, Түркістан өлкесінде шығатын газеттер туралы мәліметтер – бәрі де Мұстафаға өскен ортасының әсері болатындығын айғақтай түскен. Осы оқиғадан кейін Мұстафаның әрбір басқан қадамы аңдуда болды. Оны жазушы былай сипаттайды: «Осылайша Мұстафа Шоқай он сегіз жасқа толар-толмаста құпия полицияның бақылауына ілікті. Ендігі жерде бір ғана Таскент полициясы емес, бір ғана Россия полициясы емес, дүние жүзіндегі беделді, сен тұр, мен атайын елдердің құпия полициясы» [1,104]. Романның бірінші тарауы Мұстафаның соңына құпия полицияның түсуімен аяқталса, екінші тарауға Таскент қаласындағы түрлі оқиғалар негіз болған. Бұл тарау үш күн абақтыда отырып, қинау мен зорлаудың неше түрін көрген белгісіз кейіпкердің қала сыртындағы қоқыс тастайтын жерге апарып тасталғанымен, ажал тырнағынан аман қалғанымен басталады. Осы оқиғаның өзінен-ақ бұл қаладан да тыныштықтың кете бастағанын, құпия істердің көбейе түскенін ұғынуға негіз бар.

«Кешіріңіз, Александр Иванович, біз сізді осында әкелуге мәжбүр болдық. Түсініксіз жағдайлардан сақтағанымыз ғой... Өзіңіз білесіз, кеше жастар оғаш қылық танытты. Ар жағын Кобрин мырза өзі түсіндіре жатар. Шыдаңыз» [1,112], – деген үзіндіге қарағанда Зеленскийді белгілі себеппен

алып келгені рас. Осыдан кейін оның Шыңғыс ханның ұрпақтары саналатын Қазақ хандығы, Қырым хандығы, Ноғай хандығын жаулап алған Ресей империясының Сібірге ауыз салғаны, Азия арқылы Ауғанстан мен Индияға, Манчжурия арқылы Корея мен Қытайды билеуді көздеген мақаласы шықты. 1904 жылғы оқиғаларды жеңіліс емес, барлауға шыққан сапарымыз еді деп түсіндірді. Осы мақаладан кейін Зеленскийдің қызметі де, айлығы да өскеніне, мақаласы үшін сыйақы алғанына қарап отырып, белгілі мақсатпен, астарлы саясатпен жазылған мақаланың мемлекет, үкімет тарапынан қолдау тапқандығы Самосов, Кобриндердің сөздерімен нанымды суреттелген.

Жазушы Зеленский мен Кобриннің осы мақаланы талдай отырып, қазақ халқы туралы айтқан ойларына көңіл аударған. Зеленскийдің әңгімесі арқылы қазақ халқының ешкімге шапқыншылық жасамаған бейбіт халық екендігі айтылады. Әміршіл империяның отаршылдығын: «Қазақ хандығы, кешіріңіз, Казачья Орда тез дамып кетуі әбден мүмкін еді, біздің патша бабаларымыз, біздің патша аналарымыз бұларды құрықтай білді. Оның үстіне Қытай империясы да бұлардан қатты қорықты» [1,126], – деген кейіпкер сөзі растайды. Қазақ елінің көркейіп, дамып кетуіне жан-жақты кедергі жасаған патшалық империяның жымысқы саясаты осы сөздерден-ақ көрініп тұр. Алайда кейіпкер сөзінен қазақ халқының жауынгерлігін, қайсарлығын, іргесіндегі алпауыт елдерді ықтырып отырғандығын байқаймыз. Қытай империясының өзі қазақтардан бас сауғалап, Қытай қорғанын салғаны тарихтан мәлім. Олай болса, осындай қайсар халықтың басына ақ патшаның ноқтасы сыймауы да заңды.

Бұл тарауға негіз болған оқиғалардың барлығы дерлік осындай белгілі саясатпен жүзеге асырылып отырады. «Түркістан ақпараты» газетінде жарияланған «Шіркеудегі шатақ» оқиғасының күн ілгері мұқият дайындалғандығы оның астарында үлкен мәселенің жатқандығына меззейді. Зеленскийдің аяқ астынан Доррені үйіне бірінші рет іздеп келуі, қоярда қоймай шіркеуге ертіп баруы – оған жасалатын қастандықтың күні бұрын ұйымдастырылғандығын байқатса, атылған мылтық оғының Дорреге емес, шіркеу қызметкеріне тиюі оқиғаны одан ары шиеленістіре түседі. Кобриннің тілегені де ұлттар арасындағы кикілжінді ушықтыру болса, оның басты себебі оқ атқан адамды мұсылман деп жариялауда жатыр еді. Көктен сұрағаны жерден табылғандай болған ол мылтық иесін аз ұлт өкілі болып табылатын мұсылман халқының бірі шұғнан деп мәлімдеме берді. Дін қызметкерін құрбандыққа шалуының артында үлкен саясат жатқаны да жасырын емес. Оның қайтарымына келесі кезекте кімнің құрбан болары бұл кезде белгісіз, құпия еді. Ақ пілдің орнына сойылатын құрбандықтың тегін болмасы да белгілі. Олай болса, жазушы осы оқиғаны алдағы үлкен оқиғаларға кіріспе, яғни баспалдақ ретінде алған.

Романның өн бойында бірнеше оқиға параллель жүріп отырады. Түркістандағы оқиға күрт шиеленісе түскен кезде Әбдраман отбасының тыныс-тіршілігі де адам танымастай өзгеріп, басқа арнаға түсіп еді. Бес

уақыт намазын қаза етпей, Аллаға, Жаратушыға жалбарынып жүретін діндар адамның аяқ астынан шайтанның азғыруына еруі де түсініксіз. Әбдрманның көрші отыратын жесір келіншекпен астыртын бас қосып жүргенде шаңырағының шайқалуы, отбасындағы кикілжіңнің азамат болып өсіп қалған ұлы Шүкірге әсері – бәрі де шынайылығымен баурайтын оқиғалар. Кобрин тәрізді құпия істермен шұғылданатын мамандардың Шүкір тәрізді тығырыққа тірелген жанды таңдап алатыны да белгілі. Өз басын қайда қоярын білмей, діндар әкесінің көрші келіншекпен ашына болғанын кешіре алмай, үйінен безіп далада жүрген жігіттің мұндай жағдайда кез келген шаруаға ешқандай ойланбастан баруы көңілге қонымды. Осы оқиғалар тұсындағы жекелеген кейіпкерлердің жан толғанысынан жазушының психологизмді жоғары деңгейде меңгергені анық аңғарылады.

Осындай қым-қуыт оқиғалардың арасында Дорренің алтын медальды Мұстафаның үйіне алып келіп табыстауы да өз кезегімен жүріп жатады. Бір қарағанда осындай бірнеше ұсақ оқиғалар жинала келіп, негізгі үлкен оқиғаны толықтыруға қызмет етеді. Осы сәтте Көркемтөбеде демалып жатқан Вадим мен Мұстафа аяқ астынан жеделдетіп қалаға қайтып келеді. Олар шіркеудегі оқиғаны газеттен оқығанда Вадимнің мұны «Провакация!» деп қабылдауы – әсер партиясында жүріп саяси көзқарасының қалыптасып қалғандығына қызмет етеді. Мен сені Көркемтөбеден тегін алып кетпедім. Жүрегім сезді ғой деп ағынан жарылатын Вадимнің сол сәтте Владивастокта болып жатқан оқиғаларды біліп отыруы да дау туғызбайды.

Осы оқиғадан кейін көп ұзамай би алаңындағы жастардың төбелесі Таскент қаласындағы саяси жағдайды ушықтыра түседі. Шүкірдің Болтунның жүрек тұсына пышақ салуы, өзі таяққа жығылып ауруханаға түсуі – бәрі де бір қарағанда жастар арасындағы ұсақ-түйек кикілжің тәрізді көрінгенмен, шындап келгенде бұл ұлттар арасындағы араздықтың күн санап өршіп бара жатуы еді. Олардың Шүкірді Еуропалықтарға арналған ауруханаға әрең алғызуы – Таскент қаласында жергілікті халыққа арналған аурухананың жоқтығын байқатады. Мұның өзі – қол астындағы халыққа отыршыл империяның көңіл бөлмейтіндігі, ұлттар арасындағы алалаушылықтың белгісі.

Міне, осындай күмәнді оқиғалар қатарының көбеюі тегін еместігін түсінген Вадим қасына Мұстафаны ертіп алып, темір жолды жағалап жүретін қаңғыбастардың атаманы Болтунды іздеп барып онымен сөйлеседі. Осы тұста жазушы көп сөйлемейтін Болтун мен қара Иванның кім екендігінен толыққанды хабар беруді көздеген. Деревнядағы өз үйінен безіп, қаңғыбастың күйін кешіп жүрген Иванның осы күйі отбасындағы жағдаймен суреттеледі. Жазушы көзіне шөп салғаны үшін сүйген жарын қалай өлтіргенін бейнелеу арқылы қалтасынан кездігі түспейтін Иванға адам өлтіру кәнігі іс екендігін ұғындырады. Алайда оның сарбаздарының шіркеудегі оқиғадан хабарсыз болып шыққандығы Вадимге және бір ой

салады. Ендеше құпия істермен айналысушылардың өздерімен сыбайлас, құпия істерді сеніп тапсыратын сенімді өкілдері бар.

Патшаны ақымаққа, халықты малға, өзін пайғамбарға теңейтін Кобриннің әккілігі өзіне бәсекелес болмас үшін Петлиннің үстінен шағым жиып, темір тордың аржағында ұзақ ұстап, өмірмен хош айтыстыруымен ашыла түседі. Гүржигеннің қолымен қасақана өлтіріп, өзі асылып қалған деп жылы жауып қоюы Кобриннің мұндай құпия істерді жасаудағы шеберлігін танытады.

Романда кездесетін келесі кейіпкер – суретші Киселев. Генерал-губернатор Самосовтың патша ағзамның портретін жасауға тапсырыс бергенде сол суреттің ғажап орындалуымен оның шеберлігі толығы түседі. Генерал-губернатордың суретшіге бірде Доррені, енді бірде Зеленскийді ертіп апарып жүргендегі ойы – сурет туралы пікірлерін білу. Бұл суреттің ұзақ сонар тәптіштеп суреттелуінің басты себебі – алдағы үлкен оқиғаға негіз болғалы тұрғаны. Үшінші тарауда осылайша Таскент қаласындағы әртүрлі оқиғалардан хабардар боламыз.

Төртінші тарауда сол оқиғалардың қорытындысына куәгер боламыз. Патша ағзам суретінің мешітке қойылуы, оның алдында 18 жастағы мұсылман жігіті Шүкірдің: «Жасасын ұлы мәртебелі патша ағзам!» деп ұрандап тұруы, елу-алпыс адам сиятын мешіттің ішкі фонын алып, сыртта жиналған мыңдаған халықты сол жерден көрсетуі, бұл суреттердің газетте басылып Санкт-Петербургқа жіберілуі, Вадим мен Мұстафаның осы құпиялардың сырын ашуы – бәрі де тыныш жатқан Таскентке төңкерістің келе жатқанының белгісі еді. Төртінші тарауда жастар арасындағы қақтығысқа қатысқаны үшін Вадим саяси қылмыскер ретінде абақтыға жабылса, оны іздеп барғаны үшін Мұстафаны да темір тордың аржағынан бір-ақ шығарады. Алайда Оспан ағасының іздеп келгенін білген Кобрин оларды байқамаған болып жылы жауып шығарады. Қол астындағы ұлттарға тізесін батырып отыру, олардың аяқ алысын бақылып, соңдарына адам салу – отаршыл империяның әккі саясатының бір көрінісі. Тарау басындағы үш күн абақтыда ұсталып, қоқыс арасына апарып тастайтын кейіпкердің Шүкір екенін оқырман тараудың соңында ғана түсінеді. Шүкірдің тар қапастан үш күннен кейін өлімші болып шығуы, содан шыққан соң олардың айтқанын орындауы – отаршылдардың қол астындағы мұсылман халқына жасап жатқан озбырлықтарының көрінісі еді.

Роман соңында Таскенттен солтүстікке қарай бет алған Оспанның екі күймесі Вадим мен Мұстафаны оқуға алып шығады. Алайда, жол жөнекей тағы бір сұмдық оқиғаға кезіземіз. Әли деген кісінің қыстауына көз тіккен Пәнтелейдің жерін бермегені үшін бес-алты үйлі жанды қырып салған оқиғасына тап боламыз. Төрт ұл, екі қызды әке-шешесімен қосып атып кетуі – қазақ даласында болып жатқан содырлы сойқанның бір ғана көрінісі еді. ХХ ғасыр басында қазақ біткен өздерінің құт мекендерінен айырылып, тау-тасты сағалап, өлместің күйін кешкені тарихтан белгілі. Әміршіл

империяның отаршылдық саясаты бұл кезде өз әмірін күллі қазақ даласына жүргізіп жатыр еді.

Жазушы Таскент қаласындағы саяси ахуалдың ішінде жүріп қазағым, халқым дегенде жүрегі сыздайтын Мұстафаның үлкен күрескер, қайраткер болып қалыптасу жолдарын, оның өмірден көрген оқиғалары арқылы нанымды бейнелеген. Қасындағы жолдасы Вадим арқылы орыс халқының бәріне топырақ шашуға болмайтындығын да жадында ұстап отырған. Вадим тәрізді көзі ашық, көкірегі ояу, саясаттан хабары бар жігіттермен бірге жүріп саяси көзқарасы қалыптасқан Мұстафа болашақта үлкен қайраткер болатындығына жазушы сендіреді. Кобриннің зерттеуімен Мұстафаның ата-бабалары туралы толық мәлімет беруге тырысқан жазушы олардың ел сыйлаған текті әулет екендігін роман соңындағы ағасы Оспанның ірі істерімен айшықтайды. Сырт көзге жұпыны көрінбес үшін екі күймені сән салтанатымен алып шыққан Оспанды жолда кездескен қазақ жігітінің танып тоқтатуы – оның батырлығын ғана емес, ел таныған сыйлы адам екенін байқатады.

Роман Вадимнің: – Звери, звери, звери! – деген сөзді үш рет қайталап, Мұстафаны құшақтап отырғанымен аяқталады. Вадимнің сөзі – шектен шыққан отаршылдыққа деген наразылықтың белгісі.

Болашақ қайраткердің шындала түсуі оның студенттік жылдардағы басынан кешкен оқиғалармен байланысты. Мұстафаның саяси көзқарасының беки түсуіне Санкт-Петербург университетінің заң факультетінде оқығандығы да себепкер. Кез келген мәселеде өз пікірін ашық айтатын студенттің жоғары оқу орнынан жинаған білімі оның ғұмырына азық болғаны рас.

Ақын Қасымхан Бегмановтың «Шерлі Түркістан» поэмасы – ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ халқы басынан өткерген қилы тағдырға жан бітірген туынды. Поэманың орталық кейіпкері – Мұстафа. Сондықтан да негізгі оқиға бас қаһарманның төңірегінде жүріп жатады. Орта Азия мен Еуропаның біраз жерлерін аралаған Мұстафаның өмірі ат үстінде өткенін, үнемі қуғын-сүргінде жүргенін автор нақты мысалдар арқылы суреттеген. «Өмірді шексіз сүйеді, Өлікпен қатар жатқандар» [2, 244], – деген жолдар Мұстафаның тірілер арасынан сабыр таппай, қуғыншылардан қашқанда моладағы мәйіттермен бірге түнеп шыққанын көрсетеді. Ақын қайда жүрсе де, қандай қиын күнде де Мұстафаның қасынан табылған сүйікті жары Мәрияға да көңіл бөлген. Мәрияның мұсылман салтымен жарының артын күтуі, Париждегі мұсылман мешітінде құран бағыштап, ас беруі – оның бейнесін толықтыратын эпизодтар. Мұстафа жүрген жолмен экспедиция құрамында болып, мол материал жинаған ақын шығармаларынан Түркістан мемлекетін құру жолында жанкешті ерлік жасаған мемлекет, қоғам қайраткерінің үлкен орын алуы да құптарлық.

Драматург Рахымжан Отарбаевтың «Мұстафа Шоқай» пьесасында саяси қайраткер Мұстафа Шоқай өмірінің соңғы кезеңдеріне тап боламыз. Мұстафаның Маңғыстау арқылы Бакуге, одан Тбилисиге ат басын тірегені тарихтан мәлім. Алайда, Тбилиси қаласы Кеңес өкіметінің қолына өткеннен кейін Мұстафа Шоқай бұл жерде де тұрақтап қала алмай жұбайы Мария Яковлевнамен бірге Францияға кеткен болатын. Драматургтың пьесасына оның Ташкент, Орынбор, Түркия, Баку, Парижде жүрген уақыттары негіз болған.

Пьесаның оқиғасы ОГПУ тергеушісінің Әміре Қашаубаевты тергеп жатқанынан басталады[3]. 1925 жылы Әміре Қашаубаевтың Парижде өткен халықаралық байқауға барып ән салғаны тарихтан белгілі. Олай болса, сол жақта Мұстафамен кездескені үшін Әміреге жасалып жатқан азаптаудың түрлері – отызыншы жылдардағы жаппай қудалаудың көркем суреттері. Осыдан кейін лирикалық шегініс жасалады да Мұстафаның гимназияда оқып жүрген шағына ауысамыз. Ташкент, Орынбор, Түркия, Баку, Париж тәрізді қалалардың барлығы Мұстафа өмірінен үлкен орын алатын, маңызды мәнге ие мекендер екені белгілі. Ендеше оның Ташкенттен саябыр таппай жолға жиналып жатуы, Орынборға мұсылман мемлекеттердің құрылтайына баруы, Алаш үкіметінің басшылары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Башқұрт үкіметінің басшысы Зәки Валидимен кездесуі – бәрі де тарихи деректермен үндестік табады. Осы құрылтайға Түркістан үкіметінің атынан Мұстафаның қатысуы, олардың болашақ жоспарды талқылауы, алаш зиялыларының жаппай тұтқынға алынуы, Кремльдегі Сталиннің Держинскийге Мұстафаның көзін жою туралы беріп жатқан тапсырмасы, Ұлы Отан соғысы басталғанда Мұстафаның тұтқындарға көмектесуі, Фюрердің Түркістан легионын үш айдан соң Совет Одағына қарсы соғысқа салмақ болғанына қарсылық танытқаны үшін Мұстафаның қасақана өлтірілуі – тәрізді оқиғалардың барлығы да сол тұстағы уақытқа сәйкес белгілі кеңістік аясында жүзеге асырылады. Драматург осы оқиғалар барысында Мұстафаның елі мен жеріне деген шексіз махаббатын, оның азаттық, бостандық жолындағы ұлы армандарын дұрыс көрсете білген.

Қорыта айтқанда, бүгінгі тәуелсіздігіміз үшін бар саналы ғұмырын сарп еткен, тек қазақ емес, күллі мұсылман халықтарының бас бостандығын ойлаған қазақтың ардақты ұлдарының бірі Мұстафа Шоқай бейнесінің тәуелсіздік тұсындағы қазақ әдебиетінде жан-жақты бейнеленуі қуантады. Мұны өткенімізге және қазақ халқының тарихынан үлкен орын алатын мемлекет және қоғам қайраткеріне жасалған құрмет деп түсінуге болады. Ә.Таразидың «Мұстафа Шоқай» романына оның гимназияны бітіріп жатқан шағы арқау болса, Қ.Бегмановтың «Шерлі Түркістан» поэмасында ғұмыр бойы қудалауда жүрген қайраткердің басынан өткен аласапыран жылдар негіз болған. Р.Отарбаевтың «Мұстафа Шоқай» пьесасында Азия, Еуропа елдері мойындаған саяси қайраткер өмірінің соңғы жылдарына тап боламыз. Мұстафаның жат елде, жат жерде, құпия жағдайда өмірден өтуі оның

қасақана өлтірілгенінен хабар береді. Түркістаннан басталған ұзақ сапардың Парижде аяқталуы Мұстафа жүрген жолдың қашықтығын ғана емес, оны Азия және Еуропа елдерін мойындатқан тұлға ретінде танытады. Өмірінің соңына дейін қазақ елі мен жерін отаршылдардан құтқаруды арман еткен қайраткердің трагедиялы өлімі қазақ қалқының басынан кешкен қасіретті жылдардың көркем бейнесі екені рас.

Қазіргі таңда Мұстафа Шоқай есімі алыс-жақын елдерге кеңінен таныс. Қоғам қайраткеріне Францияның Ножан-сюр-Марн (Валь-де-Марн департаменті) қаласында ескерткіш тақта орнатылса, оның туған ауылында да ескерткіш бой көтерді. Сонымен бірге оңтүстік астанамыз, мәдениет пен білімнің ордасы болып табылатын Алматы қаласының бір көшесі, өзінің туған өлкесі Қызылорда қаласындағы Экология университеті, Сұлутөбедегі мешіт Мұстафа Шоқай есімімен аталады. Мұстафа Шоқайдың діні бір мұсылман баласының басын қосып, түркі дүниесін құру жолындағы жанкешті ерлігі мұрағат деректерімен толығып, Мұстафа жүрген жолмен Қазақстандық экспедиция өз сапарын аяқтады. Сол сапардың нәтижесінде жоғарыда сөз болған туындылар жазылды. Бұдан шығатын қорытынды бүгінгі тәуелсіздігіміз жолындағы азаттық пен бостандық үшін арпалыстың XX ғасырдың бірінші жартысындағы көрінісін Мұстафа өміріне жинақтаған ақын-жазушылар қазіргі қазақ әдебиетін мазмұны жағынан толықтырып, ұлт қаһарманының жарқын бейнесін жасады. Мұстафаның күреске толы өмірі қай дәуірде де, қай кезеңде де ел мен жер тағдыры халықтың, ұлттың ең өзекті мәселесі екенін көрсетті.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

- 1.Тарази Ә. Шығармалары. ҮІ. Мұстафа Шоқай: роман. – Астана: Фолиант, 2013. – 424 б.
- 2.Бегманов Қ. Күреңбел: Өлеңдер, дастан, толғаулар. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС; Дәстүр, 2014. – 296 б.
- 3.Отарбаев Р. Айна-ғұмыр. Пьесалар. – Астана: Фолиант, 2013. – 512 б.

## МУСТАФА ШОҚАЙ ЖӘНЕ ӘМІРЕ ҚАШАУБАЕВ

**Жусупбекова Б. А.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Мұстафа Шоқайтану» ғылыми-зерттеу орталығының маманы, тарих ғылымдарының магистрі

Әміре Қашаубаев (1888 -1934) - қазақтың актер әрі атақты әншісі. Шығыс Қазақстан облысының Абыралы ауданына қарасты Дегелең тауының алабында туған. Шыққан тегі Орта жүз ішіндегі Тарақты руы. Кедей шаруа отбасында туып өскен. Әміре 12 жасқа толғанда әкесі Семей қаласына көшіп келген. Жас Әміре Исабек деген байдың ат айдаушысы болып еңбекке ерте араласады. Исабек жас әншіні жанына ертіп жүріп, той-жиындарда ән салғызады. Көп ұзамай Әміренің атақ-даңқы бүкіл Семей өңіріне жайылады. 1921-1924 жылдары Семейде құрылған қазақ жастарының ағарту ұйымы «Ес-аймаққа» мүше болып, әншілік өнерін шыңдай түседі. 1924 жылы Семейде өткен өнерпаздар байқауында Қали Байжановпен бірге бас жүлдеге ие болады. 1925 жылы Қызылордада өткен Қазақстан Кеңестерінің V съезі мен 1927 жылы Мәскеуде болған Кеңестердің IV съезіне делегат ретінде қатысып, делегаттар үшін ұйымдастырылған концертте өнер көрсеткен.[1]

Әміре Қашаубаев - Мұстафа Шоқайдан кейінгі Парижде болған екінші қазақ десек болады себебі асқақ үнімен, әсерлі әнімен Париждіктерді таңтамаша қалдырған, оған көрермендер қол соғып, тамсанған. Сонымен қатар әншінің Мұстафа Шоқаймен кездескені, аз уақыт болса да дәмдес болғаны жайлы мәліметте кездеседі. Мұстафа Шоқайтанушы ғалым ҰҚК-нің ардагер полковнигі Әмірхан Бәкірұлының «Париждегі құпия кездесу» және көрнекті ақын Қасымхан Бегмановтың «Мұстафа Шоқай жолымен» тарихи-деректі, танымдық сапарнама еңбегерінде көрсетілген.[2]

Баршамызға белгілі Парижде өткен дүние жүзілік көрмесінің этнографиялық концертіне барлық ұлттық республикалардан жиналған қатысушылар олар, орыс әншілері Доливо-Саботнацкий, Ковалева, өзбек әншісі Кари Якубов пен биші Тамара Ханум Әзірбайжан әншісі Шавкет Мамедов бар 14 актерлерден құралған кеңес делегациясының құрамында біздің елден Әміре Қашаубаев 1925 жылғы 27 мамырда қатысады. Он төрт өнерпаздың ішінен Әміре туралы Париждің газет журналдары «Сахара бұлбұлы» деп жарыса жазыпты. Ал Әміре сахнадан кетісімен көрермендер ұзақ қол шапалақтаудан кейін таңданыстарын жасыра алмай «Пай шіркін міне керемет өнер!», «Қандай дауыс» деп бағаларын табан астында-ақ беріп тастаған екен. Әміренің даусы еуропалық өнер сыншыларының да таңданысын тудырмай қоймаған. Париж сахнасына өзбек халқының атынан алып барған атақты биші, әнші Тамара-Ханумның: «Әміре - менің ұстазым. Парижде он бір рет концерт бердік... Әр концерт алдында дамылсыз репетиция болып тұратын електен өтіп, шыңдалдық. Сондайда Әміре



сыннан сүрінбей, оңай өтіп кететін» дейді өз естелігінде. Әміре үйреткен қазақтың «Дударайы» мен «Қараторғайын» сахнаға шығып орындағанда естігендер ұзақ қол шапалақтайтынын да үлкен тебіреніспен жеткізген.[2. 472б.]

Француздың ұлы жазушысы, өнердің, музыканың білгір сарапшысы Ромен Роллан: «Мен Шығыста әншіні бұлбұл құсқа неге теңейтінін енді түсіндім»-депті. Жазушы Анри Барбюс «Мен мұндай әншіні сирек кездестірдім» деп таңдай қақса, А.Луначарский, А.Затаевич, М.Әуезов, Қ.Сәтбаев, А.Жұбановтар әншіге аса жоғары бағаларын берген.

Әміре Қашаубаев Парижге 1925 жылдың маусым айында келеді. Барған бойда «Дария» қонақ үйіне орналасады. Ол тұрып жатқан мейрамханадағы нөмірге Мұстафа Шоқай әдейі іздеп келіп, екеуі біраз әңгімелесіп суреткеде түскен.. Мұстафа Шоқай Әміре Қашаубаевты қасына ертіп жүріп Парижді аралатқан көрінеді. Ә.Бәкірұлы [3] Сонымен қатар Мұстафа Шоқай Әміреге елге келерінде Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовқа сәлем жолдаған. Оны Мұстафа Әміренің қойын дәптеріне өз қолымен жазып жібереді. «Паиждан Қызылордаға келген соң мен Дулатов пен Байтұрсыновқа бірнеше рет жолықтым. Оларға Мұстафа Шоқай жолдаған сәлемімді жеткіздім. Екеуі де оның шет елдегі хал-жағдайын, өмір сүруге қаражатты қайдан алып жатқанын сұрады. Мен Мұстафа Шоқайдың Париждегі француз және орыс баспаларында қызмет атқарып жүргенін айттым бірақ оларға, Мұстафаның хатын көрсеткен жоқпын, ұмытып кетіппін. Кейіннен кітапша із-түссіз жоғалып кетті, іздеп таба алмадым».Бұл Әміре Қашаубаевтың 1927 жылдың 6 маусымында қауіпсіздік басқармасына шақырылады сонда тергеуге берген жауабы. [3. 236.]

Тағы бір жолы Мұстафа Шоқай мейманханаға келіп, актерлердің бәрін ресторанға қонаққа шақырды. Бірақ, актерлер әр түрлі себептерді сылтау етіп, ресторанға барудан бас тартты. Онымен бірге ресторанға тек мен ғана бардым. Ресторанға барған соң ол екі саптыаяқ сыра сатып алды. Екеуіміз небәрі он бес минуттей бірге болып тарадық. Кетерінде ол Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовқа сәлем айта бар деп өтініш білдірді. Сөйтіп, өз қолымен менің қойын кітапшама олардың аты-жөндерін қазақшалап жазып берді. Парижден Қызылордаға келген соң мен Дулатов пен Байтұрсыновқа бірнеше рет жолықтым. Оларға Мұстафа Шоқаевтың жолдаған сәлемін жеткіздім. Екеуі де оның шетелдегі хал-жағдайын, өмір сүруге қаражатты қайдан алып жатқанын сұрады. Мен Мұстафа Шоқаевтың Париждегі француз және орыс баспаларында қызмет атқарып жүргенін айттым. Бірақ оларға Мұстафаның хатын көрсеткен жоқпын, ұмытып кетіппін. Кейіннен кітапшам із-түссіз жоғалып кетті, іздеп таба алмадым. Бұл хатпен бұрын Қызылорда қаласында “Еңбекші қазақ” газетінің қызметкерлері Ахмет Елшібаев пен оның екі жолдасы танысқан. Соңғы екеуінің аты-жөндерін білмеймін...” [3. 24б.]

Кейбір жариялымға шыққан деректерге келер болсақ Мұстафа Шоқай парижде Майндағы Франкфрутте Әміремен бірнеше жасырын кездесіп, онымен ашық әңгіме жүргізген екен. Сол кездесулерде ол әншіге қазақтың біраз халық әндерін орындатып, шер тарқатқан дегенде дерек көздері кездеседі. Бірақ Әміре тергеуде бұл туралы сөз қозғамаған екен. Әншінің Мұстафа Шоқаймен кездесуі «қазақ даласының бұлбұлы» үшін кейін көп қауып-қатер мен зобалаң алып келеді. Қауіпсіздік органдары елге оралған сәтінен бастап қайта қайта тергеуге шақырып, жауап алынып тыныштық бермей, сонымен қатар қолхат жаздырып алады. Әйгілі әншінің шеккен зардабы өте көп сондай-ақ тергеулерден кейін үлкен сахнаға көп жіберіле бермейді. Шын мәнінде Әміре өз қызметінен шеттетіліп, қоғам өмірінен тыс қала бастайды. Бар жоғы бір сапардың барысындағы кездесу соншалықты зобалаңды бастан кешірген Әміре 1934 жылы денсаулығының нашарлауынан қайтыс болады.

Қазақтың әншілік өнерін әлемге танытқан Әміре Қашаубайұлы жөнінде аз жазылып жүрген жоқ. Әнші шығармашылығы жайлы мақалалар мен кітаптар жетерлік, әлем жұртшылығын әнімен тамсандырған Әміре ән әлемінің жарық жұлдызы болып қала бермек.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Әміре Қашаубайұлы. Жарқын Шәкәрім, Алматы, «Арда», 2006 ж.
2. Қасымхан Бегманов «Мұстафа Шоқай жолымен» тарихи-деректі, танымдық сапарнама. Алматы «Сораба» қоғамдық қоры, 2013 жыл, 470-472бб.
3. Әмірхан Бәкірұлы «Париждегі құпия кездесу», Қызылорда: «Қызылорда-Қанағаты», 2009ж. 17-25бб.
4. // «Егемен Қазақстан», 7 сәуір, 2005 ж.

## **М. ШОҚАЙ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ӘДЕБИ МҰРАМЫЗҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ**

### **Бахтиярова С. Б.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты

Тұлғалар. Алаш арыстары. Мұндай жандар туралы Елбасы Н.Назарбаев: «Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тарихының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінемі. Сондықтан халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай да қиын-қыстау жағдайда оны адал орындаудан жалтармаған

адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім жұртының азаматы боп қала бермек», - дейді. Сондай тұлғалардың бірі – Мұстафа Шоқай. Ол – Алаш қозғалысының төл перзенті, Алаш идеялары мен мұраттары үшін күрескен қайраткер.

Бүкіл өмірін халқының бостандығына арнаған Мұстафаға елінен кету қиынға соқты, жаны күйзелді. Әсіресе, оның жан тебіренісі 1922 жылы Берлиндегі Трокадеро этнографиялық мұражайына барғанда көзіне жас алдырды. Осы сәтті зайыбы Мария Шоқай былай деп суреттейді: «Мұражайда тұрған тамаша домбыраны көріп, ол өзін-өзі ұстай алмай, қызметкерден инструментті қолға алуға рұқсат сұрады. Сол бойда оны бабына келтіріп, ғажап қырғыз (қазақ) сазын ойнап берді. Ол домбырамен өте қамығып қоштасты, көзі жасқа толып кеткен екен». Мұндайда Қадыр ақынның «Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деген өлең жолдары еріксіз ойға оралады. Домбыраны көргенде Сыр өңірінен бастап бүкіл қазақ даласы, туған-туыстары, сол кезде аштан қырылып жатқан қазақтар Мұстафаның көз алдынан өткен шығар...

Мұстафа – орыс, батыс, шығыс әдебиетін жақсы білген адам. Оның бір мысалы ретінде 1922 жылдың 12-мамырында Парижден Ташкентте тұратын «NN» деген аноним адамға жазған хатын айтуға болады («NN» дегені - Х.Досмұхамедов). Хатта Мұстафа Алексей Толстойдың «Хождение по мукам» деген еңбегін орыс революциясын «романға» айналдырудың сәтсіз әрекеті десе, Григорий Гребеншиковтың «Братья Чураевы» деген повесі туралы жақсы тілмен жазылған деп қана шектеледі. Түркістанда қандай газет-журналдар және қай тілдерде шығады, «қырғыз газетін» кім басқарады деп сұрайды.

Мұстафаның «қырғыз газеті» деп отырғаны «Ақ жол» газеті. Бір-екі жылдан кейін ол бұл басылымды тұрақты түрде алып тұрады. Оны «Түркістандағы Лениннің мұрасы» (1924), «Түркістандық «тамаша» (1924), «Ұлт мәселесінің зертханасында» (1924), «Қызыл Түркістанда» (1924), «РКП-ның ташкенттік мырзалары» (1925), «Ояну» (1926) деген еңбектерінде «Ақ жол» газетіндегі материалдарға сілтеме жасауынан көреміз.

Мұстафа Қазақстанда жарық көрген жаңа туындыларды алдырып, олармен танысып отыруға да көп көңіл бөледі. 1927 жылдың 5-шілдесінде Ташкентте оқып жатқан туыстас інісі Байдәулет Дабыловқа хат жазып, Бейімбет Майлиннің өлеңдері мен «Ер Сайын» деген кітапты алғанын хабарлап, жақында Қызылордада «Тар жол, тайғақ кешу» атты кітаптың жарық көретінін айтып, егер мүмкіндігің болса, осы кітапты салып жіберші деп өтініш білдіреді. Сәкен Сейфуллиннің бұл кітабы сол жылы араб графикасымен Қызылордада басылып шыққан болатын.

Батыс әлемі М.Шоқайды ірі саяси қайраткер ғана емес, түркітанушы ғалым ретінде қабылдайды. Сол себепті онымен жазысқан тұлғалар қатарынан француз ғалымы Поль Пельо (1878-1945), Париж университетінің (Сорбонна) профессоры Жан Дени (1870-1945), араб және парсы тілдерінің

маманы Габриэль Ферран, Париж ұлттық кітапханасы Шығыс бөлімінің меңгерушісі Э.Блоше, Орта Азия мен Қазақстанда өткен ғасырдың 20-30 жылдары орын алған, одан бұрынғы дәуірлерге де қатысты оқиғалар туралы еңбектер авторы Ж.Кастанье, ағылшын шығыстанушысы, Кембридж университетінің профессоры Эдвард Браун (1862-1925), Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и-Рашиди» еңбегін өз түсіндірмелерімен ағылшын тіліне аударған Эдвард Денисон-Росс (1871-1940), «Коман халқы туралы» атты іргелі еңбектің авторы Йозеф Маркварттың (1864-1930), италиялық ғалым Э.Инсабота есімдерінің ұшырасуы заңды болатын.

М.Шоқайдың неміс ғалымдарымен ұзақ жылдар бойғы шығармашылық байланысын ерекше атаған жөн. Олардың ішінен, әсіресе, көрнекті неміс түркітанушысы Аннемари фон Габенмен (1901-1993) тығыз байланыста болып, оның қазақ тілі грамматикасын зерттеуіне көп көмек бергендігі – таңғаларлық жағдай.

А. фон Габен көнетүркі ескерткіштерін, көктүріктердің мәдениеті мен дүниетанымын зерттеуге үлкен үлес қосады. Ол – «Түркі тіліндегі турфан мәтіндері» деген бестомдық монографияның, «Көнетүркі тілінің грамматикасы» деген еңбектің авторы. Сонымен бірге А. фон Габен жаңа замандағы қазақ этнографиясы мен лингвистикасына арналған бірнеше ғылыми мақалалар жазды.

Неміс ғалымы Мұстафаны өмірден озғаннан кейін де ұстаз ретінде құрмет тұтып, үнемі еске алып отырды. Ал Берлин университетінде қызмет істеген Иоханнес Бенцингті шын мәнінде Мұстафаның шәкірті деуге болады. Ол осы университеттің түркітану факультетін Мұстафаның жан-жақты көмегі арқасында бітіріп шығады. Берлин университетінде қазақ тілінен сабақ беретін дәрежеге жетеді. И.Бенцинг М.Шоқайды ұстазы ретінде және туған ағасындай сыйлайды. 1933 жылы ол «Мұстафа Шоқайұлы туралы жаңа өзбек әдебиетінде не жазылуда» деген мақала жариялайды. Жалпы ол қазақ тарихы мен әдебиетінің білгір маманы болады. Жазушы Х.Абдуллиннің сөзіне қарағанда, ол М.Жұмабаевтың өлеңдерін жарыққа шығарған. А. фон Габен де: «И.Бенцинг Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерін алғаш алман тілінде сөйлеткен, 1929 жылы бір томдық шығармаларын тәржімелеген» дейді. Аударма Германия мұрағаттарының бірінде сақталуы мүмкін. Ә.Қашаубаев Мұстафаның үйінде болған кезінде Мағжанның «Алыстағы бауырға» деген өлеңін қазақ, неміс, француз тілінде тыңдаған. Өлеңді Бенцингтен басқа біреудің аударуы мүмкін емес. М.Шоқайдың Орталық Азия халықтарының ауыз және жазба әдебиетін терең білетіндігін оның Париждегі «Мұсылман әлеміне шолу» журналында жарық көрген аудармаларынан да байқаймыз. Бұл пікірімізге тағы бір мысал келтіре кетейік.

1939 жылы жазылып біткенмен, 1942 жылы Лейпцигте шыққан Р.Ольцша мен Г.Кляйновтың «Түркістан»: Саяси тарихы және әлеуметтік проблемалары» деген 409 беттік кітабының соңғы 60-70 бетін М.Шоқай

жазғанға ұқсайды. Ондағы «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ер Тарғын», «Қыз Жібек», «Айман – Шолпан» секілді қазақ әдебиетінің үлгілері, «Исатай – Махамбет», «Бекет», «Амангелді», «Жалбыр», «Бекболат» пьесалары, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, А.Тоқмағамбетов, Т.Жароковтың шығармашылығы жөніндегі ой түйіндеулер Мұстафаның ғана қарымды қаламынан туындады деп ойлаймыз. Халықтың рухани дамуында әдебиеттің ерекше рөл атқаратындығын ескерген М.Шоқай «Яш Түркістан» журналында Түркістанның елде қалған ақын, жазушыларының да, шетте жүргендердің де туындыларына үнемі орын беріп отырады. Журналдың бірінші санындағы бағдарламалық мақалалардың бірінде «Біз «Яш Түркістан» беттерінде Түркістан шайырларының шығармаларынан үлгі боларлық кейбір үзінділер басып тұрмақшымыз» дейді және бұл уәдесін М.Шоқай басылымның соңғы сандарына дейін берік ұстайды. Журналдың осы санын Мағжан Жұмабайұлының «Түркістан», Шолпанның «Жапырақтар» деген өлеңдерімен бастайды. Бұл екеуі Мұстафаның аса қадір тұтатын ақындары болатын.

Қазақ ақынының «Түркістан» атты әйгілі шығармасы оның 1923 жылы Ташкентте жарық көрген кітабынан алынған еді.

Өлең:

Қырағы Тянь-Шань мен Памир, Алтай,

Күтеді көптен сені қарай-қарай.

Кене мен Абылайдың жолын құмай,

Жаһанда жабығудың жөні қалай, –

деген жолдармен аяқталатыны белгілі. Мұның өзі өлеңнің Мұстафаға қаратып жазылғанын және оны қазақ қайраткерінің жақсы түсінгенін білдіреді. Ал 1931 жылы «Яш Түркістанның» үшінші-төртінші сандарында жарық көрген Мағжанның «Алыстағы бауырға» өлеңін Мұстафа Анадолы түркілеріне арналған деп түсінеді, оның түрікшілдік идеясына назар аударады. Бұл өлеңді И.Бенцингтің неміс тіліне аударғаны жөнінде жоғарыда айтып өткенбіз. Қазақ ақынының бұл шығармаларының жазылу уақыты Мұстафаның Францияға барып күрес жолын бастау кезеңімен тұстас келеді. Мағжанға Мұстафаның «Кене мен Абылай» жолында жүргендігі, бірақ олардың арманын бейбіт, саяси күрес тәсілдері арқылы жүзеге асыруға бет алғаны белгісіздеу еді. М.Шоқай «Яш Түркістан» журналында түркістандық ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығын дәріптеумен қатар, эмиграцияда жүрген талантты жастардың қаламынан туындаған әңгіме, өлең, әдебиеттанушылық талпыныстарына үнемі қолдау көрсетіп отырады. Соның бір мысалы – Есен Тұрсын деген лақап атпен жария болған Тахир Шағатайдың «Түркістанның ұлы ақыны (1845-1904)» деген шағын мақаласы.

Тахир Шағатай «Яш Түркістан» журналының жауапты хатшысы болды. Абдуқап Оқтаймен бірге осы басылымның жүгін көтеріп, М.Шоқаймен бірі оң қанаты, бірі сол қанатындай ынтымақта жұмыс істеді.

Мақала «Яш Түркістан» журналында (1934. №58, 39-41-б.) жарық көрді, ол шағатай тілінен аударылып, «Түркістан» газетінде (2004, 15-шілде) қазақ тіліне аударылып басылды. Абай туралы Есен Тұрсынның мақаласын редакциялап, оған толықтырулар енгізумен М.Шоқай шектеліп қалмайды. «Яш Түркістан» журналына (1935, №63) «Шайыр Абайдың өмірден озғанына 30 жыл толуына орай» деген мақала жазып, онда «Абай – ұлтшыл», «Абай – феодалшыл», «Абай – алашордашыл» деп, Абай шығармаларын мектеп кітапханаларына да жіберткізбей өрекіп жүрген большевиктер саясатын сынға алады. Бірақ халық санасынан Абайды сызып тастаудың мүмкін еместігін, «Табиғатты есіктен қуып шығарсаң, ол терезеден қайтып кіреді» деген секілді, Абайдың да халық өмірінен кең орын ала бастағаны туралы баяндайды. Кеңес газетінде Абайды – «қазақ жазба поэзиясының негізін салушы» деген баға берілуіне орай, қазақ халқының Абайға дейін-ақ бірнеше ғасырлар бұрын дүниеге келтірген «Қыз Жібек», «Айман – Шолпан», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Асан Қайғы» секілді дастандарының авторлары «жазба шайырлар» болды деген пікір білдіреді.

Мұнан бұрынғы да шығармалар мен ескертулерінде М.Шоқайдың «Қыз Жібек», «Айман – Шолпан», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», т.с.с. дастандар жөніндегі пікірі осыған ұқсас келеді.

М.Шоқайдың бұл туындысын, шағын болғанымен, Кеңес Одағында қазақ әдебиетінің ірі өкілдерін қудалау, әсіресе, Абай шығармашылығын зерттеуге түрлі тосқауылдар қою жағдайында жазылған, үлкен әлеуметтік жүк көтеріп тұрған шығарма деуге болады.

1934 жылы «Яш Түркістан» журналының Түркия аумағына ене алмауы көптеген оқырмандардан айырылып қалу қаупін тудырады. Осы жағдайды ескерген М.Шоқай мазмұны да, тілі де «Яш Түркістанмен» сабақтас, бірақ аты сәл өзгерген «Түркістан» атты журнал шығара бастайды. М.Шоқай туыстас Түркия тарапынан жасалған бұл әрекетке өкінішін білдірсе де, серіктестерін бұл елдің ішкі және сыртқы саясаты жөнінде бірде-бір сыни пікір айтпауға, оған түсіністікпен қарауға шақырады. Осындай қысылтаян жағдайда Абай туралы мақаланың берілуі де түрік оқырмандарын қазақ халқының абыз ақынымен таныстыру ниетінен туындаған-ды.

М.Шоқайдың әдебиет әлеміндегі қызметінің бір арнасы шетел баспасөздерінде Түркістан халықтарының әдебиеті жөнінде жарық көрген басылымдар жөнінде орыс, шағатай тілдерінде шолулар жасап, түсіндірмелермен оқырмандарға жеткізіп отыруға байланысты болды. «Яш Түркістанның» 1930 жылдың қараша айындағы нөмірінде М.Шоқайдың «Алман қаламгерлерінің түркістандық әсерлері» деген мақаласы жарық көреді, онда В.Штайнның «Vossische Zeitung» газетінде (1930, 14-маусым) басылған көлемді мақаласы жөнінде сөз қозғалады. Осы мақаладан Мұстафа мынадай үзінді келтіреді: «Ұлтшыл шайыр Шолпанның өлеңдері зор көлемде елден-елге тарап, барлық қауым тарапынан оқылады. Шолпан

өлеңдерінде орыс отаршылдары – түркістандықтардың басты жауы ретінде көрсетіледі. Шолпан өлеңдері барша түркістандықтарды кеңестік Ресей қамытынан құтылуды үгіттейді. «Қасқырлардан тек ақымақтар ғана рақым күтеді» деген сөздер сол Шолпан өлеңдерінің бірінде айтылған». Мақала соңында Мұстафа Берлинде шығып тұрған «Остойропа» журналының 1931 жылғы сәуірдегі №7 санында жарық көрген «Түркістан шайырлары мен өлеңдері» атты 19 беттік мақала басылғаны жөнінде де хабарлайды. «Яш Түркістанның» 1931 жылы шілде айындағы санында «Түркістан ұлттық әдебиеті хақында француз журналы не дейді» деген еңбегі Париждің ең беделді басылымдары қатарынан орын алатын «Муа» («Le Mois») журналының маусым айындағы санында «Түркістан әдебиетіндегі өлеңдер» деген мақалаға орай жазылған-ды. Француз авторы Түркістан жазушылары мен әдебиетшілерінің арасынан Шолпанға ерекше тоқталады: «Шолпан – тек түрік әлемінде ғана емес, Еуропада да танымал бір шайыр. Оның өлеңдері мен тілі Түркістан түркілерінің классикалық әдебиетін еске салады. Шолпанның барлық өлең-жырлары өлкеде ел аузынан түскен емес. Оның пьесалары түрік театрына жаңа тыныс, жаңа леп әкелді». Мақала былайша аяқталады: «Түркістан поэзиясының өркен жаюы ұлттық түйсіктің оянуымен тығыз байланысты. Большевиктер бұл әрекетті тұншықтыруға тырысуда. Алайда халықтық өмір сүруге құлшынысы барған сайын артып келеді. Түркістан өз тәуелсіздігі үшін ғана емес, сонымен бірге өзіне тән рухының жеңіліс таппауы үшін күресуде».

М.Шоқай Париждің атақты журналында мұндай мақаланың жарық көруіне ерекше қуанып, «Дұрыс. Түркістан өз саяси тәуелсіздігі ғана емес, сонымен бірге ұлттық түрік рухы үшін де күресуде» дейді.

М.Шоқайдың әдебиеттану саласы бойынша қызметінің келесі бағыты әдебиеттің қоғам өміріндегі орнына, ақын, жазушылардың халық санасында ұлттық рухты берік орнатудағы рөліне, Кеңес Одағында ұлттық әдебиет өкілдерін қуғындауға байланысты. Халық жүрегінен берік орын алған, оның мұң-мүддесіне қызмет істеген әдебиет өкілдерін ғайбаттап, олардың орнына «пролетарлық әдебиет» дегенді қалыптастырудың рухани қасіретке ұласатындығын М.Шоқай талай рет ескертеді. Идеологиялық қысым жалғыз қазақ әдебиетін ғана емес, өзбек, түрікмен, қырғыз, тәжік әдебиетін де қамтиды. Осы кездегі саяси науқаншылдық жөнінде ол: «Науаиды түрік әдебиетінің тарихынан шығарып тастауға ұрыну үшін шынында да шектен асқан ақымақ, қып-қызыл ақымақ болу керек... Бірденелерді бұтып-шатуға, Мақтымқұлының жүзіне «түкіруге», «партия бағытын» қабылдауға болатын шығар, бірақ мұндай жолмен Түркістанның рухани сұранысын қанағаттандыруға бола қоймас» деп жазды. «Қып-қызыл ақымақтар» (1931 ж.) деген еңбегінде «Күнің туды батырақ, Шапқылап қал, шапқылап» деп, «уралап» әдебиет майданына енген, «бірденелерді бұтып-шатып» жазушы атанғандардың Науаи, Абай секілді ұлыларды сынға алуын ерен ессіздік ретінде қабылдады, олар жөнінде жебелі сөзін аямады. Атақты орыс

мысалшысы Крылов өзінің «Есек және бұлбұл» деген еңбегінде, – дейді ол, – өз әнімен бұлбұлдың есекке ұнағаны, бірақ есек әтештен біршама үйренсе, бұлбұл мұнан да тәуір ән салар еді деп ұйғарады. Сол сияқты мұндай «қызыл революциялық шөже әтештер» ұлттық түркістан әдебиетінің шын мәніндегі бұлбұлы – Науаиды онша қолдап-қолпаштамайды (Мұстафа Шоқай. Шығармаларының толық жинағы. Алматы, 2013, 5-том, 298-б.).

Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтың шығармаларын аса жоғары бағалап, олар – өз халқының тілі мен әдебиетінің ұлы білгірлері деп көрсетті, неліктен олар Түркістанның бір жерінде өз білімдеріне қолданыс таба алмай отыр деп өкініш білдірді (Сонда. 7-том. 270-б.). Әдебиет саласындағы жаңалықтарды М.Шоқай «Еңбекші қазақ», «Казахстанская правда» және басқа да жаздырып алып отырған баспасөзден біліп отырды. «Казахстанская правда» газетінің 1937 жылдың 8-шілдесінде шыққан нөміріндегі «Халық жауларымен ымыраластық – партия жолына сатқындық» деген мақаламен танысып, оны Қазақстанның Жазушылар одағы мен оның бас органы – «Литературный Казахстан» журналына қарсы жасалған жорық деп түйіндеді. Мақалада «сталиндік мектептің әйгілі кеңес жазушылары Сәбит Мұқанов пен Сәкен Сейфуллин ұлтшылдық элементтермен байланысты қолдап келгендігімен де аты шықты, әрине, бұл Одақтың жұмысына және жас жазушы кадрларды өсіруге үлкен зиян келтіріп отыр» делініпті. Мақала авторы, әсіресе, мұндай «зиянкестіктің түп тамыры қазақ халқының қас жауы, жапон тыңшысы Шоқаевқа ықыластық танытқан» Смағұл Сәдуақасовқа барып тіреледі деген секілді «көрегендік» білдіреді (Сонда. 9-том. 473-б.). Көп ұзамай осы газеттен М.Шоқай С.Сейфуллиннің де «жапон тыңшысы» ретінде «айыпталғанын» оқып біледі.

Ұлттық кадрларды қуғындаудың түп-тамыры Смағұл да, Әлихан да емес, мүлдем басқада болатын. «Түркістандағы әдебиет төңірегінде» деген айдармен «Яш Түркістан» журналында жарық көрген Тахир Шағатайдың мақалаларына жазған кіріспе сөзінде М.Шоқай автор кеңес өкіметінің жаңадан қалыптасып келе жатқан ұлттық әдебиетті Ресей мүдделеріне қызмет істеуге мәжбүрлеуі, сонымен бірге елде жалпы ұлттық мәдениет пен тілдің қалыпты дамуына кедергі жасауы жөнінде баяндайды; бұрынғы орыс классиктерін мадақтап, мәскеулік большевиктер түркістан классикалық әдебиетінің қазынасын пайдалануға, ұлы түркістандық жазушылардың есімдерін құрмет тұтуға тыйым салуда деп қорытады (Сонда. 9-том).

М.Шоқай өмір бойы елдегі әдеби процестерді қалт жібермей бақылады. Оған Мұстафаның «Әдебиет майданы» журналын алдырып, үнемі оқып тұруының өзі дәлел бола алады (Сонда. 10-т. 63-б.). Мұстафа біраз еңбектерінде әдебиеттану теориясына көңіл бөледі. Оның пікірінше, жазушы өзі көрген және өзінше пайымдаған оқиғаны жазған кезде ғана шынайы туынды бере алады. Белгілі бір схемаға, идеяға алдын-ала бейімдеп жазудан ештеңе шықпайтындығын ескертеді. Осы жағдайдың бір мысалы ретінде Александр Сыгин, Николай Тихонов, Борис Пильняк және басқа да



кеңес жазушыларының «партияның бас бағыты» бойынша «әлеуметтік тапсырысты» орындау үшін Түркістанға барғанын, бірақ түкке тұрғысыз мақалатурадан басқа ештеңе бере алмағандығын, себебі олардың «партияның бас бағыты» талап еткен ештеңе таба алмай, еліміздің өміріндегі фактілерді соған орай «қиюластырылғанын» айтады (Сонда. 7-том. 367-б.).

Ғалымның «Ақ – Қызыл», «Ұлтшыл – зиянкестердің даурығы» секілді еңбектерінде әдебиеттің белгілі бір топтың, не таптың мүддесіне емес, бүтін ұлт мүддесіне қызмет істегенде, ұлт мүддесін білдіргенде ғана көркейіп, гүлденетіні, нағыз әдебиеттің ұлттық тәуелсіздік жағдайында ғана өсіп-өркендейтіні жөнінде жазылады.«Ақ – Қызыл» еңбегінің әрі қарайғы мазмұны осы шындықты дәлелдеуге арналған: «Міне, мынау Түркістанда халқымыз тілін байытып, дамытады және биік ұлттық құндылықтар жасайды деп үміт артқан ең ұлттық жазушыларымыз, көп болғанда, үнсіздікте қалуға мәжбүр болып отыр. Себебі олар «мәдениеттің формасы ұлттық, мазмұны социалистік» болады деген мәскеулік түсінікке сәйкес келмейді. Мысалы, біздің Ахмет Байтұрсынов пен Шолпан ұлттық әдебиетіміздің озық өкілдері болып табылады. Олардың шығармаларынан Ресей үстемдігінен де құрып кетпеген біздің тіліміздің байлығы мен жарқылын көреміз. Ахмет пен Шолпан қазір қайда? Неге олар үнсіздік құрсауында?..

Пушкин мен Тургенев, дворяндар мен «капиталистер» болса да, орыс пролетариаты үшін «қасиетті» болып есептеледі, себебі олар – орыстар. Ал, Шолпан мен Ахмет – түркістандықтардың жауы деп суреттеледі, себебі Шолпан мен Ахмет – түркістандықтар» (Сонда. 5-том. 129-131 б.). Қандай да болсын, ұлттық әдебиеттің негізі – ұлттық тіл екендігі ақиқат. Ұлттық тілсіз – әдебиеті, ұлттық әдебиетсіз – ұлттық рух, ұлттық рухсыз – ұлттық тәуелсіздік жоқ екендігі де – аксиомалық шындық. Сол себепті кеңес саясаты ұлттық тілді тұншықтыруға бағытталған деген Мұстафа тұжырымы «Кеңес галстугі» мақаласында баяндалған. Есен Тұрсынның «Түркістандағы тіл саясаты» деген «Яш Түркістан» журналында жариялана бастаған мақалалар топтамасына жазған кіріспеде М.Шоқай Кеңес өкіметінің жергілікті халықты орыстандыруға бағытталған тіл саясатын сынға алуына байланысты автор ұстанымына қолдау көрсетеді. Әдебиеттің әлеуметтік функцияларына байланысты тақырыпты барынша зерттеген М.Шоқай «Ұлттық бостандық – ұлттық рух жемісі. Ұлттық рухтың өзі де ұлттық бостандық пен ұлттық тәуелсіздік саясында жеміс бере алады» деген тұжырымдама жасайды. «Әдебиеттің бостандығы» мәселесі осыдан туындайды. М.Шоқай сондықтан әдебиеттің дамуына қажетті жағдайлардың ішінде саясаттың әдеби процеске араласпауын алдыңғы орынға қояды. «Адамзат шығармашылығының барлық түрлерінің ішінде әдебиет бәрінен бұрын бостандыққа мұқтаж» дейді. Ақын, жазушыларға берілген «бостандық» – күнкөрістің көзі емес, халыққа қызмет істеудің, оның жан дүниесін байытып, рухын көтерудің, тәуелсіз өмір сүруінің

шарты.М.Шоқайдың бұл идеялары бүгінгі күні де өте өзекті. Пендешілік құлы болмай, ұлттық мүдделерге қызмет істеу әрбір ақын, жазушының бағыт-бағдары болуы тиіс.

***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1.Мұстафа Шоқай. Шығармаларының толық жинағы. Алматы, 2013, 5-том, 298-б.

## **АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ КӨРКЕМ БЕЙНЕСІ**

**Айтимов М.К.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының докторы

Тарихилық арнасындағы көркем бейнелер көркем шындық поэтикасы аясында жинақталады. Көркем шындық - өмірде болған тарихи тұлғалардың да тұрмыс ағынында жалпыға ортақ қасиеттерін эстетикалық талғам, таным өлшемдеріне сай жинақтап, тұтастырып берілуін жүзеге асыратын поэтикалық тәсіл. Жазушылардың романдарында тарихтағы танымал тұлғалардың жан әлемін романтикалық және реалистік сарындар ұштасуымен бейнелеуі адам жан-дүниесіндегі өмірсүйгіш, арманшыл жүрек соғысын танытқандай әсер береді. Көркем прозадағы лирикалық-психологиялық кешенді бейнелеулер мен баяндаулар арқылы өмірдің аса таусылмайтын қызықтары да, сенім мен үмітке толы болашағы да қамтылады. Бұл - көрнек өнері туындыларының бәріне де ортақ адам ойы терендігінің, шексіздігінің шынайы көрсеткіші.

Қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдың 90-жылдары мен қазіргі ХХІ ғасыр басына дейінгі кезеңі саяси - идеялық таптық көзқарас шеңберіндегі шығармалар жазу үрдісінің қатаң жүйе болып қалыптасқан жолы еді. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің ықпалымен әдебиетіміз шығармашылық еркіндік алды.

Қазақ әдебиетіндегі тарихи тақырыпта шығарма жазудың 30-80-жылдарында қалыптасқан көркемдік үрдістердің жаңаша қарастырылуы кеңінен өрістей бастады. Қазақ тарихының аса көрнекті қайраткерлері Алаш көсемдері Әлихан Бөкейхановтың, Ахмет Байтұрсыновтың, Міржақып Дулатовтың, Мағжан Жұмабаевтың және т.б. көрнекті қайраткерлердің көркем бейнелерін уақыт талабына орай бейнелеудің алғашқы қадамдары жасала бастады.

Жазушы Р.Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасындағы Алаш көсемдерінің бірі Әлихан Бөкейхановтың тарихи тұлғасын әдеби көркем бейне тұрғысында көрсетуге талпыныс жасалғанын көреміз.

Тарихи тұлғалардың көркем шындықпен бейнеленуіне негіз болатын түпкі негіз - олардың жазып кеткен сөздері, тарихи мұралары және олар жайында жазылған тарихи деректі материалдар. Бұл орайда, қазіргі қазақ әдебиеті шығармаларында әлеуметтік ортадағы қызметімен дараланған Алаш көсемдерінің бірі Әлихан Бөкейхановтың мұрасын қамтып жарияланған еңбектер деректігінің болатыны анық [1,142 б].

«Абайдың жұмбағы» роман-хамсасында Әлихан Бөкейхановтың да өз кезеңінде атқарған қызметін, саяси-әлеуметтік көзқарастарын аңғартатын сюжеттік бөліктер бар. Әлиханның қазақ халқын әлем өркениеті деңгейінде дамыту, ұлттық өркендеуді еуропалық ғылыми-ағартушылық жетістіктерімен молайтуды көздеген көзқарастары оның дүниежүзілік деңгейдегі қайраткер екендігін айғақтайды.

Тарихшы – ғалым М.Қойгелдиев жинақтаған деректер бойынша: «Бөкейханов Әлихан Нұрмұхамедұлы (25.03.1866, бұрынғы Семей болысы Қарқаралы уезі Тоқырауын болысының 7-а. – 27-д. 1937, Мәскеу) - қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт - азаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, аудармашы. Бөкейханов орта жүз ханы Бөкейдің ұрпағы. Ата-тегі: Бөкей-Батыр Мырзатай-Нұрмұхамед - Әлихан» [2,401-402 бб].

Жастайынан мектептерден (1879-1886), техникалық училищелерден (1886-1890 жж.), Санкт-Петербургтегі орман институтының экономика факультетінен (1890-1894 жж.) білім алған Ә.Бөкейханов Ресейдегі және әлемдегі саяси-әлеуметтік даму жолын, болуы анық өзгерістерді жан-жақты тани бастаған. Әсіресе, Қазақ елін отарлаған Ресей империясының саясатын терең зерттеп білгеннен кейін, өзінің қайраткерлік күрескер ұстанымын жүзеге асыруға ұмтылды. Өзінің маңына ниеттес қазақ зиялыларын жинаумен, ұйымдастырумен айналысып, ұлттық-азаттық күрес жүргізуге жұмылдырды. Бүкіл байтақ қазақ халқын біртұтас ұлттық мұрат жолына ұйымдастыруды, сол үшін Ресейдегі саяси күштермен де одақтасуды, қорытындысында қазақ халқының тілі, дінін еркін ұстауын және т.б.. сан алуан демократиялық бостандықтарын жүзеге асыру жолында еңбек етті. Ә.Бөкейхановтың осындай ұлттық-демократиялық жұмысында оның Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұстафа Шоқай және т.б. қазақтың ұлттық қайраткерлерімен бірге болған жолы айқын бағдарлы болды.

Қазақстан тарихындағы ұлттық - демократиялық қозғалысты ұйымдастырған қайраткерлердің қызметтері олардың отарлық езгіге қарсы өркениеттік іс-әрекеттерін айғақтайды. Қазіргі жаңа бағыттағы тарих ғылымының зерттеулері де олардың қызметтерінің маңызына лайықты баға беруде:

«Ұлттық-отарлық езгінің күшеюі, царизмнің аграрлық саясаты, өлкенің элеуметтік-экономикалық өміріне капиталистік қатынастардың енуі қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің өсуіне алып келді. Қазақ қоғамындағы ұлттық қозғалыс әр текті болды, әр түрлі идеялық-саяси ағымдар әрекет жасады, солардың негізгі тобы ұлттық интеллигенция - Петербург, Қазан, Мәскеу, Томск, Омск және Орынбор университеттері мен училищелерін бітіргендер құрды. Ұлттық интеллигенцияның әр түрлі идеялық-саяси ағымдарының пікірлерін неғұрлым айқын білдірушілер «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті болды.

«Айқап» журналындағы басты мәселе аграрлық мәселе, яғни жер жөніндегі қарым-қатынастар, көшпелі шаруашылықтың отырықшылыққа айналуы, аграрлық мәдениет, шаруашылық формаларын өзгерту т.б. болды.

1913 жылдан 1918 жылға дейін шығып тұрған «Қазақ» газеті либералдық-демократиялық бағыттағы идеяларды білдіреді.

Онда қазақ конституциялық - демократиялық партиясының және қазақ халқының жалпы ұлттық қозғалысының жетекшісі, ғалым-экономист Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов және басқалар қызмет істеді. Ең басты мәселе - аграрлық мәселеде олар жерге мемлекеттік меншікті жойып, оны қазақтардың меншігіне өткізуді, жерді сатуға тиым салуды талап етті. Өлкенің қоғамдық-саяси өмірін дамыту саласында либералдық-демократиялық бағыт қоғамның эволюциялық дамуын жақтады» [3, 284-285 бб].

Жазушы тарихтағы болған оқиғаларды, ондағы танымал тұлғаларды осындай уақыт шындығына сәйкес бейнелейтіндігімен өзінің шығармасының реалистік сипатын орнықты ете алады. Тарихта болған оқиғалардың халықтың тағдырындағы талай-талай қақтығыстармен жүзеге асатыны мәлім.

Жазушы Р.Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасындағы өз есімімен аталып бейнеленген Әлихан тұлғасының сөз арқауындағы тарихи деректерімен сәйкестігі толық сақталыпты. Нақтылап айтқанда, роман - хамсаның «Нұрсипат» атты бесінші кітабында тарихи тұлға Әлиханның Долгополов есімді орыс оқымыстысымен бірге Петербургтегі Нева жағалауында әңгімелесіп жүргендерін, олардың кескін-келбеттерін бейнелеуі де қызықты. Автор Әлиханның кескін-келбетін де сол сәттегі жасына лайықты бейнелеген:

«...жазық кең маңдайының астынан сүзіле қараған өткір қой көзді, селдірлеу қияқ мұрты әсем ширатылған монғол тектес бөтен нәсілден» [4, 713 б].

Романның осы бөлімінде тарихи тұлғаның халқының тарихына алаңдаған көңіл-күйін танимыз. Оқымысты Әлиханды сол кездегі Ресейдің халықаралық деңгейде көрнекті, беделде болып тұрғаны, ірі державалар Англияның, Францияның, Германияның, Ресейге саудаласпай-ақ қарыз беріп, соншалықты ықыласты болып отырғаны, «Бәрінен бұрын шимойын

Николайдың мәдениет пен прогреске мән бергіш болып бара жатқаны қауіп ойлата береді» [4, 713 б].

Романда Ресей мемлекетінің XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы дамуы негізге алынып, Әлихан Бөкейханов пен Долгополов екеуінің сұхбаты арқылы мынадай өзекті мәселелердің талқыланғанын оқимыз: біріншісі - XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Ресей мемлекетінің қоғамдық-әлеуметтік, саяси-экономикалық жағдайы; екіншісі Ресей империясы құрамындағы отарланған Қазақ елінің мүшкіл хал-ахуалы.

Әлихан - қазақ мемлекетінің тарихындағы Абайтанудың алғашқы бастамашы зерттеушілерінің бірі. Әдебиеттанушы - ғалым Мекемтас Мырзахметов «Абайтану тарихы» атты еңбегінде бұл туралы мынадай дерек айтады:

«Орыс тілінде Абайдың өмірі мен творчествосын топтастырудың тұңғыш қадамын Әлихан Бөкейханов бастады . Бірақ кеңестік заманда Әлихан Бөкейхановтың жазаға ұшырап, ол жазған аса бағалы еңбектердің бәріне де, тіпті оны атаудың өзіне тыйым салуы - соңғы ұрпақтың сол жөнінде мүлде хабарсыз қалуына алып келді. Яғни, оның қаламынан туған еңбектің бәрі де ақтандақ айналып кетті.

Ә.Бөкейхановтың Абай туралы жазылған «Абай Құнанбаев» азанамасы (некролог) Абайтанудағы тұңғыш адым, бастапқы еңбектердің бірегейі десе болғандай. Өйткені, орыс қауымы алғаш рет қазақ әдебиетінің классигі, қазақ әдебиетіндегі жаңа бағытты бастаушы жаңашыл, ойшыл ақын Абай туралы тұңғыш рет толық мағлұмат, жүйелі ұғым алды.

Абай өмірбаяны мен өскен ортасы көшпелі өмір бесігінде тербеліп өскен қазақ болмыс ерекшелігін білгірлікпен аша отырып, ұлы ақынның сөз өнеріндегі шеберлік пен шешендік билік өнеріне халық арасында жетілу жолы да қапысыз ашылуы орыс оқырмандарына тосын жаңалық ретінде қабылданды.

Абайтану тарихында Абайдың ақындық өнер мен ислам дініне қарым-қатынасы жайлы аса күрделі мәселеге де тұңғыш рет Әлихан Бөкейханов тарапынан білікті пікір айтылуы, сол кезең үшін айтарлықтай жаңалық болумен бірге бүгінгі ұрпақ үшін де мән-мағынасын сақтап отырған танымдық, мәні бар пікір деп білеміз» [5, 46-47 бб].

Романда зерттеуші айтып отырған осы азанамадан да бұрын жарық көрген Ә.Бөкейхановтың тағы бір маңызды еңбегі аталыпты. Жазушының дерегі бойынша: «...Абай есімі Россия географиялық қоғамының Петербургтен шығатын көп томды жылнамасының 18-кітабына қазақ даласы жайлы бірталай бағалы деректер енген екен. Осы тараудың ішінде Әлиханның Абай туралы жазған көлемді мақаласы да жүр. Онда Әлихан қазақтың бай ауыз әдебиетін сөз ете отырып, Абайға келгенде: «Наконец, как представители нового течения в киргизской поэзии, следует назвать Кунанбаева - автора многих стихотворений изящных по форме и поэтических по содержанию (особенно описания природы). Этому же автору

принадлежат хорошие переводы «Евгения Онегина» и многих стихотворений Лермонтова (который оказался наиболее понятным для киргиз), таким образом у Семипалатинских оленши (певцов) можно слышать например, «Письма Татьяны», распеваемое, конечно, на свой мотив» деп әуелі қысқаша таныстырып кетеді» [4, 715 б].

Бұл - жазушының өзіндік ізденісінің жемісі. Әлиханнның қазақ рухани мәдениеті және Абай шығармашылығы туралы еңбегінің «Россия. Полное географическое описание нашего отечества» атты көп томдық жылнамада жарық көргені, Долгополов сынды орыс зиялыларының сол арқылы қазақ халқын, оның фольклоры мен әдебиетін, Абайды білуі - бәрі де уақыт шындығының көркем шындықпен берілуі үндестігімен өрнектелген.

Романда Әлихан бейнесі тарихи болмысына сай бейнеленген. Мәскеу епархиятының миссионері отец Сергей мен Н.М.Балкашин деген сарай шенеулігі, теріс азу оқымысты - анық шовинист - итаршы екеуінің пікірталас айтысының арқауы «Қырғыз-қайсақ ордасын христиан дініне енгізу керек пе, әлде ертелік ете ме?» деген айтысына да Әлихан қарсы ой айтуға дайындалады. Әлиханды айрықша ширықтырған, ұлттық-азаматтық санасын сілкіндіре түскен шовинист шенеулік Н.М.Балкашиннің «Русский вестникте» жарияланған мақаласы, ондағы ой түйіні екендігі кейіпкер мінезін даралай түсу қызметін атқарып тұр:

«Қазақ қауымына жаппаған жаласы, жақпаған күйесі қалмаған әлгі ит мақаласының соңын шімірікпестен: «Киргиздар қайда кетсе, онда кетсін. Асты-үсті бірдей асыл қазынаға тұнып тұрған ол иен далаға түгелдей орыстарды қоныстандыру керек» деген жантүршігерлік сөздермен бітіріпті» [4, 718 б].

Кейіпкердің жан жүйесіндегі азаматтық-отаншылдық ойларын, перзенттік ашу-ызасын туындатқан күрескерлік-қайраткерлік іс-қимылдарына түрткі болған осындай әлеуметтік ықпалдар деректі қалпымен көрінеді. Әлиханнның отаршылдық-шовинистік іс-әрекеттерге жан-жақты дайындықпен, байсалды саяси қайраткерлік дүниетаныммен баруына негіз болған бірнеше мәселені роман сюжетінде аңғарамыз: біріншісі - империялық өктем билікке қарсы тұрарлық бүкіл қазақ жұртының әлеуметтік күреске ынтасын оятуға арналған саяси-ағартушылық жұмыстарды ұйымдастыру бағдарын белгілеуі, екіншісі хакім Абай және Сәдуақас (Сәкен) Мұсаұлы сынды оқымысты зиялылар ақылымен озбыр күштерге байыпты, байсалды бағдарламасы бар күрес жолын ұстануы, оны жүзеге асыруды ойлауы.

Әлихан Абайдың төл туындыларымен де, аудармалық шығармаларымен де жақсы таныстығы бар сауатты, білікті оқырман тұғырында танылған. Әсіресе, Абайдың философиялық және сыншыл ойлы азаматтық лирикасын қазақтың ұлттық-отаншылдық көзқарасын қалыптастыру үшін пайдалану қажеттігін ұғынады.

Романдағы көркем шындықпен бейнеленген сюжет - Әлиханның Абаймен дидарласқан, сұхбат құрған сәттерінің бейнеленуі. Онда Әлиханның осыған дейін ауылдарда Абайдың сөздерін, өлеңдерін, ән-өлеңдерін ауыздарынан тастамай айтып жүрген адамдардың хакімге деген ықыласына қайран қалғаны баяндалған. Ал, үйшілік мәслихаттарда Абайдың дархан даналығын бағалайтын, оны өздеріне өте жақын санайтын адамдардың хакіммен емен-жарқын сұхбаттасатынына риза болады. Абайдың Әлиханмен болған мәжілістің эстетикалық тағылымы да шынайы сипатымен көрінеді:

«Абай Әлиханның келу құрметіне Көкбайға өзі бұйырып жаздырған «Сабалақ» дастанын домбырамен орындатты. Сондағы Көкбайдың ересен шабытпен саңқылдап шыққан сұлу әуені әлі күнге шейін құлағының түбінен кетер емес. Дастан айтылып біткен соң, Абай атағы жер жарған Абылай туралы» [4, 721 б] оны қалмақ ханы Қалдан-Сереннің тұтқынынан Олжабай батырдың босатқаны, қалмақ ханының Абылай мен Олжабай туралы болжамы «Абылайдың бөксесі алтын, кеудесі мырыш, соңынан өзіндей батыр болып ұл туды. Олжабай, қазақ тағдыры сенің кеудең алтын, бөксең мырыш, өзіндей боп артыңнан ер тумайды. ....Сарыарқаны мен босатармын, бірақ менен айырып әкеткен сол халқың ертең басқа жұртқа бағынады» деген де тарихи тағылымымен өрілген. Романдағы осы сюжеттік бөліктің көркемдік шешімі - Әлихандай Алаш көсемдерінің Абылай хан, Олжабай батыр жолын жалғастырған қайраткерлік, батырлық жолының кейінгі ұрпақтар арқылы жалғасатынын хакім Абай толғаныстарымен түйіндеу:

«Абай жым-жырт тынып, аңтарылып отырып қалған қауымды сабырлы көзқарасымен жағалай бір шолып өтіп:

– Соны айтқан қалмақ ханының арты не болды. Тоз-тозы шықпады ма? Олжабайдың ерлігі өзінің басымен кеткен жоқ, халқына мұра болып қалды - деді.

Әлиханның көзіне Абайдың өзінің кеудесі тұтас сом алтыннан құйылғандай жарқырай елес беріп кетті» [4, 721 б].

Қорыта айтқанда, қазіргі қазақ романындағы қазақ тарихының отарлық бұғауда болған кезеңдерінің шындығы көркем прозаның эпикалық кеңістігі аясында қамтылған. Қаламгердің көркемдік шешімімен адам мен табиғаттағы басқа да тіршілік иелерінің, құбылыстардың үндес, тектес қасиеттері егізделе баламаланған. Шығарманың идеялық-композициялық желісіндегі тарихи оқиғалар, қайраткерлер қызметтері арқылы қазақтың ұлттық рух негіздерінің мәңгі сақталған, болашаққа ұласатын қуаттылығы дәлелденген.

Тарихи тұлғалардың өмірде болған оқиғаларын көркем шындықпен бейнелеуде, әрине, қаламгерлер өздерінің қиялынан туындаған ойларды да поэтикалық өріммен қосатыны ақиқат.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 354 б.

2. Бөкейхан Ә. Таңдамалы. Қазақ және орыс тілдеріндегі ғылыми зерттеулер, еңбектер: монографиялары, мақалалары, сөздері, баяндамалары, өлеңдері, аудармалары, хаттары. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1995. – 479 б.
3. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін. – Алматы: Дәуір, 1994. – 448 б.
4. Тоқтаров Р. Абайдың жұмбағы: Роман-хамса. – Алматы: Әл-Фараби, 1999. – 752 б.
5. Мырзахметов М. Абайтану тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1994. – 192 б.

## **ШОҚАЙ БІТІМІНДЕГІ РУХАНИ БОЛМЫС**

**Қамзаева К.С.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты

Алатаудай алыптары мен Қаратаудай қадірлі нар тұлғаларын қазақ енді ғана түгендей бастады. Тәуелсіздіктің туы тігілгелі талай арыстарымыздың арда істері айшықталып, қазақ халқына жолданды. Міне, осы тізімнің көш басында Мұстафа Шоқайдың да өзіндік орны бар.

Туған жерінің бір уыс топырағына дейін қадір тұтып, тірісінде ата-ана мен атажұртқа деген сүйіспеншіліктің қандай болатынын көрсеткен де осы М.Шоқай болатын.

Осы алып тұлғаның өмірдерегіне зерттеу жасаған Дархан Қыдырәлиев «Фолиант» баспасынан 2007 жылы жарық көрген «Мұстафа Шоқай» еңбегінде былай деп жазған екен: «Менің ұғымымда дүниеде кездейсоқтыққа орын жоқ. 1998 жылы Егей университетінде профессор Исмаил Аканьң жетекшілігімен «Мұстафа Шоқай. Өмірі, қызметі және дүниетанымы» деген тақырып бойынша диссертация қорғадым. Бұл еңбек 2001 жылы Анкара қаласында атын өзгертпеген қалпы монография болып басылып шықты. Кітаптың «Мұхтарияттан мұғажырлыққа жалғасқан күрес» деген бөлімі Голландияда жарық көрген «Түркістанда жаңашыл қозғалыстар мен төңкерістер» атты халықаралық жинаққа енді. Оған Баймырза Хайит, Хисао Коматсу, Тимур Қожаоғлы, Мехмет Сарай сынды Түркістан тарихының білгірлері жоғары баға берді» [1,3]. Мұстафа Шоқай өмірін тұтас қамтып отырып, ел қамы деп ен шетте еңбектенген ғұмыры өзгеше адам туралы нақты-нақты мәселелерді қозғап жазған зерттеу Шоқайтанудағы өзіндік үлес еді. Жинақта Мұстафаның өмірі, балалық шағы, Мұстафа туған, өскен орта туралы «Бақытты балалық шақ» атты тараумен басталған. Жас сәби өмірге келіп қуанған ата-ана, айнала жұрт. Оқырман еріксіз



Мұстафаның қайғылы, жұмбақ қазасын ойлап, осы бір жарқын сәттер мен адам тағдыры тәлкек болған саяси зұлматтардың қою түтіні астында қалғаны туралы қамығады. «Құндақтаулы нәрестені қолына алған имам, оның оң құлағына азан, сол құлағына қамат айтқаннан кейін иіле түсіп: «Сенің атың – Мұстафа» деп үш рет қайталады. Сол-ақ екен шілдеханаға жиналған қауым бір қауқылдасып қалды: «Мұстафа – әз Пайғамбарымыздың аты ғой, шырағым атына заты сай болсын!», «Мұстафа – таңдаулы, қалаулы деген мағынаға келеді екен, ұлыңыз халқына қалаулы азамат болсын!», «Басынан жақсылық кетпесін!», «Әзіреті Мұхаммет – Мұстафа пайғамбарымыздың өзі қолдап, қорғап жүрсін!», «Күнді көрмейсің бе, жарықтық. Алланың рахмет-мейірімі де бүгін ерекше түсіп тұр ғой...» деген сияқты тілек-дұғалар тұс-тұстан айтылып жатты. Көпшілік арасында Шоқай бидің әкесі Торғай датқаның атын ауызға алып, қажылыққа екі рет барған марқұмның жақсылығын айтып, артынан ілтипат білдіріп жатқандар да болды» [1,5]. Міне, есім қоюда да қазақ діннің ділінен астар іздеген. Ұлыққа ырымдаған. Елдің артқан үміті еселеп қайтқан күн бұл шақтан алыс емес еді...

Арғы аталары сөз ұстаған, ел жұртқа қадірлі болған, ендігі өмір ағысында да қадір-қасиетімен жасап отырған әулеттің зиялы ұрпағы Мұстафаның кішкенедең аңдап, келешек қайраткерлік болмысының қалыптасуына әсер еткендігін оның өмірдерегінен анық байқаймыз.

«Мұстафаны Шоқайдың кіші бауыры Оспан да ерекше жақсы көрді. Сондықтан 3-4 жасар баланың бойынан өзіне тән көптеген қасиет байқаған батыр көкесі оны жастай жанына ертіп, тәрбиелей бастады. Мұстафа да Оспан көкесіне ұқсағысы келетін. Ол ер мінезді, еңсегей бойлы, алып денелі, даусы жуан, түсі сұсты батыр көкесін мақтан тұтатын. Ерліктерін естіп, көріп - біліп оған еліктейтін. Оған «Сен өскенде батыр боласың!» дейтін Оспан көкесінің сөзі де үлкен демеу болатын. Әсіресе, Оспан көкесінің 13 жасында Хиуа ханының ең таңдаулы үш атын алып кеткені туралы ел аузында жыр болып айтылатын оқиға бала Мұстафаның жігерін жанып, оны батырлық жасау жайлы неше түрлі қиялдарға жетелейтін-ді...

Бірде ол көкесінің қарусыз елге әкіреңдеген полицей бастығын қамшымен ұрып, атын аударып түскенінің куәсі болды. Сонда байқады, көкесінен орыстың төресі де қаймығып, ығады екен. Сол жолы Оспан көкесі оған апасы айтатын ертегілердегі алыптардай, Алпамыс, Қобыланды сияқты батырлардай елестеп кетті. Қыр қазағы тегіс құрметтейтін көкесіне қарап тұрып Мұстафаның да батыр болғысы келді. Ерлік жасап, халқына пана болып, елін жаудан қорғауды армандады» [1, 7]. Арбаның алдыңғы дөңгелегі қалай айналса, кейінгісі де сол ізбен жүрері сөзсіз. Бала да көргенін жасап, ағадан үлгі алуды құп көрген. Бұл қазақтың қанына сіңген қасиет екені даусыз.

Мұстафаның әкесінің орыс оқуына беруді ойластыруы, Мұстафаның Ақмешіттегі көрген тамашалары әсерлі баяндалады. Бір ауыз орысша сөз

білмейтін Мұстафа кейінде бірнеше шет тілінде ерлік сөйлеген қайраткер тұлға, аса білікті заң маманы, журналшы болды. Кітаптың екінші тарауы сол бағыттағы алғашқы асу туралы айтылады. «Алғашқы асу» тарауында Мұстафаның Ташкендегі орыс гимназиясындағы оқу жайы баяндалған. «Осылайша 1902 жылы тамыз айында әкесімен бірге Түркістан өлкесінің астанасы Ташкентке келген Мұстафа гимназияға қабылданып, оның жатақханасына орналасты. Осы кезде жасы 11-ден асып, 12-ге қараған ұлына «орыстың оқуы өтіп кетпес» үшін, Шоқай би оны қосымша сондағы діни мектептердің біріне тіркеп қойды. Алғашқыда бұйығы көрінген қыр қазағының баласы гимназиядағы сыныптарымен тез тіл табысып кетті. Бірінші сынапта «үш» пен «төрт» аралас баға алған Мұстафа келер жылы оқу озаты болды. Сол жылы сабақ үлгерімі жоғары болған алғыр бала тез көзге ілініп, генерал-губернатордың стипендиясын алды» [1,16].

Жас Мұстафаның дүниетаным, өзіндік көзқарас өрісінің қалыптасуына ықпалы тиген саяси-әлеуметтік жағдайлар, жеке тұлғалар ғибраты, өз бетінше білімге құштарлықпен іздену бағыттарын нақтылы деректер оның хаттарында жиі кездеседі. Шоқайдың азаматтық тұлғасының қалыптасуындағы тарихи алғышарттар туралы танымды кеңіте түсетін мол мағлұмат та Шоқайдың елге жазған естеліктерінде самсап жатыр. «Мұстафаны ғылымға жетелеп, оның талантын ұштай білген тұлғаның бірі – башқұрттан шыққан әйгілі этнограф ғалым Әбубәкір Диваев еді. Қазақ тарихы мен мәдениетіне қатысты көптеген құнды еңбектер жазған Әбубәкір Диваев «Түркістан археология әуесқойлары» ұйымының жұмысынан қалмайтын Мұстафаны бірден аңғарды. Жақын танысып алғаннан кейін Диваев оны үйіне шақырды. Ғалымдығымен бірге азаматтығы, парасат-пайымы да жоғары, биік болған Диваев үйіне келген Мұстафа мен оның достарын жақсы қабылдап, олармен сұхбат құрды»[1,18]. Ә.Диваев Мұстафаның түрікшілдік бағытта қалыптасуына елеулі ықпал жасағандығы осы еңбекте айырықша мән беріліп баяндалған. Көпшілік жұртшылық «Әсіре түрікшіл» Мұстафаның қалыптасу жолындағы өздері біле бермейтін бұл фактіні нақтырақ ұғына түседі. «Маржанидің жолын ұнататын Әбубәкір Диваев Мұстафаны салған жерден Ташкенттегі түркістандық жәдитшілдердің жетекшілерімен таныстырды. Түркістандағы жәдитшілдік-жаңашылдық қозғалысына ұйытқы болған мүфти Махмұт хожа Бехбуди, Мүнәууар қари Абдурашидханов сынды жәдитшілдермен танысқан Мұстафа, мұнда «усул-и жәдит» мектептері туралы білді» [1,18].

Мұстафаның түркі әлемінің азаттығына арналған күрескерлік, қайраткерлік ғұмыр жолының бастауында бағыт сілтеген қари Мүфти Махмұт хожа Бехбуди сынды адамдардың есімі оның өмір жолында алтын әріптермен әріптелген. Азаттық үшін ауыр күрес жолы жатқанын Мұстафа бірте-бірте сіңіріп, ұғынады. Әкесі Шоқайдың өзін орыс оқуына беруіндегі түп мақсатты түйсінген. «Орыс мектептерінде оқып жатқан түркістандық шәкірттердің тәрбиесіне үлкен мән беретін Бехбуди, Түркістаннан Ресей

Мемлекеттік Думасына мүшелікке орысша білетін және заң факультетін бітірген азаматтардың өтуін жақтайтын. Сондықтан ол ұлтшыл, елшіл жастармен кездескенде «орысша оқыңыздар, заң біліңіздер, біздің күресіміз заңның шеңберінде өрбуі тиіс» деп айтып отыратын» [1,18].

Мұстафаның есею, еліне таныла бастауы – осы гимназиядағы кезең. «Алтын» медальмен бітіргелі тұрғанында генерал-губернатор орыс баласын ұсынып, ол орыс баласының Мұстафа менен артық оқиды деп, одан бас тартуы сол кезеңдегі бұратана халыққа деген саяси қысымның бірінен хабар береді. Осылайша, Мұстафа кішкенедең айнала өмірдегі, құқықтық құбылыстардың кереғар бағыттарын бақылап, барлап өседі.

Жазбалардағы «Есею жылдары» атты тарауда Мұстафаның Петербор университетінің заң факультетінде оқыған тұсы баяндалған. Шығарма авторы Мұстафаның Петербордағы ортасы, айнала дүниеге өзіндік көзқарасы туралы аса мол дерек, мәлімет беріп отырады. Әйгілі шығыстанушы Радлов тұрғысындағы ой-пайымы негізсіз емес сияқты. «Мұстафа алмандардан басқа ұлттарға шынайы жаны ашымайтын, күштінің әлсізді билеп-төстеуін заңдылық деп білетін Радловтың бойынан ориенталист ғалымның бейнесін көрген еді. Кейін бір мақаласында ориенталист ғалым туралы «биолог-ғалым көбелектерді зор ынтамен жинап, коллекция дайындағаны сияқты, Радлов та бізді дәл сондай зерттеу объектісі ретінде ғана көрер еді. Оның түрік халықтарына деген сүйіспеншілігінің бар-жоғы осы ғана болатын», – деп жазған Шоқай әділін айтып отыр» [1, 25]. Мұстафаның Петербордағы саяси бағытын түзу жолындағы ортасы, ол қатысқан үйірме туралы егжей-тегжейлі мәліметтер Д.Қыдыралиевтің еңбектерінде жиі ұшырасады.

Петербургта тұрып жатқан ақмешіттік адвокат Серәлі Лапин, 1912 жылғы Осман мемлекеті мен Болгария, Греция, Сербия арасындағы Балқан соғысы, бұған Ресей ұлтшылдарының қатысы туралы айтылған деректердің астарында Мұстафаның түрікшілдік бағытында ширыға түсу себептері ашыла түскен. «Ресей шовинистерінің осман түріктеріне қарсы жасаған митингілері, олардың «Аясофия мешітінің үстіне шармық (крест) асу» туралы көтерген ұрандары Петерборда жоғары оқу орындарында оқып жатқан түрік-мұсылман жастарының ашу-ызасын тудырды» [1, 27]. Мұсылман-түрік студенттерінің алдында Балқан соғысына Ресей араласатын болса, «қандай бағыт ұстанамыз?» деген сұрақ тұрған. Қызба қанды кавказдықтар мұндайда төзуге болмайды деп, көтеріле сөйлеседі. Мұстафа осындайда нақтылы шараларды атқару міндетін байсалды баяндап отыратын болған. Бәрі бәтуаға келіп, ортақ қаулы да шығарған. Түріктерге көмекке қаржы жинау, қарсы жақты қолдаушыларға қосылмау т.б. жайлар ойластырылады. Ал Ресей түріктерге қарсы соғысқа кіре қалған күнде теміржол, телеграф, көпір түзу жоспарларын ойластырған. Мұстафа елге келіп қайтуында елдегілерге бұл шаралар жөнінде мағлұмат берген. Сол әңгімелердің әсерімен Петерборға елден Өтеген Садықұлы деген досы келіп,

Түрік елшісіне көмек үшін әкелген аздаған қаржысын тапсырып кетеді. «Оларды Турхан паша оңаша қабылдап, айтқан сөздерін мұқият тыңдады. Садық оған түрік жаралыларын емдеу үшін шалғайдағы түркістандық қандастарынан азын-аулақ алтын ақша әкелгенін айтқанда, елші шыдай алмай жылап жіберді. Ол өзін-өзі ұстай алмай, әсерленіп, көңілі босап, көзінен жас парлап, ұзақ жылады. Оны көріп Мұстафа мен Садық қосыла жылады. Әңгіме барысында белгілі болғандай, Тұрхан паша қазақтар жайында ештеңе білмейтін болып шықты. Оның, әсіресе, «Сіздер мұсылмансыздар ма, әлде христиансыздар ма?» деген сауалы Садықты ойландырып тастады. Содан кейін Мұстафа елшіге Түркістан жайлы және оны мекендейтін түрік халықтары туралы баяндап берді» [1, 29]. Петерборда Мұстафа чех, поляк, фин жастарымен байланыста болған. Орыс демократтарымен пікір алысып тұрған.

Мұстафаның нағыз ұлтжанды екенін Мария жазып қалдарған хаттардан да анық аңғаруға болады. «1922 жылы онымен бірге Трокадеродағы этнография музейін аралағанымыз әлі есімде. Мұстафа сол жерде бір домбыраны көріп қалды да, тағатынан айырылды. Ол жердегі қызметкерден рұқсат сұрап, аспапты қолына алып, құлақ күйін келтірді де, әсем қазақ әуенін орындап шықты. Сөйтті де, аспапты орнына қойды. Жабырқау болатын, жанары жасқа толы еді. Мен алғаш және соңғы рет Мұстафаның көз жасын сол кезде көрдім», - деп жазған екен қайраткердің өмірлік жары Мария. Ұлттық аспаптың үні қазақ жүрегіндігі сезім қылын шертіп қана қоймай, туған жердің иісін аңқытып тұратын тылсым күш екені айқын. Мұны Мұстафа да сезінген болуы керек...

Осы тұста I дүниежүзілік соғыс кезіндегі Түркістандағы саяси-экономикалық ахуал, азаттық күрес мұраттары тұрғысында әңгіме өрбітсек. 1916 жыл оқиғалары ел басына түскен ауыр күндер еді. Мұстафаның осы кезде шын мәнінде қайраткерлік ғұмыры басталғанын көреміз. Келесі тарау «Қос төңкеріс арасында» аталады. Мұнда 1917 жылғы Ресейдегі ақпан, қазан төңкерістері тұсындағы Мұстафа Шоқай өміріндегі елеулі сәттер қамтылып, баяндалады. «Осындай қиын жағдайда Мұстафа Шоқай өз халқына қызмет жасау жолын іздеді. Ол отандастарымен бірігіп, Керенский басқарған уақытша үкіметтің Түркістанды басқаратын арнайы Комитет құруына қол жеткізді. Елдегі саяси қозғалысқа да Мұстафа Шоқай белсене араласып, іс жүзінде ұлттық қозғалыстың басты көсемдерінің біріне айналды» [1, 41].

Қым-қуыт дүрбелең уақытта алға мақсат қойып, әрекет ету үшін асқан саяси қырағылық, білім, біліктілікке қоса соншалықты отаншылдық, ұлтжандылық қажет екендігін Мұстафа Шоқайдың 1917 жылғы тынымсыз ұйымдастырушылық, жетекшілік белсенділігі айқындай түсті. Түркістан халқы көп ұзамай үкімет ауысып жатқанымен, билеуші ұлттың үстем пиғылы өзгермей қала беретінін ұғынған. Түркістанда осы кезеңде қилы дүрбелең уақиғалар болып өтті. Тарихшы М.Қойгелдиев сол тұстағы саяси ахуалды саралай келіп мынадай тоқтам жасайды. «Оқиғалар ағымы бұл екі

автономияның да ғұмырын ұзақ еткен жоқ. Құрамындағы халықтардың өзін-өзі басқару құқығын мансұқ еткен түрлі саяси топтардың өзара арпалысты күресі жағдайында мәселенің басқаша шешілуін күту қисынсыз еді. Бірақ бізге мәлім басы ашық жағдай сол- М.Шоқайұлы өмірінің соңғы сәтіне шейін Түркістан халықтарының тәуелсіздігі олардың мемлекеттік тұтастығына байланысты деген ойда болды. Осы ойдың жалынды насихатшысы болып өмірден өтті. Өз уағында айтылған бұл пікірдің ХХ ғасырдың соңына қарай іске асу мүмкіндігінің қаншалықты қиын екендігін түсіне отырып, сонымен бірге оның стратегиялық тұрғыдан қаншалықты терең және дәл айтылғандығын уақыттың өзі әлі талай рет көрсетіп беретіндігіне біздің ешқандай да күмәніміз жоқ» [2, 223].

Рас, бүгінде ұлттық тәуелсіздіктің бірден-бір жалынды жаршысы және осы идея үшін бас тіккен, бірлік пен ынтымақ нағыз тәуелсіздік пен азаттыққа апаратын және оны қорғап қала алатын төте жол деп түсінген Мұстафа Шоқайдың асқақ арманының өміршеңдігін уақыттың өзі дәлелдеп беріп отыр.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Қыдырәлиев Д. Мұстафа Шоқай. – Астана: Фолиант, 2007. – 320 бет.
2. М.Қойгелдиев Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры. (XVIII-XX ғғ.).
3. Мария Чокай: Я пишу Вам из Ножана...(Воспоминания, письма, документы)
4. Ибрашев С. Мұстафа Шоқайұлы. «Лениншілжас», 1991. 27-28 маусым.
5. Шоқайұлы М. Советтербилеген Түркістан. «Социалистік Қазақстан», 1991
6. Әлімжанов Ә. Мұстафа Шоқай-ол кім? «Қазақ әдебиеті», 1991
7. Қоңыратбаев О. Т. Рысқұлов. Қоғамдық- саяси және мемлекеттік қызметі. Түркістан кезеңі.

## **М.ШОҚАЙДЫҢ ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ МҰРАСЫ**

### **Жанбершиева Ұ.Н.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының кандидаты

Әлем халықтары өзінің өткенін танып, келешегіне керегін жаратып, тарихын таразылау үшін хат жазып, мұра қалдырған. «Бүкіл дүние кітапқа ену үшін жаралған» деген ертеде өткен ойшылдарымыз.

Жалпы хат түрліше мақсатта жазылып, белгілі бір, яғни көркем әдебиет, публицистикалық, ғылыми, ресми іс-қағаздар, эпистолярлық

стильде жазылады. Сөз еткелі отырған М.Шоқай мұраларының біршамасы біз атап өткен соңғы стильде жазылып, ұрпақтан ұрпаққа жетті.

Ең бірінші кезекте эпистолярлық әдебиет атауымен осы күнге жеткен эпистолография тарихы әріде жатыр. Қазақ совет энциклопедиясында: «Эпистолярлық әдебиет, эпистолография (грекше: жолдау, үндеу) – сан алуан хат түрінде жазылған шығармалар. Эпистолярлық әдебиетке жеке адамдардың бір-біріне жазған мәдени маңызы бар, әдеби мұраға айналған хаттары да жатады», - деп көрсеткен [1, 453 б.]. Осы сипаттаманы орыс ғалымдары: Е.П.Прохоров, А.Н.Гвоздев, А.И.Ефимов, т.б. және қазақ ғалымдары: Р.Сыздықова, Қ.Жұмалиев, М.Қаратаев, т.б. сияқты ірі ғалымдар да қуаттайды.

«Эпистолярлық стиль» грек тілінен аударғанда: «хат стилі» деген ұғымды білдіреді, яғни, хат тілі, хат жазу мәнері. Олай болса, М.Шоқайдың 300-ден астам хаттарын жеке адамдарға, қоғамға қаратыла жазған жеке туындысы деп бағалаймыз. М.Шоқай хаттарындағы ерекшелік, қағазға түскен ойы бір жүйелікке құрылған. Хабар беру, өз ойын жеткізу, көзқарасын білдіру, тұжырым жасау мазмұнды болып келеді. Бүгінде Шоқай хаттары тарихи өшпес мұраға айналып, зор мәнге ие болып отыр.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек», - деген болатын [2, 3 б.]. Осыған орай, М.Шоқайдан мирас болып қалған ізгі хаттар адамның сана-сезімі мен жүрегіне әсер ететін бірден-бір қатынас құралы екенін сипаттап, мәнін ашу бүгінгі күннің негізгі мәселелерінің бірі болып отыр.

М.Шоқайдың жеке мұрағат қорындағы хаттарын шартты түрде болса да мына топтарға бөлуге болады:

- саяси қайраткерлермен жазысқан хаттары – қоғамдық маңызды мәселелерге құрылады: «В.Каюмге жазған хаты». 1941 ж.; «В.Валидимен жазысқан хаттар»; «А.А.Чайкинмен, У.Қожаевпен, Н.П.Архангельский мен жазысқан хаттары», т.б.;

- отбасылық хаттар: Мұртаза, Мария Шоқайға;  
- қолжазба дәптерлер;  
- әркезде жасаған есебі;  
- рецензиялар, ой-қорытынды жасалады: Ә.Оқтайға, т.б.  
- күнделіктер;  
- естеліктер;  
- әскери тұтқындармен жазысқан хаттары;  
- Әзірбайжан, Грузия, Кавказ, Украина, Еділ-Орал өңірі халықтарының жетекшілерімен жазысқан хаттары.

М.Шоқайдың хаттарын талдап, таразыласақ, оның көрнекті қайраткер екені байқалады. Өмірінің кейбір белгісіз жақтары хаттарында ашыла түседі. Оның хаттарына сипаттама беру де оңай емес, ағылшын, өзбек, араб, поляк,

неміс, француз тілдерінде жазылған хаттарға сараптама жасау үшін лингвистикалық білім қажет.

М.Шоқай – эпистолярлық туындылары арқылы ұлттық өнерімізге мол үлес қосқан қоғам қайраткері. Оның хаттары 20-жылдардың өзінде-ақ тілге тиек болғаны мәлім. Оған төмендегі ғалымдар зерттеулері мысал бола алады. М.Шоқай мұраларын зерттеуші ғалым Э.Лазеринидің, Ә.Оқтайдың зерттеулерінде Мұстафа хаттарының қоғамдық мәні бар дүниелер екенін атап көрсетеді. Үлкен әлеуметтік мәселелерді қозғайтын бұл хаттарда адам болмысы мен қоғамдық өмірдің өзекті мәселелерін көтерген. Ойымыз дәлелді болу үшін мысал келтіре кетейік. Саяси қайраткерлермен жазысқан хаттарынан үзінді – 1929 жылы башқұрт ұлттық қозғалысының жетекшісі Омар Тенерекоғлына жазған хатында: «Түрік ұлттық қозғалысының биік мұраты – түрік ұлттық мәдениеті мен өркениеті тек Түркістанда, түріктердің ғасырдан келе жатқан Отанында жүзеге асуы мүмкін», - деп жазыпты [3, 12 б.]. Хатта «Түркістан идеясы» туралы ашық айтылған. «Ең маңызды мәселе – Түркістан тағдыры. Түркістан тағдырын қайтарып алу қолымыздан келсе, біздің барлығымыздың ұлттық тұрғыдан сақталғанымыз», - деп ұлттық тәуелсіздікті, ауызбірліктің маңыздылығын дәлелдемек болады [3, 13 б.]. Бұл ой бөлісудің мақсаты – жеке бастың тірлігі емес, хат алмасу арқылы жұрт назарын елдік мәселеге аудартпақ. Осы идеяны басқа хаттарында да жалғастыра түскен.

М.Шоқай хаттары хат жанрының формасы мен үлгісін көрсетеді. Олай дейтініміз, қай хатын оқысаңыз да өзара келісім, көкейкесті мәселені жан-жақты талқылау басым. Қалай десек те, хаттың өлмес мұра екені, тарихы мен маңызы ұлттық таным мен мәдениеттің көрінісі екені айқын. Мұстафа Шоқай хаттарында халықпен сырласу, бірлікке шақыру, ымыраластыру үні басым.

Шоқай хаттарының ішіндегі ерекше тоқтауды қажет ететін хаттар, ол – отбасылық хаттар. Жұбайы Марияға жолданған хаттар мен інісі Мұртазамен жазысқан эпистолярлық дүниелерінде отбасының хал-ахуалын біле отырып, қоғамдағы саяси жағдайлардан сыр тартады. Мұртазамен байланыс тікелей емес, басқа кісілер арқылы іске асқан. Мұртаза хаттарында елдегі жағдай туралы сәлемін астыртын жеткізген. Ол өз ойын ашық айтпаған, бұдан кеңестік бақылаудан қорқатыны аңғарылады. Бір хатында: «Ташкенттегі Әбдірахман деген кісіден хат жазып, «қыпшақ баласына» жіберіпсіз. Елдің амандығынан басқа сөз жазуға болмайды», - деген. Олар Чайкин деген кісі арқылы хат алысып тұрған. Мұртаза ел жаңалығын жеткізген. 1923 жылы жазған хаттарында Мұртаза: «Ташкентке барып, Сұлтанбек, Санжарлардан сіздің хатыңызды алғанда, қыпшақ, найман жақсылары тегіс еді. Бәрі де сізге сәлем айтып жатыр», - деп жазады [3, 10 б.]. Бұл отбасылық, туыстардың арасындағы хаттардан жай хат үлгісі емес, адами құндылықтарды бағалай білуге шақырған даналық ой-толғамдар мен мұндалайды.

Жалпы хат жанрын зерттеуші ғалымдар жеке адамдарға арналған хаттарды елшілік хаттар деп те атап жүр. Мазмұнына қарай: ашық хат, үндеу хат, шағым хат, алғыс хат деп, бөліп қарастырады. Ал біз М.Шоқай хаттарын зерделей келе, ашық хат, шағым хат, жеке адамдарға арналған хаттар екенін байқаймыз.

Эпистолярлық шығармалардың ішінде Шоқайдың естеліктері де өзіндік ерекшелігімен танылады. «1917 жыл естеліктерінен үзінділер» атты шығармасы 1997 жылы Стамбұлда қазақ тілінде жарық көрген. «Яш Түркістан» журналында Ә.Оқтай мен Т.Шағатайдың Мұстафаға жазған хаттары біз үшін тарихи және биографиялық рөл атқарады. Осыған орай, хат жазушы мен алушының жазысқан хаттары тарихи өшпес мұра болатындығын ұмытпауымыз керек. Сондықтан да, қоғамқайраткері М.Шоқай хаттары – қоғамда ойы мен пікірін, арманы мен мақсатын бір арнаға тоғыстырған хаттар. Бұл хаттар қазақ эпистолярлық жанрының дамуына алтын арқау болады деп білеміз.

1938 жылы М.Векиллиге жазған бір хатында: «Соңғы екі айда барлық уақытымды жол жүруге жұмсадым. Наурызды және сәуірдің бірінші он күнін Германияда өткіздім. 5-мамырға дейін Швейцарияда болдым», - дейді [3, 17 б.]. Бұл сапарларында аса қажетті адамдармен жолығып, келелі мәселелерді шешуге кіріскені оның таза гуманист екенін байқатады. Одан әрі: «Барлық сыртқы оқиғалар соғыс болатынын меңзейді. Мұндағы сыртқы жағдай біздер үшін қолайлы сияқты болып көрінеді. Бірақ, біз оны пайдалана алмаймыз ба, ол біздің мүдделерімізге сай келе ме, бұл – үлкен мәселе», - деп жауап қайтарған: «Біздің диктатураға қарсы күресіміз өткеніміз үшін емес, болашақ мүддесіне бағытталған» деген [3, 18 б.].

Мұрағаттардан алынған хаттар ұлт тарихы, ұлт тауқыметін тартқан М.Шоқайдың бейнесін ғана ашып қоймайды, оның хаттарының құндылығын да көрсетеді. Зерттеуші ғалым Б.Жақып: «Ежелгі замандағы мәдениеттің көп тараған көріністерінің бірі – шаруашылық, дипломатиялық және жеке жолдаулар мен хаттар болды. Бұл тарихи ескерткіштердің бір тобы – ресми сипаттағы қызметтік құжаттар болса, енді бірі – тұрмыстық, отбасылық, достық сипаттағы жеке адамдар арасындағы хаттар болды. Кейбір хаттарда қоғамдық маңызды мәселелер қозғалып, саяси көзқарас, әлеуметтік идеялар көрініс тапты. Міне, дәл осындай жолдардан кейін публицистикалық эпистолографияның алғашқы көріністері туды», - деп жазды [4, 48 б.]. Ғалымның осы пікіріне орай, М.Шоқай хаттарын да дипломатиялық, достық, отбасылық, жеке адамдар арасындағы хаттар деуге болады. Қоғамдық маңызды мәселелерді қамтитын, саяси көзқарастары анық, әлеуметтік идеяларға толы құнды дүниелер екені анық. Хат жолдаушының шеберлігі, сөз саптауы, хаттың басталуындағы сәлемдесу, тыңдаушысын өзіне қарата сөйлеу немесе хат соңындағы қоштасу, өтініш, тілек сөздер, сөз саптауы, бәрі-бәрі үйлесімін тауып отырған. Мұның өзі М.Шоқай хаттарының өзектілігін аңғартады. Оның қай хатын оқысаңыз да, қоғамдық-әлеуметтік



мәселелер көрініс тапқан. Қай қырынан алсақ та, Шоқай хаттары – өзіндік стильге ие, айтары анық, нақты да өткір, мәні мен мазмұны бай дүниелер.

М.Шоқайдың өмірі мен қызметі, дүниетанымы мен көзқарастарына қатысты хат-хабарларын бір мақалада талдап, терең зерделеу мүмкін емес. Оның осыншама бай мұралары әр қырынан алуға тұрарлық екендігі еш дау тудырмайды. Құнды дереккөз болатын қолжазба дәптерлері, күнделіктері, кітапқа жазған рецензиялары мұстафатануда маңызды рөл атқарады. Сондықтан, оның эпистолярлық шығармаларының қоғам үшін маңыздылығын айқындағанымыз абзал.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Қазақ совет энциклопедиясы. – Алматы, 1978. 12-том. -598 б
2. Н.Ә. Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана, 2017. – 512 б
3. М. Шоқай шығармаларының толық жинағы. XII том. – Алматы, 2014. -476 б
4. Жақып Б. публицистикалық шығармашылық негіздері. – Алматы, 2007. - 486 б
5. Прохоров Е.П. Эпистолярная публицистика. – Москва, 1966. -319 с
6. Ахметов З., Шаңбаев Т. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы, 1996. -240 б

## **М.ШОҚАЙДЫҢ ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ МАҚАЛАЛАРЫНДАҒЫ ӨМІР ШЫНДЫҒЫ**

### **Оралова Г.С.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты

М.Шоқай өз заманында ұлтына қатысты маңызды уақиғалардың бел ортасында жүріп, өзі де сол халқы басынан өткерген қиын да азапты тіршіліктің шыңырау түбінен қайнап шыққан қайраткер. Ұлтымыздың тәуелсіздігі мен мемлекеттік дербестігімізге, ұлт тағдырына бар өмірін арнап орасан зор саяси, рухани ықпал жасап, ұмытылмас қайраткер тұлғаға айналған Мұстафа Шоқайдың арманы, тілегі бүгінгі таңда жүзеге асты. Қазақ елі бодандықтан азат ел болып, тәуелсіздіктің көк туы көкке өрледі. М.Шоқай кешкен қилы тағдыр, оның қайраткерлік тұлғасы жайлы толымды зерттеулер еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін жасала бастады. М.Шоқайдың сан қырлы күрескерлік жолы көбіне оның саяси көзқарастарынан аңғарылады. М.Шоқай өзі өмір сүрген кезеңдегі барлық оқиғаларға деген өзінің саяси көзқарастарын түсіндірудің бірден бір жолы баспасөз құралы

екендігін жақсы білді және кеңес үкіметінің құйтұрқы саясатын шетелдік ақпарат құралдарында жариялап, әлем жұртшылығын да ақпараттандырып отырды. Саясаткер-публицист Мұстафа Шоқайдың әрбір мазмұнды да тағылымды мақалаларынан күрделі, проблемалық мәселелердің нақтылығы білімділігі мен саяси сауаттылығы, айқын танылады. Мұстафаның барлық еңбектері шыншылдығымен құнды. Ол артына қалдырған барлық публицистикалық еңбектерінде заман шындығын нақты деректер, бұлтартпас дәйектермен ойларын тұжырымдай отырып нақтылап бере білген.

М.Шоқай тәуелсіздікке жету жолында көп күш жұмсады. Күрескерлік қатарда жүрсе де, түрік, орыс, неміс, француз тілдерін жетік меңгере алды. Ол сондай-ақ қазақтың халықаралық журналистикасының негізін салушылардың бірі. 1936-1939 жылдар аралығындағы 30-дан аса мақалаларында, оның ішінде «Яш Түркістан» журналында «Халықаралық жағдай». «Халықаралық өмірден» деген тақырыптағы мақалалары сол кезеңнің шындығы мен өзекті мәселелерін қозғауымен, бірнеше елдер арасындағы халықаралық саяси жағдайларға шолу жасауымен ерекшеленді. Профессор Ә.Қара М.Шоқайдың өзінің соны пікірлерін «Яш Түркістан», «Бірлік туы» сияқты өз кезеңінің алдыңғы баспасөзі қатарында тұрған басылымдарда білдіріп, оқырмандарға таныстырып отырғандығын, халықаралық тақырыптарды жетік меңгергендігін айтады. [26 287]. М.Шоқайдың 1935 жылы жазылып VIII томға кірген шығармалардың ең көлемдісі – «Советтер қол астындағы Түркістан» (Пролетариат диктатурасына мінездеме) деген еңбегі. Мұның бірінші бөлімі 1928 жылы «Les Soviets en Asie Centrale» деген атпен француз тілінде жарық көрген. Жеті жылдан кейін кітап орыс тілінде қайта жарыққа шыққан. Осы еңбекте бұрын көтерілген мәселелер қайта қозғалып, өзіндік саяси ой-пікірлері нақты фактілермен берілген.

М.Шоқайдың бұл еңбегі Кеңес дәуіріндегі Қазақстан мен Орта Азия халықтарының саяси, экономикалық, мәдени өмірін объективті түрде, сыни көзқараспен сипаттауымен, кеңес баспасөзі материалдарына сүйене отырып айтылған бұлтартпас дәлелдерімен жазылған деректі дүние болуымен құнды. Еңбек материалдық әрқилылығымен елдегі саяси жағдайды сөз етуімен де салмақты. Француз социалистік партиясы басшыларының бірі Пьер Ренодель М.Шоқайдың осы еңбегіне алғы сөз жазған. Ол кітаптың француз басылымына жазған алғы сөзінде М.Шоқаймен 1920 жылы Тифлисте кездесіп, ықыласты сұхбаттасқанын есіне алып, Мұстафа Шоқайға өз елінің аса зиялы тобына жататын адам деген баға береді. «Кітаптың жазылуына Мәскеу үкіметінің қаржысымен Орта Азияны аралаған француздық-большевик-коммунистер делегациясының мәлімдемелері түрткі болды» деген ойын баяндаған. «Шоқай өз оқырмандарын көргені мен түйгендері бойынша сендіруге тырыспайды. Ол бұларды большевиктердің өз құжаттары бойынша әйгілейді. Дәлелді Тұрар Рысқұлов пен Сорокиннен

алады деп жазады. Бұлар Түркістан өмірінде үлкен роль атқаратын мырзалар. Рысқұлов–Түркістан ЦИК-інің төрағасы, қазіргі кезде РСФСР Совнаркомы төрағасының орынбасары, ал оның кітабы Өзбекстанның орталығы – Ташкенттегі мемлекеттік баспадан шыққан. Сорокин – Түркістан Совнаркомының бұрынғы төрағасы. Большевиктердің Ташкенттен шығатын «Правды Востока» газеті мен большевиктердің «За Партию» журналы және т.б. басылымдарды негізге ала отырып, Шоқай мырза орыс империалистік және ұлтшылдық отарлау әдісінің Түркістанда қалай жүзеге асып жатқанын көрсетеді» деп нақты дәлелдермен М.Шоқай еңбегінің маңыздылығы мен өткір ақиқаттылығына талдаулар мен бағалаулар жасаған. М.Шоқайдың аталған еңбегінің көптеген негіздердің құжаты болуымен бірге, 1917 жылғы революцияның үмітті оятып, большевиктік Октябрь төңкерісінің сол үмітті жоқ еткендіктерін дәлелмен пайымдап беретінін баса айтады. Кеңес үкіметінің Орта Азияның жалпақ алқабында социализм жүзеге асып жатыр деп сендіріп баққанын, ал шындығында бұл жерлерге өндіріс капиталы мүлде жетпегенін М.Шоқайдың осы құжаттарынан анық байқауға болатынын дәлелдер келтіре баяндаған. «Шоқай мырза өзі білетін түпнұсқадағы және даусыз мәліметтері мен құжаттарының жиынтығын ұсыну арқылы бізге үлкен қызмет көрсетіп отыр», «Шынайы шындықтары үшін ол зор алғысқа ие болуға лайық» деген өзінің ризашылық көңіл-күйін білдіреді. Алғы сөз авторы «Шоқай мырза ешбір большевик авторлар теріске шығара алмайтын әдісті қолданған, өйткені өз тұжырымдарын большевиктік газет т.б. баспа туындыларынан алған цитаталар, фактілер, жәдігерлермен куәландырып отырады» деп Шоқайдың пікірі мен саси көзқарастарының өткірлігін баса айтып өтеді.

М.Шоқай «Избранные труды» деп аталатын екі томдық еңбектің бірінші томына енгізілген мақалаларының кейбіріне талдау жасап қарасақ, «Айнаға өкпелеудің қисыны жоқ» («Нечего не зеркало пенять») деп аталатын орыс тілінде берілген мақалада М.Шоқай «Правда» газетінің №130 санында Т.Рысқұловтың қолтаңбасымен жарияланған мақалаға жауап есебінде жарыққа шығарған. Бір кездері «В новом Туркестане», «Наследие Ленина в Туркестане» секілді автордың жарияланымдарындағы советтік саясат жайлы келтірілген деректер мұнда «жағылған жала» деп танылған.

Бірақ Шоқай «жаланы» жарыққа шығарған «Правда» мен «жаланың» авторы Т.Рысқұлов бір жайтты ескермегенін алға тартады. Мақалалардағы қазан төңкерісінен кейінгі мұсылмандардың бақытсыздығы, аштық салдары, Түркістанның шаруасын қайта шалқыту, Лениннің елді толық білмеуі, жұмысшылар мен шаруалардың билігін телеграф арқылы баяндағанымен «Түркістанда кімнің шаруа?» екені жайлы толық түсінігі болмауы, осының барлығы кеңестік ақпарат көздеріне, солардың басылымдарына, протокол құжаттары мен съездеріндегі, конференцияларындағы өз өкілдерінің сөздеріне негізделгендігін баяндайды.

Алайда, Түркістан эмигрантының большевиктік басылым беттерінен «Дни» газетіне көшірілген шындығы «жалаға» теңестірілген. Автор мұндайда И.Крылов мысалдарындағы «... айнадан өзін көріпті» тіркесі еріксіз еске түсетінін тілге тиек еткен. Сонымен қатар «Дни» газетінің №120, 257 санында 1918-1919 жылдардағы мұсылмандар арасындағы аштықты туғызғаны үшін кеңестік билікке жауапкершілік белгіленуі жайлы ресми деректер келтірілгені жайлы нақты көрсеткен.

Т.Рысқұловтың күнтізбесіне сәйкес, кезінде 300 мың мұсылман Кеңес өкіметі үшін күрескен. Бірақ жергілікті кеңес аштыққа қарсы күреске, аштыққа қарсы комиссия отырысына аса араласа алмағандығын алға тартады. Жоғарғы революциялық трибуналдың және ТурЦИК-тің отырысында Рысқұловтың аштық қорын құру туралы ұсынысынан да бас тартылды. Сол кезеңдерде «Түркістандағы кеңестік саясаттың жаулап алу сипаты» орын алып жатқаны жөніндегі шағым да жазылған. Мәскеуге шағымдануға Т.Рысқұлов барған.

Шынында, 300 мыңға жуық мұсылман халқы патша режимінің бұрынғы қызметшілері, авантюристтер үшін қан жоса болды. Ал мына жағдай – кеңестік жүйеден алыстататын қадамның бірі болатын. Бұл оқиғада да 30 мың мұсылман Қызыл Армия қатарында болғандығы айтылады.

Автор Рысқұловтың сонда да газет беттерінде Түркістанның шаруашылық өмірін большевиктердің қолымен қалыпқа келтіру, мақта өсіруді қайта қолға алу мәселелерін қаузауды жалғастырғанын жазады.

«Алайда, уақыт алға жылжығанымен, шаруа алға жылжымайды. Оған биыл көктем айында Ташкентте өткізілген Түркістанның 2 ауыл шаруашылық съезі дәлел. Бұл туралы «Правдада» басылмағанымен, «Дни» газетінің №494 санында жарияланды. Жағдай келесідегідей. Фергандық мақта өсірушілердің шаруашылық әл-ауқаты төмендеген, ауыл шаруашылығы да, мал шаруашылығы да әлі аяққа тұра алмай отыр. Халық шаруашылықтың табысын емес, қалдығын қанағат тұтатын қалде. Бірақ... Бетің қисық болса, айнаға өкпелеу қисынсыз», - дегенді алға тартады

Өзбекстан туралы шындық пен өтірік (Правда и ложь об Узбекстане)

«...Мен күллі Түркістан жұрты бұрын-соңды танып-білмеген ең қауіпті адаммын». Автор тұтас мақаланың өзегін де осы бір-екі ауыз сөзден тарқатқан сыңайлы. Алты-жеті беттен тұратын көлемді мақала «Дни» басылымында Париж қаласынан 1925 жылы басылып шыққан. Қайраткер қаламының сиясы кеуіп үлірмей жатып, бар жоғы төрт күннен соң баспа бетін көрген. Сол заманның өз аймағында ең ірі боп саналатын екі газет "Правда Востока" және "Кзыл Узбекстан" газеттерінің редакторлары Камильджан және Инъамовтар қол қойған мақалаға қарсы жауап ретінде елге нағыз шындықты көрсетуге талпынады. Онда ол Өзбекстанның саяси жетекшісіне бағытталған айыптаулар, сол кезеңде жүргізілген саяси бюрократияның әділетсіздігімен қатар, өзіне дәлелсіз жабылған жалалар төңірегінде ой өрбітеді.

Мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған деректер арқылы нақты мысалдар келтіре отырып, көпе көрнеу кінәлаудың зардаптарын алға тартады. Өзін шовинист, өзбек крестьяндарының жерін тартып алып, ел ішіне іріткі салды деп айыптағандарға кекесін түрде ұтқыр жауап қайтарады. Қаралау бағытында газетті таптырмас құрал ретінде пайдаланған Камильджан мен Инъамовтың әділетсіз іс-әрекеттерін тілге тиек ете отырып, тұтас саяси ортадағы былық-шылықты тайға таңба басқандай саралап береді. Бір қызығы, автор билік басындағы бассыздықтарды сөз етуде әдемі қағытпаларды да өте шебер қолдана білген. Оның бұл қабілеті өзін тек білімді саясаткер жағынан ғана емес, сонымен қатар, мықты публицист қырынан да танытты. Бұл – автор үшін артық ұпай алып келді.

М.Шоқай өз пікірін оқырманға былайша жеткізеді: «...Стоило органу Среднеазиатского бюро ЦК РКП – «Правда Востока», по абсолютному невежеству руководителей этой газеты в вопросах о прежних политических группировках в Туркестане, назвать меня «одним из представителей шовинистической национально-либерально-буржуазной интеллигенции Средней Азии», как наши «кзыл-узбекистанцы» уже пишут о том, как я раньше будто бы, «отбирал земли у узбекских крестьян». Больше того, я, оказывается, «разорил страну, залил ее кровью ее трудящихся масс, согнул их в бараний роги держал их в подчинении кучки богачей».

Баспасөз бетінде өзіне қарсы бағытталған әрбір сөзді жатқа білетін ол еш үрейсіз-ақ айтылған қаралаулардың бәрін өздеріне бумеранг тәрізді майдан қыл суырғандай кері қайтарып отырған. Біздегі «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген тәмсіл тура осындай жағдайда айтылған болса керек. Өзін «көк есекке мінгізіп», орынсыз айыптаған жазба үзіндісін автор тағы бір мәрте сөздің орайына келтіреді. Жәй мысал келтіріп ғана қоймаған, өзбек төрағасының сауатсыздығын нұқып тұрып көрсеткен. Онда былай делінген:

«... «Правда Востока» и «Кзыл Узбекистан» согласно утверждают, что я «не могу без истерики произносить имя Ахунбабаева». В качестве доказательства моей «ненависти» к последнему должно, повидимому, служить мое упоминание о неграмотности председателя узбекского ЦИК.

Во-первых, о неграмотности Ахунбабаева писал сам же «Кзыл Узбекистан» в передовой статье от 23 августа, на что я и сделал ссылку».

Осылайша автор оның барлық кемшілігін санамалай жаза отырып, бүкіл бұқара алдында кімнің кім екенін нақтылайтын деректі бұрқ еткізді. Бір айта кетерлігі, саяси сауатты азамат сол кезеңдегі саяси өмірде сыбайластықтың да қылаң бергенін жасырмайды. Ол баспасөздегі солақай саясатты жақтаушылар өзара алдын ала келісе отырып, өзін бір ауыздан келісіммен қаралағынын сенімді түрде жеткізеді. Ал, бұл – оның сол кездегі саяси жүйені және олардың қулық-сұмдыққа толы түпкі мақсаттарын бес саусақтай білетінін айқындап берген еді.

Сонымен, мақаланың мазмұны белгілі. Камильджан, Инъамовтар мен автор арасындағы тартыс жағдайы да әмбеге мәлім болды. Бұл қоғам қайраткері М.Шоқай мен газет редакторларының пікір қайшылығы ғана емес, бұл сол заманның нақты бет бейнесі, болмысы, өтірік пен шындықтың бетпердесі. Бұл автордың «Карриатура» және «Ахунбабаев ойлары» тақырыбындағы сыни бағытта жазылған қос мақаласынан туындаған шындықтың заңды жалғасы. Аталған жазбаларды автордың өзі криминалдық бағытта жазылған деп бағамдайды. Себебі, онда Өзбекстанның саяси жетекшісін айыптайтын бірнеше оқиғалар баяндалыпты-мыс. Десе де, оның мұндағы мақсаты – өзін судан таза, сүттен ақ етіп, арашалап-ақтап алу емес. Тек орынсыз жағылған күйені теріске шығара отырып, большевиктік саясатқа қарсы тиімді әрекеттерді жүзеге асыруды насихаттау. Ел басқарудағы мұндай әділдік идеясы біз өмір сүріп отырған зайырлы мемлекет жүйесінде де өз маңыздылығын сақтап қалған құндылықтың бірегейі.

М.Шоқайдың кеңес үкіметінің қылышынан қаны тамып тұрған кезеңінің шындығын жазған еңбектері сол заманның шынайы бетпердесін өмір шындығымен айқын бере білуімен тартымды да құнды.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. М.Шоқай. Избранные труды: В.двух томах. I том. Алматы: «Арыс», 2016–427.
2. Қара Ә. Мұстафа Шоқай. Өмірі. Күресі.Шығармашылығы/ түрік тілінен аударған Г.Шадиева. – Алматы:Арыс, 2004-320 б.
3. М.Шоқай .Таңдамалы. А., 1999.

### **М.ШОҚАЙДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАҚЫРЫПҚА ЖАЗҒАН МАҚАЛАЛАРЫНЫҢ СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

#### **Қамзаева К.С.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты

Қазақ тіліндегі ресми құжат стильдеріне тән белгілер деп: мазмұнының тұжырымды баяндалуы, келтірілген тұжырымдардың дәл, нақты болуы, сөздердің тура мағынасында қолданылуы, терминдер мен тұрақты орамдардың бірегейлігі, терминологияда бар терминдер нұсқасын қолдануды [1, 12-13 бб.] көрсетіп жүрміз.

Қазіргі ғалымдар көп болмаса да дипломатия стилі туралы біршама пікір білдіреді. Мемлекетаралық ресми құжаттардан басқа халықаралық тақырыптағы жарияланымдарда да осы стиль байқалады. Жалпы

«Дипломатия – халықаралық келіспеушіліктерді бейбіт жолмен шешетін құрал өнері. Дипломатия сондай-ақ, халықаралық қатынастарға үйлесімді ықпал ететін және белгілі дәстүрлер мен ережелерге бағынатын техника мен шеберлік. Дипломатия тілі – бұл екі түрлі ұғымдарды белгілеуде қолданылатын айтылым. Біріншіден, бұл тілде ресми дипломатиялық қатынастар орнатылып, халықаралық шарттар бекітіледі. Екіншіден, бұл жалпы қабылданған дипломатиялық сөздікті құрайтын арнайы терминдер мен фразалардың жиынтығы» [2] дегенді негізге алсақ, қазіргідей жаһандану кезеңінде өзге мемлекеттердің тыныс-тіршілігінен хабардар болу үшін осы тақырыптағы бақ материалдарының маңызы да орасан деп білеміз.

Ал дипломатиялық құжаттар тілі, стилі жөнінде неміс ғалымы Х. Вильднердің «Дипломатия техникасы» кітабында: «Дипломатический стиль – должен отличаться прежде всего простотой и ясностью; под этим подразумевается не простота ремесленного способа выражения, а классическая форма простоты, которая умеет выбирать для каждого предмета единственное подходящее при данных обстоятельствах слово» [3]. Демек, дипломатиялық стиль еңалдымен, қарапайымдылығымен және айқындылығымен ерекшеленуі керек. Осындай талаптардың озық үлгісін біз М.Шоқайдың халықаралық тақырыпта жазған мақалалары мен жарияланымдарынан көреміз.

М.Шоқайдың «Таңдамалы шығармаларындағы» (М.Шоқай Таңдамалы шығармалар: Үш томдық. 2-т. – Алматы: «Қайнар» баспасы. – 2007. - 392 (326) бет) «Халықаралық өмірден» деп аталатын мақаласы «Яш Түркістан» журналының 1938 жылғы № 106 санында жарық көрген. М.Шоқайдың халықаралық тақырыпқа жазған бұл еңбегі өзі өмір сүрген кезеңдегі шетелдік оқиғаларды шынайы да саяси тұрғыда жеткізе алғандығымен және өз көзқарастарын түрлі шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көрген материалдарға сілтеме жасау немесе мысалға келтіру, оны жариялау арқылы әлем жұртшылығын ақпараттандырып отырғандығымен құнды.

Ұлттар Лигасының жұмысына баға беріп, оған кеңестік Ресей мүше болғаннан кейін оның «базары тарап, қадірі қашып тұрғандығын» атап көрсете отырып, оған мүше елдердің халықаралық аренадағы рөлдері мен жағдайлары туралы хабардар ететін бұл жарияланымда Алманияның Прагаға қарсы батыл іс әрекет көрсетіп отырғанының себебі ашып көрсетіледі. Чехославакия мемлекетінің бүгінгі жағдайына талдау жасай келе, «1919 жылдың мамыр айында жаңа шаңырақ көтерген Чехославакия мемлекетінің шекарасын айқындар кезде бұл елдің ішінде 3,5 миллион немістердің қалуының өзі араздық тудыруы ықтимал. Мұны сол кездің өзінде Еуропа елдері білген» деп, мақалада Чехославакия еліндегі неміс және басқа ұлттардың талаптарынан Ресейден қолдау тапқандықтан бас тартқандығын дәлелдейді. Сонымен бірге Ресей Чехославакияны Алманияға қарсы айдап салып, арандатушылыққа да жол беріп отырғандығы да айтылады. Бұған нақты дәлелдер келтіріледі. Сонымен қатар мақалада

Чехословакияның Англиямен, Франциямен, Италиямен арақатынасын талданады. Мақаланың өн бойында басы артық сөз жоқ. Әрбір тұжырымын автор нақты оқиғалармен дәлелдеп отырған. Бұл ойының шындыққа негізделгенінің куәсі болса керек.

*Сонымен бірге* әлемдік саясатта әлемдік билік үшін күресетін, әлемдік тартыстардан, әрбір елдің өздеріне тән геосаяси күрестерінен, түрлі бәсекелестіктер мен мүдделер қайшылығынан тысқары алып қарасыруға болмайтындығын дәлелдесе керек.

М.Шоқай тағдыр-талайымен шетелде өмір сүрген кездерінде халықаралық тақырыпта үенмі жазып отырған. Оның тағы бір дәлелі «Яш Түркістан» журналының 1938 жылғы № 106 санында жарық көрген «Халықаралық өмірден» (М. Шоқай Таңдамалы шығармалар: Үш томдық. 2-т. – Алматы: «Қайнар» баспасы. – 2007. - 392 (346 ) бет) деп аталатын мақаласы 1939 жылы жазылған.

Мақалада әлемдегі алпауыт мемлекеттер Франция мен Италия мемлекеттерінің арақатынасы сөз болған. Осы жылы 29 қыркүйекте Мюнхен қаласында жасалған келісімнен кейін Франция-Англия бір жақ, Алмания-Италия бір жақ болып бөлінген. Бұл қатынастар туралы «Яш Түркістан» журналының 107-санында жарияланған мақаласында да сөз болады.

М.Шоқайдың «Халықаралық өмірден» атты жарияланымы публицистикалық жанрлардың ішінде корреспонденцияға жатады деп ойлаймыз. Материалда негізгі тақырып Франция мен Италия қатынасының сипаттары болғанымен, оны автор баяндай келе, Ресей мемлекетінің жағдайы, Қытай-Жапон соғысының әсері сияқты оқиғалардың шығу төркіні мен себеп-салдарларын да нақты түсіндіре кетеді.

Бұл мақаланың негізгі идеясы – Кеңестік Ресейдің Еуропадан өзіндік орнын иеленуге деген талпынысын жан-жақты түсіндіру, сол арқылы өзге мемлекеттердегі халықаралық жағдайдың қаншалықты деңгейде екендігінен толыққанды мәлімет беру болып табылады.

1938 жылы 6 желтоқсанда Алмания мен Франция елдері арасында отарланған жерлерге байланысты келісім жасалған. Сол келісімнен кейін Италия мерзімді басылымдары Франция елінен жер талап ететін материалдарды жариялай бастайды. Италия талаптары Францияның Африкадағы Тунис, Сомали, Жибути, Еуропадағы Сауой, Корсика сынды аралдарға қатысты болған. Италияның бұл талаптарын М.Шоқай аталмыш мақалада «бір түйір нан алу үшін айды талап еткені» деген сипаттау арқылы береді, яғни Италияның бұл талабының орындалуы мүмкін емес, тек арман күйінде қалатындығына сенімділік білдіруі еді.

Сонымен бірге Еуропадағы өзіндік орнын иемденгісі келген Ресейдің жағдайы туралы да біршама мәліметтер береді. Мысалы, бөлшектелген Чехословакиядан өзіндік үлес ала алмаған Ресей Польшаны пайдалану арқылы шетелге шықпақшы болған әрекетінің сәтсіздікке ұшырайтындығын айтады. Себебі Польша Чехословакия емес, өзіндік бай тарихи міндеті бар



деп көрсетіп, Ресейді әлсіретіп, тіпті Еуропадан ығыстырылуы қажет деген ойды айтады. Мюнхен келісімінен кейін кеңестік баспасөздер Франция еліне қатысты өте дөрекі, жалған мәліметтер тарата бастағанын, соның әсерінен Кеңес Сыртқы істер министрлігінің органы «Журнал де Мәскеуді» Франция территориясына кіргізуге тыйым салғандығын сипаттайды. Франция мен Иран өкіметі арасындағы қатынас та шиеленісе түскендігін, оған себеп француз басылымында Иран шахтың беделіне нұқсан келетін материал жарық көргені болып отырғандығы да жазылған. Сонымен бірге Ван Чжэнвэйдің мәлімдемесі мен келісімдері туралы да жан-жақты хабардар боламыз.

Жалпы М.Шоқайдың аталмыш мақаласынан сол кездегі халықаралық жағдайға байланысты құнды мәліметтерді көп алуға болады. Әр елдің ұстанып отырған саяси бағдарына да баға беріп, өзіндік көзқарастарын білдіреді. Бұл жарияланым осынысымен де құнды.

Оның «Яш Түркістанның» бетінде жарық көрген «Алманиядағы қаржы дағдарысымы», «Ағылшын дағдарысы», «Қытайда», «Қиыр Шығыста», «Алмания, Италия және Жапонияның Кеңестерге қарсы бағытталған келісімі» сияқты мақалалары да сол кездегі халықаралық өмірден хабардар етіп отырған.

«М.Шоқайдың мұрағаттық қорында «Ауін Тагіһи» журналында жарық көрген египет-ағылшын қатынастары туралы көлемді мақалаланың сақталуы, басқа да сан алуан мағлұматтар, Иерусалимде шығатын «Эль-Джамиет –эль-Араб», Каирдегі «Эль-Итти-хад» газеттерімен шығармашылық байланыстар орнатуы қазақ қайраткерлерінің дүниетанымы көкжиегін кеңітіп, халықаралық қатынастарды жеке ел, не өңір шеңберінде ғана емес, әлемдік аумақты бағалауына мүмкіндік береді» [4,422 б], деген мәлімет М.Шоқай үшін халықаралық тақырып жәй қызығушылық емес, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының мақсат-мүддесінен туындаған іс-әрекет деп баға беруімізге болады. М.Шоқайдың «Халықаралық өмірден» деген тақырыпта жарық көрген бірнеше мақаласынан осыны байқауымызға да болады.

«Яш Түркістан» журналының 1938 жылғы № 106 санында жарық көрген «Халықаралық өмірден» (М. Шоқай Таңдамалы шығармалар: Үш томдық. 2-т. – Алматы: «Қайнар» баспасы. – 2007. - 392 (330) бет) мақаласы «Чехословакия мәселесі», «Мюнхен келісімінен соң» атты тақырыпшаларға бөліп, Чехословакия мемлекетіне байланысты туындаған мәселелер мен түрлі келісімдердің маңыздылығы туралы, Мюнхен келісімінің ерекшелігі, шешімдерінің қажеттілігі, Польша мемлекетінің ұстанып отырған бағдарлары және ең бастысы Кеңестік Ресейге Еуропа қалай қарайтыны жөнінде мәлімет берілген. Мақала бұдан бұрынғы осы бағыттағы қозғалған тақырыпты тереңдете түседі.

Англия, Алмания, Франция, Италия мемлекеттерінің басқосуында Чехословакиядағы немістер Алманияға қосылатын болып келісілгенін, ал

поляктар қоныстанған өлке мен мажарлар тағдыры жөнінде Чехославакия өкіметі сол елдердің басшыларымен келіссөздер жүргізетінін, егер келісімге келмесе тағы да шара қабылданатынын жан-жақты талдайды.

Польша өкіметі екі бағытта қимыл жасап отырғандығы, оның бірі – Мажарстан және Румыниямен бірлесіп кеңестік Ресейді Еуропадан бүтіндей бөліп тұратын қорған жасау, екіншісі – Орта, Оңтүстік және Шығыс Еуропаға ықпалын күшейтіп, Алманиямен бірыңғай майданға біріккенін, алпауыт мемлекеттер біркелісімге келе алатындықтарын көрсеткендігін мәлімдейді.

«Чехославакия мемлекеті жолсыздықпен иемденіп келген Алман, Поляк және Мажар өлкелерінен айырылды. Чехославакия – чех, словак және Карпат украиндарынан құрылған Федеративтік республикаға айналды», -деп елдің іргетасын қалаған Митофи Масарик, Эдуард Бенеш сынды елбасқарушылар туралы да құнды мәлімет береді.

Сонымен бірге профессор Масарик ислам мәдениеті христиан мәдениетінен төмен деген пікір білдіргенін және ол туралы 1919 жылы Тбилисиде шыққан «На рубеже» газетінде мақала жазған. Дәл осы жарияланымға 1918 жылы қыркүйекте Уфа қаласында шыққан социалист газетінде қарсы пікір білдірілген.

Дипломатиялық құжаттар тілінің мазмұндау тәсілі – хабарлы, кейде сипаттау, пайымдау түрінде құрылады деген зерттеуші С.Б.Бөрібаеваның тұжырымына сүйенетін болсақ, М.Шоқай мақалаларынан да соны көруімізге болады. Екі елдің арақатынасын баяндауда сипаттау мен болашағын пайымдау көрінеді. Мысалы, жоғарыда келтірілген мақалада: «Ұлттардың өз тағдырын өзі айқындауын» жақтаушылар мен бейбітшілікті қолдаушылар жеңіп шықты. Ұлттардың құқықтарын мойындағысы келмейтіндер мен соғысты жақтаушылар жеңілді. Жеңіліс тапқандардың басында Кеңес өкіметі тұрды...», - деп Англия, Франция, Чехославакия елдерінің Ресей мемлекетіне көзқарасын былай білдіреді: «Егер біз Мюнхенде алған міндеттемелерін біле тұра кеңестік Ресейден көмек сұрасақ, онда бүкіл Еуропаға большевизмді әкеле жатыр деп бір ауыздан айыптаған болар еді», - Кеңестік Ресейге деген көзқарасты осылай көрсетеді.

«Яш Түркістан» журналының 1938 жылғы № 108 санында жарық көрген «Халықаралық өмірден» (М. Шоқай Таңдамалы шығармалар: Үш томдық. 2-т. – Алматы: «Қайнар» баспасы. – 2007. - 392 (335 ) бет) атты тақырыптағы тағы бір мақаласында Чехославакия мемлекетінің мәселесіне байланысты қабылданған Мюнхен келісімінен соң қалыптасқан жағдай мен Ұлттар Ұйымының беделі мен қадір-қасиеті, кіші Антанта жағдайы, Версаль шарты туралы толыққанды ақпарат береді.

Жарияланымның негізгі идеясы – халықаралық деңгейде Ресей елінің беделінің жоқтығын дәлелдеу, Кеңес үкіметін шеттетудің негізгі себептерін айқындап беру.

Франция мен Алмания мемлекеттерінің арақатынасы жақсару үшін Кеңес үкіметі шеттетілуі керек және сонда ғана Еуропа елінде бейбітшілік орнайтындығы айтылады. Сонымен бірге Мажарстан мен Чехославакия арасындағы жанжалды Алмания мен Италия үкіметтері араға түсіп мәселені шешкендігін, қазіргі уақытта саясатын Алмания мен Италияға сүйеніп жүргізетіндігінен де хабардар етеді.

Жапония мен Қытай арасындағы соғыстың барысы туралы да тың мәлімет береді. Жапонияның екі ірі жеңісін: Кантон мен Ханхоу жапондардың қарамағына өткендігін, Ханхоуды алу арқылы жапондар Еуропа мен Америкадан Қытайға әкелінетін жүк тасымалының жолын кескендігін атап көрсетеді.

1936 жылы сәуірде басталған Палестина арабтарының көтерілісі соңғы 4-5 ай ішінде мүлде шиеленісіп кеткендігін бірнеше халықаралық басылымдардағы материалдарға сілтеме жасау арқылы баяндайды. Атап айтар болсақ, француз тіліндегі «Таң» газетінің 1938 жылы 2 қарашадағы санында палестиналық басылымнан алынған мәлеметтерді жариялайды. Онда қақтығыстар кезінде 3 айдың ішінде 1358 адам қаза болғандығы, олардың 219-ы - еврей, 42-і – ағылшын, 1092-сі – арабтар екендігі, 1162 адам жараланғандығын айтады. Тек қазан айында қаза тапқандардың саны – 560. Осы мәліметтерден қаза болғандардың басым көпшілігі арабтар екендігіне куә боламыз. Жалпы бұл көтерілістің себебі арабтар Палестинаның еврей мемлекетіне айналып кетуіне қарсы. Сонымен бірге Англия үкіметінің Палестинаны араб және еврей мемлекеттеріне бөлу туралы бағдарламасының да себеп болғандығынан хабардар боламыз.

Халықаралық тақырыптағы дипломатиялық стиль публицистикалық стильге жақын келеді. Заман оларға ерекше қоғамдық-саяси үндестік берді. Дипломатиялық стиль түрлеріне экспрессивті эмоциональді сөздер тән. Мысалы: М.Шоқайдың «Ресейдің Орта Еуропада Алманияға қарсы қойып келген жалғыз досы – Чехославакия дағдарысқа тап болған кезде, Кеңес үкіметі Польша үкіметіне 1932 жылғы шартты «күшінен қалдыратынын» айтып қоқан-лоқы да жасаған. Чехославакияның бөлшектеніп, Алмания жаққа қарай ойысуына Польшаның да қатысы бары, Польша мен Кеңестік Ресей қатынасының бұзылғандығынан дерек беретін еді. Міне, сондықтан ұмытылуға шақ қалған 1932 жылғы шарттың мәлімдемесінің қайта жаңғыртылуы, тіпті бұрынғыдан да артығырақ қуатталуы жұрт назарын өзіне шұғыл аударған еді» [5], - деуінен осы мақаланың негізгі идеясынан хабардар боламыз, мұндағы мағынаның экспрессивті-эмоциональді компоненті дипломатиялық лексиканың позитивті коннотацияларымен тіркесуі, компонент сөздері бар – «болып жатқан істі, болашақта болатын істі жоғары бағалауы». Сонымен бірге ресми тілдің оның ішінде дипломатия тілінде ең айқын ерекшеліктерінің бірі зат есімдердің жиі қолданылуы десек, М.Шоқай мақалаларындағы соғыс, бейбітшілік, жаһандану, қоқан-лоқы, қауіпсіздік, мемлекет, ұлт, құқық сөздерінің жиі кездесуі де соның дәлелі.

Біз М.Шоқай мақалаларынан күрделі құрмалас сөйлемдер түрлерінің жиі кездесуін, оның ішінде есімшелі тіркестер, бірыңғай мүшелерімен күрделенген сөйлемдер, салалас құрмалас сөйлемдер, сабақтас құрмалас сөйлемдер, аралас құрмалас сөйлемдер түрлері кездесетіндігіне көзжеткіздік. Бұл тақырып алдағы зерттеуімізге нысан болатындығы анық.

Бүгінде әлемдік саясат өркениетті адамзат пен дамыған мемлекеттер ықпалымен біртіндеп ізгіленіп, гуманизацияланып келеді. Сондай-ақ адамдарды ұлтына, нәсіліне, тегіне қарамастан жаһандық мәселелерді бірігіп шешуді мақсат етеді. Кезінде М.Шоқай армандаған мәселе де осы еді. Өз елінің бостандығы мен теңдігі мәселесін ешуақытта өз қаламынан түсірмеген Алаш қайраткерінің мұрасы әлі де жан-жақты зерттеуді қажет ететіндігі шындық.

#### ***Әдебиеттер:***

1. Бөрібаева С.Б. «Қазақ тілінде дипломатиялық және мемлекеттік құжаттарды рәсімдеу». – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 321 б.

2. Баландина Л.А., Кураченко Г.Ф. «Язык дипломатии: традиции и современность». [www.lingexpert.ru/conference/langlaw1/langdiplomat.html//15.11.2011](http://www.lingexpert.ru/conference/langlaw1/langdiplomat.html//15.11.2011).

3. Попов В.И. «Умение владеть дипломатическим языком» <http://radiokiller.blogspot.com/2011/05/blog-posthtml>. [11.05.2011].

4. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. Бірінші том. Жинаққа кіріспе. Күреспен өткен ғұмыр. – А., 2012. – 422 б.

5. Шоқай М. Таңдамалы шығармалар: Үш томдық. 2-т. – Алматы: «Қайнар» баспасы. – 2007. - 392 (338).

## **М.ШОҚАЙДЫҢ «ЯШ ТҮРКІСТАН» ЖУРНАЛЫНДАҒЫ СЫНИ ЖӘНЕ ТАЛДАМА МАҚАЛАЛАРЫ**

### **Абасилов А.М.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты

Қайдан шықтық, қайда барамыз... деген дүниелік сұрақтың жауабын әрбір саналы адам, жекелеген ұжым, тұтас бір халық, бүкіл ел өздерінше пайымдап жауабын тауып, жоспарын құрып мақсатын айқындайды. Біз де тәуелсіз ел болғалы осыны жан-жақты қарастырып, тарихымызды түгендеп, бағдарымызды айқындаумен келеміз. Бүгінге дейін аз жұмыс жасалған жоқ. Солардың бірі - Алаш зиялыларының атын атап, түрін түстеп, еңбектерін зерттеп, арман-мақсаттарын түсініп, қалдырған аманаттарын орындауға бет

бұруымыз, ұлттық мүддедегі істерімізге үлгі етуіміз. Десек те кейде ақылгөйлік пен мен білемге салып кейбіріне атүсті қарап, маңыздылығына терең бойламай немесе бойлағымыз келмей, түсіне алмай, түсінсек те түсіндіре алмай жүрген тұлғаларымыздың бірі – Мұстафа Шоқай. М.Шоқай туралы, оның өмірі мен қызметі, ұстанымдары мен бағытын көрсететін еңбектері жайлы зерттеулер баршылық. Бірақ бұл тым аз. Олай дейтініміз әлі де болса көпшілік М.Шоқайды «Кеңестер қол астындағы Түркістан» атты еңбегі төңірегінде ғана біледі. Негізінде ол осы еңбегінен бөлек өз өмірінде тоғыз тілді меңгеріп, сол тоғыз тілде шамамен мыңға тарта мақала жазып, ұлан-ғайыр мұра қалдырған. Біз осы шағын мақаламызда «Яш Түркістан» журналында әр жылдарда жарық көрген 7 сыни және талдамалы мақаласынның мән-маңызы мен ондағы айтылған пікірлер мен көзқарастарға тоқталып, оларды бүгінгі күн тұрғысынан талдау жасауға талпындық.

М.Шоқайдың **«Он жеті қабат жер астында қалғыр бір жарамсыз қылық жайында»** атты мақаласы «Яш Түркістан» журналының» 63-санында 1935 жылы жарық көрген. Мақала тақырыбы – башқұрт Заки бектің 1934 жылдың ортасына таман Ыстамбулда басылып шыққан «17 құм алты шаһары және Садири Махсуди бек» немесе «Түркістан билігі» атты кітабында жазылған кейбір мәселелерге қатысты өзінің пікірін білдіру.

Автор осы мақаланың жазылу себебін оқырмандарына былайша түсіндіреді: «Егер Зәки бек бұл кітапшасын «Түркістан билігі» деп атпен шығармағанда, жалпы Ресей түріктерінің ұлттық қозғалысын қозғамағанда, мен өз жөніммен кете барған болар едім. Аталған мәселелердің Зәки бекше қойылуы, ол туралы өз пікірімізді білдіруге бізді міндеттеп отыр». Одан әрі Зәки бектің бұл кітапшаны неге шығарғанын, онда сөз болған жайттар нені аңғартатыны, басты қателіктің не екендігіне талдау жасайды. Заки бек 1917 жылғы төңкерістің алғашқы кезеңіндегі ұлттық қозғалысқа қатысушылардың, әсіресе татар қоғам қайраткерлерінің «қателіктері мен кінәларын» кітабына арқау еткенін, сол кездегі сөйленген сөздер мен істелген істерге жеке бастың дау-дамайларын араластыруы дұрыс емес деп сынай айтады. Мақалада бұл жөнінде: «Өкінішке орай, біздердің әлі де бұрынғыша пікір өзгешеліктеріміз, пікірталастарымыз бар. Олардың біразы жеке басқа қатысты нәрселерге жалпылық, халықтық сипат беруге ұрынушылық қылмысқа парапар болар еді. Мен мұны Түркия баспасөзіне шығарып, үкіметті жақтаушылар мен оған қарсы оппозиция түрінде көрсетуге тырысушылықты аса ауыр қателі деп есептеймін. Түрік басылымдарын қажет кезінде алдына барып жүгініп отыратын төреші ретінде көргеніміз абзал болар еді. Амао қанша, эки бек мұндай маңызды кеңеске құлақ аспайды және құлақ асқысы да келмейді», - деген қорытынды жасалады.

М.Шоқай осы мақаласында сол тұстағы қоғам қайраткерлерінің арман-мақсаттарының бір болуына қарамастан ар алуан пікірде, әртүрлі көзқараста,

түрлі ағымда болғанын, неден қателескендерін ашып жазады. «1917 жылғы төңкерістің бас кезінде біз бәріміз де федералист, унитарист тәрізді ағымдардың ықпалында болдық. Бәріміз түгел берілген осы көзқарастар біздің орыс демократиясына шамадан тыс сенуімізден туған еді. Ресейдің төңкерісшіл демократиясына деген сенімнен туған федералистер мен унитаристер арасындағы пікір айырмашылығын оның біреуін империяға дос, ал екіншісін жау етіп көрсету жолымен түсіндіруге болмайды. Мұның екеуі де түрік тектестердің сол тұстағы жағдайына байланысты туылған көзқарастар. Егер біз түркістандықтар (бұрынғы Түркістан уәлаятын айтып отырмын), 1917 жылдың басында-ақ ұлттық тәуелсіздік бағдарламасын ортаға қойсақ, оған халқымыз ішінен қарсылық шықпасына мен шүбәланбаймын. Бірақ біз бірден ол жолға түсіп ете алмадық. Өйткені, біріншіден, жоғарыда айтқанымдай Ресейдің төңкерісшіл демократиясына сеніміміз күшті болды. Екіншіден, өз күшімізге сене алмадық. Өз мемлекетімізді құрып жүргізіп кете алуға көзіміз жетпеді. Ресей аумағында қала отырып, атамекеніміздің ішкі істерін өзі басқаруына шақ келетін құрылым іздедік. Федерацияны жөн көрдік». Көріп отырғанымыздай бұл мақала Зәки бектің жаман әдет, ерсі қылықтарына арналғанымен, онда сол тұстағы тарихи оқиғаларға шолу жасалып, баға беріледі.

М.Шоқайдың біз қарастырып отырған екінші мақаласы «**Поляк басылымдарының үні**» деген атпен 1935 жылы «Яш Түркістан» журналының 71-санында жарық көрген. Оның негізгі тақырыбы - Варшавада шығатын «Восход» журналында жарияланған пан Бончковскийдің «Замана мәселесі» атты бас мақаласында айтылғандарды талдау, оның маңызы мен мәнін түсіндіру.

Автор мақаланың кіріспесінде Польшаның Шығыс Еуропадағы өзіндік рөліне тоқталады. Поляк халқының ауызбірлігінің мықтылығына, басшыларының табандылығы мен қаһармандылығына шолу жасайды. Ол поляк халқының осы ерлігін былай суреттеп жазады: «Ресейдің тарихи бәсеелесі Польша бір кездері Пруссия, Австрия және Ресей одағына қарсы келіп, жеңіліс тапқан еді. Осы үш ел жеңілген Польшаны үшке бөліп алған болаты. Польша халқы үшке бөлініп қалғанына қарамастан, өінің ішкі бірлігін жоғалтпады. Елдігін ұмытпады. Дүниежүзілік соғыстан соң сол тәуелсіздігіне қайтадан ие болып, аз ғана уақыт ішінде әлем елдерінің арасында зор құрметке бөленді».

Ал поляк халқының ұлттық мақтанышы Иозеф Пильсудийдің: «Коминтеринді асырап, оған ашықтан-ашық қолдау көрсетіп, дүние төңкерісін жасамақ болып отырған Кеңес үкіметінің бізге мұндай талап қоюға хақысы жоқ» деген сөзін мысалға келтіре отырып: «Ресей тепкісіндегі халықтар арасында онымен дәл осылайша сөйлескен жалғыз Польша ғана еді» деп үлкен баға береді. Автор сондай-ақ поляктардың өзге халықтарға қамқорлығы мен жанашырлығы туралы: «Поляктар – «өзім құтылдым,

өзгелер не болса, ол болсын» деп әсте ойламайтын, адамгершілігіне қаһармандығы сай ғажайып халық», - деп зор құрмет көрсетеді.

М.Шоқай мақаласында пан Бончковскийдің жазғандарынан үзінді келтіре отырып, сол тұстағы қызыл Ресейдің отарлаушылық саясатын әшкерелейді. Шығыс Еуропа, оның ішінде Кеңестер Одағы қол астындағы халықтардың азаттық үшін құрылған «Прометейқозғалысы» туралы, оған енген елдер жөнінде мәлімет береді. Бұл қозғалысқа көмек көрсету, қолдау жасау керектігі жөніндегі пан Бончковскийдің ойларын ортаға салады. Мақала соңында: «Жаңылмасак, осы күнге дейін дүниенің ешбір жерінде, ешбір мемлекетте Сәскеу имперализіміне қарсы күресуші халықтар мәселесі дәл осындай ашық та батыл қойылған емес» деген тұжырым жасайды.

**«Бауырлас және майдандас баспасөз беттерінде»** атты Мұстафа Шоқайұлының бұл шағын мақаласы 1936 жылы «Яш Түркістан» журналының 84-санында шыққан. Жалпы мақала Еділ-Оралдың ұлттық тәуелсіздік ой-пікірін таратушы Аяз Исқақи бектің «Жаңа ұлттық жол» журналының 103-санында жарық көрген «Алғашқы қадамдар» мақаласы қозғаған мәселерлеге талдама жасайды.

Сол кездегі түркілердің ортақ идеясын ұстанушы Түркістан өкілдерінің Еділ-Оралдағы имигранттары мен Қиыр Шығыстағы түріктердің ұйымдастырған «Ұлттық байрақ» және «Ұлттық жол» журналдарының хал-жағдайы туралы жазған Аяз бектің мақаласына сілтеме жасай отырып, автор алыс-жақындағы бауырларымызға рух беретін, үлгі болатын осындай істерді дәріптеу мақсатын ұстанады.

«Ұлттық жол» журналының ғана емес, көптеген түркі жұртының баспасөздерінің жеке баспаханалары болмауы, оны шешу мәселесінің күн тәртібінен түспеуі - Аяз бектің мақаласының негізгі түйіні. Мұнда ол: «Ұлттық жол» өзінің о баста айқындап алған бағыт-бағдарынан жаңылмай 8 жыл қызмет етті. Алайда оның тиражын арттыруына, баспасын кеңейтуіне өзінің типографиясы болмауы кедергі келтірді. «Ұлттық жолдың» өз типографиясын құру зәрулігі көптен бері алдымызды орап келеді. Ол туралы әлденеше рет ықылас білдірдік те. Бірақ материалдық мүмкіндіктің тапшылығы, ал қолында бар кейбір адамдардың өз қара бастарын күйттеуден аса алмауы қол байлау болды», - деп жазады. Дегенмен осы қызметте жүрген Түркістан өкілдері тірнектеп жиған қаражаттарына ақыры өз баспаханаларын іске қосады.

Бұл - ұлт үшін жанын да, малын да қия алатын нағыз ұлтым деп соққан жүректердің ортақ жемісі. Мұстафа Шоқай осындай азаматтардың есімін дәріптеуде, әділ баға беріп, мадақтауда, рух беріп, қанаттандыруда ешқашан кідіріп қалған емес.

Осы мақаланың шығуымен сәйкес келген «Ұлттық байрақ» журналының бір жасқа толуына құттықтау мен құрметін, ниетін автор мақала соңында мынадай тілекпен аяқтайды: «Қиыр Шығыста тұратын Еділ-Орал түріктерінің органы ретінде шығып келе жатқан «Ұлттық байрақ»

газеті үстіміздегі айда бір жасқа толды. Ұлттық сана-сезімге ие әрбір түріктің махаббаты мен сүйіспеншілігіне бөленген әріптесімізді бір жасқа толуына орай шын жүректен құттықтаймыз».

Мұстафа Шоқай түркі бауырларына сондай іңкәрлікпен, көркем лебізін білдіру арқылы тарихи мәні бар үлкен дерек қалдырып отырған. Екінші жағынан, саясатты жүргізуде, Түркістан халқын қайта құрып, әлемді дүр сілкіндіруде, өзінің және бауырларының позициясын айқын көрсетуде ең абзал құрал баспасөз екенін о бастан түсінген Мұстафа бұл мәселеге қатты көңіл бөліп баспасөз беттерінде майдандас, бауырлас ұлттардың ой-пікірлерінің еркін шығуына тілекші әрі қызметтес болған.

М.Шоқайдың «**Жауларымыз біз туралы не айтады?**» «атты саяси маңызы зор мақаласы 1937 жылы «Яш Түркістан» журналының 87-санында жарық көрген. Мақала Түркістан Ұлттық Кеңестік Республикаларының басшыларына және Мұстафа Шоқайға жабылған жалаға жауап ретінде жазылған. Мәскеуде Кеңестердің 8-төтенше Құрылтайында Файзолла Қожа, Исаұлы Ораз, Атабайұлы Қайғысыз, Рахымбайұлы Ғабдолла, Исақайұлы және Рысқұлұлы Тұрар да Түркістан жағдайын, ондағы ұлтшылдықтың жойылғандығы туралы, лениндік-сталиндік интернационалдың жеңісі мен Кеңес халықтарының өзара туыстығы қамтамасыз етілу бағытындағы табыстарды колхозшыларға, жұмысшыларға, «Стахановшы» кадрларға жұмсайтындығын, міндетке алатындығын жарыса мәлімдеген болатын.

Автор мақала кіріспесін жалпы Түркістандықтар адресіне айтылған уәж бен айыптаулардың себебін түсіндіруге арнайды. Мақалада: «Большевик шешендердің айтқандарын тыңдасаңыз, біз – ұлттық майдан күрескерлері – босқа арамтер болып жүрген сияқтымыз. Мемлекетіміз ішінде біз үміт артатын ештеңе қалмаған тәрізді... Сол себепті атамекен, ұлт туралы бас қатыруды доғарып, өзіміздің қара басымыздың қамын күйттеуіміз тиіс көрінеді. Алайда көп уақыт өтпей-ақ, әлгі қызыл батырлардың арынды сөздерінің ызыңы құлағымыздан кетпей жатып, біздер мүлде басқа шындықпен, Мәскеудегі құрылтайда Түркістан Ұлттық Республикалары басшыларының айтқандарына бүтіндей сәйкес келмейтін шындықпен бетпе-бет келіп тұрмыз», - деп жазады.

Осы ретте автор аталмыш пайда болған өзге ақиқаттың эпицентрін «Казахстанская правда» газетінің 1936 жылғы 30 желтоқсан күнгі санынан табады. Бұл Ілияс Қабылұлының «Қазақ ұлтшылдығын нысана етейік!» атты мақаласы екен. Мұстафа Шоқайұлы бұл жөнінде: «Осы мақаланы оқып шықсаңыз, Алматы, Ташкент, Ашхабадтан Мәскеудегі құрылтайға қатысып сөйлегендердің суайттығына анық көз жеткізесіз. Ілияс Қабылұлы үлкен шындықтың бір кішкене шетін ғана көрсетіп алған. Оның жазғандарына қарағанда, жоспарлардың орындалғаны ылғи өтірік көрінеді. Сталиндік негізгі заңның бекітілгеніне орай, халықтың «шат-шадыман» болғаны да жалған екен. Сталиндік негізгі заң жобасы талқыға түскен кезде, оған Түркістан ұлтшылдары тарапынан сұрапыл қарсылық көрсетілгенін де біз



осы Ілиястың мақаласынан аңғардық... Енді осылардың бәрін істеп жүрген кімдер деген сұрауға келейік». Ілиястың мақаласындағы «Сталиндік негізгі заңға қарсы насихат жүргізіп жүргендер кімдер?», «Стахановшыл жұмысшылар мен колхозшыларға қарсы жұртты айдап салып отырған қандай күш?», «Осылардың бәріне кімдер, қандай адамдар, қандай ұйымдар басшылық жасап отыр?» деген сұрақтардың жауабы – «Шоқайұлының фашистері». Автор бұл жаланың өзіндік себебі бар екендігін толлеранттылықпен қабылдап, көркем түрде былай жауап береді: «Шоқай фашистері» - большевиктік орыс империализмінің өз жауларына беріп отырған жаңа бір есімі». Ілияс Кеңес Үкіметінің ішкі (алашордашылар мен қазақ ұлтшылдары) және сыртқы (троцкийлер, империалистер, ұлттық тұрақсыз элементтер) жауларын Мұстафамен одақтас етіп, «шпиондар», «шоқайшыл фашистер», «зиянкестер» деп айыптайды.

Мұстафаның ерекше тұлғалық қасиеттерінің бірі – айыптаушының да пікірін, сөзін құрметтеу. Мақалада бұл былай көрініс алған: «Ілияс Қабылұлының ел ішінде жүріп жатқан ұлттық күресті біздің атымызбен – «Шоқай фашистерімен» - байланыстырғаны, бәрінен бұрын біздің атамекеніміздегі бауырларымыздан айырылып қалмағанымызды, олардың ішкі байланысымыздың күшті екенін тағы бір дәлелдейді».

Мұндай айыптаулар мен жалаларды өз қаперінен тыс қалдыратын Мұстафа Шоқай мұны бір ауыз сөзбен: «Әдейі құрастырылған арзан қолды дүние», - деп жазады. Мақала соңында автор «жауларының» осылай «шоқайшыл-фашистік» деп жала жапсыруы оның және майдандас бауырларының істері текке кетпегенін және Түркістандықтардың бірлігін нығайтатұғын фактор есебінде санауға болады.

**«Жауларымыз біздің қызметтеріміз туралы не айтады?»** атты Мұстафа Шоқайдың бұл мақаласы «Яш Түркістан» журналының 88-санында 1937 жылы жарық көрген. Мұнда ол журналдың өтен 87-санында жарыланған тақырыпқа қайта оралып отырғанын айтады.

Автор Түркістан тәуелсіздігі идеясына қарсы айтылған қандай да бір сөз, пікірлерді ешуақытта назардан тыс қалдырмайды, оған міндетті түрде аса мәдениеттіліпен, саяси сауаттылықпен жауап қайырып, талдау жасайды. Бұл мақаласында да Кеңес большевиктерінің ақпарат құралдары мен Мәскеу баспасөзіндегі Түркістанның ұлт азаттығы қозғалысына жасалған бірнеше «шабуылына» тойтарыс беріп, большевиктік насихаттың қитұрқы, жалған сиқын сынға алады. Мақалаға Ілияс Қабылұлының «Социалды Қазақстан» газетінің 1937 жылғы 12 қаңтарында жарық көрген мақаласы және Қазақстан оқу-ағарту комиссары Темірбек Жүргенұлының «Казастанская правданың» 1937 жылғы 11 қаңтардағы санында жарияланған мақаласы мен газеттің осы санындағы бас мақаласы арқау болған. Сондай-ақ мақалада 1937 жылдың 15 ақпанда «Большевикте» жарық көрген Мирзоянның мақаласы да талданған.

Аталмыш мақалалардың жалпы тақырыбы, мақсаты мен мазмұны туралы автор: «Түрістанның ұлт азаттығы қозғалысы төңірегіндегі біздің іс-қимылдарымызды большеветік баспасөз ешқашан назардан тыс қалдырған емес. Олардың біз туралы жазғандары өзінің «мінез-құлқы» жағынан бір-біріне ұқсас болып келеді», - дейді. Әр уақытта қарсы пікірді де қабылдап, құлақ асатын Мұстафа Шоқай бұл жолы да олардың «фашистер», «троцкийшіл қанқұмар элементтер» деген үйреншіті айдарлардан басқа, оларға жаңадан қосылған «оңбаған», «қара ниет», «ит» секілді эпитеттік былапыт сөздерден тұратын әдепсіздік пен дөрекіліктерін сынға алады. Мұндай сөздерді ол: «Бұлардың бәрі, әрине, большевиктік әдеби тілдің табыстары саналады», - деп санайды.

Автор өзінің бұрынғы позициясынан бір сәтке де ауытқымай, әрбір қарсы айтылған уәж бен ойдан, жала мен өтіріктің өзінен азаттыққа ұмтылған ұлттық идеяны жүзеге асыру жолындағы еңбегінің жемісін көріп, сенімін нығайтады және оны оқырмандары мен жақтастарына мақтанышпен жеткізеді. Бұл туралы: «Большевиктердің өз жауларына тағып келген ат пен айдарына жаңа күшейткіш сөздер қосуына қарап, біз өзіміз өкілдік ететін "Яш Түркістан» арқылы таратып келе жатқан ұлттық идеяларымыздан қызыл Мәскеудің зәре құты қашып отырғанын анық байқаймыз», - деп жазады.

Бұл мақаланың саяси және тарихи маңыздылығы мынада: біріншіден, мұнда Кеңестік жүйенің ұлтшылдықпен күресуде ойлап тапқан әдісінің саясыздығы, оның басым көпшілігінің жалған ақпараттарға негізделуі өткір сынға алынады. Айталық, жоғарыда аты аталған мақала авторларының баспасөз беттеріндегі қисынсыз мәліметтері туралы Мұстафа Шоқайұлы былай деп жазады: «Мектеп бағдарламасы орындалмай жатса, мұғалімдер Мәскеу тарапынан жүктелген міндеттерінің үдесінен шықпаса, осының бәріне біз жауапты екенбіз. Бір жерде әлдебір мектеп салусыз қалса, оған да «Яш Түркістан» тарапынан бұйрық беріліп қойған көрінеді. Біз «Яш Түркістан» беттерінде театр директорлары мен әріптестерді өнерге қарсы күреске шақыратын көрінеміз. Темірбек Жүргенұлының жазуына қарағанда, Мұстафа Шоқайұлының жақтасы, Қазақстан театрының директоры Дінмұхамет Әділұлының істемеген жамандығы қалмаған. Сол себепті де ол атылған».

Екіншіден, автор олардың кейбір айтқан мәліметтерінің дұрыс екендігін де оқырмандарына жасырмай береді. Бұл орайда ол: «Мәселен, біздің «Түркістанды Кеңестер Одағынан бөліп алмақ болатынымыз рас. Оның солай екендігіне күмән жоқ. Бірақ осыған тіркеп айтылатын «Түркістанды Жапонияның Манжу Госына айналдыруды көздейді» дегендері шылғи өтірік. Біз, әрине, өзіміздің атамекеніміз Түркістанды кеңестік Ресейден де, басқа Ресейден де біржлола бөліп алуды мақсат етеміз. Бұл – біздің ұлттық мұратымыз, ұлттық арман-мүддеміз. Біз тек осы идея ғана үшін қызмет етеміз. Атамекеніміздің ішіндегі және сыртындағы барлық ұлттық

күштерімізді осы идея төңірегіне топтастыруға барынша тырысамыз», - деп жазады.

Мақалада сондай-ақ Мирзоянның: «Бүгінгі кеңестік Түркістан – бір ғана түрік ұлтына тән Түркістан тұрғындарын ұлыстарға бөлшектеудің нәтижесі ғана», - деп сынап айтқан сөзін шындығында дұрыс айтылған сөз деп қабылдау керек дейді. Өйткені автор үшін түрік бірлігі, түркі халқының азаттығы ең басты мәселе. Ол осы мақаласында «...бізге, Түрістан түріктеріне, өз бірлігіміз - түрік бірлігі бәрінен қымбат», - деген тарих да саяси да мәні бар тұжырым айтады.

**«Кеңестік Түркістан газеттерінде (Бізге және жалпы Түркістан ұлттық қозғалысына қарсы жазылған мақалалардан үзінділер)»** атты мақала 1937 жылы «Яш Түркістан» журналының 89-санында жарияланған. Бұл мақала аты айтып тұрғандай Кеңестік Түрістандағы, яғни Қазақстан мен Түркіменстанның баспасөздеріндегі жалпы Түркістан ұлттық қозғалысы мен оның көшбасшысы М.Шоқайға қарсы жазылған мақалалар турасында.

Мақалада автор алдымен қазақстандық баспасөздегі материалдарға тоқталады. Мұнда ол Қазақстан Компартиясы насихат бөлімінің меңгерушісі Илияс Қабылұлының «Казахстанская правда» газетінің 1937 жылдың 18 ақпанындағы санында жарық көрген «Боевая задача казахских большевиков» деген мақаласындағы және осы газеттің 1937 жылғы 24 ақпан күнгі санындағы бас мақаладағы жазылған жайттарға тоқталады. Бұл мақалалардың екеуінде де бір мәселені, яғни М.Шоқайұлының арнайы жіберген агенттері Кеңестік Қазақстанды ұлы Одақтан бөліп алып, жапон империализмне қосуды армандайды, панислам мен пантүркизмнің фашистік идеяларын насихаттайды дегенді айтады. Олардың мақалаларынан үзінді келтіреді. Мақалада аты аталған «агенттер» Бекарыстанов, Келмансон, Ғабдолла, Нұртай, Наурызбайұлы дегендер ойдан шығарылған, өзіне мүлдем таныс емес адамдар екенін жазады. Солардың ішінде өзімен қосақтала айтылған Пятаков дегенге: «Пятаков – осыдан бірнеше ай бұрын «троцкийшілдікпен айыпталып, атылып кеткен большевик көсемдерінің бірі», - деп сілтеме жасайды. Оларға мынадай жауап қайтарады: «Қабылұлы Илияс және сол тәрізді басқа да сатқындарға мына бір нәрсені қайталап ескерткіміз келеді. Түркістан ұлтшылдарының ой-пікірін таратушы «Яш Түркістанның» мақсаты – тек Қазақстанды ғана емес, күллі Түркістанды Ресейден бөліп алып, тәуелсіз Түркістан Түрік мемлекетін құру».

Аталмыш мақаланың екінші бөлігі Түркіменстанда «Туркменстанская Искра» газетінің 1937 жылғы 26 ақпанындағы санында жарық көрген Түркіменстан үкіметі бастығының орынбасары Құрбан Сағитұлының «Халық жаулары – керітөңкерісшіл ұлтшылдардың көзін құртайық» атты мақаласын талдауға арналған. Мұнда мақалада сөз болған үш түрлі фактіге назар аударып, талау жасайды, үзіндісін келтіреді.

Оның біріншісі Түркіменстанда біраз жыл бұрын ГПУ тарапынан әшкереленген «Түркімен азаттығы» деп аталатын бір астыртын ұйымның іс-

әрекеті жайында. Мұнда ұйым мүшелері Шамұратұлы мен Болат Атаұлы деген кісілердің айтқан сөздерінен қазақша және орысша үзінді келтіріледі. Талданған екінші факті бір-бірімен сабақтас. Ол ұлттық қозғалыстың Түркіменстандағы қазіргі жағдайы, яғни астыртын студенттік ұйымның бар екендігі, Құдайберген деген бір студенттің Троцкийдің «1905 жыл» атты кітабын Ленин шығармаларының арасына тілдірмей тігіп қоюы және «Марксизм классиктерінен қандай шығармалар оқыдыңыз» деген сұраққа әлгі студент «Адольф Гитлердің «Менің күресім» деген кітабын оқығанын айтқан. Шоқай бұл туралы: «Күллі Кеңестер Одағында жалғыз түркістандық жігіт большевиктерден тайсалмай тұрып Гитлердің «Менің күресімін» оқыдым дегені – тым ерекше батылдық екенін атап айтуға тиіспіз», - дей келе Түркістанның және түріктердің жарқын болашағы осындай арыстан жүректі жас буынның қолында деген тұжырым жасайды.

**«Көзін ашпай, аузын ашқан** (Украиндық Ковальскийдің «Теризов» журналында жарияланған бір мақаласына орай)» атты мақала «Яш Түркістан» журналының 1939 жылғы 115- санында жарық көрген. Бұл - М.Шоқайдың саяси сауатсыздыққа немесе әдейі арандатушылыққа ашына отырып жазған мақалаларының бірі. Автор: «...кейде бір бақытсыз кездейсоқтықтар нәтижесінде өз бойларына шақ келмейтін «саяси тұлға» рөлін ойнап жүрген жеке адамдардың көзге ұрып тұрған оғаш қылықтарын көрмегенсіп, білмегенсіп келе жатырмыз. Өкінішке орай, мұндай бой көрсетулерге кейде көз жұма беруге болмайтын, оларды өз орындарына қоюға мәжбүр болатын кездерің де болады», - дей келе: «Украина азаматы Ковальскийдің Украинаның ресми ұлттық пікірін таратушы орган «Теризов» журналында (10-14 сан. 1939. 04.09) жариялаған мақаласы сондай бой көрсетулердің бірінен саналады», - деп жазады.

Ковальский аталған журналдағы «Своім Шляхом» атты мақаласында Украина аумағына Кавазия, Закавказия, Түркістан, Сібірия және шығыстағы отарларымызды жатқызамыз деген жөн-жосықсыз сөздеріне талдау жасайды. Оның осылайша айтуының саяси астары мен сұрқиялығына түрістандықтардың, сондай-ақ ураин достардың назарын аудартып, көзін жетізуге тырысады: «Мұхият зейін қойып қарасаңыз, Украина орталығының ресми басылымында шығып отырған Ковальский мырза «Украина отарлары» дегенде Украинаның сыртында тұрып жатқан диаспорасын айтып отырған жоқ. Өйткені Украина диаспорасы Франция, Алмания қатарлы әлемнің бірқатар елдеріне жайылған. Әңгіме – жер (территория) жөнінде болып отыр. Мәселен, ол «біздің Шығыс өлелеріміз» деп Әзірбайжан мен Түркістандағы диаспорасын меңзеп отырған жоқ, Әзірбайжан мен Түркістанның жерін айтып отыр». Мұндай арам пиғылға қатты кіна арта отырып, былай деп батыл жауап қайтарады, өз сөзімін айтқанда «өз орнына қоюға мәжбүр» болады. Ол: «Біздің күресіміздің түп мағынасы – жер үшін күрес. Түркістанның ұлтарактай жері де ешкімнің отары болуға тиіс емес. Егер овальский мырза және сол сияқты ой-пікірде жүрген басқа да мырзалар

Түркістанды Украинаның отары деп есептейтін болса – ауыр қателеседі», - деп қатаң ескертеді. Мұндай ковальскийсымақ арандатушылар қатарына бүгінгі жындыкеш Жироновсийді айтуға болады. Оны да өз орнына қоюдың уақыты туған сияқты. Оған да сол М.Шоқай атамыз айтқандай «көзін ашпай, аузын ашқан» арамтамақ, халық айтқандай «су ішкен құдығыңа түкірме» деп жөнге салудың күні келді.

***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. М.Шоқай Таңдамалы шығармалар үш томдық. 2том, Алматы «Қайнар» 2007ж, 63 бет.
2. М.Шоқай Таңдамалы шығармалар үш томдық. 2том, Алматы «Қайнар» 2007ж, 116 бет.
3. М.Шоқай Таңдамалы шығармалар үш томдық. 2том, Алматы «Қайнар» 2007ж, 197 бет.
4. М.Шоқай Таңдамалы шығармалар үш томдық. 2том, Алматы «Қайнар» 2007ж, 218 бет.
5. М.Шоқай Таңдамалы шығармалар үш томдық. 2том, Алматы «Қайнар» 2007ж, 225 бет.
6. М.Шоқай Таңдамалы шығармалар үш томдық. 2том, Алматы «Қайнар» 2007ж, 236 бет.
7. М.Шоқай Таңдамалы шығармалар үш томдық. 2том, Алматы «Қайнар» 2007ж, 364 бет.

**МУСТАФА ШОҚАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ СТИЛЬДІК  
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Боранбай Б. Е.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты

«Стиль» ұғымы (жазу құралы, стило, стилос, стилус – лат. *Stilus* *6* *stylos*) – балауыз жағылған тақтайшаға жазу үшін қолданылған мыс таяқшаның үшкір ұшы. Екінші ұшы өшіргіш ретінде қолдану үшін доғал етіп жасалған. Яғни о бастағы мағынасы «жазу құралы» деген ұғымды білдірген. Қазіргі танымда пікір алмасу, жүріс-тұрыс және ойлау жүйесі ерекшеліктерін сипаттайтын өмір сүру және әрекетінің формасы, киіну және өзін-өзі ұстау мәнері, жұмыс істеу әдістері мен тәсілдері дегенді білдіреді. Сонымен қатар суреткердің, белгілі бір кезеңнің бағыттары мен мәнерін сипаттайтын белгілер жиынтығы.

Тіл мәселесіне келгенде, тілдік құралдарды пайдалану тәсілдерінің жиынтығын білдіреді. Біз олармен функциолнальдық стильдер деген ұғымдар арқылы білеміз. Әрбір сауаттымын деген азамат ауызекі сөйлеу

стилі, көркем әдебиет стилі, ғылыми стиль, ресми және іс қағаздары стилі, публицистикалық стиль деген ұғымдармен таныс, сонымен қатар мәтіннен оның қай стильге жататынын оның лексикасы, құрылымы жағынан айыра алады.

Мұстафа Шоқай турасында жазылған мақалаларды қарап отырсаңыз, оның өмірбаянына, саяси қызметіне қатысты дүниелер баршылық екенін көруге болады. Публицистикасы турасында да біршама дүниелер бар. Ал оның стилі, тілі жөнінде зерттеулер атымен жоқ деуге болады. Шоқайға келгенде тілдің қатысы қанша деген сұрақ туындауы мүмкін.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде Қорқыттану орталығы ашылғанда Мұстафа Шоқайдың дауысы жазылған ұнтаспаны ойнатып қойыпты. Жиналған жұрттың Мұстафа атамиздың дауысын не себепті тыңдап тұрғанын білмедім, мені ондағы дауысының ырғағы (интонациясы), әуезі (акцентуациясы), қолданған сөздері (лексикасы), тұрақты тіркестері (фразеологизмдер), сөйлемінің құрылымы (структурасы) елең еткізді. Аспирантурада оқып жүргенде М.Ломоносовтың «Грамматикасы» қолыма түскені бар. Қазіргі орыс тілі мен Ломоносов заманындағы орыс тілінің арасында жер мен көктей айырмашылық барын байқадым. Елбасымыз – ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай.

Бірақ, ұлттық кодымды сақтаймын деп бойындағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, жегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық.

Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды.

Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды.

Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы.

Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ерте заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын.» деп, өткеннен ұлтымыздың ерек қасиеттерін алуды үндеген еді.

Жоғарыда аталған мақалада бірінші міндет етіп қазақ жазуын 2025 жылға дейін кирилден латын әліпбиіне толығымен көшіруді қойғаны баршамызға мәлім. Әліпби түзгенде өткенімізге көз жүгірткеніміз абзал деп ойлаймыз. Тіл әуезін қалпына келтіру арқылы ғана біз жазу мен сөйлеу

арасындағы алшақтықты, 40-жылдардан бері белең алған «тілбұзарлықты» тыя аламыз, ұлттық кодымыздың ең бірінші көрсеткіші – тілді таза қалпына қайта келтіреміз. Шоқай сөйлеген таза қалпына келтіреміз.

Мұстафа атамыз айтады: «Адамзат шығармашылығының барлық түрлерінің ішінде әдебиет бәрінен бұрын бостандыққа мұқтаж» деп. Олай болса, сол әдебиетті жарыққа шығаратын тілге де бостандық қажет. Қазіргі таңда қазақ тілі кезінде Ахаң айтқандай «ит деп жазып, шошқа деп оқитын» орыс, ағылшын тілдерінің қалпына түсіп келе жатқанын көріп, атамыз сөзінің ұлылығына тәнті боласың. Мұстафа атамыздың «Әдеби шығармашылық – адамзат рухының ең жоғарғы нүктесі» деген де қанатты сөзі бар.

Белгілі түркітанушылар Радлов пен Самойловичтің студент кезінде-ақ Шоқайды халқының әдебиеті мен мәдениетін терең білетін тұлға ретінде бағалағаны бекер болмаса керек. «Сұраққа жауапты неге көп ойланып бересіз?» деген шәкірттеріне Батыр атамыз Бауыржан Момышұлы «Сіз берген сұрақты ана тіліме аударып, өз тілімде қорытып, сонан соң орыс тіліне аударып жауап беремін» дегенінде үлкен мән болса керек. Қазақ тілінде болсын, орыс тілінде болсын, француз, неміс, ағылшын тілдерінде болсын шешен сөйлегені, айтысқаны оның өз топырағында алғанына байланысты екені оның мақалаларында стилінен көрініп тұрады. Қай тілде болмасын қазақтың үні шығып тұрады, ұлы дала баласының рухы көрінеді.

Ортасы оны ақынжанды етіп өсірді. Кеңес үкіметі орнағанда қазақтың 98 пайызы сауатсыз болған деп оқытты кезінде, ондай сарын қазіргі кезде белең алып қалады. Шын мәнінде Мұстафа өскен орта сауатсыз болған емес. Он алтысында тұрмысқа шыққан менің әжем, Мұстафаның қарындасы құранды да ақтаратын, төте жазуды да, латын һарпіндегі жазуды да, кирилл жазуын да еркін оқитын. Бірді-екілі адам болмаса ауыл сауатты болатын деп отыратын. «Қақажанға», Секірген лақ көрдім тау басында» деген өлеңдері барын шоқайтанудың негізін салушылардың бірі, бірі емес-ау бірегейі Көшім Есмағамбетов өз мақаласында айтып кетіпті.

Таспаға жазылған атамыздың даусынан не байқадың дегенде ең бірінші назар аударатын мәселе – әуезі. Түркі тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің ең басты тірегі, ол – сингармонизм заңы. Сингармонизмнің мәні – сөз бірыңғай жуан не жіңішке, еріндік не езулік үндесіммен айтылады, екпін сөздің соңғы буынына түседі, фразалық екпін шешуші рөл атқарады, яки тіркес құрамындағы сөздер бір айтылады (сары қыз – сарғыз). Сонда ғана сіз сөйлеген сөз әуезді болады, құлаққа жағымды естіледі, тыңдаушыны жалықтырмайды, керісінше еліктіре түседі. Мұстафа Шоқайдың үніне құлақ түрсеңіз, осы заңдылықтың сақталуында қандай мән барын, қандай құдірет барын түсінесіз, түйсінесіз.

Фонетикада сингармонизмнен бөлек дыбыстық құбылыстар деген ұғым бар. Сөз басында дыбыс неге жамалады (протеза: лақ – ылақ, Рүстем – Үрүстем), өзге тілді сөздерге соңынан неге дыбыс жамаймыз (эпитеза: танк

–тәңкі), сөз ішінде неге дыбыс түсіп қалады немесе әлсірейді (редукция: орын – орны), сөз ішіне неге дыбыс кірігеді (эпентеза: спектр – іспектір), тіркес жігіндегі қос дауыссыздың алдыңғысы немесе екіншісі түсіп қалады (элизия: сары өрік – сарөрүк; аферезис: не істеймін – нестеймін), кірме сөздердің құйрығын неге шолтитамыз (апакопа: газета – газет) деген сұрақтарға жауап береді осы құбылыстар. Міне, Шоқай даусынан мен осыны байқадым. Қазіргі кезде журналшының тілінен де осыны көре алмай қапа болатын кездеріміз бар, өкінішке орай.

Дауыс ырғағы (интонация) және екпін (акцентуация) деген ұғымдар да сөйлеу үдерісінде маңызды, стилистикалық тұрғыдан алғанда аса маңызды. Стилистика ойды жеткізуді мақсат тұтса, оны дәл, анық жеткізуде де осы екі мәселе де үлкен рөл атқарады. Сіз айтпақ болған ойға, сіздің позицияңызға, көзқарасыңызға, сізді тыңдаушыға қатысты дауыс ырғағы да, екпін де (тек сөз екпіні емес, сонымен қатар тіркес екпіні, ой екпіні, көңіл-күй екпіні де) құбылуы, аудиторияға сай болуы тиіс. Сонда ғана сізді тыңдайды, сонда ғана сіздің үніңізге тыңдар құлақ табылады. Елту, еліктіру міне осыларға да байланысты. Интонация мен екпіннің фонематикалық мәні (мағынаға әсер ететін қасиеті) бары оның стильдік құрал ретінде маңызы зор екенін көрсетеді. Шешеннің басты қасиеті де осы қырынан көрінеді емес пе.

Лексиканың (сөздік құрамның) мәні де жоғары. Тек әдеби шығармада ғана емес публицистикада, оның ішінде саяси тақырыпта сөзді дұрыс таңдау маңызды болып табылады. Атап айтқанда «Шайыр Абай», «Табиғатты есіктен қуып шығарсаң, ол терезеден қайтып кіреді», «Түркістан поэзиясының өркен жаюы ұлттық түйсіктің оянуымен тығыз байланысты. Большевиктер бұл әрекетті тұншықтыруға тырысуда. Алайда халықтық өмір сүруге құлшынысы барған сайын артып келеді. Түркістан өз тәуелсіздігі үшін ғана емес, сонымен бірге өзіне тән рухының жеңіліс таппауы үшін күресуде» дегендерінде сөздерді жай қолданып қоймайды, олардың метафоралық, эпитеттік сипаттары оның шығармаларының экспрессиясын арттыра түскен.

Стильдік қате ретінде біз мәтіндегі сөйлемдердің бір сипаттағы құрылымда болуын айтамыз. Оқушыны, тыңдаушыны жалықтыратын да себеп осы сөйлемдер жұтандығында жатса керек. Сөйлемнің дұрыс құрылуының тек көркемдік жағы ғана емес, сонымен қатар оқуға, тыңдауға жеңілдігі де маңызды. Шоқай шығармаларының жалықтырмайтыны сөйлемдерінің түсінікті, жұп-жұмыр болып келуінде болса керек. Жоғарыда келтірілген сөйлемдерінің баяндауыштарына қарасаңыз, осыған көз жеткізесіз. Мысалы: кіреді, тырысуда, арттыра түскен, т.т.

Батыс әлемі М.Шоқайды ірі саяси қайраткер ғана емес, түркітанушы ғалым ретінде қабылдайды. Сол себепті онымен жазысқан тұлғалар қатарынан француз ғалымы Поль Пельо (1878-1945), Париж университетінің (Сорбонна) профессоры Жан Дени (1870-1945), араб және парсы тілдерінің маманы Габриэль Ферран, Париж ұлттық кітапханасы Шығыс бөлімінің



менгерушісі Э.Блоше, Орта Азия мен Қазақстанда өткен ғасырдың 20-30 жылдары орын алған, одан бұрынғы дәуірлерге де қатысты оқиғалар туралы еңбектер авторы Ж.Кастанье, ағылшын шығыстанушысы, Кембридж университетінің профессоры Эдвард Браун (1862-1925), Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и-Рашиди» еңбегін өз түсіндірмелерімен ағылшын тіліне аударған Эдвард Денисон-Росс (1871-1940), «Коман халқы туралы» атты іргелі еңбектің авторы Йозеф Маркварттың (1864-1930), италиялық ғалым Э.Инсабота есімдерінің ұшырасуы заңды болатын.

М.Шоқайдың неміс ғалымдарымен ұзақ жылдар бойғы шығармашылық байланысын ерекше атаған жөн. Олардың ішінен, әсіресе, көрнекті неміс түркітанушысы Аннемари фон Габенмен (1901-1993) тығыз байланыста болып, оның қазақ тілі грамматикасын зерттеуіне көп көмек бергендігі – таңғаларлық жағдай. А. фон Габен көнетүркі ескерткіштерін, көктүріктердің мәдениеті мен дүниетанымын зерттеуге үлкен үлес қосады. Ол – «Түркі тіліндегі турфан мәтіндері» деген бестомдық монографияның, «Көнетүркі тілінің грамматикасы» деген еңбектің авторы. Сонымен бірге А. фон Габен жаңа замандағы қазақ этнографиясы мен лингвистикасына арналған бірнеше ғылыми мақалалар жазды. Неміс ғалымы Мұстафаны өмірден озғаннан кейін де ұстаз ретінде құрмет тұтып, үнемі еске алып отырды.

Ал Берлин университетінде қызмет істеген Иоханнес Бенцингті шын мәнінде Мұстафаның шәкірті деуге болады. Ол осы университеттің түркітану факультетін Мұстафаның жан-жақты көмегі арқасында бітіріп шығады. Берлин университетінде қазақ тілінен сабақ беретін дәрежеге жетеді. И.Бенцинг М.Шоқайды ұстазы ретінде және туған ағасындай сыйлайды. 1933 жылы ол «Мұстафа Шоқайұлы туралы жаңа өзбек әдебиетінде не жазылуда» деген мақала жариялайды. Жалпы ол қазақ тарихы мен әдебиетінің білгір маманы болады. Жазушы Х.Абдуллиннің сөзіне қарағанда, ол М.Жұмабаевтың өлеңдерін жарыққа шығарған. А. фон Габен де: «И.Бенцинг Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерін алғаш алман тілінде сөйлеткен, 1929 жылы бір томдық шығармаларын тәржімелеген» дейді. Аударма Германия мұрағаттарының бірінде сақталуы мүмкін. Ә.Қашаубаев Мұстафаның үйінде болған кезінде Мағжанның «Алыстағы бауырға» деген өлеңін қазақ, неміс, француз тілінде тыңдаған. Өлеңді Бенцингтен басқа біреудің аударуы мүмкін емес.

М.Шоқайдың Орталық Азия халықтарының ауыз және жазба әдебиетін терең білетіндігін оның Париждегі «Мұсылман әлеміне шолу» («Revue de monde musulmane») журналында жарық көрген аудармаларынан да байқаймыз.

Шоқай шығармашылығы туралы сөз еткенде, публицистикасы туралы біршама әріптестерім өз ойларын білдіріпті. Дегенмен шығармаларының тілдік жағы, тілдік табиғаты сияқты мәселелер әлі қолға алынбаған сияқты. Мақаламызда осы ауқымды мәселенің, Шоқай шығармалары тілінің

стильдік сипаты сынды мәселесінің бір ұштығын ғана қаузап қойдық. Ары қарай зерттелуі кезек күттірмейтін мәселелер баршылық.

Тілдің қаншалықты жанашыры болды дегенде, атамыздың өз сөздерін дәлел ете аламыз, «Көне сөздің бәріне күмәнді қарауға болмайды. Тіл – халықтың перзенті, ол адамзаттың тарихымен тығыз байланысты. Заманның талаптарына сәйкес әр уақытта жаңа сөздер пайдаланудан шығып қалып отырады. Сонымен қатар өзінің бастапқы мағынасын өзгертіп, жаңа мағынаға ие болатын сөздер де кездеседі. Бұл – барлық тіл атаулыға тән құбылыс.», «Тіл – тек адамға ғана тән, аса құдіретті құрал. Сондықтан тілді қадірлеудің, әрбір сөздің мағынасын, мәнін ұғып, оны орынды пайдалана білудің мәні зор.», «Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тіл. Кешегі Ресей тіліміздің дамуына жол бермеді. Ол кезде біздің ұлттық басылымдар шығару құқығымыз жоқ болатын.»

### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауы. Астана, 2012 жылдың 14 желтоқсаны

2. Н.Ә.Назарбаев. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». Астана. 2017 жылдың 5 сәуірі.

3. «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылдың 26 қазанындағы №569 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы 2018 жылдың 19 ақпанындағы Жарлығы.

4. Есмағамбетов К.Л. Әлем таныған қайраткер // Алаш. — 2010. — № 6 (33). — 90–91б.

## **НЫСАНБАЙ ЖЫРАУДЫҢ «КЕНЕСАРЫ-НАУРЫЗБАЙ» ДАСТАНЫ МЕН МҰСТАФА ШОҚАЙ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНДАҒЫ АЗАТТЫҚ, ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯСЫ**

**Абдразахова А. К.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда  
Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2-курс докторанты  
[ayakuz.abdrzakova@mail.ru](mailto:ayakuz.abdrzakova@mail.ru)

Еліміздің сан ғасырлық тарихында мақтаныш тұтар, бүгінгіміз бен келешегіміз үшін тәрбие берер, тұлғалар мен оқиғалар, туған жер, отан алдындағы адал қызметтерінен үлгі алар азаматтар аз болмаған. Сондай

айтулы оқиғаларға: қазақтың ұлт ретінде бірігуі, үш жүздің ымыраға келуі және ата-қоныстың қалыптасуы, ұлттық мемлекеттігіміздің негізі – Қазақ хандығының құрылуы, Алаш арыстарының бастамасы т.б. жатады.

Белгілі тарихшы, ғалым М.Қойгелдиев: «бізге бүгін мемлекетшілдік, отаншылдық, халықшылдық ұстанымындағы билік қажет. Өйткені халқымыз кеңестік кезеңдегі жетекшілік психологиядан арыла алмай келеді», [1]-деп пікір білдіруі қазақтың қазіргі жағдайына жанашырлықпен қарап, оның жаңа сапаға өтуіне көмектесе алатын, кәсіби деңгейі жоғары басқару жүйесінің қажеттігін айқындаса керек.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның тәуелсіздігі қазақтарға тартқан тағдырдың сыйы емес, өзінің ежелгі жерінде қилы кезенді бастап кешу арқылы қол жеткен өз мемлекеттілігін құруға деген заңды құқығы, бұл даусыз және саяси фактіге ешкім күмән келтірмеуі тиіс!» [2], — деп қадап айтуы «Қазақ елі ең соңынан тәуелсіздік алды және алмауға мүмкіндігі болмады, олар орыстардың қоластында жүре беруді қалады» деген ел ішіне іріткі салғысы келгендердің алып-қашпа әңгімелеріне берген жауабы еді. Сондықтан да тәуелсіздігіміздің баянды болуы, сол жолда төккен қан мен еткен еңбектің еш кетпеуі үшін жас ұрпақ бойына патриоттық қасиет сіңіре алуымыз керек. Ол үшін тарихтағы біртуар азаматтар еңбегін дер кезінде насихаттап, мұраларын дәріптей алуымыз қажет.

Белгілі философ Әбдрашит Бәкірұлының: «...халықты тұтас біріктіретін, мемлекет аясында цементтей қатыратын қандай қасиет? Ол – «мемлекетшілдік»! Онда да, ол – декларация түріндегі ұрандататын «мемлекетшілдік» емес, шын мәнісіндегі – халқы мен билігінің әрекеті бір арнаға тоғысқан, болашақ тарихының бастауы бола алатын деңгейдегі мемлекетшілдік» [3], -деген пікірі тарихымызда бар, әлі күнге дейін мұралары өз құнын жоймаған Нысанбай жырау Жаманқұлұлы мен Мұстафа Шоқай шығармаларындағы тәуелсіздік, өз еліне деген сүйіспеншілік, мемлекетшілдік идеясынан үлгі алуымыз керектігін көрсетеді. Мемлекетшілдік идеясының негізінде – елдің тәуелсіз мемлекет ретінде, ұлт ретінде дамуын қарастыру идеясын айтуға болады.

Екі тұлға шығармашылығынан да, атап айтсақ Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» дастаны мен М.Шоқайдың бір ғана «Қазақ» газетінде жарық көрген публицистикасынан ғасырлар бойы егемендікті аңсаған өзінің саналы ғұмырын ел тәуелсіздігі, азаттығы, сонымен бірге бүкіл түркі халықтарының тұтастығына арнаған күрескер екендігін көреміз.

Екеуі де әр кезеңдегі ұлт-азаттық көтерілісті көзімен көрген, Нысанбай жырау 1837-1847 жылдардағы Кенесары хан бастаған қозғалыстың белортасында болса, М.Шоқайдың ұлттық қайраткер ретінде қалыптасуына 1916 жылғы Түркістан мен Қазақ жеріндегі ұлт-азаттық қозғалыс ықпал етті.

Өлең-жырға Нысанбай  
Мәшһүр шешен, нар еді.  
Бір естіген адамдар

Сөзіне тағы зар еді.

Көзімен көріп, сөз қылған

Соғыста өзі бар еді. [4, 446] – деген жолдар біздің сөзіміздің куәсі. Ал 1916 жылы «...Мен «өз еркімен» қол қойған ашық қағаздарды көрдім. Онда жүздеген бас түйе, жүздеген жылқы, мыңдаған қой, текемет, киіз, жүздеген пұт май, он мыңдаған ақша жазылыпты. Бұл бір уезден ғана алынды», «1916 жылғы көтеріліс әбден ашынған елдің айбыны еді. Патша өкіметінің жазалау экспедициялары қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен, ұйғырларды жасына да, жынысына да қарамастан қырып-жоюмен шектелмей, олар мекендеген бүкіл ауылдар, қыстақтар мен қалалары қиратылады. Үкімет әскерінің қолдауына сүйенген қарулы орыс мұжықтары бейбіт ауылдарды қанға тұншықтырады...» [5, 66-67 бб.] деген жолдардан М.Шоқайдың да осындай жауыздықтарды өз көзімен көргенін білеміз. Ол өзінің «Түркістанда» деген еңбегінде бұл туралы кеңінен баяндаған.

Тәуелсіздік жолындағы Алаш қозғалысының бастапқы баспасөз органы «Қазақ» газетін коммунистер жауып тастағаннан соң, екінші органы М.Шоқайдың басшылығымен жарық көрген «Яш (Жас) Түркістан» болды. Бұл басылымның алдына қойған міндетін М.Шоқай «Біздің жол» деген мақаласында: «Егер біз халқымыздың ұлттық тәуелсіздігі жолындағы талаптарының мән-мағынасын бұзбай, күшін әлсіретпей, «Жас Түркістан» беттерінде көтере алсақ, онда бәріміз үшін қасиетті және аса ауыр жауапкершілік артқан міндеттердің бір бөлігін өтеген болар едік. Бұл жаңа бастаған ісімізге тікелей көрсетілетін көмек жоқ дерлік. Алайда біз отанымыздың ұлттық теңдікке ұмтылысынан, жерлестеріміздің рухани көмектерінен нәр аламыз. Сондықтан да біз барлық ауыртпалықтарға қарамастан осы басылымды шығаруға бел байладық. Көлемі жағынан шағын болғанымен, «Жас Түркістан» өз мойнына азаттық пен тәуелсіздік туын көтерудегі аса зор міндеттерді алып отыр» [6, 326], -деп көрсетеді.

Нысанбай жыраудың құнды мұрасы «Кенесары-Наурызбай» дастанындағы Кенесары туралы профессор Е.Бекмаханов: «Кенесары көтерілісі қазақ халқының өз Отанының бостандығы мен тәуелсіздігі жолында жан қиюға әзірлігін, жауға тойтарыс берерлік қуатты күші бар екенін дәлелдеді» [7, 1156] десе, М.Шоқайдың тәуелсіздік жолындағы күрескерлік бейнесін саяси ғылымдар докторы Ә.Бәкір: «Мұстафа Шоқайдың тәуелсіздік идеясы сол кездегі патшалық Ресейдің отарлық саясатынан туындады. Ойы сергек, ары таза жанның санасында ең алғаш өзі өсіп-өнген саяси-әлеуметтік ортада болған жайлар терең із қалдырды» [8] дейді. Яғни, Кенесары да, Мұстафа Шоқай да өздері орыстардан көрген құқайға шыдаудың мүмкін еместігін сезгендіктен бірі қолына қару алып, екіншісі қаламымен күрескендігін зерттеушілер еңбегінен көреміз. Екеуінің де арманы – қазақ елінің тәуелсіздігі, азаттығы. Жеке мемлекет ретінде билік құрып, өз халқының амандығын қамтамасыз ету.

Әдеби, мұрағаттық деректерді тарихи оқиғаға қатысқандардың жырлары, әңгімелеулері, естеліктері, сондай-ақ қазақ фольклорын жинаушылар М.Көпеев, Ә.Диваев, О.Шипин, С.Мұқанов жазбалары «Кенесары көтерілісіне қатысты белгілі бір қағидалардың дәлелдемесі ретінде қызмет атқаратындығын», «сан алуан оқиғалардың бірін қалдырмай баяндайтындықтан», «не қилы деректерге толы болатындықтан, бұл фольклор дегеніңіз тарихшы үшін, әсіресе, қоғамдық қатынастар саласын зерттейтіндер үшін, шын мәнінде, баға жетпес қазына» екендігін Е.Бекмаханов терең түсіндіреді. Әсіресе, Нысанбай жыраудың «Кенесары туралы жырында» елшілдік-мемлекетшілдік идея мәселесі, тарихи тұлғалардың есімдері жарқын түрде көрініс тапқандығын, Кенесарының қырғыз манаптарына «бірігейік, тізе қосайық» деп үндеу тастауын, батырларын қырғыздарға аттандыруын және де Хан Кененің қалайша қаза тапқанын дұрыс шынайы баяндағанын айтады.

«Кенесары-Наурызбай» дастанында:

...Ойда Қоқан, қырда орыс,

Хакім болды қаласы.

Кімнен таяқ жегендей

Біздің қазақ баласы?! [7, 248 б Жеті ғасыр жырлайды: екі томдық. – А.,2008. 1-том. – 400 бет.]- деп, қазақтың ержүректілігін, намысқойлығын жырлайды, ауызбіршіліктің қаншалықты маңызды екендігінен хабардар етеді. Бізге тарихтан белгілі Кенесары заманында Қазақстан Ресей мен Қытай және Қоқан, Хиуа, Бұқара хандықтарының қыспағында, сонымен бірге өз ішімізде ру араздығы, жайылымға талас, бисұлтаннардың, болыстардың опасыздығы өршіп тұрған кезең болғандығын білеміз. Бұл жағдай халқымыздың 70-жылдан астам орыс халқының боданында болуға мәжбүр етті.

М.Шоқай мақалаларынан елге деген жанашырлықты, туған өлке тарихына деген құрметті, салт-дәстүр мен ұлттық ерекшелікті сақтауға деген ұмтылысты, отансүйгіштікті, туған жердің тағдырына деген алаңдаушылықты көреміз. Сонымен бірге өзі өмір сүрген тұстағы саяси оқиғалардың шынайы шындығын білеміз, біліп қана қоймай оны талдай алуды, баға беруді үйренеміз. 1917 жылы 26 қарашада өткен Қоқандағы IV Жалпы Мұсылман съезіндегі сөйлеген сөзі (Ташкентте жарық көрген «Туркестанский вестник» басылымында жарияланған) соның дәлелі.

Дін мұсылман баласы

Бірге мінсе кемеге,

Үш алаштың баласы

Тізгін берсе Кенеге,

Қайратқосса жебеге –

Тау басына шығарға

Жол салмасқа немене?! [6,248б] –

деген дастандағы жолдар М.Шоқай мен Әлихан Бөкейханұлының бірлесіп жазған «Жұмысшылар жайынан (Петроград 29 октябрь)» атты «Қазақ» газетінде жарық көрген мақаласымен үндесіп жатыр. Нысанбай жырау «үш алаштың баласы біріксе алынбайтын қамалдың болмайтындығын» айтса алаш арыстары алауыздықтың кесірінен, ауызбіршіліктің жоқтығынан 25 июньдегі шыққан жарлық бойынша соғысқа қара жұмысқа алыну барысында бір үйдің жалғыз перзенті де, 15 жасар жасөспірімдер де тізімге ілініп кетіп жатқандығын, елдегі байлар туралықтан тайып малының арқасында өздері де, отбасы, тіпті рулас ағайындарын да алып қалып жатқандығын сынайды.

Әркімнің алла панасы,  
Дарияның аққан саласы,  
Кешегі өткен Кенекем  
Дүрри-гауһар данасы!  
Арқадан ауып кеткені –  
Бұ жақтағы жұртының  
Ауызының аласы... –

-деп тағы да бірлік мәселесін айта отырып, Кенесарыға қолдау көрсету қажеттігін ескертеді. Ал М.Шоқайдың публицистикалық шығармаларында Алаш арыстары Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Ғаббасұлы, Нәзір Төрекұлов, Жүсіпбек Аймауытовтар бастаған бастамаларға қолдау көрсетуді сұрайды. Олар Қазақ елінің сан ғасырлық даму тәжірибесін, салт-дәстүрін төңкерістік әдіспен күрт өзгертуді емес, қайта оларды өркениетті елдердің өмір тәжірибесін ескере отырып, одан әрі дамытуды, білім алып, көппен терезе теңестіруін көздегендігін, ең алдымен, қазақтың өз атамекеніне ие болуын мақсат ететіндіктерін, сол жолда күресіп жүргендігін айтады.

*Наурызбай төре кеткен соң,  
Бастан ауды бағымыз.  
Кенесары кеткен соң,  
Иесіз қалды тағымыз.  
Бұлбұлдай сайрап жүр едік,  
Байланды тіл мен жағымыз.  
Азғанымыз емес пе?!  
Қойшыдан сынды сағымыз.  
Артында қалған жетім ел,  
Келіспей кетті сәніміз.  
Ақырында, әлеумет,  
Осындай болды халіміз, -* деп тарихи шындықты көрсеткен.

«Қазақ халқының аса күрделі «соқтықпалы да соқпақты» тарихының басты мазмұнын азаттық үшін, өзін этнос ретінде және өмір сүру кеңістігін сақтап қалу үшін күрес құраса, осы күрестің алдыңғы сапында тұрған да

М.Шоқай» [9] деп бағаланған ұлы қайраткерге Мағжан Жұмабаев 1923 жылы Ташкентте жарық көрген кітабындағы «Түркістан» атты әйгілі шығармасында:

Қырағы Тянь-Шань мен Памир, Алтай,

Күтеді көптен сені қарай-қарай.

Кене мен Абылайдың жолын қумай,

Жаһанда жабығудың жөні қалай, – деген жолдар арнайды.

Мұстафа Шоқайдың публицистік қызметі уақыт қойып отырған проблеманы сезіп, біліп, оны дәл кезінде көтере білудің шебер үлгісін көрсетеді. Оның аса маңызды мәселелерді баспасөз бетінде көтеруі, ол мәселелердің төңірегінде қоғамдық пікір туғызып, оған қалың бұқараның назарын аударып алғандығын жарияланымдарынан білеміз. Ал Нысанбай жырау дастаны күні бүгінге дейін өзінің құндылығын жоймаған, әлі де болса зерттеуді қажет ететін туынды.

Әрбір жас осындай туындылар тәуелсіздікті қолдаудың, қорғаудың, нығайтудың қуатты құралы екенін сезініп өссе, қалыптасса, елдігіміздің де еңселене түсетіндігі талассыз.

Біз тарихи өткен жолымыз бар, дәстүр сабақтастығы бар, салты мен ғұрпын көзінің қарашығындай сақтап келе жатқан елміз, сондықтан да тәуелсіздігімізді баянды етпеуге хақымыз да жоқ. Жер мен ел тәуелсіздігі, ата-қоныс амандығын сыртқы, тіпті қала берді ішкі жаулардан қорғаған осындай тұлғалары бар біз бақытты халықтың ұрпағымыз.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Қойгелдиев М. Интернет-конференция. – 2011ж, 28 қыркүйек <https://abai.kz/post/10690>.

2. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздікке 25 жыл //Егемен Қазақстан. 2016 жыл, желтоқсан.

3. Бәкірұлы Ә. Тарихты кім жазады және қалай, не үшін жазады? // «Ақиқат» -ұлттық саяси, қоғамдық журнал. – 2018.05.08.

4. Қазақ халық әдебиеті. Көп томдық. Тарихи жырлар. Үшінші том. – А., 1996ж. – 44 б.

5. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. – Бірінші том. – А., 2012ж, 66-67 бб.

6. Шоқай М. Біздің жол. Таңдамалы. — 1-т. — Алматы: Қайнар, 1998ж. — 32 б.

7. Абылай хан. Кенесары: (ұлт-азаттық қозғалыс мәселелері). – А., 1993 – 119 б.

8. Бәкір Ә. Мұстафа Шоқай және тәуелсіздік. [http //egemen.kz](http://egemen.kz) – 2015,30.10.

9. Советская энциклопедия. 8-том. Москва. Издательство. БСЭ. 1972ж.

## М.ШОҚАЙ МЕН Ә.БӨКЕЙХАНОВТЫҢ ҰЛТТЫҚ РУХАНИЯТҚА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

**Құдайбергенова К. Т.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 1-курс докторанты

Қазақ халқының ұлттық, саяси санасын қалыптастырудағы ең биік белес болған ХХ ғасыр басындағы ұлт зиялыларымыздың алдыңғы қатарлы тобының саяси қызметі де, құқықтық көзқарастары да, тіпті ғылыми, әдеби мұралары да ұзақ жылдар бойы жабық тақырып саналып, зерделі зерттеулерге нысан бола алмады. Сондықтан осындай Алаштың ардақты ұлдарының қазақ руханиятына жасаған ұшан-теңіз еңбектері елеусіз қала берді. Тек тәуелсіздіктің ақ таңы атқан кезден бастап халқымыздың ұлттық зиялылары, елеусіз қалған есіл ерлеріміз қалың көпшілікке насихаттала бастады.

Соның бір дәлелі ретінде Ғылым Академиясының Орталық ғылыми кітапханасы 2001 жылдан бастап «Ұлы тұлғалар» деген атпен Ғылыми-биографиялық сериялы кітаптар шығара бастады. Бұл кітапта Алаш зиялыларының әдеби мұралары кеңінен зерттеліп, тың деректермен байытылған.

М.Шоқай дербес тәуелсіздік алмай ұлт руханиятын еркін дамыту мүмкін еместігін түсінген қоғам қайраткері. Бүгінгі конференцияда оның тәуелсіздік жолындағы саяси ұйымдастырушылық әрекеттері жан-жақты айтылып, саралануда. Ә.Бөкейхановтың тікелей ұсынуымен Санкт-Петербург университетінің заң факультетін бітіріп жатқан Мұстафа Шоқайдың Мұсылман комитетіне сайлануы, оның қазақ халқына деген қызметі Әлихан Бөкейхановтан тәлім-тәрбие алудан басталғандығын ескере отырып, Ә.Бөкейхановтың ұлттық руханиятқа қосқан үлесіне басты назар аудардым.

XIX ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының, қоғам және мемлекет қайраткерлері қатарындағы аса ерекше тұлға – Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов.

Ә.Бөкейхановтың артына қалдырған шығармашылық мұрасының үлкен саласы – орыс тілінде жазылған монографиялық, энциклопедиялық сипаттағы ғылыми еңбектері. Ғалымның негізгі, басты еңбектері қазақ халқының тарихына, экономикасына, мәдениетіне, ру-тайпалар шежіресіне, тұрмыс-салтына, қазақ жерлерінің отарлану тағдырына арналған.

Ә.Бөкейхановтың 1903 жылы жазған «Қазақ өлкесінің тарихи тағдыры және мәдени өркені» («Исторические судьбы киргизского края и культурные его успехи») деп аталатын зерттеуінің маңызы айрықша зор. Мұнда қазақ жерінің мың жылдық тарихы, қазақ жерін мекенден түрлі ру-тайпалардың,



елдер мен ұлыстардың қалдырған заттық ескерткіштері, сәулет өнерінің белгілері жан-жақты сөз болады. Ғалым бұл еңбегінде Геродоттан бастап, қытай, ұйғыр деректеріне сүйеніп, қазақ сөзінің түп-төркіні қалай шыққандығы жөніндегі аңызды келтіріп, «қырғыз» деген орыстар таңған, қате атау екенін нақты дәлелдермен келтіреді.

Сондай-ақ, Әлихан Бөкейхановтың қазақ халқына деген жанашырлығын, ұлтқа деген сүйіспеншілігін «Қазақтар» («Киргизи», 1910) деп аталатын орыс тілінде жазған еңбегінен көре аламыз. Бұл монографияда қазақ халқының тарихы, әлеуметтік құрылымы, отаршылдық зардаптарын шегуі, тұрмыс-салты, мәдениеті, саяси күресі, білім деңгейі туралы өз пікір байламдарын айтады. Мұнда түркі тектеске жатқанмен, қазақ бір халық, қырғыз - екінші халық екені тағы да нақты айтылады. Ең алдымен бұл еңбекте ғалым демографиялық, статистикалық сипатына тоқталады.

Ғалымның ғылыми мұрасының ішіндегі ерекше маңызды еңбектерінің бірі – «Дала өлкесіндегі қой шаруашылығы» («Обцеводство в степном крае», 1904) деп аталатын кітабы. Қазақ халқының ғасырлар бойғы ата-кәсібі болған қой шаруашылығы туралы терең біліммен жазылған энциклопедиялық зерттеу еңбек деп айтуымызға әбден болады. Сонымен қатар туған Ә.Бөкейхановтың географиялық, этнографиялық зерттеулерінің бірі – «Адай уезінің қазақтары» («Казахи Адайского уеза») деп аталатын еңбегі. Бұл еңбекте Адай уезінің аумағы, жер бедері, топырағы, ылғалы, өсімдігі туралы жан-жақты айтылады. Қазақ халқының құрамына тоқталып, 27 болыстың екеуіндегі байұлына жататын Таз, Ысық, 3 болыстағы Шөмішті – Табыннан 22 болысты түгел қоныстанған Адайдың бұтақтары қай жерді қыстап жайлайтыны туралы егжей-тегжейлі айтылады. Бұл еңбектері арқылы Ә.Бөкейхановтың демографияға да үлкен мән бергенін байқаймыз. Тіпті Қарқаралы және Адай уездерін мекендеген рулардың шежіресін кестеге түсіріп, алғаш рет генеалогиялық карта жасағанын біреу білсе, біреу білмейді.

Ұлт қайраткері Ә.Бөкейхановты қазақ-орыс тілдерінде қатар жазған публицист деп айтуға толық негіз бар. Ә.Бөкейханов «Дала уалаяты», «Түркістан уалаяты» және «Қазақ» газеттері мен «Айқап» журналдарында қазақ елінің тарихы, сауаттылық, тіл мәселелеріне қатысты сыни мақалаларын да үзбей жариялап отырған.

Ең алғаш қазақ тіліндегі тұңғыш мақаласын 1900 жылы «Дала уалаяты» газетіне жариялайды. Кейіннен татардың «Фікір», «Уақыт», қазақтың «Серке», «Қазақстан» газеттері мен «Айқап» журналдарына мақалаларын шығарып отырған.

Халықтың сана-сезімі мен ұлттық руханиятын көтерудегі баспасөздің орасан зор маңызын бағалай білген Әлихан Бөкейханов қазақтың тұңғыш басылымы «Дала уалаяты» газеті жабылып қалған соң, қазақ тілінде газет басуды ұйымдастыруға жан салады. 1905 жылы Мәскеуде өткен орыстың «жергілікті және қалалық қоғам қайраткерлері» съезіне 5 миллионға жуық

қазақ халқының атынан өкіл болып барып, съездің Романов үйінде өткен мәжілісінде жасаған баяндамасында ол былай дейді: «У нас так же преследуется школа с казахским языком, нас тоже давит цензура. Вот уже 13 месяцев, например, не могу добиться от цензуры разрешения на издание киргизского перевода 46-ти басен И.Крылова. Крестьянские начальники (большей частью бывшие ротмистры) не допускают при рассмотрении дел казахского языка» [1, 186].

Осындай жан айқайдың арқасында тікелей Ә.Бөкейхановтың және ұлт зиялыларының араласуымен 1913 жылдың ақпанында «Қазақ» газеті жарыққа шығады. А.Байтұрсынұлы редакторлық еткен бұл газет бүкіл қазақ зиялыларының басын біріктіріп, халық үшін қызмет атқарған.

Ә.Бөкейхановтың «Мұсылман съезі», «Қазақ», «Қазақтан солдат ала ма?», «Жапон һәм Қытай», «Төртінші Дума һәм қазақ» атты мақалалары Ресей астанасының «Сибирские вопросы», «Биржевые ведомости», «Новая жизнь» сияқты газет-журналдарында жарық көрген.

Ә.Бөкейхановтың қазақтың бас ақыны Абай туралы баспа жүзін көрген алғашқы ең толымды, терең, ғылыми еңбек «Абай – (Ибрагим) Құнанбаев» («Семипалатинские областные ведомости», 1909, №250-252) деп аталады. Орыс тілінде жазылған бұл әдеби-сын еңбек 1909 жылы Санкт-Петербурдан басылып шығады. Шындығына келгенде, Абай мен Әлиханның жас айырмасы екі мүшел. Екеуі де бір атыраптың Семей губерниясы, Қарқаралы уезінің адамдары, сондықтан ұлт зиялыларының көзі тірісінде ұшырасуы, сұхбаттасуы әбден мүмкін, бірақ ондай сөзді Ә.Бөкейханов бұл еңбекте жазбайды. Абайдың ұлы Тұрағұлмен, ағаларының балалары Шәкәрім, Кәкітайлармен қалай танысты, қалай достасты, қалай хат жазысты – осылар төңірегінде айтылады. Қалай дегенде, Әлиханның Абайды, оның айналасын, шығармаларын өте терең білгендігін аталмыш мақаладан анық көреміз. Сонымен қатар, Абайдың өлеңдері мен нақыл сөздерін жинақтауға да атсалысады.

Әлихан Бөкейхановтың ғылыми, көсемсөз әдеби мұрасының ішінде жеке адамға арналып жазылған, бірқатар мақала, рецензиялар бар. Алғашқы еңбектің бірінде Ш.Құдайбердіұлының «Түрік, қазақ һәм хандар шежіресі» («Қазақ» газеті, 1913, №12) кітабы сөз болады. Және бір сын мақаласын Ә.Бөкейханов Шәкәрім туындысына арнаған («Қазақ» газеті, 1915, №121). Бұл жолы 1912 жылы басылған «Қалқаман-Мамыр» дастаны туралы жазады. Әуелі Шәкәрімнің шежіре жазғандығын, Абайдың ағасы Құдайбердінің баласы екендігін, Абайдың көзі тірісінде көлеңкеде жүргенін, Иван Гусев деген орыс жазушысының «Шәкәрімнің білімі қазақта жоқ екен» деген сөздерін келтіріп, «Мұсылманшылық», «Қазақ айнасы», «Жолсыз жаза» кітаптарын шығарғанын айтады.

Ә.Н.Бөкейханов халықтың рухани байлығының бірі – көркем әдебиетке де көп көңіл аударған ғалым. Қазіргі заманғы ағылшын

зерттеушілерінің пікірінше ол ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті мен баспасөзін дамытуда жетекші рөл атқарған.

Халық ауыз әдебиеті мұраларын жинау, оларды жіктеп, өңдеп бастыруда да Әлихан Бөкейхановтың жасаған еңбегі ұшан-теңіз.

«Қазақтың ұлт болып ел қатарлы өмір сүруі үшін, ең алдымен, халықтың сана-сезімін оятатын жағдай туғызу керек, қазақтың ұлттық тілін, әдебиетін өрістетуге керек. Өз әдебиетін қалыптастыруда табысқа жеткен халық қана азат өмір сүре алады», - деп білген Әлихан ұлттық әдебиетімізді өркендетуде жан-тәнімен еңбек етті. Халықтың мәдениетін көтеруде, ой-санасын оятуда, халықты надандық құрсауынан шығарудағы әдебиеттің баға жетпес орнын ол студенттік кезден-ақ түсінген. Сол мақсатта заманындағы қазақтың алдыңғы қатардағы зиялылары мен әдебиет өкілдерінің басын біріктіруге ұмтылды. Оларды халыққа қызмет етуге, білім беріп көзін ашуға шақырды. Сөйтіп, ол өзінің маңына Ахмет, Міржақып, Шәкәрім, Мағжан, Ғұмар, Көкбай, Жүсіпбек, Халел, Жиһаншы, Мұхамеджан сынды ақын-жазушылар мен көрнекті зиялы қауым өкілдерін жинайды. Әдебиет өкілдерін өркениетті елдердің әдебиетінен үлгі алуға, үйренуге тартады.

Әлихан Бөкейханов М.Ж.Көпеев, Ә.Диваев, Г.Н.Потанин, А.Байтұрсындармен қатар ауыз әдебиеті туындыларын жинауға көп күш салады. Ауыз әдебиеті мұраларын жинауды ол Ф.А.Щербина экспедициясы құрамында ел аралап жүрген күндері бастаса керек. Күні бүгін оның өзі жинаған немесе басқаның жинап-терген нұсқаларын өңдеп, ғылыми түсініктерін жазып бастырған бірнеше кітаптары сақталған. Атап айтсақ олар: В.В.Радлов жазып алған «Қозы Көрпеш - Баян», «Ер Тарғын» жырының Марабай ақыннан жазып алынған нұсқасы. А.Байтұрсынмен бірігіп жинасып, алғысөзімен ғылыми түсініктерін өзі дайындаған, қазақтың 4 ғасырдан бергі «Жиырма үш жоқтауы» және «Ер Сайын» жырлары.

Ә.Бөкейханов халық ауыз әдебиеті шығармаларын жинаумен қатар оларды жан-жақты зерттеп, талдаған ғалым. Оның осы саладағы жазған еңбектерінің мәні жайында Сорбона (Франция) университетінің ғалымдары: «Оның «Қыр баласы» деген лақап есіммен жариялаған қазақ эпосы туралы тамаша зерттеулері отандастарының сана-сезімін оятуда зор маңызы болды» [2, 166] деп айтса, Оксфорд университетінің ғалымдары: «Ә.Бөкейханов қазақ эпосы мен фольклорын ғылыми тұрғыда зерттеген тұңғыш ғалым» - деп жазады [3, 166].

Ә.Бөкейханов қаламынан шыққан көлемді әдеби, ғылыми, фольклорлық еңбек – «Қара Қыпшақ Қобыланды» деп аталады. («Қазақ» газеті, 1915, №126-129). Бұл ғалымның бірінші рет зерттеген еңбегі боп табылады. Ол шағын 8 баптан, бөлімшеден тұрады. Бірінші бөлімшеде «Қара қыпшақ Қобыланды» жырының мазмұны қысқаша ғана баяндалады. Ә.Бөкейханов «Қара қыпшақ Қобыланды» жыры бір оқиғаның көрінісі, белгілі адамның ғұмырбаяны емес, ақын қиялы екшеп, өзгертіп, көптеген қоспалармен жаңғыртып жасалған көркем шығарма деген байлам жасайды.

Жырды халықтың тұрмыс-салтын, тіршілік-болмысын көрсететін рухани-мәдениет ескерткіші ретінде бағалап тануды ұсынады.

Ғалым «Қара қыпшақ Қобыланды» зерттеуінде жырдың негізгі сюжетін баяндайды, туынды қай дәуірді бейнелейтінін қарастырып, жорамалдың бірнеше нұсқасын ұсынды, кейінгі жыршылар қосқан жасанды өзгерістерді көрсетіп берді. Текстологиялық тәсілдерді қолданды, эпостың халық өмірін танудағы қызметін айқындады.

Ә.Бөкейхановтың фольклоршы ретіндегі ой-тұжырымдары «Қазақ жыры «Қобыландыдағы әйел бейнесі» («Түркістан уалаяты газеті», 1899) деген орысша жазылған еңбегінде жалғаса түседі. Мұнда қазақ фольклоры үлгілерінің мазмұны бай, формасы сан алуан екенін көрсетіп, өлеңші, жыршы дегендердің кім екенін анықтап, ас-тойда домбыра арқылы айтылатын жырлардың ерекшеліктерін танытады. Қалыпты тіршілікте руға, жүзге бөлінетін қазақтар ел басына күн туғанда тұлпар мініп, ту ұстап, «Алаш» деп ұран салып, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаратыны ауыз әдебиеті шығармаларының басты сарыны екені дәлелденеді.

Қорыта айтқанда, Мұстафа Шоқай мен Әлихан Бөкейхановтардың ғылыми-зерттеу еңбектері, публицистикалық шығармалары өз кезіндегі ең үздік әлем ғалымдары, қаламгерлері тудырған еңбектердің биік өрісімен пара-пар.

Бүкіл саналы өмірін ұлтына, оның азаттығына арнаған Мұстафа Шоқай мен Әлихан Бөкейхановтарды қазақ халқының ұлттық руханиятының биігіне көтерілген тұлғалар деп айтуға толық негіз бар.

### ***Пайдаланған әдебиеттер:***

1. Әлихан Бөкейхан. Таңдамалы, «Қазақ энциклопедиясы», Алматы, 1995.
2. «Қазақтар 1917 жылға дейінгі орыстар жайында. Ә.Бөкейхан. М.Дулатұлы. А.Байтұрсын. Т.Рысқұлұлы. - Орта Азияны зерттеу қоғамы. Оксфорд. Англия, 1985 ж.
3. «Қазақтар 1917 жылға дейінгі орыстар жайында. Ә.Бөкейхан...» - Орта Азияны зерттеу қоғамы. Оксфорд. Англия, 1985 ж.

## МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ӘДЕБИЕТ ПЕН ӨНЕРДЕГІ БЕЙНЕСІ

Байболова А. Т.

№264 мектеп-лицейі Қызылорда қаласы

Мұстафа Шоқай (25 желтоқсан, 1890 жыл, Сырдария губерниясы, Ақмешіт уезі, Наршоқы — 27 желтоқсан, 1941 жыл, Берлин) - көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, Түркістан Автономиясының жетекшісі. Мұстафа Шоқай Түркістандағы кеңестік биліктің отаршылдық сипатын алғаш таныған және онымен күресуге бүкіл ғұмырын арнаған, түркі халықтары тарихында жаңа интеллектуалды көкжиекке көтерілген қайраткер болды. Мұстафа Шоқайдың сан қырлы таланты өз халқының бай ауыз әдебиеті мен ән-күйінен бастау алады. Жас кезінен оны қоршаған ортада дәстүрлі мәдениет өкілдері молынан ұшырасқан. Халқының әдебиеті мен мәдениетін терең білетіндігіне орыс ғалымдарының (Самойлович, Радлов) Мұстафаның студент кезінде-ақ көздері жеткен. Кейін еуропалық өркениет орталықтарында небір саяси қайраткерлермен айтысқан кезінде де, Лондондағы Корольдік халықаралық қатынастар институтында екі сағат бойы таза француз тілінде дәріс оқыған шағында да ойына ой қосып, бойына қуат беріп тұратын өз халқының рухани қазынасы сыйлаған тылсым құбылыс оны бүгінгі күннің Демосфеніне айналдыратын. Оған – осы дәрістен кейін аузымен құс тістеген ағылшын ақсүйектерінің – саясаткерлері мен ғалымдарының түрегеліп тұрып қол соғуы дәлел. Ол сөйлеп кеткен кезде Керенский, Миллюков секілді кәнігі орыс қайраткерлеріне де дес бермейтін. Замандастарының оны «шешен» деуі де сондықтан еді. Мұстафа ақын жанды болып өсті.

Студенттік шағында «Қақажанға» деп, бірге оқыған түрікмен досы Қ.Бердиевке арнап әзіл өлең де жазды. Оның Париждегі мұрағатынан «Секірген лақ көрдім тау басында» деген өлең мәтініне де бар. Бұл өлеңі Грузияда жүрген шағындағы елді сағынған көңіл ауанымен жазылса керек. Бүкіл өмірін халқының бостандығына арнаған Мұстафаға елінен кету қиынға соқты, жаны күйзелді. Әсіресе, оның жан тебіренісі 1922 жылы Берлиндегі Трокадеро этнографиялық мұражайына барғанда көзіне жас алдырды. Осы сәтті зайыбы Мария Шоқай былай деп суреттейді: «Мұражайда тұрған тамаша домбыраны көріп, ол өзін-өзі ұстай алмай, қызметкерден инструментті қолға алуға рұқсат сұрады. Сол бойда оны бабына келтіріп, ғажап қырғыз сазын ойнап берді. Ол домбырамен өте қамығып қоштасты, көзі жасқа толып кеткен екен».

Мұндайда Қадыр ақынның «Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деген өлең жолдары еріксіз ойға оралады. Домбыраны көргенде Сыр өңірінен бастап бүкіл қазақ даласы, туған-туыстары, сол кезде аштан қырылып жатқан қазақтар Мұстафаның көз алдынан өткен шығар... Мұстафа – орыс, батыс, шығыс әдебиетін жақсы білген адам.

Еліміздің тәуелсіздік алып, дербес даму жолына түсуіне байланысты түрлі саяси күштер мен ағымдардың, оның жетекшілері мен идеологтарының халық санасын оятып, адамзаттың ұлы көшінен қалмай алға жылжуынан сіңірген еңбегін ғылыми тұрғыдан сараптап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің маңызы арта түсуде. «Ұлы тұлғаларын білмейінше бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тарихының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Біздің ұлы қандастарымыз өмірлерін қиып, шыбын жандарын шүберекке түйіп, біздің тәуелсіздігімізді жақындата түскен... Сондықтан халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай қиын-қыстау жағдайда оны адзал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім өз жұртының нағыз азаматы болып қала берген. Тарихтың қай кезінде болсын, олар өз ұлтының мақтанышы болып келген» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың осы сөзінде қоғамның дамуында жеке тұлғалардың феномені ерекше орын алатындығы барынша дәл көрсетіледі. Өткен ғасырдың 20-30жылдарында қазақ мемлекеттілігінің даму мақсатын тұжырымдап берген, халыққа қызмет етудің жарқын үлгісін көрсеткен тұлғалардың бірі Мұстафа Шоқай (1890-1941) болатын. Қазақ халқының аса күрделі «соқтыпалы да соқпақты» тарихының басты мазмұны азаттық үшін, өзін этнос ретінде және өмір сүру кеңістігін сақтап қалу үшін, күрес құраса, осы күрестің алдыңғы сапында тұрған да М.Шоқай. Сол себепті оның өмірі мен жанқиярлық қызметін, шығармашылық мұрасын зерттеп, зерделеу-біздің парызымыз. Сонда ғана «бүгінгі бостандықтың, бүгінгі тәуелсіздіктің өзіне-өзі келіп, басымызға қона қоймағанын, азаттық үшін миллиондаған адамдардың қаны шашылып, жаны қиналғанын, жазықсыз зардап шеккенін» [2] ұғынамыз.

Мұстафатанудың негізі Түркияды қаланды. М.Шоқайдың мұраттас жолдастары, саяси күреске бірге қатысқан серіктері, «Яш Түркістан» журналын шығарысқан Тахир Шағатай (1902-1984), Абдулуқап Оқтай (1904-1968) және олардың жұбайлары Сағадат Шағатай және Саида Оқтай ханымдар, «Түркістан Ұлттық Бірлігі» ұйымының бас хатшысы, «Йени Түркістан», «Яш Түркістан» журналдарының жұмысын атқарысқан Междеддин Делил өз естеліктері мен еңбектерінде М.Шоқайдың дүниетанымы мен қайраткерлік болмысын қалпына келтіру жолында көп еңбек сіңірді. М.Делил 1942ж. «Мұстафа Шоқай альбомын» дайындап, баспадан шығарды. 1950 жылы А.Оқтай «Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Мұстафа Шоқай» атты кітабын жариялады. Өткен ғасырдың орта кезінен Т.Шағатайдың М.Шоқайдың өмірін, шығармашылық мұрасы мен саяси қызметін баяндауға да орын берілген «Түркістандағы түрікшілдік және халықшылдық» (екі кітап), «Қызыл империализм» (жеті кітап) атты еңбектері жарық көрді [3]. Стамбулда «Түркістан - Еділ-Орал» қорының құрылуы, Сағадат Шағатайдың (1907-1989) «Яш Түркістан» журналының материалдарын жеке кітап етіп басып шығару ісін ұйымдастыруы

мұстафатанудың ілгерелеуіне көмегін тигізді. Соңғы кезеңде Мұстафаға батыс елдерінде де назар аударыла бастады [4]. Алайда кеңес идеологтары мен олардың Шығыс Еуропа елдеріндегі пікірлестері КСРО-ның ыдырауына дейін шындыққа үш қайнаса сорпасы қосылмайтын түрлі лақаптар таратып, М.Шоқайды фашистік Германияның «тыңшысы» ретінде көрсетуге әрекеттеніп келді. 1971 жылы Варшавада жарық көрген «Голоса издалека» [5] деген поляк тіліндегі кітапта аға лейтенант Абдурахимов пен капитан Халимов деген тәжік ұшқыштарының 1942 жылы 10 қазанда немістерге тұтқынға түскені, олардан жауап алу кезінде Рейхтың қауіпсіздік басқармасы қызметкерлерімен бірге М.Шоқайдың да қатысқаны туралы айтылады. Кеңес өкіметі тұсында М.Шоқайдың қызметі мен тарихи-публицистикалық жұмыстары да саяси және идеологиялық тұрғыдан сынға алынып, негізсіз бұрмалаушылыққа ұшырайды. Тек Қазақстанның тәуелсіздік алуымен ғана М.Шоқай туралы тарихи деректерге негізделген еңбектер жарық көре бастайды [6].

Солай бола тұрғанымен, өзгенің мүддесін қазақ халқының мүддесімен басым санайтын авторлар бұрынғы үрдісті әлі де жалғастыруда. Олар М.Шоқайды «өте күрделі тұлға» ретінде сипаттап, «Түркістан легионына» жетекшілік жасады немесе оның бастауында тұрды деген кеңес идеологиясының тұжырымдарын қайталаудан айнымауда. Отарлық, тоталитарлық жүйеге қарсы күрескен қайраткерлеріміз жөнінде сақталған мұндай психологиялық ахуалдың өміршеңдігінің басты себебі ұлттық мінез-құлқынан, әдет-ғұрпынан, тілі мен мәдениетінен, болмыс-бітімнен айыруға бағытталған Кеңес өкіметінің қитұрқы идеологиялық саясатының салдарына байланысты екендігі анық. «Планеталық деңгейдегі ақыл-ой апатын» [7] басынанкешірген халқымызға өзінің ұлттық құндылықтары мен мүдделерін «интернационалистік» ұғымдардан ажыратуы үшін, өзінің ұлқыздарын танып-білуі үшін баршамыздың күш-жігеріміз, ақыл-ой парасатымыз қажет. М.Шоқай - туған халқының ғана емес, өзбек, қырғыз, тәжік, түрікмен, әзірбайжан, грузин және басқа да бодан халықтардың бостандығы үшін күрескен тұлға. Осы жолда өмірінің соңғы сәтіне дейін өзінің ой-қабілетін сарқа жұмсаған

М.Шоқайдың қайраткерлік және шығармашылық болмысын жан-жақты пайымдаудың еліміздің мұрат-мақсаттарын негіздеуге берері мол. Оның қайраткерлік, қаламгерлік қарымын, отар халықтардың ұлт-азаттық қозғалысы тарихындағы алатын орнын анықтауға бағытталған еңбектер қатары күн санап өсіп келеді. Дегенмен М.Шоқайдың өмірі мен қызметі толық зерттеліп, шығармашылық мұрасы игеріліп бітті деуге негіз жоқ, себебі оның еңбектері қазақ, өзбек, татар, башқұрт, орыс, түрік, неміс, француз, ағылшын, поляк тілдерінде жарық көрген және бірнеше елдердің мұрағат қорларында сақтаған. М.Шоқай қызметінің алғашқы кезеңі туралы материалдар Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатында (47,461,1044,1613-қорлар), Ташкент облыстық мұрағатында (528-қ)

ұшырасады. Мұнда М.Тынышбаев, Қ.Қожықов, И.Жайнақовты патша «охранкасының» бақылауға алуы, М.Шоқайдың Ташкент гимназиясында оқуы, Ақпан революциясынан кейін Ташкентке оралып, автономия идеясы төңірегінде халықты ұйымдастыруы, түрлі саяси күштермен қарым-қатынасы, Түркістан автономиясын жариялау және оның күйреуі, Уақытша үкіметтің Түркістан комитеті туралы мағлұматтар бар.

Қазақстанда М.Шоқайдың елмен байланысты жөніндегі материалдар қазақ зиялыларының БК(б)П Орталық Комитетіне, партиялық бақылау органдарына жазған хаттары, ОГПУ өкілдеріне берген жауаптары, есепті баяндамалар т.с.с. құжаттар сақталған Қазақстан Республикасы Президенті мұрағатында (141, 718, 725, 811 -қорлар) ұшырасады. Санкт-Петербург университетінде оқып жүрген кезінде Мұстафаның түрлі саяси ағымдарымен таныс болуы, түркі жастарының шерулеріне қатысуы, Мемлекеттік думаның Мұсылман фракциясы жанындағы Кеңесші бюро жұмысына араласуы, эмиграциядағы қызметі туралы материалдар Ресей мемлекеттік тарихи мұрағатында (РГИА), Ресей Федерациясының сыртқы саясаты мұрағаты (АВПРФ), Ресей Мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарихының мұрағаты (РГАСПИ), Ресей Мемлекеттік әскери мұрағаты (РГВА), Ресей мемлекеттік жаңа заман тарихының мұрағаты (РГАНИ), Ресей Федерациясы мемлекеттік мұрағаты (ГАРФ) қорларында шоғырланған. Әсіресе, Ресей Мемлекеттік әскери мұрағатындағы құжаттар ерекше назар аудартады. Олардың көпшілігін кезінде поляк барлау мұрағатында сақталған М.Шоқайдың баяндамалары, хаттары, сараптамалық шолулары, рефераттары, мақалаларының қолжазбалары, сонымен бірге кейбір жарық көрген материалдарының поляк тіліне аудармалары құрайды. Зерттеуші дереккөздерді барынша қамти отырып, оларды сын елегіне өткізу, жүйелеу, пайымдау арқылы ақиқатқа жақындай түсуді ғана көздейді. Шығармашылық ізденістер барысында өзінің субъективті пікірлеріне бой алдырмауды автордың кәсіби білімі, зерттеушілік тәжірибесі, тіпті, шығармашылық интуициясы да маңызды рөл атқарды. Әділ сот болуға ұмтылысына қарамастан, тарихшының өткенге көзқарасы морльдан аулақ, мүлдем бейтарап бола алмайды.

Дегенмен кәсіпқой тарихшы белгілі бір тұжырымдар жасауға сақтықпен қарап, оны көп жағдайда оқырманның өз үлесіне қалдырды. Ол тек оқиғаның орын алу себептерін, даму заңдылықтары мен ерекшеліктерін анықтаумен айналысады. Әсіресе, тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметін сараптау асқан жауапкершілікті талап етеді. Тұлғаның өмірінде адам мен дәуірдің арасындағы байланыс көрініс табады. Тарихшы ондай индивидтің ішкі дүниесіне де үңіледі, ой-пікірі мен іс-әрекетінің қисындылығын(не қисынсыздығын), қоғам үшін маңыздылығын анықтайды. Орташа ойраны мен қайғы-қасіретін бастарынан өткерген қазақ, өзбек, қырғыз т.б. халықтардың тағдыры өз тағдырымен біте қайнасқан, ұлт мүддесі өз өмірі мен күресінің мақсат-мұратына айналған, жиырма жыл бойы Еуропа төрінде



Алаш идеяларын жалғастырып, тәуелсіздік туын көтерген сондай тұлғаның бірі де, бірегейі де-Мұстафа Шоқай.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Назарбаев Н.Ә Жасай бер, тәуелсіз Қазақстан! Тәуелсіз күніне арналған салтанатты мәжілісте сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. - 1998. - 16 желтоқсан.
2. Дүние жүзі қазақтарының құрылтайы. - Алматы, 1993. – 16 б.
3. Кекілбаев Ә. Отан тарихы - рухани жаңғыруымыздың қайнар көзі // Егемен Қазақстан. - 1998. - 7 шілде.
4. Шоқай М. Таңдамалы. 1 том. - Алматы, 1998. 187-198, 2788-281, 298-300,411-414, 476-481, 2 том, 5-7 бб.
5. Нұрпейісов К. Алаш Һәм Алашорда. - Алматы, 1995. – 147 б.
6. Қойгелдиев М. Кіріспе // Әлихан Бөкейханов. Шығармалар. - Алматы, 1994. - 67-72 бб.
7. Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. - I том. - Алматы, 2012.

## **ҚОС МҰСТАФАНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСІ**

### **Жәрімбет Ғ.А.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Философия және мәдениеттану» кафедрасының оқытушысы, тарих ғылымдарының магистрі

Халық даналығында «тарихты жасайтын тұлғалар» - дейді. Шыныменде, тарлан тарихқа көз жіберсек, қай дәуірде болмасын елі мен жері үшін басын бәйгеге тіккен тұлғалар аз болмаған. Тұлғалар жайында Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың: «Ұлы тұлғаларды білмейінше бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адамзат тарихының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Біздің ұлы қандастарымыз өмірлерін қиып, шыбын жандарын шүберекке түйіп, біздің тәуелсіздігімізді жақындата түскен... Сондықтан халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай қиын-қыстау жағдайда да оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім өзжұртының нағыз азаматы болып қала берген. Тарихтың қай кезеңінде болсын, олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген» [1] - деген аталы сөзі еске оралады. Тарих тұлғаларға кенде емес. Мақаламыздың өзегі арабша «Мұстафа – тегіс, жоғарыда тұрушы, ең жақсы, таңдаулы»[2] - деген ардақты есімді еншілеген XX ғасырдағы түбі бір түркі тарихындағы қос Мұстафаның (Әли

Ризаұлы Мұстафа Ататүрікпен Мұстафа Шоқай) өмірі мен қызметі жайында болмақ. Алдымен, жас шамасына қарай үлкені Мұстафа Ататүрік жайында айтсақ. Мұстафа Кемал 623 жыл өмір сүрген әйгілі Осман империясы бөлшектеніп, ыдыраған шақта, бұрын ірі әріптермен жазылатын «Ұлы түрік сөзі» «сорлы түрікке» айналған тұста тарих сахнасына келген дарынды қолбасшы, данышпан реформатор және білікті дипломат. «Ататүрік реформалары елдің сыртын ғана емес, ең бастысы ішін, түрік халқының таным-түсінігін, ойлау жүйесін өзгертті. Билік басына келісімен ол байсалды диктатура орнатты. Түрік мемлекетін батыс үлгісінде модернизациялауды қолға алды. Оның реформалары түрлі пікірлер туғызды. Бірақ, турашыл саясаткер ретінде Ататүрік күллі ислам елдерінен оқ бойы озып шығып, түріктерді әлемнің алдыңғы қатарлы дамыған мемлекеттері қатарына қосты. Ататүрік Түркия тарихының бағытын өзгертумен қатар оның реформалары Түркия тарихының жаңа бет-бұрысына қызмет етті» - деп жазады Мұстафа Шоқай «Яш Түркістан» журналының 1939 жылғы №110 санындағы мақаласында [3]. Ол еуропалық қағидаларға сүйене отырып, Түркияның зайырлы мемлекеттер қатарына жетуіне көп ықпал етті. Ауқымды реформалар Түркияны жаңа жолға түсірді. Ең бірінші өзгеріс латын қаріпін енгізуден басталды. Әйелдерге ерлермен тең құқық берілді. Еуропадағы дамыған ауыл шаруашылық пен өндірісті мысалға ала отырып, Түркияны да сол жолмен алып жүрді. Жаңа экономикалық жүйе құрды. Шағын кәсіпкерлікке зор қолдау көрсетілді. Әсіресе, ауылдық жерлерде ауыл шаруашылық кәсіпорындарын ашу қолға алынды. Ірі өндірістер жанданды. Индустриалды дамудың алғышарттары жасалды. Балқан одағы шартымен Түркияны Балқан мемлекеттерінің лидеріне көтерген Ататүрік Сайдабат шарты арқылы жаңа ұлттық өмірге қадам басқан Ислам лидері елдерінің көшбастаушысы етіп қоя білді. Ататүріктің соны реформалары Түркияны халықаралық деңгейге шығарып, әлем мемлекеттері санасатындай дәрежеге жеткізді деп еске алады Мұстафа Шоқай «Яш Түркістан» журналының аталмыш санында. Сонымен бірге Ататүріктің алаш арысы Міржақып Дулатұлын ұстаз тұтып, 1917–1918 жылдары билікке келген кезде досы профессор Тайыр Шағатайға тапсырма беріп «Оян Қазақ!» кітабын түрік тіліне аудартып, «Оян, Түрік!» кітабын шығартуы Ататүріктің түрік халқының рухын оятудағы маңызды қадамдарының бірі еді [4]. Ататүрік түркі бірлігі идеясының жаршысы болды және түркі тілдес бауырлас елдердің барлығына есігін айқара ашты. ХХ ғасырдың 20-30 жылдардағы аумалы-төкпелі заманда елінен қуғын көріп, босқан талай түркі халықтарын бауырына басты. Ататүрік билікке келген уақытта Мұстафа Шоқайдың 1920-1921 жылдардағы Түркияға махаббаты оның 20-дан аса мақала жазуына түрткі болды. Мұстафа Ататүріктің 1927 жылы Парламент мінберінде тұрып түрік жастарына: «Біздің көршіміз, Кеңестер одағы күндердің күні құлайды. Бірақ ол жерде біздің қандас бауырларымыз бар. Біз солармен байланысты үзбеуіміз керек.

Біз соған дайын болуымыз керек. Тіл деген – бір көпір, тарих – бір көпір, мәдениет деген – бір көпір, осы көпірлерді құлатпауымыз керек. Сол бауырларымызбен біз өте жақын қарым-қатынаста болуымыз керек, біз сол күнді күтпей, соған жету жолында жұмыс жасауымыз керек» деген үндеуі бүгінгі таңда өміршеңдігін дәлелдеп отыр[5].

**Ататүріктің қазасын Парижде жүріп** естіген Мұстафа Шоқай: «Түрік тарихындағы ең ұлы тұлғалардың бірі – Мұстафа Кемал Ататүріктің 57 жасында өмірден өтуі қандай қасірет деп еске алады. XX ғасырдың басында Түркия ел ретінде тәуелсіздіктен, түріктер ұлт ретінде еркіндіктен айрылған шақта Түркия мен түріктерді осындай халден Ататүрік құтқарды. Түрік халқының Анадолы далаларында қарусыз бастаған ұлтты құтқару күресінің нәтижесінде Лозанна шартын қабылдады. Түріктер араб өлкелерін еркіне жібере отырып, Анадолыдағы өзінің байырғы мекендерін қайтарып алды. Қарыс, Ардаған, Артойын жерлері мен бірнеше бұғаздарды бауырына қайта басты. Мұстафа Шоқай Ататүрік жайлы мақаланы жаза отырып, оның ғазиз рухының алдында бас иетіндігін «Яш Түркістан» журналының 1938 жылғы №108 санында жариялайды[6].

Ататүрік: «Мен үшін ең ұлы қорғаныс ұясы, ең ұлы көмек көзі – ұлтымның кеудесі. Сондықтан да мен ұлтымның кеудесін ешкімге бастырмау үшін барымды саламын!» деген пікірі шынайылығын көрсетті. Ататүріктің бұл еңбегін түрік жұрты еш ұмытпайды.

Сонымен, тарихты жасайтын тұлға. Өзі өмір сүрген қоғамда дер кезінде баға беріп, сол заманға байланысты жаңаша ойлар тудыратын – тарихи тұлғалар. Сол тұлғалардың қатарында өмірін түркі халықтарының тәуелсіздігіне арнаған тұңғыш эмигрант, күрескер түркі тарихындағы екінші тұлға Мұстафа Шоқай еді.

Өткен ғасырдың 20-30 жылдарында қазақ мемлекеттілігінің даму мақсатын тұжырымдап берген, халыққа қызмет етудің жарқын үлгісін көрсеткен, қазақтың аса күрделі «соқтықпалы да соқпақты» тарихының басты мазмұнын азаттық үшін, өзін этнос ретінде және өмір сүру кеңістігін сақтап қалу үшін күрес құраса, осы күрестің алдыңғы сапында тұрған да М. Шоқай болатын. Сол себепті оның өмірі мен жанқиярлық қызметін, шығармашылық мұрасын зерттеп, зерделеу – біздің парызымыз. Сонда ғана «бүгінгі бостандықтың, бүгінгі тәуелсіздіктің өзінен-өзі келіп, басымызға қона қоймағанын, азаттық үшін миллиондаған адамдардың жазықсыз жазаланғанын» білеміз[7].

Мұстафаның Наршоқыдағы балалық кезінен бастап, азамат болып қалыптасқан Ташкент, Петербор кезеңінің өзі бір төбе болса, оның табанды, нәтижелі еңбегінің арқасында 1917 жылдың 27 қарашасында құрған Түркістан автономиясы үлкен жұмыстар атқарғанмен 2 ай ғана өмір сүрді. Мұстафа өзі құрған Түркістан автономиясы туралы: «Ұзақ уақыт қараңғыда қалған адамның бірден жарыққа шыққан кезінде көзі шағылысып, аша алмай қалатындығы секілді, ұзақ уақыт патшалық Ресейдің отарлық саясатының

қараңғылығында жер бауырлап, еңбектеген түркістандықтардың төңкеріс әкелген азаттық жарығына шығысымен көздері шағылысып, алдын көре алмай қалған еді. Шағылысқан көздердің адасулары түркістандықтардың өз қараңғылықтарын одан ары арттыра түсті. Осы себептен құрған үкіметіміз 1-2 айдан ұзаққа бара алмады», - деп түсіндірген еді[8]. Кеңес өкіметінің Мұхтариятты аса қатыгездікпен басып-жаншуы Мұстафаның көзқарасына қатты әсер етті, бірақ орыс халқының бәріне бірдей топырақ шашпай 1918–1919 жылдары «орыс демократиясының» революциялық әлеуетін ақырына дейін анықтауға ұмтылды. Дегенмен сол кездің өзінде-ақ Мұстафа түркістандықтар дербес өмір сүрмей, өздерінің ұлттық мүддесін толық жүзеге асыра алмайтындығы түсініп, алғашқы қадам жасап, 1919 жылы Антанта елдеріне үндеу жасайды. Осы мақсат жолында ол Әзірбайжан мен Грузияда, 1921 жылы Францияға барып орналасқаннан кейін баспа беттерінде большевиктерге қарсы дамылсыз күрес жүргізеді.

Мұстафа үшін «атамекенді сүю – оның тұтас мүддесіне қызмет ету, осы жолда... керек болса жан пида қылуға дайын тұру болып табылады» деуі ұлтқа қызмет етудің шынайы үлгісін көрсетсе керек. Мұстафаға мінез көрсету, астамшылық, билікқұмарлық сияқты екінің бірінде кездесе беретін қасиеттер мүлдем жат болатын. Ол жөнінде өзі де «мен жылы жерге ұмтылмаймын... Атақ та, орын да мен үшін ешқандай рөл атқармайды. Маған нағыз түркістандық болғанымның өзі жетіп жатыр» дейді.

М. Шоқай қызметінің басты бағыттарының бірі Түркістан мәселесіне әлем жұртшылығының назарын аудару болатын. Ол жиырма жыл Еуропа төрінде тәуелсіздік туын көтеріп, Кеңес одағы құрамындағы қазақ, өзбек, қырғыз, түрікмен т.б. халықтардың өз алдына дербес өмір сүруіне құқылы екендіктерін, тәуелсіздікке жету жолдарын айқындаумен болды.

Украина Халық Республикасының 1917-1918 жылдардағы сыртқы істер министрі болған Александр Шульгиннің «Егер Түркістан тәуелсіздік алып, Мұстафа Шоқай тірі болса, ол Джавахарлал Неру, Ататүрік сияқты қайраткер болар еді» деп пікір білдіруі Мұстафаның жұмысына берген өлшеусіз баға болып есептеледі.

Бүгінгі күні Мұстафа халық жадында да, жүрегінде де берік орын алды. Оның маңдайына кез келген тұлға ие бола бермейтін бақыт – өз халқымен үндес, тағдырлас болу жазылды. Туған жерінде де, Парижде де оған ескерткіш орнатылды. Мұстафаның қайраткерлік болмысын, бүгінгі күнмен өзектесіп жатқан ой-тұжырымдарын зерттеу, насихаттау, ұлықтау еліміздің егемендігін баянды етуге, жас ұрпақты отансүйгіштік рухта тәрбиелеуге қызмет етеді. Сол себепті М. Шоқайдың ұлан-ғайыр шығармашылық мұрасы уақыт көшінен қалмай, халқымыздың баға жетпес рухани қазынасы ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жетері хақ.

Екі көшбасшының да өмір жолы өнегелі тағылымға толы. Екі күрескердің тәуелсіздік күресінің нәтижесі бірдей болмады; өйткені, екі мемлекеттің сол кездегі саяси және әскери шарттары бірдей болмады.

Қаншама уақыт өтсе бүгінгі ұрпақ олардың еңбектерін бағалауды, ел алдындағы перзенттік парызымызды орындауды, тәуелсіздігіміздің мәңгілік болуына үлес қосужолында жұмыс жасауды ұмытпауы қажет.

***Пайдаланылған әдебиеттер:***

- 1.К.Есмағамбетов Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. 12-томдық. 1-том. – Алматы: Дайк-Пресс, 2012ж., 5б.
- 2.А.Шаяхметов «Қазақ даласындағы мұсылманша есімдер» // Қостанай таңы, 25.07.2014ж.
- 3.М.Шоқайдың шығармаларының 3 томдығы, Алматы, Қайнар, 2005 ж.
- 4.М.Шоқай Таңдамалы. 2-том. 6-б.
- 5.М.Шоқай Таңдамалы. 1-том. 187-б.
- 6.М.Шоқай. Ататүріктің қазасы //Ақмешіт апталығы.-1999.-10 желтоқсан
- 7.М.Шоқай Таңдамалы 2-томдығы, Алматы, 1999ж., 197 б.
- 8.К.Есмағамбетов Шоқай М. Шығармаларының толық жинағы. 12-томдық. 1-том. – Алматы: Дайк-Пресс, 2012ж., 505 б.

**М.ШОҚАЙ ЖӘНЕ Ғ.БІРІМЖАНОВ**

**Жәрімбет Ғ.А.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Философия және мәдениеттану» кафедрасының оқытушысы, тарих ғылымдарының магистрі

**Бақыт Қ.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті дайындық бөлімінің оқушысы

XX ғасырдың басында ұлтының теңдігі үшін қауымдасумен де, қаламмен де, қарумен де күреске түскен Алаш қозғалысы өзінің алдына қойған мақсаты мен ұйымдастырушы күші жағынан қазақ тарихындағы бұрын-сонды қозғалыстардан пәрменді әрі мазмұнды болды. Себебі, «Күн сөнгенше сөнбейміз» - деп Алаш туының астына жиылған қазақ оқығандары: Ә.Бөкейхан, М.Шоқайұлы, Б.Қаратайұлы, Ж.Сейдалин, Ж.Досмұхамедұлы, Б.Құлманұлы, Ж.Ақпайұлы, Х.Досмұхамедұлы, М.Тынышбайұлы, А.Бірімжанұлы, Х.Ғаббасұлы, Ә.Ермеков, Б.Сыртанов, Д.Сұлтанғазин, Н.Төрекұлов және басқалары – негізінен Петербург, Мәскеу, Варшава, Қазан, Омбы мен Орынбор, Томск, Киев, Саратов жоғары оқу орындарында білім алған, қазақ халқының мемлекеттік құрылымын жасақтауға жұмыла кіріскен қайраткерлер болатын [1с,156-157].

Қазіргі отандық тарих ғылымының өзекті бағыттарының біріне айналған тұлғатану саласы қарқынды дамып келе жатқанына қарамастан, саналы ғұмырын туған халқына қызмет етуге арнаған зиялы қауым өкілдерінің кейбірі зерттеушілердің назарынан әлі де тыс қалуда. Осыған байланысты есімі ұлықталған азаматтардың ұлы істері мен қайраткерлік тұлғасынаша түсуді, бүгінгі жұртшылық арасында насихаттауды жөн көрдім.

Тақырыптың өзектілігі 20 ғасырдың 20-30 жылдары Мұстафа Шоқайдың Еуропадағы мұғажырлық уақытында елмен байланыс орнатуына қалтқысыз қызмет еткен, жаратушы берген ғұмырын ұлтқа қызмет қылуды мақсат тұтқан алаш тарихындағы тұғырлы тұлғалардың бірі Ғазымбек Бірімжанов хақына арналмақ.

Ғазымбек ағайынды Бірімжановтардың ортаншысы, Алашорда үкіметінің мүшесі әрі іс атқарушысы, қаламгер. Ол Орынбор реалды училищесін, Орта Азия мемлекеттік университетінің дәрігерлік факультетінде білім алған, Алашорданың Башқұрт үкіметі жанындағы уәкілі қызметін атқарып, Колчак үкіметімен келіссөз жүргізуге қатысқан. Ал, ағасы Ахмет Бірімжанов Ресейдің I және II Мемлекеттік Думаларына Торғай облысы қазақтарының атынан депутат болып сайланған, Алаш партиясының белсенді мүшесінің бірі [2с, 4б].

1917 жылдың 1 шілдесінде Торғай облысында мал-жан, шаруа, жерсудың есебі алынатын болып, осыған байланысты Алаш зиялыларының «Қазақ халқына» Ұлттық қозғалыстың ұйымдық негіздерін қалау деген үндеу мақаласы жарияланады. Торғай облысынан есеп алуға жіберілетін қазақ жігіттерінің тізімі жасаланып, Торғай және Ырғыз уездері бойынша мұндай жауапты жұмысқа Әлихан бастаған Алаш көсемдері «өзіміздің оқыған қазақ жігіттерін лайық көрдік» деп Ғазымбек Бірімжановты ұсынады. Ғазымбек Бірімжанов I және II Жалпықазақ съездеріне қатысып, Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы т.б. арыстармен бірге «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасын жасауға өз үлесін қосады. 1921-22 жылдары «Ақ жол» газетінде редактор қызметін атқарып, мақалаларын «Шеген» деген бүркеншік атпен жариялайды [3с, 134-135].

1922-1923 жылдары Түркістан Автономиялық Республикасының басшылары Тұрар Рысқұлов, Абдулла Рахимбаевтың, Бұхара Халық Республикасының басшылары Файзулла Хожаев, Абдурауф Фитраттың басшылығымен Германияның түрлі жоғары және арнайы орта оқу орындарына жетпістен астам түркістандық жастар Берлин, Дрезден, Бонн, Гейдельберг, Дармштадт қалаларында (қазіргі «Болашақ» бағдарламасы секілді) электротехника, химия, медицина, тоқыма өнеркәсібі, ауылшаруашылығы, кен ісі, социология, экономика, педагогика және т.б. мамандықтар бойынша білім алуға жіберіледі. Олар Ташкент, Хиуа, Бұхара, Ферғана, Самарқанд, Ходжент қалаларынан барған Абдулуақап Оқтай, Тахир Шағатай, Саидали Усмани, Саттар Джаббар, Ахмеджан Ибрагимов,

Салих Мұхаммед, Марьям Сұлтанмұрадова, Хайринисо Маджидханова, Саида Шерахмедова, Шамсулбанат Идриси, Ахмад Шукри, Билал Фатхулла, Бахоулдин Амин және тағы басқалармен бірге қазақ даласынан оқуға түскен төрт қазақтың бірі болып, Әлихан Бөкейханның жөн сілтеуімен Берлин университетінің ауылшаруашылығы факультетіне Ғазымбек Бірімжанов та аттанады[4].

Ғазымбектің Алаш қозғалысының танымал өкілі екендігі және Германияға барған бойда ұлттық қозғалыс істеріне белсенді араласуы және сол уақытта шетелде жүрген Мұстафа Шоқайға жақын жүруі біраз жайтты аңғартса керек. Себебі, Мұстафа Шоқайдың елмен байланысы 1920-жылдардың бас кезінде Германияға оқуға жіберілген қазақ, өзбек жастары арқылы да нығая түскен болатын.

1923 жылдың қыркүйек-қазан айларында Түркістандық студенттердің жағдайымен танысып қайту үшін Германияда Т.Рысқұловтың басшылығымен үкімет делегациясы келеді. 1923 жылы 30 қазанда Халық комиссарлары кеңесінің отырысында Т.Рысқұловтың Германияға барып қайтқан іссапарының нәтижелері туралы мәселе тыңдалып, онда шетелдердегі студенттердің ісі бойынша Уақытша басқару бюросын құру туралы жобабекітіліп, бюро төрағалығына Ғазымбек Бірімжанов тағайындалады. 1930 жылдың 1 желтоқсанында М.Тынышбаев Алматыда ОГПУ саяси өкілдігі шығыс бөлімінің тергеушілеріне берген жауабында 1922 жылдың жазында оған М.Дулатұлы пен Д.Әділовтің келгенін, содан соң олардың Ғ.Бірімжановтың Германияға оқуға бара жатқанына ықпалын, оған М.Шоқайды қазақ халқының жағдайымен таныстыру, ал Мұстафаға қазақ халқына төніп тұрған апат жөнінде әлемжұртшылығын хабардар етуді тапсыру керек дегенін айтады [5]. Арада екі жыл өткеннен соң Ғ.Бірімжановтан қазақ зиялылары М.Шоқайдың Парижден Берлинге келіп студент-жастармен кездесіп тұратыны және шетелдерде бірсыпыра жұмыс атқарып жүргені туралы мағлұмат алады. Осы мақсатта Ғазымбек Бірімжановқа Кеңес өкіметіне қарсы ішкі және сыртқы күштер арасында байланыс орнату жөнінде қауіпті де жауапты міндеттер жүктеледі. Ғазымбек Бірімжанов Германияға барған бойда С.Қожановқа хат жолдап, «Мұстафа өте нашар тұрады, студент-практиканттар оған көмектескісі келеді, бірақ ол одан бас тартты және «бұл ақша өздеріңе керек болады, өйткені алда көп істер күтіп тұр» дегенді айтты» деп хабарлайды. Ғ.Бірімжанов Германияда оқи жүріп, Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлының бірнеше жауапты тапсырмаларын орындаған. 1929 жылы ОГПУ өкілдерінің алған жауаптарында 1922 жылы Ә. Бөкейханның М.Шоқайға Ғ.Бірімжанов арқылы жабықхат жібергенін, онда Кеңес өкіметіне қарсылық әрекеттерді ұйымдастыру туралы айтылғанын көрсететін маңызды деректер келтірілген. Мұстафа Германиядағы студенттер жеткізген баспасөзден Орынборда 1924 жылдың 12-18 маусымында қазақ және қырғыз интеллигенциясының бірінші съезі

өткендігін естиді, ол жөнінде А.Байтұрсынұлының Ғазымбек Бірімжанов арқылы жіберген хатынан да хабардар болады. Съезге Ә.Бөкейхан, Н.Төрөкүлов, Х.Досмұхамедов, М.Әуезов, М.Дулатов, С.Сейфуллин, қырғыз қайраткері К.Арабаев қатысады. А.Байтұрсынұлының қысқа қайырылған хатында: «Барлықтарыңа бәрімізден сәлем» делінеді[6].

Ғазымбек Бірімжанов Берлинде оқыған кезде ерекше білімдарлығымен көзге түскен. Неміс тілін жетікмеңгергені соншалық, сол уақытта Мұстафа Шоқаймен бірге Францияда эмиграцияда жүрген Заки Валидидің неміс шығыстанушысы, ғалым И.Марквартпен әңгімелескен кезінде аудармашылық рөл атқаруы және сол уақытта Ғазымбектің шетелге оқудан гөрі М.Шоқайбастаған ұлттық қозғалысқа көмекке келгендігінің белгісі еді. М.Тынышбаевтыңтергеуде берген жауабында (1930 жылдың 1 қазаны): «Германиядан оралған Бірімжановтан Шоқаевтың Парижде екендігін, Берлиндегі студенттермен кездескенін, оның біздің ұстанымымызды жақтайтындығын жәнеелдегі ұйым жұмысына сырттан қолдау көрсету бағытында іс-әрекет жасайтындығын білдік» делінеді[7].

1925 жылдан бастап Мұстафа Шоқай мен түркістандық жастардың байланысқа түсуі жайлы Германиядағы кеңес елшілігінің хабарлары есін жинай бастаған Кеңес өкіметін мазалай бастайды. Берлиндегі Кеңес Одағының арнайы қызметкерлері түркістандық студенттерді бақылауға алып, жалпы алғанда үкімет олардың біразын елге қайтаруға жұмыс жасайды. Елшілік бәрінен бұрын түркістандықтардың шетелде қалып қоймауына көңіл бөледі. Осыған қарамастан 1930 жылдың көктеміне қарай бір ғана Берлинде елге жеті түркістандық оралмай қалады. Олардың ішінен Бұхарадан барған жәдитші Ахмад Наим Нусратулабек, Сабыр Түркістанли (химик) және Наим Октем (экономика ғылымының докторы) Түркияға кетеді. Тахир Шахирзаде Шағатай (экономика ғылымының докторы), Саадет (Сағадат) Исхаки (профессор), Абдулуақап Оқтай (дәрігер) және Саида Оқтай (философия ғылымының докторы) Берлинде қалып, М.Шоқайдың баспа жұмысына көмектеседі. Ал, Кеңес Одағына қайтып келген студенттер түгелдей жауапқа алынады.

М.Шоқайдың сол уақытта Германияда Кеңес органдарының қудалаушылығынан қорғап қалғысы келген адамы да Ғазымбек Бірімжанов еді. М.Шоқай жастарды қолдаудың да, қорғаудың да керектігін айтудан тайынбай, оқуға келген жастардың материалдық қиындықтарға ұшырап отырғанына, олардың оқу бітіріп, жұмысқа орналасу мәселесінің тұрғанына және жоғары оқу орнын бітіруге көмектесудің қажеттілігіне тоқталып, шетелдік баспасөз беттерінде мәселелер көтереді.1928 жылы оқуын аяқтап, елге оралған Ғазымбек Бірімжанов Мәскеуде тұтқындалады. Ғазымбектің елге оралуымен 1930 жылға қарай М.Шоқайдың елмен байланысы сирейді, оған тек Түркияға, Франция немесе Германияға бара жатқан адамдар арқылы жіберілген хат-хабарлар ғана жетеді.



Германияға оқуға барған жастардың кейбірі елге оралмады, келгендері «фашист шпиондары» деген желеумен атылды. Сол сияқты Ғазымбек те 1928 жылы Карелиядағы Медвежегорск қаласына 10 жылға жер аударылды. 1937 жылы Ақтеңіз – Балтық каналының құрылысына қара жұмысқа жегіліп, 1938 жылы ату жазасына кесіледі[8].

Қорыта айтқанда Мұстафа Шоқайдың Алаш қайраткерлерімен атамекенімен байланыс орнатуда қызмет қылған Ғазымбек Бірімжановты тану алаш қозғалысының тарихымен байланысты. Алаштың тарихын тану – ұлтқа қызмет етудің жарқын формасы. Ә.Бөкейханның сөзімен айтсақ: «Әр ұрпақ өзіне артқан жүкті жетер жеріне апарып тастауы керек». Аға ұрпақ өздеріне артқан жүкті жетер жеріне толық апарды. Біздің мақсатымыз олардың еңбектерін бағалау, ұлттық санамызды қалыптастыру, ел алдындағы перзенттік парызымызды орындау, тәуелсіздігіміздің мәңгілік болуына үлес қосу.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Н. Назарбаев «Тарих толқынында» Алматы, Атамұра, 1999ж. 156-157бб.
2. Ж. Кенжалин «Алаш оқығандары» // Ана тілі, 02.02.2012ж.
3. Е. Тілешов, Д. Қамзабекұлы «Алаш қозғалысы», Алматы, Сардар 2014ж. 134-135бб.
4. М. Қойгелдиев «Ғ. Бірімжанов туралы» // Қазақ әдебиеті, 02.09.2016ж.
5. Мұстафа Шоқай шығармаларының толық жинағы, 12 томдық, 1-том, Алматы, Дайк-Пресс, 2012ж. 265б.
6. Ғ. Бірімжанов Алаш. Алашорда: Энциклопедия/ Құраст. Ғ. Әнес, С. Смағұлова. Алматы: Арыс, 2009. 123б.
7. Мұстафа Шоқай шығармаларының толық жинағы, 12 томдық, 1-том, Алматы, Дайк-Пресс, 2012ж. 266б.

## **МҰСТАФА ШОҚАЙ - САЯСИ ҰСТАНЫМЫНАН ТАЙМАҒАН ІРІ ТҮЛҒА**

### **Құдайбергенов Қ.Қ.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Экономикалық теория және мемлекеттік басқару» академиялық профессоры, экономика ғылымдарының кандидаты

Қазіргі өмірде, тіптен кейбір баспа беттерінде біреу жайлы жазылғанда не айтылғанда кім болса соған қоғам және мемлекет қайраткері деген жарнаманы қоса айту үрдіске айналып бара жатыр. Сол тереңірек барып жаңағы мақтау иесінің кім екенін зерделесек, бұл жарнамаға тіптен келмейтін, үш қайнаса сорпасы қосылмайтын біреу болып шығады. Осы

уақытқа дейінгі білім-біліктілігімді, ой-санамның географиясын зерделесем, қоғам және мемлекет қайраткері деген ұғымға сай келетін тұлға - Мұстафа Шоқай.

М.Шоқай өмірбаяны жеткілікті зерттелуде, айтылуда, жариялануда және айтылып, зерттеліне бермек. Мен бұл мақалада оның саяси ұстанымына, көзқарасына ғана тоқталмақпын. (Онда да оның кейбір мәселелеріне ғана)

М.Шоқайдың саяси ұстанымының, көзқарасының түп қазығы, негізі - тәуелсіздік. Оның түсінігінде Түркістан деген сөз «Түркі елі» дегенді білдіреді. Әлемде шашырап, ұсақ-ұсақ мемлекеттерге айналып кеткен түркі тілді халықтарды бір мемлекет етуді арман еткен, сол үшін бар өмірін сарп еткен, осы идея үшін өмірін қиған. Демек, қазіргі тәуелсіздігіміздің бастауы М.Шоқай идеясында жатыр. Ол тек Орта Азиядағы алты республиканы ғана емес, Шығыс Түркістан, Цзинь-Цзянь, Әзірбайжан, Татарстан, Башқұрстан, Қырым татары, Терістік Кавказ-территорияларын қамтитын үлкен Түркістан империясын құруды жобалады.

М.Шоқай Мұхамеджан Тынышбаев, Александр Федорович Керенскийлермен Санкт Петербург университетінің заң факультетін үздік бітіріп, сондағы Шығыс-Мұсылмандар қауымының жауапты хатшысы болып жұмыс істейді. Ол кезде Шығыс мұсылман қауымы Ресей Думасының бір фракциясы болып есептелінетін. Көп кешікпей осы фракциядан депутаттыққа сайланып, Думаға мүше болады. 24 жасар Мұстафа Думаға бірінші рет шығыс мұсылмандарының бодандық өмірін, шұрайлы жерін орыс қоныстанушылары тартып алып жатқанын тайсалмай баяндайды. Кейбір Дума мүшелері бұны «бунт» деп қабылдағандарына қарамастан, - «Мен Сіздерге хабарладым. Менің міндетім Думаға хабарлау, сіздердің жұмыстарыңызды тексеріп, шара қолдану» - деп қасқайып тұрып алады. 1915 жылы Түркістан уәлаятынан 200 адамды окоп қазғуға шақырған патша жарлығы Халық толқынысы, Ақпан, Қазан төңкерістері Түркістан бостандығына, келешек тәуелсіздік жолындағы ұлы айқасқа әзірленуіне бірден-бір себепші, саяси дайындық болды.

М.Шоқай 4-Думаның төрағасы, Петербурттағы жұмысшы, солдат, матростардың лидері Н.С.Чхейдзеге өзінің жолдастығын пайдаланып, Думаға Түркістан автономиясы туралы мәселе қоятындығын айтады. Сонда Чхейдзе: «Құдай үшін мәселеңді қоя тұр. Бірінші - бұл беті ашылмаған түсініксіз жаңа мәселе. Екінші - діні, тілі, қаны, мәдениеті бөлек бұратана халыққа автономия мәселесін қоямын деп сепаратистілер қатарына шығарып жіберер. Қазіргі жағдай жаман, сен басқадай емес, ақылды адамсың ғой», - деп тоқтатып тастайды. Уақытша үкіметтің бас министрі болып отырған Александр Керенский Мұстафаны министрлік орынға шақырады. Оған да Чхейдзеге қойған сұрақты қояды. Керенский: - «Бұл мәселені шешу менің қолымнан келмейді. Келсе де маған істеттірмейтін топтың менен күшті екенін жақсы түсінесің. Неге сұрайсың?» - деп қайырып

тастайды. Сонда Мұстафа бек: - «Мен орыс емеспін. Орыс мәселесі менің мәселем емес. Өздерің менсіз де жөндеп аларсыздар. Қазір Түркістан тарихтың қауіпті бұрылысына келіп тұр. Мен Түркістанға жетуім керек. Өйтпесе кеш қалуым мүмкін» - деп Түркістанға аттанады.

М.Шоқай 1919 жылы Түркістан жеріндегі Қоқан Мұхтариятының президенті болып сайланады. Осы кезде большевиктер Қоқан үкіметін бағындырып, үш жүз мыңдай халқы мен армиясынан айрылған Мұстафа Шоқай қарулас жолдастары арқылы Әзербайжан мен Гүржістан жеріне қашырылады. Гүржістаннан Түркияға, Түркиядан Германияға өтіп Берлин қаласына келіп қоныс тебеді. Осы тұста Мұстафа Шоқай Халықаралық күн шығыс эмигранттарының ассоциясының президенттігіне сайланады. Бұл ұйым Париж қаласында орталасқандықтан, 1929-39 жылдары Парижде тұрады. Осы кезде «Яш Түркістан» журналын шығарып, оған Әбдулла Оқтай, Тайыр Шәкір деген азаматтар жәрдемдеседі. (Олар 1922 жылы Түркістан уәлаятынан Берлинге оқуға жіберіліп, сонда қалып қойған қазақтар).

М.Шоқай 1941 жылы шілденің 17-і мен 21-нің арасында үш күндей жүріп, Парижден Берлинге келіп, III рейхтың шығыс министрі Альфред Розенбергпен келісе отырып, III рейхтың басшылығымен кездеседі. Нәтижесінде келісімге келеді. Өзінің атақты «Жобасын» ұсынады. Жоба қабылданады. Оған Түркістан қарулы күшін құруына мүмкіндік туады. Түркістан сарбаздары орналасқан тұтқын лагерін аралайды. Тұтқындағы аштықтан, оның үстіне сүзектен қырылып жатқан тұтқындарды көріп, рахымы түседі. Қайткенде де апаттан аман алып қалудың қамын ойлайды. Оларға тәуір аухат беріп, күтім көрсетуге жедел кіріседі. Өзі барлық лагерьлерді аралап шығады. Ет алған, есі кірген Түркістан тұтқындарын басқа лагерьге шығартады. Оның аты «резерв» лагері деп аталған. Осыдан Алман армиясының құрылуы басталды.

ОКВ Оберкоманда Вермахт насихат басқармашылығының басшысы полковник фон Мронговиюстен екі сағатқа сұрап алған Ғайпен Бейісовтің кітабында Мұстафа Шоқай жасаған жобаның негізгі пункттері келтіріледі. Жоба 70-80 парақтың аумағындай немісше, қазақша, орысша жазылған. (Қазақшасы латын әрпімен).

Тарихы ежелгі Тұран империясынан басталып, Түркістан Түріктері тарихына ұласады. Азия мен Еуропаның арасында сымдай тартылған Ұлы Жібек жолы, оның бойындағы жоғалған орны жоқ Түркістан қалалары әңгіме етіледі. Кейбір хандардың аттары аталады. Мал басының өскендігі, жер асты, жер үсті байлықтары әңгімеленеді. Ұлы Түркістанды большевиктердің алты республикаға бөліп, бір-біріне жау қылып ұстағаны айтылады. Түркістан Түріктерінің бір-бірінен бөлектеуге болмайтыны, бір тілде, бір дінде, бір қандас екендігі дәлелденеді. Алман жеріне уақытша болса да Түркістан үкіметін құру керектігін басты мәселе етіп қояды.

Жобаның негізгі бөлімшелері төмендегідей:

1. Түркістан комитетін құру.
2. Түркістан қарулы күшін құру.
3. Сарбаздарын тұтқынға түскен еріктілерден топтастыру.
4. Тұтқындар ішінен әскерге жарамайтындарын Алмания зауыт фабрикаларына жұмысқа ерікті азамат ретінде пайдалану. Мүгедектерін үкімет тарапынан заңды зейнеткерлікке шығару.
5. Олардың үй болып кетуіне тыйым салмау. Үкімет тарапынан бірнеше жылға қарыз беру.
6. Түркістан командирлер курсы ашу.
7. Түркістан еріктілерін солдат деп атау. Оның киімінің сыртында бөлек «эмблема» болуы.
8. Түркістан солдаттарының правосы Алман солдаттарымен бірдей болуы.
9. Түркістан солдаттарының ішінен Алман нұсқаушыларын қою.
10. Қала транспортында тегін жүру.
11. Түркістан ұлттық баспасөзін ұйымдастыру,
12. Радио хабарлар ұйымдастыру.
13. Түркістан ұлттық ансамблін ұйымдастыру.
14. Тұтқынға түскен Түркістандықтарды тұтқын деп санамай, оларды еріктілердің резерві деп санау.
15. Мұсылман діні жолымен тәрбиелеу. Солдаттарға бес уақыт намаз оқуға мүмкіншілік туғызып, уақыт белгілеу.
16. Молдалар курсы ашу. Әрбір бөлімшелерде молда болуына рұқсат ету.
17. Келешек Түркістанның дипломаттық кадрлерін осы бастан Алман жоғары оқу орында оқытып үйрете беру.
18. Түркістан солдаттарын шығыс майданға жібермеу. Орыс жері Түркістан жері емес екенін ескеру. Түркістандықтарды өз отанының шекарасына барғанда майданға кіруге рұқсат беру.
19. Түркістандықтар үшін оларды батыр ерлігін көрсететін медаль, Түркістан ордендерін шығару.
20. Түркістан пропаганды мектебін ашу. Оларды Түркістан тылына түсіру.

Аталмыш жоба туралы ұлты татар, Петербург, Стамбул, Брюссель университеттерінде сабақ берген профессор, эмигрант Ғайпен Бейсовпен кездескен, сырласқан Ғалымжан Идирисов: - «Қазіргі Мұстафа бек жазып кеткен жоба деп жүрген жоба оның жобасы емес. Оның жазған жобасы немістерге пайдалы емес, зиянды жоба болатын-ды. Немістерге Мұстафаның халықаралық жауға қызыл большевиктермен өмір бойы күресіп келеді деген атағы керек болды. ...Немістерге ашса - алақанында, жұмса - жұдырығында, бір жағынан ұрса - екінші жағын тосатын кісі керек. Мен оған жарай алмаспын ұлы адам», - деген еді. Ал бұл күндері ұлы адам дүниеде жоқ. Ал немістер болса .... президентті тауып қойды. (Ол Вели

Хаюмхан). Ол немістің жеңілетінін жорамалдап сезді. Сол үшін Түркістандықтарды шығыс майданға салуға болмайды, орыс жері Түркістандықтардың отаны емес, өз шекарасын барынша күту керек деп уақыт өткізуді ойлады, - деген дәлелдерін келтірген.

Немістер соғысты тез арада жеңеміз деп бастаса да, жеңе алмайтындықтарына көзі жеткесін тыңнан жаңа күш іздеді. Соңғы тапқандары легион болды. Сондықтан Париждегі өте беделді эмигрант Мұстафа Шоқайды алдырды. Оған тұтқында қырылып жатқандарды көрсетті. Сөйтіп тұтқындарға Мұстафа Шоқайдың Түркістан лидері екенін дәлелдеп бақты. Олар тұтқындардың өздеріне яғни немістерге сенбейтіндерін сезінді. Тұтқындарға осы кісі сіздерді тойындырады, армиясына алады, бостандыққа шығарады деп түсіндірді. Сөйтіп барлық беделді Мұстафаға артып, соны пайдаланды. Бұл уақытта немістер Мұстафаның өлгендігін де құпия ұстады. Ал легионға жазылушылардың келісімдерін де сұраған жоқ. Мұстафаның өлгенін білмеген тұтқындар оның атағына, беделіне сенді, оны зарыға күтті.

Қысқа мерзім ішінде Варшаваға жақын орналасқан Легинова селосында Түркістанның 1,2,3 - батальондары жасақталды. Олардың нәтижелері төмендегідей болды: 1-ші Түркістанның батальон командирі Уәлихан Құрамысов - қазақ. 1800 легионерімен Майков бағытында кеңеске қарсы соғысқа салынды. Батальон бір оқ атпастан қызыл армия жағына беріліп кетті. 2-ші Түркістанның батальон командирі Амиров - қазақ. Беларусь партизандарына қарсы соғысқа салынды. Нәтижесінде батальон түгел партизандар жағына шығып кетті. 3-ші Түркістанның батальон командирі Исен Алимжан - қазақ. Француз Альпісінде Француздар қарсылығына қарсы соғысқа салынып, олар да түгелдей партизандарға берілді.

Байқап отырғанымыздай, қанша жағдай жасап үгіттегенімен жерлестеріміз өз отанындағы көретін азаптарын білгенмен отандарын сатпаған. Олар Мұстафа Шоқайдың тәуелсіздік идеясына сенген. Ал Мұстафа болса сол идея үшін өз ғұмырын пида етті. Сондықтан да оны саяси ұстанымынан таймаған тұлға дейміз.

***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Ғайпен Бейісов. Тамұқтан өткен тағдыр. Алматы, 2002.
2. Хасан Оралтай. Елім-айлап өткен өмір. Алматы: «Білім». 2005.

## **БҮКІЛ ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ ҰЛЫ ПЕРЗЕНТІ – МҮСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ САЯСИ ҚЫЗМЕТІ**

**Джумалиева Л.Т.**

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті,  
тарих ғылымдарының кандидаты Астана қаласы

XX ғасырдың басындағы төл тарихымызға есімдері алтын әріппен мәңгілік жазылған ұлтымыздың алыптарының қазақ әлеміне шок жұлдыздай жарқырай шығуы – елдегі саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен тығыз байланысты болатын. Алаш алыптарының тобында Мұстафа Шоқай орны бөлек. Мұстафа Шоқай – бүкіл саналы ғұмырын қазақ халқының, жалпы түркі халықтарының бостандығы мен тәуелсіздігіне арнаған тұңғыш эмигрант күрескер, саяси қайраткер. Ол отаршылдықтың озбыр саясатына қарсы жүргізілген қоғамдық қозғалыс көсемдерінің бірі, Түркістан халықтары арасында тарихта тұңғыш рет демократиялық Еуропаның ортасында түркістандық саяси эмиграциялық қызметтің негізін қалаушы.

Мұстафа Шоқай 1917 жылдың 16-21 сәуір аралығында Ташкентте өткен Түркістан өлкесі мұсылмандарының 1-съезіне қатысып, оның төралқасына мүше болып сайланды. «Бірлік туы» газетінің негізін қалап, оның алғашқы редакторы болады. Түркістан өлкесі жергілікті халқының мүддесін қорғауды мақсат еткен қоғамдық-саяси ұйымдарының қызметін үйлестіру үшін құрылған «Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесіне» төрағалық етеді.

М.Шоқай қайда және қандай ауыр жағдайда жүрсе де бүкіл мұсылман халықтарының қамқоршысы болуға тырысты. Түркі - мұсылман халықтарын «Батыс Түркістан», «Шығыс Түркістан» немесе «Орыс Түркістаны», «Қытай Түркістаны» деп бөле қарауға қарсылық танытты. «Тұтас Түркістан» идеясын, түркі халықтарының бірлікте болуын насихаттады. Ұлттық езгідегі түркі - мұсылман халықтарының азаттыққа қол жеткізуі мен өзіндік құндылықтарын сақтап қалуы олардың өзара ынтымақтастығы мен бірлігіне байланысты екендігін дәріптеді. Мұстафа Шоқай Түркістандағы кеңестік биліктің отаршылдық сипатын алғаш таныған және онымен күресуге бүкіл ғұмырын арнаған, түркі халықтары тарихында жаңа интеллектуалды көкжиекке көтерілген қайраткер болды [1,54 б].

Ресей империясының, кейін көп жағдайда оның мұрагері ретінде танылған Кеңес Одағының құрамындағы қазақ, өзбек және басқа да түркі тектес халықтардың ұлт-азаттық қозғалысы тарихында Мұстафа Шоқайдың алатын орны ерекше. Алайда отандық және шетелдік әдебиетте қазақ қайраткерінің шығармашылық мұрасы мен қоғамдық саяси көзқарастарына көбірек көңіл бөлінеді де, ұйымдастырушылық, дипломатиялық, жай адами қырларын пайымдау қағажу қалып келеді. Сондай мәселелер қатарына

жиырма жыл уақыт бойы Еуропаның төрінде тәуелсіздік үшін күрес туын көтерген саяси ұйымды құрудағы Мұстафа Шоқайдың ерен еңбегін жатқызуымызға болады.

Тәуелсіздік үшін күресте Ресейді мекендейтін түркі халықтарының басын біріктіру, олардың бірыңғай саяси ұйымын құру идеясы әлдеқашан пісіп жетілген еді. Бірінші орыс революциясы тұсында «Мұсылман одағы» құрылса, 1905 жылы 19 қарашада одан да кең көлемдегі «Автономияшылар одағы» дүниеге келді. Осы уақыттан бастап, отарлық езгіге қарсылық жадидтік және түрікшілдік қозғалыстың басты сипаты айқындалды [2,46].

Мұстафа Шоқай алғаш рет Лондонда 20-жылдардың орта кезінде болғанға ұқсайды. 1925 жылдың 19 мамырында «Матэн» газетінің басшыларымен жазысқан хатына қарағанда, ол ағылшындардың астанасында болып, беделді басылымдармен, мемлекет қоғам қайраткерлерімен танысады. Дәлірек айтсақ, Мұстафаның Лондонға бірінші сапары сәуір айының аяғы мен мамыр айының бас кезіне тура келеді. Себебі оның «Дни» (Париж) газетінде жарық көрген бір мақаласының соңында мұның 1925 жылғы 2 мамырда Лондонда жазылғандығы жөнінде белгі соғылыпты. 1929 жылдың жазында Мұстафа Шоқай Лондонға Ұлыбритания парламенті Қауымдар палатасының мүшесі, саяхатшы, кавказтанушы В.Д. Алленнің шақыртуымен барады. Бұл жағдай жай ағылшын депутатының бастамасына орай ғана емес, Мұстафа Шоқайұлының ірі қайраткер халықаралық өмірдің сұңғыл сарапшысы ретінде мойындалуына байланысты еді [3, 3 б].

Мұстафа жалғыз қазақтың ғана емес, күллі түркі халқының бірлестігі үшін еңбек етті. Ол өзінің мақаласында: «Түркістанның ұлт-азаттық туын көтерген адам үшін арғын, қыпшақты былай қойып, тіпті өзбек, қазақ, түрікмен болып бөлінудің өзі Түркістан түріктерін бөлшектеп, өлімге бастайтын жол екенін жақсы білетін едім», - дейді. Большевиктер бүкіл түркі халықтарының бір болуын қаламады. Ал біз үшін әртарапқа бөліну ол кезде оңтайлы болмады. Патшалық Ресей тұсында қазақтың көп жерлерін мұжықтар тартып алған. Большевиктер болса езілген елге патша тартып алған жерлерді қайтарамыз деген. Мұстафа большевиктердің өз уәделерін орындамағанын, тіпті одан сорақысын істегенін жазады.

Кеңестердің Орта Азияда ұлттық аумақтық жіктерге бөліп межелеу жүргізуін ескі «бөлшектеп ал да – билей бер» ұранын жаңғыртқан «сұмпайы саясат» деп бағалайды. Түркістан өлкесінде 1917-1918 жылдары ашаршылық болып, біраз халық қырылды. Ол Еуропадағы социалистердің, демократтардың арасында өте беделді болды. Ол барлық еуропалық басылымдарға шет тілдерінде мақала жариялап отырды. Оған қоса өзі де «Яш Түркістан», «Иени Түркістан» журналдарын шығарып тұрды. Жалпы Мұстафа Шоқайұлы - азаттық қозғалысының теориясын жасаған, соны таңдай білген адам. Халықты азат ету үшін не істеу керек екендігін барлығын білген [4, Б.44-45].

1917 жылы 5-13 желтоқсанда Орынборда Бүкілқазақтық ІІ съезд шақырылды. Сол съездің мінберінде Мұстафа Шоқайұлы «Қазақ автономиясы құрылсын» деген ұран тастайды. Бұл мақсат орындалып, автономия құрылады. Бірақ Мұстафаның ой-арманы бұдан да үлкен болды. Ол бүкіл түркі халықтарын біріктіріп, Түркістан Республикасын құруды армандады. Сол мақсатпен 1918 жылы қаңтарда Қоқанға барады. Қоқанда съезд өтіп, съезд Түркістан Республикасын жариялап, Мұстафа Шоқайды басшысы етіп сайлады. Бірақ көп ұзамай, 1918 жылы ақпанда қызыл әскерлер Қоқанды алып, басшыларын тұтқындай бастайды. Оның мақсаты туған халқын, сондай-ақ барша түркі халықтарын азат етіп, бір тудың астына топтастыру еді. Ол 10 жыл бойы «Жас Түркістан» журналын шығарып тұрды. Журналда кеңес өкіметінің саясатын әшкерлеп жазды.

1940 жылы немістер Парижді жаулап алды, Мұстафаны түрмеге отырғызады. Кейіннен Мұстафаның кім екенін білгеннен соң Гитлер оны шақыртып алады. Өйткені оған Мұстафа Шоқайдай адам керек болды. 1941 жылы соғыс басталғанда Гитлер тұтқынға түскен мұсылмандардан Түркістан легионын құрып, кеңес өкіметіне қарсы пайдалануды Мұстафаның алдына міндет етіп қояды. Неміс Фон Папен мұсылмандар мәселесімен айналысатын. Фон Папен мен Мұстафаның байланысы болды ма, болмады ма, бізге ол жағы белгісіз. Ол түпкі мақсатын Фон Папенге айтуы да мүмкін. Гитлердің мақсаты – Орта Азия арқылы Үндістанға жету, сөйтіп, бүкіл әлемге билігін жүргізу еді. Фон Папен - Гитлердің қарамағындағы сенімді адамдарының бірі. Мұстафаның ойын Гитлерге жеткізіп, оның содан кейін керек болмай қалуы да ғажап емес. Мүмкін сондықтан да Мұстафаның көзін құрту керек болды- дейді философ Д.Кішібеков [5,42 б].

Мұстафа Шоқай – шын мәнісінде, эмиграцияға кеткен және шетелге бас сауғалап емес, саяси күресті жаңа жағдайда жалғастыру үшін барған түркістандық тұңғыш тұлға. Қалай дегенмен де, ұлттық тұтастыққа, қазақ елін тәуелсіз іргелі ел етуге деген ұмтылыс өткен ғасырдың басындағы Алаш зиялыларына ортақ мақсат болды. Қалай дегенмен де, ұлттық тұтастыққа қазақ елін тәуелсіз, іргелі ел етуге деген ұмтылыс өткен ғасырдың басындағы Алаш зиялыларына ортақ мақсат болды. Тек оны жүзеге асыру мәселесіне келгенде әрқайсысы әртүрлі жолды таңдады. Мысалы «1917 жылы қазақ қайраткерлері, интеллигенциясы арасында қазақ облыстарының Түркістанмен бірігу мүмкіндігіне байланысты қарама - қарсы екі пікір болды.

М.Шоқай идеясын қолдаушылар «орыстың отаршылдығынан құтылу үшін Орта Азия елдері болып бірігуіміз керек» - десе, «автономия құру - өз алды мемлекет болу. Ал мемлекет болып, іс атқару оңай емес. Біздің қазақ іс атқаратын азаматқа жұтап отырған болса, Түркістан халықтарының қараңғылығы һәм шебер адамның жоқтығы бізден он есе артық» - деп білген Әлихан Бөкейханов «Орта Азия болып бірігуге болмайды» - деп есептеді.



Қалай дегенмен де, күллі қазақ мемлекетінің тағдыры оны барлық қазақ ұлтының қолдауына тәуелді екендігін Алаш басшылары да, Мұстафа Шоқай да түсінді. Мұстафаның өліміне қатысты екі түрлі қауесет бар: бірі тұтқын лагерлерін аралап жүргенде сүзекке шалдыққан десе, екіншісі Каюмхан деген көмекшісі у беріп өлтірді дейді. М.Шоқайдың өмір өнегеге толы болды. Бүкіл түркі әлемнің тарих тұлғасына айналған. М.Шоқай ХХ ғасыр кезеңінде адамзат баласының айтулы бір перзенті болды. Оның бойында біз біліп үлгермеген, тарихымен таныспаған талай рухани қазыналары жатыр. Мұстафа Шоқай - бүкіл саналы ғұмырын қазақ халқының, жалпы түркі халықтарының бостандығы мен тәуелсіздігіне арнаған тұңғыш эмигрант күрескер, саяси қайраткер. Аса көрнекті саясаткер Мұстафаның ұстанған жолы - халыққа тәуелсіздікті қантөгіс арқылы емес, керісінше, дүниежүзіндегі демократиялық күштерді араластыру арқылы бейбіт жолмен алу болды. Ол үшін халықтың сана-сезімін ояту қажет еді. Жаяудың шаңы, жалғыздың үні шықпайтынын жете түсінген Мұстафа кеңес үкіметінің қол астындағы мұсылмандар қауымының да жеке-дара күресі арқылы тәуелсіздік ала алмайтынын анық болжай білді. Ұлы күрескер бүкіл түркі тектес иесі мұсылман қауымын түгел көтеруді мұрат тұтты.

Аса көрнекті саясаткер Мұстафаның ұстанған жолы – халыққа тәуелсіздікті қантөгіс арқылы емес, керісінше, дүние жүзіндегі демократиялық күштерді араластыру арқылы бейбіт жолмен алу болды. Ол үшін халықтың ұлттық сана – сезімін ояту қажет еді. Жаяудың шаңы, жалғыздың үні шықпайтынын жете түсінген Мұстафа Кеңес үкіметінің қол астындағы мұсылмандар қауымының да жеке-дара күресі арқылы тәуелсіздік алмайтынын анық болжай білді. Ұлы күрескер бүкіл түркі тектес иесі мұсылман қауымын түгел көтеруді мұрат тұтты. Оның өмір жолы ортақ Отан – Түркістан үшін от кешкен айтулы азаматтың жолы болып табылады.

Алдағы уақытта Мұстафа Шоқайдың мол мұрасын әлі де жинақтап, жүйелі зерттей отырып, оны ұлт игілігіне айналдыру, жаңа қоғам құрып жатқан белсенді іс-әрекетімізде ұтымды пайдалану білу - біздің парызымыз. Өйткені Мұстафа Шоқайдың есімі қоғамымыз демократиялық ұстанымда ілгері жылжыған сайын шамшырақтай жарқырап, халқына қызмет етіп, оның жер бетінде қазақ барда мәңгі өлмейтін саяси идеялары мен ой-пікірлері бүгінгімізді байытып, келешегімізді кемелдендіре түсері сөзсіз.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Джумалиева Л.Т. ХІХ ғасырдың екінші жартысы – ХХ ғасырдың басындағы қазақ ұлт зиялыларының қалыптасуы. (оқу құралы) Ақтау, 2010, 54 б.
2. Есмағамбетов К. Тәуелсіздік таңшолпаны //Егемен Қазақстан. 2007, 9 қаңтар.

3. Есмағамбетов К. Герцогиня Атольскаяның салонындағы қазақтар жайлы әңгіме //Егемен Қазақстан. 2010, 26 мамыр.

4. Қойшыбаев Б. Мұстафа азаттық қозғалысының теориясын жасады //Аңыз адам. 2011, № 7, Б.44-45.

5. Кішібеков Д. Біз бағаламаған Мұстафаны әлем таныды //Аңыз адам. 2011, № 7, 42 б.

## **Р.ОТАРБАЕВТЫҢ «МҰСТАФА ШОҚАЙ» ДРАМАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚАҒАРМАН БЕЙНЕСІ**

**Айтбаева А.Е.,**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты

**Орынбасар Тұрсынай**

Ф-15-1 оқу тобы студенті Қорқыт ата атындағы ҚМУ

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында ұлттық код туралы: «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай» [1], – деген болатын. Осы қағидаға сүйенетін болсақ, халқымыздың рухани қазынасына мол үлес қосқан қайраткер қаламгерлердің мұрасын жас ұрпаққа таныту аса маңызды. Өйткені шын талантты қаламгердің туындылары уақыт өткен сайын жаңа қырынан ашылып, заманмен үндес өмір сүреді.

Тәуелсіздік тұсында жазылған драмалық туындылар ішінде азаттық, бостандық жолындағы күрескерлер мен ұлт тарихынан үлкен орын алған мемлекет және қоғам қайраткерлері туралы шығармалар жетерлік. Ә.Кекілбаевтың «Абылай хан»(1996), М.Байсеркеновтің «Абылай ханның ақырғы күндері»(1997), Ш.Құсайыновтың «Томирис»(2000), Қ.Ысқақовтың «Қазақтар»(1995) С.жүнісовтің «Сабалақ» (2005), И.Оразбайдың «Шыңғыс хан», «Махамбет»(2005), Ш.Мұртазаның «Тамұқ», «Сталинге хат» т.б пьесаларды айтуға болады.

Түбі бір түркі халықтарының азаттығы, бостандығы жолындағы күрескердің өмір жолын арқау еткен көркем туындылар соңғы ширек ғасырда жазыла бастады. Жекелеген шығармалары түрік, араб, ағылшын тілдерінде басылған Р.Отарбаевтың «Бейбарыс сұлтан», «Бас», «Нашақор жайлы новелла», «Нұржауған-ғұмыр», «Сырым батыр», «Мұстафа Шоқай» сынды пьесалары республикалық және шетел театрларында сахналанды.

Жыл сайын дәстүрлі түрде Рақымжан Отарбаев атындағы Халықаралық театрлар фестивалі өткізіліп келеді. Қазақтың біртуар азаматы өмірінің соңына дейін Атырау облыстық қазақ драма театрының көркемдік жетекшісі қызметін атқарды. Драматург Рахымжан Отарбаевтың «Мұстафа Шоқай» пьесасында саяси қайраткер Мұстафа Шоқай өмірінің соңғы кезеңдеріне тап боламыз. Мұстафаның Маңғыстау арқылы Бакуге, одан Тбилисиге ат басын тірегені тарихтан мәлім. Алайда, Тбилиси қаласы Кеңес өкіметінің қолына өткеннен кейін Мұстафа Шоқай бұл жерде де тұрақтап қала алмай жұбайы Мария Яковлевнамен бірге Францияға кеткен болатын. Драматургтың пьесасына оның Ташкент, Орынбор, Түркия, Баку, Парижде жүрген уақыттары негіз болған. Екі бөлімді, төрт көріністі драм оқиғасы ОГПУ тергеушісінің Әміре Қашаубаевты тергеп жатқанынан басталады[2]. Сахнада ОГПУ тергеушісі. «ЛИЧ.ДЕЛО» деген папкаларды алма кезек жұдырығымен ұрғылаған тергеуші:

-Сонымен, мыналар –жапон тыңшылары, мыналар-ағылшын құйыршықтары, мыналар герман итаршылары. Бұлар- халық жаулары. 1Алашордашылар бір бөлек. Өңшең сатқын. Бұл –Шоқай. Бұл- түрік-герман-ағылшын-француз шпионы. Қашып жүр, ел қыдырып, су сыдырып, Совет үкіметін жамандап. Сталин өзі не деді? Шоқайдың көзіне көк шыбын үймелету керек деді![3.,235]. Ұлт зиялыларының бәрі елінің сатқындары, шпион, жат елдің тыңшылары. Парижде Мұстафамен кездескен Әміре де дұшпан болып шықты. Көрмеген азабы жоқ.

1925 жылы Әміре Қашаубаевтың Парижде өткен халықаралық байқауға барып ән салғаны тарихтан белгілі. Олай болса, сол жақта Мұстафамен кездескені үшін Әміреге жасалып жатқан азаптаудың түрлері – отызыншы жылдардағы жаппай қудалаудың көркем суреттері. Осыдан кейін лирикалық шегініс жасалады да, Мұстафаның гимназияда оқып жүрген шағына ауысамыз. Огпу, Ташкент, Орынбор, Түркия, Баку, Париж тәрізді қалалардың барлығы Мұстафа өмірінен үлкен орын алатын, маңызды мәнге ие мекендер екені белгілі. Ендеше оның Ташкенттен саябыр таппай жолға жиналып жатуы, Орынборға мұсылман мемлекеттердің құрылтайына баруы, Алаш үкіметінің басшылары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Башқұрт үкіметінің басшысы Зәки Валидимен кездесуі – бәрі де тарихи деректермен үндестік табады. Осы құрылтайға Түркістан үкіметінің атынан Мұстафаның қатысуы, олардың болашақ жоспарды талқылауы, алаш зиялыларының жаппай тұтқынға алынуы, Кремльдегі Сталиннің Дзержинскийге Мұстафаның көзін жою туралы беріп жатқан тапсырмасы, Ұлы Отан соғысы басталғанда Мұстафаның тұтқындарға көмектесуі, Фюрердің Түркістан легионын үш айдан соң Совет Одағына қарсы соғысқа салмақ болғанына қарсылық танытқаны үшін Мұстафаның қасақана өлтірілуі – тәрізді оқиғалардың барлығы да сол тұстағы уақытқа сәйкес белгілі кеңістік аясында жүзеге асырылады. Драматург осы оқиғалар барысында Мұстафаның елі мен жеріне деген шексіз махаббатын, оның

азаттық, бостандық жолындағы ұлы армандарын дұрыс көрсете білген. Драмадағы шиеленістің бірі Түркиядағы тақтан тайып, Бакуды басып алған Әнуар паша мен Мұстафа арасында өрбиді. Әнуар пашаның Бакудегі резиденциясында кездеседі. Пашаның мақсаты: Күллі түркі халқы бір жағадан бас көтеріп, ортақ жауына жұдырық болып түйіліп, ағылшынның асқақтаған аксүйектеріне тау қыранындай шүйіліп Ортақ Түрстан мемлекетін құру. «Мен – бүкіл түркі мемлекетінің шапағатшысымын» деп қолын түйіп тұр. Осы ойын Мұстафамен бөліседі.

-Әнуар паша: Маған деген құрметіңіз анық. Бакудегі жеңісімді, Шығыс халықтары құрылтайындағы лебізімді қуана қолдадыңыз.

-Мұстафа: Түркстаным, Тұраным деп соққан ұлы жүректі кім жек көрсін!

-Әнуар паша: Мәскеуге жүремін. Карл Радек шақыртып жатыр. Келіссөзге Ленин, Троцкий, Зиновьев, Қарахан қатысады дейді.

-Мұстафа: Мақсаты

Әнуар паша: Англияға қарсы күресте ортақ мәмлеге келу. Ағылшындарды тұқыртқан соң, түркі халықтарының мемлекетін құру.

Мұстафа пашаның сұрақтарына аса ыждағаттылықпен жауап берді.

Мұстафа: тап қазір дүние жүзіне үстемдігі жүріп тұрған елмен қарсы күресіп опа таппайсыз. Біріншіден, қуатыңыз кем. Екіншіден Ресей сізбен одақтаспайды. Әбден әлсіреген. Жалған сөйлеп отыр. Англия-Ресейдің де дұшпаны. Бірақ олардың ойлары-ортақ Түркстан үшін күресіп жүрген сіздің назарыңызды басқа жаққа аудару. Алдаусырату. Мұнан әрі Мұстафа ащы да болса шындықты айтады. Сіз большевиктерге сенбеңіз. Шовинист Лениннен бастап иманы қашқандар. Олардың түпкі мақсаты түркі халқын сйырдың бүйрегіндей бөліп алып билеу. Айдалада жатқан ағылшындарға емес, сіз бен біздің ортақ күресіміз большевиктерге, яки Мәскеудің өзіне қарсы бағытталса, мен қуанар едім. Егер сіз бұл мәмледен бас тартсаңыз қазір-ақ ресей Мұстафа Кемалмен дос болып шыға келеді. Сондықтан Түркияның азаттығы үшін күресіп жүрген Кемалмен жауласуыңызды қаламаймын,- дейді. Бірін-бірі түсінді деуге келмейтін жағдай орын алған еді. Орынбордағы алаш ардақтылары А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Ә.Бөкейхановтармен мұсылман үш мемлекеттің арасындағы құрылтайда да осы мәселе қаралады. Алашорда үкіметінің басшылары, Башқұрт үкіметі басшысы Зәки Валиди, Түркістан үкіметінің атынан Мұстафа қатысуға жиналған. Енді тұтас Түркстан мемлекетін құру үшін қандай шаралар жүргізілуі тиіс. Алдымен сөз Мұстафаға беріледі.

-Мұстафа: Аз билікке алдануға болмайды. Арамызға от тастап, соның қызуына жылынғысы келетіндер аз емес. Бір Түркияға екіге жарылып, Әнуар паша, Мұстафа Кемал болып керілдісіп жатыр. Мәскеу қай жеңгенің менікі деп отыр. Ортақ Тұран, бірлескен Түркстан десек үш үкімет әскер біріктіруі қажет.

-Зәки Валиди: Оңды ұсыныс. Түркі халықтарының федерациясын құру керек.

-Бөкейханов: Алашорда осы ойды қуаттайды. Мәскеу ағылшын, чехтармен арпалыса берсін. Біз күш қосып, заман қалай құбылса да дайын тұрайық.

Міржақып Сібір үкіметінің большевиктік үкіметті танымаймын деп отырғандарын жеткізді. Мұстафа үш үкіметті бірлесіп іс атқаруға шақырды. Ахмет Байтұрсынов алдымен, халқымызаштықтың алдында тұр. Азық-түлікті қамдайық. Елден жігіт жинап, әскер ойнату керек. Ж.Аймауытовтың «Ғаскер маршысы» да осы мақсатта шықса керек. Ел надансоқ, сауатсыз. Саясатты құпайды. Ортақ тіл-газет шығарып, көзін ашу керектігін айтты. Мұстафа бұл ұсынысқа қатты қуанады. Осы оқиға болып жатқанда Мария Яковлеваны чехтар тұтқынға алады.

Сахнаға Сталин, Держинский шығады. Алашорда басшыларына түгелдей қылбұрау салуды, керек болса көздерін жоюды тапсырады. Сталин Мұстафаны:

-Түркістаншыл Мұстафа қайда?

-Держинский: Бар биліктен айырылған. «Прометей» қозғалысына Польшадан көмек сұрап жүр .

-Бәрін-бәрін аяма. Шоқай шет елге өтіп кетпесін. Аса білімді. Саясатқа жүйрік. Өте қауіпті тұлға. Мұстафа бойындағы саясаткерлікті, білімділікті драматург Сталиннің өз аузынан айтқызып отыр. Тұлға дейді. «Тұлғалар. Алаш арыстары. Мұндай жандар туралы Елбасы Н.Назарбаев: “Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тарихының айнасынан біз тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Сондықтан халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай да қиын-қыстау жағдайда оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім жұртының азаматы болып қала бермек» [4]. Тарихтың қай кезеңінде болсын, олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген”, дейді. Сталинның өзі мойындағандай Мұстафа Шоқай -халқының бостандығы жолында жан аямай күреккен кемеңгер тұлға. Ол – Алаш қозғалысының төл перзенті, Алаш идеялары мен мұраттары аясында қанаттанған, қазақ, өзбек және басқа да түркі халықтарының ұлттық бостандығы үшін күресінің стратегиясы мен тактикасын айқындаған қайраткер.

Сталиннің Держинскийге:

-Сен, осы шашлық пісіретін сақсауылды білесің бе? Оған балта өтпейді. Қайтіп сындырады. Бір-біріне ұрып. Сонда быт-шыты шығады. Солай!

Драматург жазушы қандай жағдайда елдің арасына бүлік салудың жоспарын жасап отырған көсемнің сөзі арқылы отаршылдықтың қазақ халқы үшін қасіретін баяндаған. Қорыта айтқанда бүгінгі тәуелсіздігіміз

үшін бар саналы ғұмырын сарп еткен, тек қазақ емес, күллі мұсылман халықтарының бас бостандығын ойлаған қазақтың ардақты ұлдарының бірі Мұстафа Шоқай бейнесінің тәуелсіздік тұсындағы қазақ әдебиетінде жан-жақты бейнеленуі қуантады. Мұның өзі өткенімізге деген құрметті танытса, мұны қазақ халқының тарихынан үлкен орын алатын мемлекет және қоғам қайраткеріне жасалған құрмет деп түсінуге болады.

***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. –12-сәуір. –2017.

2. Қаныкей Е. Жаңа ғасыр және қазақ драматургиясы. Ұжымдық монография.

3. Отарбаев Р. Айна –ғұмыр. Астана: Фолиант. 2013-510б

## **МАРИЯ ШОҚАЙ ЕСТЕЛІКТЕРІНДЕГІ ОБРАЗ ЖАСАУ ЕРЕКШЕЛІГІ**

**Жолмаханова А.Б.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» кафедрасының аға оқытушысы,  
филология ғылымдарының магистрі

Әдебиеттану ғылымында «образ», «бейне» ұғымдары көркем шығарма кейіпкеріне қатысты қолданылып, зерттеліп келеді. Л.И.Тимофеев: «Образ – эстетикалық мәні бар, ойдан шығару арқылы әрі нақты, әрі жинақты жасалған адам өмірінің әсем суреті»[1, 60],-десе, З.Қабдолов: «Көркем бейне, яки әдеби қаһарман дейік, я болмаса шығарма геройы не кейіпкері немесе персонажы дейік, бәрібір, осылардың бәрі – бір-ақ ұғым – образ. Бейнелеу образдылық болса, бейне – образ» [2, 97], - дейді. Ал С.Мақпыров: «Көркем шығармада тағдыр-талайы, күрес-тартысы, арман-аңсары суреттелетін адам тұлғасы әдебиеттану ғылымында кейіпкер, бейне, көркем бейне, көркем образ, образ, тұлға, герой, қаһарман, характер, персонаж... деп түрліше аталып жүр. Характер жалпы адам мінезінің бір қыры болса, персонаж әрине, пьесалық туынды кейіпкеріне етене атау сынды. Қазіргі ғылымда «тұлға» сөзі қатардағы кейіпкерге емес, толыққанды бейне-типке (типтік тұлғаға) қатысты қолданылып жүр. Ал «қаһарман» атауын біздіңше, ауыз әдебиеті, фольклор мұралары туындыларының кейіпкерлеріне қатысты қолдану орынды секілді» [3, 34-35],-деп тарата тұжырым жасайды.

Көркем шығарма кейіпкері – суреткер шеберлігінің нәтижесі. Өйткені кез келген суреткер өз кейіпкерінің барынша шынайы болуы үшін тер төгеді. З.Қабдоловша айтсақ: «Суреткер үшін керемет қиын нәрсе адамның

жаны мен жүрегіндегі көзге көрінбес көп иірімдерді табу, тану және жазу» [1, 95] үшін еңбектенеді. Оның яғни, образ жасаудың түрлі жолдары, әдеби әдіс-тәсілдері бар. Болашақ кейіпкерінің прототипін іздеуден бастап, типтендіру, портрет, диалог, монолог, ішкі монолог т.т. көркем образ жасау үшін қолданылады. Жазушы осындай тәсілдерді қолдану арқы ғана өз мақсатына жетеді. «Күдірет иесі – адамға тән алуан қырларымен жан-жақты даралап, тірі бейне етіп көрсетеді» [3, 35].

Ал біз сөз еткелі отырған естелікте мұндай әдеби тәсілдер көп қолданыла бермейді. Естелік жазушының алдындағы басты мақсат тарихи шындықтан ауытқымау, деректілік және естелікті баяндауда мүмкіндігінше хронологиялық дәлдікті сақтау. Бұл естелікке қойылатын талап деп те қаруымызға болады. Осы талаптар естелік жазу үстінде сюжет «ойнату», ойдан шығару, жинақтау сияқты көркемдік әдіс-тәсілдерді қолданудан сақтандырады.

Әдебиеттану ғылымында мемуарға байланысты түрлі көзқарас-пікірлер бар. Бұл осы жанр табиғатының күрделілігі мен ерекшелігіне байланысты болса керек. Н.Лейдерманның: «Мемуарлық прозаның басты ерекшелігі оның синтездік қасиетінде. Ал соңғы кезде ғалымдар мемуарлық баяндауды аралық жанрға жатқызып жүр»[4, 32], - десе, Т.М.Колядичтың: «Мемуардың бойындағы лирикалық повестің элементтері, ғұмырнамалық баяндау, әдеби портрет сияқты басқа да қасиеттері оның құрылымы жағынан күрделі жанр екендігін көрсетеді»[5, 8],-дейді. Бұл пікірлер мемуарды жанр ретінде әдебиеттану ғылымында әлі де зерттей түсу қажеттігін білдірсе керек. Орыс эмигрант-жазушыларының естеліктері туралы зерттеуінде Н.Н.Кознова: «Мемуарлық жанр арнайы әдеби дайындықты қажет етпейді, естелікті кәсіби әдебиетшілермен қатар белгілі бір тарихи оқиғаның куәсі немесе қатысушы болған қатардағы адамдар да жаза береді» [6, 3], - деп өмірге соншалықты жақын пікір білдіреді. Шынында естелік жалпыға ортақ жанр десек те болады. Естеліктің суреткерлік шеберлікті аса қажет ете қоймайтындығы да осыдан болса керек.

Жалпы мемуар жанрын әдебиет теориясы ғана емес, әдебиет тарихы, лингвистика мен әлеуметтану, психология мен тарих ғылымдары да зерттеу нысанына айналдырып келеді. Бұл да аталған жанрдың күрделілігін, сонымен қоса ерекшелігін білдірсе керек. Естелікте баяндаудың бірінші жақта жүруі қаншалықты заңдылық болса, жазудың ментальді ерекшелігі де осы жанрға тән қасиеттің бірі.

«Деректі шығармада оқырман нақты, тарихи жағынан айғақты өмірбаян іздейді. Яғни, өмірбаяндық шығарма басқа жанрларда болмайтын адам мен уақыттың жанды байланысын дәл жеткізеді. Көркем туындыларға қарағанда бұл жанрдың ерекшелігі адамдардың типтік бейнесін жасамайды. Ол дербес, қайталанбайтын жеке тұлғаны көрсетеді. Осыған сәйкес бұл жанр адамның тарихи жасаған уақытына емес, жеке-дара болмысының қалыптасуына көбірек назар аударады»[7, 175]. Естелік кейіпкерін

жасаудағы осы пікір мемуар табиғатын барынша ашатындығын айта кетуіміз керек. Жалпы қазақ әдебиеттану ғылымында мемуар жанры туралы айтылғанда көбіне мемуарлық романдар тілге тиек етіліп, жанр сипаты да осындай шығармалар аясында ашылып келеді. Ал жоғарыдағы Қ.Байтанасова пікірі өмірбаяндық естелікке негізделіп отыр. Ендеше, мемуарлық жанр туралы айтқанда осы мәселенің есте болғаны абзал.

Ұлт тарихында өзіндік орны бар тұлғалар туралы естелік жазу бұрыннан бар үрдіс. Жалпы естелік жанрының өмірге келуін ғалымдар Ксенофонттың Сократ туралы естеліктерімен байланыстырып жүр. Біздің ұлттық әдебиетте де бұл жанрдың өмірге келуі орта ғасырлардағы жазбалармен байланысты. Дәлірек айтқанда М.Х.Дулатидың «Тарих-и-Рашиди» атты мемуарлық еңбегі осы жанрдың бастауы деп есептеп жүрміз.

XX ғасырдың басы қазақ тарихындағы елеулі кезең. Қазақ даласынан ұлт азаттығы үшін күрескен бірнеше ұлт қайраткерлері шықты. Осындай алаш арыстарының арасында Мұстафа Шоқайдың орны ерекше. Ел тәуелсіздігінен кейін ғана толымды зерттеудің нысанына айналған М.Шоқайдың өмірі мен күрескерлік жолы әлі толық зерттеліп, өзінің тарихи бағасын алды деп айта алмаймыз. Сан қырлы қайраткердің саяси-күрескерлік тұлғасын ашуда сүйген жары Мария Шоқай естелігінің мәні зор. Мұстафа Шоқай мен Мария Яковлеваның естеліктері 1997 жылы түрік ғалымдарының құрастыруымен жарық көрсе, оның қазақ оқырмандарына жол тартуына себеп болған ғалымдар Әбу Төкенов пен Мәмбет Қойгелді. Аталған ғалымдар естеліктің түйін сөзінде: «Осы күнге дейін Мұстафа Шоқайдың өмірі жайлы толық ғұмырнама жазылмапты. Бұл жинақ осы кемшіліктің орнын толтырарлық көптеген мәліметтерге, кісі аттарына, саяси оқиғаларға бай. Мұстафа Шоқайдың естелігінде 1917 жыл оқиғалары үлкен дәлдікпен шынайы баяндалса, 1918-1941 жылдар аралығындағы ғұмыры оған осы кезеңде сүйікті жар, сенімді дос, қамқоршы бола білген Мария Шоқайдың естелігінде суреттеледі. Бұл естелік саясаткер емес, қарапайым адамның көрген, сезген, көңіліне тоқығандарына негізделеді»[8, 237-238], - деп Мария Шоқай естеліктерінің тарихи мәніне жоғары баға берген.

Мария Шоқай өз естеліктерін жары Мұстафа Шоқайдың қазасынан кейін барып жаза бастайды. Бұған дәлел ғалым Ә. Такенов пен М.Қойгелдиев «М.Я.Шоқай бұл естеліктерін 1941 жылдың 27 желтоқсанындағы қайғылы қазадан соң жаза бастаған және сол кездегі «Яш Түркістан» газетінің секретары әрі бөлім меңгерушісі доктор А.Октай мырзаға жолдап отырған.»[8, 84], - деп жазады.

Естелік Мария Шоқайдың: «Оқырмандардан бұл шығарманың әдеби көркемділігіне аса мән бермеулерін өтінемін. Өйткені мен шығарма жазуға қабілетсізбін. Әсіресе, өмірбаян жазу қиын нәрсе. Өзімнің ең жақын адамым туралы толқымай отырып жазу да мүмкін емес еді.

Дүниеден қайтқан адамды еске алғанда оның өткен өмірі, істеген әрекеттері көз алдына елестеп, жанды бейнеге айналатыны сондай,



жазылғандарды оқ отырып оның өмірінің кейбір тұстарының ұмыт қалғанын көресің. Көресің де толықтыра түскің келеді, ойың сан-саққа жүгіреді. Міне сондықтан да оқырман менің естеліктерімде де тастап кету, қайталау сияқты олқылықтардың кездесуі мүмкін. Солай бола тұрса да мен өз қабілетім мен мүмкіндігім жеткенінше арымның алдында жауап бере отырып, жетістіктері мен қателіктерін ешбір қоспасыз айтып, марқұм күйемнің портретін суреттеп шығуға тырыстым»[8, 85],-деген кіріспе сөзінен басталады. Естелік жазу – үлкен жауапкершілік, тарихтың, ар мен адамгершіліктің алдындағы жауапкершілік. Сонымен бірге автордың естелік кейіпкеріне деген ықыласы, ілтипаты, құрмет-ниеті. Олай болмаған жағдайда естеліктің шынайы жазылуы да мүмкін емес. Мария Шоқай кіріспесінен ең алдымен байқалатыны осы жауапкершілікті сезіне алғандығы және өзінің сүйген жарына деген ыстық ықыласы мен ілтипаты.

Кіріспеден соң өз жұбайының өскен ортасы, балалық шағы, студенттік кезеңі мен қоғамдық-саяси өмірге араласа бастауы туралы баяндайды. Мұстафадан естіген әңгімелерін баяндау кезінде автор жадының мықтылығын көреміз. Өзге ұлттан бола тұра қазақ әулетінің шежіресін толықтай білуі таңқалдыратын жағдай екендігін де айта кетуіміз керек. Сондай-ақ, бұл кезеңдерді жалаң баяндау түрінде емес, Мұстафа хаттарын бере отырып нақтылығы мен шынайылығына баса назар аударады.

Кіріспеде айтып кеткендей автордың алдына қойған мақсаттарының бастысы Мұстафа Шоқайдың «портретін суреттеу». «Оның мінезі өте жұмсақ әрі нәзік болатын. Ол көпшілікті басқару үшін мемлекет-саясат адамының тез шешімге келе алатын, қатал мінезді болу керектігін білетін. Ешқашан өз мінезін түзетуден және оқудан жалыққан емес.

...Түрлі саяси көзқарастағы адамдарды және олармен пікір таластырғанды ұнататын. Өте сабырлы болып, қарсыласының пікіріне қызмет көрсететін. Ең үлкен кемшілігі де оның сенгіштігі еді, осы тез иланғыштығының кесірінен үлкен қиындықтарға да ұшыраған. Адамдардың азғантай адамгершілікке жатпайтын әрекеттеріне ренжіп қалатын»[8, 101], - деген жолдардан Мұстафаның адамгершілік, азаматтық болмыс-бітімі анық көрінеді. Авторлық баяндау кезінде өз кейіпкеріне деген жылы ілтипат анық сезіледі.

«Мұстафа Шоқайұлы студенттік жылдарында да, саяси қызметке араласқан жылдарында да ешбір партияға мүше болған емес. Социализмнің титтей де қоспасы жоқ демократ болатын. Өз отаны мен халқын жанындай жақсы көретін және халқының келешегі мен тыныштығы үшін еш аянбайтын. Саясатшылардың арасында соғысты жақтайтындар да, бейбітшілікті жақтайтындар да бар. Мұстафа Шоқай бейбітшілікті жақтаушы, ұлтжанды саясаткер еді»[8, 101], - дейді. Жары Мария Шоқайдың бұл жазбасынан Мұстафа өзінің өмірін туған халқының тұтастығына, бірлігіне арнағандығын аңғаруға болады. Және бұл жолда өзінің қызмет бабында ғана емес, тұрмыста да күресе білгендігінің көрінісі.

«Ол студент бола жүріп 1914 жылғы соғыс басталған соң Мемлекеттік Думаға хатшы болып кіреді. Мемлекеттік думаның Мұсылман Фракциясы Хатшылығына оны Бөкейхан орналастырады. Осы жерде Мұстафа тұңғыш рет түрік-татар халықтарының саяси өміріне араласа бастайды. Еділ татарлары, Қырым татарлары, Орал татар-башқұрттары оған түрлі саяси міндеттер жүктейтін, Мұстафа да бұл міндеттерді өте жақсы орындап шығатын»[8, 102], - деп жазады Мария Шоқай. Бұл естеліктен біз Мұстафа Шоқайдың алғаш түркі халықтарының бірлігі мен «тұтас Түркістан» идеясын студент кезден ұсанғандығын, күрескерлік жолы осы тұста басталғанын аңғарамыз. Ал оның мемлекеттік саяси қызметі 1917 жылдың жазынан басталады. М.Шоқай шенқұмарлықтан, менмендіктен аулақ болатын. Саяси интрига мен адамдардың жағымпаздығына жиіркеніш сезіммен қарайтын. Ардайым соғыс саясатын емес, бейбіт саясатты жақтаушы оның бар арманы Түркістанның Большевиктерден құтылуы болды, - деп еске алады жары Мария Шоқай.

«Алла елімнің тәуелсіздікке қол жеткізгенін көруді нәсіп етсе, мен тек қана саяси үгіт ісімен айналысар едім. Жастар үкімет құрса, мен елімнің тарихы және басқа өлке халықтары туралы тамаша кітаптар жазумен шұғылданар едім»[8, 106], - деп қиялдайтын дейді. М.Шоқай үшін бұл жәй қиял болмады. Күрескерлік жолын тек осы арман-мақсатына арнады. Осы жолда өмірінің соңына дейін аянбай еңбек етті. Эмиграцияда жүріп те елінің тәуелсіздігі, түркі халықтарының бостандығы жолында күресе білді.

Мария Шоқай естеліктерінің шоқайтанушы өзге ғалымдардың зерттеулерінен ерекшелігі М.Шоқайдың қайраткерлік, күрескерлік болмысын ашумен қатар, адами құндылықтарын шынайы суреттей білуінде. Жалпы, естелік жазуға талпынған кез келген адамның ең алдымен шығармашылық әлеуеті жоғары болуы қажет. Белгілі бір тұлғалардың шынайы бейнесін жасау, өзі өмір сүрген кезеңмен қатар адам болмысын ашу, сол кезеңнің тарихи, саяси сипатын суреттеу ол барлық автордың қолынан келе бермейтін дүние. Ал, Мария Шоқай естеліктерінде мемуарға тән талаптар толығымен көрініс таба білген.

Профессор Б.Кенжебаевтың: «Мемуарлық шығарма тарих ізімен, тарихи шындыққа сай жазылады. Оның авторы, өзіне үлкен талаптар қоя отырып, басынан өткендерін, көрген-білгендерін, әр кездегі ойларын бүркемей, боямай, бұрмаламай, ашық, дәл, нақты жазады; өзінің шын сыры, бір кездегі ізгі мақсаты, арманы етіп баяндайды», - деп қорытады.

Жалпы, әдебиеттану ғылымында әлі де болса толығымен зерттелмей келе жатқан, дегенмен белсенді жанр ретінде танылған мемуарды біз екі топқа бөліп қарастыруымызға болады. Бірі деректі-публицистикалық, екіншісі көркем-дерекнамалық. Осы тұрғыдан алғанда Мария Шоқайдың естеліктерін біз көбіне екінші топқа жатқызуымызға болады.

Орыс жазушысы К.Ваншенкин «Мемуарды тек әдебиетшілер ғана жазбайды. Оның тамаша үлгілерін артистер, суретшілер, ғалымдар,

әскерилер, яғни роман немесе әңгіме жазу ойына келмейтіндер жазады»[9, 62], - деп тұжырымдайды. Әрине, біз Мария Шоқайды мемуарист жазушы ретінде қарастырмаймыз. Алайда, оның жары М.Шоқай жайлы жазған публицистикалық, көркем-дерекнамалық естеліктерін бұл жанрдан бөліп қарай алмаймыз. Автордың М.Шоқайдың шежіресінен бастап мектептегі шағы, лицейдегі кезеңі, қоғамдық-әлеуметтік өмірде, саясатта деп бірнеше топқа бөліп қарастыруының өзі жазушының үлкен мақсатынан туындаған дүние екендігін аңғартады.

«Мемуарлық шығарманың өзгешелігі суреткердің өз замандастарымен қарым-қатынасын, өмірге деген көзқарасын, күйініші мен сүйінішін әрбір эпизодта өзекті мәселе етіп алып, өз шешімін, өзіндік дүниетанымын ұсынып отыруында»[10, 170], - деген пікір тұрғысынан қарасақ, Мария Яковлевна өз кейіпкерінің бейнесін қоғам, қоршаған орта, сол кезеңнің саяси ұстанымы аясын ескере отырып жасағандығына көз жеткіземіз.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Л.И.Тимофеев. Основы теорий литературы. М.; «Просвещение». 1971.
2. З.Қабдолов. Сөз өнері. Алматы. «Қазақ университеті». 1992. 352 бет.
3. С.Мақпыров. Адамтану өнері. Алматы. «Арыс». 2009. 214 бет.
4. Л.Лейдерман. Движение и времени и законы жанра: Жанровые закономерности развития советской прозы 60-70-е годы. Свердловск. 1982. Т.М.Колянич. Воспоминания писателей: проблемы поэтики жанра. Монография. – М. , 1998.
5. Н.Н. Кознова. Мемуары русских писателей-эмигрантов первой волны: концепций историй и типология форм повествования. Автореферат доктора фил. наук. Москва. 2011.
6. Қ.Байтанасова. Эмиграция әдебиетіндегі идеялық-көркемдік сабақтастық. Астана. 2013. Л.Н.Гумилев атындағы ұлттық университеті оқу-өндірістік типографиясы. 351 бет. 175-бетте
7. Такенов Ә., Қойгелдиев М. Мұстафа Шоқай-Мария Шоқай: Естеліктер. Turk dunyasi arastirmalari vakfi, Istanbul, 1997. 271 б.
8. Қ.М.Байтанасова «Орыс мемуаристикасының қалыптасуы» Абай атындағы ҚҰПУ Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы №4(34) 2010 ж., Алматы
9. М.Хасенов. Мемуарлық шығармалар және оның жанрлық табиғаты. // Жанр сипаты. Алматы. Ғылым. 1971. Құрастырушы: М.Атымов. 269 бет.

## МҰСТАФА ШОҚАЙ ЖӘНЕ АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ

### Әмірхан Бәкірұлы

Алашорда үкіметі мен Түркістан автономиясының құрылғанына 100 жылдан асып барады. Бұл екі мемлекет тарихшылар мен мамандардың пікірі бойынша Алаш қозғалысының басты нәтижесі болып саналады. Әрине, бұл пікірді құптамайтындар да бар. Олар Әлихан Бөкейхан мен Мұстафа Шоқай арасындағы пікір айырмашылықтарын алға тартады. Расында, Бөкейханның әуелде Түркістан автономиясын қаламағаны рас. Түркістан өлкесінде тұрып жатқан діни фанатизімі басым, қаранғы халықпен бірігуге қарсы болып: «Қазақ Түркістанмен бір автономия болса, автономия арбасына түйе мен есекті пар жеккен болады. Бұл арбаға мініп біз қайда барамыз?!» деген еді. Десе де, Бөкейхан Түркістан автономиясына үзілді-кесілді қарсы болмаған. Себебі, ұлт-азаттық қозғалысқа Түркістан өлкесінің халқы қосылмай, азаттық жолындағы жеңіске жету қазақтарға да қиын болатынын Алаш қайраткерлері жақсы білді. Белгілі ғалым Сұлтан Хан Аққұлы «Под «единым Туркестаном» Мустафы Шокая подразумевалась «Мусульманская федерация восточной России» атты мақаласында былай дейді: «Фактически решение о создании Туркестанской автономии (мухтариата), более известный как «Кокандская автономия», было принято не в Коканде, и не на 1У чрезвычайном Всемусульманском съезде, а в Орунбурге, и в резиденции (!) Алихана Букейхана...». Қазақшалап айтқанда, Мұстафа Шоқай, Мухаметжан Тынышбаев және басқалары 1917 жылы 26 қарашада Қоқан қаласында Түркістан мұсылмандарының 1У төтенше құрылтайы жариялаған Түркістан автономиясы Уақытша үкіметінің комиссары Әлихан Бөкейханның резиденциясында жоспарланып, жүзеге асырылды дейді. Алаш қайраткерлері бұл жоспардың негізгі мақсатын жаңадан құрылған Түркістан автономиясы келешекте бір тұтас түрк мемлекетінің субъектісі болады деп түсіндірген көрінеді. Айта кету керек, Алашорда үкіметі мен Түркістан автономиясы құрылмай тұрып, Алаш қайраткерлерінің қатысуымен бір тұтас Түркістан туралы идея бірнеше жиылыста қаралып, талқыланған болатын. Алайда, бұл мәселе бойынша Бөкейхан, Шоқай және басқалары бірыңғай бір мәмлеге келмеген сияқты. Сол күндері Мұстафа Шоқай қайшылықта қалып жүрді. Түркістан өлкесінде жоспарланып отырған екі мемлекетті орыстар «еркіне қалдырады» деп, ойлаған жоқ. Өзінің ой-пікірлерін Қоқан және Алашорда үкіметтерінің басы-қасында жүрген зиялы азаматтарға жеткізді. Негізінен Мұстафа Шоқай екіге бөлінбей, бір тұтас

Түркістан мемлекетін құрғанды жөн көрді. Алашорда қайраткері Міржақып Дулатов 1929 жылы 30 қарашада Біріккен саяси Бас басқармасына берген жауабында былай деген: «Біздің съезіміздің аяғына қарай Қоқаннан Мұстафа Шоқай келді. Ол қазақ автономиясының жеке құрылуына қарсы болып, Түркістанмен бірігуге үгіттеді және Түркістан үкіметінің құрамына өзі және Тынышпаев Мұхаметжан кіргенін айтты...». Мұстафа Шоқай біріккен жағдайда ғана большевиктердің қарулы шабуылына қарсы тойтарыс беруге болатынына сенді. Бірақ ұлт жетекшілері бұл ұсынысты қабыл алмады. Ақырында, Мұстафа Шоқай «бүкіл қазақ жері Түркістан автономиясына біріктірілсін» деген алғашқы ұсынысынан бас тартуға мәжбүр болды. Қоқанға барып құрылтайшылар алдында былай деді: «Қазіргі жағдайда толық жарамды мемлекет құру оңай емес. Оған лайық тәжірибе де, кадр да, келешек автономияны қорғайтын қарулы күш те жоқ. Біз Ресеймен достық қалыпта, бейбіт өмір сүруіміз керек. Осыған географиялық жағдайдың өзі еріксіз көндіреді. Мен Кеңестердің саясатын қабыл алмаймын, бірақ большевиктердің қиратушы күшіне сенемін...». Өкінішке қарай, құрылтайшылардың қалауы болды. Үш күнге созылған құрылтай қаулы қабылдап, Түркістан автономиясын жариялады. Мұстафа Шоқай жауапкершіліктен қашқан жоқ. Құрылтай жиналысына төрағалық етті. Автономия қаулысын өз қолымен жазып, өз аузымен жариялады. Дегенмен әлсіз үкіметтің төрағасы да, мүшесі де болғысы келмеді. Бұл пікірін ашық айтып, үкіметтен тыс қала отырып, қолдау көрсететінін мәлімдеді. Бірақ құрылтайшылар оған көнбей, үкімет құрамына кіргізіп, оған сыртқы істер министрінің міндетін жүктеді. Бірінші министр және ішкі істер министрі болып Мұхамеджан Тынышпаев тағайындалды. Бірақ тартқыншақтық білдіріп, үкіметті дұрыс басқара алмады. Нақтылап айтқанда, Уақытша үкімет қаржы мәселесін шешу мақсатында жергілікті мемлекет банктерін тәркілеу жөнінде қаулы қабылдаған болатын. Алайда «жаңа үкіметтің бұл қадамы большевиктердің наразылығын тудырады» деген желеумен Тынышпаев қаулыны орындаудан бас тартты. Уақытша үкіметтің мүшелері бір келісімге келемін деп жүргенде большевиктер Қоқандағы банктердің бар ақшасын сыпырып, Ташкентке алып кетеді. Министрлер кеңесі Тынышпаевтың бұл әрекетін «саботаж» деп бағалап, оны қызметінен босатып, орнына бірауыздан Мұстафа Шоқайды сайлайды. Айта кету керек, Мұстафа Шоқай жаңа үкіметтің негізін қалауға белсене кірісті. Уақытша үкіметтің бағдарламасын бекіткен соң, қарулы күштерін, қаржы істерін, салық жүйесін және автономияның мекемелерін ұйымдастыру үшін

бірқатар қаулылар қабылданды. Кейбірі жүзеге асырыла бастады, яғни 30 миллион сомның заемы шығарылып, таратылды. Автономияны қорғауға қажет қару-жарақ пен оқ-дәрі сатып алынды. Азық-түлік сатып алуға министрлердің бірі Кавказға жіберілді. Қаладағы шаруа мен жұмысшыларды автономияның туы астына біріктіруге, сол кездегі көне мемлекеттік аппараттарды тапртуға күш салынды. Тіпті, сайлау туралы Заң да қабылданды. Сонымен қатар, большевиктермен келісім сөз жүргізілді. Революция көсемі В.И.Лениннің атына жедел хат жіберіліп, заңсыз құрылған Кеңес үкіметінің билігін тоқтатып, Түркістан Уақытша үкіметін тану сұралды. Айта кетейік, Мұстафа Шоқайдың дұрыс жүргізген саясатының арқасында Түркістан автономиясын Украинаның Орталық Радасы, Бацкүрт үкіметі және басқа мемлекеттер мойындаған. Дегенмен большевиктер Мұстафа Шоқай басқарған Түркістан Уақытша үкіметіне ультиматум жариялап, үзілді-кесілді Кеңес үкіметіне бағынуды талап етті. Мұстафа Шоқай мен кабинет мүшелерін тұтқындап, жазалауға құштар болған жалғыз большевиктер болмай шықты. Түркістан автономиясына қарасты қарулы жасақты басқарған Құрбашы Иргаш (Ибрагим Ходжиев) «елімізді жаулардан («от большевиков и неверных») босатып аламыз» деп, күтпеген жерден төңкеріс жасайды. Қоқан үкіметінің әскери қолбасшысы М.Чанышев және қарамағындағы орыс офицерлерін қамауға алып, үкімет мүшелерін түгелдей жазалауға бұйрық береді. Кешікпей Үкімет мүшелерінің бірқатары қамауға алынып, қалғандары Қоқан қаласының кетіп үлгіреді. Солардың қатарында Мұстафа Шоқай да болды. Автономистерге қарсы төңкерісті ұйымдастырған Улемистер (Шуро-и-Улема) Қоқан хандығының қайта құрылғанын және Ергаштың Хан сайланғанын жария етеді. Осыдан кейін Ергаш және оның шағын әскері Қызыл әскерімен ашық шайқасады. Сол күндері Ресейден тұрақты әскер тиелген 11 эшелон жіберілген болатын. Жолай оларға Қызылорда уезіндегі Ақмешіт пен Қазалы қыстағында шоғырланған қызыл әскердің бөлімшелері қосылады. Ол аз болғандай, Кеңес үкіметі жедел «шаруалар армиясын» құрып, құрамына 17-50 жас аралығындағы ұлты орыс және армян азаматтары кірді. Әсіресе, «шаруалар армиясына» әдейлеп кіргізген «дашнактар» (ұлтшыл армяндар) өздерінің қатыгездіктерімен айрықша көзге түсті. Сонымен қатар, большевиктер қарулы күштерін жасақтап үлгірмеген үкіметке қарсы зеңбіректер мен аэропландар пайдаланды. Нәтижесінде, ондаған қаладағы кеңселер, мектептер, дүкендер және мешіттер қираған. Кейбір деректер бойынша 11 000-ға жуық жеке үйлер күлге айналған, 15 000-ға жуық

қаланың бейбіт тұрғындары қаза тапқан, дүние-мүліктері талан-таражға салынған. Қысқасы, Қоқан қаласының басым бөлігі 3-4 күн ішінде жермен бірдей болып тегістелген. Соңы азаматтық соғысқа ұласқаны белгілі. Тек, отызыншы жылдары ғана Кеңес үкіметі басмасшылардың қарсылығын біржолата жойып, жеңіске жетті. Кеңестік Қазақстан тарихнамасында Мұстафа Шоқай басқарған Түркістан автономиясын большевиктердің тұрақты әскері қанды қырғынмен таратты дейді. Бес томдық Қазақстан тарихының төртінші томындай былай делінген: «...1918 жылы ақанның басында Қызыл гвардияның отрядтары автономияның аздаған күшін тас-талқан етті. Автономия басшыларының бір бөлегі атылды, қалғандары қамауға алынды. Мұстафа Шоқай қашып құтылды». Алайда, өзбектің ғалымы, академик Р.Абдуллаев өзінің шығармаларында былай дейді: «Мустафа Шоқай из-за своей молодости не справился с должностью главы правительства Кокандской автономии. Ибо он не смог предотвратить боевые столкновения между плохо-вооруженными силами этой автономии и красноармейцами советской власти. Более того, правительством Кокандской автономии, главой которого он являлся, 18 февраля 1918 года была свергнута не советской властью большевиков, а религиозной организацией «Шурай-и-Улема», с целью восстановления Кокандского ханства, с провозглашением ханом этого исламского монархического государства, Иргаша». Әрине, тарихтың бұл тұстарын айқындау керек. Кеңес кезеңіндегі Қазақстан тарихының саяси желеулермен толық зерттелмей немесе бұрмаланған кейбір маңызды тұстарын жаңа көзқарастар тұрғысынан қайта қараған дұрыс шығар. Осы уақытқа дейін қос үкіметке («Алашорда» мен «Түркістан автономиясы») сыртқы істер министрі болған Мұстафа Шоқайдың бір тұтас Түркістан туралы идеясы пікір талас туғызып келеді. Түркиядағы Мимор Синан көркем өнер университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Ә.Қара: «...Мұстафа шоқайдың Еуропа елдерінде әлемге жар салып айытып жүрген бір тұтас Түркістан идеясы өзінің жеке идеясы емес, қайта 1918 жылдың күзінде, ішінде Бөкейхан да бар, Алашорда жетекшілерімен қабылданған ортақ шешімдері» дейді. Бұл пікірді Сұлтан Хан Аққұлы да қолдайды. Дәлел ретінде Башқұрт жетекшілерінің бірі Заки Валиди Тоган естеліктерінен үзінді келтіреді: «Алихан Букейхан, Мухамеджан Тынышбаев, Мустафа Чокаев и я говорили с Юсуфом Акчуриным о замысле создания в Самаре «Федерации юго-восточных мусульманских областей». Когда речь зашла о предполагаемом названии будущего государства, Акчурин посоветовал именовать его «Федерацией

восточных турков». Алихан в свою очередь внес свои коррективы. Он сказал, что следует избегать названий, которые давали бы русским повод для наклеивания на нас ярлыка пантюркизма. В будущем и такое название вполне может стать приемлемым, а пока надо ограничиться «Мусульманской Федерацией Восточной России». Қалай дегенде де, Мұстафа Шоқай бір тұтас Түркістан идеясы жолын ұстаушы екені ақиқат. Осы идея үшін өмірінің соңына дейін күресті. Оның айғағы – Мұстафа Шоқай басқарған «Түркістан автономиясы» және Батыс елдерде бастырып шығарған кітаптары мен журналдары, саяси-қоғамдық пулицистикалық мақалары. Кеңестік кезеңде билік басындағы идеологтардың деректеме базасын шектеп отырғандары рас. Қазіргі кезде бұрын жабық болып келген мұрағат қорлары толық ашылды. Сондықтан да, тарихшылар мен мамандардың Мұстафа Шоқай, Әлихан Бөкейхан және басқа Алаш қайраткерлеріне байланысты тарихи оқиғаларды терең зерттеп, ғылыми тұрғыдан дәлелдеп жазғандары дұрыс.



## МАЗМҰНЫ

<b>Бисенов Қ.А.</b>	3
Мұстафа Шоқайтану: өткені мен бүгіні .....	
<b>Әбжанов Х. М.</b>	6
М.Шоқай мұрасы және ұлт зиялысын зерттеу методологиясы.....	
<b>Ахмет А.Қ.</b>	11
Түркістан легионері Ғ.Бейісов Мұстафа Шоқай хақында.....	
<b>Түрсүн Х.М.</b>	16
Көшім Есмағамбетов - мұстафатану ғылыми мектебін негіздеуші...	
<b>Бәкір Ә.Қ.</b>	23
Отандық мұстафатану ғылымының бүгіні жайлы бірер сөз.....	
<b>Тұяқбаев Ғ.Ә.</b>	30
Мұстафа Шоқай - қазақ эмигранттық журналистикасының негізін қалаушы.....	
<b>Сәтбай Т.Я.</b>	37
Мұстафа Шоқай және бүгінгі түркі елдерінің бірлігі.....	
<b>Ильясова К.М.</b>	41
Скрипкашы Әлім Алмат және тұтқындар тағдыры.....	
<b>Спанов С.Ж.</b>	48
Мұстафа Чокаев и Большевизм.....	
<b>Жусупбекова Б.А.</b>	57
Мұстафа Шоқай - ұлт тәуелсіздігі үшін күрескен тұлға.....	
<b>Баймаханова Ш.Ү.</b>	60
М.Шоқай идеяларының өзектілігі: кеше және бүгін.....	
<b>Баймаханова Ш.Ү., Аубакирова Қ.</b>	65
«Түркі бірлігін ту еткен тұлға».....	
<b>Тайман С.Т., Шарапова Қ.Ә.</b>	69
Мұстафа Шоқайдың тәуелсіздік үшін күресі.....	
<b>Хакан А.</b>	72
Мұстафа Шоқай және Қоңырқожа Қожықов.....	
<b>Насух Г.</b>	76
Мұстафа Шоқайдың Алаш қайраткерлерімен байланысы.....	
<b>Базарбаев Қ.Қ.</b>	81
Басмашылық қозғалысы қарсаңындағы Түркістан зиялыларының қызметі.....	
<b>Кенжебекова Р.</b>	86
Түркі халықтарының идеологы Мұстафа Шоқайдың қоғамдық қызметі.....	
<b>Ысымұлы А.</b>	92
Түркі әлемінің тұлғасы.....	
<b>Мұсабаева А.Н.</b>	101
Рухани жаңғыру - Мұстафа Шоқай тәуелсіздік идеясы.....	

<b>Егізбаева С. Ә.</b>	104
Мұстафа Шоқай - тәуелсіздік күрескері.....	
<b>Қайықбаева Ж.Ж.</b>	107
Мұстафа Шоқай - ұлт жанашыры.....	
<b>Ибраев Ғ.</b>	111
Мұстафа Шоқай - борец за создание единого Туркестана.....	
<b>Ибраев Ғ.</b>	118
Истоки и сущность советского и европейского тоталитаризма.....	
<b>Ідірісова Ә.М.</b>	122
Ұлт жанашыры - Мұстафа Шоқай.....	
<b>Бакирова С.З.</b>	126
Мұстафа Шоқай - әлемге танылған тұлға.....	
<b>Калмұратова Ж.А</b>	131
Мұстафа Шоқай - қоғамдық және саяси қайраткер.....	
<b>Пришова Л.С.</b>	135
Мұстафа Шоқай - ел тәуелсіздігі жолындағы күрескер.....	
<b>Әзімов Н.Б.</b>	142
Мұстафа Шоқай ұлттық сана және ұлт тарихы жайында.....	
<b>Бектұрғанов Қ.Б.</b>	146
Мұстафа Шоқай және Қазақстандық әскери тұтқындардың өзара қарым-қатынасы.....	
<b>Омаров Д.К.</b>	150
XX ғасыр басындағы ұлттық интеллигенция және рухани даму мәселелері.....	
<b>Байгунаков Д.С.</b>	155
Мұстафатанушы К.Л.Есмағамбетовтың ғылыми ізденістеріндегі кейбір мәселелер.....	
<b>Тұрсұн Х.М.,Вахдет Т.</b>	162
Мұстафа Шоқайдың толық шығармалар жинағы туралы.....	
<b>Бәкір Ә.Қ.</b>	168
Мұстафа Шоқай және Петербургтегі кезең.....	
<b>Бәкір Ә.Қ.</b>	185
Әлихан Бөкейхан Мұстафа Шоқайдың да ұстазы болған.....	
<b>Бәкір Ә.Қ.</b>	195
Мемлекеттік Дума және Мұстафа Шоқай.....	
<b>Саралидзе Л.</b>	201
Мұстафа Шоқай и грузинская политическая эмиграция.....	
<b>Аңсатова М.Н.</b>	207
Мұстафа Шоқай еңбектеріндегі XX ғасырдың 20-30ж. Қазақстандағы мәдени құрылыс мәселелері.....	
<b>Тайман С.Т.</b>	212
Мұстафа Шоқай еңбетеріндегі кеңестік қуғын - сүргін мәселелері...	

<b>Қараманова М.С.</b>	216
Личность М. Шокая как идеолога независимости тюркских народов	
<b>Әбілсейіт М.</b>	219
Шоқайтануға қосылған сүбелі еңбек.....	
<b>Әбілсейіт М.</b>	223
Атырау ғалымдары Мұстафа Шоқайға тағзым етті.....	
<b>Жүсіпов С.</b>	225
М.Шоқай мұралары - отандық тарихтың маңызды дереккөзі.....	
<b>Еркебаева К.М.</b>	234
Мұстафа Шоқай қызыл империяның Қазақстандағы жүргізген саясаты туралы.....	
<b>Ержанова А.А.</b>	241
Мұстафа Шоқай еңбектерінің жастар тәрбиесінде алатын орны.....	
<b>Айтбайұлы Қ.</b>	246
Мария (Жақыпқызы) Шоқай.....	
<b>Нұрманова А.Ұ.</b>	250
Мұстафа Шоқай шығармаларындағы туған жерге сүйіспеншілік.....	
<b>Рыстыкулова А. К.</b>	256
Алашқа айбар болған ұлы тұлға.....	
<b>Жамиева А.Қ.</b>	263
Алаштың ардақты көсемі - Мұстафа Шоқай.....	
<b>Көшерова Г.Н.</b>	267
Мұстафа - рухы биік тұлға.....	
<b>Жарболова А. С.</b>	272
Мұстафа Шоқай: аңыз және ақиқат.....	
<b>Мурынбаева Б.Т.</b>	276
Мұстафа Шоқайдың тұлғасы мен тағдыры.....	
<b>Ибраева А.С.</b>	279
Мұстафа Шоқай - Алаш қозғалысының төл перзенті.....	
<b>Нұрманова Г.С.</b>	284
Мұстафа Шоқай - шоқтығы биік тұлға.....	
<b>Сыздыкова У.С.</b>	288
Алаш арысы - Мұстафа Шоқай.....	
<b>Асуатов А.</b>	292
Мұстафа Шоқай және 1916 жылғы азаттық көтеріліс.....	
<b>Оразалиева Г.И., Асылбекова Н.О.</b>	295
Музей экспозициясындағы М. Шоқайға қатысты жәдігерлер.....	
<b>Баймурзаева Е.Ә.</b>	298
Мұстафа Шоқай мұраларындағы тәуелсіздік идеялары.....	
<b>Ибрагимова К.И.</b>	303
Мұстафа Шоқай және Алаш зиялылары.....	

<b>Жұмағұлова М.Ш., Әбенова Р.И.</b>	309
Мұстафа Шоқай Орта Азиядағы басмашылар қозғалысы туралы.....	
<b>Абдразакова А.У.</b>	314
Мұстафа Шоқай еңбектеріндегі тәуелсіздік идеясы.....	
<b>Сахиев С.Е.</b>	318
Түбі бір түркінің тұтастығын мақсат еткен Алаш қайраткері.....	
<b>Төлепберген Қ.Қ.</b>	321
Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қоғамдық - саяси қызметі.....	
<b>Вахдет Т.</b>	328
Мұстафа Шоқай шығармашылығындағы түркілік бірлік идеясының мәні.....	
<b>Асанбаева А.Ж.</b>	334
Мұстафа Шоқай - Алаштың ұлы тұлғасы.....	
<b>Рахметова Ж.С.</b>	341
Қазақстан тарихы сабағында Мұстафа Шоқай мұраларын насихаттау.....	
<b>Тайман С.Т., Жанибай С.Б.</b>	344
Мұстафа Шоқайдың ғылыми мұрасы.....	
<b>Алимбетова З.Б.</b>	348
Шоқайтану ілімін толықтыру - ұрпаққа міндет.....	
<b>Абенов Е.М.</b>	354
XX ғасыр басындағы Қазақстандағы мұсылмандық қозғалыс және мемлекеттілік мәселесі.....	
<b>Өтешова А.Ө.</b>	359
Ел еркіндігін іздеген ер - Мұстафа Шоқай.....	
<b>Жусупбекова М.Қ.</b>	363
Мұстафа Шоқайдың еңбектеріндегі тәуелсіздік идеясы.....	
<b>Әбілов А.Ә.</b>	366
Мұстафа Шоқай және 1916 жылғы оқиға.....	
<b>Тухмарова Ш. К.</b>	370
Егемендігім деген ер тұлға.....	
<b>Тайман С.Т., Жанибай С.Б.</b>	381
Мұстафа Шоқай еңбектеріндегі білім мәселелері.....	
<b>Табынбаева Б.С.</b>	385
Отан тарихын зерттеуде Мұстафа Шоқай мұраларының маңызы.....	
<b>Орда Г.</b>	389
Қазіргі әдебиеттегі Мұстафа Шоқай бейнесі.....	
<b>Жусупбекова Б. А.</b>	400
Мұстафа Шоқай және Әміре Қашаубаев.....	
<b>Бахтиярова С.Б.</b>	402
Мұстафа Шоқай еңбектерінің әдеби мұрамызға қосқан үлесі.....	

<b>Айтимов М.К.</b>	
Алаш қайраткерлерінің қазіргі қазақ прозасындағы көркем бейнесі.....	410
<b>Қамзаева К.С.</b>	
Шоқай бітіміндегі рухани болмыс.....	416
<b>Жанбершиева Ұ.Н.</b>	
Мұстафа Шоқайдың эпистолярлық мұрасы.....	421
<b>Оралова Г.С.</b>	
М.Шоқайдың публицистикалық мақалаларындағы өмір шындығы...	425
<b>Қамзаева К. С.</b>	
М.Шоқайдың халықаралық тақырыпқа жазған мақалаларының стильдік ерекшеліктері.....	430
<b>Абасилов А.М.</b>	
Мұстафа Шоқайдың «Яш Түркістан» журналындағы сыни және талдама мақалалары.....	436
<b>Боранбай Б.Е.</b>	
Мұстафа Шоқай шығармаларының стильдік ерекшеліктері.....	445
<b>Абдразахова А.К.</b>	
Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» дастаны мен Мұстафа Шоқай публицистикасындағы азаттық, тәуелсіздік идеясы.....	450
<b>Құдайбергенова К.Т.</b>	
М.Шоқай мен Әлихан Бөкейхановтың ұлттық руханиятқа қосқан үлесі.....	456
<b>Байболова А.Т.</b>	
Мұстафа Шоқайдың әдебиет пен өнердегі бейнесі.....	461
<b>Жәрімбет Ғ.А.</b>	
Қос Мұстафаның тәуелсіздік жолындағы күресі.....	465
<b>Жәрімбет Ғ.А., Бақыт Қ.</b>	
М.Шоқай және Ғ.Бірімжанов.....	469
<b>Құдайбергенов Қ.Қ.</b>	
Мұстафа Шоқай - саяси ұстанымынан таймаған ірі тұлға.....	473
<b>Джумалиева Л.Т.</b>	
Бүкіл түркі әлемінің ұлы перзенті – Мұстафа Шоқайдың қоғамдық саяси қызметі.....	478
<b>Айтбаева А.Е., Т.Орынбасар</b>	
Р.Отарбаевтың «Мұстафа Шоқай» драмасындағы ұлттық қаһарман бейнесі.....	482
<b>Жолмаханова А.Б.</b>	
Мария Шоқай естеліктеріндегі образ жасау ерекшелігі.....	486
<b>Бәкірұлы Ә.</b>	
Мұстафа Шоқай және Алаш қозғалысы.....	492

**РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: МҰСТАФА ШОҚАЙ МҰРАЛАРЫН  
ЗЕРТТЕУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**МОДЕРНИЗАЦИЯ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ:  
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИССЛЕДОВАНИЯ  
НАСЛЕДИЯ МУСТАФЫ ШОКАЯ**

Теруге 7.10. 2018 жіберілді. Басуға 24.10. 2018 қол қойылды.  
Форматы 60x84 <sup>1</sup>/<sub>8</sub>. Тапсырыс 118. Бағасы келісім бойынша.

*«Ұшқын» ЖШС баспаханасында басып шығарылды.  
120014, Қызылорда қаласы, Торайғыров көшесі, 115.*